**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 28.08 | Сейсенбі 29.08 | Сәрсенбі 30.08 | Бейсенбі 31.08 | Жұма 01.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | | | | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Үстел үсті театр ойыны** : **«Менің мекенім, менің отбасым»**<br>**Міндеті:** Балалардың үй және дала жануарлары туралы білімдерін бекіту Жануарлар мен олардың төлдері туралы, олар мекендейтін жерлері туралы білімдерін нығайту.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>**Ойынның ережелері.** Жануарлар отбасын біріктіріп, олардың «үйін» атау.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жануарлардың суреті бар үлкен карточкалар және олардың кішкентай төлдері бейнеленген шағын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | карточкалар беріледі.<br>Барлық үлкен карточкалар араластырылады да, «Аңның балаларына» өзінің отбасын тауып, «ата-анасының» не екенін және «үйі» қайда екенін айту тапсырылады.<br>Қоян-көжек; қасқыр-шулан-бөлтірік; түлкі-түлкішек-жаутаң; кірпі-ұрғашы кірпі-кірпінің баласы; аю-кірекей-қонжық; тиін-ұрғашы тиін-тиіннің баласы; тышқан мен балалары.<br>Ат-байтал-құлын; қой-саулық қой-қозы; ешкі-теке-лақ; бұқа-сиыр-бұзау; шошқа –торай; қораз-тауық-балапан; ит-кәндек-күшік.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Жабайы және үй жануарларын аты мен төлдерінің аттарымен атап айту ұсынылады берілген сызбаны арқылы сәйкестендіреді.<br>**Ойынның нұсқаулары:** Жабайы және үй жануарларын ажыратқан соң, олардың пайдасы мен зиянды жақтарын айтып кету.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | |  |
| **Таңертеңгі жаттығу** | | | | | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1**<br>***Заттарсыз жасалатын жалпы дамыту жаттығуларының жиынтығы***<br>**№1 жиынтық**<br>1. Екі сызықтың арасымен жүру (арақашықтығы 25 см.). Мұғалім ұзындығы 2,5-3 м болатын арқаннан (немесе таяқшалардан) екі жол жасайды. Жолдардың арақашықтығы 3 метрден кем емес. «Жаңбыр тоқтады, - дейді мұғалім, - күн жарқырап шықты, бірақ айнала шалшық. Аяғымызды сулап алмас үшін, жолдың үстімен ғана жүреміз» (көрсетеді). Балалардың шағын бір тобын жолдың жанына алып келеді, бір-бірінің артына тұрғызады да жолдың үстімен жүріп өтуді ұсынады. Балалардың өзіне қарату мақсатында (бастарын салбыратпай) мұғалім қолына сылдыпмақ ұстап, бетін балаларға қаратып жүред. балалар бірінші, екінші жолды |

<table>
<tr><td colspan="2"></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>жүріп өтіп, орындарына барып отырады. Мұғалім жолмен жүріп өтуге екінші шағын топты шақырады.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет</td></tr>
<tr><td colspan="7">Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты</td></tr>
<tr><td rowspan="2">ҰІӘ уақыты:<br>09.00<br>11.30</td><td rowspan="2">09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>01.09.23<br>Жұма</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру</td></tr>
<tr><td colspan="7">1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.25</td></tr>
<tr><td colspan="2">Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>1. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Дыбыс.<br>ҰІӘ міндеттері: Дыбыс туралы түсіне алады. Сөз және дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру, қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Дағды: Қағылездiлiкке, бастаған iстi аяқтай бiлуге дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды:жануарлар мен жәндіктердің, көліктердің дауысын, жүрісін салады, жазу барысында үстелде дұрыс отыруды, қарындашты дұрыс ұстауды, үзік сызықтарды қосады;<br>Түсінеді: сөздің дыбыстан</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тұратынын;<br>**Қолданады**: саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Дыбысты естиміз, аузымызбен айтамыз.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Кіріктірілген дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Жаңбыр» саусақ ойыны. |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға » арналған ойын: «Қоңырау соғылды»**

**Басты мақсат: Балаларды еркін қозғалуға үйрету.Топпен қарым-қатынасты нығайту, өз әрекеттерімен қимылдау.**

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл ұстарту жаттығулар.**<br>**«Мен айтамын,ал сен қайтала»әдісі**<br>**Міндеті:**Еркін сөйлеу қатысында балалардың сөздік қорын байыту.<br>**Дағды:** балалардың көркем-сөйлеу тәжірибесінде қолдануға дағдыландыру.<br>**Тілдік жұмыс:**<br>Үз-үз-үз,<br>Жаңбырлы күз.<br>Үл-үл-үл,<br>Хош иісті гүл.<br>Ар-ар-ар,<br>Түрлі түсті шар.<br>   | <br> | **Қоңыраулы ойын: «Қоңырау соғылды»**<br>**Міндеті:** балалардың бір-біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>**Ойынның шарты:** Ойын үш мақсатты түрде өзгертуге негізделген - кішкентай қоңыраулармен, үлкен қоңыраумен. Балалар шеңберге тұрады. Шеңбер ішінде екі бала болады. Бір баланың қоңырауы кішкентай, екіншісінде үлкен. Алдымен үлкен қоңыраумен сосын кіші қоңыраумен ырғақты түрде алмасып отырады. 1) Балалар қол ұстасып шеңбер бойымен жүреді. 2) Кішкентай қоңырауы бар бала шеңбер бойымен жүгіреді, музыканың соңына дейін шектеулі, қоңырауды балалардың біріне береді.<br>3) Балалар шеңберге тұрады.<br>**Ұсыныс:** Үлкен қоңырауы бар бала шеңбердің ішінде жүгіреді, содан кейін қоңырауды басқа балаға береді. Ойын бірнеше рет қайталанады. Балалар тақырып пен қозғалыс сипаты арасындағы байланысты меңгерген кезде, жетекші тақырыптарды ерікті түрде ауыстыра бастайды. Балалар қозғалуы немесе тұруы керек, ал жүргізушілер музыкаға сәйкес қоңыраумен қозғалуы керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Ықтимал күрделендіру**: Тез жүгіру, ерікті түрде ауыстыра алу. | |
| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | | | | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы: Білімің – бұлағың.**<br>**(өлеңмен танысу)**<br>**Ақылбек Шаяхметов**<br>**ҰІӘ міндеттері:** Балалардың өлеңге деген қызығушылығын калыптастыру. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады. Өлеңнің авторын, атын, мазмұнын біледі.<br>**Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді. Әдеби жанрды ажыратады. **Қолданады:** Өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. Кітапқа қызығушылық танытады. Мақалдың мағынасын айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Ақылбек Шаяхметовтың «Білімің – бұлағың» деген өлең жолдарымен танысу.<br>**Түсіну деңгейі:** Өлең |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>шумақтарындағы сөздерді қайталату.<br>Білім, бұлағың деген сөздердің мағынасын түсіндіру.<br>Қолдану деңгейі: Д/ойын: «Ғажайып қоржын».</td></tr>
<tr><td>«Ас – адамның арқауы» түскі ас.<br>10:00-10:30</td><td colspan="5">Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="6">2 үзіліс – 10:00 – 10:30</td></tr>
<tr><td colspan="6">Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">Жүгіруге арналған ойындар «Өз үйіңді тап»<br>Басты міндет: Түстерді ажырата білуге үйрету.</td></tr>
<tr><td colspan="2"></td><td colspan="2"> <br></td><td colspan="2">«Өз үйіңді тап»<br>Міндеті: Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>Дағды:Әр үйшіктің өзі түсіне тән жапырақшаларын шапшаң тауып кіргізе білу қабілеттерін жетілдіру. Алғырлыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Көрнекі құралдар: Әртүрлі түсті үйшіктер (қызыл, сары, жасыл т.б.). Үйшіктің түстеріне байланысты жапырақшалар.</td></tr>
<tr><td colspan="6">3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті           уақыты: 10.30 – 10.55</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымының кестесі  бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>3.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>ҰІӘ тақырыбы: Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады?</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **ҰІӘ міндеттері:** заттардың адам өміріндегі маңызын түсіну; заттардың неден жасалғанын анықтау.<br>**Дағды**: Балаларды заттардың түрлерін сипаттауға, оларды қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** заттардың түрлерін және заттардың неден жасалғанын атайды;<br>**Түсінеді:** алуан түрлі материалдардың белгілері мен қасиеттері және қолданылуы арасындағы байланысын;<br>**Қолданады:** алған білімдерін тұрмыстық жағдайда.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** демонстрациялық материалдағы суреттермен жұмыс.<br>Суреттен қандай киімдер көріп тұрсыңдар?<br>**Түсіну деңгейі:** тақтадағы суреттермен үстелдегі заттарды салыстырып, атауын, неден жасалғанын, ортақ атауларын табады, жалпы сипаттамасы бойынша топтастыру арқылы жұмыс.<br>**Қолдану деңгейі:** .<br>Балаларға ұнаған сәттерді атап, не үшін ұнағанын сұрау. |
| ***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті** | | | | | |

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

## Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар:«Дөңгелекті лақтыру»

**Басты міндет: Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге,ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.**





**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойын:**
**«Дөңгелекті лақтыру»**
**Міндет:** Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге,ептілікке,шапшаңдыққа үйрету.
**Ойынның шарты:** Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады,доңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см. Балалар қатарға түрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек.Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | | | | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы: Спортзал.**Спортзалда ойнаймыз.<br>**ҰІӘ міндеттері:** Допты алдыға, жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуды үйрету.<br>Заттарды аттап жүрген кезде дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдік сақтап жүруді үйретуді жалғастыру.<br>**Дағды**: Заттар арасымен екі аяқпен ирелеңдеп секіруге жаттықтыру, еденнен екі аяқпен ширақ итеріле білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**<br>«Ине-жіп» жүрісі бойынша бір тізбекпен жүру, допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу.<br>**Түсінеді:** спорттық құрал-жабдықтардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін.<br>**Қолданады:**<br>баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** 1.Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындату.<br>2. Бұрылыс жасап, бір орындарында екі аяқпен секіру.<br>**Түсіну деңгейі:** «Жұбыңды тап!» ойын-жаттығуы.<br>**Қолдану деңгейі:** «Өз-өзіңе кел» психологиялық-қозғалыс жаттығуы |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.40** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:40 – 12:00** | | | | | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №1**<br>**Қайың ағашын бақылау**<br>***Мақсаты**:*<br>- күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>-қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Сырғалы қайың, ақ қайың.*<br>*Сырыңды сенің жаттайын.*<br>*Өсе берші жайқалып,*<br>*Мен ерінбей баптайын.*<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>-күзде ағаштар қандай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | өзгерістерге ұшырайды?<br>-олардың жапырақтары неге сарғаяды?<br>-ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?<br>-ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.<br>**Еңбек:**<br>Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау<br>**Мақсаты:**<br>үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу.<br>**Қимылды ойын: «Допты ұста»**<br>***Мақсаты:***<br>қағып алуға және келесіге беруге үйрету.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>***Мақсаты:***<br>қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету.<br>**Мақал-мәтелдер:**<br>1.Қалың ну халық саулығы. Көк орман –Отан байлығы.<br>2.Орман-ел дәулеті, жер сәулеті.<br>3.Бір тал кессең, он тал ек.<br>4.Ағаштың да ағайыны бар.<br>5.Жалғыз ағаш орман болмас.<br>6.Ағаштың ажалы балтадан. |
| **Серуеннен оралу 12:00-12:05** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке** | | | | | Барлық балалармен мектеп туралы суреттер көрсетіп әңгімелесу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс**<br>**12.05 – 12:30** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | | | | | **Суреттік боямалар:**<br>«Кім,қайда өмір сүреді?»<br>Міндеті: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!»**<br>**Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**.<br>**12:30-12:40** | | | | | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Топ:** Мектепалды даярлық 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 04.09 | Сейсенбі 05.09 | Сәрсенбі 06.09 | Бейсенбі 07.09 | Жұма 08.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті**(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**«Қай мезгілде киеміз»** ойыны<br>**Міндет**: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту,жыл мезгілдеріне сәйкес келетін киім атауларымен таныстыру.<br>**Дағды:**сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Қосымша жабдықтар:** Жыл мезгілдері бейнеленген суреттер және жыл мезгілдеріне байланысты киімдердің суреттері.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Тәрбиеші арнайы | **Сурет салу–шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:** «Жыл мезгілдері»<br>**Міндет:** Жыл мезгілдері жайлы білімін бекіту.<br>**Дағды:** сөздік-логикалық ойлауын дамыту, жыл мезгілдерінің белгілері туралы ой дағдыларын бекіту.<br>**Құрал-жабдықтар:** Жыл мезгілдерінің суреттері.<br>**Әдістемелік нұсқау:** Мұғалім үстел үстіне жыл мезгілдерін шашыратып қойып шығады оны балалар дауыстап атай отырып, ретімен қойып шығады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**«Бағдаршам»**<br>**Міндет:** Жол ережесін сақтауға, түстерді ажыратып, бағдаршам көздерінің белгілерін айыра білуге үйрету.<br>**Дағды:**Балаларды қырағылыққа, ептілікке және ойынды дұрыс ойнауға үйрету.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**: Тәрбиеші «қызыл» түсті көрсеткенде, балалар қимылдамай тұрады. Ал «сары» түсті көрсеткенде балалар қол шапалақтайды. «Жасыл» түсті көрсеткенде балалар | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Мазайка үстел үсті ойындары:** «Оқу құралдарын ата»<br>**Міндет:** Оқу құралдарына жатпайтын заттар туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлеу мәдениетін қалыптәстыру.<br>**Дағды:** балалар өз оқу құралдарын ұқыпты қарауға және оны күтіп ұстауға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**Оқу құралдарының көрнекілігі таратылып беріледі.Олардың аттарын атайды.Не үшін пайдаланатыны жайлы айтады.Әр қайсысы сипаттама береді. | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Ойын :** «Сиқырлы суреттер»пазлы.<br>**Міндет:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>**Дағды:** Балалардың ойынға деген қызығушылық дағдыларын арттыру.<br>**Қосымша жабдықтар:**Жыл мезгілдеріне байланысты сурет бөліндідері.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:***Қиынды суреттерден қыс, жаз, көктем және күз мезгілдерінің ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дайындалған үстел үстіне әр жыл мезгілінің суреттерін қоямын. Балалар суреттегі киімдер қай жыл мезгіліне сәйкес келетінін тауып ,жыл мезгілі бейнеленген суретке сәйкестендіріп қояды.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Күнделікті киетін және ұлттық киімді салыстырып айту.<br>**Ойынның нұсқаулары:** Әр жыл мезгілінің киімдерін ажырата білу. Киімдердің адамға қандай пайдасы барын айту.<br> | Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шешеді.<br>**Ойынның нұсқаулары:** Балалар жылдың төрт мезгілі жайлы суреттерді көреді, жыл мезгілдерін ретімен қойып шығады.<br><br> | орнында ары – бері жүреді. Ойынды бірнеше рет қайталайды.<br>**Ықтимал күрделендіру**: доппен секіру<br>**Ойынның нұсқаулары**: жеңіліске жеткен бала 10 рет доппен жерді ұрып секіру қажет .<br> | **«Сұрақ-жауап» әдісі.**<br>Балалар төмендегі сұрақтарға жауап береді.<br>1.Оқу құралдарының атқаратын қызметі қандай?<br>2. Сіздің сөмкеңізде қандай оқу құралдары бар?<br>3. Оқу құралдарын қалай таза және ұқыпты ұстауға болады?<br> | *құрастыру.*<br> |
| **Таңертенгі жаттығу**<br><br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№1 жиынтық**<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Қолды алға созу, дөңгелекшені алға созылған сол қолға ауыстыру, қолды төмен | №2 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 2 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, оны сол қолға ауыстыру, төмен түсіру | №3 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 3 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген оң қолда. Қолды алға түзу созу, | № 4 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 4 *жиынтық***<br>***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген. дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, сол қолға ауыстыру, төмен түсіру.<br>2. Б.қ.: өкше түйістірілген, | №1 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 1 *жиынтық***<br>***Орамалдармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары***<br>1. Б.қ.: өкше түйістірілген, беторамал кеуде тұсындағы екі қолда. Қолды алға созып, түзу ұстау – беторамалды көрсету, бастапқы қалыпқа қайту (5 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіред | түсіру (5 рет).<br>2. Б.қ.: аяқсәл алшақтатылған, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Отырып, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды арт жаққа ұстау;отыру, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшетөмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшені бастан асырып, жоғары, түзу көтеру, жүрелеп отыру, қолды төмен түсіру (5 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ бірге қойылған, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | (4 рет).<br>2. Б.қ.: сондй, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, қолды түзу ұстап, дөңгелекшені алға созу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет).<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң қолда. Оңға ( солға) бұрылу, дөңгелекшені оң (сол) аяқтың ұшына қою,бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту ( әр жаққа 3 реттенн).<br>4. Б.қ.: аяқ бірге, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет). | дөңгелекшені келесі қолға ауыстырып, қолды түсіру (8 рет).<br>2. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды артқа ұстау. Отыру, дөңгелекшені алу, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Түзелу, дөңгелекшені басынан асырып, жоғары, түзу көтеру, бастапқы қалыпқа қайту (5-7 рет).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелеше еденде. Аздаған үзіліс жасап, дөңгелекшені айналып, екі аяқпен секіру. | дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшеніалға созу, қолды түзулеп, бастапқы қалыпқа қайту.<br>3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң (сол) аяқтың ұшында. Бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (әр жаққа 3 реттен).<br>4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қолды төмен ұстау, дөңгелекше еденде. Дөңгелекшені айналып, екі аяқпен екі бағытқа секіру. | рет).<br>2. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, төмен түсірілген екі қолда бетoрамал. Еңкею және оңға-солға бұлғау, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>3. Б.қ.: өкше түйістірілген, бетoрамал төмен түсірілген екі қолда. Отыру, бетoрамалды алға созу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет).<br>4. Б.қ.: бетoрамалды жоғары көтеру, отыру, бетoрамалдың артына жасырыну, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет).<br>5. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқтап секіру (2 рет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:** 09.00 11.30 — 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **04.09.23<br>Дүйсенбі** | **05.09.23<br>Сейсенбі** | **06.09.23<br>Сәрсенбі** | **07.09.23<br>Бейсенбі** | **08.09.23<br>Жұма** |
| | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка** | **Математика негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Дене шынықтыру** | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Музыка** | **Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.25** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.<br>**ҰІӘ міндеті:** қағаз бетінде бағдарлауға (жоғарыда, | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыс пен сөз.<br>**ҰІӘ міндеттері:** сөз,дыбыс туралы түсінік беру; | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Біреу – көп.<br>**ҰІӘ міндеті:**<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру.<br>**ҰІӘ міндеттері:** дара заттарды бөлуді үйрету; бір | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Сөз.Сөздің мағынасы.<br>**ҰІӘ міндеттері:** сөйлеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төменде, оң жағында, сол жағында) қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлау (жоғары, төмен, ортасы, оң жақ, сол жақ) дағдыларын дамыту.<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Біледі:** кеңістіктегі, қағаз бетіндегі заттардың орналасуын түсіндіруді;<br>**Игереді:** заттардың қағаз бетінде, кеңістікте орналасуын түсіндіруді біледі;<br>**Меңгереді:** қағаз бетінде дұрыс бағдарлай білу (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортасында), орналасуы бойынша белгілі бір затты таба алу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Қайда барасың, нені табасың?» атты ойынды ұсынады. Ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізіледі.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ойын барысы.***Ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қоямын. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген | сөздің дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру.<br>**Дағды:** есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** тақырыпқа және дыбыс санына байланысты сөздер ойлап айтады.<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнын, дыбыстарды айтатынымызды және еститінімізді.<br>**Қолданады:** табиғи және жасанды дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Дыбыстың не екенін білесің бе?**<br>Дыбыстың не екенін білесің бе?<br>Дыбыстарға құлақты түресің бе?<br>Бұлақтың сылдырын, қоңыраудың сыңғырын, Күннің күркірін, жаңбырдың тырсылын, Адамдардың дауысын, көліктердің дыбысын, Құстардың салған әнін де, естігеннің бәрін де «Дыбыстар» деп атаймыз. (*Г. Оразбаева*)<br>Тақтаға әртүрлі суреттер іліп, балаларға көрсетеді. Бұл жерден ненің дыбыстары шығуы мүмкін екенін балалардан сұрайды. Асхана (*балалар асханада ненің дыбысы* | дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Біледі:** «біреу», «көп», «бірнеше» терминдерін айтуды.<br>**Игереді:** «біреу», «көп», «бірнеше» болатынын.<br>**Меңгереді:** заттар жиынынан «бір-бірден» және «көп», («бірнеше») берілген заттарды ажырата алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалық жұмыс ұсынуға болады.<br>Әрбір үстелге көп қарындаштардан (таяқшалар және басқалары) қояды.<br>Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? (Көп).<br>«Біреу» сөзін қолданып жауап беруге болатындай сұрақ қойыңдар.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>тапсырма.<br>Суретте не бейнеленген, ата. Дүкенде неше ойыншық бар? Қандай ойыншықтар көп? Қандай ойыншықтар біреу? Қандай ойыншықтар бірнешеу?<br>тапсырманы орындауды ұсынады. Суретте неше ойыншық бар? (Көп).<br>- Қандай ойыншықтар туралы «біреу» деп айтуға болады? Осы | заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру;<br>«біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу;<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Біледі:** «бір», көп», «бірнеше» терминдерін айтуды.<br>**Игереді:** заттарды бір қасиет (белгі) бойынша топтарға біріктіруге болатынын.<br>**Меңгереді:** заттарды бір белгісі бойынша топтарға біріктіруді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог топқа: жемістер, көгөністер, тәттілер, қарбыз салынған себет әкеледі. Балаларға «Анамызға дастарқан жаюға көмектесеміз» деген ойынды бастауды ұсынады. Ойын жағдаятына қызығушылық танытып, қызметіне араласады.<br>**Түсіну деңгейі:** Анамызға себеттегі заттарды топтарға бөлуге көмектесейік. Барлығымыз бірге орындаймыз. Сендер қандай нұсқаларды ұсынасыңдар?<br>Балаларға жиындарды кіші топтарға бөлуге көмектеседі: көгөністер, жемістер, тәттілер, қарбыз. Бізде қанша жеміс бар? Олардың көп немесе | тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауысс ыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Дағды**: сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын,заттың сапасын білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөздерді атайды, мағынасын түсінеді.<br>**Түсінеді:** сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын, түрлі түсті, заттың сапасын, санын білдіретінін түсінеді.<br>**Қолданады:** дәптермен жұмыс жасайды, сұрақтарға толық жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Егер сөз бір нәрсенің атын білдірсе, онда ол бір мағына береді, яғни лексикалық мағынасы болады. Мысалы: *алма, алмұрт, лимон –* жемістердің аты; *қызанақ, қияр, пияз –* көгөністердің аты; *құлпынай, бүлдірген, таңқурай –*жидектердің аты; *үстел, керует, орындық –* жиһаздардың аты; *тәрелке, кесе, қазан –* ыдыстардың аты*; көйлек, жейде, шалбар –* киімдердің аты*; қоңыз, шыбын, көбелек –* жәндіктердің аты*; сазан, мөңке, бекіре –* балықтардың аты; *қарға, кептер, қарлығаш –* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдында допты, артында мәшинені.<br>Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды.<br>Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді:<br>Оң жаққа барсаң, аюды табасың,<br>Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді?<br>Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Ойын жағдаятына тартылады. Термин сөздерді атайды, заттарды табады. Балалар ойынға қызығушылық танытады.<br>Топтық жұмыс.<br>Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады.<br>**Таратпалы жұмыс:**карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды.<br>Одан кейін балалар топтарда ойнайды. | *естілуі мүмкін екенін айтады: миксер, блендр, газдың, шәйнек*), жуынатын бөлменің суреті (*балалар жуынатын бөлмеден ненің дыбысы естілуі мүмкін екенін айтады: су, себезгі*), зауыт, фабрика, зауыт суреттері (*мотордың гүрілі естілуі мүмкін екенін айтады*), көшенің суреті (*түрлі көліктердің дыбысы естілетінін айтады*).<br>Балаларға осы дыбыстардың барлығы да жасанды дыбыстар екенін айтып қорытындылайды.<br>**Түсіну деңгейі:** «Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық жаттығуы<br>**Шарты:** балаларды үш топқа бөліп, 1-топқа екі дыбыстан, 2-топқа үш дыбыстан, 3-топқа үш дыбыстан көп дыбыстан құралған сөздер ойлап айтуға тапсырма береді.<br>**1-топ:** *ет, ұн, ал, мә, от, ки, ми, қи, ой,өр, үр,аң, ат, ши т.б.*<br>**2-топ:** *бал, қал, сал, бар, жар, мөр, көр,кел, қой, ала, қар, тор, бор, тар, көк, теп, сеп, жат, кет, қап, шие, сыз, қыз т.б.*<br>**3-топ:** *қара, тара, жара, сары, қора, қылыш, сағыз, алма, қалма, өрік, бөрік, түйе, сиыр, қала, дала, бала т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:** «Бірінші дыбысты қайтала» дидактикалық ойыны (доппен). | ойыншықтарды қоршап сызыңдар.<br>Орындауды тексерген кезде педагог ойыншықтардың саны туралы сұрақтар қояды және сөйлеген кезде «бірнеше» немесе «көп», «біреу» сөздерін пайдаланып жауап бергені үшін балаларды мадақтайды.<br>**Қолдану деңгейі:** «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама- қарсы ұстайды.<br>Балалар «біреу», «көп», «бірнеше» сөздерін қолданады.<br>Саны бойынша салыстырады: ойыншық сарбаздар көп, кеме біреу және т.б.<br>Топтық жұмыс.<br>Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады.<br>Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.<br>тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар.<br>3-тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды. | бірнеше екенін айта аламыз ба?<br>Қанша көгөніс (тәттілер) бар?<br>Қарбыз туралы не айтуға болады? Неше қарбыз бар?<br>Топтық жұмыстың жалғасы ретінде 1-тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Тапсырманы орындауға уақыт береді. Ұсақ қол моторикасына арналған сергіту сәтін өткізеді.<br>Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады:<br>Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады.<br>Заттар тобын бір сөзбен атайды.<br>«Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады.<br>«Көп» және «бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу.<br>Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с.<br>**Қолдану деңгейі:** «Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр.<br>«Сақина» – бала жұдырығын түйеді.<br>Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді.<br>«Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама- қарсы ұстайды.<br>тапсырманы орындауды | құстардың аты; *райхан, қызғалдақ, раушан* – гүлдердің аты; *сиыр, ат, қоян, қасқыр, арыстан, бұғы* – жануарлардың аты; *автобус, ұшақ, троллейбус* – көліктердің аты; *нан, шұжық, сүт, май, ет* – тағамдардың аты; *жүгіру, секіру, жүру, тұру* – бұл сөздер іс-әрекетті білдіреді; *қызыл, жасыл, төмен, жоғары, қышқыл* – бұл сөздер заттың сапасын, сынын білдіреді; *жаңбыр, қар, бұршақ, найзағай, жел, боран* – табиғат құбылыстарының аты.<br>**Түсіну деңгейі:** Сөз белгілі бір мағынаны білдіреді. Ол дыбыстардан жасалады және сөзді айтамыз. Сөздің сызбасын көлденең тіктөртбұрышпен белгілейміз.<br>**«Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы**<br>Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады).<br>Ыдыс.<br>Кесе, тәрелке т.б.<br>**Қолдану деңгейі:** «Мен айтамын, ал сен көрсет» дидактикалық жаттығуы<br>– Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-тапсырма. Қай жерде сурет жоқ? (Ортада, орталықта). Оның оң жағында (...) не бар?<br>**Қолдану деңгейі:** Шартты белгілерді қалай түсінуге болатынын таптыңдар ма? Қолшатырларды кестеде орналасуына қарай белгілі бір түске бояуға болады. Мысалы, төменгі сектордың оң жағында орналасқандарды көгілдір түске, жоғарғы сектордың оң жағында болса, қызыл түске. Балалар топ болып жұмыс жасайды. Заттарды, олардың карточкада орналасуын анықтайды. Тапсырманы орындайды. «Сол жақ», «оң жақ», «төмен», «жоғары» терминдерін пайдалануға тырысады.<br>Мәтінге сәйкес қимылдарды орындайды.<br>Балалар арқасын түзу, қолдарын белде ұстайды. Тізеден бүгілген аяқтарын кезек-кезек баяу әрі бірқалыпты көтереді. Тапсырманы орындап, қолшатырларды орналасуына қарай бояйды.<br>3-тапсырманы орындауды ұсынады.<br>«Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны. Жиектері мен ортасында фигуралар бейнеленген парақтар таратылады.<br>3-тапсырманы орындайды. Қағаз бетінде бағдарлану білігін көрсетеді. Ойын | Педагог қандай да бір сөздің бірінші дыбысын анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты педагогқа кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.)<br>Мысалы: ааалма(а), тттиін(т), қққасқыр(қ), мммақта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а), рррадио(р), тттышқан(т), сссазын(с), қққияр(қ), жұлдыз(ж), уууылдырық(у), жжжастық(ж), дддиректор(д), шшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), қққолшатыр(қ), бббақа(б), ииит(и), жжжарық(ж) т.б.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Саусағымыз айқасып,<br>«Жеңемін» деп шайқасып,<br>Бірін-бірі тартады,<br>Білекке сенім артады. | | ұсынады. Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір» сөздерін пайдалануға қол жеткізеді.<br>Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу ұсынылады. тапсырмада жапсырманы қайдан табу және жапсыру керектігін түсіндіреді. Сол жақта көп «бірнеше» алма, оң жақта – бір алма.<br>Саусақтарға арналған жаттығуды қайталайды: тапсырманы орындайды: бір және көп («бірнеше») заттарды бояп, заттардың топтарын бір сөзбен атайды. Кішкентай алмалар және бір үлкен алма. Кішкентай алмұрттар және бір үлкен алмұрт. Бір үлкен алманы және бір үлкен алмұртты бояйды. тапсырманы орындайды. | сөздерді орындайсыңдар. Мысалы: *жүгіру, секіру, отыру, бір аяқпен тұру, қолды көтеру, отырып-тұру, қолды алдыға созу, шапалақтау, бір орында жүру т.б.*<br>**Сергіту сәті :**<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br>Сыңғыр, сыңғыр сырғалар<br>Құлағымда сыңғырлар.<br>Оң қолымда білезік,<br>Сол қолымда білезік,<br>Санап көрші, кәнеки,<br>1, 2, 3 – бір, екі, үш,<br>Демаламыз жинап күш.<br>(Балалар білектерін ары-бері айналдырады). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнайды. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды, басқа балалар жасырылған фигураны атайды. | | | | |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға » арналған ойын: «Қоңырау соғылды»**

**Басты мақсат: Балаларды еркін қозғалуға үйрету.Топпен қарым-қатынасты нығайту, өз әрекеттерімен қимылдау.**



**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР**

**«Мен қандай адаммын ?»**

**Міндеті:** Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;

Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .

**Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған көңіл-күй жаттығулары:**

**«Кім қалай дыбыстайды?»**

(баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)

- А, аа, аа, а, а, аааааа ..... **(қуанышты дауыспен).**
- Ааа, аа, а, а, ааа .... **(аянышты дауыспен).**
- А, аа, аааа, а, ааа ........**(таң қалған дауыспен).**

1 минут жұмыс істеңіз.

Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.

Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.



**Қоңыраулы ойын: «Қоңырау соғылды»**

**Міндеті:** балалардың бір-біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту.

**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:

**Ойынның шарты:** Ойын үш мақсатты түрде өзгертуге негізделген - кішкентай қоңырауылармен, үлкен қоңыраумен. Балалар шеңберге тұрады. Шеңбер ішінде екі бала болады. Бір баланың қоңырауы кішкентай, екіншісінде үлкен. Алдымен үлкен қоңыраумен сосын кіші қоңыраумен ырғақты түрде алмасып отырады. 1) Балалар қол ұстасып шеңбер бойымен жүреді. 2) Кішкентай қоңырауы бар бала шеңбер бойымен жүгіреді, музыканың соңына дейін шектеулі, қоңырауды балалардың біріне береді.

3) Балалар шеңберге тұрады.

**Ұсыныс:** Үлкен қоңырауы бар бала шеңбердің ішінде жүгіреді, содан кейін қоңырауды басқа балаға береді. Ойын бірнеше рет қайталанады. Балалар тақырып пен қозғалыс сипаты арасындағы байланысты меңгерген кезде, жетекші тақырыптарды ерікті түрде ауыстыра бастайды. Балалар қозғалуы немесе тұруы керек, ал жүргізушілер музыкаға сәйкес қоңыраумен қозғалуы керек.

**Ықтимал күрделендіру**: Тез жүгіру, ерікті түрде ауыстыра алу.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Кел,танысайық! | **2.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Білімің – бұлағың. | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Менің досым. | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Кішкентай бағбан. (әңгімелеу) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Балабақшадағы,мектептегі алғашқы күн)<br>**ҮІӘ міндеттері:** «Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру;балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету;мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту.<br>**Дағды**: әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңа дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрайды, суреттегі жетіспейтін жерлерді толықтырады;<br>**Түсінеді:** "б" " п" дыбыстарының ұқсастығын;<br>**Қолданады:** әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін көріп отырғандарын сұрайды.<br>«Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық.<br>Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады. | **ҮІӘ тақырыбы:** Бізді не қоршап тұр?<br>**ҮІӘ міндеттері:** балаларды жансыз табиғат түсінігімен таныстыру,жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету;<br>өзіндік тәжірибе алдық жұмысты ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру.<br>**Дағды**: адам қолымен жасалған заттарды атап,жанды және жансыз заттарды бір-бірінен ажыратуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді;<br>бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады.<br>**Түсінеді:** адам қолымен жасалған заттарды атап береді; жанды және жансыз заттарды бірбірінен ажырата алады.<br>**Қолданады:** жеке тәжірибесінен мысалдар келтіреді; заттарды мақсатына сай пайдаланады; бақылау, еңбек және тәжірибе арқылы себеп-салдарлық байланыстарды өз бетінше анықтай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Табиғат – адамның көмегінсіз тіршілік етеді. Ал адамның | (өлеңмен танысу)<br>Ақылбек Шаяхметов<br>**ҮІӘ міндеттері:** Балалардың өлеңге деген қызығушылығын калыптастыру. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады. Өлеңнің авторын, атын, мазмұнын біледі.<br>**Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді. Әдеби жанрды ажыратады.<br>**Қолданады:** Өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. Кітапқа қызығушылық танытады. Мақалдың мағынасын айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** ақын Ақылбек Шаяхметовтың «Білімің – бұлағың» деген өлең жолдарымен танысамыз.<br>Қанатым талмайды,<br>Қиялым самғайды.<br>Ақын да, ғалым да,<br>Ұстазсыз болмайды.<br>Мереке күнімен,<br>Құттықтап бүгін мен,<br>Ойыма ой қосам,<br>Сен берген біліммен.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:** | **ҮІӘ міндеттері:** суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту;<br>бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту.<br>**Дағды**: дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**суретке қарап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады;<br>**Түсінеді :**досына деген адалдықты, сенімділікті;<br>**Қолданады:** бір-біріне қол ұшын бере білуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: «Адал дос»** деген әңгіме оқып береді.<br>Адал дос<br>Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуінің аты – Аблан да, екіншісі – Абыз.<br>Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын.<br>Бір үйдің жанынан өте бергендерінде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді.<br>Абыз қатты қорқып: Аблан, қаш, әне, ит келіп қалды, – деп айғайлап жіберді.<br>Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан | Мәдіхат Төрежанов<br>**ҮІӘ міндеттері:** әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету;<br>әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту;<br>**Дағды**: әңгіменің мазмұнын сақтай отырып, айтып беруге дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Бүгін М. Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз.<br>**Кішкентай бағбан.**<br>Садықтың әкесі – бағбан. Садық оған үнемі көмектесіп жүреді. Қар кетіп, жер құрғаганнан кейін әкесі мен баласы бақта құмырсқаша қыбырлап еңбек етеді.<br>Бір күні Қалел жүгіріп келіп:<br>Кеттік, Садық, ойынға, – деді. Менің жұмысым көп, – деп жауап берді Садық оған.<br>Жұмыс деген немене, тәйірі. Әкең бәрін істейді ғой. Ойнаған қызық емес пе? Садықтың ойнағысы келіп кетсе де, өзін-өзі басып, жұмысын жалғастыра берді. Күз де келді. Бақта жеміс пен жидектің сан алуан түрі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсіну деңгейі:** «Б», «П» дыбысының буын ішінде келетін сөздерге мысал:<br>Ба-ба-ба – бала.<br>Бо-бо-бо – бота<br>Бө-бө-бө – бөрік.<br>Табыл – дабыл.<br>Бақа – бақбақ.<br>Па-па-па – парта.<br>Жа-па-лақ – жал-пақ.<br>Па-рақ – жа-пы-рақ.<br>**Қолдану деңгейі:** Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру.<br>Клуб, штаб, араб, куб;<br>Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп.<br>«Б» ұяң – дауыссыз, ал «п» дыбысы – қатаң дауыссыз.<br>**Сергіту сәті:**<br>(Сергіту жаттығуларын А.С.Пушкиннің **«Жел»** өлеңімен жасатуға болады.)<br>Жел, жел, қалай сермейсің?<br>Бұлтты үйіріп қуасың.<br>Көк теңіздей тербейсің,<br>Дәйім соғып тұрасың.<br>Жел теңіздей шарлайды,<br>Кемеге тыным бермейді.<br>Толқынмен бірге аунайды,<br>Желкендерді кернейді. | қолымен жасалған заттардың бәрі табиғат нысаны болып табылмайды.<br>**Табиғатты:** Жанды табиғат әлемі және жансыз табиғат әлемі деп екі үлкен бөлікке бөлуге болады.<br>Содан соң педагог жанды табиғат дегеніміз не екенін анықтауға шақырады.<br>Қуаныштың өтінішін орындап, терезе алдына келіп қоршаған ортаны эпизодтық бақылауға шақырады.<br>**Түсіну деңгейі: «Тағы не істейді?» деген ойын ойнауға шақырады**.<br>Ойын тәртібі бойынша балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс.<br>Балалардың жауаптары:<br>Дәурен: Үйрек суда жүзе алады,тағы не істейді?<br>Сүгір: Сүңгиді, жерде жүреді,ұшады, барылдайды.<br>Д: Мысық тышқан аулайды, одан басқа тағы не істей алады?<br>С: Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді.<br>Д: Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады?<br>С: Қалта шам, шам, көліктің шамы...<br>**Қолдану деңгейі: «Менің достарым» деп аталатын дидактикалық ойын ойнауға шақырады:** | *Қиялым самғайды* – елінің өркендеп өсуін армандау.<br>*Білімді* – кітапты көп оқитын, кітапты ұқыпты ұстайтын, көп ізденетін адам.<br>*Қанатым талмайды* – ерінбей іздену.<br>Мақалдың мағынасын түсініп ал.<br>«Білім – таусылмайтын қазына».<br>**Қолдану деңгейі:** *Д/ойын: «Ғажайып қоржын».*<br>***Ойынның шарты***:<br>Ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен ойыншықтарды бір бөлек, оқу құралдарын бір бөлек жинау керек және аттарын атайды.<br>Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып бөлек жинайды және аттарын атайды. | бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абыланды құтқарып алды.<br>Абыз Абланның жанына келіп:<br>Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде шалбарыңды бүйтіп жыртып тастамас еді, – деді.<br>Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені, сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп әдейі қалып қойдым, – деді Аблан.<br>Достар деген осындай болар, – деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.<br>Балалар, достар жайлы әңгіме сендерге ұнады ма?<br>Әңгімеде достар қандай екен?<br>**Түсіну деңгейі: Мақал-мәтелдер**<br>Досы көпті, жау алмайды.<br>Ақылы көпті, дау алмайды.<br>Дос, доссыз өмір бос.<br>Достыққа адал адам, сертіне де адал болады.<br>**Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. | өсіп-жетілді.<br>Садықтың өзі де қарық болды, досын да барынша сыйлады. Қалел тойып алып:Бәрін де түк қалдырмай жеп қоямыз, – деді. Қалады, – деп жауап берді Садық. – Әкем: «Кім ойынға елікпей еңбек етсе, жер соны қарық қылады» деген.<br>**Түсіну деңгейі: Сөздік жұмыс:**<br>*Көп қимылдайтын адам* – ерінбей еңбек ететін адам.<br>*Бағбан* – бау-бақшада жемістерді күтіп-баптайтын адам.<br>**Қайталайық:** «Ойынға елікпей, көп ойнай бермей, еңбек ету керек. Жер ол адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді».<br>***Есіңе сақта:***<br>«Еңбекпенен тапқаның, Шекер-балдан татқаның».<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Д/ ойын: «Жеміс терейік».<br>**Ойынның ережесі:** интерактивті тақтадағы немесе муляж жемістер мен көгөністерден мәтінде барын және қайда өсетінін ажыратып айтады.<br>**Ойынның шарты:** балалар жемістерді атап береді. Мысалы, алма, алмұрт, өрік, жүзім, банан т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Педагог орындай алатын іс-әрекеттерін айтып береді.<br>Балалар қолдарына белгілі бір заттардың суреті салынған карточкаларды алады. Содан соңпедагог атаған адам немесе басқа дабір заттың атын атап, оның не істей алатынын атап айтады. Мысалы: Менің достарым – тыныстай алады. Балалар жанды табиғат бөліктері бейнеленген үлгілерді көрсетеді.<br>**Сөйлемдерді аяқтайды:**<br>*Мен бүгін мынаны білдім ...*<br>*Мен үшін мынау өте қызықты болды....*<br>*Мынаны орындау қиын болды…*<br>*мен мынаны шеше аламын...*<br>*Мен мынаны үйрендім…*<br>*Мынау менің қолымнан келеді…*<br>*Мен мынаны істедім…*<br>*Мен мынаны өзім істеп көремін…*<br>Балалар тапсырманы орындайды. | | Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ...<br>Қасқыр,түлкі,жолбарыс –<br>Қызыл,сары,жасыл,көк – | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| ***2 үзіліс – 10:00 – 10:30*** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Аз қимылды ойындар: «Жалауша»**<br>**Басты міндет: жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.** | | | | | |

<table>
<tr>
<td colspan="2">« Өкпені еріту » жаттығуы<br>Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға ( ең жек көретін, көргіңіз келмейтін ) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .</td>
<td colspan="2"><br><br><br></td>
<td colspan="2">Аз қимылды ойындар:«Жалауша»<br>Міндеті: жарысып тез жүгіруге,қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.<br>Дағды:Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына баруға еркін дағдыландыру.<br>Көрнекі құралдар: ысқырық,жалауша,бор,таяқша.<br>Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар:<br>Ойынның шарты: Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.<br>Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ьір ұпай қосады.<br>Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.<br>Ойын осылай бірнеше рет жүріп,жеңіске жеткен команда анықталады.<br>Ойынның ережесі.<br>1.Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.<br>2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.<br>3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Менің мектебім.<br>ҰІӘ міндеттері: мектеп туралы түсініктерін кеңейту; қазақ тіліндегі</td>
<td>3.Сурет салу- шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Ағаш бұтақтары.<br>(Түрлі түсті қарындаштар)</td>
<td>3. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Сөз.<br>ҰІӘ міндеттері: балалардың сөз туралы түсініктерін</td>
<td>3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмесімен салыстыру.<br>ҰІӘ міндеттері: қазақ тіліндегі сөздер мен</td>
<td>3.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>ҰІӘ тақырыбы: Табиғатта не өзгерді?<br>ҰІӘ міндеттері: күзде</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету,диалогке қатысуға үйрету.<br>**Дағды**: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды**: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады.<br>**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді.<br>**Қолданады:** сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: *Жаңа сөздермен таныстыру***.<br>Демонстрациялық материалдармен немесе слайдпен «Біздің мектеп» жұмыс.<br>Мынау – мектеп. (*Айнаны қолымызға алып жаңа сөздерді қайталаймыз).*<br>Қ-қ-қ – бақ-ша – балабақша.<br>Мынау не?<br>Мынау – мектеп<br>Біздің мектеп әдемі, кең, жарық және таза.<br>Ә-ә-ә - әдемі, ң ң ң кең, қ қ қ жарық, таза. (Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды). | **ҮІӘ міндеттері:** ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру;<br>балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Дағды**: қағаз бетіне қарындашпен терек бұталарын сала білу біліктерін өз тілегіне байланысты еркін салуға,еркін жұмыстануға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** педагог нұсқауымен қағаз бетіне терек бұталарының суретін салады, сурет салуға қажетті құралдармен таза, ұқыпты жұмыс жасайды;<br>**Түсінеді:** ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ажыратуға болатынын түсінеді, терек бұталары жайлы түсініктері кеңейеді;<br>**Қолданады:** қағаз бетіне қарындашпен терек бұталарын сала білу біліктерін өз тілегіне байланысты болашақта қолдана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Бақыт ағашы:<br>– Балалар, күз мезгілі келді, өкінішке орай менің бұталарымның жапырақтары азайып жатыр. Мен сендердің өнерлі балалар екендеріңді | қалыптастыру.Есту қабілеттерін жетілдіру; танып білуге деген қызығушылығын арттыру.<br>**Дағды:** сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ыммен берілген тапсырманы орындайды, ұзын және қысқа сөздерді қолдарымен өлшейді, сөз айту арқылы стаканға қаламдар салуды, жаңа дыбысқа сөз ойлап айтады.<br>**Түсінеді:** сөздің қаншалықты қажеттілігін.<br>**Қолданады:** ұзақ және қысқа сөз ойлап айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** балаларға ыммен «отырыңдар», «сөйлемеңдер», «тыныштալыңдар», – деп белгі береді.<br>Сөздік жұмыс: Ыммен сөйлеу – сөйлемей ишарамен түсіндіру.<br>Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз, сөз арқылы бір-бірімізді түсінеміз.<br>Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «ағаш», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стаканға әр сөз айтылған сайын бір | сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Дағды**: тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, мәтінді қайталайды.<br>**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды, сөздерді.<br>**Қолданады:** балабақша бөлмелерін атайды, қарапайым сұраққа жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?!<br>**Дидактикалық ойын:«Тыңда, көрсет, қайтала».** Балаларға мектептің,балабақшаның суреттерін көрсетіп, өткен ҮІӘ қайталайды.<br>Жаңа сөздермен таныстыру.<br>**Ойын: «Біз саяхат жасаймыз».**<br>Тамаша ғой бақшамыз,<br>Саяхатқа шығамыз.<br>Алға басып келеміз, | табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап,бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге;себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету;<br>тәжірибелік-тәжіриеалдық жұмысқа деген қызығушылығын ояту,бақылау нәтиелерін салыстыру,талдау,және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау.<br>**Дағды**: күз мезгілінің белгілерін атап көрсету дағдыларына ие.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**күз мезгілінің белгілерін атап көрсетеді.<br>**Түсінеді:** себеп-салдар байланысын түсінеді; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өздері тіршілік ететін ортамен байланысын біледі.<br>**Қолданады**: алған тәжірибесін күнделікті өмірде пайдалана біледі (маусымға сай киінеді және т.б.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Өзіндік жұмыс. Әр баланың қолында қажетті материалдар жиынтығы бар. Мәселен, КҮЗ сөзінің төңірегіне ағаш, жапырақ, шалшық су, бұлт, жел, етік, қолшатыр сынды тағы да басқа заттардың суреттері салынған немесе атауы жазылған суреттерді көруге болады. Жұптасып жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біздің мектеп қандай?<br>Біздің мектеп әдемі, кең, жарық және таза.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын: «Аудармашы».<br>Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударады. біздің балабақша – наш детский сад<br>**Қолдану деңгейі:** Біздің балабақшамыз.<br>Дидактикалық ойын: «Аудармашы».<br>Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударады. біздің балабақша – наш детский сад | естіп, ұзақ сапарға шығып, сендерді әдейі іздеп келдім. Маған сендердің көмектерің керек. Қатты желден түсіп қалған жапырақтарымды толықтырып бересіңдер ме?<br>**Түсіну деңгейі:** Жұмыс басталмай тұрып балалардан ағаштың бұталары қандай болатыны, жапырақтардың қайда өсетіндігі сұралады және балалар жауаптары толықтырылады (терек ағашынан сіріңке, қағаз жасайды, теректің бұтақ шоғырының түрі пирамидаға, жапырағы жалпақ, ромб пішініне ұқсайды).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балаларға терек бұтасының суретін салу жолдары үлгі ретінде көрсетіліп, түсіндіріледі: ең алдымен, қалың сызықпен теректі (бұта) сызып аламыз, діні, төменгі бөлігі жуан, ағаштың басына қарай жіңішкере түседі, дініне көлбеу сызықтар сызу арқылы бұтақтарын саламыз, осы үлкен бұтадан тармақтап кішкентай бұталарды саламыз. Содан кейін терек бұтақтарына ретімен біртіндеп жапырақтар саламыз. Жапырақтарды қарындашпен әдемілеп тегістеп бояймыз.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Сары жапырақтар** | қарындаштан салып отырайық. Мен «ағаш» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады?<br>Балалар ойлаған сөздерін айтып, бір қарындаштан салып отырады.<br>**Түсіну деңгейі:** Сөз заттың атын (үстел, кітап, доп), белгілі іс-әрекетті (жүгіреді, ойнайды, секіреді), түр-түсті ( ақ, үлкен, тәтті), білдіреді. Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады.<br>Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады.<br>«Сөзді өлшеп көрсетейік» дидактикалық жаттығуы<br>Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады?<br>Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді айта бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал айтып болысымен сол сәтте тоқтай қалыңдар ( Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дәптермен жұмыс.<br>**Үстелде отыру ережесімен таныстыру:** жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға | Бәрін, бәрін білеміз.<br>Мынау – дәрігер бөлмесі. Дәрігер бөлмесінде дәрігер отырады. Дәрігер балаларды емдейді.<br>Мынау – асүй. Асүйде аспаздар балаларға ас дайындайды.<br>Мынау – музыка залы.<br>Музыка залында кімдер бар?<br>Музыка залында музыка жетекшісі, балалар бар. Балалар би билеп, өлең айтады.<br>Мынау – спорт залы.<br>Балалар жаттығулар жасап, спортпен шұғылданады.<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстық жаттығулар жасауды ұсынады және сөздерді қайталап, естеріне сақтауды ескертеді.<br>Ші-ші-ші – бір-ін-ші қа-бат-та дәрігер бөл-ме-сі.<br>Дәрігер бөлмесінде мейірбике отырады.<br>Ші-ші-ші – е-кін-ші қа-бат-та  қазақ тілі бөлмесі бар.<br>ең-ең-ең – балабақша кең.<br>ық-ық-ық – бөлмелер жарық.<br>нық-нық-нық – жоғары шық (балалар қайталайды).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын: «Аудармашы».** Мектеп және балабақша бөлмелерінің қазақша атауын естеріне сақтау.<br>Кабинет казахского языка ... (қазақ тілі | исейміз. Әр бала өзінің қолындағы суреттер жиынтығын серіктесіне көрсетеді және оны: плащ, күрте, егін, комбайн деген сынды т.б. жаңа сөздермен толықтырады. Топпен бірге жұмыс істейміз. Әр жұп қолындағы заттар жиынтығын екінші балалар жұбына көрсетеді және оған: құс, аңдар, жапырақтардың түсуі сынды т.б. сөздерді қосып, толықтырады. Жалпылама жұмыс. Балалар педагогпен бірге ватман қағазға салынған жиынтықты толықтырады. Мәселен:<br><br>**Түсіну деңгейі:** Ауа райының бүгінгі күнін күйін күнтізбеге белгілеп көрсетуді ұсынады.<br>Балаларды балабақша аумағындағы экскурсия кезінде проблема іздеуге және оны зерттеуге бағыттау.<br>Экскурсия кезінде балалардың назарын күзгі табиғаттың сұлулығына, ағаш жапырақтарының біртіндеп азайғанына, жәндіктердің жасырынып қалғанына, ал, құстардың топталып, оңтүстікке ұшып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **жауғанда**<br>Күзде жауын. Бұлт. Тұман.<br>Сары жапырақ жауады:<br>Сары құйын ұйтқыған,<br>Сапырады ауаны.<br>Тапталды табанға,<br>Судыр-судыр жапырақ.<br>Өттей сары бояуға,<br>Малынғандай атырап.<br>(*Мұзафар Әлімбаев)* | қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Балалар графикалық жұмысты бастамас бұрын, педагог Қарындашты қолдарына алдырып алдымен ауада жаздырады. | кабинеті) Музыкальный зал ... (музыка залы)<br>Кабинет врача ... (дәрігердің бөлмесі) т.б. | кетуге қамданып жатқанына аударады. Балаларға ауа райындағы өзгерістер мен өсімдіктердің қазіргі жағдайы арасындағы өзара байланысты (күн сәулесі түсетін уақыттың қысқаруы, ауа температурасының төмендеуі) түсіндіреді. Құстардың дауысы, шегірткелердің шырылы, ара мен шыбынның ызыңдағаны естілмей, айнала тыныштала бастағанына назар аудартады.<br>**Қолдану деңгейі: «ҚАЙСЫСЫ АРТЫҚ?» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаттары: балалардың жылдың түрлі мезгілдеріне қатысты білімдерін нығайту, өз ойын нақты әрі еркін жеткізу қабілеттерін күшейту; есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог жыл мезгілінің атауын атайды: «Күз». Содан соң жылдың әртүрлі мезгілдерінің өзіне тән белгілерін атап көрсетеді (құстар оңтүстікке ұшып кетеді; бәйшешектер гүлдейді; ағаштардың жапырағы сарғаяды; үлпілдеген ақ қар жауады). |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Еркін қимылды ойын: «Әуедегі атыс»**

**Басты міндет: Топпен қарым-қатынасты нығайту, дене қозғалысына қарай тез қимылдау.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|     | | | **Еркін қимылды ойын: «Әуедегі атыс»**<br>**Міндет:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, дене қозғалысына қарай тез қимылдау.<br>**Дағды:** Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа дәлдеп лақтыруға дағдыландыру.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>**Ойынның шарты:** Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Денсаулықтың құпиялары.<br>**ҰІӘ міндеттері:** спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу.<br>**Дағды**: баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілетіне дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** тыныс алу гимнастикасы, 4 метр артпен жүру, «Миға арналған гимнастика» жаттығуы, допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру.<br>**Түсінеді:** таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін. | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Білімің-бұлағың.<br>**ҰІӘ міндеттері:** домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру;<br>әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін,басын, қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>балалардың музыкаға құштарлығын арттыру.<br>**Дағды**: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды еркін орындауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысын дәл келтіріп, әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді, "күй" жанрын. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Күлкі сыйла.<br>**ҰІӘ міндеттері:** бала ағзасын төзімді,мықты болуға шынықтыру, омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу.<br>**Дағды**: допты соға білуді, екі аяқпен секіре білуді, допты қағып алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жалпы дамыту жаттығуларын таяқпен орындайды, орындық үстінде тепе-теңдік сақтап жүруді, құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіруді, допты екі қолмен жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуды, допты лақтырып, шапалақ ұрғаннан кейін қағып алуды.<br>**Түсінеді:** таяқты қалай дұрыс ұстау керектігін, жаттығулар орындау барысында, жүру және жүгіру, секіру кезінде қауіпсіздік техникасын | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Білімің-бұлағың.<br>**ҰІӘ міндеттері:** домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру;<br>әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін,басын, қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>балалардың музыкаға құштарлығын арттыру.<br>**Дағды**: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды еркін орындауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысын дәл келтіріп, әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді, "күй" жанрын. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біз күшті және ержүрекпіз.<br>**ҰІӘ міндеттері:** салауатты өмір салтын сақтауға баулу.<br>**Дағды**: секіруге ,жүруге арналған жаттығуларды еркін жасай білу дағдыларын ие.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** орындық үстінде толтырылған доптарды аттап, тепе-теңдік сақтап жүруді, бір бүйірімен екі аяқпен арқаннан секіруді, бір-бірінен бес метр арақашықтықта қойылған заттар арасымен допты домалатып жүруді.<br>**Түсінеді:** таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай айналып өту керектігін.<br>**Колданады:** бір бүйірімен екі аяқпен арқаннан секіруге жаттықтыру және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолданады:** баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілетін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** І. Бір-бірден тізбек құрып жай жүру, жартылай отырып жүру, отырып жүру.<br>4 метр артпен жүру. Әр жүріс түріне сәйкес қолдарының қозғалыс амплитудасын қолданады.<br>Баяу жүгіру (2 минут) – қолдарын кеуде тұсына жоғары-алға, ішке қарай бағыттайды, сосын шынтағымен артқа қарай қозғалтады.<br>**Тыныс алуды қалыпқа келтіру.**<br>*«ха» – демін толық шығарып тазалау жаттығуы.*<br>Аяқтарын иық деңгейіне дейін ашып қойып, түзу тұру. Қолдарын алдыға ұстап, демін ішіне еркін тарту. Қолдарын төмен түсіріп, денесін алдыға ие отырып, демін сыртқа шұғыл шығарады. Сосын 2-3 рет еркін дем алу. Бұл жаттығу қақырық түсуіне көмектеседі.<br>*Энергетикаландырушы тыныс алу*<br>Демін толық ішке тартып, мүмкіндігінше кідіру.<br>Аузын дөңгелетіп, демін 3 рет шамды өшіргендей шұғыл шығару. Сосын 2-3 | **Қолданады:** музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова). Балалар шеңбер бойымен жүреді де, әр аңның музыкасы ойналғанда, сол аңның қимыл-қозғалысына лайық қимылдар жасайды.<br>***Музыка тыңдау***:<br>«Қосалқа» (Дәулеткерей). Қазақ даласының кең, табиғаты бай екенін айта отырып, қазақтың киелі аспабы домбыра туралы әңгімелеу. Аспапты көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру.<br>Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Домбыра аспабында ойналатын шығарма түрлерімен таныстыру.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:*** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>Балалармен білім күні туралы әңгіме өткізіп, болашақ туралы ой бөлісу. Әннің мазмұны туралы тоқталу. *Білім* деген сөздің өзі әлемді, табиғатты тану, білу.<br>Білімді адам жан-жақты адам, көп білу сауаттылықты арттырады. Бұлақ – таусылмайтын | сақтау қажеттігін.<br>**Қолданады:** допты соға білуді, екі аяқпен секіре білуді, допты қағып алу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Тізбекпен бір-бірден жүру, екі, бір тізбекке қайтадан сап түзеп жүру. Екі, бір тізбекке қайтадан сап түзеп жүгіру. Қолға арналған жаттығулар орындап жүру.<br>Жалпы дамыту жаттығуларын таяқпен орындау (№1)<br>Таяқтарды қолдарына алады (таяқтың бір ұшын алақандарына тіреп, қолдың бойында тігінен ұстап тұрады), тізбекте арақашықтықтарын сақтап тұрады – 3 адым. Дене бітімдерін түзу ұстайды.<br>**Түсіну деңгейі: Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:** ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. **(3 рет).**<br>Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі. | **Қолданады:** музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова). Балалар шеңбер бойымен жүреді де, әр аңның музыкасы ойналғанда, сол аңның қимыл-қозғалысына лайық қимылдар жасайды.<br>***Музыка тыңдау***:<br>«Қосалқа» (Дәулеткерей). Қазақ даласының кең, табиғаты бай екенін айта отырып, қазақтың киелі аспабы домбыра туралы әңгімелеу. Аспапты көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру.<br>Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Домбыра аспабында ойналатын шығарма түрлерімен таныстыру.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:*** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br>Балалармен білім күні туралы әңгіме өткізіп, болашақ туралы ой бөлісу. Әннің мазмұны туралы тоқталу. *Білім* деген сөздің өзі әлемді, табиғатты тану, білу.<br>Білімді адам жан-жақты адам, көп білу сауаттылықты арттырады. Бұлақ – таусылмайтын | ширақ итерілу дағдыларын және орындық үстінде тепе-теңдік сақтап жүруді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**Спорт** сенің серігің – Жанға дауа, қолға күш. Сергітетін адамды – Қимыл менен қозғалыс. Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағытты өзгертіп жүру. Көзді жұмып, баяу қарқынмен жүру – 4 метр.<br>**Түсіну деңгейі:** Жалпы дамыту жаттығуларын таяқпен орындау (№1)<br>Таяқпен орындалады; стретчинг; сколиоздың алдын алуға арналған жаттығулар.<br>Таяқтарды қолдарына алады (таяқтың бір ұшын алақандарына тіреп, қолдың бойында тігенен ұстап тұрады), тізбекте арақашықтықтарын сақтап тұрады – 3 адым. Дене бітімдерін түзу ұстайды.<br>**Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет).**<br>Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. Ортада ұстаушы- жүргізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді:<br>«Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш – деп санаңдар.<br>Бір, екі, үш – ал тараңдар!»<br>Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рет еркін тыныс алу. 3 рет қайталау.<br>*<u>Бағыттағыш, ысылдап тыныс алу.</u>*<br>Демін ішке еркін тартып, мүмкіндігінше кідіру. Демін ауыз арқылы «ысссс» деп дыбыстап, созыңқы ұзақ етіп шығару. Бұл дыбысты шағаруда тіл қатысады. 3 рет қайталау.<br>**Түсіну деңгейі:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).<br>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Теңгерім түймесі» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып негізгі тұрысты қабылдайды.<br>Оң қолының саусақтарымен оң жақ құлағының артындағы бас сүйегінің астына таяу тұрған шұңғымаға ақырындап басады. Сол қолын кіндігіне қойып, демін тартып терең | ағын су. Сондай ағын су сияқты білімді болу керек. Ән айтар алдында ережелерді еске түсірейік. Иықты көтермей тыныс алып, денені тік ұстап, әнді еркін айту.<br>***Билер:*** «Жұптасу биі» (чех халық әуені).<br>Балалар жұппен бірге әуенге ілесе отырып қимылдар жасайды.<br><br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар***:«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б.Қыдырбекова).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады.<br>Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады.<br>Бала қолды үзсе, қалаған досын алып қайтады, үзе алмаса, сол топта қалады. | **Қолдану деңгейі:**<br>Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен **секіруге жаттықтыру**, әр секіру фазасында қозғалыстарының үйлесімділіктерін қалыптастыру. Допты екі қолмен жоғары **лақтырып**, оны қайтадан қағып алуға, допты лақтырып, шапалақ ұрғаннан кейін саусақтарын бүгіп қағып алуға жаттықтыру.<br>***Ойын:*** «Қайда жасырылғанын тап».<br>**(2 рет).** Спортзалда еркін тұрады. | ағын су. Сондай ағын су сияқты білімді болу керек. Ән айтар алдында ережелерді еске түсірейік. Иықты көтермей тыныс алып, денені тік ұстап, әнді еркін айту.<br>***Билер:*** «Жұптасу биі» (чех халық әуені).<br>Балалар жұппен бірге әуенге ілесе отырып қимылдар жасайды.<br><br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар***:«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б.Қыдырбекова).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады.<br>Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады.<br>Бала қолды үзсе, қалаған досын алып қайтады, үзе алмаса, сол топта қалады. | Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады.<br>**«Тыныс ал және жақсы ойла!»** ойын-жаттығуы.<br>Еркін тұрады. Дем шығарған кезде жақсы ой ойлайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыныс алады «энергияны ішіне тартады».<br>Бір минуттан кейін сол қолымен сол құлағының артындағы шұңқырлау жерінен басып, оң қолымен кіндіктен басып, дәл солай «энергияны ішіне тартады».<br>**(5 рет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.40** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:40 – 12:00** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №2**<br>**Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>— Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;<br>— әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Ақ киімді біреуі,<br>Сары киімді біреуі,<br>Көк киімді біреуі,<br>Әлем, жәлем киімі,<br>Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі)<br>-Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)<br>-Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу)<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады. | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №3**<br>**Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>— Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>— Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз «Қыркүйек»**<br>Ғ. Өкеев<br>Бір-біріне жер, аспан,<br>Мейірлене қарасқан.<br>Төкпей-шашпай тасып дән<br>Машиналар асыққан.<br>Ұстаз, шәкірт жүздескен,<br>«Қош келіпсіз күз» дескен.<br>Берекелі алтын күз,<br>Ұмытпаймыз салтын біз<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №4**<br>**Қайың ағашын бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>- Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру;<br>— Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Сырғалы қайың, ақ қайың.*<br>*Сырыңды сенің жаттайын.*<br>*Өсе берші жайқалып,*<br>*Мен ерінбей баптайын.*<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>-Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>-Олардың жапырақтары неге сарғаяды?<br>-Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды?<br>-Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар?<br>**Зерттеу жұмысы:** қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу.<br>**Еңбек:** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №5**<br>**Өрмекшіні бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>—өрмекшінің өмірі мен сыртқы бейнесінің ерекшеліктері туралы білімдерін молайтуды жалғастыру;<br>— айнала қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Сенде айтшы өрмекші,*<br>*Неше аяқ, неше қол?*<br>*Жауап берші өрмекші*<br>*Неше аяқ, неше қол?*<br>*-Табандарым жолға тисе,*<br>*Зымырайды аяқтай.*<br>*Табандарым өрмек тоқиды*<br>*Қолдармен өрнек салғандай,*<br>*Шіркейлерді ұстағанда,*<br>*Аяқтарым пышақтай.*<br>*Егер шыбын кездессе,*<br>*Қағып алам ұзатпай!*<br>*Тәрбиеші сұрақтары:*<br>♦ Өрмекшілердің қандай пайдасы бар? (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларды жейді)<br>♦ Өрмекші жәндіктерді қалай аулайды? *(оларға* | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №6**<br>**Күн — жылу мен жарық көзі**<br>***Міндеттері:***<br>— күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту;<br>—табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>***Психологиялық жаттығу:***<br>***«Күншуақ»***<br>***Міндет:*** *Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну*<br>*-Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.*<br>Сұрақтар:<br>♦ Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек?<br>♦ Күн не береді?<br>Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>♦ Адамдар күзде не істейді?<br>♦ Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>*Міндет:*<br>—орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>—экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Бәйге».<br>*Міндет:*<br>Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>**Қозғалыстарын қалыптастыру**<br>***Міндет:*** сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.<br>***Халық болжамы:***<br>***Жаз жауынды, күз жылы болса, қыс ұзақ болады.*** | ♦ Күздің қандай белгілерін білесіңдер?<br>♦ Күзде ауа-райы қалай өзгереді?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>♦ Адамдар күзде не істейді?<br>♦ Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>*Міндет:*<br>—орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>—экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Қуып жет».<br>*Міндет: Т*ез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>**Бөрене үстімен жүру**<br>***Міндет:*** Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>***Мақал:*** *Күз байлығы-ел ырысы.* | **Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау**<br>**Міндет:** үлкендерге көмектесу, келесі көктемге гүл дәндерін әзірлеу.<br>**Қимылды ойын: «Допты ұста»**<br>***Міндет:*** қағып алуға және келесіге беруге үйрету.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>***Міндет:*** Қашықтан келген допты тез қағып алуға үйрету.<br>**Мақал-мәтелдер:**<br>1.Қалың ну халық саулығы.<br>2.Көк орман –Отан байлығы.<br>3.Орман-ел дәулеті, жер сәулеті.<br>4.Бір тал кессең, он тал ек.<br>5.Ағаштың да ағайыны бар.<br>6.Жалғыз ағаш орман болмас.<br>7.Ағаштың ажалы балтадан. | *өрмек құрады.)*<br>♦ Өрмекші өрмектерін жиі құра ма? *(желмен, жаңбырмен тез бүлінеді, сондықтан күнде құрады.)*<br>♦ Өрмекшілер жыртқыштар ма? *(Иә, олар басқа жәндіктерді жейді)*<br>***Зерттеу жұмысы****:* *Өрмекші торын тауып, қарау.*<br>***Еңбек:*** *«Бархат» гүлдерін аударып, ыдысқы орналастыру*<br>*Міндет: гүлдерге деген қамқорлыққа, әсемдікке тәрбиелеу*<br>***Қ/О****: «Үнсіз өт»*<br>*Міндет: Жәй, нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру*<br>***Жаттығу ойындары***<br>*Қимылдарын дамыту*<br>***Міндет:*** *Гимнастикалық бөрене үстімен жүру, тепе-теңдікті сақтау.*<br>***Халық болжамы:***<br>*Өрмекші бұрышқа тығылса жел болады.* | көзі. Одан жан-жаққа жарық Егер күн суық болса, онда жер беті суық болар еді де, суық пен қараңғылықтан жануарлар мен өсімдіктер өліп қалар еді.<br>Күннің қызуы өте күшті Күннің сәулесі жер бетіне 19 секундта жетеді, сондықтан күндіз әрі жарық, әрі жылы болады. Күннің сәулесі өте күшті, сондықтан оған тура қарай алмаймыз.<br>Сұрақтар:<br>♦Күнге бетіңді бұрғанда нені сезінесің?<br>-Күнге тура қарауға бола ма, көзің ауырмай ма?<br>**Зерттеу жұмысы**: екі тасты алып, біреуінің бетін жауып, біреуін ашық қою. Біраз уақыттан соң оларды қарап айырмашылықтарын табу. Тұжырым: ашықтағы зат тез қызады, көлеңкеде жылу аз.<br>**Еңбек:**<br>Аланды тазалауға кішкентайларға көмектесу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу.<br>**Қ/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда»**<br>Міндет*: қабырғаға өрмелеуге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Шеңберге түсір»<br>Міндет*: нысанаға көздеуге жаттықтыру* |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **12:00-12:05** | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.05 – 12:30** | Жасмин мен Сабинаға карандашты дұрыс қолдануға үйрету. | Ақниет мен Алимға түстерді ажырата білуге үйрету. | Інжу мен Мединаға құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. | «Біреу», «Көп» ұғымын Азматқа ойын ойнату арқылы меңгерту | Ермек пен Шырай сынып туралы суреттер көрсетіп әңгімелесу арқылы меңгерту. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Дербес ойын:** «Жыл мезгілінің сән үлгісі».Қима суреттер арқылы.Сурет салу. Міндеті: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. «Жыл мезгілдері: Жаз, күз белгілері» Міндеті: Балаларға жыл мезгілдері жайлы жалпы түсінік беру. Жыл мезгілдерінің құбылыстарына сипаттама беру. | **Танымдық-қимылды ойын:** «Сандар жүрісі».Математика негіздері. Міндеті: Балалар сандардың жүрісін салып, санай алады.1 деген сан болса,1 рет секіру.... Дидактикалық ойын«Менің үйім» Міндеті: Түрлі-түсті ағаштардын биік үй құрастыру. | **Ойын:** «Допты қуып жет» Міндеті: Балаларды ептілікe,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға доп салынған себетті көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. | **Ойын:** «Допты қуып жет» Міндеті: Балаларды ептілікe,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға доп салынған себетті көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. | **Суреттік боямалар:** «Кім,қайда өмір сүреді?» Міндеті: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.** **12:30-12:40** | **Ата-анаға кеңес:** «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:** Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:** Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес:** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 11.09 | Сейсенбі 12.09 | Сәрсенбі 13.09 | Бейсенбі 14.09 | Жұма 15.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті**(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**Құрылыс ойыны: «Менің көшем»**<br>**Міндет:** балалардың ой-қиялын дамыту, құрылыс материялдарын қалай пайдалану керектігін меңгеру.<br>**Дағды:**өз мекен-жайларың айтып беруге,мектепке дейінгі жолды білуге дағдыландыру.<br> | **Мүсіндеу** – **шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті** (өнер орталығында сурет салу);<br>**Үстел үсті ойындары:** «Жылан»<br>**Міндет:**Жорғалаған жыланға сипаттама бере отырып таныстыру. Жыланның тіршілігі, қозғалуы туралы ұғым қалыптастыру. Табиғаттағы тіршілік иелеріне деген қызығушылығын оята отырып қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды:**Алақанмен илеп бөліктерге бөліп, қоса білуге дағдыландыру. Ермексаздың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру, тегістеу, тарту, әдіс бойынша жаттықтыру | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Ойын жаттығу: *«Адам қимылын құрастыр және оны қайтала»***<br>**Міндет:** Балаларды кеңістікте бағдарлауды (жоғарыда, төменде, сол жақ, оң жақ) үйрету. Сәйкес түсті тез табуға дағдыландыру.<br>**Дағды:Күнделікті өмірде** дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>***Ойынның шарты:*** карточкадағы берілген схема бойынша адам | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>**Ойын жаттығу: «Қарындаштардан құрастыр»**<br>**Міндет:** Балалардың заттың кеңістікте орналастыру(жоғарыда, төменде, сол жақ, оң жақ) арқылы ойлау қабілетін дамыту.<br>**Дағды:**Түстерді анықтай алуға дағдыландыру..<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>***Ойынның шарты:*** карточкадағы берілген схема бойынша сәйкес түсті қарындаштармен суретті құрастырады. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Сәйкестендіру ойыны:** «Кімге не керек?»<br>**Міндет:**Түрлі мамандық иелерінің еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету.<br>**Дағды:** әр түрлі мамандық иелерінің еңбектерін бағалауға және ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** әр түрлі мамандық иелерінің суреттерін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген карточкалар болады. Тәрбиеші осы бейнеленген карточкаларды сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Ойынға балалардың барлығы қатысады.Олар бір-бірінің белдерінен ұстап жылан сияқты ирелең дейді,бірде тоқтап орнында қалуы тиіс .<br>**Ықтимал күрделендірулер:** Жыланға ұқсап жүру . Өз ойларын еркін жеткізу.Жыланның қалай ысқыратының еске түсіру.<br> <br> <br> <br> | бейнесіне сәйкес санамақ таяқшалармен суретті құрастырады және ол қимылды қайталап көрсетеді. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның нұсқаулары:** дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау.<br><br> | жасауға болады.<br> <br> | орналастыру керектігін түсіндіреді. Мысалы: тігіншіге – ине, мұғалімге – кітап, т.б.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Балалардан болашақта қандай мамандық иесі болғылары келетінін сұрау.<br>**Ойынның нұқсаулары:**Мамандық иелерін анықтағаннан соң, әрбір мамандық иелеріне қажетті еңбек құралдарын, ол еңбек құралдары не үшін қажетт екендігін, олардың маңыздылығын айту, көрсетіп түсіндіру.<br> <br> <br> |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br><br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, | № 7 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.** | № 8 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.** | № 9 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын** | № 10 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.** | № 11 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіред | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1 жиынтық Жұпта орындалатын жаттығулар**<br>1.«Қолды көтеру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қол ұстасып тұру; 1 – қолдарды екі жаққа созу;<br>2 –қолдарды көтеру; 3 – қолдарды екі жаққа созу; 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>2.«Отырып-тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қол ұстасып тұру; 1-2 – серігінің қолын жіберместен кезек-кезек отырып-тұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>3.«Бұрылу»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қолдарын айқастырып, аяғын иық ені деңгейінде қойып тұру; 1 – денені оңға (солға) бұру; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>4.«Құрсақ тығыршығын қатайту»<br>Б.қ. – бірінің аяғын екінші аяғымен қысып, қолдарын желкесіне қойып, шалқалап жату, 1-2<br>– кезек- кезек денесін көтеріп, отырады; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>5.«Еңкею»<br>Б.қ. – аяғын иық деңгейінде етіп қойып, қолдарын төменде ұстап тұрады. 1– оңға бұрылады, оң қолы | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 *жиынтық* Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>1.Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екі жанынан ұстау; 2– денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (7-8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына ұстайды. 1-2 – денені оңға бұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы қимылдарды қайталау (7-8 рет)<br>3.Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап, тігінен еденге қою. 1-2 – құрсауға сүйеніп, оң аяғын артқа созу. 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу.<br>Сол аяқпен қайталау. (7 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, құрсауды бүгілген қолдарымен ұстап тұру. 1-2 –<br>құрсауды алдыға шығарып, отыру; қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (7-8 рет).<br>5.Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан асырып ұстау. 1 – оң аяғын тізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғымен осы қимылдарды орындау. | **әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 *жиынтық* Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>1.Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екі жанынан ұстау; 2 – денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (7-8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына ұстайды. 1-2– денені оңға бұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы қимылдарды қайталау (7-8 рет)<br>3.Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап, тігінен еденге қою. 1-2 – құрсауға сүйеніп, оң аяғын артқа созу. 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қайталау. (7 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, құрсауды бүгілген қолдарымен ұстап тұру. 1-2– құрсауды алдыға шығарып, отыру; қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (7-8 рет).<br>5.Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 3 *жиынтық* Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>1.«Өкшеге». Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсау иық тұсында. 1-2– құрсауды жоғары көтеріп, оған қарау, оң (сол) аяғын жанына шығарып, ұшымен қою; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу. 5 рет қайталау. (Басын төмен түсірмеу)<br>2.Б.қ.: отырып, аяқ арасын ашу, құрсауды иық деңгейінде ұстау; 1-2– оңға (солға) бұрылу, құрсауды жоғары көтеру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6 рет).<br>«Аяғы құрсауда». Б.қ.: шалқалап жату, құрсауды сан тұсына ұстау. 1-2– құрсауды тік қою, аяқты тізеден бүгіп, құрсауға сұғып, қайта түзеу; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (4-6 рет).<br>«Құрсауға жеткіз». Б.қ.: құрсауды басының артына ұстап, шалқалап жату. 1-4– аяқтарын жоғары көтеру, аздап арасын ашу, құрсауға дейін көтеріп апару; 5-8– баяу төмен түсіру.<br>Аяқтарын бүкпей, басын керу. Қайталау (6-8 рет).<br>5 «Құрсау арқада». Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде алшақтатып қою, Құрсау төмен түсірілген; 1-2 – құрсауды жоғары көтеру, жоғары қарау, керілу; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 4 *жиынтық* «Құрсауды жоғары көтеру»**<br>1.Б.қ. – тұру, аяқтарын табан енінде ашып қою, құрсауды иыққа ілу; 1 – құрсауды жоғары көтеріп, оған қарау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет).<br>2.«Құрсауды көтеру»<br>Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екі жанынан ұстау; 2 –денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4<br>қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>3.«Бұрыш»<br>Б.қ. – құрсаудың ішінде отыру, қолдарымен артта еденге тірелу. 1– екі аяғын бірдей түзетіп, жоғары көтеру; 2 – аяқтарын екі жаққа ашып, еденге құрсаудан шығарып қою; 3 – аяқтарын қосып, қатарластырып, түзеп жоғары көтеру; 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет).<br>4.«Құлау»<br>Б.қ. – тұру, құрсауды екі қолмен төменге қаратып ұстау; 1 – сол аяқпен құлап, құрсаудың ортасына қадам аттау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды қайталау (8 рет).<br>5.«Айналдыру» |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | төменде қалады да, сол қолы жоғары көтеріледі. 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>6.«Секіру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, бір-біріне қарап, қол ұстасып тұру; 1-2 – орнында тұрып секіру – 8 рет. | (7-8 рет қайталау)<br>6.Б.қ.: құрсаудың ішінде тұру. Қолдары белде. Бір құрсаудан екіншіге қос аяқтап секіру. | асырып ұстау. 1– оң аяғын тізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғымен осы қимылдарды орындау. (7-8 рет қайталау)<br>6.Б.қ.: құрсаудың ішінде тұру. Қолдары белде. Бір құрсаудан екіншіге қос аяқтап секіру. | келу, қайталау (4 рет).<br>6. Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды жанына еденге қою. Артпен секіріп құрсауды 3 рет айналу. Бағытын өзгертіп, 4 рет жай жүріспен алмастырып, қайталау. | Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; құрсауды бір қолмен айналдыру (3 рет).<br>6.«Массаж»<br>Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; оны оң аяқтың бармақтарымен көтеру. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (3 рет).<br>7.«Табанды сергіту»<br>Б.қ. – құрсаудың ішінде тұру. Құрсаумен өкшелеп жүру, бармақтарымен жүру; (2 айналу)<br>8.«Секіру»<br>Б.қ. – құрсауға қарап тұру, аяқтары аздап алшақтатылған, қолдары жанында; екі аяқтап құрсауды секіріп, бағытын кезек өзгерте отырып, аздаған үзіліс жасап, айналу. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:** 09.00 11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **11.09.23 Дүйсенбі** | **12.09.23 Сейсенбі** | **13.09.23 Сәрсенбі** | **14.09.23 Бейсенбі** | **15.09.23 Жұма** |
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** 1 саны және цифры.<br>**ҰІӘ міндеттері:** «бір» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу;<br>1 санымен таныстыру;<br>заттарды санай алуға; | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?<br>**ҰІӘ міндеттері:** сөз,дыбыс туралы түсінік беру;<br>сөздің дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** 2 саны және цифры.<br>**ҰІӘ міндеттері:** «бір» және «көп»(«бірнеше») терминдерін енгізу;<br>2 санымен таныстыру;<br>заттарды санай алуға;<br>сандардың айтылу | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** 3 саны және цифры.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;<br>заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 цифрың дұрыс тану мен бейнелеуді | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жуан дауысты дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Дауысты,дауыссыз дыбыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сандардың айтылу реттілігін үйрету;<br>заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету;<br>қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Дағды**: сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** 1 және 2 саны мен цифрын;<br>**Түсінеді:** «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін;<br>**Қолданады:** жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Ойын жағдаяты.<br>Демонстрациялық материалмен жұмыс<br>**Ойын жаттығуы:** «Бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды табу». Педагог бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды топтан іздеуді ұсынады.<br>Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар?<br>Педагог «екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы.<br>Балалар дауыстап «екі», «жұп» деп қайталайды.<br>Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар.<br>Бір затты (бір саны) және | бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру.<br>**Дағды:** Қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттеріне қарай дағдыға айналдыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** дыбыс пен сөз туралы білгендерін еске түсіреді.<br>**Түсінеді:** сөз заттардың атын, іс-әрекетті, сапасын білдіретінін біледі.<br>**Қолданады:** берілген дыбысқа сөз ойлап айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Берілген дыбысқа сөз ойлап айт» дидактикалық жаттығуы, «а» дыбысынан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. *(Дұрыс жауап берген балаға педагог бір фишкадан беріп отырады).*<br>Мысалы айтылатын сөздер:*алма, алақан, алмұрт,ананас, алша, автобус, акула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта, асқазан, арыстан, арқан, алқап, алтын т.б.*<br>**Сөздермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма**<br>«Сөздерді өлшеуді білеміз» дидактикалық жаттығуы. Балаларға әртүрлі сөздер айтады, балалар сөздің ұзын немесе қысқа екенін анықтайды. Алақанды бір-біріне жақындату арқылы | реттілігін үйрету;<br>заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету;<br>қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Дағды**: сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** 1 және 2 саны мен цифрын;<br>**Түсінеді:** «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін;<br>**Қолданады:** жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Ойын жағдаяты.<br>Демонстрациялық материалмен жұмыс<br>**Ойын жаттығуы:** «Бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды табу». Педагог бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды топтан іздеуді ұсынады.<br>Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар?<br>Педагог «екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы.<br>Балалар дауыстап «екі», «жұп» деп қайталайды.<br>Бір-бірден көрсетілген | үйрету;<br>зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** 3 саны мен цифрың;<br>**Түсінеді:** заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>**Қолданады:** 3 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>1-тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Суретте не бейнеленген? Неше мәшине? Неше қуыршақ? Санайды.<br>Суреттегі заттардың санын табады. Шаршыға сонша нүкте салады.<br>Мәшиненің санын 3 цифрымен белгілейді.<br>Қуыршақтар санын 4 цифрымен белгілейді.<br>3 цифрын табады.<br>3 цифры туралы өлең оқиды:<br>Екі доға түйіскен,<br>Қара, аумай тұр «Үштен»<br>Ұқсастығын табады<br>Зер салғандар мынаған:<br>Тура «Төрт» боп қалады.<br>Орындықтар құлаған<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Демонстрациялық | ерекшелігін түсіндіру.<br>**Дағды**: Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** суретті әңгімелеп айтады, жуан дауысты дыбыстан басталатын суреттерді тауып айтады.<br>**Түсінеді:** жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>Дыбыс деген не?<br>Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар деп атаймыз?<br>Дауысты дыбысты қалай белгілейді?<br>Дауысты дыбыстар қалай жасалады?<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>*«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>*«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттар жұбын (екі саны) қандай цифрмен белгілейміз?<br>**Түсіну деңгейі: Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>1 және 2 цифрларын көрсетеді. Балалар бір және жұп заттарды іздейді.<br>**1-тапсырманы** орындауды ұсынады. Суретте не бейнеленгенін атайды. Қандай заттарды «бір» деп айта аламыз?<br>Не туралы бір деп айтуға болады? Балалар: бір себет, бір тостаған. Оларды бояйды.<br>Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады? Екі мысық, екі тышқан. Екі-екіден тұрған заттарды көк, екеуден көп заттарды қызыл түспен қорша.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ермексазбен практикалық жұмыс. Педагог алдын ала ермексаз материалын дайындайды, егер қандай да бір себептермен оны пайдалану ыңғайсыз болса, цифрды бейнелеу үшін арқанға, бұршақтарға, түймелерге немесе басқа материалға ауыстыруға болады. Балалар цифрды ермексаздан жасайды. Топта көрме жұмысын ұйымдастырады. | сөздерді өлшеуге болатындығын айтады. Егер қысқа сөз болса, онда екі алақанды бір-біріне жақын, ал ұзын сөз болса, онда екі алақанды бір-бірінен алшақ ұстайды.<br>Мысалға  айтылатын сөздер: *көз, бағдаршам, лақ, жолбарыс, бақа, тасбақа, доп, секіртпе.*<br>**Түсіну деңгейі:** «Бір сөзбен айт» дидактикалық жаттығуы.<br>Мен сендерге заттардың атын білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздердің ортақ атауын айтасыңдар. Мысалы: Қазан, кесе, шанышқы.<br>*Бұлар нелер?*<br>Ыдыстар.<br>Мысалға айтылатын сөздер: *керует, үстел, орындық; алма, алмұрт, шие, жүзім; сәбіз, пияз, картоп, қызанақ; көйлек, шалбар, тон; бәйшешек, қызғалдақ, раушан;  нан, сүт, май, шұжық; сиыр, қой, ит, жылқы; арыстан , қасқыр, түлкі; шырша, қайың, терек.*<br>**Қолдану деңгейі: «Кері атауын ата» дидактикалық жаттығуы**<br>Мен сендерге қандай да бір сөз айтамын сендер сол сөздің кері мағынасын айтасыңдар.<br>Мысалы: *ыстық-суық; кішкентай-үлкен; ақ-қара; қатты-жұмсақ; биік-аласа; ауыржеңіл; ұзын-қысқа; ашулы-көңілді; жас-кәрі;* | заттарды атаңдар.<br>Бір затты (бір саны) және заттар жұбын (екі саны) қандай цифрмен белгілейміз?<br>**Түсіну деңгейі: Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>1 және 2 цифрларын көрсетеді. Балалар бір және жұп заттарды іздейді.<br>**1-тапсырманы** орындауды ұсынады. Суретте не бейнеленгенін атайды.<br>Қандай заттарды «бір» деп айта аламыз?<br>Не туралы бір деп айтуға болады? Балалар: бір себет, бір тостаған. Оларды бояйды.<br>Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады? Екі мысық, екі тышқан. Екі-екіден тұрған заттарды көк, екеуден көп заттарды қызыл түспен қорша.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ермексазбен практикалық жұмыс. Педагог алдын ала ермексаз материалын дайындайды, егер қандай да бір себептермен оны пайдалану ыңғайсыз болса, цифрды бейнелеу үшін арқанға, бұршақтарға, түймелерге немесе басқа материалға ауыстыруға болады. Балалар цифрды ермексаздан жасайды. Топта көрме жұмысын ұйымдастырады. | материалмен жұмыс.<br>Тапсырма: Заттар тобына жиынтық атауын таңдау, санауды бекіту.<br>- Суретте не бейнеленген? Қандай бір сөзбен атауға болады? Қанша автобус? Қанша трактор? Қанша жүк көлігі? Барлығы қанша?<br>**Қолдану деңгейі:** «Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді: төрт балаға бірден төртке дейінгі сан беріледі. Әр- қайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден төртке дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифр қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады. | ұстап тұру керек.<br>*«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну деңгейі:** «Құпия сөз» дидактикалық жаттығуы.<br>Ол қаладан алыста да, жақын да, да орналаса береді. Ол жердің ауасы таза, табиғаты әдемі. Онда төрт-түлік малдың бәрі бар. Ол жерде адамдар қалаға қарағанда аз тұрады.<br>Ауыл.<br>Иә, балалар, бұл – *ауыл.*<br>Енді келесі құпия сөзді табуға тырысыңдар.<br>Олар өте тату, бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды, көмектеседі. Олар көбіне бірге тамақтанады. Кешкілік бәрі жиналады, әңгімелеседі.<br>Балалардың жауабы тыңдалады.<br>Дұрыс айтасыңдар балалар, мен *отбасы* туралы айттым.<br>Оны құрайдан, шөптен, ағаштан, балшықтан да жасайды, оны ағашқа, тасқа, қабырғаға орналастырады. Қараторғайға оны адамдар жасап береді. Ол жерге жұмыртқа салады, балапандарын өсіреді.<br>Құпия сөз – *ұя.*<br>**Қолдану деңгейі:** Жуан дауысты дыбыстар: *а, о, ы, ұ, у.* Айнаны қолымызға алып жуан дауысты |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>ашты-тәтті, мықты-әлсіз, көп-аз, жалпақжіңішке.<br>Танымдық-қимылды іс-әрекет:Сергіту сәті<br>Басты иіп алға созып керіліп,<br>Жиналамыз артқа қайта шегініп.<br>Тағы созып алға қара қиылып,<br>Бүкірейтіп көтер арқаны жиырып.<br>Саусақ жаттығуы:<br>Бір, екі, үш,<br>Кәне, жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық.</td>
<td></td>
<td></td>
<td>дыбыстарды айтып көрейік. Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен.<br>Саусақ жаттығуы<br>«Бәрінен де мен күшті,»<br>– Деп айтады оң қол.<br>«Неге сен? Ал мен ше!»<br>– Деп келіспейді сол қол.<br>Екі қолдың күштерін,<br>Кәне, сынап көрейік.<br>Оңға, солға тартайық,<br>Достастырып қайтайық.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">1 үзіліс - 09:25 - 09:35<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.<br>«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға » арналған ойын: «Қуғыншыдан құтқару»<br>Басты мақсат: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Артикуляциялық жаттығулар:<br>Ойын:« Часы» «Сағат»<br>Міндеті: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.<br>Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.<br>• «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.<br>• «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.<br>«Дәмді тосап»<br>Міндеті: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.<br>Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.<br>Әдістемелік нұсқау.<br>1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін,</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Аз қимылды ойын:«Қуғыншыдан құтқару»<br>Міндеті: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.<br>Дағды:Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға дағдыланады.<br>Ойын шарты:<br>Мазмұны: Аланда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.<br>Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.<br>Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.<br>Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;<br>Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;<br>Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| иектің қимылдамауын қадағалау кере.<br>2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.<br>3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br>4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.<br>  <br>    |  | қуғыншы сол ойыншыны қуады.<br>**Ойынның ережесі:**<br>1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.<br>2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Бұл ойынды ұйымдастыру үшін аланды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.<br>Ойын қызықты өтуі үшін ойынныі мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.<br>Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.<br>Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Менің сүйікті ойыншығым.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету;<br>сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту;<br>ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: «д» – «т» дыбыстарын дұрыс айтуды,дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру. | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Нан қайдан келеді?<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>балалардың нанның дастарханға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру;<br>танымдық-ізденістік жұмыстарға талпынысын күшейту.<br>**Дағды**: Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**астық дақылдарының атауын атап | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Кішкентай бағбан. (әңгімелеу) Мәдіхат Төрежанов<br>**ҰІӘ міндеттері:** әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету;<br>әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту;<br>**Дағды**: әңгіменің мазмұнын сақтай отырып, айтып беруге дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Күз бояуы. (Қ.Баянбаев.)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу;<br>өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту;күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру. | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту;<br>ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды**:ойыншықтарды суреттеп әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:**ойыншықтардың неден жасалғандығын, оның қажеттілігін;<br>**Қолданады :**дыбыстарды айнаға қарап үш дауыста айтуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Ой қозғау»әдісі:** Балалар, мына көріп тұрғандарың "Шаштараз "бұрышы, «Денсаулық»бұрышы мынау ақ халат, жедел жәрдем, дәрі-дәрмек, ине, барометр,кеуде тыңдағыш тұрған бұрыш қалай аталады? – деп балалардан сұрайды.Ал ыдыстар, жапқыштар тұрған бұрыш қалай аталады?<br>Көліктер, жол белгілері, бағдаршам тұрған бұрыш қалай аталады?<br>Міне, сендер ойын бұрышындағы түрлі ойыншықтармен таныстыңдар.<br>Ойын бұрышында көрген доп "Д" дыбысынан басталады. Ал шаштараз бұрышындағы тарақтар "Т" дыбысынан басталып тұр. «Д» және «Т»дыбыстары – бір-біріне ұқсас дыбыстар.<br>**Түсіну деңгейі:** осы дыбыстарды айнаға қарап айтқызады. (Үш дауыста айтқызады).<br>Екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар. Дыбыстардың дұрыс айтылу | береді.<br>**Түсінеді:** жақсы өнім дихандардың еңбегінің жемісі екенін түсінеді.<br>**Қолданады:** қарапайым еңбекті күнделікті өмірде пайдаланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілейді.<br>Нанның түрі көп. Бірақ ол міндетті түрде пайдалы әрі дәмді болады. Нанның құрамында адамның жүйке жүйесі мен есте сақтау қабілеттерін нығайтып, астың қорытылуын жақсартатын В дәрумені бар.<br>– Балалар, нанның қайдан келгенін кім біледі?<br>**Топтағы тәрбиеленушілерді зерттеу жұмыстарының көмегімен тану үдерісіне жұмылдырады.**Бидай мен қара бидай сабақтарын қарап шығып, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын атап көрсетеді. Қайсы ыдыстағы ұнның ақ, қайсысының қара екенін анықтайды.<br>Бір түйір дәнді алып, үлкейткіш әйнектің көмегімен мұқият қарап шығуға шақырады. Балалар дәндерді сипаттайды: тегіс, сұрғылт, кішкентай, қатты т.б. деген қасиеттерін атап көрсетеді. Оны өзге дақылдармен салыстырады.<br>**Түсіну деңгейі: «Тізбек»** | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Бүгін М. Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз. **Кішкентай бағбан.**<br>Садықтың әкесі – бағбан. Садық оған үнемі көмектесіп жүреді. Қар кетіп, жер құрғағаннан кейін әкесі мен баласы бақта құмырсқаша қыбырлап еңбек етеді.<br>Бір күні Қалел жүгіріп келіп:<br>Кеттік, Садық, ойынға, – деді. Менің жұмысым көп, – деп жауап берді Садық оған.<br>Жұмыс деген немене, тәйірі. Әкең бәрін істейді ғой. Ойнаған қызық емес пе? Садықтың ойнағысы келіп кетсе де, өзін-өзі басып, жұмысын жалғастыра берді. Күз де келді. Бақта жеміс пен жидектің сан алуан түрі өсіп-жетілді.<br>Садықтың өзі де қарық болды, досын да барынша сыйлады. Қалел тойып алып:Бәрін де түк қалдырмай жеп қоямыз, – деді. Қалады, – деп жауап берді Садық. – Әкем: «Кім ойынға елікпей еңбек етсе, жер соны қарық қылады» деген.<br>**Түсіну деңгейі: Сөздік жұмыс:**<br>*Көп қимылдайтын адам* – ерінбей еңбек ететін адам.<br>*Бағбан* – бау-бақшада | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды :** өлең жолындағы сөзді педагогпен бірге және өздері жіктейді;<br>**Түсінеді:** күзде жемістер мен көгөністер мол болып, дәруменге бай болатынын;<br>**Қолданады:** өлеңді мазмұнын түсініп, жаттап алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, күз мезгілі келді. Дала мүлдем өзгеріп кеткен. Ағаштардан жапырақтар саудырап жерге түсіп жатыр. Жапырақтар әр түсті қызғылт, сары, қоңыр. Міне сендер, табиғаттың өзгеруінен күз мезгілінің ерекшелігін байқаған боларсыңдар.<br>Демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>Мына суретке назар аударып, әңгіме құраңдаршы. Міне, күз мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы, ерекшелігі.<br>Жалпы күз мезгілін – сары күз, алтын күз, күрең күз деп үшке бөліп айтамыз.<br>Күз – барлық өнімдердің пісіп-жетіліп, жеміс-жидектер, көгөністер дүкендерге толатын мезгіл. Дәруменге бай жемістерді таңдап сатып алып жеп, көңілдің бір марқайатын мезгілі.<br>**Түсіну деңгейі:** Бүгін | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Ойлан тап!»балаларға жұмбақ жасырады:<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр-жотадан асады.<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны.<br>Ол не? *(Аю)* Балалар, бүгін «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру.<br>Балаларға ертегіні толық оқып, мазмұнын түсіндіру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Шаруа* – жерді баптап, күтіп, егін өсіретін еңбекқор адам.<br>*Соқа* – жер қазатын құрал.<br>*Орман маңы* – орманға жақын жер.<br>**Сұрақ-жауап**<br>-Ертегі қалай аталады?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>-Шаруаға не келді?<br>-Аю шаруаны қалай қорқытты?<br>-Олар неге келісті?<br>-Шаруа не екті? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | артикуляциясы.<br>«Д» дыбысын айтқанда тіліміз алдыңғы, астыңғы тістерге қатар тиеді. «Т» дыбысын айтқанда тіліміз үстінгі тістің түбіне тиеді.<br>«Д» және «Т»дыбыстарын буын ішінде айтқызады.<br>Да – да – дала.<br>До – до – доп.<br>Та – та – тарақ.<br>Енді ойыншықтар арасынан ұнаған ойыншықтарыңды алып, сол туралы әңгіме құрап, суреттеп беріңдер.<br>**Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».**<br>Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді.<br>**Дыбыстардың дұрыс айтылу артикуляциясына арналған тілдік жұмыс: Жаңылтпаш қайталату.**<br>Топ бала, топ бала,<br>Ойнап жүр, топтала.<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала.<br>*(Е.Өтетілеуұлы)* | **ойындық жаттығуын орындауға шақырады**<br>Біздің үйімізге нан қайдан келді?<br>(Дүкеннен.)<br>Ал, дүкенге қалай түсті?<br>(Наубайханадан.)<br>Наубайханада не істейді?<br>(Нан пісіреді.)<br>Нанды неден пісіреді?<br>(Ұннан.)<br>Ұнды неден істейді?<br>(Бидайдан.)<br>Бидай қайдан алынды?<br>(Сабақтан.)<br>Бидай сабағы қайдан шықты? (Егісалқабында өсірілді).<br>**Қолдану деңгейі: «Тұқым» ойыны**: музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды. Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан | жемістерді күтіп-баптайтын адам.<br>**Қайталайық:** «Ойынға елікпей, көп ойнай бермей, еңбек ету керек. Жер ол адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді».<br>***Есіңе сақта:***<br>«Еңбекпенен тапқаның, Шекер-балдан татқаның».<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Д/ ойын: «Жеміс терейік».<br>**Ойынның ережесі:** интерактивті тақтадағы немесе муляж жемістер мен көгөністерден мәтінде барын және қайда өсетінін ажыратып айтады.<br>**Ойынның шарты:** балалар жемістерді атап береді. Мысалы, алма, алмұрт, өрік, жүзім, банан т.б. | сендер Қ.Баянбаевтің «Күз бояуы» өлеңімен танысып, жаттап аласыңдар.<br>**Күз бояуы**<br>Самал қозғап қалғанда,<br>Үзіледі сары алма,<br>Шолып едім бақшаны,<br>Қауын біткен сап-сары.<br>Көрінеді шалғайдан,<br>Бел-белестер сарғайған.<br>Сары жапырақ төгілген<br>Тоғайды да көрдім мен.<br>Таза жездей жинаған,<br>Сары бояу айналам.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»<br>Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек. | -Аюға қай жағын берді?<br>-Келесі жылы шаруа не екті?<br>-Аю нені білмеді?<br>**Қолдану деңгейі:** Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен қайталау.<br>-Шаруа бірінші не екті?<br>-Қалай екті? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Аю қалай келді? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Келесі жылы шаруа не екті?<br>-Бидайы қалай өсті? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Шаруа қызылшаны қалай жинады? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>Ертегідегі *шаруа, соқа, орман маңы* сөздерінің мағынасын қайталату.<br>Оқылған ертегі мазмұны бойынша көмекші сұрақтар қоя отырып, 3-4 балаға ертегінің мазмұнын айтқызып қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.) **«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.**Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке). | | | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.*** **10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| ***2 үзіліс – 10:00 – 10:30*** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары** Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Аз қимылды ойындар: «Жалғыз аяқ жолмен»** **Басты міндет: ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.** | | | | | |
|   | |   | | **Қимылды жүгіруге арналған ойын:** **«Жалғыз аяқ жолмен»** **Міндеті:** ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту. **Ойынның шарты:** Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады. **Ұсыныс:** бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын сынып ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді. | |
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті           уақыты: 10.30 – 10.55** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі  бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Біздің | **3.Мүсіндеу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті. | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Біз | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұр.<br>Сыныпта нелер бар?<br>Сыныпта үстелдер, орындықтар бар.<br>**Түсіну деңгейі:** Сөздік ойын: «Жалғасын тап».<br>Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br>Біздің сынып(әдемі, жарық, таза)<br>Біздің(сынып,топ)<br>Біздің сыныпта,топта.(ойыншықтар көп)<br>Біздің сыныпта.(үстелдер, орындықтар) бар.<br>Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жаңылтпашпен таныстыру.<br>Топ бала, топ бала,<br>Ойнап жүр топтала.<br>Зымырап допты ала ,<br>Қуады көп бала.<br>*Балалармен бірге жаңылпашты қайталайды, балаларға жай, жылдам айтуды ұсынады. Өздеріне таныс сөздерді айтуларын сұрайды.*<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолды белге қоялық.<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға бір адым,<br>Артқа бір адым.<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық. | – Енді,жасыл түсті ермексаздың кішкене бөлшегін алып,алақанға салып домалақтаймыз**.** Тақтайшаға қойып жалпақтау әдісі арқылы сопақша пішінге келтіреміз.Пышақтың ұшымен кесу арқылы жапырақтың бейнесін жасаймыз.Жапырақты алманың сабағына орналастырамыз. Алмамыз дайын болды.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Енді,алмұртты жасауға кірісеміз.Сары түсті ермексазды алып,алақанға салып жұмсартып, сопақша пішінге келтіреміз.<br>Сопақшаның жоғарғы жағын қысу арқылы алмұрттың пішінін мүсіндейміз.<br>Басбармақпен басу арқылы сабақ ойығын жасаймыз.<br>Алманың сабағын жасағандай ағаш бұтақшасын орналастырамыз.<br>Жасыл түсті ермексаздың кішкене бөлігін домалақтап алып, қолымызбен басып жалпақтаймыз.Үлкендердің көмегімен арнайы пышақпен жапырақ пішінін кесіп алып,сабағына орналастырамыз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балалармен жұмысты талдайды.Балалардың жасаған жұмысын аралап, көріп мадақтайды.<br>Педагог қорытынды жасайды. Балалармен бірге | **Түсіну деңгейі: Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>*«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>*«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Қолдану деңгейі:** «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).<br>Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді.<br>**Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету.**<br>–Дыбыстарды қалай белгілейміз? (Төртбұрышпен).<br>«Алма» сөзін бірнеше рет дауысты дыбысты созып айтып қайталайды.<br>Тақтаға «алма» сөзінің сызбасын іліп бірінші «а» дауысты дыбысты қызыл фишкамен белгілейді. | Жат-ты-ғу жа-сай-мыз.<br>Жаттығу жасаймыз *(айнамен жұмыс).*<br>Біз мектепте таңертең не істейміз?<br>Біз мектепте таңертең жаттығу жасаймыз.<br>Біз мектепте асханаға барып тамақ ішеміз.<br>Та-мақ-қ-қ і-і-і ше-міз – тамақ ішеміз.<br>Ұ-ұ-ұ-ұй-ық-қ-қ-таймыз – ұйықтаймыз.<br>Біз мектепте не істейміз?<br>Біз мектепте тамақ ішеміз, ұйықтаймыз.<br>Біз мектепте серуенге барамыз, би билейміз, ән айтамыз, демаламыз, сурет саламыз.<br>Біз мектепте не істейміз?<br>Біз мектепте серуенге барамыз, би билейміз, ән айтамыз, демаламыз, сурет саламыз.<br>**Түсіну деңгейі: Сөздік ойын: «Жалғасын тап».**<br>Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br>Сынып ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз).<br>Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз).<br>Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).<br>Кереуетте ... (ұйықтаймыз)<br>**Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Аудармашы».**<br>Сөздерді орыс тілінде | қарап шығып, әңгімелесуге қатысуға шақырады.<br>Суреттегі балалардың немен шұғылданып жатқанын айтады. Адамдар саңырауқұлақтарды неліктен жеуге жарамды және жарамсыз деп атағаны туралы пікірлерін айтады. Орманға немесе тоғайға барып саңырауқұлақ жинаған кездері туралы әңгімелейді. Қандай саңырауқұлақтарды білетінін, олардың қандай бөліктерден тұратынын айтады. Жеуге жарамды және жарамсыз саңырауқұлақтар туралы,саңырауқұлақты тағам ретінде қалай дайындайтынын әңгімелейді. Жас саңырауқұлақты немесе оның макетін зерттеуге шақырады.<br>Балалар:<br>Саңырауқұлақтарды мұқият қарап шығып, құрылымы жайлы әңгімелейді.<br>Қалпақшасының астында пластинкалар, түтікшелер, тесіктер бар.<br>Пластинкалармен түтікшелерде кішкентай, көзге көрінбейтін тұқымдар болады.<br>**Түсіну деңгейі:** Балаларды «Саңырауқұлақтар» тақырыбындағы кеспелі суреттерді құрастыруға шақырады, ойын барысында саңырауқұлақтарға сипаттама береді. АҚ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ата-аналарға арналған көрмені ұйымдастырады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Мен шиемін,шиемін,<br>Күннің көзін сүйемін.<br>Қышқыл шырын менде бар,<br>Төмен басты иемін. | **Танымдық-қимылды іс-әрекет:Сергіту сәті**<br>«Сау болсын» деп деніміз,<br>Шынығамыз бәріміз.<br>Ерте оян, ерте тұр,<br>Алға қадам жасаймыз.<br>Жаттығуды бастаймыз,<br>Денсаулықты шынықтыр.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады. | айтады, балалар қазақ тіліне аударады.<br>Делаем зарядку – жаттығу жасаймыз.<br>Кушаем – тамақ ішеміз.<br>Поем – ән айтамыз.<br>Танцуем – би билейміз.<br>Рисуем – сурет саламыз<br>Гуляем (идем на прогулку) – серуенге барамыз.<br>Спим – ұйықтаймыз.<br>**Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған жаттығулары:**Тақпақ жаттау.<br>Тамаша ғой бақшамыз,<br>Үйретеді суретке,<br>Үйретеді білімге.<br>Үйретеді әдепке,<br>Таза болып жүруге. | САҢЫРАУҚҰЛАҚ — қалпағы қоңыр, дөңгелек, сабағы жауан болады.<br>ҚАЙЫҢҚҰЛАҚ — негізінен қайың ағашының түбінде өседі, қалпағы дөңгелек, қарақоңыр түсті, сабағы жіңішке, биік болып өседі.<br>ТЕРЕКҚҰЛАҚ — қалпағы қызыл, сабағы биік болады.<br>ТҮЛКІШЕК — түсі сары, сабағы аласа, қалпағы иілген.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>ТОМАРҚҰЛАҚ — ақшыл-қоңыр түсті саңырауқұлақ, сабағы жіңішке, жиегінде «жағасы» бар, «отбасымен» топтасып өседі.<br>Орманнан тек саңырауқұлақ тереміз бе? Қазақстанда өсетін орман жидектерімен танысады. Олар: таңқурай, қызыл тал, шырғанақ, арша, шетен, бөріқарақат, итмұрын. Алған әсерлерімен бөліседі, олардың дәмі туралы әңгімелейді. Тәрбиеленушілерге орманнан жидек теруге болатынын айтады. Өскен орнына қарай жидектер бақша және орман жидектері деп бөлінеді. Орман жидегіне орманда өсетін жемістер жатады. Ал орман жидегіне орманда, тоғайлар мен батпақты жерлерде өсетін жидектер жатады. Балаларға ормандағы жидектердің бәрі пайдалы еместігін ескертеді. Олардың кейбірі |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>адам денсаулығыүшін өте қауіпті болып келеді. Мәселен, бәріжөке мен қарғакөзді жеуге болмайды.</td></tr>
<tr><td colspan="6">3 үзіліс – 10:55 – 11:05<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.<br>Еркін қимылды ойын: «Допты қуып жет»<br>Басты міндет: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.</td></tr>
<tr><td colspan="3">  </td><td colspan="3">Еркін қимылды ойын: «Допты қуып жет»<br>Міндет: Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты:<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.<br>Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.</td></tr>
<tr><td colspan="6">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)</td><td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы: Мен ойнағанды жақсы көремін.<br>ҰІӘ міндеттері: кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту,қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Дағды: Басына қапшық қойып, арқан үстімен бір бүйірімен динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру, дене бітімін дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: допты бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды, гимнастикалық орындық үстінде білегі мен тізесіне таянып еңбектеуді, басқа қапшық қойып бүйірмен және қолды белге қойып</td><td>4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.<br>ҰІӘ тақырыбы: Нота үйренейік.<br>ҰІӘ міндеттері: әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>әннің сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.<br>Музыка сипатын ашық ырғақты,ширақ жүріспен беру.<br>Дағды: музыкалық тіркестерге сәйкес әндерді еркін орындауға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: шығармаларды тыңдайды, қарапайым күй</td><td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы: Керуен (таза ауада).<br>ҰІӘ міндеттері: ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту. Азия халықтарының ойындарын пайдалана отырып, балалардың қимыл- қозғалыс тәжірибелерін толықтыру.<br>Дағды: Бір аяқпен әртүрлі бағытта секірулерін, бүкіл табанмен жерге түспеу дағдыларын, табанның алдыңғы бөлігімен итеріп секіруді жетілдіру;<br>«Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған</td><td>4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.<br>ҰІӘ тақырыбы: Нота үйренейік.(қайталау)<br>ҰІӘ міндеттері: әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажыратуға үйрету;<br>әннің сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.<br>Музыка сипатын ашық ырғақты,ширақ жүріспен беру.<br>Дағды: музыкалық тіркестерге сәйкес әндерді еркін орындауға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: шығармаларды</td><td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы: Бадминтон, футбол.<br>ҰІӘ міндеттері: спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық,мақсаттары на жете білу қасиеттерін қалыптастыру.<br>Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамытуға жағдай жасау, күнделікті қимыл-қозғалыстың қажеттігін қалыптастыру. Балаларды бадминтон ойынымен таныстыру, қимыл-қозғалыс дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүруді.<br>**Түсінеді:** тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру кезінде дене бітімін дұрыс ұстау керектігін.<br>**Қолданады:** басына қапшық қойып, арқан үстімен бір бүйірімен динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру, дене бітімін дұрыс ұстау дағдыларын, кеңістікте бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын).<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Шашырап жүру; белгі бойынша қайтадан сап түзеп бір тізбекке тұрады; орташа қарқынмен жүгіру; аяқтың ұшымен жүру; тізбекке екі-екіден тұру.<br>**Түсіну деңгейі: Тепе-теңдік –** басына қапшық қойып, арқан үстімен бір бүйірімен динамикалық тепе- теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру, дене бітімін дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыру **(4 рет).** Нұсқау: қолдарын екі жаққа созып немесе белге қойып жүру; арқанды табанының ортасымен басып жүру.<br>Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2 метр) **(10 рет).** Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға | жанрларын ажыратады; ән орындайды.<br>**Түсінеді:** ән айту дағдыларын.<br>**Қолданады:** мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*<br>«Марш» (В. Дешевов). Балалар шеңбер бойымен әуенге ілесіп, аяқты нық басып, тізені көтере марш екпінімен жүреді.<br>*Музыка тыңдау:*<br>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).<br>Халық әні туралы балаларға мәлімет беру.<br>Өздерінің жақсы көрген адамына өз жүрек қалауын әнмен жеткізіп отырған. Халық әндерін өздерінің жақсы көретін адамдарына ғана емес, атына, туған жеріне арнап жазғанын түсіндіру.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:***<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев). Музыка әлемі туралы кіріспе сөз айтып, балаларды музыкадан хабардар ету.<br>*Нота* деген сөз музыка дыбыстарының қағаз бетіне түсірілген белгі екенін түсіндіру.<br>Жеті нотамен таныстыру. Дыбысталуын үйретіп, ноталардың белгіленуін көрсету.<br>Шығарманы орындап, әннің сипаты, мәтіні туралы сұрау. | нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** көлбеу қойылған нысанаға 2 метр қашықтықта тұрып лақтыруды, бір аяқпен әртүрлі бағытта секіруді.<br>**Түсінеді:** ептілік, көзбен мөлшерлей алу, қолайсыз жағдайларда (айғай-шу) назарларын тек орындайтын іс-әрекетіне сала білу сияқты қабілеттерін дамыту керектігін, ұлттық ойындардың маңызын. Басқа ұлт өкілдерін сыйлау керектігін.<br>**Қолданады:** «Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, асық ойнау шеберліктерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Терек» ( қырғыз халқының ойыны)**<br>(4 рет)<br>Жүргізушіні таңдайды. Бұл – «терек». Ол шеңбердің ортасында тұрады. Ойыншылар шеңбер бойына тұрып, әртүрлі қимыл-қозғалыстар орындайды. «Терек!» дегенде, жылдам орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бос орынға тұрып алуға | тыңдайды, қарапайым күй жанрларын ажыратады; ән орындайды.<br>**Түсінеді:** ән айту дағдыларын.<br>**Қолданады:** мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*<br>«Марш» (В. Дешевов). Балалар шеңбер бойымен әуенге ілесіп, аяқты нық басып, тізені көтере марш екпінімен жүреді.<br>*Музыка тыңдау:*<br>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).<br>Халық әні туралы балаларға мәлімет беру.<br>Өздерінің жақсы көрген адамына өз жүрек қалауын әнмен жеткізіп отырған. Халық әндерін өздерінің жақсы көретін адамдарына ғана емес, атына, туған жеріне арнап жазғанын түсіндіру.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:***<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев).<br>Музыка әлемі туралы кіріспе сөз айтып, балаларды музыкадан хабардар ету.<br>*Нота* деген сөз музыка дыбыстарының қағаз бетіне түсірілген белгі екенін түсіндіру.<br>Жеті нотамен таныстыру. Дыбысталуын үйретіп, ноталардың белгіленуін көрсету. | қимыл түзетуін күшейту.<br>**Дағды**: алшақ аттап, қысқа қадамдар жасап жүгіру дағдылары, түзету жаттығуларын орындау, кеңістікті бағдарлау, допты жеңіл соға білуге зейіндерің шоғылдандырудыра білуді дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дыбыстарды дыбыстап тыныс алу жаттығулары, желбіршектің ұшу ерекшеліктерін ашып, желбіршекті ракеткамен бір орында тұрып бірнеше рет жоғары қарай соғу (неғұрлым көп рет соғуға тырысу).<br>**Түсінеді:** доптың аяқ табанының орта тұсында тұру керектігі, ракетка мен желбіршектің атқаратын рөлі, ракетканы дұрыс ұстау ережелері, секіртпенің астынан жүгіріп өткенде жүгірісті шұғыл жылдамдату.<br>**Қолданады:** алшақ аттап, қысқа қадамдар жасап жүгіру дағдылары, түзету жаттығуларын орындау, кеңістікті бағдарлау, допты жеңіл соға білу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Жаттығуларды алмастырып орындау. Ресурстар мен кеңістікті дұрыс пайдалануына назар аудару.<br>**Бадминтон**<br>Желбіршектің ұшу ерекшеліктерін анықтауға арналған жаттығулар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тырысады. Допты ширақ лақтырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет).<br>Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады.<br>**Құлақ пен мұрынға арналған ойын (уқалау түрі)**<br>**-Кәне, құлағымызды қозғалтайық! 1-2-3!**<br>Нұсқауларды орындайды: (бас бармақ және сұқ саусақпен құлақты ұстайды);<br>**-Құлақты төмен түсіреміз.**<br>(құлақты алға созады, дереу жібере салады);<br>**-Құлағымыз тоңып қалды. Жылытайық!**<br>(бас бармақ және сұқ саусақпен құлақтың сырғалығын төмен тартамыз; алақанмен құлақ жарғағын уқалаймыз);<br>-Мұрындарыңды көрсетіңдер!<br>– Ауызды жауып, тек мұрынмен дем аламыз! (мұрынның екі жағын сипалау); (мұрын үстінен маңдайға дейін сипалау);<br>(дем алу және дем шығару);<br>**-Хош иісті гүлді иіскейік.**<br>Қандай керемет! (сұқ саусақпен жауып, біресе оң, біресе сол танаумен дем алу | Әнге қосыла, дауысқы күш түсірмей орындауға үйрету. Таныс «Білімің – бұлағың» әнін (Т. Қоңыратбай) қайталау, әнді үйренуді жалғастыру.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:***<br>«Жұптасу биі» (чех халық әуені). Үйренген би қимылдарын әрі қарай жалғастыру, есте сақтау.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларға нота туралы мәлімет бере отырып, олардың орналасуына байланысты нота дыбысын табуға дағдыландыру. Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, аспапта орындалған таныс әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету. | тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**«Секір-секір» (татар халқының ойыны)**<br>(4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру.<br>Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.<br>**Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Орамалды шығар» (Дағыстан халқының ойыны)**<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары | Шығарманы орындап, әннің сипаты, мәтіні туралы сұрау.<br>Әнге қосыла, дауысқы күш түсірмей орындауға үйрету. Таныс «Білімің – бұлағың» әнін (Т. Қоңыратбай) қайталау, әнді үйренуді жалғастыру.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:***<br>«Жұптасу биі» (чех халық әуені). Үйренген би қимылдарын әрі қарай жалғастыру, есте сақтау.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларға нота туралы мәлімет бере отырып, олардың орналасуына байланысты нота дыбысын табуға дағдыландыру. Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, аспапта орындалған таныс әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету. | орындау.Бір орында тұрып, желбіршекті оң қолынан сол қолына, керісінше лақтырады. Бір қолмен жоғары лақтырып, екінші қолмен қағып алады.<br>Ракеткамен жаттығу.<br>Бір орында тұрып, желбіршекті ракеткамен мейлінше көп рет соғуға тырысу.<br>**Түсіну деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аяғы жерге тимей...»**<br>Жүргізушіні сайлайды. Қалғандары шашырап қашады. Жүргізушіден қашып, ойыншылар аяқтарын жерден тартып алады. Сол мақсатта олар бірнәрсеге шығып алады немесе аяғын көтеріп отыра қалады. Аяқтары жерге тимесе, жүргізуші оларды ұстай алтайды, егер тиіп қойса, ұстап алады. Ұсталған ойыншылар ойыннан шығады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстарды айтып, тыныс алу жаттығуларын орындау.<br>«В» дыбысы.«в» дыбысын айту кезінде жүйке жүйесі мен ми, жұлынның жұмысы қалыпқа келеді. Еркін тұрады.Терең тыныс алып, демін сыртқа шығарғанда «ввввв» деп қатты созылыңқы дыбыстайды. Дыбысты мүмкіндігінше созуға тырысады.<br>«Ч» дыбысы.«ч» дыбысын айту кезінде ұйқы дұрысталып, жалпы ағзаның жұмысы қалыпқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және дем шығару). | | оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады. | | келеді. Еркін тұрады. Терең тыныс алып, демін сыртқа шығарғанда «ччччч» деп қатты созылыңқы дыбыстайды. Дыбысты мүмкіндігінше созуға тырысады. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.40** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:40 – 12:00** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №7**<br>**Аула тазалаушы еңбегін бақылау**<br>***Міндет*:**<br>-күз мезгіліндегі аула тазалаушы еңбегі туралы білімдерін молайту,<br>-аула тазалаушыға қажетті құрал-жабдықтармен танысу<br>***Бақылау барысы:***<br>**Көркемсөз**<br>«Тиме бізге керекпіз»-<br>Деп тұрғандай жарыса.<br>Жапырақты жұлып себепсіз,<br>Сындырмаймыз ағашты.<br>Күз келген соң амалсыз,<br>Жапырақтар түседі.<br>Жинап алып сыпырып,<br>Үй сыртына үйеміз,<br>Жапырақтар бақшаға,<br>Көң болады білеміз.<br>**Сұрақтар:**<br>♦ Аула тазалаушы не істейді?<br>♦ Аула тазалаушыға қандай құралдар қажет?<br>♦ Аула тазалаушы күзде не жинайды?<br>♦ Ол кімдер үшін қызмет етеді?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Тазалық жұмысы кезінде жерден шаң ұшады, ал су сеуіп сыпырса шаң ұшпайды Себебі ылғал шаңның көтерілуіне кедергі жасайды.<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу<br>**Міндет:** Еңбексүйгіштікке, | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №8**<br>**Саңырауқұлақтарды бақылау**<br>***Міндет*:** саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамыту.<br>***Бақылау барысы:***<br>**Жұмбақ:**<br>Басында әсем қалпағы,<br>Көлеңкені сүйеді<br>Орманда болған әр бала<br>Не екенін біледі<br>(саңырауқұлақ)<br>Саңырауқұлақтар жануарларға да, өсімдіктерге де жатпайтын табиғаттың ғажайып бір бөлігі. Оларды екпейміз, отырғызбаймыз. Бүгін кесіп алсаң, орнына ертең өзгесі өсіп шығады. Қапйың, шырша, қарағай бар жердің бәрінде саңырауқұлақ болады. Орман шетінде, алаңқайда, сүрлеу жолдарда, орлар мен құлама жарларда да өсе береді. Олардың түрлері өте көп. Саңырауқұлақтар жеуге жарамды және улы болады.<br>**Сұрақтар:**<br>**-** Қандай саңырауқұлақтарды білесіңдер? (ақ түсті саңырауқұлақ, қайыңқұлақ, моховик, сыроежка, сморчок, қызғылт-сары түсті саңырауқұлақ, түлкішек — жеуге жарамды, жеуге | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №9**<br>**Арнайы көліктерді бақылау**<br>***Міндет*:**<br>-арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту;<br>-сөздік қорларын молайту.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркемсөз***<br>Үлкен болдым десем де,<br>Ешкім маған сенбейді.<br>«Жалғыз жүрме көшеде,<br>Кішкентайсың сен»-дейді.<br>Үлкенмін ғой міне мен,<br>Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын.<br>**Сұрақтар.**<br>♦ Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.)<br>♦ Бұл машиналар не үшін керек? *(адамдарға көмектесу үшін.)*<br>♦ Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? *(зардап шеккендерге көмектесу үшін.)*<br>♦ Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? *(иә)*<br>♦Неге? *(Олар адамдарға көмекке асығады.)* | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №10**<br>**Гүл егілген клумбаны бақылау**<br>***Міндет*:**<br>-өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау;кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, құрап үлгергеніне көңіл бөлу;<br>-күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция) таныстыру<br>***Бақылау барысы*:**<br>***Көркем сөз:***<br>Кешкілік пе, күндіз бе,<br>Өсіп тұрған гүлді үзбе.<br>Туған жерді далаға,<br>Тастай алмай жүрміз бе?<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма?<br>Бірде бірін жұлғызба,<br>Қасыңдағы балаға**.**<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады?<br>Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек?<br>Қандай гүлдер күзде гүлдейді?<br>**Зерттеу қызметі:**<br>Құраған гүлдерді алып, онын сабақтары мен дәндерін қарау**.**<br>**Д/О: «Суреттеу бойынша** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №11**<br>**Ағаштарды бақылау**<br>***Міндет*:**<br>-күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру;<br>-қайың мен терек ағашын діңдері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету;<br>-ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры);<br>туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз:***<br>Үйеңкі, қайың, қарағаш,<br>Самырсын, емен, қарағай.<br>Өседі бәрі аралас,<br>Бақшада өскен баладай.<br>Қаулап өскен ағаштар<br>Жеміс-жидек сайда да.<br>Хош иіске елітіп<br>Тынып қалған айнала<br>Қамқоршы болшы орманға<br>Орманды бәрің қорғаңдар!<br>Сұраққа жаап беріңдер:<br>♦Басқа ағаштар арасынан қайыңды қалай табамыз?<br>♦Қайың діні қандай? *(ақ қара дақтармен.)*<br>♦Қайыңның тағы қандай бөліктері бар? *(діңі, тамыры, бұтағы)*<br>♦Ағашқа тамыр не үшін керек? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу<br>**Қ/О:** «Қармақ»<br>Міндет: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу*:*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Жүкіру техникасын жақсарту<br>Міндет: қозғалыстарын дамыту<br>***Міндет:*** «Еңбек етпеген ішіп-жемейді» | жарамсыздар — арамқұлақ, мухомор.)<br>♦ Жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтардың айырмашылығы неде? (Жеуге жарамдыларды тамаққа пайдаланады, жарамсыздар улы болады)<br>♦Саңырауқұлақтардан қандай тамақ дайындайды? *(Саңырауқұлақ көжесі, тұздық, оларды кептіруге, тұздауға, маринадтауға болады)*<br>**Еңбек:**<br>Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу<br>Міндет: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге тәрбиелеу<br>**Қ/О:**<br>«Допты басқарушыға бер».<br>Міндет: допты екі қолмен қағып алу және лақтыруға жаттықтыру .<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту.<br>Міндет: қозғалыс іскерліктері мен дағдыларын дамыту және қалыптастыру.<br>***Халық болжамы***:<br>Жазда саңырауқұлақ көп, болса, қыс қатты болады. | ♦Оларды атаңдар.<br>«Жедел жәрдем», өртсөндіру және милиция.<br>**Еңбек.**<br>Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау<br>*Міндет:Жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.*<br>**Қ/О:**<br>«Аюлар мен аралар», «Допты бер».<br>*Міндеті:*<br>-гимнастикалық қабырғамен аяқты алмастыра отырып өрмелеу;<br>-допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Секіргіш жіппен секіру жаттығулары.<br>*Міндеті: алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру.*<br>***Мақал:*** «Сақтықта қорлық жоқ» | **тауып ал»**<br>**Еңбек**. Гүлдер дәнін жинап алу.<br>Міндет: Балаларға келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру.<br>**Қ/О:** «Мені ата».<br>*Міндеті:ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін дамыту*.<br>«Қояндар мен түлкі».<br>*Міндеті: тез жүкіру дағдыларын дамыту*<br>**Жаттығу ойындары:** Бір-біріне доп лақтыру<br>*Міндеті: жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту*<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Қыз өссе елдің көркі,***<br>***Гүл өссе жердің көркі.*** | Күзде қайың жапырағының түсі қандай? *(сары.)*<br>Жазда қандай еді? *(жасыл.)*<br>*(терекпен де осындай жұмыс жүргізіледі)*<br>*Қысқа ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (қайың)*<br>**Д/О.** «Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!».<br>Міндеті: мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу<br>Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау)<br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>Міндеті: Жылдамдыққа, ептілікке баулу<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту<br>*Міндеті*: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру<br>***Тыйым сөздер:***<br>Ағашты кеспе<br>Ағаш бұтағын сындырма<br>Ағаш жапыраған жұлма |
| **Серуеннен оралу 12:00-12:05** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.05 – 12:30** | Оралхан Жігермен жеке жұмыс.<br>Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету. | Серікқазы Исламмен жеке жұмыс.<br>Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде суреттер арқылы үйрету. | Берікұлы Арнұрмен жеке жұмыс.<br>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | Архатұлы Әбілмансұрмен жеке жұмыс.<br>«Біреу – көп».Заттарды жекеше, көпше түрде айтуға үйретеу. | Мұратқажы Жанэль жеке жұмыс.<br>Шағын мәтіндер құрауға үйрету. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті** | **Дербес ойын: «Менің көшем»**<br>**Міндет:** балалардың ой-қиялын дамыту, құрылыс материялдарын қалай пайдалану керектігін | **Танымдық-қимылды ойын: «Мейірімділік жібі»**<br>**Міндеті:** Ойнатылытын ойынын этапатарынын біліктілігін бекіту.<br>**Шарты:** Сендер дөңгелене | **Ойын: «Допты қуып жет»**<br>**Міндеті:** Балаларды ептілке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият | **Саусақ ойыны: «Тасбақа»**<br>**Міндеті:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. | **Суреттік боямалар: «Суреттерді аяқтайық»** жаттығуы.<br>**Міндеті:**<br>Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | меңгеру.<br>**Дағды:**өз мекен-жайларың айтып беруге,мектепке дейінгі жолды білуге дағдыландыру. | жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер.<br>**Еңбек тапсырмасы**:Балықтарға жем беру. | тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты:<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған себетті көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. | саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.<br>**1.Тасбақа**<br>Тасбақа, тасбақа,<br>Тас астында тұрады.<br>Басын баяу шығарып,<br>Тиіссең кері тығады. | сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .<br>**Ойын шарты:** Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады .<br>Оқушылардың көздері шарфпен байланады да , олар кезек-кезекпен шығып , бірі денесін , бірі басын , бірі аяғын салады , осылайша жалғаса береді . |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.**<br>**12:30-12:40** | **Ата-анаға кеңес:**<br>«Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:**<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:**<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес:**<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды  0 «А» сыныбының  тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 18.09 | Сейсенбі 19.09 | Сәрсенбі 20.09 | Бейсенбі 21.09 | Жұма 22.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды  жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті**(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**Үстел үсті ойыны** : «Шексіз пазл»<br>**Міндеті:** Балаларды заттарды белгілі қасиеті бойынша сәйкестендіруге дағдыландыру. Шыдамдылыққа, ептілікке үйрету.<br>**Дағды:** пазлы бөліктерін нақтылы құрай білуге және түстерді анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>***Ойынның шарты:*** пазл бөліктерін сәйкестендіріп суретті құрастырады. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс | **Құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті** (өнер орталығында сурет салу);<br>**Үстел үсті ойындары:** «Баспалдақты  жина»<br>**Міндеті:**   негізгі түстерді білуді бекіту.<br>**Дағды:** оларды пайдалана отырып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>Ең ішісінен үлкенге қарай ретімен жинау керек. Балалар жинайтын түсті таңдайды. Команда бойынша "Бастайды!"балалар баспалдақты жинайды. Тезірек жинайтын бала жеңеді. | **Дене шынықтыру - коммуникативтік,  ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Ойын жаттығу: *«Адам қимылын құрастыр және оны қайтала»***<br>**Міндет:** Балаларды кеңістікте бағдарлауды (жоғарыда, төменде, сол жақ, оң жақ) үйрету. Сәйкес түсті тез табуға дағдыландыру.<br>**Дағды:**Күнделікті өмірде дене қимыл жаттығуларын  жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>***Ойынның шарты:*** карточкадағы берілген схема бойынша адам | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>**Ойын жаттығу:** «Оқу құралдарын ата»<br>**Міндет:** Оқу құралдарына жатпайтын заттар туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Дағды:** Оқу құралдарына жатпайтын заттады анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**Оқу құралдарының көрнекілігі таратылып беріледі.Олардың аттарын атайды.Не үшін пайдаланатыны жайлы айтады.Әр қайсысы сипаттама береді. | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Қима құрастыру ойыны:**<br>**Ойын:** «Алтын бала»қағаз арқылы қима құрастыру.<br>**Міндет:** Тәртіп жайлы балалардың білімдерін қалыптастыру . Тәртіпсіздік қандай жағдайға әкелетінің түсіндіру.<br>**Дағды:**жақсы,жаман іс-әрекеттерді анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Тәртіпті бала ағаш егеді. Тәртіпсіз бала ағашты сындырады.<br>Ойын осылайша өз жалғасын табады.<br>**Ықтимал күрделендіру:**тез ойла. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасауға болады.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>тез жаса.<br>**Ойынның нұскаулары:**<br>пазлдағы суреттің не екенін және оның қолданылуы туралы сұрау.<br><br><br> | **Ықтимал күрделендіру:**<br>Баспалдақтың түстерін атайды 1-10 тура және кері санайды.<br>**Ойынның нұксаулары:**<br>Тәрбиеші белгісі бойынша бастау керек.<br><br><br><br> | бейнесіне сәйкес санамақ таяқшалармен суретті құрастырады және ол қимылды қайталап көрсетеді. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау.<br><br> | <br> | <br><br> |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы | № 12 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №5 жиынтық**<br>**(Құрсаумен жұпта орындалатын жаттығулар )**<br>1.Б.қ. – құрсаудың ортасына | № 13 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 6 *жиынтық***<br>**(Құрсаумен жұпта орындалатын жаттығулар )**<br>1.Б.қ.: құрсаудың | № 14 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 1 *жиынтық***<br>**Гимнастикалық таяқшамен** | № 15 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 2 *жиынтық***<br>1.Б.қ.: тұру. 14 – таяқшаны жоғары көтеру, демін ішіне тарту; 5–8 – таяқшаны төмен түсіру, демін сыртқа | № 16 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК № 3 *жиынтық***<br>1.«Таяқшаны жоғарыға көтеру». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқшаны иық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | арқаларын түйістіріп тұру. Құрсау иықтың тұсында. 1-2– құрсауды аяқ басына жоғары көтеру – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6–8 рет).<br>2.Б.қ. – құрсаудың ортасына арқаларын түйістіріп тұру. 1-2 – құрсауды жоғары көтеріп, оңға (солға) иілу – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6 рет).<br>3.Б.қ. – балалардың біреуі құрсауды жерден 30 см көтеріп, тігінен ұстайды, ал екіншісі құрсауға еш жерін тигізбей, оның ішінен еңбектеп өтіп, түрегеліп, қайта ішімен орнына қайтуы керек. (3–5 рет қайталау). Балалар орындарын ауыстырып, қимылдарды қайтадан бастайды.<br>4.Б.қ.: құрсауды бармақтары және өкшелерімен басып тұру.<br>1-2 – аяқ басына көтерілу, қолдарын көтеру; 3-4 – өкшесіне түсу, қолдарын төмен түсіру; 8– 10 рет қайталау.<br>«Айналада». Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; бір қолдары белінде, екіншімен құрсауды ұстау; аяқ ұшына отырып, құрсауды үш рет айналу; тұрып, денені түзеу, бағытты өзгертіп, қайталау (3-4 рет).<br>5.Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; шеңбер бойымен аяқтарын | шеттеріне арқаларын түйістіріп тұру. 1-4– қолдарын артқа, екі жаққа, оң (сол) аяқтарын ұшымен құрсаудың сыртына басу – демін ішіне тарту; 5–8 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу – демін сыртқа шығару, қайталау (8–10 рет).<br>2.Б.қ.: бір-біріне қарама-қарсы өкшесімен отыру, құрсау екеуінің ортасында. Біреуі еңкейіп, құрсауды итереді, ал екіншісі құрсауды өзіне тартады. Қайталау (4-5 рет).<br>3.Б.қ.: құрсаудың ішінде арқаларын түйістіріп тұру. Құрсауды қолдарымен ұстап тұрады. 1-2 – арқаларын түзу ұстап, отыра бергенде құрсауды жоғары көтере бастау; қайталау (8–10 рет).<br>4.Б.қ.: арқасына шалқалап, өкшелерін құрсауға қойып жату. 1-4– аяқтарын жоғары көтеру;<br>5–8 – аяқ бастарын құрсауға баяу тарту. Қайталау (8 рет).<br>5.Б.қ.: біреуі құрсауды еденге параллель 40 см биіктікке ұстап, тізерлеп тұру; екіншісі құрсауға қырындап тұрады; құрсаудың астына өтіп, ішінен аттап шығады. 6 рет қайталау. Балалар орындарын ауыстырады.<br>6.Б.қ.: екеуі де оң қолдарымен құрсауды ұстап тұрады. Оңға айналу, тоқтау; сол жаққа айналу. Қайталау (4-5 рет)<br>7.Б.қ.: қолдары артта, | **орындалатын жаттығулар**<br>1.«Біз – зілтеміршіміз». Б.қ.: аяқтарын аздап алшақтатып қойып, тұру; 1 – таяқшаны кеудесіне қояды; 2 – кеудесін жоғары көтереді; 3 – кеудесіне; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>2.«Ескекшілер». Б.қ.: аяқтарын иық енінде қою, таяқшаны ортасына таман көлденең ұстау; оңға, солға бұрылып, ескекті келтіріп қозғалту. 6–8 рет қайталау.<br>3.«Отыруға тырыс». Б.қ.: шалқалап жату, таяқшаны төмен түсірілген қолдарында ұстау; 1 – таяқты серпіп, басынан жоғары асыру; 2-3 – таяқты сермеп алдыға шығару, тартылып отыру; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>4.«Таяқшаға қара». Б.қ.: етбеттеп жату, жұдырықтарын иектің астына тіреу, таяқшаны алдына қою. 1-2– таяқшаны жоғары көтереді, таяқшаға қарау; 3-4 – б.қ. - босаңсу. 6 рет қайталау.<br>5.«Таяқшаны тізесіне қою». Б.қ.: шалқасынан жату, таяқша санында, 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – оң (сол) аяғын бүгу, таяқшаны тізесіне көтеру; 3 – таяқшаны жоғары көтеру; 4 – б.қ. Басы мен иықтарын жерден алмай, аяғының басын созады. 6 | шығару. 8 рет қайталау.<br>2.Б.қ.: аяқтарын тіреп қою, шынтақтары бүгілген, таяқшаны кеудесінде ортасына қарай ұстау. 1-2 – оңға бұрылу, таяқшаны оңға қарай оң қолымен апару (таяқша еденге параллель); баяу қозғалу; 3-4 – б.қ. Сол жағына 5 рет қайталау.<br>3.Б.қ.: тұру. 1–3 – таяқты алдыға ұстау, оң аяғын басына-өкшесіне-басына басу; 4 – б.қ. Сол аяқпен осы қимылдарды қайталау.<br>1.Б.қ.: тұру. Таяқты үстіңгі шетінен ұстап, тігінен аяқтарының ортасына орналастыру, демін ішіне тарту. 1-2 – еңкею (тікбұрыш жасап), қолдарын таяқты жылжыта алға созу, басы түзу, демін сыртқа шығару; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпей 6–8 рет қайталау.<br>2.Б.қ.: етбеттеп жату. Таяқшаны артына қолдарын бүгіп ұстау. 1-2– таяқша мен денесін жоғары көтеру; 3-4 – б.қ. Баяу 4–6 рет қайталау.<br>3.Б.қ.: тұру. Таяқшаны төмен түсіріп шетіне қарай ұстау. 1-2– аяқ басымен отырып-тұру; тізелерін ашып қою, арқасын түзеу – демін сыртқа шығару; 3-4 – б.қ. -демін сыртқа шығару. 8–10 рет қайталау.<br>4.Б.қ.: тұру. Таяқшаны алдына қою. 9 рет секектеу, 9-рет таяқшадан секіріп өту; 4 қадам орынында | еніндей шетінен ұстап төменге қою. 1 – таяқшаны жоғары көтеріп созылу; 2қолдарын бүгіп, таяқшаны жауырынына қояды; 3 – таяқшаны жоғары көтереді; 4 – таяқшаны төмен түсіреді, б.қ. (8 рет).<br>2.«Созылғыштар». Б.қ.: – тұру, таяқты төмен ұстау. 1-3 – таяқты жоғары көтеріп, артқа жіберу, аяқтың басымен тұрып, созылу; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>3.«Отырып-тұру» Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқшаны иық еніндей шетінен ұстап төменге қою. 1 – отыру, таяқшаны алға шығару; 2 – б.қ. (8 рет).<br>4.«Еңкею» Б.қ.: – аяқтарын алшақ қою, таяқшаны төмен ұстау; 1-2 – алдыға еңкею, таяқшаны жоғары көтеру, керілу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>5.«Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу: 3 – денені түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.«Уқалау» Б.қ.: – тұру. Бармақтары таяқшаның үстінде, таяқшаны аяғымен дөңгелету (бармақтарынан бастап, өкшесіне дейін). Сол аяғымен осы қимылдарды қайталау. 8 рет. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жоғары көтеріп, шапшаң жүгіріп үш рет айналу; бір орында жай жүру; бағытын өзгерту, қайталау (3-4 рет). | құрсауды еденге қою; екі аяктап құрсауды артпен үш рет айналу; тоқтау. Бағытты өзгерту, жай жүріспен алмастырып, қайталау (2-3 рет). | рет қайталау.<br>6.«Аяғыңның басына жеткіз». Б.қ.: отыру, аяқтарын ашу, таяқшаны кеуде тұсында ұстау; 1–3 – алдыға еңкею, таяқшамен аяқтарының басына дейін жету; 4 – б.қ. 6 рет қайталау.<br>7.«Стадионға». Б.қ.: тұру. Таяқшаны шынтақ бүгілуіне ұстау. Бір орында тізесін жоғары көтеріп жүгіру. 3 рет 20 секундтан жүрумен алмастырып, қайталау. | тұрып ату. 4–6 рет қайталау. | 7.«Секірулер». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. Секіру – аяқтарын екі жаққа ашу, қайта жинау. 1–8 дейін. Шағын үзіліс жасап, қайта 8 рет қайталау. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:**<br>09.00<br>11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **18.09.23**<br>**Дүйсенбі** | **19.09.23**<br>**Сейсенбі** | **20.09.23**<br>**Сәрсенбі** | **21.09.23**<br>**Бейсенбі** | **22.09.23**<br>**Жұма** |
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Құрастыру**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** 4 саны және цифры .<br>**ҰІӘ міндеттері:** цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 4 цифрың дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:4** саны мен | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жіңішке дауысты дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Дағды:** Жіңішке дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру қабілеттеріне қарай дағдыға | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** 5 саны және цифры.<br>**ҰІӘ міндеттері:** цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>**Дағды**: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** 6 саны және цифры.<br>**ҰІӘ міндеттері:** цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту;<br>**Дағды**: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; -сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Дағды**: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | цифрың;<br>**Түсінеді:** заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>**Қолданады:** 4 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>1-тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Суретте не бейнеленген? Неше мәшине? Неше қуыршақ? Санайды.<br>Суреттегі заттардың санын табады. Шаршыға сонша нүкте салады.<br>Мәшиненің санын 3 цифрымен белгілейді.<br>Қуыршақтар санын 4 цифрымен белгілейді.<br>4 цифрын табады.<br>3 цифры туралы өлең оқиды:<br>Екі доға түйіскен,<br>Қара, аумай тұр «Үштен»<br>Ұқсастығын табады<br>Зер салғандар мынаған:<br>Тура «Төрт» боп қалады.<br>Орындықтар құлаған<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>Тапсырма: Заттар тобына жиынтық атауын таңдау, санауды бекіту.<br>- Суретте не бейнеленген? Қандай бір сөзбен атауға болады? Қанша автобус? Қанша трактор? Қанша жүк көлігі? Барлығы қанша? | айналдыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** жіңішке дауысты дыбыстар бар сөздерді атайды.<br>**Түсінеді:** жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды анықтайды, сөз барысында қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Кім көп сөз айтады?» дидактикалық жаттығуы<br>–Балалар, сендер жіңішке дауысты *е, і, ө, и, ә, ү* дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз атанады.<br>Балаларға көмек ретінде педагог жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын бір суреттен тақтаға іледі.<br>Мысалы: *етік, ірімшік, ілгіш, із, іт,өшіргіш, өгіз, өтірікші, өлшеуіш, элеватор, үстел, үзеңгі, үтік, үміт, үлгі,үлгерім, үсік, ит, ине, имек, итқұс, илеу, ермек, елік, ереже, ерін, емізік, ешкі, есік т.б.*<br>**Түсіну деңгейі:** «Е дыбысы қайда тығылды?» ойын-жаттығуы<br>Педагог *алма, бақа, мысық, өрік, банан, садақ, ит, емен, кеме, күшік, бидон, елік, трактор* сөздерін айтады. Балалар осы сөздерді айтқанда, қолдарын | сәйкестендіру керектігіне дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** 5 және 6 сандары мен цифрын;<br>**Түсінеді:** заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>**Қолданады:** көрсетілген заттар санының топтарын табуды, логикалық ойлауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым ертегі кейіпкерлерін шақыруды ұсынады.<br>Педагог алдымен 4 әртүрлі ертегі кейіпкерлерін шығарып, рет-ретімен санауды ұсынады. Одан кейін ұйымдастырылған оқу қызметіне тағы бір кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды.<br>«Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады.<br>(Бес).<br>Қалай кейіпкерлер саны 5-еу болды?<br>(5 дегеніміз - 4 және 1).<br>Ұйымдастырылған оқу қызметіне тағы бір кейіпкер келгенін хабарлайды. «Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады.<br>(Бес).<br>**Түсіну деңгейі: 5** | сәйкестендіру керектігіне дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** 5 және 6 сандары мен цифрын;<br>**Түсінеді:** заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>**Қолданады:** көрсетілген заттар санының топтарын табуды, логикалық ойлауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым ертегі кейіпкерлерін шақыруды ұсынады.<br>Педагог алдымен 5 әртүрлі ертегі кейіпкерлерін шығарып, рет-ретімен санауды ұсынады. Одан кейін ұйымдастырылған оқу қызметіне тағы бір кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды.<br>«Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады.<br>(Бес).<br>Қалай кейіпкерлер саны 5-еу болды?<br>(6 дегеніміз - 5 және 1).<br>Ұйымдастырылған оқу қызметіне тағы бір кейіпкер келгенін хабарлайды. «Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады.<br>(Алты).<br>Қалай кейіпкерлер саны 6 болды?<br>(6 дегеніміз - 5 және 1). | **Жасайды:** дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратады, түсіп қалған дыбыстарды сөз ішінде табады.<br>**Түсінеді:** дауыссыз дыбыстар көк түспен белгіленетінін.<br>**Қолданады:** дауыссыз, дауысты дыбыстарды анықтау, сөз ойлайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>*«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>*«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну деңгейі:** «Мұқият бол» дидактикалық жаттығуы<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті шаршыны, жіңішке дауысты дыбыстарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолдану деңгейі:**<br>«Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді: төрт балаға бірден төртке дейінгі сан беріледі. Әр- қайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден төртке дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифр қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады. | шапалақтап, сөзді айтулары керек.<br>**Қолдану деңгейі:** «Жіңішке дауысты дыбысты сөзден баста» ойын-жаттығуы<br>Педагог қойған сұрақтарға балалар жіңішке дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек.<br>Сүйікті тағамың қандай? (*Мысалы: ет, ірімшік т.б.)*<br>Достарыңның аты кім? (*Әмірхан, Ерасыл, Інжу, Инабат, Үміт).*<br>Сүйікті ойыншығың не? *(Әткеншек, үкі т.б.)*<br>Балалар ойланып жауап береді, көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Қолымызды қайшы етіп,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып-қиып аламыз,<br>Біз көңілді баламыз. | **цифрасымен танысу.**<br>Үстелдегі карточкалар немесе дәптердегі жазбалар арасынан 5 цифрын табады.<br>5 саны мен цифры туралы өлеңдер оқиды.<br>Бас бармағым - әкем,<br>Балаң үйрек - шешем,<br>Ортақ тірек - ағам,<br>Шылдыр шүмек апам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз.<br>Педагог тақтада, ал балалар үстелде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады.<br>Енді неше моншақ болғанын қайта санайды. (Алты.)<br>Содан кейін педагог дәптерге тағы бір моншақты салуды ұсынады. Осылай балалар 6 санын табады.<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>**Қолдану деңгейі: Ойын жаттығулары**<br>Цифрды, санды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру (айқармадан желімделген текше). Педагог балаларға әр үстелге текшені таратып береді, оның әр қырларында бірден-алтыға дейін нүктелер болады. Педагогтің текше және заттық суреттері бірдей. 1- 6 зат | Қызығушылық танытады. Ертегі кейіпкерлерін санайды.<br>**Түсіну деңгейі: 6 цифрасымен танысу.** 6 цифры бар карточканы көрсетеді.<br>6 саны мен цифры туралы өлеңдер оқиды.<br>*Бір, екі, үш*<br>*Жинап алдық күш*<br>*Төрт, бес, алты*<br>*Біз жазамыз мықты*<br>*Дәптерімізді ашайық*<br>*Көрсетілген үлгіге,*<br>*Әдемі етіп жазайық.*<br>Педагог тақтада, ал балалар үстелде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады.<br>Енді неше моншақ болғанын қайта санайды. (Алты.)<br>Содан кейін педагог дәптерге тағы бір моншақты салуды ұсынады. Осылай балалар 6 санын табады.<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>**Қолдану деңгейі: Ойын жаттығулары**<br>Цифрды, санды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру (айқармадан желімделген текше). Педагог балаларға әр үстелге текшені таратып береді, оның әр қырларында бірден-алтыға дейін нүктелер болады. Педагогтің текше және заттық суреттері бірдей. 1- 6 зат бейнеленген кез | айтқанда, қызыл түсті тіктөртбұрышты көтереді.<br>«Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны<br>– Мен сендерге суретті көрсетіп, сол суреттегі заттың атын айтамын. Сендер сол сөзге мағынасына сәйкестендіріп, дауысты дыбыстан басталатын сөзді айтып жалғастырасыңдар.<br>Мысалы: *үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабақ), қоңыр (етік), жасыл (айва), сары (апельсин), қалың (орман), мамық (орамал), ақылды (әже), үлкен (ата), жүйрік ( ат), ұзын (ожау),бұзық (әтеш), үлкен (акула), кең (алқап), дәмді (ас), мықты (ит), батыр (адам), ақымақ (Омар) т.б.*<br>«Қайтала»**(доппен)** дидактикалық ойыны<br>Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы: *тттиін(т), қққасқыр(қ), бббаққа(б), вввагон(в), ғғарыш(ғ), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), ккккітап(к), лллақ(л(, мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), рррадио(р),* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бейнеленген кез келген суреттерді көрсетіп текшенің қажетті тұсын және кесетін материалдан жасалған карточкада цифрды көрсетуді сұрайды. Жұмысты топпен орындайды. Нүктелерден құрылған санның моделін және қажетті цифрды көрсетіп, текшемен жұмыс жасайды.<br>**Санақ материалымен жұмыс.**<br>Санауға арналған материалды таратып, кері тапсырманы орындауға - модель және цифр бойынша заттардың қажетті санын жасауға болады.<br>Одан кейін педагог жұмыс дәптеріндегі 3-тапсырманы орындауды сұрайды. Сана. Тиісті санды қоршап сыз.<br>Алдымен тапсырманы талқылайды.<br>- Қанша қарындаш бейнеленген? (Бес.)<br>5 цифрды тауып, бояйды. Жұмысты өз бетінше орындайды. | келген суреттерді көрсетіп текшенің қажетті тұсын және кесетін материалдан жасалған карточкада цифрды көрсетуді сұрайды. Жұмысты топпен орындайды. Нүктелерден құрылған санның моделін және қажетті цифрды көрсетіп, текшемен жұмыс жасайды.<br>**Санақ материалымен жұмыс.**<br>Санауға арналған материалды таратып, кері тапсырманы орындауға - модель және цифр бойынша заттардың қажетті санын жасауға болады.<br>Одан кейін педагог жұмыс дәптеріндегі 3-тапсырманы орындауды сұрайды. Сана. Тиісті санды қоршап сыз.<br>Алдымен тапсырманы талқылайды.<br>- Қанша қарындаш бейнеленген? (Бес.)<br>5 цифрды тауып, бояйды. Жұмысты өз бетінше орындайды. | *hhhah((h), фффабрика(ф), ччупа-ччупс(ч), ццциркуль(ц), шшшахмат(ш), щщщетка(щ), хххат(х), уууылдырық(у) т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:** «Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны<br>Педагог а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж дыбыстарын айтады. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса – қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.<br>***«Түсіп қалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны*** *Педагог заттың суреттерін көрсетеді.*<br>– Балалар, мен сендерге сурет көрсетіп, сөздердің бір дыбысын түсіріп айтамын, сендер түсіп қалған дыбысты қосып, толық сөзді айтуларың керек. *(Балалар суретке қарап, педагогтің қатесін түзеп, түсіп қалған дыбысты айқынырақ айтады.* Мысалы: *ұша...(қ), қызына...(қ), бана...(н), тор..(т), апельси ...(н), қоя...(н), автоб...(с), шәйне...(к), қо...(й), теңш...(е), до...(п), күші...(к), сыпырғы...(ш), қамш...(ы), телефо...(н), қылы...(ш), қайы...(қ), балапа...(н), тырн...(а), тара...(қ), бақ...(а), балмұзда...(қ), қан...(т), қия...(р).* |
| ***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті** | | | | | |

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға » арналған ойын: «Пойез - эстафеталар»**

**Басты мақсат: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.**

**Артикуляциялық жаттығулар:**

***Ойын:* «Күз туралы»**

***Міндеті:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.

***Әдістемелік нұсқау.***

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

**Күз туралы**

Үз – үз – үз,
Жаңбырлы Күз.
Рақ – рақ – рақ,
Саулайды жапырақ.
Ел – ел – ел,
Соғадыжел.
Іс – іс – іс,
Піседі жеміс.
Дай – дай – дай,
Жинаймыз бидай.







**Аз қимылды ойын: «Пойез - эстафеталар»**

**Міндеті:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Дағды:**Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға дағдыланады.

**Шарты:**Бағанада тұрған (8-12 адамнан) топтар алдында сызық жүргізіледі,
ал әрқайсысынан 10-12м қашықтықта тұрақтар (зат толтырылған доптар)
тұр. Белгі бойынша топтың бірінші номерлері тұрақты айналып өтеді
(сағат тіліне қарсы), бастау сызығына бағытталады. Олар өз бағанасының
жанынан өтіп, оны артынан майыстырып, тұраққа жүгіреді. Олар бастау
сызығына келгенде, олардың белдерінен ұстап екінші номерлер қосылады
да, кедергіні ойыншылар бірге өтеді. Топты айналған соң оларға екіншісі
қосылады және т.с.с.

**Ұсыныс:** Барлық топ, пойыз вагоны секілді, өткенде ойын бітеді, яғни соңғы ойыншы бастау сызығына өтеді. Ойында көп ауыртпалық бірінші
ойыншыға түседі, сондықтан қайталау кезінде қатысушылар керісінше
ретпен орналасады.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Менің атам. **ҰІӘ міндеттері:** ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету;балалардың сөйлеу | **2.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Жыл мезгілдері: жаз, күз,қыс,көктем.Белгілері. | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі) (тілдік қарым-қатынас) **ҰІӘ міндеттері:** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Қорыққанға қос көрінеді (ертегі) **ҰІӘ міндеттері:** ертегіні | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)еркін айту. **ҰІӘ міндеттері:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеберлігін, сөздік қорларын дамыту;баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** саусақты бүгу арқылы, өлең жолдарындағы отбасы мүшелерін санайды, берілген тақырыпқа әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:** сәлем беруді, амандасуды;<br>**Қолданады:** отбасы мүшелерін буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Ой қозғау»әдісі:**<br>Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды.<br>Басбармағым – атам, үйдің данасы,<br>Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы.<br>Ортан терек – әкем,отау панасы,<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары,<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары.<br>Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды.<br>Басбармағым – атам, үйдің данасы, Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы.<br>Ортан терек – әкем,отау панасы,<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары, Титтей бөбек – мен, бәрінің базары. | /Ағаш және бұта/<br>**ҰІӘ міндеттері:** жаз және күз мезгілдерінің негізгі,маңызды белгілері бойынша түсінік беру; сөздік қорларын,өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: ағаштар мен бұталарды сипаттайтын әңгімелер құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ағаштар мен бұталардың бірнеше түрін атап бере алады.<br>**Түсінеді:** ағаштар мен бұталардың құрылымындағы айырмашылықтарды түсінеді.<br>**Қолданады:** ағаштар мен бұталарды сипаттайтын әңгімелер құрастырады; шағын тәжірибелер жасайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: Өзекті сұраққа жауап беруге шақырады:** ағаштар не үшін қажет және олардың пайдасы қандай?<br>Ағаштар ауаны тазартады, салқындатады, кейбірі – жеуге жарамды тәтті жемістер береді. Кесілген ағаш – тамаша құрылыс материалы бола алады: кептірілген ағаштың дінінен тақтай, фанера, жиһаз, ойыншықтар мен қағаз жасайды. Ағаштар өте баяу өседі. Сондықтан оларды | ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету; ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту; ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Ойлан тап!»балаларға жұмбақ жасырады:<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр-жотадан асады.<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны.<br>Ол не? *(Аю)* Балалар, бүгін «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру.<br>Балаларға ертегіні толық оқып, мазмұнын түсіндіру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:** | соңына дейін тыңдауға үйрету;балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту; баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: "г" "к" дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** "г" "к" дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орынына қояды;<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өз ойларыннан ертегіге тақырып қояды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, сендер айтқан жауаптардың басындағы дыбыстар, бүгінгі жаңадан танысатын дыбыстарың.<br>Балалар, «күн» сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>Бәріміз бірге «күн» деп айтайықшы.<br>«Гүл» сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>«Г» мен «К» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін ашылып тілдің ұшы астыңғы тістің түбіне тиеді. Тілдің үстінгі жағы таңдайға тиеді. Дем | ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету; ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту; ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Ойлан тап!»балаларға жұмбақ жасырады:<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр-жотадан асады.<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны.<br>Ол не? *(Аю)* Балалар, бүгін «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру.<br>Балаларға ертегіні толық оқып, мазмұнын түсіндіру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсіну деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Отбасы мүшелерін ата»<br>Ойын шарты: жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады.<br>Суреттегі отбасы мүшелерінін атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады.<br>**Қолдану деңгейі:** «Сәлем – сөздің анасы» демекші М. Жаманбалиновтың «Көрші атам» атты өлең жолдарын оқып берейін.<br>Көрші атам<br>Күнде үйдің қасынан,<br>Көрші атамды көремін<br>. Оған сәлем беремін.<br>Қолымды ол, Күліп кеп,<br>Иіліп тұрып алады.<br>Міне, нағыз жігіт, – деп,<br>Сүйсініп бір қалады. | көздің қарашығындай қастерлеуіміз қажет.Ағаштарды сақтау қажет, оларға қамқорлық пен тіпті, кейде олармен жылы сөйлесу қажет. Ал көктемге атааналарымызбен бірге жас тал егуге қатысуымыз керек.<br>**Түсіну деңгейі: Топтағы тәрбиеленушілерді ағаш кесінділерін зерттеу арқылы тану үдерісіне жұмылдырады (әліппе-дәптердегі тапсырма).**Тәжірибе нәтижесінде ағаштан жасалғанзаттарды тануға, олардың сапасын (қаттылық), беткі жағының құрылымын (тегіс, бұжыр); төзімділік деңгейін (қалыңдығы) және қасиеттерін (кеселеді, жанады, суға батпайды) анықтауды үйренеді. Баланың қолына тақтайша немесе ағаш кесіндісін алып, оның құрылымы мен қалыңдығы жайлы қорытынды жасайды. Басқа қасиеттерін анықтау үшін тақтайды суға салады (батпайды), сындырып көреді (сынбайды, яғни, төзімді), еденге тастайды (жарылмайды).<br>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>**Сергіту сәті**<br>Жел улейді – у-у,<br>Құйын келіп билейді – зу-зу,<br>Қатты, қатты жел соқты – гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты – ду- | *Шаруа* – жерді баптап, күтіп, егін өсіретін еңбекқор адам.<br>*Соқа* – жер қазатын құрал.<br>*Орман маңы* – орманға жақын жер.<br>**Сұрақ-жауап**<br>-Ертегі қалай аталады?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>-Шаруаға не келді?<br>-Аю шаруаны қалай қорқытты?<br>-Олар неге келісті?<br>-Шаруа не екті?<br>-Аюға қай жағын берді?<br>-Келесі жылы шаруа не екті?<br>-Аю нені білмеді?<br>**Қолдану деңгейі:** Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен қайталау.<br>-Шаруа бірінші не екті?<br>-Қалай екті? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Аю қалай келді? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Келесі жылы шаруа не екті?<br>-Бидайы қалай өсті? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Шаруа қызылшаны қалай жинады? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>Ертегідегі *шаруа, соқа, орман маңы* сөздерінің мағынасын қайталату.<br>Оқылған ертегі мазмұны бойынша көмекші сұрақтар қоя отырып, 3-4 балаға ертегінің мазмұнын айтқызып қайталау. | жоғары көтеріліп, тіл мен таңдайдың арасынан шыққанда «К» дыбысы жасалады. Дауыс шымылдығының дірілінен «Г» дыбысы естіледі. Бұл екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар. Қолайналарыңды алып, «Г», «К» деп айтып көріңдер.<br>Бұл екі дыбыс бір-біріне ұқсас ағайынды дыбыстар.<br>«Г», «К» дыбыстарынан басталатын сөздерді айтыңдаршы?<br>Иә, сендер осы екі дыбыстан басталатын біраз сөз біледі екенсіңдер.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, мына сөздерде "г" "к" дыбыстары қай буында кездесіп тұрғанын айтыңдар:<br>Гү-лім, кө-гім.<br>Гү-ріл, жү-гір.<br>Кө-лік, кө-лең-ке.<br>Ке-се, кес-те.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Қорыққанға қос көрінеді<br>Баяғыда қартайған әже, күлегеш немере, қыт-қыттай беретін Тауық және пештің астын мекендейтін Тышқан болыпты. Олар күнде су тасиды екен. Әжесінің қолында үлкен шелек, немересінің қолында кішірек шелек, Тауықта қиярдың үлкендігіндей, Тышқанда оймақтай шелек бар. Әжесі суды | *Шаруа* – жерді баптап, күтіп, егін өсіретін еңбекқор адам.<br>*Соқа* – жер қазатын құрал.<br>*Орман маңы* – орманға жақын жер.<br>**Сұрақ-жауап**<br>-Ертегі қалай аталады?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>-Шаруаға не келді?<br>-Аю шаруаны қалай қорқытты?<br>-Олар неге келісті?<br>-Шаруа не екті?<br>-Аюға қай жағын берді?<br>-Келесі жылы шаруа не екті?<br>-Аю нені білмеді?<br>**Қолдану деңгейі:** Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен қайталау.<br>-Шаруа бірінші не екті?<br>-Қалай екті? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Аю қалай келді? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Келесі жылы шаруа не екті?<br>-Бидайы қалай өсті? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Шаруа қызылшаны қалай жинады? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>Ертегідегі *шаруа, соқа, орман маңы* сөздерінің мағынасын қайталату.<br>Оқылған ертегі мазмұны бойынша көмекші сұрақтар қоя отырып, 3-4 балаға ертегінің мазмұнын айтқызып қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ду.<br>**Қолдану деңгейі: Балаларды тапсырманы «Алмаз» техникасының көмегімен орындауға шақырады.**<br>Тапсырмалар:<br>Мектеп жанында өсіп тұрған ең биік ағаштың атауын атаңдар (терек).<br>Ең бірінші болып гүлдейтін 2 бұтаны атаңдар (мойыл, мамыргүл).<br>Инесі бар 3 ағаштың атын атаңдар (қарағай, шырша, балқарағай).<br>Қараағаштың 4 түрлі қасиетін атап беріңдер (биік және т.б.).<br>Біздің өлкемізде өсетін 3 бұтаның атауын атаңдар.<br>Ағаш бұтақтарының 2 қасиетін айтыңдар (иіледі, салбырап тұрады).<br>Діңі қалың бір ағаштың атын атаңдар. **Әліппе-дәптермен жұмыс істеугешақырады.**<br>Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>Тапсырмаларды орындайды.<br>**«Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады.** Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка (текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады.<br>П: Ағаштардың қандай | | құдықтан, немересі астаудан, Тауық шалшықтан, Тышқан Торайдың тұяғы кірген жерден алады екен. Олар кейін қайтқанда су шолп-шолп етеді екен. Жол бойындағы бақшада самсап алмаағашы өсіп тұратын. Бұтақтарында самсаған алма болатын. Оның астында Қоян отыратын. Бір жолы суға барып қайтып келе жатқанда жел соғып, алмаағашының бұтағынан бір алма түсіп, қоянның басына тиеді.<br>Қоян атқып жөнеліп, су әкеле жатқандардың аяғына оралды. Сушылар үрейлері ұшып, үйлеріне қашады. Әжесі сәкіге құлай кетеді, немересі әжесіне тығылады, Тауық пештің үстіне қонақтайды, Тышқан пеш астындағы інге тығылады. Әжесі: «Ойпырмай! Аюдың мені таптап кете жаздағаны-ай!» – деп сарнайды. Немересі: «Әже, бір құбыжықтай қасқыр маған тап берді!» – деп жылайды. Тауық: «Қыт-қыт-қыт! Түлкі мені аңдып жүр екен, жеп қоя жаздады!» – дейді. Тышқан: «Әлгі мұрты едірейген дәу Мысықтың үрейімді ұшырғаны, жаным шығып кете жаздады!» – дейді.<br>Ал бұл кезде зытып | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | пайдасы бар?<br>Б: Ыстықта сая болады, ауаны салқындатады. Жапырақтары мен жәндіктер қоректенеді. Құстар үшін де пайдалы. Оның бұтақтарына құстар ұясалады. | | орманға келген Қоян: «Басыма мұндай қауіп төнбес! Төрт бірдей аңшы соңыма түсті, бәрінің де Иті бар, зорға қашып құтылып кеттім-ау!» – деп ентігіп отырды. «Қорыққанға қос көрінеді» деген осы.<br>Ертегі сендерге ұнады ма? Сөздік жұмысы: немере – внук, әже – бабушка, тауық – петух – шелек – ведро.<br>Оймақтай – кішкентай мағынада екенін айтып өтеді.<br>Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші?<br>Олар күнде не тасиды?<br>Суды немен тасиды?<br>Суды олар қайдан тасиды?<br>Сушылар қайтарда қай жолмен жүреді?<br>Бақта ағаш түбінде не отырады?<br>Бірде қоянның төбесіне не түсті?Қоян қорқып не істейді?Қорыққан сушылар не істеді?<br>Сушыларға қоян қалай елестеді?Ал қоянға ше?<br>Міне, балалар, "қорыққанға қос көрінеді " деген осы екен.<br>Балалар осы ертегінің авторы сендер болсаңдар, ертегіге қандай тақырып қойған болар едіңдер, ойланып көріңдерші?<br>**Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда».** Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бас әрпіне сөз ойлап айтады.Мысалы:<br>«Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына;<br>«Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына;<br>«Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды. | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| ***2 үзіліс – 10:00 – 10:30*** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Секіруге арналған ойын: «Қояндар мен қасқыр»**<br>**Басты міндет: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шыныұтыру.** | | | | | |
|  | | <br> | | **Секіруге арналған ойын:**<br>**«Қояндар мен қасқыр»**<br>**Міндет:**<br>Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шыныұтыру.<br>**Дағды:** Үзіліссіз баяу секіру, тізелерін жоғары көтеріп секіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ойынның шарты:** Бір бала қасқыр болады қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Тәрбиеші:<br>- Секеңдеңдер қояндар,<br>Жүгіріңдер жортыңдар- деген кезде Қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады.<br>Ойын 2-3 рет ойналады. | |
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мектеп қызметкерлері.<br>**ҰІӘ міндеттері:** мектептегі | **3.Құрастыру-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ұшақ.<br>**ҰІӘ міндеттері:** құрылыс | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жуан, жіңішке дауысты | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Алтын күз.<br>**ҰІӘ міндеттері:** күз мезгілінің ерекшеліктерін | **3.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Су – тіршілік көзі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету;<br>**-**сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: Біздің мектеп. (Біздің аула) шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.<br>**Түсінеді:** адамгершілікті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді түсінеді.<br>**Қолданады:** балабақша қызметкерлерімен қазақша амандасады, қарапайым сұраққа жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** *балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстық жаттығулар жасауды ұсынады және сөздері қайталап, естеріне сақтауды ескертеді.*<br>Мынау – тәрбиеші, і-і-і-ші – тәр-бие-ші.<br>Мынау кім?<br>Мынау – тәрбиеші.<br>Тәрбиеші кітап оқиды.<br>Тәрбиеші не істейді?<br>Тәрбиеші кітап оқиды.<br>Балабақшада меңгеруші бар.<br>Мынау – меңгеруші, ң-ң-ң-ең- мең-ге-ру-ші<br>Мынау кім?<br>Мынау – меңгеруші. | материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету;<br>ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту;<br>өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра алуды;<br>**Түсінеді:** ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажыратуды және балалардың ой-қиялы дамитынын;<br>**Қолданады:** өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алады және өз іс-әрекетінде пайдаланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Педагог ұшақ туралы жұмбақ жасырады.<br>«Құстан аумайды,<br>Көкті жаулайды».<br>Ұшақ қандай көлік түріне жатады? – Ұшақтың қандай түрлерін білесіңдер? – Өздерің ұшақпен ұштыңдар ма? Педагог ұшақтардың суреттерін көрсетеді.<br>Балалар қандай ұшақ екенін айтады.<br>**Түсіну деңгейі:** балалармен | дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету;<br>-балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету, сызбалар жасауға үйрету.<br>**Дағды:** жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды ажыратып бөледі.<br>**Түсінеді:** дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып ауыз қуысында жасалатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы<br>Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).<br>Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы көтереді.<br>Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінетінін естеріне түсіреді. | қазақша айтуға үйрету.<br>Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>-жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету.<br>қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту;<br>қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** күз мезгілі, күз айларын, шағын мәтінді, жаңылтпашты қайталайды.<br>**Түсінеді:** күз мезгілінің ерекшелігін.<br>**Қолданады:** қарапайым сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Демонстрациялық материалдармен жұмыс.<br>Педагог шағын мәтін құрайды. *Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша.*<br>Қима материалдармен жұмыс. Мынау – жапырақ.<br>Мынау не?<br>Мынау – жапырақ.<br>Жапырақ сары.<br>Жапырақ қандай?<br>Жапырақ сары. | (коммуникативтік,ойын, әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:** судың қасиеттерін таныстыру; танымдық мүмкіндіктерін арттыру,<br>**Дағды**: тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Ал енді балалар барлығымыз жайғасып отырайық, арқамызды тік ұстап, әдемі отырамыз. Бүгінгі оқу қызметінің тақырыбын айтпас бұрын, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, ал сендер мұқият тыңдаңдар:<br>**Дәмі де жоқ, түсі жоқ Пайдаланбас кісі жоқ. Ол не?**<br>Дұрыс балалар, әрине су.<br>Ал endеше бүгінгі. Оқу қызметінің тақырыбы «Су тіршілік көзі» екен.<br>Судың дыбысын тыңдау.<br>- Балалар сендер қандай дыбыс естіп тұрсыңдар? Су бізге не үшін қажет?<br>- Қалай ойлайсыңдар, мұз, қарды жылы жерге әкелсек не болады?<br>- Әрине ериді, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде сендермен тәжірбелер жасаймыз.<br>Ендеше соны дәлелдеу үшін 1-тәжірбеміз: ыдыстағы қар мен мұзды оқу іс-әрекетінің соңынна дейін үстелдің үстіне қоямыз.<br>**Түсіну деңгейі:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақшада дәрігер бар.<br>Мынау – дәрігер.<br>Мынау кім?<br>Мынау – дәрігер.<br>Дәрігер емдейді.<br>Дәрігер не істейді?<br>Дәрігер емдейді.<br>Мынау – мейірбике. І-і-і-ір – ме-йір-би-ке.<br>Мынау кім?<br>Мынау – мейірбике.<br>Мейірбике емдейді.<br>Мейірбеке не істейді?<br>Мейірбике емдейді.<br>Мынау – жаттықтырушы.<br>Қ- қ -қ -ық – жат-тық-ты-ру-шы.<br>Мынау кім?<br>Мынау – жаттықтырушы.<br>Жаттықтырушы балалардың денесін шынықтырады.<br>Жаттықтырушы не істейді?<br>Жаттықтырушы балалардың денесін шынықтырады.<br>Мынау – музыка жетекшісі.<br>Мынау кім?<br>Мынау – музыка жетекшісі.<br>Музыка жетекшісі балаларды ән айтуға, билеуге үйретеді.<br>Музыка жетекшісі не істейді?<br>Музыка жетекшісі балаларды ән айтуға, билеуге үйретеді.<br>Мынау – аспаз.<br>Мынау кім?<br>Мынау – аспаз.<br>Аспаз дәмді ас пісіреді.<br>Аспаз не істейді?<br>Аспаз дәмді ас пісіреді.<br>Балалар сөйлемдерді қайталайды.<br>**Түсіну деңгейі: Тақпақ оқу.** *Педагог тақпақ оқиды.* | бірге ұшақтардың құрылысына талдау жасайды. Үлгіден ұшақтың негізгі бөлігін, қанаттарын, құйрығын, дөңгелектерін (шасси) көрсетеді.<br>Осындай ұшақ жасау үшін оның қандай бөлігінен бастаған дұрыс деп ойлайсыңдар?<br>Педагог тәрбиеленушілерге жұмыстың ретін түсіндіреді.<br>–Алдымен негізгі үлкен бөлігін, одан кейін ұшақтың қанаттарын, соңынан құйрығы мен дөңгелектерін орналастырамыз.<br>–Ол үшін қандай құрылыс материалдары керек?<br>**Көптілділік:** ұшақ – самолет – aircraft, ұшқыш – летчик – pilot, әуежай – аэропорт – airport.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балалардың өздігінен дербес жұмыс жасауларына жағдай жасайды. Жеке жұмыс барысында педагог балалардың құрылыс материалдарын дұрыс пайдалануына бағыт беріп, оның берік орналасуын, бөліктердің қатынастарының сәйкестігін қадағалайды, бағыт береді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Көлдерді көктей өт<br>Тауларға жетпей өт!<br>Бұлттарды жарып ұш,<br>Бұлттан да әріге ұш!<br>Тоқтаусыз төтеле,<br>Жетейік көкеме... | Жуан дауысты дыбыстар: *а, о, ы, ұ, у.* Айнаны қолымызға алып, жуан дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда, тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен.<br>Жіңішке дауысты дыбыстар: *ә, ө, і, е, и, ү.* Айнаны алып, жіңішке дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ілгері созылады екен.<br>Қазақ тілінде сөздер не жуан дауыстылардан, не жіңішке дауысты дыбыстардан құралады. Мысалы, тек жуан дауысты дыбыстардан құралған сөздер: *аққу, арыстан, тасбақа, қараторғай т.б.*<br>Тек жіңішке дауысты дыбыстардан құралған сөздер*: өмір, көктем, жүгері, мереке, күміс, ілгіш т.б.* суреттерін тақтаға іліп көрсету, жуан, жіңішке дыбыстарды естеріне сақтату.<br>Кейбір сөздерде жуан және жіңішке дауысты дыбыстар кездеседі. Мысалы, кітап, мұғалім т.б.<br>**Түсіну деңгейі:** «Кім көп сөз айтады» дидактикалық жаттығуы<br>–Балалар, сендер жіңішке дауысты және жуан | Алтын күз.<br>Қандай күз?<br>Алтын күз.<br>Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды<br>**Түсіну деңгейі:** Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Ү- ү-үз-үз – келді күз.<br>Ү-ү-ү-үй - қыр-гү -йек – қыргүйек<br>Қ-қ-қ-қа- қа-зан – қазан<br>Қ-қ-қ-қа- қа-ра-ша – қараша<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жаңылтпашпен танысу.<br>Күз, кез, күз, Күш, кеш, көш, Күл, кел, көл,<br>Кілең қысқа сөз, Кім оқиды тез?<br>Балалар жаңылтпашты қайталайды: жай, жылдам.<br>**Сергіту сәті.** Массаж: Балалар бір-бірінің артына сөздерді қайталап, сурет салады.<br>Күн шықты, Сәулесін шашты, Бұлт жапты, Жаңбыр жауды, Кемпірқосақ шықты. | **Тәжірбелер.**<br>**I.Ал судың иісі бар ма, иіскеп көріңдерші?**<br>**Судың иісі жоқ**<br>(Балалар суды иіскеп көреді, судың иісінің жоқ екенін сезінгенше, тағы да қайталап иіскету керек. Ал екінші ыдыста түссіз тәтті суға ванилин араластырған суды құйып, балаларға иіскету керек. Балалар екі ыдыстағы судың айырмашылықтарын айтады).<br>**II.Судың пішіні бар ма?**<br>**«Суда пішіні жоқ»**<br>Біз қазір судың пішіні бар ма, жоқ па соны тексереміз. (тәрелкеге су құю)<br>Әрине жоқ, суды қай ыдысқа құйсаң ол сондай пішінді болады.**III. Судың дәмі бар ма?**<br>**«Суда дәм жоқ»**<br>Осыны да біз тексерейік, алдарында ыдысқа су құйылған. Сол суды түтікше арқылы ішіп көріңдер.<br>**Қолдану деңгейі: Су туралы қандай өлең шумақтарын білесіңдер.**<br>**Ойын.**<br>Жарайсыңдар балалар, ал енді **«Күн мен жаңбыр» деген ойынды ойнайық.**<br>**Ойын шарты:** Мен сендерге күн дегенде сендер жүгіресіңдер, серуендейсіңдер, ал жаңбыр дегенде қолшатырдың астына тығыласыңдар жақсы ма? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Өздеріңе таныс сөздерді айтыңдар.*<br>Мен бақшаға барамын,<br>Ойнаймын, ән саламын.<br>Тәрбиеші әпкелер,<br>Досы барлық баланың.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».<br>Балаларға балабақша қызметкерлерінің суретін көрсету.<br>Бұл кім?<br>Бұл – тәрбиеші.<br>Аты кім?<br>Любовь Петровна.<br>Дұрыс, сендердің тәрбиешілерің – Тим Любовь Петровна.<br>Осылайша балабақшада жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады<br>**Сергіту сәті:**<br>Бір-бірімен сыйласты,<br>Тату жүрміз бәріміз.<br>Бал достықтың ұясы ,<br>Біздің балабақшамыз. | | дауысты дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі, кім көп сөз айтса, сол – жеңімпаз.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Танымдық-қимылды іс-әрекет:Сергіту сәті**<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Айдын шалқар көлдерде<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын,<br>Әрі-бері жүзеді. | | Ал, балалар жаңа ғана біз сендермен жұмбақтардың жауабын шештік, бірнеше тәжірибелер жасадық. Ал енди мен сендерге сыйқыр көрсетейін<br>***Сыйқыр (фокус) көрсету:*** *(осы сәтте жай ғана музыка ойнап тұрады)Керек заттар:шикі жұмыртқа, стақан, бірнеше шай қасық тұз.*1.Стақанға таза су құйып, суға шикі жұмыртқаны саламын. Жұмыртқа су түбіне батып кетеді 2.Жұмыртқаны стаканнан шығарып қоя тұрып, стакандағы суға тұзды жақсылап ерітемін.3.Енді жұмыртқаны қайтадан осы суға саламын.<br>Жұмыртқа суға батқан жоқ!<br>4. Тұз судың тұздылығын арттырады. Судағытұздың мөлшері көбейген сайын оның тығыздылығы күшейіп, ол суға түскен кезкелген зат батып кетпей су бетінде қалқып жүреді. |
| ***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**<br>**Еркін сюжетті-рөлді ойын: «Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»**<br>**Басты міндет: Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.** | | | | | |

<table>
<tr>
<td colspan="3"><br></td>
<td colspan="3">Еркін сюжетті-рөлді ойын:<br>«Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»<br>Міндет: Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.<br>Дағды: өз-өзін бақылай алу дағдыларын қалай дамыту керектігін түсіне алуға дағдыландыру.<br>Жағдаят: Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы.<br>Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемені жөндеу, сүңгіуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр.<br>Әдістемелік нұсқаулық шарты: Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүңгуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды емдейді.<br>Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша жәшіктерге салады.<br>Механик машиналардың жұмысын тексереді, Жолаушылар билеттерді сатып алып, кемеге отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың ережелерін сақтайды;<br>Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы: Күзгі орманда.<br>ҰІӘ міндеттері: қозғалыс мәнерлігін,ырғақтылығын дамыту;азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.<br>Дағды: Ептілік, көзбен мөлшерлей алу, ерекше заттармен (құралдармен) орындалатын жаттығуларда назарларын тек орындайтын іс-әрекетіне сала білу сияқты қабілеттерін дамыту дағдыларын қалыптастыру.</td>
<td>4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.<br>ҰІӘ тақырыбы: Көңілді ырғақтар.<br>ҰІӘ міндеттері: әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау; шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін ажырату;<br>музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау,музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту; көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту.<br>Дағды: музыкалық</td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы: Ұлттық ойындар (таза ауада)<br>ҰІӘ міндеттері: ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.<br>Дағды: «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын бекіту.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: көлбеу</td>
<td>4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.<br>ҰІӘ тақырыбы: Көңілді ырғақтар.<br>ҰІӘ міндеттері: әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау; шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін ажырату;<br>музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау,музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту; көңілді әуенге</td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы: Қалай спортшы болуға болады?<br>ҰІӘ міндеттері: ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын,салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу.<br>Дағды: Үзіліссіз баяу жүгіру, тізелерін жоғары көтеріп жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: алақан мен</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** бөрене үстінде еңбектеп жүруді, бір-біріне допты лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды.<br>**Түсінеді:** модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін.<br>**Қолданады:** бөрене үстінде еңбектеу; 2.5 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын), доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алу шеберліктерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Жалпы дамыту жаттығуларын орындау: (орман алаңқайында «жылынуға» жиналады)<br>«Артымнан қайтала» жаттығу-ойыны. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел».<br>Күннің көзі бұлт басып, қатты жел соғады. Кәне, бәріміз жел сияқты дыбыс шығарайық.<br>Ууу<br>– ууу<br>– ууу...<br>Сол қатты желден ағаштардың жапырақтары шулай бастайды.<br>Жапырақтар жел соққанда қандай дыбыс шығарады?<br>Шшш – шшш – шшш.<br>**Түсіну деңгейі:** Негізгі қимыл-қозғалыстар:<br>Бөрене үстінде еңбектеу | тіркестерге сәйкес әндерді еркін орындауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қарапайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады; ән орындайды.<br>**Түсінеді:** бидің *вальс, полька, халық биі* сияқты жанрлары болатынын.<br>**Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен).<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады, үнтаспада «Буги-буги», «Егер саған ұнаса» т.б.<br>би әуендері ойналып, ортаға шыққан<br>бастаушы-«бишінің» қимылдарын дәл қайталау.<br>**Түсіну деңгейі: *Музыка тыңдау:*** «Вальс» Қ. Шілдебаев, «Полька» М. Красев, «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев).<br>Балаларға би туралы мәліметтер беріп, бидің түрлерінен үзінділер тыңдату.<br>Билер ұлттық билер, көңілді полька биі, шыр айнала билейтін вальс болып бөлінеді. Вальс биінде жұптасып, қалықтап айналып билейді, полькада | қойылған нысанаға асықты 2.5 метр қашықтықта тұрып лақтыруды, бір аяқпен әртүрлі бағытта секіруді.<br>**Түсінеді:** Азия халықтарының ойындарын пайдалана отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибелеріндегі маңызын, Қазақстан республикасындағы халықтар достығы туралы мәліметті.<br>**Қолданады:** «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, шашырап жүріп, тапсырмаларды орындай білу машықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Асық алу».** Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. (5 рет)<br>**«Асық лақтыру» –** дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 2,5 метр). Құрсаулардың (4 құрсау) айналасында тұрады, құрсау жанында асықтар жатады. Балалар асықтарды алып, құрсау | қызығушылықтарын ояту.<br>**Дағды**: музыкалық тіркестерге сәйкес әндерді еркін орындауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қарапайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады; ән орындайды.<br>**Түсінеді:** бидің *вальс, полька, халық биі* сияқты жанрлары болатынын.<br>**Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен).<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады, үнтаспада «Буги-буги», «Егер саған ұнаса» т.б.<br>би әуендері ойналып, ортаға шыққан бастаушы-«бишінің» қимылдарын дәл қайталау.<br>**Түсіну деңгейі: *Музыка тыңдау:*** «Вальс» Қ. Шілдебаев, «Полька» М. Красев, «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев).<br>Балаларға би туралы мәліметтер беріп, бидің түрлерінен үзінділер тыңдату.<br>Билер ұлттық билер, көңілді полька биі, шыр айнала билейтін вальс болып бөлінеді. Вальс | тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді, екпінмен жүгіріп келіп, 25 см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіруді, залдың бір шетінен екінші шетіне сап түзеп жүруді, баяу жүгіруді.<br>**Түсінеді:** спорттың пайдасын; ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын қалай дамыту керектігін; салауатты өмір сүру үшін не істеу қажеттігін.<br>**Қолданады:** алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеу, сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүру машықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Тыныс алу жаттығуы<br>«Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз» – қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру – тыныс алу.<br>«Күннен-күнге бойымыз өсіп барады» – қолды төмен түсіріп, барлық табанмен еденге түсу<br>дем шығару.<br>Сап түзеп залдың бір шетінен қарама-қарсы жаққа жүру.<br>Екі-екіден тізбекке, сапқа тұрады, Қарама-қарсы жаққа жүреді, жүгіреді, адымдарын байқап басады, бір-біріне кедергі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | барысында қол мен аяқтарын үйлестіріп қозғауға үйрету.<br>«Сілеусін» жаттығуы: бөренеден түсу.<br>**Қолдану деңгейі:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» (4 рет).<br>Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасында орналасады.<br>*«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп».*<br>«Лақтар» залдың қарама-қарсы жағына жүгіреді, «қасқыр» оларды қуып ұстайды. | аяқты тізеден көтере жеңіл секіреді, ал «Қамажай» – қазақ халқының ұлттық биі екендігін түсіндіру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Ән айту:*** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>Ән орындау кезінде айғайламай, бір-бірін тыңдап, үндесе айтуды қадағалау.<br>Таныс «До-ре-ми» әнін (Ө. Байділдаев) қайталау, сөздерін анық, таза орындауға үйрету.<br>***Билер:*** «Жұптасу биі» (чех халық әуені).<br>Би қимылдарын еске түсіру, еркін, өз беттерімен орындауға баулу. ***Ойындар, хороводтар:*** «Ән салған кім? (А. Райымқұлова)<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Балалардың ойынға белсене қатысуларын қадағалау.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. | ішіне лақтырады.<br>«Қазанға» көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады<br>**Түсіну деңгейі:** «Ырғып секіру» (татар халқының ойыны) **(5 рет)**<br>Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру.<br>Ойыншылар шеңбер бойына тұрады.<br>Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады.<br>Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады.<br>Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Тастар» (орыс халқының ойыны)<br>«Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру. Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады. Ал келесі лақтырғанда алақандарын теріс қойып, тастарды қағып алуға тырысады.<br>Қимылы аз ойын:<br>**«Үндемес» ойыны (Тәжік халқының ойыны)** (4 рет)**.**<br>Ойыншылар шеңбер бойында отырады.<br>Жүргізуші өзінің оң немесе сол жағында | биінде жұптасып, қалықтап айналып билейді, полькада аяқты тізеден көтере жеңіл секіреді, ал «Қамажай» – қазақ халқының ұлттық биі екендігін түсіндіру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Ән айту:*** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>Ән орындау кезінде айғайламай, бір-бірін тыңдап, үндесе айтуды қадағалау.<br>Таныс «До-ре-ми» әнін (Ө. Байділдаев) қайталау, сөздерін анық, таза орындауға үйрету.<br>***Билер:*** «Жұптасу биі» (чех халық әуені).<br>Би қимылдарын еске түсіру, еркін, өз беттерімен орындауға баулу.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Ән салған кім? (А. Райымқұлова) Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Балалардың ойынға белсене қатысуларын қадағалау.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. | келтірмеуге тырысады.<br>**Түсіну деңгейі: Төзімділікке жаттықтыру** (4 рет)<br>Алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді жетілдіру. Қауіпсіздік техникасын сақтау.<br>**Дәлдікке жаттықтыру.** (4 рет)<br>Екпінмен жүгіріп келіп, 20 см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіріп тигізуге үйрету; аяқтың итерілу күші мен қолды сермеу қимыл-қозғалыстарын жетілдіру.<br>**Қолдану деңгейі: Зейіндерін жаттықтыру.** (5 рет)<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?» Ойынның шартын түсіндіреді. Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді (балалардың қалауы бойынша). Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп). Балалар зал бойынша жүгіріп жүріп, белгі берілгенде тізбекке келіп тұрады. Сонан соң көздерін жұмады, осы кезде капитандар орындарын ауыстырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | отырған балаға бір қимыл түрін көрсетеді. Ол өзінің екінші жағында тұрған балаға көрсетеді. Ойын шарты: көршісін сөйлету немесе күлдіру. Күлмеген немесе сөйлемеген бала жеңімпаз атанады. | | отырады. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №12**<br>**Емдік шөптерді бақылау**<br>***Міндет***:<br>- Мектеп ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту;<br>-Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру<br>***Бақылау барысы:***<br>Тәрбиеші балаларға алаңдағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды:<br>-Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?<br>♦Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе? Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? *(онда К,С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.)*<br>♦ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? *(шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды)*<br>♦Итмұрын жемісі несімен бай? *(A, P, B, C Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары* | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №13**<br>**Күз көрністерін бақылау**<br>***Міндет:***<br>*Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «КҮЗ»***<br>*Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>♦ Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦ Неге күз деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күзде ауа-райы қандай болады?<br>♦ Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр) | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №14**<br>**Тастарды бақылау**<br>***Міндет***: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.<br>***Бақылау барысы***<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай?<br>♦Өлі табиғатқа нелер жатады?<br>-Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты)<br>♦ Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит)<br>♦ Қатты тастарды атаңдар?<br>♦ Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\<br>♦ Неге? (ол жұмсақ, жұғады)<br>♦ Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі)<br>♦ Көмір не үшін керек? (отынға)<br>♦ Асыл тастар деген не? (қымбат тастар) | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №15**<br>**Жапырақтардың түсуін бақылау**<br>***Міндет***:<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;<br>—бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабілеттерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>***Күзгі жапырақтар.***<br>***Қ. Шаңғытбаев***<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта кілімдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ұшты кенет жапырақ.*<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді? | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №16**<br>**Желді бақылау**<br>***Міндет***: *желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру;*<br>— өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>***Бақылау барысы***<br>**Жұмбақ:**<br>Аяғы жоқ ұшады,<br>Аузы жоқ ән салады.<br>Кездескен жеңіл нәрсені<br>Аспанға ұшырады<br>(жел)<br>Сұрақтар:<br>♦Жел қайдан пайда болады? *(жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.)*<br>♦Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады? *(күшті және әлсіз)*<br>♦Күшті желдер қалай аталады? *(дауыл, құйын.)*<br>♦Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компастың немесе флюгердің көмегімен желдің бағытын анықтау (флюгер қай жаққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *бар;итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).*<br>♦ Итмұрынды басқаша қалай атайды? *(Иван-шәй)*<br>♦ Шәйқурайдың қандай пайдасы бар? *(салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда).*<br>Шәйқурайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады..<br>-- Жолжелкен (иманжапырақ). Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға болады.Жолжелкен жапырақтарында А,К,С витаминдері бар *және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады.*<br>*Жапырақтарды өсімдік гүлдеген мезгілде жинайды.*<br>***Табиғат аясында өзін ұстау ережелері:***<br>— Емдік өсімдіктерді жинағанда тек қана өздерің білетін, Қызыл кітапқа енбегендерін жинау керек;<br>— Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды; | **Еңбек**<br>Ойын алаңын тазалау<br>*Міндет:*<br>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;<br>— Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.<br>**Қ/О:**<br>«Ормандағы соқпақтар».<br>*Міндет: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.*<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары**<br>*Міндет:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,*<br>**Халық болжамы:**<br>**Қыркүйекте күн күркіресе жылы күз нышанын білдіреді.** | ♦ Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды )<br>**Еңбек**<br>Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.<br>***Міндет:***<br>— Бірігіп жұмыс істеуге үйрету;<br>— Шығармашылық қиялын дамыту.<br>**Қ/О** «Ұшты-ұшты».<br>***Міндет:***<br>— Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалысты дамыту.<br>*Міндет:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру*<br>*Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу* ***«Күзгі табиғат»***<br>***Мақал-мәтел***<br>***Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады.*** | ♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>**Зерттеу жұмысы** Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.<br>**Еңбек**<br>Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*<br>**Қ/О:** «Түлкі мен қояндар».<br>*Міндет: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу* | бұрылды-жел сол жақтан)<br>Желдің күшін қалай анықтауға болады? (секундамермен және қағазбен.*)*<br>Желдің қай жақтан соғып тұрғанын қалай анықтайды? *(компас көмегімен-солтүстіктен болса-суық жел, оңтүстіктен болса жылы жел.)*<br>**Еңбек** Алаңды тазалау<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>**Қ/О:** «Жел».<br>*Міндет:- табиғат байланысы туралы түсініктерін бекіту,* тәрбиеші командасын мұқият тыңдауға үйрету<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Доппен жаттығу<br>*Міндет: допты жоғары лақтыру, жерге соғу, екі қолмен қағып алуды жалғастыру* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | — Емдік өсімдіктерді көрсетілген мерзімде ғана жинау керек;;<br>— Бір түп өсімдікті солайымен жұлып немесе кесіп алуға болмайды.<br>**Зерттеу жұмысы:** Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу.<br>**Еңбек:** Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау<br>Міндет: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту.<br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>Міндет: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Допты төменнен жоғарыға лақтырып, қағып алу<br>**Міндет:** ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу | | | **Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту.<br>*Міндет:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.* | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | Мұратқажы Жанэльмен жеке жұмыс.<br>Жыл мезгілдеріне арналған суреттерге қарап, әңгіме құрай білуге үйрету. | Серикова Раинаен жеке жұмыс.<br>Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде суреттер арқылы үйрету. | Байтемір Айзадамен жеке жұмыс.<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | Сәулетбек Нұрәлимен жеке жұмыс.<br>5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету. | Сабыржан Жасминмен жеке жұмыс.<br>Шағын мәтіндер құрауға үйрету. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Дербес ойын: «Менің көшем»/ҚАЙТАЛАУ/**<br>**Міндет:** балалардың ой-қиялын дамыту, құрылыс материялдарын ұалай пайдалану керектігін меңгеру.<br>**Дағды:**өз мекен-жайларың айтып беруге,мектепке дейінгі жолды білуге дағдыландыру. | **Танымдық-қимылды ойын: «Мейірімділік жібі» /ҚАЙТАЛАУ/**<br>**Міндеті:** Ойнатылытын ойынын этапатарынын біліктілігін бекіту.<br>**Шарты:** Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып | **Ойын: «Допты қуып жет» /ҚАЙТАЛАУ/**<br>**Міндеті:** Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты:<br>Тәрбиеші балаларға доп салынған себетті көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды | **Саусақ ойыны: «Тасбақа» /ҚАЙТАЛАУ/**<br>**Міндеті:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.<br>**1.Тасбақа** | **Суреттік боямалар: «Суреттерді аяқтайық»** жаттығуы. **/ҚАЙТАЛАУ/**<br>**Міндеті:**<br>Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .<br>**Ойын шарты:** Алдын-ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер.<br>**Еңбек тапсырмасы**:Балықтарға жем беру. | ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. | Тасбақа, тасбақа,<br>Тас астында тұрады.<br>Басын баяу шығарып,<br>Тиіссең кері тығады. | Оқушылардың көздері шарфпен байланады да , олар кезек-кезекпен шығып , бірі денесін , бірі басын , бірі аяғын салады , осылайша жалғаса береді . |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**.<br>**12:25-12:30** | **Ата-анаға кеңес:**<br>«Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:**<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:**<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес:**<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ –киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

## Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 25.09 | Сейсенбі 26.09 | Сәрсенбі 27.09 | Бейсенбі 28.09 | Жұма 29.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті**(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**Үстел үсті ойыны** : ***«Гүлді түсіне қарай жинау» ойнау.***<br>**Мідеттері:** Түстерді ажырата білу, күз туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру.<br>**Дағды:** гүлдің бөліктерін нақтылы құрай білуге және түстерді анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Үстел үстінен | **Жапсыру–шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары: «Әдемі өю өрнек құрастыр»**<br>**Міндет:**ойынға қызығушылықты тудыру және зейіндерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар:** Тәрбиеші үстелге әр түсті текшелер бар қорапты қояды. Балалар берілген үлгі бойынша құрастырады. Команда бойынша "Бастайды!"балалар кірпіш жинайды. Тезірек жинайтын адам жеңеді.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>1.Текшелерден құрастырған | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Сәйкестендіру жаттығу ойыны:**<br>**«Ою құрастыру,қимыл арқылы көрсет»**<br>**Міндет:** ою элементтерін біліп, оларды дене қимыл жаттығуларын жасауға үйрету.<br>**Дағды:**оюларды құрастырады, атын атайды, дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Балалар бірнеше бөліктерден тұратын оюларды құрастырады, | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>**Ойын жаттығу:** ***«Сәйкесін тап»***<br>**Міндет:** Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын шарты:** үстел үстінде гүлдер мен ойыншықтар берілген. Арасынан әдемі гүлдерді таба білу.<br>**Дағды:**ұқсас гүлдерді бір-бірімен сәйкестендіруге дағдыландыру.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа гүлдер,ойыншықтар сурет құрастыр. | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Қима құрастыру ойыны:**<br>**Ойын: Үстел үсті ойындары:**<br>**«Гүлдерді топта»**<br>**Міндет:**Әдемілікті сезіне білуге,шырайлы жаз талғамдарының жетілуіне ықпал ету. Табиғатты қорғауға, адамгершілікке, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** дала гүлдері мен бөлме гүлдерін айыра білуге дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Дала гүлдерін көк қыстырғышпен, бөлме гүлдерін қызыл қыстырғышпен қыстырып белгілеуді ұсынады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жасырын тұрған қай түсті атасам жерде шашылып жатқан гүлдердің ішінен сол түсті тауып көрсетілген түске әкеліп саласындар , біз түстерді ажырата біледі екенбіз балалар.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса.<br> | заттарын атап айтады<br>2. Өз ойларынан құрастыруды ұсыну<br>**Ойынның нұқсаулары:** Түстерді шатастырмай бастапқыда үлгі бойынша жұмыс жасау.<br><br>**Берілген үлгі**<br><br><br>**Жасалған жұмыс**<br> | атын атайды, ұқсас оюларды топтастырады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның нұсқаулары:** дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау.<br><br><br> | <br><br> | Биыл көктемде гүлдер аз өсіпті, сондықтан гүл жасауды ұсынады.<br>**Ықтимал күрделендірулер:**. Өз ойларын еркін жеткізу.<br><br> |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек | № 17 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.** | № 18 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.** | № 19 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын** | № 20 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.** | № 21 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 4 жиынтық**<br>1.«Таяқша жоғарыда». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – таяқшаны жоғары көтеріп, созылу; 2 – қолдарын бүгіп, таяқшаны басынан асырып, иықтарына қою; 3 – таяқшаны қайта жоғары көтеру; 4 – таяқшаны төмен түсіру, б.қ. (8 рет).<br>2.«Таяқшаны жоғары көтеру». Б.қ.: – тұру. Таяқшаны жоғары көтеру. 1-3 – таяқшаны жоғары-артқа көтеру, аяқ басына тұрып, жоғарыға ұмтылу; 4 – б.қ. 8 рет.<br>3.«Отырып-тұру». Б.қ.: – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – отыру, таяқша төменде; 2 – б.қ. (8 рет).<br>4.«Еңкею». Б.қ.: – аяқтарын алшақ қойып, таяқшаны төменде ұстау; 1-2 – алдыға еңкею, таяқшаны жоғары көтеру, керілу; 3-4 – б.қ. (8 рет).<br>5.«Әткеншек». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу: 3 – денені түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.«Уқалау». Б.қ.: – тұру. Бармақтары таяқшаның | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 5 *жиынтық***<br>1.Б.қ.: тұру. 1-2 – таяқшаны жоғары баяу көтеру, оң (сол) аяқ басын артқа басып, өкшесін өзіне тарту, демін ішіне тарту; 3-4 – б.қ. 4–6 рет қайталау.<br>2.«Алдыға қара». Б.қ. – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – басын түзу ұстап, алдыға еңкею; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпеу. 5–8 рет қайталау.<br>3.«Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын айқастырып қойып тұру. Таяқты артынан шынтақтың бүгілген жеріне қою. 1 - 2 – оңға иілу, таяқты жерге тигізу; 3 - 4 – б.қ. (6 рет).<br>4.Б.қ.: шалқалап жату. 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – екі аяғын бірдей сермеу, аяқ басын созу, таяқшаға тигізу. 3-4 – б.қ. 6–8 рет қайталау.<br>5.Б.қ.: тұру. Таяқшаны арт жақта ұстау. 1-2 – отыру, таяқшаны көтеру. Арқасын түзетіп, тізелерін ашып, өкшелерін көтереді. 8–10 рет қайталау.<br>«Құрсау». Б.қ.: – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу; 3 – денені түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.Аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан | **әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 6 *жиынтық***<br>**(бір таяқшамен жұптасып орындайды)**<br>1.«Зілтемірші». Б.қ.: бір қадам қашықтықта бір-біріне арқасымен қарап, таяқшаны төмен ұстап тұрады. 1-2– қолдарын жоғары көтеріп, таяқшаны серігіне басынан асырып береді, демін ішіне тартады; 3-4 – қолдарын төмен түсіреді, демін сыртқа шығарады. 8 рет қайталау.<br>2.«Ескекшілер». Б.қ.: бір-біріне табанымен тіреліп, қарсы қарап, таяқшадан ұстанып отырады, аяқтарын тік ұстайды; таяқшаны бірі тартып, шалқайса, бірі еңкейіп қозғалады. 8– 10 рет қайталау.<br>3.«Таяқшаны тарту». Б.қ.: бір-біріне қарап қолдарымен арт жаққа тіреліп отырады; таяқшаны ортаға қояды; таяқшаны аяқтарының бармақтарымен әркім өзіне қарай тартуға тырысады. 4–6 рет қайталау.<br>4.«Таяқшаны бірге көтереміз» Б.қ.: бір-біріне қарап етпеттеп жатады; аздап бүгілген қолдарымен таяқшадан ұстанады; 1-2 – таяқшаны бірге көтереді; 3-4 б.қ. 4–6 рет қайталау. | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 1 *жиынтық***<br>1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, допты еденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, допты еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңға қарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет)<br>6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 2 *жиынтық***<br>1.Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен, қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет)<br>2.Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып, қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет)<br>3.Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайта түзеу. (8–10 рет)<br>4.Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысып ұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет)<br>5.Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне, ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет)<br>6.Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет). |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | үстінде, таяқшаны аяғымен дөңгелету (бармақтарынан бастап, өкшесіне дейін). Сол аяғымен осы қимылдарды қайталау. 8 рет.<br>7.«Секірулер». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. Секіру – аяқтарын екі жаққа ашу, қайта жинау. 1–8 дейін. Шағын үзіліс жасап, қайта 8 рет қайталау | иықтарына қою. 1-2 – «ш-ш-ш» – деп оңға бұрылу; 3-4 – екінші жағына қайталау. Үш-төрт рет қайталаған соң, үзіліс жасау. 5 рет қайталау.<br>7.«Секектеу». Б.қ.: тұру. Жанына қарай секіргенде таяқшаны алдыға созу, аяқтарын қосқанда таяқшаны төмен түсіру. 4 рет 20 секіруден жай жүріспен алмастырып, қайталау. | 5.«Тұруға көмектес». Б.қ.: созылған қолдарындай қашықтықта бір-біріне қарап отырады; аяқтарын бүгіп, таяқты ортаға қояды; бір-біріне оң қолын созып, қолдарымен ұстасады. Екеуі бір уақытта тұрып, қайта отырады. Келесі қолымен осы қимылдарды қайталайды. 5 рет қайталау.<br>6.«Секектеу». Б.қ.: таяқшаны еденге қояды, таяқтың бойымен қолдарын беліне қойып, 4 рет секектеу, тізесін жоғары көтеріп, 4 рет аттайды. 5-6 рет қайталау. | айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау. | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:**<br>09.00<br>11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **25.09.23**<br>**Дүйсенбі** | **26.09.23**<br>**Сейсенбі** | **27.09.23**<br>**Сәрсенбі** | **28.09.23**<br>**Бейсенбі** | **29.09.23**<br>**Жұма** |
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Жапсыру**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** 7 саны және цифры.<br>**ҰІӘ міндеттері:** цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; заттарды дұрыс тану мен 7 санның бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту; | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; сөйлеу тілін жетілдіру. Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Дағды**: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір- | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** 8 саны және цифры.<br>**ҰІӘ міндеттері:** цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; заттарды дұрыс тану мен 7 және 8 санның бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** 9 саны және цифры.<br>**ҰІӘ міндеттері:** цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; заттарды дұрыс тану мен 7,8 және 9 санның бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік?<br>**ҰІӘ міндеттері:** балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету; сөздерді буынға бөлуді дамыту; саусақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды**: Сұрақ-жауап әдісі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** 7 сандарын айтуды;<br>**Түсінеді:** заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>**Қолданады:** заттарды топқа бөлуді, 7сандарын тануды. 6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Балалар ойын алаңында ойнады. Төбешіктен сырғанауды шешті. Кестеден 6 баланы төбешікке орналастырады. Ал 7-ші баланы төменгі баспалдақтың қасына қояды. Қанша бала төбешікте сырғанағысы келіп тұр? 6 цифры жазылған карточканы қояды. Қарандаршы, тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады?<br>Санайық. (7 бала.)<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Педагог 7, 8, 9 цифрларын көрсетеді. Қажетті заттар саны бар суреттерді табуды ұсынады. Балалар заттар | бірінен ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратады, түсіп қалған дыбыстарды сөз ішінде табады.<br>**Түсінеді:** дауыссыз дыбыстар көк түспен белгіленетінін.<br>**Қолданады:** дауыссыз, дауысты дыбыстарды анықтау, сөз ойлайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну деңгейі:** «Мұқият бол» дидактикалық жаттығуы<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті шаршыны, жіңішке | ойлауды дамыту;<br>есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** 8 сандарын айтуды;<br>**Түсінеді:** заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>**Қолданады:** заттарды топқа бөлуді, 8сандарын тануды.<br>7 санына дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Балалар ойын алаңында ойнады. Төбешіктен сырғанауды шешті. Кестеден 6 баланы төбешікке орналастырады. Ал 7-ші баланы төменгі баспалдақтың қасына қояды.<br>Қанша бала төбешікте сырғанағысы келіп тұр? 6 цифры жазылған карточканы қояды. Қарандаршы, тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады?<br>Санайық. (7 бала.) Тағы бір бала жүгіріп келіп, | ойлауды дамыту;<br>есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** 9 сандарын айтуды;<br>**Түсінеді:** заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>**Қолданады:** заттарды топқа бөлуді, 9сандарын тануды.<br>8 санына дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Балалар ойын алаңында ойнады. Төбешіктен сырғанауды шешті. Кестеден 6 баланы төбешікке орналастырады. Ал 7-ші баланы төменгі баспалдақтың қасына қояды.<br>Қанша бала төбешікте сырғанағысы келіп тұр? 6 цифры жазылған карточканы қояды. Қарандаршы, тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады?<br>Санайық. (7 бала.) Тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп | арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді қосады.<br>**Түсінеді:** дауысты және дауыссыз дыбыстардың қалай белгіленетінін.<br>**Қолданады:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Қарама-қарсы сөзді тап» ойынын балалармен ойнайды.<br>сұйық – ... *(қою)* жуан – ... *(жіңішке)* кішкентай – ... *(үлкен)* ашық – ... *(жабық)* ақылды – ... *(ақымақ)*<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін үйренеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Шашыраңқы сандар » дидактикалық ойыны**<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді: тоғыз балаға бірден тоғызға дейінгі сан беріледі. Әр- қайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден тоғызға дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифры қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады.<br>**Сергіту сәті.**<br>8 рет секіру, 9 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру. | дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл түсті тіктөртбұрышты көтереді.<br>«Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны<br>– Мен сендерге суретті көрсетіп, сол суреттегі заттың атын айтамын. Сендер сол сөзге мағынасына сәйкестендіріп, дауысты дыбыстан басталатын сөзді айтып жалғастырасыңдар.<br>Мысалы: *үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабақ), қоңыр (етік), жасыл (айва), сары (апельсин), қалың (орман), мамық (орамал), ақылды (әже), үлкен (ата), жүйрік ( ат), ұзын (ожау),бұзық (әтеш), үлкен (акула), кең (алқап), дәмді (ас), мықты (ит), батыр (адам), ақымақ (Омар) т.б.*<br>«Қайтала»**(доппен)** дидактикалық ойыны<br>Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы: *ттттиін(т), қққасқыр(қ), бббақќа(б), вввагон(в), ғғарыш(ғ), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), кккітап(к), лллақ(л(, мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), рррадио(р),* | төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады?<br>Санайық (8 бала.)<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Педагог 7, 8, 9 цифрларын көрсетеді. Қажетті заттар саны бар суреттерді табуды ұсынады. Балалар заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін үйренеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Шашыраңқы сандар » дидактикалық ойыны**<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді: тоғыз балаға бірден тоғызға дейінгі сан беріледі. Әр- қайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден тоғызға дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифры қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады.<br>**Сергіту сәті.**<br>8 рет секіру, 9 рет қол | жатыр. Олар енді нешеу болады?<br>Санайық (8 бала.)<br>Тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады?<br>Санайық. (9 бала.)<br>Санағанымызда суретте 9 бала бар. Тағы бір рет санайық (әр баланы төбешіктен домалатып, бәрі хормен санайды) біз ешкімді жіберіп алған жоқпыз ба?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Педагог 7, 8, 9 цифрларын көрсетеді. Қажетті заттар саны бар суреттерді табуды ұсынады. Балалар заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін үйренеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Шашыраңқы сандар » дидактикалық ойыны**<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді: тоғыз балаға бірден тоғызға дейінгі сан беріледі. Әр- қайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден тоғызға дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифры қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай | **«Сөзге сөз қос» дидактикалық ойыны**.<br>Балалар, мен сендерге сөз айтып, сурет көрсетемін, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз қосуларың керек.<br>Мысалы: *қызыл ... (алма), ыстық ... (от), әдемі ... (әтеш), темір ... (ыдыс), қабаған ... (ит), жаңа ... (өшіргіш), тәтті ... (алмұрт), жылы ... (етік), гүрілдеген ... (экскаватор), дәмді... (ірімшік) т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:** «Қай дыбыс қайталанды?» дидактикалық жаттығуы<br>Асан бақша жақтан,<br>Ақ сабақты асқабақ әкел<br>Басқа жақтан,<br>Басқарақ асқабақ әкелді.<br>Балалар осы жаңылтпашта қай дыбыс жиі естіліп тұр?<br>А дыбысы.<br>Адыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>Дауысты дыбыс.<br>А дыбысы жуан дауысты ма, әлде жіңішке дауысты ма?<br>Жуан дауысты дыбыс.<br>А дыбысы дауысты дыбыс, оны әндетіп айтуға болады. Ауыз қуысынан кедергісіз шығады.<br>А дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай. А дауысты дыбысын айтқанда ауыз кең ашылып, тіл ауыз қуысында еркін жатады. Дауыс шымылдығы ашық болады. Осылай **а** дыбысы жасалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *hhhah((h), фффабрика(ф), чччупа-чччупс(ч), цццциркуль(ц),шшшахмат(ш) щщщетка(щ), хххат(х), уууылдырық(у) т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:** «Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны. Педагог а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж дыбыстарын айтады. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса – қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.<br>***«Түсіп қалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны*** *Педагог заттың суреттерін көрсетеді.*<br>– Балалар, мен сендерге сурет көрсетіп, сөздердің бір дыбысын түсіріп айтамын, сендер түсіп қалған дыбысты қосып, толық сөзді айтуларың керек. *(Балалар суретке қарап, педагогтің қатесін түзеп, түсіп қалған дыбысты айқынырақ айтады.* Мысалы: *ұша...(қ), қызына...(қ), бана...(н), тор..(т), апельси ...(н), қоя...(н), автоб...(с), шәйне...(к), қо...(й), текш...(е), до...(п), күші...(к), сыпырғы...(ш), қамш...(ы), телефо...(н), қылы...(ш), қайы...(қ), балапа...(н), тырн...(а), тара...(қ), бақ...(а), балмұзда...(қ), қан...(т), қия...(р).* | соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру. | қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады.<br>**Сергіту сәті.**<br>8 рет секіру, 9 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру. | Тағы бір жаңылтпаш тыңдаңдар.<br>**«Жуан дауысты дыбысты тап» дидактикалық жаттығуы.**<br>–Балалар, мен сендерге сөздер айтамын, сендер жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар. Мысалы: *алма, гүл, ұлу, жүзім, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алпамыс, айна, етік, қарлығаш, жүген, түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б.*<br>**Саусақ жаттығуы**<br>«Бәрінен де мен күшті»,<br>– Деп айтады оң қол.<br>«Неге сен? Ал мен ше!»<br>– Деп келіспейді сол қол.<br>Екі қолдың күштерін,<br>Кәне, сынап көрейік.<br>Оңға, солға тартайық,<br>Достастырып қайтайық. |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға » арналған ойын: «Қарлығаш»**

**Басты мақсат: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа,ұйымшылдықққа үйрету.**

**Артикуляциялық жаттығулар:**
***Ойын:* «Күз туралы» /ҚАЙТАЛАУ/**
***Міндеті:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.
Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.
***Әдістемелік нұсқау.***
1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.
**Күз туралы**
Үз – үз – үз,
Жаңбырлы Күз.
Рақ – рақ – рақ,
Саулайды жапырақ.
Ел – ел – ел,
Соғадыжел.
Іс – іс – іс,
Піседі жеміс.
Дай – дай – дай,
Жинаймыз бидай.



**Еркін ойын түрі: «Қарлығаш»**
**Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа,ұйымшылдықққа үйрету.
**Дағды:** зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
**Әдістемелік нұсқаулар:**
Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, канаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, карлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек.
**ІІ нұсқа**
**Әдістемелік нұсқаулар:**
Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет. Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тырысады. Егер ол тырысып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады.
**Ұсыныс:** ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)сахналау.<br>**ҰІӘ міндеттері:** ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету;балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту; | **2.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Су – тіршілік көзі. (ойын,танымдық зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:** судың қасиеттерін таныстыру; танымдық мүмкіндіктерін | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі)саханалау.<br>**ҰІӘ міндеттері:** ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, кисынды мазмұндауға үйрету; | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Отбасының күзгі еңбегі.<br>**ҰІӘ міндеттері:** отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу; отбасының еңбегі туралы шығармашылық | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мақтақыз бен мысық(қазақ халық ертегісі)<br>**ҰІӘ міндеттері:** -ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: "г" "к" дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** "г" "к" дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орынына қояды;<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өз ойларыннан ертегіге тақырып қояды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, сендер айтқан жауаптардың басындағы дыбыстар, бүгінгі жаңадан танысатын дыбыстарың.<br>Балалар, «күн» сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>Бәріміз бірге «күн» деп айтайықшы.<br>«Гүл» сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>«Г» мен «К» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін ашылып тілдің ұшы астыңғы тістің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Дем жоғары көтеріліп, тіл мен таңдайдың арасынан шыққанда «К» дыбысы жасалады. Дауыс шымылдығының дірілінен «Г» дыбысы естіледі. Бұл екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар.<br>Қолайналарыңды алып, «Г», «К» деп айтып көріңдер. | арттыру,<br>**Дағды**: тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Ал енді балалар барлығымыз жайғасып отырайық, арқамызды тік ұстап, әдемі отырамыз. Бүгінгі оқу қызметінің тақырыбын айтпас бұрын, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, ал сендер мұқият тыңдаңдар:<br>**Дәмі де жоқ, түсі жоқ**<br>**Пайдаланбас кісі жоқ. Ол не?**<br>Дұрыс балалар, әрине су. Ал ендеше бүгінгі. Оқу қызметінің тақырыбы «Су тіршілік көзі» екен.<br>Судың дыбысын тыңдау.<br>- Балалар сендер қандай дыбыс естіп тұрсыңдар? Су бізге не үшін қажет?<br>- Қалай ойлайсыңдар, мұз, қарды жылы жерге әкелсек не болады?<br>- Әрине ериді, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде сендермен тәжірбелер жасаймыз.<br>Ендеше соны дәлелдеу үшін 1-тәжірбеміз: ыдыстағы қар мен мұзды оқу іс-әрекетінің соныңна дейін үстелдің үстіне қоямыз.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Тәжірбелер.**<br>**І.Ал судың иісі бар ма, иіскеп көріңдерші?**<br>**Судың иісі жоқ**<br>(Балалар суды иіскеп көреді, судың иісінің жоқ екенін | ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту;<br>ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі;<br>**Түсінеді:**ертегінің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Ойлан тап!»балаларға жұмбақ жасырады:<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр-жотадан асады.<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны.<br>Ол не? *(Аю)* Балалар, бүгін «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру.<br>Балаларға ертегіні толық оқып, мазмұнын түсіндіру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Шаруа* – жерді баптап, күтіп, егін өсіретін еңбекқор адам.<br>*Соқа* – жер қазатын құрал. | әңгіме құрауға үйрету; балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер құрай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды: «**Отбасының күзгі еңбегі» тақырыбына әңгіме құрайды, көгөністермен жемістерді ажыратады;<br>**Түсінеді :** сөздің дыбыстан құралатынын;<br>**Қолданады:**күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер қолдана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілі екенін қайдан білеміз?<br>-Қандай көгөніс түрлерін білесіңдер?<br>-Күз мезгілі несімен ұнайды?<br>-Күз мезгілінде адамдар, жан-жануарлар қысқа дайындалады. Тиіндар жаңғақтарын жинаса, кірпілер індеріне саңырауқұлақтар тасып алады.<br>Ал адамдар күзде қалай еңбек етеді?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Демонстрациялық | баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту;<br>адал дос болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ертегіні тыңдайды, кейіпкерлерді атайды;<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді;<br>**Қолданады**: сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алады, жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>«Тонын киіп туған,<br>Жалап бетін жуған».<br>*(Мысық)*<br>– Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Ертегіні оқып, мазмұнын ашу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Сұрақ-жауап:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұл екі дыбыс бір-біріне ұқсас ағайынды дыбыстар.<br>«Г», «К» дыбыстарынан басталатын сөздерді айтыңдаршы?<br>Иә, сендер осы екі дыбыстан басталатын біраз сөз біледі екенсіңдер.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, мына сөздерде "г" "к" дыбыстары қай буында кездесіп тұрғанын айтыңдар:<br>Гү-лім, кө-гім.<br>Гү-ріл, жү-гір.<br>Кө-лік, кө-лең-ке.<br>Ке-се, кес-те.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Қорыққанға қос көрінеді<br>Баяғыда қартайған әже, күлегеш немере, қыт-қыттай беретін Тауық және пештің астын мекендейтін Тышқан болыпты. Олар күнде су тасиды екен. Әжесінің қолында үлкен шелек, немересінің қолында кішірек шелек, Тауықта қиярдың үлкендігіндей, Тышқанда оймақтай шелек бар. Әжесі суды құдықтан, немересі астаудан, Тауық шалшықтан, Тышқан Торайдың тұяғы кірген жерден алады екен. Олар кейін қайтқанда су шолп-шолп етеді екен. Жол бойындағы бақшада самсап алмаағашы өсіп тұратын. Бұтақтарында самсаған алма болатын. Оның астында Қоян отыратын. Бір жолы суға барып қайтып келе жатқанда жел соғып, алмаағашының бұтағынан | сезінгенше, тағы да қайталап иіскету керек. Ал екінші ыдыста түссіз тәтті суға ванилин араластырған суды құйып, балаларға иіскету керек. Балалар екі ыдыстағы судың айырмашылықтарын айтады).<br>**ІІ.Судың пішіні бар ма?**<br>**«Суда пішіні жоқ»**<br>Біз қазір судың пішіні бар ма, жоқ па соны тексереміз. (тәрелкеге су құю)<br>Әрине жоқ, суды қай ыдысқа құйсаң ол сондай пішінді болады.<br>**ІІІ. Судың дәмі бар ма?**<br>**«Суда дәм жоқ»**<br>Осыны да біз тексерейік, алдарында ыдысқа су құйылған. Сол суды түтікше арқылы ішіп көріңдер.<br>**Қолдану деңгейі: Су туралы қандай өлең шумақтарын білесіңдер.**<br>**Ойын.**<br>Жарайсыңдар балалар, ал енді **«Күн мен жаңбыр» деген ойынды ойнайық.**<br>**Ойын шарты:** Мен сендерге күн дегенде сендер жүгіресіңдер, серуендейсіңдер, ал жаңбыр дегенде қолшатырдың астына тығыласыңдар жақсы ма?<br>Ал, балалар жаңа ғана біз сендермен жұмбақтардың жауабын шештік, бірнеше тәжірибелер жасадық. Ал енди мен сендерге сыйқыр көрсетейін<br>***Сыйқыр (фокус)*** | *Орман маңы* – орманға жақын жер.<br>**Сұрақ-жауап**<br>-Ертегі қалай аталады?<br>-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>-Шаруаға не келді?<br>-Аю шаруаны қалай қорқытты?<br>-Олар неге келісті?<br>-Шаруа не екті?<br>-Аюға қай жағын берді?<br>-Келесі жылы шаруа не екті?<br>-Аю нені білмеді?<br>**Қолдану деңгейі:** Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен қайталау.<br>-Шаруа бірінші не екті?<br>-Қалай екті? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Аю қалай келді? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Келесі жылы шаруа не екті?<br>-Бидайы қалай өсті? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>-Шаруа қызылшаны қалай жинады? *(Қимылмен көрсетеді)*<br>Ертегідегі *шаруа, соқа, орман маңы* сөздерінің мағынасын қайталату.<br>Оқылған ертегі мазмұны бойынша көмекші сұрақтар қоя отырып, 3-4 балаға ертегінің мазмұнын айтқызып қайталау. | материалмен жұмыс.<br>Күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр».<br>Жапырақтардың түстері қандай?<br>Бақшада кімдер жүр?<br>Бақшадағы балаларға ат қойыңдаршы?<br>Бақшада балалар не істеп жүр?<br>Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды.<br>Педагог «азық» сөзінің мағынасын түсіндіреді.<br>**Азық** – тамақ, қысқы қорек.<br>**Қолдану деңгейі:** Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Балалардың жауаптары тыңдалады).<br>Иә, тіл, ауыз керек, онсыз түсінісу өте қиын.<br>Педагог бір баланы тақтаға шығарып, картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр, қызанақ жинап жатқан адамдардың қимыл-қозғалысын келтіреді. Қалған балалар табады. Бірақ балаларға сөзсіз қимылмен түсіну қиындау болады, сөздің маңыздылығын түсінеді. Міне, қимылмен келтіргенмен толық, еңбек қозғалыстарын аша | Ертегі қалай аталады?<br>Мақтақыз не тауып алды?<br>Мысық не істеді?<br>Мақтақыз мысықты қалай жазалады?<br>Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі?<br>Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік.<br>Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді.<br>3-4 балаға айтқызып қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда.<br>Мысық не істеді?<br>Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың?<br>Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле.<br>Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер.<br>Сен Мақтақыздың орнында болсаң не істер едің?<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын көк аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір алма түсіп, қоянның басына тиеді.<br>Қоян атқып жөнеліп, су әкеле жатқандардың аяғына оралды. Сушылар үрейлері ұшып, үйлеріне қашады. Әжесі сәкіге құлай кетеді, немересі әжесіне тығылады, Тауық пештің үстіне қонақтайды, Тышқан пеш астындағы інге тығылады. Әжесі: «Ойпырмай! Аюдың мені таптап кете жаздағаны-ай!» – деп сарнайды.<br>Немересі: «Әже, бір құбыжықтай қасқыр маған тап берді!» – деп жылайды.<br>Тауық: «Қыт-қыт-қыт! Түлкі мені аңдып жүр екен, жеп қоя жаздады!» – дейді.<br>Тышқан: «Әлгі мұрты едірейген дәу Мысықтың үрейімді ұшырғаны, жаным шығып кете жаздады!» – дейді.Ал бұл кезде зытып орманға келген Қоян: «Басыма мұндай қауіп төнбес! Төрт бірдей аңшы соңыма түсті, бәрінің де Иті бар, зорға қашып құтылып кеттім-ау!» – деп ентігіп отырды. «Қорыққанға қос көрінеді» деген осы.<br>Ертегі сендерге ұнады ма?<br>Сөздік жұмысы:<br>немере – внук, әже – бабушка, тауық – петух – шелек – ведро.<br>Оймақтай – кішкентай мағынада екенін айтып өтеді. Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші?<br>Олар күнде не тасиды?<br>Суды немен тасиды?<br>Суды олар қайдан тасиды? | ***көрсету:*** *(осы сәтте жай ғана музыка ойнап тұрады)Керек заттар:шикі жұмыртқа, стақан, бірнеше шай қасық тұз.*<br>1.Стақанға таза су құйып, суға шикі жұмыртқаны саламын. Жұмыртқа су түбіне батып кетеді<br>2.Жұмыртқаны стаканнан шығарып қоя тұрып, стакандағы суға тұзды жақсылап ерітемін.<br>3.Енді жұмыртқаны қайтадан осы суға саламын. Жұмыртқа суға батқан жоқ!<br>4.Тұз судың тұздылығын арттырады. Судағытұздың мөлшері көбейген сайын оның тығыздылығы күшейіп, ол суға түскен кезкелген зат батып кетпей су бетінде қалқып жүреді. | | алмаймыз.<br>Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды.<br>Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бір- бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз.<br>Ойын: «Сөйлемей көрейікші» (үндемес ойыны ойналады).<br>Педагог: «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды.<br>Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын.<br>Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды.<br>**Сергіту сәті: (жаттығуды қимыл-қозғалыс арқылы орындау).**<br>Шөп үстімен жүреміз, сырт-сырт.<br>Тас үстімен жүреміз, тырс-тырс.<br>Шалшық сумен жүреміз, шолп-шолп,<br>Жолдарменен жүреміз , топ-топ. | |

<table>
<tr><td></td><td>Сушылар кайтарда қай жолмен жүреді?<br>Бақта ағаш түбінде не отырады?<br>Бірде қоянның төбесіне не түсті?Қоян қорқып не істейді?Қорыққан сушылар не істеді?<br>Сушыларға қоян қалай елестеді?Ал қоянға ше?<br>Міне, балалар, "қорыққанға қос көрінеді " деген осы екен.Балалар осы ертегінің авторы сендер болсаңдар, ертегіге қандай тақырып қойған болар едіңдер, ойланып көріңдерші?<br>Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда». Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.Мысалы:<br>«Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына;<br>«Қыз» дегендегі «Қ» дыбысина;«Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысина сөз ойлайды.</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Ас – адамның арқауы» түскі ас.<br>10:00-10:30</td><td colspan="5">Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="6" align="center">2 үзіліс – 10:00 – 10:30</td></tr>
<tr><td colspan="6"> Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="6" align="center">Аз қимылды,жүгіруге арналған ойын:«Таудан тауға»<br>Басты міндет: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;<br>ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту.<br>Денсаулықтарын шынықтыру.</td></tr>
</table>





**Аз қимылды,жүгіруге арналған ойын:«Таудан тауға»**
**Міндет:** Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;
ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;
бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, өзара көмектестікке тәрбиелеу.
**Дағды:** Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққабейім дағдыларын қалыптастыру.
**Ойын шарты:**
**Әдістемелік нұсқаулар:**
Ойыншылар жанындағы көршісінің басына қолы жететіндей болып, шеңбер құрып отырады. Барлығы баскиімсіз отырады, тек жүргізушінің басында ғана тақия бар. Жүргізуші келесі сөздерді айтады: «Таудан тауға ! Таудан тауға!». Осыдан кейін басынан тақияны алып, оны оң жағындағы көршісінің басына кигізеді. Ал тақия кигізілген ойыншы дәл сол сөздермен солай келесі көршіге кигізеді. Тақия жүргізуші басын жауып «Таудың басына! Таудың басына!» сөздерін айтқанша шеңбер бойымен жүре береді. Сол кезде тақия басында қалған ойыншы қандай да бір тапсырманы орындайды.
**Ұсыныс:** Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін...

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет) | 3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Көгөністер. **ҰІӘ міндеттері:** тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын | 3.Құрастыру- шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ұшақ. **ҰІӘ міндеттері:** құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету; ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту; өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу. **Дағды**: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алуға, | 3. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстар. **ҰІӘ міндеттері:** сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту; сөйлеу тілін жетілдіру. Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру. **Дағды**: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** дауыссыз, дауысты дыбыстарды | 3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жемістер. **ҰІӘ міндеттері:** жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету; диалогке қатысуға үйрету; сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Дағды**: жемістердің атауларын айтып, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. | 3.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді? (еңбек,танымдық іс-әрекеті) **ҰІӘ міндеттері:** жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру; |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.<br>**Дағды**: 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** көгөністердің қазақша атауларын атайды, диалог құрайды, тақпақты жаттайды.<br>**Түсінеді:** көгөністер бақшада өседі.<br>**Қолданады:** тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Өткен «Алтын күз» тақырыпты қайталау.<br>Аз қимылды ойын: «Кім жылдам?». Педагог себеттегі жапырақтарды шашады, балалар жылдам жинап алады.<br>Педагог сұрақтар қояды:<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Күзде ағаштың жапырақтары сарғаяды, жерге түседі. Жаңбыр жауады. Күн салқындайды.<br>**Түсіну деңгейі:** Міне, күз сыйлығы (табақта көгөніс-муляждар).<br>-Мынау нелер?<br>-Мынау – көгөністер.<br>Өткен жылдан таныс көгөніс атауларын естеріне түсіруге көмектесіп, жаңа сөздермен таныстырады.<br>-Мынау – қияр.<br>-Мынау – қызанақ.<br>-Мынау – пияз.<br>-Мынау – сәбіз.<br>-Мынау – қызылша, қы-зыл-ша. | еркін жұмыстануға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** көп қабатты және бір қабатты үйлерді;<br>**Түсінеді:** екі топқа бөлініп жұмыс істеуді;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндерді қиып жапсыруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** балалармен өздері тұратын ауыл, қала, көше және өз балабақшалары орналасқан көше туралы қысқаша сұрақ-жауапқа құрылған кіріспе әңгіме өткізеді.<br>– Біз қай Республикада тұрамыз?<br>– Біздің ауылымыз (қаламыз) қалай аталады?<br>– Өздерің тұратын көшені атаңдар?<br>– Ал біздің балабақшамыз орналасқан көше қалай аталады?<br>**Түсіну деңгейі:** –Балалар, үйлерді кімдер салады?<br>Көше бейнесі бейнеленген екі ақ қағазды көрсетіп, көшелерге ат қойдырады. Балаларды екі топқа бөліп отырғызады.<br>– Қазір біз құрылысшы болып әдемі үйлер тұрғызамыз. Келісесіңдер ме?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>І топ көп қабатты үйлер бойынша, ал ІІ топ бір қабатты үйлер бойынша жұмыс жасаулары тиіс.<br>1. Үлкен тіктөртбұрышты | ажыратады, түсіп қалған дыбыстарды сөз ішінде табады.<br>**Түсінеді:** дауыссыз дыбыстар көк түспен белгіленетінін.<br>**Қолданады:** дауыссыз, дауысты дыбыстарды анықтау, сөз ойлайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>*«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>*«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну деңгейі:** «Мұқият бол» дидактикалық жаттығуы<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті шаршыны, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл түсті | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрайды, жаңылтпашты қайталайды. Диалогке қатысады.<br>**Түсінеді:** сөздер мен сөйлемдерді түсінеді.<br>**Қолданады:** жемістердің атауларын қолданады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Қайырлы таң, балалар! Бүгін сендермен ойын ойнаймыз.<br>**Дидактикалық ойын: «Көгөністер мен жемістер».** Қоржындағы көгөністерді бөліп алады, қайталап, сипаттайды (көлемін, түсін). Білетін жемістерді атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».**<br>Қоржынның екінші жағын ашады.<br>*Педагог жемістерді бір-бірлеп алады, жаңа сөздермен таныстырады.*<br>Күз мезгілінде жемістер піседі.<br>Мынау – өрік.<br>Ік-ік – міне, өрік.<br>Мынау не?<br>Мынау – өрік.<br>Өрік – жеміс.<br>Өрік не? | себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: жабайы жануарлардың бірнеше түрін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жануарлардың бірнеше түрін, олардың өзіне тән ерекшеліктерін атап береді.<br>**Түсінеді:** жабайы жануарлар мен үй жануарларының арасындағы айырмашылықты түсінеді.<br>**Қолданады:** кесте бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыра алады<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** балалардың жұмыс істеуіне қолайлы эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру мақсатында жұмбақ жасырады.<br>Сылдырдан қорқады,<br>Шошынып жортады. (Қоян)<br>Сұрғылт тартқан түсі бар.<br>Ақсиған көп тісі бар<br>Тыным таппай жүгіріп,<br>Сілекейі шұбырған,<br>Қыстау маңын торида,<br>Ауылдың өш бар иті.<br>(Қасқыр)<br>Үстінен тоны түспеген,<br>Сонда да араз қыспенен.<br>(Аю)<br>**Түсіну деңгейі: Өзекті мәселе**: жабайы жануарлар немен қоректенеді? Қандай жануарды жыртқыш дейміз? Қай аң шөппен қоректенеді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Мынау не?<br>-Мынау – қызылша.<br>-Қызылша күзде піседі.<br>-Қызылша қай жыл мезгілінде піседі?<br>-Қызылша күзде піседі.<br>-Қызылша қызыл.<br>-Қызылшаның түсі қандай?<br>-Қызылша қызыл.<br>-Қызылша дәмді, өте пайдалы.<br>-Қызылша қандай?<br>-Қызылша дәмді, өте пайдалы.<br>-Мынау – орамжапырақ.<br>-Мынау не?<br>-Мынау – орамжапырақ.<br>-Орамжапырақ күзде піседі.<br>-Қызылша қай жыл мезгілінде піседі?<br>-Орамжапырақ күзде піседі.<br>-Орамжапырақ жасыл. Өте пайдалы.<br>-Орамжапырақ қандай?<br>-Орамжапырақ жасыл. Өте пайдалы.<br>-Көгөністер бақшада өседі.<br>-Көгөністер қайда өседі?<br>-Көгөністер бақшада өседі.<br>Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.<br>*Орамжапырақ, қияр, қызылша, қызанақ* сөздеріндегі «қ» дыбысына көңіл бөлу.<br>**Қолдану деңгейі:** Тақпақ жаттау.<br>Көгөністі көп ектік,<br>«Өссін, піссін», – деп ектік.<br>Көктемде еккен көгөніс,<br>Күзде берді көп өнім.<br>Педагог тақпақты оқиды, мазмұнын түсіндіреді, балалармен жаттайды.<br>**Сергіту сәті.** Ойын: «Кім | қиямыз (үйдің қабырғасы).<br>2. Үшбұрышты қиямыз (үйдің шатыры).<br>3. Шаршыларды қиямыз (үйдің терезесі).<br>Педагог жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөледі.<br>Үйлердің қиып алған бөліктерін үлестірмелі материалдың 2-бетіндегі үлгіге жапсырамыз. Жұмыс толық аяқталғанда «Ұшқыштар» және «Батырлар» көшесі бойына өз үйлерін жапсыру тапсырылады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Балақан-ау, балақан,<br>Кәне, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат! | тіктөртбұрышты көтереді.<br>«Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны<br>– Мен сендерге суретті көрсетіп, сол суреттегі заттың атын айтамын. Сендер сол сөзге мағынасына сәйкестендіріп, дауысты дыбыстан басталатын сөзді айтып жалғастырасыңдар.<br>Мысалы: *үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабақ), қоңыр (етік), жасыл (айва), сары (апельсин), қалың (орман), мамық (орамал), ақылды (әже), үлкен (ата), жүйрік ( ат), ұзын (ожау),бұзық (әтеш), үлкен (акула), кең (алқап), дәмді (ас), мықты (ит), батыр (адам), ақымақ (Омар) т.б.*<br>«Қайтала»**(доппен)** дидактикалық ойыны<br>Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы: *тттиін(т), қққасқыр(қ), бббаққа(б), вввагон(в), ғғарыш(ғ), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), ккккітап(к),* | Өрік – жеміс.<br>Өрік дәмді.<br>Өрік қандай?<br>Өрік дәмді.<br>Мынау – анар.<br>Мынау не?<br>Мынау – анар.<br>Анар – жеміс.<br>Анар не?<br>Анар – жеміс.<br>Анар дәмді, пайдалы.<br>Анар қандай?<br>Анар дәмді, пайдалы.<br>Мынау – құрма.<br>Мынау не?<br>Мынау – құрма.<br>Құрма дәмді, пайдалы.<br>Құрма қандай?<br>Құрма дәмді, пайдалы.<br>Мынау – шабдалы. Мынау не?<br>Мынау – шабдалы.<br>Шабдалы – жеміс.<br>Шабдалы не?<br>Шабдалы – жеміс.<br>Шабдалы дәмді, пайдалы.<br>Шабдалы қандай?<br>Шабдалы дәмді, пайдалы.<br>Бұлар – жемістер.<br>**Түсіну деңгейі: Дыбыстық жаттығу**.<br>(айнамен орындалады)<br>Ө-ө-өр-өр - өрік.<br>І-і-і-іс-әс – жеміс.<br>Қ -қ-қ - құрма.<br>**«Дүкен» ойыны**.<br>Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Жемістердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау.<br>Санамақпен сатушыны таңдайды. Бала дүкенге келеді. | **Педагог балаларды жарнама агенттігіне жұмыс і**стеугешақырады және кез келген жабайы аң туралы жарнама жасауға шақырады. Балалар өз қалауы бойынша жабайы жануарды жарнамалайды. Жарнама мынадай жоспарға сай жасалуы тиіс: Жанурдың атауы қандай (оның сырт келбеті, дене мүшелері, терісі)? Қай жерде тіршілік етеді (апан, ін, үңгір, ағаш қуысы)? Немен қоректенеді? Төлі қалай аталады?<br>**«Объективті деректер бойынша бөлу» техникасының көмегімен балаларды топтарға бөледі.** Бір топқа жеке басына қатысты ерекшеліктеріне қарай топтасады (ақ құба, қараторы, сары балалар; қой көзділер, көк көздер, көзінің түсі жасылдар; бойына қарай; белгілі бір жұмысқа – сурет салуға, құрылысқа, балықтарға күтім жасауға, биге және өлең айтуға қызығушылықтарына қарай).<br>**«ВЕНН ДИАГРАММАСЫ»техни касының көмегімен орындауды ұсынады: «Сен жануарлар туралы не білесің?» дидактикалық ойыны.**<br>Тапсырманы түсіндіреді: Сиыр мен қасқырдың арасында айырмашылықтар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылдам?» себетке көгөністерді жинайды, атайды, сипаттайды.<br>«Жеміс-көгөніс дүкені» демонстрациялық материалдармен жұмыс.<br>Балалар суретке қарап, дүкенде қандай көгөніс сатылатынын атайды.<br>Педагог алдымен өзі айтады: Дүкенде қияр бар.<br>Дүкенде қызанақ бар.<br>«Дүкен» ойыны. Қима материалдармен жұмыс.<br>Көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау.<br>Санамақпен сатушыны таңдайды. Балалар дүкенге келеді. Диалог:<br>Сәлеметсіз бе!<br>Сәлеметсіз бе!<br>Маған қияр беріңізші.<br>Алыңыз.<br>Рақмет. Сау болыңыз.<br>Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін табады.<br>**Жаңылтпашты жаттап ал.**<br>*Бақшада көп көгөніс,*<br>*Бақтарда да көп жеміс.*<br>*Өседі, піседі,*<br>*Көп жеміс пен көгөніс.* | | *лллақ(л(, мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), ппparта(п), ррpадио(р), hhhah((h), фффабрика(ф), чччупа-чччупс(ч), ццциркуль(ц), шшшахмат(ш), щщщетка(щ), хххат(х), уууылдырық(у) т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:** «Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны<br>Педагог а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж дыбыстарын айтады. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса – қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек. ***«Түсіп қалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны***<br>*Педагог заттың суреттерін көрсетеді.*<br>– Балалар, мен сендерге сурет көрсетіп, сөздердің бір дыбысын түсіріп айтамын, сендер түсіп қалған дыбысты қосып, толық сөзді айтуларың керек. *(Балалар суретке қарап, педагогтің қатесін түзеп, түсіп қалған дыбысты айқынырақ айтады.*<br>Мысалы: *ұша...(қ), қызына...(қ), бана...(н), тор..(т), апельси ...(н), қоя...(н), автоб...(с), шәйне...(к), қо...(й), текш...(е), до...(п), күші...(к), сыпырғы...(ш), қамш...(ы), телефо...(н), қылы...(ш), қайы...(қ), балапа...(н), тырн...(а),* | Сәлеметсіз бе!<br>Сәлеметсіз бе!<br>Маған өрік беріңізші.<br>Алыңыз.<br>Рақмет. Сау болыңыз.<br>Ойынды күрделендіруге болады. Бала жемісті сипаттайды. Сатушы оның қандай жеміс екенін табады.<br>**Қолдану деңгейі:** Сөздік ойын: «Мен қай жемісті көрсеттім». *Педагог себеттен жемістерді алып көрсетеді, балалар атын атайды.*<br>**Жаңылтпашты жаттап ал.**<br>Алма базарда<br>Алма алма алар ма?<br>Ақ алма алар ма?<br>Әлде алары анар ма?<br>**Сергіту сәті.**<br>Ауладағы бағымда<br>Самсаған көп алмалар,<br>Жете алмаймын санына.<br>Бір ағашта қанша бар<br>Бұтақтан үзілген?<br>Жарылса анарым,<br>Моншақтай тізілген,<br>Дәндерін аламын. | да, ұқсастықтар да бар.<br>Қызыл бұрышқа қасқырдың тіршілігіне қатысы бар карточкаларды қойып, сөздерді жазыңдар (орман, тырнақтар, қасқырдың аузы, азу тіс, жыртқыш). Ал жасыл бұрышқа – сиырдың тіршілігіне қатысы барларын жазыңдар (пішен, шөп, сүт, ет, мүйіз, құйрық, бұзау, му- му...). Сары секторға жануарларға тән ортақ белгілерді жазыңдар (мәселен, жүн қаптаған). 5 минут уақыт беріледі.<br>**Қолдану деңгейі: Балаларды «Ойлан, тап» атты ойын ойнауға шақырады**: Педагог қоршаған ортадағы заттарды атайды. Балалар сол нысандардың тіршілік ететін ортасын немесе тұрған жерін атап көрсетеді.<br>П: Қасқыр қай жерде жүреді?<br>Б: Орманда, далада, хайуанаттар бағында.<br>П: Тағы қай жерден кездестіруге болады?<br>Б: Ертегіден, мультфильмнен, егер ойыншық болса, сөреден…<br>**«Кім адасты?» ойынын ойнайды.**<br>Педагог бірнеше нысанды атап көрсетеді. Оның біреуі қалғандарымен бір топқа жіктеуге келмейді. Ойынға кірісіп, кімнің адасып кеткенін табады.<br>П: Сиыр, маймыл, ит, тасбақа, кенгуру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *тара...(қ), бақ...(а), балмұзда...(қ), қан...(т), қия...(р).* | | Б: Тасбақа. Қалған жануарлардың бәрі – сүтқоректілер, ал, тасбақа олай емес. Немесе кенгуру. Оның қалтасы бар, басқаларда қалта жоқ.<br>**Сергіту сәті**<br>Көңілді орманда қояндар ерте тұрды *(бір орында тұрып секіру)*<br>Ытқып-ытқып секірді *(бір орында тұрып жүреді)*<br>Түлкі келеді қылмыңдап *(қолын алға созып алға қарай тартылу),* Мыршайы жүр жылмаңдап *(бір орында тұрып секіру).*<br>Көжектер де жүгірді *(бір орында тұрып жүгіру),*<br>Аш түлкіден қаш-қаш *(қолын алға созып алға қарай тартылу),*<br>Құтыларсың болсаң сақ *(терең дем алады, демін сыртқа шығарады).*<br>Қояндар тынығады (отырып, тынығамыз). |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын: «Үйрек үйрек, қаз»**

**Басты міндет: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.**





**Аз қимылды ойын: «Үйрек үйрек, қаз»**
**Міндет:** Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.
**Дағды:** Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.
**Барысы:** Қатысушылар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ішінде айналып жүріп, қолымен көрсетіп "үйрек, үйрек, үйрек, ......... қаз" дейді. Қаз жүргізушіге қарай, қарама-қарсы жүгіреді. Бұл екеуінің орындайтын тапсырмасы тезірек босаған орынға барып тұру.
**Ойынның қиындығы :** олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" рөлінде ойнап шығуын

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|   | | | қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет.    | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Менің сүйікті жануарларым.<br>**ҰІӘ міндеттері:** Әртүрлі бағыт және қарқынмен қолды қадамдарымен үйлестіре қозғап жүгірулерін жетілдіру; экологиялық мәдениетке,ұйымшылдыққа, психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанның көмегімен төрттағандап еңбектеуге жаттықтыруды жалғастыру; талдап ойлау, қабылдау, үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді, әртүрлі бағытта және әртүрлі шапшаңдықпен | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біздің аспаптар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** ұлттық домбырада орныдалатын күй жанрымен таныстыру; әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; әуеннің би сипатын сезіну,би қимылдарының элементтерін орындау; балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.<br>**Дағды**: аспаптың дыбысталу тембрін ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады.<br>**Түсінеді**:регистр деген не екенін.<br>**Қолданады:** ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дене қабілеттерін дамыту.<br>**ҰІӘ міндеттері:** денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру; беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімінің ақауларының алдын алу.<br>**Дағды**: Жүгіріп келіп, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп екпінмен биіктікке секіру дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** орындайды: құлақ қалқанын уқалау, алаңқайдың бір жағынан екінші жағына қатармен жүру.<br>**Түсінеді:** залда қауіпсіздік ережелерді сақтау керектігін, | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біздің аспаптар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** ұлттық домбырада орныдалатын күй жанрымен таныстыру; әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; әуеннің би сипатын сезіну,би қимылдарының элементтерін орындау; балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.<br>**Дағды**: аспаптың дыбысталу тембрін ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады.<br>**Түсінеді**:регистр деген не екенін.<br>**Қолданады:** ырғақты, | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Доппен ойнап, көңіліңді көтер!<br>**ҰІӘ міндеттері:** кеңістік пен ондағы заттарды бағдарлай білулерін дамыту. Қолды әртүрлі қалыпта қозғалтып секіруге жаттықтыруды жалғастыру.<br>**Дағды**: Қол мен аяқты үйлесімді қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, қол бұлшық еттерін, шыдамдылық пен ептілік дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру .<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды, 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, түзу бағытта еңбектеп жүруді.<br>**Түсінеді:** спорттың пайдасын; ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүгіруді, бір орнында тұрып айналып **секіруді.**<br>**Түсінеді***:* әртүрлі бағыт және қырқынмен қолды адамдарымен үйлестіре қозғап жүгірудің, гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанның көмегімен төрттағандап еңбектеудің маңызын.<br>**Қолданады:** музыка әуенімен нұсқауларды аса дәлдікпен орындау машықтарын, секіру машықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «**Ерекше жануар» тренингі<br>Бір-біріміздің қолдарымыздан ұстап, шеңберге тұрайық. Әрқайсысың өздеріңді бір ерекше жануармын деп ойлаңдар. Дем алу – дем шығару жаттығуларын орындаймыз (3 рет). Өте жақсы. Жүрегіміздің қалай соққанын тыңдайық. Түк – бір адым алға, түк – бір адым артқа (3 рет).<br>**Түсіну деңгейі:** «Қазақстан жануарлары» ойын-жаттығуы – (музыка әуеніне сай әртүрлі жануарлардың жүрісін салады).<br>Тізбекте бір-бірден тұрып, аңдардың жүрісін, жүгірісін салып жүреді, жүгіреді, түрлі тапсырмаларды орындайды. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.<br>Ритмикалық гимнастика – | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Марш» (В. Дешевов).<br>Әуенді тыңдап, ырғақты сезіне жеңіл жүруге дағдыландыру.<br>Марш екпінімен тізені көтере адымдай басу, бірге қимылдауды үйрету.<br>*1-2 такт.* Шеңбер бойымен қозғалмай тұру.<br>*3-18 такт.* Әуенінде шеңбер бойымен адымдай басып, жүру. Әуен екінші рет қайталанғанда 3-16 тактіде шеңбер ішіне бұрылып тұрып, бір орында адымдау.<br><br>**Түсіну деңгейі: *Музыка тыңдау:*** «Балбырауын» (Құрманғазы).<br>Композитор туралы мағлұмат беру, суретін көрсету. Құрманғазының күйлеріне тоқталу.<br>Күйдің шығу тарихын айтып беру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева).<br>Әнді орындап, сипаты мен мазмұнына мән беріп, талдап, әңгімелеу.<br>Әнді орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үндесіп айтуға көңіл аудару.<br>Таныс «Мен өнерлі баламын» әнін (М. Омаров) қайталау, әнді үйренуді жалғастыру.<br>Жеке және хормен айту. | бөрененің үстімен жүргенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды, өз қимылдарын оң жақ, сол жақ көршілес балалармен үйлестіруді.<br>**Қолданады:** баяу жүгіру дағдыларын, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын, қолды сермеу мен аяқпен итерілу күшін мөлшерлеуді, кеңістікті бағдарлау біліктілігін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Бір-бірден тізбекке, қатарға тұру. Бір-бірден тізені жоғары көтере отырып, тізбекке тұру.<br>Екі қатарға қайта сап түзеу. Алаңқайдың бір жағынан екінші жағына дейін қатарды бұзбай барып қайту.<br>**І.Гантельдермен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№1).**<br>Жүгірістен кейін тыныс алуын қалыпқа келтіреді. (1,5минут) (У-шу жаттығулары кешенін орындайды)<br>Баланың жоғары көтерген қолынан 20 см биіктікте ілулі тұрған затты (қоңырау) жүгіріп келіп секіріп алу (3 рет) **.**<br>**ІІ.Аяқтың итерілу күші мен қолын айналдырып қозғалтуын түзете білуіне балалардың назарын аудару.**<br>Нұсқау – аяқпен қажетті | мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Марш» (В. Дешевов).<br>Әуенді тыңдап, ырғақты сезіне жеңіл жүруге дағдыландыру.<br>Марш екпінімен тізені көтере адымдай басу, бірге қимылдауды үйрету.<br>*1-2 такт.* Шеңбер бойымен қозғалмай тұру.<br>*3-18 такт.* Әуенінде шеңбер бойымен адымдай басып, жүру. Әуен екінші рет қайталанғанда 3-16 тактіде шеңбер ішіне бұрылып тұрып, бір орында адымдау.<br><br>**Түсіну деңгейі: *Музыка тыңдау:*** «Балбырауын» (Құрманғазы).<br>Композитор туралы мағлұмат беру, суретін көрсету. Құрманғазының күйлеріне тоқталу.<br>Күйдің шығу тарихын айтып беру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева).<br>Әнді орындап, сипаты мен мазмұнына мән беріп, талдап, әңгімелеу.<br>Әнді орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үндесіп айтуға көңіл аудару.<br>Таныс «Мен өнерлі баламын» әнін (М. Омаров) | қалай дамыту керектігін; салауатты өмір сүру үшін не істеу қажеттігін.<br>**Қолданады:** допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алу, жоғарыға лақтырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу машықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Тізбекке бір-бірден тұрады. Доппен түзету жаттығуларын орындайды: доп ұстап жүру (доп оң қолда), аяқтың ұшымен жүру – допты бастан жоғары көтеріп жүру, өкшемен жүру – допты алдыда ұстау.<br>Тізбекке екі-екіден тұру.<br>Доппен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№2).<br>Арақашықтықтарын сақтау.<br>Бастапқы қалыпты сақтай білу машықтары мен допты жерге түсірмеулерін қадағалау.<br>**Түсіну деңгейі:** «Бір орында тұрып секіру»<br>Қолды әртүрлі қалыпта қозғалтып секіруге жаттықтыру. Қол мен аяқты музыка ырғағымен үйлесімді қозғай білу ( 20 рет). Музыканы мұқият тыңдайды, тізелерін сәл бүгіп, ырғақпен және жеңіл секіруге тырысады.<br>Қолды иыққа қойып, желкеге қойып секіреді.<br>**Қолдану деңгейі:** Қимыл-қозғалыс ойыны: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | музыка әуенімен нұсқауларды аса дәлдікпен орындату. Кешен бойы дене бітімдерін түзу ұстау.<br>**Қолдану деңгейі:** Ойын-жаттығуы: «Тұлпар»<br>**Әртүрлі бағыт және қарқынмен жүгіру (музыка әуенімен)**<br>Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. Бірінші сапта тұрған балалар тізелерін сіл бүгіп секіреді, ал екінші саптағылар шапалақ ұрады.<br>**«Ор қоян»** (4 рет)<br>Бір орнында тұрып айналып **секіру.** Ырғақпен секіреді, шапалақтың дауысын мұқият тыңдап, бір мезетте ұруға тырысады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қасқыр мен лақтар**».**<br>(4 рет)<br>Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасына орналасады.<br>*Бөрте, бөрте, бөрте лақ,*<br>*Бөрте лақ тым ерке-ақ.*<br>*Кетесің кейде секеңдеп,*<br>*Байламаса көкем кеп.*<br>«Лақтар» залдың қарама-қарсы жағына жүгіреді, «қасқыр» оларды қуып ұстайды. | **Қолдану деңгейі:** ***Билер:*** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех халық әуені).<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). | жерден итеріліп секіруге тырысу керек: өте алыстан да емес, тым жақындап, дәл ілулі заттың түбінен де емес.<br>**Түсіну деңгейі: Тепе-теңдік сақтау** – беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап (сүйем қадам жасап) жүріп өту. (4 рет)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қаршығалар мен қарлығаштар».** (4 рет) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-біріне арқаларын қаратып тұра қалады.<br>Ұлдар командасы – «Қаршығалар», қыздар командасы – «Қарлығаштар».<br>«Қаршығалар!» деп команда берілген кезде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br>«Қарлығаштар!» деп команда берілген кезде қыздар ұлдарды ұстап алуға тырысады.<br>Ұсталғандары қарсылас командаға өтеді.<br>**Қолдану деңгейі: Құлақ қалқанын уқалау** (3 рет). Құлақ сырғалықтарын екі қолдың барлық саусақтарымен жылығанын сезінгенше жоғары-төмен, алдынан-артынан сипаудан бастайды. Психикалық күйзелістегі бала осы сәтте терісінің сезімталдығын | қайталау, әнді үйренуді жалғастыру.<br>Жеке және хормен айту.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:*** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех халық әуені).<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). | «Шеңбер» **(4 рет)**<br>Ойын бойы жұптарын ауыстырмаған ойыншыларды мадақтайды. Ойыншылар екі-екіден құрсау ішіне кіріп, үлкен шеңбер құрып тұрады. Ойыншылардың біреуі осы үлкен шеңбердің ортасында тұрады. Ол белгі бойынша құрсау ішінде тұрған бір баланың орнын тартып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала ортаға тұрып, ойын қайтадан жалғасады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | байқатады. Ал эмоциянaлды қалыпты бала сол теріге әсер етуді тіпті байқамай да қалуы мүмкін.Енді аздаған шымшыма жаттығуларды орындайды. Құлақ қалқанын 1, 3, 4 - саусақтармен ұстап, ақырындап умаждау. Жаттығуды терісі аздап қызарып, балалар құлағы ысығанша жасай береді.<br>**Ойын жаттығуы: «Еркін тыныс ал, көркем ойла!** Бейнені көрсетіп қоймай,өз таңдауының дұрыстығын дәлелдейді.Демін сыртқа шығарғанда, ойша бейнелер тудырады.<br>«Мен – мықты арыстанмын!»<br>«Мен – ең шапшаң қабыланмын!»<br>«Мен – жүйрік жолбарыспын!»<br>«Мен – қайсар қасқырмын!» | | |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №17**<br>**Гүлзарды бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>— Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру;<br>— Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр).<br>***Бақылау барысы*** | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №18**<br>**Ұшып кететін құстарды бақылау**<br>***Міндет****: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту*;<br>— Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>Қайтқан құсты көрдің бе?<br>Қаптай ұшқан әуелеп. | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №19**<br>**Үйеңкі ағашын бақылау**<br>***Міндет****: үйеңкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту*<br>*(қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал т.б.)*<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Күзде жауын. Бұлт. Тұман.*<br>*Тапталады табанға,* | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №20**<br>**Терек ағашын бақылау**<br>***Міндет****: Терек ағашының ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту*<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Көк орманда тау таза, бой таза,*<br>*Мұнда таңның қоңыр салқын лебі бар*<br>*Көк орманда адам таза, ой таза* | **Қыркүйек**<br>**Серуен кешені №21**<br>**Жүк көліктерін бақылау**<br>***Міндет****: жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету.*<br>***Бақылау барысы***<br>Адамдарды, жүктерді суда-кемелер, жерде поездер, әуеде-ұшақтар тасиды. Ал, аулада, көшеде жиі кездесетін көліктер-машиналар. Машиналар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ***Көркем сөз***<br>*Кешкілік пе, күндіз бе,<br>Өсіп тұрған гүлді үзбе.<br>Туған жерді далаға,<br>Тастай алмай жүрміз бе?<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма?<br>Бірде бірін жұлғызба,<br>Қасыңдағы балаға.*<br>Тәрбиеші сұрақтары:.<br>♦ Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай қзгерістерге ұшырайды?<br>♦ Мына гүлзардан не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Гүлзарда өсетін гүлдер қалай аталады?<br>♦ Гүлдер көктемде қайта өсуі үшін не істеу керек?<br>♦ Гүлдің өсуіне нелер көмектеседі?<br>♦ Гүлдерді жұлуға бола ма?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Гүлдерді салыстыру (гүлдер дің бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай).<br>**Еңбек:** Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу<br>***Міндет:*** *піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету.*<br>**Қ/О:** «Құстар қалай ұшады?**».**<br>***Міндет:*** *белгілі бағытқа жүгіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Доппен жаттығу<br>***Міндет:*** *допты лақтыруға, қағып алуға жаттықтыру*<br>***Тыйым сөздер:***<br>***Гүлді үзбе, көк шөпті*** | Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп.<br>Жаз қызығы өтті енді,<br>Құстар қайтып кетті енді.<br>Қол бұлғап қоштасамыз,<br>Төбеден құстар өткенде<br>**Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:**<br>*Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді? (құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)<br>*Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар? (жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді)<br>*Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды)<br>*Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндәктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді)<br>*Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды)<br>*Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су | *Судыр-судыр жапырақ.<br>Судыр-судыр жапырақ<br>Сары жапырақ жауады.<br>Сары құйын ұйтқыған,<br>Өрттей сары бояуға,<br>Малынғандай атырап.<br>Балаларға сұрақтар:*<br>♦ Үйеңкі ағашының жапырақтары мен бұталары қандай?<br>♦ Үйеңкі ағашы қай жерлерде жиі өседі?*(өзен жағалауында.)*<br>♦ үйеңкі ағашының қандай түрлерін білесіңдер?*( қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал).*<br>♦ Үйеңкі ағашы адамдарға не береді? *(бұтақтарынан себет (корзина) тоқиды)*<br>***Зерттеу жұмысы***<br>*Үйеңкі ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру.<br>Айырмашылығы қандай?*<br>**Еңбек:** Бұйымдар жасауға жапырақ жинау.<br>*Міндет:еңбек ету іскерліктері мен дағдыларын дамытуды жалғастыру*<br>**Қимылды ойын**<br>«Аңшылар мен аңдар».<br>*Міндет:*<br>— *әртүрлі кедергілерден өтіп жүгіруге*<br>— *ептіліктерін дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Секіргіш жіппен секіру.<br>*Міндет:екі аяқпен бірдей* | *Көк орманда әнші құстар елі бар.<br>Орман өзін күнде таза ұстайды,<br>Іздесеңдер қандай ағаш керегін-<br>Көк орманда шаң бұрқырап<br>Бәрі, бәрі осы орманнан табылар.<br>Д/О: «Мен көрсеткен жапырағы бойынша ағашын тап»<br>Балаларға сұрақтар:*<br>- Бұл қай ағаш деп ойлайсыңдар?<br>♦ Терек ағашының жапырақтары мен бұталары қандай?<br>♦ Терек ағашы қай жерлерде жиі өседі? *(барлық жерде: саябақтарда, көшелерде, аулаларда.)*<br>♦ Терек ағашының қандай ерекшелігі бар?*(олардың салпыншақ гүлдері бар, көктемде олардың қауыздарынан ақ ұлпа ұшады, жерді қар басқандай болады, балаларға оны өртеп ойнауға болмайды-өте қауіпті ).*<br>♦ Терек ағашы адамдарға не береді? *(эфир майы, қышқылдар бар. Медицинада, халық емшілігінде қолданады)*<br>***Зерттеу жұмысы*** *Терек ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру.<br>Айырмашылығы қандай?* | түрлеріне қарай адамдарға әртүрлі қызмет көрсетеді. Адамдарды жұмыс орнына тасиды, дәрігерлерді ауруларға жеткізеді, өртсөндірушіні өрт болған жерге апарады, әртүрлі жүктерді тиісті жеріне апарады, көшеге су себеді, сыпырады, қар тасиды. Олар адамдардың бірінші көмекшісі.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>- Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦ Адамдар жүк көліктерін не үшін пайдаланады? *(әртүрлі жүктерді тасу үшін.)*<br>♦ Жүк тиейтін машиналар қандай көлік түрлеріне жатады? *(жүк таситын көліктерге).*<br>♦ Жүк таситын басқа қандай көлік түрлерін білесіңдер? *(жүк таситын ұшақтар, тікұшақтар, поездар,кемелер.)*<br>♦ Машиналар бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреді? *(жасыл.)*<br>♦ Машинаны жүргізетін мамандықтағы адамды кім деп атайды? *(жүргізуші, шофер)*<br>♦ Бағдаршамның неше түсі бар? *(Үш: қызыл, сары, жасыл.)*<br>♦ Адамдар бағдаршам жоқ жерден қалай өтеді?<br>**Еңбек**<br>Түскен жапырақтарды жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***баспа.*** | астында қорек табылады)<br>**Еңбек:**<br>Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау<br>*Міндет:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу*<br>**Қ/О:** «Аққу-қаздар».<br>*Міндет: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру<br>*Міндет:қозғалыс белсенділіктерін дамыту.* | *секіруге жаттықтыру.*<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Бір тал кесссең, он тал ек.*** | *Мақал-мәтел «Ауыл сәні терек,*<br>*Терек егу керек»*<br>**Еңбек:** Құмсалғыштағы құмға су себу.<br>*Міндет: кіші топ балаларына көмектесу, қамқорлық сезімге тәрбиелеу.*<br>**Қ/О:** «Допты капитанға бер».<br>***Міндет:***<br>— доппен ойын кезінде әртүрлі қозғалыстарды қолдану, серіктесінің іс-әрекетімен санаса білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Екі-екіден колоннаға тұру.<br>***Міндет:****мүсіндерінің дұрыс жетілуін қалыптастыру.* | ***Міндет:***<br>*Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу;*<br>— ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Тоқта--жүгір».<br>***Міндет:***<br>— *белгі бойынша әрекет етуге үйрету;*<br>*—ептіліктерін дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>**Бөрене үстімен жүру**.<br>*Міндет:тепе-теңдікті сақтай отырып, жүру техникасын жақсарту.*<br>***Мақал-мәтел: «Бастаған істі тастама»*** |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | Аитжанова Аделямен жеке жұмыс.<br>Жыл мезгілдеріне арналған суреттерге қарап, әңгіме құрай білуге үйрету. | Алтай Сұлтанмен жеке жұмыс.<br>Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде суреттер арқылы үйрету. | Архатұлы Әбілмансұрмен жеке жұмыс.<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | Берікұлы Арнұрмен жеке жұмыс.<br>7 және 8 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету. | Қадылбек Адия,Қадылбек Жаниялармен жеке жұмыс.<br>Тіл ұстартуға байланысты суреттер арқылы,мәтіндер құрауға үйрету. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Дербес ойын:**<br>**«Қай мезгілде киеміз»**<br>**Міндет**: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту,жыл мезгілдеріне сәйкес келетін киім атауларымен таныстыру,сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.<br>**Дағды:** Әр жыл мезгілінің киімдерін ажырата білу.<br>Киімдердің адамға қандай | **Танымдық-қимылды ойын: «Тату тәтті отбасы»**<br>**Міндет:**<br>Тез шешім қабылдай алуға, жылдамдыққа, ептілікке, сыйластыққа үйрету.<br>**Дағды:** Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға,бауырмалдыққа, мейірбандыққа дағдыландыру.<br>**Ережесі:**<br>Аланда балалар әр отбасы | **Ойын: "Белгіні тыңда"**<br>**Міндет:**Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>**Дағды:** Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген | **Қимылды ойын:**<br>**«Білектесу»**<br>**Міндет:**<br>Балаларды жылдамдыққа, ептілікке, шымырлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:** үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойын шарты:**<br>Ойыншылар бір-бірмен | **Суреттік боямалар:**<br>**«Көгөністер»** жаттығуы.<br>**Міндеті:**<br>Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .<br>**Ойын шарты:** Алдын-ала тақтаға қияр,сәбіз,пияз салынған плакат ілініп дайындалады .<br>Рет-ретімен шығып әр көгөністерді бояймыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдасы барын айтып беруге дағдыландыру. | болып бөлінеді. Әуенмен билеп жүреді.<br>Педагог әуенді тоқтатады да: «Тату тәтті жанұяда 2 (3,4) адам<br>тұрады!» деп хабарлайды. Сол кезде балалар аталған санға қарай<br>бөлінуі тиіс. Осылайша ойын жалғаса береді. | қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыруға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**балалар шеңбер бойында тұрады. Тәрбиеші жалаушамен алға деген белгі бергенде балалар мәреге жету керек, жете алмаған бала өз өнерін көрсетеді. | білектесіп жарысады. Екі бала бір-біріне<br>қарама-қарсы отырып, шынтағын үстелге тегіс тигізе,<br>қол күштерін сынасады. | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**.<br>**12:25-12:30** | **Ата-анаға кеңес:**<br>«Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:**<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:**<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес:**<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 02.10 | Сейсенбі 03.10 | Сәрсенбі 04.10 | Бейсенбі 05.10 | Жұма 06.10 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті**(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**Үстел үсті ойыны** : ***«Гүлді түсіне қарай жинау» ойнау.***<br>**Мідеттері:** Түстерді ажырата білу, күз туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру.<br>**Дағды:** гүлдің бөліктерін нақтылы құрай білуге және түстерді анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Үстел үстінен | **Сурет салу– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары: «Ғажайып фигуралар»**<br>**Міндет:** геометриялық пішіндер мен заттардың ұқсатығын таба білуге үйрету<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: Ортада 2 үстел қойылып, оның біріншісіне геометриялық пішіндер ал, екіншісіне ұқсас заттар қойылады. Үстелдегі заттар арасынан осы пішінге ұқсас затты табады.Табылған зат жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: Геометриялық фигураларға | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Сәйкестендіру жаттығу ойыны:«Спортлото құрастыру»**<br>**Міндет:** балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын дамыту; балаларды спорт түрлерін тануға және атауға үйрету; зейінін, есте сақтауын дамыту.<br>**Дағды:**спорт түрлерін атап,сол спорт түрлеріне байланысты дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Әр ойыншы 2-3 ойын | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>**Ойын жаттығу:** «Қайсысы нені жақсы көреді?»<br>**Міндет:** баланың ойлау қабілетін дамыту, кейіпкерлер бейнесін сомдауға баулу.<br>**Ойын шарты:** үстел үстінде берілген жануарларды, құстарды жақсы көретін тағамдарымен қосу.<br>Мысалы: мысық – сүт, ит – сүйек, тауық – тары, лақ – шөп.<br>**Дағды:** бір-бірімен сәйкестендіруге дағдыландыру.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, дәптердегі | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Үстел үсті ойыны: «Бауда әлде бақшада?» «Мозайка»**<br>**Міндет:** балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу .<br>**Дағды:** көкөністер мен жемістерді айыра білуге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету.<br>**Ықтимал күрделендірулер:**. Өз ойларын еркін жеткізу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жасырын тұрған қай түсті атасам жерде шашылып жатқан гүлдердің ішінен сол түсті тауып көрсетілген түске әкеліп саласындар , біз түстерді ажырата біледі екенбіз балалар.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса.<br> | байланысты жұмбақтар шешу<br>**Ойынның нұсқаулары**: Геометриялық фигураларды ажыратқан соң,атауларын жатқа айту.Геометриялық пішіндерден тағы не құрауға болатыны жайлы әңгімелеу.<br> | суреттер беріледі,оларды құрастыру арқылы бір спорт түрлерін жинақтау. Жүргізуші, спорт түрін атайды және оны ойыншыларға көрсетеді. Ойын картасында осындай белгі бар суретті табады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның нұсқаулары:** дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау.<br><br> | жануарлар мен құстардың дауысын, қимылын келтіріп ойнату.<br><br> | <br><br> |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың | № 22 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 1 жаттығулар кешені** | № 23 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 2 жаттығулар кешені** | № 24 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі үлкен доппен** | № 25 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені** | № 26 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырып барып, артқа жіберіп, аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.қ. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау.<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.қ.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5 рет қайталау.<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.қ. 4 рет қайталау.<br>4.Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынан екінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 рет қайталау.<br>5.Б.қ.: қолын артынан еденге таянып отыру, допты балтырының тұсына қою. 1-2– аяқтарын түзу созу, жоғары көтеріп, допты балтыр тұсымен оңға-солға дөңгелету; 3-4– б.қ. Басын төмен түсірмеу. 4–6 рет қайталау.<br>6.Б.қ.: етпеттеп жатып, допты түзу аяқтарының ортасына қысу; қолдарының шынтағымен еденге тірену; аяқтарын допты түсірмей бүгу, жазу. 3–5 рет қайталап, үзіліс жасап, 4–6 рет қайталау. | 1.«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру.<br>1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 – допты жоғары көтеру; 3 – допты кеуде тұсыны ұстау; 4 – б.қ.қ. (8 рет).<br>2.«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру.<br>1 –отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.қ.қ. (8 рет).<br>3.«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу; 4 –б.қ.қ. (8 рет).<br>4.«Қайық». Б.қ.– етпетінен жатып, аяқтарын біріктіру, допты қолдарында ұстау. 1-3 –<br>қолдарын жоғары көтеру, допқа қарау; 4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>5.«Отырып иілу». Б.қ.: отыру, аяқтарын аздап ашу, допты арасына қою; 1-2 – аяқтарын бүкпей допты ілгері домалату; 3-4 – допты артқа дөңгелету.<br>6.«Секірулер». Б.қ.: – аяқтарын аздап ашу, допты еденге қою. Допты айнала екі аяқпен секіріп жүру. 8 рет | **орындалатын жаттығулар**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2– қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4– б.қ.қ. (8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, допты еденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– орырып, допты еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1–4– оңға иілу; допты оңға қарай сыртқа домалату; 5–8– б.қ.қ. сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, | 1.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1– қолдарын екі жаққа созу;<br>2– қолдарын жоғарыға апарып, аяқ басына көтерілу; 3– қолдарын қайтадан екі жаққа созу; 4 – б.қ.қ. (7-8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын желкесіне қою. 1 – денені оңға бұру, қолдарын екі жаққа созу; 2– б.қ.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын төмен қою. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2– оң (сол) аяққа иілу, қолдарының саусақтарын аяқ бастарына тигізу; 3– қолдарын екі жаққа жазып, денесін түзулеу; 4– б.қ.қ. (8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1-2 – отыру, қолдарын алдыға созу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын төмен қою. 1– оң аяғын жанына, қолдарын екі жаққа созу; 2– оң қолын төмен, сол қолын жоғары көтеру; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4–оң аяғын орнына қайтарып сүйем қадам жасау, б.қ.қ. Сол жағына сол қимылдарды қайталау (8 рет).<br>6.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1 – оң аяғының басын созып басып, алдыға | 1.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, қолдарын беліне қояды.<br>1– қолдарын желкесіне қояды, оң аяғының басымен артқа қояды; 2– б.қ.қ. сол аяғымен сол қимылдарды қайталайды (6-7 рет).<br>2.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, қолдарын беліне қояды.<br>1– оңға бұрылып, оң қолын оңға созады; 2– б.қ.қ. Сол қимылдарды сол жағымен қайталайды (8–10 рет)<br>3.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, қолдарын жанына төмен түсіріп қояды.<br>1– оң аяғымен алдыға құлайды; 2-3– серпіліп тербелу; 4– б.қ.қ. Сол аяғымен қайталау (8–10 рет)<br>4.Б.қ.: тізерлеп тұру, қолдарды беліне қою; 1-2– оң жаққа отырып-тұру, қолдарын алдыға созу; 3-4– б.қ.қ. Сол жағына қайталау (8–10 рет).<br>5.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып қою. Қолдары төмен түсірілген.<br>1– қолдарын екі жаққа созу;<br>2– алдыға еңкейіп, қолдарын сол аяғының басына тигізу; 3– денені түзеп, қолдарын екі жаққа созу; 4– б.қ.қ. Оң аяғымен сол қимылдарды қайталау (8–10 рет).<br>6.Б.қ.: еденде қолдарын артқа қойып, тіреліп отыру.<br>1– түзу аяқтарын алдыға жоғары (бұрыш жасап) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау. | қою; 2 – оң жақ жанына қарай апару; 3 – артқа; 4– б.қ.қ. Сол аяқпен сол қимылдарды қайталау (8 рет).<br>7.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою; 1 – секіріп аяқтарын алшақтатып, қолдарын екі жаққа созу; 2 – б.қ.қ. 1–8 санап, 3-4 рет қайтару. Музыка әуенімен немесе орташа жылдамдықта қайталау. | көтеру; 2– б.қ.қ. (8–10 рет)<br>7.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып қою. Қолдары төмен түсірілген. Оң аяғын алдыға, сол аяғын артқа қойып, секіру. Секіре тұрып, аяқтарын ауыстыру (1–8 санап), үзіліс жасау, қайта қайталау (3-4 рет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:** 09.00 11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **02.10.23<br>Дүйсенбі** | **03.10.23<br>Сейсенбі** | **04.10.23<br>Сәрсенбі** | **05.10.23<br>Бейсенбі** | **06.10.23<br>Жұма** |
| | | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Жапсыру<br>Сурет салу** | **Математика негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Дене шынықтыру** | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Музыка** | **Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** 10 саны және цифры.<br>**ҰІӘ міндеттері:** 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету;заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру;<br>10 санын дұрыс тануға 1 және 0 цифрларымен бейнелеуге үйрету; зейін мен ойлауды дамыту;<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>**ҰІӘ міндеттері:** берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру; тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: сөз ішінен берілген дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** 10 саны және цифры.(қайталау)<br>**ҰІӘ міндеттері:** 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету;заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру;<br>10 санын дұрыс тануға 1 және 0 цифрларымен бейнелеуге үйрету; зейін мен ойлауды дамыту;<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Заттарды өлшемі бойынша салыстыру.<br>**ҰІӘ міндеттері:** әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету; сөйлеу барысында «үлкен - кішкентай», «артық - кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру; | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қатаң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату; суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру; бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: қатаң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды;<br>**Түсінеді:** заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>**Қолданады:** 10 заттан тұратын топтарды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым балаларды спорт алаңына шақырады.<br>-Спорт алаңына 9 баладан тұратын команда келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады.<br>Терме полотнода (тақта) балалар нөмірлері бойынша орналастырады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Сабағымызға тағы бір спортшы келді.<br>Оған қандай нөмір береміз?<br>Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді.<br>Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифра қажет: 1 және 0.<br>Ешкім (ештеңе) болмаған кезде олар: жоқ, немесе НӨЛ деп айтады.<br>Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен? Аспандағы Ай, Цифрға ұқсас қай? Толған кезде ол, Аумай қалған | дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады.<br>**Түсінеді:** сөздің дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:**сөз ішінен берілген дыбысты табады, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дыбыстармен жұмыс.**<br>«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны<br>Дыбыстарды айтылады: а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж.<br>Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек. 1-тапсырма. *«Берілген дыбысқа сөз ойла»* | **Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды;<br>**Түсінеді:** заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;<br>**Қолданады:** 10 заттан тұратын топтарды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым балаларды спорт алаңына шақырады.<br>-Спорт алаңына 9 баладан тұратын команда келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады.<br>Терме полотнода (тақта) балалар нөмірлері бойынша орналастырады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Сабағымызға тағы бір спортшы келді.<br>Оған қандай нөмір береміз?<br>Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді.<br>Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифра қажет: 1 және 0.<br>Ешкім (ештеңе) болмаған кезде олар: жоқ, немесе НӨЛ деп айтады.<br>Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен? Аспандағы | логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді;<br>**Түсінеді:** заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын;<br>**Қолданады:** заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты**.<br>1-ден 9-ға дейінгі сандар еденде шашыраңқы болып жатады, бірақ бір-бірінен онша алыс емес.<br>Көрсетілген цифр ретімен, аяқтарын «суламай» «тастардың» үстімен жүреді (цифрды ретін шатастырмайды).<br>**Түсіну деңгейі: Тосын сый сәті.** «Гномдар бізге қонаққа келді.<br>**Проблемалық сұрақ.**<br>Барлық гномдар бірдей ме? «Олармен жақынырақ танысайық».<br>Педагог балаларға «үлкен - кішкентай», «түс», | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** қатаң дауыссыздарда мүлде үн болмайтынын түсінеді.<br>**Қолданады:** қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>*«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>*«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Қатаң дауыссыз дыбыстармен таныстыру.**<br>– Үн мен салдырдың дыбысқа қатысуына қарай тілдегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып келеді.<br>Дауыссыз дыбыстар үш топқа бөлінеді.<br>Бүгін біз солардың ішіндегі қатаң дауыссыздардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Нөл» «0» дегенде өздерің,<br>Көріп тұр ғой көздерің.<br>Үйлеспесе айналмас,<br>0-сіз 1-ің 10 болмас.<br>**Қолдану деңгейі: Ойын жаттығуы: «Дұрыс көрсет».**<br>Сан мен цифрдың арақатынасы туралы 15-кестедегі сандық суреттермен жұмыс жасайды.<br>Балалар 21-кестедегі демонстрациялық материалдан саны бар карточканы көрсетеді.<br>- Адамның қолында неше саусақ бар? *(10 саусақ).*<br>**Топтағы практикалық жұмыс.** 10 санын үшбұрыш пішінінде орналастырылған нүктелер арқылы бейнелеуге болады. Бұл санды үшбұрыш деп атауға болады.<br>10 дөңгелек санап, үшбұрыш құрастырады.<br>**Ойын жаттығуы: «Сана»**<br>1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тура санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды ұсынады. Бұны кері санау деп атайды.<br>Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші оныншы, және кері: оныншы, тоғызыншы, сегізінші, санауын сұрайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>Иығыңды көтер,<br>Шегірткедей секір.<br>Түрлі түсті етікпен<br>10 рет секір екі аяқпен.<br>Ал енді оң аяқпен<br>Соқпақ жолмен, | *дидактикалық жаттығуы Дұрыс жауапқа фишка беріледі.*<br>Балаларға «е» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді.<br>*Етік, ешкі, елгезек. Емізік, ел, есік, есеп, елек, елпілдеп, Елжас, Ернар, Елдана, Ернұр.*<br>Балаларға «ы» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді.<br>*Ыдыс, ырыс, ымырт, Ыбырай, ылғал, ық ықылық, ырым т.б.*Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>2-тапсырма. «Дыбыстар тізбегі» дидактикалық ойыны<br>–Балалар мен сендерге допты лақтырып, бір сөз айтамын. Сендер сол сөз қай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтып, допты келесі балаға лақтырасыңдар. Мысалы: *ана-арман-нар-рақат-тағам-мандарин-нан-нәтиже-елгезер-рамазан-нәзік т.б.*). 3-тапсырма.<br>«Кім тапқыр?» дидактикалық ойыны<br>Берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетінін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер педагог айтқан дыбыс сөздің басында болса көк жалаушаны, егер сөз соңында болса, жасыл түсті жалаушаны жоғары көтереді, ал ортасында | Ай,<br>Цифрға ұқсас қай? Толған кезде ол, Аумай қалған «Нөл» «0» дегенде өздерің, Көріп тұр ғой көздерің.<br>Үйлеспесе айналмас,<br>0-сіз 1-ің 10 болмас.<br>**Қолдану деңгейі:** Ойын **жаттығуы: «Дұрыс көрсет».**<br>Сан мен цифрдың арақатынасы туралы 15-кестедегі сандық суреттермен жұмыс жасайды.<br>Балалар 21-кестедегі демонстрациялық материалдан саны бар карточканы көрсетеді.<br>- Адамның қолында неше саусақ бар? *(10 саусақ).*<br>**Топтағы практикалық жұмыс.** 10 санын үшбұрыш пішінінде орналастырылған нүктелер арқылы бейнелеуге болады. Бұл санды үшбұрыш деп атауға болады.<br>10 дөңгелек санап, үшбұрыш құрастырады.<br>**Ойын жаттығуы: «Сана»**<br>1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тура санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды ұсынады. Бұны кері санау деп атайды.<br>Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші оныншы, және кері: оныншы, тоғызыншы, сегізінші, санауын | «алдында - артында», «алды», «арасында», «жанында» деген сөздерді пайдалана отырып, суретте бейнеленген әр гномды сипаттауға көмектеседі.Балалар ойын жағдаятына қосылады. Гномдар бейнеленген суреттерді қарайды, олардың өлшемін, түсін, кеңістікте орналасуын анықтайды.Біз гномдарды үлкенді - кішілі және киімінің түсімен салыстырдық деп түсіндіреді.<br>Енді оларды биіктігі мен қалыңдығы бойынша салыстыруды үйренейік. кесте - гномдар орналасқан фон, 2.1 және 2.2. кесте - сурет кескіндері.<br>Гномдарды өсу ретімен орналастыруды ұсынады: алдымен ең аласасы, содан кейін биігі.<br>Сіз мұны қалай жасайсыз? Шалбар мен кеудешелерді қалың немесе жұқа деп айтпайды, оларды ені кең-тар деп айтады.<br>Шалбарды енімен қалай орналастырамыз?<br>Балаларды алдымен көзбен, содан кейін бір- бірінің үстіне қою арқылы таңдауға шақырады.<br>Топтағы балалармен осыған ұқсас жұмыс жүргізіледі.<br>Бірнеше балаға (5 адам) шығып, бір-бірінің артынан тізіліп тұруды ұсынады. Қалған балалар оларды | жасалу жолдарымен танысамыз. Айнамызды қолымызға алып қарайық. Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: *п, к, қ, т, с, ф, ч, ц, ш, щ, һ*. Бұл дыбыстарды айтқанда нелер кедергі жасады? Иа дұрыс айтасыңдар (ерін, тіс, тіл). Бұл дыбыстарды қандай дауыспен айттыңдар (тез және қысқа )<br>**Түсіну деңгейі:** ***«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны.***<br>Педагог дыбыстарды айтады: п, а, к, қ, о, т, с, ә, ф, і, ш, щ, һ, ц. Балалар дауысты дыбысқа қызыл, дауыссыз дыбыстарға көк фишканы көтереді.<br>***«Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны***<br>– *К* дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. *Кітап, кілем, кім, кілт, киіз.*<br>*Т* дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. *Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс.*<br>**Қолдану деңгейі:** ***«Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы***<br>Мен сендерге дауысты дыбыстар мен қатаң дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дауысты дыбысты естігенде бір рет шапалақ ұрасыңдар да, ал дауысыз қатаң дыбыстарды естігенде жұдырықпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Одан кейін сол аяқпен<br>Соқпақ жолмен.<br>Иықтарын көтереді.<br>Екі аяқпен 10 рет секіру.<br>Оң аяқпен 10 рет секіру.<br>Сол аяқпен 10 рет секіру. | болса, жалауша көтермейді.<br>**Дауыссыз дыбыстармен жұмыс:**Мысалы: *(С) Самат, сағыз, тіс, қасық, сабын, тас; (Ғ) ғалым, ғарыш, аға, таға, жаға, сағыз, тоғыз,Ғазиз, Ғалымжан, Тоғжан, ғанибет*; *(Б) бидон, Бейбіт, бейбітшілік, былғары, жабық, жалбыз, бала, балабақша, бақа, жабық, тобық, білім, табыл, Абыз, қарбыз, қобыз, бақыр; (Қ) қаша, арық,қорық, қол, қолтық, қоян, бұтақ, сұғанақ, қошақан, құлын, таяқ,ақ, жақ, тақ, бақа, сақал, мақал, Ақиық, ақылды, ақылшы, ақын, ақылды, аққу,алжапқыш, қыс, қайшы, пышақ т.б.*<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Қолды алға созамыз,<br>Алақанды бұрамыз.<br>Алақанның сыртымен<br>Шапалақты ұрамыз. | сұрайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>Иығынды көтер,<br>Шегірткедей секір.<br>Түрлі түсті етікпен<br>10 рет секір екі аяқпен.<br>Ал енді оң аяқпен<br>Соқпақ жолмен,<br>Одан кейін сол аяқпен<br>Соқпақ жолмен.<br>Иықтарын көтереді.<br>Екі аяқпен 10 рет секіру.<br>Оң аяқпен 10 рет секіру.<br>Сол аяқпен 10 рет секіру. | сипаттайды: үлкен-кішкентай, киімінің түсі, бір-бірінің артына орналасуы. Топ балаларының осы қасиеттерін анықтайды. Балалар тапсырманы орындап, 5 және одан да көп заттардың өлшемін анықтайды және олардың қасиеттерін үлкен, кіші, орташа, негізгі түстер сөзін қолдана отырып дауыстап айтады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманы** орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды - көк, кішкентай заттарды - қызыл түспен қоршап сызады.<br>**2-тапсырманы** орындайды.<br>Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. | партаны ұрасындар.<br>Мысалы*: сағат, автобус, тарақ, факел, ожау, қайрақ, орындық, күшік, үкі, чупа-чупс, қобыз, шар, шахмат, өшіргіш, щетка, ит, ірімшік, әтеш, ыдыс, тау, киіз, циркуль.*<br>«Сөзге қатаң дауыссыз дыбысты қос» дидактикалық жаттығуы<br>– Мен қандай да бір сөздің басын айтамын, ал сендер түсіп қалған қатаң дауыссыз дыбысты жалғап, толық сөзді айтуларың керек. Мысалы: *қа..., ша.., автобу..., тара..., голь..., үті..., шахма..., пла..., әте..., күші..., пыша..., қаламса.., қайра..., қамы.., қайы... т.б.*<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады. |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға » арналған ойын: «Қарлығаш»**

**Басты мақсат: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа,ұйымшылдыққка үйрету.**

| | | |
|---|---|---|
| **Артикуляциялық жаттығулар дегеніміз** – ол сөйлеу тілі аппаратының бұлшық еттерін шынықтыратын, оның мүшелерінің қимыл-қозғалыстарын қалыптастыратын және нығайтып, жетілдіретін арнайы іріктеліп алынған жаттығулар болып | **Артикуляциялық жаттығу №2. «Футбол»**<br>1.Тіл далаға шықса балалар футбол ойнап жатыр екен, ол да ойнағысы келіп кетті. Біз де балалармен бірге футбол ойнаық.<br>**Жаттығуды сипаттау:** ауыз жабық, тілді қатты ұстап | **Еркін ойын түрі: «Қарлығаш»**<br>**Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдыққа,ұйымшылдыққка үйрету.<br>**Дағды:** зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. |

табылады. Артикуляциялық жаттығулардың негізгі мақсаты тіл дыбыстарын дұрыс айтуға керекті сөйлеу мүшелерінің қимыл – қозғалыстарын толық жетілдіру. Артикуляциялық жаттығудың басты талабы – жүйелілік. Әр жаттығудың өзіндік аты бар және сол аттарын балалар есіне сақтап білуі қажет.

**Артикуляциялық жаттығу №1. «Сағат»**

**Жаттығуды сипаттау:** жымиямыз, ауызды ашамыз. Жіңішке тілді кезекпен оң және сол езуге жеткізе қозғалтамыз. Тіл өзін сәндеп болған соң, үйге қайтатын уақыт болды ма екен, сағатқа қарады.Кане біздің сағаттарымыз қалай жұмыс істеп тұр екен.





ұрттың іш жағынан тілді біресе оң ұртқа, біресе сол ұртқа тіреп допша жүгірту.

2.Балалар ойнап болған соң, допты кім алысқа ұшырады, деп жарысқа көшті. Жаттығуды сипаттау: ерінді түтікшеге қылып алдыға соз да, мақтаға үреміз. Ауаны мұрын арқылы жұтып, ауыз арқылы шығарамыз. Ұртың томпайып, үріліп кетпесін қадағалап отыр.

**"Футбол"**





**Артикуляциялық жаттығу №3. «Әткеншек»**

Тіл футбол ойнап болған соң, әткеншек тепкісі келді: «төмен-жоғары» Тілмен әткеншек тепкен көңілді ме?

**Жаттығуды сипаттау:** Жымиямыз, ауылды кең ашамыз «бір»-дегенде тілді төменгі тістің артына түсіреміз, «екі»-дегенде тілді жоғарғы тістің артына көтереміз. 4-5 рет қайталаймыз.







**Әдістемелік нұсқаулар:**

Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек.

**II нұсқа**

**Әдістемелік нұсқаулар:**

Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет. Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тырысады. Егер ол тырысып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады.

**Ұсыныс:** ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Отбасының күзгі еңбегі. **ҰІӘ міндеттері:** отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу; отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме | **2.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді? (ойын,еңбек,танымдық іс-әрекеті) **ҰІӘ міндеттері:** жабайы | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Мақтақыз бен мысық(қазақ халық ертегісі)танысу.(суреттер арқылы) **ҰІӘ міндеттері:** ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Күзгі жапырақтар. **ҰІӘ міндеттері:** балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру; Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)саусақ театры арқылы сомдау. **ҰІӘ міндеттері:** ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрауға үйрету;<br>балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер құрай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** «Отбасының күзгі еңбегі» тақырыбына әңгіме құрайды, көгөністермен жемістерді ажыратады;<br>**Түсінеді :** сөздің дыбыстан құралатынын;<br>**Қолданады:**күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер қолдана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілі екенін қайдан білеміз?<br>-Қандай көгөніс түрлерін білесіңдер?<br>-Күз мезгілі несімен ұнайды?<br>-Күз мезгілінде адамдар, жан-жануарлар қысқа дайындалады. Тиіндар жаңғақтарын жинаса, кірпілер індеріне саңырауқұлақтар тасып алады.<br>Ал адамдар күзде қалай еңбек етеді?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>Күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: | жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру; себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: жабайы жануарлардың бірнеше түрін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жануарлардың бірнеше түрін, олардың өзіне тән ерекшеліктерін атап береді.<br>**Түсінеді:** жабайы жануарлар мен үй жануарларының арасындағы айырмашылықты түсінеді.<br>**Қолданады:** кесте бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыра алады<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** балалардың жұмыс істеуіне қолайлы эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру мақсатында жұмбақ жасырады.<br>Сылдырдан қорқады,<br>Шошынып жортады. (Қоян)<br>Сұрғылт тартқан түсі бар.<br>Ақсиған көп тісі бар<br>Тыным таппай жүгіріп,<br>Сілекейі шұбырған,<br>Қыстау маңын торыды,<br>Ауылдың өш бар иті.<br>(Қасқыр)<br>Үстінен тоны түспеген,<br>Сонда да араз қыспенен. | баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту;<br>адал дос болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ертегіні тыңдайды, кейіпкерлерді атайды;<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді;<br>**Қолданады**: сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алады, жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>«Тонын киіп туған,<br>Жалап бетін жуған».<br>*(Мысық)*<br>– Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Ертегіні оқып, мазмұнын ашу. | өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету.<br>Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту; балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер құрай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің бір шумағын шумағын жаттайды;<br>**Түсінеді:** күз мезгілінің ерекшеліктерін;<br>**Қолданады:** ағаштардың жапырақтарын ажыратып орнына қояды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі екенін қайдан білесіңдер?<br>Күз мезгілінде неше ай бар?<br>Қазір сендерге мен күз мезгілі туралы жұмбақ жасырамын. Жұмбақ Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары.<br>Иә, балалар, күз мезгілінде жапырақтар жерге түсіп, сары алтындай болып жарқырап жатады. Байқап қарасаңдар, жапырақтардың бәрі | баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту;<br>адал дос болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ертегіні тыңдайды, кейіпкерлерді атайды;<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді;<br>**Қолданады**: сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алады, жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>«Тонын киіп туған,<br>Жалап бетін жуған».<br>*(Мысық)*<br>– Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Ертегіні оқып, мазмұнын ашу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр».<br>Жапырақтардың түстері қандай?<br>Бақшада кімдер жүр?<br>Бақшадағы балаларға ат қойыңдаршы?<br>Бақшада балалар не істеп жүр?<br>Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды.<br>Педагог «азық» сөзінің мағынасын түсіндіреді**.**<br>**Азық** – тамақ, қысқы қорек.<br>**Қолдану деңгейі:** Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Балалардың жауаптары тыңдалады).<br>Иә, тіл, ауыз керек, онсыз түсінісу өте қиын.<br>Педагог бір баланы тақтаға шығарып, картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр, қызанақ жинап жатқан адамдардың қимыл-қозғалысын келтіреді.<br>Қалған балалар табады.<br>Бірақ балаларға сөзсіз қимылмен түсіну қиындау болады, сөздің маңыздылығын түсінеді.<br>Міне, қимылмен келтіргенмен толық, еңбек қозғалыстарын аша алмаймыз.<br>Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды.<br>Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бір- бірімізбен | (Аю)<br>**Түсіну деңгейі: Өзекті мәселе**: жабайы жануарлар немен қоректенеді? Қандай жануарды жыртқыш дейміз? Қай аң шөппен қоректенеді?<br>**Педагог балаларды жарнама агенттігіне жұмыс** істеуге шақырады және кез келген жабайы аң туралы жарнама жасауға шақырады. Балалар өз қалауы бойынша жабайы жануарды жарнамалайды.<br>Жарнама мынадай жоспарға сай жасалуы тиіс:<br>Жануардың атауы қандай (оның сырт келбеті, дене мүшелері, терісі)? Қай жерде тіршілік етеді (апан, ін, үңгір, ағаш қуысы)? Немен қоректенеді? Төлі қалай аталады?<br>**«Объективті деректер бойынша бөлу» техникасының көмегімен балаларды топтарға бөледі.** Бір топқа жеке басына қатысты ерекшеліктеріне қарай топтасады (ақ құба, қараторы, сары балалар; қой көзділер, көк көздер, көзінің түсі жасылдар; бойына қарай; белгілі бір жұмысқа – сурет салуға, құрылысқа, балықтарға күтім жасауға, биге және өлең айтуға қызығушылықтарына қарай).<br>**«ВЕНН ДИАГРАММАСЫ» техникасының көмегімен орындауды ұсынады: «Сен жануарлар туралы не** | **Түсіну деңгейі:**<br>***Сұрақ-жауап:***<br>Ертегі қалай аталады?<br>Мақтақыз не тауып алды?<br>Мысық не істеді?<br>Мақтақыз мысықты қалай жазалады?<br>Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі?<br>Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік.<br>Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді.<br>3-4 балаға айтқызып қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда.<br>Мысық не істеді?<br>Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың?<br>Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле.<br>Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер.<br>Сен Мақтақыздың орнында болсаң не істер едің?<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын көк аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз. | бірдей сары емес, қызғылт, қоңыр болып көрінеді. Тура бір даланы бояп тастаған тәрізді.<br>Ақын Қ. Шаңғытбаев табиғат туралы көптеген өлеңдер жазған.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Күзгі жапырақтар**<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырық.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>Күншуаққа маужырап,<br>Жатыр еді атырап.<br>Ағаштардан жамырап,<br>Ұшты кенет жапырақ.<br>Ой, алақай, тамаша,<br>Шашу шашты жапырақ.<br>Бақтың іші алаша,<br>Аунар ма еді жатып ап.<br>Өлеңде қай мезгіл бейнеленген?<br>Не жайлы айтылған?<br>Ақын жапырақтарды неге теңеген?<br>Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік.<br>Күз мезгілі қандай?<br>Күз мезгілінде айнала сары болады.<br>Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі.<br>Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары.<br>Керемет көрініс. | **Түсіну деңгейі:**<br>***Сұрақ-жауап:***<br>Ертегі қалай аталады?<br>Мақтақыз не тауып алды?<br>Мысық не істеді?<br>Мақтақыз мысықты қалай жазалады?<br>Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі?<br>Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік.<br>Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді.<br>3-4 балаға айтқызып қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда.<br>Мысық не істеді?<br>Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың?<br>Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле.<br>Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер.<br>Сен Мақтақыздың орнында болсаң не істер едің?<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын көк аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарым-қатынас жасаймыз.<br>Ойын: «Сөйлемей көрейікші» (үндемес ойыны ойналады). Педагог: «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды.<br>Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды.<br>**Сергіту сәті: (жаттығуды қимыл-қозғалыс арқылы орындау).**<br>Шөп үстімен жүреміз, сырт-сырт.<br>Тас үстімен жүреміз, тырс-тырс.<br>Шалшық сумен жүреміз, шолп-шолп,<br>Жолдарменен жүреміз , топ-топ. | **білесің?» дидактикалық ойыны.**<br>Тапсырманы түсіндіреді: Сиыр мен қасқырдың арасында айырмашылықтар да, ұқсастықтар да бар. Қызыл бұрышқа қасқырдың тіршілігіне қатысы бар карточкаларды қойып, сөздерді жазыңдар (орман, тырнақтар, қасқырдың аузы, азу тіс, жырткыш). Ал жасыл бұрышқа – сиырдың тіршілігіне қатысы барларын жазыңдар (пішен, шөп, сүт, ет, мүйіз, құйрық, бұзау, му- му...). Сары секторға жануарларға тән ортақ белгілерді жазыңдар (мәселен, жүн қаптаған). 5 минут уақыт беріледі.<br>**Қолдану деңгейі: Балаларды «Ойлан, тап» атты ойын ойнауға шақырады**: Педагог қоршаған ортадағы заттарды атайды. Балалар сол нысандардың тіршілік ететін ортасын немесе тұрған жерін атап көрсетеді.<br>П: Қасқыр қай жерде жүреді?<br>Б: Орманда, далада, хайуанаттар бағында.<br>П: Тағы қай жерден кездестіруге болады?<br>Б: Ертегіден, мультфильмнен, егер ойыншық болса, сөреден…<br>**«Кім адасты?» ойынын ойнайды.**<br>Педагог бірнеше нысанды атап көрсетеді. Оның біреуі қалғандарымен бір топқа жіктеуге келмейді. Ойынға | | **Сөздік жұмыс:**<br>*Алаша, жамырап* деген сөздердің мағынасын түсіндіреді.<br>*Алаша – төсеніш, жамырап түсу – жапырақтардың көп түсуі.*<br>Сендерге өлең ұнады ма ? Ендеше мен қайталап оқимын, сендер естеріңе сақтап алуға тырысыңдар. Балаларға өлең жолдарын бірнеше рет қайталату арқылы өлеңнің бірінші шумағын жаттатады.<br>**Қолдану деңгейі:** Қазір есікті қағайық. Не естідіңдер?<br>–Тағы тыңдаңдар (дабыл соғылады).<br>Ненің дыбысын естідіңдер?<br>Дыбыстар бірдей болып шықты ма?<br>Дыбыстар әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар созылып әндетіп айтылады. Кейбіреуі кедергіге ұшырап қысылып айтылады. Мысалы,«А-а-а» деп айтайықшы. Дыбыс ешқандай кедергісіз ұзақ айтылды. Кедергісіз айтылатын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз. Мысалы: «А», «Ә», – дыбыстары дауысты дыбыстар. Екі дыбысты да әндетіп айтуға болады.<br>Дидактикалық ой*ын: «Қай ағаштың жапырағы*?» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кірісіп, кімнің адасып кеткенін табады.<br>П: Сиыр, маймыл, ит, тасбақа, кенгуру.<br>Б: Тасбақа. Қалған жануарлардың бәрі – сүтқоректілер, ал, тасбақа олай емес. Немесе кенгуру. Оның қалтасы бар, басқаларда қалта жоқ.<br>**Сергіту сәті**<br>Көңілді орманда қояндар ерте тұрды *(бір орында тұрып секіру)*<br>Ытқып-ытқып секірді *(бір орында тұрып жүреді)*<br>Түлкі келеді қылмыңдап *(қолын алға созып алға қарай тартылу),* Мыршайы жүр жылмаңдап *(бір орында тұрып секіру).*<br>Көжектер де жүгірді *(бір орында тұрып жүгіру),*<br>Аш түлкіден қаш-қаш *(қолын алға созып алға қарай тартылу),*<br>Құтыларсың болсаң сақ *(терең дем алады, демін сыртқа шығарады).*<br>Қояндар тынығады (отырып, тынығамыз). | | Ойын шарты: Әр жапырақтарды өзі өсетін ағаштарына апарып ілу.<br>**Мақал-мәтелмен жұмыс:**<br>1. Диқан жерін мақтайды, Балықшы көлін мақтайды, Кәсіпкер кенін мақтайды.<br>2.Жердің сәні – егін, Ердің сәні – білім.<br>3.Не ексең соны орарсың.<br>4.Қырман басы – береке, Көп жүрген жер – мереке.<br>Балалар, мақал-мәтелдерде егін жайлы, күз мезгілінің берекесі жайында айтылған. Егін бітік болса, елімізде береке, тоқшылық болады. «Күз мезгілі жомарт» деп бекер айтылмаған. | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| ***2 үзіліс – 10:00 – 10:30*** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға» арналған ойын: *«Сиқырлы ғажайып орман»***<br>**Басты мақсат: белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сиқырлы саусақтар.**<br>1 Таң қалу ( екі қолдың бас бармағын көтеру)<br>2 Өзіңді көрсету (Бір саусақпен)<br>3 Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру)<br>4 Қорқыту (сұқ саусақпен)<br>5 Жеңіс! (екі қолды жоғары көтеру) |  <br> | **Жылдам қозғалу, тез қимылдауға арналған ойын:**<br>***«Сиқырлы ғажайып орман»***<br>**Міндет:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Дағды:** Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққабейім дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойын шарты:**<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>Қазір біз ғажаптарға толы, жайдарман әрі сиқырлы орманға айналамыз. Екі топқа бөлінеміз: орман-тоғай болып екі қатарға тұрамыз. Біздің қолдарымыз – орманда серуендеп келе жатқан адамды нәзік, абайлап қана сипалайтын ағаштардың бұтақтары болады. Ал енді барлықтарыңызды бір-бірден осы сиқырлы орман ішінен өтуге шақырамыз, ал қалғандарың серуендеуші адамның басынан, қолынан, арқасынан сипалап, сиқырлы ағаштар болуға шақырамыз.<br>**Ұсыныс:** Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін... |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жидектер.<br>**ҰІӘ міндеттері:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту;диалогке қатысуға үйрету;<br>қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру;<br>сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Дағды**: Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру<br>**Күтілетін нәтиже**: | **3.Сурет салу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жаңбырлы күн.<br>*(Акварель бояу)*<br>**ҰІӘ міндеттері:** мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңбырдың | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қатаң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату; суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру;<br>бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: қатаң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қатаң | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ойнайық та ойлайық.<br>**ҰІӘ міндеттері:** меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру;<br>қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: сөздерді сөз тіркестерімен айтуға, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. | **3.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?<br>(еңбек,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:** күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету;<br>балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту.<br>**Дағды**:мектеп маңында, үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жасайды:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырады, диалогке қатысады.<br>**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді.<br>**Қолданады:** жаңа сөздерін сөйлем құруда қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?». Ойынның міндеті: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру. Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету. Алма, алмұрт, өрік – көгөніс.<br>Дұрыс емес, алма, алмұрт, өрік – жеміс. т.б<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын: «Күз сыйы». Себетте жемістер, көгөністер және жидектер бар. *Педагог жемістер мен көгөністерді бір-бірлеп алып қайталау, жидектермен таныстырады.*<br>Мынау қандай жеміс?<br>Ол – өрік. Өрік дәмді.<br>Мынау қандай көгөніс?<br>Ол – қияр. Қиярда пайдалы дәрумендер көп. т.б<br>Мынау – қарақат.<br>Мынау не?<br>Мынау – қарақат.<br>Қарақат дәмді, пайдалы.<br>Қарақат қандай?<br>Қарақат дәмді, пайдалы.<br>Қарақат кішкентай, түсі қара. | түрлері және оны қағаз бетінде түсіру ерекшеліктерін игере отырып, губкамен немесе қылқаламмен қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын салады;<br>**Түсінеді:** табиғат құбылыстары жайлы түсініктері кеңейіп, жаңбырлы күннің ерекшеліктерін біледі;<br>**Қолданады:** қағаз бетінде атаулы суретті дұрыс орналастырып қолдана алады, жұмысты орындау барысында қойылған талаптарды дұрыс сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Губкамен жұмыс жасауға, яғни бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді.<br>Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындап, қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын көрсетеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>–Менің жұмбағымның шешуін тауып көріңдер.<br>Тырс-тырс тамады,<br>Тереземді қағады.<br>(*Жаңбыр*).<br>Бүгін күн қандай? Ашық па? Бұлтты ма? Жаңбыр жауып тұр ма?<br>Тақтадағы суретке мұқият қараңдаршы, бұл не?<br>Түсі қандай? – Жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі? Кәне, тыңдап | дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** қатаң дауыссыздарда мүлде үн болмайтынын түсінеді.<br>**Қолданады:** қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>*«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>*«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Қатаң дауыссыз дыбыстармен таныстыру.**<br>– Үн мен салдырдың дыбысқа қатысуына қарай тілдегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып келеді.<br>Дауыссыз дыбыстар үш топқа бөлінеді.<br>Бүгін біз солардың ішіндегі қатаң | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі.<br>**Түсінеді:** ұжымдық ойында бір-біріне көмектесу керек екенін түсінеді.<br>**Қолданады:** сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Қызық екен» ойыныБалалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады. Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай.<br>Тапсырма. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар:<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата?<br>Күз айларын ата?<br>Күз туралы тақпақ оқы?<br>Сурет бойынша сөйлем құра.<br>Көгөністер.<br>Қандай көгөністерді білесің?<br>Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) *қима суреттерден көрсету.*<br>Сурет бойынша сөйлем құра<br>**Түсіну деңгейі:** Жемістер.<br>Қандай жемістерді білесің?<br>Артығын тап? (Алма, өрік, алмұрт, құлпынай).<br>Жемістер туралы | атауларын айтып ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** балабақша маңында, үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын атап береді.<br>**Түсінеді**: күзде жапырақтардың не себептен түсетінін біледі.<br>**Қолданады**: гербарий жасауға жапырақ жинауды біледі; қарапайым зерттеулер.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: Экскурсия кезінде балаларға түсіндіреді:** Күзде жапырақты ағаштардың жапырағы түседі. Ал көктемде жапырақтар қайта шығады.<br>Жайпақ жапырақты ағаштарға тал, жөке, үйеңкі, емен, қайың, терек жатады. Қылқанжапырақтыларға майқарағай, шырша, қарағай жатады.<br>Зерттеу жұмысы барысында қылқанжапырақты ағаштардың жалпақ жапырақты ағаштардан айырмашылығын атап көрсетеді (жайпақжапырақты ағаштардың жапырағы жалпақ, үлкен болып келеді. Ал қылқанжапырақтылардың жапырағы үшкір ине тәріздес болады; жалпақжапырақтылар қыста жапырағын тастайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қарақат  қандай?<br>Қарақат кішкентай, түсі қара.<br>Мынау – құлпынай, қ-құ-ұ-л-пы-най.<br>Мынау не?<br>Мынау – құлпынай.<br>Құлпынай дәмді, пайдалы.<br>Құлпынай қандай?<br>Құлпынай дәмді, пайдалы.<br>Мынау – таңқурай.<br>Мынау не?<br>Мынау – таңқурай.<br>Таңқурай дәмді, пайдалы.<br>Таңқурай қандай?<br>Таңқурай дәмді, пайдалы.<br>Мыналар – жи-дек-тер.<br>*Жидектер дәмді, пайдалы.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Қ- қ-қ- қа-ра-қ-қат.<br>Ұ-ұ-ұ- құ-ұ-л-пы-най<br>Ң-ң-ң-таң-ң-ку-рай.<br>«Дүкен» ойыны. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру.<br>Жидектер, жемістер, көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды.<br>Бала дүкенге келеді.<br>Сәлеметсіз бе!<br>Сәлеметсіз бе!<br>Маған қияр қарақат беріңізші.<br>Алыңыз.<br>Рақмет. Сау болыңыз.<br>Ойынды күрделендіруге болады. Бала көгөністі, жемісті, жидекті сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс, жеміс, | көрейік. Педагог үстел үстіне саусақтарымен тысырлатып жаңбыр дыбысын бейнелейді.<br>Ой, жаңбыр құйып жауып кетті.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жаңбыр жаумас бұрын, алдымен аспанда не пайда болады?<br> – Олай болса қағаз бетіне алдымен бұлтты салып аламыз. Бұлт қоюланғанда түсі сұр болады. Енді жаңбыр тамшыларын қағазға былай түсіреміз (салу тәсілін көрсетеді). Үзік сызықтарды қылқаламның ұшымен сүйкей жағу тәсілімен немесе губканың бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді.<br>Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындауға болады. Қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын қадағалайды.<br>Жұмыстарына басшылық жасайды, аяқтаған жұмыстарын ауызша бағалайды.<br>Музыка әуенімен «Жаңбыр тамшыларын тосамыз» деген қимылды ойын ойнатады. Үйретілген жаңа әдістермен сурет салғызып, алған білімдері мен іскерліктерін бекітеді.<br>Мұнда дақтарды біркелкі түсіруге дағдыландыру қажет.<br>Балаларға берілетін | дауыссыздардың жасалу жолдарымен танысамыз. Айнамызды қолымызға алып қарайық.<br>Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: *п, к, қ, т, с, ф, ч, ц, ш, щ, һ*. Бұл дыбыстарды айтқанда нелер кедергі жасады? Иа дұрыс айтасыңдар  (ерін, тіс, тіл). Бұл дыбыстарды қандай дауыспен айттыңдар (тез және қысқа )<br>**Түсіну деңгейі: *«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны.***<br>Педагог дыбыстарды айтады: п, а, к, қ, о, т, с, ә, ф, і, ш, щ, һ, ц. Балалар дауысты дыбысқа қызыл, дауыссыз дыбыстарға көк фишканы көтереді.<br>***«Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны*** –<br>*К* дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар.<br>*Кітап, кілем, кім, кілт, киіз.*<br>*Т* дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер.<br>*Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***«Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы***<br>Мен сендерге дауысты дыбыстар мен қатаң дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дауысты дыбысты естігенде бір рет | жұмбақтар айтыңдар?<br>Сурет бойынша сөйлем құра.<br>Жидектер.<br>Қандай жидектерді білесің?<br>Аудармасын тап? ягоды – ... (жидектер), смородина – ... (қарақат), клубника – ... (құлпынай), малина – ... (таңқурай).<br>Сурет бойынша сөйлем құра.<br>Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Суреттермен жұмыс.<br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар, тұрамыз,<br>Айналаны шоламыз.<br>Біз гүлдерше өсеміз,<br>Жапырағы жайқалған.<br>Сабақтары салалы,<br>Желге ырғалып шайқалған. | ал, қылқанжапырақты-лардың жапырағы түспейді). Шырша мен қарағайдың жапырақтарын салыстырады. (Қарағайдың қылқандары ұзын, бір жағынан жалпақ, екінші жағынан қарағанда дөңес болып келеді. Түсі – ашық-жасыл, жұптасып орналасқан. Қарағайдың бүрлері (шишка) қысқа, үшбұрыш пішіндес болып келеді. Қабыршағында дөңес жерлері бар. Ал шыршаның қылқандары қысқа, қою жасыл түсті. Бүршіктері ұзын, жылтыр, қабыршағы жұқа болып келеді.) Қыста шырша мен қарағайдың қылқандары неге түспейді? (Қылқандар жіңішке, кішкентай, олар көп суды қажет етпейді. Сондықтан бұл ағаштардың жапырақтары қыста түспейді.)<br>**Өзекті мәселе**: Неліктен күзде ағаштардың жапырақтары түседі?<br>Болжамдарын айтады:<br>Күзде күн сәулесі азайып, күн қысқарады. Бұл ағаштарға қысқа дайындалу қажеттігі туралы белгі болып есептеледі. Егер ағаштар түспейтін болса қыста бұтақтар қалың қарды көтере алмай сынып кетуі мүмкін. Ағаштар жапырақтарын тастау арқылы қысқа дайындалады және өзін қорғайды.<br>Сонымен қатар ағаштар жаз бойы діңі мен бұтақтарына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жидек екенін табады.<br>Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»<br>Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады?<br>Жидектер.<br>Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады?<br>Жемістер.<br>Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады?<br>Көгөністер.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бұлт қабағын түйіп ап,<br>Бүркеп алды аспанды.<br>Тырс-тырс тырсылдап,<br>Жаңбыр жауа бастады.<br>Күнге қолды созамыз,<br>Күннен жылу аламыз.<br>Бойымызға таратып, Біз көңілді боламыз.<br>**Сөздік ойын:** «Мен қай жидекті көрсеттім?».<br>*Педагог себеттен жидектерді алып көрсетеді, балалар атын атайды.* | қағаздың төменгі бөлігінде сәбіз, қызылша т.б. көгөністер салынған немесе қиып жапсырылған. Көгөністердің шөлін қандыру үшін, нөсер жаңбыр жауғызуымыз керек деген тапсырма беріледі.<br>**Көркем сөз оқу.**<br>Көптілділік компонент бойынша жауын – дождь – rain, бұлт – туча (облака) – cloud ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөлу керек.<br>**Сергіту сәті.**<br>Жауын-жауын жауады,<br>Бәрін суға малады.<br>Біз қарындаш аламыз,<br>Тамшыларды саламыз. | шапалақ ұрасыңдар да, ал дауысыз қатаң дыбыстарды естігенде жұдырықпен партаны ұрасыңдар. Мысалы*: сағат, автобус, тарақ, факел, ожау, қайрақ, орындық, күшік, үкі, чупа-чупс, қобыз, шар, шахмат, өшіргіш, щетка, ит, ірімшік, әтеш, ыдыс, тау, киіз, циркуль.*<br>«Сөзге қатаң дауыссыз дыбысты қос» дидактикалық жаттығуы<br>– Мен қандай да бір сөздің басын айтамын, ал сендер түсіп қалған қатаң дауыссыз дыбысты жалғап, толық сөзді айтуларың керек.<br>Мысалы: *қа..., ша.., автобу..., тара..., голь..., үті..., шахма..., пла..., әте..., күші..., пыша..., қаламса.., қайра..., қамы.., қайы... т.б.*<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады. | | крахмал жинайды. Ол аязды күндері қантқа айналады. Ағаш қыс бойы сонымен қоректенеді.<br>**Түсіну деңгейі: Үлкейткіш әйнектің көмегімен күзгі жапырақты зерттеу**.<br>Балалар жапырақтың құрылымымен танысады, сабақ, тамыршаларын байқайды. Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>**«Қайсысының жапырағы екенін тап» атты дидактикалық ойын**<br>Балаларды ағашты жапырағына қарап тануға үйрету. Ағаштар мен бұталардан түскен жапырақтарды жинау. Жапырақтың қандай ағаштан немесе бұтадан түскенін анықтауды, түспеген жапырақтарға қарап дәлелдеуді (ұқсастығын табуды) ұсынады.<br>Ойын аяқталған кезде педагог мынадай уәде береді: (балалар қайталайды).<br>*Ағаштардың бұтақтарын жұлмауға уәде береміз!*<br>*Ағаштарды суғаруға уәде береміз!*<br>*Ағаш жапырақтарын жұлмауға уәде береміз!*<br>*Ағаштың қабығын сыдырмауға уәде береміз!*<br>*Ағаштардың түбін қопсытуға уәде береміз!*<br>*Ағаш діңдерін әктеуге!*<br>*Айғайлап құстарды үркітпеуге уәде береміз!* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Қолдану деңгейі: «Пайда-зиян» ойынын ойнауға шақырады**. Ойынның соңында балаларға: пайдасы көп пе әлде зияны көп пе деген тақырыпта ой түйіндеуді ұсынады.<br>Екі командаға бөлінеді. 1-ші команда аталған нысанның пайдасын іздейді, ал, 2-ші команда – зиянды жақтарын табады.<br>П: Түскен жапырақтар қандай пайда әкеледі, зияны қандай?<br>1-ші командадағы балалар: Жапырақтар аяқ астында сыбдырлап жатады, жерге түскені әдемі, одан әсем гүлдесте жасап, кептіріп қоюға болады.<br>2-ші команданың балалары: Жауын жауған кезде аяқкиімге жабысады. Жапырақтардың астында саңырауқұлақтарда көрінбейді. Жердегі төмпешікті байқамай сүрініп кетіп, құлап каласың. |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын: «Джунглидағы жаңбыр»**

**Басты міндет: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| <br> | | | **Аз қимылды ойын: «Джунглидағы жаңбыр»**<br>**Міндеті:** қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.<br>**Дағды:** Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.<br>**Нұсқау:**<br>-Бір-біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Джунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).<br>- Жел көтеріліп желкіді ( арқаны қаттырақ басамыз) .<br>- Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)<br>- Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)<br>- Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).<br>- Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).<br>- Тағы да нөсер жауын жауды.<br>- Ұсақ жаңбыр сіркіреді.<br>- Дауыл соқты.<br>- Жел соқты.<br>- Жел басылып келеді.<br>**Ойынның қиындығы :** тез ойнау. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Біз әртүрліміз.<br>**ҰІӘ міндеттері:** кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту<br>**Дағды**: Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе- теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту. | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Күзгі серуен.<br>**ҰІӘ міндеттері:** әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>**Дағды**: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысын дұрыс | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Зейінді боламыз.<br>**ҰІӘ міндеттері:** денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау<br>**Дағды**: зейін қойып тыңдай білу және жаттығуды көрсетуін мұқият қарап, еске сақтап алу қабілеттерін дамыту. Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Күзгі серуен.<br>**ҰІӘ міндеттері:** әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>**Дағды**: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Бірінші бол!<br>**ҰІӘ міндеттері:** бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру<br>**Дағды**: Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жалғастыру. Биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру әрі дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен жүруді, гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып еңбектеуді, бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүруді.<br>**Түсінеді:** саусақтарымен допты қалай ширақ домалату және гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып қалай еңбектеу керектігін.<br>**Қолданады:** жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруді, бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Сиқырлы шумақ» тренинг-ойыны. Қазір біз өзіміз туралы білеміз. Менің қолымда бір шумақ жіп бар. Мен саусағымды жіппен бір рет орап, сендердің біреуіңе жіпті лақтырып, сонан соң сұрақ қоямын. Сол бала жіпті қағып алып, бір саусағын орап, келесі балаға шумақты лақтырып, сұрақ қояды.<br>Енді қолдарыңды жоғары көтеріп, саусақтарыңдағы жіпті шығарыңдар.<br>**Түсіну деңгейі:** Тізбекке бір-бірден тұрады. Доппен түзету жаттығуларын | келтіріп, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар***: «Марш» (Е. Андосов).<br>Марш екпінімен тізені көтере адымдай басуды, бірге қимылдауды үйрету. Педагог балалармен күзгі серуен туралы әңгіме өткізеді.<br>***Музыка тыңдау:***<br>«Қазан» (П. Чайковский). Балаларға музыканы тыңдатып, күздің қандай құбылыстарын елестете алғанын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет).<br>Педагог әнді орындайды. Әннің мазмұнына көңіл бөліп, күз көріністерін елестету, шумағын жәй, сабырмен орындау. Үйренген «Балдырғандар әні» әнін (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** **«**Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Билеп үйренейік» жинағынан). Би қимылдарын үйренуді | **Жасайды:** қысқа секіртпемен секіруді, бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне допты лақтыруды, екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өтуді, «Ғажайып кемпірқосақ» жаттығуын.<br>**Түсінеді:** екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен қалай өту, допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне қалай лақтыру және допты ашылған саусақтарымен қалай қағып алу керектігін.<br>**Қолданады:** күнделікті өмірде кеңістікті бағдарлай алу, екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту машықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Саусақ гимнастикасы<br>Халің қалай?<br>Хал мынандай? (Саусақтарды жұмып, бас бармақты жоғары көтеру).<br>Қалай жүзесің?<br>Мынандай! (Қалай жүзетіндерін қимылмен көрсетеді).<br>Қалай жүгіресің?<br>Мынандай! (Қалай жүгіретіндерін қимылмен көрсетеді).<br>Қалай алысты көресің?<br>Былай! (Қолдарын | дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар***: «Марш» (Е. Андосов).<br>Марш екпінімен тізені көтере адымдай басуды, бірге қимылдауды үйрету. Педагог балалармен күзгі серуен туралы әңгіме өткізеді.<br>***Музыка тыңдау:***<br>«Қазан» (П. Чайковский). Балаларға музыканы тыңдатып, күздің қандай құбылыстарын елестете алғанын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет).<br>Педагог әнді орындайды. Әннің мазмұнына көңіл бөліп, күз көріністерін елестету, шумағын жәй, сабырмен орындау. Үйренген «Балдырғандар әні» әнін (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** **«**Шабандоздар биі» | **Жасайды:** жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді; қысқа секіртпемен секіруді; гимнастикалық орындық үстінде белгі бойынша көзді жұмып, бір аяқты көтеріп тұруды.<br>**Түсінеді:** биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру және шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту керектігін.<br>**Қолданады:** қолды еркін қозғап, бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді және достық, сыйластық секілді адамгершілік қасиеттерді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Жинақылыққа тәрбиелеу: Тізбекке бір-бірден тұрады. «Шашырап жүру» ойын-жаттығуы:<br>Жүру, зал ішінде аяқтың ұшымен жүгіру, тізбекке, сапқа тұру. Екі-екіден тізбекке тұрады. Гимнастиалық орындық үстінде ЖДЖ орындау ( №1). Педагогтің нұсқауын дәл орындауға тырысады. Әр жаттығудың бастапқы қалыптарын сақтап орындайды.<br><br>**Түсіну деңгейі:** Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату ( 3рет): |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындайды: доп ұстап жүру (доп оң қолда), аяқтың ұшымен жүру – допты бастан жоғары көтеріп жүру, өкшемен жүру – допты алдыда ұстау.<br>Тізбекке екі-екіден тұру.<br>**Доппен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№2).** Арақашықтықтарын сақтау. Бастапқы қалыпты сақтай білу машықтары мен допты жереге түсірмеулерін қадағалау.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату**<br>(4 рет)<br>Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру. Саусақтарымен допты ширақ домалатады.<br>**Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Мысық пен торғайлар» (4 рет) . «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым- ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады.<br>«Мен осындаймын, біз осындаймыз» ойын-жаттығуы. Шеңбер бойына тұрады. Балалардың біреуі ортағы шығып: «Мен сұлумын!» – деп айтады. Қалған балалар қимылмен «Біз сұлумыз!» – деп хормен айтады. Осыдан кейін келесі | жалғастыру, еске сақтауға үйрету.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева).<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). Балаларды музыкалық ұрмалы аспаптарында әуен ырғағымен еркін ойнауға үйретуді жалғастыру. | маңдайға қойып, алысқа қарайды).<br>**Түсіну деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қасқырға қақпан»<br>(4 рет).<br>Шеңберде қол ұстасып тұрады.Бұл – аңшылардың қақпанын құруы. Белгі бойынша «аңшылар» қолдарын көтереді, «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді. «Аңшылар»: *«Кәне, кәне, халайық, Қасқыр қақпан құрайық. Кәне, қақпан берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр!»* деген тақпақты хормен айтып, қолдарын түсіреді. Қақпан ішінде қалып қойған «қасқырлар» ойыннан шығады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Ғажайып кемпірқосақ»**<br>Көздерін жұмып жатып, терең, бірқалыпты тыныс алады. Ғажайып кемпірқосақты көз алдарына елестетеді. «Бірінші түс – көгілдір. Көгілдір түс су сияқты. Су түскендей сергіп қаласың. Өзімізді су түскендей сезінейік. Келесі түс – сары. Сары түс күн сияқты бізді жылытады, қуаныш сыйлайды, ол үлпілдеген балапан сияқты. Егер көңілсіз болсаң, осы түске қараңдар. Көңілдерін көтереді. Жасыл түс көгорай | (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Билеп үйренейік» жинағынан). Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, еске сақтауға үйрету.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева).<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). Балаларды музыкалық ұрмалы аспаптарында әуен ырғағымен еркін ойнауға үйретуді жалғастыру. | Зейіндерін дамыту.<br>Тепе-теңдік: орындық үстінде белгі бойынша көзді жұмып, бір аяқпен тұру. Статикалық тепе-теңдікті сақтап, жаттығуды алдыға еңкеймей орындайды.<br>Көшбасшы болуға талпынғыш қасиеттерін дамыту. «Бірінші бол!» ойын-жаттығуы: жүргізушіні ауыстырып отырып, баяу жүгіру. Қолды кеуде тұсына дейін алға әкеліп, сонан соң шынтақтарын артқа жібереді. Педагогтің бұйрығы бойынша есімі аталған бала жүргізуші болып, жүгіру бағытын өзгертеді.<br>Шапшаңдықты дамытамыз. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту. Жаттығуды дұрыс орындауларын қадағалау. Бастапқы қалып: секіртпені артында ұстап тұрады. Сонан кейін алдыға лақтырып, секіруді бастайды. Секіртпемен еркін секіреді. Қол мен аяқты үйлестіріп қозғауға тырысады.<br>**Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Тығылмақ» **( 3 рет).**<br>Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші ортада |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бала басқа сөздерді айтады | | шалғынның түсі, жаз мезгілінің белгісі. Жасыл түс адамның көңіл күйін көтереді. Олай болса осы түстерге көбірек қараңдар. Су сияқты салмақты, күн сияқты көңілді, жаз сияқты мейірімді болайық. | | тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Қазан**<br>**Серуен кешені № 1**<br>**Қазан айының алғашқы белгілерін бақылау.**<br>***Міндет:***<br>— Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>— Қазан айының алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз**<br>**«Қазан айы»**<br>Қазан айы болыпты,<br>Қамбаға астық толыпты.<br>Сары даланы сәндетіп,<br>Думандатып әндетіп,<br>Жаңбырлы ғажап айы, Бұл мен – қазан айы..<br>Қазан айының алғашқы күндері жаңбырлы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Күздің қандай белгілерін білесіңдер? | **Қазан**<br>**Серуен кешені № 2**<br>**Қазан айының алғашқы күндерде жапырақтардың түсуін бақылау.**<br>***Міндет:***<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;<br>—бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабілеттерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>***Күзгі жапырақтар.***<br>***Қ. Шаңғытбаев***<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта күлімдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ұшты кенет жапырақ.*<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді? | **Қазан**<br>**Серуен кешені № 3**<br>**Торғайларды бақылау.**<br>***Міндет:*** *т*орғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>—күздің екінші айында құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркемсөз***<br>*Қалатындай қиқылдап,*<br>*Әдетіңді білемін,*<br>*«Шиық, шиық» еттің шиқылдап ,*<br>*Дайын асқа ортақсың*<br>*Шашып берген жемімді*<br>*Торғай, торғай торғайым,*<br>*Жейсің сонша қиқымдап,*<br>*Сені әркез қорғаймын*<br>*Қорқақсың-ау, қорқақсың,*<br>*Қыстың қамын жаз ойлап,*<br>*Еңбек десе шорқақсың.*<br>*Бәріне де бол дайын!*<br>**Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.**<br>♦ Торғай қандай болып көрінеді? *(Бұл кішкентай пысық құс.)* | **Қазан**<br>**Серуен кешені № 4**<br>**Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**<br>***Міндет:***<br>— Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>— Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз:**<br>Құстар менің достарым,<br>Жемін, суын керекгін,<br>Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін<br>Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін<br>Шаттық әнге салады.<br>♦ Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>♦ Олар қайда тіршілік етеді?<br>♦ Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?<br>♦ Оларды кім | **Қазан**<br>**Серуен кешені № 5**<br>**Қазан айының алғашқы көрністерін бақылау.**<br>***Міндет:***<br>*Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру****.***<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз:***<br>***«КҮЗ»*** *Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>♦ Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦ Күз айының нешінші айы?<br>♦ Неге күз деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күзде ауа-райы қандай болады?<br>♦ Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Күзде ауа-райы қалай өзгереді?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>♦ Адамдар күзде не істейді?<br>♦ Жануарлар күзгі тіршілікке қалай бейімделеді?<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>*Міндет:*<br>—орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>—экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қуып жет».<br>*Міндет: Т*ез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>**Бөрене үстімен жүру.**<br>***Міндет:***<br>Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>***Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.***<br>**Халық болжамы:**<br>*Күз белгісін ең алдымен аққайың сезеді. Басқа ағаштан көрі жапырағы ерте сарғаяды. Егер өсіп тұрған аққайыңды бақылап жүрген болсаңыз, одан бір сары жапырақ үзіледі де ауада | ♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>**Зерттеу жұмысы:** Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.<br>**Еңбек**<br>Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>*Міндет:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*<br>**Қ/О:** «Түлкі мен қояндар».<br>*Міндет: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу*<br>**Жаттығу ойындары:** | ♦ Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)<br>♦ Ал қанаты мен құйрығы қандай? *(құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген)*<br>♦ Ал басының түсі қандай? *(Сұр)*<br>♦ Торғайлар қайда өмір сүреді? *(қалада және ауылда.)*<br>♦ Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? *(адамдардың қасында олар жырткыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)*<br>♦ Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? *(подъездің немесе балконның күнқағарларына.)*<br>♦ Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? *(*Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек*)* | қоректендіреді?<br>♦ Көгершіндер қайда мекендейді?<br>♦ Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.<br>**Зерттеу қызметі:**<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>**Еңбек:**<br>Мектеп аумағына жем салғыш ілу<br>*Міндет: еңбек әрекетін орындауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшады, секіреді, жүзеді».<br>*Міндет:*<br>—балаларды жүкіруге үйрету;<br>—құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Қаданы (кегли) құлат».<br>*Міндет:*<br>— Допты нысанаға лақтыру;<br>— Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту.<br>**Халық болжамы:**<br>*құс жүнін үрпитсе, жауын болады;<br>*жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;<br>*құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады. | ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңын тазалау<br>*Міндет:*<br>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;<br>— Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.<br>**Қ/О:**<br>«Ормандағы соқпақтар».<br>*Міндет: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.*<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жалпы дамыту жаттығулары.<br>*Міндет:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,*<br>**Халық болжамы:**<br>*Егер қазан айында күн күркіресе, қыс қамшы сабындай келте болады.<br>*Тауықтар мен кекіліктердің қауырсындары үрпиіп, айдары қызарса, күн суытып жауын жауады.<br>*Егер тікендер мен алабота сабақтары төмен қарай иілсе, онда күн суытады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біраз қалықтап тұрып барып жерге түседі. Бұл таяу күнде ауа райы бұзылатынының белгісі. | Қозғалысты дамыту.<br>*Міндет:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.* | ♦ Күзде торғайлар немен қоректенеді? *(өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)*<br>**Еңбек:**<br>Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.<br>*Міндет:*<br>— Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету;<br>— Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қ/О: «Құстардың ұшуы».<br>*Міндет: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Жалауды құлатпа»<br>*Міндет: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру* | | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | Қалиолла Асылыммен жеке жұмыс.<br>Жыл мезгілдеріне арналған суреттерге қарап, әңгіме құрай білуге үйрету. | Мұратқажы Жанэльмен жеке жұмыс.<br>Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде суреттер арқылы үйрету. | Оралхан Жігермен жеке жұмыс.<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | Сабыржан Жасминмен жеке жұмыс.<br>9 және 10 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету. | Сәулетбек Нұрәлимен жеке жұмыс.<br>Тіл ұстартуға байланысты суреттер арқылы,мәтіндер құрауға үйрету. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Дербес ойын:**<br>**«Ойлан тап»**<br>**Міндет**: Қоршаған ортадағы заттар туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.<br>**Дағды:** Қоршаған ортадағы заттарды ажырата білу.<br>**Ойынның шарты:** Балалар сол нысандардың тіршілік ететін ортасын немесе | **Танымдық-қимылды ойын:**«Отбасының күзгі еңбегі»<br>**Міндет:**<br>Тез шешім қабылдай алуға, жылдамдыққа, ептілікке, сыйластыққа үйрету.<br>**Дағды:** Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға,бауырмалдыққа, мейірбандыққа дағдыландыру. | **Ойын: "Белгіні тыңда"**<br>**Міндет:**Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>**Дағды:** Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға | **Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Мысық пен торғайлар»<br>**Міндет:**<br>Балаларды жылдамдыққа, ептілікке, шымырлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:** үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойын шарты:** | **Суреттік боямалар:**<br>**«Жидектер»** жаттығуы.<br>**Міндеті:**<br>Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .<br>**Ойын шарты:** Алдын-ала тақтаға бүлдірген,шие,құлпынай салынған плакат ілініп дайындалады . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрған жерін атап көрсетеді.<br>П: Қасқыр қай жерде жүреді?<br>Б: Орманда, далада, хайуанаттар бағында.<br>П: Тағы қай жерден кездестіруге болады?<br>Б: Ертегіден, мультфильмнен, егер ойыншық болса, сөреден… | **Ережесі:**<br>Аланда 2 топқа бөлінеді. 1-топ жемістер жинаса,ал 2-топ көгеністер жинайды. Осылайша ойын жалғаса береді. | деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыруға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**балалар шеңбер бойында тұрады. Тәрбиеші жалаушамен алға деген белгі бергенде балалар мәреге жету керек, жете алмаған бала өз өнерін көрсетеді. | «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым- ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады.<br>«Мен осындаймын, біз осындаймыз» ойын-жаттығуы. Шеңбер бойына тұрады. Балалардың біреуі ортағы шығып: «Мен сұлумын!» – деп айтады. Қалған балалар қимылмен «Біз сұлумыз!» – деп хормен айтады. Осыдан кейін келесі бала басқа сөздерді айтады. | Рет-ретімен шығып әр жидектерді бояймыз. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.**<br>**12:25-12:30** | **Ата-анаға кеңес:**<br>«Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:**<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:**<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес:**<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 09.10 | Сейсенбі 10.10 | Сәрсенбі 11.10 | Бейсенбі 12.10 | Жұма 13.10 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті**(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**Үстел үсті ойыны**: «Керісінше айт»<br>**Міндеттері:** логикалық ойлауды дамыту, қарама-қарсы мағынасы бойынша айта алуды үйрету.<br>**Дағды:** қарама-қарсы сөз айтып,анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Тәрбиеші бір сөзді айтады, ал балалар оған мағынасы бойынша қарама-қарсы сөз айтуы тиіс. Мысалы: «ақ-қара» ,«жер-аспан», «жарық-қараңғы» және т.б.<br><br>**Ықтимал күрделендіру:** | **Мүсіндеу–шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:** «Жылан»<br>**Міндет:** Жорғалаған жыланға сипаттама бере отырып таныстыру. Жыланның тіршілігі, қозғалуы туралы ұғым қалыптастыру. Табиғаттағы тіршілік иелеріне деген қызығушылығын оята отырып қамқор болуға тәрбиелеу.Мүсіндеу әдістерін жақсарту.<br>**Дағды:** Алақанмен илеп бөліктерге бөліп, қоса білуе дағдыландыру.Ермексаздың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру, тегістеу, тарту, әдіс бойынша жаттықтыру | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Сәйкестендіру жаттығу ойыны:«Спортлото құрастыру»**<br>**Міндет:** балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын дамыту; балаларды спорт түрлерін тануға және атауға үйрету; зейінін, есте сақтауын дамыту.<br>**Дағды:**спорт түрлерін атап,сол спорт түрлеріне байланысты дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Әр ойыншы 2-3 ойын | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>**Ойын жаттығу:** «Бірізді суреттер»ойыны<br>**Міндет:** қиялды, логикалық ойлауды, сөйлеуді және шығармашылық тілді дамыту .<br>**Дағды:** бір-бірімен сәйкестендіруге дағдыландыру.<br>**Ойын шарты:** Ойын материалы ретінде бір сюжетпен өзара байланысқан 3-4 сурет пайданылады. Суреттер бөлшектеліп және араласып беріледі. Тәрбиеші баланың алдында суретті қойып,өзара байланысты | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Үстел үсті ойыны:** «Жапырағы бойынша ағашты тап»<br>**«Мозайка»**<br>**Міндет:** Балаларды ағаштардың түрлерімен таныстыру. Жапырақтар арқылы ағаштарды тауып ағаш аттарын айта білуге үйрету; балалар көрген суреттерін есте сақтай отырып, әр суретті реті бойынша атайды. Ағаш түрлері туралы өз ойыңызды дәл жеткізуге үйрету. Логикалық ойлауды дамыту.Ой-өрісін, сөздік қорларын дамыту; табиғатты қорғауға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тез жаса.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>Өздік жұмыс, мысалдар келтіру.<br>**ТАЗА КІР**<br><br>**ҚАТТЫ ЖҰМСАҚ**<br><br>**АШЫҚ ЖАБЫҚ**<br><br>**ҚҰРҒАҚ СУ**<br><br>**БОС ТОЛЫҚ**<br><br>**КӨҢІЛДІ КӨҢІЛСІЗ**<br> | ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар:**<br>Ойынға балалардың барлығы қатысады.Олар бір-бірінің белдерінен ұстап жылан сияқты ирелеңдейді,бірде тоқтап орнында қалуы тиіс . Тәрбиешінің қадағалануымен ойналады<br>**Ықтимал күрделендірулер:** Жыланға ұқсап жүру . Өз ойларын еркін жеткізу.Жыланның қалай ысқыратының еске түсіру.<br>**Ойынның нұқсаулары:**<br>Дидактикалық ойындарды мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекеттінің тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, сабақта меңгерген материал туралы түсінігін кеңейту, баланың шығармашылығын дамыту.<br><br><br> | суреттер беріледі,оларды құрастыру арқылы бір спорт түрлерін жинақтау. Жүргізуші, спорт түрін атайды және оны ойыншыларға көрсетеді. Ойын картасында осындай белгі бар суретті табады.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау.<br><br><br> | әңгіме құрастыруға болатынын түсіндіреді .Бала суретті ретімен құрауы тиіс.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>Суретке қарап ертегі құрауды ұсынуға болады.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>Ертегіні ,әңгімені сахналап көрсету.<br><br><br><br> | **Ойынның нұсқаулары:**<br>Балаларға ағаштар суреті бар карточкалар таратылады. Суретке қарап ағаштың жапырағына сәйкес жапырақтарды тауып толықтырады және ағаштың атын айтады.<br>**Дағды:** Жапырақтар арқылы ағаштарды тауып ағаш аттарын айта білуге дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулық:**<br>Ағаштардың суреттері бар суреттерді салады және олар туралы әңгімелейді, балалардың назарын ағаштың жапырақтарына аударады, олар ұсынылған әр картада да бар. Содан кейін ол балаларға әртүрлі ағаштардың жапырақтары бейнеленген карталарды таратады және жапырақ құлаған ағашты табуды ұсынады. ( Қайың, емен, шырша, тал, каштан, балқарағай, үйеңкі, жөке, балқарағай, көктерек, қарағай, терек )<br>**Ойынның шарты:**<br>1.Тәрбиешінің сигналы бойынша жұмысты бастау<br>2. Командада тапсырмаларды бірге орындау<br>3. Парақтың суреті бар картаны тиісті ағашқа лотоға салыңыз.<br>**Ойын барысында болатын қиындықтар**:<br>1. Карточкалар бойынша балалар ұсыныстар жасайды және айтады сөйлейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  | | | Мысалы: Қайың-береза-birch<br>2. Балалар бір-бірден парақтың суреті бар картаны алады, ағашты атайды, картаны тиісті ағашқа лотоға салады.<br> |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | № 27 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: қолдары екі жанында, 1– сол аяғымен жанына қарай қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу; 2– б.қ.қ. Сол қимылдарды екінші аяғымен қайталау (7-8 рет).<br>2.Б.қ.: аяқтарын арасын ашып қою, қолдары белінде. 1–3 серпіле отырып-тұру, қолдарын алға созу. 4-б.қ.қ. (6-7 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын арасын ашып, қолдарын төмен түсіріп тұру. 1– қолдары кеудесінде, шынтақтан бүгілген; оңға бұрылып, қолдарын екі жаққа созу; 3– қолдарын кеудесіне әкелу; | № 28 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№ 4 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: тұру. Қолдарын түзу басынан жоғары көтеріп, қолдарымен шапалақ ұрады. Қолдарын төмен түсіреді.<br>2.Б.қ.: «боксшы» қимылын жасап, қолдарын кезек-кезек алдыға-жанына жұдырықтап, серпу. 7-8 рет<br>3.Б.қ.: тұру. Алдыға еңкею. Қолдарымен аяқтарының артынан шапалақ ұру – 7-8 рет.<br>4.Б.қ.: оң аяғын түзулеп, жоғары көтеріп қалып, аяғының астынан шапалақ ұру. Сол аяғымен соны қайталау.<br>5.Б.қ.: арқасына шалқалап | № 29 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Таспамен жаттығулар орындау**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 8 рет.<br>2.«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, таспаны төмен ұстау. 1– оң аяқ басына көтеріліп, таспаны жоғары көтеру; 2 – б.қ.қ.; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды орындау (8 рет). | № 30 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Таспамен жаттығулар орындау**<br>**№ 2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ. : түзу тұру, 1– қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді.<br>2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет).<br>2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға) бұрады (8 рет).<br>3.Б.қ.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғының артынан беру (8 рет).<br>4.Б.қ. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) | № 31 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Секіртпемен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 1 жаттығулар кешені**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.;<br>3 –басын артқа шалқайту;<br>4 – б.қ. – 8 рет.<br>2.«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, секіртпені екіге бүктеп, төмен ұстау. 1-2 – аяқ басына көтеріліп, секіртпені жоғары созу; 3-4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>3.«Еңкею»Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 4– б.қ.қ. (6–8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтары параллель, қолдары белінде 1– бір аяғын (сол) жоғары көтеру: аяғының астына шапалық ұру. 2 – б.қ.қ. (7-8 рет)<br>5.Б.қ.: аяқтарының арасын ашып, қолдарын беліне қойып, отыру. 1 – қолдарын екі жаққа созу. 2– алдыға еңкейіп, оң (сол) аяғына тигізу; 3– қолдарын екі жаққа жазу. 4– б.қ.қ. (6–8 рет)<br>6.Б.қ.: тізерлеп тұру, қолдарды беліне қою; 1-2– оң жаққа отырып-тұру, қолдарын алдыға созу; 3-4– б.қ.қ. Сол жағына қайталау (6–8 рет)<br>Санап тұрып (1–8), оң (сол) аяқпен секіру (3-4 рет). | жату, түзулеп екі аяғын бірдей жоғары көтеріп апарып, басынан асырып, жерге тигізу. Аяқтарын қайта төмен түсіріп, б.қ. қайту. 7-8 рет.<br>6.Б.қ.: ішімен етпетінен жатып, қолдарын иегінің астынан таянып жату. Екі қолдарын екі жаққа жазып, арқасымен артқа қайырылу. Жаттығу кезінде аяқтарын жерден алмайды. 7-8 рет.<br>7.Б.қ.: аяқтарын біресе бірге ұстап, біресе екі жаққа ашып, бір орында секіру. Секіруді жүрумен алмастыру. 2-3 рет. | 3.«Күн»<br>Б.қ. - түзу тұру, қолдарында таспа, төменде. 1 – 4 – қолдарын параллель ұстап, оң жаққа қарай айналдыру; 5 – 8 сол жаққа. 4 рет.<br>4.«Бұлақ»<br>Б.қ. – түзу тұру, қолдарында таспа, төменде; 1 – қолдарын алдыға қарай түзеп, созу; 2 – 8 қолдарын алдыда ұстап, жоғары-төмен қозғалту, 9-10 – б.қ. 4 рет.<br>5.«Еңкею»<br>Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұру, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-2 – алдыға еңкею, таспаларды жоғары көтеру, артқа шалқаю; 3-4 – б.қ. (5-6 рет).<br>6.«Бесік»<br>Б.қ. – жерде жатып, таспаларды алдыға созу, 1 – шалқайып, аяқ-қолдарын көтеру, 2 – б.қ. 8рет.<br>7.«Секіру».<br>Б.қ. – алдыға-артқа секіру 8 рет. | қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайта келеді (8 рет).<br>5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп, таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет)<br>6.Б.қ.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына да таспа ұстайды) (8 рет)<br>7.Б.қ.: бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет). | төмен түсірілген. 1 – секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға (солға) еңкею; 3– денені түзеу, секіртпені жоғары көтеру; 4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>4.«Отырып-тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген.<br>1-2 – отыру, секіртпені алдыға шығару; 3-4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>5.«Қадам аттау, еңкею»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе екі жанына төмен түсірілген.<br>1 – оңға аттап, секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға еңкею; 3 – денесін түзеу,секіртпе жоғары;<br>4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>6.«Аяғыңның басына жеткіз»Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе екі жанына төмен түсірілген.<br>1 – секіртпені жоғары көтеру; 2 – алдыға еңкейіп, секіртпені оң (сол) аяқтың басына тигізу;<br>3 – денені түзеп, секіртпені жоғары көтеру;<br>4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>7.«Секіру»Б.қ. – аяқтарының арасы ашық, секіртпе артта төмен; екі аяқпен бірге секіртпені айналдыра отырып секіру. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:** 09.00 11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **09.10.23**<br>**Дүйсенбі** | **10.10.23**<br>**Сейсенбі** | **11.10.23**<br>**Сәрсенбі** | **12.10.23**<br>**Бейсенбі** | **13.10.23**<br>**Жұма** |
| | | **Математика негіздері** | **Сауат ашу негіздері** | **Математика негіздері** | **Математика негіздері** | **Сауат ашу негіздері** |

| | | Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Дене шынықтыру | Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка | Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Дене шынықтыру | Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Музыка | Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Заттарды өлшемі бойынша салыстыру. (ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:** әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету; сөйлеу барысында «үлкен - кішкентай», «артық - кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру;<br>логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді;<br>**Түсінеді:** заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын;<br>**Қолданады:** заттарды | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қатаң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату; суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру; бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: қатаң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** қатаң дауыссыздарда мүлде үн болмайтынын түсінеді.<br>**Қолданады:** қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>*«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>*«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ұзындық.<br>**ҰІӘ міндеттері:** шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынына назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:**«ұзын - қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ұзындық.<br>(ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:** шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынына назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:**«ұзын - қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ұяң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** ұяң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>**Дағды**: Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді.<br>**Қолданады:** ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру арқылы бастайды.<br>Қарға, қамыс, қалам, қамшы, тамшы. *(тамшы)*<br>Орындық, орман, ожау, олақ, шолақ. *(шолақ)*<br>Дариға, Дархан, Орхан, Дина, Диана. *(Орхан)*<br>Сандық, сағат, сақал, мақал, сағыз, соғыс. *(мақал)*<br>Бөтелке, балға, бал, мал, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты**.<br>1-ден 9-ға дейінгі сандар еденде шашыраңқы болып жатады, бірақ бір-бірінен онша алыс емес.<br>Көрсетілген цифр ретімен, аяқтарын «суламай» «тастардың» үстімен жүреді (цифрды ретін шатастырмайды).<br>**Түсіну деңгейі: Тосын сый сәті.** «Гномдар бізге қонаққа келді.<br>**Проблемалық сұрақ.**<br>Барлық гномдар бірдей ме? «Олармен жақынырақ танысайық».<br>Педагог балаларға «үлкен - кішкентай», «түс», «алдында - артында», «алды», «арасында», «жанында» деген сөздерді пайдалана отырып, суретте бейнеленген әр гномды сипаттауға көмектеседі.Балалар ойын жағдаятына қосылады. Гномдар бейнеленген суреттерді қарайды, олардың өлшемін, түсін, кеңістікте орналасуын анықтайды.Біз гномдарды үлкенді - кішілі және киімінің түсімен салыстырдық деп түсіндіреді.<br>Енді оларды биіктігі мен қалыңдығы бойынша салыстыруды үйренейік. | ұстап тұру керек.<br>*«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>*«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Қатаң дауыссыз дыбыстармен таныстыру.**<br>– Үн мен салдырдың дыбысқа қатысуына қарай тілдегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып келеді.<br>Дауыссыз дыбыстар үш топқа бөлінеді.<br>Бүгін біз солардың ішіндегі қатаң дауыссыздардың жасалу жолдарымен танысамыз. Айнамызды қолымызға алып қарайық. Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: *п, к, қ, т, с, ф, ч, ц, ш, щ, һ*. Бұл дыбыстарды айтқанда нелер кедергі жасады? Иа дұрыс айтасыңдар (ерін, тіс, тіл). Бұл дыбыстарды қандай дауыспен айттыңдар (тез және қысқа )<br>**Түсіну деңгейі: *«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны.***<br>Педагог дыбыстарды айтады: п, а, к, қ, о, т, с, ә, ф, і, ш, щ, һ, ц. Балалар дауысты дыбысқа қызыл, дауыссыз дыбыстарға көк фишканы көтереді.<br>***«Кім көп сөз ойлайды»*** | сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету;<br>**Түсінеді:** ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын;<br>**Қолданады:** заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты:** Әлия мен Сырым ойын ойнауға шақырады.<br>**«Керісінше айт» дидактикалық ойыны**<br>Бала педагогқа допты қайта лақтырып, антонимін айтады. Ұзын - қысқа, биік - аласа, кең - тар, жуан - жіңішке, ауыр - жеңіл.<br>**Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»**<br>«Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады.<br>Балалар тапсырманы орындайды.Балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді.<br>Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді. | барысында қолдана білуге үйрету;<br>**Түсінеді:** ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын;<br>**Қолданады:** заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты:** Әлия мен Сырым ойын ойнауға шақырады.<br>**«Керісінше айт» дидактикалық ойыны**<br>Бала педагогқа допты қайта лақтырып, антонимін айтады. Ұзын - қысқа, биік - аласа, кең - тар, жуан - жіңішке, ауыр - жеңіл.<br>**Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»**<br>«Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады.<br>Балалар тапсырманы орындайды.Балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді.<br>Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді.<br>Бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттын | бала, қала. *(мал)*<br>Балалар сөздердің ішінен артық сөзді шатаспай, жылдам табулары керек.<br>Балалар сөздің бірінші дыбысы бойынша артық сөздерді табады.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»***– тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу.<br>**Түсіну деңгейі: Ұяң дауыссыз дыбыстармен таныстыру.**<br>Балалар біз бүгін дауыссыз дыбыстардың ішіндегі ұяң дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз.Ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суреттерін тақтаға іледі:<br>балға, вагон, гүл, ғарыш, доп, жүзім, зырылдауық. Атайды, сөздің бірінші дыбысын ерекше етіп айтады. Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: б, в, г, ғ, д, ж, з.<br>Дауыссыз дыбыстарды айтқанда көмейде кедергіге ұшырамаған ауа ауыз қуысына күшті қарқынмен келеді. Ауыз тар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кесте - гномдар орналасқан фон, 2.1 және 2.2. кесте - сурет кескіндері.<br>Гномдарды өсу ретімен орналастыруды ұсынады: алдымен ең аласасы, содан кейін биігі.<br>Сіз мұны қалай жасайсыз?<br>Шалбар мен кеудешелерді қалың немесе жұқа деп айтпайды, оларды ені кең-тар деп айтады.<br>Шалбарды енімен қалай орналастырамыз?<br>Балаларды алдымен көзбен, содан кейін бір- бірінің үстіне қою арқылы таңдауға шақырады.<br>Топтағы балалармен осыған ұқсас жұмыс жүргізіледі.<br>Бірнеше балаға (5 адам) шығып, бір-бірінің артынан тізіліп тұруды ұсынады.<br>Қалған балалар оларды сипаттайды: үлкен-кішкентай, киімінің түсі, бір-бірінің артына орналасуы. Топ балаларының осы қасиеттерін анықтайды.<br>Балалар тапсырманы орындап, 5 және одан да көп заттардың өлшемін анықтайды және олардың қасиеттерін үлкен, кіші, орташа, негізгі түстер сөзін қолдана отырып дауыстап айтады.<br>**Қолдану деңгейі: Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманы** орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады.<br>Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды - | ***дидактикалық ойыны***<br>– *К* дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар.<br>*Кітап, кілем, кім, кілт, киіз.*<br>*Т* дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер.<br>*Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***«Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы***<br>Мен сендерге дауысты дыбыстар мен қатаң дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дауысты дыбысты естігенде бір рет шапалақ ұрасыңдар да, ал дауысыз қатаң дыбыстарды естігенде жұдырықпен партаны ұрасыңдар.<br>Мысалы*: сағат, автобус, тарақ, факел, ожау, қайрақ, орындық, күшік, үкі, чупа-чупс, қобыз, шар, шахмат, өшіргіш, щетка, ит, ірімшік, әтеш, ыдыс, тау, киіз, циркуль.*<br>«Сөзге қатаң дауыссыз дыбысты қос» дидактикалық жаттығуы<br>– Мен қандай да бір сөздің басын айтамын, ал сендер түсіп қалған қатаң дауыссыз дыбысты жалғап, толық сөзді айтуларың керек.<br>Мысалы: *қа..., ша.., автобу..., тара..., голь..., үті..., шахма..., пла..., әте..., күші..., пыша..., қаламса.., қайра..., қамы.., қайы... т.б.*<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Екі үйрек келеді, | Бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттың қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді.<br>**Түсіну деңгейі: Эксперименттік іс-әрекет:**<br>Балаларға үстелдің ұзындығын алақанымен өлшеуді ұсынады.<br>Балалар алақанмен өлшейді. Жауаптарын салыстырады.<br>Сонда қалай, үстел біреу, бірақ жауап әртүрлі? (Алақанның көлемі әртүрлі)<br>Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейміз.<br>Балалар үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Жауаптың әртүрлі болуы шынтақтың ұзындығына байланысты деп, қорытынды жасайды.<br>Екі баланы шақырады ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын қадамдармен өлшеуді сұрайды.<br>Екі бала кілемді өлшейді. Жауаптарын салыстырады.<br>Балалардың қадам өлшемдері әр түрлі, сондықтан өлшеу нәтижелері әр түрлі деген педагогпен бірге қорытынды жасайды.<br>Проблемалық сұрақ: заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады? | қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді.<br>**Түсіну деңгейі: Эксперименттік іс-әрекет:**<br>Балаларға үстелдің ұзындығын алақанымен өлшеуді ұсынады.<br>Балалар алақанмен өлшейді. Жауаптарын салыстырады.<br>Сонда қалай, үстел біреу, бірақ жауап әртүрлі? (Алақанның көлемі әртүрлі)<br>Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейміз.<br>Балалар үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Жауаптың әртүрлі болуы шынтақтың ұзындығына байланысты деп, қорытынды жасайды.<br>Екі баланы шақырады ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын қадамдармен өлшеуді сұрайды.<br>Екі бала кілемді өлшейді. Жауаптарын салыстырады.<br>Балалардың қадам өлшемдері әр түрлі, сондықтан өлшеу нәтижелері әр түрлі деген педагогпен бірге қорытынды жасайды.<br>Проблемалық сұрақ: заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады?<br>Балаларға ата-аналар үйдегі заттарды қалай өлшейтінін еске түсіруін сұрайды.<br>Пікірталастан кейін педагог бір ғана өлшеуіш-метрді | ашылғандықтан, көмей арқылы келген қарқында ауа әртүрлі артикулярлық мүшелермен соқтығысады.<br>***«Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны*** – Б дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар.<br>*Бақа, бақыт, бал, би, Берік, бор, балық, бас, боти, быламық, ботқа.*<br>*Г* дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар.<br>*Гүл, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет.*<br>Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.<br>**Қолдану деңгейі:** «Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы.<br>Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естісеңдер, қол шапалақтайсыңдар.<br>Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке.<br>«Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы<br>– Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: *үстел ...(биік), қоян ...(жүйрік), сағат ...(домалақ), қызыл ...(доп), ала ...(жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон),* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көк, кішкентай заттарды - қызыл түспен қоршап сызады.<br>**2-тапсырманы** орындайды. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. | Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады. | Балаларға ата-аналар үйдегі заттарды қалай өлшейтінін еске түсіруін сұрайды. Пікірталастан кейін педагог бір ғана өлшеуіш-метрді ойлап тапқанын түсіндіреді. (көрсету).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Логикаға арналған ойын жаттығулары.** Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады:<br>Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы?<br>**Топтық жұмыс.**<br>Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді. Педагог балаларға ұзындығы әртүрлі санағыш, қарындаш таратады. Өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>*Орман алаңында*<br>*Көк шалғында*<br>*Қоңыз жорғалайды,*<br>*Кесіртке секіреді,*<br>*Көбелектер қалықтайды,*<br>*Гүлден-гүлге қонақтайды.* | ойлап тапқанын түсіндіреді. (көрсету).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Логикаға арналған ойын жаттығулары.** Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады:<br>Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы?<br>**Топтық жұмыс.**<br>Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді. Педагог балаларға ұзындығы әртүрлі санағыш, қарындаш таратады. Өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>*Орман алаңында*<br>*Көк шалғында*<br>*Қоңыз жорғалайды,*<br>*Кесіртке секіреді,*<br>*Көбелектер қалықтайды,*<br>*Гүлден-гүлге қонақтайды.* | *бақылдауық ... (бақа),*<br>*білімді ... (ғалым),*<br>*жайылып жүр ... (жылқы),*<br>*күмбірлеген ...(домбыра),*<br>*желбірейді ...(жалау),*<br>*зымыран ... (ұшты),*<br>*әдемі ... (зырылдауық) т.б.*<br>**Сергіту сәті:**<br>Кәне, енді тұрайық,<br>Бір қатарды құрайық.<br>Белімізден ұстасып,<br>Алға бағыт бұрайық.<br>Паровоз боп ойнайық,<br>Вагондарды жалғайық.<br>Сапар шегіп алысқа,<br>Алға қарай зулайық.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Айдын шалқар көлдерде,<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын,<br>Әрі-бері жүзеді. |
| ***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек,** | | | | | |

<table>
<tr><td colspan="6">балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.<br>«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға » арналған ойын: «Патша»<br>Басты міндет: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Көру – көзбен көру.<br>Тыныс алу – мұрынмен дем алу.<br>Есту – құлақпен есту.<br>Ұстау – қолмен ұстау.<br>Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау).<br>Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз.<br>Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі.<br>Артикулляциялық тіл жаттығулары<br>Тілге арналған:<br>Суретті тіл ұстарту<br>Ша – ша – ша<br>Айшаның шанасы тама (ша)<br>Са – са – са<br>Қасқыр соқты Мұ (са)<br>Ол – ол – ол<br>Ағашта лимон м(ол)<br>Ра – ра – ра<br>Дүкеннен нан алды Са (ра)<br>Із – із – із<br>Тамаққа қосты сәб(із)<br>Жу – жу – жу<br>Ыдысты тазалап (жу)</td>
<td colspan="2"><br></td>
<td colspan="2">Еркін ойын түрі: «Патша»<br>Міндеті: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.<br>Дағды: зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Әдістемелік нұсқаулар:<br>Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш-ш-ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш-ш-ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.<br>Ұсыныс: ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Күзгі жапырақтар.(тілдік қарым-қатынас,жаттау)<br>ҰІӘ міндеттері: балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру;<br>Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік</td>
<td>2.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>ҰІӘ тақырыбы: Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?<br>(ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>ҰІӘ міндеттері: күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету;<br>балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау</td>
<td>2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)кесте қуыршақ театры арқылы сомдау.<br>ҰІӘ міндеттері: ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>ертегі мазмұнында</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Шаштараз.(Өлең)<br>ҰІӘ міндеттері: балалардың ойлау қабілетін дамыту;<br>балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Дағды: таза, ұқыпты жүре білуге дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды:өлеңді жатқа айтады, жұмбақтың шешуінің түбірлес</td>
<td>2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)ермексаз театры арқылы сомдау.<br>ҰІӘ міндеттері: ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету;<br>ертегі мазмұнында</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорларын дамыту; балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. **Дағды**: күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер құрай білуге дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** өлеңнің бір шумағын шумағын жаттайды; **Түсінеді:** күз мезгілінің ерекшеліктерін; **Қолданады:** ағаштардың жапырақтарын ажыратып орнына қояды. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. **Білу деңгейі:** Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі екенін қайдан білесіңдер? Күз мезгілінде неше ай бар? Қазір сендерге мен күз мезгілі туралы жұмбақ жасырамын. Жұмбақ Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары. Иә, балалар, күз мезгілінде жапырақтар жерге түсіп, сары алтындай болып жарқырап жатады. Байқап қарасаңдар, жапырақтардың бәрі бірдей сары емес, қызғылт, қоңыр болып көрінеді. Тура бір даланы бояп тастаған тәрізді. Ақын Қ. Шаңғытбаев табиғат туралы көптеген өлеңдер жазған. **Түсіну деңгейі:** **Күзгі жапырақтар** Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырық. | мәдениетін қалыптастыру; баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту. **Дағды**:мектеп маңында, үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын айтып ажырата білуге дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** балабақша маңында, үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын атап береді. **Түсінеді**: күзде жапырақтардың не себептен түсетінін біледі. **Қолданады**: гербарий жасауға жапырақ жинауды біледі; қарапайым зерттеулер. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану **Білу деңгейі: Экскурсия кезінде балаларға түсіндіреді:** Күзде жапырақты ағаштардың жапырағы түседі. Ал көктемде жапырақтар қайта шығады. Жайпақ жапырақты ағаштарға тал, жөке, үйеңкі, емен, қайың, терек жатады. Қылқанжапырақтыларға майқарағай, шырша, қарағай жатады. Зерттеу жұмысы барысында қылқанжапырақты ағаштардың жалпақ жапырақты ағаштардан айырмашылығын атап көрсетеді (жайпақжапырақты ағаштардың жапырағы жалпақ, үлкен болып келеді. Ал қылқан | қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту; адал дос болуға тәрбиелеу. **Дағды**: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** ертегіні тыңдайды, кейіпкерлерді атайды; **Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді; **Қолданады**: сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алады, жұмбақтың шешімін айта алады. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану **Білу деңгейі:** «Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған». *(Мысық)* – Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу. **Түсіну деңгейі:** ***Сұрақ-жауап:*** Ертегі қалай аталады? Мақтақыз не тауып алды? Мысық не істеді? Мақтақыз мысықты қалай жазалады? | сөздерін табады; **Түсінеді:** өлең мазмұнын, таза, ұқыпты жүруді; **Қолданады:**өлең сөздерінің ішінен түбірлес сөздерді табады. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. **Білу деңгейі:** Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы? Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер? Өздерің таза жүресіңдер ме? **Түсіну деңгейі:** Түбірлес сөздер деп түбірі бір сөздерді айтамыз. Мысалы: талап – талапты, талапсыз;өсір – өсіру, өсірмеу; өнер – өнерлі, өнерпаз; бақыт бақытты, бақытсыз; ар – арлы, арсыз,кітап – кітапхана, кітапша, ойын – ойыншы, ойыншық, ойна, бала – балақай, балалық, балақан, бота – ботақан, ботагөз. Балалар, енді түбірлес сөздер құрастырып көріңдер. Балалар, мен жұмбақ жасырамын, тапқан жауаптарыңа түбірлес сөздер құрастырып беріңдер. **Жұмбақтар шешу:** Ертемен күнде сен, Қолыңды сүйкесең, Кетіп кір, ласың, Тап-таза боласың. | қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту; адал дос болуға тәрбиелеу. **Дағды**: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** ертегіні тыңдайды, кейіпкерлерді атайды; **Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді; **Қолданады**: сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алады, жұмбақтың шешімін айта алады. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану **Білу деңгейі:** «Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған». *(Мысық)* – Балалар, бүгін «Мақтақыз бен мысық» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу. **Түсіну деңгейі:** ***Сұрақ-жауап:*** Ертегі қалай аталады? Мақтақыз не тауып алды? Мысық не істеді? Мақтақыз мысықты қалай жазалады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>Күншуаққа маужырап,<br>Жатыр еді атырап.<br>Ағаштардан жамырап,<br>Ұшты кенет жапырақ.<br>Ой, алақай, тамаша, Шашу шашты жапырақ. Бақтың іші алаша,<br>Аунар ма еді жатып ап.<br>Өлеңде қай мезгіл бейнеленген?<br>Не жайлы айтылған?<br>Ақын жапырақтарды неге теңеген?<br>Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік.<br>Күз мезгілі қандай?<br>Күз мезгілінде айнала сары болады.<br>Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі.<br>Жер бетін жапырақ жапқан.<br>Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары. Керемет көрініс.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Алаша, жамырап* деген сөздердің мағынасын түсіндіреді.<br>*Алаша – төсеніш, жамырап түсу – жапырақтардың көп түсуі.*<br>Сендерге өлең ұнады ма ?<br>Ендеше мен қайталап оқимын, сендер естеріңе сақтап алуға тырысыңдар.<br>Балаларға өлең жолдарын | жапырақтылардың жапырағы үшкір ине тәріздес болады;<br>жалпақжапырақтылар қыста жапырағын тастайды, ал, қылқанжапырақты-лардың жапырағы түспейді).<br>Шырша мен қарағайдың жапырақтарын салыстырады. (Қарағайдың қылқандары ұзын, бір жағынан жалпақ, екінші жағынан қарағанда дөңес болып келеді. Түсі – ашық-жасыл, жұптасып орналасқан. Қарағайдың бүрлері (шишка) қысқа, үшбұрыш пішіндес болып келеді. Қабыршағында дөңес жерлері бар. Ал шыршаның қылқандары қысқа, қою жасыл түсті. Бүршіктері ұзын, жылтыр, қабыршағы жұқа болып келеді.) Қыста шырша мен қарағайдың қылқандары неге түспейді? (Қылқандар жіңішке, кішкентай, олар көп суды қажет етпейді. Сондықтан бұл ағаштардың жапырақтары қыста түспейді.)<br>**Өзекті мәселе**: Неліктен күзде ағаштардың жапырақтары түседі?<br>Болжамдарын айтады: Күзде күн сәулесі азайып, күн қысқарады. Бұл ағаштарға қысқа дайындалу қажеттігі туралы белгі болып есептеледі. Егер ағаштар түспейтін болса қыста бұтақтар қалың қарды көтере алмай сынып кетуі мүмкін. Ағаштар | Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі?<br>Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік.<br>Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді.<br>3-4 балаға айтқызып қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда.<br>Мысық не істеді?<br>Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың?<br>Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле.<br>Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер.<br>Сен Мақтақыздың орнында болсаң не істер едің?<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын көк аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз. | Бұл не? (Сабын)<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүйеді қолын да,<br>Сүртеді жанын да.<br>Бұл не? (Сүлгі)<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Демонстрациялық материал.**<br>Балалар, мен Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Сендер суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға тырысыңдар.<br>**Шаштараз.**<br>Ұжымшарға жаңадан,<br>Келген еді шаштараз.<br>Өзі сондай таза адам,<br>Өсіп кеткен шашқа араз.<br>Кім бөлмесе көңілін,<br>Өсті екен деп баста шаш.<br>Салақ болса кімде-кім,<br>Соны ұнатпас шаштараз.<br>Ал ұқыпты баланы<br>Өте жақсы көреді.<br>Шашын сәндеп алады,<br>Жұпар сеуіп береді.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Араз – қарсы мағынасында;<br>Жұпар – әтір, иіс судың исі.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қанатымды жазамын,<br>Жоғары-төмен қағамын.<br>Биік көкке айналып,<br>Жұлдыздай жылдам ағамын. | Мысық қатық іздеп нелерге кездеседі?<br>Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ертегіні қайталап, есімізге түсірейік.<br>Оқылған ертегі сюжеті бойынша мазмұнын шығармашылықпен әңгімелейді.<br>3-4 балаға айтқызып қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Сурет бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда.<br>Мысық не істеді?<br>Мақтақыз неге ашуланды деп ойлайсың?<br>Мысықтың әрекетін ретімен әңгімеле.<br>Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер.<br>Сен Мақтақыздың орнында болсаң не істер едің?<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын көк аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірнеше рет қайталату арқылы өлеңнің бірінші шумағын жаттатады.<br>**Қолдану деңгейі:** Қазір есікті қағайық. Не естідіңдер?<br>–Тағы тыңдаңдар (дабыл соғылады).<br>Ненің дыбысын естідіңдер? Дыбыстар бірдей болып шықты ма?<br>Дыбыстар әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар созылып әндетіп айтылады. Кейбіреуі кедергіге ұшырап қысылып айтылады.<br>Мысалы,«А-а-а» деп айтайықшы. Дыбыс ешқандай кедергісіз ұзақ айтылды. Кедергісіз айтылатын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз. Мысалы: «А», «Ә», – дыбыстары дауысты дыбыстар. Екі дыбысты да әндетіп айтуға болады.<br>Дидактикалық ой*ын:*<br>*«Қай ағаштың жапырағы*?»<br>Ойын шарты: Әр жапырақтарды өзі өсетін ағаштарына апарып ілу.<br>**Мақал-мәтелмен жұмыс:**<br>1. Диқан жерін мақтайды, Балықшы көлін мақтайды, Кәсіпкер кенін мақтайды.<br>2.Жердің сәні – егін, Ердің сәні – білім.<br>3.Не ексең соны орарсың.<br>4.Қырман басы – береке, Көп жүрген жер – мереке.<br>Балалар, мақал-мәтелдерде егін жайлы, күз мезгілінің берекесі жайында айтылған. Егін бітік болса, елімізде береке, тоқшылық болады. | жапырақтарын тастау арқылы қысқа дайындалады және өзін қорғайды.<br>Сонымен қатар ағаштар жаз бойы діңі мен бұтақтарына крахмал жинайды. Ол аязды күндері қантқа айналады. Ағаш қыс бойы сонымен қоректенеді.<br>**Түсіну деңгейі: Үлкейткіш әйнектің көмегімен күзгі жапырақты зерттеу**.<br>Балалар жапырақтың құрылымымен танысады, сабақ, тамыршаларын байқайды. Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>**«Қайсысының жапырағы екенін тап» атты дидактикалық ойын**<br>Балаларды ағашты жапырағына қарап тануға үйрету. Ағаштар мен бұталардан түскен жапырақтарды жинау. Жапырақтың қандай ағаштан немесе бұтадан түскенін анықтауды, түспеген жапырақтарға қарап дәлелдеуді (ұқсастығын табуды) ұсынады.<br>Ойын аяқталған кезде педагог мынадай уәде береді: (балалар қайталайды).<br>*Ағаштардың бұтақтарын жұлмауға уәде береміз!*<br>*Ағаштарды суғаруға уәде береміз!*<br>*Ағаш жапырақтарын жұлмауға уәде береміз!*<br>*Ағаштың қабығын сыдырмауға уәде береміз!*<br>*Ағаштардың түбін* | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Күз мезгілі жомарт» деп бекер айтылмаған. | *қопсытуға уәде береміз!*<br>*Ағаш діңдерін әктеуге!*<br>*Айғайлап құстарды үркітпеуге уәде береміз!*<br>**Қолдану деңгейі: «Пайда-зиян» ойынын ойнауға шақырады**. Ойынның соңында балаларға: пайдасы көп пе әлде зияны көп пе деген тақырыпта ой түйіндеуді ұсынады.<br>Екі командаға бөлінеді. 1-ші команда аталған нысанның пайдасын іздейді, ал, 2-ші команда – зиянды жақтарын табады.<br>П: Түскен жапырақтар қандай пайда әкеледі, зияны қандай?<br>1-ші командадағы балалар: Жапырақтар аяқ астында сыбдырлап жатады, жерге түскені әдемі, одан әсем гүлдесте жасап, кептіріп қоюға болады.<br>2-ші команданың балалары: Жауын жауған кезде аяққиімге жабысады. Жапырақтардың астында саңырауқұлақтарда көрінбейді. Жердегі төмпешікті байқамай сүрініп кетіп, құлап қаласың. | | | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| ***2 үзіліс – 10:00 – 10:30*** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Қимылды ,еңбек ойын:«Ойын алаңын тазалау»**<br>**Басты міндет: белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету.** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл гимнастикасы**<br>**«Тізімізді тазалаймыз» -** Бала, ерінің күлген секілді жасап, тілімен төменгі тістерінің ішкі жағынан, сосын үстіңгі тістерін тазалағандай қимылдар жасату.<br>**«Чистим, зубки» -** улыбнуться, открыть рот. Кончиком языка с внутренней стороны "почистить" поочередно нижние и верхние зубы<br><br>**«Сағат»** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.<br>**«Часики» -** улыбнуться, открыть рот, кончик языка (как часовую стрелку) переводить из одного уголка рта в другой.<br> |  <br> | **Қимылды ,еңбек ойын:«Ойын алаңын тазалау»**<br>**Міндет:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру,балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету.<br>**Дағды:** Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққабейім дағдыларын қалыптастыру.<br>**Құралдар:** Сыпыртқы, күрек, қап;<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>**Ойын шарты:** Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді.<br>Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тақпақты<br>**Жаттату:**<br>Қандай қызық күз деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша, бауды, тауды да<br>Бояған сары түспенен.<br>**Ұсыныс:** Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін... |

| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Неше? Санау.<br>**ҰІӘ міндеттері:** санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.<br>**Дағды**: сөйлемдердегі | **3.Мүсіндеу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Көгөністер. Саңырауқұлақтар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру.<br>**Дағды**: өзінің іс-әрекетін | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ұяң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** ұяң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>**Дағды**: Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Апта күндері.<br>**ҰІӘ міндеттері:** апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету;<br>жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту.<br>артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жыл құстары. (еңбек,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:** қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту; табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** онға дейін тура және кері санайды, санға сәйкес суретті көрсетеді.<br>**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді.<br>**Қолданады:** санамақтар айтады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Жемістер, көгөністер, жидектерді үш себетке бөліп салу, атау, сипаттау.<br>**Дидактикалық ойын: «Аудармашы».**<br>Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар қазақ тіліне аударады.<br>Фрукты – ... (жемістер).<br>Овощи – ... (көгөністер).<br>Ягоды – ... (жидектер).<br>**Түсіну деңгейі:** Постердің көмегімен ойыншықтарды санау. Бір ит, екі мысық, үш доп, төрт аю, бес ұшақ.<br>Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?». Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау.<br>2 3 4 1 5 7 6 10 8 9<br>1 2 3 4 5 6 7 8 9 10<br>10 9 8 7 6 5 4 3 2 1<br>**Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру».**<br>Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау<br>(қол моторикасын дамыту).<br>Санамақ жаттау. | алдын-ала жоспарлай алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып көгөністерді мүсіндейді; әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып саңырауқұлақты мүсіндейді;<br>**Түсінеді:** заттық мүсіндеу дегеннің не екенін; саңырауқұлақтың әртүрлі болатынын;<br>**Қолданады:**домалақтау, жалпақтау, есу тәсілдерін; саңырауқұлақтың пішінін келтіруде мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** *«Кім не біледі?» дидактикалық ойынын ұйымдастыру.*<br>Кім тез және көп ұпай жинаса,сол бала жеңімпаз атанады.<br>– Қандай көгөністі білесіңдер?<br>Көгөністер қайда өседі?<br>Көгөністің пайдасын айт, т.б.<br>–Балалар,бізге орманнан қоян сиқырлы қап беріп жіберіпті. Кәне,ішін ашып көрейікші.<br>Балалар қап ішіндегі көгөністерді алып, оның пішінін, түрін, түсін зерттеп көреді.<br>Балалар, мына суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>Саңырауқұлақтар бір-біріне ұқсай ма?<br>Иә, саңырауқұлақтың | **Жасайды:** ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді.<br>**Қолданады:** ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру арқылы бастайды.<br>Қарға, қамыс, қалам, қамшы, тамшы. *(тамшы)*<br>Орындық, орман, ожау, олақ, шолақ. *(шолақ)*<br>Дариға, Дархан, Орхан, Дина, Диана. *(Орхан)*<br>Сандық, сағат, сақал, мақал, сағыз, соғыс. *(мақал)*<br>Бөтелке, балға, бал, мал, бала, қала. *(мал)*<br>Балалар сөздердің ішінен артық сөзді шатаспай, жылдам табулары керек. Балалар сөздің бірінші дыбысы бойынша артық сөздерді табады.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. | дамыту.<br>**Дағды**: апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** апта күндерінің қазақша айтады.<br>**Түсінеді:** қойылған сұрақты түсінеді.<br>**Қолданады:**апта күндерін ретімен қолданады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын: «Көршісін тап?»**<br>Шарты: бірден онға дейін сандарды ретсіз қою, балалар сандарды дұрыс қойып тура және кері санайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:** Тақпақ «Апта күндері».<br>Апта деген атайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар.<br>Біріншісі – дүйсенбі,<br>Екіншісі – сейсенбі,<br>Үшіншісі – сәрсенбі,<br>Төртіншісі – бейсенбі,<br>Бесіншісі – жұма,<br>Алтыншысы – сенбі,<br>Жетіншісі – жексенбі.<br>Педагог апта күндерін қайталауды ұсынады.<br>Аптада неше күн?<br>Бүгін аптаның қай күні?<br>Аптаның бірінші күні?<br>Екінші күні? т.б.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстық жаттығу | түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту; табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.<br>**Дағды**: құстардың атауларын айтып ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**құстардың атауларын біледі.<br>**Түсінеді:** қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашы-лықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.<br>**Қолданады:** құстарды бақылау әдістерін меңгерген,құрастырушы-лық қабілеті бар.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: «Ой қозғау»жұмбақ жасыру.**<br>Табиғатта құстардың көптеген түрлері бар. Біз қайда қыдырсақ та – қалалық саябақта болсын, теңіз жағалауында болсын, ауылда немесе орманда болсын, құстарды кездестіреміз. Және олардың барлығы дерлік ұша алады. Құстар – қанаты мен қауырсыны бар жануарлар. Қауырсыны олардың денесіндегі жылуды сақтауға көмектеседі және құстарға қайталанбайтын, ешкімдікіне ұқсамайтын әр беріп тұрады.<br>Құстар өз-өзін күтеді. Қауырсындарын жиі-жиі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бақшада жақсы аға<br>Ойыншық береді.<br>Бір балық,<br>Екі шелек, Үш үйрек,<br>Төрт түлкі, Бес бүркіт.<br>**Қолдану деңгейі:** Ойын жаттығуы: асықпен орындалады. Педагог қандай бір санды айтады, балалар сонша асықты санап алады да, «неше?» сұрағына жауап береді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Бір, екі, үш,<br>Біз жинаймыз күш.<br>Төрт, бес,<br>Үлкен болып өс!<br>Алты, жеті,<br>Қолымыз еденге жетті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Орындарыңа қон. | бойлары, түстері әртүрлі екен.<br>Осы саңырауқұлақтар туралы не білеміз?<br>Қандай ертегі білесіңдер?<br>Балалар,саңырауқұлақ туралы тақпақ, ертегі біледі екенбіз. Енді осы саңырауқұлақтарды ермексазбен мүсіндеп көрейікші.<br>**Түсіну деңгейі:** Қызғылт сары түсті ермексазды алып,жұмсартып конус тәрізді пішінге келтіреміз.Жасыл түсті ермексазды жіңішкелеп есу арқылы жапырақтарын жасаймыз.<br>–Енді,қызылшаны мүсіндейміз. Ол үшін алақанға қызыл түсті ермексазды салып жұмсартып, содан соң домалақтаймыз. Ұш жағын шымшып созу арқылы жіңішкертеміз. Жасыл түсті ермексаздан есіп жіңішке сабағын дайындап, біріктіреміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Саңырауқұлақты мүсіндеу жолдарын көрсету, түсіндіру:<br>Алдымен бір кесек ермексазды алақанның арасына салып жұмсартамыз. Созу тәсілі арқылы саңырауқұлақтың аяғын жасап, сопақша пішінге келтіреміз.<br>Қызыл түсті ермексазды домалақтап алып, тақтайша үстіне қойып, алақанмен басып жалпақтаймыз. | ***«Алтыбақан»***– тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу.<br>**Түсіну деңгейі: Ұяң дауыссыз дыбыстармен таныстыру.**<br>Балалар біз бүгін дауыссыз дыбыстардың ішіндегі ұяң дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз.Ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суреттерін тақтаға іледі: балға, вагон, гүл, ғарыш, доп, жүзім, зырылдауық. Атайды, сөздің бірінші дыбысын ерекше етіп айтады.<br>Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: б, в, г, ғ, д, ж, з.<br>Дауыссыз дыбыстарды айтқанда көмейде кедергіге ұшырамаған ауа ауыз қуысына күшті қарқынмен келеді. Ауыз тар ашылғандықтан, көмей арқылы келген қарқында ауа әртүрлі артикулярлық мүшелермен соқтығысады.<br>***«Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны*** – Б дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар.<br>*Бақа, бақыт, бал, би, Берік, бор, балық, бас, боти, быламық, ботқа.*<br>*Г* дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. | (айнамен орындалады).<br>Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі<br>Ә-ә-ә- сәәр-сенбі<br>Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма<br>Сөйлемдерді тыңда.<br>Балалар әр апта күнінде не істеді? Суреттен көрсет.<br>Балалар дүйсенбіде доп ойнады.<br>Сейсенбі күні серуенге шықты.<br>Сәрсенбіде сурет салды.<br>Бейсенбіде би билеп, ән салды.<br>Жұмада жидек терді.<br>Сенбіде кино көрді.<br>Жексенбіде үйлерінде демалды.<br>Балалар осылай бір аптаны өткізді.<br>Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді.<br>Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: *дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.*<br>**Сергіту сәті:**<br>Таңертең тұрамын,<br>Қолымды жуамын.<br>Тісімді тазалап,<br>Бетімді жуамын.<br>Шашымды тараймын,<br>Киімімді киемін,<br>Бақшама барамын. | тазартып, оған май жағып тұрады. Сонымен қатар олар ескі қауырсындарды жұлып тастайды. Көп ұзамай орнына жаңасы шығады. Құстар ұяда тіршілік етеді. Әдетте олар ұясын жапырақтардан, шөптен, ағаш бұтақтарынан салады. Бірақ тас үйінділерінің арасында, тауың басында өмір сүретін құстар да бар. Құстың анасы жұмыртқа салады, содан соң оны денесімен жылытып, балапандар жарып шыққанша басып отырады.<br>**Күрделі сұрақ**: құстар неліктен жылы жаққа күзде ұшып кетеді?<br>Ал күзде құстар топталып, жылы жаққа қыстауға дайындалады.<br>Жәндіктермен қоректенетін құстармен таныстырады.<br>**Олар:** қараторғай, қарлығаш, көкек, сарыторғай, бұлбұл, қаратамақ торғай.<br>**Балалар:** «Күн суытқан соң құстарға жейтін азық қалмайды» деген тұжырым жасайды. Себебі, күзде көптеген жәндіктер жоғалып кетеді: біреулері тіршілігін тоқтатса, енді біреулері ұясына жасырынып қалады. Яғни жәндіктермен қоректенетін құстардың жейтін тамағы болмай қалады. Жәндіктермен қоректенетін құстарды қалай ажыратуға болатынын талқылайды. Оларды тік, ұзын немесе ұшты болып келетін тұмсығына қарай тануға болады. Бұл жәндіктерді ұстауға өте |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ақ түсті ермексаздан бірнеше кіші домалақ пішіндер жасаймыз.<br>Саңырауқұлақтың қалпағын аяғына орналастырамыз.<br>Ақ түсті ермексаздармен саңырауқұлақтың қалпағын безендіреміз.<br>Енді қиярды мүсіндеуге кірісейік. Ол үшін жасыл түсті ермексазды алып жұмсартып, есу арқылы сопақша пішінге келтіреміз. Шымшу арқылы бүршіктерін жасаймыз. Тағы бір кішкене бөлігін алып есіп, қиярдың сабағын орналастырамыз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Көгөністер бейнеленген суреттерді балаларға үлестіріп береді.<br>Әуен ырғағымен балалар билейді,айналады, музыка тоқтағанда олар бірігіп, **«салат»** болады. | *Гүл, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет.*<br>Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы.<br>Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естісеңдер, қол шапалақтайсыңдар.<br>Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке.<br>«Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: *үстел ... (биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ...(доп), ала ... (жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ... (домбыра), желбірейді ... (жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б.*<br>**Сергіту сәті:**<br>Кәне, енді тұрайық,<br>Бір қатарды құрайық. | | қолайлы.<br>**Балаларға мынадай мәлімет береді**: Сіз көк аспанда қалықтап ұшқан құсты, құстардың топталып ұшып бара жатқанын көрдің бе? Біз олардың жылы жаққа ұшып бара жатқанын көп көре бермейміз. Себебі олар қауіпсіздеу болғандықтан негізінен түнде ұшады екен. Ал сендер қыстау үшін жылы жаққа кететін құстардың белгілі бір тәртіпті сақтап ұшатынын блесің бе? Және құстардың ұшу тәртібі де бөлек, бір-біріне ұқсамайды. Суреттерді ұшып кету тәртібі бойынша қарастырады: тырналар, үйректер, аққулар сыналап ұшады, көкқұтан, тырна, тырнақұтан – қанаттарын бір-біріне қарай жазып, сап түзеп ұшады, үйректер, шалшықшы құстар тік сызық түзеп немесе доға құрап ұшады. Қараторғайлар, барылдақ торғайлар мен өзге де ұсақ құстар ешқандай тәртіп сақтамай, қалай болса солай ұша береді. Ал бүркіт, қаршыға сынды ірі құстар жалғыз ұшқанды жақсы көреді.<br>**Түсіну деңгейі: «Тұңғиық гүлі» техникасының көмегімен «Қыстап қалатын құстар» тақырыбымен танысуға шақырады**. Балалар еркін талқылау барысында біздің өлкемізде қыстап қалатын 8 құсты таңдап алады.<br>**Тәжірибеалдық жұмыс:**Балалар қауырсынмен жасалатын тәжірибе жұмысына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Белімізден ұстасып,<br>Алға бағыт бұрайық.<br>Паровоз боп ойнайық,<br>Вагондарды жалғайық.<br>Сапар шегіп алысқа,<br>Алға қарай зулайық.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Айдын шалқар көлдерде,<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын,<br>Әрі-бері жүзеді. | | қатысады. Қауырсынға қылқаламның көмегімен май (өсімдікмайы) жағады, содан соң оған тамшуырмен май тамызады. Су қауырсынға сіңбей, жерге тамып түседі. Осылайша, құстар өздерін су мен жаңбырдан қорғайды. «Бәрі де қаз қалпында» деген мақал, міне, осыдан қалған болса керек.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Тәжірибелік жұмыс:**Ұя – құстардың үйі. Әртүрлі құстардың ұялары да бір-біріне ұқсамайды. Ал, сендер торғайлар, қарғалар, көгершіндермен сауысқандардың ұясының қандай болатынын білесіңдер ме? Ондай ұяны көрдіңдер ме? (Үйдің кіре берісінің немесе балконның үстіңгі жағына салады).<br>Мысалы,торғайдың ұясы шағын ғана болады.<br>Балаларға құстарға арнап ұя жасауға шақырады.Сынған бұтақтардан, сабан мен жүннен, қауырсыннан, мақта түйіршіктерінен ұя жасау туралы ұсынысын қабыл алады. «Мүлдем ұя салмайтын құстар бола ма?» деген сұрақты талқылап, жауап іздейді. Әлбетте, болады. Ол – көкек! Көкек өз жұмыртқасын басқа құстардың ұясына тастайды.<br>**«Үйшік» ойыны:**өз қолындағы заттың педагогтің қолындағыдан айырмасын немесе ұқсастығын табуды ұсынады.<br>Б: Тық-тық. Үйшікте қай жануар тұрады?<br>П: Бұл – мен, әтеш. Өзіңше? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Б: Мен қарғамын. Кіргізші мені үйіңе.<br>П: Кіргізейін. Бірақ сен ол үшін біз бір-бірімізге ұқсаймыз деуің керек.<br>Б: Біз құстармыз ғой. Сен де сайрай аласың, мен де... сенің де қанатың бар, менің де қанатым бар. Мен астықпен қоректенемін, сен де...<br>П: Ал енді біздің айырмашылықтарымызды айтып бер.<br>Б: Сен әтешсің, үй құсысың. Ал мен дала құсымын. Бір-бірімізге түсіміз де ұқсамайды. Мен жақсы ұшамын, ал сен ұша алмайсың…<br>**«Үшіншісі артық» дидактикалық ойын:**<br>Міндеттері: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.).<br>**Өзекті мәселе**: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі.<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығулары,сергіту сәті:**<br>Шымшық ұшып-қонады,<br>*(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).*<br>Бір орнында отыра алмас,<br>*(бір орында тұрып сол* |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>аяқпен секіреміз).<br>Бір-екі, бір-екі, (Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).<br>Зуылдады тоқтамай. (Бір орында тұрып айналамыз).<br>Міне, бір минутқа отырды, (Отырамыз.)<br>Тұмсығымен кеудесін қасыды,<br>(Орнымыздан тұрып, басымызды оңға-солға иеміз).<br>Ұшты, қонды, (Бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).<br>Шыр-шыр, (Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).<br>Шыр-шыр! (Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).</td></tr>
<tr><td colspan="6" align="center">3 үзіліс – 10:55 – 11:05<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.<br>Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»<br>Басты міндет: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.</td></tr>
<tr><td colspan="3"></td><td colspan="3">Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»<br>Міндеті: қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.<br>Дағды: Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.<br>Мазмұны: Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі.<br>Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, паралелль сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.<br>Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.<br>Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады.<br>Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.<br>Ойынның ережесі<br>1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.<br>2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.<br>3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.<br>Әдістемелік нұсқаулар.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|  | | | Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.<br>**Ойынның қиындығы :** тез ойнау. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Командалық эстафеталар(таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:** гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын тепе – теңдік сақтау және секіру жаттығулары.<br>**Дағды**: тізбекпен жүруді, жүгіру дағдыларын, командамен жұмыс істеу дағдыларын, секіру кезінде дұрыс итерілуді, кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** алыстан көре алмаудың алдын алу. Тізбекпен бірінің іші мен бірінің арқасының арасына допты қыстырып жүру.<br>**Түсінеді:** эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Күз – жомарт.Күзгі жаңбыр.<br>**ҰІӘ міндеттері:** күйші Тәттімбет шығармашылығы-мен таныстыру; музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету; әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.<br>**Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** күйді тыңдайды, ажыратады, әндерді орындайды, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгертеді.<br>**Түсінеді:** күй жанрының | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ерекше сабақтар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету.<br>**Дағды**: Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** белгіленген жерден шұңқырға секіруді; бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді; допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алуды.<br>**Түсінеді:** допты жоғары лақтырып, қолды | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Күз – жомарт.Күзгі жаңбыр.<br>**ҰІӘ міндеттері:** күйші Тәттімбет шығармашылығы-мен таныстыру; музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету; әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту.<br>**Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** күйді тыңдайды, ажыратады, | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Акробат болғым келеді.<br>**ҰІӘ міндеттері:** заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.<br>**Дағды**: Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Салауатты өмір сүруге баулу. Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жүрудің әртүрлі түрлерін; еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеп жүруді; белгіленген жерден шұңқырға секіруді; гимнастикалық орындық үстінде басқа құм салынған қапшық (салмағы – 400 г) қойып жүруді; «Теңіз жағасында» релаксациясын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре білу.<br>**Қолданады:** тізбекпен жүруді, жүгіру дағдыларын, командамен жұмыс істеу дағдыларын, секіру кезінде дұрыс итерілуді, кеңістікті бағдарлау дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Алыстан көре алмаудың алдын алу жаттығуларын орындау.<br>«Көз – саяхатшы»:<br>Бастапқы қалып – еркін тұру.Атаған заттарын бастарын қозғалтпай, тек көзбен табу.<br>«Оңға көз тастау, солға көз тастау»:<br>Оң қолмен иектен ұстап, басын «бекіту».<br>Ойыншықты сол көзін жапқанда, оң көзімен көре алмайтындай болуы керек. Сол ойыншыққа 7 секунд қарайды, сосын ендігі 7 секундта алдыға қарап тұрады. Жаттығуды 3 рет қайталайды.<br>Сосын ойыншықты оң қолына алып, керісінше қайталайды.<br>«Айдаһар» ( 3рет).<br>Балалар бір тізбекке тұра қалады. Бұл – «айдаһар».<br>Балалар арқасымен, кеудесімен допты қысып тұрады.<br>Белгі бойынша | ерекшеліктерін.<br>**Қолданады:** музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова).<br>Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды. Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Музыка тыңдау:*** **«**Саржайлау» (Тәттімбет). Күй өнері туралы түсінік беру.<br>Күй – халық музыкасы.<br>Балаларға жұмбақ жасырып, тапқырлықтарын сынайды.<br>Ұзын мойын, екі ішек.<br>Қатар-қатар тепкішек.<br>Басып қалсаң бір-бірлеп,<br>Күй шығады күмбірлеп.<br>*(Домбыра)*<br>Күйді домбыра аспабында орындайды. Күй тыңдауды ұсынады.<br>Музыка тыңдай отырып балалардың көз алдына не елестете алғанын сұрақ-жауап арқылы талдау жасау.<br>Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет).<br>Өткен оқу қызметінде | шапалақтап, допты қалай қағып алу керектігін және жаттығуларды педагогтің нұсқауы бойынша орындау қажеттігін.<br>**Қолданады:** зал кеңістігін бағдарлап, сапқа қайта тұру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу, биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Денсаулық сабағы**».** Орындықтарды өз еріктерімен таңдайды. ЖДЖ-ны гимнастикалық орындық үстінде орындайды, сонымен қатар тепе-теңдікке арналған жаттығуларды да орындайды. Бес-бестен звеноларға бөлініп, орындық жанына келіп тұрады. Кешенді орындау барысында бастапқы қалыпты дұрыс ұстап, педагогтің нұсқауларын дұрыс орындайды.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату:<br>Тепе-теңдік: гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен тұру; педагогтің белгісі бойынша көздерін жұму.<br>Статикалық тепе-теңдіктерін сақтап, денелерін алға еңкейтпеуге тырысады.<br>**Түсіну деңгейі:** «Геометрия сабағы» | әндерді орындайды, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгертеді.<br>**Түсінеді:** күй жанрының ерекшеліктерін.<br>**Қолданады:** музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова).<br>Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды.<br>Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Музыка тыңдау:*** **«**Саржайлау» (Тәттімбет). Күй өнері туралы түсінік беру.<br>Күй – халық музыкасы.<br>Балаларға жұмбақ жасырып, тапқырлықтарын сынайды.<br>Ұзын мойын, екі ішек.<br>Қатар-қатар тепкішек.<br>Басып қалсаң бір-бірлеп,<br>Күй шығады күмбірлеп.<br>*(Домбыра)*<br>Күйді домбыра аспабында орындайды. Күй тыңдауды ұсынады.<br>Музыка тыңдай отырып балалардың көз алдына не елестете алғанын сұрақ-жауап арқылы талдау | **Түсінеді:** әртүрлі жүру түрлерімен қалай жүру керектігін (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту керектігін.<br>**Қолданады:** топтық әдіс және толассыз әдіс түрлерін, еңбектеу және шұңқырға секіру әдістерін, сондай-ақ ойын барысында қарлығаштың ұшуын салған имитацияларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: Тізбекте бір-бірден жүру, кәдімгі жүріс және аяқты айқастырып жүру.**<br>Жартылай отырып, толық отырып жүру.<br>Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амлитудада ұстап, 4 метр жерге дейін жүру.<br>Төрт тізбеке тұру.<br>**Таспамен орындалатан жалпы дамыту жаттығулары ( №1)**<br>Сұлу дене бітімі де денсаулыққа байланысты екенін түсіндіру.<br>Кешенді орындау барысында бастапқы қалыпты дұрыс ұстап, педагогтің нұсқауларын дұрыс орындайды.<br>Арқаларын бүкпей, төмен иіледі, алдыға тура қарайды.<br>**Түсіну деңгейі: Негізгі қимыл-қозғалыстарды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «айдаһарлар» мәреге қарай бет алады.<br>**Түсіну деңгейі:** Жолақтарға аттап секіру» ( 3 рет).<br>Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру.<br>Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару.<br>Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды.<br>**«Жүрдек пойыз» ( 6 рет).**<br>Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып жүгіру.<br>Әр команданың алдында 6 метр жерде конустар орналастырылған. Бірінші ойыншы жүгіріп барып, конусты айналып өтіп, орнына қайтып келеді. Оған екінші ойыншы жармасады. Енді олар конусқа дейін бірге жүгіріп кетеді. Конусты айналып өтіп орындарына қайтып келгенде оларға үшінші ойыншы жабысады ...<br>Жүгіріс кезінде шашырап кетпей, бірінші болып бітірген команда жеңіске жетеді.<br>**«Өткел»**<br>Әр командаға құрсау «қайық» беріледі.<br>Командалар бір «жағадан» екіншісіне «қайықпен» өтуі керек.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Құрсаудан өту»** ( 3рет).<br>Бір-бірінен 3 м, 5 м арақашақтықта құрсаулар орналастырылған.<br>Бірінші құрсауды жоғары | үйренген әнді әрі қарай жалғастыру.<br>Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау.<br>Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Би элементтерін еске сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Қандай ырғақ» (К. Куатбаев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен жүріп,<br>ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету. | Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету (таспадан жасалған геометриялық фигуралар). Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту және жерге түскенде тепе-теңдіктерін сақтай білуге үйрету. Таспадан жерге геометриялық фигураларды қалай жасау керектігін көрсету. Фигураның дәл ортасына секіріп түсуге тырысады.<br>**«Бағдарлау сабағы» ( 2 минут)**<br>Екпіндерін өзгертпей, бірақ бағыттарын өзгертіп жүгірту. Қол мен аяқты үйлесімді қозғауларына назар аудару: қолдарын алдыға, жоғары кеуде тұсына дейін көтереді, сонан соң шынтақтарын артқа жібереді; жерге аяқтарының басымен басып, қысқа адымдайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Әртүрлі білімдер сабағы»<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін»**<br>Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br>Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын | жасау. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет).<br>Өткен оқу қызметінде үйренген әнді әрі қарай жалғастыру.<br>Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау.<br>Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Би элементтерін еске сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Қандай ырғақ» (К. Куатбаев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен жүріп,<br>ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету. | **орындату ( 1-2 – топтық әдіс, 3 – толассыз әдіс):**<br>Белгіленген жерге орындық үстінен секіреді (таспадан аса): табандарын белсенді қозғап, жерге түскенде тепе-теңдіктерін қалай сақтау керектігін түсіндіру.<br>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 1-топ ( 1-2-тізбек) шұңқырға секіреді, 2-топ (3-4-тізбек) көлбеу қойылған сатының тепкішектері арқылы төрттағандап еңбектейді.<br>Тепе-теңдік: ( 4 рет).<br>Гимнастикалық орындық үстінде басқа құм салынған қапшық (салмағы – 400 г) қойып жүру шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Егер бастарын төмен түсірсе, қапшық жерге құлап кетеді, сондықтан тепе-теңдік сақтап, табандарын сырық үстіне қояды. Сырықтарды залға периметр бойынша орналастырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қарлығаш» **( 5 рет).**<br>Зал ішіне ойыншылардың санына қарай құрсауларды – «ұяларды» орналастырады.<br>Ойыншылар – «қарлығаштар». Олар зал ішінде қолдарын сермеп жүгіріп жүреді.<br>«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» деген бұйрық бойынша<br>«ұяларына келіп қонады». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтеріп, өзіне кигізіп, жерге қою, ал екінші құрсаудың ішіне тұрып, оны жерден жоғары көтеріп, басынан асырып, шығарып, жерге қою.<br>Әр команданың алғашқы ойыншылары бірінші құрсауға жүгіріп келеді. Оны жоғары көтеріп, өзіне кигізеді. Аяғын бүгіп, отырыңқырап барып жерге қояды да, екінші құрсауға қарай барады. Ал екінші құрсауға өздері ішіне тұрып, оны жерден жоғары көтеріп, басынан асырып, шығарып, жерге қояды да, конусты айналып жүгіріп келіп, өз орнына тұра қалады. Сол сәтте екінші ойыншы жүгіріп, тапсырманы орындауға кіріседі. Ойынды бірінші аяқтаған команда жеңіске жетеді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мүсін».**<br>Балалар залда шашырап жүреді. «Тоқта!» деп белгі берілгенде, олар бір мүсінге ұқсап,«қатып қалады». Ең әдемі, қызықты «мүсіндерді» атап өту керек. | | еркін ұстайды.<br>Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады.<br>Саусақ гимнастикасы: «Сәлем! Сәлем! Сәлем! Сәлеметсің бе!» деген сөздерді әндетіп, бас бармақтарының ұштарын барлық саусақтарының ұштарына тигізіп шығады. Алдымен оң қол саусақтарын, сонан соң сол қол саусақтарымен орындайды. | | «Теңіз жағасында» релаксациясы.<br>Өздерін теңіз жағасында жатырмыз деп ойлап, кілем үстіне жатады. Үш рет терең дем алады, дем шығарады, сонан соң тып-тыныш жатады. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Қазан**<br>**Серуен кешені № 6**<br>**Қазан айының алғашқы көрністерін бақылау.**<br>***Міндет:***<br>күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>***Көркем сөз:*** | **Қазан**<br>**Серуен кешені № 7**<br>**Қазан айының алғашқы күндерде жапырақтардың түсуін бақылау.**<br>***Міндет:***<br>табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; бақылағандарын сөйлеу | **Қазан**<br>**Серуен кешені № 8**<br>**Қазан айының алғашқы күндерде жылы жаққа ұшып кететін құстарды бақылау**<br>***Міндет:*** ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарға деген танымдық | **Қазан**<br>**Серуен кешені № 9**<br>**Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау**<br>**Міндет:** ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары).<br>**Бақылау барысы** | **Қазан**<br>**Серуен кешені № 10**<br>**Суды бақылау**<br>**Міндет:** күз мезгіліндегі судың жай – күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы.**<br>Балаларға сұрақтар.<br>*Судың қандай қасиеттерін білесіңдер? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***«КҮЗ»*** *Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>♦ Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦ Күз айының нешінші айы?<br>♦ Неге күз деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күзде ауа-райы қандай болады?<br>♦ Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңын тазалау<br>*Міндет:*<br>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;<br>— Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.<br>**Қ/О:**<br>«Ормандағы соқпақтар».<br>*Міндет: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.*<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жалпы дамыту жаттығулары.<br>*Міндет:жалпы дамыту* | тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>***Көркем сөз***<br>***Күзгі жапырақтар.***<br>***Қ. Шаңғытбаев***<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта күлімдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ұшты кенет жапырақ.*<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?<br>♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, | қызығушылығын арттыру.<br>**Бақылау барысы**<br>***Көркем сөз***<br>Қайтқан құсты көрдің бе?<br>Қаптай ұшқан әуелеп.<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп.<br>Жаз қызығы өтті енді,<br>Құстар қайтып кетті енді.<br>Қол бұлғап қоштасамыз,<br>Төбеден құстар өткенде<br>**Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:**<br>*Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді? (құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)<br>*Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, коректендіреді)<br>*Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды)<br>*Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндәктермен коректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен коректенетін құстар ұшып кетеді)<br>*Құстар ұшуға қалай | **Көркем сөз**<br>**С. Оспанов**<br>Өсе бере сан ғасыр<br>Шыршаларға тимек кім<br>Болып таудың түр-сәні<br>Қорғалады орманы<br>Жапырағы жап-жасыл<br>Ол жеміс пен жидектің,<br>Көрдің бе сен, шыршаны?<br>Топырақтың қорғаны.<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Біздің аулада қандай ағаштар өседі? (қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.)<br>Ал, бұлар қандай ағаштар? (тікенекті, жапырақты.)<br>Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар?<br>Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? (діні, бұтағы, тамыры)<br>Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек?<br>Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар?<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңын тазалау.<br>Міндет:жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету<br>**Қ/О:**<br>«Жұбыңды қуып жет».<br>Міндет: кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Міндет:<br>Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру | *Судың көлемі (қалпы) болама?<br>*Өзеннің, көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір ме?<br>*Суды аязға шығарса не болады?<br>Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, оның өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсаң сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып қатады.<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады.<br>Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, бір түнге далаға шығарып қою неболмаса тоңазытқышқа қойса, біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады. Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалыңдай түседі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,*<br>**Халық болжамы:**<br>*Егер қазан айында күн күркіресе, қыс қамшы сабындай келте болады.<br>*Тауықтар мен кекіліктердің қауырсындары үрпиіп, айдары қызарса, күн суытып жауын жауады. *Егер тікендер мен алабота сабақтары төмен қарай иілсе, онда күн суытады. | жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>**Зерттеу жұмысы:** Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.<br>**Еңбек**<br>Аландағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>Міндет:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.<br>**Қ/О:** «Түлкі мен қояндар».<br>Міндет: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту.<br>Міндет:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау. | дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды)<br>*Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, каздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады)<br>**Еңбек:**<br>Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау<br>Міндет:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу<br>Қ/О: «Торғай-қарға».<br>Міндет: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру<br>Міндет:қозғалыс белсенділіктерін дамыту. | **Мақал-мәтел.**<br>Жалғыз ағаш орман болмас<br>Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды. | Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз ериді де су болады).<br>-Үлкен және кіші ыдыстардағы таза сумен бояу қосылған судың қатуын бақылау.<br>-Ыдыстағы тығыз салынған және жәй салынған қардың еру жылдамдығы бақылау.<br>**Еңбек:**<br>Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту.<br>Міндет: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру.<br>Қ/О: «Қасқыр қақпан»<br>Міндет:<br>-Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру;<br>-Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойындары:<br>Еңбектеу.<br>Міндет:<br>қозғалыстарын үйлестіруін дамыту;<br>шешім қабылдауға, батылдыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Жеке жұмыс:**<br>Серикова Рамин<br>Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету. | **Жеке жұмыс:**<br>Серікқазы Ислам<br>Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге | **Жеке жұмыс:**<br>Талғат Наргиз<br>Қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан | **Жеке жұмыс:**<br>Шекергали Талшын<br>Ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтып беруге үйрету. | **Жеке жұмыс:**<br>Аитжанова Аделя<br>Сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алуға, жұмбақтың шешімін логикалық ойлау арқылы таба білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйрету. | басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Дербес ойын:**<br>«Көршісін тап?»<br>**Міндет**: 1-5 дейін тура және кері санау түсініктерін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.<br>**Дағды:** тура және кері санауға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** бірден онға дейін сандарды ретсіз қою, балалар сандарды дұрыс қойып тура және кері санайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. | **Танымдық-қимылды ойын:** «Баспалдақпен жоғары көтеру»<br>**Міндет:**Тез шешім қабылдай алуға, жылдамдыққа, ептілікке, сыйластыққа үйрету.<br>**Дағды:** тура<br>санау, төмен кері санауға (қол моторикасын дамыту). дағдыландыру.<br>**Ережесі:** Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура<br>санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту).<br>Санамақ жаттау.<br>Бақшада жақсы аға<br>Ойыншық береді.<br>Бір балық,<br>Екі шелек, Үш үйрек,<br>Төрт түлкі, Бес бүркіт. | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Мен білемін»<br>**Міндет:**Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.<br>**Дағды:** Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыруға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркін ұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады.<br>Саусақ гимнастикасы: «Сәлем! Сәлем! Сәлем! Сәлеметсің бе!» деген сөздерді әндетіп, бас бармақтарының ұштарын барлық саусақтарының ұштарына тигізіп | **Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Жүрдек пойыз»<br>**Міндет:**<br>Балаларды жылдамдыққа, ептілікке, шымырлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:** үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойын шарты:**<br>Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып жүгіру.<br>Әр команданың алдында 6 метр жерде конустар орналастырылған. Бірінші ойыншы жүгіріп барып, конусты айналып өтіп, орнына қайтып келеді. Оған екінші ойыншы жармасады.<br>Енді олар конусқа дейін бірге жүгіріп кетеді. Конусты айналып өтіп орындарына қайтып келгенде оларға үшінші ойыншы жабысады ...<br>Жүгіріс кезінде шашырап кетпей, бірінші болып бітірген команда жеңіске жетеді. | **Суреттік боямалар:**<br>«Қай ағаштың жапырағы?» жаттығуы.<br>**Міндеті:**<br>Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .<br>**Ойын шарты:** Әр жапырақтарды өзі өсетін<br>ағаштарына апарып ілу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шығады. Алдымен оң қол саусақтарын, сонан соң сол қол саусақтарымен орындайды. | | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**. **12:25-12:30** | **Ата-анаға кеңес:** «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:** Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:** Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:** Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес:** Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 16.10 | Сейсенбі 17.10 | Сәрсенбі 18.10 | Бейсенбі 19.10 | Жұма 20.10 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті**(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**Сәйкестендіру ойыны:**<br>**Ойын жаттығу:«**Біздің көңіл күйіміз»<br>**Міндеттері:**Балаларды сурет бойынша бет әлбетімен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету; көңіл-күйді бейнелейтін сөздерді дұрыс айта білу.<br>**Дағды:** әр түрлі мимикадағы балалардың суреттерін ажыратып, анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>Бет-әлбеттің мимикасына қарап,сөйлем | **Жапсыру–шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>«Сиқырлы көбелек»<br>**Міндет:** Геометриялық пішіндерден жасалған бөліктерді ажырату,балалардың желімдеу кезегін дұрыс қолдана отырып «Сиқырлы көбелек»құрастыруы.<br>**Дағды:** әр түрлі Геометриялық пішіндер бөліктеріне бөліп, қоса білуе дағдыландыру;ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар:**<br>Тәрбиеші балаларға түрлі түсті қағаздан қиылған, | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Белсенділік жаттығу ойыны:**<br>«Мұнара құрастыр»<br>**Міндет:** Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру.<br>**Дағды:**Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>Шашылған дөңгелектерді | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>**Ойын жаттығу:** «Сәйкес келмейтін суреттерді тап»ойыны<br>**Міндет:** Қиялды, логикалық ойлауды, сөйлеуді және шығармашылық тілді дамыту .<br>**Дағды:** сәкес емес суреттерді табуға дағдыландыру.<br>**Ойын шарты:** Ойын материалы ретінде бір сюжетпен өзара байланысқан және сәйкес келмейтін суреттерді сызып тастау. 3-4 сурет пайданылады. Суреттер бөлшектеліп және араласып | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Үстел үсті ойыны:**<br>**Сипаттау ойыны:**<br>«Ойыншықты сипатта».<br>**Міндет:** Есте сақтау қабілетіу дамыту.<br>**Дағды:**Үстелдегі ойыншықтарды қандай пішінге ұқсас және суреттей білуге дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>Ойын үстел үстінде тұрған ойыншықты мұқият қарап алуға ұсынады (1 минут). Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргендегі түр-түсі, көлемі, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойланады,оның ішінен бет-әлбеттің мимикасын білдіретін сөздерді бөліп айтады. Әр түрлі көңіл-күйді білдіретін сәттерді салу.<br>Күліп тұрған бала.<br>Ренжіп тұрған бала.<br>Аузын ашып тұрған т.б.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>тез жаса.<br><br><br><br><br><br> | геометриялық пішіндерден көбелекті жинауын сұрайды.<br>**Ережесі:**<br>1. Тәрбиешінің белгісі бойынша жұмысты бастау.<br>2. Топтық тапсырманы ұйымшылдықпен бірге орындау.<br>**Ықтимал күрделендірулер:**<br>Жылдамдық.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>1. Түстерді және пішіндерді ажырату.<br>2. Түрлі түсті қағаздан қиылған пішіндерді ажырату.<br>3. Көбелекті жинау барысында желімдеу ретін дұрыс пайдалану.<br><br><br> | бір-бірінің үстіне қойып жинастыру қажет. Әр бала бір дөңгелектен салып отыру керек. Орнымызға отырып көзімізге арналған жаттығу жасап жасау.<br><br><br> | беріледі. Тәрбиеші баланың алдында суретті қойып,өзара байланысты әңгіме құрастыруға болатынын түсіндіреді .Бала суреттер ішінен сәйкес келмейтін суреттерді сызып тастау. ретімен құрауы тиіс.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>Суретке қарап ертегі құрауды ұсынуға болады.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>Ертегіні ,әңгімені сахналап көрсету.<br> | пішіні, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап тауып беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады.<br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | № 32 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Секіртпемен орындалатын жаттығулар № 2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; секіртпені екі жаққа салбыратып ұстап, шеңберге қарап тұру; 1– секіртпені жоғары көтеру,оң аяғын артқа басына қою; 2– б.қ.қ. Сол аяқпен қайталау (8 рет).<br>2.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– секіртпені жоғары көтеру; 2– алдыға еңкейіп, еденге қолдарын тигізу; 3– денені түзулеп, секіртпені жоғары көтеру; 4– б.қ.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарына секіртпені ұстап, кеуде тұсына ұстау. 1-2 – отырып, секіртпені алға созу. 3-4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>4.Б.қ. – негізгі тұрыс, тізерлеп тұру, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– оңға бұрылу, қолын сол жақ аяғының өкшесіне тигізу; 2– б.қ.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>5.Б.қ.: етпетінен жату, қолдарын секіртпе ұстап, шынтақтан бүгу; 1- | № 33 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Гантельдермен жаттығулар орындау**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 –басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 6 рет.<br>2.«Гантель жоғарыда»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, қолдарында гантельдер ұсталған,<br>1 – қолдарын екі жанына түзеп, айналдырып, жоғары көтеру; 2 – б.қ. – 6 рет.<br>3.«Гантельдер иықта»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы гантельдер екі жанына төмен түсірілген;1 – қолдарын шынтақтан бүгу, гантельдерді иықтарына әкелу; 2 – б.қ. – 6 рет.<br>4.«Еңкею»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1 – алдыға еңкейіп, гантельдерді еденге қою; 2 – б.қ.; 3 – еңкейіп, гантельдерді алу; 4 – б.қ. – 6 рет.<br>5.«Секіру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1–8 бір аяқпен секіру. | № 34 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Акробатика элементтері бар жаттығулар. №1 жаттығулар кешені**<br>1.«Алдыға қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – оң жағына қарай қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу; 2 – бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (8 рет)<br>2.«Бұрыш»<br>Б.қ. – артына қолдарымен тіреліп, еденге отыру; 1– аяқтарын 45°бұрыш жасап көтеріп, ұстап тұру (8-ге дейін санағанша); бастапқы қалыпқа келу (5 рет қайталау).<br>3.«Қолдарын алдына кеуде тұсына ұстау»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, аяқтары иық еніндей қойылған.<br>1– қолдарын кеудесінде бүгіп ұстау; 2 – оңға бұрылу, қолдарын екі жаққа жазу; 3 – қолдарын кеудесінде ұстау; 4 – б.қ. Сол жағына | № 35 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Акробатика элементтері бар жаттығулар. № 2 жаттығулар кешені**<br>1.«Қолдары жоғары»<br>Б.қ. – қолдарын беліне қою. 1 – қолдарын желкесіне қою, оң (сол) аяқтарын артқа аяқ басымен басып тұру; 2 – бастапқы қалыпқа келу (8рет).<br>2.«Еңкею»<br>Б.қ. – аяқтарын иықтарының еніне, қолдарын беліне қояды. 1 – қолдарын екі жаққа созады; – оң (сол) аяқтарына қарай кезек еңкею; 3 – денені қайта түзеп, қолдарын екі жаққа созу;<br>4– б.қ. (8 рет).<br>3.«Бұрылу»<br>Б.қ. – аяқтарын иықтарының еніне, қолдарын желкесіне қояды. 1 – оңға (солға) бұрылу; 2 – б.қ. (8 рет).<br>4.«Отыру»<br>Б.қ. – тізерлеп тұру, қолдарын денесінің бойымен екі жаққа ұстау. 1-2 – оңға (солға) отырып-тұру, қолдарын жоғары көтеру; б.қ. (6 рет).<br>5.«Қарлығаш»<br>Б.қ. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені | № 36 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Аэробика жаттығуларын орындау**<br>1.Б.қ.: тұру. Қолдарын түзу басынан жоғары көтеріп, қолдарымен шапалақ ұрады. Қолдарын төмен түсіреді.<br>2.Б.қ.: «боксшы» қимылын жасап, қолдарын кезек-кезек алдыға-жанына жұдырықтап, серпу. 7-8 рет<br>3.Б.қ.: тұру. Алдыға еңкею. Қолдарымен аяқтарының артынан шапалақ ұру – 7-8 рет.<br>4.Б.қ.: оң аяғын түзулеп, жоғары көтеріп қалып, аяғының астынан шапалақ ұру. Сол аяғымен соны қайталау.<br>5.Б.қ.: арқасына шалқалап жату, түзулеп екі аяғын бірдей жоғары көтеріп апарып, басынан асырып, жерге тигізу. Аяқтарын қайта төмен түсіріп, б.қ. қайту. 7-8 рет.<br>6.Б.қ.: ішімен етпетінен жатып, қолдарын иегінің астынан таянып жату. Екі қолдарын екі жаққа жазып, арқасымен артқа қайырылу. Жаттығу кезінде аяқтарын жерден алмайды. 7-8 рет.<br>7.Б.қ.: аяқтарын біресе бірге ұстап, біресе екі жаққа ашып бір орында секіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | секіртпені жоғары- алдыға шығару; 2– б.қ.қ.<br>6.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1 – оң аяғын бүгіп, секіртпені тізесіне қою; 2– б.қ.қ. Сол аяқпен сол қимылдарды қайталау. (8 рет)<br>7.Б.қ. – секіртпені еденге қойып, секіртпеге қырындап тұру; секіртпеден аттап, қырындап секіру. Секіруді жай жүріспен кезектестіріп орындау.<br>(2-3 рет) | | осы қимылдарды қайталау (8 рет)<br>4.«Қолдары тізеде»<br>Б.қ. – аяқтары параллель, қолдары дене бойымен төмен түскен. 1 – қолдарын екі жаққа жазу; 2 – оң аяғын бүгу, қолдарын тізесіне қою; 3 – аяғын түсіру, қолдарын қайта екі жаққа жазу. Сол аяғымен сол қимылдарды қайталау (9 рет).<br>5.«Қарлығаш»<br>Б.қ. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет).<br>6.«Қорапша»<br>Б.қ. – еденге етпетінен жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет<br>«Көпір»<br>Б.қ. — жерде жату, қолдарымен басынан асырып, еденге тірелу. Қол-аяғына тіреліп, денесін жерден көтеру – 5 рет. | алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет).<br>6.«Қорапша»<br>Б.қ. – еденге етпетінен жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет | Секіруді жүрумен алмастыру. 2-3 рет. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:**<br>09.00<br>11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **16.10.23**<br>**Дүйсенбі** | **17.10.23**<br>**Сейсенбі** | **18.10.23**<br>**Сәрсенбі** | **19.10.23**<br>**Бейсенбі** | **20.10.23**<br>**Жұма** |
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Жапсыру**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **ҰІӘ тақырыбы:** Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.<br>**ҰІӘ міндеттері:** шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыру дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «ұзын - қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету;<br>**Түсінеді:** ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын;<br>**Қолданады:** заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, | танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ұяң дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** ұяң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату;<br>**Дағды**: Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді.<br>**Қолданады:** ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру арқылы бастайды.<br>Қарға, қамыс, қалам, қамшы, тамшы. *(тамшы)*<br>Орындық, орман, ожау, олақ, шолақ. *(шолақ)*<br>Дариға, Дархан, Орхан, Дина, Диана. *(Орхан)*<br>Сандық, сағат, сақал, мақал, сағыз, соғыс. *(мақал)*<br>Бөтелке, балға, бал, мал, бала, қала. *(мал)*<br>Балалар сөздердің ішінен артық сөзді шатаспай, жылдам табулары керек. Балалар сөздің бірінші дыбысы бойынша артық сөздерді табады.<br>**Артикуляциялық жаттығу** | **ҰІӘ тақырыбы:** Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.<br>**ҰІӘ міндеттері:** шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату;<br>-логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыру дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «ұзын - қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету; | **ҰІӘ тақырыбы:** Дөңгелек.Шаршы.<br>(ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:** геометриялық фигура - тіктөртбұрышпен таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды**: қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табуды, пішіндерді ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** пішіндерді атауды, сандықты безендіруді;<br>**Түсінеді:** шаршы мен тіктөртбұрыштың айырмашылығы, пішіні, өлшемі және түсі әртүрлі болуы мүмкіндігін;<br>**Қолданады:** қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табуды, пішіндерді ажыратуды және олардың түсі мен өлшемін анықтауды. | ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Үнді дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету;<br>-үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.<br>-бастаған істі тиянақты аяқтай білуге үйрету.<br>**Дағды**: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дауыссыз дыбыстар деген не?<br>Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?<br>Қатаң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?<br>Ұяң дауыссыз дыбыстар ше?<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»<br>«Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады.<br>Балалар тапсырманы орындайды.<br>Балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді.<br>Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді.<br>Педагог бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттын қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді.<br>**Түсіну деңгейі: Эксперименттік іс-әрекет:**<br>Педагог балаларға үстелдің ұзындығын алақанымен өлшеуді ұсынады.<br>Балалар алақанмен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Сонда қалай, үстел біреу, бірақ жауап әртүрлі? (Алақанның көлемі әртүрлі)<br>Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейміз.<br>Балалар үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Жауаптың әртүрлі болуы шынтақтың | **жасау.**<br>***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»***– тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу.<br>**Түсіну деңгейі: Ұяң дауыссыз дыбыстармен таныстыру.**<br>Балалар біз бүгін дауыссыз дыбыстардың ішіндегі ұяң дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз.Ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суреттерін тақтаға іледі:<br>балға, вагон, гүл, ғарыш, доп, жүзім, зырылдауық. Атайды, сөздің бірінші дыбысын ерекше етіп айтады.  Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: б, в, г, ғ, д, ж, з.<br>Дауыссыз дыбыстарды айтқанда көмейде кедергіге ұшырамаған ауа ауыз қуысына күшті қарқынмен келеді. Ауыз тар ашылғандықтан, көмей арқылы келген қарқында ауа әртүрлі артикулярлық мүшелермен соқтығысады.<br>***«Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны*** – Б дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар. *Бақа, бақыт, бал, би, Берік,* | **Түсінеді:** ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын;<br>**Қолданады:** заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»<br>«Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады.<br>Балалар тапсырманы орындайды.<br>Балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді.<br>Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді.<br>Педагог бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттын қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді.<br>**Түсіну деңгейі: Эксперименттік іс-әрекет:**<br>Педагог балаларға үстелдің ұзындығын алақанымен өлшеуді | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын сәті.**<br><br>Осы пішіндердің қалай аталатынын білесіңдер ме? Балалар суретті талқылап, өздеріне таныс пішіндерді атайды: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.<br>Бұл не? (Шаршы.)<br>Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында. Саусағыңмен солдан оңға қарай жүргізесің, бұрышқа жетіп бұрыласың, саусақпен жоғарыдан төменге түсесің, бұрыласың, саусағың оңнан солға қарай жүреді, бұрышқа жетіп төменнен жоғарыға саусағыңды жүргізесің.<br>(Әр баланың үстелінде белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар.)<br>Біз саусағымызбен нені қоршап жүргіздік? (Шаршы.) - Тіктөртбұрышты көрсетеді, атайды, бұл геометриялық фигура - тіктөртбұрыш.<br>Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында...<br>Тіктөртбұрыш пен шаршының не айырмашылығы бар?<br>Шаршыны тіктөртбұрышпен | қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»*** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.<br>**Үнді дауыссыз дыбыстармен, олардың жасалу жолдарымен таныстыру.**<br>Дауыссыз дыбыстардың ішіндегі үнді дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз.<br>Мен айтқан дыбыстарды айнаға қарап қайталаңдар: л, м, н, ң, р, у, й.  Балалар бұл дауыссыздарды айтқанда не байқадыңдар? Бұл дыбыстарды айтқанда көтеруге, созуға, әуенді өзгертуге болады.<br>Қатаң, ұяң дауыссыз дыбыстарға қарағанда үнді дауыссыз дыбыстар  дауыс шымылдығының қатысуымен жасалады, салдырға қарағанда үн басым шығады. Сондықтан да үнді дауыссыз дыбыстар деп аталады. Үнді дауыссыз дыбыстарды айтқанда сөйлеу мүшелерінің (тіл, ерін, жақ) бір-біріне жуықтауы, түрленуі, көлемін өзгертуі көмей арқылы келген ауаға пәлендей кедергі бола алмайды.<br>Дауыссыз қатаңдарда мүлде үн болмаса, ұяңда үннің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұзындығына байланысты деп, қорытынды жасайды.<br>Педагог екі баланы шақырады ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын қадамдармен өлшеуді сұрайды.<br>Екі бала кілемді өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Балалардың қадам өлшемдері әр түрлі, сондықтан өлшеу нәтижелері әр түрлі деген педагогпен бірге қорытынды жасайды.<br>Проблемалық сұрақ: заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады?<br>Балаларға ата-аналар үйдегі заттарды қалай өлшейтінін еске түсіруін сұрайды.<br>Пікірталастан кейін педагог бір ғана өлшеуіш-метрді ойлап тапқанын түсіндіреді. (көрсету).<br>**Қолдану деңгейі:** Логикаға арналған ойын жаттығулары. Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады:<br>Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай?<br>Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы?<br>Топтық жұмыс.<br>Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді. Педагог балаларға ұзындығы әртүрлі | *бор, балық, бас, боти, быламық, ботқа.*<br>*Г* дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар.<br>*Гул, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет.*<br>Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.<br>**Қолдану деңгейі:** «Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы.<br>Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естісеңдер, қол шапалақтайсыңдар.<br>Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке.<br>«Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы<br>– Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: *үстел ...(биік), қоян ...(жүйрік), сағат ...(домалақ), қызыл ...(доп), ала ...(жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ...(домбыра), желбірейді ...(жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б.*<br>**Сергіту сәті:**<br>Кәне, енді тұрайық,<br>Бір қатарды құрайық. | ұсынады.<br>Балалар алақанмен өлшейді. Жауаптарын салыстырады.<br>Сонда қалай, үстел біреу, бірақ жауап әртүрлі? (Алақанның көлемі әртүрлі)<br>Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейміз.<br>Балалар үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Жауаптың әртүрлі болуы шынтақтың ұзындығына байланысты деп, қорытынды жасайды.<br>Педагог екі баланы шақырады ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын қадамдармен өлшеуді сұрайды.<br>Екі бала кілемді өлшейді. Жауаптарын салыстырады.<br>Балалардың қадам өлшемдері әр түрлі, сондықтан өлшеу нәтижелері әр түрлі деген педагогпен бірге қорытынды жасайды.<br>Проблемалық сұрақ: заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады?<br>Балаларға ата-аналар үйдегі заттарды қалай өлшейтінін еске түсіруін сұрайды. Пікірталастан кейін педагог бір ғана өлшеуіш-метрді ойлап тапқанын түсіндіреді. (көрсету).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Логикаға арналған ойын жаттығулары. Балалардың | беттестіреді.<br>Қараңдар, бір қабырғалары бірдей, ал басқа екі қабырғалары әртүрлі.<br>Тіктөртбұрыштың қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырық.<br>Балалар, тәрелкедегі шаршы мен тіктөртбұрышты алып, алдарыңа қойыңдар. - Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырыңдар.<br>Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіріңдер.<br>Тіктөртбұрыш пен шаршының қабырғалары туралы не айтуға болады?<br>(бір қабырғалары бірдей, ал тіктөртбұрыштың екі қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырақ).<br>**Түсіну деңгейі: Топпен жұмыс**<br>Санамақ арқылы балалар 4 топқа бөлінеді. Педагог балаларға белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығын(әртүрлі өлшем мен пішіндегі кесілген дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар) таратады.<br>Әрбір топқа бір пішіндегі фигуралар беріледі.<br>Балалар пішіндер қандай да бір белгі - үлкен - кіші, сондай-ақ түс бойынша бөлуі және бөлудің өз нұсқаларын ұсынуы тиіс.<br>Дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштарды топтан бөледі. Әр топта әртүрлі | қатысы жартылай болатынын біз білеміз, ал үнді дыбыстарда бәсең үн болады.<br>Дауыссыздардың үн сапасында жаңғырық болмайды.<br>**Түсіну деңгейі:** «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны<br>– Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттермен жұмыс.<br>Мысалы, *лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.*<br>ң дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді.<br>Мысалы: *«л»– Ләззат, лақ, лаула,люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә;*<br>*«м» – мақта, малта, маймыл, малақай;*<br>*«н»– нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір;*<br>*«р» – рауғаш, Рауан, Раушан, риза; «у» – уылдырық, уақ.*<br>**Қолдану деңгейі: «Дыбыс бер»** дидактикалық ойыны .<br>Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің ішінде үнді дауыссыз дыбыстар кездессе, алақандарыңды соғып шапалақтаңдар.<br>Үй, алма, анар, тат, оқ, ру, бау, сағат, арқан, тарақ, жаңғақ, нан, доп, тор, ми, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санағыш, қарындаш таратады. Өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды. | Белімізден ұстасып,<br>Алға бағыт бұрайық.<br>Паровоз боп ойнайық,<br>Вагондарды жалғайық.<br>Сапар шегіп алысқа,<br>Алға қарай зулайық.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Айдын шалқар көлдерде,<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын,<br>Әрі-бері жүзеді. | түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады:<br>Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай?<br>Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы?<br>Топтық жұмыс.<br>Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді. Педагог балаларға ұзындығы әртүрлі санағыш, қарындаш таратады. Өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды. | нұсқалар болуы мүмкін. Біреулер түстер бойынша орналастыруы мүмкін (мұндай 3 топ болады). Басқалары өлшемі бойынша бөледі (мұндай 2 топ болады).<br>**Қолдану деңгейі: «Сәйкес қиықты таңда» дидактикалық ойыны**<br><br>**«Сипаттап табу» дидактикалық ойыны**<br>Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды. | сый, тый, аң, оң, шаш, тас, ата, әже, тәте, пысық, тышқан, ат т.б.<br>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы<br>–Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларын керек.<br>Мысалы: *сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б.* |

*1 үзіліс - 09:25 - 09:35*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға » арналған ойын: «Жер,су,ауа»**

**Басты міндет: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге;жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру; қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.**

| | | |
|---|---|---|
| **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>**Көру** – көзбен көру.<br>**Тыныс алу** – мұрынмен дем алу.<br>**Есту** – құлақпен есту.<br>**Ұстау** – қолмен ұстау.<br>**Қолдану:** Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау).<br>Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз.<br>Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі.<br>**Артикулляциялық тіл жаттығулары**<br>**Тілге арналған:**<br>Суретті тіл ұстарту<br>Ша – ша – ша |  | **Еркін ойын түрі: «Жер,су,ауа»**<br>**Ойын міндеттері**: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге;<br>жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру;<br>қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.<br>**Дағды:**Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>**Ойын шарты**: Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып «Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде |

| | | |
|---|---|---|
| Айшаның шанасы тама (ша)<br>Са – са – са<br>Қасқыр соқты Мұ (са)<br>Ол – ол – ол<br>Ағашта лимон м(ол)<br>Ра – ра – ра<br>Дүкеннен нан алды Са (ра)<br>Із – із – із<br>Тамаққа қосты сәб(із)<br>Жу – жу – жу<br>Ыдысты тазалап (жу) |  | суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br>**Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.**<br>«Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «от» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді. |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ең тәтті дүние.(Ертегі)<br>(Қ.Мырза Әли.)<br>**ҰІӘ міндеттері:** әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту;<br>-дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту;<br>-хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады;<br>**Түсінеді:** хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін;<br>**Қолданады:** дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жыл құстары. (ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:** қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту;<br>табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту;<br>табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету.<br>**Дағды**: құстардың атауларын айтып ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**құстардың атауларын біледі.<br>**Түсінеді:** қыстап қалатын | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Әдептілік әлемі(өлең оқу)Ермек Өтетілеуұлы танысу.<br>**ҰІӘ міндеттері:** өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді**: өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады;<br>**Қолданады:** өлең | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ең тәтті дүние.(Ертегі)сахналау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту;<br>-дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту;<br>-хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады;<br>**Түсінеді:** хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін;<br>**Қолданады:** дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Әдептілік әлемі(өлең оқу)Ермек Өтетілеуұлы жаттау.<br>**ҰІӘ міндеттері:** өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді**: өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнының жүйесін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстар –дауысты дыбыс және дауыссыз дыбыс болып екігe бөлінеді.<br>Әліпбиде 42 дыбыс болса, соның 27-сі – дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыстарды атап айтайық.<br>Дауыссыз дыбыстар кеудемізден сығылып, кедергіге ұшырап шығып жатыр. Дауыссыз дыбыстар қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді.<br>Мысалы: Қ, К, П дыбыстары – қатаң дауыссыз дыбыстар. Айтылған кезде қатты естіледі. В, Г дыбыстары – ұяң дауыссыз дыбыстар, жай естіледі.<br>М, Л дыбыстары – үнді дауыссыз дыбыстар, созылып естіледі.<br>**Түсіну деңгейі:** Қ.Мырза Әлидің **«Ең тәтті дүние»** әңгімесін мәнерлеп оқиды.<br>Ең тәтті дүние.<br>Хайуанаттар бағының хайуандары түскі асқа жиналды. Дастарқан басында Қоян, Ешкі, Борсық және оларға қонаққа келген Аю отырды. Дәмді тағамдар туралы әңгіме басталды.<br>Ең дәмді тағам сәбіз ғой, шіркін! – деді Қоян.<br>Мә-ә, мә-ә, – деді Ешкі. – Сәбіз, әрине, жақсы, бірақ, орамжапыраққа жетпейді. Тапқан екенсіңдер тәттіні!<br>– деп Аю гүр ете түсті.<br>– Сәбіз бен орамжапырақ та сөз болып па! Дүниедегі ең дәмді нәрсе<br>– бал!<br>Үндемей қалған Борсық | құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.<br>**Қолданады:** құстарды бақылау әдістерін меңгерген,құрастырушылық қабілеті бар.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: «Ой қозғау»жұмбақ жасыру.**<br>Табиғатта құстардың көптеген түрлері бар. Біз қайда қыдырсақ та – қалалық саябақта болсын, теңіз жағалауында болсын, ауылда немесе орманда болсын, құстарды кездестіреміз. Және олардың барлығы дерлік ұша алады. Құстар – қанаты мен қауырсыны бар жануарлар. Қауырсыны олардың денесіндегі жылуды сақтауға көмектеседі және құстарға қайталанбайтын, ешкімдікіне ұқсамайтын әр беріп тұрады. Құстар өз-өзін күтеді. Қауырсындарын жиі-жиі тазартып, оған май жағып тұрады. Сонымен қатар олар ескі қауырсындарды жұлып тастайды. Көп ұзамай орнына жаңасы шығады.<br>Құстар ұяда тіршілік етеді. Әдетте олар ұясын жапырақтардан, шөптен, ағаш бұтақтарынан салады. Бірақ тас үйінділерінің арасында, тауың басында өмір сүретін құстар да бар. Құстың анасы жұмыртқа салады, содан соң оны денесімен жылытып, балапандар жарып шыққанша басып отырады.<br>**Күрделі сұрақ**: құстар | мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді. Қарым-қатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз.<br>**Түсіну деңгейі:** Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен таныстыру.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Қарсы ал ерте күн көзін,<br>Төсегіңді жина өзің.<br>Асықпай іш тамақты,<br>Жина аяқ-табақты.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Аяқ-табақ* – тамақ ішетін ыдыстар.<br>*Асықпай іш* – тамақты асықпай ішу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Өлең сендерге ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Асты қалай ішу керек? *(Асықпай ішкен ас сіңімді болады).*<br>Ас ішкен соң не істеу керек? *(Ыдыс-аяқты жинаймыз).* | **Білу деңгейі:** Балалар, дыбыстар –дауысты дыбыс және дауыссыз дыбыс болып екіге бөлінеді. Әліпбиде 42 дыбыс болса, соның 27-сі – дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыстарды атап айтайық.<br>Дауыссыз дыбыстар кеудемізден сығылып, кедергіге ұшырап шығып жатыр. Дауыссыз дыбыстар қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді.<br>Мысалы: Қ, К, П дыбыстары – қатаң дауыссыз дыбыстар. Айтылған кезде қатты естіледі. В, Г дыбыстары – ұяң дауыссыз дыбыстар, жай естіледі.<br>М, Л дыбыстары – үнді дауыссыз дыбыстар, созылып естіледі.<br>**Түсіну деңгейі:** Қ.Мырза Әлидің **«Ең тәтті дүние»** әңгімесін мәнерлеп оқиды. Ең тәтті дүние.<br>Хайуанаттар бағының хайуандары түскі асқа жиналды. Дастарқан басында Қоян, Ешкі, Борсық және оларға қонаққа келген Аю отырды. Дәмді тағамдар туралы әңгіме басталды.<br>Ең дәмді тағам сәбіз ғой, шіркін! – деді Қоян.<br>Мә-ә, мә-ә, – деді Ешкі. – Сәбіз, әрине, жақсы, бірақ, орамжапыраққа жетпейді.<br>Тапқан екенсіңдер тәттіні! | сақтай отырып, қайталап айтып береді. Қарым-қатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз.<br>**Түсіну деңгейі:** Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен таныстыру.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Қарсы ал ерте күн көзін,<br>Төсегіңді жина өзің.<br>Асықпай іш тамақты,<br>Жина аяқ-табақты.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Аяқ-табақ* – тамақ ішетін ыдыстар.<br>*Асықпай іш* – тамақты асықпай ішу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Өлең сендерге ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Асты қалай ішу керек? *(Асықпай ішкен ас сіңімді болады).*<br>Ас ішкен соң не істеу керек? *(Ыдыс-аяқты жинаймыз).*<br>Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қана болатын. Ол бір есінеп алдыда:<br>Дүниедегі ең тәтті нәрсе – ұйқы! – деді.<br>Әңгіме де нелер жайлы айтылған?<br>**Тілдік бейнелілігімен жұмыс:**<br>Хайуанаттар – животные, ешкі – коза, қоян – заяц, аю – медведь.<br>Бірге қайталайық .<br>Педагог борсық деген жыртқыш жануар екенін айтып өтеді.<br>Хайуанаттар қайда кездесті?<br>Олар не жайлы әңгіме айтты?<br>Қоян үшін не тәтті екен?<br>Ешкі үшін не тәтті екен?<br>Аю үшін не тәтті екен?<br>Ал борсық үшін не тәтті екен?<br>Балалар әңгімеде жанурлар нені ұнатса, сол тәтті екен. Әңгіме мазмұны сендерге ұнады ма?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын:<br>**«Таңдап ал да, атын айт».**<br>**Ойын шарты**: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді.<br>**Жаңылтпаш жаттау:**<br>**Міндеті:**Жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады.<br>Қай тай лақтай?<br>Қай лақ бармақтай?<br>**Сергіту сәті:**<br>(Сергіту жаттығуларын | неліктен жылы жаққа күзде ұшып кетеді?<br>Ал күзде құстар топталып, жылы жаққа қыстауға дайындалады.<br>Жәндіктермен қоректенетін құстармен таныстырады.<br>**Олар:** қараторғай, қарлығаш, көкек, сарыторғай, бұлбұл, қаратамақ торғай.<br>**Балалар:** «Күн суытқан соң құстарға жейтін азық қалмайды» деген тұжырым жасайды. Себебі, күзде көптеген жәндіктер жоғалып кетеді: біреулері тіршілігін тоқтатса, енді біреулері ұясына жасырынып қалады. Яғни жәндіктермен қоректенетін құстардың жейтін тамағы болмай қалады. Жәндіктермен қоректенетін құстарды қалай ажыратуға болатынын талқылайды. Оларды тік, ұзын немесе ұшты болып келетін тұмсығына қарай тануға болады. Бұл жәндіктерді ұстауға өте қолайлы.<br>**Балаларға мынадай мәлімет береді**: Сіз көк аспанда қалықтап ұшқан құсты, құстардың топталып ұшып бара жатқанын көрдің бе? Біз олардың жылы жаққа ұшып бара жатқанын көп көре бермейміз. Себебі олар қауіпсіздеу болғандықтан негізінен түнде ұшады екен. Ал сендер қыстау үшін жылы жаққа кететін құстардың белгілі бір тәртіпті сақтап ұшатынын блесің бе? Және құстардың ұшу тәртібі де бөлек, бір-біріне ұқсамайды. Суреттерді ұшып кету тәртібі | Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз?<br>***Есіңе сақта:*** «Адам әдебімен көрікті».<br>**Сергіту сәті**<br>Көшелерден біз өткен,<br>Ата көрсем, жақын кеп,<br>Сәлем берем ізетпен.<br>Алдан әже жолықса,<br>Бөгелем де әдейілеп,<br>Сәлемдесем сол тұста:<br>«Есенсіз бе, әжей?» – деп. | – деп Аю гүр ете түсті.<br>– Сәбіз бен орамжапырақ та сөз болып па!<br>Дүниедегі ең дәмді нәрсе – бал!<br>Үндемей қалған Борсық қана болатын. Ол бір есінеп алдыда:<br>Дүниедегі ең тәтті нәрсе – ұйқы! – деді.<br>Әңгіме де нелер жайлы айтылған?<br>**Тілдік бейнелілігімен жұмыс:**<br>Хайуанаттар – животные, ешкі – коза, қоян – заяц, аю – медведь.<br>Бірге қайталайық .<br>Педагог борсық деген жыртқыш жануар екенін айтып өтеді.<br>Хайуанаттар қайда кездесті?<br>Олар не жайлы әңгіме айтты?<br>Қоян үшін не тәтті екен?<br>Ешкі үшін не тәтті екен?<br>Аю үшін не тәтті екен?<br>Ал борсық үшін не тәтті екен?<br>Балалар әңгімеде жанурлар нені ұнатса, сол тәтті екен. Әңгіме мазмұны сендерге ұнады ма?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын:<br>**«Таңдап ал да, атын айт».**<br>**Ойын шарты**: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді. | ***Есіңе сақта:*** «Адам әдебімен көрікті».<br>**Сергіту сәті**<br>Көшелерден біз өткен,<br>Ата көрсем, жақын кеп,<br>Сәлем берем ізетпен.<br>Алдан әже жолықса,<br>Бөгелем де әдейілеп,<br>Сәлемдесем сол тұста:<br>«Есенсіз бе, әжей?» – деп. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | А.Меңжанованың<br>«Қайда екен?» өлеңімен жасатуға болады).<br>Қайда екен?<br>Қайда екен қолымыз,<br>Оңымыз бен солымыз.<br>Білеміз бе оны біз?<br>Міне, оң мен солымыз,<br>Міне, алақай, қолымыз. Қол соғайық: бір, екі.<br>Ал санайық: бір, екі.<br>Топылдатып билейтін,<br>Аяғымыз қайда екен? | бойынша қарастырады: тырналар, үйректер, аққулар сыналап ұшады, көкқұтан, тырна, тырнақұтан – қанаттарын бір-біріне қарай жазып, сап түзеп ұшады, үйректер, шалшықшы құстар тік сызық түзеп немесе доға құрап ұшады. Қараторғайлар, барылдақ торғайлар мен өзге де ұсақ құстар ешқандай тәртіп сақтамай, қалай болса солай ұша береді. Ал бүркіт, қаршыға сынды ірі құстар жалғыз ұшқанды жақсы көреді.<br>**Түсіну деңгейі: «Тұңғиық гүлі» техникасының көмегімен «Қыстап қалатын құстар» тақырыбымен танысуға шақырады**. Балалар еркін талқылау барысында біздің өлкемізде қыстап қалатын 8 құсты таңдап алады.<br>**Тәжірибеалдық жұмыс:**Балалар қауырсынмен жасалатын тәжірибе жұмысына қатысады. Қауырсынға қылқаламның көмегімен май (өсімдікмайы) жағады, содан соң оған тамшуырмен май тамызады. Су қауырсынға сіңбей, жерге тамып түседі. Осылайша, құстар өздерін су мен жаңбырдан қорғайды. «Бәрі де қаз қалпында» деген мақал, міне, осыдан қалған болса керек.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Тәжірибелік жұмыс:**Ұя – құстардың үйі. Әртүрлі құстардың ұялары да бір-біріне ұқсамайды. Ал, сендер торғайлар, қарғалар, көгершіндермен | | **Жаңылтпаш жаттау:**<br>**Міндеті:**Жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады.<br>Қай тай лақтай?<br>Қай лақ бармақтай?<br>**Сергіту сәті:**<br>(Сергіту жаттығуларын А.Меңжанованың «Қайда екен?» өлеңімен жасатуға болады).<br>Қайда екен?<br>Қайда екен қолымыз,<br>Оңымыз бен солымыз.<br>Білеміз бе оны біз?<br>Міне, оң мен солымыз,<br>Міне, алақай, қолымыз.<br>Қол соғайық: бір, екі.<br>Ал санайық: бір, екі.<br>Топылдатып билейтін,<br>Аяғымыз қайда екен? | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сауысқандардың ұясының қандай болатынын білесіңдер ме? Ондай ұяны көрдіңдер ме? (Үйдің кіре берісінің немесе балконның үстіңгі жағына салады). Мысалы,торғайдың ұясы шағын ғана болады. Балаларға құстарға арнап ұя жасауға шақырады.Сынған бұтақтардан, сабан мен жүннен, қауырсыннан, мақта түйіршіктерінен ұя жасау туралы ұсынысын қабыл алады. «Мүлдем ұя салмайтын құстар бола ма?» деген сұрақты талқылап, жауап іздейді. Әлбетте, болады. Ол – көкек! Көкек өз жұмыртқасын басқа құстардың ұясына тастайды.<br>**«Үйшік» ойыны:**өз қолындағы заттың педагогтің қолындағыдан айырмасын немесе ұқсастығын табуды ұсынады.<br>Б: Түк-түк. Үйшікте қай жануар тұрады?<br>П: Бұл – мен, әтеш. Өзіңше?<br>Б: Мен қарғамын. Кіргізші мені үйіңе.<br>П: Кіргізейін. Бірақ сен ол үшін біз бір-бірімізге ұқсаймыз деуің керек.<br>Б: Біз құстармыз ғой. Сен де сайрай аласың, мен де... сенің де қанатың бар, менің де қанатым бар. Мен астықпен қоректенемін, сен де...<br>П: Ал енді біздің айырмашылықтарымызды айтып бер.<br>Б: Сен әтешсің, үй құсысың. Ал мен дала құсымын. Бір-бірімізге түсіміз де ұқсамайды. Мен жақсы ұшамын, ал сен ұша | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | алмайсың…<br>**«Үшіншісі артық» дидактикалық ойын:**<br>Міндеттері: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту.<br>Құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.).<br>**Өзекті мәселе**: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі.<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығулары,сергіту сәті:**<br>Шымшық ұшып-қонады, *(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).*<br>Бір орнында отыра алмас, *(бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).*<br>Бір-екі, бір-екі, *(Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).*<br>Зуылдады тоқтамай. *(Бір орында тұрып айналамыз).*<br>Міне, бір минутқа отырды, *(Отырамыз.)*<br>Тұмсығымен кеудесін қасыды,<br>*(Орнымыздан тұрып, басымызды оңға-солға иеміз).*<br>Ұшты, қонды, *(Бір орында тұрып сол аяқпен секіреміз).*<br>Шыр-шыр, *(Бір орында тұрып оң аяқпен секіреміз).*<br>Шыр-шыр! *(Бір орында тұрып қос аяқтап секіреміз).* | | | |
| ***«Ас – адамның*** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. | | | | |

<table>
<tr><td>арқауы» түскі ас.<br>10:00-10:30</td><td colspan="2">(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="3">2 үзіліс – 10:00 – 10:30</td></tr>
<tr><td colspan="3">Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Ақшамшық»<br>Басты міндет: балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.</td></tr>
<tr><td>Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.<br>Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:<br>1. 1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.<br>2. 2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле» (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).<br>3. 3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді». Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.<br>4. 4. «Көңілді маймыл». Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.<br>5. 5. «Шарларды үрлеу». Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.<br>6. 6. «Жылан қалай ысқырады». Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады</td><td></td><td>Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Ақшамшық»<br>Міндет:балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.<br>Әдістемелік  нұсқау: Ойыншылар ойын кезінде арасынан бір кісі өтетіндей етіп дөңгелене отырады. Ал жүргізуші ортаға шығып, екі алақанын беттестіре ұстайды. Қалғандарына да солай істеуді тапсырады. Кейін алақандарының арасындағы сақинаны ойыншылардың біріне тастау үшін айнала жүгіріп, бәріне сақина тастаудың белгісін жасайды. Алайда, ол сақинаны білдірмей біреуіне ғана тастайды.<br>Ойын шарты: Сақина жасырылған адам да оны басқаларға байқатпауға тырысады. Жүргізуші түгел айналып шыққан соң ортаға келіп, «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сонда сақинаны алған ойыншы орнынан атып тұруы керек. Әрбір ойыншы оң жағында отырған көршісін аңдиды. Сондықтан сақинаның онда барын білсе орнынан тұрғызбауға тырысады. Ал сақинаны алған ойыншы білдірмей тұрып кетсе, өзі жаза тартады, ол тұра алмай қалса, айыпкер көпшіліктің ұйғаруымен не өлең айтады, не би билейді, не домбыра тартады. Өнерін көрсетіп, жазасын өтеуі тиіс. Содан кейін ойын қайта жалғасады.<br>ІІ нұсқасы: «Сақина»<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып отырады. Шеңбер ортасына жүргізуші шығады. Оның тас жабылған алақандарының ортасында сақина салынған. Жүргізуші балалардың барлығын аралап, әрқайсысының қолын жабылған алақандарымен ашып, біреуінің қолына сақинаны салып кетеді. Бірақ сол кезде екінші жүргізуші оны қай ойыншыға салғанын байқамау керек. Жалған қимылдарды жасауды жалғастыра отырып, жүргізуші шеңберді толығымен аралап шығады. Содан кейін ортаға тұрып, келесі сөздерді айтады:<br>«1-2-3Сақина маған ұшып кел!»<br>Сақинаны ұстаған ойыншы орнынан тез тұрады. Оның</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс). | | | | көршісі ойыншыны ұстап үлгеруі керек. Үлгермесе жазаланады. Үлгерсе – көршісінің өзі жазаланады. Жазаланған оқушы жүргізушінің немесе ойыншылардың тілегін орындайды. | |
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Менің отбасым.<br>**ҰІӘ міндеттері:** отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>**-**қазақ тіліне тән дыбыстарды<br>дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Дағды**: отбасы мүшелерін ажыратып, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді, тақпақ жаттайды.<br>**Түсінеді:** үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін түсінеді.<br>**Қолданады:** таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **3.Жапсыру-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Күзгі жапырақтар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту;<br>-табиғатты сүюге, еңбекке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: жапырақтарды қатпарлап бүктеу;өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жапырақтарды қатпарлап бүктейді;<br>**Түсінеді:** күзді неге «алтын күз», «жомарт күз» деп атайтынын;<br>**Қолданады:** жапырақтарды бүктеп қию тәсілін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Жұмбақ<br>Жиын-терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(Күз)<br>**Түсіну деңгейі:** Балаларға әртүрлі жапырақтарды таратып береді.Күз мезгілінің ерекшелігі мен ағаш жапырақтарының түрлерін әңгімелейді.<br>– Күзде табиғатта қандай | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Үнді дауыссыз дыбыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету;<br>-үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.<br>-бастаған істі тиянақты аяқтай білуге үйрету.<br>**Дағды**: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дауыссыз дыбыстар деген не?<br>Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?<br>Қатаң дауыссыз дыбыстар | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ғажайып алаң.<br>**ҰІӘ міндеттері:** отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>**-**қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br>**Дағды**: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді.<br>**Түсінеді:** қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді.<br>**Қолданады:** таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі.<br>(еңбек,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру;<br>-қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту;<br>-қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру, тазалыққа, жинақылыққа баулу.<br>**Дағды**: өмір қауіпсіздігі ережелерін, үлкендердің айтқан ескертпелерін еске сақтай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** тұрмыстық техниканы қолдану ережесін дұрыс сақтайды, үлкендердің көмегінсіз электр тогына қоспайды;<br>**Түсінеді:** тұрмыста қолданылатын заттарды қалай пайдалану керектігін; олардың атқаратын қызметін;<br>**Қолданады:** өмір қауіпсіздігі ережелерін, үлкендердің айтқан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Білу деңгейі:** Сөздік ойын: **«Мен бастаймын, сен қошта».** Апта күндері.<br>Апта деген атайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар.<br>Біріншісі – дүйсенбі,<br>Екіншісі – сейсенбі,<br>Үшіншісі – сәрсенбі,<br>Төртіншісі – бейсенбі,<br>Бесіншісі – жұма,<br>Алтыншысы – сенбі,<br>Жетіншісі – жексенбі.<br>Бүгін аптаның қай күні?<br>Біріншісі қай күн?<br>Жетіншісі қай күн?<br>**Түсіну деңгейі: «Тосын сый»** бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған отбасы суреті).<br>Қандай керемет, мына суретте кім бар?<br>Бала өз отбасы мүшелері туралы әңгімелейді.<br>Жаңа сөздермен таныстыру.<br>Аға – старший брат.<br>А-а – аға. Мынау кім?<br>Мынау – аға.<br>Әпке – старшая сестра.<br>Ә-ә – әпке. Мынау кім?<br>Мынау – әпке.<br>Іні – младший брат.<br>Мынау кім?<br>Мынау – іні.<br>Сіңлі – младшая сестра сестры. Мынау кім?<br>Сіңлі, сің-лі.<br>Қарындас – младшая сестра брата.<br>Қарындас, қа-рын-дас.<br>Мынау кім?<br>Мынау – қарындас.<br>**Қолдану деңгейі:** балаларды **менің** есімдігімен таныстырады.<br>Өзі айтады: **Менің** | өзгерістер болады?<br>– Күзді неге «жомарт күз», «алтын күз» деп атаймыз?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балалардың назарын сюжетті суретке аудару.<br>**Жұптық жұмыс** барысында емен және тал ағаштарын күзгі жапырақтармен әсемдейміз. Педагог бүктеп қию әдісін көрсетеді. Ол жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі, сондай-ақ сақтық шараларын еске салып, бірлесе жұмыс істеуде тату болуды ескертеді.<br>**Сергіту сәті: «Балалық»**<br>Балалық-ау, балалық!<br>Кел, бір ойнап тарайық!<br>Бірім, бірім, бірім деп,<br>Саусақты да санайық!<br>Көзді тас қып жұмайық,<br>Кім түрткенін табайық!<br>Кел, жарыса шабайық! | қалай жасалады?<br>Ұяң дауыссыз дыбыстар ше?<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»*** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.<br>**Үнді дауыссыз дыбыстармен, олардың жасалу жолдарымен таныстыру.**<br>Дауыссыз дыбыстардың ішіндегі үнді дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз.<br>Мен айтқан дыбыстарды айнаға қарап қайталаңдар: л, м, н, ң, р, у, й. Балалар бұл дауыссыздарды айтқанда не байқадыңдар?<br>Бұл дыбыстарды айтқанда көтеруге, созуға, әуенді өзгертуге болады.<br>Қатаң, ұяң дауыссыз дыбыстарға қарағанда үнді дауыссыз дыбыстар дауыс шымылдығының қатысуымен жасалады, салдырға қарағанда үн басым шығады.<br>Сондықтан да үнді | **Білу деңгейі: Бірінші тапсырма:** Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау.<br>Атам, әжем, Әкем, шешем.<br>Әпкем, сіңілім,<br>Ағам, інім және мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз.<br>**Түсіну деңгейі:** Екінші тапсырма: Отбасы туралы қандай мақал білесіңдер?<br>*Балалар мақалдарды естеріне түсіреді.*<br>1.Отан отбасынан басталады.<br>2.Баланың бас ұстазы – ата-ана.<br>3.Інісі бардың – тынысы бар, Ағасы бардың – жағасы бар.<br>4.Аға әдепті болса, іні әдепті,<br>Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.<br>**Қолдану деңгейі:** Үшінші тапсырма: Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды.<br>Мынау – менің отбасым.<br>Мынау – ата.<br>Атамның аты<br>Атам теледидар көреді.<br>Мынау – менің әжем.<br>Әжемнің аты<br>Әжем ән айтады.<br>Мынау – менің әкем.<br>Әкемнің аты<br>Әкем ойыншық берді.<br>Мынау – менің анам.<br>Анамның аты<br>Анам тамақ пісіреді. | ескертпелерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>*Шаңсорғыш» ойыны.*<br>Жүргізуші сайланады.<br>Ол –«шаңсорғыш». Қалған балалар – «шаң». «Шаң» айналып, ақырын жерге «қонады» (отырады). «Шаңсорғыш» іске қосылады. «Шаңсорғыш» «шаңдарды» жинай бастайды, оның қолы кімге тиеді, сол бала орнынан тұрып кетеді.<br>– Үйдегі заттарды атаңдар. Сендердің бөлмелеріңде қандай қажетті бұйымдар, заттар бар? Балалар үйлеріндегі жиһаздар мен бұйымдарды атайды.<br>**Демонстрациялық материалдармен жұмыс.**<br>Суреттердегі заттарды атап, тұрмыстық техниканың қандай қажеттілігі барын айтыңдар. (Газ плитасы, теледидар, кіржуғыш мәшине, шаңсорғыш, электр шәйнегі, микротолқынды пеш)<br>– Балалар, біз бұл заттарды қалай топтастырар едік? Балалар әр затты атап, олардың жалпы атауын табады: *электр бұйымдары, тұрмыстық техника.*<br>– Тұрмыстық техникаға не жатады?<br>– Тоңазытқыш, кіржуатын мәшине, газ плитасы, компьютер, үтік, теледидар, магнитофон, радио, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беттестіріндер.<br>Тіктөртбұрыш пен шаршының қабырғалары туралы не айтуға болады? (бір қабырғалары бірдей, ал тіктөртбұрыштың екі қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырақ).<br>**Түсіну деңгейі: Топпен жұмыс**<br>Санамақ арқылы балалар 4 топқа бөлінеді. Педагог балаларға белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығын(әртүрлі өлшем мен пішіндегі кесілген дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар) таратады. Әрбір топқа бір пішіндегі фигуралар беріледі. Балалар пішіндер қандай да бір белгі - үлкен - кіші, сондай-ақ түс бойынша бөлуі және бөлудің өз нұсқаларын ұсынуы тиіс.<br>Дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштарды топтан бөледі. Әр топта әртүрлі нұсқалар болуы мүмкін. Біреулер түстер бойынша орналастыруы мүмкін (мұндай 3 топ болады). Басқалары өлшемі бойынша бөледі (мұндай 2 топ болады).<br>**Қолдану деңгейі: «Сәйкес қиықты таңда» дидактикалық ойыны**<br><br>**«Сипаттап табу»** | анықталады. Үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттермен жұмыс.<br>Мысалы, *лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.*<br>ң дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді.<br>Мысалы: *«л»– Ләззат, лақ, лаула,люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә;*<br>*«м» – мақта, малта, маймыл, малақай;*<br>*«н»– нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір; «р» – рауғаш, Рауан, Раушан, риза; «у» – уылдырық, уақ.*<br>**Қолдану деңгейі: «Дыбыс бер»** дидактикалық ойыны .<br>Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің ішінде үнді дауыссыз дыбыстар кездессе, алақандарыңды соғып шапалақтаңдар.<br>Үй, алма, анар, тат, оқ, ру, бау, сағат, арқан, тарақ, жаңғақ, нан, доп, тор, ми, сый, тый, аң, оң, шаш, тас, ата, әже, тәте, пысық, тышқан, ат т.б.<br>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы<br>–Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек.<br>Мысалы: *сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған),* | | созылыңқы түрі.<br>Сіздердің ойларыңызша сопақша дөңгелек сияқты домалайды ма?<br>Тексерейік. Сопақшаны үстелге домалатуға тырысады. Сопақшаның айналуына не кедергі? Сопақша созылған, сондықтан ол домаламайды деп тұжырымдайды.<br>Сопақша тағы қандай геометриялық пішінге ұқсайды?<br>Тақтаға тіктөртбұрышты іліп қояды. Атауын сұрайды. Балалар тіктөртбұрышты атайды. Олардың ұқсастығы қандай?<br>Пішіндерді бір-біріне беттестіруге ұсынады.<br>Қорытындысында, тіктөртбұрыш пен сопақша - созылған жазық фигуралар, домаламайды.<br>Айырмашылықтары неде?<br>Фигуралардың жиегін саусақпен жүргізеді.<br>Олар талқылайды, қорытындылайды, тіктөртбұрыштың бұрыштары бар, бірақ сопақшада бұрыштары болмайды.<br>**Қолдану деңгейі: «Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны.**<br>Балаларға геометриялық фигуралар таратылады.<br>Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді мәшинемін деп елестетіңдер, ал | немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар.<br>Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, ко-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ще-уе, хо-йо.<br>**Қолдану деңгейі:** «Белгі бер» дидактикалық жаттығуы.<br>Балаларға ұяң (б) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (б) дыбысын естігенде, қол шапалақтап дыбыс береулері керек. Сол сияқты басқа ұяң в, г, ғ, д, ж, з дыбыстарымен ойнатылады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз бір дем алайық.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Қолымызды қайшы етіп,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып-қиып аламыз,<br>Біз көңілді баламыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дидактикалық ойыны**<br>Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды. | *атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б.* | | геометриялық пішіндер - «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» - белгілер - геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» гометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. Ойын қайталанады.<br>**Ойын-тапсырма:**<br>«Бейнеле»<br>Заттарды геометриялық пішінмен қағаз бетінде бейнелеу.<br>Педагог заттарды атайды, балалар оларды қағазға геометриялық пішінімен бейнелеуі керек. Зейін салыңыз: тарелка, есік, шатыр, текшенің қыры, қияр.<br>Қандай геометриялық фигуралар шықты, атаңыз?<br>Балалар: шеңбер, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, сопақша деп атайды.<br>***«Не өзгерді?»***<br>дидактикалық ойыны.<br>Педагог балаларға фигуралардың орналасуын есте сақтауды ұсынады. Олардан көздерін жұмуды сұрап, бір фигураны алып тастайды.<br>Ойын екі рет қайталанады.<br>Балалар ойынға қатысады: көздерін жұмады, көздерін ашып, қандай өзгеріс | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | болғанын айтады.<br>**«Домалайды - домаламайды» дидактикалық ойыны**<br>Егер аталған зат домаласа, қол шапалақтайды, егер домаламаса, аяғын топылдатады. Мысалы, қарбыз, текше, кітап, дөңгелек, қарындаш, сәбіз, банка, жапырақ, апельсин, үйшік, доп.<br>Балалар заттардың пішінін анықтайды, сәйкес әрекеттерді орындайды.<br>Педагог балалардан іс-әрекеттерін сұрайды. | |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға » арналған ойын: «Құстардың ұшып өтуі»**

**Басты міндет: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.**

**Артикуляциялық жаттығулардың жасалуын үйрету.**

**«Көңілді тіл туралы ертегі»**

Ертеде бір қып-қызыл еріндердің артында аппақ тістердің арғы жығында көңілді тіл өмір сүріпті. Күнде таңертең оны сүйікті **САҒАТ** оятыпты.

**Сырт-сырт соғады сағат,**
**Таппайды бір тағат.**

Тілді ауыз қуысынан шығарып,оңға, солға қимылдату керек.
Сағат қалай жұмыс істейтінін көрсетейік.
Сағат қалай жүреді. **Тик-Так**
Сағат қалай жұмыс істейтінін көрсетейік.
Тіл оянып, керіліп жуынуға барады.
**ТІСІН ЫСАДЫ** Күлімсіреу, тістерді көсету. Жалпақ тілмен үстінгі астыңғы тістердің сыртқы жағынан өту (тіс тазалауға еліктеу арқылы) және астыңғы тістердің де сыртқы жағын тазалау.
Тісімізді калай ысу керек екенін көрсетейік.
**ШАШЫН ТАРАЙДЫ**
Тілдің қарны ашып, таңғы асқа **ШЕЛПЕК**







**Еркін қозғалмалы ойын: «Құстардың ұшып өтуі»**
**Ойын міндет**: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.
**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.
**Ойын шарты**:
Залдың бір жағында балалар орналасқан, олар – құстар. Залдың басқа жағында «ұшып» шығуға болатын көрнекіліктер орналасқан (гимнастикалық орындықтар, шаршылар және т.б.) олар – тоғайлар. Ұстаздың «Құстар ұшады!» белгісінен кейін – балалар қолдарын қанаттар сияқты қағып, бүкіл залды шарлап, жан-жаққа қарай жүгіреді. Келесі «Боран!» белгісі бойынша тоғайларға қарай қашып, солардың арасында тығылады. «Боран тоқтады!» деген ұстаз сөздерінен кейін балалар жерге түсіп, залды аралап «ұша» бастайды. Ойын барысында ұстаз міндетті түрде балалар шығып-түскенде оларды сақтандыруы қажет.

| | | |
|---|---|---|
| дайындағысы келеді. Ол үшін **ҚАМЫР ИЛЕУ** керек. Біз оған көмектесейік. **ТА-ТА –ТА** тісімізбен тілімізді тістейміз. Қамырымыз дайын енді **ШЕЛПЕК** дайындау керек. **ЛЯ-ЛЯ-ЛЯ**. Шелпек дайын. Оны **ТӘТТІ ТОСАППЕН** жеу керек .Күлімсіреу, ауызды ашып, шыныаяқ формасындағы тілмен, үстінен астына қарай қимыл жасап, ерінді жалау. Қозғалысты жалғастыруға болады және шыныаяқ формасын бұзбай тілді алуға болады.<br>**Жасайды анам тосап,**<br>**жидекке шекер қосып,**<br>**Көрсем тілмен жалап,**<br>**тәтті екен балдай**<br>Ой тәтті тосап ерінге жағылып қалыпты.<br>Таңертеңгі асымыз осымен бітті,енді серуенге шығайын. Сендер ойнағанды жақсы көресіндер ме?<br>**ТІЛМЕН ОЙНАУ. Ойнап болған соң МАШИНАСЫНА отырып кетеді.** Машина қалай жүреді көрсетейік. Тіл машинасымен келе жатса жанынан<br>**АТ ШАУЫП КЕЛЕДІ** Күлімсіреу, ауызды ашып түлдің ұшымен сыртылдату. «ат тұяғыман сыртылдатады» | | <br> |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)<br>**ҰІӘ міндеттері:** балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету;<br>-мақал- мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту;<br>-отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажырата алуға дағдыландыру. | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі. (ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:** тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру;<br>-қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту;<br>-қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру, тазалыққа, жинақылыққа баулу.<br>**Дағды**: өмір қауіпсіздігі ережелерін, үлкендердің | | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)қайталау.<br>**ҰІӘ міндеттері:** балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету;<br>-мақал- мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту;<br>-отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Әдептілік әлемі(өлең оқу)Ермек Өтетілеуұлы мәнерлеп айту.<br>**ҰІӘ міндеттері:** өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады;<br>**Түсінеді:** әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін;<br>**Қолданады:** дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, кімнің анасы немесе әкесі дәрігер?<br>Егер сен ауырып қалсаң, анаң емдейді ме?<br>Балалар, «дәрігерлерді ақ халатты абзал жандар», – деп айтады. Көптеген кісілердің өміріне араша түсетін мамандар. Дәрігерлер туралы М.Төрежанов ағаларың да әңгіме жазған. Ол кісінің балаларға арналған қызықты әңгімелері көп. Атап айтатын болсақ, "Ана алғысы", "Үш дос", "Адал дос", "Біз де ойнаймыз", "Шие тергенде" деген әңгімелері бар.<br>Дәрігер туралы "Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқып беремін:<br>**Түсіну деңгейі: Әжесін қайсысы жақсы көреді?**<br>Қанат пен Болат әжесінің жанында ойнап отыр. Бір кезде Қанат әжесін құшақтап:<br>Әжем менікі, мен әжемді | айтқан ескертпелерін еске сақтай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** тұрмыстық техниканы қолдану ережесін дұрыс сақтайды, үлкендердің көмегінсіз электр тогына қоспайды;<br>**Түсінеді:** тұрмыста қолданылатын заттарды қалай пайдалану керектігін; олардың атқаратын қызметін;<br>**Қолданады:** өмір қауіпсіздігі ережелерін, үлкендердің айтқан ескертпелерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>*Шаңсорғыш» ойыны.*<br>Жүргізуші сайланады.<br>Ол –«шаңсорғыш». Қалған балалар – «шаң». «Шаң» айналып, ақырын жерге «қонады» (отырады). «Шаңсорғыш» іске қосылады. «Шаңсорғыш» «шаңдарды» жинай бастайды, оның қолы кімге тиеді, сол бала орнынан тұрып кетеді.<br>– Үйдегі заттарды атаңдар. Сендердің бөлмелеріңде қандай қажетті бұйымдар, заттар бар? Балалар үйлеріндегі жиһаздар мен бұйымдарды атайды.<br>**Демонстрациялық материалдармен жұмыс.**<br>Суреттердегі заттарды атап, тұрмыстық техниканың қандай қажеттілігі барын айтыңдар. (Газ плитасы, теледидар, кіржуғыш | | ажырата алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады;<br>**Түсінеді:** әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін;<br>**Қолданады:** дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, кімнің анасы немесе әкесі дәрігер?<br>Егер сен ауырып қалсаң, анаң емдейді ме?<br>Балалар, «дәрігерлерді ақ халатты абзал жандар», – деп айтады. Көптеген кісілердің өміріне араша түсетін мамандар. Дәрігерлер туралы М.Төрежанов ағаларың да әңгіме жазған. Ол кісінің балаларға арналған қызықты әңгімелері көп. Атап айтатын болсақ, "Ана алғысы", "Үш дос", "Адал дос", "Біз де ойнаймыз", "Шие тергенде" деген әңгімелері бар.<br>Дәрігер туралы "Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқып беремін:<br>**Түсіну деңгейі: Әжесін қайсысы жақсы көреді?** | бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді**: өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді. Қарым-қатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз.<br>**Түсіну деңгейі:** Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен таныстыру.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Қарсы ал ерте күн көзін,<br>Төсегіңді жина өзің.<br>Асықпай іш тамақты,<br>Жина аяқ-табақты.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Аяқ-табақ* – тамақ ішетін ыдыстар.<br>*Асықпай іш* – тамақты асықпай ішу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сұрақ-жауап:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақсы көремін, – деді. Болат Қанаттан қалыспай әжесінің екінші жағына шығып:<br>Әже сенікі емес, әжем менікі, мен жақсы көремін. Мен сен сияқты әжемнің басын қатырмаймын, – деп таласты.<br>Әже немерелерінің таласына риза болып отырады. Бір кезде қарттың көзі бұлдырап, қысылып, диванға қисая кетті. Қанаттың зәресі ұшып, бақырып жылап жіберді. Болат абыржымай, үлкен кісіше телефонға барып, жедел жәрдем шақырды. Ақ халатты дәрігер келіп, әжесіне ине шаншып, дәрі берді. Әжесі басын көтеріп, дәрігерге алғыс айтты. Дәрігер Болат пен Қанаттан:<br>Телефонмен жедел жәрдем шақырған қайсыларың? – деп сұрады. Болат:<br>Менмін, – деді.<br>Ақылды бала екенсің. Әжеңді жақсы көреді екенсің, – деді дәрігер.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын:** «Дауысты дыбыстарды ата».<br>**Ойын шарты:**<br>Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады.<br>**Мақал-мәтелдерді қайталау.**<br>1.Анаға бала алтыннан да қымбат.<br>2.Жаны саудың – тәні сау. | мәшине, шаңсорғыш, электр шәйнегі, микротолқынды пеш)<br>– Балалар, біз бұл заттарды қалай топтастырар едік? Балалар әр затты атап, олардың жалпы атауын табады: *электр бұйымдары, тұрмыстық техника.*<br>– Тұрмыстық техникаға не жатады?<br>– Тоңазытқыш, кіржуатын мәшине, газ плитасы, компьютер, үтік, теледидар, магнитофон, радио, электронды сағат т.б.<br>**Түсіну деңгейі:** Мына суретке назар аударыңдар.<br>– Газ плитасы не үшін қажет?<br>– Тамақ пісіру үшін.<br>– Ол болмаған жағдайда адамдар тамақты қалай пісіреді?<br>– Қазан астына от жағып пісіреді.<br>– Газ плитасы немен жанады?<br>– Газбен.<br>– Қазанды немен қайнатады?<br>– Отынмен.<br>– Қайсысында тамақ пісірген жеңіл әрі тез?<br>– Газ плитасында.<br>– Балалар, көріп отырсыңдар, адамдар уақытын үнемдеу үшін, еңбекті жеңілдету үшін тұрмыстық техниканы ойлап тапты.<br>– Тұрмыстық техника қалай жұмыс істейді?<br>– Электр тогымен жұмыс істейді. | | Қанат пен Болат әжесінің жанында ойнап отыр. Бір кезде Қанат әжесін құшақтап:<br>Әжем менікі, мен әжемді жақсы көремін, – деді. Болат Қанаттан қалыспай әжесінің екінші жағына шығып:<br>Әже сенікі емес, әжем менікі, мен жақсы көремін. Мен сен сияқты әжемнің басын қатырмаймын, – деп таласты.<br>Әже немерелерінің таласына риза болып отырады. Бір кезде қарттың көзі бұлдырап, қысылып, диванға қисая кетті. Қанаттың зәресі ұшып, бақырып жылап жіберді. Болат абыржымай, үлкен кісіше телефонға барып, жедел жәрдем шақырды. Ақ халатты дәрігер келіп, әжесіне ине шаншып, дәрі берді. Әжесі басын көтеріп, дәрігерге алғыс айтты.<br>Дәрігер Болат пен Қанаттан:<br>Телефонмен жедел жәрдем шақырған қайсыларың? – деп сұрады. Болат:<br>Менмін, – деді.<br>Ақылды бала екенсің. Әжеңді жақсы көреді екенсің, – деді дәрігер.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын:** «Дауысты дыбыстарды ата». **Ойын шарты:** | Өлең қалай аталады?<br>Өлең сендерге ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Асты қалай ішу керек? *(Асықпай ішкен ас сіңімді болады).*<br>Ас ішкен соң не істеу керек? *(Ыдыс-аяқты жинаймыз).*<br>Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз?<br>***Есіңе сақта:*** «Адам әдебімен көрікті».<br>**Сергіту сәті**<br>Көшелерден біз өткен,<br>Ата көрсем, жақын кеп,<br>Сәлем берем ізетпен.<br>Алдан әже жолықса,<br>Бөгелем де әдейілеп,<br>Сәлемдесем сол тұста:<br>«Есенсіз бе, әжей?» – деп. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.Ата – балаға сыншы.<br>4.Ата – бәйтерек,<br>Бала – жапырақ.<br>**Тіл жаттықтыру жұмыс:** жаңылтпашты қайталатады.<br>Шеше, неше кесе сынды кеше? | **Қолдану деңгейі:**<br>Тұрмыстық техникалардың шығу тарихы бар. Бүгінгі күні адамзаттың техникаға арқа сүйегені сондай, онсыз өмір сүруді ұмытып қалғандай. Сыпырғыш орнын ауыстырған шаң сорғыш үй тазалауды жеңілдетсе, кір жуатын, ыдыс жуатын мәшинелер адамдардың уақытын үнемдейді. Мұздатқыш, үтік, қысқа толқынды пештің де көмегі аз емес, сондықтан да олар әркімнің-ақ үйінде кездеседі.<br>**«Көп ойла, сөз ойла» ойыны**. Балалар екі топқа бөлінеді.<br>*Бірінші топ:*үй жиһаздарын атайды.<br>*Екінші топ:* тұрмыстық техника заттарын атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз атанады. | | Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады.<br>**Мақал-мәтелдерді қайталау.**<br>1.Анаға бала алтыннан да қымбат.<br>2.Жаны саудың – тәні сау.<br>3.Ата – балаға сыншы.<br>4.Ата – бәйтерек,<br>Бала – жапырақ.<br>**Тіл жаттықтыру жұмыс:**<br>жаңылтпашты қайталатады.<br>Шеше, неше кесе сынды кеше? | |

| | |
|---|---|
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. |

***2 үзіліс – 10:00 – 10:30***

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру.**

**Еркін қимылды ойын: «Толқиды теңіз 1...»**

**Басты міндет: балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.**

| | | |
|---|---|---|
| **«Шалқан» ертегісін арналған тілдік жаттығулар.**<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br>-қан, -қан, -қан үп-үлкен шалқан.<br>-қан, -қан, -қан ата оны тартқан.<br>-кен, -кен, -кен әже көмектескен.<br>-кен, -кен, -кен қызы көмектескен.<br>-кен, -кен, -кен иті көмектескен.<br>-кен, -кен, -кен мысық көмектескен. |   | **Еркін қимылды ойын: «Толқиды теңіз 1...»**<br>**Ойын міндеті:**балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.<br>**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру,<br>**Әдістемелік нұсқау:** Ойыншылар ішінен жүргізуші таңдалады. Қалған ойыншылар бір-бірінен созылған қол қашықтығында шеңбер құрып тұрады және әрқайсысы өзі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. -кен, -кен, -кен тышқан қайда? Жоқ екен | | | | тұрған орнында шеңбер сызады. Жүргізуші тізбектеліп ойнап жүрген балаларды аралап жүреді, ал «Толқиды теңіз» деген сөздерді естіген балалар оның артынан тізіліп ереді. Кенеттен жүргізуші «Теңіз Тынышталды» – барлық ойыншылар орындарына қайтадан тұруға болады. Шеңберсіз қалған ойыншы жүргізуші болады. | |
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мен және менің достарым.<br>**ҰІӘ міндеттері:** қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дағды**: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады. Сөйлемдер құрастырады.<br>**Түсінеді:** дос, тату, достар сөздерін түсінеді.<br>**Қолданады:** өзі және достары туралы айтады, қарапайым сұраққа жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Менің | **3.Құрастыру-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жәндіктер. Жануарлар әлемі. жапырақтар.<br>**ҰІӘ міндеттері:** табиғи материалдардын түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету;<br>-кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>-киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету;<br>**Дағды**:Қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту, сөзбен сипаттауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** табиғи материалдардың түрлерімен танысады және олардан жәндіктерді құрастыра алады;<br>**Түсінеді:** кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындай білуге үйренеді;<br>**Қолданады:** табиғи материалдармен ұқыпты | | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мамандықтың бәрі жақсы.<br>**ҰІӘ міндеттері:** мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету;<br>-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Дағды**: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, жаңылтпашты қайталайды.<br>**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді.<br>**Қолданады:** мамандық атауларын қазақша атайды, жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Мамандықтар». Мамандықтарды суреттермен таныстырады. | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бөлме өсімдіктері және оларды күту. (еңбек,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру;<br>-өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту;<br>-топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту.<br>**Дағды**: өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу; олардың өсуіне қажетті жағдаймен танысып күтуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауды; оның өсуіне қажетті жағдайды;<br>**Түсінеді:** өсімдіктердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отбасым» тақырыпты қайталау.<br>**Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қошта».**<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Демонстрациялық материалдармен жұмыс.<br>Балаларға мектептің суретін көрсетіп,<br>сұрақтар қояды.<br>Мынау не?<br>Бұл – мектеп.<br>Балалар қайда келді?<br>Балалар мектепке келді.<br>Балалар не істеп жүр?<br>Мектеп ауласында ойнап жүр.<br>Саған мектепте көңілді ме?<br>Иә, балабақшада көңілді.Мектепте балалар көп. Олар бір-бірімен дос.<br>Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым.<br>Арман, сен кіммен ойнайсың? Арман, Арлан сенің досың ба?<br>Иә. Менің досым – Арлан.<br>Арман, Арлан – достар.<br>Достар қалай ойнайды?<br>Достар тату ойнайды.<br>Біз Арман екеуміз дос-пыз, та-ту ойнаймыз.<br>Біз-дің до-сы-мыз көп (балалар қайталайды).<br>***Мақал-мәтелді*** *түсіндіреді.*<br>«Адам досымен,  ағаш тамырымен мықты» .<br>Жаңа сөздерді естерінде сақтату: дос – друг, достар – друзья, тату – дружно, біздің | жұмыс жасайды, еңбек ете білуге дағдыланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Жапырақтардан жасалған үлгіні көрсетіп талдау жасау және балалармен не жасағысы келетінін таңдау; жапырақтарды өзі жасайтын бейнелерге сәйкес таңдап алады.<br>**Орындалу реті:**<br>алдымен көбелектің екі қанатын орналастырады;<br>-төменгі қанатын кіші жапырақтардан орналастырамыз;<br>ортасына ұзынша жапырақты қойып денесін және мұрттарын жасаймыз.<br>Жапырақтарды бір-біріне желіммен немес ермексазбен бекіту жолдарын көрсетіді.<br>Осы тәсілмен инеліктің жасалу жолдары түсіндіріледі. Инеліктің қанатын жасауға жұқа, ұзынша жапырақтар таңдалады.<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог аю, қоян, түлкі т.б. аңдар бейнесін жасау ретімен таныстырады, ол үшін әр аңның бет бейнесінің ерекшелігіне назар аударады:<br>түрлі түсті қағаздан бет бейнелерді қиып алудың жолдары көрсетіліп, түсіндіріледі;<br>оларды киндер қораптарына жапсыруда орындарын нақты табуға бағыт беріледі; | | **Жаңа сөздермен таныстыру.**<br>Мынау – ұшқыш.<br>Мынау кім?<br>Мынау – ұшқыш.<br>Мынау – ғарышкер.<br>Мынау кім?<br>Мынау – ғарышкер.<br>Мынау – дәрігер.<br>Мынау кім?<br>Мынау – дәрігер.<br>Мынау – құрылысшы.<br>Мынау кім?<br>Мынау – құрылысшы.<br>Мынау – сатушы.<br>Мынау кім?<br>Мынау – сатушы.<br>Балалар сөздерді қайталайды.<br>**Түсіну деңгейі:** Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.<br>Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.<br>Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы.<br>Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер-ғарышкер.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Ойын: Кім не істейді?**<br>Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды.<br>«Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады.<br>Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды.<br>Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді?<br>*Балалар Менің* есімдігін жауаптарында қолданады.<br>Ата-аналарының | ұқсастығы мен айырмашылығын; өсімдік мүшелерін ажырата білуді; өсімдіктердің өсуі үшін ауа, жылу, жарық, судың қажет екендігін;<br>**Қолданады:** практикалық жұмыс істеу дағдыларын; өсімдіктерді күту туралы білімін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Біздің топта бөлме өсімдіктері қандай көп. Балалар, осы өсімдіктердің атын атап көрейікші. Балалар педагогтің көмегімен өсімдіктердің атын атайды: бегония, қынагүл, қазтамақ, қырыққұлақ, кактус т.б.<br>– Балалар, өсімдіктердің бәріне ортақ ұқсастықты айтып беріңдерші.<br>– Олардың тамыры, жапырағы, сабағы бар.<br>– Олардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?<br>– Олардың жапырақтары әртүрлі, бірінің сабағы жуан, бірінің сабағы жіңішке.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Демонстрациялық материалдармен жұмыс.**<br>– Өсімдіктер өседі, қоректенеді, су ішеді, ауамен демалады, өсуін тоқтатады.<br>– Олар аузы жоқ болса, қалай қоректенеді, су ішеді?<br>– Ол тамыры арқылы топырақтан қоректік затты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | достарымыз – наши друзья<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын**:<br>«Өзіңнің досың туралы әңгімеле». Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.<br>*Менің атым – Наргиз.*<br>*Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле.*<br>*Біз тату ойнаймыз.*<br>*Менің атым – Арман.*<br>*Мен бес жастамын.*<br>*Менің достарымның аттары – Арлан,Нұрым. Біз достарымызбен татумыз.*<br>**Сергіту сәті.**<br>Зеңгір көктем, нұрын төккен,<br>Ортақ біздің гүліміз,<br>Жайнап өскен, жайдары өскен,<br>Біз өмірдің гүліміз.<br>Бал достыққа, жолдастыққа<br>Шақырады әніміз.<br>Тыныштықта, нұр құшақта<br>Бақыттымыз бәріміз. | ермексаз, жұқа түссіз қағаздар, гуашь бояулар т.б. пайдалануға болады;<br>дайын болған аңдармен үстел үсті театрын құрып, ертегі құрастырып айтуға ұсыныс жасалады.<br>**Қолдану деңгейі:** «Не қалай дауыстайды?» ойынын ұсынады. Педагог қалдық заттардан алуан түрлі ойыншықтарды жасауға болатынын көрсетіп әңгімелейді.<br>Киндерден жасалған «аңдар» бейнесіне талдау жасайды, кім қандай аңды жасайтындықтарын таңдауды сұрайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық<br>Қалтамызға салайық. | | мамандықтарын атайды.<br>Менің әкем құрылысшы болып істейді.<br>Менің анам дәрігер болып істейді. Жаңылтпашпен таныстыру.<br>Ұшқыш меңгергенді<br>Дәрігер меңгере ала ма?<br>Дәрігер меңгергенді<br>Ұшқыш меңгере ала ма?<br>Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Аяқты нық басамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз демалып аламыз.<br>Бала, бала, баламыз<br>Бақшамызға барамыз,<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамыз да қаламыз. | суды алады.<br>– Ал ауамен қалай демалады?<br>– Жапырағы арқылы демалады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Практикалық жұмыс.**<br>– Балалар, енді Қоянға өсімдіктерді қалай күту керек екендігін көрсетейік.<br>Балалар алжапқыштарын киеді, қолдарына таяқшаларын, су сепкішті алады.<br>– Өсімдік жақсы өсу үшін не керек?<br>– Өсімдік жақсы өсу үшін ауа, жарық керек.<br>Олай болса, өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық. Балалар екі-үштен бірігіп, топтағы өсімдіктердің топырағын қопсытып, су құяды.<br>Топырақты таяқшамен қопсытамыз.<br>Жапырақтарының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз.<br>Су құямыз.<br>Жапырақтарына су бүркеміз.<br>– Өсімдіктердің жапырағы, тамырына зақым келтірмес үшін, күту жұмысын қалай орындадыңдар?<br>– Мұқият, ұқыпты, баппен, мейіріммен.<br>– Жарайсыңдар, балалар!<br>Сендер Қоянға өсімдіктерді күтуді үйреттіңдер.<br>Енді ол да өсімдіктер өсіретін болады.<br>– Ал енді олар неге бөлме |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>өсімдіктері деп аталады?<br>– Өйткені олар бөлмеде өсіріледі.<br>**Сергіту сәті:**<br>– Өсімдіктер алғаш өнген кезде қандай болады? (Балалар отырады).<br>– Қалай өседі?<br>– Жайлап көтеріледі.<br>– Жапырағын қалай жаяды?<br>– Қолдарын екі жағына жаяды.<br>– Гүлдері қайда өседі?<br>– Қолдарын жоғары созады.<br>– Жаңбыр жауғанда гүлдер қайтеді?<br>– Қолдарымен бастарын жабады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">*3 үзіліс – 10:55 – 11:05*<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**<br>**Жүгіруге арналған ойын: «Күн мен түн»**<br>**Басты міндет: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.**</td></tr>
<tr><td colspan="2"></td><td colspan="2"></td><td colspan="2">**Жүгіруге арналған ойын: «Күн мен түн»**<br>**Міндеттері:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Дағды:** Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалуға дағдыландыру.<br>**Шарты:** “Күн” мен “Түн” деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
|  |  | бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.<br>**Ереже:**<br>1.Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.<br>2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.<br>3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.<br>**Ойынның қиындығы :** тез ойнау. |

| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біз – болашақ әскерміз!<br>**ҰІӘ міндеттері:** заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру;<br>-қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүгіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** кинезиологиялық гимнастика, алысқа доп лақтыру.<br>**Түсінеді:** жүру түрлеріне сәйкес қол қозғалы амплитудасы, секірулерді ретпен орындау, қолды алдымен төмен, сосын жоғары-артқа жіберу қимылы.<br>**Қолданады:** екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүгіріс дағдыларын, | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Елтаңбасы елімнің.Гүлдене бер, Нұр Сұлтан.<br>**ҰІӘ міндеттері:** музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.<br>**Дағды**: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды нақтылы орындай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындайды.<br>**Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді.<br>**Қолданады:** мәнерлі қимылдарды және би қимылдарының элементтерін орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, | | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Елтаңбасы елімнің.Гүлдене бер, Нұр Сұлтан.<br>**ҰІӘ міндеттері:** музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.<br>**Дағды**: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды нақтылы орындай білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындайды.<br>**Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді.<br>**Қолданады:** мәнерлі қимылдарды және би қимылдарының элементтерін орындайды. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біздің стадион.<br>**ҰІӘ міндеттері:** кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру.<br>**Дағды**: әртүрлі жүру түрлерін алмастырып жүруді; допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруді; 25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолын жеткізуді дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** әртүрлі жүру түрлерін алмастырып жүруді; допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруді; 25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолын жеткізуді.<br>**Түсінеді:** гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып қалай еңбектеу керектігін. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңістікті бағдарлау дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Бір-бірден тізбекке сап түзеп, жай жүрісті орындайды.<br>Тізесін жоғары көтеріп, сосын арт жағына жіліншегін сілкіп жүгіреді.<br>Артпен жүру, сүйем қадам аттап жүруді орындайды.<br>Жүру мен жүгірудің әр түріне сәйкес қол қимылының амплитудасын сақтауға басты назар аудару.<br>Кинезиологиялық гимнастика<br>«Бірінші бол!» ( 3 рет).<br>Жүргізушіні алмастырып жүгіру.<br>Аты аталған ойыншы ең алдыға тұра қалып, жүргізуші болып, жүгірісті басқа бағытта жалғастырады. Басқа баланың аты аталғанда сол бала жүргізуші болады. Осылайша олар ауысып отырады. Қолдарын кеудесіне дейін жоғары қарай алдыға қозғалтып, ішке тартып, шынтағымен артқа шығару керектігіне назар аудартy.<br>Нұсқау: қысқа қадамдар жасап, аяқ басымен аттап жүгіру.<br>**Түсіну деңгейі:** «Кімнің добы алысқа ұшады?» ( 3 рет).<br>Допты алдыға-жоғары бағытында, бүгілген қолдарын жазып барып, шұғыл лақтыруға тырысады. | қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен).<br>Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындау.<br>***Музыка тыңдау:*** «Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа).<br>Балалардан музыка тыңдай отырып көз алдарына не елестеткенін сұрау. Күй қалай орындалды, күйдің көңіл күйі қалай? Рәміздер суреттері немесе слайд арқылы көрсету. Рәміздер туралы әңгіме өткізу.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:*** «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Ән орындау кезінде иықты көтермей, денені тік ұстау керектігін еске салу.<br>Үйренген ән «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Аспаптардың дауысын ажырату». Ойын ойнап көрейік, Көңілденіп жүрейік.<br>Аспаптардың дауысын | | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен).<br>Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындау.<br>***Музыка тыңдау:*** «Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа).<br>Балалардан музыка тыңдай отырып көз алдарына не елестеткенін сұрау. Күй қалай орындалды, күйдің көңіл күйі қалай? Рәміздер суреттері немесе слайд арқылы көрсету. Рәміздер туралы әңгіме өткізу.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:*** «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Ән орындау кезінде иықты көтермей, денені тік ұстау керектігін еске салу.<br>Үйренген ән «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Аспаптардың дауысын ажырату». Ойын ойнап көрейік, Көңілденіп | **Қолданады:** шапшаңдық секілді дене сапасын және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білу машықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Жүріп қайта сапқа құруды орындайды. Бұйрық бойынша бір іс-әрекеттен кейін екінші іс-әрекетті орындайды.<br>«Жеңіл атлетика»<br>Тізбекте бір-бірден, сонан кейін екі-екіден сап түзеп жүру, қайтадан бір тізбек болып жүру. Аяқты айқастырып жүру, жартылай отырып, толық отырып жүру, көзді жұмып, 4 метр жерге дейін жүру. Тізені қатты бүгіп, артқа жіберіп; тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>Тыныс алу жаттығуы «Спортпен айналыссақ, жылдам өсеміз» – аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары көтеріп, дем алады. «Күннен-күнге бойымыз өсіп жатыр» – қолды төмен түсіріп, табанды жерге толық басып, дем шығару.<br>**Түсіну деңгейі:** «Волейбол»<br>**Жұппен ЖДЖ орындау.** Жұп болып зал ішінде еркін тұрады. Бірақ бір-бірінің бойлары мен дене массаларын ескереді. Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіреді.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Допқа қайтадан барып алып келу үшін Белгі берілген кезде оң жақ (сол жаққа) айнала жүгіріп барып, допты сол жолымен алып келіп, қатардың артына, қауіпсіз жерге тұра қалады. Бастапқы қалыпқа дұрыс келу:<br>Үш саусағын доптың артында, шынашақ пен басбармағын доптың екі жағына орналастырады. Лақтыру техникасына басты назар аудару: қолдарын айналмалы қозғалысқа келтіріп, алдымен төмен апарып барып, жоғары-алға серпіп лақтырады. Қауіпсіздік ережелерін естен шығармау.<br>**Қолдану деңгейі:** «Секіргіштер».<br>Екі тізбекке қайта сап құрады.<br>Бірінші ойыншы бір орыннан ұзындыққа секіреді. Екінші ойыншы сол жерден әрі қарай дәл солай секіреді. Сөйтіп барлық ойыншылар секіріп болған соң, қашықтықтарын салыстырады.<br>Команданың барлық ойыншылары бір орыннан ұзындыққа секіреді.<br>Барлығы секірген соң жүргізуші әр команданың секіру қашықтықтарын қосып, ұзаққа секірген команданы анықтайды.<br>Сөйтіп, олар жеңіске жетеді.<br>**«Кегельдерді жина!»**<br>Әр тізбектің алдына әрбір метр сайын кегельдер | Ажыратып көрейік.<br>***Билер****:* «Асатаяқ биі» қыздардың қатысуымен. («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>*Айналма, ашамай, сырға, толқын, ирек, буын би* элементтерін мәнерлеп жасауға үйрету.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Мен күйшімін».<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойынға ойыншық домбыра аспабы қолданылады. Балалар шеңбер бойымен отырып, бастаушы «күйші бала» күйге ілесе домбырада «ойнайды». Күй тоқталғанда, шеңберде отырған қай бала бірінші орнынан тұрса, сол бастаушы-«күйші» болады. Ойын шартын сақтап, белсене қатысуларын қадағалау. | | жүрейік.<br>Аспаптардың дауысын Ажыратып көрейік.<br>***Билер****:* «Асатаяқ биі» қыздардың қатысуымен. («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>*Айналма, ашамай, сырға, толқын, ирек, буын би* элементтерін мәнерлеп жасауға үйрету.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Мен күйшімін».<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойынға ойыншық домбыра аспабы қолданылады. Балалар шеңбер бойымен отырып, бастаушы «күйші бала» күйге ілесе домбырада «ойнайды». Күй тоқталғанда, шеңберде отырған қай бала бірінші орнынан тұрса, сол бастаушы-«күйші» болады. Ойын шартын сақтап, белсене қатысуларын қадағалау. | **«Волейбол»**<br>Допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруді түсіндіру. Бір-бірінен 2.5 метр арақашықтықта жұп болып тұрады. Малдас құрып отырады. Допты бір-бірінің қолына дәл лақтыруға тырысады. Лақтыру бағытын сақтап, қолдарын лақтыру кезінде түзу ұстауға тырысады.<br>«Баскетбол»<br>25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолын жеткізу. Қолды дұрыс серпу мен аяқпен дұрыс итерілу машықтарын қалыптастыруға назар аудару.<br>**Қолдану деңгейі:** «Күрес» Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып еңбектеу. Қол мен аяқты үйлестіріп қозғау, қауіпсіздік техниасын сақтау.<br>**Аяқты уқалау**<br>(Б.қ. – малдас құрып отыру).<br>Міндеті: аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық каналдарын тазалау.Сол аяқтың табанын алдына тартып, башпайларды уқалайды, башпай араларын сипалайды, башпайлардың арасын ашады. Өкшені қатты қысады, табанды сипалайды, шымшиды. Табандарын айналдырады, табанды алақандарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналастырылған. Соңғы кегельден соң жалаушалар қойылған.<br>Белгі бойынша бірінші ойыншы бірінші (өзіне жақын) тұрған кегельді жүгіріп барып алып келіп, орнына тұра қалады. Келесі ойыншы сол сәтте жүгіре кетеді де, келесі кегельді алып келеді. Ойын жалғасқан сайын, қашықтық ұзара береді.<br>Соңғы ойыншы жалаушаны алып келіп, орнына тұра қалып, жалауды көтереді. Бұл ойынды бітірдік деген сөз.<br>Бірінші бітірген команда жеңеді. | | | | шапалақтайды. Осылайша оң табанды уқалайды. Сирақтары мен сандарын қатты уқалайды, шұлық кигендей және шешкендей қимыл жасап, сонан соң қолдарын сілкиді.<br><br>***2.Қосымша сабақ***<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Менің отбасым. Менің үйім.<br>**ҰІӘ міндеттері:** еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.<br>-балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары.<br>**Дағды**: Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Бойларындағы қасиеттерін өздері жетілдіруге деген талпыныстарын дамытуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруды; орындық үстінде текшелерді аттап жүруді;<br>**Түсінеді**:биік заттар үстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қалыптастыру керектігін. **қолданады:** жаттығуды орындау барысында шыдамдылық, ерік секілді дене сапаларын; ұйымшылдық пен жинақылық секілді қасиеттерін күнделікті өмірде. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану **Білу деңгейі:** Жүру, шашырап жүгіру. Қысқа адыммен жүгіру. Тізбекке тұру.Тізбекте бір-бірден жүріп, қолдарына жылдам текшелерді алады. Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді. Жүру барысында бір тізбектен екі тізбек болып сап құрап жүреді. Бұйрық бойынша бір іс-әрекеттен кейін екінші іс-әрекетті орындайды. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Қимыл-қозғалыстарын басқа балалармен сәйкестендіріп орындайды. Тізбекте бағытты өзгертпей, басқа балалармен соқтығыспай жүруге тырысады. Тыныс алуды қалпына келтіреді. Қозғалыс бағытын бұзбайды. **Түсіну деңгейі:** Текшелермен ЖДЖ орындау (№1). Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту. Нұсқау – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | доптың артынан белгіден кейін және залдың оң не сол жағымен жүгіру қажет. Дене бітімдерін түзу ұстайды. Бір тізбекке тұрады, текшелерді қойып, қолдарына доптарды алады. Екі тізбекке, екі сапқа тұрады. Дұрыс бастапқы қалыпқа тұрып, допты алысқа лақтырады. Лақтыру бағытын сақтайды және допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісі бойынша 1-саптағылары залдың оң не сол жағымен доптың артынан жүгіреді. 2-саптағылардың артына келіп тұрады. Допты себетке салады. 1-тізбек жүреді, 2-тізбек секіреді. Сонан соң орындарын ауыстырады. Белгіленген сызық жанына екі тізбекке тұрады. **Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Кім жылдам?» **( 5 рет).** Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| | мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету;<br>-еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**сұрақтарға жауап береді, әңгіме мазмұнын айтады; **Түсінеді:** әңгіменің мазмұнын, еңбексіз зейнет жоқ екенін;<br>**Қолданады:**.бірінің ойын бірі келген жерінен жалғастырып айтуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Демонстрациялық материал: Балаларға бақта, бақшада адамдар жемістер мен көгөністерді жинап жатқан суреттерді көрсету. Адамдардың қысқа дайындалып жатқаны туралы айту. Адамдар сияқты аңдар да, жәндіктер де қысқа дайындалатынын айтып өту.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, біз М.Зверевтің "Су торғайы" әңгімесімен таныспыз. Бұл кісінің балаларға арналған әңгімелері көп. Соның ішінде «Қысқа дайындық» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып береді.<br>**Қысқа дайындық.**<br>Бал арасы таңның атысы, күннің батысы бір сәт тыным таппай, гүлден-гүлге қонып шырын тасып, өзіне | әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру;<br>-өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту;<br>топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту.<br>**Дағды**: өсімдіктерді салыстыра білу, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба алу; олардың өсуіне қажетті жағдаймен танысып күтуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауды; оның өсуіне қажетті жағдайды;<br>**Түсінеді:** өсімдіктердің ұқсастығы мен айырмашылығын; өсімдік мүшелерін ажырата білуді; өсімдіктердің өсуі үшін ауа, жылу, жарық, судың қажет екендігін;<br>**Қолданады:** практикалық жұмыс істеу дағдыларын; өсімдіктерді күту туралы білімін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Біздің топта бөлме өсімдіктері қандай көп. Балалар, осы | **ҰІӘ міндеттері:**<br>Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншіік сезімдерін дамыту.<br>**Дағды**: Өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып айтып беруге, қарым-қатынас жасауда Отаны туралы қысқа мәліметтерді білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, атын, мазмұнын біледі, өлеңді мәнерлеп айтады;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып айтып береді, қарым-қатынас жасауда Отаны туралы қысқа мәлімет береді. Мақалдың мағынасын айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** – Біз қай Республикада тұрамыз?<br>– Қазақстан Республикасының бас қаласы қай қала?<br>Қазақстан жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты | мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету;<br>-еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**сұрақтарға жауап береді, әңгіме мазмұнын айтады;<br>**Түсінеді:** әңгіменің мазмұнын, еңбексіз зейнет жоқ екенін;<br>**Қолданады:**.бірінің ойын бірі келген жерінен жалғастырып айтуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Демонстрациялық материал: Балаларға бақта, бақшада адамдар жемістер мен көгөністерді жинап жатқан суреттерді көрсету. Адамдардың қысқа дайындалып жатқаны туралы айту. Адамдар сияқты аңдар да, жәндіктер де қысқа дайындалатынын айтып өту.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, біз М.Зверевтің "Су торғайы" әңгімесімен таныспыз. Бұл кісінің балаларға арналған әңгімелері көп. Соның ішінде «Қысқа дайындық» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып береді. | **ҰІӘ міндеттері:**<br>Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету;<br>-«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншіік сезімдерін дамыту.<br>**Дағды**: Өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып айтып беруге, қарым-қатынас жасауда Отаны туралы қысқа мәліметтерді білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, атын, мазмұнын біледі, өлеңді мәнерлеп айтады;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып айтып береді, қарым-қатынас жасауда Отаны туралы қысқа мәлімет береді. Мақалдың мағынасын айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** – Біз қай Республикада тұрамыз?<br>– Қазақстан Республикасының бас қаласы қай қала?<br>Қазақстан жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | де, өзгеге де жетерлік бал жинады.<br>Егістікке жақындау жерге ертелеу көшіп келіп, мекенжайын алдын ала дайындап алған Сарышұнақ күз бойы масақ теріп, інінің бүйір бөлмелерін астыққа әбден толтырады.<br>Тоғайдағы жирен Тиін де қарап жатқан жоқ. Циркті ойыншысы сияқты бұтақтан-бұтаққа қарғып жүріп, ұясына жақын жердегі қуыс – тесіктің бәріне балқарағайдың жаңғағын үйіп тастады. Қыс алты аймен аяқталмай, түгел бір жылға дейін созылса да, оның мұртын балта шапайды.<br>Ал бұралқы Ит түк ойлаған жоқ. Биыл тіпті қыс түспейтіндей көрінді. Қас қылғандай, қар ерте жауды. Енді, міне, құлағы салбырап, қарны қабысып, қаншардай қатып, әркімнің босағасына бір түнеп, өлермен күн кешіп жүр. Әрі бүрсеңдеп тоңып, әрі қарны ашып, әрең-әрең кірпік іледі. Кірпік ілсе болды, тәтті-тәтті түс көреді. Түсінде өңшең майлы сүйек кеміріп жүреді. Оянып кеткен бойда қатты өкінеді. «Енді осыдан жазға аман-есен жетер болсам, сүйектен үй салам», – деп өзіне-өзі серт берді. Бұл – оның жылдағы әдеті.<br>***Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар:***<br>Балалар, әңгіме нелер туралы айтылған? | өсімдіктердің атын атап көрейікші. Балалар педагогтің көмегімен өсімдіктердің атын атайды: бегония, қынагүл, қазтамақ, қырыққұлақ, кактус т.б.<br>– Балалар, өсімдіктердің бәріне ортақ ұқсастықты айтып беріңдерші.<br>– Олардың тамыры, жапырағы, сабағы бар.<br>– Олардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?<br>– Олардың жапырақтары әртүрлі, бірінің сабағы жуан, бірінің сабағы жіңішке.<br>**Түсіну деңгейі: Демонстрациялық материалдармен жұмыс.**<br>– Өсімдіктер өседі, қоректенеді, су ішеді, ауамен демалады, өсуін тоқтатады.<br>– Олар аузы жоқ болса, қалай қоректенеді, су ішеді?<br>– Ол тамыры арқылы топырақтан қоректік затты, суды алады.<br>– Ал ауамен қалай демалады?<br>– Жапырағы арқылы демалады.<br>**Қолдану деңгейі: Практикалық жұмыс.**<br>– Балалар, енді Қоянға өсімдіктерді қалай күту керек екендігін көрсетейік. Балалар алжапқыштарын киеді, қолдарына таяқшаларын, су сепкішті алады.<br>– Өсімдік жақсы өсу үшін не керек?<br>– Өсімдік жақсы өсу үшін ауа, жарық керек. | егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – туы, елтаңбасы, гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз.<br>**Түсіну деңгейі:** Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіреністерін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Тәуелсіз, еркін елде біз<br>Дүниеге келгенбіз.<br>Көк ту мен елтаңбамыз,<br>Бар біздің өз теңгеміз.<br>**Сөздік жұмыс**:<br>*Тәуелсіздік* – еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді.<br>*Еркіндік* – еліміз ешкімге тәуелді емес, өз туы, гимні, елтаңбасы бар.<br>*Теңге* – біздің ұлттық төл ақшамыз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Сендерге өлең ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Еліміздің қандай рәміздері бар?<br>Сендер «тәуелсіздік» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>**Мақалдың мағынасын түсініп ал:** «Туған жерге туынды тік».<br>**Сергіту сәті:**<br>Егемен елдің ұлымын, | **Қысқа дайындық.**<br>Бал арасы таңның атысы, күннің батысы бір сәт тыным таппай, гүлден-гүлге қонып шырын тасып, өзіне де, өзгеге де жетерлік бал жинады.<br>Егістікке жақындау жерге ертелеу көшіп келіп, мекенжайын алдын ала дайындап алған Сарышұнақ күз бойы масақ теріп, інінің бүйір бөлмелерін астыққа әбден толтырады.<br>Тоғайдағы жирен Тиін де қарап жатқан жоқ.<br>Циркті ойыншысы сияқты бұтақтан-бұтаққа қарғып жүріп, ұясына жақын жердегі қуыс – тесіктің бәріне балқарағайдың жаңғағын үйіп тастады. Қыс алты аймен аяқталмай, түгел бір жылға дейін созылса да, оның мұртын балта шапайды.<br>Ал бұралқы Ит түк ойлаған жоқ. Биыл тіпті қыс түспейтіндей көрінді. Қас қылғандай, қар ерте жауды. Енді, міне, құлағы салбырап, қарны қабысып, қаншардай қатып, әркімнің босағасына бір түнеп, өлермен күн кешіп жүр. Әрі бүрсеңдеп тоңып, әрі қарны ашып, әрең-әрең кірпік іледі. Кірпік ілсе болды, тәтті-тәтті түс көреді. Түсінде өңшең майлы сүйек кеміріп жүреді. Оянып кеткен | егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – туы, елтаңбасы, гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз.<br>**Түсіну деңгейі:** Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіреністерін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Тәуелсіз, еркін елде біз<br>Дүниеге келгенбіз.<br>Көк ту мен елтаңбамыз,<br>Бар біздің өз теңгеміз.<br>**Сөздік жұмыс**:<br>*Тәуелсіздік* – еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді.<br>*Еркіндік* – еліміз ешкімге тәуелді емес, өз туы, гимні, елтаңбасы бар.<br>*Теңге* – біздің ұлттық төл ақшамыз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Сендерге өлең ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Еліміздің қандай рәміздері бар?<br>Сендер «тәуелсіздік» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>**Мақалдың мағынасын түсініп ал:** «Туған жерге туынды тік».<br>**Сергіту сәті:**<br>Егемен елдің ұлымын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бал арасы не істеді?<br>Балды қанша жинады?<br>Сарышұнақ не жинайды?<br>Ал тоғайдағы жирен Тиин не істеді?<br>Барлық аңдар қысқа азық жинап жатқанда, Ит не істеп жүрді?<br>Ит ойлағандай қыс келмей қалды ма?<br>Қыстағы Иттің жағдайын кім айтады?<br>Жаз келгенде Ит өзіне-өзі берген сертті орындады ма?<br>Балалар, берген сертті орындамаған дұрыс па?<br>Әңгімеде жағымды кейіпкерлерге нелер жатады?<br>Жағымсыз кейіпкерлерді атаңдаршы?<br>Бал арасын, тиінді, Сарышұнақты неге жағымды кейіпкерлерге жатқыздыңдар?<br>Ит неге жағымсыз кейіпкер?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Сарышұнақ кеміргіш жануар екенін түсіндіреді.<br>**Мақал-мәтел:**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>2.Еңбек түбі – береке,<br>Көптің түбі – мереке.<br>Бейнетсіз рақат жоқ.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Қандай дыбыс екенін анықта».**<br>Ойын шарты: Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала | Олай болса, өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық.<br>Балалар екі-үштен бірігіп, топтағы өсімдіктердің топырағын қопсытып, су құяды.<br>Топырақты таяқшамен қопсытамыз.<br>Жапырақтарының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз.<br>Су құямыз.<br>Жапырақтарына су бүркеміз.<br>– Өсімдіктердің жапырағы, тамырына зақым келтірмес үшін, күту жұмысын қалай орындадыңдар?<br>– Мұқият, ұқыпты, баппен, мейіріммен.<br>– Жарайсыңдар, балалар! Сендер Қоянға өсімдіктерді күтуді үйреттіңдер.<br>Енді ол да өсімдіктер өсіретін болады.<br>– Ал енді олар неге бөлме өсімдіктері деп аталады?<br>– Өйткені олар бөлмеде өсіріледі.<br>**Сергіту сәті:**<br>– Өсімдіктер алғаш өнген кезде қандай болады?<br>(Балалар отырады).<br>– Қалай өседі?<br>– Жайлап көтеріледі.<br>– Жапырағын қалай жаяды?<br>– Қолдарын екі жағына жаяды.<br>– Гүлдері қайда өседі?<br>– Қолдарын жоғары созады.<br>– Жаңбыр жауғанда гүлдер қайтеді?<br>– Қолдарымен бастарын жабады. | Ертеңгі күннің нұрымын.<br>Отанын сүйген азамат<br>Болатындардың бірімін.<br>Білімнен жұпар жинаймын,<br>Еліме бақыт сыйлаймын.<br>*Балалар қимылмен орындайды.* | бойда қатты өкінеді.<br>«Енді осыдан жазға аман-есен жетер болсам, сүйектен үй салам», – деп өзіне-өзі серт берді.<br>Бұл – оның жылдағы әдеті.<br>**Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар:**<br>Балалар, әңгіме нелер туралы айтылған?<br>Бал арасы не істеді?<br>Балды қанша жинады?<br>Сарышұнақ не жинайды?<br>Ал тоғайдағы жирен Тиин не істеді?<br>Барлық аңдар қысқа азық жинап жатқанда, Ит не істеп жүрді?<br>Ит ойлағандай қыс келмей қалды ма?<br>Қыстағы Иттің жағдайын кім айтады?<br>Жаз келгенде Ит өзіне-өзі берген сертті орындады ма?<br>Балалар, берген сертті орындамаған дұрыс па?<br>Әңгімеде жағымды кейіпкерлерге нелер жатады?<br>Жағымсыз кейіпкерлерді атаңдаршы?<br>Бал арасын, тиінді, Сарышұнақты неге жағымды кейіпкерлерге жатқыздыңдар?<br>Ит неге жағымсыз кейіпкер?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Сарышұнақ кеміргіш жануар екенін түсіндіреді.<br>**Мақал-мәтел:** | Ертеңгі күннің нұрымын.<br>Отанын сүйген азамат<br>Болатындардың бірімін.<br>Білімнен жұпар жинаймын,<br>Еліме бақыт сыйлаймын.<br>*Балалар қимылмен орындайды.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады. | | | Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>2.Еңбек түбі – береке,<br>Көптің түбі – мереке.<br>Бейнетсіз рақат жоқ.<br>**Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта».**<br>Ойын шарты: Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады. | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |

***2 үзіліс – 10:00 – 10:30***

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»**

**Басты міндет: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу**

| | | |
|---|---|---|
| **Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.**<br>Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). | **Тілді жаттықтыратын жаттығулар...**<br>**1. « Айнаға қарап жаттығу жасау»**<br><br>***2. Бағынбайтын тілді жазала.***<br>**Міндеті:** Тіл еттерін бағынышты етіп, кең түрде жалпийтып ұстауға үйрету; | **Жүгіруге арналған ойын:**<br>**«Қайда жасырылғанын тап»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу<br>**Әдістемелік нұсқау:**<br>**Ойынның шарты:** Балалар бөлменің бұрышында тұрады. Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды» ,деген де балалар жалаушаны іздейді.Тапқан бала жалаушаны тығады.Ойын 2-3 рет қайталанады. |

1.

| | | |
|---|---|---|
| 1)Ә- ә - ә - ә – ә – әәдеп-ті, әдепті.<br>Ө -ө-ө-өөті- не-мін, өтінемін.<br>І-і-і - ке-ші-і-р-і-і-ң-ң-і-і-з, кешіріңіз<br>2) Ша-ша-ша<br>Жап жасыл шырша.<br>3) Ар-ар-ар<br>Қандай аппақ қар.<br>4) Ыс-ыс-ыс<br>Келіп қалды қыс.<br>5) Лар-лар-лар<br>Далада ойнаиды балалар.<br>6) Ла-ла-ла<br>Соғамыз қардан аққала. | **Бейнелеуі** : Ауызды кішкене ашып, тілді астыңғы ерінге салу керек. Ерінді еппен қимылдатып, мынадай дыбысты шығару керек: «пя-пя-пя». Жалпақ тілді қалыпты жағдайда ұстай отырып, ауызды ашып, 1-10 дейін санау.<br>**Әдістемелік нұсқау** :<br>Төменгі ерінді бұрап, астыңғы тістерге тартпау керек;<br>Тіл жалпақ болып , қырлары ауыздың бұрыштарына тимеу керек;<br>Тілді ерінмен бірнеше рет, бір дем шығаруда шапалақтау керек. Бала демді бөгемеу керек. Жаттығудын орындауын былай бақылауға болады: мақтаны баланың аузына қарай әкеліп ұстау. Бала жаттығуды дұрыс істеп отырса, мақта ауытқып кетеді. Бұл жаттығу басқасымен қатар, бағытталған ауа ағынын істеп шығаруына мүмкіндік жасайды. | <br> |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жақсы өнеге.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: Сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сыпайы сөздер мен сөйлемдерді айтады. | **3.Сурет салу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Гүлдене бер, Қазақстан!<br>*(Акварель бояу)*<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету,Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;<br>Балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту.<br>**Дағды**: мазмұнды сурет салуда бейнелерді бүкіл параққа орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстар әлемі.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру;<br>достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру;<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады.<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Менің пәтерім (үйім)<br>**ҰІӘ міндеттері:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру;<br>**-**қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Дағды**: жаңа сөздермен сөйлем құрап,сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: | **3.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Аңдар қысқа қалай дайындалады?(еңбек,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру;<br>логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту;<br>табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды, сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінеді.<br>**Қолданады:** үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетеді, жай сөйлеммен жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік.<br>**1-жағдаят:**<br>Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді.<br>– Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың?<br>Балалар жауап береді.<br>**2-жағдаят:** екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.<br>Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың?<br>Мен кешірім сұраймын. «Кешір» деген сөзді айтамын.<br>Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды.<br>**Ойын: «Ғажайып сөздер»**<br>Сәлеметсіз бе?<br>Өтінемін.<br>Рақмет, рақ-мет.<br>Кешіріңіз.<br>Балалар жаңа сөздерді қайталайды.<br>**Түсіну деңгейі:** Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Ә- ә - ә - ә – ә – әәдеп-ті, әдепті. Ө -ө-ө-өөті- не-мін, | **Жасайды:** көз алдына елестету арқылы сурет салады;<br>**Түсінеді:** туған жердің кең-байтақ екенін, өз елінің әсем жерлері мен ерекшеліктері туралы түсініктері кеңейеді;<br>**Қолданады:** өз ойларын суретте жеткізіп, жұмысты орындауда тиянақтылық мен ептілік танытады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Қазақстан туралы, Қазақстан қалалары туралы мазмұнды сурет тақтаға орналастыру.<br>Психологиялық сәт:<br>Балалар, бір сәт көзімізді жұмып, көз алдымызға туып-өскен жерімізді елестетейік. (Педагог өздері тұрған аймақтың көрікті жерлері туралы қысқаша түсінік береді.) Ал енді көзімізді ашайық.<br>Балалар, енді тақтаға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>Қазақстан туралы, Қазақстан қалалары туралы қандай тақпақтар білесіңдер.<br>Қазақстан туралы тағы да не айта аласыңдар? Біз қай жерде тұрамыз? Біз тұратын жердің көрікті орындарын айтып беріңдерші? Балалар, болашақта Қазақстанның қандай болғанын қалайсыңдар?<br>**Түсіну деңгейі:** Кәнеки, еліміздің астанасы – әсем қаламызды бейнелеп, сурет салуды бастайық. Көзге бірден түсетін, аса биік | жасалу жолдарын.<br>**Қолданады:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Тыйым сөздерді сөз барысында қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Не қалай дыбыстайды?» ойыны арқылы бастайды.<br>Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады.<br>Әтеш қалай дыбыстайды?<br>Қарға қалай дыбыстайды?<br>Бұлбұл қалай дыбыстайды?<br>Аққу қалай дыбыстайды?<br>5. Торғай қалай дыбыстайды?<br>Сұрақтарға дұрыс әрі жылдам жауап берген балаларға фишка беріледі.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»*** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Құстардын суреттерін *тақтаға іледі.*<br>Балалар, қандай құстарды | **Жасайды:** жаңа сөздерін айтады, сөйлем құрастырады.<br>**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді, дұрыс толық жауап береді.<br>**Қолданады:** сөздерді дұрыс қолданады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** *Ойын* «Сұрақ-жауап»<br>Сен қай Республикада тұрасың? (Қазақстан Республикасында тұрамын.)<br>Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады)<br>Қай көшеде тұрасың? (Өз көшелерін айтады).<br>Қандай үйде тұрасың? (Үлкен, кішкентай үйде тұрамын).<br>Үйдің нөмірі қандай?<br>**Түсіну деңгейі:** екі баланы шақырып, ойыншық құрылыс материалы немесе LEGO-ны пайдаланып, бірқабатты немесе көпқабатты үй тұрғызуға тапсырма береді.<br>Мынау қандай үй?<br>Мынау – көпқабатты үй.<br>Мынау бірқабатты үй.<br>Кім көпқабатты үйде тұрады?<br>Сен нешінші қабатта тұрасың?<br>Бірнеше бала жауап береді.<br>Көпқабатты үйде пәтерлер бар.<br>Сурет бойынша жұмыс.<br>Мынау – пәтер. Мынау не? | **Дағды**: Жанды және жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінезқұлық карауға, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**жәндіктер мен аңдардың түрлерін атап береді.<br>**Түсінеді**: жәндіктер мен аңдардың табиғаттағы өзгерістерге тәуелді екенін түсінеді.<br>**Қолданады:**жанды және жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінезқұлық танытады, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «СӨЗ ҚОСПАЙ АЙТЫП БЕР» ойынының көмегімен балаларды алда өтетін сабаққа дайындайды.<br>Мақсаттары: күз маусымында табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсініктерін нығайту; шығармашылық ой-қиялын, аңғарымпаздық қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрап тұрады. Педагогтің өтініші бойынша беттерін қимылдату, қолымен, қимылмен көрсетіп ымдау арқылы: күннің суытқанын (балалар бүрісіп тоңады, қолдарын жылытады, бір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өтінемін.<br>І-і-і - ке-ші-і-р-і-і-ң-і-і-з, кешіріңіз<br>**Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»**<br>Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс?<br>Апаң сенің базардан Алма сатып әкелді.<br>Ең үлкенін, жақсысын Саған таңдап әперді.<br>Не деп айтып жеу керек?<br>«Рақмет, апа!» – деу керек.<br>Балалар жүр көшеде,<br>Естілді шу-айғай.<br>Сен де шықтың досыңды,<br>Қағып кеттің байқамай.<br>Мұндайда не деу керек?<br>«Кешір досым», – деу керек.<br>Осы келген бетінде,<br>Допты қудың жарыстың.<br>Көшенің сол шетінде,<br>Кезікті бір апайың,<br>Ұмыттың сен не деу керек?<br>«Сәлеметсіз бе!» – деу керек.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Мақал-мәтелдерді жаттап ал.<br>Әдептілікті данадан үйрен.<br>«Сіз» деген – әдеп,<br>«Біз» деген – көмек.<br>Жеке жұмыс:  Ойын «Сұраққа жауап бер».<br>Сен әдепті баласың ба?<br>Иә. Мен әдепті баламын.<br>Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба?<br>Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын. т.б<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз әдепті баламыз,<br>Ойнап асыр саламыз.<br>Айтқан тілді аламыз, | «Бәйтеректің» суретін салуды неден бастаймыз?<br>Алдымен тік төртбұрыш саламыз, оның орта бөлігі жіңішке, төменгі және жоғарғы бөліктері жуандап кетеді. Енді оның жоғарғы бөлігіне дөңгелек, яғни шар тәрізді «жұмыртқа» саламыз, көрік беру үшін үлгідегідей етіп дөңгелек жаққа қарай күннің шуағындай етіп ұзынша сызықтар жүргіземіз.<br>Бәйтеректің түсін өздерің таңдауларыңа болады, өйткені ол түнде алуан түрлі болып өзгереді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балалардың суретті салуына басшылық жасалады, жеке көмек көрсетіледі.<br>Мазмұнды сурет салуда балаларға нақты неден бастауға болатыны айтылады, балалардың қандай сурет салғысы келетіні анықталып, бағыт беріледі.<br>**Сергіту сәті:**<br>Көңілді балалар<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шынығамыз жастай біз.<br>Иіләміз оңға бір,<br>Иіләміз солға бір.<br>Қимылдайды әр сәтте,<br>Аяқ та бір, қол да бір.<br>*(Е. Өтетілеуұлы)* | білесіңдер?<br>Қарға, тоқылдақ т.б.<br>Мен сендерге құстарға байланысты тақпақ үзінділерін оқимын. Ал сендер не туралы айтылғанын және қандай дыбыстан басталып,  қай дыбыстың қайталанып тұрғанын табуларың керек. Қайталанып тұрған дыбыстың  жуан дауысты ма, жіңішке дауысты ма,  ұян, үнді, қатаң дауыссыз дыбыстардың қайсысына жататынын анықтау.<br>Аққу – құстың төресі,<br>Ақ мамықтай денесі.<br>Өлең не туралы және қай дыбыс көп қайталанып тұр?<br>Дұрыс, [а] дыбысы.<br>[А] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта?<br>Жуан дауысты дыбыс).<br>Дауысты дыбысты қалай белгілейміз?<br>Қызыл түспен.<br>Әтеш әнге басады,<br>Әтеш ұйқы ашады.<br>[Ә] дыбысының қандай дыбысқа жататынын анықта?<br>Жіңішке  дауысты дыбыс.<br>Дауысты дыбысты қалай белгілейміз?<br>Қызыл түспен.<br>Га-га-га қыста тоңбайды,<br>Га-га-га талға қонбайды.<br>[Г] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. | Мынау – пәтер (жеке-жеке жауап береді).<br>Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме.<br>Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме бар?<br>Бөлмелерді санайды.<br>Суреттер арқылы әр бөлме (балалар бөлмесі, дәліз, асүй ) қалай аталатынын айтады. Ондағы таныс заттарды естеріне түсірту.<br>Мынау – дәліз. Дә-ліз.<br>Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім).<br>Мынау – балалар бөлмесі.<br>Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар).<br>Мынау қандай бөлме?<br>Мынау – асүй. Мынау – ...<br>Асүйде нелер бар?<br>(Орындықтар, үстел, ыдыс ...)<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Үлестірмелі суреттермен жұмыс: «Кімде не бар?»** суреттегі заттарды атап, көрсетеді. Менде кереует бар. т.с.с<br>Суреттерде қандай үйлер бейнеленген? Сен қай үйде тұрасың? Бөлмелерді ата.<br>Бөлмелерде нелер бар?<br>Мысалы: Қонақ бөлме жарық, таза, әдемі. Қонақ бөлмеде әдемі кілем бар.<br>Қандай үйде тұрғың келеді? Суретін сал.<br>**Сергіту сәті:**<br>Дөңгелене тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br>Уық болып иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп, | біріне үйкелейді, баскиім киіп, мойынорағыш салғандай қимылдар жасайды); салқын жаңбыр жауғанын (қолшатырларын ашады, киімдерінің жағасын көтереді) көрсетеді.<br>**Күрделі сұрақ**: Адамдар қысқа қалай дайындалады?<br>Ал жануарлардың қысқа дайындығы жайлы не білесің?<br>педагог суреттерді қарап шығып, құстардың қысқа қалай дайындалатынын, ненің көмегімен қорғанатынын айтып беруді ұсынады.<br>Мысалы, кірпі күзде інін дайындайды, ішіне мүк пен құрғақ жапырақ төсейді.Жапырағы құрғақ жерді таңдап алып, сол жерге ары-бері домалайды.<br>Инесіне жапырақтарды қадап алғаннан кейін, ініне апарып тастайды да, қайтадан жүгіреді. Кірпілер тамағын түнде аулайды.<br>Күзде жақсылап қоректеніп, семіріп алады.<br>Бұл – оның қысқа дайындығы. Енді ініне кіріп, көктемге дейін ұйықтауына болады. Кірпі қыста ұзақ ұйқыға кетеді.<br>Балалар аюдың да жаз бойы және күзде жақсылап қоректенетінін айтады<br>**Түсіну деңгейі:** Қыста аюдың апанын қалың қар басып тастайды. Оның іші жылы болып тұрады.<br>Аюдың кірпіге ұқсастығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сәлем беріп үлкенге,<br>Жол көрсете аламыз. | | Ұяң дауыссыз дыбыс.<br>Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?<br>Көк түспен.<br>Қарға-қарға қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>**Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?**<br>[Қ] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. –Қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?<br>Көк түспен.<br>Кекілік-ау, кекілік,<br>Кетіп қалма секіріп.<br>Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?<br>[К] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.Қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?<br>Көк түспен.<br>Ителгі алмас күшті аңды,<br>Ителгі аулар тышқанды.<br>Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?<br>[И] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта?<br>Жасалу жолына мән бер.<br>Жіңішке дауысты дыбыс.<br>Дауысты дыбысты қалай белгілейміз?<br>Қызыл түспен.<br>Сауысқан-ау, сауысқан,<br>Сақтанасың дауыстан.<br>Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?<br>[С] дауысты ма, дауыссыз | Киіз үйді құрайық. | қандай? Ал айырмашылығы неде? (Екеуі де қыста қалың ұйқыға кетеді, жаз бен күзде жақсылап тамақтанады, содан соң аю апанына, кірпі ініне кіріп ұйықтайды). Аю немен қоректенгенді жақсы көреді? (Таңқурай, бал, ағаш қабығы, балық, құстар мен құмырсқаларды жейді). Кірпі жаз бойы немен қоректенеді? (Бақа,жылан, құмырсқа). Қасқырдың жүні жазда және күзде ұзарып өседі, қалыңдап, жып-жылы «тонға» айналады. Бұл қасқырға ауадай қажет. Өйткені ол тұмсығы мен аяқтарын құйрығымен жауып, қардың үстінде ұйықтайды. Қыста түлкінің аяғына қалың, жылы жүн өседі. Бұл оның аяқтарын жылытып тұрады. Былайша айтқанда, түлкінің байпағы бар деуге болады. Ол тышқан аулағанды жақсы көреді. Түлкі тіпті, қардың астында жатқан тышқандарды тауып алып жейді. Балалар «түлкі мен қасқырға тонының түсін ауыстырудың қажеті жоқ» деген болжам жасайды. Ал қоян тонының түсін өзгертеді. Алдымен құйрығы, кейін артқы аяқтарының түсі ағарады. Балалар қоянның не үшін тонының түсін ауыстыруы қажеттігін, оның кімнен қорқып, жасырынатынын сөз етіседі. Қоян ешқашан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. Қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Тырау, тырау, тырналар,<br>Тамаша әнін тыңдап ал.<br>Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?<br>**[Т]** дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. Қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Шаңқ, шаңқ етіп шағала,<br>Шабақ ілер жағада.<br>Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?<br>**[Ш]** дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. (Қатаң дауыссыз дыбыс).<br>Лашын көкте самғайды,<br>Лашын көкті шарлайды.<br>Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?<br>[**Л**] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. (үнді дауыссыз дыбыс)<br>**Қолдану деңгейі:** құстарға байланысты тыйым сөздермен таныстырады. 1.Құстың ұясын бұзба,<br>Ағашты сындырма.<br>Құстардың жұмыртқасын сындырма.<br>Құсқа тас лақтырма<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Суреттердегі заттарды ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттың | | ін қазбайды. Күндіз ол бұталардың түбінде ұйықтайды. Ал күн суытқан кезде үйілген қардың арасына кіріп алады. Өйткені ол жер өте жылы болады. Түнде қорек табуға шығады.Тиін де тонын жылы тонға ауыстырады. Ал өзі бұталардың арасынан шұңқыр қазып, соған жаңғақ жинайды. Ал үйшігінің ішіне құрғақ жапырақ төсейді; ағаш діңіне салынған қуыстың бір ғана аузы болады. Күн қатты суытқан кезде тиін оны құйрығымен жауып тастайды.<br>**Қолдану деңгейі: «Пайда-зиян» ойынын ұйымдастырады**:<br>Балаларды екі топқа бөледі және белгілі бір нысанның атын айтады. **Ойын соңында «Пайдасы көп пе әлде зияны көп пе?» деген сұраққа жауап іздейді.**<br>1-ші команда сол нысанның пайдалы жақтарын іздейді. Ал 2-ші команда зиянын іздейді.<br>П: Қасқыр. Пайдасы және зияны.<br>1-ші командадағы балалар: Қасқыр ормандағы өліп қалған жануарларды жейді; оның терісінен малақай, тон тігуге болады. Егер қасқырлар болмаса, қоян көбейіп кететін еді.<br>Ал олар ағаштарды кеміріп құртар еді.<br>2-ші командадағы балалар: Қасқыр ормандағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | суретін -қа, дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін -қа сал.<br>Құстардың атын дыбыстық сызбаға қарай сәйкестендір. Сызықпен қос.<br>Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Дыбыстарды анықтайды, сандықтармен қосады.<br>Екінші тапсырмада сөздердегі дыбыс санын анықтап, тиісті сызбамен сәйкестендіреді. Мысалы, *қарға* сөзінде 5 дыбыс бар, қарғаның суретін 5 дыбысты сызбамен қосады.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Қолымызды қайшы етіп,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып-қиып аламыз,<br>Біз көңілді баламыз. | | кішкентай аңдарды құртады. Тіпті адамға да шабуыл жасауы мүмкін. Қасқырлар қойларды, ешкілер мен өзге де үй жануарларын жейді. |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»**

**Басты міндет: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету.**

| | |
|---|---|
| **Психологиялық ойын:**<br>**Ойын:« Сәлемдесу»** жаттығуы.<br>**Міндеті:** Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.<br>**Ойын шарты:** Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен… қолмен… иықпен… құлақпен… тіземен… иекпен… өкшемен… арқамен. | **Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»**<br>**Міндеттері:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.<br>Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады. |

    

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Күшті, батыл және үлкен боламын!<br>**ҰІӘ міндеттері:** Балаларға ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіруге жаттықтыру.Алақанды соққан соң қағып алған допты екі қолмен жоғары лақтыра алуға тәрбиелеу. Ағаш қадалар арағынан еңбектеп өту жаттығуларын дұрыс орындай алуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** оң және сол қолмен алысқа лақтыруды; шұңқырға секіру: 30 см биік орындықтан секіруді; заттар | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Біздің рәміздер.<br>**ҰІӘ міндеттері:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру; қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>**Дағды**: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажыратуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар***:<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова). Музыка ойналғанда екеуден жұптасқан күйі жеңіл, тізені көтере секіре айналады. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру(таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:** Қардан тұрғызылған құрылыстар арасынан қатармен жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру.Затқа дейін екі аяқтап секіру, қар кесегін нысанаға дәл лақтыра алуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге, қалыптастыруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жолақпен жүру, заттардың арасымен тізбектеліп | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Біздің рәміздер.<br>**ҰІӘ міндеттері:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру; қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>**Дағды**: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажыратуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар***:<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова). Музыка | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мерген болғым келеді.<br>**ҰІӘ міндеттері:** Сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру;<br>-қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** оң және сол қолмен алысқа лақтыруды; 30 см биік орындықтан секіруді; екі минут баяу қарқынмен жүгіруді; еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді.<br>**Түсінеді**: еденде иректеліп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арасымен алақан мен тізеге таянып еңбектеуді; екі минут баяу қарқынмен жүгіруді.<br>**Түсінеді:** оң және сол қолмен алысқа қалай лақтыру керектігін; баяу қарқынмен жүгіру кезінде қозғалыс қарқынын қалай сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай қалай басып жүгіру керектігін.<br>**Қолданады:** қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын).<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Ойын жаттығуы: «Тыңда, орында». Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді, бірақ түсіндірмейді. Ал балалар ол қимылдарды ретімен қайталайды.<br>Қазақстан Республикасының ауыр атлетші спортшылардың суреттерін көрсетіп, олармен таныстырады. Осы спортшылар тәрізді мықты болу үшін, спортпен айналысу қажеттігін айтады.<br>Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді, бірақ түсіндірмейді. Ал балалар ол қимылдарды ретімен қайталайды.<br>«Жаттығуды бастаймыз – бір! Аяғыңды алшақ бас – екі!<br>Тоқтамай жаса – үш!<br>Күлімдейді күн. Тамаша!<br>Мықты, күшті болайық біз!» | ***Музыка тыңдау***:<br>«Қазақстан жалауы»<br>(Д. Омаров).<br>Балалармен еліміздің рәміздері туралы әңгіме өткізу. Елтаңба, Ту суреттерін көрсету.<br>Әннің мәтініне, сипатына назарларын аудару.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі: *Ән айту:***<br>«Тәуелсіздік таңы»<br>(А. Шырынбекова).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әнді айту кезінде жігерлі орындауға,бір-бірін тыңдап үндесе айтуға көңіл бөлу.<br>Сөздеріне мән беріп, әуенін таза айту.<br>Үйренген ән «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>**Қолдану деңгейі: *Билер:***<br>«Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Ұлдардың қатысуымен би қимылдарын жасау, би элементтерін біркелкі, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай). | жүруді.<br>**Түсінеді:** кедергілер алабынан қалай өту керектігін, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруді, шектеулі жазық бетімен жүргенде тепе-теңдік сақтауды.<br>**Қолданады:** екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүгіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау дағдыларын, қол ұстасып шеңбермен жүруді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Команда» тренингі.<br>Барлығы қол ұстасып тұрады. Педагогтің нұсқауы бойынша қимылдар жасайды.<br>«Кәне, барлығымыз шеңберге қол ұстасып тұрайық. Біз – бір командамыз. Бір команда –бір ағза, бір бүтін деп елестетейікші... Кәне, оның тынысын естик: барлығымыз бірге демімізді ішке тартып, бірге сыртқа шығарайық... естідік пе? Енді оның жүрегін тыңдап көрелік... түк-түк!» (түк – бәрі бірге артқа бір қадам, түк – алдыға бір қадам аттайды)<br>**Түсіну деңгейі: «Қол ұстасып сауық құру»**<br>Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңбер құрады.<br>Педагогтің белгісімен көрсеткен бағытта олар | ойналғанда екеуден жұптасқан күйі жеңіл, тізені көтере секіре айналады.<br>***Музыка тыңдау***:<br>«Қазақстан жалауы»<br>(Д. Омаров).<br>Балалармен еліміздің рәміздері туралы әңгіме өткізу. Елтаңба, Ту суреттерін көрсету.<br>Әннің мәтініне, сипатына назарларын аудару.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі: *Ән айту:***<br>«Тәуелсіздік таңы»<br>(А. Шырынбекова).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әнді айту кезінде жігерлі орындауға,бір-бірін тыңдап үндесе айтуға көңіл бөлу.<br>Сөздеріне мән беріп, әуенін таза айту.<br>Үйренген ән «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>**Қолдану деңгейі: *Билер:***<br>«Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Ұлдардың қатысуымен би қимылдарын жасау, би элементтерін біркелкі, мәнерлеп орындауға | жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін.<br>**Қолданады:** күнделікті өмірде: ойын барысында тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын), мейірімді, тез тіл табысқыш қасиеттерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Көңіл күйіңді көрсет» ойын-жаттығуы. Бір сызық бойында тұрып, жүргізушінің сұрағына ым-ишарамен жауап береді. Жүргізуші төмендегідей сұрақты қояды:<br>Көңіл күйлерің қандай?<br>Балаларға көңіл күйді көтеру үшін доппен орындалатын ойын ойнауды ұсынады.<br>Тізбек бойынша жүру және жүгіру.<br>«Жұбыңды тап!» ойын-жаттығуы.<br>Жұп болып шалқадан жатып, қолды желкеге қойып, пресс жасау (5 рет).<br>Шашырап жүреді, педагогтің бұйрығы бойынша «1-2-3 – жұбыңды тап!» жұп болып тұрып, қолдарын көтереді.<br>**Түсіну деңгейі:** Көзге арналған гимнастика:<br>«Әдемі көбелек»<br>«Әдемі көбелек бізге ұшып келді».<br>«Әдемі көбелек, көзімізді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір, екі тізбекпен жүру. Қозғалыс үстінде бір тізбектен екі тізбекке сап түзеп жүреді. **Түсіну деңгейі:** Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Лақтыру барысында қауіпсіздік техникасын сақтайды. Сызылған сызық бойына екі қатарға сап түзеп тұрады. Допты дұрыс ұстау қалпы: үш саусақпен доптың арт жағынан, бас бармақ және шынашақпен доптың екі жағынан ұстайды. Допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің бұйрығы бойынша допты жүгіріп барып алып келіп, саптың алдында тұрған баланың артына келіп тұрады. ( 4 рет) **Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Орныңды тап!» ( 4 рет). «Орнынды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады: малдас құрып отырады, өкшемен отырады, тізерлеп тұрады. Зал ішінде модульдерге соқтықпай еңбектеп жүреді. «Орнынды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады. | Балалар қосылып, бір-бірін тыңдап, үндесе ойнауға талпынады. *Асатаяқ, тоқылдақ, тұяқтас* ұрмалы ұлттық аспаптарын қолдану. | жүру, жүгіру қозғалыстарын бастайды. **Секірулер –** әртүрлі бастапқы қалыптан қол қимылдарын орындай отырып бір орында секіру (30 рет). Қалауынша бір бала ортаға шығып, қолдың түрлі қалыптарын көрсете алады (желкесіне қойып, беліне қойып, артына ұстап т.с.с.).Шеңбер бойына тұрып, бір орында секірулерді орындайды. Аяқтарын тізеден бүгіп, біркелкі, жеңіл секіруге тырысады. Жаттығу соңында қай баланың көрсеткен секіру түрі қиын, қызықты болғанын атап өтеді. **Қолдану деңгейі:** Тізбекпен кедергілер алабынан өту. Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді. (Кегельдер, доғалар, құрсаулар, жолақтар). Белгі бойынша кедергілер алабынан өтеді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді. Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек. **«Бастаушыға доп бер!»** Ойыншылар мен жүргізушілерге арнап бау қояды. Бірінші ойыншыларға қарама-қарсы 2 м қашықтықта жүргізушілер доп ұстап тұрады. Ойыншылар тізбекте тұрып, қолдарын | дағдыландыру. ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай). Балалар қосылып, бір-бірін тыңдап, үндесе ойнауға талпынады. *Асатаяқ, тоқылдақ, тұяқтас* ұрмалы ұлттық аспаптарын қолдану. | тынықтырайық». Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: **Екі минут баяу жүгіреді:** табандарын өкшеден аяққа қарай басып, қолды үйлесімді қозғап жүгіру. Біркелкі қарқынмен, біркелкі тыныс алып, баяу жүгіреді. Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту. **Қолдану деңгейі:** Тепе-теңдік «Түсіріп алма» ойын-жаттығуы: еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру. Тепе-теңдіктерін сақтауға тырысады: дене бітімдерін түзу ұстап, бастарын төмен түсірмей, қолдарын екі жаққа созып, жіп үстімен жүреді. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қу түлкі» **«Көңіл күй»** Ым-ишарамен түрлі көңіл күйлерді көрсету. Шеңберге тұрады. Күзгі бұлт сияқты Күн, самал жел сияқты күлімсірейді. Құйын, қарлы боран сияқты ашуға басады. Найзағайды көріп, қорыққан адамның кейпін салады. Боран ішінде шаршап келе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көзге арналған гимнастика.** Жаттығуларды ретімен орындайды.<br>Көздерді оңға-солға, солдан оңға қарай қозғалту;<br>Көз қарашығын көкке одан төменге қарату; Сағат тілі бойымен көзді айналдыру;<br>Тез арада көзді ашып-жұму;<br>Көздерді сол жақ астыңғы бұрыштан оң жақ үстіңгі бұрышқа қарату. Дәл солай, бірақ енді керісінше жасау. Әрбір жаттығуды кемінде 6 рет қайталау қажет. | | алдындағы ойыншының иығына қояды. Белгі бойынша жүргізушінің артынан кедергілерден жүгіріп өте бастайды. Өтіп болған соң келесі бала жүргізуші болады да, алдыңғы бала артқа барып тұрады.<br>**Белгі бойынша** жүргізуші допты ойыншының дәл қолына лақтырып береді. Допты ойыншы екі қолмен екі жағынан ұстап қағып алады да, жүргізушіге қайта қайтарып, жүгіріп барып, тізбектің ең артына барып тұра қалады. Барлық ойыншылар алға, сызыққа жылжып келіп, дайын тұрады. Бірінші ойыншы қайтып, қайтадан бірінші болып тізбектің басына келгенде қолын дереу көтереді. Олар жеңді, ойын аяқталды.<br> | | жатқан адамды салады. Бұтақта отырған немесе толқынмен тербеліп тұрған кемені салады. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Қараша**<br>**Серуен кешені № 1**<br>**Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы)<br>— Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды ).<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз*** *А. Сәрсеков* | **Қараша**<br>**Серуен кешені № 2**<br>**Жапырақтардың түсуін бақылау**<br>***Міндет:***<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;<br>—бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы*** | **Қараша**<br>**Серуен кешені № 3**<br>**Қараша айының алғашқы күндерде жылы жаққа ұшып кететін құстарды бақылау**<br>***Міндет:*** ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарға деген танымдық қызығушылығын | **Қараша**<br>**Серуен кешені № 4**<br><br>**Емен ағашын бақылау**<br>**Міндеті:** Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру,ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>*Білмейтіні жоқ елдің-*<br>*Өзім де ішіп көргенмін* | **Қараша**<br>**Серуен кешені № 5**<br><br>**Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау**<br>**Міндеті:** ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру *(оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары).*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз С. Оспанов***<br>***Өсе бере сан ғасыр*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Күзгі ауланың талдары*<br>*Кейде құйын өтеді*<br>*Желмен басын шайқайды*<br>*Тозаңдатып жан-жақты*<br>*Дәурен өтіп жаздағы*<br>*Кейде құйын кетеді*<br>*Күздің желі соғады*<br>*Доп қылып ап жапырақты*<br>*Бейне тентек баладай*<br>*Ойран-асыр салады*<br>*Алма бағын жағалай*<br>*Алмаларын қағады*<br>Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>♦ Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? *(Күміс күз.)*<br>♦ Неліктен?<br>Жұмбақ шешу:<br>Қар да емес, мұз да емес,<br>Ағаштар күміс жамылған<br>(қырау)<br>**Еңбек:** Ауладағы қоқыстарды жинау.<br>*Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .*<br>**Қ/О:** «Бәйге»<br>*Міндеттері:*<br>— Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ;<br>— Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>*Міндеті: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу* | ***Көркем сөз***<br>***Күзгі жапырақтар.***<br>***Қ. Шаңғытбаев***<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта күлімдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Үшты кенет жапырақ.*<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?<br>♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады) | арттыру.<br>**Бақылау барысы**<br>***Көркем сөз***<br>Қайтқан құсты көрдің бе?<br>Қаптай ұшқан әуелеп.<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп.<br>Жаз қызығы өтті енді,<br>Құстар қайтып кетті енді.<br>Қол бұлғап қоштасамыз,<br>Төбеден құстар өткенде<br>**Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:**<br>*Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді? (құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)<br>*Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді)<br>*Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды)<br>*Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндәктермен қоректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді)<br>*Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар | *Дейді әжейім*<br>*Ішектің емі-қашаннан*<br>*Қабығында еменнің*<br>*Қайнатындысы Еменнің*<br>*Қасиеті бар дәрілік.*<br>*Қабығынан жасалған.*<br>*Орманда жасыл еменнен құдіретті де әсем ағаш жоқ. Халық ертегілері мен батырлар жырларында алып емендер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ол алыптар бейнесінде бейнеленеді. Кәрі еменнің діңі мығым, бұтақтары тарам-тарам болады. Емендер мың жылға дейін өмір сүреде, олар көктемде ең кеш көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді.*<br>♦ Емендер көбіне қайда өседі? *(орманда.)*<br>♦ Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? *(қалада.)*<br>♦ Қалада тағы қандай ағаштар өседі?<br>♦ Ағаштар қалаға не үшіни керек? *(ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..)*<br>♦ Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? *(күз айларында.)*<br>♦ Ағаш жапырақтары неге түседі? *(ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпасы үшін)*<br>♦ Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? *(құрлысқа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру<br>Міндеті: ағаш жапырақтарының | ***Шыршаларға тимек кім***<br>***Болып таудың түр-сәні***<br>***Қорғалады орманы***<br>***Жапырағы жап-жасыл***<br>***Ол жеміс пен жидектің,***<br>***Көрдің бе сен, шыршаны?***<br>***Топырақтың қорғаны.***<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>-Біздің аулада қандай ағаштар өседі? *(қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.)*<br>-Ал, бұлар қандай ағаштар? *(тікенекті, жапырақты.)*<br>-Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар?<br>-Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? *(діңі, бұтағы, тамыры)*<br>-Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек?<br>-Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар?<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңын тазалау.<br>Міндеті:жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету<br>**Қ/О:**<br>«Жұбыңды қуып жет».<br>*Міндеті: кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Орнында тұрып ұзындыққа секіру<br>*Міндеті:*<br>Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру<br>***Мақал-мәтел.***<br>**Жалғыз ағаш орман болмас,**<br>**Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Халық болжамы:***<br>***-Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды***<br>***-Ағашты қырау басса аяз болады.*** | ♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>**Зерттеу жұмысы** Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.<br>**Еңбек**<br>Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*<br>**Қ/О:** «Түлкі мен қояндар».<br>*Міндет: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту.<br>*Міндет:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.* | үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды)<br>*Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады)<br>**Еңбек:**<br>Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау<br>Міндет:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу<br>Қ/О: «Торғай-қарға».<br>Міндет: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру<br>Міндет:қозғалыс белсенділіктерін дамыту. | түстерінің әртүрлілігін аңғарту<br>**Еңбек**<br>Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау<br>*Міндеті:* ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қ/О:** «Торғайлар мен мысық».<br>*Міндеті:берілген тапсырма бойынша жүкіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары** Бір аяқпен секіру.<br>*Міндеті: барынша биік секіруге жене жерге дұрыс түсуге жаттықтыру*<br>***Мақал-мәтел***<br>**Аяламасаң ағаш та аспандап өспес**<br>**Орман ел дәулеті, жер сәулеті.** | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Алтай Сұлтан<br>Тұрмыста қолданылатын заттарды қалай пайдалану керектігін; олардың атқаратын қызметін білуге | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.Мүмкіндігін | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере<br>Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату; суреттер бойынша | **Көркем әдебиет- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере<br>Суреттер бойынша ертегі желісі бойынша құрастырып, айтып беруге үйрету. | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Берікұлы Арнұр<br>Сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>**Міндет:**Сурет бойынша өз ойын айытқызу. | ше балаларға көлемді пішіндерді қолмен ұстап көруге беріп, топтарға пішіндерден өз сарайларын салуды және олардың оны қандай пішіндерден жасағанын айтып беруді ұсыну қажет. | заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | | шығармашылықпен құрастыра алуға, жұмбақтың шешімін логикалық ойлау арқылы таба білуге үйрету. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Дербес ойын:**<br>«Санамақ баспалдақ»<br>**Міндет**: 1-10 дейін тура және кері санау түсініктерін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.<br>**Дағды:** тура және кері санауға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** бірден онға дейін сандарды ретсіз қою, балалар сандарды дұрыс қойып тура және кері санайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. | **Танымдық-қимылды ойын: Дидактикалық ойын: «Пішінді табыңдар»**<br>**Міндет:** Санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық фигуралардың пішіні бар заттарды табуға үйрету.<br>**Дағды:** Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту.<br>**Ережесі:** Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сиқырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» - деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады.<br>Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бастаушыға доп бер!»**<br>**Міндет:** Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруге жаттығу.<br>**Дағды:** Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, мәселені шешу, ол үшін сыни ойлау, команда мүддесін өзінен жоғары қоя білуге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Бірінші ойыншыларға қарама-қарсы 2 м қашықтықта жүргізушілер доп ұстап тұрады. Ойыншылар тізбекте тұрып, қолдарын алдындағы ойыншының иығына қояды. Белгі бойынша жүргізушінің артынан кедергілерден жүгіріп өте бастайды. Өтіп болған соң келесі бала жүргізуші болады да, алдыңғы бала артқа барып тұрады.<br>**Белгі бойынша** жүргізуші допты ойыншының дәл қолына лақтырып береді. Допты ойыншы екі қолмен екі жағынан ұстап қағып | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшіншісі артық» дидактикалық ойын:**<br>**Міндеттері:** балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту.<br>**Дағды:** үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойын шарты:**<br>Құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.). | **Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, атын айт».**<br>**Міндеті:** сөздік қорларын дамыту;<br>хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты**: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. | алады да, жүргізушіге қайта қайтарып, жүгіріп барып, тізбектің ең артына барып тұра қалады. Барлық ойыншылар алға, сызыққа жылжып келіп, дайын тұрады. Бірінші ойыншы қайтып, қайтадан бірінші болып тізбектің басына келгенде қолын дереу көтереді. Олар жеңді, ойын аяқталды. | | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**. **12:25-12:30** | **Ата-анаға кеңес:** «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:** Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:** Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:** Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес:** Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ

**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»

**Балалардың жасы:** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 20.11** | **Сейсенбі 21.11** | **Сәрсенбі 22.11** | **Бейсенбі 23.11** | **Жұма 24.11** |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, ойын әрекеті**(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**Сәйкестендіру ойыны: Үстел үсті ойындары: «Менің кім болып жұмыс істейтінімді тап?»**<br>**Міндеттері:** Балалардың мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Және де сол мамандық иелерін сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Суреттерге қарап,рөлдеріне сәйкес суреттерді қоюға дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Тәрбиеші балалардан қандай мамандықтарды білетіндерін еске түсіруді | **Жапсыру–шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:** «Сиқырлы суреттер»<br>**Міндеті:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>**Дағды:** сюжеттік суретке қарап, әңгіме құрап айтуға дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**Қиынды суреттерден қыс, жаз, көктем және күз мезгілдерінің ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру.<br>**Ықтимал күрделендіру:** | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Белсенділік жаттығу ойыны: Ойын:** «Көңілді апта күндері»<br>**Міндеттері:** Апта күндерді есте сақтау; балалардың апта күндері және олардың реттілігі туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Дағды:** Апта күндерін рет-ретімен айта білуге дағдыландыру. Бүгін қандай күн, кеше қандай болды, ертең қандай болатынын анықтау қабілетін шыңдау.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Тәрбиеші балалардың | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары: Дидактикалық ойын:** «Шексіз домино»<br>**Міндеттері:** Есту қабілетін, ойлау қабілетін, тез тапқырлығын дамыту.Шыдамдылыққа, ептілікке үйрету.<br>**Дағды:** Балаларды заттарды белгілі қасиеті бойынша сәйкестендіруге дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Ойынның шарты: доминоның бөліктерін сәйкестендіріп суретті құрастырады. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады. | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Мозайка үстел үсті ойындары: Сәйкестендіру ойыны:**<br>**Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді?»**<br>**Міндеті:**Жыл мезгілдеріне байланысты дұрыс киіне білу.<br>**Дағды:** Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>**Ойын шарттары:** серуенге дайындық ,серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстарын құрастыру,сәйкестік табу арқылы түсіндіру. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрайды. Содан кейін әр балаға түрлі мамандық иелері бейнеленген суреттерді үлестіріп береді. Сендер өздеріңнің суреттеріңді мұқият қарап, бейнеленген мамандық туралы таңдап айтып беруге тырысып көріңдер. Ал біз сендердің қайда және кім болып жұмыс істейтіндіктеріңді тауып көрейік. Балалардың суреттерді өздері таңдауына болады.<br>**Ықтимал күрделендіру**:<br>Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шеші.<br>**Ойынның нұсқаулары**:<br>«Кім болғын келеді?» деген тақырыпта балалар сюжеттік суретке қарап, әңгіме құрап айтады.<br><br> | Жыл мезгілдеріне байланысты әңгіме құрау ұсынылады.<br>**Ойынның нұқсаулары:**<br>Балаларға қыс және көктем, жаз бен күз мезгілдерінің ерекшеліктерін, жыл мезгілдерінің айырмашылықтарын айтып түсіндіру.<br><br><br><br> | мынаған келісіп алуын өтінеді. Бір таңба бар тәж аптаның бірінші күні дүйсенбі, екі таңба бар тәж аптаның екінші күні сейсенбі және т.б. білдіреді. Балалар апта күндерінің атын хормен қайталайды.<br>Тәрбиеші 7 баланы шақырып оларға тәждерді таратып береді.<br>Шақырылған балалардың әрқайсысы тәжбен таңбаның санына қарап: “Сабыр – сәрсенбі”, “Мен – жұмамын” және т.с.с. дейді.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>Тәрбиеші аптаның кез-келген күнінің атын дауыстап атайды. Білетін бала алдына шығып тұрады. “Апта күндері, сапқа тұрыңдар” деген бұйрық берілісімен, басқа балалар оның қатарына дұрыс ретпен сапқа тұруы тиіс.<br>**Ойынның нұқсаулары:**<br>Тәрбиешінің белгісі бойынша жұмысты бастау.<br>**II нұсқа**<br>**Белсенділік** жаттығу ойын апта күндерін (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі) бейнелейтін 7 фигурадан тұрады.<br>Аптаның әрбір күнінде апта күнінің реттік нөміріне сәйкес нөмір бар. Артқы жағында | **Ықтимал күрделендіру:**<br>тез жаса.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>пазлдағы суреттің не екенін және оның қолданылуы туралы сұрау.<br><br><br><br> | **Ықтимал күрделендіру**:<br>Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шешу.<br><br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br> | <br> | күннің атын білдіретін сөз бар.<br>**1 2 3 4 5**<br>**6 7 8 9 10**<br><br><br><br><br><br><br><br><br>1 2 3 4 5 6 7 |  | |
| **Таңертенгі жаттығу** | № 51 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы** | № 52 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы** | № 53 гимнастика кешені | № 54 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы** | № 55 гимнастика кешені<br>**Жалпы дамытушы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жоғарғы тыныс жолдарына арналған алдын алу жаттығулары.**<br>**№ 6 жаттығулар кешені**<br>1.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар белдікте. Тыныс алу кезінде сәл артқа қарай шалқайып, дем шығару кезінде алдыға еңкею, бұл ретте иықты түйістіру жәнеқолдарды төмен түсіру.<br>2.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар жамбаста. Тыныс алу және онымен бір уақытта сол аяқпен алдыға адымдау, бас сәл артқа қарай шалқайған, оң аяқ ұшымен тұрып. Дем шығару кезінде аяқты орнына қойып, басты сәл түсіру. Дәл соны оң аяқпен қайталау.<br>3.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдары дене бойымен түсірілген. Терең тыныс алу, сол уақытта қолдарды бастан жоғары көтеріп, сәл артқа қарай шалқаю. Дем шығаруда ілгері еңкейіп, тізені бүкпей, қолдар саусақтарымен жерді ұстауға тырысу.<br>4.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдар белдікте. Тыныс алып, солға бұрылу, аяқтар өз орнында қалады, қолдар жан-жаққа иықтар деңгейіне дейін көтеріледі. Дем шығаруда солғажәне ілгері иілу, қолдарды артқа қарай | **жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Емдеудің дәстүрлі емес түрлері У – ШУ.**<br>**У–ШУ** – қимылдарды нақты орындау мен дұрыс тыныс алуға негізделген арнайы жаттығулар кешені.<br>Бұл жаттығулар – жануарлардың қимылдарын келтіретін, шаруалардың бастапқы қимылдарының жеңілдетілген нұсқасы, олар Қытайда өте танымал болып табылады. Ұсынылған жаттығулар бір-бірінен тәуелсіз және кез келген кезекпен орындала береді.<br>**№1 жаттығулар кешені.**<br>1.**Басты бұру.**<br>Б.т. – аяқты екі жаққа, қол белде, үлкен саусақтары артқа қарайбағытталған.<br>- басты ақырын солға бұру<br>- б.т.<br>- басты ақырын оңға бұру<br>- б.т. – дем шығару<br>**2 Аспанға созылу.**<br>Б.т. – аяқты екі жаққа, қолдар шынтақта бүгілген, жұдырықжұмылған.<br>- қолды жоғарыға созу, алақанды ашу – тыныс алу<br>- б.т. – дем шығару<br>**3.Кеудені керу.**<br>Б.т. – аяқты екі жаққа, қолдар іші тұсында айқасқан, сол қол оң қол алдында.<br>- айқасқан қолды жоғары көтеру – жоғары – тыныс алу.<br>- Екі қол да бүйірден доғамен қозғалады – дем | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№2 жаттығулар кешені**<br>**1.Балапан ұяны тастайды.** Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою. Қолдар кеуде тұсында білегінен бүгілген, иықалды көлденең, алақандар денеге қаратылған, жоғары бүгілген, саусақтар ашылған.<br>- шынтақтарды шекке дейін ашу – тыныс алу<br>- б.т. – дем шығару.<br>Аяқтың ұшы ілгері6 – 8 рет<br>**2.Тырна қанатын ашады** (жан-жаққа бұрылыстармен). Б.т. – қолды ақырын алдыға көтеру – жоғары – жан-жаққа. Сонымен бір уақытта тізеде бүгілген оң жақ аяқты жоғары көтеру (жамбас еденге параллель) – тыныс алу.<br>- Дем шығару, б.т.<br>- дәл соны екінші аяқпен.<br>**3.Жылан билейді.** Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолды желкеге қойып бекіту, шынтақтар максималды артқа қарай қарату.<br>- бас пен табанды қозғалтпай, бөксемен сағат тіліне қарсы 7 айналма қозғалыс жасау. | **жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№3 жаттығулар кешені**<br>**1.Таң қалды :** Б.т. – аяқты бірге, иықтар қалыпты жағдайда<br>иықты көтеру – тыныс алу<br>б.т. – дем шығару<br>**2.Кобра:** Б.т. – аяқтар сәл жан-жаққа, қолдар белдікте тыныс алу, иықты алдыға итеру, басты төмен<br>тік тұру – дем шығару<br>**3.Мысық:** Б.т. – еденде тізерлеп, алақанмен тұрып белінен бүгілу, басты ілгері созу – жоғары. Осы жағдайда демді тоқтатпай – 5–10 секунд қалу керек.<br>Басты төмен түсіру, арқаны дөңгелету (5–10 секунд). 3-4 бүгілу.<br>**4.Тентек қонжық:** Б.т. – еденде отыру, айқасқан саусақтар тізеге қойылған. арқа еденге тигенге дейін артқа қарай ақырын аунау. Б.т.<br>**5.Ойнақы мәулен:** Б.т. – арқамен жатып, аяқтар созылған, қолдар бос, дене бойымен.<br>Аяқты жоғары көтеру, қолдармен тізені құшақтау арқаны еденнен алмай, тізені бүгу және созу. | **жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№4 жаттығулар кешені**<br>**1.Тырна қанат қағады**:<br>Б.т. негізгі сымбат.<br>1-3 қолды жан-жаққа көтеру, иық тұсында қолдармен шынтақтарды сәл бүгіп, одан кейін созып үш толқынды қимыл жасау. Шынтақты бүккен кезде қолдың білезігі түсіріледі, ал созылған кезде – көтеріледі.<br>4 – қолдарды толқынды қимылмен жазу.<br>5-6 – шынтақтан бүгілген қолдарды жан-жаққа ақырын «тө-ме-ен» түсіру (дем шығару); қолдың білезігі бұл ретте сәл жоғары көтерілген.<br>7 – ұстану.<br>Қайталау: ақырын қарқынмен 4 рет.<br>**2.Тырна қанат қағады:**<br>Б.т.: аяқты иық деңгейінде қою, қолдар т.<br>– денесін сол жаққа бұру, тік қолмен бүйірден ұрғылап, аяқ қозғалмайды.<br>- б.т. қайту<br>– денесін оң жаққа бұру, тік қолмен бүйірден ұрғылап, аяқ қозғалмайды.<br>– б.т. қайту.<br>Әр жаққа 2 реттен қайталау.<br>**3.Тырна еңкейеді:** Б.т.: аяқтар иықтан кеңірек, қолдары түсірілген, салақтаған.<br>– алдыға еңкею, тік қолдар бір уақытта артқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайыру. Келесі тыныс алу кезінде тік тұрып, денені оңға қарай бұру, қолдарды жан-жаққа көтеру (иық деңгейінде). Дем шығару кезінде ілгері және оңға иілу, қолдарды артқа қарай қайыру. Кезекті тыныс алу кезінде түзуленіп, қолдарды жоғары көтеру және бір уақытта қолдарды түсірумен байыпты дем шығару.<br>5.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар дене бойымен түсірілген. Шағын тынысалып, баяу дем шығару, басты кеудеге түсіру, иықты ілгері түйістіру, қолдармен тізені ұстау, төмен қарау. Дем шығаруда басты көтеру, иықты керу, қолдарды жан-жаққа иық деңгейінде көтеру, жоғары қарау, қолдарды түсіру.<br>6.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдарды қабырға қимылдарын сезетіндей етіп кеудеге орналастыру. Шынтақпен ілгері, жоғары, кейін, содан кейін кері қарай айналма қимылдар жасау. Бірқалыпты, кідіріссіз тыныс алу.<br>7.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар белдікте. Алақандарды арқаға салу, бас бармақтарды – ілгері. Денені артқа, алдыға және оңға, солға бүгу, ал түзелу кезінде арқаны қолдармен сәл қысу; иілген кезде дем | шығару. Бас көтеріледі, кеудекеріледі, іш тартылады.<br>**4 Бұрылыстар.**<br>Б.т. – аяқты екі жаққа, екі қолда да жұдырық түюлі, саусақтар жоғарыға,денеге қысылған.<br>- оң қол алақанмен ілгері ауаны алдыға итереді, сонымен бірге дене 90 градусқабұрылады, солға қарау – алдыға.<br>- Б.т.<br>- Дәл сол сияқты сол қолмен.<br>**5.Қолмен тізені кеуде тұсында құшақтау.**<br>Б.т. – аяқты бірге, қолды жоғары көтеру,алақанмен бір-біріне қарама-қарсы. Кеудені ілгері керу.<br>- Тізеден бүгілген аяқты ол кеуде тұсында болатындай етіп көтеру. Тізені екі қолмен құшу – тыныс алу.<br>- Б.т. – дем шығару.<br>- Дәл соны сол аяқпен. | **4.Қамыс желде шайқалады.** Б.т. – еденде отыру, аяқтар жан-жаққа, аяқтың ұшы өзіне тартылған.<br>- сол аяққа еңкею, қолды бармақтарға тигізу – дем шығару. 2 рет<br>- б.т. – тыныс алу.<br>- Дәл соны оң аяқпен, қолдары дене бойымен. 2–6 рет.<br>**5.Қолдар аспанды итереді.** Б.т. – н.т.<br>- қолдарды ақырын алдыға көтеру.<br>- демді қалпына келтіруге жаттығу. Көзді жауып 8 рет дем алу, сымбат. | | қарай қайырылады, тізені бүгугеболмайды, алдыға қарау<br>– б.т. қайту.<br>6 рет қайталау.<br>**4.Тырна бір аяқпен тұрады:** Б.т.: негізгі тұрыс, қолдар белдікте.<br>– аяқтың ұшын төмен қарай созып, тізесінен бүгілген сол аяқты көтеру, қолдардыжан-жаққа жіберу.<br>– б.т.: қайту.<br>– аяқтың ұшын төмен қарай созып, тізесінен бүгілген оң аяқты көтеру, қолдардыжан-жаққа жіберу.<br>– б.т.: қайту.<br>Екі аяқпен де 4 рет қайталау.<br>**5.Тырна билейді:** Б.т.: негізгі тұрыс, қолдар белдікте.<br>1 – 4 – бүгілген оң аяқпен жүрелеу, сол аяқ ол кезде ілгері созылады, өкшесін алдыға,бір уақытта шынтақта сәл бүгілген қолдарды көтеру, түсіру<br>– тік тұру<br>– ұстау<br>дәл солай сол аяқпен.<br>Екі аяқпен де 4 рет қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығару, ал түзелу кезінде – тыныс алу.<br>8.Б.т.– дәл сондай. Дененің орта бөлігі мен жамбаспен айналма қимылдар жасау. Тыныс алу еркін, кідіріссіз.<br>9.Б.т.– орындыққа арқасына бетті қаратып отыру, арқа түзу, қолдар орындық арқалығына сүйену. Тыныс алу, дем шығаруда иілу, қолдармен бетті ұстау және қарынды қатты тарту.<br>10.Б.т. – тұрып, аяқты бірге, қолдарды арқаға жұдырықты түйіп, қайыру (жұдырықтар бір-біріне түйісіп тұру керек). Ақырын жүру, тыныс алу кезінде өкшеге басып, қолдарды арқамен жоғары көтеріп, басты артқа қарай шалқайту. Дем  шығару кезінде аяқты табанға қойып, қолдарды түсіріп, иекті кеудеге түсіру.<br>11.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдары дене бойымен түсірілген. Тыныс алу кезінде артқа қарай шалқаю, солға қарай адымдау (оң аяқ орнында қалады), қолдарды жан-жаққа иық деңгейінде көтеріп ұстау және олармен оңға және солға орташа шеңбер сызу. Дем шығаруда б.т. қайту. Жаттығуды оң аяқпен адымдап қайталау.<br>12.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдар желкеде, саусақтар айқасқан. Тыныс алу кезінде аяқ ұшына көтеріліп, артқа қарай шалқаю, дем шығару кезінде өкшеге тұрып, қолдарды жан-жаққа ашып, төмен түсіру. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:**<br>09.00<br>11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **20.11.23**<br>**Дүйсенбі** | **21.11.23**<br>**Сейсенбі** | **22.11.23**<br>**Сәрсенбі** | **23.11.23**<br>**Бейсенбі** | **24.11.23**<br>**Жұма** |
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Жапсыру**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Апта күндері.<br>(тілдік қарым-қатынас)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>**Дағды:** апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айту дағдыларын жетілдіру;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды;<br>**Түсінеді:** оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек);<br>**Қолданады:** апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Ойын сәті. Әлия мен Сырым балаларға әжесінің сенбіге қонаққа шақырғанын айтады. Апта | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ойнай отырып оқимыз.<br>**ҰІӘ міндеттері:** -сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру;<br>-дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту;<br>-шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жұмбақтарды шешеді, сөздерді буынға бөледі. Буындардан сөз құрайды.<br>**Түсінеді:** бір буында бір дауысты дыбыс болатынын.<br>**Қолданады:** сөздерді буынға бөлу.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өткен тақырыптарды қайталау.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дауысты дыбыстар деген не? | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Апта күндері.<br>(ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру;<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>**Дағды:** апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айту дағдыларын жетілдіру;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді**: апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды;<br>**Түсінеді:** оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек);<br>**Қолданады:** апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жыл мезгілдері.<br>(тілдік қарым-қатынас)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу.<br>**Дағды:** жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді:** жыл айларының реттілігімен таныстыру.<br>**түсінеді:** жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын;<br>**қолданады:** жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын сәті.** Әлия мен Сырым «Бұл | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру;<br>-сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту;<br>-тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін.<br>**Қолданады:** сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күндері атауларын үйретуді, сенбі аптаның қай күні екенін айтуын сұрайды.<br>Педагог «Апта күндері» деген өлең тыңдауды ұсынады.<br>Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда, Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп, Жұма күні жидек тердік ағаштан, Сенбі күні кино көрдік театрдан, Жексенбіде үйде болдық демалдық. Осылайша өте шықты бір апта.<br>Балалар, өлең не туралы?<br>*Жеті ата*<br>Атанып батыр атқа мін,<br>Ата-тегіңді ұлықта!<br>Жеті күніндей аптаның,<br>Жеті атаңды ұмытпа!<br>**Түсіну деңгейі:** апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі.<br>Ағайынды апта күндері бейнеленген суреттерді қарайды. Оларды санайды (7).<br>Атауы мен ретін хормен қайталауды сұрайды: дүйсенбі - бірінші күн, сейсенбі - екінші күн.<br>Педагог ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. Олардың реттілігін жаттап алу керек.<br>Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін | Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді?<br>Дауыссыз дыбыстар деген не?<br>Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?<br>Буында неше дауысты дыбыс болады?<br>Дауысты дыбыссыз буын болады ма?<br>Дауысты дыбыстың өзі буын буын құрай алады ма?<br>Қандай дыбыстар буын құрайды?<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.<br>***«Саңырауқұлақ»*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***«Алтыбақан»*** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау. – Балалар, «Болады, болмайды» дидактикалық ойынын ойнаймыз. Мен сендерге өлең жолдарын оқимын.<br>Мен өлеңдегі сөйлемді бастаймын, ал сендер «болады» немесе «болмайды» деп сөйлемді аяқтайсыңдар.<br>Күйші болуға ... (*болады),*<br>Биші болуға ... (*болады),*<br>Ерке болуға ... (*болмайды).*<br>Серке болуға ... *(болмайды),*<br>Пысық болуға ... (*болады).*<br>Кішік болуға ... (*болады),*<br>Әкім болуға ... (*болады).* | **Білу деңгейі:** Ойын сәті. Әлия мен Сырым балаларға әжесінің сенбіге қонаққа шақырғанын айтады.<br>Апта күндері атауларын үйретуді, сенбі аптаның қай күні екенін айтуын сұрайды. Педагог «Апта күндері» деген өлең тыңдауды ұсынады.<br>Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда, Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп, Жұма күні жидек тердік ағаштан, Сенбі күні кино көрдік театрдан, Жексенбіде үйде болдық демалдық. Осылайша өте шықты бір апта.<br>Балалар, өлең не туралы?<br>*Жеті ата*<br>Атанып батыр атқа мін,<br>Ата-тегіңді ұлықта!<br>Жеті күніндей аптаның,<br>Жеті атаңды ұмытпа!<br>**Түсіну деңгейі:** апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі.<br>Ағайынды апта күндері бейнеленген суреттерді қарайды. Оларды санайды (7).<br>Атауы мен ретін хормен қайталауды сұрайды: дүйсенбі - бірінші күн, сейсенбі - екінші күн.<br>Педагог ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. | қашан болады?» деген жұмбақ шешуді ұсынады.<br>Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар жеміс-жидек пен көкөністерді жинап алады.<br>Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, салқын және тайғанақ<br>Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы жақтардан құстар оралып, ұя салады.<br>Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады.<br>Жағдаятқа қызығушылық танытады. Балалар өз таңдауын түсіндіре отырып, жұмбақтарды шешеді.<br>**Түсіну деңгейі: Жыл мезгілдері**<br>Самал желі өскен,<br>Гүлі жайнап өскен.<br>Сыңғыр қаққан бұлағы-<br>Көк көйлекті *көктем.*<br>Көңіліңның назы, | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Артығын тап»**ойынын ұйымдастыру.<br>Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. *(аю)*<br>Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. *(сауысқан)*<br>Мысық, түлкі, аю, қасқыр. *(мысық)*<br>Колғап, көйлек, шалбар, етік. *(көйлек)*<br>Май, шай, нан, қант, қасық. *(қасық)*<br>**Түсіну деңгейі:**Балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді.<br>Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек.<br>Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек.<br>Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау.<br>Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек.<br>Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді екенін анықтау керек. Аяз қысып, Өрнек сызып, Терезені торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып,<br>Сырғанап балалар ойнайды. /Қыс/<br>–**Қыс** сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>Тақтаға ***қыс*** сөзінің сызбасын іледі.<br>Балалар мен ***қыс***сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | цифрлар жазылған карточкаларды қояды.<br>Олардың атауларын қайталайды.<br>Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»<br>Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Ойын жаттығуы:**<br>**«Ұқыпты бол»**<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді:мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасыңдар. Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан соқпайсыңдар.<br>Дәптермен жұмыс<br>тапсырма. Суретке қарайды. Қыз аптаның әр күні немен айналысқанын айтады.<br>Балалар тапсырманы орындайды, аптаның күніне қарай қыздың әрекетін атайды.<br>тапсырма. Апта күндерін атайды. Оларды үйлерге орналастырады. Үйлердің нөмірін жазады. Балалар тапсырманы орындайды.<br>Жұмбақ шешуді сұрайды.<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шәйдай ашылды.<br>Қызыл, сары, жасылды,<br>Көк те бір зат асылды.<br>(Кемпірқосақ)<br>Кемпірқосақтың неше түсі бар?<br>Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар.<br>тапсырма. Апта күндерін кемпірқосақтың түсімен | Ақын болуға ... (*болады),*<br>Маман болуға ... (*болады).*<br>Жаман болуға ... *(болмайды),*<br>Айтпақшы,<br>Жаман болуға ... *(болмайды).*<br>(Қадыр Мырза Әли)<br>– Жарайсыңдар, балалар, сендер ненің болатынын, ненің болмайтынын жақсы біледі екенсіңдер.<br>«Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы<br>Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады.<br>Буынға бөлуге болатын сөздер: *күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман.*<br>**Түсіну деңгейі: Ғажайып сәт.**<br>Педагог топқа қоржын алып кіреді.<br>–Балалар, бізге Жұмбақпай ата бір қоржын жұмбақтар беріп жіберіпті. Жұмбақпай атаның шарты бойынша жұмбақ жауаптарын буынға бөліп айтуымыз керек.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны<br>***Шарты:*** педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(*геш*), те -(*рек*), те -(*мір*), те -(*сік*), те -(*тік).ор -(та),* ор -*(ман),* ор -(*ақ*). өр -(*мек*), өр -(*кеш*), өр -(*ле*), өр -(*мек-ші)* | Олардың реттілігін жаттап алу керек. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды.<br>Олардың атауларын қайталайды.<br>Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»<br>Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Ойын жаттығуы:**<br>**«Ұқыпты бол»**<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді:мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасыңдар.<br>Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан соқпайсыңдар.<br>Дәптермен жұмыс<br>тапсырма. Суретке қарайды. Қыз аптаның әр күні немен айналысқанын айтады. Балалар тапсырманы орындайды, аптаның күніне қарай қыздың әрекетін атайды.<br>тапсырма. Апта күндерін атайды. Оларды үйлерге орналастырады. Үйлердің нөмірін жазады. Балалар тапсырманы орындайды.<br>Жұмбақ шешуді сұрайды.<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шәйдай ашылды.<br>Қызыл, сары, жасылды,<br>Көк те бір зат асылды.<br>(Кемпірқосақ) | Көлде үйрек, қазы.<br>Жеміске бай, ыстық-<br>Көктемнен соң *жазы*.<br>Жер байлығын жиған,<br>Қоймаға ел құйған<br>Сары алтындай түсі-<br>*Күз* мақтауға сыйған.<br>Үстінде аппақ шапаны,<br>Күмістей мұрт, сақалы.<br>Төрт мезгілдің атасы-<br>Әйгілі *қыс* атағы.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***«Жыл бойы»***<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:<br>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>- Ай аттарын есіңде сақта. Әр жыл мезгілінде неше ай бар? | дөңгелектермен белгілеп отырыңдар.<br>***Қыс***сөзінде неше буын бар?<br>Дұрыс айтасыңдар,бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар.<br>**Қыс** сөзінде барлығы неше дыбыс?<br>Үш дыбыс екен.<br>Бірінші дыбысы қандай дыбыс?<br>Бірінші дыбысы – «қ» дыбысы.<br>«Қ» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па?<br>«Қ» дыбысы – дауыссыз қатаң дыбыс, өйткені айтылғанда, тек салдырдан жасалады.<br>Қандай түспен белгілейміз?<br>Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог екінші дыбысты айқындап *қыыыс* сөзін оқиды.<br>«Ы» дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба?<br>Дұрыс айтасыңдар, дауысты дыбыс. Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па?<br>Жуан дауысты дыбыс, өйткені [*ы]* дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог *«қыссс»*сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бояйды. Балалар тапсырманы орындайды.<br>«Келесі апта күнін ата» (доппен) дидактикалық ойыны<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек. | **«Буынды қос» дидактикалық ойыны**<br>–Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады.<br>Мысалы:( *ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла)*. Ойынды өзгертуге болады.<br>**Сергіту сәті:Робот**<br>Шалқаямыз артқа, аспанға қараймыз,<br>Аспанға қараймыз, жұлдызды санаймыз.<br>Басымызды енді алдыға иеміз,<br>Қозғалмайды қол мен аяқ, денеміз. | Кемпірқосақтың неше түсі бар?<br>Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар.<br>тапсырма. Апта күндерін кемпірқосақтың түсімен бояйды. Балалар тапсырманы орындайды.<br>«Келесі апта күнін ата» (доппен) дидактикалық ойыны<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек. | | Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>Дұрыс айтасыңдар, «с» дыбысы естіліп тұр.<br>«С» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>«С» дыбысы дауыссыз дыбыс.<br>Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба?<br>«С» дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс, айтылғанда тек салдырдан жасалады.<br>Сызбада қандай түспен белгілейміз?<br>Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. *Қыс* – 1 буын, 3 дыбыс.<br>**Қолдану деңгейі: Дәптермен жұмыс**<br>1.Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса.<br>Балалар, «қар» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>*«қар»* сөзінің сызбасын іледі, балалар дәптердегі сызба бойынша жұмыс жасайды.Балаларға сызбадағы әр төртбұрышты көрсете отырып «*қар*» сөзін оқиды.<br>Балалар мен *«қар»* сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен белгілеп отырыңдар.<br>*«Қар»* сөзінде неше буын бар?<br>Дұрыс айтасыңдар,бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | «Қар» сөзінде барлығы неше дыбыс?<br>Үш дыбыс екен.<br>«*Қар* « бірінші дыбыс қандай дыбыс?<br>Иә, бірінші дыбыс – «қ» дыбысы.<br>«Қ» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па?<br>«Қ» дыбысы дауыссыз қатаң дыбыс, өйткені айтылғанда тек салдырдан жасалады.<br>Қандай түспен белгілейміз?<br>Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог екінші дыбысты айқындап *қааар* сөзін оқиды.<br>*«А»* дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба?<br>Дауысты дыбыс.<br>Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па?<br>Жуан дауысты дыбыс, өйткені *[а]* дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог *«қаррр»* сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды.<br>Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>Дұрыс айтасыңдар, «р» дыбысы естіліп тұр.<br>«Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | «Р» дыбысы – дауыссыз дыбыс.<br>Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұян дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба?<br>«Р» дыбысы үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді.<br>Сызбада қандай түспен белгілейміз?<br>Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. *Қар* –1 буын, 3 дыбыс.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Алақанды ысқылап,<br>Қыздырайық, балақай.<br>Алақаның ысыды,<br>Қарандаршы, алақай! |
| ***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.<br>**«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға » арналған ойын: «Құстардың ұшып өтуі»**<br>**Басты міндет: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.** | | | | | |
| **Артикуляциялық аппаратты тілдік жаттығулар**<br>**Мақсаты:**Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.<br>**Міндеттері:**<br>-балалардың сөздік қорын молайту;<br>-үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;<br>-балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;<br>-заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталату;<br>-үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;<br>**Дағды:** балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту,үйренген дыбыстарды | | <br> | | ***Еркін қозғалу,қимылды ойын:* «Құстардың ұшып өтуі»**<br>**Ойын міндеті**: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.<br>**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>**Ойын шарты**:<br>Залдың бір жағында балалар орналасқан, олар – құстар. Залдың басқа жағында «ұшып» шығуға болатын көрнекіліктер орналасқан (гимнастикалық орындықтар, шаршылар және т.б.) олар – тоғайлар. Ұстаздың «Құстар ұшады!» белгісінен кейін – балалар қолдарын қанаттар сияқты қағып, бүкіл залды шарлап, жан-жаққа қарай жүгіреді. Келесі «Боран!» белгісі бойынша тоғайларға қарай қашып, солардың арасында тығылады. «Боран тоқтады!» деген ұстаз сөздерінен кейін балалар жерге түсіп, залды аралап «ұша» бастайды. Ойын барысында | |

<table>
<tr>
<td>дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру;<br>
<br>
</td>
<td>
</td>
<td>ұстаз міндетті түрде балалар шығып-түскенде оларды сақтандыруы қажет.<br><br></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Менің Отаным.(Өлең)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету;<br>-дауыс ырғағына қарай сөйлемдердіажырата білу іскерлігін дамыту;<br>-Туған өлке, Отанды сүюге баулу.<br>**Дағды**: сөйлем түрлерін ажыратып , тыныс белгілерін қою, суретке қарап әңгіме құрай алу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлем түрлерін ажыратып , тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгімеқұрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады;<br>**Түсінеді:** *өңір, желу* сөздерінің мағынасын;<br>**Қолданады:**қыс мезгіліне байланысты ойын түрлерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Сөйлемдердің үш түрі болады.<br>Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүктеқойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан.<br>**Нүкте**<br>Нүкте деген білгенге,<br>Жай ғана бір ноқат па?!<br>Жоқ онсыз сөйлем де,<br>Жоқ өлең де, жоқ хат та!..<br>Жазып жатқан кездерде<br>Асықпай ол күтеді, | **2.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Тұқымнан не өсіп шығады?<br>(ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту;<br>-қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту.<br>**Дағды**: бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын мен өсімдіктердің тұқыммен, баданамен, тамыр арқылы өсетінін айтып,ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** бөлме гүлдерінің түрлері мен құрылымын атайды; өсімдіктердің тұқыммен, баданамен, тамыр арқылы өсетінін айтады; өсімдіктердің дұрыс өсуіне кедергі келтіретін жағдайларды атап көрсетеді.<br>**Түсінеді**: өсімдіктердің дамып жетілу кезеңдерін түсінеді.<br>**Қолданады**: өсімдіктерді күтім жасаудың қарапайым жолдарын; тәжірибелік жұмыстар жүргізу қабілеттерін пайдаланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: «Қандай өсімдік екенін тап» атты** | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мысық, әтеш және түлкі.(ертегі) саусақ театры арқылы сомдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу<br>барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету;<br>-ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау,<br>қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту;<br>-жағымды әдеттерді бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды**: ертегінің мазмұнын сақтай отырып айтып береді;<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады;<br>**Қолданады:** ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** балаларға жұмбақ жасырады:<br>«Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай». *(Әтеш)* | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Менің Отаным.(Өлең) (тілдік қарым-қатынас,жаттау)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету;<br>-дауыс ырғағына қарай сөйлемдердіажырата білу іскерлігін дамыту;<br>-Туған өлке, Отанды сүюге баулу.<br>**Дағды**: сөйлем түрлерін ажыратып , тыныс белгілерін қою, суретке қарап әңгіме құрай алу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлем түрлерін ажыратып , тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады;<br>**Түсінеді:** *өңір, желу* сөздерінің мағынасын;<br>**Қолданады:**қыс мезгіліне байланысты ойын түрлерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Сөйлемдердің үш түрі болады.<br>Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүктеқойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан. | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мысық, әтеш және түлкі.(ертегі) кесте қуыршақ театры арқылы сомдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу<br>барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету;<br>-ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау,<br>қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту;<br>-жағымды әдеттерді бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды**: ертегінің мазмұнын сақтай отырып айтып береді;<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады;<br>**Қолданады:** ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** балаларға жұмбақ жасырады:<br>«Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай». *(Әтеш)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Асқан дана сөздер де,<br>Сол нүктемен бітеді.<br>*(Қ.Мырза Әли)*<br>Ал енді сендер хабарлы сөйлемге мысал келтіріңдер. Сөйлем соңына не қойылады?<br>Сөйлемнің екінші түрі – лепті сөйлем. Адамның түрлі көңіл күйін – қуану, ренжу, өкіну,таңдану т.б. білдіреді. Мысалы: *Жасай бер, Қазақстан! Желбіре, желбіре, көк туым!*<br>Лепті сөйлем ерекше сезіммен айтылады. Ал енді сендер мысал келтіріңдер.<br>**Түсіну деңгейі:** Үшінші сөйлемнің түрін сұраулы сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлемдер бір нәрсені сұрап білуді білдіреді. Соңынан сұрақ белгісі қойылады. Мысалы: Сен Астанаға бардың ба? Рәміздерді білесің бе? Ал енді сендер сұраулысөйлемге мысал келтіріңдер.<br>Балалар, сендерге өлең жолдарын оқимын. Өлең жолдары арасынан сөйлемнің қандай түрін естігендеріңді табуларың керек.<br>Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>*(А.Меңжанова)*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Менің Отаным**<br>Әйнегі – күн,<br>Шатыры – аспан,<br>Кең далам асқақ.<br>Төсі толған егін, | **ойынның** көмегімен алдағы жұмысқа қолайлы эмоционалдық жағдай қалыптастырады.<br>Мақсаттары: балалардың затты суреттеу және оларды суреттемеге қарай тану қабілеттерін дамыту.<br>Балалардың бірі өсімдікті суреттейді. Басқа балалар оның қандай өсімдік екенін табады. Сабаққа қызығушылық танытады.<br>**Түсіну деңгейі:** Гүлдің даму кезеңдерімен танысады. Алдымен болашақ гүл жерге құлап түсіп,өсіпжетілуіне мүмкіндік беретін тұқым-бесікте кішкентай сәби секілді күш жинайды. Содан соң мен тұқымды құнарлы жерге көміп, үстінен су құйдым. Жылы әрі ылғал топыраққа түскен гүл-балақай ұйқысынан оянып, өсе берді, өсе берді... Міне, ол аздап өсті. Енді оның«жаялықтары» кішілік ете бастады. Гүл-балақай «жаялықтан» шыға бастады. Бірақ оны әлі гүл деуге болмайды. Ол әлі өскін. Су құйылып тұрған соң, күн нұрынан нәр алған өскін нығайып, көлемі үлкейді және ең алғашқы жапырағы пайда болды. Жапырақтары біртіндеп көбейе берді, көбейе берді. Енді, міне, ең алғашқы гүлдері де пайда болды. Бірер күнде қайталанбас сұлулыққа толы гүл ашылды. Біз оған сүйсініп қызықтай қараймыз. | Қандай жан-жануарлар туралы ертегі білесіңдер? Бүгін біз **«Мысық, әтеш және түлкі»** деген ертегімен танысамыз. Ертегіні мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді.<br>**Түсіну деңгейі: Сөздік жұмыс:**<br>*Әтеш* – үй құсы, жем, тарыны тұмсығымен шоқып жейді. «Ку-ка-ре-ку!» деп шақырады.<br>*Мысық* – үй хайуанаты. Ол мияулайды.<br>*Шап беріп* – тез ұстап алу.<br>*Тәкаппар* – менсінбей, кеудесін көтеруді айтамыз.<br>**Сұрақ-жауап**<br>Ертегі қалай аталады?<br>Ертегі ұнады ма?<br>Ертегіде не туралы айтылған?<br>Қай кейіпкер саған ұнады?<br>Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді?<br>Мысық қайда кетеді?<br>Әтешті түлкі қалай алдады?<br>Мысық әтешті қалай құтқарды?<br>Түлкінің жасағаны дұрыс па?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті**<br>Мысық қалай жүреді?<br>Қалай дыбыстайды?<br>Әтеш қалай секіреді? Қалай шақырады?<br>Түлкі қалай қуланады?<br>Құйрығын қалай қозғалтады?<br>*Балалар ертегі желісі бойынша қимылмен жасайды.* | **Нүкте**<br>Нүкте деген білгенге,<br>Жай ғана бір ноқат па?!<br>Жоқ онсыз сөйлем де,<br>Жоқ өлең де, жоқ хат та!..<br>Жазып жатқан кездерде<br>Асықпай ол  күтеді,<br>Асқан дана сөздер де,<br>Сол нүктемен бітеді.<br>*(Қ.Мырза Әли)*<br>Ал енді сендер хабарлы сөйлемге мысал келтіріңдер.<br>Сөйлем соңына не қойылады?<br>Сөйлемнің екінші түрі – лепті сөйлем. Адамның түрлі көңіл күйін – қуану, ренжу, өкіну,таңдану т.б. білдіреді. Мысалы:<br>*Жасай бер, Қазақстан! Желбіре, желбіре, көк туым!*<br>Лепті сөйлем ерекше сезіммен айтылады. Ал енді сендер мысал келтіріңдер.<br>**Түсіну деңгейі:** Үшінші сөйлемнің түрін сұраулы сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлемдер бір нәрсені сұрапбілуді білдіреді. Соңынан сұрақ белгісі қойылады.<br>Мысалы: Сен Астанаға бардың ба? Рәміздерді білесің бе? Ал енді сендер сұраулысөйлемге мысал келтіріңдер.<br>Балалар, сендерге өлең жолдарын оқимын. Өлең жолдары арасынан сөйлемнің қандай түрін естігендеріңді табуларың керек. | Қандай жан-жануарлар туралы ертегі білесіңдер? Бүгін біз **«Мысық, әтеш және түлкі»** деген ертегімен танысамыз. Ертегіні мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді.<br>**Түсіну деңгейі: Сөздік жұмыс:**<br>*Әтеш* – үй құсы, жем, тарыны тұмсығымен шоқып жейді. «Ку-ка-ре-ку!» деп шақырады.<br>*Мысық* – үй хайуанаты. Ол мияулайды.<br>*Шап беріп* – тез ұстап алу.<br>*Тәкаппар* – менсінбей, кеудесін көтеруді айтамыз.<br>**Сұрақ-жауап**<br>Ертегі қалай аталады?<br>Ертегі ұнады ма?<br>Ертегіде не туралы айтылған?<br>Қай кейіпкер саған ұнады?<br>Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді?<br>Мысық қайда кетеді?<br>Әтешті түлкі қалай алдады?<br>Мысық әтешті қалай құтқарды?<br>Түлкінің жасағаны дұрыс па?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті**<br>Мысық қалай жүреді?<br>Қалай дыбыстайды?<br>Әтеш қалай секіреді? Қалай шақырады?<br>Түлкі қалай қуланады?<br>Құйрығын қалай қозғалтады?<br>*Балалар ертегі желісі бойынша қимылмен жасайды.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көлдері күміс шашқан,<br>Қазақстан Республикам<br>менің!<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Қажетті тыныс белгілерін қой».**<br>**Ойын шарты:** Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердіңтыныс белгілерін қою. | Гүлдің ашылуы – нағыз таңғажайып оқиға!<br>Педагог балаларды тәжірибеалдық жұмысқа тарта отырып (әліппе-дәптердегі тапсырма) олардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады.<br>Тәрбиеленушілерге гүлдердің баданасын, түйнегі, өскіні, тұқымын көрсетеді. Бұл не? Бұлардың өсімдіктерге не қажеті бар? деген сұрақтар қояды.<br>Балалар үлкейткіш әйнектің көмегімен тұқымдар жиынтығымен танысады.<br>Олардың пішіні, түсі мен көлемі туралы әңгімелейді.<br>Қайсысының салмағы ауыр екенін анықтау үшін оларды өлшейді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балаларды өсімдіктердің көбею жолдары жайында қарапайым түсініктермен таныстырады (бадана, түйнек, өркен). Балаларды тәжірибе жұмысына қатысуға шақырады: Гүлдің баданасын қалай егеміз? (Педагог көрсетіп береді).<br>шұңқыр жасап, таяқшаны топыраққа тығамыз және айналдырамыз;<br>бадананы (тұқым) қазылған шұңқырға орналастырамыз;<br>•төңірегіндегі топырақты басып, нығыздаймыз, бірақ оның сабағына қатты жақындамаймыз<br>сонан соң оған су құямыз.<br>Балалар гүлдің баданасын егеді. Балалар | Сурет бойынша ертегі мазмұнын, оқиға жүйесін сақтап баяндау.<br>Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?<br>Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер.<br>***Есіңе сақта:***<br>«Дос болсаң, берік бол,<br>Досыңа серік бол».<br>**Мысық, әтеш және түлкі** (ертегі)<br>Ормандағы бір үйшікті мысық пен әтеш мекен етіпті. Мысық таңертең ерте тұрып, ылғи аңға шығады, ал әтеш үйді күзетіп қалады. Мысық аңға кеткенде, әтеш үйдің ішін жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға шығып алып, өзінің үйреншікті даусымен ку-ка-ре-куге басады, мысықтың келуін күтеді.<br>Бірде жақын маңда жортып жүрген түлкі әтештің даусын естиді. Сол-ақ екен, оның әтеш етін жегісі келіп кетеді. Ол терезенің түбіне келіп отыра қалады да, сызылта үн қатып былай дейді:<br>Әтешім-ай, әтешім,<br>Алтын айдар, уа, әтеш.<br>Терезеден қарай ғой,<br>Бұршақ берем, ала ғой.<br>Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап алады да, арқалап ала жөнеледі.<br>Түлкі мені арқалап ну орманмен қашпақшы, биік | Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>*(А.Меңжанова)*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Менің Отаным**<br>Әйнегі – күн,<br>Шатыры – аспан,<br>Кең далам асқақ.<br>Төсі толған егін,<br>Көлдері күміс шашқан,<br>Қазақстан Республикам<br>менің!<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Қажетті тыныс белгілерін қой».**<br>**Ойын шарты:** Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердіңтыныс белгілерін қою. | Сурет бойынша ертегі мазмұнын, оқиға жүйесін сақтап баяндау.<br>Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?<br>Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер.<br>***Есіңе сақта:***<br>«Дос болсаң, берік бол,<br>Досыңа серік бол».<br>**Мысық, әтеш және түлкі** (ертегі)<br>Ормандағы бір үйшікті мысық пен әтеш мекен етіпті. Мысық таңертең ерте тұрып, ылғи аңға шығады, ал әтеш үйді күзетіп қалады. Мысық аңға кеткенде, әтеш үйдің ішін жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға шығып алып, өзінің үйреншікті даусымен ку-ка-ре-куге басады, мысықтың келуін күтеді.<br>Бірде жақын маңда жортып жүрген түлкі әтештің даусын естиді. Сол-ақ екен, оның әтеш етін жегісі келіп кетеді. Ол терезенің түбіне келіп отыра қалады да, сызылта үн қатып былай дейді:<br>Әтешім-ай, әтешім,<br>Алтын айдар, уа, әтеш.<br>Терезеден қарай ғой,<br>Бұршақ берем, ала ғой.<br>Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап алады да, арқалап ала жөнеледі.<br>Түлкі мені арқалап ну орманмен қашпақшы, биік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жапырақтарды санап, есінде сақтайды. Жаңа жапырақ шығып, бадана топыраққа тамыр жая бастады деген сөз. Гүлге су құяды.<br>Педагог балалардан бұршақтың не екенін сұрайды. Ол дән бе, тұқым ба? Тұқыммен тағы қандай дақылдарды егуге болады? (Қызанақ, қияр және т.б.)<br>**«Кімге/неге айналамыз?»** ойынына қатысады.<br>Тұқым неге айналады?<br>Жұлдызқұрт неге айналады?<br>Жұмыртқа кімге айналады?<br>Балапан кімге айналады?<br>Ұн не болады?<br>Бала кім болады?<br>Педагогтің айтқан сөздерін қайталайды.<br>**Сергіту сәті**<br>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап демалам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>Балалар мәтінге қарай қимылдар жасайды. | таудан аспақшы. Бауырым, менің мысығым, құтқарсаңшы, қайдасың! – деп айғай салады үрейі ұшқан әтеш.<br>Мысық жақын жерде жүр еді, әтештің даусын естиді де, түлкінің соңынан қуып кеп береді. Әтешті аман алып қалып, үйге ертіп әкеледі.<br>Келесі күні аңға шығуға дайындалып жатып, мысық әтешке былай дейді:<br>Байқа, терезеден қарама, түлкіні тыңдама, әйтпесе ол сені ұстап алады да, жеп қояды.<br>Мысық аңға кетеді, ал әтеш үйдің ішін жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға ұшып шығады. Сырғауылдың үстінде қонақтап отырып шақырады. Бұл кезде түлкі де жылмаңдап келе қалған еді. Ол бұл жолы да терезенің түбіне отыра қалып, былай дейді:<br>Әтешім-ай, әтешім,<br>Алтын айдар, уа, әтеш.<br>Терезеден қарай ғой,<br>Бұршақ берем, ала ғой.<br>Әтеш оның сөзін тыңдағанмен, сыртқа қарамайды. Түлкі бір уыс бұршақты терезеден шашып жібереді. Әтеш бұршақты шоқып жейді, бірақ терезеден қарамайды.<br>Сонда түлкі былай дейді:<br>Сен өзің мүлде тәкаппар болып кетіпсің ғой. | | таудан аспақшы. Бауырым, менің мысығым, құтқарсаңшы, қайдасың! – деп айғай салады үрейі ұшқан әтеш.<br>Мысық жақын жерде жүр еді, әтештің даусын естиді де, түлкінің соңынан қуып кеп береді. Әтешті аман алып қалып, үйге ертіп әкеледі.Келесі күні аңға шығуға дайындалып жатып, мысық әтешке былай дейді:<br>Байқа, терезеден қарама, түлкіні тыңдама, әйтпесе ол сені ұстап алады да, жеп қояды.<br>Мысық аңға кетеді, ал әтеш үйдің ішін жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға ұшып шығады. Сырғауылдың үстінде қонақтап отырып шақырады. Бұл кезде түлкі де жылмаңдап келе қалған еді. Ол бұл жолы да терезенің түбіне отыра қалып, былай дейді:<br>Әтешім-ай, әтешім,<br>Алтын айдар, уа, әтеш.<br>Терезеден қарай ғой,<br>Бұршақ берем, ала ғой.<br>Әтеш оның сөзін тыңдағанмен, сыртқа қарамайды. Түлкі бір уыс бұршақты терезеден шашып жібереді. Әтеш бұршақты шоқып жейді, бірақ терезеден қарамайды.<br>Сонда түлкі былай дейді:<br>Сен өзің мүлде тәкаппар болып кетіпсің ғой.<br>Қарасаңшы, бұршағым көп-ақ, мұның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қарасаңшы, бұршағым көп-ақ, мұның<br>бәрін қайда қоямын?<br>Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап, арқалап ала жөнеледі. Әтеш үрейі ұшып айғай салады:<br>Түлкі мені арқалап ну орманмен қашпақшы, биік таудан аспақшы. Бауырым, менің мысығым, құтқарсаңшы, қайдасың!<br>Мысық алыста жүрсе де әтештің даусын естиді. Түлкінің соңынан бар пәрменімен қуа жөнеледі, әтешті аман алып қалып, үйге ертіп әкеледі.<br>Үшінші күні мысық аңға шығуға дайындалып жатып, ақылын айтады:<br>Байқа, әтеш, мен бүгін алысқа барып аң аулаймын, қалай айғайласаң да бәрібір маған даусың естілмейтін болады. Түлкіні тыңдама, терезеден қарама, әйтпесе ол сені ұстап алады да, жеп қояды.<br>Мысық аңға кетеді, ал әтеш үйді жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға шығып қонақтайды да, шақыра бастайды, мысықтың келуін күтеді.<br>Түлкі тағы да келе қалады.<br>Ал әтеш қарамай қояды.<br>Сонда түлкі былай дейді:<br>Уа, әтешім, саған айтайын деген сөзім бар еді. Асығып келу себебім де сол.<br>Жолмен жортып келе жатып көргенім: адамдар | | бәрін қайда қоямын?<br>Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап, арқалап ала жөнеледі. Әтеш үрейі ұшып айғай салады:<br>Түлкі мені арқалап ну орманмен қашпақшы, биік таудан аспақшы. Бауырым, менің мысығым, құтқарсаңшы, қайдасың!<br>Мысық алыста жүрсе де әтештің даусын естиді. Түлкінің соңынан бар пәрменімен қуа жөнеледі, әтешті аман алып қалып, үйге ертіп әкеледі.<br>Үшінші күні мысық аңға шығуға дайындалып жатып, ақылын айтады:<br>Байқа, әтеш, мен бүгін алысқа барып аң аулаймын, қалай айғайласаң да бәрібір маған даусың естілмейтін болады. Түлкіні тыңдама, терезеден қарама, әйтпесе ол сені ұстап алады да, жеп қояды.<br>Мысық аңға кетеді, ал әтеш үйді жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға шығып қонақтайды да, шақыра бастайды, мысықтың келуін күтеді.<br>Түлкі тағы да келе қалады.<br>Ал әтеш қарамай қояды.<br>Сонда түлкі былай дейді:<br>Уа, әтешім, саған айтайын деген сөзім бар еді. Асығып келу себебім де сол.<br>Жолмен жортып келе жатып көргенім: адамдар тары тасыды, бір қап тесік екен, |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
<td>тары тасыды, бір қап тесік екен,<br>ішіндегі барлық тарысы жолға шашылып қалыпты, теріп алатын ешкім жоқ.<br>Терезеден қарасаң, көресің...<br>Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап, үйіне алып кетеді. Мысық аңнан келсе, әтеш жоқ. Іздеп, түлкінің үйіне келеді. Есік сыртында тұрып, мысық әндетеді:<br>Дыңғырлаттым гуслиді,<br>Ішегі алтын мінекей.<br>Үйде ме екен бұл түлкі,<br>Шықшы сыртқа, әй, түлкі!<br>Құймақ құйып жатқан түлкі қызын жұмсайды. Мысық оны қапқа салып алады. Екінші қызы шығады. Оны да оны қапқа салып алады. Мысық тағы әндетеді.<br>Түлкі әтешті жұмсайды.<br>Мысық әтешті ертіп, үйіне қайтады.</td>
<td></td>
<td>ішіндегі барлық тарысы жолға шашылып қалыпты, теріп алатын ешкім жоқ.<br>Терезеден қарасаң, көресің...<br>Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап, үйіне алып кетеді. Мысық аңнан келсе, әтеш жоқ. Іздеп, түлкінің үйіне келеді. Есік сыртында тұрып, мысық әндетеді:<br>Дыңғырлаттым гуслиді,<br>Ішегі алтын мінекей.<br>Үйде ме екен бұл түлкі,<br>Шықшы сыртқа, әй, түлкі!<br>Құймақ құйып жатқан түлкі қызын жұмсайды. Мысық оны қапқа салып алады.<br>Екінші қызы шығады. Оны да оны қапқа салып алады.<br>Мысық тағы әндетеді.<br>Түлкі әтешті жұмсайды.<br>Мысық әтешті ертіп, үйіне қайтады.</td>
</tr>
<tr>
<td>«Ас – адамның арқауы» түскі ас.<br>10:00-10:30</td>
<td colspan="5">Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6" align="center">2 үзіліс – 10:00 – 10:30</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6"> Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6" align="center">Қозғалмалы жүгіруге арналған ойын:«Қасқырлар мен лақтар»<br>Басты міндеттері: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.<br>Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығулартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Қозғалмалы,жүгіруге арналған ойын:<br>«Қасқырлар мен лақтар»<br>Ойын міндеті: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.<br>Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалуға дағдыландыру.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:<br>**1. «Сабын көпіршігін үрле».** Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.<br>**2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле»** (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).<br>**3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді».** Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.<br>**4. «Көңілді маймыл».** Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.<br>**5. «Шарларды үрлеу».** Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.<br>**6. «Жылан қалай ысқырады».** Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс). |  <br> <br> | **Ықтимал күрделендіру:**тез ойла,тез қозғал.<br>**Ойын шарты**: Алдымен ұзындығы 50 м және ені 20 м болатындай ойын алаңы белгіленеді. Ойын алдында алаңда «лақтар» мен «қожайын» орналасатын «ауыл» белгіленеді. Алаңның басқа жағында дәл солай «жайылым» тағайындалады. Өрістің ортасында «қасқырдың апаны»болады. Содан кейін үш «қасқыр» мен «қожайын» таңдалады. Барлық басқа балалар – лақтар. Қожайын лақтарды ауылға апарады, ал қасқырлар өз апанына барады. Қожайын айтады:<br>«Бөрте, бөрте, бөрте лақ,<br>Бөрте лақ тым ерке лақ<br>Кетесің кейде секеңдеп,<br>Байламаса көкем кеп»<br>Осы сөздерден кейін лақтардың барлығы жайылымға қарай жүгіреді. Жолда оларды қасқырлар апанында күтіп тұрады. Лақтар апанның шетіне жетерге жарты жолда қасқырларoларға тап бере алады және жайылымды бөліп тұрған сызыққа дейін қуалай алады. Лақтардың Мақсаты – жайылымға қасқырлардың қолына тимей, аман-есен жету. Лақтарды қасқырлардан қожайын ғана алып алады. Ұсталған лақтар ойын соңына дейін апанда болады. Неғұрлым көп лақ ұстаған қасқыр көп атаққа ие болады.<br>Ойынды қайталау үшін жаңа қасқырларды апанға түспей, аман қалған лақтар ішінен таңдалады. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Ту.<br>**ҰІӘ міндеттері:** Мемлекеттік Туды сипаттай білугеүйрету, тақпакты жаттау. Қазақ тіліндегі | **3.Жапсыру-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бұлттар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба.<br>**ҰІӘ міндеттері:** Мемлекеттік Туды сипаттай білугеүйрету, тақпакты жаттау. Қазақ | **3.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Өсімдіктерге өсу үшін не қажет? (коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана<br>білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.<br>**Дағды**: Қазақстан Республикасының рәміздерін дұрыс айта білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** Мемлекеттік Туды сипаттайды, тақпақты қайталайды.<br>**Түсінеді:** сөздерді, сұрақтарды түсінеді.<br>**Қолданады:** Қазақстан Республикасының рәміздерін айтады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Слайд: «Менің Отаным». Өткен тақырыпты қайталау.<br>Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>Біздің Отанымыз – Қазақстан.<br>Біздің Отанымыз – қандай мемлекет?<br>Біздің Отанымыз – тәуелсіз мемлекет.<br>**Түсіну деңгейі: Жаңа сөздермен танысу**.<br>Мемлекеттік рәміздер, гимн, ту, қыран, ою, күн шуақтары.Постермен жұмыс.<br>Мынау – **Мемлекеттік Ту**. Тудың шетінде ою-өрнек, ортасында күн, күннің | -шығармашылық қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: әртүрлі тәсілмен жапсыра білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қағазды ұсақтап жыртып ;<br>**Түсінеді:** жаңбырдың жаууына бұлттардың әсер ететінін;<br>**Қолданады:** бұлттарды жасау үшін жырту тәсілін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Жұмбақ**<br>Көзі жасты-жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды.<br>(Бұлт)<br>–Ол не?<br>– Балалар, естеріңде болса, серуен кезінде бұлттарды бақыладық.<br>– Бұлттар қайда болады?<br>– Бұлттардың түсі қандай?<br>– Бұлттар қозғала ма?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**–** Балалар, сендер бұлт туралы жақсы жауап бердіңдер. Ал жаңбырдың жаууына бұлттардың әсер ететінін білесіңдер ме? Бүгін біз бұлттарды жапсырамыз.<br>Педагог жырту әдісін түсіндіріп, жапсыру техникасын көрсетеді.<br>Үлестірмелі материалдың 16-бетіндегі сюжетті суретке назар аудартады. Педагог жұмыс барысында жекелеген балаларға | туралы алған білімдерін естеріне түсіру;<br>-сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту;<br>-тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін.<br>**Қолданады:** сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Артығын тап»**ойынын ұйымдастыру.<br>Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. *(аю)*<br>Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. *(сауысқан)*<br>Мысық, түлкі, аю, қасқыр. *(мысық)*<br>Колғап, көйлек, шалбар, етік. *(көйлек)*<br>Май, шай, нан, қант, қасық. *(қасық)*<br>**Түсіну деңгейі:**Балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді. | тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.<br>**Дағды**: Қазақстан Республикасының рәміздерін дұрыс айта білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттайды, тақпақты жаттайды.<br>**Түсінеді:** тақпақтың мағынасын, сұрақтарды түсінеді.<br>**Қолданады:** Қазақстан Республикасының рәміздерін айтады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Мемлекетіміздің рәміздерін ата? (Мемлекетіміздің рәміздері: гимн, ту, елтаңба).Мемлекеттік Туда не бейнеленген? (Қыран, күн, ою-өрнек бейнеленген).<br>Мемлекеттік Тудың авторы кім? (Мемлекеттің Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков).<br>**Түсіну деңгейі:** Постермен жұмыс.<br>Педагог шағын мәтінді оқиды.<br>*Мынау – Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбамызда шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз* | -балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту;<br>-қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту.<br>**Дағды**: өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өсімдіктердің өсуіне қажетті жағдайларды атап көрсетеді.<br>**Түсінеді**: өсімдіктердің күтімге тәуелді екенін түсінеді.<br>**Қолданады**: өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «ГҮЛ ДҮКЕНІ» ойынының көмегімен алдағы жұмысқа қолайлы эмоционалдық жағдай қалыптастырады.<br>Мақсаттары: балаларды өсімдіктерді өсетін орнына қарай топтастыра білуге, олардың сырт келбетін сипаттап беруге үйрету.<br>Педагог мынадай сұрақтарды қолданады:<br>Өсімдіктерге не қажет?<br>Өсімдіктің біздің бес саусағымыз сияқты бес түрлі көмекшісі бар.<br>Балалар сатушылар мен сатып алушылар рөлдерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | астында қыранқұс<br>бейнеленген. Түсі көгілдір.<br>Мемлекеттік Туда не<br>бейнеленген?<br>Мемлекеттік Туда қыран,<br>күн, ою-өрнек бейнеленген.<br>Тудың түсі қандай?<br>Түсі көгілдір.<br>Мемлекеттік Тудың авторы<br>– Шәкен Ниязбеков.<br>Мемлекеттік Тудың авторы<br>кім?<br>Мемлекеттің Тудың авторы<br>– Шәкен Ниязбеков.<br>*Балалар жаңа сөздерді<br>және сөйлемдерді<br>қайталайды.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын:<br>«Аудармашы».<br>Педагог сөздерді орыс<br>тілінде айтады, балалар<br>аударады.Мемлекеттік<br>Рәміздер – Государственные<br>Символы<br>Ту – Флаг қыран – орел<br>ою – орнамент<br>күн шуақтары – лучи солнца<br>«Мнемо кестесі» бойынша<br>Мемлекеттік Туды сипатта,<br>сөйлем құра.<br>*Мемлекеттік Туда күн<br>бейнеленген. Күннің түсі<br>сары. Мемлекеттік Туда<br>қыран құс бейнеленген.<br>Мемлекеттік Туда ою-өрнек<br>бейнеленген. Мемлекеттік<br>Тудың түсі көгілдір.*<br>Тақпақ жатта.<br>**Қазақстан жалауы**<br>Жалауымда көгілдір,<br>Күн күледі төгіп нұр.<br>Қыран-бейне қанатты,<br>Көкке самғар – еліммен!<br>Ө.Ақыпбекұлы | көмектеседі. Ақ қағазды<br>ұсақтап жыртқызады.<br>**Қолдану деңгейі: Сергіту<br>сәті. « Біз тамшылармыз»**<br>қимылды ойыны.<br>Педагог бұлт кейпіндегі<br>тәжді киеді. Балаларға да<br>тамшы бейнеленген<br>қағаздан тәж кигізеді. Өзі<br>бұлт-ана, ал балалар – оның<br>тамшылары болады. Бұлт-<br>ана тамшыларды жер бетіне<br>қыдыруға жібереді,<br>өсімдіктерді суғару, жер<br>бетін жуу туралы кеңес<br>береді.<br>Ә.Табылдиевтің «Бұлт»<br>өлеңін мәнерлеп оқи<br>отырып, оқу қызметін<br>қорытындылайды. Өлең<br>мәтінін жаттауға таратып<br>береді.<br>– Балалар, әдемі бұлттар<br>жасадыңдар, жарайсыңдар! | Ең бірінші берілген сөзді<br>білуіміз керек.<br>Сөзде неше буын, неше<br>дыбыс бар екенін<br>анықтауымыз керек.<br>Сөздегі дыбыстардың<br>дауысты, дауыссыз екенін<br>анықтау.<br>Дауысты дыбыстардың<br>жуан, немесе жіңішке<br>екенін анықтау керек.<br>Дауыссыз дыбыстардың<br>қатаң, ұяң, үнді екенін<br>анықтау керек. Аяз<br>қысып, Өрнек сызып,<br>Терезені торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып,<br>Сырғанап балалар<br>ойнайды. /Қыс/<br>–**Қыс** сөзіне дыбыстық<br>талдау жасайық.<br>Тақтаға ***қыс*** сөзінің<br>сызбасын іледі.<br>Балалар мен ***қыс***сөзіндегі<br>дыбыстарды кезек-кезек<br>оқимын, ал сендер<br>дыбысты анықтап, тиісті<br>дөңгелектермен белгілеп<br>отырыңдар.<br>***Қыс***сөзінде неше буын<br>бар?<br>Дұрыс айтасыңдар,бір<br>буын, өйткені бір<br>дауысты дыбыс бар.<br>**Қыс** сөзінде барлығы<br>неше дыбыс?<br>Үш дыбыс екен.<br>Бірінші дыбысы қандай<br>дыбыс?<br>Бірінші дыбысы – «қ»<br>дыбысы.<br>«Қ» дыбысы дауысты<br>дыбыс па, әлде дауыссыз<br>дыбыс па? | *бейнеленген. Төменгі<br>бөлігінде «Қазақстан»<br>деген жазу бар.<br>Мемлекеттік Елтаңбаның<br>авторы – Жандарбек<br>Мәлібеков пен Шот-Аман<br>Уәлиханов.*<br>Мемлекеттік Елтаңбада не<br>бейнеленген?<br>Мемлекеттік Елтаңбада<br>шаңырақ, күн шуақтары,<br>тұлпар, жұлдыз<br>бейнеленген.<br>Мемлекеттік Елтаңбаның<br>авторы кім?<br>Мемлекеттің Елтаңбаның<br>авторы – Жандарбек<br>Мәлібеков, Шот-Аман<br>Уәлиханов.<br>**Қолдану деңгейі:** «Мнемо<br>кестесі» бойынша<br>Мемлекеттік Елтаңбаны<br>сипатта, сөйлем құра.<br>Елтаңбада шаңырақ<br>бейнеленген.<br>Елтаңбада тұлпар<br>бейнеленген.<br>Елтаңбада жұлдыз<br>бейнеленген.<br>**Мемлекеттік Елтаңба**<br>Елтаңбамыз – ел беті,<br>Төрге ілінер көрнекі.<br>Анам таққан шолпыдай<br>Дөп-дөңгелек, өрнекті.<br>Ө. Ақыпбекұлы<br>**Дидактикалық ойын:<br>*«Жалғастыр»*<br>Ойынның шарты:**<br>ойынды бастаушы сөздің<br>бірінші буынын айтады,<br>басқа балалар<br>жалғастырып, сөз құрайды.<br>Сөйлем құрауға<br>жаттықтыру үшін бірінші<br>сөзі айтылады. Бұл ойынды | ойнайды. Сатып алу үшін<br>балалар өздері таңдаған<br>гүлді суреттеп беруі тиіс.<br>Бірақ оның атауын атамай,<br>тек оның қай жерде<br>өсетінін айтады. Оның<br>қандай гүл екенін<br>сатушының өзі табуы тиіс.<br>Содан соң оның атын<br>айтады және сатады.<br>**Түсіну деңгейі:<br>Балаларды экологиялық<br>ертегі тыңдауға<br>шақырады.** «Рәбиға әжей<br>мен Қазтамақ» ертегісін<br>мұқият тыңдайды.<br>Ертеде Қазтамақ өмір<br>сүріпті. Ол бақытсыз<br>болыпты. Бір кезде ол өте<br>әдемі болатын, ал, қазір...<br>Гүлдері солып қалды.<br>Жапырақтарының түсі<br>қашып, нәр беретін<br>тамырларының әлдеқашан<br>әлі құрыды... Сызат түскен<br>жарық құмырадағы<br>топырақ су сұрап, шөлдеп<br>тұр...<br>Бірақ топыраққа да,<br>гүлдерге де, жапыраққа да<br>ешкім көмектесе алмады.<br>Мұның бәріне Рәбиға әжей<br>кінәлі болатын. Өйткені ол<br>Қазтамақты күтіп-<br>баптамайтын. Оны есінен<br>шығарғалы қашан... Бір<br>күні шөліркеген<br>Қазтамақтың діңкесі әбден<br>құрыды. Бұл үйден<br>кетпекке бел буды. Түнде<br>әжей ұйықтап жатқан кезде<br>үйден шығып кетті. Кетіп<br>бара жатып өзі өмір сүрген<br>үйді қимай ұзақ қарады.<br>Таңертең ұйқыдан тұрған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог жеке жұмыс жүргізеді. | | «Қ» дыбысы – дауыссыз қатаң дыбыс, өйткені айтылғанда, тек салдырдан жасалады. Қандай түспен белгілейміз? Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап *қыыыс* сөзін оқиды. «Ы» дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба? Дұрыс айтасыңдар, дауысты дыбыс. Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па? Жуан дауысты дыбыс, өйткені [*ы]* дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог *«қысссс»*сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? Дұрыс айтасыңдар, «с» дыбысы естіліп тұр. «С» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? «С» дыбысы дауыссыз дыбыс. Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба? «С» дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс, | екі топ болып ойнауға да болады. **Сергіту сәті** Достығымыз жарасқан, Ақпыз, қара, сарымыз. Қара жер мен көк аспан, Ортақ дала тауымыз. | Рәбиға әжей өзін жайсыз сезіне бастады. Бірақ не болғанын түсіне алмады. Бүгін өзімді сондай жайсыз сезініп тұрмын. Түсінсем бұйырмасын, маған не болды? Тышқан әжейге бәрін түсіндіріп берді: Себебі сенің Қазтамақ гүлің үйден кетіп қалды. Рәбиға әжей мән-жайды содан кейін түсінді. Қараса, лас, шаң басқан терезенің алдындағы тақтай босап қалыпты. Сен білмейтін шығарсың, – деді Тышқан сөзін әрі қарай жалғап, – бірақ Қазтамақ – ерекше гүл. Оның жұпар иісі адамның жанына дәру, оны қорғап жүреді және қиындықтармен күресуге күш береді. Ал сен оған күтім жасадың ба? Оны да баптау керек па еді? Әрине! Топыраққа су құйып, қопсытып, тамырларын қоректендіріп тұру қажет қой. Және оған жарық керек... Сен өзіңнің терезеңе қарашы – лас пен шаңнан көрінбейді! Ой, енді қайттім? – деп күрсінді Рәбиға әжей. Бар да гүліңді алып кел, – деді Тышқан. Әжей даланы, шабындықтарды аралап, гүлін іздеп кетті... Көп жүрді. Қанша жүргені есінде жоқ... Әйтеуір бір қараса байғұс Қазтамақ егіліп жылап отыр екен. Өзі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | айтылғанда тек салдырдан жасалады. Сызбада қандай түспен белгілейміз? Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. *Қыс* – 1 буын, 3 дыбыс. **Қолдану деңгейі: Дәптермен жұмыс** 1.Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса. Балалар, «қар» сөзіне дыбыстық талдау жасайық. *«қар»* сөзінің сызбасын іледі, балалар дәптердегі сызба бойынша жұмыс жасайды.Балаларға сызбадағы әр төртбұрышты көрсете отырып «*қар*» сөзін оқиды. Балалар мен *«қар»* сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен белгілеп отырыңдар. *«Қар»* сөзінде неше буын бар? Дұрыс айтасыңдар,бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. «Қар» сөзінде барлығы неше дыбыс? Үш дыбыс екен. «*Қар «* бірінші дыбыс қандай дыбыс? Иә, бірінші дыбыс – «қ» дыбысы. «Қ» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? | | сондай бейшара, бақытсыз... Қазтамақ, кешірші мені. Сенсіз қиын екен. Үйге қайтшы, өтінемін. Мен саған күтім жасаймын. Енді ренжітпеймін. Қазтамақ Рәбиға әжейді кешірді. Үйіне қайтып келді. Әжей Қазтамақты басқа құмыраға отырғызып, жаңа, құнарлы топырақ салды. Топырақты қопсытып, жапырақтарының шаңын сүртті. Су құйды. Оған қоса, терезесін жарқыратып жуып қойды. Содан соң күн сәулесі түсіп, бойына жылу тарап, Қазтамақ бақыттан басы айналып, гүл атты және Рәбиға әжейдің үйін тамаша жұпар иісімен толтырды. **Қолдану деңгейі: «Өсімдіктерге тіршілік ету үшін не қажет?» деген тақырып бойынша «Жиынтық» құрауға шақырады.** Нұсқалар Өзіндік жұмыс. Әр бала қолындағы материалдардан жиынтық жасайды. Мәселен, әр бала өзінде бар материалдардан жиынтық құрады. Мысалы, сөздің айналасына. Жұптасып жұмыс істейміз. Әр бала жанындағы серіктесіне өзінің жасаған жиынтығын көрсетеді және оны жаңа мәліметпен толықтырады. Топпен бірігіп жұмыс істеу. Әр жұп өзінің жиынтығын екінші топқа көрсетіп, жаңа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | «Қ» дыбысы дауыссыз қатаң дыбыс, өйткені айтылғанда тек салдырдан жасалады.<br>Қандай түспен белгілейміз?<br>Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог екінші дыбысты айқындап *қааар* сөзін оқиды.<br>*«А»* дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба?<br>Дауысты дыбыс.<br>Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па?<br>Жуан дауысты дыбыс, өйткені *[а]* дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз.<br>Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог *«қаррр»* сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды.<br>Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>Дұрыс айтасыңдар, «р» дыбысы естіліп тұр.<br>«Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>«Р» дыбысы – дауыссыз дыбыс.<br>Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба?<br>«Р» дыбысы үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн | | сөздер/суреттер/жетондар қосады. Жалпылама жұмыс. Балалар педагогпен бірге ватманға бейнеленген жиынтықты толықтырады.<br>**Балаларды дидактикалық ойын ойнауға шақырады: «Не болар еді…»** Балалар ойды аяқтайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>Егер өсімдікті қараңғы жерге қойса не болар еді?<br>Егер өсімдікке су құюды ұмытып кетсе не болар еді?<br>Егер өсімдікке уақтылы су құйып, топырағын қопсытып, қоректендіріп тұрса не болар еді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді.<br>Сызбада қандай түспен белгілейміз?<br>Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. *Қар* –1 буын, 3 дыбыс.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Алақанды ысқылап,<br>Қыздырайық, балақай.<br>Алақаның ысыды,<br>Қарандаршы, алақай! | | |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен үйректер»**

**Басты міндеттері: Төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.**

| | |
|---|---|
|      | **Қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен үйректер»**<br>**Ойын міндеті:** Төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.<br>**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Ойын шарты:**Барлық ойыншылар «аңшылар» мен «үйректер» болып тең бөлінеді. Аланда өзен белгіленеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында, ал «үйректер» оның ішінде орналасады.<br>«Аңшылар» допты лақтырып, онымен «үйректерді» атып түсіруге тырысады. «Оқ тиген» үйректер ойыннан шығып отырады. Барлық үйректер атылғаннан кейін топтар рөлдерін ауыстырады. Барлық үйректерді атуға азырақ уақыт кетірген топ жеңімпаз атанады. |



**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Менің көңілді добым.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту.<br>**Дағды**: Қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберлік (машықтарын) дағдысын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруді; қолға допты ұстап, арқанныңастымен түрлі тәсілдермен өтуді; айналып тұрған арқанның астымен жүгіріп өтуді; айналып | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Егеменді елім<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ырғақты, мәнерлі қимылдарды, әндерді орындайды. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Аулада ойнайтын ойындар (таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау;<br>-түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту.<br>ә) Айналып тұрған арқанның астымен түрлі тәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру;<br>-айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіпкету сапасын дамыту.<br>**Дағды**: Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жаттығу жұмыстарды орындай | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Егеменді елім<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ырғақты, | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Асықпен ойналатын ойындар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, онықайтадан қағып алуға үйрету;<br>-гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру.<br>-көзмөлшерлеуін,ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту.<br>**Дағды**: Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып,тапсырманы дұрыс орындай білу шеберлік машықтарына дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруды; гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрған арқанның астына бір орнында тұрып секіру.<br>**Түсінеді:** сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл-қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуды.<br>**Қолданады:** денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды, тапсырмаларды орындай білумашықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Ойын жаттығуы: «Ғажайып қап». Әдемі қап ішінен допты алып шығады.<br>Доппен жүреді, белгі бойынша тоқтайды, музыка әуенімен тапсырмаларды орындайды.Музыка әуеніне сай орындауға тырысады.<br>**Доппен орындалатын ЖДЖ (№3)**<br>Шығармашылықтарын дамытуға және ұялшақтық қасиеттерін жеңуге арналған жаттығулар. Төрт тізбек, сапқа тұрады. Аралықтарын дұрыс сақтайды. Допты жерге түсіріп алмауға тырысады және дұрыс тыныс алуларын қадағалайды.<br>**Түсіну деңгейі:** Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау:<br>**«Допты еденге соқ» -** түзу жүріп, допты бір қолмен (оң, сол) соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Нұсқау – допты | **Түсінеді:** әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.<br>**Қолданады:** үйренген би қимылдарын әуенге ілесе отырып қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру.<br>Педагог А. Сәрсековтің «Туған елдің ұлымын» атты өлеңін мәнерлеп оқиды.<br>Қуат алған өзіңнен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген,<br>Отанымның гүлімін.<br>**Түсіну деңгейі: *Музыка тыңдау:*** «Алатау»<br>(Н. Тілендиев, үнтаспа).<br>Ән туралы мәлімет беру, бұл таудың қай жерде орналасқанын айту, әннің сөзін талдау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. | алуға дағдыландырып жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруді; қолға допты ұстап, арқанныңастымен түрлі тәсілдермен өтуді; айналып тұрған арқанның астымен жүгіріп өтуді; айналып тұрған арқанның астына бір орнында тұрып секіру.<br>**Түсінеді:** сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл-қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуды.<br>**Қолданады:**<br>денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды, тапсырмаларды орындай білумашықтарын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: «Допты еденге соқ».** Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.<br>Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбеккедейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып | мәнерлі қимылдарды, әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.<br>**Қолданады:** үйренген би қимылдарын әуенге ілесе отырып қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға дағдыландыру.<br>Педагог А. Сәрсековтің «Туған елдің ұлымын» атты өлеңін мәнерлеп оқиды.<br>Қуат алған өзіңнен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген,<br>Отанымның гүлімін.<br>**Түсіну деңгейі: *Музыка тыңдау:*** «Алатау»<br>(Н. Тілендиев, үнтаспа).<br>Ән туралы мәлімет беру, бұл таудың қай жерде орналасқанын айту, әннің сөзін талдау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова). | орындап жүруді; малдас құрып отырып,ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуды.<br>**Түсінеді:** көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту керектігін.<br>**Қолданады:** түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып, тапсырманы дұрыс орындай білу шеберліктерін (машықтарын).<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Ойын-жаттығуы: «Затты тап». Қоржын ішінен асықты іздеп табады. Оны көреді. Асықтуралы білетіндерін айтады. Асық және асық ойыны жайлы түсіндіреді. Шеңберге тұрғызу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».<br>Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің: «Асықты ал!» деген бұйрығымен асықты көтеріпалады.<br>**Түсіну деңгейі: Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау:**<br>**«Қазан» –** 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін).<br>Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет.<br>Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады.Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.<br>**Қолдану деңгейі:** «Епті балалар»<br>Екі тізенің ортасына допты қысып, екі аяқпен секірулерін жетілдіру (арақашықтығы – 2 м).<br>Нұсқау: екі аяқтарымен бір уақытта серпілу, қолдарымен итерілуге көмектесу.Қолға допты ұстап, арқанның астымен түрлі тәсілдермен өтуге жаттықтыру. Топ болып орындауға да болады.<br>Тізбекпен жүріп, қимыл-қозғалыстарды ретімен орындайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» (4 рет).**<br>Ойыншылар «аңшылар» және «қояндар» болып екіге | Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әнді орындау барысында бір-бірін тыңдап, дауысқа күш түсірмей, жігерлі орындауды ұсыну.<br>Үйренген «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) еске түсіру, сөздерін анық айтуға,ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:***<br>«Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Шаңырақ» ойыны. Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:***<br>«Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сай қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>Бубен, қоңырау, металлофон аспаптарын қолданады. | жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.<br>Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін).<br>Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оңаяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**«Арқаннан секіру» –** айналып тұрған арқанның астымен түрлі тәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру. (5 рет)<br>Айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіп кету сапасын дамыту.<br>Жүргізуші шеңбер ортасында секіртпені тізесінің деңгейімен біресе қатты, біресе ақырынсекіртпені ойыншыларға тигізетіндей етіп айналдырып тұрады. Ойыншылар аяқтарын секіртпеге тигізбейтіндей етіп секіруге тырысады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:«Асық кімде?»**<br>– малдас құрып отырып, асықты бір-біріне беру.<br>Денелерін түзу ұстауларынқадағалау.<br>Малдас құрып шеңбер бойы отырады. Асықты бір-біріне жылдам береді. Жүргізуші асықтыалып алуға тырысады. | Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әнді орындау барысында бір-бірін тыңдап, дауысқа күш түсірмей, жігерлі орындауды ұсыну.<br>Үйренген «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:***<br>«Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Шаңырақ» ойыны.<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сай қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>Бубен, қоңырау, металлофон аспаптарын қолданады. | тұсында ұстап тұру.<br>Асықты лақтырар алдында алдыменқолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады.<br>(Топ болып орындау тәсілі)<br>**Тепе-теңдік** – гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүру. **(3 рет)**<br>Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Орындықтан түскен кезде алдымен аяқтың ұшымен түсіп, сонан соң толық табандыжерге қояды.<br>Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алудыбекіту. Көзмөлшерлеуін,ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту.<br>Көрпелерге отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алады. Бұл тапсырманы әр бала жеке-жеке орындайды. Алдымен асықты алақандарының ішкі жағымен, сонан кейін сырт жағымен қағып алады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында тұрады, «қояндар» сызықтың ортасында тұрады. Белгі бойынша «қояндар» сызықтың сыртына секіріп шығады. Осы кезде оларды «аңшылар» ұстауға тырысады. «Қояндарды» көп ұстаған бала жеңімпаз атанады.<br>**Басқа массаж жасау.**<br>**Мақсаты:** қан жүруді жақсарту мақсатында бастағы белсенді нүктелерді уқалау. Балалар еденге отырып, бастарын жууды бейнелейді. Саусақтарымен тарақ сияқты желкеден шекеге, шекеден бастың төбесіне дейін тарайды.<br>**«Қуаласпақ»:** саусақтарының ұшымен клавиатураны басқан сияқты бейнелеп, басты «соғу». Саусақтарды біресе жылдам, біресе бір-бірін қуған сияқты жүгірту. Саусақтарымен шаштарын әдемілеп тарайды. | | «Төбелес»<br>«Сен досыңмен ренжісіп қалдың делік. Міне, міне, төбелес басталғалы тұр. Терең дем алып,астыңғы ерніңді жымқырып, иегіңді алдыға тарт. Жұдырығыңды қатты түй. Бірнеше секунд дем алмай тұр. Енді ойлан: мүмкін төбелесудің қажеті жоқ шығар? Деміңді шығар, денеңді еркін ұста. Алақай! Ашуым қайтты!»<br>Балаларға төбелес ешқандай жақсылық әкелмейтінін түсіндіру. | | Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардыңарақашықтығы – 2-3 адым.<br>«Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдынатұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Қараша**<br>**Серуен кешені № 11**<br>**Қараша айында торғайларды бақылау**<br>**Міндеттері:** торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>—күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>***Бақылау барысы:*** | **Қараша**<br>**Серуен кешені № 12**<br>**Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**<br>**Міндеттері:**<br>— Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>— Құстар немен коректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге | **Қараша**<br>**Серуен кешені № 13**<br>**Қыстап қалатын құстарды бақылау**<br>**Міндеттері:**<br>— Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>— Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>— Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | **Қараша**<br>**Серуен кешені № 14**<br>**Жапырақтардың түсуін бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;<br>—бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру. | **Қараша**<br>**Серуен кешені № 15**<br>**Қараша айының күз көрністерін бақылау**<br>**Міндеті:**<br>Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «КҮЗ»***<br>*Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Көркемсөз***<br>*Қалатындай қиқылдап,*<br>*Әдетіңді білемін,*<br>*«Шиық, шиық» еттің шиқылдап ,*<br>*Дайын асқа ортақсың*<br>*Шашып берген жемімді*<br>*Торғай, торғай торғайым,*<br>*Жейсің сонша қиқымдап,*<br>*Сені әркез қорғаймын*<br>*Қорқақсың-ау, қорқақсың,*<br>*Қыстың қамын жаз ойлап,*<br>*Еңбек десе шорқақсың.*<br>*Бәріне де бол дайын!*<br>**Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.**<br>♦Торғай қандай болып көрінеді? *(Бұл кішкентай пысық құс.)*<br>♦Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)<br>♦Ал қанаты мен құйрығы қандай? *(құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген)*<br>♦ Ал басының түсі қандай? *(Сұр)*<br>♦Торғайлар қайда өмір сүреді? *(қалада және ауылда.)*<br>♦Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? *(адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)*<br>♦Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? | Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>Көркем сөз:<br>Құстар менің достарым,<br>Жемін, суын керекгін,<br>Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін<br>Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін<br>Шаттық әнге салады.<br>♦ Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>♦ Олар қайда тіршілік етеді?<br>♦ Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?<br>♦ Оларды кім қоректендіреді?<br>♦ Көгершіндер қайда мекендейді?<br>♦ Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>**Еңбек:**<br>Балабақша аумағына жем салғыш ілу<br>*Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшады, с екіреді, жүзеді».<br>*Мақсаты:*<br>—- балаларды жүкіруге үйрету;<br>— зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Қаданы (кегли) құлат».<br>*Мақсаты:*<br>— Допты нысанаға лақтыру; | ***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз Ж. Смақов***<br>***Шыр, шыр еткен торғайды***<br>***Таспен атып торғайды***<br>***Қорғамаса болмайды***<br>***Ұя бұзған оңбайды.***<br>***Кіп-кішкене торғайлар***<br>***Құс өкпелеп кетеді***<br>***Ағаштарды қорғайды***<br>***Ауламызға қонбайды.***<br>Балалармен әңгімелесу:.<br>♦Қарандаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар)<br>♦Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты)<br>♦Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер)<br>♦Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен)<br>♦Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді)<br>♦Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік.<br>♦Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды)<br>**Еңбек**<br>Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге деген* | ***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>***Күзгі жапырақтар.***<br>***Қ. Шаңғытбаев***<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта күлімдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ұшты кенет жапырақ.*<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?<br>♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>**Зерттеу жұмысы** Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, | Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>♦Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦Неге күз деп ойлайсыңдар?<br>♦Күзде ауа-райы қандай болады?<br>♦Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңын тазалау<br>*Мақсаты:*<br>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;<br>— Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.<br>**Қ/О:**<br>«Ормандағы соқпақтар».<br>*Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.*<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары**<br>*Мақсаты:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,*<br>**Халық болжамы:**<br>Қараша айында күн жылы болса,қыста аяз болмайды деген нышанын білдіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *(подъездің немесе балконның күнқағарларына.)*<br>♦Қане, жақсылап қарайықшы біздің мектеп ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек*)*<br>♦Күзде торғайлар немен қоректенеді? *(өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)*<br>**Еңбек**<br>Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.<br>**Міндеті:**<br>— Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету;<br>— Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қ/О: «Құстардың ұшуы».<br>**Міндеті:** белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Жалауды құлатпа»<br>**Мақсаты:** заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру | — Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту.<br>**Халық болжамы:**<br>*құс жүнін үрпитсе, жауын болады;<br>*жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;<br>*құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады. | *қызығушылықтарын арттыру*<br>**Қ/О:** «Бір, екі, үш-жүкір!»<br>*Мақсаты: тез жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Шығыршыққа түсір».<br>***Мақсаты:***<br>— Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру;<br>— Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру. | олардан асфальтқа өрнек құру.<br>**Еңбек**<br>Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*<br>**Қ/О:** «Түлкі мен қояндар».<br>*Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту.<br>*Мақсаты:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.* | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Серикова Рамина<br>Тұрмыста қолданылатын заттарды қалай пайдалану керектігін; олардың атқаратын қызметін білуге үйрету.<br>**Міндет:**Сурет бойынша өз ойын айытқызу. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Оралхан Жігер<br>Геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.Мүмкіндігін ше балаларға көлемді пішіндерді қолмен ұстап көруге беріп, топтарға пішіндерден өз сарайларын салуды және олардың оны қандай пішіндерден | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Оралхан Жігер<br>Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату; суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Көркем әдебиет-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Суреттер бойынша ертегі желісі бойынша құрастырып, айтып беруге үйрету. | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Байтемір Ацзерке<br>**«Ертегілерді құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасағанын айтып беруді ұсыну қажет. | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Дербес ойын: «Шаңырақ» ойыны.**<br>**Міндеті:**Ырғақтық бейнесі мен динамикасын білу.<br>**Дағды:** ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындай алуға дағдыландыру.<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды. | **Танымдық-қимылды ойын: Дидактикалық ойын:«Кім болғым келеді?»**<br>**Міндет:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.<br>**Дағды:** «Кім болғым келеді?»сурет бойынша әңгіме құрастырту дағдыларын дамыту. | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Аңшылар мен қояндар»<br>**Міндеттері:** Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау; Команда болып тапсырмаларды орындауғабаулу, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Дағды:** төзімділік, ұйымшылдық тәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін білуге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** Ойыншылар «аңшылар» және «қояндар» болып екіге бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында тұрады, «қояндар» сызықтың ортасында тұрады.Педагогтің белгісімен «қояндар» сызықтың сыртына секіріп шығады. Осы кезде оларды «аңшылар» ұстауғатырысады. «Қояндарды» көп ұстаған бала жеңімпаз атанады. | **Қимыл-қозғалыс жаттығу ойыны: Басқа массаж жасау.**<br>**Мақсаты:** қан жүруді жақсарту мақсатында бастағы белсенді нүктелерді уқалау.<br>**Дағды:** үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Жаттығу шарты:** Балалар еденге отырып, бастарын жууды бейнелейді. Саусақтарымен тарақ сияқтыжелкеден шекеге, шекеден бастың төбесіне дейін тарайды.<br>**«Қуаласпақ»:** саусақтарының ұшымен клавиатураны басқан сияқты бейнелеп, басты «соғу».Саусақтарды біресе жылдам, біресе бір-бірін қуған сияқты жүгірту. Саусақтарымен шаштарын әдемілеп тарайды. | **Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық»**<br>**Міндеті:** Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу.<br>**Ойын шарты**: А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу:<br>**б, в, г** т.б. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**. **12:25-12:30** | **Ата-анаға кеңес:** «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:** Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:** Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:** Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес:** Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,(өз жұмысына)сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:** А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 27.11 | Сейсенбі 28.11 | Сәрсенбі 29.11 | Бейсенбі 30.11 | Жұма 01.12 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**Сәйкестендіру ойыны: Үстел үсті ойындары: «Геометриялық пішіндерден үй құрастыр»**<br>**Міндет:** геометриялық пішіндер мен заттардың ұқсатығын таба білуге үйрету<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: Ортада 2 үстел қойылып, оның біріншісіне геометриялық пішіндер ал, екіншісіне ұқсас заттар қойылады. Үстелдегі заттар арасынан осы пішінге ұқсас затты табады.Табылған зат жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. | **Құрастыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:** ***«Көбелек және гүлді түсіне қарай орналастыр» ойнау.***<br>**Мідеттері:** Түстерді ажырата білу, күз туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру.<br>**Дағды:** гүлдің бөліктерін нақтылы құрай білуге және түстерді анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Үстел үстінен | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Белсенділік жаттығу ойыны: Ойын:** ***«Адам қимылын құрастыр және оны қайталап көрсет таяқшалармен», «Жануарлар қимыл тұрысын құрастырып көрсет»***<br>**Міндет:** Балаларды кеңістікте бағдарлауды (жоғарыда, төменде, сол жақ, оң жақ) үйрету. Сәйкес түсті тез табуға дағдыландыру.<br>**Дағды:**Күнделікті өмірде дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары: Дидактикалық ойын:** «Қайсысы нені жақсы көреді?»<br>**Міндет:** баланың ойлау қабілетін дамыту, кейіпкерлер бейнесін сомдауға баулу.<br>**Ойын шарты:** үстел үстінде берілген жануарларды, құстарды жақсы көретін тағамдарымен қосу. Мысалы: мысық – балық, ит – сүйек, қоян – сәбіз.<br>**Дағды:** бір-бірімен сәйкестендіруге не болмаса беруге дағдыландыру.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, дәптердегі | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Мозайка үстел үсті ойындары:**<br>**Ойын жаттығу: «Бүтін жеміс құрап,жинау»**<br>**Міндет:** балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу .<br>**Дағды:** көкөністер мен жемістерді айыра білуге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету.<br>**Ықтимал күрделендірулер :**Геометриялық пішіндердің атауын айтып беру. Өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ықтимал күрделендіру**: Геометриялық фигураларға байланысты жұмбақтар шешу<br>**Ойынның нұсқаулары**: Геометриялық фигураларды ажыратқан соң,атауларын жатқа айту.Геометриялық пішіндерден тағы не құрауға болатыны жайлы әңгімелеу.<br><br> | Жасырын тұрған қай түсті атасам жерде шашылып жатқан гүлдердің ішінен сол түсті тауып көрсетілген түске әкеліп саласыңдар , біз түстерді ажырата біледі екенбіз балалар.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса.<br><br><br><br> | қалыптастыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>***Ойынның шарты:*** карточкадағы берілген схема бойынша адам бейнесіне сәйкес санамақ таяқшаларымен суретті құрастырады және ол қимылды қайталап көрсетеді. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның нұсқаулары:** дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау.<br><br> | жануарлар мен құстардың дауысын, қимылын келтіріп ойнату.<br>**Ойынның нұсқаулары:** пазлдағы суреттің не екенін және оның қолданылуы туралы сұрау.<br><br><br> | ойларын еркін жеткізу.<br><br><br><br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | |     |   |  |
| **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, | № 56 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл** | № 57 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл** | № 58 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл** | № 59 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл** | № 60 гимнастика кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жоғарғы тыныс жолдарына арналған алдын алу жаттығулары.**<br>**№ 5 жаттығулар кешені**<br>**Жұдырықты түйіп тыныс алу.**<br>Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, жұдырық жұмылған, бас бармақтар жамбасқа қысылған. Иық пен кеудені бос ұстау, тура алдыңызға қараңыз, ауыз жабық, тіл таңдайға тигізілген, барлық іштің төмен жағына аударылған. Іш бұлшық еттерін тыныс алу кезінде созып, дем шығарған кезде қатты қысып тыныс алыңыз.<br>Қолдарды төмен қарай басып тұрып тыныс алу. Б.т. – н.т., аяқты иық деңгейінде қою, қолдар жамбастың бойымен, алақандар төмен қараған, саусақтар сыртқа. Аяқтар тік, қарын пресінің бұлшық еттерін қолданып және сол уақытта алақанмен астыға қарай басып тыныс алу. Тыныс алу кезінде қарын созылған, ал демді шығарған кезде іштің астына қысымды арттырыңыз және сол уақытта саусақты жоғары қарай барынша бұрыңыз, ол бүкіл дененің тырысуына көмектеседі.<br>**Қолмен сыртқа басып, дем алу**. Б.т. – н.т., аяқты иық деңгейінде қою. Қолдарды жан- жаққа, алақанмен сыртқа қарай, иық | **белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 6 жаттығулар кешені.**<br>**Алақандарды бірге түйістіріп және жан-жаққа ажыратып тыныс алу**. Б.т. – н.т., аяқты иық деңгейінде қою. Алақандарды бірге ұстап, бас бармақтарды кеудеге тигізіп ұстау. Шынтақтарды жан-жаққа ажырату. Тыныс алу кезінде алақанды баяу, бас бармақтарды кеуде бойымен тигізіп, бір-бірінен ажырату, ал дем шығару кезінде алақанды баяу түйістіріңіз. Тыныс алу бірқалыпты, баяулатылған. Бүкіл денені тырыстыру үшін күш қолданыңыз.<br>**Бір қолды көтеріп тыныс алу**. Б.т. – солға адымдау, сол аяқты бүгу, оң аяқты түзеу, ал дененің жоғарғы жағын тік ұстаңыз. Сол қолды алақанмен жоғары қаратып көтеру, оң қолды алақанды ішке қаратып түсіру. Саусақтардың ұштары жерге «қаратылған». Тыныс алу кезінде сол қолды жоғары қарату, ал оң қолды денені тырыстырып, төмен түсіру. Қимылдарды кері ретпен орындау.<br>**Жүрелеп отырып тыныс алу.** Б.т. – н.т., аяқтар иық енінен кеңірек. Қолдарды алақандарын жоғары қаратып созу. Алақандарды ішке қарай бұрып, бас бармақтар жерге параллель болғанға дейін жүрелеп | **белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 7 жаттығулар кешені.**<br>**Жартылай отырып тыныс алу**. Б.т. – еркін тұру, аяқтар иықтан сәл кеңірек қойылған. Қолдарды арқаға, оң жұдырықты түйіп, оны сол қолмен ұстау. Тізені сәл бүгіп (жартылай жүрелеп отыру) және іш пресін қолданумен тыныс алу, бұл ретте қарынды тыныс алуда созып, дем шығаруда барынша тарту керек.<br>**Ілгері иілген кезде тыныс алу**. Б.т. – еркін тұру, аяқ табандарының арасындағы қашықтық иық енінен сәл ғана кеңірек. Баяу ілгері иіліп (еденге қатысты $90^0$ бұрышпен), қолдар еркін түсіп тұрады, иықтар босаңсытылған, алақандар ішке қаратылған (өзіне), саусақтар еденге қарай. Иілу кезінде дем шығару, түзелген кезде тыныс алу.<br>**Артқа қарай бұралып тыныс алу**. Б.т.- еркін тұру. Солға адымдау, сол аяқты бүгу, оң аяқты түзету. Денені солға бұрып, сол қолды алақанмен сыртқа қаратып, белге қою, оң қолды бүгу, оны алақанмен сыртқа қаратып, маңдайдан бір | **белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 8 жаттығулар кешені.**<br>**Аяқ бармақтарын көтеру**. Тік тұру, өкшелер бірге, аяқ ұштары жан-жаққа. Бас бармақтарды бүгу, оларды қалған төрт саусақпен ұстау және қолдарды жан-жаққа иық деңгейіне көтеру. Аяқ бармақтарын еденнен көтеріп, сол уақытта қолдарды артқа қайырып, сәл арқаны бүгу. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіңіз, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, аяқтарды жерге қойып, жаттығуларды қайталау керек.<br>**Мұрынды жұдырықпен жабу.** Тік тұру, өкшелер бірге, аяқ ұштары жан-жаққа. Бас бармақтарды бүгу, оларды қалған төрт саусақпен ұстау. Қолдарды жан-жаққа созу, оларды иық алдына бүгу, жұдырықтарды мұрынға (қашықтығы 5 см). Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіп, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау.<br>**Жұдырықтарды тігінен**. Тік тұру, өкшелер бірге, аяқ ұштары жан-жаққа. Бас бармақтарды бүгу, оларды қалған төрт саусақпен ұстау. Қолдарды жан-жаққа созып, оларды иық алдына бүгу және жұдырықтарды | **белсенділігі, ойын әрекеті.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№ 9 жаттығулар кешені.**<br>**Бас бармақтарды көтеру.** Жинақталу, жұдырықтар жамбаста, саусақтарды бүгу және бас бармақтарды бір-біріне бұру. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, бас бармақтарды көтеру, ал қалған саусақтарды қысу, бүкіл денені тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау.<br>**Бас бармақтарды ұстау**. Тік тұрыңыз, аяқты иық деңгейінде қою, қолдар жамбастың бойымен. Бас бармақтарды бүгу және оны қалған төрт саусақпен ұстау. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіңіз, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау.<br>**Қолдар алдыда.** Тік тұру, аяқты бірге, аяқ бармақтары ілгері қараған. Бас бармақтарды бүгу және оны қалған төрт саусақпен ұстау. Қолдарды баяу иық деңгейіне дейін көтеру, шынтақ сәл бүгілген. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіңіз, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау.<br>**Жоғары көтерілген қолдар.** Тік тұру. Өкшелер бірге, аяқ ұштары жан-жаққа. Бас бармақтарды бүгу және оны қалған төрт |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | деңгейінде созу және білезікті қолмен тік бұрыш құрайтындай етіп бүгу. Тыныс алу кезінде іш бұлшық еттерін керу, ал дем шығару кезінде бүкіл дене тырысқанға дейін алақанмен жоғары қарай қатты басу. Саусақтарды барынша жоғары бүгу. | отыру, дененің жоғарғы жағын тік ұстау. Отырғаннан кейін алақандарды жоғары қаратып, баяу тұра бастау. Содан кейін алақандарды ішке қарай бұрып, қайтадан жүрелеу. Жаттығуды бірнеше рет қайталау керек. Алақандар жоғары қарап тұрған кезде терең тыныс алу қажет. | жұдырық қашықтықта орналастырыңыз. Бұл кезде оң аяқтың өкшесіне қарау керек. Тыныс алу іш бұлшық еттері көмегімен жүзеге асырылады: тыныс алу кезінде денені созуға тырысып, ал дем шығару кезінде – барлық салмақты оң аяқтың өкшесіне көшірем деп елестету керек. Дәл соны оң жаққа қайталау керек. | алақанмен сыртқа тігінен ұстау. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіп, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау. **Жұдырықтар кіндікте**. Тік тұру, өкшелер бірге, аяқ ұштары жан-жаққа. Бас бармақтарды бүгу, оларды қалған төрт саусақпен ұстау. Қолдарды жан-жаққа созып, оларды иық алдына бүгу және жұдырықтарды алақанмен денеге қаратып, кіндікке орналастыру. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіңіз, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау. **Жұдырықтар кеудеде**. Тік тұру, аяқты иық деңгейінде қою. Бас бармақтарды бүгу, оларды қалған төрт саусақпен ұстау. Қолдарды жан-жаққа созып, оларды иық алдына бүгу және жұдырықтарды алақанмен төмен қаратып, кеудеге. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіп, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау. Қимылдарды аяқтағаннан кейін 3–5 рет терең тыныс алу. | саусақпен ұстау. Қолдарды баяу  көтеру, шынтақтар сәл бүгілген, жұдырықтар бір-біріне қараған, олардың арасындағы қашықтық – 30 см. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіп, бір уақытта өкшелерді көтеріп, денені максималды тырыстыру. Босаңсу және аяқ өкшелерін түсіру, жаттығуды қайталау. **Құлақты жұдырықпен жабу.** Тік тұру, аяқты иық деңгейінде қою, аяқтың ұштары жан- жаққа. Бас бармақтарды бүгу, оларды қалған төрт саусақпен ұстау және қолдарды жан- жаққа көтеру, содан кейін жұдырықтар құлақтарды жабатындай етіп, иық алдын бүгу. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіңіз, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:** | 09.00-09.25<br>09.35-10.00 | **27.11.23 Дүйсенбі** | **28.11.23 Сейсенбі** | **29.11.23 Сәрсенбі** | **30.11.23 Бейсенбі** | **01.11.23 Жұма** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 09.00<br>11.30 | 10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Құрастыру**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жыл мезгілдері. (ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу.<br>**Дағды:** жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** жыл айларының реттілігімен таныстыру.<br>**Түсінеді:** жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын;<br>**Қолданады:** жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын сәті.**<br>Әлия мен Сырым «Бұл қашан болады?» деген жұмбақ шешуді ұсынады.<br>Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту;<br>-сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту;<br>-ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу;<br>**Дағды:** Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сызбаға сәйкес сөзді анықтайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Заттың жекеше түрін айт» ойынын балалармен ұйымдастыру.<br>Ұлдар – ұл.<br>Торғайлар – ... *(торғай)*<br>Көбелектер – ... *(көбелек)*<br>Таулар – ... *тау)*<br>5.Жапырақтар – ... *(жапырақ)* | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ауыр. Жеңіл. (танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-«жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыра алуға дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр - жеңіл», «ауырлау - жеңілірек»;<br>**Түсінеді:** заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын; | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ауыр. Жеңіл. (танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-«жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету;<br>-логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыра алуға дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр - жеңіл», «ауырлау - жеңілірек»;<br>**Түсінеді:** заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын; | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру;<br>-берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту;<br>-тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Телефон» дидактикалық ойынын ойнатады.<br>***Ойын шарты:*** балалар, бір-бірінің құлағына сыбырлау арқылы айтылған сөзді басқа балаға жеткізеді. Егер ойын барысында сөзді кімде-кім дұрыс естімей қате естіп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар жеміс-жидек пен көкөністерді жинап алады.<br>Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, салқын және тайғанақ<br>Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы жақтардан құстар оралып, ұя салады.<br>Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады.<br>Жағдаятқа қызығушылық танытады. Балалар өз таңдауын түсіндіре отырып, жұмбақтарды шешеді.<br>**Түсіну деңгейі: Жыл мезгілдері**<br>Самал желі өскен,<br>Гүлі жәйнап өскен.<br>Сыңғыр қаққан бұлағы-<br>Көк көйлекті *көктем.*<br>Көңіліңның назы,<br>Көлде үйрек, қазы.<br>Жеміске бай, ыстық-<br>Көктемнен соң *жазы.*<br>Жер байлығын жиған,<br>Қоймаға ел құйған<br>Сары алтындай түсі- | **Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу.  Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>«Жалауша»дидактикалық ойын-жаттығуы<br>Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>Балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді. Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек.<br>Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек.<br>Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау.<br>Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек.<br>Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді екенін анықтау керек.<br>Педагог **доп, шар**сөздерінің | **Қолданады:** заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Алдымен үлкен рюкзакты әкеледі, көтеруге өте ауыр деген кейіп танытады. Одан кейін шағын рюкзакты оңай және көңілді әкеледі. Балаларға сұрақ қояды: «Осы рюкзактар туралы не айта аласыңдар?»<br>Салмақ туралы болжамдар айтады.<br>Педагог балалардың жауаптарын қорытындылайды: үлкен рюкзак ауыр, екіншісі кішкентай және жеңіл.<br>Бүгін біз заттарды салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз. Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз? (Ауыр және жеңіл).<br>**Түсіну деңгейі: Ойын тапсырмасы:** «Ауыр және жеңіл заттарды табу».<br>Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтайды.<br>Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар,<br>**1 -тапсырманы** орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды. | **Қолданады:** заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Алдымен үлкен рюкзакты әкеледі, көтеруге өте ауыр деген кейіп танытады. Одан кейін шағын рюкзакты оңай және көңілді әкеледі. Балаларға сұрақ қояды: «Осы рюкзактар туралы не айта аласыңдар?»<br>Салмақ туралы болжамдар айтады.<br>Педагог балалардың жауаптарын қорытындылайды: үлкен рюкзак ауыр, екіншісі кішкентай және жеңіл.<br>Бүгін біз заттарды салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз. Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз? (Ауыр және жеңіл).<br>**Түсіну деңгейі: Ойын тапсырмасы:** «Ауыр және жеңіл заттарды табу».<br>Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтайды.<br>Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар,<br>**1 -тапсырманы** орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды.<br>-Кімнің жолдорбасы ауыр?<br>-Кімнің жолдорбасы жеңіл? | сөзді шатастырып алса, «айыбын» төлейді.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу.  Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну деңгейі: Дыбыстармен жұмыс.**<br>«Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы<br>Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер.<br>Мысалы: *тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай*  т.б.<br>«Кім алғыр» дидактикалық ойыны<br>–Балалар, алдарында көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *К*үз мақтауға сыйған.<br>Үстінде аппақ шапаны,<br>Күмістей мұрт, сақалы.<br>Төрт мезгілдің атасы-<br>Әйгілі *қыс* атағы.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***«Жыл бойы»***<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:<br>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br>**Дәптермен жұмыс**<br> - Ай аттарын есіңде сақта.<br>Әр жыл мезгілінде неше ай бар? | дыбыстық сызбасын тақтаға іледі.  Екі бала тақтада **доп, шар** сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Қалған балалар орындарында талдау жасайды, қателескендер тақтамен тексеріп, қателерін түзейді.<br>**Шар** сөзін баяу айтып, сөздегі әр дыбыстық дыбысталуына назар аударыңдар.<br>***Шар*** сөзінде неше буын бар?<br>Дұрыс айтасыңдар,бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар.<br>**Шар** сөзінде барлығы неше дыбыс?<br>Үш дыбыс екен.<br>*Шшшар* бірінші дыбыс қандай дыбыс?<br>Иә, бірінші дыбыс – ш дыбысы.<br>Ш дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па?<br>Ш дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс, өйткені айтылғанда тек салдырдан жасалады.<br>Қандай түспен белгілейміз?<br>Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог екінші дыбысты айқындап  *шааар* сөзін оқиды.<br>*А*дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>Дұрыс айтасыңдар, дауысты дыбыс. Дауысты  жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па?<br>Жуан дауысты дыбыс, өйткені [*а]* дыбысы айтылған кезде тіл артқа | -Кімнің жолдорбасы ауыр?<br>-Кімнің жолдорбасы жеңіл?<br>Педагог балалармен бірге тапсырманы орындайды, талқылайды. Баланың жолдорбасы жеңіл екенін анықтайды, ол оны оңай көтеріп, жүгіреді.<br>Атасының жолдорбасы ауыр, сондықтан бала атасына көмектеседі.<br>**Эксперименттік іс-әрекет** Педагог кейбір материалдарды өлшеуге ұсынады.<br>Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар .<br>Педагог алақанға салуды сұрайды.<br>Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы). Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр).<br>Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не болды? (Мақта ұшып кетті). Енді металл заттарды үрлеңіз.<br>Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды). Неліктен? (Гайка ауыр, ол - металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс істеу 1-тапсырманы** жұппен немесе топпен орындауға | Педагог балалармен бірге тапсырманы орындайды, талқылайды. Баланың жолдорбасы жеңіл екенін анықтайды, ол оны оңай көтеріп, жүгіреді.<br>Атасының жолдорбасы ауыр, сондықтан бала атасына көмектеседі.<br>**Эксперименттік іс-әрекет**<br>Педагог кейбір материалдарды өлшеуге ұсынады.<br>Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар .<br>Педагог алақанға салуды сұрайды.<br>Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы). Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр).<br>Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не болды? (Мақта ұшып кетті). Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды). Неліктен? (Гайка ауыр, ол - металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс істеу 1-тапсырманы** жұппен немесе топпен орындауға ұсынады. Балалар суреттерді қарайды, не бейнеленгені туралы айтады.<br>-Жүк көліктері туралы не | үшбұрыш бар. Мен сендерге дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұяң болса, көк дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрышты көтересіңдер.<br>Мысалы:  б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, һ, ф, х, ц, ч, ш, у.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балалар, біз бүгін дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдауды жасауды жалғастырайық. Педагог балаларды кезекпен тақтаға шығарып, дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды.<br>Қателескен жерлерін тақтадағы сызбамен түзейді.<br> «Әже» сөзінің дыбыстық сызбасын педагог  тақтаға іледі.<br>«Әже» сөзінде 2 буын, 3 дыбыс бар.<br>Бірінші дыбыс – ә жіңішке дауысты,  қызыл түсті дөңгелекпен белгілейік.<br>Екіншісі – ж ұяң, дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.<br>Үшіншісі – е жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді.<br>**«Тай»** сөзінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі.<br> Тай – 1 буын, 3 дыбыс.<br>Бірінші дыбыс – т қатаң дауыссыз дыбыс, көк |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>Педагог *«шаррр»* сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды.<br>Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>Дұрыс айтасыңдар, «р» дыбысы естіліп тұр.<br>«Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>«Р» дыбысы дауыссыз дыбыс.<br>Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба?<br>«Р» дыбысы үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді.<br>Сызбада қандай түспен белгілейміз?<br>Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. *Шар – 1 буын, 3 дыбыс.*<br>**Қолдану деңгейі:** Осы үлгі бойынша **доп** сөзіне дыбыстық талдау жасатылады.<br>Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>П – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. | ұсынады. Балалар суреттерді қарайды, не бейнеленгені туралы айтады.<br>-Жүк көліктері туралы не айтуға болады?<br>- Сол жақтағы жүк көлігі ауыр заттарды тасиды.<br>-Оң жақтағы жүк көлігі жеңіл заттарды тасиды.<br>Бір топ (жұп) сол жақтағы жүк мәшинесіне ауыр заттарды, екінші топ (жұп) оң жақтағы мәшинеге жеңіл заттарды тиейді. Тапсырманы орындайды, тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз таңдауын түсіндіреді.<br>**2-тапсырма.** Балалар салмағы ауыр заттарды бояйды, жеңіл заттарды қоршап сызады.<br>Тапсырманы орындайды, салмағы ауыр затты қалай анықтағанын айтады.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Сұрақтарға жауап береді: салмақты салыстыру үшін затты көтеріп көруге, немесе екі қолға салып салыстыруға немесе таразыға салып өлшеуге болады. | айтуға болады?<br>- Сол жақтағы жүк көлігі ауыр заттарды тасиды.<br>-Оң жақтағы жүк көлігі жеңіл заттарды тасиды.<br>Бір топ (жұп) сол жақтағы жүк мәшинесіне ауыр заттарды, екінші топ (жұп) оң жақтағы мәшинеге жеңіл заттарды тиейді.<br>Тапсырманы орындайды, тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз таңдауын түсіндіреді.<br>**2-тапсырма.** Балалар салмағы ауыр заттарды бояйды, жеңіл заттарды қоршап сызады.<br>Тапсырманы орындайды, салмағы ауыр затты қалай анықтағанын айтады.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Сұрақтарға жауап береді: салмақты салыстыру үшін затты көтеріп көруге, немесе екі қолға салып салыстыруға немесе таразыға салып өлшеуге болады. | дөңгелекпен белгіленеді.<br>Екіншісі – а жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді.<br>Үшіншісі – й үнді дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.<br>**«Нар»** сөзінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі.<br>Нар сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>Н – үнді дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Бір, екі, үш,<br>Кәне, жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық. |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>Доп – 3 -дыбыс,1 буын.<br>Сергіту сәті<br>Биле, биле, балақай<br>Бір, екі, үш, төрт<br>Біз билейміз күш көп.<br>Бес, алты, жеті, сегіз<br>Ән менен би егіз.<br>Қолдармен биле, аяқты серме.<br>Билейік айнала, бос тұрма қайтала!<br>Саусақ жаттығуы<br>Саусақтар шықты қыдырып,<br>Балетке келді жүгіріп.<br>Залдың шамы сөнеді,<br>Бишілер билеп береді.<br>Балет қандай тамаша!<br>Қол соғайық таласа.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">1 үзіліс - 09:25 - 09:35<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.<br>«Еркін  қозғалу, өз әрекеттерімен  қимылдауға » арналған ойын: «Мен ұшқыштарша ұшамын»<br>Басты міндет: Балаларды бір - біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Артикуляциялық аппаратты тілдік жаттығулар<br>Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:<br>Шегіртке.<br>Ш-ш-ш-шегірткемін ш-ш-ш-шырылдақ,<br>Ән саламын ш-шырылдап:<br>-ш-ш-ш-ш-ш<br>Жоқ тұрақты мекенім,<br>Ш-ш-ш-шөпті қорек етемін.<br>-ш-ш-ш-ш-ш<br>(Шегіртке болып «ш»дыбысын айтып көр.)<br>Қоңыз.<br>Тым қатулы кескіні,<br>Жақтырмаймын ешкімді,<br>Үлкен қара қоңыздың<br>Дауысы алыстан естілді:<br>-ж-ж-ж-ж-ж<br>Мұндай сұмдық бола ма?<br>Келе салып сонаға<br>Гүжілдеді: «Бұл ж-ж-ж-жерге<br>Енді қайтіп ж-ж-ж-жолама!»<br>-ж-ж-ж-ж-ж</td><td colspan="2">
</td><td colspan="2">Еркін қозғалу,қимылды ойын: «Мен ұшқыштарша ұшамын»<br>Мақсаты: Балаларды бір - біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту.<br>Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>Ойынның шарты: Балалар 3 - 4 топқа бөлінеді. Олар бірінің соныңнан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі - түсті жалаушалармен белгіленген алаңдарда топтар орналасқан. Бұл - әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалыңдар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, қанаттарын жан - жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан - жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қоныңдар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4 - 5 рет қайталанады.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Көбелек пен инелік<br>Қалды тіптен именіп.<br>Мұңды әуен басталды<br>Шегірткеміз күйзеліп:<br>**-ш-ш-ш-ш**<br>Ызылдады ара да:<br>**-з-з-з-з-з**<br>Ызылдады маса да:<br>**-з-з-з-з-з**<br>Ал өрмекші үн түнсіз<br>Жасырынды тасаға<br>«Тыныштықты бүгінгі<br>Келді дағы бүлдірді»-<br>Деп қоңызға құмырсқа<br>Өз ренішін білдірді.<br>Ал қоңызға бәрібір,<br>**Айтатыны:** «Ары ж-ж-жүр!»<br>Жанында еш досы жоқ,<br>Гүж-гүж етіп әлі жүр.<br>(Балақай, ойыншық жәндіктермен үстел театрын жасап ойнауға болады. Әр жәндіктің сөзін айтып болған соң, оның дыбысын салуды ұмытпа) | |   <br>  | | **Ұсыныс**: ойында әртүрлі құралдарды пайдалануға болады. Әуежайды белгілеп қойған жалаушаларды тәрбиеші білдірмей ауыстырып қояды. Қолбасшының топтарын әуежайға дұрыс орналастыруы қажет. | |
| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қыс.(Өлең)А.Құнанбаев<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу;<br>-мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту;<br>-еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе? (коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру;<br>-өз нысанын суреттеу қабілеттерін; зейінін және | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мысық, әтеш және түлкі.(ертегі) ермексаз театры театры арқылы сомдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету;<br>-ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қыс.(Өлең),(тілдік қарым-қатынас,жаттау)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу;<br>-мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жаңа жыл келді. (өлеңді жаттау)Сағи Жиенбаев танысу.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын,<br>тілдік бейнелілігін сезінуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дағды**: Жыл мезгілі «Қыс» туралы әңгімелеп айтып, сұраққа жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қоңырау соғып қуаныш сезімін білдіреді, суретті жалғастырып салады; **Түсінеді:** өлең мазмұнын**,** аяздың ашулы, қаһарлы екенін, "м" "н" дыбыстарының үнді дауыссыз дыбыс екенін;<br>**Қолданады:** көргенін әңгімелеп айтып, сұраққа жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, мен бүгін Аязды көрдім.<br>Ол: «Қыс мезгілі келгеніне балалар қуанды ма?» – деп сұрады.<br>Мен: «Әрине, қуанды», – дедім.<br>Сендер қуандыңдар ма?<br>Ендеше мына күміс қоңырауды ал да, балаларға бер, қоңырауды сылдырлатып, қыс келгеніне қалай қуанғандарын білдірсін. Қысқы мерекелерді, ойын түрлерін айтып, қоңырауды сылдырлатсын. Мен терезеден қарап тұрамын, әйтпесе қатты боран соғып, аяз қысады, – деді.<br>Кәне, балалар, Аяздың айтқанын орындаймыз ба? Орындамасақ, Аязды ашуландырып алармыз.<br>Өте жақсы, балалар. Қыс мезгілінің келгеніне қатты қуанғандарыңды Аязда | есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға құштар етіп тәрбиелеу.<br>**Дағды**: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді.<br>**Түсінеді:** олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қандай тамақ жейтінін түсінеді.<br>**Қолданады:** оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** балалардың жұмыс істеуіне қолайлы эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру мақсатында өлең оқиды.<br>Қол алысып, кәне, біз (қол алысады),<br>Достасайық бәріміз (бәрі құшақтасады).<br>Армысың, алтын күнім! (Екі қолын жоғары көтереді).<br>Армысың, балабақшам! (Жан-жағына қарайды).<br>Армысың, достарым, (Достарына қарайды).<br>Сіздерді көргеніме қуаныштымын. (Қолдарын шапалақтайды).<br>– Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарлар біздің | қабылдау,<br>қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту;<br>-жағымды әдеттерді бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды**: ертегінің мазмұнын сақтай отырып айтып береді;<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді  ажыратады;<br>**Қолданады:** ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** балаларға жұмбақ жасырады:<br>«Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай».<br>*(Әтеш)*<br>Қандай жан-жануарлар туралы ертегі білесіңдер? Бүгін біз **«Мысық, әтеш және түлкі»** деген ертегімен танысамыз. Ертегіні мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді.<br>**Түсіну деңгейі: Сөздік жұмыс:**<br>*Әтеш* – үй құсы, жем, тарыны тұмсығымен шоқып жейді.  «Ку-ка-ре-ку!» деп шақырады.<br>*Мысық*  – үй хайуанаты. Ол мияулайды.<br>*Шап беріп* – тез ұстап алу. | қабілеттерін дамыту;<br>-еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Жыл мезгілі «Қыс» туралы әңгімелеп айтып, сұраққа жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қоңырау соғып қуаныш сезімін білдіреді, суретті жалғастырып салады;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнын**,** аяздың ашулы, қаһарлы екенін, "м" "н" дыбыстарының үнді дауыссыз дыбыс екенін;<br>**Қолданады:** көргенін әңгімелеп айтып, сұраққа жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, мен бүгін Аязды көрдім.<br>Ол: «Қыс мезгілі келгеніне балалар қуанды ма?» – деп сұрады.<br>Мен: «Әрине, қуанды», – дедім.<br>Сендер қуандыңдар ма?<br>Ендеше мына күміс қоңырауды ал да, балаларға бер, қоңырауды сылдырлатып, қыс келгеніне қалай қуанғандарын білдірсін. Қысқы мерекелерді, ойын түрлерін айтып, қоңырауды сылдырлатсын. Мен терезеден қарап тұрамын, әйтпесе қатты боран соғып, аяз қысады, – деді.<br>Кәне, балалар, Аяздың айтқанын орындаймыз | баулу және өзара қарым-қатынасын дамыту;<br>-ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын атайды, өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді**: өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі, жаңа жылда алған әсерлері туралы айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>– Қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Жақында қандай мереке болады?<br>– Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды?<br>Жаңа жыл мерекесі қай мезгілде тойланады?<br>Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» атты өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Жаңа жыл да келеді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көріп, риза болып қалған шығар.<br>Балалар, бүгін А.Құнанбаевтың шығармаларының бірімен танысамыз. Ол кісі қазақтың ұлы тұлғасы, ақын жазушысы, аудармашы. Шетел жазушыларының көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударған ақын. Жылдың төрт мезгіліне де арнап өлең жазған. "Жазғытұрым", "Жаз", "Күз", "Қыс". Біз бүгін қыс мезгіліне арналған "Қыс" өлеңімен танысамыз.<br>**Түсіну деңгейі: Қыс**<br>Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды.<br>Өлеңді оқып жатқанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер?<br>Иә, балалар, Абай атамыз өлеңде қысты үлкен қарияға, яғни шалға теңеп отыр.<br>Қалай ойлайсыңдар, қарияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген.<br>Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек?<br>Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді?<br>Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды?<br>–Иә, дұрыс айтасыңдар.<br>**Қолдану деңгейі:** Бүгін "н" "м" дыбыстарымен танысамыз. Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз | қамқорлығымызды қажет ете ме?<br>Атжалманның (немесе теңіз шошқасының) іс-қимылын бақылау жұмысын ұйымдастырады. Тірі нысанды мұқият қарап шығып, оның іс-қимылдарына, сыртқы келбетіне назар аударады. Атжалманды қатырғықағаз қорапшада немесе ағаштан жасалған жәшікте ұстауға болмайтынын түсіндіреді.Торкөздің ішінде атжалманның үйі бар. Ол үйшікке жасырынып жатқанды жақсы көреді. Үйдің жанында «қойма» бар. Ол қоймаға қор жинайды. Атжалманды қанша тойдырып тамақтандырсаң да, ол бәрібір қор жинағанды жақсы көреді. Оның осындай қызықты мінездері бар. Балалар атжалманға көгөніс береді. Оның артқы аяқтарына тұрып, тамақты алдыңғы аяқтарымен ұстап тұрып кеміретінін атап көрсетеді. Астықты аузына толтырып салып, тістерімен қыртылдатып кемиреді. Атжалманның кеміруші деп аталуы тегін болмаса керек. Оның ұртында кішігірім қапшықтары бар. Ол қарны тойғаннан кейін қалған астықты сол қапшықтарға толтырып алып, қоймаға әкеп төгеді.<br>**Түсіну деңгейі: Балаларды топқа бөлініп жұмыс істеуге шақырады.** | *Тәкаппар* – менсінбей, кеудесін көтеруді айтамыз.<br>**Сұрақ-жауап**<br>Ертегі қалай аталады?<br>Ертегі ұнады ма?<br>Ертегіде не туралы айтылған?<br>Қай кейіпкер саған ұнады?<br>Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді?<br>Мысық қайда кетеді?<br>Әтешті түлкі қалай алдады?<br>Мысық әтешті қалай құтқарды?<br>Түлкінің жасағаны дұрыс па?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті**<br>Мысық қалай жүреді?<br>Қалай дыбыстайды?<br>Әтеш қалай секіреді? Қалай шақырады?<br>Түлкі қалай құланады?<br>Құйрығын қалай қозғалтады?<br>*Балалар ертегі желісі бойынша қимылмен жасайды.*<br>Сурет бойынша ертегі мазмұнын, оқиға жүйесін сақтап баяндау.<br>Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?<br>Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер.<br>***Есіңе сақта:***<br>«Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».<br>**Мысық, әтеш және түлкі** (ертегі)<br>Ормандағы бір үйшікті мысық пен әтеш мекен етіпті. Мысық таңертең ерте тұрып, ылғи аңға | ба? Орындамасақ, Аязды ашуландырып алармыз.<br>Өте жақсы, балалар. Қыс мезгілінің келгеніне қатты қуанғандарыңды Аязда көріп, риза болып қалған шығар.<br>Балалар, бүгін А.Құнанбаевтың шығармаларының бірімен танысамыз. Ол кісі қазақтың ұлы тұлғасы, ақын жазушысы, аудармашы. Шетел жазушыларының көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударған ақын. Жылдың төрт мезгіліне де арнап өлең жазған. "Жазғытұрым", "Жаз", "Күз", "Қыс". Біз бүгін қыс мезгіліне арналған "Қыс" өлеңімен танысамыз.<br>**Түсіну деңгейі: Қыс**<br>Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды.<br>Өлеңді оқып жатқанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер?<br>Иә, балалар, Абай атамыз өлеңде қысты үлкен қарияға, яғни шалға теңеп отыр.<br>Қалай ойлайсыңдар, қарияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген.<br>Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек? | Бізге қарай жылыстап.<br>Өлең де әзір, ән де әзір,<br>Ойын да әзір, бәрі әзір.<br>Кел, Жаңа жыл, біздерге,<br>Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Жылыстап* – ақырындап, біртіндеп.<br>*Әзір* – дайын.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Жаңа жылда балалар не істейді?<br>Жаңа жылда бізге кім келеді?<br>Өлең шумағындағы сөздерді есімізге түсірейік.<br>*Жылыстап, әзір* сөздерінің мағынасын қайталау.<br>Өлеңді мәнерлеп жатқа айтады.<br>3-4 балаға өлеңді қайталап айтқызу.<br>***Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»***<br>***Ойын шарты*:** екі үлкен шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны ойыншықтармен безендіру. Қай топ тез безендірсе, сол топ жеңімпаз атанады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қар борайды оң жақтан,<br>Қар борайды сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>*Балалар қимылмен орындайды.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстар.<br>«М» дыбысының дұрыс артикуляциясы:<br>Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады.<br>«М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.<br>«Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы:<br>Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.<br>«Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.<br>**Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».**<br>Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру.<br>Жылдамдыққа үйрету.<br>Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта.Тіл дамыту дәптеріндегі тапсырма бойынша орындалады. | Педагог балаларға «кездейсоқ бірігу» техникасының көмегімен топтарға бөлінуді ұсынады.1-4-ке дейін санайды, педагогтің белгісінен кейін бірдей нөмір иеленген балалар бір топқа бірігеді.<br>**Педагог «Текше» техникасын пайдалана отырып,** «Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер» тақырыбында *салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады.*<br>Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады: *Сипатта* – балалар табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарды сипаттайтын белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. *Салыстыр* – балалар қыс пен күздік арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. *Ұқсас заттарды тап* – тақпақтың үстел үстіндегі суретке сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу (балықтар, атжалман, теңіз шошқасы, қояын, тасбақа). *Талда* – жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарлардың дене мүшелерін атап көрсету керек. *Пайдалан* – балалар табиғаттың бұрышына тән элементтердің суреттерін көптеп салуы тиіс. *Дәлелде* – | шығады, ал әтеш үйді күзетіп қалады. Мысық аңға кеткенде, әтеш үйдің ішін жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға шығып алып, өзінің үйреншікті даусымен ку-ка-ре-куге басады, мысықтың келуін күтеді.<br>Бірде жақын маңда жортып жүрген түлкі әтештің даусын естиді. Сол-ақ екен, оның әтеш етін жегісі келіп кетеді. Ол терезенің түбіне келіп отыра қалады да, сызылта үн қатып былай дейді:<br>Әтешім-ай, әтешім,<br>Алтын айдар, уа, әтеш.<br>Терезеден қарай ғой,<br>Бұршақ берем, ала ғой.<br>Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап алады да, арқалап ала жөнеледі.<br>Түлкі мені арқалап ну орманмен қашпақшы, биік таудан аспақшы. Бауырым, менің мысығым, құтқарсаңшы, қайдасың! – деп айғай салады үрейі ұшқан әтеш.<br>Мысық жақын жерде жүр еді, әтештің даусын естиді де, түлкінің соңынан қуып кеп береді. Әтешті аман алып қалып, үйге ертіп әкеледі.<br>Келесі күні аңға шығуға дайындалып жатып, мысық әтешке былай дейді:<br>Байқа, терезеден қарама, түлкіні тыңдама, әйтпесе ол сені ұстап алады да, жеп | Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді?<br>Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды?<br>–Иә, дұрыс айтасыңдар.<br>**Қолдану деңгейі:** Бүгін "н" "м" дыбыстарымен танысамыз. Бұл екі дыбыстар үнді  дауыссыз дыбыстар.<br>«М» дыбысының дұрыс артикуляциясы:<br>Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады.<br>«М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма.<br>Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.<br>«Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы:<br>Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.<br>«Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.<br>**Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».**<br>Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру.<br>Жылдамдыққа үйрету.<br>Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта.Тіл | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | балабақшадағы жануарлар тіршілік ететін бұрыштың пайдалы жақтарын дәлелдеу қажет.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Балаларды «Ұқсайды – ұқсамайды» дидактикалық ойынына қатысуға шақырады.**<br>Балалардың бірі белгілі бір жануардың атын жасырып, сипаттайды. Қалғандары оның атын табады.<br>**Сергіту сәті**<br>Атжалман-ау, атжалман, секеңдейсің,<br>*(Балалар секіреді).*<br>Судан қарғып өтем дейсің<br>*(Аяқтарын алғаь қарай адымдап басады).*<br>Құлап түстің,<br>*(Қол қимылымен көрсетіп сұрайды).*<br>Не болды ал, үстің?<br>*(Киімдерін сүртіп , екі аяқтарымен секіреді).* | қояды.<br>Мысық аңға кетеді, ал әтеш үйдің ішін жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға ұшып шығады. Сырғауылдың үстінде қонақтап отырып шақырады. Бұл кезде түлкі де жылмаңдап келе қалған еді. Ол бұл жолы да терезенің түбіне отыра қалып, былай дейді:<br>Әтешім-ай, әтешім,<br>Алтын айдар, уа, әтеш.<br>Терезеден қарай ғой,<br>Бұршақ берем, ала ғой.<br>Әтеш оның сөзін тыңдағанмен, сыртқа қарамайды. Түлкі бір уыс бұршақты терезеден шашып жібереді. Әтеш бұршақты шоқып жейді, бірақ терезеден қарамайды. Сонда түлкі былай дейді:<br>Сен өзің мүлде тәкаппар болып кетіпсің ғой.<br>Қарасаңшы, бұршағым көп-ақ, мұның<br>бәрін қайда қоямын?<br>Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап, арқалап ала жөнеледі. Әтеш үрейі ұшып айғай салады:<br>Түлкі мені арқалап ну орманмен қашпақшы, биік таудан аспақшы. Бауырым, менің мысығым, құтқарсаңшы, қайдасың!<br>Мысық алыста жүрсе де әтештің даусын естиді. Түлкінің соңынан бар пәрменімен қуа жөнеледі, әтешті аман алып қалып, | дамыту дәптеріндегі тапсырма бойынша орындалады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үйге ертіп әкеледі.<br>Үшінші күні мысық аңға шығуға дайындалып жатып, ақылын айтады:<br>Байқа, әтеш, мен бүгін алысқа барып аң аулаймын, қалай айғайласаң да бәрібір маған даусың естілмейтін болады. Түлкіні тыңдама, терезеден қарама, әйтпесе ол сені ұстап алады да, жеп қояды.<br>Мысық аңға кетеді, ал әтеш үйді жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға шығып қонақтайды да, шақыра бастайды, мысықтың келуін күтеді.<br>Түлкі тағы да келе қалады. Ал әтеш қарамай қояды. Сонда түлкі былай дейді:<br>Уа, әтешім, саған айтайын деген сөзім бар еді. Асығып келу себебім де сол. Жолмен жортып келе жатып көргенім: адамдар тары тасыды, бір қап тесік екен,<br>ішіндегі барлық тарысы жолға шашылып қалыпты, теріп алатын ешкім жоқ. Терезеден қарасаң, көресің...<br>Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап, үйіне алып кетеді. Мысық аңнан келсе, әтеш жоқ. Іздеп, түлкінің үйіне келеді. Есік сыртында тұрып, мысық әндетеді:<br>Дыңғырлаттым гуслиді,<br>Ішегі алтын мінекей.<br>Үйде ме екен бұл түлкі, | | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>Шықшы сыртқа, әй, түлкі!<br>Құймақ құйып жатқан түлкі қызын жұмсайды. Мысық оны қапқа салып алады.<br>Екінші қызы шығады. Оны да оны қапқа салып алады.<br>Мысық тағы әндетеді.<br>Түлкі әтешті жұмсайды.<br>Мысық әтешті ертіп, үйіне қайтады.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Ас – адамның арқауы» түскі ас.<br>10:00-10:30</td><td colspan="5">Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="6">2 үзіліс – 10:00 – 10:30</td></tr>
<tr><td colspan="6">Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">Қозғалмалы жүгіруге арналған ойын:«Күн мен түн»<br>Басты міндеттері: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.</td></tr>
<tr><td colspan="2"></td><td colspan="2"></td><td colspan="2">Қозғалмалы,жүгіруге арналған ойын:<br>«Күн мен түн»<br>Ойын міндеті: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалуға дағдыландыру.<br>Ықтимал күрделендіру:тез ойла,тез қозғал.<br>Ойын шарты: “Күн” мен “Түн” деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.<br>Ереже:<br>1.Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.<br>2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.</td></tr>
</table>

1.

<table>
<tr><td colspan="2"></td><td colspan="2">
</td><td colspan="2">3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.</td></tr>
<tr><td colspan="6">3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55</td></tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларың қалыптастыру;<br>-сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту.<br>Дағды: Қазақстан Республикасының рәміздерін дұрыс айта білу дағдыларын жетілдіру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: жаңа сөздерді қайталайды, тақпақты жаттайды, сөздерді жекеше және көпше түрде айтады.</td>
<td>3.Құрастыру- шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Орманды мекендеушілер.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету;<br>-табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту;<br>- ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>Дағды: табиғи материалдардан ұсақ заттар жасай білуге үйрету, оларды пайдалана отырып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Күтілетін нәтиже:</td>
<td>3. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Дыбыстық талдау. [ң]<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту;<br>-дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Дағды: дыбыстық талдау жасай алуға дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: дыбыстық талдау жасайды.<br>Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>Қолданады: дыбыстарды</td>
<td>3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру;<br>-қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.<br>Дағды: қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: тапсырмаларды орындайды, сөздерді қайталайды. Түсінеді: мақал-мәтелді, жұмбақтарды, жаңылпаштарды түсінеді.<br>Қолданады: қарапайым</td>
<td>3.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе?<br>(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру;<br>-өз нысанын суреттеу қабілеттерін; зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға құштар етіп тәрбиелеу.<br>Дағды: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды:жанды табиғат</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсінеді:** Нұр-Сұлтан – астана екенін.<br>**Қолданады:** астананы атай алады, көрікті орындарын біледі, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Өткен тақырыпты қайталау.<br>Мемлекеттік Рәміздерді ата? (Мемлекетіміздің рәміздері: гимн, ту, елтаңба).<br>Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген? (Шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген)<br>Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім? (Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов).<br>**Түсіну деңгейі:** Нұр-Сұлтан қандай қала?<br>Нұр-Сұлтан – астана.<br>Қуыршақ Сәуле: Мен сендерге Нұр-Сұлтанның көрікті орындарын көрсете аламын.<br>Интербелсенді тақтада көрсету.<br>Нұр-Сұлтан – біздің астана.<br>Мынау – Нұр-Сұлтан қаласы.<br>Мынау – көше.<br>Астанада көшелер көп.<br>Көше таза. Көшелер таза.<br>Мынау – үй. Үй  – үйлер.<br>Биік үй. Биік үйлер.<br>Әдемі  үйлер.<br>Мынау – Бәйтерек.<br>(Түсінік беріледі).<br>Бәйтерек әдемі.<br>Мынау – ескерткіш.<br>Мынау – үш би ескерткіші.<br>Нұр-Сұлтан – жаңа қала. | **Жасайды:** табиғи материалдардан әртүрлі ұсақ заттар жасай алады;<br>**Түсінеді:** табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдылары қалыптасады;<br>**Қолданады:** ұжымдық жұмыс жасай біледі және мазмұнды құрастыру арқылы шығармашылық қиялдары дамиды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балаларға жұмбақ жасырады.<br>Есек құлақты, Мысық аяқты. Түйе ерінді Ешкі құйрықты Халық «қу» деп, Күлкі еткен.<br>Айласы көп Бұл не? (Түлкі)<br>Қорбаң- қорбаң етеді,<br>Орман оның мекені.<br>Тәтті балға тойып ап,<br>Қыста ұйқыға кетеді.<br>(Аю)<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Еменжаңғақпен таныстыра отырып,үлгі бойынша талдау жасайды: балалармен құстарды, аңдарды немесе баланың ненің бейнесін жасағысы келетінін келісіп алады;<br>-еменжаңғақты қалай пайдалану керектігін көрсете отырып, түсіндіреді; жаңғақты тігінен немесе көлденеңінен пайдалану заттың пішініне сәйкес екенін ескерту, дене бөліктеріне сай келетін табиғи материалдарды таңдап алу; | ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы оқу қызметін бастайды.<br>Педагог қойған сұрақтардың жалпы атауын балалар жылдам, әрі дұрыс айтып отырулары керек.<br>Нұр-Сұлтан, Алматы, Тараз – ... *(қалалар)*<br>Ертіс, Еділ, Жайық, Іле – ... *(өзендер)*<br>Ту, гимн, елтаңба – ... *(рәміздер)*<br>Мұғалім, дәрігер, аспазшы – ... *(мамандар)*<br>Кітап, дәптер, портфель – ... *(мектеп құралдары)*<br>Дұрыс жылдам жауап берген балаларды педагог мақтап  мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып | сұрақтарға жауап бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Өткен «Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан» тақырыпты қайталау. Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау.<br>Қа...(қала)<br>Кө... (көше)<br>Та... (таза)<br>Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.)<br>Нұр-Сұлтан – ... ( Нұр-Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)<br>Бүгін сендермен «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» ойын ойнаймыз. Әрбір жауапқа асық беріледі, көп асық жинаған бала жеңімпаз аталады.<br>**І айналым:** Педагогтің мақалын жалғастырады.<br>Отан – оттан да ... ( ыстық)<br>Жақсы – ... (өнеге) Отан ... т.б<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**ІІ айналым:** педагог жұмбақ жасырады. Өскен жері бау-бақша,<br>Күрең қызыл шіркін-ай,<br>Жидектің аты – ... (құлпынай)<br>Астық пісіп, орақ түсіп,<br>Қырман дәнге толады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады? (Күзде).<br>Шелек қалпақ басында,<br>Сәбіз екен танауы.<br>Қыста қардан туатын, | бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді.<br>**Түсінеді:** олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қандай тамақ жейтінін түсінеді.  **Қолданады:** оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** балалардың жұмыс істеуіне қолайлы эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру мақсатында өлең оқиды.<br>Қол алысып, кәне, біз (қол алысады),<br>Достасайық бәріміз (бәрі құшақтасады).<br>Армысың, алтын күнім! (Екі қолын жоғары көтереді).<br>Армысың, балабақшам! (Жан-жағына қарайды).<br>Армысың, достарым, (Достарына қарайды).<br>Сіздерді көргеніме қуаныштымын. (Қолдарын шапалақтайды).<br>– Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарлар біздің қамқорлығымызды қажет ете ме?<br>Атжалманның (немесе теңіз шошқасының) іс-қимылын бақылау жұмысын ұйымдастырады. Тірі нысанды мұқият қарап шығып, оның іс-қимылдарына, сыртқы келбетіне назар аударады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Нұр-Сұлтан қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді).<br>Нұр-Сұлтан – жаңа қала.<br>Нұр-Сұлтан – әдемі, таза қала.<br>Балалар сөздерді, сөйлемдерді педагогтен кейін қайталап, жаттығады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Ә-ә-ә-ә<br>– бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек.<br>І -і-і, іс,<br>ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш.<br>**Ойын: «Жалғастыр».**<br>Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау.<br>Қа...(қала)<br>Кө... (көше)<br>Та... (таза)<br>Нұр-Сұлтан – жаңа...<br>(Нұр-Сұлтан – жаңа қала.)<br>Нұр-Сұлтан – ...<br>( Нұр-Сұлтан – таза қала.<br>Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)<br>**Жаттап ал.**<br>Астанамыз – жас қала,<br>Жас та болса – бас қала.<br>Күндеп өсіп келеді,<br>Гүлдеп өсе береді.<br>А. Асылбеков | оларды заттың пішініне ұқсастыра отырып бір-бірімен ермексаз арқылы жабыстырады;<br>ұсақ дене бөліктерін (құлағы, көзі, қолға ұстайтын заттары т.б.) толықтырады;<br>-жасалған жұмыстарды ұжымдық жұмыс ретінде тұтас көрініс бере орналастырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Сергіту сәті<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Қолды белге қояйық<br>Оң аяқ, сол аяқ<br>Шынығып алайық.<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар,<br>Бір, екі, үш, төрт, бес<br>Саусақтармен ойнаңдар<br>Денелерің шынықсын<br>Саналарың тынықсын.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Үстел үстіне орман көрнісі дайындалады, балалар өздері жасаған аңдарын әкеліп орналастырады. | шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу<br>**Түсіну деңгейі:** «Кім білгіш?»дидактикалық ойыны<br>Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.* Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>Дауысты дыбыстарға қызыл текше;<br>дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады.<br>***«Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны.***<br>*Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады.*<br>**1-тапсырма.** Педагог балаларға ***«д»*** дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>*Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б.*<br>**2-тапсырма.** Педагог балаларға «м» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>*Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б***3-тапсырма.** Педагог | Тауып көрші, сен оны. (Аққала)<br>Тікірейіп құлағы<br>Менен бұрын тұрады.<br>Керіліп, созылып, Беті-қолын жуады. Бұл не? (Мысық) т.б.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**ІІІ айналым:**<br>Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу. Педагог жаңылтпаштарды айтады, балалар жай, жылдам қайталайды.<br>Доп теп, Доп теп.<br>Жағажайды жағалай,<br>Жүгіреді Қамажай.<br>Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай,<br>Ұшып кетті торғай.<br>Үш кіші ішік піштім,<br>Бес кіші ішік піштім,<br>Неше кіші ішік піштім?<br>**Сергіту сәті**<br>Көп отырып, шаршадық,<br>Қозғалуды аңсадық.<br>Билегіміз келеді,<br>Әдемілеп ән салып. | Атжалманды қатырғықағаз қорапшада немесе ағаштан жасалған жәшікте ұстауға болмайтынын түсіндіреді.Торкөздің ішінде атжалманның үйі бар. Ол үйшікке жасырынып жатқанды жақсы көреді. Үйдің жанында «қойма» бар. Ол қоймаға қор жинайды. Атжалманды қанша тойдырып тамақтандырсаң да, ол бәрібір қор жинағанды жақсы көреді. Оның осындай қызықты мінездері бар. Балалар атжалманға көгөніс береді. Оның артқы аяқтарына тұрып, тамақты алдыңғы аяқтарымен ұстап тұрып кеміретінін атап көрсетеді. Астықты аузына толтырып салып, тістерімен қыртылдатып кемиреді. Атжалманның кеміруші деп аталуы тегін болмаса керек. Оның ұртында кішігірім қапшықтары бар. Ол қарны тойғаннан кейін қалған астықты сол қапшықтарға толтырып алып, қоймаға әкеп төгеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Балаларды топқа бөлініп жұмыс істеуге шақырады.**<br>Педагог балаларға «кездейсоқ бірігу» техникасының көмегімен топтарға бөлінуді ұсынады.1-4-ке дейін санайды, педагогтің белгісінен кейін бірдей нөмір иеленген балалар бір топқа бірігеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | балаларға «т» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>*Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б.*<br>Педагог бір баланы тақтаға «тал « сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«*Тал*»сөзінің дыбыстық талдауы.**<br>[Т] дыбысы тек салдырдан жасалады, тіл тіске тиіп, кері қайтады, үн мүлде шықпайды сондықтан қатаң дауыссыз дыбыс. Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.<br>[А] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылады, үсті дөңестеледі. Бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарай жуан дауысты дыбыс. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді.<br>[Л] – үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді.<br>л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.<br>*«Тал» сөзінде* 1 буын, 3 дыбыс бар. | | **Педагог «Текше» техникасын пайдалана отырып,** «Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер» тақырыбында *салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады*.<br>Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады: *Сипатта* – балалар табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарды сипаттайтын белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. *Салыстыр* – балалар қыс пен күздік арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. *Ұқсас заттарды тап* – тақпақтың үстел үстіндегі суретке сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу (балықтар, атжалман, теңіз шошқасы, қоянын, тасбақа). *Талда* – жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарлардың дене мүшелерін атап көрсету керек. *Пайдалан* – балалар табиғаттың бұрышына тән элементтердің суреттерін көптеп салуы тиіс. *Дәлелде* – балабақшадағы жануарлар тіршілік ететін бұрыштың пайдалы жақтарын дәлелдеу қажет.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Балаларды «Ұқсайды – ұқсамайды» дидактикалық ойынына** |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
<td>Саусақ жаттығуы<br>Партадағы саусақтар<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар<br>Сурет сала біледі.<br>Ортанғы мен сұқ саусақ<br>Түйеқұсты салады.<br>Төңкеріліп аспанға,<br>Қоян да бола қалады.</td>
<td></td>
<td>қатысуға шақырады.<br>Балалардың бірі белгілі бір жануардың атын жасырып, сипаттайды. Қалғандары оның атын табады.<br>Сергіту сәті<br>Атжалман-ау, атжалман, секеңдейсің,<br>(Балалар секіреді).<br>Судан қарғып өтем дейсің<br>(Аяқтарын алғаь  қарай адымдап басады).<br>Құлап түстің,<br>(Қол қимылымен көрсетіп сұрайды).<br>Не болды ал, үстің?<br>(Киімдерін сүртіп , екі аяқтарымен секіреді).</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3 үзіліс – 10:55 – 11:05<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.<br>Қозғалмалы ойын:« Белгіні тыңда»<br>Басты міндеттері: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Қозғалмалы ойын: «Белгіні тыңда»<br>Ойын міндеттері: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Ойын шарты: балалар шеңбер бойында тұрады. Тәрбиеші жалаушамен алға деген белгі бергенде балалар мәреге жету керек, жете алмаған бала өз өнерін көрсетеді.<br>Ұсыныс:ойынды әрі қарай жалғастырады.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|  |  | | | | |
| 4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30 | | | | | |
| | Мынау – Алматы қаласы.<br>Мынау – метро. Баратын жерімізге жылдам апарады. Мынау – саябақ. Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі. (Бірнеше саябақ суреттері көрсетіледі). Мынау – Медеу мұзайдыны. Мынау – Көктөбе.<br>Медеу, Көктөбе туралы қысқаша айтып өту.<br>Алматы қандай қала екен?<br>Алматы – әдемі, әсем қала. Әдемі, әсем.<br>Балалар сөздерді, сөйлемдерді педагогтен кейін қайталап, жаттығады.<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Ө-ө-ө-ө – көөөк-төбе-көктөбе Ә-ә-ә-ә - әсем- әсем.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті**: *педагог балаларға сұрақ қойып, жауап алып қимылмен орындайды.*<br>Күннің шыққаны жақсы ма?<br>Жақсы! (Күнді бейнелейді).<br>Желдің соққаны жақсы ма?<br>Жақсы! (Қолдарын көтеріп тербеледі).<br>Достарыңмен жүрген жақсы ма?<br>Жақсы! (Алға қарай адымдайды).<br>Туған өлкеде жақсы ма?<br>Жақсы! (Құшақтарын жаяды).<br>Балабақша жақсы ма?<br>Жақсы! (Басбармақтарын көрсетіп, қол соғады).<br>Ойын: «Жалғастыр».<br>Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. | дөңгелек пен сопақша пішінді қолдана отырып қоянның аяқтарын жасаймыз. Кіші сопақшаларды қолдана отырып түлкінің табандарын, қолдарын жасаймыз. Қоянды да дәл солай саламыз.<br>Айтыңдаршы, балалар, түлкінің құлағы ұзын ба, әлде қоянның құлағы ұзын ба?! Онда ұзынша сопақшаны қолданып қоянның құлақтарын жасайық, ал түлкінің құлақтарын жасау үшін кіші үшбұрыштарды қолданамыз. Түлкінің құйрығы ұзын, ал қоянның құйрығы кішірек екенін білесіңдер. Суретіміз дайын болса, қылқаламның көмегімен түлкі немесе қоянды түрлі түспен бояп, суретті көңілді ете түсейік.<br>Жұмыс барысында педагог кейбір балаларға жеке нұсқау береді, көмектеседі.<br>Жұмыс аяқталғанда Ерден ата балалардың жұмысына ризашылығын білдіріп, ішінен ең таңдаулы жұмыстардың бірнешеуін алып, басқа балабақшадағы балаларға апарып көрсететінін айтады.<br>**Қолдану деңгейі:** Педагог көптілділік компонент бойынша түлкі – лиса – a fox, қоян – заяц – hare. ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады. | дидактикалық ойыны –Мен суреттерін көрсетіп, сөздер айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді буынға шапалақтау арқылы бөліңдер.<br>Мысалы: *та-қи-я, ба-лет, та-ма-ша, ба-қа, жол-ба-рыс, түл-кі, мон-шақ, ал-ма, а-пель-син, ба-нан, қам-шы, қа-лам, та-на, түйе, ба-ла, қар-ға, са-уыс-қан, сый-лық, шал-ма, қол-ты-рау-ын, жыл-қы, көй-лек, шал-бар, ты-мақ, қар-быз, бал-мұз-дақ, ұ-шақ, ке-ме, вагон, ша-на, шал-ғы, кі-лем т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>1. Суреттен қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата. Ферма, сиыр, сүт, қоян, сөре, қора, күнбағыс, комбайн, камаз, тал, шөп, сауыншы, қызанақ, қияр, пияз, сәбіз, фляга т.б.<br>Бүгін біз дыбыстық талдауды жасауды жалғастырамыз.<br>Дыбыстық талдауды қалай жасайтын едік, бірінші сөзден нені анықтауымыз керек? Әрине, балалар, дұрыс айтасыңдар, сөзде неше буын бар, соны анықтап алады екенбіз. – Содан кейін не істейміз?<br>Сөздегі дыбыстарды жеке-жеке талдап, жасалуына қарай қандай | қайталау және жаңа сөздермен таныстыру.<br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Жыл мезгілі – қыс.<br>Мынау не? Мынау – қар.<br>Ақ-ақ – ақ қар.<br>Қардан не жасаймыз?<br>Аққала жасаймыз.<br>Мынау – сырғанақ.<br>Мынау не?<br>Мынау – сырғанақ.<br>Балалар сырғанап жүр.<br>Балалар не істеп жүр?<br>Балалар сырғанап жүр.<br>Шанамен сырғанап жүр.<br>Конькимен сырғанап жүр.<br>Немен сырғанап жүр?<br>Шанамен сырғанап жүр.<br>Конькимен сырғанап жүр.<br>Бұлар – қыс қызығы.<br>Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды.<br>**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>Қ-қ- қ - қа – қар.<br>Қ-қ-қ-қ -нақ-нақ – сырғанақ.<br>Педагог шағын әңгіме құрап айтады. *Мынау – қыс мезгілі. Дала аппақ қар. Қыста балалар аққала жасады. Балалар шанамен, конькимен сырғанап ойнап жүр. Бұлар – қыс қызығы.*<br>Балалар қайталайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Тақпақ жаттау**. *Педагог тақпақ жаттауды ұсынады.*<br>Қыста қармен ойнаймыз,<br>Қызыққа біз тоймаймыз.<br>Таудан төмен сырғанап,<br>Шаңғы, шана тебеміз.<br>**Жаңылтпашпен** | **Түсіну деңгейі: Зерттеу жұмысы**: Балықтарды аквариумға салмас бұрын не істеу керек?<br>Талқылайды, тәжірибелік жұмысқа қатысады.<br>Алдымен аквариумның түбіне құм саламыз, құмның үстіне тастар саламыз. Балықтар аквариумның түбінде, тастардың арасында демалады, жасырынады. Содан соң өсімдіктер егеміз. Өйткені өсімдіктер оттегі бөледі. Балықтар сол оттегімен тыныстайды. Және өсімдіктер суды тазартады. Оның жапырағына балықтар уылдырық шашады. Кейін одан кішкентай балықтар пайда болады. Балықтар өсімдіктердің арасында ойнайды,тығылады. Және оларды жейді. Балықтың тіршілік етуі үшін судың маңызы зор. Аквариумға құятын суды бірнеше күн бұрын тұндырып қоямыз. Себебі, судың құрамындағы балықтарға зиянды заттар түбіне шөгуі тиіс. Содан кейін аквариумға ұлуларды саламыз. Олар аквариумның қабырғаларын, түбін тазалап, балықтардан қалған тамақтардың қалдығын жейді. Ұлулар – аквариумның санитарлары. Балықтар ауа жетпей жатса, аквариумның бетіне шығып тыныстап алады. Суда оттегі жеткілікті болуы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қа...(қала)<br>Кө... (көше)<br>Сая.. (саябақ)<br>Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала).<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1.Суретте нелер бейнеленген? Қайтала.<br>Сен Алматыда болдың ба? Саған ұнады ма?<br>2.Тыңда. Таныс сөздерді тап, ата.<br>Алматымыз – күн қала,<br>Желек жайған гүл қала.<br>Көктөбе мен Медеуі<br>Таңғажайып тұр дара.<br>Алматы – нұр қала,<br>Алматы – жыр қала,<br>Күн сайын құлпырған,<br>Мәңгі жас – бұл қала.<br>(А. Асылбеков) | **Сергіту сәті:**<br>Күнге қарайық,<br>Шашымызды тарайық.<br>Керіліп дем алып,<br>Бойымызды жазайық.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады.<br>Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. | дыбысқа жататынын анықтаймыз. Сызбаға әр дыбысты өз белгісімен көрсетеміз.<br>Педагог тақтаға *«нан»* сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. Тақтаға балаларды кезекпен дыбыстық талдау жасауға шақырады.<br>Қалған балалар орындарында орындайды.<br>*Нан сөзінде* 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>Н – үнді дауыссыз, өйкені созып әндетіп айтылмайды, салдырға қарағанда үн басым, бәсең үн бар. Сызбада көк дөңгелекпен белгілеп көрсетеміз.<br>*а* – жуан дауысты, дауыстап әндетіп айтуға болады. Жуан дыбысқа жатқызамыз өйкені а дыбысын айтқанда тілдің үсті дөңестеліп, кері шегінеді. Қызыл дөңгелекпен белгіленеді.<br>*н* – үнді дауыссыз дыбыс. Көк дөңгелекпен белгілейміз.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Саусағымыз айқасып,<br>«Жеңемін» деп шайқасып.<br>Бірін-бірі тартады,<br>Білекке сенім артады. | **таныстыру.**<br>Тұз – мұздай,<br>Мұз – тұздай.<br>Балалар жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Қыста балалар не істейді?<br>Сөйлем құра.<br>Қыс мезгіліне тән заттарды қорша. Оларды ата.<br>**«Аудармасын айт» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударады. зима – қыс<br>қар – снег снеговик – аққала мұз – лед замерзает – қатады шана – сани.<br>**Сергіту сәті.**<br>Аспан болсын көгілдір,<br>Жайнай берсін бұл өмір.<br>Ақ мамық қар жауып,<br>Біз аққала жасаймыз. | үшін аквариумға компрессордың көмегімен ауа жібереміз. Жарық болуы үшін үстіне лампа қоямыз. Егер аквариумдағы су тым салқын болса, кейбір балықтар тіршілік ете алмауы мүмкін. Бірақ ондағы суды қатты жылытуға да болмайды. Қатты жылытылған су лайланып кетеді және онда оттегі аз болады. Салдарынан экожүйедегі тепе-теңдік жойылып, балықтар өліп қалуы мүмкін. Сондықтан аквариумда белгілі бір температура сақтаған жөн.<br><br>**Қолдану деңгейі:**<br>Достарыңмен бірге балықты бақыла. Сызба бойынша әңгіме құрастыра.<br>Балықтарға күтім жасауға қажетті құралды қоршап сыз.<br>Педагог балаларды шкафта жатқан: алжапқыш, балықтарға арналған тамақ, құстарға арналған тамақ, су құятын ыдыс, майлық т.б. заттарды мұқият қарап шығуға шақырады. Ересек адамның көмегімен балыққа күтім жасау тәсілдерін көрсетеді (алжапқыш тағады, балыққа арналған тамақты шығарады, қорапты ашады т.б.)<br>Педагог баланың іс-қимылын түсіндіріп отырады, қажет жерінде түзетеді. Жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аяқталғаннан кейін заттарды бір жерге алып қояды.<br>Педагог белгілі бір нысанды жасырады. Балалар сұрақтар қоя отырып, оның қандай зат екенін табады. Тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруге болатын сұрақтарды ғана қоюға болады.<br>П: Мен бір жануpainted жасырамын.<br>Б: Жануарлар әлеміне жататын зат па? (Иә)<br>Ол жанды табиғатқа жата ма? (Иә)<br>Ол жануар ма? (Иә)<br>Ол жәндік пе? (Жоқ)<br>Құс па? (Жоқ)<br>Ол балық па? (Иә)<br>Ол аквариум балығы ма? (Жоқ)<br>Өзенде тіршілік ететін балық па? (Жоқ)<br>Ол жыртқыш балық па? (Иә)<br>Ол адамға шабуылдай ма? (Иә)<br>Оның ала түрі бола ма? (Иә)<br>Ендеше ол – акула! (Иә)<br>Педагог балаларға мынадай сұрақ қояды: акула аквариумда тіршілік ете ала ма? Балалар пікір таластырып, акулаға өте үлкен аквариум қажет деген қорытынды жасайды. Мысалы, Астанада океанариум бар. Онда үлкен балықтар, тіпті акулалар да тіршілік етеді. |
| ***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті** | | | | | |

| Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.<br>Қозғалмалы ойын: «Аңшы мен қояндар»<br>Басты міндеттері: Балаларды жылдам қозғалуға үйрету.Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. | | |
|---|---|---|
| **Алғашқы қар**<br>Жалықтырып мал-жанды,<br>Тынған кезі жауынның.<br>Жапалақтап қар жауды,<br>Көбігіндей сабынның.<br>Жаз өткесін қайырлы,<br>Алмақ болып тынығып,<br>Көпіртіп ақ сабынды,<br>Жатыр дала жуынып.<br>*Қ. Баянбай*<br>**Қыс**<br>Қыс келді, қыс иықтап,<br>Қалды аюлар ұйықтап.<br>Қыс келді, қыс мұз-қарлы,<br>Қыраулы да,ызғарлы.<br>*Қ.Мырзағалиев* | <br><br> | **Қозғалмалы ойын: «Аңшы мен қояндар»**<br>**Ойын міндеттері:** Балаларды жылдам қозғалуға үйрету.Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Ойын шарты:** Аңшыны балалардың арасынан сайлайды. Қалған балалар – қояндар. Залдың бір жағында аңшының орны, екінші жағында – қояндардың іні. Аңшы залды айналып жүреді, қояндардың ізін аңдиды, содан кейін орнына қайтып оралады. Қояндар бұтаның арасынан шығып, әртүрлі бағытқа қарай қос аяқтап секіреді (оң, сол аяқпен). «Аңшы» деген белгі берілген кезде – қояндар үйлеріне қашып кіреді. Ал, аңшы оларға доп лақтырады (қолында 2-3 доп болады). Доп тиген балаларды өз үйіне алып кетеді. Аңшы аңға шыққан сайын ауысып отырады (бірақ қолға түскендерден сайланбайды).<br>**Ұсыныс:**ойынды әрі қарай жалғастырады. |

| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ержүрек құмырсқалар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау.<br>-гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіруге (30 см) үйрету.<br>Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Орманда серуендейміз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату;<br>-мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мультфильмдер әлемі.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту.<br>**Дағды**: Зейіндерін, ақыл-ойларын және тапсырманы өз бетімен орындай алу қабілеттерін | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Орманда серуендейміз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату;<br>-мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту;<br>-әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Шаңғымен жүру(таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету;<br>-дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру.<br>**Дағды**: Кеңістікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру.<br>**Дағды**: Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіруді жалғастыру, жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Бір орында тұрып биіктікке секіру (30 см). Тепе-теңдік: жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып жүру. Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіру.<br>**Түсінеді:** гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаш қозғалып өрмелеп шығу керектігін.<br>**Қолданады:** түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтау, кеңістікті барлауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Құмырсқалар туралы жұмбақ шешеді. Құмырсқалар еңбекқор, ержүрек жәндіктер екенін түсіндіреді.<br>**«Құмырсқалар соқпақпен келеді».**<br>Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру.<br>Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру. «Артқа | Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету.<br>**Дағды**: әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** аспаптарда ойнайды, мерекелік әнді көңілді орындайды.<br>**Түсінеді:** ән айту дағдыларын.<br>**Қолданады:** би қимылдарын және ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар көңілді музыка әуенімен музыка залына кіреді. Шеңбер құру.<br>Мереке қарсаңында балалар бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.<br>**Негізгі кезең**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар****:* «Сағат» (Е. Андосов). Сағаттың қимылымен балалар иіледі, шапалақтайды, қол ұстасып, аяқтарымен топылдатады. Жеңіл әуенге ілесіп би қимылдарының элементтерін жасау.<br>***Музыка тыңдау:*** «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев). Әннің сипаты мен екпіні және мазмұны туралы әңгімелеу.<br>Балалардың музыка тыңдай отырып алған әсерлерімен бөлісу.Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. | дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** орындық үстінде тапсырманы орындап жүру: екі жақтан бір-біріне қарама- қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайту. Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеу. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге секіру.<br>**Түсінеді:** педагогтің бұйрығына сәйкес және суретте көрсетілген жаттығу түрін дәл орындай білу керектігін; зейіндерін, ақыл-ойларын және тапсырманы өз бетімен орындай алу машықтарын жетілдіру қажет екендігін.<br>**Қолданады:** өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын білдіреді, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тырысады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Көңілді шарлардың» тапсырмасын балаларға айтады.<br>Бір тізбекте жүреді, жүгіреді. Көңілді шар көрсеткен тапсырманы орындайды: жүгіріп келе жатып тоқтайды, | элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету.<br>**Дағды**: әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** аспаптарда ойнайды, мерекелік әнді көңілді орындайды.<br>**Түсінеді:** ән айту дағдыларын.<br>**Қолданады:** би қимылдарын және ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар көңілді музыка әуенімен музыка залына кіреді. Шеңбер құру.<br>Мереке қарсаңында балалар бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.<br>**Негізгі кезең**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар****:* «Сағат» (Е. Андосов). Сағаттың қимылымен балалар иіледі, шапалақтайды, қол ұстасып, аяқтарымен топылдатады. Жеңіл әуенге ілесіп би қимылдарының элементтерін жасау.<br>***Музыка тыңдау:*** «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев). Әннің сипаты мен екпіні және мазмұны туралы әңгімелеу.Балалардың музыка тыңдай отырып алған әсерлерімен бөлісу. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, | бағдарлау, төзімділік, реакция шапшаңдық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** шаңғымен жүру, дайындық жаттығулары.<br>**Түсінеді:** шаңғышының тұрысы, яғни, шаңғымен жүрудің бастапқы қалпы, құлау мен қауіпті неғұрлым болдырмау жолдары.<br>**Қолданады:** кеңістікті дұрыс бағдарлау дағдылары, денесі мен кеңістікті басқару, түзету жаттығуларын жасай алу, өз қимыл-әрекетін шынайы бағалау дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Түзету жаттығуларын орындау.<br>Шынығамыз күнде біз! (Қолдарын иығына қарай бүгіп-жазу)<br>Шымыр болып өсеміз! (Бірлесіп адымдап жүру)<br>Мұрнымызбен тыныс алып, аузымызбен шығарамыз! (Қолдарын белге қойып, тыныс алу: демін ішіне тарту, демін сыртқа шығару<br>Терең-терең дем аламыз! (Қолдарын жоғары көтеру – демін ішке тарту, төмен түсіру –демін сыртқа шығару) Қатар-қатар тұрайық!<br>Қадам басып, сап құрайық! (Бірге адымдап жүру)<br>Табиғатты тамашалап, Кереметке қуанайық!<br>(Бір орында тұрып жоғары секіру) Бораннан да қорықпаймыз! (Адымдап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұрыл!» бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Тізбектен шықпай қозғалыста қимылдарын үйлестіріп жүруге, жүгіруге тырысады.<br>Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіру.<br>**Түсіну деңгейі:** «Бұлшық еттерді жаттықтырамыз».<br>ЖДЖ-ны текшемен орындайды (№2): кешен бойы дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалайды.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау (3 рет):<br>Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіруге (30 см) үйрету. Секіру кезінде бүгілген тізені барынша кеудеге қарай тартып, сонан соң жылдам аяқты жіберіп, аяқты жерге жұмсақ түсіру, тыныс алуды кідіртпеу қажет.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Тауға өрмелеп шығу».**<br>Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Қауіпсіздік техникасын сақтайды.<br>Гимнастикалық қабырғаға жақындап келеді, әртүрлі тәсілмен өрмелейді. Қол мен аяқты үйлесімді түрде қозғауға тырысады. Ең жоғарғы тепкішекке дейін шығып, ең төменгі тепкішекке дейін түседі.<br>**Тепе-теңдік –** жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге | **Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:*** «Ақша қар» (Е. Өміров).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әнді көңілді, ырғақты сақтай отырып табиғи дауыспен айтуға көңіл бөлу.<br>Үйренген ән **«**Шырша әні» (К. Қуатбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер.***<br>«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Қимылды орындағанда аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қолдағы «ұлпақар»-таяқша атрибуттарымен музыка әуеніне ілесе, ырғақты сақтай отырып билеу. ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Полька» (А. Филиппенко).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | бағыттарын өзгертіп жүгіреді.<br>Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау.<br>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру (тіркемелі адыммен адымдау, саты тепкішектерін қолмен ұстап).<br>**Қолдану деңгейі:** Қимыл-қозғалыс ойыны:<br>«**Лақтыр-қағып ал**»<br>Үш тізбекке тұрады.<br>Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар допты жүргізушіге қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып | әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:*** «Ақша қар» (Е. Өміров).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әнді көңілді, ырғақты сақтай отырып табиғи дауыспен айтуға көңіл бөлу. Үйренген ән **«**Шырша әні» (К. Қуатбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға,ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер.***<br>«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Қимылды орындағанда аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қолдағы «ұлпақар»-таяқша атрибуттарымен музыка әуеніне ілесе, ырғақты сақтай отырып билеу.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Полька» (А. Филиппенко).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | жүру)<br>Қарды қағып ұстаймыз! (Шапалақ ұру) Қолымызды түзейміз,<br>(Екі жанына түзеп қояды)<br>Қар жетеді, ойнаймыз! (Шапалақ ұру)<br>Біз енді қар лақтырамыз! (Сол қолмен лақтыруды бейнелеу) Қар лақтырып ойнасақ,<br>суық өтер қолғаптан (Қар лақтыруды көрсетеді)<br>Сонда да біз қорықтаймыз! (Оң қол (сол қолмен) лақтыруды көрсетеді)<br>Нысананы атқылаймыз! (Шапалақ ұрады)<br>**Түсіну деңгейі:** Шаңғыға тұру, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету.<br>Дайындық жаттығулары.<br>«Құламас қайсар»<br>Дайындық жаттығуларын орындау: екі шаңғыда тұрып отырып-тұру.<br>«Секек-секек»<br>Бір орында тұрып бір аяқтан екінші аяққа секіру<br>Шаңғымен адымдап жүру.<br>Қол мен аяқтың қимылдарын түзету.<br>Шаңғымен жүреді. Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп, белгіленген жерге санаулы қадам жасап (8–10), жетіп алуға тырысады.<br>**Қозғалыс ойындары:**<br>**«Сағат»**<br>Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру.<br>«Құмырсқаға үй тұрғызу»: поролон кірпіштерді қалап, үй тұрғызады. | | оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді.<br>«Дұрыс көрсет» ойын-жаттығуы. Сұрақтарға жауап береді, ым-ишаремен көңіл күйлерінің қандай екенін көрсетеді. Ойын жүргізуші сұрақ қояды: «Көңіл күйлерің қандай?», «Көңіл күй қалай?»<br>Жанында жақсы достарың болса, бәрі жақсы дегенді ым-ишарамен көрсетеді, сұраққа жауап береді.<br> | | Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек (сағат тілімен, сағат тіліне қарсы).<br>**Қолдану деңгейі:** Көзге арналған жаттығулар (И.В. Чупаха)<br>Көз қарашығын оңға, солға, жоғары, төмен айналдырып қозғалту.<br>10–20 секундқа қатты қысып жұмып тұрып, бұлшық еттерін босатып, көзін ашу. Көздің үсті-астын саусақтың жұмсақ жерімен ақырын уқалу. Көздің үсті-астын, айналасын, қастарының үстінен ақырын сипау. (Бұл қимылдар рахат сыйлап, ұйқыны келтіреді)<br>Қабырғаға қарап 2–5 метр қашықтықта тұру. Қабырғадан бір-бірінен 50 см қашықтықта, бірінің астында бірі тұрған екі нүктені белгілеп, сол нүктелердің бірінен екіншісіне көзден жол салу.<br>5 метр қашықтықтан 10–20 секунд бойы бір нүктеге қарап, тамашалау (йоганың тынығу тәсілдерінің бірі).<br>Көзді жұмып, бірақ бос ұстап, көзді ішінен жоғары қозғалту. Көздің үстіңгі қабығы өзі төменге түсе бастайды. Бастапқы қалыпқа келтіру. Бірнеше рет қайталағанда, тыныштық орнағанын сезінеді. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында»** | **Желтоқсан** | **Желтоқсан** | **Желтоқсан** | **Желтоқсан** | **Желтоқсан** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Серуен кешені № 2**<br>**Торғайларды бақылау**<br>**Міндеттері:**<br>— қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру;<br>— қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**Торғайларды қорға**.<br>Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Таспен атып торғайды,<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді.<br>♦ Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар)<br>♦ Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? *(қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.)*<br>♦ Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? *(торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,көптер)*<br>♦ Торғайлар қыста немен | **Серуен кешені № 3**<br>**Бақшаны бақылау**<br>**Міндеттері**:<br>—қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру;<br>—зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз .**<br>Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Аралайды бақшаны,<br>Үзілмейді жақсы әні.<br>Гүлденеді бақшалар,<br>Жауса-жаусын ақша қар.<br>♦ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? *(барлық жерді қар басты.)*<br>♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? *(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)*<br>♦бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? *(жақсы, себебі жерде ылгал мол болады)*<br>♦ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? *(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)*<br>♦ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? *(ғимарат жанында)*<br>♦неліктен? *(соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына* | **Серуен кешені № 4**<br>**Қара қарғаны бақылау**<br>**Міндеттері:**<br>— Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау;<br>— Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**Құстар қыста тоңады**<br>Ө. Ақыпбеков<br>Құстар қыста тоңады,<br>Жоқ киетін ішігі.<br>Желде қатты соғады,<br>Қарды көзге ұшырып.<br>Қалатындай қайта ұшпай,<br>Ұя тапса шаттанып.<br>Жем іздейді байғұстар,<br>Қардың астын ақтарып.<br>Балаларға сұрақтар:<br>* Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар).<br>* Қарғаның түсі қандай?<br>* Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар?<br>* Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді. | **Серуен кешені № 5**<br>***Желді бақылау***<br>**Міндеттері**:<br>— өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>— табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**Ұйытқыма жел**<br>Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады? (компаспен, зырылдауықпен)<br>♦ Жел қалай пайда болады?<br>♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.*** | **Серуен кешені № 6**<br>**Көпшілік көліктерін бақылау**<br>**Міндеттері**:<br>— көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу;<br>—үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Балалармен әңгімелесу өткізу.**<br>♦ сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦ Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? *( аялдама.)*<br>♦ Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды? *(Маршруттар, таксилер.)*<br>♦ Автобусқа қай есіктен міну керек? *(алдыңғы)*<br>♦ Қай есіктен шығу керек?? *(артқы)*<br>♦ Автобустың қай жағынан айналып өту керек? *(арт жағынан)*<br>♦ Неге? *(жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді)*<br>♦ Сен автобуста келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобусқа қарт кісі мінді. Сен не істейсің? Неге?<br>♦ Жолдан қалай өту керек? *(асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоректенеді? *(дәндермен, қалдықтармен.)*<br>♦ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? *(қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.)*<br>♦ Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. *(өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады)*<br>♦ Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? *(себебі адамдар жанында азық көп болады)*<br>Торғай, торғай, торғайсың,<br>Жақын келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын тере ғойғ<br>Сонда суыққа тоңбайсың.<br>**Еңбек қызметі**<br>Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Нысанаға тигіз».<br>*Мақсаты: қшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту<br>Қарды алыс нысанаға лақтыру<br>*Мақсаты:қозғалыс координациясын дамыту.* | *ысырады.).*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..<br>**Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>*Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;*<br>— Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Қу түлкі».<br>*Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Нысанаға тигіз».<br>*Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.* | **Еңбек** Аланды қардан тазалау.<br>*Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Бәйге».<br>*Мақсаты: жүкіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Шаңғымен жүруге жаттықтыру<br>*Мақсаты: күштіліктері мен мықтылықтарын дамыту.* | **Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу.<br>(Егер қар болған жағдайда)<br>*Мақсаты:* бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Ең мерген кім?».<br>*Мақсаты:*<br>— Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br>— Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br>— «Ағаш суретін сал».<br>*Мақсаты:қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.*<br>**Жеке жұмыс:**<br>«Затты тап».<br>*Мақсаты:*<br>— Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br>Затты сипаттау бойынша табу. | ♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? *(жасыл)*<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу.<br>*Мақсаты:еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Жүргізушілер және жаяулар».<br>*Мақсаты: Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: 20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту..* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Оралхан Жігер<br>Табиғат бұрышында мекндеушілер туралы; олардың атқаратын қызметін білуге үйрету.<br>**Міндет:**Сурет бойынша өз ойын айытқызу. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Берікұлы Арнұр<br>«жеңіл - ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету. | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзерке<br>Дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру. Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. | **Көркем әдебиет-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Ермекова Айбике<br>Жыл мезгілі қыс туралы құрастырып, айтып беруге үйрету. | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Сәулетбек Нұрәли<br>«Ажарлы қыс» бейнелерін құрастыру.<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Дербес ойын: «Құмырсқалар соқпақпен келеді»**<br>**Міндеті:** Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау.<br>**Дағды:** Тепе-теңдік: жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып жүру. Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіру тапсырмаларды орындай білу машықтарын жетілдіру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру.<br>Бір тізбекпен жүру, орташа | **Танымдық-қимылды ойын:**<br>**Дидактикалық ойын: «Ауыр - жеңіл», «бірдей»**<br>**Міндет:** заттарды қолға салып, көзбен салыстырып, қарапайым таразының көмегімен салыстыруды.<br>**Дағды:** Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, | **Дидактикалық ойын: «Кім зерек»**<br>**Міндеттері:** дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.<br>Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру.<br>**Дағды:** Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>көк түсті тұртбұрышты, дөңгелекті, ұшбұрышты алдыларыңа алыңдар.<br>Мен сендерге қатаң дыбысты айтсам, төртбұрышты, ұяң дыбысты айтсам, дөңгелекті, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, ұшбұрышты | **Қимыл-қозғалыс жаттығу ойыны:**<br>**Көз ауруларының алдын алу,көз бұлшық еттерін белсендендіріп, жақсарту жаттығулары.**<br>**Мақсаты:** қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге,белсенді нүктелерді уқалау.<br>**Дағды:** үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**1.**Болам десең көреген, Көзді айналдыр, ерінбе!<br>**Әрекет**: 2-3 секунд көздерін айналдырып қимылдатады.<br>**2.**Болам десең көреген, Уқалап қой көзді де! | **Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық»**<br>**Міндеті:** Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу.<br>**Ойын шарты**: А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу:<br>**б, в, г** т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарқынмен жүгіру. «Артқа бұрыл!» бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Тізбектен шықпай қозғалыста қимылдарын үйлестіріп жүруге, жүгіруге тырысады.<br>Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіру. | шеге және дән және т.с.с. | көтересіңдер.<br>Мысалы: қатаң дыбыстар: *п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч, щ.*<br>Ұяң дыбыстар: *б, в, г, ғ, д, ж, з.*<br>Үнді дыбыстар: *й, л, м ,н, ң, р, у.* | **Әрекет:** Көздерін жұмбай көз үсті мен астын абайлап бір минут уқалау.<br>**3.**Болам десең көреген, Көзіңді аздап басып көр!<br>**Әрекет:** Әр қолдарының үш саусағымен көздерінің үстін ақырындап 1-2 секунд басып тұру.<br>**4.**Үлкен шеңбер саламыз, Төңіректі қарап аламыз!<br>**Әрекет:** Көздерімен және тілін шығарып, бір мезетте жан- жаққа айналдырып, қимылдар жасау.<br>**5.**Көзді оңға бұрамыз, Көзді солға бұрамыз. Жоғары-төмен қозғалтып, Қайталап қайта бұрамыз!<br>**Әрекет:** Көздерін жоғары көтеру, көздерін төмен түсіру, оңға қарап бұру, солға қарап бұру. | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.**<br>**12:25-12:30** | **Ата-анаға кеңес:**<br>«Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:**<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, (өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,( өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

## Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 11.12 | Сейсенбі 12.12 | Сәрсенбі 13.12 | Бейсенбі 14.12 | Жұма 15.12 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.);<br>**Үстел үсті ойындары: «Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»**<br>**Міндет:** Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету; Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр.<br>**Ықтимал күрделендіру**:<br>Құрастырылған заттарға байланысты жұмбақтар шешу.<br>**Ойынның нұсқаулары**: | **Сауат ашу негіздері– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>**Ұсақ саусақ моторикасына байланысты,санағыш таяқшаларымен ойын:**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>«Дыбыс арқылы ссурет құрастыр»<br>**Міндет:** Есту,көру мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>Әр баланың алдына санағыш таяқшалар мен жұмыс жасау суреттер қойылады,оның біріншісіне әріптер «П», «С», «К», «Ө», «Ұ», «Т», «Ж», «Қ», «Б», «М», «Ш»ал, екіншісіне сол | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Белсенділік жаттығу ойыны: Көруді жақсарту үшін бірнеше тиімді көз жаттығулары**<br>**Ойын:** «Қыс пен жаздағы спорт ойындары»<br>**Міндеттері:** Балалардың дене шынықтыру мен спортқа қызығушылығын дамыту;<br>балаларды спорт түрлерін тануға және атауға үйрету; логикасын, есте сақтауын, ойлауын, спорт түрлерін топтастыру және сұрыптау қабілеттерін дамыту. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Нені жақсы көреді?»<br>**Міндет:** баланың ойлау қабілетін дамыту, кейіпкерлер бейнесін сомдауға баулу.<br>**Ойын шарты:** үстел үстінде берілген жануарларды, құстарды жақсы көретін тағамдарымен қосу.<br>Мысалы:<br>Ит- Ит сүйекті жақсы көреді.<br>Жылқы-Жылқы шөп жейді<br>Мысық- Мысық сүт ішеді.<br>Т.б.<br>**Дағды:** бір-бірімен сәйкестендіруге не болмаса | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Мозайка үстел үсті ойындары:**<br>**Ойын жаттығу: «Жүріп өт,абайла!»**<br>**Міндет:** балаларға берілген суреттер арқылы ұсақ саусақ моториканың дамуына байланысты ,берілген кескін арқылы өту. Тапқырлыққа баулу .<br>**Дағды:** көзқарасын дамыту, суреттер бойынша өзінің әңгімелерін құрастыра білуіне үйрету, негізі ойды анықтап, есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздерді дұрыс айтқызу, тыныс алу жүйесін тұрақты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құрастырылған жұмыстарын қандай геометриялық фигураларға ұқсайды,атауларын жатқа айту.<br><br><br> | әріптен басталатын суреттер қойылады. Үстелдегі суреттерге қарап құрастырады.Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: тілдік әріптерге байланысты іс-қимыл арқылы көрсете білу.<br>**Ойынның нұсқаулары**: әріптерді ажыратқан соң,құраастырылған сурет атауларын жатқа айту. Санағыш таяқшылар көмегімен тағы не құрауға болатыны жайлы әңгімелеу.<br><br><br> | **Дағды:** Күнделікті өмірде дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>***Ойынның шарты:*** Ойыншыға тек қысқы немесе тек жазғы спорт түрлерінің символдарын (суреттерін) таңдау ұсынылады. Әр баланың алдына жазда,қыста ойналатын суреттер беріледі,сол суреттерді топтастырып жинақтау,жазда ойналатын ойындар бір жаққа,қыста ойналатын суреттерді екінші жаққа жиап қою.Содан кейін ол осы спорт түрлерін айтып сәйкестендіреді; олардың неліктен жаз немесе қыс екенін түсіндіреді; жеңімпаздың қалай анықталғанын айтады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның нұсқаулары:** дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау.<br> | беруге дағдыландыру.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, дәптердегі жануарлар мен құстардың дауысын, қимылын келтіріп ойнату.<br>**Ойынның нұсқаулары:** пазлдағы суреттің не екенін және оның қолданылуы туралы сұрау.<br><br><br> | жұмыстану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойынның шарты:** Балаларға толық жобасымен сурет беріледі. Ол қандай сурет екенің анықтау керек.<br>**Ықтимал күрделендірулер:** Балалар тез жауап беруі керек: дұрыс және дұрыс емес жауапты талқыға салады (басында уақыт саналмайды, одан кейін кім тез жауап береді, сол жеңген болып саналады). Өз ойларын еркін жеткізу.<br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  |  РЫБКА  КНИГА  ГРИБ |     |   | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | <br><br><br><br><br> | | | |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, | № 6 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Құрсаумен жұпта орындалатын жаттығулар**<br>**№ 5 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ. – құрсаудың ортасына арқаларын түйістіріп тұру. Құрсау иықтың тұсында. 1-2– құрсауды аяқ басына жоғары көтеру – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6–8 рет).<br>2.Б.қ. – құрсаудың ортасына | № 7 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Құрсаумен жұпта орындалатын жаттығулар**<br>**№ 6 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: құрсаудың шеттеріне арқаларын түйістіріп тұру. 1-4– қолдарын артқа, екі жаққа, оң (сол) аяқтарын ұшымен құрсаудың сыртына басу – демін ішіне тарту; 5–8 – қайтадан бастапқы қалыпқа | № 8 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Біз – зілтеміршіміз». Б.қ.: аяқтарын аздап алшақтатып қойып, тұру; 1 – таяқшаны кеудесіне қояды; 2 – кеудесін жоғары көтереді; 3 – | № 9 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: тұру. 14 – таяқшаны жоғары көтеру, демін ішіне тарту; 5–8 – таяқшаны төмен түсіру, демін сыртқа шығару. 8 рет қайталау.<br>2.Б.қ.: аяқтарын тіреп қою, шынтақтары бүгілген, таяқшаны кеудесінде | № 10 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>1.«Таяқшаны жоғарыға көтеру». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқшаны иық еніндей шетінен ұстап төменге қою. 1 – таяқшаны жоғары көтеріп созылу; 2қолдарын бүгіп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | арқаларын түйістіріп тұру.<br>1-2 – құрсауды жоғары көтеріп, оңға (солға) иілу – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6 рет).<br>3.Б.қ. – балалардың біреуі құрсауды жерден 30 см көтеріп, тігінен ұстайды, ал екіншісі құрсауға еш жерін тигізбей, оның ішінен еңбектеп өтіп, түрегеліп, қайта ішімен орнына қайтуы керек. (3–5 рет қайталау). Балалар орындарын ауыстырып, қимылдарды қайтадан бастайды.<br>4.Б.қ.: құрсауды бармақтары және өкшелерімен басып тұру.<br>1-2 – аяқ басына көтерілу, қолдарын көтеру; 3-4 – өкшесіне түсу, қолдарын төмен түсіру; 8– 10 рет қайталау.<br>«Айналада». Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; бір қолдары белінде, екіншімен құрсауды ұстау; аяқ ұшына отырып, құрсауды үш рет айналу; тұрып, денені түзеу, бағытты өзгертіп, қайталау (3-4 рет).<br>5.Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; шеңбер бойымен аяқтарын жоғары көтеріп, шапшаң жүгіріп үш рет айналу; бір орында жай жүру; бағытын өзгерту, қайталау (3-4 рет). | келу – демін сыртқа шығару, қайталау (8–10 рет).<br>2.Б.қ.: бір-біріне қарама-қарсы өкшесімен отыру, құрсау екеуінің ортасында. Біреуі еңкейіп, құрсауды итереді, ал екіншісі құрсауды өзіне тартады. Қайталау (4-5 рет).<br>3.Б.қ.: құрсаудың ішінде арқаларын түйістіріп тұру. Құрсауды қолдарымен ұстап тұрады. 1-2 – арқаларын түзу ұстап, отыра бергенде құрсауды жоғары көтере бастау; қайталау (8–10 рет).<br>4.Б.қ.: арқасына шалқалап, өкшелерін құрсауға қойып жату.  1-4– аяқтарын жоғары көтеру;<br>5–8 – аяқ бастарын құрсауға баяу тарту.  Қайталау (8 рет).<br>5.Б.қ.: біреуі құрсауды еденге параллель 40 см биіктікке ұстап, тізерлеп тұру; екіншісі құрсауға қырындап тұрады; құрсаудың астына өтіп, ішінен аттап шығады. 6 рет қайталау. Балалар орындарын ауыстырады.<br>6.Б.қ.: екеуі де оң қолдарымен құрсауды ұстап тұрады. Оңға айналу, тоқтау; сол жаққа айналу. Қайталау (4-5 рет)<br>7.Б.қ.: қолдары артта, құрсауды еденге қою; екі | кеудесіне; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>2.«Ескекшілер». Б.қ.: аяқтарын иық енінде қою, таяқшаны ортасына таман көлденең ұстау; оңға, солға бұрылып, ескекті келтіріп қозғалту. 6–8 рет қайталау.<br>3.«Отыруға тырыс». Б.қ.: шалқалап жату, таяқшаны төмен түсірілген қолдарында ұстау; 1 – таяқты серпіп, басынан жоғары асыру; 2-3 – таяқты сермеп алдыға шығару, тартылып отыру; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>4.«Таяқшаға қара». Б.қ.: етбеттеп жату, жұдырықтарын иектің астына тіреу, таяқшаны алдына қою. 1-2– таяқшаны жоғары көтереді, таяқшаға қарау; 3-4 – б.қ. - босаңсу. 6 рет қайталау.<br>5.«Таяқшаны тізесіне қою». Б.қ.: шалқасынан жату, таяқша санында, 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – оң (сол) аяғын бүгу, таяқшаны тізесіне көтеру; 3 – таяқшаны жоғары көтеру; 4 – б.қ. Басы мен иықтарын жерден алмай, аяғының басын созады. 6 рет қайталау.<br>6.«Аяғыңның басына жеткіз». Б.қ.: отыру, аяқтарын ашу, таяқшаны кеуде тұсында ұстау;<br>1–3 – алдыға еңкею, таяқшамен аяқтарының басына дейін жету; 4 – | ортасына қарай ұстау. 1-2 – оңға бұрылу, таяқшаны оңға қарай оң қолымен апару (таяқша  еденге параллель); баяу қозғалу; 3-4 – б.қ. Сол жағына 5 рет қайталау.<br>3.Б.қ.: тұру. 1–3 – таяқты алдыға ұстау, оң аяғын басына-өкшесіне-басына басу; 4 – б.қ. Сол аяқпен осы қимылдарды қайталау.<br>1.Б.қ.: тұру. Таяқты үстіңгі шетінен ұстап, тігінен аяқтарының ортасына орналастыру, демін  ішіне тарту.  1-2  –  еңкею (тікбұрыш  жасап), қолдарын  таяқты жылжыта  алға  созу, басы түзу, демін сыртқа шығару; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпей 6–8 рет қайталау.<br>2.Б.қ.: етбеттеп жату. Таяқшаны артына қолдарын бүгіп ұстау. 1-2– таяқша мен денесін жоғары көтеру;  3-4 – б.қ. Баяу 4–6 рет қайталау.<br>3.Б.қ.: тұру. Таяқшаны төмен түсіріп шетіне қарай ұстау. 1-2– аяқ басымен отырып-тұру; тізелерін ашып қою, арқасын түзеу – демін сыртқа шығару; 3-4 – б.қ. -демін сыртқа шығару. 8–10  рет қайталау.<br>4.Б.қ.: тұру. Таяқшаны алдына қою. 9 рет секектеу, 9-рет таяқшадан секіріп өту; 4 қадам орынында тұрып ату.  4–6 рет қайталау. | таяқшаны  жауырынына қояды;  3  –  таяқшаны жоғары  көтереді;  4  – таяқшаны төмен түсіреді, б.қ. (8 рет).<br>2.«Созылғыштар». Б.қ.: – тұру, таяқты төмен ұстау. 1-3 – таяқты жоғары көтеріп, артқа жіберу, аяқтың басымен тұрып, созылу; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>3.«Отырып-тұру» Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқшаны иық еніндей шетінен ұстап төменге қою. 1 –  отыру, таяқшаны алға шығару; 2 – б.қ. (8 рет).<br>4.«Еңкею» Б.қ.: – аяқтарын алшақ қою, таяқшаны төмен ұстау; 1-2 – алдыға еңкею, таяқшаны жоғары көтеру, керілу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>5.«Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу: 3 – денені түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.«Уқалау» Б.қ.: – тұру. Бармақтары таяқшаның үстінде, таяқшаны аяғымен дөңгелету (бармақтарынан бастап, өкшесіне дейін). Сол аяғымен осы қимылдарды қайталау. 8 рет.<br>7.«Секірулер». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аяқтап құрсауды артпен үш рет айналу; тоқтау. Бағытты өзгерту, жай жүріспен алмастырып, қайталау (2-3 рет). | б.қ. 6 рет қайталау.<br>7.«Стадионға». Б.қ.: тұру. Таяқшаны шынтақ бүгілуіне ұстау. Бір орында тізесін жоғары көтеріп жүгіру. 3 рет 20 секундтан жүрумен алмастырып, қайталау. | | иықтарына қою. Секіру – аяқтарын екі жаққа ашу, қайта жинау. 1–8 дейін. Шағын үзіліс жасап, қайта 8 рет қайталау. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:** 09.00 11.30<br>09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **11.12.23**<br>**Дүйсенбі** | **12.12.23**<br>**Сейсенбі** | **13.12.23**<br>**Сәрсенбі** | **14.12.23**<br>**Бейсенбі** | **15.11.23**<br>**Жұма** |
| | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бүтін және бөлік. (танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру. «+», «-» таңбасымен таныстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру; сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атау қабілеттерін бекіту.<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** сандарды санау, | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау. [н]<br>**ҰІӘ міндеттері:** -қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру;<br>-дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту;<br>-дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстықтарды дұрыс ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: **Түсінеді:** дыбыстардың жасалу жолын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстықтарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бүтін және бөлік. (тілдік қарым-қатынас)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру. «+», «-» таңбасымен таныстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру; сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атау қабілеттерін бекіту.<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бүтін және бөлік(ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>Бүтін және бөлік. (тілдік қарым-қатынас)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру. «+», «-» таңбасымен таныстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру; сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атау қабілеттерін бекіту.<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.[н],[л]<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру;<br>-берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту;<br>-артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.<br>**Дағды**: дыбыстарды ажыратып, сөздегі дыбыстың орнын анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз құрайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салыстыру, цифрларды тануға және атауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** затты (фигураны) өзінің бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** сандарды санауды және салыстыра білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог қызғылтсары шеңберді алып екіге бөледі.<br>Әлия апельсинді екіге бөлді. Әр бөлікті қалай атауға болады? (жарты)<br>Ал егер біз екі жартыны бір-біріне біріктірсек, неболады? (Бүтін апельсин болады. Барлығы біріктіреді).<br>Әлия апельсинді неше бөлікке бөлді?<br>Қайсысы көп: бүтін бе, әлде бөлік пе?<br>Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (бөліктерді қосамыз).<br>Сырым апельсинді төрт бірдей бөлікке бөлді. Бұл бөліктерін- ширек,төрттен бір бөлігі деп атайды.<br>Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (*Бүтін)*<br>Сырым апельсинді неше бөлікке бөлді?<br>Не көп: жарты ма, әлде төрттен бір бөлігі ме?<br>2 немесе 4 пе?<br>**Түсіну деңгейі:** | қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Тіл ұстарту**<br>Ба-ба-ба,<br>Бақылдайды бақа.<br>Ыс-ыс-ыс,<br>Келді, міне, қыс.<br>Оп-оп-оп,<br>Балалар ойнады доп.<br>Жау-жау-жау,<br>Желбіреп тұр жалау.<br>Ой-ой-ой,<br>Қорада тұр қой.<br>Ай-ай-ай,<br>Ұшып кетті торғай.<br>Ай-ай-ай,<br>Жайылып жүр тай.<br>Ға-ға-ға,<br>Ұшып кетті қарға.<br>«Кім зерек» дидактикалық ойыны<br>–Балалар, көк түсті тұртбұрышты, дөңгелекті, үшбұрышты алдыларыңа алыңдар. Мен сендерге қатаң дыбысты айтсам, төртбұрышты, ұяң дыбысты айтсам, дөңгелекті, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, үшбұрышты көтересіңдер.<br>Мысалы: қатаң дыбыстар: *п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч, щ.*<br>Ұяң дыбыстар: *б, в, г, ғ, д, ж, з.*<br>Үнді дыбыстар: *й, л, м ,н, ң, р, у.*<br>**Түсіну деңгейі:** «Жалауша» дидактикалық ойыны<br>– Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында | моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** затты (фигураны) өзінің бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** сандарды санауды және салыстыра білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог қызғылтсары шеңберді алып екіге бөледі.<br>Әлия апельсинді екіге бөлді.<br>Әр бөлікті қалай атауға болады? (жарты)<br>Ал егер біз екі жартыны бір-біріне біріктірсек, неболады? (Бүтін апельсин болады. Барлығы біріктіреді).<br>Әлия апельсинді неше бөлікке бөлді?<br>Қайсысы көп: бүтін бе, әлде бөлік пе?<br>Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (бөліктерді қосамыз).<br>Сырым апельсинді төрт бірдей бөлікке бөлді. Бұл бөліктерін- ширек,төрттен бір бөлігі деп атайды.<br>Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (*Бүтін)*<br>Сырым апельсинді неше бөлікке бөлді? | аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** затты (фигураны) өзінің бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** сандарды санауды және салыстыра білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог қызғылтсары шеңберді алып екіге бөледі.<br>Әлия апельсинді екіге бөлді.<br>Әр бөлікті қалай атауға болады? (жарты)<br>Ал егер біз екі жартыны бір-біріне біріктірсек, неболады? (Бүтін апельсин болады. Барлығы біріктіреді).<br>Әлия апельсинді неше бөлікке бөлді?<br>Қайсысы көп: бүтін бе, әлде бөлік пе?<br>Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (бөліктерді қосамыз).<br>Сырым апельсинді төрт бірдей бөлікке бөлді. Бұл бөліктерін- ширек,төрттен бір бөлігі деп атайды.<br>Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (*Бүтін)*<br>Сырым апельсинді неше бөлікке бөлді? | **Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>«Артығын тап» ойынын ұйымдастыру.<br>Ара, өрмекші, маса, көбелек,аю. *(аю)*<br>Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. *(сауысқан)*<br>Мысық, түлкі, аю, қасқыр. *(мысық)*<br>Колғап, көйлек, шалбар, етік. *(көйлек)*<br>Май, шай, нан, қант, қасық. *(қасық)*<br>Балалар сөздердің лексикалық мағынасына қарай артық сөзді табады.<br>Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды?<br>–Балалар, тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Практикалық жұмыс**<br>Педагог пицца немесе тәтті(пирог) нанды жарты немесе төрт бөлікке кесуге ұсынады.<br>Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (*Біріктіру арқылы.)*<br>Қорытынды: бөліктерден бүтінді алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу қажет.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманы** педагог балалармен бірге ауызша орындайды. Заттарды атайды.<br>Әр суреттің қандай бөліктері бейнеленген? Оларды көрсет.<br>Педагог қосымша сұрақтар қояды:<br>Компьютердің неше бөлігі бар? Олар бірдей ме?<br>Апельсиннің қандай бөліктерін көріп тұрсың?<br>Ойыншықтардың неше бөлігі бар?<br>Шаршының бөліктерін қара.<br>Шаршының парағын осындай бөліктерге кес.<br>Шаршыны бүкте.<br>Паровоз вагондарды алып жүреді. Олар нешеу, санаймыз.<br>Паровоздан кейін бірден сол жақтағы вагондардан бастап санайық. Балалар санайды.<br>(10)<br>Барлық вагондар бірдей ме? Пішіні, өлшемі, түсі бойынша?<br>-Пойыздың 10 вагонын біртұтас деп айтуға болады.<br>-Текшелер жиынтығы - бұл бүтін. Жиынтықта қанша | болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.<br>Мысалы: (Е) *етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер, Ерлан, тәрелке, ешкі, күлтеше, жүрек, тірек, бәтеңке, есік* т.б.<br>(Ә*) әтеш, бәтеңке, бәсіре, бәліш, әтір, әңгелек, әміре, Кәмилә, Кәмшат, әйнек, мәсі* т.б.<br>(Ұ) *ұршық, ұлу, ұшақ, ұзын, құмыра, ұн, құндыз, құлып, Ұлжан, ұлпа, құс, ұрыс, ұрық, ұмыт, ұқыпты, құм* т.б.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>Педагог *«лақ»* сөзінің сызбасын тақтаға іледі.<br>Бір баланы тақтаға жұмыс жасауға шақырады. Қалған балалар орындарында жасайды.<br>Дыбыстық талдау жасау барысында әр дыбысты жеке-жеке дыбыстап айтуға тапсырма беріледі.<br>«Лақ**»** сөзінде1 буын, 3 дыбыс бар.<br>Л – үнді дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.<br>Педагог «гүл» сөзінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі.<br>«Гүл» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>Г – ұяң дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. | Не көп: жарты ма, әлде төрттен бір бөлігі ме?<br>2 немесе 4 пе?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Практикалық жұмыс**<br>Педагог пицца немесе тәтті(пирог) нанды жарты немесе төрт бөлікке кесуге ұсынады.<br>Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (*Біріктіру арқылы.)*<br>Қорытынды: бөліктерден бүтінді алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу қажет.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманы** педагог балалармен бірге ауызша орындайды. Заттарды атайды.<br>Әр суреттің қандай бөліктері бейнеленген? Оларды көрсет.<br>Педагог қосымша сұрақтар қояды:<br>Компьютердің неше бөлігі бар? Олар бірдей ме?<br>Апельсиннің қандай бөліктерін көріп тұрсың?<br>Ойыншықтардың неше бөлігі бар?<br>Шаршының бөліктерін қара. Шаршының парағын осындай бөліктерге кес.<br>Шаршыны бүкте.<br>Паровоз вагондарды алып жүреді. Олар нешеу, санаймыз.<br>Паровоздан кейін бірден сол жақтағы вагондардан бастап санайық. Балалар санайды.<br>(10) | Не көп: жарты ма, әлде төрттен бір бөлігі ме?<br>2 немесе 4 пе?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Практикалық жұмыс**<br>Педагог пицца немесе тәтті(пирог) нанды жарты немесе төрт бөлікке кесуге ұсынады.<br>Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (*Біріктіру арқылы.)*<br>Қорытынды: бөліктерден бүтінді алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу қажет. **Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманы** педагог балалармен бірге ауызша орындайды. Заттарды атайды.<br>Әр суреттің қандай бөліктері бейнеленген? Оларды көрсет.<br>Педагог қосымша сұрақтар қояды:<br>Компьютердің неше бөлігі бар? Олар бірдей ме?<br>Апельсиннің қандай бөліктерін көріп тұрсың?<br>Ойыншықтардың неше бөлігі бар?<br>Шаршының бөліктерін қара. Шаршының парағын осындай бөліктерге кес.<br>Шаршыны бүкте.<br>Паровоз вагондарды алып жүреді. Олар нешеу, санаймыз.<br>Паровоздан кейін бірден сол жақтағы вагондардан бастап санайық. Балалар санайды.<br>(10)<br>Барлық вагондар бірдей ме? Пішіні, өлшемі, түсі | күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – Тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну деңгейі:** «Сөз айт, дұрыс айт» дидактикалық ойыны<br>Педагог балаларға көк түсті төртбұрышты көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. Мысалы: (пима, фабрика, кілт, қант, тұз, шана, сабын, хат, қайық, циркуль, щетка т.б.).<br>Қызыл түсті домалақты көрсетіп, жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Әтеш, өшіргіш, өмір, елгезек, ірімшік, элеватор, ін, иық, үтік т.б.)<br>Енді үнді дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Лақ, мысық, нағашы, радио, уық т.б.).<br>Педагог тіл ұстарту барысында балаларға үнді дауыссыз дыбыстарды естігенде, бір рет қол шапалақтауға ұсыныс тастайды.<br>**Тіл ұстарту**<br>Ақ-ақ-ақ,<br>Тастан-тасқа секірді лақ.<br>Ма-ма-ма,<br>Лақты қораға қама.<br>Аң-аң-аң,<br>Аңның ізіне болдым таң.<br>Рақ-рақ-рақ, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | текше бар? Олар бірдей ме? (Пішіні мен өлшемі бірдей, түсі әртүрлі)<br>Жиынтықтағы текшелерді сана.<br>Осыдан кейін педагог қағаздан жасалған шаршыларды таратады, оны тең бөлікке, содан кейін тағы бүктеуді ұсынады.<br>Ашып бөліктерді санайды.<br>Шаршының екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін басқаша қалай атауға болады? (жарты, ширек)<br>Сондай-ақ, тең және тең емес бөліктерге бөлінген ашықхатты таратуға болады.<br>Педагог бүктеуді сұрайды.<br>Бөліктерді санайды.<br>**Қолдану деңгейі: Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»**<br>Педагог суреттерді көрсетеді, балалар бүтін немесе бөлік деп айтады.<br>Бүтін алманы, текшелер жиынтығын көрсетеді, содан соң бөліктерін-жарты, төрттен бір бөлігін. Балалар атайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Балалар **2-тапсырманы** орындайды. Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізеді.<br>Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді.<br>Алма қандай бөліктерге бөлінген? (*Жоғарыда алма екі бөлікке, төменде төрт бөлікке бөлінген).*<br>Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (*Бүтін)* | Ү – жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді.<br>Л – үнді дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.<br>«Тор» сөзінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі.<br>«Тор» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.<br>О – жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.<br>**Сергіту сәті**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Артқа қарай бір адым,<br>Алға қарай бір адым.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық. | Барлық вагондар бірдей ме? Пішіні, өлшемі, түсі бойынша?<br>-Пойыздың 10 вагонын біртұтас деп айтуға болады.<br>-Текшелер жиынтығы - бұл бүтін. Жиынтықта қанша текше бар? Олар бірдей ме? (Пішіні мен өлшемі бірдей, түсі әртүрлі)<br>Жиынтықтағы текшелерді сана.<br>Осыдан кейін педагог қағаздан жасалған шаршыларды таратады, оны тең бөлікке, содан кейін тағы бүктеуді ұсынады. Ашып бөліктерді санайды.<br>Шаршының екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін басқаша қалай атауға болады? (жарты, ширек)<br>Сондай-ақ, тең және тең емес бөліктерге бөлінген ашықхатты таратуға болады. Педагог бүктеуді сұрайды. Бөліктерді санайды.<br>**Қолдану деңгейі: Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»**<br>Педагог суреттерді көрсетеді, балалар бүтін немесе бөлік деп айтады.<br>Бүтін алманы, текшелер жиынтығын көрсетеді, содан соң бөліктерін-жарты, төрттен бір бөлігін. Балалар атайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Балалар **2-тапсырманы** орындайды. Бүтін мен | бойынша?<br>-Пойыздың 10 вагонын біртұтас деп айтуға болады.<br>-Текшелер жиынтығы - бұл бүтін. Жиынтықта қанша текше бар? Олар бірдей ме? (Пішіні мен өлшемі бірдей, түсі әртүрлі)<br>Жиынтықтағы текшелерді сана.<br>Осыдан кейін педагог қағаздан жасалған шаршыларды таратады, оны тең бөлікке, содан кейін тағы бүктеуді ұсынады. Ашып бөліктерді санайды.<br>Шаршының екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін басқаша қалай атауға болады? (жарты, ширек)<br>Сондай-ақ, тең және тең емес бөліктерге бөлінген ашықхатты таратуға болады. Педагог бүктеуді сұрайды. Бөліктерді санайды.<br>**Қолдану деңгейі: Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»**<br>Педагог суреттерді көрсетеді, балалар бүтін немесе бөлік деп айтады.<br>Бүтін алманы, текшелер жиынтығын көрсетеді, содан соң бөліктерін-жарты, төрттен бір бөлігін.<br>Балалар атайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Балалар **2-тапсырманы** орындайды. Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізеді.<br>Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді. | Керек маған тарақ.<br>Уық-уық-уық,<br>Қорада тұр тауық.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Заттардың атында естілген **н, л** дыбыстарының дыбыстық белгілерін қой.<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>Балалар, дәптерімізді ашып, үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайық.<br>Балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды.<br>Тексеру үшін педагог дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, балаларды тақтада шақырады. Балалар жұмыстарының дұрыс-бұрыстығын тақтамен тексереді.<br>Суреттерде не бейнеленген?<br>Хат, бал, уық.<br>Педагог дыбыстық талдау жасаған кезінде сөздегі әр дыбысты анық айтуларына тапсырма береді.<br>«Хат»сөзіне дыбыстық талдау.<br>Х – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз.<br>Хат сөзінде 1 буын, 3 дыбыс.<br>«Бал» сөзінің дыбыстық талдауы.<br>Б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алманың екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін, басқаша қалай атауға болады? (Жарты, ширек.)<br>Педагог мұны «+» белгісінің көмегімен көрсетеді.<br>Екінші суретте алманың төрт бөлігінен бір бөлігін алады, қанша бөлік қалады?<br>Педагог мұны «-» таңбасының көмегімен көрсетеді. 3 бөлігі қалады.<br>Одан кейін **3-тапсырманы** орындау ұсынылады.<br>Бөліштің бөліктерін табуды ұсынады.<br>**тапсырмада** бүтінді бөліктерге бөліп жапсыру тапсырылады. Жеке жұмыс жасалады.<br>**«Қай сан жоғалды?» дидактикалық ойыны**<br>Таныс цифрдан сандық қатар құрылады. Балалар көздерін жұмған кезде, бір сан алынады (түн). Балалар сандарға қарап, қай сан жоғалғанын айтады. | | бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізеді. Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді.<br>Алма қандай бөліктерге бөлінген? (*Жоғарыда алма екі бөлікке, төменде төрт бөлікке бөлінген).*<br>Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (*Бүтін)*<br>Алманың екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін, басқаша қалай атауға болады? (Жарты, ширек.)<br>Педагог мұны «+» белгісінің көмегімен көрсетеді.<br>Екінші суретте алманың төрт бөлігінен бір бөлігін алады, қанша бөлік қалады?<br>Педагог мұны «-» таңбасының көмегімен көрсетеді. 3 бөлігі қалады.<br>Одан кейін **3-тапсырманы** орындау ұсынылады. Бөліштің бөліктерін табуды ұсынады.<br>**тапсырмада** бүтінді бөліктерге бөліп жапсыру тапсырылады. Жеке жұмыс жасалады.<br>**«Қай сан жоғалды?» дидактикалық ойыны**<br>Таныс цифрдан сандық қатар құрылады. Балалар көздерін жұмған кезде, бір сан алынады (түн). Балалар сандарға қарап, қай сан жоғалғанын айтады. | Алма қандай бөліктерге бөлінген? (*Жоғарыда алма екі бөлікке, төменде төрт бөлікке бөлінген).*<br>Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (*Бүтін)*<br>Алманың екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін, басқаша қалай атауға болады? (Жарты, ширек.)<br>Педагог мұны «+» белгісінің көмегімен көрсетеді.<br>Екінші суретте алманың төрт бөлігінен бір бөлігін алады, қанша бөлік қалады?<br>Педагог мұны «-» таңбасының көмегімен көрсетеді. 3 бөлігі қалады.<br>Одан кейін **3-тапсырманы** орындау ұсынылады.<br>Бөліштің бөліктерін табуды ұсынады.<br>**тапсырмада** бүтінді бөліктерге бөліп жапсыру тапсырылады. Жеке жұмыс жасалады. **«Қай сан жоғалды?» дидактикалық ойыны**<br>Таныс цифрдан сандық қатар құрылады. Балалар көздерін жұмған кезде, бір сан алынады (түн). Балалар сандарға қарап, қай сан жоғалғанын айтады. | А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз.<br>Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз.<br>«Бал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс<br>3. Суреттердегі заттардың бірінші дыбысын анықта. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін үшбұрышқа, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін дөңгелекке, үнді дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін төртбұрышқа қос.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Партадағы саусақтар<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар Сурет сала біледі.<br>Ортаңғы мен сұқ саусақ<br>Түйеқұсты салады,<br>Төңкеріліп аспанға<br>Қоян да бола қалады. |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Джунглидағы жаңбыр»**

**Басты міндет: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.**

**Африкаға саяхатқа шығуды ұсынады.**

Африка – ыстық ел. Онда арыстан, маймыл, керік, піл т.б. көптеген жануарлар тіршілік етеді. Түрлі түсті құстар өте көп. Бегемоттар мен қолтырауындар да бар.

Африка, Африка,
Ғажайып ел!
Африка, Африка,
Ыстық ел!
Африка, Африка,
Тәтті банандар!
Өйткені Африкада
жыл бойы жаз!

**«Ыстық елдің жануарлары»:**

Қол-қол – мынау – қолтырауын.
(Балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады).
Мот-мот-мот – пайда болды бегемот.
(Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді.) Ке-ке-ке – мойны ұзын керік.
(Керік сияқты аспанға созылады).
Пі-пі-пі – су шашады піл.
(Піл сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су бүркіген сияқты қимылдайды.)
Май-май-май – маймылды қара, пай-пай!
(Секіріп жүрген маймылды салады).

Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.

**Бетке массаж жасау (уқалау)**

Мақсаты: беттегі белсенді нүктелерді уқалап, суық тиюдің алдын алу. Шеке, бет, мұрын ұшын уқалайды: саусақтарымен ақырын ұрады.
Саусақ ұшымен қастарынан бастап сағат тілінің жүрісіндей көздерін айналдырып 5-6 рет жүргізеді. Қас пен самайдың арасын баяу саусақ ұшымен жүргізеді. Алақандарымен көздерін басады, кірпіктерін сипайды.







**Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Джунглидағы жаңбыр»**

**Міндеттері:** қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.

**Ойынның шарты: Нұсқау:**

-Бір-біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Джунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).
- Жел көтеріліп желкіді ( арқаны қаттырақ басамыз) .
- Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)
- Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)
- Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).
- Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).
- Тағы да нөсер жауын жауды.
- Ұсақ жаңбыр сіркіреді.
- Дауыл соқты.
- Жел соқты.
- Жел басылып келеді.

**Ұсыныс:** бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі.




**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, | **2.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым- | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біз де ойнаймыз.(Ертегі)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу**.** Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету;<br>-ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту;<br>-туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Әңгімеменің мазмұнын айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** диалогті түрде сөйлеуді, ертегінің мазмұнын айтады**;**<br>**Түсінеді:**шырша мен қайыңның айырмашылығын;<br>**Қолданады:** берілген дыбыстан басталатын сөз айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Бүгін қай күн? Кеше қандай күн болды? Ертең қандай күн болады? Бүгін ауа райы қандай? Табиғат өзгерістерін атайық. балаларға көктем мезгілін естеріне түсіреді.Көктем келгенде ерекше құлпырып өсетін өсімдіктердің бірі – ағаштар.<br>Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық. Мақал-мәтелдер:<br>Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты. | қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет? (коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау;<br>-олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін естеу сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-зерттеушілік мәдениетін дамыту.<br>**Дағды**: Жануарлардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларын білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**жануарлардың тіршілік етуіне қажеттіжағдайларды атап береді.<br>**Түсінеді**: жануарлардың бәрінің тірі ағзаға жататынын түсінеді.<br>**Қолданады:**<br>коммуникативтік машық, топпен бірігіп жұмыс істеу дағдысы.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: Әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуге шақырады.**<br>Күрделі сұрақ: Табиғатта қандай жануарларды | іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жаңа жыл келді. (өлеңді жаттау)Сағи Жиенбаев мәнерлеп айту.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын,<br>тілдік бейнелілігін сезінуге баулу және өзара қарым-қатынасын дамыту;<br>-ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын атайды, өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді**: өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады**: өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі, жаңа жылда алған әсерлері туралы айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>– Қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Жақында қандай мереке болады?<br>– Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? | танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Біз де ойнаймыз.(Ертегі)сахналау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу**.** Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету;<br>-ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту;<br>-туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Әңгімеменің мазмұнын айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** диалогті түрде сөйлеуді, ертегінің мазмұнын айтады**;**<br>**Түсінеді:**шырша мен қайыңның айырмашылығын;<br>**Қолданады:** берілген дыбыстан басталатын сөз айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Бүгін қай күн?<br>Кеше қандай күн болды?<br>Ертең қандай күн болады?<br>Бүгін ауа райы қандай?<br>Табиғат өзгерістерін атайық.<br>балаларға көктем мезгілін естеріне түсіреді.Көктем келгенде ерекше құлпырып өсетін өсімдіктердің бірі – ағаштар. | іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жақсы мен жаман.(өлеңді жаттау) Рақым Тышқанбаев танысу.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді мәнерлей оқи отырып,логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру;<br>-сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді,теңеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, сурет бойынша әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:** жақсылық пен жамандықты түсінеді, ажыратады;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, мәнерлеп жатқа айтады. Жақсылық туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Тыныштық сәті (релаксация). Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. «Біз қазір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш.<br>Қарағайға қарап – тал өсер,<br>Қатарына қарап – бала өсер.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді.<br>**Біз де ойнаймыз**<br>Шырша мен қайың қатар өсті. Жас қайың ерке, ойыншыл болатын, ол алаңғасарлығына басып, шыршаға соқтығып, бұрымын жұлып, аяғынан шалып, алыса ойнағысы келіп, мазалай берді.<br>Бізге тиіспе! – деп ақырды шырша, – сотқармен ойнамаймыз.<br>Шыбық тисе, шыңқ етердің өзі екенсің. Жай ғана сипап өткенге нең кетті?<br>Сипап та өтпе. Біз өзіміздің киімімізді күтіп киеміз. Соншама қадірлейтін сенің киіміңнің біздің киімімізден қандай артықшылығы бар?<br>Біз сендердей киімімізді жыл сайын ауыстырмаймыз. Біздің үстімізге кигеніміз жапырақ емес, жасыл ине. | кездестіруге болады?<br>Жануарлар тірі ағзаға жата ма? Қандай жануарларды жабайы, қандайларын үй жануарлары деп атайтынымызды түсіндіреді. Үй жануарлары мен жабайы аңдардың түрлерін атап шығады. Жануарлардың тірі ағзаға жататынын түсіндіреді (қоректенеді, көбейеді, өседі, қозғалады, тыныстайды, өледі).<br>**Түсіну деңгейі:** Балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады: жабайы аңдар мен үй жануарларының атауларын атап бер.<br>Олардың қай жерлерді мекендейтінін білесің бе? Бағыт сызығымен сызып көрсет. Балалар әліппе-дәптердегі суреттерді мұқият қарап шығады. Үй жануарларының қандай пайда әкелетінін айтады. Жабайы аңдар туралы әңгімелейді. Жабайы аңдар мен үй жануарларының сырт келбетіндегі ерекшеліктерін атап өтеді. Дәптердегі кейіпкерлер – Қуаныш немесе Айсұлудың сұрақтарына жауап береді. Зерттеу жұмысына қатысып, жануарлардың тіршілік етуі үшін қандай жағдайлар қажеттігін анықтайды.<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ – үй жануарлары – оларға жылу, ауа, қорек, жылы қора (сарай, қора) қажеттігін дәлелдейді. Екінші топ | Жаңа жыл мерекесі қай мезгілде тойланады?<br>Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» атты өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Жаңа жыл да келеді,<br>Бізге қарай жылыстап.<br>Өлең де әзір, ән де әзір,<br>Ойын да әзір, бәрі әзір.<br>Кел, Жаңа жыл, біздерге,<br>Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Жылыстап* – ақырындап, біртіндеп.<br>*Әзір* – дайын.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Жаңа жылда балалар не істейді?<br>Жаңа жылда бізге кім келеді?<br>Өлең шумағындағы сөздерді есімізге түсірейік. *Жылыстап, әзір* сөздерінің мағынасын қайталау.<br>Өлеңді мәнерлеп жатқа айтады.<br>3-4 балаға өлеңді қайталап айтқызу.<br>***Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»***<br>***Ойын шарты*:** екі үлкен шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны ойыншықтармен | Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық. Мақал-мәтелдер: Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты.<br>Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш.<br>Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді.<br>**Біз де ойнаймыз**<br>Шырша мен қайың қатар өсті. Жас қайың ерке, ойыншыл болатын, ол алаңғасарлығына басып, шыршаға соқтығып, бұрымын жұлып, аяғынан шалып, алыса ойнағысы келіп, мазалай берді.<br>Бізге тиіспе! – деп ақырды шырша, – сотқармен ойнамаймыз.<br>Шыбық тисе, шыңқ етердің өзі екенсің. Жай ғана сипап өткенге нең кетті? | көңіл күйіміздің әлеміне сапар шегеміз. Бұлттың үстінде, биікте қалқып келе жатырмыз. Айналамыз жап-жарық, таза ауа, әсем гүлдердің хош иісі. Өзіңе ұнайтын адамдарды, достарыңды кездестірдіңдер. Барлығы өте мейірімді, көңілді. Бізге қол бұлғайды. Біз де қол бұлғаймыз. Ал енді бәрімен қоштасайық. Біздің қайтатын кезіміз келді. Бұл сендердің көңіл күйлеріңнің әлемі. Көздеріңді ашыңдар. Көз алдарыңа нені елестеттіңдер?»<br>**Түсіну деңгейі:** Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Жақсы бала ол анық,<br>Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Алады ол таранып.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс**:<br>*Жақсы бала* – ақылды, таза, ұқыпты бала.<br>*Шалалық* – бастаған жұмысын аяқтамау, дұрыс жасамау.<br>**Сұрақ жауап:**<br>Өлең қалай аталады, не туралы айтылған?<br>Сендерге ұнады ма? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өткір-өткір найзаңды көріп тұрмын. Ол инеңнен қорқатын біз жоқ.<br>Жіңішке бұтаққа өскен инелер – біздің көркіміз, ыстық-суықтан қорғайтын сауытымыз. Сондықтан бұл көк инелерімізді жеті жылда бір-ақ рет ауыстырамыз.<br>Қалай ұзақ киесіңдер?<br>Сондықтан да сақтап, баптап киюге тырысамыз.<br>Қымбат, құнды киімнің күтімі де өзіне сай болғаны жөн.<br>Солайы солай ғой, сонда да, ойнамай отырсаң зерігіп кетпейсің бе?<br>Бала болған соң, біз де ойнаймыз. Бірақ киімімізді кірлетіп, ластап, жыртып ойнамаймыз.<br>Педагог әңгіме мазмұнын балалармен бірге талқылайды. Педагог екі тілде аудармаларды айтып өтеді.<br>Шыбық тисе шыңқ етер – өте ашуланшақ екенін түсіндіреді.<br>**Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата».**<br>Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады.<br>Педагог: Шырша.<br>Сергіту сәті:<br>**Таудай биік боламыз** | жабайы аңдарға қандай жағдайлар қажеттігін түсіндіреді.<br>**Қолдану деңгейі: «Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойынды ұйымдастырады**.<br>Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады).<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс істеуге шақырады.**<br>Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. Жабайы аңдардың тіршілік етуіне қажеттілерін – көк қарындашпен, ал, үй жануарларына қажеттісін – қызылмен қоршап сыз. Сен неге олай ойлайсың? Тек жер астындағы тіршілікке бейімделген жануардың суретін боя. Ол туралы не білесің? Ол неге зәру? | безендіру. Қай топ тез безендірсе, сол топ жеңімпаз атанады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қар борайды оң жақтан,<br>Қар борайды сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>*Балалар қимылмен орындайды.* | Сипап та өтпе. Біз өзіміздің киімімізді күтіп киеміз.<br>Соншама қадірлейтін сенің киіміңнің біздің киімімізден қандай артықшылығы бар?<br>Біз сендердей киімімізді жыл сайын ауыстырмаймыз. Біздің үстімізге кигеніміз жапырақ емес, жасыл ине. Өткір-өткір найзаңды көріп тұрмын. Ол инеңнен қорқатын біз жоқ.<br>Жіңішке бұтаққа өскен инелер – біздің көркіміз, ыстық-суықтан қорғайтын сауытымыз. Сондықтан бұл көк инелерімізді жеті жылда бір-ақ рет ауыстырамыз.<br>Қалай ұзақ киесіңдер?<br>Сондықтан да сақтап, баптап киюге тырысамыз.<br>Қымбат, құнды киімнің күтімі де өзіне сай болғаны жөн.<br>Солайы солай ғой, сонда да, ойнамай отырсаң зерігіп кетпейсің бе?<br>Бала болған соң, біз де ойнаймыз. Бірақ киімімізді кірлетіп, ластап, жыртып ойнамаймыз.<br>Педагог әңгіме мазмұнын балалармен бірге талқылайды. Педагог екі тілде аудармаларды айтып өтеді.<br>Шыбық тисе шыңқ етер – өте ашуланшақ екенін түсіндіреді. | Жақсы бала деп қандай баланы айтамыз?<br>Жаман бала деп кімді айтамыз?<br>Сен қандай бала болғың келеді?<br>***Есіңе сақта:***<br>«Болғың келсе жақсы адам,<br>Жақсылық жаса әрқашан».<br>**Сергіту сәті:**<br>Қол алысып қане біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тік тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Қандай жақсы дос болу.<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне, менің қолым, дос. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шыршадай жасыл жайқалып,<br>Көңіл күйді ашамыз.<br>Нұрын төккен әлемге,<br>Күн боп шуақ шашамыз.<br>Ақ қайыңдай тербеліп,<br>Мөлдір судай ағамыз.<br>Қыран құстай самғаймыз,<br>Таудай биік боламыз.<br>*(Г.Оразбаева)* | | | **Қолдану деңгейі: Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата».**<br>Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады.<br>Педагог: Шырша.<br>Сергіту сәті:<br>**Таудай биік боламыз**<br>Шыршадай жасыл жайқалып,<br>Көңіл күйді ашамыз.<br>Нұрын төккен әлемге,<br>Күн боп шуақ шашамыз.<br>Ақ қайыңдай тербеліп,<br>Мөлдір судай ағамыз.<br>Қыран құстай самғаймыз,<br>Таудай биік боламыз.<br>*(Г.Оразбаева)* | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |

***2 үзіліс – 10:00 – 10:30***

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Кинезиологиялық гимнастика**

**Басты міндеттері: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Негізгі гимнастика түрі:**Тазару үшін, балақан,<br>Дұрыс, терең тыныс ал!<br>**Орындалу шарты:** Мұрынның оң жақ тесігінен демін ішіне тартып, сол жақ | **Негізгі гимнастика түрі: *«Есіне»*.**<br>Есінеген пайдалы,<br>Тісіңді ашсаң болғаны.<br>**Орындалу шарты:** Көздерін жұмады. Екі жақ үстіңгі, астыңғы азу тістерінің түйісу тұсын сұқ саусақ және | **Негізгі гимнастика түрі: *«Қолдар»*.**<br>Күшті болсын қолдарым, Қысып-қысып аламын!<br>**Орындалу шарты:** Қолдарын шынтақтан бүгіп ұстап, қол басы, жұдырығын біртіндеп | **Негізгі гимнастика түрі: *«Білезік»*.**<br>Уқаладым білезікті,<br>Болсын деп буыным мықты.<br>**Орындалу шарты:** Оң қолмен сол қолдың білезігінен ұстап, аздап уқалау. Сосын | **Негізгі гимнастика түрі: *«Алақан»*.**<br>Алақаннан қатты бас, Күшің тасып сарқылмас!<br>**Орындалу шарты:** Бір қолдың жұдырығымен екінші қолдың | **Негізгі гимнастика түрі: *«Ұшу»*.**<br>Құсқа ұқсап ұшамыз,<br>Жерді көктен құшамыз!<br>**Орындалу шарты:** Бір орында тұрып, қолдарымен құсша ұшады. Көздерін жұмып, қанатын қағып, | **Негізгі гимнастика түрі: *«Тыныштал»*.**<br>Көзді жұмып тұрамыз,<br>Біртіндеп барып тынамыз.<br>**Орындалу шарты:** Басбармағын ішіне бүріп, жұдырықтарын түю. Демін асықпай |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| тесігінен сыртқа шығарады.<br>Демін ішіне тартқанда «алтын-күміс энергияның» мұрынның оң жақ тесігінен кіріп, кеңірдектің оң жағынан, жүрек, асқазан арқылы құйымшаққа дейін жеткенін, дем шығарғанда «сары ауру энергияның» сол жағынан шығып жатқанын елестетеді (бауыр, бүйрек, жүректің бір жағы, кеңірдек пен мұрынның сол жағымен). 3 рет екі жағымен кезек-кезек қайталау. | ортаңғы бармақпен басып, уқалау.<br>Қатты дыбыстап, есінеу. | жылдамдата қысып, қайта босатып, бірнеше рет қайталайды.<br>Қолдары шаршағанша жаттығады. Болған соң қолдарын босатып, сілкіп жібереді. | керісінше қайталау. | алақанын «бұрғылау».<br>Қолдарын ауыстырып алып, екінші қолмен керісінше орындау. | қаншалықты биіктікке ұшып бара жатқанын елестету. | шығарып тұрып жұдырығын қыса түсу.<br>Сосын қолдарын босаңсыта бастағанда демін асықпай ішке тарту.<br>Екі қолмен қатар орындау. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** «Қолғап»ертегісі<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>**-**сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету.<br>**-**есте сақтау қабілеттерін,балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: ертегі кейіпкерлерінің сөздерін | **3.Мүсіндеу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Кесе.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик ) таныстыру;<br>-белсенділігін, шығармашылығын дамыту;<br>-тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Мүсіндеудің созу, тегістеу, сылау сияқты техникалық әдістерін қолдануға, ермексазды дұрыс қолдануға үйрету | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.[н],[л]<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру;<br>-берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту;<br>-артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.<br>**Дағды**: дыбыстарды ажыратып, сөздегі дыбыстың орнын анықтай алуға дағдыландыру. | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** «Саяхатшы» ертегісі<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән | **3.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет?<br>(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау;<br>-олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін естеу сақтау және сөздік- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ертегіні сахналайды.<br>**Түсінеді:** ертегінін мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:** ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп айтады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Аспан болсын көгілдір,<br>Жайнай берсін бұл өмір.<br>Ақ мамық қар жауып,<br>Біз аққала жасаймыз.<br>**Суреттер бойынша «Қыс қызығы» тақырыпты қайталау.** Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды, сөйлем құрастырады. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды? Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алып келді.<br>Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып береді.<br>Ертегі ұнады ма?<br>Ертегіде кімдер бар?<br>Мынау – қолғап.<br>Мынау не? (Қолғап). | дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды***:*кесені мүсіндеуді;<br>**Түсінеді***:*кесенің күнделікті қажет бұйым екенін;<br>**Қолданады:**өрнектің түрін ермексаздан жасауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>*Шаттық шеңбері:*<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да,<br>Достар бір-біріне,<br>Сенімді боламыз.<br>Екі деген екі дос,<br>Бірін-бірі қимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,<br>Бірін-бірі сыйлайтын.<br>(Е.Өтетілеуұлы)<br>Есіктен Балдырған (қуыршақ) жылап кіреді.<br>Педагог:<br>Балдырған, саған не болды, неге жылап тұрсың?<br>Балдырған:<br>–Мен таңғы асымды ішіп отырып кесемді сындырып алдым. Педагог:<br>–Болды, жылама, Балдырған, біз саған кесе жасап береміз.Балалар, онда бүгін біз Балдырғанға кесе жасап берейік. Кесені біз қайдан табамыз, мүмкін бізге теледидар көмектесетін шығар. Қараңдар, қандай әдемі кеселер, осының ішінен ең әдемісін таңдап алып, сол кесені мүсіндейік.<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог жұмысты бастамас бұрын ермексазбен жұмыс істеу | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз құрайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>«Артығын тап» ойынын ұйымдастыру.<br>Ара, өрмекші, маса, көбелек,аю. *(аю)*<br>Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. *(сауысқан)*<br>Мысық, түлкі, аю, қасқыр. *(мысық)*<br>Колғап, көйлек, шалбар, етік. *(көйлек)*<br>Май, шай, нан, қант, қасық. *(қасық)*<br>Балалар сөздердің лексикалық мағынасына қарай артық сөзді табады.<br>Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды?<br>–Балалар, тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен.<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. | дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өз сөзін интонациямен жеткізе алады, ертегіні сахналайды.<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұның түсінеді.<br>**Қолданады:** ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.<br>Сәлеметсіздер ме?! Өткен тақырыпты қайталау, «Қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлерді атауды ұсынады.<br>«Не жоқ?» Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, зейіндерін дамыту.<br>**Ойынның шарты:** балалар көздерін жұмады, педагог бір ойыншықты жасырады. Мысалы: түлкіні жасырып сұрайды: Не жоқ? (Түлкі жоқ) т.б.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, біз бүгін сендерге | логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-зерттеушілік мәдениетін дамыту.<br>**Дағды**: Жануарлардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларын білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**жануарлардың тіршілік етуіне қажеттіжағдайларды атап береді.<br>**Түсінеді**: жануарлардың бәрінің тірі ағзаға жататынын түсінеді.<br>**Қолданады:** коммуникативтік машық, топпен бірігіп жұмыс істеу дағдысы.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: Әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуге шақырады.**<br>Күрделі сұрақ: Табиғатта қандай жануарларды кездестіруге болады? Жануарлар тірі ағзаға жата ма? Қандай жануарларды жабайы, қандайларын үй жануарлары деп атайтынымызды түсіндіреді. Үй жануарлары мен жабайы аңдардың түрлерін атап шығады. Жануарлардың тірі ағзаға жататынын түсіндіреді (қоректенеді, көбейеді, өседі, қозғалады, тыныстайды, өледі).<br>**Түсіну деңгейі:** Балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірінші кім келді? (Тышқан)<br>Тышқан қандай?<br>Тышқан кішкентай.<br>Екінші? (Бақа)<br>Бақа не деді?<br>Бақа не істейді?<br>Тышқан не деді?<br>Соңғы кім келді? (Аю)<br>Барлығы неше болды? (6)<br>Аю қандай?<br>Аю үлкен.<br>Аю қалай жүреді?<br>Сұрақтар беру арқылы кейіпкерлер сөзін мәнерлеп қайталату арқылы тілдерін жетілдіріледі.<br>**Қолдану деңгейі:** Балаларға кейіпкерлердің бетперделерін таңдап ойнауды ұсынады. Ертегіні сахналау.<br>Суретке қара. Ертегідегі кейіпкерлерді ата. Қай жануардан кейін қайсысы келді? Цифрмен  көрсет.<br>*Бірінші тышқан келді.*<br>Сыңарын тап. Сызықпен қос. Баламен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтер мына қолғаптан. | ережесін еске түсіреді:<br>1.Ермексазды үстелге емес, арнайы тақтайшаларға қою керек. 2.Жұмыстан кейін қолды ыстық сумен сабындап жуған дұрыс.<br>3.Тақтайша мен таяқшаны жұмыстан кейін міндетті түрде тазалаған<br>немесе жуған жөн.<br>Кесе жасау үшін көк түсті ермексаздың ортасынан бөлеміз. Енді оны алақанымызға салып домалақтаймыз.Оның ортасын қарындашпен оямыз.Енді саусақтың ұшымен шетін кеңейтеміз және екі саусақпен шымшу арқылы түбін шығарамыз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:** кесе.<br>**Көптілділік:** кесе – пиала – cup, шай – чай –tea, қасық – ложка–spoon.<br>Сергіту сәті.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз?<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Күлімдеген күндейміз,<br>Ренжісуді білмейміз.<br>(М.Жаманбалиев)<br>Шаршағанымыз басылды ма?<br>Ал енді дайын болған кесемізді өрнектеп безендірейік.<br>Қызыл түсті ермексазды алып, алақанымызға салып есіп, шығыршақтап өрнек жасап орнатамыз.<br>Міне, әдемі кесеміз дайын болды.<br>– Балдырған, мынау саған арнап жасаған кесеміз, енді | ***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – Тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Түсіну деңгейі:** «Сөз айт, дұрыс айт» дидактикалық ойыны<br>Педагог балаларға көк түсті төртбұрышты көрсетіп,  қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. Мысалы: (пима, фабрика, кілт, қант, тұз, шана, сабын, хат, қайық, циркуль, щетка т.б.).<br>Қызыл түсті домалақты көрсетіп, жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Әтеш, өшіргіш, өмір, елгезек, ірімшік, элеватор, ін, иық, үтік т.б.)<br>Енді үнді дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Лақ, мысық, нағашы, радио, уық т.б.).<br>Педагог тіл ұстарту барысында балаларға үнді дауыссыз дыбыстарды | «Саяхатшы» ертегісін сыйлық ретінде алып келдік. Педагог «Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқиды.<br>Орманмен Қоян қашқанда,<br>Сәбізі түсіп қалады.<br>Бара жатқан Қасқырға<br>Түлкі тауып алады.<br>«Жей салар ем мұны мен<br>Ішіме бірақ жаға ма?<br>Құттықтап туған күніңмен,<br>Берейін Қасқыр ағама», –<br>Деп Түлкі сары сәбізді<br>Қасқырға сәндеп ұсынды.<br>Ол суға оны ағызды,<br>«Қайтем, – деп, – былғап тісімді». Судан Мысық тауып ап,<br>Тастауға оны қимады.<br>Түлкінің туған күнінде<br>Сәбізді оған сыйлады.<br>«Қайтем – деп, – мұны», – таңданды, Мысыққа Түлкі шамданды.<br>Лақтырған Түлкі сәбізді<br>Қуанып Қоян тауып алды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ертегі мазмұны бойынша әңгіме жүргізу:<br>Ертегі ұнады ма?<br>Ертегідегі кейіпкерлерін ата.<br>Қоян нені жоғалтты?<br>Сәбізді нелер тауып алады?<br>Педагог ертегіні сахналауға ұсынады. Көрсетілім барысында балаларға кезек-кезек кейіпкерлер сөзін айтқызып отырады. Балалар ұнаған кейіпкерлерін таңдайды, кейіпкерлердің басқа киетін бейнелерін киеді, сахналап ойнайды. | арттырады: жабайы аңдар мен үй жануарларының атауларын атап бер. Олардың қай жерлерді мекендейтінін білесің бе? Бағыт сызығымен сызып көрсет. Балалар әліппе-дәптердегі суреттерді мұқият қарап шығады. Үй жануарларының қандай пайда әкелетінін айтады. Жабайы аңдар туралы әңгімелейді. Жабайы аңдар мен үй жануарларының сырт келбетіндегі ерекшеліктерін атап өтеді. Дәптердегі кейіпкерлер – Қуаныш немесе Айсұлудың сұрақтарына жауап береді. Зерттеу жұмысына қатысып, жануарлардың тіршілік етуі үшін қандай жағдайлар қажеттігін анықтайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ – үй жануарлары – оларға жылу, ауа, қорек, жылы қора (сарай, қора) қажеттігін дәлелдейді. Екінші топ жабайы аңдарға қандай жағдайлар қажеттігін түсіндіреді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойынды ұйымдастырады**.<br>Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бұны біз саған сыйлаймыз. Рақмет, балалар, енді мен бұл кесемен шай ішіп отырып сендерді еске аламын.<br>Балалар, менің кететін уақытым таяп қалды.Мен қайтайын. Сау болыңдар!<br>Балаларды шеңберге жинап, төмендегі өлеңді қайталату:<br>Ыдыстарды жинаймын,<br>Үлкендерді сыйлаймын.<br>Кесе, қасық – бәрін де, Өз орнына қоямын. | естігенде, бір рет қол шапалақтауға ұсыныс тастайды.<br>**Тіл ұстарту**<br>Ақ-ақ-ақ,<br>Тастан-тасқа секірді лақ.<br>Ма-ма-ма,<br>Лақты қораға қама.<br>Аң-аң-аң,<br>Аңның ізіне болдым таң.<br>Рақ-рақ-рақ,<br>Керек маған тарақ.<br>Уық-уық-уық,<br>Қорада тұр тауық.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Заттардың атында естілген **н, л** дыбыстарының дыбыстық белгілерін қой.<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>Балалар, дәптерімізді ашып, үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайық.<br>Балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды. Тексеру үшін педагог дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, балаларды тақтада шақырады. Балалар жұмыстарының дұрыс-бұрыстығын тақтамен тексереді.<br>Суреттерде не бейнеленген?<br>Хат, бал, уық.<br>Педагог дыбыстық талдау жасаған кезінде сөздегі әр дыбысты анық айтуларына тапсырма береді.<br>«Хат»сөзіне дыбыстық талдау. | Автордың сөздерін педагог оқиды.<br>**Сергіту сәті**<br>Тепе-теңдік жолменен<br>Арасында мен келем.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Келе жатқан жете алмай,<br>Мынау – біздің мекенжай. | дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады).<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс істеуге шақырады.**<br>Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. Жабайы аңдардың тіршілік етуіне қажеттілерін – көк қарындашпен, ал, үй жануарларына қажеттісін – қызылмен қоршап сыз. Сен неге олай ойлайсың? Тек жер астындағы тіршілікке бейімделген жануардың суретін боя. Ол туралы не білесің? Ол неге зәру? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Х – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз.<br>Хат сөзінде 1 буын, 3 дыбыс.<br>«Бал» сөзінің дыбыстық талдауы.<br>Б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз.<br>Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз.<br>«Бал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс<br>3. Суреттердегі заттардың бірінші дыбысын анықта. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін үшбұрышқа, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін дөңгелекке, үнді дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін төртбұрышқа қос.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Партадағы саусақтар<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар<br>Сурет сала біледі.<br>Ортанғы мен сұқ саусақ<br>Түйеқұсты салады,<br>Төңкеріліп аспанға<br>Қоян да бола қалады. | | |
| ***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті** | | | | | |

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Қозғалмалы ойын:«Сылдырмақпен сылдырлат»**

**Басты міндеттері: Балаларды  ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.**









**Қозғалмалы ойын:«Сылдырмақпен сылдырлат»**

**Ойын міндеттері:** Балаларды  ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Есту қабілеттерін жақсарту.

**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Ойын шарты:** 5-6 балалар аланның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар /бал-ң санына сай/ жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады.

**Ұсыныс**: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./

**4-ші  ұйымдастырылған іс - әрекеті              уақыты: 11.05 – 11.30**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі  бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Шаңғымен жүру(таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету;<br>-дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру.<br>**Дағды**: Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қысқы әуен сыңғырлайды.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату;<br>-қолмен музыка бағытын (жоғары- төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру;<br>-ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу.<br>**Дағды**: әннің ырғақтық | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біздің айналамыздағы әлем.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру. Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен және біркалыпты | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Қысқы әуен сыңғырлайды.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату;<br>-қолмен музыка бағытын (жоғары- төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру;<br>-ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Африкаға саяхат.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-гимнастикалық орындық үстінде бір бүйірмен жүруді; бір бүйірмен аяқты аяққа тигізіп жүруді, гимнастикалық қабырғада өрмелеуді үйрету.<br>**Дағды**: Саусақтармен допты жеңіл қозғап алып жүру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, ұсақ-қол моторикасын дамыту. Допты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | реакция шапшаңдық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** шаңғымен жүру, дайындық жаттығулары.<br>**Түсінеді:** шаңғышының тұрысы, яғни, шаңғымен жүрудің бастапқы қалпы, құлау мен қауіпті неғұрлым болдырмау жолдары.<br>**Қолданады:** кеңістікті дұрыс бағдарлау дағдылары, денесі мен кеңістікті басқару, түзету жаттығуларын жасай алу, өз қимыл-әрекетін шынайы бағалау дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Түзету жаттығуларын орындау.<br>Шынығамыз күнде біз!<br>(Қолдарын иығына қарай бүгіп-жазу)<br>Шымыр болып өсеміз!<br>(Бірлесіп адымдап жүру)<br>Мұрнымызбен тыныс алып, аузымызбен шығарамыз!<br>(Қолдарын белге қойып, тыныс алу: демін ішіне тарту, демін сыртқа шығару<br>Терең-терең дем аламыз!<br>(Қолдарын жоғары көтеру – демін ішке тарту, төмен түсіру –демін сыртқа шығару) Қатар-қатар тұрайық!<br>Қадам басып, сап құрайық!<br>(Бірге адымдап жүру)<br>Табиғатты тамашалап,<br>Кереметке қуанайық!<br>(Бір орында тұрып жоғары секіру) Бораннан да қорықпаймыз! (Адымдап жүру) | бейнесі мен динамикасын дәл беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** музыка әуенімен дауыс жаттығуын жасайды, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыканы қызыға тыңдап, сипатын ажыратып, мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***шаттық шеңберін*** жасайды.<br>Қараңдаршы далаға!<br>Дала - аппақ, ақша қар.<br>Тал мен үйлер қалада<br>Жамылыпты ақ шатыр!<br>Жаусын, жаусын, ақша қар<br>Қар лақтырсын балалар!<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында – шырша айналасында би қимылдарын орындау.<br>Балалар, сендер қыс туралы не білесіңдер?<br>Қыс несімен ұнайды?<br>Қандай мерекені тойладыңдар және оған кімдер, қандай кейіпкерлер келді?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Музыка тыңдау:*** «Қыс» (А. Вивальди, үнтаспа). Балалардан музыкадан алған әсерлерін сұрау, ойларын ортаға салып, бөлісу. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. | ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: Қимыл-қозғалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын, дұрыс тыныс ала білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** баяу қарқынмен 2 минут жүгіру. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіру (30 см). Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалату. Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеу.<br>**Түсінеді:** сенсорлы-моторлы үдерістерді жүзеге асыру арқылы сенсорлы және қимыл-қозғалыстарының дамуына мүмкіндік жасау керектігін.<br>**Қолданады:** қимыл-қозғалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын күнделікті өмірде қолданады; өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын білдіреді, адамдарға қайырымды болуға тырысады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **Дағды**: әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** музыка әуенімен дауыс жаттығуын жасайды, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** музыканы қызыға тыңдап, сипатын ажыратып, мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***шаттық шеңберін*** жасайды.<br>Қараңдаршы далаға!<br>Дала - аппақ, ақша қар.<br>Тал мен үйлер қалада<br>Жамылыпты ақ шатыр!<br>Жаусын, жаусын, ақша қар<br>Қар лақтырсын балалар!<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында – шырша айналасында би қимылдарын орындау.<br>Балалар, сендер қыс туралы не білесіңдер?<br>Қыс несімен ұнайды?<br>Қандай мерекені тойладыңдар және оған кімдер, қандай кейіпкерлер келді?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Музыка тыңдау:*** «Қыс» (А. Вивальди, үнтаспа). Балалардан музыкадан алған әсерлерін сұрау, ойларын ортаға салып, бөлісу. Ән айтар алдында | саусақтарымен (төменнен-жоғарыға) итеру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыру. Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүру. Білектері мен тізелеріне таянып, поролон модульдерді аттап еңбектеу.<br>**Түсінеді:** допты екі қолмен бастан асыра қалай лақтыру тәсілін; допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалай қалыптастыру керектігін.<br>**Қолданады:** арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Африкаға саяхатқа шығуды ұсынады. Африка – ыстық ел. Онда арыстан, маймыл, керік, піл т.б. көптеген жануарлар тіршілік етеді. Түрлі түсті құстар өте көп. Бегемоттар мен қолтырауындар да бар.<br>Африка, Африка, Ғажайып ел!<br>Африка, Африка, Ыстық ел!<br>Африка, Африка, Тәтті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қарды қағып ұстаймыз!<br>(Шапалақ ұру) Қолымызды түзейміз,<br>(Екі жанына түзеп қояды)<br>Қар жетеді, ойнаймыз!<br>(Шапалақ ұру)<br>Біз енді қар лақтырамыз!<br>(Сол қолмен лақтыруды бейнелеу) Қар лақтырып ойнасақ,<br>суық өтер қолғаптан (Қар лақтыруды көрсетеді) Сонда да біз қорықтаймыз!<br>(Оң қол (сол қолмен) лақтыруды көрсетеді)<br>Нысананы атқылаймыз!<br>(Шапалақ ұрады)<br>**Түсіну деңгейі:** Шаңғыға тұру, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету.<br>Дайындық жаттығулары.<br>«Құламас қайсар»<br>Дайындық жаттығуларын орындау: екі шаңғыда тұрып отырып-тұру.<br>«Секек-секек»<br>Бір орында тұрып бір аяқтан екінші аяққа секіру<br>Шаңғымен адымдап жүру.<br>Қол мен аяқтың қимылдарын түзету.<br>Шаңғымен жүреді. Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп, белгіленген жерге санаулы қадам жасап (8–10), жетіп алуға тырысады.<br>**Қозғалыс ойындары:**<br>**«Сағат»**<br>Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады.<br>Ойында жаттығуларды екі | ***Ән айту:*** «Ақша қар» (К. Қуатбаев).<br>Әнді педагогтің орындауынан кейін мазмұны туралы айтып, әннің көңіл күйін ажыратып әңгмелеу.<br>Дауысқа күш түсірмей, табиғи дауыспен орындауға үйретуді жалғастыру.<br>Үйренген әнді «Ақша қар» (Е. Өміров) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:***<br>«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский, үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай билеуді жалғастыру, қимылдарды синхронды түрде біркелкі жасауға талпындыру.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру. Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Полька» (А. Филиппенко).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>*Бубен, маракас, барабан, қоңырау* аспаптарын қолданып, ырғақты сезіне кезекпен және қосыла | **Білу деңгейі:** Саусақ гимнастикасы: «Гүл». «Алаңқайда үлкен гүл өсті. Таңертең күлтелерін ашты. Гүлдің өсуі үшін су керек». **(**Алақандарын ашып, саусақтарын ашады; саусақтарын қозғайды; бірге және жеке-жеке. Алақандарын төмен түсіреді, алақандарының сырт жақтарын бір-біріне жапсырып, саусақтарын жыбырлатады).<br>Ғажайып гүлдердің үлгілерін көрсетеді:<br>көк гүл – су әлемі;<br>сары гүл – шөл;<br>жасыл гүл – орман;<br>қоңыр – тау.<br>**Түсіну деңгейі: Орман әлемі**<br>Бір тізбекпен жүру: екі минут баяу қарқынмен жүгіру; мұрын арқылы дем алу, ырғақ пен қарқынды сақтау.<br>Тыныс алуды қалпына келтіру.<br>**Көзге арналған гимнастика**<br>«Біз қысқы орманға келдік. Неткен ғажайып! Оң жақта қайың аппақ тон киіп алыпты. Сол жақта шыршалардағы қарлар жылт-жылт етеді. Аспаннан қар қиыршықтары айналып түсіп жатыр. Балалардың алақандарына да түсті».<br>Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіру (30 | дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br><br>***Ән айту:*** «Ақша қар» (К. Қуатбаев).<br>Әнді педагогтің орындауынан кейін мазмұны туралы айтып, әннің көңіл күйін ажыратып әңгмелеу.<br>Дауысқа күш түсірмей, табиғи дауыспен орындауға үйретуді жалғастыру.<br>Үйренген әнді «Ақша қар» (Е. Өміров) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:***<br>«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский, үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан). Биді әрі қарай билеуді жалғастыру, қимылдарды синхронды түрде біркелкі жасауға талпындыру.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру. Педагог ойын шартын түсіндіреді. ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Полька» (А. Филиппенко).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>*Бубен, маракас, барабан, қоңырау* аспаптарын | банандар! Өйткені Африкада жыл бойы жаз!<br>**«Континентті зерттейміз»**<br>Аяқтың ұшымен қолды жоғары көтеріп жүру; қолды екі жаққа созып, өкшемен жүру; қолды белге қойып, табанның екі шетімен жүру. Қарқынды өзгертіп тізбекпен жүгіру. Тыныс алуды қалпына келтіру.<br>**«Ыстық елдің жануарлары»:**<br>**Қол-қол** – мынау – **қолтырауын.** (Балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады).<br>**Мот-мот-мот** – пайда болды **бегемот.** (Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді.)<br>**Ке-ке-ке** – мойны ұзын **керік.** (Керік сияқты аспанға созылады).<br>**Пі-пі-пі** – су шашады піл. (**Піл** сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су бүркіген сияқты қимылдайды.)<br>**Май-май-май** – маймылды қара, пай-пай! (Секіріп жүрген **маймылды** салады).<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**«Кокостармен ойнаймыз»**<br>Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытта қайталау керек (сағат тілімен, сағат тіліне қарсы).<br>**Қолдану деңгейі:** Көзге арналған жаттығулар<br>(И.В. Чупаха)<br>Көз қарашығын оңға, солға, жоғары, төмен айналдырып қозғалту.<br>10–20 секундқа қатты қысып жұмып тұрып, бұлшық еттерін босатып, көзін ашу.<br>Көздің үсті-астын саусақтың жұмсақ жерімен ақырын уқалу.<br>Көздің үсті-астын, айналасын, қастарының үстінен ақырын сипау. (Бұл қимылдар рахат сыйлап, ұйқыны келтіреді)<br>Қабырғаға қарап 2–5 метр қашықтықта тұру.<br>Қабырғадан бір-бірінен 50 см қашықтықта, бірінің астында бірі тұрған екі нүктені белгілеп, сол нүктелердің бірінен екіншісіне көзден жол салу.<br>5 метр қашықтықтан 10–20 секунд бойы бір нүктеге қарап, тамашалау (йоганың тынығу тәсілдерінің бірі).<br>Көзді жұмып, бірақ бос ұстап, көзді ішінен жоғары қозғалту. Көздің үстіңгі қабығы өзі төменге түсе бастайды. Бастапқы қалыпқа келтіру. Бірнеше рет қайталағанда, тыныштық орнағанын сезінеді. | ойнауға үйрету. | см). Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Қолдарымен тепкішектерді ұстайды, аяқтарымен оларды тіркемелі адыммен басады. Секірген кезде бүгілген тізелерін кеуделеріне қарай созып, сонан соң жылдам төмен жіберіп, жерге жұмсақ түсу керектігін түсіндіреді. Жерге түскеннен кейін денені түзу ұстап, табанмен жерді толық басып тұрады.<br>Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Қи қоңыз» ойын-жаттығуы.** Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру. Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды қатты итермейді.<br>Батпақ әлемі<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «**Төбешіктен-төбешікке**».<br>Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін | қолданып, ырғақты сезіне кезекпен және қосыла ойнауға үйрету. | шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.<br>**«Қи қоңыз» ойын-жаттығуы**<br>Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруге жаттықтыру. Саусақтармен допты жеңіл қозғап алып жүру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, ұсақ-қол моторикасын дамыту. Белгіленген жерге жеткен соң, орындарына жүгіріп қайтып келеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Жолбарыстар жемтігін аулауға шықты». ( 4 рет)<br>Білек және тізелерімен таянып еңбектеу шеберліктерін (машықтарын) бекіту, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру.<br>Заттар арасымен еңбектейді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Заттарды құлатып кетпеуге тырысады.<br>**«Кім алысқа секіреді?» ойын-жаттығуы.**<br>Екі сапқа тұрады. Екі аяқтарымен бір мезгілде итеріліп секіреді. Қолдарын ширақ сермейді. Барынша алысқа секіруге тырысады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды.<br>Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады.<br>«Теңіз шуы» үнтаспасын тыңдайды. | | Алдымен топ болып секіру (алдымен итеріліп, сонан соң аяқтарын түзу алдыға созу) шеберліктерін (машықтарын) бекіту.<br>Бетке массаж жасау (уқалау)<br>Мақсаты: беттегі белсенді нүктелерді уқалап, суық тиюдің алдын алу. Шеке, бет, мұрын ұшын уқалайды: саусақтарымен ақырын ұрады.<br>Саусақ ұшымен қастарынан бастап сағат тілінің жүрісіндей көздерін айналдырып 5-6 рет жүргізеді. Қас пен самайдың арасын баяу саусақ ұшымен жүргізеді. Алақандарымен көздерін басады, кірпіктерін сипайды. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Желтоқсан**<br>**Серуен кешені № 7**<br>**Қардың түсуін бақылау**<br>**Міндеттері***:*<br>- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;<br>— әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс»**<br>**Т. Молдағалиев**<br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br>Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ** | **Желтоқсан**<br>**Серуен кешені № 8**<br>**Қардағы құс іздері**<br>**Мақсаты***:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету.*<br>**Бақылау барысы**<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі | **Желтоқсан**<br>**Серуен кешені № 9**<br>**Қар ұшқындарын бақылау**<br>**Міндеттері***:*<br>— Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару;<br>— Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту..<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Суретші қыс»**<br>**К. Нүсіпов**<br>Қонақтайды бақтарға,<br>Ақ көбелек, ақ мамық.<br>Аунап таза ақ қарға,<br>Балалар жүр мақтанып.<br>Тазарып бар кір, шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады. | **Желтоқсан**<br>**Серуен кешені № 10**<br>**Қарды бақылау**<br>**Мақсаты***:* Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс»**<br>**Қ. Жұмағалиев**<br>Қысым-ақ, қысым-ақ,<br>Жібердің қысып-ақ.<br>Қалмаспыз біз деген,<br>Боранға ұшырап.<br>Аппақ қар жауа бер,<br>Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай көр.<br>Біз батыл баламыз,<br>Жылы үй, қорамыз.<br>Ақ ұлпа қарыңнан,<br>Аққала соғамыз. | **Желтоқсан**<br>**Серуен кешені № 11**<br>**Бұлттарды бақылау**<br>**Міндеттері***:*<br>— Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту;<br>— Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:**<br>1.Етек жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай.<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді.<br>2.Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын,<br>Қыраттарға шөлдеген.<br>Күн сайын күн өзендер мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қояды.**<br>♦ Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады?<br>♦ Аяқ астында қар неге сықырлайды?<br>♦ Қар неге ұлпа болады?<br>♦ Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көріністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).<br>**Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>*Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту*<br>**Қимылды ойын**<br>«Ыстық-суық».<br>*Мақсаты:* тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты:* Қарды алысқа лақтыруға үйрету<br>***Халық болжамы:***<br>***Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.*** | салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Аландағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>*Мақсаты:*<br>— Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>— Жұмысты жоспарлау.<br>**Қимылды ойын**<br>«Ізбе із».<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>*Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.*<br>***Халық болжамы:***<br>****Қар көп болса, нан мол болады.***<br>****Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.***<br>****Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.***<br>****Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.*** | Терезеге қыраудан,<br>Сурет сала бастады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Жауған қар қандай?<br>♦ Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай?<br>♦ Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?.<br>Д/О: «Ұқсас өрнекті тап».<br>Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алақандағы қар неге ериді?<br>Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады?<br>Еңбек: Қардан қамал тұрғызу<br>Мақсаты:<br>-Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу;<br>-Бастаған істі аяқтауға үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Екі аяз»<br>*Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудара білу дағдыларын дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Байқап өт».<br>*Мақсаты: заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.* | Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқаққа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦қыс айларын атаңдар?<br>♦қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?<br>♦қарқатқақ қалай пайда болады?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге?<br>**Еңбек**<br>Сырғанаққа су себу<br>*Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ажарлы қыс».<br>*Мақсаты:* кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. | көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Бұлттар қандай болады?<br>♦ Олар қайдан пайда болады?<br>♦ Бұлттар нелерге ұқсайды?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Апспаннан атқа немесе түеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру.<br>**Еңбек**<br>Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау..<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қар үстіндегі хоккей».<br>*Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты:*<br>— Сырғанауға үйрету;<br>— Сырғанау кезінде отыруға үйрету.<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Мезгіл жетсе мұз ерір.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Жаттығу ойындары**<br>«Кім алысқа секіреді?».<br><br>*Мақсаты:* белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру.<br>***Халық болжамы:***<br>***Қар көп болса,***<br>***нан мол болады.*** | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Сәулетбек Нұрәли<br>Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау.<br>**Міндет:** Олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін естеу сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту. Сурет бойынша өз ойын айытқызу. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Берікұлы Арнұр<br>Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Байтемір Айзерке<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту; артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу. | **Көркем әдебиет- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Жыл мезгілі қыс туралы құрастырып, айтып беруге үйрету. | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Аитжанова Аделя<br>«Біз де ойнаймыз» бейнелерін құрастыру. (Шырша,қайың,шыбық)<br>**Мақсаты:** Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту; тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту . |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Дидактикалық ойын: «Жануарды қоректендір»**<br>**Міндеті:** Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау.<br>**Дағды:** Коммуникативтік машық, топпен бірігіп жұмыс істеу дағдысын жетілдіру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, | **Танымдық-қимылды ойын:**<br>**Дидактикалық ойын: «Қай сан жоғалды?»**<br>**Міндет:**<br>**Дағды:** Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Таныс цифрдан сандық қатар құрылады. Балалар көздерін жұмған кезде, бір сан алынады (түн). Балалар сандарға қарап, қай сан жоғалғанын айтады. | **Дидактикалық ойын: «Артығын тап»** ойынын ұйымдастыру.<br>**Міндеттері:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру; Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру.<br>**Дағды:** дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту;<br>**Ойынның шарты:**<br>Ара, өрмекші, маса, көбелек,аю. *(аю)* | **Қимыл-қозғалыс жаттығу ойыны:**<br>**Көз ауруларының алдын алу,көз бұлшық еттерін белсендендіріп, жақсарту жаттығулары.**<br>**Мақсаты:** қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге,белсенді нүктелерді уқалау.<br>**Дағды:** үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру. | **Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата»**<br>**Міндеті:** Ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Ойын шарты**: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады.<br>Педагог: Шырша. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екіншісі оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады). | | Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. *(сауысқан)*<br>Мысық, түлкі, аю, қасқыр. *(мысық)*<br>Колғап, көйлек, шалбар, етік. *(көйлек)*<br>Май, шай, нан, қант, қасық. *(қасық)* | **1.**Болам десең көреген,<br>Көзді айналдыр, ерінбе!<br>**Әрекет**: 2-3 секунд көздерін айналдырып қимылдатады.<br>**2.**Болам десең көреген,<br>Уқалап қой көзді де!<br>**Әрекет:** Көздерін жұмбай көз үсті мен астын абайлап бір минут уқалау.<br>**3.**Болам десең көреген,<br>Көзіңді аздап басып көр!<br>**Әрекет:** Әр қолдарының үш саусағымен көздерінің үстін ақырындап 1-2 секунд басып тұру.<br>**4.**Үлкен шеңбер саламыз,<br>Төңіректі қарап аламыз!<br>**Әрекет:** Көздерімен және тілін шығарып, бір мезетте жан- жаққа айналдырып, қимылдар жасау.<br>**5.**Көзді оңға бұрамыз,<br>Көзді солға бұрамыз.<br>Жоғары-төмен қозғалтып,<br>Қайталап қайта бұрамыз!<br>**Әрекет:** Көздерін жоғары көтеру, көздерін төмен түсіру, оңға қарап бұру, солға қарап бұру. | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.**<br>**12:25-12:30** | **Ата-анаға кеңес:**<br>«Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | **Ата-анаға кеңес:**<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, (өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, | **Ата –аналарға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,( өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ –киім баламен бірге болуы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | белдеушесіз. | |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 18.12 | Сейсенбі 19.12 | Сәрсенбі 20.12 | Бейсенбі 21.12 | Жұма 22.12 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | | **Сауат ашу негіздері– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:** «Берілген дыбысқа сөз ойлап айт,көрсете біл»<br>**Міндеттері:** Есту,көру мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау; сөздің дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру.<br>**Дағды:**Қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттеріне қарай дағдыға айналдыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Белсенділік жаттығу ойыны:**<br>**Ойын:** «Жаттығуға дайындал»<br>**Міндет:** Балалардың дене шынықтыру мен спортқа қызығушылығын дамыту; балаларды таңғы жаттығуларға жаттығулар құрастыруға үйрету; есте сақтауын, ойлауын, логикасын дамыту.<br>**Дағды:**Күнделікті өмірде дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойынды өткізуге** | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:**<br>**Сәкестендіру ойын:** «Қысқы ойындарды атап, тап»<br>**Міндеттері:** Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, қыстағы мерекелер, қысқы ойындар туралы түсінік беру; есту қабілетін, логикалық зейінді дамыту.<br>**Дағды:** Сөздікті белсендіру-сөйлеудегі антонимдерді бекіту;сұраққа дұрыс жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** | **Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет**<br>**Мозайка үстел үсті ойындары:**<br>**Ойын жаттығу:** «Қыста не болады?»<br>**Міндеттері:** Табиғат көрінісін сипаттап, қызықтарын әңгімелету арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;**с**ұраққа нақты жауап беріп, сурет мазмұнына сай әңгіме құрап айтуға үйрету.<br>**Дағды:** Бір - біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,көркем |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдылар.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** «а» дыбысынан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. *(Дұрыс жауап берген балаға педагог бір фишкадан беріп отырады).* Мысалы айтылатын сөздер:*алма, алақан, алмұрт,ананас, алша, автобус, акула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта, асқазан, арыстан, арқан, алқап, алтын т.б.*<br>Әр баланың алдына суреттер қойылады,оның біріншісіне әріптер «Ә», «С», «К», «Ө», «Ұ», «Т», «Ж», «Қ», «Б», «М», «Ш»ал, екіншісіне сол әріптен басталатын сөздер айтып,көрсетеді. Үстелдегі суреттерге қарап табады.Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: тілдік әріптерге байланысты іс-қимыл арқылы көрсете білу.<br>**Ойынның нұсқаулары**: Балаларға әртүрлі сөздер айтады, балалар сөздің ұзын немесе қысқа екенін анықтайды. Алақанды бір-біріне жақындату арқылы сөздерді өлшеуге болатындығын айтады. Егер қысқа сөз болса, онда екі алақанды бір-біріне жақын, ал ұзын сөз болса, онда екі | **арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>Ойыншы бастапқы орынға сурет картасын таңдайды. Содан кейін ол дене мен аяқ-қолдардың аралық позициялары біріктірілетін етіп жаттығудың өзі үшін қозғалыстарды таңдайды (1-2 немесе 1-4 санайды). Жаттығуды құрастырғаннан кейін бала оны орындауы керек. Бірнеше адам ойнауы мүмкін. Олар кезекпен жаттығу жасайды, ал қалғандары тапсырманы орындауы керек.Сол сурет бойынша бала жаттығу жасайды,өзі таңдап алған суреттері бойынша.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның нұсқаулары:** дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау.<br> | Мұғалім логикалық тұрғыдан дұрыс емес сөйлемді айтады, балалар оны жоққа шығарады. Мысалы, қыста қар қара (жоқ, ақ), Аққала ыстық (жоқ, суық), жапырақтары бар ағаштар (жоқ, жалаңаш), күн жылынады (жоқ, жарқырайды), құстар ұшып кеткенде ән айтады (жоқ, қатып қалады), аю орманда серуендейді (жоқ, Орда ұйықтайды).<br>**Ықтимал күрделендіру**: тез ойлау.<br>**Ойынның нұсқаулары**: Үстел үстінде суреттерді көрсете отырып,еркін сәйкестендіру арқылы құрастыру.Балалар суреттерді тауып,қыстырғышпен қыстырып,сұрақтарға жауап береді,әңгіме құрастырады<br>«Керісінше».<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>***Қыс туралы***<br>Ыс – ыс – ыс,<br>Келіп жетті қыс.<br>Ар – ар – ар,<br>Жауады қар.<br>Яз – яз – яз<br>Сақылдаған сары аяз.<br>Ран – ран – ран,<br>Соғады боран.<br>На – на – на,<br>Зулайды шана.<br>**Шығармашылық жұмыс:**<br>Аққаланың суретін салу. | әдебиет,дене шынықтыру,шығармашы-лық дағдылар.<br>**ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** -<br>Балалар аяз жылдың қай мезгілінде болады?<br>- Қыс мезгілінде болады.<br>- Қыс мезгілін де ауа райының ерекшеліктері қандай болады?<br>- Қар жауады, күн суық, аяз болады.<br>- Салқын болады, беті - қолымыз тоңады. Қар жауады, боран болады.<br>- Қыста біздер қалай киінеміз?<br>- Жылы киімдерімізді киеміз.<br>- Қандай қысқы ойындарды білеміз?<br>- Аққала соғамыз, шанамен сырғанаймыз, шаңғы, коньки тебеміз. Хоккей ойнаймыз.<br>-Қар атысу, Шаңғы тебу, Шана мен сырғанау.<br>**Ықтимал күрделендіру**: қыс айларын айтып шығу.<br>Балалар: Желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br>Тәрбиеші: *Желтоқсан — жылдың аяғы, қыстың басы ол, суық, ызғарлы.<br>* Қаңтар — жыл басы, қыстың ортасы, ол ең қарлы ай, бұл айда қатты суық, үскірік аяз болады.<br>*Ақпан — жел мен боранның айы. Бұл айда ең ауыр, әрі суық, дүлей боранды.<br>**Ойынның нұсқаулары**: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | алақанды бір-бірінен алшақ ұстайды.<br>Мысалға айтылатын сөздер: *көз, бағдаршам, лақ, жолбарыс, бақа, тасбақа, доп, секіртпе.*<br>**Тіл ұстарту жаттығуы: Сиқырлы саусақтар.**<br>1 Таң қалу ( екі қолдың бас бармағын көтеру)<br>2 Өзіңді көрсету (Бір саусақпен)<br>3 Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру)<br>4 Қорқыту (сұқ саусақпен)<br>5 Жеңіс! (екі қолды жоғары көтеру)<br>**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>**Көру** – көзбен көру.<br>**Тыныс алу** – мұрынмен дем алу.<br>**Есту** – құлақпен есту.<br>**Ұстау** – қолмен ұстау.<br>**Қолдану:** Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау).<br>Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз.<br>Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі.<br><br> | <br><br> | <br><br><br><br> | Қыс мезгілінің ерекшеліктеріне сай суреттерді жинау.<br>**Тіл ұстарту жаттығулары:**<br>Ша - ша - ша<br>Жап - жасыл шырша.<br>Ар - ар - ар<br>Қандай аппақ қар.<br>Ыс - ыс - ыс<br>Келіп қалды қыс.<br>Ыс-ыс-ыс, келді қыс.<br>Ан- -ан-ан соқты боран,<br>Ар-ар-ар үлпілдек қар.<br>Ты-ты-ты аяз қатты.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жан-жағымызға қарайық<br>Аю шықты қорбаңдап,<br>Қасқыр шықты Р-Р-Р.<br>Түлкі шықты майысып,<br>Қоян шықты секіріп,<br>Қорықпаңдар балалар<br>Қар лақтырып ойнаңдар.<br>**Тыныс алу жаттығуы:**<br>«Ұлпа қарды үрлеу».<br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  <br> <br>  | <br> <br>  | <br><br><br><br> | <br><br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | |  |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | | № 11 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 4 жаттығулар кешені**<br>1.«Таяқша жоғарыда». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – таяқшаны жоғары көтеріп, созылу; 2 – қолдарын бүгіп, таяқшаны басынан асырып, иықтарына қою; 3 – таяқшаны қайта жоғары көтеру; 4 – таяқшаны төмен түсіру, б.қ. (8 рет).<br>2.«Таяқшаны жоғары көтеру». Б.қ.: – тұру. Таяқшаны жоғары көтеру. 1-3 – таяқшаны жоғары-артқа көтеру, аяқ басына тұрып, жоғарыға ұмтылу; 4 – б.қ. 8 рет.<br>3.«Отырып-тұру». Б.қ.: – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан | № 12 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№5 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: тұру. 1-2 – таяқшаны жоғары баяу көтеру, оң (сол) аяқ басын артқа басып, өкшесін өзіне тарту, демін ішіне тарту; 3-4 – б.қ. 4–6 рет қайталау.<br>2.«Алдыға қара». Б.қ. – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – басын түзу ұстап, алдыға еңкею; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпеу. 5–8 рет қайталау.<br>3.«Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын айқастырып қойып тұру. Таяқты артынан шынтақтың бүгілген жеріне қою. 1 - 2 – оңға иілу, таяқты жерге | № 13 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№6 жаттығулар кешені.**<br>**(бір таяқшамен жұптасып орындайды)**<br>1.«Зілтемірші». Б.қ.: бір қадам қашықтықта бір-біріне арқасымен қарап, таяқшаны төмен ұстап тұрады. 1-2– қолдарын жоғары көтеріп, таяқшаны серігіне басынан асырып береді, демін ішіне тартады; 3-4 – қолдарын төмен түсіреді, демін сыртқа шығарады. 8 рет қайталау.<br>2.«Ескекшілер». Б.қ.: бір-біріне табанымен тіреліп, қарсы қарап, таяқшадан ұстанып отырады, аяқтарын тік ұстайды; таяқшаны бірі тартып, шалқайса, бірі еңкейіп қозғалады. 8– 10 рет қайталау.<br>3.«Таяқшаны тарту». Б.қ.: | № 14 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, допты еденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | иықтарына қою. 1 – отыру, таяқша төменде; 2 – б.қ. (8 рет).<br>4.«Еңкею». Б.қ.: – аяқтарын алшақ қойып, таяқшаны төменде ұстау; 1-2 – алдыға еңкею, таяқшаны жоғары көтеру, керілу; 3-4 – б.қ. (8 рет).<br>5.«Әткеншек». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу: 3 – денені түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.«Уқалау». Б.қ.: – тұру. Бармақтары таяқшаның үстінде, таяқшаны аяғымен дөңгелету (бармақтарынан бастап, өкшесіне дейін). Сол аяғымен осы қимылдарды қайталау. 8 рет.<br>7.«Секірулер». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. Секіру – аяқтарын екі жаққа ашу, қайта жинау. 1–8 дейін. Шағын үзіліс жасап, қайта 8 рет қайталау. | тигізу; 3 - 4 – б.қ. (6 рет).<br>4.Б.қ.: шалқалап жату. 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – екі аяғын бірдей сермеу, аяқ басын созу, таяқшаға тигізу. 3-4 – б.қ. 6–8 рет қайталау.<br>5.Б.қ.: тұру. Таяқшаны арт жақта ұстау. 1-2 – отыру, таяқшаны көтеру. Арқасын түзетіп, тізелерін ашып, өкшелерін көтереді. 8–10 рет қайталау.<br>«Құрсау». Б.қ.: – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу; 3 – денені түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.Аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – «ш-ш-ш» – деп оңға бұрылу; 3-4 – екінші жағына қайталау. Үш-төрт рет қайталаған соң, үзіліс жасау. 5 рет қайталау.<br>7.«Секектеу». Б.қ.: тұру. Жанына қарай секіргенде таяқшаны алдыға созу, аяқтарын қосқанда таяқшаны төмен түсіру. 4 рет 20 секіруден жай жүріспен алмастырып, қайталау. | бір-біріне қарап қолдарымен арт жаққа тіреліп отырады; таяқшаны ортаға қояды; таяқшаны аяқтарының бармақтарымен әркім өзіне қарай тартуға тырысады. 4–6 рет қайталау.<br>4.«Таяқшаны бірге көтереміз» Б.қ.: бір-біріне қарап етпеттеп жатады; аздап бүгілген қолдарымен таяқшадан ұстанады; 1-2 – таяқшаны бірге көтереді; 3-4 б.қ. 4–6 рет қайталау.<br>5.«Тұруға көмектес». Б.қ.: созылған қолдарындай қашықтықта бір-біріне қарап отырады; аяқтарын бүгіп, таяқты ортаға қояды; бір-біріне оң қолын созып, қолдарымен ұстасады. Екеуі бір уақытта тұрып, қайта отырады. Келесі қолымен осы қимылдарды қайталайды. 5 рет қайталау.<br>6.«Секектеу». Б.қ.: таяқшаны еденге қояды, таяқтың бойымен қолдарын беліне қойып, 4 рет секектеу, тізесін жоғары көтеріп, 4 рет аттайды. 5-6 рет қайталау. | доп алып тұру. 1-2– отырып, допты еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңға қарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет)<br>6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҮІӘ** 09.00-09.25 | **18.12.23** | **19.12.23** | **20.12.23** | **21.12.23** | **22.11.23** |

| уақыты: 09.00 11.30 | 09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30 | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Жапсыру**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау. [о]<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру;<br>-дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: дыбыстықтарды дұрыс ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Артық, кем, тең. (танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру. «+», «-» таңбасымен таныстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру; сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атау қабілеттерін бекіту.<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** салыстыру, санды цифрмен белгілеу,еркін жұмыс жасауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санауды,«көбірек», «азырақ», «бірдей», «тең» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** белгінің мәні мен мағынасын;<br>**Қолданады:** сандарды | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Артық, кем, тең. (ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру. «+», «-» таңбасымен таныстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру; сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атау қабілеттерін бекіту.<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** салыстыру, санды цифрмен белгілеу,еркін жұмыс жасауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санауды,«көбірек», «азырақ», «бірдей», «тең» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** белгінің мәні мен мағынасын;<br>**Қолданады:** сандарды санауды және | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.[с].<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту;<br>-«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту;<br>-шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарды ажыратып, сөздегі дыбыстың орнын анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** дыбыстардың жасалу жолын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу.  Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Дыбыстармен жұмыс.**<br>Дидактикалық ойын:  «Кім білгіш?»<br>Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н*.<br>Балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.<br>**Түсіну деңгейі:** «Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы<br>Педагог балаларға  «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б.<br>«Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б.<br>«Дауысты дыбысты сөз қос»дидактикалық ойыны<br>–Мен сөз айтамын, сендер | санауды және салыстыруды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым печенье пісірді. Олар печеньелерді қораптарға орналастыруға көмек сұрайды. Қораптардың әрқайсысында (мөлдір файлдарды, нағыз қорапшаларды, маркермен бөлінген тақтаның бір бөлігін пайдалануға болады) печеньенің түрлері (пішін) белгіленген.<br>Педагог балаларды печеньені (көлемі шамамен бірдей, түрлі түсті үшбұрыштар, дөңгелектер, сопақшалар, шаршылар 22-кестеде) қораптарға салуға көмектесуге шақырады.<br>Балалар печеньемен жүргізілетін ойынға тартылады және печеньелер жиынының қандай элементтерден тұратынын анықтайды.<br>Мөлдір дорбаны немесе тақтаның жоғарғы бөлігінде араластырылып бекітілген пішіндер жиынын көрсете отырып, педагог сұрақ қояды: бізде қандай печеньелер бар?<br>Печеньенің пішінін анықтайды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы және сопақша. | салыстыруды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым печенье пісірді. Олар печеньелерді қораптарға орналастыруға көмек сұрайды. Қораптардың әрқайсысында (мөлдір файлдарды, нағыз қорапшаларды, маркермен бөлінген тақтаның бір бөлігін пайдалануға болады) печеньенің түрлері (пішін) белгіленген.<br>Педагог балаларды печеньені (көлемі шамамен бірдей, түрлі түсті үшбұрыштар, дөңгелектер, сопақшалар, шаршылар 22-кестеде) қораптарға салуға көмектесуге шақырады.<br>Балалар печеньемен жүргізілетін ойынға тартылады және печеньелер жиынының қандай элементтерден тұратынын анықтайды.<br>Мөлдір дорбаны немесе тақтаның жоғарғы бөлігінде араластырылып бекітілген пішіндер жиынын көрсете отырып, педагог сұрақ қояды: бізде қандай печеньелер бар?<br>Печеньенің пішінін анықтайды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы және сопақша.<br>- Жиын қандай пішіндерден тұрады (немесе дорбадағы печеньелердің пішіндері | шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу.  Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Дыбыстармен жаттығулар.**<br>Дидактикалық ойын «Дұрыс көрсет»<br>Педагог балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті белгілерді көрсету арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>Мысалы: *й, ц, к, е, н, г, ш, щ, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б.*<br>Педагог балаларға  дауысты дыбыстарды айтады, балалар жіңішке дауысты дыбыстарға  қызыл, жуан дауысты дыбыс айтылса, қара түсті  белгілерді көрсетеді. Мысалы: *а, о, ұ, ы, ә, ө,  е, э, і, у, и, ү, у.*<br>**Түсіну деңгейі: Сөздермен жаттығулар.**<br> «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»дидактикалық ойыны<br>Педагог балаларға суреттер көрсетеді де, балалар суретті атайды, сол сөзге дауыссыз дыбыстан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.<br>*Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... ( өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ... (кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ...( алма) т.б.*<br>**Қолдану деңгейі: «Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны**<br>Педагог қандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі.<br>Осы сөзде неше буын бар екенін айтады.<br>Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп.<br>**Дыбыстық талдау жаса.**<br>Балаларға үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жалғастыратынын айтып жер, бес сөздерінің сызбасын тақтаға іледі. Балаларға дәптерлерін ашып, өз беттерінше дыбыстық талдау жасатады. Тексеру үшін «жер», «бес» сөздеріне дыбыстық талдау жасауға балаларды тақтаға шығарады. Балалар жұмыстарының дұрыс, бұрыстығын тақтадағы жұмыспен салыстырады.<br>Дыбыстық талдау жасау | - Жиын қандай пішіндерден тұрады (немесе дорбадағы печеньелердің пішіндері қандай?) Балалардың әрқайсысына тақтаға шығып, қарамай (көздерін жұмып, пішінін сипалау арқылы анықтауға болады) бір пішіннен алып, қорапшаға салуды ұсынады. Барлық пішіндер қорапшаларға салынғаннан кейін олардың әрқайсысындағы печеньелер саналады. Мысалы, педагог бір пішіндерден шығарады, ал балалар дауыстап санап отырады. Сан жазылған карточка шығарылып, қорапшаның жанына немесе қорапша бейнеленген бөлікке қойылады немесе ілінеді. Қорапта сопақша пішінді 4 печенье бар, 4 цифрын көрсетеді. Басқа қорапта - дөңгелек пішінді 4 печенье, 4 цифрын көрсетеді.<br>Сопақшалар мен дөңгелектер төрт-төрттен болды. Олардың саны бірдей. Қанша сопақша болса, сонша дөңгелек деп айтуға болады. Мұғалім «=» белгісі бар карточканы шығарады және оны қораптар мен сандар арасына орналастырады. Бұл белгі «тең» дегенді білдіреді. Бұл белгі бір топта қанша зат болса, екінші топта | қандай?) Балалардың әрқайсысына тақтаға шығып, қарамай (көздерін жұмып, пішінін сипалау арқылы анықтауға болады) бір пішіннен алып, қорапшаға салуды ұсынады. Барлық пішіндер қорапшаларға салынғаннан кейін олардың әрқайсысындағы печеньелер саналады. Мысалы, педагог бір пішіндерден шығарады, ал балалар дауыстап санап отырады. Сан жазылған карточка шығарылып, қорапшаның жанына немесе қорапша бейнеленген бөлікке қойылады немесе ілінеді. Қорапта сопақша пішінді 4 печенье бар, 4 цифрын көрсетеді. Басқа қорапта - дөңгелек пішінді 4 печенье, 4 цифрын көрсетеді. Сопақшалар мен дөңгелектер төрт-төрттен болды. Олардың саны бірдей. Қанша сопақша болса, сонша дөңгелек деп айтуға болады. Мұғалім «=» белгісі бар карточканы шығарады және оны қораптар мен сандар арасына орналастырады. Бұл белгі «тең» дегенді білдіреді. Бұл белгі бір топта қанша зат болса, екінші топта сонша зат бар екенін білдіреді.<br>**Түсіну деңгейі: Ойын жаттығуы: «Сана»**<br>Педагог цифрлар және теңдік таңбасы | басталатын сөз жалғайды. Мысалы: *доп ... (қызыл), бал ... (тәтті), ара ... (сары), етік ... (жылы), ет ... (дәмді), мысық ... (сүйкімді), қыз ... (пысық), алма ...(дәмді), құмыра ... (қызыл), ата ... (еңбекқор), қазан ...(қара), жүзім ... (дәмді), ешкі ... (мүйізді), орындық ... (ыңғайлы), ат ... (жүйрік), түйе ... (қоңыр), маса ... (кішкентай), кітап ... (қалың), үй ... (жасыл), шырша ... (биік), кілем ... (қысқа), үстел ... ( қоңыр) т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>Педагог балаларға жұмыс дәптерлерінде өз беттерімен дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог тексеру үшін, тақтаға жұмыс жасауға балаларды шақырады.Тақтаға **тіс, көз, қол** сөздерінің сызбалары ілінеді. Балалар өз жұмыстарын тақтадағы дыбыстық талдаумен салыстырып, тексереді.<br>–Балалар, «тіс» сөзінде неше дыбыс, неше буын бар? «Тіс» сөзінің дыбыстық талдауы. «Тіс»сөзінде 1-буын, 3 дыбыс бар.<br>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | барысында әр дыбысты жеке-жеке дыбыстап айтуға тапсырма беріледі.<br>**«Бор»** сөзінің дыбыстық талдауы<br>«Бор» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>Б – ұяң дауысты дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.<br>О – жуан дауысты дыбыс, ауыз қуысынан еш кедергісіз шығады, қызыл түсті домалақ қоямыз.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Алақанды ысқылап,<br>Қыздырайық, балақай.<br>Алақаның ысыды,<br>Қараңдаршы, алақай!<br>**Сергіту сәті**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Артқа қарай бір адым<br>Алға қарай бір адым.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық. | сонша зат бар екенін білдіреді.<br>**Түсіну деңгейі: Ойын жаттығуы: «Сана»**<br>Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды.<br>Осы карточкалар туралы не айтуға болады?<br>Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады.<br>Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады.<br>Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады.<br>«=» белгісін қоюға болады.<br>**Қолдану деңгейі: Жұптық жұмыс**<br>Балалар жиынтықтан заттар тобын құруды қалай үйренгенін тексеру үшін, тапсырманы жұппен орындауды ұсынады.<br>Әр балада белгілі бір | бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды.<br>Осы карточкалар туралы не айтуға болады?<br>Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады.<br>Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады.<br>Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады.<br>«=» белгісін қоюға болады.<br>**Қолдану деңгейі: Жұптық жұмыс**<br>Балалар жиынтықтан заттар тобын құруды қалай үйренгенін тексеру үшін, тапсырманы жұппен орындауды ұсынады.<br>Әр балада белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар (шаршылар, үшбұрыштар, сопақша, шеңберлер). Педагог саны бар карточканы көрсетеді (мысалы, 3).<br>Жұптың әр ойыншысы көрсетілген санға қарай | С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>«Көз»сөзіне дыбыстық талдау.<br>«Көз»сөзінде1 буын, 3 дыбыс бар.<br>К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ө – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>З – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>«Қол»сөзіне дыбыстық талдау.<br>«Қол» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Педагог осы сөздерде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс бар екенін балалардан сұрайды.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Бір, екі, үш,<br>Кәне жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Робот**<br>Шалқаямыз артқа, аспанға қараймыз,<br>Аспанға қараймыз, жұлдызды санаймыз.<br>Басымызды енді алдыға иеміз,<br>Қозғалмайды қол мен аяқ, денеміз. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
<td>түрдегі фигуралар жиынтығы бар (шаршылар, үшбұрыштар, сопақша, шеңберлер).<br>Педагог саны бар карточканы көрсетеді (мысалы, 3).<br>Жұптың әр ойыншысы көрсетілген санға қарай фигура көрсетеді.<br>Әрқайсысында неше фигура бар? (3).<br>Олардың саны туралы не айтуға болады? (олар тең).<br>Балалар фигуралармен практикалық жұмыс жасайды. Фигуралардың тең екендігі туралы қорытынды жасайды.</td>
<td>фигура көрсетеді.<br>Әрқайсысында неше фигура бар? (3).<br>Олардың саны туралы не айтуға болады? (олар тең).<br>Балалар фигуралармен практикалық жұмыс жасайды. Фигуралардың тең екендігі туралы қорытынды жасайды.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">1 үзіліс - 09:25 - 09:35<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.<br>Қимылды,сюжеттік - рөлді ойын: «Көше»<br>Басты міндеттері: Балалардың көшеде өзін-өзі ұстау ережелері, жолда жүру ережелері, әртүрлі көлік түрлері туралы білімдерін нақтылау және бекіту; Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Қолдану танымдық іс-әрекеті<br>1.Жұмбақ:<br>Өзі сөйлей білмейді<br>Бірақ Тоқта!Жүр!дейді.<br>(Бағдаршам)<br>2.Ашса кезек үш көзін,<br>Айтты деп ұқ сөзін:<br>«Тоқта!<br>Сақтан!<br>Жол ашық!<br>Жүрме жолға таласып»,<br>Қызыл көзін ашқанда,<br>Сынық сүйем баспа алға.<br>Сары көзін ашқанда,<br>Қарап қалма аспанға.<br>Жасыл көзін ашқанда,<br>Өте бергін, жасқанба!<br>Көзін ашып-жұмады,</td>
<td colspan="2"> </td>
<td colspan="2">Қимылды,сюжеттік - рөлді ойын: «Көше»<br>Міндеттері: Балалардың көшеде өзін-өзі ұстау ережелері, жолда жүру ережелері, әртүрлі көлік түрлері туралы білімдерін нақтылау және бекіту;<br>Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету.<br>Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>Ойынның шарты:<br>Бағдарламалық мазмұны:<br>1.Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту.<br>2.Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды үйрету.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Бағыт сілтеп тұрады.<br>**3.Сергіту сәті:«Бағдаршам»**<br>Балалар бағдаршамның қызыл түсі көрсеткенде **(тұрамыз),**<br>сары түсін көрсеткенде **(қол шапалақтаймыз),**<br>жасыл түсін көрсеткенде<br>**(аяқтарыңды топылдатамыз).** | <br><br> | 3. Екі топқа бөлініп жолаушылар тасимыз.Жүргізуші боламыз.<br>**Атрибуттар:** түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі,реттеушінің таяғы.<br>Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар.<br>***Жағдаят:***Балаларға арналған сұрақтар:<br>-Біздің көшеде қандай үйлер бар?<br>- Біздің көшеде қандай қозғалыс бір жақты ма, екі жақты ма?<br>- Жаяу жүргіншілер қайда жүру керек? Көліктер қайда баруы керек?<br>- Жол айрығы дегеніміз не? Көшеден қай жерде және қалай өту керек?<br>- Жаяу жүргіншілер өткелі қалай белгіленеді?<br>– Көшеде көлік қозғалысы қалай реттеледі?<br>- Қандай бағдаршамдарды білесіңдер?<br>-Көшеде қандай жол белгілері бар? Олар не үшін?<br>- Жолаушылар көлігі бізге не үшін қажет? Оны адамдар қайда күтіп отыр?<br>- Автобуста өзіңді қалай ұстау керек?<br>- Сыртта ойнауға бола ма?<br>-Келесі кезекте мұғалім балаларды жол ережесін сақтай отырып, көше бойымен «көлік жүргізуге» шақырады. Содан кейін балалардың бірі жаяу жүргіншінің рөлін ойнайды. Жеңімпаз - жүргізуші мен жаяу жүргінші рөлдерін жақсы және қатесіз орындаған адам.<br>-Келесі кезекте жыл мезгілі қыста ойын кезінде өзімізді қалай ұстаймыз. |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Боран қай кезде соғады?Қар тоқтату жұмысы.(коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жақсы мен жаман. Рақым Тышқанбаев.(сурет арқылы түсіну)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді мәнерлей оқи отырып,логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ақсақ құлан.(Аңызы)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-«Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету;<br>-балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жақсы мен жаман. Рақым Тышқанбаев (жаттау)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді мәнерлей оқи отырып,логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету;<br>-қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет қалыптастыру. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру;<br>-құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарымқатынас жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: қыстың белгілерін атап бере,олардың қасиеттерін анықтай алу, білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді атап бере алады.<br>**Түсінеді:** қыстағы табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін түсінеді.<br>**Қолданады**: зерттеушілік дағдысын пайдаланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Балалар сабаққа белсенді қатысып, мәліметті мұқият тыңдайды: Қыста өте көп қар жауады. Әдемі, үлпілдеген, аппақ қар жерге, үйлердің шатырына, ағаштарға жауады. Олар да жаңбыр сияқты бұлттан пайда болады. Бірақ олардың түзілу жолы сәл өзгешелеу. Бұрын біз қар дегеніміз қатып қалған су тамшылары деп ойлайтынбыз. Бірақ олай емес екен. Ғалымдар қардың пайда болу құпиясын ашты. | құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру;<br>-сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді,теңеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, сурет бойынша әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:** жақсылық пен жамандықты түсінеді, ажыратады;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, мәнерлеп жатқа айтады. Жақсылық туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Тыныштық сәті (релаксация). Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. «Біз қазір көңіл күйіміздің әлеміне сапар шегеміз. Бұлттың үстінде, биікте қалқып келе жатырмыз. Айналамыз жап-жарық, таза ауа, әсем гүлдердің хош иісі. Өзіңе ұнайтын адамдарды, достарыңды кездестірдіңдер. Барлығы өте мейірімді, көңілді. Бізге | ұғымдарын кеңейту;<br>-хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Қойылған сұрақтарға жауап береді, төлдердің дауысын сала білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**қойылған сұрақтарға жауап береді, төлдердің дауысын салады;<br>**Түсінеді**: аңыздың мазмұнын, құланның қандай аң екенін, аңдарға жамандық жасауға болмайтынын;<br>**Қолданады:** сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, құлан – жылқы тектес жануар.<br>Сендер жылқыны білесіңдер ме?<br>Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар.<br>Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген.<br>Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге<br>«Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін.<br>**Түсіну деңгейі:** Жошы ханның ашамайға | құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру;<br>-сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді,теңеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, сурет бойынша әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:** жақсылық пен жамандықты түсінеді, ажыратады;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, мәнерлеп жатқа айтады. Жақсылық туралы сөздерді есіне сақтайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Тыныштық сәті (релаксация). Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. «Біз қазір көңіл күйіміздің әлеміне сапар шегеміз. Бұлттың үстінде, биікте қалқып келе жатырмыз. Айналамыз жап-жарық, таза ауа, әсем гүлдердің хош иісі. Өзіңе ұнайтын адамдарды, достарыңды кездестірдіңдер. Барлығы өте мейірімді, көңілді. Бізге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қардың ешқашан тамшыдан пайда болмайтынын білді. Су тамшылары қатып, мұзға, яғни бұршаққа айналуы мүмкін. Ондай бұршақтарды біз жаздыгүні күн күркіреп, қатты жаңбыр жауғанда көреміз. Ал қар жерден өте биікке, ауасы үнемі суық болып тұратын жерлерге көтерілген су буынан пайда болады екен. Су буынан бастапқыда кішкентай мұз түйіршіктері – кристалдар пайда болады. Бірақ оларды жерге жауатын қар деуге болмайды. Өйткені олар өте ұсақ. Сол ұсақ кристалдар біртіндеп үлкейіп, қарға айналады. Қолға қолғап киіп, қарды ұстап алуға болады. Негізінен қар кристалдарының түрі бар. Оларға мынадай қызықты атаулар берілген: *тілімше, жұлдыз, баған, ине, үлпілдек, кірпі, ілмек, мұзды қар және қиыршық қар.* Кейде қар кристалдары бір-бірлеп түссе, бірде бірігіп, жапалақтап жауады. Жерге түскен қар бірінің үстіне бірі жиналып, жерді ақ көрпеге орайды. Қар жердегі жылуды сыртқа шығармай ұстап тұрады. Қар астында жатқан өсімдіктер үсіп кетпейді. Кішігірім аңдар да өз індерінде жылынып жата береді. Қар кешігіп, жерді жаппаса, олар тоңады. Қардың қалыңдығы да әртүрлі болады: кейде қар | қол бұлғайды. Біз де қол бұлғаймыз. Ал енді бәрімен қоштасайық. Біздің қайтатын кезіміз келді. Бұл сендердің көңіл күйлеріңнің әлемі. Көздеріңді ашыңдар. Көз алдарыңа нені елестеттіңдер?» **Түсіну деңгейі:** Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Алады ол таранып. **Қолдану деңгейі:** **Сөздік жұмыс**: *Жақсы бала* – ақылды, таза, ұқыпты бала. *Шалалық* – бастаған жұмысын аяқтамау, дұрыс жасамау. **Сұрақ жауап:** Өлең қалай аталады, не туралы айтылған? Сендерге ұнады ма? Жақсы бала деп қандай баланы айтамыз? Жаман бала деп кімді айтамыз? Сен қандай бала болғың келеді? ***Есіңе сақта:*** «Болғың келсе жақсы адам, Жақсылық жаса әрқашан». **Сергіту сәті:** | мінгізген жас баласы аңшылармен бірге жүріп, бір жерде қашып бара жатқан ақсақ құланды қуып кетіпті. Ақсақ құлан жүйіткіп бара жатқан бір топ құланға қосылыпты. Баланың астындағы жүйрік тұлпар елігіп, құйрығын шаншып құйғытып, құландарға қосылады. Құланның әңгісі баланы шайнап өлтіріп кетеді. Аңшылар баланы іздеп таба алмайды. Жошы хан аңшыларға қаһарын төгіп: «Баламды тауып бер», – деп қалың кісіге іздетеді. «Баламды өлді деп естірткен адамның аузына қорғасын құямын» деп жарлық айтады. Аңшылар бір жерден баланың жұлмаланған қолын табады. Енді ешкім баласының өлгенін Жошы ханға айта алмайды. Ақыры көпшілік ордада отырып, бір домбырашыға күймен айтқызады. Сендерге «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма? Аңызда не туралы айтылған? Ашуына тиген құлан әңгісі балаға не істеді? Міне, балалар, аң екеш аңға да зәбір көрсетіп, қорлауға болмайды екен. Аңыз әңгімедегі құлан сөзі орыс тілінде «кулан» деп айтылады. Әңгі – үйірді басқаратын, бастап | қол бұлғайды. Біз де қол бұлғаймыз. Ал енді бәрімен қоштасайық. Біздің қайтатын кезіміз келді. Бұл сендердің көңіл күйлеріңнің әлемі. Көздеріңді ашыңдар. Көз алдарыңа нені елестеттіңдер?» **Түсіну деңгейі:** Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Алады ол таранып. **Қолдану деңгейі:** **Сөздік жұмыс**: *Жақсы бала* – ақылды, таза, ұқыпты бала. *Шалалық* – бастаған жұмысын аяқтамау, дұрыс жасамау. **Сұрақ жауап:** Өлең қалай аталады, не туралы айтылған? Сендерге ұнады ма? Жақсы бала деп қандай баланы айтамыз? Жаман бала деп кімді айтамыз? Сен қандай бала болғың келеді? ***Есіңе сақта:*** «Болғың келсе жақсы адам, Жақсылық жаса әрқашан». **Сергіту сәті:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жердің бетін болар-болмас жауып жатады. Кей өлкелерде қардың қалыңдығы адамның бойынан да асып кетуі мүмкін. Үлпілдеген құрғақ қар желмен тез ұшып кетеді.<br>**Түсіну деңгейі: Қыстың белгілерін атап көрсетеді**:<br>Күн суытады. Жерде қалың қар жатады. Топырақ тоңдайды. Су тоғандары на мұз қатады. Күн қысқарып, түн ұзарады. Қараңғы ерте түседі. Құстар азайып кетеді. Жәндіктер де жоғалып кетті. Өсімдіктер қалың ұйқыда. Кейбір жануарлар түсін өзгертеді. Суретші қандай ауа райының суретін салғанын атап өтеді.<br>Талқылайды, пікірлерін ортаға салады: Кейде қатты жел жердегі қарды көтеріп әкететін кездері де болады. Оны БОРАН деп те атайды. Күшті боран тұрып, қар жауып, бет қаратпайтын үскірік жел соғатын кездер де болады. Оны қарлы боран, бұрқасын дейміз.<br>**Қолдану деңгейі: «Қардың қасиеттері» атты тәжірибеалдық** жұмысқа тарту арқылы (әліппе-дәптердегі тапсырма) балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады.<br>Қардан түрлі заттар, пішіндер жасайды.<br>Қар үгілгіш (бірікпейді).<br>Жылынып, аздап ериді, қар жабысқақ болды. | Қол алысып қане біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тік тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Қандай жақсы дос болу.<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне, менің қолым, дос. | жүретін айғыры.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балалар, «Л» – «Р» дыбыстарымен танысайық. «Л» – «Р» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді. «Л» дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағы көтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады.<br>Бірге айтып қайталайық.<br>«Л» – дауыссыз дыбыс.<br>"Л" дыбысының буын арасында кездесуі.<br>Ла-ла-ла – лақ.<br>Лә-лә-лә – Ләззәт.<br>Да-да-да – дала.<br>До-до-до – долана.<br>Құ-лан.<br>Құ-лақ. | Қол алысып қане біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тік тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Қандай жақсы дос болу.<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне, менің қолым, дос. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қар ақ түсті. Бірақ оны бояуға болады!<br>Қарға су құйса еріп кетеді.<br>Қарды түтікшеден өткізуге болмайды.<br>**«Жақсы-жаман» ойынын ойнауға болады.**<br>Қыс бойы қардан қалың көрпе жамылып жататын жануардың сұлбасын сал.<br>Су – бұл ЖАҚСЫ,<br>су – бұл ЖАМАН<br>Қар – бұл ЖАҚСЫ,<br>қар – бұл ЖАМАН<br>Мұз – бұл ЖАҚСЫ,<br>мұз – бұл ЖАМАН<br>Бу – бұл ЖАҚСЫ,<br>бу – бұл ЖАМАН<br>Балалар неге ЖАҚСЫ, неге ЖАМАН екенін түсіндіреді.<br>«Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады:<br>Балаларға нысанның суреті бейнеленген карточканы көрсетеді. Дұрыс жауап бергендерге фишка беріледі. Көрсетілген нысанның пайдасын мейлінше көбірек айтуға тырысады. П: Судың қандай пайдасы бар?<br>Б: Ыстықта ішсең, шөлің қанады. Жауын өсімдіктерге көп пайда әкеледі. Адам суға жуынады. | | | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| ***2 үзіліс – 10:00 – 10:30*** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Қимылды,сюжеттік - рөлді ойын: «Кім үздік жүргінші?»** | | | | | |

| **Басты міндеттері:** **Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту;бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол белсенділігін, көшеден өту ережелерін үйрету.** | | |
|---|---|---|
| **Дидактикалық ойын:**«Көліктердің дыбысын ажырат»<br><br>**Мақсаты:**Балалардың ойлау қабілетіндамыта отырып,есте сақтау қабілетін арттыру,байқампаздыққа баулу. |  | **Қимылды,сюжеттік - рөлді ойын:** **«Кім үздік жүргінші?»**<br>**Міндеттері:** Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту;бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол белсенділігін, көшеден өту ережелерін үйрету.<br>**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>**Көрнекіліктер:**1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.<br>**Ойынның шарты:**<br>**Бағдарламалық мазмұны:**<br>Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөнгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөнгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді. |

| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті** **уақыты: 10.30 – 10.55** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **3.Жапсыру-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Айдарлы әтеш.Түлкі.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту;<br>-ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту.<br>-бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту ,<br>-ұқыптылыққа, | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстық талдау. [о]<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру;<br>-дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру. | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>«Саяхатшы» ертегісі<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін | **3.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Боран қай кезде соғады?Қар тоқтату жұмысы.<br>(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету;<br>-қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тиянақтылыққа тәрбиелеу**.**<br>**Дағды**: үйлестіре отырып жапсыруды, дұрыс қолдануға үйрету дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әтешті бірнеше бөліктерден жапсырады;<br>**Түсінеді:** әтештің таңертең шақыратынын;<br>**Қолданады:** үйлестіре отырып жапсыруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, үй құстары – қаз, тауық, әтеш, үйрек бір-бірімен қалай амандасатынын білесіңдер ме? Құстар сөйлесе білмесе де өздеріне тән дыбыс шығарып, өзара бір- бірімен амандасады. Адамдар сияқты қарым-қатынаста болып, бір-бірін жақсы түсініседі.<br>Мысалы: әтеш шақырады, тауық қыт-қыттайды, қаз қаңқылдайды т.с.с.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>–Кәне, бір-бірімізбен әтеш, тауық, қаз сияқты амандасайық.<br>№1, 2, 3, 4 слайдтан үй құстарын көрсете отырып, әңгімелеу (тауық, әтеш, қаз, үйрек).<br>– Үй құстарын қалай күтіп-баптау керек?<br>– Өте дұрыс айтасыңдар. Мен сендерге жұмбақ жасырайын. Сол жұмбақты шешсеңдер, бүгінгі оқу қызметінде қиып жапсыратын қандай үй құсы екені белгілі болады. | **Дағды**: дыбыстықтарды дұрыс ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.<br>***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.<br>***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.<br>**Дыбыстармен жұмыс.**<br>Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?»<br>Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н*. Балалар | мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өз сөзін интонациямен жеткізе алады, ертегіні сахналайды.<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұның түсінеді.<br>**Қолданады:** ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! Өткен тақырыпты қайталау, «Қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлерді атауды ұсынады.<br>«Не жоқ?» Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, зейіндерін дамыту.<br>**Ойынның шарты:** балалар көздерін жұмады, педагог бір ойыншықты жасырады. Мысалы: түлкіні жасырып сұрайды: Не жоқ? (Түлкі жоқ) т.б.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз | қалыптастыру. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру;<br>-құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарымқатынас жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: қыстың белгілерін атап бере,олардың қасиеттерін анықтай алу, білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді атап бере алады.<br>**Түсінеді:** қыстағы табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін түсінеді.<br>**Қолданады**: зерттеушілік дағдысын пайдаланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Балалар сабаққа белсенді қатысып, мәліметті мұқият тыңдайды: Қыста өте көп қар жауады. Әдемі, үлпілдеген, аппақ қар жерге, үйлердің шатырына, ағаштарға жауады. Олар да жаңбыр сияқты бұлттан пайда болады. Бірақ олардың түзілу жолы сәл өзгешелеу. Бұрын біз қар дегеніміз қатып қалған су тамшылары деп ойлайтынбыз. Бірақ олай емес екен. Ғалымдар қардың пайда болу құпиясын ашты. Қардың ешқашан тамшыдан пайда болмайтынын білді. Су |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Қолдану деңгейі:**<br>Бұрап қойған сағаттай,<br>Айқайлайды таң атпай.<br>– Ол не? (Әтеш)<br>Жұмысымызды бастамас бұрын, сюжетті суретте бейнеленген әтешке назар аударайық.<br>– Әтештің басында несі бар?<br>– Қанатын қалай атауға болады?<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Балапандар»** ойыны.<br>Бәрі бірігіп топ болып ойнайды.<br>Ойынды сүйемелдеу үшін көңілді музыка қоюға болады.<br>Қалған бөліктерін асықпай қию керек, өйткені ойық тұстарын абайлап қимасаң, дұрыс болмай қалады немесе басқа жері қиылып кетуі мүмкін. Енді осы қиып алған бөліктерді үлгіге жапсырамыз. | дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.<br>**Түсіну деңгейі:** «Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы<br>Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б.<br>«Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б.<br>«Дауысты дыбысты сөз қос»дидактикалық ойыны<br>–Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.<br>*Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... ( өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар),* | анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, біз бүгін сендерге «Саяхатшы» ертегісін сыйлық ретінде алып келдік. Педагог «Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқиды.<br>Орманмен Қоян қашқанда, Сәбізі түсіп қалады.<br>Бара жатқан Қасқырға Түлкі тауып алады.<br>«Жей салар ем мұны мен Ішіме бірақ жаға ма?<br>Құттықтап туған күніңмен, Берейін Қасқыр ағама», –<br>Деп Түлкі сары сәбізді Қасқырға сәндеп ұсынды.<br>Ол суға оны ағызды,<br>«Қайтем, – деп, – былғап тісімді». Судан Мысық тауып ап,<br>Тастауға оны қимады.<br>Түлкінің туған күнінде Сәбізді оған сыйлады.<br>«Қайтем – деп, – мұны», – таңданды, Мысыққа Түлкі шамданды.<br>Лақтырған Түлкі сәбізді Қуанып Қоян тауып алды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ертегі мазмұны бойынша әңгіме жүргізу:<br>Ертегі ұнады ма?<br>Ертегідегі кейіпкерлерін ата.<br>Қоян нені жоғалтты?<br>Сәбізді нелер тауып алады?<br>Педагог ертегіні сахналауға ұсынады. Көрсетілім барысында балаларға кезек-кезек кейіпкерлер сөзін айтқызып отырады. Балалар ұнаған кейіпкерлерін таңдайды, | тамшылары қатып, мұзға, яғни бұршаққа айналуы мүмкін. Ондай бұршақтарды біз жаздыгүні күн күркіреп, қатты жаңбыр жауғанда көреміз. Ал қар жерден өте биікке, ауасы үнемі суық болып тұратын жерлерге көтерілген су буынан пайда болады екен. Су буынан бастапқыда кішкентай мұз түйіршіктері – кристалдар пайда болады. Бірақ оларды жерге жауатын қар деуге болмайды. Өйткені олар өте ұсақ. Сол ұсақ кристалдар біртіндеп үлкейіп, қарға айналады. Қолға қолғап киіп, қарды ұстап алуға болады. Негізінен қар кристалдарының түрі бар. Оларға мынадай қызықты атаулар берілген: *тілімше, жұлдыз, баған, ине, үлпілдек, кірпі, ілмек, мұзды қар және қиыршық қар*. Кейде қар кристалдары бір-бірлеп түссе, бірде бірігіп, жапалақтап жауады. Жерге түскен қар бірінің үстіне бірі жиналып, жерді ақ көрпеге орайды. Қар жердегі жылуды сыртқа шығармай ұстап тұрады. Қар астында жатқан өсімдіктер үсіп кетпейді. Кішігірім аңдар да өз індерінде жылынып жата береді. Қар кешігіп, жерді жаппаса, олар тоңады. Қардың қалыңдығы да әртүрлі болады: кейде қар жердің бетін болар-болмас жауып жатады. Кей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *ашты ...( алма) т.б.*<br>**Қолдану деңгейі: «Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны**<br>Педагог қандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі.<br>Осы сөзде неше буын бар екенін айтады.<br>Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп.<br>**Дыбыстық талдау жаса.**<br>Балаларға үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жалғастыратынын айтып жер, бес сөздерінің сызбасын тақтаға іледі.<br>Балаларға дәптерлерін ашып, өз беттерінше дыбыстық талдау жасатады. Тексеру үшін «жер», «бес» сөздеріне дыбыстық талдау жасауға балаларды тақтаға шығарады. Балалар жұмыстарының дұрыс, бұрыстығын тақтадағы жұмыспен салыстырады.<br>Дыбыстық талдау жасау барысында әр дыбысты жеке-жеке дыбыстап айтуға тапсырма беріледі.<br>**«Бор»** сөзінің дыбыстық талдауы<br>«Бор» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>Б – ұяң дауысты дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.<br>О – жуан дауысты дыбыс, ауыз қуысынан еш кедергісіз шығады, | кейіпкерлердің басқа киетін бейнелерін киеді, сахналап ойнайды.<br>Автордың сөздерін педагог оқиды.<br>**Сергіту сәті**<br>Тепе-теңдік жолменен<br>Арасында мен келем.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Келе жатқан жете алмай,<br>Мынау – біздің мекенжай. | өлкелерде қардың қалыңдығы адамның бойынан да асып кетуі мүмкін. Үлпілдеген құрғақ қар желмен тез ұшып кетеді.<br>**Түсіну деңгейі: Қыстың белгілерін атап көрсетеді**:<br>Күн суытады. Жерде қалың қар жатады. Топырақ тоңдайды. Су тоғандары на мұз қатады. Күн қысқарып, түн ұзарады. Қараңғы ерте түседі. Құстар азайып кетеді. Жәндіктер де жоғалып кетті. Өсімдіктер қалың ұйқыда. Кейбір жануарлар түсін өзгертеді.<br>Суретші қандай ауа райының суретін салғанын атап өтеді.<br>Талқылайды, пікірлерін ортаға салады: Кейде қатты жел жердегі қарды көтеріп әкететін кездері де болады. Оны БОРАН деп те атайды. Күшті боран тұрып, қар жауып, бет қаратпайтын үскірік жел соғатын кездер де болады. Оны қарлы боран, бұрқасын дейміз.<br>**Қолдану деңгейі: «Қардың қасиеттері» атты тәжірибеалдық** жұмысқа тарту арқылы (әліппе-дәптердегі тапсырма) балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады.<br>Қардан түрлі заттар, пішіндер жасайды.<br>Қар үгілгіш (бірікпейді).<br>Жылынып, аздап еріді, қар жабысқақ болды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызыл түсті домалақ қоямыз.<br>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Алақанды ысқылап,<br>Қыздырайық, балақай.<br>Алақаның ысыды,<br>Қараңдаршы, алақай!<br>**Сергіту сәті**<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Артқа қарай бір адым<br>Алға қарай бір адым.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық. | | Қар ақ түсті. Бірақ оны бояуға болады!<br>Қарға су құйса еріп кетеді.<br>Қарды түтікшеден өткізуге болмайды.<br>**«Жақсы-жаман» ойынын ойнауға болады.**<br>Қыс бойы қардан қалың көрпе жамылып жататын жануардың сұлбасын сал.<br>Су – бұл ЖАҚСЫ,<br>су – бұл ЖАМАН<br>Қар – бұл ЖАҚСЫ,<br>қар – бұл ЖАМАН<br>Мұз – бұл ЖАҚСЫ,<br>мұз – бұл ЖАМАН<br>Бу – бұл ЖАҚСЫ,<br>бу – бұл ЖАМАН<br>Балалар неге ЖАҚСЫ, неге ЖАМАН екенін түсіндіреді.<br>«Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады:<br>Балаларға нысанның суреті бейнеленген карточканы көрсетеді. Дұрыс жауап бергендерге фишка беріледі. Көрсетілген нысанның пайдасын мейлінше көбірек айтуға тырысады. П: Судың қандай пайдасы бар?<br>Б: Ыстықта ішсең, шөлің қанады. Жауын өсімдіктерге көп пайда әкеледі. Адам суға жуынады. |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын:«Қуғыншыдан құтқару»**

**Басты міндеттері: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін,байқағыштықтарын меңгерту.**

<table>
<tr>
<td colspan="3"><br></td>
<td colspan="3">Аз қимылды ойын:«Қуғыншыдан құтқару»<br>Ойын міндеттері: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін,байқағыштықтарын меңгерту.<br>Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Ойын шарты:<br>Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.<br>Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуңыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі. Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.<br>Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;<br>Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;<br>Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.<br>Ойынның ережесі:<br>1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.<br>2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.<br>Ойын қызықты өтуі үшін ойынныі мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.<br>Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.<br>Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.<br>Ұсыныс: Ойынды қиындатуға болады: кедергілерден секіртіп /жіптен, текшелерден, шеңберден өту, т.б./</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td></td>
<td>4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Қыс қызығы.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты</td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Африкаға саяхат.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-гимнастикалық орындық үстінде бір бүйірмен</td>
<td>4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Қыс қызығы.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру,</td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы: Байқоңыр.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-еңкіш тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге, заттардың үстімен екі</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | туралы пікірін айту;<br>-әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.<br>**Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп ән орындайды, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл береді.<br>**Түсінеді:** вальс музыкасына қандай қозғалыс жасау керек екенін.<br>**Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңберін***<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Аюлар биі» (Е. Тиличеева).<br>Балалар музыкаға ілесіп, қорбаңдап, аюлардың жүрісін салады.<br>Ауыр қимылдап отырып-тұрады, отырғанда аяқтарын кезек-кезек созады, айналады. Интерактивті | жүруді; бір бүйірмен аяқты аяққа тигізіп жүруді, гимнастикалық қабырғада өрмелеуді үйрету.<br>**Дағды**: Саусақтармен допты жеңіл қозғап алып жүру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, ұсақ-қол моторикасын дамыту. Допты саусақтарымен (төменнен-жоғарыға) итеру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыру. Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүру. Білектері мен тізелеріне таянып, поролон модульдерді аттап еңбектеу.<br>**Түсінеді:** допты екі қолмен бастан асыра қалай лақтыру тәсілін; допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалай қалыптастыру керектігін.<br>**Қолданады:** арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту;<br>-әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.<br>**Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысын дұрыс келтіріп ән орындайды, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл береді.<br>**Түсінеді:** вальс музыкасына қандай қозғалыс жасау керек екенін.<br>**Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңберін***<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Аюлар биі» (Е. Тиличеева).<br>Балалар музыкаға ілесіп, қорбаңдап, аюлардың жүрісін салады.<br>Ауыр қимылдап отырып- | аяқтап секіруге, секіртпемен еркін секіруге үйрету.<br>**Дағды**: баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** қысқа және кең адыммен жүгіру. Заттар арқылы екі аяқпен секіру (биіктігі –30 см). Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру.<br>**Түсінеді:** спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін.<br>**Қолданады:** баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығымыз жаттығудан өттік. Енді зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз.<br>Бір, екі тізбекпен жүру; кең және қысқа адыммен, қолдарын сермеп, бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тақтадан қыс туралы суреттерін көрсету.<br>Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Музыка тыңдау.*** «Вальс» (С. Майкапар).<br>Балалар, музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады.<br>Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер?<br>Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп,жұбыңмен билеуге болады.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:***«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Әнде не туралы айтылған? Әннің көңіл күйі қандай?<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Үйренген әнді «Ақша қар» (К. Қуатбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту. ***Билер:*** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Балалар биге жұптасып қатысады. Қимылдарды анық жасауға ұмтылады.<br>**Қолдану деңгейі:** | **Білу деңгейі:** Африкаға саяхатқа шығуды ұсынады.<br>Африка – ыстық ел. Онда арыстан, маймыл, керік, піл т.б. көптеген жануарлар тіршілік етеді. Түрлі түсті құстар өте көп. Бегемоттар мен қолтырауындар да бар.<br>Африка, Африка, Ғажайып ел!<br>Африка, Африка, Ыстық ел!<br>Африка, Африка, Тәтті банандар! Өйткені Африкада жыл бойы жаз!<br>**«Континентті зерттейміз»**<br>Аяқтың ұшымен қолды жоғары көтеріп жүру; қолды екі жаққа созып, өкшемен жүру; қолды белге қойып, табанның екі шетімен жүру. Қарқынды өзгертіп тізбекпен жүгіру. Тыныс алуды қалпына келтіру.<br>**«Ыстық елдің жануарлары»:**<br>**Қол-қол** – мынау – **қолтырауын.** (Балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады).<br>**Мот-мот-мот** – пайда болды **бегемот.** (Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді.)<br>**Ке-ке-ке** – мойны ұзын **керік.** (Керік сияқты аспанға созылады).<br>**Пі-пі-пі** – су шашады піл. (**Піл** сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су бүркіген сияқты | тұрады, отырғанда аяқтарын кезек-кезек созады, айналады.<br>Интерактивті тақтадан қыс туралы суреттерін көрсету.<br>Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Музыка тыңдау.***<br>«Вальс» (С. Майкапар).<br>Балалар, музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады.<br>Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер?<br>Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп,жұбыңмен билеуге болады.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:***«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Әнде не туралы айтылған? Әннің көңіл күйі қандай?<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Үйренген әнді «Ақша қар» (К. Қуатбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту. ***Билер:*** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). | бүйірмен жүру. У-шу кешені бойынша тыныс алуларын қалпына келтіру.<br>Сапқа тұрып, бірінші-екінші санағы бойынша санайды. Тізбекпен жүреді, залдың ортасында екі тізбек құрып жүреді. Педагогтің бұйрығына сәйкес бір іс-әрекеттен екінші іс-әрекетке көшеді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Баяу қарқынмен жүгіру.<br>**Түсіну деңгейі:** «Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.<br>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады.<br>30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Саптан шықпай, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.<br>**Қолдану деңгейі:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Ойындар, хороводтар:***<br>«Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны.<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>Балаларды жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратуға үйрету.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Полька» (А. Филиппенко).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>*Бубен, маракас, барабан, қоңырау* аспаптарында әуен ырғағын сезіне еркін ойнауға баулу. | қимылдайды.)<br>**Май-май-май** – маймылды қара, пай-пай! (Секіріп жүрген **маймылды** салады).<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**«Кокостармен ойнаймыз»**<br>Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.<br>**«Қи қоңыз» ойын-жаттығуы**<br>Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруге жаттықтыру.<br>Саусақтармен допты жеңіл қозғап алып жүру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, ұсақ-қол моторикасын дамыту. Белгіленген жерге жеткен соң, орындарына жүгіріп қайтып келеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Жолбарыстар жемтігін аулауға шықты». ( 4 рет) | Балалар биге жұптасып қатысады. Қимылдарды анық жасауға ұмтылады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны.<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.Балаларды жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратуға үйрету.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Полька» (А. Филиппенко).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>*Бубен, маракас, барабан, қоңырау* аспаптарында әуен ырғағын сезіне еркін ойнауға баулу. | **«Ержүректілікке жаттықтыру»**<br>**«Бұлтқа қол жеткізу»**<br>Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады.<br>**Тепе-теңдік:**<br>Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>Орындықтан түскенде жерге аяқтарының ұшымен түседі.<br>**Зейіндерін жаттықтыру.**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Кім шапшаң?»<br>Төрт бастаушыны таңдап, олар түрлі жұлдызшалар береді.<br>Төрт тізбекке тұрады.<br>Бастаушы – командир.<br>Көздерін жұмып тұрады.<br>Осы кезде бастаушылар педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады. Белгі бойынша көздерін ашып, орындарын жылдам табуға тырысады, бастаушының артына тізбекке тұрады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Білек және тізелерімен таянып еңбектеу шеберліктерін (машықтарын) бекіту, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру. Заттар арасымен еңбектейді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Заттарды құлатып кетпеуге тырысады.<br>**«Кім алысқа секіреді?» ойын-жаттығуы.**<br>Екі сапқа тұрады. Екі аяқтарымен бір мезгілде итеріліп секіреді. Қолдарын ширақ сермейді. Барынша алысқа секіруге тырысады.<br>Алдымен топ болып секіру (алдымен итеріліп, сонан соң аяқтарын түзу алдыға созу) шеберліктерін (машықтарын) бекіту.<br>Бетке массаж жасау (уқалау)<br>Мақсаты: беттегі белсенді нүктелерді уқалап, суық тиюдің алдын алу. Шеке, бет, мұрын ұшын уқалайды: саусақтарымен ақырын ұрады.<br>Саусақ ұшымен қастарынан бастап сағат тілінің жүрісіндей көздерін айналдырып 5-6 рет жүргізеді. Қас пен самайдың арасын баяу саусақ ұшымен жүргізеді. Алақандарымен көздерін басады, кірпіктерін сипайды. | | |

| Серуенге дайындық<br>11:30-11.35 | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Табиғат аясында»<br>Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.<br>«Алақай,ойын!»<br>11:35 – 11:55** | | **Желтоқсан<br>Серуен кешені № 12<br>Қардың түсуін бақылау<br>Міндеттері**:<br>*- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;*<br>— *Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;*<br>— *әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу*.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз:**<br>**«Қыс» Т. Молдағалиев**<br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br>Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.**<br>♦ Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады?<br>♦ Аяқ астында қар неге сықырлайды?<br>♦ Қар неге ұлпа болады?<br>♦ Айналаға қарандаршы, қандай әсем көріністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).<br>**Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>**Мақсаты:** бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту<br>**Қимылды ойын**<br>«Ыстық-суық».<br>**Мақсаты:** тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету | **Желтоқсан<br>Серуен кешені № 13<br>Боранды күнді бақылау<br>Мақсаты:** желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші жұмбақ жасырады:<br>Жерді тырнап, бұтаны ырғап,<br>Шөпті сипап, ұшады зырлап,<br>Жанын қинап, ұлиды зарлап. (боран)<br>**Көркем сөз:**<br>«Ақ боран» Ә. Табылды<br>Ақ көрпесін жапты да,<br>Ақ боран-ау, ақ боран,<br>Аяз кенет аптыға,<br>Алай-түлей соқ боран.<br>Айналаны үрледі,<br>Ақ қар ұшып үйрілсін,<br>Ақ бораны гуледі.<br>Ауламызға үйілсін.<br>Жас ұланмын шыныққан,<br>Жасқанбаймын суықтан.<br>Қардан жасап аққала,<br>Сырғанаймын шаттана.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не?<br>(қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)<br>Мұқият қарандаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)<br>Боран кезінде неліктен құртік қар пайда болады?<br>(қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, | **Желтоқсан<br>Серуен кешені № 14<br>Қардағы құс іздері<br>Мақсаты**:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не?<br>(қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады?<br>(құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек:**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>**Міндеттері:**<br>— Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>— Жұмысты жоспарлау.<br>**Қимылды ойын** | **Желтоқсан<br>Серуен кешені № 15<br>Ауладағы ағаштарды бақылау<br>Міндеттері**:<br>— ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>— ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Қыс» Р.Сәбитұлы**<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.**<br>♦ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??<br>♦ Күзде қандай болды?<br>♦ Қазіргі бейнесі қандай?<br>♦ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?<br>♦ Айналадағы ағаштар бейнесі қандай?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>**Мақсаты**: аула қараушыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>**Мақсаты:** доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Секіру<br>**Мақсаты:**орнында тұрып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту**.**<br>**Мақсаты:** Қарды алысқа лақтыруға үйрету<br>**Халық болжамы:**<br>Қыс қарлы болса,<br>жаз жаңбырлы болады. | алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)<br>Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу.<br>**Еңбек:**<br>Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю.<br>**Мақсаты:**<br>Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Желдиірмен».**<br>**Мақсаты:** ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарды дамыту.<br>**Мақсаты:** секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен). | «Ізбе із».<br>**Мақсаты:** тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалыстарын дамыту.<br>**Халық болжамы:**<br>*Қар көп болса, нан мол болады.<br>*Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.<br>*Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.<br>*Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. | секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру.<br>**Халық болжамы.**<br>Ит қарға аунаса,<br>қарлы боран болады.<br>Мысық қабырғаны тырналаса, бұрқасын боран болады. |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Байтемір Айзере<br>Бөліктерден бүтінді | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Дауысты, дауыссыз | **Көркем әдебиет- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Байтемір Айзере<br>Жыл мезгілі қыс туралы | **Қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Берікұлы Арнұр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. | дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту; артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу. | құрастырып, айтып беруге үйрету. | «Мен қандай пайда әкелемін?»<br>**Мақсаты:** Балалардың бойында қарапайым ғылыми білім қалыптастыру |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | | **Танымдық-қимылды ойын:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Қай сан жоғалды?»**<br>**Міндет:**<br>**Дағды:** Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика<br>дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Таныс цифрдан сандық қатар құрылады. Балалар көздерін жұмған кезде, бір сан алынады (түн). Балалар сандарға қарап, қай сан жоғалғанын айтады. | **Дидактикалық ойын:**<br>**«Артығын тап»** ойынын ұйымдастыру.<br>**Міндеттері:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру; Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру.<br>**Дағды:** дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту;<br>**Ойынның шарты:**<br>Ара, өрмекші, маса, көбелек,аю. *(аю)*<br>Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. *(сауысқан)*<br>Мысық, түлкі, аю, қасқыр. *(мысық)*<br>Колғап, көйлек, шалбар, етік. *(көйлек)*<br>Май, шай, нан, қант, қасық. *(қасық)* | **Қимыл-қозғалыс жаттығу ойыны:**<br>«Кім шапшаң?»<br>**Мақсаты:** Қозғалыс міндеттерін шешуде қимыл-қозғалыстарын үйлестіре білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету.<br>**Дағды:** үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Төрт бастаушыны таңдап, олар түрлі жұлдызшалар береді.<br>Төрт тізбекке тұрады.<br>Бастаушы – командир.<br>Көздерін жұмып тұрады.<br>Осы кезде бастаушылар педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады. Белгі бойынша көздерін ашып, орындарын жылдам табуға тырысады, бастаушының артына тізбекке тұрады. | Дидактикалық ойын:<br>«Жақсы-жаман» ойынын<br>Міндеті: Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету.<br>Дағды: Судың: қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйін біліп,дұрыс қолдана алуға дағдыландыру.<br>Ойынның шарты:<br>Қыс бойы қардан қалың көрпе жамылып жататын жануардың сұлбасын сал.<br>Су – бұл ЖАҚСЫ,<br>су – бұл ЖАМАН<br>Қар – бұл ЖАҚСЫ,<br>қар – бұл ЖАМАН<br>Мұз – бұл ЖАҚСЫ,<br>мұз – бұл ЖАМАН<br>Бу – бұл ЖАҚСЫ,<br>бу – бұл ЖАМАН<br>Балалар неге ЖАҚСЫ, неге ЖАМАН екенін түсіндіреді. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен** | | **Ата-анаға кеңес:**<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің | **Ата –аналарға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**. **12:25-12:30** | | тұру. | Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, (өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,( өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 25.12 | Сейсенбі 26.12 | Сәрсенбі 27.12 | Бейсенбі 28.12 | Жұма 29.12.23-07.01.24 қысқы демалыс |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары:** «Шыршаға әшекей ойыншықтарын жина»<br>**Міндеттері:** Балаларға заттарды топтастыруға жаттықтыру, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, негізгі түстерді ажыратуды, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру.<br>**Дағды:** Өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу,шығармашылық. | **Сауат ашу негіздері– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары.**<br>**Ойын жаттығу:**«Теледидар»<br>**Міндеттері:** Балаларды сөздердегі алғашқы дыбысты анықтауға және олардан жаңа сөздер құрастыруға үйрету; талдау мен салыстыру, ойлау қабілетін анықтау.<br>**Дағды:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**. | **Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі**(іс әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Белсенділік жаттығу ойыны:**<br>**Ойын:** «Мен және менің көлеңкем»<br>**Міндет:** балалардың дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығын дамыту; балаларды бастапқы нүктелерді тануға үйрету; зейінін, есте сақтауын дамыту.<br>**Дағды:**Күнделікті өмірде дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру. | **Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті**<br>**Үстел үсті ойындары.**<br>**Сәкестендіру ойын:** «Абайла,балақай!» (Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері)<br>**Міндеттері:** Балалардың қыс мезгілінде үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту; жақсылық пен жамандық туралы түсінік қалыптастыру;адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, баланың жан-жақты ойлау қабілетін ,тіл байлығын дамыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Балалар үстел үстіндегі әр түрлі шыршының ойыншықтарын жинап, арналған қораптарға салады. Шырша әшекейлеріне керек ойыншықтарды сәйкес қораптарға жинау.Неге дайындық, не жайында екенін әңгімелеп айтады.Жаңа Жыл мерекесіне байланысты суреттер.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Жаңа Жыл туралы тақпақ айту,өз ойларымен.Мысалы:Аяз Ата келіп тұр,...<br>**Ойынның нұсқаулары:** Жылдың тамаша мезгілі, қыс!Қыс айында Жаңа Жыл мерекесін тойлаймыз. Қызыл,жасыл,сары ойыншықтарды бірдей сәйкес түсті қорапқа салу керек. Бала тапсырманы орындағаннан кейін оны қорапқа қандай ойыншықтарды және қандай түсті қойғанын айтуға шақырыңыз.<br>**Есіңе сақтап ал:** Оларға сипаттама беру,ойыншықтарына таза,мұқият болуға үйрету.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Әдемілеп біз ілген,<br>Ойыншықтар тізілген<br>Қандай жақсы шыршамыз<br>Ән шырқайық баршамыз | ***Ойынның шарты:***<br>Теледидардың астында суреттері бар карталар салынған қалталар бар; бірінші дыбысы теледидар кескініндегі әріптерге сәйкес келетін суреттер және т.б. Мұғалім балаларды теледидар көруге және сөзді оқуға шақырады (мысалы, MAC). Осыдан кейін балалар үстелге келіп, төңкерілген суреттерді алып, сөздегі бірінші дыбысты өз бетінше анықтайды. Содан кейін мұғалім теледидардағы кескіндегі әріпке бірінші дыбыс сәйкес келетін суреттерді енгізуді ұсынады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: тілдік әріптерге байланысты іс-қимыл арқылы көрсете білу.<br>**Ойынның нұсқаулары**: әріптерді ажыратқан соң,құраастырылған сурет атауларын жатқа айту. Теледидар көмегімен тағы қандай буын сөздер құрауға болатыны жайлы әңгімелеу.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы: «Саусақ жаттығуы»**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады.<br>**Шығармашылық жұмыс:**«Шар» суретін дауысты,дауыссыз дыбыстардың түсіне сәйкес бояу. | **Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Әрбір ойыншы 2-3 ойын картасын алады, оларда бастапқы позициялар мен қозғалыстардың силуэттері бейнеленген. Жүргізуші сөмкеден түрлі-түсті суреті бар чипты алып, ойыншыларға көрсетеді. Ойын картасында осы суреттің сұлбасы бар адам чипті алып, онымен силуэтті жабады. Барлық силуэттерді кескіндермен жабатын ойыншы ең жылдам жеңеді.<br>**ІІ нұсқа**<br>Әр бала өз таңдауы бойынша үстел-үстінен суреттер алады,сол анық берілген суреттің көлеңкесін тауып сәйкестендіреді.Сол көлеңкесін тауып құрастырса,анық тауып жатқан жағдайда жеңімпаз болып көрсетілген суреттің іс-қимылын жасап береді.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның нұсқаулары:** дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау.Қай спорт түрлеріне жатады қысқаша айтып беру. | **Дағды:** Ойлау, пайымдау, еске сақтау, логикалық ойлау дағдыларын дамыту; балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету;күнделікті өмірде бойына сіңірген жақсы әдеттерді пайдаланып, адамдарға мейірімділік, қайырымдылық, қамқорлық, жақсылық жасай алуға дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Үстел үстіне бірнеше суреттер болады,балалар бірінші «жақсы»атауына ие суреттерді жинап қояды,екінші «жаман» атауына ие суреттерді бөлек жинайды.Не себепті жақсы,жаман өз ойларымен бөлісіп айтады.<br>**«Имидж»**әдісі арқылы жұмыс жасау.<br>**Педагог:** Адманың бойындағы жақсы ,асыл қасиеттерге не жатады деп ойлайсыңдар?<br>**Балалар:** Мейірімділік, адалдық, қайырымдылық, үлкенді сыйлау, izеттілік, табиғатты қорғау, тазалық сақтау, әділ болу, достыққа берік болу, уәдеге тұру.<br>**Педагог:** Ал адамның бойындағы жаман | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br><br><br> | <br><br><br><br>**А Қ Қ А Л А**<br><br>**Т А Ғ А**<br>**О Ж А У**<br>**О Ю** | <br><br> | қасиеттерге не жатады?<br>Балалар:Әдепсіз, жалқау, сөзінде тұрмау еріншек, қызғаншақ, шыдамсыз, қатыгез ,өтірікші.<br>-Жарайсыңдар балалар.<br>**Ықтимал күрделендіру**: тез ойлау.<br>**Ойынның нұсқаулары**: Үстел үстінде суреттерді көрсете отырып,еркін сәйкестендіру арқылы құрастыру.Балалар суреттерді тауып, сұрақтарға жауап береді,әңгіме құрастырады.<br>**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!**<br>**Көктайғақ кезінде зардап шеккіңіз келмесе, келесі ережелерді орындаңыз:**<br>- Өзіңіздің аяқ киіміңізге көңіл аударыңыз:<br>- Аяқастына қараңыз, қауіпті жерлермен жүрмеңіз.<br>- Егер мұзды жерді айналып өту мүмкін болмаса, мұз үстімен шаңғышы сияқты қысқа адымдармен жүріңіз:<br>- Жолдың келесі бетке өтетін жерлерде абай болыңыз, асықпаңыз, жүгірмеңіз;<br>- Аяғыңызды тізеден бос ұстап, табаңыңызды нық төсеп жүріңіз;<br>- Қолды қалтаға салып жүру құлау қаупін ұлғайтады.<br>- Егер тайып кетсеңіз ауыр жарақат алмас үшін, жүрелеп отыра қалуға тырысыңыз.<br>- Құлаған кезде қатты | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br> | <br>**Ш А Р**<br><br>**К Е С Е**<br><br>**А С Ы Қ**<br><br>й р к<br><br>Т л к | <br> | соққы алмас үшін бүктетіліп, аунап түсуге тырысыңыз.<br>- Құлаған кезде қолыңыздағы заттың емес, өзіңіздің аман қалуыңызды ойлаңыз.<br>- Құлаған соң орныңыздан бірден көтерілмей, жарақат алмағаныңызға көз жеткізіп, жаныңыздағылардан көмек сұраңыз.<br>Әсіресе арқамен құлау, шалқасынан құлау ең қауіпті болып табылады, себебі, осы кезде мидың шайқалуы мүмкін. Жарақат алған кезде міндетті түрде жедел жәрдем қызметіне хабарласу қажет.<br>- Әдетте мұз сүңгілері су жиналған жерде пайда болады, сол себепті үйлердің фасадын айналып өту керек.<br>- Тыйым салынған жерлерден, су қоймаларындағы мұздан өтеуге болмайды.<br>- Мұзды аяғыңызбен жармаңыз.<br>- Мұздағы тесіктерге, жарықтарға, ойықтарға жақын келмеңіз.<br>- Мұздың бөлек бөлігінде топталып тұрма.<br>- Шанамен, шаңғымен тік жар жағадан жұқа мұзға қарай сырғанамаңыз..<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Далада қар борайды,(қар-қар)<br>Ақ мамыққа орайды.(ақ-ақ)<br>Мұз болады, қатады (мұз- | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мұз)<br>Жып-жылтыр болып жатады. (жып-жылтыр)<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br><br><br><br><br> | **«Абайла,балақай!» көрнекіліктері**<br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | |  |
| **Таңертеңгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | № 15 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК **Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар** **№ 2 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен, қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет) 2.Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып, қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет) 3.Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайта түзеу. (8–10 рет) 4.Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысып ұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет) 5.Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне, ішінен арқасына қарай аударылып, | № 16 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК **Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар** **№ 1 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырып барып, артқа жіберіп, аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.қ. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау. 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.қ.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5 рет қайталау. 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.қ. 4 рет қайталау. 4.Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынан екінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 | № 17 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК **Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар** **№ 2 жаттығулар кешені** 1.«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 – допты жоғары көтеру; 3 – допты кеуде тұсыны ұстау; 4 – б.қ.қ. (8 рет). 2.«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру. 1 –отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.қ.қ. (8 рет). 3.«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу; 4 –б.қ.қ. (8 рет). | № 18 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК **Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар** **№ 3 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2– қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4– б.қ.қ. (8 рет) 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, допты еденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет) 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Байқоңыр.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-еңкіш тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге, заттардың үстімен екі аяқтап секіруге, секіртпемен еркін секіруге үйрету.<br>**Дағды**: баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** қысқа және кең адыммен жүгіру. Заттар арқылы екі аяқпен секіру (биіктігі –30 см). Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру. | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бұл қай кезде болады?<br>**ҰІӘ міндеттері:** -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>-ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып,үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру;<br>-ойын арқылы балаларды әдептілікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>***Жасайды:*** әннің сипатын қабылдайды, дауысын дұрыс келтіріп орындайды.<br>**Түсінеді:** жұмбақ өлеңнің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Шаңғымен жүру(таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-шаңғы жолымен сырғу арқылы жүру жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Таудан түсу және оған көтерілу үлгісі бойынша жаттығулар жасату.Шайбаны бір – біріне лақтыру және мұз жолымен сырғу жаттығулары.<br>**Дағды**: Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамыту, күнделікті қимыл қозғалыс қажеттілігін, салауатты өмір салтында қимыл-қозғалыстың маңызын саналы түсінуіне білу қабілеттерін жетілдіруге | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Қыс қызығы.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту;<br>-әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтың бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау.<br>**Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауысын дұрыс | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсінеді:** спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін.<br>**Қолданады:** баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығымыз жаттығудан өттік. Енді зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз.<br>Бір, екі тізбекпен жүру; кең және қысқа адыммен, қолдарын сермеп, бір бүйірмен жүру. У-шу кешені бойынша тыныс алуларын қалпына келтіру. Сапқа тұрып, бірінші-екінші санағы бойынша санайды. Тізбекпен жүреді, залдың ортасында екі тізбек құрып жүреді. Педагогтің бұйрығына сәйкес бір іс-әрекеттен екінші іс-әрекетке көшеді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Баяу қарқынмен жүгіру.<br>**Түсіну деңгейі:** «Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.<br>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт).<br>Балалар қолдарына лента ұстап, сол лентамен қимылдар жасайды. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды кезектестіріп айналдырып, орындарында тұрып айналып, қимылдар жасайды.<br>***Музыка тыңдау:*** «Қыс» (Б. Ерзакович).<br>Педагог балаларға жұмбақ өлеңді оқып, қыс туралы, ондағы құбылыстар туралы сұхбат жүргізеді. Интерактивті тақтада қыс көріністерін бейнелейтін суреттерін көрсету.<br>Бұл жұмбақ өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып отыр? Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс сендерге несімен ұнайды?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев)<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балалардан әнде не туралы айтылғанын, әннің көңіл күйін, қандай жылдамдықта орындалғанын сұрау. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс | дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды**: «көз-қол» түзету жаттығуларын, бір-бірінің артынан шаңғы жолымен дұрыс сырғып жүруді.<br>**Түсінеді:** шаңғышының тұрысын орындау, яғни шаңғымен жүру үшін бастапқы қалыпқа дұрыс тұра білу, алшақ адымдар, тек аяғымен жақсы итерілу, қолын екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғығанда ғана мүмкін болатындығы, шаңғымен жүру денсаулықтың жақсаруына ықпал етеді, құлау мен қауіпті қалай болдырмау жолдары.<br>**Қолданады:** кеңістікті бағдарлауды, статикалық тепе-теңдікті сақтау дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Бір-бірден тізбекке тұру. Қолдарды ауыстырып, жартылай отырып, тапсырмаларды орындау. Бір тізбекке сап құрып жүру. Қолдарын еркін ұстап, ырғақпен қимылдауға тырысады. Үш-үштен тізбекке қайта тұру.<br>**Түзету жаттығуларын орындау:**<br>«Көз – қол»<br>«Пілді бейнелеу»<br>Пілдің отырысындай отыру, немесе тұру. | келтіріп ән орындайды, ырғақтың бейнесі мен динамикасын дәл береді.<br>**Түсінеді:** вальс музыкасына қандай қозғалыс жасау керек екенін.<br>**Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңберін***<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Аюлар биі» (Е. Тиличеева).<br>Балалар музыкаға ілесіп, қорбаңдап, аюлардың жүрісін салады.<br>Ауыр қимылдап отырып-тұрады, отырғанда аяқтарын кезек-кезек созады, айналады.<br>Интерактивті тақтадан қыс туралы суреттерін көрсету. Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Музыка тыңдау.***<br>«Вальс» (С. Майкапар).<br>Балалар, музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады.<br>Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер?<br>Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады.<br>30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Саптан шықпай, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Ержүректілікке жаттықтыру»**<br>**«Бұлтқа қол жеткізу»**<br>Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады.<br>**Тепе-теңдік:**<br>Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>Орындықтан түскенде жерге аяқтарының ұшымен түседі. | бере білу, дауысын дұрыс келтіріп орындау.<br>Үйренген «Қыс қызығы**»** әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Би қимылдарын үйренуді жалғастыру.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Ойындар, хороводтар**:<br>«Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>*1-4 такт.* Балалар әр бағытта жүгіреді.<br>*5-6 такт.* Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды.<br><br>*7-8 такт.* Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Полька» (А. Филиппенко).<br>*Бубен, маракас, барабан, қоңырау* аспаптарында ойнауды үйретуді жалғастыру. | Аяқтарын аздап бүгу, басын иығына қисайту, қолдарын алдыға созып, үлкен қылқаламмен салғандай бір нәрсені бейнелеу. Сосын екінші қолмен сол қимылдарды қайталау.<br>Сол қолмен оң қолдың білезігін ұстап, уқалау. Оң қолмен сол қимылдарды қайталау.<br>3.Қолдарын көздің деңгейіне дейін көтеріп, түйістіру. Мұрнымен бір қолдың алақанынан бастап, бойымен жүргізе отырып, иығына дейін сызық салу. Сосын көз алдына шеңбер сызып, келесі қолмен осы қимылдарды қайталау.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**«Дегелек» жаттығуы.**<br>Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұру.<br>Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды.<br>Шаңғы жолымен сырғыта аттап, бірінің артынан бірі жүру.<br>Шаңғымен қозғалыста жылдамдық дұрыс қадам аттағаны мен қадамдар жиілігіне тікелей байланысты екендігіне басты назар аударту.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Алшақ бас!». | аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп,жұбыңмен билеуге болады.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:***«Қыс қызығы**»** (И. Нүсіпбаев).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Әнде не туралы айтылған? Әннің көңіл күйі қандай?<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Үйренген әнді «Ақша қар» (К. Қуатбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту. ***Билер:*** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Балалар биге жұптасып қатысады. Қимылдарды анық жасауға ұмтылады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны.<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді.Балаларды жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратуға үйрету.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Полька» (А. Филиппенко).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Зейіндерін жаттықтыру.**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Кім шапшаң?»<br>Төрт бастаушыны таңдап, олар түрлі жұлдызшалар береді.<br>Төрт тізбекке тұрады. Бастаушы – командир. Көздерін жұмып тұрады. Осы кезде бастаушылар педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады. Белгі бойынша көздерін ашып, орындарын жылдам табуға тырысады, бастаушының артына тізбекке тұрады. | | *Нұсқау* – алшақ адымдар тек аяғымен жақсы итерілу, қолын екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғығанда ғана мүмкін болатынына басты назар аудару керек.<br>15 метр қашықтықты ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау.<br>Ойыншылар шаңғы жолымен 15 метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады. Қайтадан орнына жай жүріп қайтады.<br>Шаңғымен жүріп келген соң өздерінде қандай өзгерістер болғанын айтып беру ұсынылады.<br>Шаңғымен жаттығу – таза ауадағы ең пайдалы белсенді демалыс және салауатты өмір салтының алдыңғы қатардағы бір формасы екендігіне назар аудару. | Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. *Бубен, маракас, барабан, қоңырау* аспаптарында әуен ырғағын сезіне еркін ойнауға баулу. | |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Желтоқсан**<br>**Серуен кешені № 15**<br>**Жеңіл көліктерді бақылау**<br>**Міндеттері:** автомобильдер туралы білімдерін *бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев**<br>Бұзба көше тәртібін, | **Желтоқсан**<br>**Серуен кешені № 16**<br>**Бұлттарды бақылау**<br>**Міндеттері***:*<br>— Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту;<br>— Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:**<br>**1.**Етек жеңі жиналмай, | **Желтоқсан**<br>**Серуен кешені № 17**<br>**Желді бақылау**<br>**Міндеттері***:*<br>— өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>— табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**Ұйытқыма жел**<br>**Ө. Ақыпбекұлы** | **Желтоқсан**<br>**Серуен кешені № 18**<br>**Қардың түсуін бақылау**<br>**Міндеттері***:*<br>*- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;*<br>*- Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;*<br>*- әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу*.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Қыс» Т. Молдағалиев**<br>Жауа-жауа, қар жауып көп, | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ұрынасың апатқа.<br>Қызықты өтсін әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа.<br>Көшеден өтер кезінде,<br>Абайлап қара жан-жаққа,<br>Келе жатқан көлікке,<br>Жол бер, өтсін, асықпа!<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:<br>♦ Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?<br>♦ Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? *(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)*<br>♦ Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? *(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)*<br>♦ Көліктердің қандай пайдасы бар? *(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады)*<br>♦ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? *(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)*<br>♦ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? *(Жүк машиналары)*<br>♦Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен?<br>♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек?<br>**Еңбек**<br>Ауланы бірлесе отырып тазалау.<br>*Мақсаты :*<br>—бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу;<br>—жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Бағдаршам».<br>*Мақсаты: белгі бойынша* | Дауыл тұрса дым қалмай.<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді.<br>2.Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын,<br>Қыраттарға шөлдеген.<br>Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Бұлттар қандай болады?<br>♦ Олар қайдан пайда болады?<br>♦ Бұлттар нелерге ұқсайды?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Апспаннан атқа немесе түеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру.<br>**Еңбек**<br>Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау..<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>**Қимылды ойын:** «Қар үстіндегі хоккей».<br>*Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты:*<br>— Сырғанауға үйрету;<br>— Сырғанау кезінде отыруға үйрету.<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Мезгіл жетсе мұз ерір.*** | Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады? (компаспен, зырылдауықпен)<br>♦ Жел қалай пайда болады?<br>♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.***<br>**Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>*Мақсаты:* бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?».<br>*Мақсаты:*<br>— Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br>— Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br>— «Ағаш суретін сал».<br>*Мақсаты:қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.*<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап».<br>*Мақсаты:* | Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.**<br>♦ Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады?<br>♦ Аяқ астында қар неге сықырлайды?<br>♦ Қар неге ұлпа болады?<br>♦ Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көріністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).<br>**Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>*Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту*<br>**Қимылды ойын**<br>«Ыстық-суық».<br>*Мақсаты:* тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту**.**<br>*Мақсаты:* Қарды алысқа лақтыруға үйрету<br>***Халық болжамы:***<br>***Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Ұзындыққа секіру<br>*Мақсаты:*<br>Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету. | | — Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br>Затты сипаттау бойынша табу. | | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Байтемір Айзере<br>Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, реакция шапшаңдығын дамыту. Спортпен шұғылдануға қызығушылығын қалыптастыру; дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте отырып, төзімділік пен жаттыққандықты арттыру. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Сәулетбек Нұрәли<br>Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Ермекова Айбике<br>Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. | **Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>*Мұратқажы Жанэль*<br>Су торғайы әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету.<br>Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту.<br>Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу. | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке»**<br>**Міндеттері:** Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамыту, күнделікті қимыл қозғалыс қажеттілігін, салауатты өмір салтында қимыл-қозғалыстың маңызын саналы түсінуін қалыптастыру.<br>**Дағды:** кеңістікті бағдарлауды, статикалық тепе-теңдікті сақтау дағдыларын жетілдіру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға | **Танымдық-қимылды ойын:**<br>**Дидактикалық ойын: «Қай сан жоғалды?»**<br>**Міндет:**<br>**Дағды:** Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Таныс цифрдан сандық қатар құрылады. Балалар көздерін жұмған кезде, бір сан алынады (түн). Балалар сандарға қарап, қай сан жоғалғанын айтады. | **Дидактикалық ойын:**<br>«Буынды айтып сөз құра» ойынын ұйымдастыру.<br>**Міндеттері:** Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды:** дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту;<br>**Ойынның шарты:**<br>Педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.<br>Мысалы*: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон...,* | **Дидактикалық ойын:**<br>«Не жақсы, не жаман?»<br>**Міндеттері:** құстардың үй құстары мен жабайы құстар, жабайы құстардың жыл құстары, отырықшы құстары және жыртқыш құстары болып бөлінетінін меңгерту.<br>**Дағды:** әңгіме мазмұнын түсініп сұраққа жауап береді дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Берілген суреттерден жақсы және жаман істерді тауып көрсету керек.<br>«Ж» – «Ш» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы:<br>«Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады.<br>«Теңіз шуы» үнтаспасын тыңдайды. | | *ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б.* | жаттығулар:<br>Ша-ша-ша – шана.<br>Шу-шу-шу – шуда.<br>Шы-шы-шы – шыны.<br>Ше-ше-ше – шелек.<br>Ши-ши-ши – шие.<br>Шө-шө-шө – шөп.<br>Аш-аш-аш – ашық.<br>Ұш-ұш-ұш – ұшқыш.<br>Ыш-ыш-ыш – қыш.<br>Өш-өш-өш – көш.<br>«Ж» дыбысын буын ішінде келтіру:<br>Жа-жа-жа – жалау.<br>Жо-жо-жо – жол.<br>Жу-жу-жу – жусан.<br>Жы-жы-жы – жылан.<br>Жи-жи-жи – жиек.<br>Же-же-же – жер.<br>Жә-жә-жә – жәшік.<br>Аж-аж-аж – гараж. | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.**<br>**12:25-12:30** | **Ата –аналарға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,( өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, (өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі<br>08.01.24** | **Сейсенбі<br>09.01.24** | **Сәрсенбі<br>10.01.24** | **Бейсенбі<br>11.01.24** | **Жұма<br>12.01.24** |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00<br>**Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен,<br>кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Математика негіздері –** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Математика негіздері»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары:** **«**Ойын,зерттеу танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** **«***Жете ме?»(«Маша мен аю»*, «Абайлаңыздар, маймылдар»)м.ф желісі бойынша.<br>(Әртүрлі заттар тобын салыстыру және теңеу)<br>**Міндеттері:** Баланың қарапайым математикалық түсініктерден алған білімін тиянақтау, қарапайым сан мен санау түсініктерін қалыптастыру, сандарды | **Сурет салу-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті<br>**Құзыреттілік:** «Сурет салу»<br>**Коммуникативтік дағдылары:** «Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Мерекелік дастархан - Жаңа жыл»<br>**Міндеттері:** Қағаз бетіне түрлі пішіндерден заттың дайын суретін құрастыра білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін,қиялы мен шығармашылығын дамыту.<br>Еңбекке тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Дастарқанды | **Сауат ашу негіздері –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сауат ашу негіздері»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Түсіп қалған дыбысты тап»<br>**Міндеттері:** Дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды:** Дауысты және | **Көркем әдебиет** –тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Көркем әдебиет»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Тауып көр»<br>(Ыбырай Алтынсариннің «Бір уыс мақта»)әңгіме желісі бойынша және мақта неден жасалған,оны қайда қолдланамыз?)<br>**Міндеттері:** Әңгіме мазмұнымен таныстыру, суреттерге қарай отырып айтып білуге талпындыру,түсінгенін | **Қоршаған ортамен танысу** - тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**Құзыреттілік:** «Қоршаған ортамен танысу»<br>**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: «**тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Не береді?»(пазылы арқылы)<br>**Міндеттері:** Ойын арқылы үй жануарларының түрлерін білуге, төлдерінің қалай аталуын үйрету.Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну зейінін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажырата білуге үйрету. Балалардың үлкен - кіші, көп - аз туралы ұғымдарын қалыптастыру. Заттарды түстеріне, түрлеріне қарай ажыратып салыстыруды меңгерту.<br>**Дағды:** сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атауға ,дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>Балаларға суреттер таратылып беріледі. Бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суреттерді салыстыру арқылы сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген заттар бір-біріне жетті ма жоқ әлде жетпей қалды ма айтады.Ойын осылай жалғаса береді.<br>- Суреттегі қонжықтар көңілсіз сияқты.<br>- Балалар қараңдаршы, мына жерде неше қонжықты көріп тұрсыңдар?<br>- Санайықшы, төрт қонжық.<br>- Ал мына құлпынайларды санайық, нешеу екен?<br>- Құлпынайлар үшеу.<br>- Қонжықтардың әрқайсысына құлпынайдың жеткен жетпегенін қайдан білеміз?<br>- Қонжықтарға құлпынайлар жетті ме? | әшекейлеу ерекшеліктерін игеруге,ұқыпты жұмыс жасауды,сұлулықты сезіне білуге дағдыландыру.<br>**Талапты болуы:** «Дастархан басында өзін-өзі ұстай білу» дағдылары болуы керек.<br>**Қолынан келуі керек:** Ыдыстарды ұқыпты, таза ұстау керектігін білді.<br>**Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>Дастарқанның,қонақжайлылықтың мән мағынасын,маңыздылығын түсіне отырып, дастарқанды әшекейлеу ерекшеліктерін сай жасау. Дастарқанның мән-мағынасына қысқаша тоқталады.Үлгіні талдау барысында дастарқанды жасауына назар аударады.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>«Дастарқан»әнін тыңдату.Қосылып айтуға мүмкіндік тудыру.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>Мұғалім балалармен бірге үлгілік суреттерге қарап, қандай тағам қоюға болады атап шығады. Дастарханның үлгісі қарастырылады. Өздерінің ұнатқан дастарқандарын көрсетулері үшін бірнеше балалар тәрбиешінің айтқанын мұқият тыңдап, орындайды. Іс-қимылмен орындайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>ІІ нұсқасы бойынша бірнеше | дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>Балаларға әріптер беріледі, олар жұбын тауып, буын шығатындай етіп (қолдауыш дауыссыз немесе дауысты дыбыс бойынша) беріледі.<br>Әр бала өз қалауы бойынша суреттер алып,сөздердің бір дыбысын түсіріп айтамын, сендер түсіп қалған дыбысты қосып, толық сөзді айтуларың керек.<br>*Балалар суретке қарап,түсіп қалған дыбысты айқынырақ айтады.*<br>Мысалы: *ұша...(қ), қызана...(қ), бана...(н), тор..(т), апельси ...(н), қоя...(н), автоб...(с), шәйне...(к), қо...(й), текш...(е), до...(п), күші...(к), сыпырғы...(ш), қамш...(ы), телефо...(н), қылы...(ш), қайы...(қ), балапа...(н), тырн...(а), тара...(қ), бақ...(а), балмұзда...(қ), қан...(т), қия...(р).*<br>**Ықтимал күрделендіру**: тілдік әріптерге байланысты іс-қимыл | айта білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балалардың тілдерін жетілдіру, тіл байлығын дамыту, тыңдау,құрастыру қабілеттерін арттыру, еңбек етуге, үнемшіл болуға тәрбиелеу, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Үстел үстіне бірнеше суреттер болады,балалар өз ойларымен құрастыру.<br>**Ықтимал күрделендіру**:<br>Ы. Алтынсариннің «Бір уыс мақта» әңгімеден еңбек ету және ысырапшылдыққа жол бермеу керектігін түсіну. Дүниедегі жаратылған жанды - жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды.<br>Мысалы: мата қалдықтарынан көрпе құрауға болады. Адал еңбектің нәтижесі адамды қуанышқа бөлейді. Адам өз мақсатына ерінбей еңбек еткеннің арқасында ғана қол жеткізеді.<br>**Ойынның нұсқаулары**:<br>Үстел үстінде суреттерді | Үй жануарларының қандай, пайдасы бар екені жайлы айту. Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Үй жануарларының әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы пікірлерін айтқызу арқылы кез-келген тақырып бойынша ойларын еркін жеткізе білуге баулу.Сөздік қорларын молайту.Бір - біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,дене шынықтыру,шығармашы-лық дағдылар.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Үй жануарлары бейнеленген пазылы суреттерді көрсету, сол суреттегі жануарды атап,олардын адамдарға қандай пайдасы бар екенін айтып құрау немесе сәйкестендіріп жинақтау.<br>**Ықтимал күрделендіру**:<br>**Ойынның нұсқаулары**:<br>«Адамдар үй жануарларын неге ұстайды және олардың қандай пайдасы бар?»<br>Неліктен адамдар түйе, сиыр, жылқы, қой мен ешкіні үй жануары деп атаған?Үй жануарларының пайдасын тауып құрастыру.<br>**Тіл ұстарту жаттығулары:** «Үй жануарлары»туралы<br>Ие – ие – ие, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Олар бірдей болу үшін не істеу керек?<br>- Тағы бір құлпынай керек.<br>- Қайсысы көбірек: қонжықтар ма, әлде құлпынайлар ме?<br>- Бірдей болды.Тағыда бірнеше суреттер беріледі.<br>**Ықтимал күрделендіру**: Құрастырылған заттарға байланысты жұмбақтар шешу.<br>**Ойынның нұсқаулары**: Құрастырылған жұмыстарын қандай геометриялық фигураларға ұқсайды,атауларын жатқа айту.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы: «Аю»**<br>Ормандағы аюдың,<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Аюға біз сыйлайық.<br><br> | тағам түрлері берілген,сол үлгідегі тағам түрлері мерекелік дастарханға қоюға болатын тағам түрлерін белгілейді.Екінші тапсырма керек емес тағам түрлерін сызып тастайды.<br>**Есіңе сақтап ал:**<br>Ыдыс-аяқтарды үстелге қалай қою керек соны көрсету.<br>Асқа отырар кезде ең алдымен қолды жуу керек.<br>Кір қолмен тамақ жеуге болмайды.<br>Кір қолда көптеген микробтар болады.<br>Ал сабын мен су оларды құрытады.<br>**Бой сергіту:**<br>Алма баққа барайық,<br>Алма теріп алайық.<br>Ең үлкенің дәмдісін,<br>Тәрелкеге салайық.<br>**Қандай өлең жолдарын білеміз?:**<br>1.Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай аппен іш.<br>Ақырын алып қолын,<br>Шашпай же нанды да.<br>Келген асты алдына,<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Дастарханның басында,<br>Әдептен біз бас озбаймыз.<br>Үлендердің қасында,<br>Қолды бұрын созбаймыз.<br>2.Тамақ ішер кезде біз,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз білмейміз.<br>Кісі келсе қонаққа,<br>Етпен шайын қамдаймыз.<br>Қымыз құйып қонаққа,<br>Әңгімесін тыңдаймыз.<br>3.Нан болса-ойнап күлеміз | арқылы көрсете білу.<br>**Ойынның нұсқаулары**: заттың суреттерін көрсету арқылы әріпті табу.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы: «Саусақ жаттығуы»**<br>Партадағы саусақтар,<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар,<br>Сурет сала біледі.<br>Ортанғы мен сұқ саусақ,<br>Түйеқұсты салады.<br>Төңкеріліп аспанға,<br>Қоянда бола қалады<br>**Шығармашылық жұмыс:**«Доп» суретін дауысты,дауыссыз дыбыстардың түсіне сәйкес бояу.<br> <br>**ұша...(қ)   қызана...(қ)**<br> <br>**бана...(н)   тор..(т)**<br> <br>**апельси ...(н)   коя...(н)**<br><br>**автобу...(с)** | көрсете отырып,еркін сәйкестендіру арқылы құрастыру.Балалар суреттерді тауып, сұрақтарға жауап береді,әңгіме құрастырады.<br>**Зерттеу жұмысы:** Кубизм стратегиясы бойынша зерттеу.<br>**-** Балалар менің қолымда мақта, осы мақтаны бәріміз зерттеп, суреттеп, қолдануы жөнінде анықтап көрейік.<br>- Мақта неден жасалады?<br>- Ол қандай?<br>- Оны қайда қолданамыз?<br>**Сергіту сәті:**<br>«Мұның аты-еңбек»<br>Қырға шыққан өрлеп (қолдарын кезек жоғары көтереді)<br>Мұның аты - еңбек (екі қолын жаяды)<br>Кесте тіксең зерлеп (оң қолмен ине ұстап тіккен қимыл көрсету)<br>Мұның аты - еңбек (екі қолын жаяды)<br>Сабағыңа жөндеп (жанындағы көршісіне қолын жаяды)<br>Әзірленсең еңбек<br>Қиындықтың бәрін (құшағын жаяды)<br>Еңбек қана жеңбек (екі қолын жаяды)<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>***Жаңылтпашты жаңылмай, жатқа айту***<br>Мақталы дала,<br>Аппақ қой, қара.<br>Қарашы бала,<br>Мақталы дала. | Маң – маң басқан түйе.<br>Та- та – та,<br>Жібек жүнді бота.<br>Иыр – иыр – иыр,<br>Сүт береді сиыр.<br>Зау – зау – зау,<br>Мөңірейді бұзау.<br>Қы – қы – қы,<br>Кісінейді жылқы.<br>Шақ – шақ – шақ,<br>Құлдырайды құлыншақ.<br>Ой – ой – ой,<br>Қорада тұр қой.<br>Зы – зы – зы,<br>Моп – момақан қозы.<br>Кі – кі – кі,<br>Сақалды ешкі.<br>Ақ – ақ – ақ,<br>Секеңдеген лақ.<br>Ік – ік – ік,<br>Шәукілдейді күшік.<br>Ық – ық – ық,<br>Тышқан жейді мысық.<br>**Сергіту сәті** арқылы төлдерді шақыру.<br>Биені құраулап,(құрау-құрау...)<br>Түйені көс-көс деп.(көс-көс...)<br>Сиырды аухаулап,(аухау-аухау...)<br>Ешкіні шөрелеп.(шөре-шөре...)<br>Шақырып аламыз,<br>Сауамыз бағамыз.<br>**Тыйым сөдер**<br>1.Малды ұруға болмайды.<br>2.Ақты төкпе.<br>3.Малды теріс мінбе.<br>**Мақал – мәтел:**<br>1.Ер қанаты- ат.<br>2.Ел көркі - мал,өзен көркі - тал.<br>3.Малдың жайын баққан білер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |      | Нан болса-еркін жүреміз    |  **шәйне...(к)**  **қо...(й)** **текш...(е)**  **до...(п)** **күші...(к)**  **сыпырғы...(ш) қамш...(ы)**  **телефо...(н) қылы...(ш)**  **қайы...(қ) балапа...(н)**  **тырн...(а) тара...(қ)** |     | Оттың жайын жаққан білер.     |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | |  <br>бақ...(а) балмұзда...(қ)<br> <br>қан...(т) қия...(р) | <br> | <br><br><br> |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру | № 19 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын | № 20 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, | № 21 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№3 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: қолдары екі | № 22 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Заттарсыз орындалатын жаттығулар**<br>**№4 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: тұру. Қолдарын түзу басынан жоғары көтеріп, | № 23 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Таспамен жаттығулар орындау**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | беліне қою. 1– қолдарын екі жаққа созу;<br>2– қолдарын жоғарыға апарып, аяқ басына көтерілу; 3– қолдарын қайтадан екі жаққа созу;<br>4 – б.қ.қ. (7-8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын желкесіне қою. 1 – денені оңға бұру, қолдарын екі жаққа созу; 2–б.қ.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын төмен қою. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2– оң (сол) аяққа иілу, қолдарының саусақтарын аяқ бастарына тигізу; 3– қолдарын екі жаққа жазып, денесін түзулеу; 4– б.қ.қ. (8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1-2 – отыру, қолдарын алдыға созу;<br>3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын төмен қою. 1– оң аяғын жанына, қолдарын екі жаққа созу;<br>2– оң қолын төмен, сол қолын жоғары көтеру; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4– оң аяғын орнына қайтарып сүйем қадам жасау, б.қ.қ. Сол жағына сол қимылдарды қайталау (8 рет).<br>6.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1 – оң аяғының басын созып басып, алдыға қою; 2 – оң жақ жанына қарай апару; 3 – артқа; | қолдарын беліне қояды. 1– қолдарын желкесіне қояды, оң аяғының басымен артқа қояды; 2– б.қ.қ. сол аяғымен сол қимылдарды қайталайды (6-7 рет).<br>2.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, қолдарын беліне қояды.<br>1– оңға бұрылып, оң қолын оңға созады; 2– б.қ.қ. Сол қимылдарды сол жағымен қайталайды (8–10 рет)<br>3.Б.қ. – негізгі тұрыс. Аяқтарының аяғын ашып, қолдарын жанына төмен түсіріп қояды.<br>1– оң аяғымен алдыға құлайды; 2-3– серпіліп тербелу; 4– б.қ.қ. Сол аяғымен қайталау (8–10 рет)<br>4.Б.қ.: тізерлеп тұру, қолдарды беліне қою; 1-2– оң жаққа отырып-тұру, қолдарын алдыға созу; 3-4– б.қ.қ. Сол жағына қайталау (8–10 рет).<br>5.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып қою. Қолдары төмен түсірілген. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2– алдыға еңкейіп, қолдарын сол аяғының басына тигізу; 3– денені түзеп, қолдарын екі жаққа созу; 4– б.қ.қ. Оң аяғымен сол қимылдарды қайталау (8–10 рет).<br>6.Б.қ.: еденде қолдарын артқа қойып, тіреліп отыру. 1– түзу аяқтарын алдыға жоғары (бұрыш жасап) көтеру; 2– б.қ.қ. (8–10 рет)<br>7.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып қою. Қолдары төмен түсірілген. Оң аяғын алдыға, | жанында, 1– сол аяғымен жанына қарай қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу; 2– б.қ.қ. Сол қимылдарды екінші аяғымен қайталау<br>(7-8 рет).<br>2.Б.қ.: аяқтарын арасын ашып қою, қолдары белінде. 1–3 серпіле отырып-тұру, қолдарын алға созу. 4-б.қ.қ. (6-7 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын арасын ашып, қолдарын төмен түсіріп тұру. 1– қолдары кеудесінде, шынтақтан бүгілген; оңға бұрылып, қолдарын екі жаққа созу; 3– қолдарын кеудесіне әкелу; 4– б.қ.қ. (6–8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтары параллель, қолдары белінде 1– бір аяғын (сол) жоғары көтеру: аяғының астына шапалық ұру. 2 – б.қ.қ. (7-8 рет)<br>5.Б.қ.: аяқтарының арасын ашып, қолдарын беліне қойып, отыру. 1 – қолдарын екі жаққа созу. 2– алдыға еңкейіп, оң (сол) аяғына тигізу; 3– қолдарын екі жаққа жазу. 4– б.қ.қ. (6–8 рет)<br>6.Б.қ.: тізерлеп тұру, қолдарды беліне қою; 1-2– оң жаққа отырып-тұру, қолдарын алдыға созу; 3-4– б.қ.қ. Сол жағына қайталау (6–8 рет)<br>Санап тұрып (1–8), оң (сол) аяқпен секіру<br>(3-4 рет). | қолдарымен шапалақ ұрады. Қолдарын төмен түсіреді.<br>2.Б.қ.: «боксшы» қимылын жасап, қолдарын кезек-кезек алдыға-жанына жұдырықтап, серпу. 7-8 рет<br>3.Б.қ.: тұру. Алдыға еңкею. Қолдарымен аяқтарының артынан шапалақ ұру – 7-8 рет.<br>4.Б.қ.: оң аяғын түзулеп, жоғары көтеріп қалып, аяғының астынан шапалақ ұру. Сол аяғымен соны қайталау.<br>5.Б.қ.: арқасына шалқалап жату, түзулеп екі аяғын бірдей жоғары көтеріп апарып, басынан асырып, жерге тигізу. Аяқтарын қайта төмен түсіріп, б.қ. қайту. 7-8 рет.<br>6.Б.қ.: ішімен етпетінен жатып, қолдарын иегінің астынан таянып жату. Екі қолдарын екі жаққа жазып, арқасымен артқа қайырылу. Жаттығу кезінде аяқтарын жерден алмайды. 7-8 рет.<br>7.Б.қ.: аяқтарын біресе бірге ұстап, біресе екі жаққа ашып, бір орында секіру. Секіруді жүрумен алмастыру. 2-3 рет. | қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту;<br>4 – б.қ. – 8 рет.<br>2.«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, таспаны төмен ұстау.<br>1– оң аяқ басына көтеріліп, таспаны жоғары көтеру; 2 – б.қ.қ.;<br>3 – сол аяқпен сол қимылдарды орындау<br>(8 рет).<br>3.«Күн»<br>Б.қ. - түзу тұру, қолдарында таспа, төменде.<br>1 – 4 – қолдарын параллель ұстап, оң жаққа қарай айналдыру; 5 – 8 сол жаққа. 4 рет.<br>4.«Бұлақ»<br>Б.қ. – түзу тұру, қолдарында таспа, төменде;<br>1 – қолдарын алдыға қарай түзеп, созу; 2 – 8 қолдарын алдыда ұстап, жоғары-төмен қозғалту, 9-10 – б.қ. 4 рет.<br>5.«Еңкею»<br>Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұру, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-2 – алдыға еңкею, таспаларды жоғары көтеру, артқа шалқаю; 3-4 – б.қ. (5-6 рет).<br>6.«Бесік»<br>Б.қ. – жерде жатып, таспаларды алдыға созу, 1 – шалқайып, аяқ-қолдарын көтеру, 2 – б.қ. 8рет.<br>7.«Секіру».<br>Б.қ. – алдыға-артқа секіру 8 рет. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 4– б.қ.қ. Сол аяқпен сол қимылдарды қайталау<br>(8 рет).<br>7.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою; 1 – секіріп аяқтарын алшақтатып, қолдарын екі жаққа созу;<br>2 – б.қ.қ. 1–8 санап, 3-4 рет қайтару. Музыка әуенімен немесе орташа жылдамдықта қайталау. | сол аяғын артқа қойып, секіру. Секіре тұрып, аяқтарын ауыстыру (1–8 санап), үзіліс жасау, қайта қайталау (3-4 рет). | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:**<br>09.00<br>11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **08.01.24**<br>**Дүйсенбі** | **09.01.24**<br>**Сейсенбі** | **10.01.24**<br>**Сәрсенбі** | **11.01.24**<br>**Бейсенбі** | **12.01.24**<br>**Жұма** |
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Сурет салу**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру және санау. (танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету;<br>10- ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Сөздерді буынға бөлеміз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: сөздегі дыбыс санын анықтап, сөздерді буынға бөле білуге дағдыландыру. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру және санау.<br>(тілдік қарым-қатынас)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету;<br>10- ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту; | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру және санау.<br>(ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету;<br>10- ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту; | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>-«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту;<br>-білімпаз болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: кез келген сөздерді буынға бөле білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** буын санына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін топтастыра алу дағдысын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»;<br>**Түсінеді:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін;<br>**Қолданады:** санап, салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Жұмбақтар шеше білейік.<br>1.Аяғы бар, жүрмейді,<br>Аузы бар, күлмейді.<br>Айнымайды бөпемнен,<br>Тек сөйлеуді білмейді.<br>(Қуыршақ)<br>2.Үрлесең, жеп-жеңіл,<br>Елпілдеп кетеді.<br>Ұшырсаң, көк теңбіл,<br>Бұлтқа да жетеді.<br>(Шар)<br>3.Құс сияқты, құс емес,<br>Самғап ұшқан биікке.<br>Қанаты бар қақпайды,<br>Жүрсе де сондай биікте.<br>(Ұшақ)<br>4.Төрт аяқты, екі көзді,<br>Өзі жансыз жүреді.<br>От пен майдан жемі бар,<br>Құрыш болат жүрегі.<br>(Автокөлік)<br>5.Жүйіткіген дәу үйінде, | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөздегі дыбыс санын анықтайды, сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** сөздерді қалай буынға бөлуді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыстардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауысты дыбыстар деген қандай дыбыстар?<br>Дауыссыз дыбыстар деген қандай дыбыстар?<br>6. Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>**Дыбыстармен жаттығулар.**<br>**«Кім білгіш?» дидакикалық ойыны**<br>Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.*<br>Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.<br>**Түсіну деңгейі:** «Жұп құр» ойын-жаттығуы<br>Тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі | -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін топтастыра алу дағдысын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»;<br>**Түсінеді:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін;<br>**Қолданады:** санап, салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Жұмбақтар шеше білейік.<br>1.Жазда бұл жануар сұр, ал қыста тек ақ түсті болады. (Қоян).<br>2. Қыста ол шұңқырда ұйықтайды, көктемде бал сұрайды. (Аю).<br>3.Бесікке іледі,<br>Әнін де,<br>Дәмін де,<br>Сәбилер біледі.<br>(Сылдырмақ)<br>4. Сыныпта неше ер бала бар?<br>5.6 аламаның 2-ін<br>Досың сұрап алады.<br>Айтшы сонда нешеуі<br>Өз қолыңда қалады. (4)<br>**Түсіну деңгейі:** | -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін топтастыра алу дағдысын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»;<br>**Түсінеді:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін;<br>**Қолданады:** санап, салыстыру білігін.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Жұмбақтар шеше білейік.<br>1.Ұшады қанатсыз,<br>Зырлайды аяқсыз.<br>(Зымыран)<br>2.Уақытты өлшеп, санап,<br>Таппайды бір тағат.<br>Бұл не сонда?… (сағат)<br>3.Қарап тұрсаң өзіңе,<br>Сурет түсер көзіңе.<br>Ол суретің ұқсайды,<br>Тура сенің өзіңе (айна)<br>4.Үш көзді батыр<br>Жолды аңдып жатыр.<br>(Бағдаршам)<br>5. Керек санды тересің,<br>Елге сәлем бересің.<br>(телефон)<br>6.Аяғы бар,басы бар,<br>Арқасында тасы бар.<br>(тасбақа) | қарай сөздерді ажыратады<br>**Түсінеді:** буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын.<br>**Қолданады:** сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Кері іс-әрекетті айт» ойынымен оқу қызметін бастайды.<br>Әкем киімін киді, інім ... *(шешті)*<br>Анам отырды, әкем ... *(тұрды)*<br>Анар отырды, Ажар ... *(тұрды)*4. Асан кірді, Қасан ... *(шықты)* –<br>Жарайсыңдар, балалар!<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар біздің айналамызда толып тұр, біз оларды көрмейміз, бірақ естиміз, айтамыз. –<br>Дыбыстар қандай болып бөлінеді?<br>Дауысты, дауыссыз.<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>–Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>**Түсіну деңгейі:** «Сөздерді буынға бөл»дидактикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүйрік деп ел сүйінді.<br>Тас жолда жұртты тасып жүр,<br>Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус)<br>6.Кеудесі толған күш,<br>Табаны толған тіс. (Трактор)<br>7.Кепкен жарғақ,<br>Шеңберге керілген,<br>Соқсаң сарнап,<br>Үн шығады төгілген. (Барабан) [18]<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады.<br>Тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.<br>Олар тең болуы үшін не істеу керек?<br>Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз.<br>Неше піл бар? (5).<br>Неше доп бар? (6)<br>Одан кейін педагог екі түрлі ойыншықтардың саны тең болған жағдайда оларды салыстыруды | суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: *алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине.*<br>**«Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны**<br>Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.<br>Мысалы*: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал.<br>Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір.<br>Педагог суреттерді буынның санына қарай өз үйшіктеріне қосуға тапсырма береді, неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қосу қажет.<br>**Билингвалды компонент:** тышқан – мышь, сауысқан – сорока, шалқан – репка.<br>**Сергіту сәті**<br>Қиынсынып қашпаймыз, | Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады.<br>Тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.<br>Олар тең болуы үшін не істеу керек?<br>Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз.<br>Неше піл бар? (5).<br>Неше доп бар? (6)<br>Одан кейін педагог екі түрлі ойыншықтардың саны тең болған жағдайда оларды салыстыруды ұйымдастырады.<br>Қуыршақты санаңдар. Олар неше? (5).<br>Мәшинелерді санаңдар. (5). Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? Олар тең.<br>Олардың санының тең (бірдей) екенін белгілеу үшін біз білетін қандай таңба бар?<br>Дұрыс, ол «=» таңбасы.<br>Жазбаны оқыңдар: 5=5. | 7. Жазу жазып жалықпаған,<br>Жаза-жаза арықтаған. (бор)<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады.<br>Тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.<br>Олар тең болуы үшін не істеу керек?<br>Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз.<br>Неше піл бар? (5).<br>Неше доп бар? (6)<br>Одан кейін педагог екі түрлі ойыншықтардың саны тең болған жағдайда оларды салыстыруды ұйымдастырады.<br>Қуыршақты санаңдар. Олар неше? (5).<br>Мәшинелерді санаңдар. (5). Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? Олар тең.<br>Олардың санының тең (бірдей) екенін белгілеу үшін біз білетін қандай | жаттығуы<br>– Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер.<br>Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б.<br>**Қолдану деңгейі:** «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы<br>(*Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады)*<br>–Айсұлу бізге<br>**-та** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.*<br>**-ба** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.*<br>**-са** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастырады.<br>Қуыршақты санаңдар. Олар неше? (5).<br>Мәшинелерді санаңдар. (5).<br>Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? Олар тең.<br>Олардың санының тең (бірдей) екенін белгілеу үшін біз білетін қандай таңба бар?<br>Дұрыс, ол «=» таңбасы.<br>Жазбаны оқыңдар: 5=5.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Сонша жина» дидактикалық ойыны**<br>Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады.<br>Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1- тапсырманы** орындау үшін суреттерді қарау керек. Қай топтағы заттардың арасына «=» белгісін қоюға болады?<br>Бір алмадан себетке салады. Алмаларды әр себетпен сызып қосады. | Шынығамыз жастай біз.<br>Көңілді әуен сазымен<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Иілеміз оңға бір,<br>Иілеміз солға бір,<br>Қолды жоғары көтеріп,<br>Қолды төмен түсіріп,<br>Терең тыныс алайық.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Алақанның біреуін,<br>Кері қарай бұрайық.<br>Алақаны демалсын,<br>Қол үстінен ұрайық. | **Қолдану деңгейі:**<br>**«Сонша жина» дидактикалық ойыны**<br>Балалар топқа бөлінеді.<br>Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады.<br>Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**2-тапсырманы** орындауды ұсынады, заттарды топтарға біріктіру: гүлдерді 3-тен, араларды 2-ден топтастырады.<br>-Неше топ болды? | таңба бар?<br>Дұрыс, ол «=» таңбасы.<br>Жазбаны оқыңдар: 5=5.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Сонша жина» дидактикалық ойыны**<br>Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды.<br>Балалар ойынға қатысады.<br>Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**3-тапсырманы** ұсынады, суретте қанша гүл болса, сонша торкөзді бояйды.<br>Гүлдердің қайсысы азырақ?<br>-Гүлдердің қайсысы тең?<br>Қызыл гүл қанша?<br>-Көк гүл қанша?<br>-Гүлдердің қайсысы көбірек? Қайсысы тең?<br>Балалар санайды, салыстырады. Педагог жеке жұмыс жасайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>***«Ойыншықтар»***<br>Тұрады барлығы үлкен қорапта -<br>Мен ұйықтап жатқанда. | *сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.*<br>**Сергіту сәті:**<br>Қолды қойып зілтемірге,<br>Көтереміз, сілке бірге.<br>Түсіреміз ақырындап,<br>Көтер қайта бірте-бірте.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Алақанды ысқылап,<br>Қыздырайық, балақай.<br>Алақаның ысыды,<br>Қараңдаршы, алақай! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Не артық? Не кем?<br>Алмұртты тәрелкіге салады.<br>Алмұртты әр тәрелкемен сызып қосады.<br>-Не артық? Не кем?<br>Қорытынды жасайды. | | | Барлығы ойнай бастайды!<br>Оңға, солға бұрылдық,<br>Алға, артқа иілдік.<br>Тіземізді бүктіріп,<br>Қолды создық тік тұрып,<br>Секіреміз топ-топ,<br>Шапалақтап көп-көп.<br>Иілеміз оңға қарай<br>бір,екі,үш,<br>Иілеміз солға қарай<br>бір,екі,үш. | |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Аз қозғалмалы ойын: «Құстардың ұшып өтуі»**

**Басты міндеттері: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.**

| | | |
|---|---|---|
|  <br>**«Лл» дыбыстарына арналған артикуляциялық жаттығулар :**<br>**1.**<br>***Тыңдамайтын тілді жазалаймыз!***<br>Ерін «Жымию», жалпақ тілді төменгі ерінге қойып, жоғары ерінмен соғу: пя-пя-пя деп<br>**2.**<br>  <br>***Тәтті қайнатпа***<br>Жалпақ тілді көтеріп, «кесе» | <br> | **Аз қозғалмалы ойын: «Құстардың ұшып өтуі»**<br>**Міндеттері:** Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.<br>**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>**Бағдарламалық мазмұны:**<br>Залдың бір жағында балалар орналасқан, олар – құстар. Залдың басқа жағында «ұшып» шығуға болатын көрнекіліктер орналасқан (гимнастикалық орындықтар, шаршылар және т.б.) олар – тоғайлар. Ұстаздың «Құстар ұшады!» белгісінен кейін – балалар қолдарын қанаттар сияқты қағып, бүкіл залды шарлап, жан-жаққа қарай жүгіреді. Келесі «Боран!» белгісі бойынша тоғайларға қарай қашып, солардың арасында тығылады. «Боран тоқтады!» деген ұстаз сөздерінен кейін балалар жерге түсіп, залды аралап «ұша» бастайды. Ойын барысында ұстаз міндетті түрде балалар шығып-түскенде оларды сақтандыруы қажет. |

| | | |
|---|---|---|
| тәрізді ұстап жоғарғыдан төменге  жоғарғы ерінді жалау.<br>**3.**<br> <br>***Күрке тауық***<br>«бл-бл-бл-бл…» Жалпақ тілді шығарып «бл-бл-бл-бл…» қозғалту<br>**4.**<br> <br>***Ат шауып келеді***<br>Жалпақ тілдің шетін  көтеріп, «кесе» тәрізді ұстау.<br>**5.** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Кеме жүзіп келеді***<br>Жалпақ тілді жоғары ерінге қойып, ұстап тұрып «ы-ы-ы…» деп айтқызу.<br><br>**6.**<br> <br><br>***Саңырауқұлақ***<br>тілді көтеріп, таңдайға жабыстырып, төменге тілдің асты жүесін созып, «санырауқұлақ» тәрізді ұстау. | | | | | |
| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Су торғайы. (М.Зверевтің әңгімесі»).<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету;<br>-құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту;<br>-құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Құстарға қамқорлық жасауға, қойылған сұрақтарға еркін жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әңгіменің тақырыбын және авторын біледі, мазмұнын түсініп сұраққа жауап береді; | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді?<br>(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту;<br>-қарапайым ғылыми түсініктерін дамыту; заттарды салыстырғанда талдау қабілеттерін дамыту;<br>-тірі нысандарға адамгершілік қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Құстардың қыстағы тіршілігі туралы, құстарға қамқорлық жасай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бір уыс мақта. (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу;<br>-әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру;<br>-сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Қыс қызықтары.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қыс белгілері жайлы әңгімелесу;<br>-балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту;<br>-табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: шығармашылық әңгіме құрауға, қойылған сұрақтарға еркін жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** шығармашылық әңгіме құрайды, қыс мезгілінің ойындарын бөледі;<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын түсінеді, қардың қандай болатынын ; | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бір уыс мақта. (әңгіме кейіпкерлерімен танысу) Ыбырай Алтынсарин<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу;<br>-әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру;<br>-сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сөздік қорларын молайтып, байланыстыра |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсінеді:** құстардың үй құстары мен жабайы құстар, жабайы құстардың жыл құстары, отырықшы құстары және жыртқыш құстары болып бөлінетінін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Торғайлар мен мысық» ойыны. Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады.<br>Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. Әңгімені мәнерлеп оқиды.<br>«Су торғайы»<br>Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз.<br>Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап, тастардың ара- | **Жасайды:**өз өлкесінде қыстап қалатын құстарды атап бере алады.<br>**Түсінеді:** құстардың қыстағы тіршілігін түсінеді.<br>**Қолданады:** зерттеушілік дағдысын, топпен бірігіп жұмыс істеу, құстарға қамқорлық жасау қабілеттерін пайдаланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: Әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуге шақырады.**<br>Әліппе-дәптердегі тапсырманы пайдалана отырып, балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады: Суреттермен мұқият танысып, құстардың атауларын атауды ұсынады. Біз өлкемізде қыстап қалатын құстарды қалай атаймыз? Көктемде біздің өлкеге ұшып келетін құстарды қалай атайды? Қыстап қалатын құстар біздің өлкеде қалады, ал жыл құстары неге қала алмайды? Балаларды әңгімеге тартады.<br>Балалар педагогті мұқият тыңдайды, жеке өміріндегі тәжірибесімен бөліседі.Өздері білетін құстардың атауларын айтады. Қыстап қалатын құстар және жыл құстары.<br>Өлкеде қыстап қалатын құстарды атайды.<br>Күз жақындаған кезде күн қысқара бастайды. Бұл – | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады;<br>**Түсінеді:** әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды.<br>Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: –**<br>«Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай».<br>Ол не? *(Мақта)*<br>– Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.<br>– Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі – әңгіме екенін түсіндіру.<br>Әңгіменің басқадан ерекшелігі – қысқа оқиғаны баяндайды.<br>Әңгімені мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Күн өтпей жатып* – бір күннің ішінде болған оқиға.<br><br>*Шапан* – қазақтың ұлттық | **Қолданады:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай?<br>-Қардың түсі қандай?<br>-Қар қайтіп жауады?<br>-Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>-Бүгін аптаның нешінші күні?<br>–Бейсенбі.<br>-Қыс мезгілі, тамаша мезгіл, қандай ойын ойнайсыңдар?<br>-Бәріміз асыға күтетін мерекеміз қандай мереке?<br>Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық.<br>*Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне ештең тастағың келмейді.*<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Қыс мезгілінде сендер қармен көп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым. Қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін.<br>«Қар қандай?»<br>Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтайды. | сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады;<br>**Түсінеді:** әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды.<br>Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: –**<br>«Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай».<br>Ол не? *(Мақта)*<br>– Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.<br>– Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі – әңгіме екенін түсіндіру.<br>Әңгіменің басқадан ерекшелігі – қысқа оқиғаны баяндайды.<br>Әңгімені мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Күн өтпей жатып* – бір күннің ішінде болған оқиға. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты.<br>Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады.<br>Бұл қандай ғажап құс!<br>Бұл құсты су торғайы дейді.<br>Ол қысы-жазы бірдей жемін су түбінен табады.<br>**Түсіну деңгейі:** Балаларға әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды. 1.Әңгімеде жылдың қай мезгілі?<br>Әңгімеде не туралы?<br>Су торғайын кім сипаттап береді?<br>Су торғайы жемін қайдан табады?<br>Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңей<br>Педагог әңгіме мазмұнын 5–6 балаға қайталап айтқызады.<br>Балалалар, құстар үй құстары және жабайы құстар болып екіге бөлінеді.<br>Әңгімедегі су торғай қандай құсқа жатады деп ойлайсындар?<br>Қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді.<br>Жыртқыш құстарға қандай құстар жатады? Педагог балаларға суретін көрсетеді<br>Суретпен жұмыс.<br>Педагог жемсауытта отырған құстарды – торғай, қарға, көгершін, сауысқанды көрсетеді. | құстарға жолға шығу керектігін білдіретін өзіндік белгі. Жәндіктер де жоғалып кетеді. Олар ағаш қабықтарының арасындағы жарықшақтарға, үйлер мен қоршаулардың тесіктеріне, құрғақ жапырақтар арасына жасырынады.<br>Шөп құрайды.Тоғанда су мен өзендер қатады.Топырақты қар басады. Жарық күн сайын азайған үстіне азаяды.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Ұқсастықтары**: құстардың бәрінің тұмсығы, қанаттары мен қауырсыны бар. Олар бірбірінен құйрығының пішінімен және үлкендігімен, қанаттарының көлемімен ерекшеленеді.<br>Құстардың денесіндегі қауырсындарының бәрі бірдей ма? Қанатында желпуіш қауырсындар болады. Олар құстарға ұшуға көмектеседі.<br>Құйрығында бағыттаушы қауырсындар болады. Ол ұшуды басқаруға көмектеседі.Ал мамық қауырсындар денесін жарақаттан, сызаттан, суық пен ыстықтан, су өтуден және кеуіп кетуден сақтайды.<br>Құстардың бір-бірімен ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?<br>Құстарға қауырсын не үшін қажет? Талқылауға Қуаныш пен Айсұлуда қатысады.<br>«Құстар болмаса не болады?» деген сұраққа | сырт киімі.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Әңгіме қалай аталады?<br>Кішкентай қыз не істеп отырды?<br>Анасы қызына қандай ақыл айтты?<br>Қыз мақтаның қалған қиқымын қайда лақтырды?<br>Оны не алып кетті?<br>Анасы оған не деді?<br>Әңгімені қалай аяқтауға болады?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Торғай болып ұшайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жақсы сергіп қалайық.<br>Әңгімені есімізге түсіріп қайталайық.<br>*Күн өтпей жатып, шапан* сөздерінің мағынасын қайталау.<br>3-4 балаға сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелету.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда.<br>Анасы мен қызы не істеп отыр?<br>Анасы мен қызы терезеден нені көрді?<br>Торғайдың аузындағы не деп ойлайсың?<br>Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің?<br>**Бір уыс мақта**<br>(әңгіме)<br>Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отырды.<br>Шешесі қасында отырып, оған ақыл айтыпты:<br>Балам, дүниедегі | Ұшып жүріп сұрақ қояды:<br>Қар қандай болушы еді?<br>Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң.<br>Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан.<br>Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп.<br>Жып-жылы шығар, – деп жауап қатады Тауық.<br>Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел.<br>Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары.<br>Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай.<br>Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олар әртүрлі болып шығады.<br>Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балалар енді **«қыс»** сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен.<br>**Қ**– дауыссыз дыбыс.<br>**Ы** – дауысты дыбыс.<br>**С**– дауыссыз дыбыс.<br>Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?<br>Ал дауыссыз дыбысты ше?<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Қай мезгілде** | *Шапан* – қазақтың ұлттық сырт киімі.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Әңгіме қалай аталады?<br>Кішкентай қыз не істеп отырды?<br>Анасы қызына қандай ақыл айтты?<br>Қыз мақтаның қалған қиқымын қайда лақтырды?<br>Оны не алып кетті?<br>Анасы оған не деді?<br>Әңгімені қалай аяқтауға болады?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Торғай болып ұшайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жақсы сергіп қалайық.<br>Әңгімені есімізге түсіріп қайталайық.<br>*Күн өтпей жатып, шапан* сөздерінің мағынасын қайталау.<br>3-4 балаға сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелету.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда.<br>Анасы мен қызы не істеп отыр?<br>Анасы мен қызы терезеден нені көрді?<br>Торғайдың аузындағы не деп ойлайсың?<br>Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің?<br>**Бір уыс мақта**<br>(әңгіме)<br>Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отырды.<br>Шешесі қасында отырып, оған ақыл айтыпты: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар, қазір аулаларыңнан қай құсты көріп жүрсіңдер? Оларға ерекше қамқорлық көрсетіп, жем, нан үгінділерін сеуіп жүру керектігін ұмытпаңдар.<br>Балалардың назарын екінші суретке аударады.<br>Мына жерден өздерің білетін құстарды атаңдаршы, қандай құсты білесіңдер?.<br>Балалар, құстардың қандай пайдасы бар? Тоқылдақты алатын болсақ, ол ағаштың арасынан құрттарды теріп жейді, сондықтан оны ағаш дәрігері деп те атайды екен. Ал қарлығаш болса, ол – адамға дос.<br>Қарлығаш ұясын қандай жерлерге салады?<br>Торғайдың ұясын бұзған баланы қандай бала дейміз?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Ж» – «Ш» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы:<br>«Ш» – «Ж» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де алға қарай жиырылады.Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді.<br>«Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар:<br>Ша-ша-ша – шана.<br>Шу-шу-шу – шуда.<br>Шы-шы-шы – шыны.<br>Ше-ше-ше – шелек.<br>Ши-ши-ши – шие.<br>Шө-шө-шө – шөп.<br>Аш-аш-аш – ашық.<br>Ұш-ұш-ұш – ұшқыш | қатысты пікірлерін айтады. «Біз құстарды тамақтандыру үшін жемсауыт іліп қойсақ болады, ата-аналарымызбен бірге оларға ұя жасауға болады, ағаштардың бұталарына мақта мен жүн қиындыларын іліп қоюға болады» деген тұжырым жасайды. Өзара ақылдасып, «Құстар үшін ең қиын уақыт – ақпан айы» деген қорытындыға келеді. Өйткені ақпанда қарлы боран соғады. Құстардың жемі таусылады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Жұлдызды жарылыс» техникасы.** Бұл әдіс креативті ойлау қабілеттерін шыңдауға, балалардың бойын сергітуге көмектеседі. Ол тапсырмаларды шешуге арналған сұрақтарқалыптастыруға негізделген және балаларды жаңалықтар ашуға, өздері айтқан идеялар арасындағы байланыстарды көре білуге үйретеді.<br>Балалар жарты шеңбер құрып отырады.<br>Тапсырманы шешу туралы ұсыныс жасалады. Үлкен жұлдыздың ортасына басты идея жазылады. Үлкен жұлдыздың айналасына 5 жұлдызша орналасады. Олардың әрқайсысының ортасына бір сұрақтан жазылады:<br>КІМ?<br>НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН? НЕЛІКТЕН? | жаратылған жанды-жансыздардың керексіз болып, жерде қалатыны болмайды, – депті.<br>Шешесі сол сөзді айтып отырғанда қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастапты.<br>Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қоймас, – депті.<br>Шешесі:<br>Балам, ол да жерде қалмайды, – депті.<br>Осылайша сөйлесіп терезеден қарап отырса, мақтаны жел көтеріп ұшырады, мұны бір торғай көріп, қуып барып, мақтаны тұмсығымен тістеп алып, ұшып кетеді.<br>Қыз мұны көріп әжесінен:<br>Жаңағы мақтаның қиқымын бір торғай тұмсығымен тістеп алып кетті, оны не қылады? – деп сұрапты.<br>Шешесі:<br>Көрдің бе, балам, күн айналмай-ақ жаңағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді, – депті.<br>*Ыбырай Алтынсарин* | **ойнаймыз?»**<br>Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай  мезгілде ойнайтынын айту. | Балам, дүниедегі жаратылған жанды-жансыздардың керексіз болып, жерде қалатыны болмайды, – депті.<br>Шешесі сол сөзді айтып отырғанда қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастапты.<br>Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қоймас, – депті.<br>Шешесі:<br>Балам, ол да жерде қалмайды, – депті.<br>Осылайша сөйлесіп терезеден қарап отырса, мақтаны жел көтеріп ұшырады, мұны бір торғай көріп, қуып барып, мақтаны тұмсығымен тістеп алып, ұшып кетеді. Қыз мұны көріп әжесінен:<br>Жаңағы мақтаның қиқымын бір торғай тұмсығымен тістеп алып кетті, оны не қылады? – деп сұрапты.<br>Шешесі:<br>Көрдің бе, балам, күн айналмай-ақ жаңағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді, – депті.<br>*Ыбырай Алтынсарин* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | . Ыш-ыш-ыш – қыш.<br>Өш-өш-өш – көш.<br>Жаңылтпаш айтқызу – дыбысты дұрыс айтқызуда ұтымды тәсілдерінің бірі.<br>Шемішке шақсаң шақ,<br>Шапшаң шақ.<br>Шөбіңді шапсаң шап,<br>Шапшаң шап.<br>(Қ.Мырза Әли)<br>«Ж» дыбысын буын ішінде келтіру:<br>Жа-жа-жа – жалау.<br>Жо-жо-жо – жол.<br>Жу-жу-жу – жусан.<br>Жы-жы-жы – жылан.<br>Жи-жи-жи – жиек.<br>Же-же-же – жер.<br>Жә-жә-жә – жәшік.<br>Аж-аж-аж – гараж.<br>**Жаңылтпаш айту.**<br>Жоғалды бес шыбыш, Жоқ әлі еш сыбыс.<br>Жоқ әлі еш сыбыс, Жоғалды бес шыбыш.<br>(Қ.Мырза Әли)<br>**Дидактикалық ойын: «Не жақсы, не жаман?»**<br>Ойын шарты: Берілген суреттерден жақсы және жаман істерді тауып көрсету керек.<br>**Сергіту сәті:**<br>(Сергіту жаттығуларын Х.Талғаровтың «Торғай» өлеңімен жасатуға болады.)<br>Торғай, торғай, торғайсың, Таяу келіп қонғайсың. Жем шашайын, тойып ал, Сонда аязға тонбайсың. | Қай құстың кеудесінің түсі сары?<br>– Сарышымшық.<br>Сары шымшық немен қоректенеді?<br>Жемсауытты қайда іліп қоюға болады?<br>Құстарды қай кезде жем беріп, қоректендіреді?<br>Сары шымшық неліктен өліп қалуы мүмкін?<br>**Қосымша мәлімет.**<br>Педагог құстарға беретін жемнің түрлерін көрсетіп, олар жайлы әңгімелеп береді: – Күнбағыстың дәндері құстардың бәрі жейді. Оны әсіресе, сары шымшық пен көктеке құс жақсы көреді. Қауын мен асқабақтың тұқымын осы сары шымшық пен көктекеден басқа құстардың бәрі жейді. Бидай мен тары – торғайлардың сүйікті асы. Ошағанның дәнін пайызторғай жейді. Алабота, жусан, кендір, атқұлақ, қалақайдың тұқымдарын дәнмен қоректенетін құстардың бәрі жақсы көреді. Шетен мен бүргеннің жидектерін суықторғай мен самырқұс сүйсініп жейді. Нанның ұнтағын сары шымшық пен торғайлар жейді.<br>Қыстап қалатын құстардың жемсауытынане салу керектігін сызып көрсет. Өзің қандай жемсауыт жасар едің? Суретін сал.<br>**«БҰЛ ҚАЙ ҚҰС?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады.** | | | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>Мақсаты: балаларға құстарды өздеріне тән белгілеріне қарай суреттеуді үйретеді. Балалар екі топқа бөлінеді: бір топ құсты суреттейді (немесе жұмбақтар жасырады), ал, екіншісі оның қандай құс екенін табуы тиіс. Содан кейін орындарымен ауысады.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Ас – адамның арқауы» түскі ас.<br>10:00-10:30</td><td colspan="5">Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="6" align="center">2 үзіліс – 10:00 – 10:30</td></tr>
<tr><td colspan="6">Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="6" align="center">Жүгіруге арналған ойын: «Торғайлар мен мысық»<br>Басты міндеттері: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Дыбыстық есту арқылы ойын:<br>«Көліктердің дыбысын ажырат»<br>Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетіндамыта отырып,есте сақтау қабілетін арттыру,байқампаздыққа баулу.<br>Артикуляциялық жаттығу:<br>«Машина»<br>*Гараждын есігін ашамыз.Машина шығады. Ауызды ашамыз, 3-5 сек жабамыз.<br>*Машина көңілді – ерінді күлімсіреп, барлық тістерді көрсету.<br>*Машинаның құбыры бар –ол өте ұзын! Ерінді құбыр түрінде алға созамыз.<br>*Машинанын багы жаңар майға толық - бетімізді үрлеп толтырамыз<br>*Машинада жанар май таусылып қалды- бетімізді ішке тартамыз.<br>*Кең жол- машиналар кең жолға шықты. Аузды кең ашып, тіл төменгі ернінде жатады.<br>*Жақсы, енді арқаларынды түзетіп, аяқтарын бірге қойып отырамыз.</td><td colspan="2"></td><td colspan="2">Жүгіруге арналған ойын: «Торғайлар мен мысық»<br>Міндеттері: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>Ойынның шарты.<br>Бағдарламалық мазмұны:<br>Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.Торғайлар шеңбердін ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. . ойын 4-5 рет қайталанады.<br>Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды /қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді/.</td></tr>
</table>

| 3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55 | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ұлттық киім.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>**-**қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**-**зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: ұлттық киімдерді дұрыс айтуға дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ұлттық киімдерді, сөйлемдерді қайталайды.<br>**Түсінеді:** әр ұлттың ұлттық киімдері болатынын<br>**Қолданады:** тақпақты ынта қойып тыңдап, таныс сөздерді табады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>– Қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Қазір қай ай?<br>– Бүгін аптаның қай күні?<br>Өткен «Қысқы киім» тақырыпты қайталау.<br>**Түсіну деңгейі:** ұлттық киімдер атауымен таныстырады ( ұлттық киімдер немесе суреттер).<br>Балалар педагогтен кейін жеке, хормен қайталап, | **3.Сурет салу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Мерекелік дастарқан.<br>*(Акварель бояу)*<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру;<br>**-**дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру.<br>**Дағды**:<br>-қонақ күту рәсімі туралы түсініктерін жетілдіру;<br>-іс-әрекет барысында өз ойын толық жеткізе әңгімелеу арқылы дұрыс сөйлей білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дастарқанды әшекейлеп, безендіре алады;<br>**Түсінеді:** дастарқанның, қонақжайлылықтың мән-мағынасын, маңыздылығын;<br>**Қолданады:** ұқыпты жұмыс жасайды, эстетикалық талғамын қолдана біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Дастарқан» әнін тыңдату. Педагог әннің не жайында айтылғанын әңгімелеп, дастарқанның мән-мағынасына қысқаша тоқталады.<br>**Түсіну деңгейі:** Үлгіні талдау барысында дастарқанды салу техникасы | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>-«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту;<br>-білімпаз болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: кез келген сөздерді буынға бөле білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** буын санына қарай сөздерді ажыратады<br>**Түсінеді:** буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын.<br>**Қолданады:** сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Кері іс-әрекетті айт» ойынымен оқу қызметін бастайды.<br>Әкем киімін киді, інім ... *(шешті)*<br>Анам отырды, әкем ... *(тұрды)*<br>Анар отырды, Ажар ... *(тұрды)*4. Асан кірді, Қасан ... *(шықты)* – Жарайсыңдар, балалар!<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дене мүшелерінің атқаратын қызметі<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>**-**қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру;<br>жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту.<br>**Дағды:** Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру.<br>Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дене мүшелерінің атқаратын қызметін ажыратып қазақша атайды, жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс қайталайды.<br>**Түсінеді:** сөздерді, қарапайым сұрақтарды түсінеді.<br>**Қолданады:** сөздер мен сөйлемдерді қолданады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Үй жануарларының қандай пайдасы бар?<br>(коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:** -үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау; үй жануарлары мен жабай аңдардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету;<br>-тірі нысанды суреттеу қабілеттерін дамыту;<br>зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарымқатынас жасауға үйрету.<br>**Дағды**: -үй жануарларының әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы пікірлерін айтқызу арқылы кез-келген тақырып бойынша ойларын еркін жеткізе білуге баулу;<br>-сөздік қорларын молайту;<br>-бір - біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үй жануарларының түрлерін атап береді, үй жануарлары мен жабайы аңдардың бір-бірінен ажыратады.<br>**Түсінеді**: адамға әкелетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздерді есте сақтауға, дұрыс айтуға жаттығады.<br>– Мынау – шапан.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – шапан.<br>Мынау – көк шапан.<br>Мынау қандай шапан?<br>Мынау – көк шапан.<br>– Ата шапан киді.<br>– Ата не киді?<br>– Ата шапан киді.<br>– Мынау – қалпақ.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – қалпақ.<br>– Ата қалпақ киді.<br>– Ата не киді?<br>– Ата қалпақ киді.<br>– Мынау – бөрік.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – бөрік.<br>– Мынау – тақия.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – тақия.<br>– Мынау – қамзол.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – қамзол.<br>– Әже қамзол киді.<br>– Әже не киді?<br>– Әже қамзол киді.<br>– Мынау – мәсі.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – мәсі.<br>– Ата мәсі киеді.<br>– Ата не киеді?<br>– Ата мәсі киеді.<br>Жауапты жеке-жеке айтады.<br>– Шапан, қамзол, қалпақ, бөрік, тақия, мәсі – қазақ халқының ұлттық киімдері.<br>Сөздерді бекітуге арналған ойын: «Ата, көрсет, қайтала» (мультимедиа арқылы тексеру). Өткенді қайталауға, сөздерді бекітуге ойын «Менде, | мен ою-өрнектерге назар аударады.<br>Алдымен дастарқанның суретін салып аламыз.<br>Дастарқан қандай геометриялық пішінге ұқсас? Дастарқанды бір түсті бояумен салайық.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Көркем сөз:**<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ наны,<br>Кең пейілді, арайлы,<br>Осы жерден тарайды.<br>Педагог дастарқанды әшекейлеу жолдарын көрсетеді, салып түсіндіреді. Өрнектерді салу жолдарын көрсетеді.<br>Тік төртбұрышты дастарқанның шеттеріне, бұрыштарына, ортасына түрлі түсті«қызғалдақ», «қошқармүйіз» өрнектерін үйлестіре салайық.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>дастарқан – дастархан,<br>ою – орнамент,<br>өрнек – узор ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Сөзұйқас**<br>Аз, аз, аз...<br>Алдым қағаз<br>Рет, рет, рет...<br>Сурет салдым бірінші рет.<br>Мен, мен, мен...<br>Ою ойдым қайшымен!<br>Кес, кес, кес...<br>Сен де маған көмектес.<br>Балалар жұмыстарын | Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар біздің айналамызда толып тұр, біз оларды көрмейміз, бірақ естиміз, айтамыз. – Дыбыстар қандай болып бөлінеді?<br>Дауысты, дауыссыз.<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>–Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>«Сөздерді буынға бөл»дидактикалық жаттығуы<br>– Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер.<br>Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа | Дидактикалық ойын:<br>«Не көріп тұрсың?»<br>Қуыршақтың дене мүшелерін атаймыз.<br>Мынау – басы. Мынау – қолы. Мынау – аяғы. Бұлар – дене мүшелері. Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Көз көру үшін керек.<br>– Көз не үшін керек?<br>– Көз көру үшін керек.<br>– Құлақ не үшін керек?<br>– Құлақ есту үшін керек.<br>– Мұрын дем алу үшін керек.<br>– Мұрын не үшін керек?<br>– Мұрын дем алу үшін керек.<br>– Қол ұстау үшін керек.<br>– Қол не үшін керек?<br>– Қол ұстау үшін керек.<br>– Қол жазу үшін керек.<br>– Қол не үшін керек?<br>– Қол жазу үшін керек.<br>– Қол сурет салу үшін керек.<br>– Қол не үшін керек?<br>– Қол сурет салу үшін керек.<br>– Аяқ жүру үшін керек.<br>– Аяқ не үшін керек?<br>– Аяқ жүру үшін керек.<br>– Аяқ жүгіру үшін керек.<br>– Аяқ не үшін керек?<br>– Аяқ жүгіру үшін керек.<br>– Көз, құлақ, мұрын, қол – бұлар сезім мүшелері.<br>Балалар жаңа сөздерді, сөйлемдерді қайталайды.<br>**Түсіну деңгейі:** Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау).<br>Көру – көзбен көру.<br>Тыныс алу – мұрынмен дем алу. Есту – құлақпен есту. | пайдасын түсінеді.<br>**Қолданады**: коммуникативтік байланыс орната біледі, топпен жұмыс істей алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Суреттерді қарап шығып, үй жануарларын атайды және олардың жабайы аңдардан айырмашылығын табады. Адамдар үй жануарларына қалай күтім жасайды? Талқылауға Қуаныш та қатысады. Балалар «Адамдар үй жануарларын неге ұстайды және олардың қандай пайдасы бар?» деген сұраққа жауап іздейді. Неге үйде мысық пен ит ұстайды? Адамдар қандай жануарлардан жүн алады? Неліктен адамдар түйе, сиыр, жылқы, қой мен ешкіні үй жануары деп атаған? Олардың төлдерін қалай атайды?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Балаларды зерттеу жұмысына қатысуға шақырады** (әліппе-дәптердегі тапсырма): жануарлар терісінің түрлерін зерттеу. (Қой, ешкі мен қоянның терісін салыстырып, үлкейткіш әйнектің көмегімен қарап шығады). Педагог балаларды сұрақтардың жауабын бірігіп іздеуге жұмылдырады: Сендер қалай ойлайсыңдар, жануарлар әрқашан адамның жанында тіршілік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сенде...». Балалар алдарындағы суреттегі киімді атайды, көршісінде қандай киім екенін сұрайды.<br>Мысалы: Менде шапан бар. Сенде не бар?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Киім – бұйым»<br>Бір дегенім – бөрік,<br>Кисең береді көрік.<br>Екі дегенім – етік,<br>Киер сәнді етіп.<br>Үш дегенім – ішік,<br>Теріден тігер пішіп.<br>Төрт дегенім – тымақ,<br>Қыста кисең, жылы-ақ.<br>Бес дегенім – байпақ,<br>Іші жылы, жайпақ.<br>Алты дегенім – алқа,<br>Мойныңа тақ, қалқа.<br>Жеті дегенім – жейде,<br>Көйлек деп жүр кейде.<br>Сегіз дегенім – сеңсең,<br>Жылысы тонның сенсең.<br>Тоғыз дегенім – телпек,<br>Болма, бала, тентек.<br>Он дегенім – оймақ,<br>Жүрме босқа ойнап.<br>Қандай таныс сөздер бар?<br>(Балалар таныс сөздерді атайды: бөрік, етік, жейде, тон). | жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. | т.б.<br>**Қолдану деңгейі:** «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы<br>(*Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады)*<br>–Айсұлу бізге<br>-**та** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.*<br>**-ба** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.*<br>**-са** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: *сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.*<br>**Сергіту сәті:**<br>Қолды қойып зілтемірге,<br>Көтереміз, сілке бірге.<br>Түсіреміз ақырындап,<br>Көтер қайта бірте-бірте.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Алақанды ысқылап,<br>Қыздырайық, балақай.<br>Алақаның ысыды,<br>Қараңдаршы, алақай! | Ұстау – қолмен ұстау.<br>**Не үшін?**<br>Екі көзің не үшін керек?<br>Жақсыларды көру үшін.<br>Екі қолың не үшін керек?<br>Елге көмек беру үшін.<br>Құлақ деген не үшін керек?<br>Ақыл-кеңес тыңдау үшін.<br>(Қадыр Мырза Әли)<br>**Қолдану деңгейі:**<br>1.Суреттерге қара. Дене және сезім мүшелерінің атқаратын қызметіне қарай сөйлем құра. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Үлгі бойынша сөйлем құрастыру. Үлгі: *Көзбен көреді.*<br>Дидактикалық ойын:<br>«Мұрын, мұрын, мұрын »<br>Мұрын, мұрын, мұрын – бас.<br>Мұрын, мұрын, мұрын – қол.<br>Мұрын, мұрын, мұрын – аяқ.<br>Балаларды шатастырып, басқа дене мүшелерін көрсетуге болады. | етті ме? Сендер ит, мысық сынды өзгеде үй жануарларының арғы атасы кім болғанын білесіңдер ме? Үй жануарлары орманда өз бетінше тіршілік ете ала ма еді? Орманда оларға қандай қауіп төніп тұр? Адамдар жабайы аңдарды өте ерте замандарда қолға үйреткен. Иттердің арғы атасы – қасқырлар, үй мысығының арғы атасы – жабайы мысық, сиырлардың атасы – жабайы бұқалар, шошқалардың атасы – жабайы қабандар, жылқылар мен есектердің атасы – жолақ құландар. Жануарлардың тұратын жерлерін атап береді: сиырлар (сиыр қорада, фермада), жылқылар (ат қорада), қойлар (қой қорада) тұрады.<br>Үй жануарлары орманда тіршілік ете алмайды. Себебі олар ондай жағдайда тіршілік етуге үйренбеген.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Кездейсоқ бірігу» техникасының көмегімен бірнеше топқа бөлінуге шақырады.** Геометриялық фигуралар бейнеленген карточкаларды тарату арқылы; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, гүлдердің, жануарлардың атауларына қарай.<br>Педагог сұрақтар немесе ескертпелердің көмегімен балалардың топтағы жұмысына бағыт сілтеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | отырады. Сол арқылы мәліметтерді дұрыс қабылдауға, дұрыс сөйлеуге үйретеді: Қандай дыбыс шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі? Балалардың назарын иттердің үйде және аулада өсірілетініне аударады. Үйде ұстайтын иттің астына төсем төселеді, ал аула иттері үйшікте жатады. Үйшіктің жанында ылғи ыдыс тұрады. Ол – иттің итаяғы. Қосымша мәлімет береді: әдетте, үйшіктің қасында екі итаяқ тұрады: біріне су, екіншісіне тамақ салынады. Қожайын итке тамақты белгілі бір уақытта құйып отырады.<br>Сұрақтарға жауап береді: Иттің өзіне тән белгілері қандай? Сиырдың ше? Олардың арасында ұқсастық бар ма? Айырмашылықтары қандай?<br>**«Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны.**<br>Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды. Жылқыларға арнап жылқы қора салады. Балалар ойынға қосылады. Егер балалар педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жауап береді. |
| *3 үзіліс – 10:55 – 11:05*<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**<br>**Аз қимылды ойын:«Жылдам ал, жылдам қой»**<br>**Басты міндеттері: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл - қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.** | | | | | |
|   | | | **Аз қимылды ойын: «Жылдам ал, жылдам қой»**<br>**Ойын міндеттері:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл - қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>**Ойын шарты:**<br>***Әдістемелік нұсқаулар:***<br>Бүкіл залда заттар шашылған (доптар, шаршылар, таспалар). Балалар жан-жаққа бұл заттарды басып кетпеуге тырысып жүгіреді. «Жылдам ал!» пәрмені бойынша барлық балалар бір-бір заттан алып, қолдарын жоғары көтеріп, қимылсыз тұрып қалады. Осыдан кейін затты қолдарынан тастамай жүгіруін жалғастырады. Біраз уақыттан кейін ұстаз<br>«Жылдам қой!» пәрменін береді. Осы кезде балалар қолдарындағы заттарды барынша жылдам жерге қойып, қозғалыссыз тұруы керек.<br>**Ұсыныс**: Ойынды қиындатуға болады: тез жүгір. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ғарышқа саяхат.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету.<br>-бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру.<br>**Дағды**: кез келген нұсқауды мұқият орындау, үлкен-кіші қадамдармен жүре білу дағдылары мен көзді жұмып | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Айнала ақша қар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жыл мезгілдеріне саяхат (таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-бір орында тұрып ұзындыққа (60 см) секіру жаттығуларын жасату;<br>-үлкен адыммен «алақан» бейнеленген суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» ұзындыққа секіруді үйрету.<br>**Дағды**: Түрлі заттардың арасынан, кедергілер арқылы өтіп, жүгіруді дамыту. Қысқа секіртпеден секіру | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бұл қай кезде болады?<br>**ҰІӘ міндеттері:** -әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>-ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып,үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру;<br>-ойын арқылы балаларды әдептілікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындауға | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жыл мезгілдеріне саяхат (таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-бір орында тұрып ұзындыққа (60 см) секіру жаттығуларын жасату;<br>-үлкен адыммен «алақан» бейнеленген суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» ұзындыққа секіруді үйрету.<br>**Дағды**: Түрлі заттардың арасынан, кедергілер арқылы өтіп, жүгіруді дамыту. Қысқа секіртпеден секіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңістікте қимылдай алуды дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** бірінші-екіншіге саналу, тізбекпен жүру, допты еденге бір қолмен соғу, ойындарда рөлдік әрекеттер жасау, релаксация.<br>**Түсінеді:** «ғарышкер, зымыран, жұлдыз» сөздерін біледі, өз әрекетін команданың әрекетімен үйлестірудің маңызын түсінеді, допты саусақтың ұшымен жұмсақ итеріп соғуды, кедергілерден аттап өтуді біледі.<br>**Қолданады:** ырғақты гимнастика жасау дағдылары, екі аяғымен бірдей екпінді итеріле алуы, жартылай бүгілген аяғына секіріп түсе білу, педагог белгісі бойынша шұғыл тоқтай алу, кез келген нұсқауды мұқият орындау, үлкен-кіші қадамдармен жүре білу дағдылары мен көзді жұмып кеңістікте қимылдай алуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Кім зейінді?» Зейінді тексеруге қимыл-қозғалыс ойыны.<br>«Ғарышкерлердің» әрқайсысы зымырандағы өз орнын есте сақтап алуы керек.Ойыншылар өз командирлерін тез тауып, зымыранға отырып үлгеруі керек. Командир қолына батареялы ойыншық рөлді алады. Балалар «паровоз» | орындау;<br>-би элементтері арқылы балаларға эстетикалық тәрбие беру.<br>**Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындауға дағдыландыру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев)<br>***Ән айту:***«Айнала ақша қар» (И. Мамақов)<br>«Қыс келді» (Б. Жұмабекова)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова)<br>**Билер:** «Қоян биі» (В. Питерцев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Көлеңке» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды.<br>**Түсінеді:** бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланысу.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова).<br>Балалар шеңберде жүріп, | дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** суық тию ауруларының алдын алу, тік нысанаға қар кесектерін лақтыру, «Жүрек» тренингі.<br>**Түсінеді:** бастапқы қалыпқа келу; жаттығуларды орындау ережелерін сақтау; қолбасының (айналмалы) қимылын, аяқтың (тігінен) қозғалуын үйлестіре білу; шайбаны аяқпен ақырын итеріп жүргізу; қозғалыс ойындарының ережесін сақтау.<br>**Қолданады:**<br>жаттығуларды орындау барысында зейінді шоғырландыру, бөлу; сап түзеу, жүру, жай жүріс пен жүгіруді кезектестіріп, жартылай тізе бүгіп отырып жүру; ұжымда қимыл мен жүру бағытын қадағалау, қозғалыс әрекеттерінде өзін-өзі ұйымдастыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>«Күзгі орман»<br>Бір-бірден тізбекке тұру. Жай жүріс. Тізені жоғары көтеріп жүгіру. Өкшемен, аяқтың басымен жүру. Кедергілерден – томарлардың арасымен өтіп жүгіру. Жай жүріс пен жартылай тізені бүгіп жүруді кезек алмастырып жүру. Екі тізбекке қайта | дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әннің сипатын қабылдайды, дауысын дұрыс келтіріп орындайды.<br>**Түсінеді:** жұмбақ өлеңнің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт).<br>Балалар қолдарына лента ұстап, сол лентамен қимылдар жасайды.<br>Қолдарын жоғары көтеріп, қолды кезектестіріп айналдырып, орындарында тұрып айналып, қимылдар жасайды.<br>***Музыка тыңдау:*** «Қыс» (Б. Ерзакович).<br>Педагог балаларға жұмбақ өлеңді оқып, қыс туралы, ондағы құбылыстар туралы сұхбат жүргізеді.<br>Интерактивті тақтада қыс көріністерін бейнелейтін суреттерін көрсету.<br>Бұл жұмбақ өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып отыр?<br>Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс сендерге несімен ұнайды?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) | дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** суық тию ауруларының алдын алу, тік нысанаға қар кесектерін лақтыру,<br>«Жүрек» тренингі.<br>**Түсінеді:** бастапқы қалыпқа келу; жаттығуларды орындау ережелерін сақтау; қолбасының (айналмалы) қимылын, аяқтың (тігінен) қозғалуын үйлестіре білу; шайбаны аяқпен ақырын итеріп жүргізу; қозғалыс ойындарының ережесін сақтау.<br>**Қолданады:** жаттығуларды орындау барысында зейінді шоғырландыру, бөлу; сап түзеу, жүру, жай жүріс пен жүгіруді кезектестіріп, жартылай тізе бүгіп отырып жүру; ұжымда қимыл мен жүру бағытын қадағалау, қозғалыс әрекеттерінде өзін-өзі ұйымдастыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>«Күзгі орман»<br>Бір-бірден тізбекке тұру. Жай жүріс. Тізені жоғары көтеріп жүгіру. Өкшемен, аяқтың басымен жүру. Кедергілерден – томарлардың арасымен өтіп жүгіру. Жай жүріс пен жартылай тізені бүгіп жүруді кезек алмастырып жүру. Екі тізбекке қайта сапқа тұру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>«Көктемге саяхат»<br>«Жылы жаңбыр» (жерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасап, төрт тізбекке бес-бестен тұрып, залмен командирлерінің артынан шеңбер бойымен түрлі бағытта жүре бастайды.<br>**Ойын жаттығуы: «Зымыранның ұшуы».** Зымырандарды басқару тетігін қосу, «1-2-3 – кеттік!» сигналы. Нұсқау – тура педагогтің артынан «ұшу».<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**«Секектегіш»** ғаламшары. Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30см заттардан аттап секіру.<br>**«Түрлі түсті ғаламшар»** – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу. Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады.<br>Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады.<br>Педагогтің белгісімен келесі ғаламшарға ұшады – (көзді жұмып) қараңғыда залмен қозғалысын жалғастырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Жорғалаушылар ғаламшары» –** бұл | музыкаға ілесіп қимылдар жасайды.<br>***Музыка тыңдау:*** «Вальс» (Қ. Шілдебаев).<br>Балаларға Қ. Шілдебаевтың суретін көрсетіп, оның өмірі туралы қысқаша мәлімет беру.<br>«Вальс» – би музыкасы, көбіне ол музыкаға жұптасып билейді.<br>Балалар қыс көріністерінің бейнелейтін суреттерге көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар? Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс сендерге несімен ұнайды?<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:*** «Айнала ақша қар» (И. Мамақов).<br>Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп, денені тік ұстап, ережені еске түсіру. Әуенді дұрыс айтуына көңіл аудару. Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру.<br>«Қыс келді» әнін (Б. Жұмабекова) сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Қоян биі» (В. Питерцев).<br>Балалар музыкаға ілесіп қоянның қимылдарын үйренеді, «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарды үйренеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Көлеңке» (К. Қуатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер | сапқа тұру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>«Көктемге саяхат»<br>«Жылы жаңбыр» (жерді сулап, ағаш жапырақтары мен ауаны тазартып, жауын тамшыларымен ойнаймыз). Жауыннан кейін ауа тап-таза. Балаларға осы таза ауамен дем алу ұсынылады.<br>«Түрлі түсті кемпірқосақ» (түрлі түске боялып, өлкемізге сән берді).<br>«Жан біткен жасыл желек» (ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады).<br>«Құстар-құстар» (әдемі құстар сиқырлы қанаттарын жайып, аспанға көтеріліп, қалқиды).<br>«Аңдар оянды» (оянып бой жазып, керіледі).<br>«Көбелектер» (гүлдің үстінде қалбалақтап, қалқиды да, қонады. Гүл шырынын татқан соң қайта ұшып, басқа гүлге кетеді).<br>«Шөпте жатып демалайық!»<br>(Жасыл шөпте жатып, айналамыздағы кереметтерді тамашалаймыз).<br>Залдың қарама-қарсы жағына қатарға тұру.<br>Негізгі жаттығуларды топпен орындау.<br>«Жаз»,«Секіртпе» Қысқа секіртпеден секіру.<br>Жаттығуды топтарға бөлініп орындауға | Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балалардан әнде не туралы айтылғанын, әннің көңіл күйін, қандай жылдамдықта орындалғанын сұрау. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, дауысын дұрыс келтіріп орындау.<br>Үйренген «Қыс қызығы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Би қимылдарын үйренуді жалғастыру.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Ойындар, хороводтар**: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Педагог ойын шартын түсіндіреді.<br>*1-4 такт.* Балалар әр бағытта жүгіреді.<br>*5-6 такт.* Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды.<br>*7-8 такт.* Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Полька» (А. Филиппенко).<br>*Бубен, маракас, барабан, қоңырау* аспаптарында ойнауды үйретуді жалғастыру. | сулап, ағаш жапырақтары мен ауаны тазартып, жауын тамшыларымен ойнаймыз). Жауыннан кейін ауа тап-таза. Балаларға осы таза ауамен дем алу ұсынылады.<br>«Түрлі түсті кемпірқосақ» (түрлі түске боялып, өлкемізге сән берді).<br>«Жан біткен жасыл желек» (ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады).<br>«Құстар-құстар» (әдемі құстар сиқырлы қанаттарын жайып, аспанға көтеріліп, қалқиды).<br>«Аңдар оянды» (оянып бой жазып, керіледі).<br>«Көбелектер» (гүлдің үстінде қалбалақтап, қалқиды да, қонады. Гүл шырынын татқан соң қайта ұшып, басқа гүлге кетеді).<br>«Шөпте жатып демалайық!»<br>(Жасыл шөпте жатып, айналамыздағы кереметтерді тамашалаймыз).<br>Залдың қарама-қарсы жағына қатарға тұру.<br>Негізгі жаттығуларды топпен орындау.<br>«Жаз»,«Секіртпе» Қысқа секіртпеден секіру.<br>Жаттығуды топтарға бөлініп орындауға болады. Топтар алмасып келесі жаттығу түрін орындайды. Секіртпеден секіру кезінде аяқтың (тігінен) және қолдың (айналмалы) қимылдарын үйлестіруге тырысады.<br>«Классиктер» бір аяқпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалап қозғалады. Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу. Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді.<br>Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады.<br>«**Сиқырлы ғаламшар»**<br>**–** бұл ғаламшардың тұрғындары алыптардан қортықтарға айнала алады.<br>«Алыптар мен қортықтар» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Залға шашырап бытырыңқы жүрісті орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды: шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап, қолдарын беліне қойып жүреді.<br>«Табиғат дыбыстары» музыкасын тыңдау. Жер – ең керемет ғаламшар екендігін, біздің үйіміз екендігін естеріне сала кету. | бойымен тұрады.<br>Педагог топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді.<br>Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | болады. Топтар алмасып келесі жаттығу түрін орындайды.<br>Секіртпеден секіру кезінде аяқтың (тігінен) және қолдың (айналмалы) қимылдарын үйлестіруге тырысады.<br>«Классиктер» бір аяқпен секіріп, екінші аяқпен шайбаны теуіп жүргізе отырып, ілгері қозғалу. Балалардың толық табанын баспай, аяқтың адыңғы жағымен итеріліп секіруін қадағалау керек. Жаттығуды тепе-теңдік сақтай отырып орындайды. Оң аяқпен секіріп, сол аяқпен шайбаны теуіп жүргізе отырып, ілгері қозғалады. Толық табанына баспай аяқтың адыңғы жағымен итеріліп, қатты теппей секіреді. Сонан соң аяғын ауыстырады.<br>Төрт тізбекке сап түзеу.<br>**Қолдану деңгейі:** «Қыс» Қар кесегін көлденең нысанаға лақтыру. Қолды екпінді қарқынмен жоғары, алға шығара отырып, айналдыра қимылдату арқылы сермеп лақтыру.<br>Допты көлденең нысанаға бір қолмен лақтырады.<br>Допты екпінді қарқынмен жоғары, алға шығара отырып, айналдырып сермеп алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен лақтырады.<br>**«Диірменші»** | | секіріп, екінші аяқпен шайбаны теуіп жүргізе отырып, ілгері қозғалу. Балалардың толық табанын баспай, аяқтың адыңғы жағымен итеріліп секіруін қадағалау керек.<br>Жаттығуды тепе-теңдік сақтай отырып орындайды. Оң аяқпен секіріп, сол аяқпен шайбаны теуіп жүргізе отырып, ілгері қозғалады. Толық табанына баспай аяқтың адыңғы жағымен итеріліп, қатты теппей секіреді. Сонан соң аяғын ауыстырады.<br>Төрт тізбекке сап түзеу.<br>**Қолдану деңгейі:** «Қыс» Қар кесегін көлденең нысанаға лақтыру. Қолды екпінді қарқынмен жоғары, алға шығара отырып, айналдыра қимылдату арқылы сермеп лақтыру.<br>Допты көлденең нысанаға бір қолмен лақтырады.<br>Допты екпінді қарқынмен жоғары, алға шығара отырып, айналдырып сермеп алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен лақтырады.<br>**«Диірменші»**<br>Массаж – суық тию ауруларының алдын алу.<br>Диірменші аспандап, бұлтта отырып ойнапты.<br>*Саусақтарын маңдайдың ортасынан самайға қарай жүргізеді.*<br>Қабының түбі тесіліп, ұны төгіліп қалыпты.<br>*Беттеріне саусақпен ақырын жыбырлатады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Массаж – суық тию ауруларының алдын алу.<br>Диірменші аспандап, бұлтта отырып ойнапты.<br>*Саусақтарын маңдайдың ортасынан самайға қарай жүргізеді.*<br>Қабының түбі тесіліп, ұны төгіліп қалыпты.<br>*Беттеріне саусақпен ақырын жыбырлатады.*<br>Балалар оған қуанып, бауырсақ жасап илепті.<br>*Жұдырығын түйіп, бас бармақтарымен мұрынның шеттерін уқалайды.*<br>Шаңғы, шанамен сырғанап, конькилермен билепті.<br>*Сұқ саусақ пен ортаңғы саусақтарын жазып, құлақтарының алды мен артқы жағын уқалайды.* | | Балалар оған қуанып, бауырсақ жасап илепті.<br>*Жұдырығын түйіп, бас бармақтарымен мұрынның шеттерін уқалайды.*<br>Шаңғы, шанамен сырғанап, конькилермен билепті.<br>*Сұқ саусақ пен ортаңғы саусақтарын жазып, құлақтарының алды мен артқы жағын уқалайды.* |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Қаңтар**<br>**Серуен кешені № 1**<br>**Термометр көмегімен ауа температурасын бақылау**<br>**Міндеттері:**<br>-балалардың термометрді қолданып ауа температурасын өлшеуептілігін бекіту,сынап бағанасы қызыл сызықтан жоғары болған кезде жылы екенін білдіретініне назар аудару;<br>-қаншалықты бағана жоғары болса,сонша жылы болады; цифрлар неше градус жылы болып тұрғанын анықтауға көмектеседі; әрбір сызық бір градусты білдіреді. | **Қаңтар**<br>**Серуен кешені № 2**<br>**Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.**<br>**Міндеттері***:*<br>-балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну;<br>-қатты желге назар аудару; -қатты жел әсіресе қаңтар айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Қыстсың кенже баласы ақпанбысың, | **Қаңтар**<br>**Серуен кешені № 3**<br>**Заттардың көлеңкесін бақылау.**<br>**Міндеттері***:*<br>-күннің жоғары тұрғанын анықтау, заттардың көлеңкесін,таңертең балалардың өздерінің көлеңкесін күн әлі жоғары шықпағанда және күндіз,ол әлі бастан жоғары тұрғанда бақылауға болады,көлеңкенің ұзындығын өлшеу,көлеңкеде заттар суығырақ, күннің көзінде жылырақ болатынына | **Қаңтар**<br>**Серуен кешені № 4**<br>**«Қардағы құс іздері»**<br>**Міндеті**:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету.<br>***Бақылау барысы***<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар | **Қаңтар**<br>**Серуен кешені № 5**<br>**Күн мен түн неге ауысады?**<br>**Міндеті**:Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.<br>**Бақылау барысы**<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.<br>**Балаларға сұрақтар.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>А.Асылбеков<br>**Қыс**<br>Қандай суық қыс деген?<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшынды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген.<br>Қандай қызық қыс деген?<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша-бауды, тауды да,<br>Болған ақ түспенен.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:**<br>Даладағы және топтағы ауа температурасын өлшеу.Қыста далаға қарағанда топтағы температура жоғары әрі жылы деген қорытынды жасау.Балалардың қызығушылығын,ақылды белсенділігін ояту.<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Барлық терезе әйнектеріне қарап болжам жасауға болады.Егер аяз болса онда қыраумен өрнекті көреміз.Егер күн жылы болса ,терезелерде қырау болмайды.<br>**Дидактикалық ойындар.Тәжірибелер мен эксперименттер.**<br>«Не жылы,не суық?»<br>Күннің көзінде әртүрлі заттар түрліше қызатыны туралы ұғымын кеңейту,себебі-олар әр түрлі материалдан жасалған,қызығушылығын дамыту.<br>**Еңбек**<br>Ауланы бірлесе отырып тазалау. | Аспан астың ораған ақ ьқармысың.<br>Алай-түлей бораның, язында,<br>Әппағым-ау аз –аздан шақтармысың?!<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Жайсыз ауа райы қандай болады?<br>♦ Олар қайдан пайда болады?<br>♦ Неліктен жайсыз деп айтамыз?<br>♦ Ауа райының қолайсыздығынан сабақтар неге болмайды?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қыс мезгілінде қар аралас жаңбыр жауған кездегімен,жай қар жауған күндерді елес әрі көктайғақ пайда болуын анықтау.<br>**Еңбек**<br>Ауланы қардан тазалау.<br>Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Үшінші артық»<br>Мақсаты:Шапшандыққа баулу.<br>Денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс білу.<br>**Жаңылпаштар:**<br>Қар аппақ,<br>дала аппақ-бәрі аппақ....<br>Қыс қыспаса, қыс па?<br>Құс ұшпаса, құс па? | көңіл аудару;<br>-балаларды күн аспанда қозғалады деген қорытындыға келтіру;<br>-бақыланған затқа қызығушылығын ояту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Қыс» Т. Молдағалиев**<br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br>Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың<br>**Баларға сұрақтар**<br>Балалар,қазір жылдың қай мезгілі ?<br>- Қыс айларын атап беріңдерші ?<br>- Қыстың ерекшеліктерін білесіңдер ме ?<br>- Далада ауа – райы қандай?<br>Қыз мезгілінде ауа райы қандай болады?<br>-аяз болады, жел соғады, қар жауады т.с.с Осы құбылысты не деп атаймыз?<br>-табиғат құбылыстары дейміз.<br>**Еңбек:**<br>Кішкентай балдырғандардың ойнайтын ауласын қардан тазарту.<br>Мақсаты: балаларды өздерінен кішілерге қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** алдағы тосқауылдан өтерде: жүгіру, еңбектеп | ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>*Мақсаты:*<br>— Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>— Жұмысты жоспарлау.<br>**Қимылды ойын**<br>«Ізбе із».<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>*Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.*<br>**Халық болжамы:**<br>*Қар көп болса, нан мол болады.<br>*Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.<br>*Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.<br>Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. | ♦ Жұлдыздар түнде қайда кетеді?*(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)*<br>♦ Күн неге батады? *(жер күнді айналады, соныктан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады.<br>Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу.<br>Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.<br>*Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Жердің күнді айналуы».<br>*Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту<br>«Шығырыққа лақтыру».<br>*Мақсаты:мергендіктерін дамыту.*<br>**Мақал-мәтел:**<br>Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты :**<br>—бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу;<br>—жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Доңгелек бойынша пас беру»**<br>Мақсаты: Әртүрлі әдіспен бір-біріне қар(доп) лақтыру және ұстай білуді бекіту.Физикалық қасиеттерін – шапшаңдылық,икемділікті дамытуды.Үйлестіру қимылдарын жетілдіру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Ұзындыққа секіру<br>*Мақсаты:*<br>Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету. | | жүгіруге, секіруге жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қақпашы»<br>Мақсаты:Жарысу элементтері бар спорттық ойындарға қызығушылығын дамыту.<br>**Еркін ойын:**<br>«Өз көлеңке суретін сал».<br>*Мақсаты:қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.* | | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Қадылбек Адия, Қадылбек Жания<br>Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, реакция шапшаңдығын дамыту. Спортпен шұғылдануға қызығушылығын қалыптастыру; дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте отырып, төзімділік пен жаттыққандықты арттыру. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере мен Ермекова Айбике<br>Теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Ермекова Айбике<br>Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. | **Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Қыс белгілері жайлы әңгімелесу,қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту. | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Сәулетбек Нұрәли<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті** | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі түсті ғаламшар»**<br>**Міндеттері:** бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты | **Танымдық-қимылды ойын**<br>**Дидактикалық ойын: «Сонша жина»**<br>**Міндет:** Топтарда | **Дидактикалық ойын:**<br>«Буынды айтып сөз құра» ойынын ұйымдастыру.<br>**Міндеттері:** Сөзді буынға бөле алу дағдыларын | **Дидактикалық ойын:**<br>«Қай мезгілде ойнаймыз?»<br>**Міндеттері:**<br>шығармашылық әңгіме құрау, қыс мезгілінің | **Танымдық-қимылды ойын: «Сәйкес қиықты таңда» дидактикалық ойыны**<br>**Міндет:**Тез шешім |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру.<br>**Дағды:** үлкен-кіші қадамдармен жүре білу дағдылары мен көзді жұмып кеңістікте қимылдай алуды.<br>**Ойынның шарты:**<br>**«Түрлі түсті ғаламшар»**<br>– бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу. Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады. | заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.<br>**Дағды:** Дербестікке тәрбиелеу. Басталған істі соңына дейін жеткізу дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады | бекіту; Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды:** дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту;<br>**Ойынның шарты:**<br>Педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы*: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б.* | ойындарын білу.<br>**Дағды:** қардың қандай болатынын білу, қыс мезгілінің ерекшеліктерін біле отырып табиғатты қорғай білуге дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойынның шарты:** Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту. | қабылдай алуға, жылдамдыққа, ептілікке, сыйластыққа үйрету.<br>**Дағды:** Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атауға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** Балалар тапсырманы орындайды, суреттен дөңгелек, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табады. Сәйкес пішіндермен сызып қосады. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:25-12:30** | **Ата –аналарға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,( өз жұмысы әжетханаға) | **Ата-анаға кеңес:**<br>Көңіл күйіңіз болмай тұрған кезде ешқашан да бала тәрбиесімен айналыспаңыз. Өз балаңызбен тығыз қарым-қатынас орнатуға тек қана Сіздің көтеріңкі көңіл күйіңіз, оң көзқарасыңыз ғана әсер етеді. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға | **Ата-анаға кеңес:**<br>Есіңізде болса, балаға үш негізгі қасиетті дарытуға міндеттісіз: шешім шығару, құрмет, жауапкершілік. Қандай жағдай болса да, еңсесін тік ұстайтын, жан-қоршаған адамдарына құрметпен қарайтын және | **Ата-анаға кеңес:**<br>Бір мезетте қатал да мейірімді бола біліңіз. Егер сіз балаңызға деген ыстық ықыласыңызды үнемі білдіре отырып, тек керек уақытында ғана ұрсатын болсаңыз, онда бұл сіздің тәрбиеңіз барысында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы.<br>Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.<br>Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Тәрбие сатылы деңгейде жүргізілгені дұрыс. Әр биікке өз уақытында, біртіндеп көтеріліп отырған дұрыс.<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | тырыспаңыз.Балаңызды тыңдауды үйреніңіз.Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.<br>Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз.<br>Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. | өз қадамдары үшін жауап бере алатын адамдар көп жағдайда табысқа жететіні белгілі. | міндетті түрде жемісін береді. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 15.01.24 | Сейсенбі 16.01.24 | Сәрсенбі 17.01.24 | Бейсенбі 18.01.24 | Жұма 19.01.24 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Математика негіздері** – ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Математика негіздері»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары:** **«**Ойын,зерттеу танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Сан-домино» | **Мүсіндеу**-шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті<br>**Құзыреттілік:** **Коммуникативтік дағдылары:** «Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Ізін тап» | **Дене шынықтыру** - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі іс - әрекет арқылы қимылды ойын.<br>**Құзыреттілік:** «Дене шынықтыру»<br>**Физикалық қасиеттері:** «Коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі»<br>**Дидактикалық ойын жаттығу:**«Чемпион болуға әзірмін»(Қай спорт түрі қызықтырады) | **Сауат ашу негіздері** – коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сауат ашу негіздері»<br>**Коммуникативтік дағдылары:**«Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Суреттер дыбыстап буын арқылы сөйлейді» | **Қоршаған ортамен танысу** - тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**Құзыреттілік:** «Қоршаған ортамен танысу»<br>**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:** **«**тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Әр құсқа өз орны» |
| **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге | № 24 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын** | № 25 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын** | № 26 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын** | № 27 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын** | № 28 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Таспамен жаттығулар орындау**<br>**№ 2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ. : түзу тұру,<br>1– қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді.<br>2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет).<br>2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға) бұрады (8 рет).<br>3.Б.қ.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғының артынан беру (8 рет).<br>4.Б.қ. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайта келеді (8 рет).<br>5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп, таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет)<br>6.Б.қ.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына да таспа ұстайды) (8 рет)<br>7.Б.қ.: бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет). | **қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Секіртпемен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 –басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 8 рет.<br>2.«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, секіртпені екіге бүктеп, төмен ұстау. 1-2 – аяқ басына көтеріліп, секіртпені жоғары созу; 3-4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>3.«Еңкею»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға (солға) еңкею; 3– денені түзеу, секіртпені жоғары көтеру; 4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>4.«Отырып-тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1-2 – отыру, секіртпені алдыға шығару;<br>3-4 – б.қ.қ.(6 рет).<br>5.«Қадам аттау, еңкею»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе екі жанына төмен түсірілген.<br>1 – оңға аттап, секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға еңкею;<br>3 – денесін түзеу,секіртпе жоғары;<br>4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>6.«Аяғынның басына жеткіз» | **қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Секіртпемен орындалатын жаттығулар**<br>**№2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; секіртпені екі жаққа салбыратып ұстап, шеңберге қарап тұру;<br>1– секіртпені жоғары көтеру,оң аяғын артқа басына қою;<br>2– б.қ.қ. Сол аяқпен қайталау (8 рет).<br>2.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– секіртпені жоғары көтеру; 2– алдыға еңкейіп, еденге қолдарын тигізу; 3– денені түзулеп, секіртпені жоғары көтеру;<br>4– б.қ.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарына секіртпені ұстап, кеуде тұсына ұстау. 1-2 – отырып, секіртпені алға созу.<br>3-4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>4.Б.қ. – негізгі тұрыс, тізерлеп тұру, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– оңға бұрылу, қолын сол жақ аяғының өкшесіне тигізу;<br>2– б.қ.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>5.Б.қ.: етпетінен жату, қолдарын секіртпе ұстап, шынтақтан бүгу; 1-секіртпені жоғары- | **қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гантельдермен жаттығулар орындау**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.;<br>3 –басын артқа шалқайту;<br>4 – б.қ. – 6 рет.<br>2.«Гантель жоғарыда»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, қолдарында гантельдер ұсталған,<br>1 – қолдарын екі жанына түзеп, айналдырып, жоғары көтеру; 2 – б.қ. – 6 рет.<br>3.«Гантельдер иықта»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы гантельдер екі жанына төмен түсірілген;1 – қолдарын шынтақтан бүгу, гантельдерді иықтарына әкелу; 2 – б.қ. – 6 рет.<br>4.«Еңкею»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1 – алдыға еңкейіп, гантельдерді еденге қою; 2 – б.қ.;<br>3 – еңкейіп, гантельдерді алу;<br>4 – б.қ. – 6 рет.<br>5.«Секіру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1–8 бір аяқпен секіру. | **қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Акробатика элементтері бар жаттығулар.**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Алдыға қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – оң жағына қарай қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу;<br>2 – бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (8 рет)<br>2.«Бұрыш»<br>Б.қ. – артына қолдарымен тіреліп, еденге отыру; 1– аяқтарын 45°бұрыш жасап көтеріп, ұстап тұру (8-ге дейін санағанша); бастапқы қалыпқа келу (5 рет қайталау).<br>3.«Қолдарын алдына кеуде тұсына ұстау»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, аяқтары иық еніндей қойылған.<br>1– қолдарын кеудесінде бүгіп ұстау; 2 – оңға бұрылу, қолдарын екі жаққа жазу; 3 – қолдарын кеудесінде ұстау;<br>4 – б.қ. Сол жағына осы қимылдарды қайталау (8 рет)<br>4.«Қолдары тізеде»<br>Б.қ. – аяқтары параллель, қолдары дене бойымен төмен түскен. 1 – қолдарын екі жаққа жазу;<br>2 – оң аяғын бүгу, қолдарын тізесіне қою; 3 – аяғын түсіру, қолдарын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе екі жанына төмен түсірілген.<br>1 – секіртпені жоғары көтеру; 2 – алдыға еңкейіп, секіртпені оң (сол) аяқтың басына тигізу;<br>3 – денені түзеп, секіртпені жоғары көтеру;<br>4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>7.«Секіру»<br>Б.қ. – аяқтарының арасы ашық, секіртпе артта төмен; екі аяқпен бірге секіртпені айналдыра отырып секіру. | алдыға шығару; 2– б.қ.қ.<br>6.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1 – оң аяғын бүгіп, секіртпені тізесіне қою; 2– б.қ.қ. Сол аяқпен сол қимылдарды қайталау. (8 рет)<br>7.Б.қ. – секіртпені еденге қойып, секіртпеге қырындап тұру; секіртпеден аттап, қырындап секіру. Секіруді жай жүріспен кезектестіріп орындау. (2-3 рет) | | қайта екі жаққа жазу. Сол аяғымен сол қимылдарды қайталау (9 рет).<br>5.«Қарлығаш»<br>Б.қ. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет).<br>6.«Қорапша»<br>Б.қ. – еденге етпетінен жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет<br>«Көпір»<br>Б.қ. — жерде жату, қолдарымен басынан асырып, еденге тірелу. Қол-аяғына тіреліп, денесін жерден көтеру – 5 рет. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҮІӘ уақыты:**<br>09.00<br>11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **15.01.24**<br>**Дүйсенбі** | **16.01.24**<br>**Сейсенбі** | **17.01.24**<br>**Сәрсенбі** | **18.01.24**<br>**Бейсенбі** | **19.01.24**<br>**Жұма** |
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Заттың бірнеше тең бөліктері (танымдық іс-әрекеті)<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Дыбыстың сөздегі орны[т]<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету;<br>-берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br>-дербес жұмыс істеу алуға | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Заттың бірнеше тең бөліктері (ойын,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Заттың бірнеше тең бөліктері (ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.;<br>-сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру;<br>-дербес жұмыс істеу алуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету;<br>бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік»;<br>-есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Дағды:** Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту,<br>-бөліктерден пішін құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды; **Түсінеді:** затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** бөліктерден пішін құрастыруды;<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балаларға шаршылар, дөңгелектер, сопақшалар, тіктөртбұрыштар таратады. Одан кейін тақтаға геометриялық пішіндердің бөлшектерінен құрастырылған жапсырманы іледі. Жапсырманы талдайды.<br><br>-Сендер жапсырмадан не көріп тұрсыңдар?<br>Саңырауқұлақтың қалпағы жасалған пішінді қалай | және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: сөздегі дыбыс санын анықтап, сөздерді буынға бөле білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**дыбыстың сөз ішіндегі орнын анықтайды.<br>**Түсінеді:** дыбыстардың сөз ішінде өз орындары бар екенін түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстар туралы білімдерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***«Жалпы атауын ата»*** ойынын педагог ойнатады.<br>1. Автобус, такси, трамвай – ... *(көліктер)*<br>3.Қыс, көктем, жаз, күз – ... *(жыл мезгілдері)*<br>Кептер, қарға, сауысқан – ... *(құстар)*<br>Қызанақ, қияр, қызылша – ... *(көгөністер)*<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз  бірақ естиміз, айтамыз.<br>Дыбыстар қандай  болып бөлінеді?<br>Дауысты, дауыссыз.<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстар  әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар  ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.<br>Дауысты дыбыстарды | тұжырымдар жасау;<br>белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету;<br>бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік»;<br>-есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Дағды:** Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту,<br>-бөліктерден пішін құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** бөліктерден пішін құрастыруды;<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балаларға шаршылар, дөңгелектер, сопақшалар, тіктөртбұрыштар таратады. Одан кейін тақтаға геометриялық пішіндердің бөлшектерінен құрастырылған жапсырманы іледі. Жапсырманы талдайды.<br> | үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету;<br>бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік»;<br>-есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Дағды:** Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту,<br>-бөліктерден пішін құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды; **Түсінеді:** затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;<br>**Қолданады:** бөліктерден пішін құрастыруды;<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балаларға шаршылар, дөңгелектер, сопақшалар, тіктөртбұрыштар таратады. Одан кейін тақтаға геометриялық пішіндердің бөлшектерінен құрастырылған жапсырманы іледі. Жапсырманы талдайды.<br> | және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөздің дыбыс санын анықтайды, дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:**дыбыстардың жасалу жолын.<br>**Қолданады:**дыбыстарды ажыратады, сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?<br>Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады? 4) Буында неше дауысты дыбыс болады?<br>«Жалауша»дидактикалық ойыны<br>Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>«Тиісті белгіні көтер»дидактикалық жаттығуы<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда,  сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атауға болады?<br>Дөңгелек бөліктерге бөлінген. Мына бөлік - жартысы. Пішіндерді ортасынан бөлуді үйренеміз. Ол үшін дөңгелектің жиектерін сәйкестендіріп мұқият бүктейміз. (Үлкен көрнекі құралда көрсетеді).<br>**Түсіну деңгейі: Практикалық жұмыс жүргізеді**<br>Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді.<br>- Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек) Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бір- бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді.<br>Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең)<br>Неше бөлік шықты? (екі)<br>-Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады.<br>Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі.<br>Педагог жасыл дөңгелекті алады.<br>Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді.<br>Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең)<br>Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт)<br>Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады.<br>Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі.<br>Сонымен қатар педагог | қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>**Түсіну деңгейі:** «Сөз тізбек» дидактикалық ойыны<br>Педагог қандай да бір сөзді айтып, допты бір балаға береді, сөз аяқталған дыбыстан бала бір сөз айтып, допты келесі балаға береді.<br>Мысалы: *бақа-алма-алмұрт- темір-рауғаш-шахмат-тал-лақ т.б.*<br>Ойын өстіп жалғасын табады. Сөздегі бірінші дыбыс пен соңғы дыбысты айқынырақ айтып отыру керек.<br>Сөз тізбегін ойнау барысында сендер нені көңіл бөліп тыңдауды үйрендіңдер? (Дыбыстарды).<br>**Дыбыстармен жұмыс**<br>Сызбаны тақтаға іледі.<br>Сөздер дыбыстардан тұратынын білесіңдер, дыбыстар жеке тұрғанда ештеңені білдірмейді. Мысалы а, б, қ. Осылай айтсақ, ешкім ештеңе түсінбейді. Егер осы дыбыстарды қосып, «бақ», – деп айтсақ, онда бәріміз жеміс бағы туралы айтылғанын білеміз. Әр дыбыстың сөз ішінде өз орны бар. Мысалы «лақ» сөзінде:<br>«Л» дыбысы бірінші тұр;<br>«а» дыбысы екінші тұр;<br>«қ» дыбысы үшінші тұр. Әр | <br>-Сендер жапсырмадан не көріп тұрсыңдар?<br>Саңырауқұлақтың қалпағы жасалған пішінді қалай атауға болады?<br>Дөңгелек бөліктерге бөлінген. Мына бөлік - жартысы. Пішіндерді ортасынан бөлуді үйренеміз. Ол үшін дөңгелектің жиектерін сәйкестендіріп мұқият бүктейміз. (Үлкен көрнекі құралда көрсетеді).<br>**Түсіну деңгейі: Практикалық жұмыс жүргізеді**<br>Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді.<br>- Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек)<br>Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бір- бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді.<br>Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең)<br>Неше бөлік шықты? (екі)<br>-Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады.<br>Уақыт беріп, дөңгелекті | <br><br>-Сендер жапсырмадан не көріп тұрсыңдар?<br>Саңырауқұлақтың қалпағы жасалған пішінді қалай атауға болады?<br>Дөңгелек бөліктерге бөлінген. Мына бөлік - жартысы. Пішіндерді ортасынан бөлуді үйренеміз. Ол үшін дөңгелектің жиектерін сәйкестендіріп мұқият бүктейміз. (Үлкен көрнекі құралда көрсетеді).<br>**Түсіну деңгейі: Практикалық жұмыс жүргізеді** | дөңгелекті көтереді.<br>**Түсіну деңгейі:** «Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны<br>*Н* дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліңдер, қанша буын атасыңдар.<br>*Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.*<br>*Р* дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.<br>*Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең.*<br>Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.<br>«Сөздерді буынға бөл»дидактикалық жаттығуы<br>– Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер.<br>Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б. **Дәптермен жұмыс**<br>Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.<br>Суретке қара. Жыл мезгілдерінің қайсысы **к** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қосымша қоңыр жолақты алады.<br>Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр.<br>Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді.<br>Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді.<br>Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? (тең)<br>Қанша бөлік шықты? (үш)<br>-Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды.<br>Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік)<br>Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға көмектеседі.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.**<br>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды.<br>Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады.<br>Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз.<br>Оны қалай жасауға болады? (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз).<br>Сосын 4 бөлікке. (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз)<br>Қорытынды жасайды, тең | айтылған дыбыстың өз орны бар. Егер дыбыстарды дұрыс айтпасақ, сөз дұрыс құралмайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Дұрыс тап» дидактикалық ойыны<br>Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар.<br>Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер.<br>Л дыбысын орнан анықтаймыз.<br>Мысалы: (п) піл, апа, қап.<br>Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін.<br>***«Дыбыстың сөздегі орнын тап»дидактикалық жаттығуы*** *Педагог сөз сызбасын тақтаға іледі.*<br>Балалар, **піл, апа, қап** сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық. Сызбаларға белгілейік.<br>Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын айтады.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Алақанның біреуін,<br>Кері қарай бұрайық.<br>Алақаны демалсын,<br>Қол үстінен ұрайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Кенгуру»** | екі бөлікке қиюға көмектеседі.<br>Педагог жасыл дөңгелекті алады.<br>Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді.<br>Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең)<br>Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт)<br>Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады.<br>Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі.<br>Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады.<br>Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр.<br>Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді.<br>Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді.<br>Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? (тең)<br>Қанша бөлік шықты? (үш)<br>-Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды.<br>Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды.<br>Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік)<br>Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға көмектеседі.<br>**Қолдану деңгейі:** | Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді.<br>- Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек) Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бір- бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді.<br>Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең)<br>Неше бөлік шықты? (екі)<br>-Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады.<br>Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі.<br>Педагог жасыл дөңгелекті алады.<br>Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді.<br>Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең)<br>Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт)<br>Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады.<br>Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі.<br>Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады.<br>Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр.<br>Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді.<br>Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді.<br>Жолақты қандай бөліктерге | дыбысынан басталады?<br>Суреттен **к** дыбысы естілетін сөздерді ата.<br>Буынға бөл.<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Мұз»** сөзінің дыбыстық сызбасы.<br>**«Мұз»** сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>З – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Сергіту сәті :**<br>**«Мысық»**<br>Басты иіп, алға созыл керіліп,<br>Жиналамыз артқа қайта шегініп.<br>Тағы созыл алға қара қиылып,<br>Бүкірейтіп көтер арқаны жиырып.<br>**Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)**<br>3. Үзік сызықтарды бастыр.<br>Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.<br>Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Саусағымыз айқасып,<br>«Жеңемін» деп шайқасып,<br>Бірін-бірі тартады.<br>Білекке сенім артады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек).<br>-Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты?<br>(Екі кішкентай тіктөртбұрыш).<br>Ал шаршының төрттен бірі?<br>(Ол да шаршылар, бірақ кішкентай).<br>Жартылар тең бе екенін тексерейік.<br>Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз.<br>Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері.<br>Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б.<br>Осыдан кейін ол парталарға өрнек немесе ою-өрнек шығаруды ұсынады, мысалы,мынадай:<br>**Проблемалық сұрақ:** Не көп: бүтін бе, әлде бөлік пе? Талқылайды, бүтін бөліктен көп деген қорытынды жасайды.<br>***Сергіту сәті***<br>*Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым Алдыға қарай бір адым* | Тіземізді сәл-сәл бүгіп тұрамыз, Секіреміз ыршып, кенгуру боламыз.<br>Қайталаймыз тағы алға секіріп,<br>Демаламыз енді бәріміз тұрып.<br>Биікке секіріп, сәл демалайық,<br>Тағы секірейік, кенгуру болайық.<br>Биікке секіріп, ыршып алайық,<br>Тағы секірейік, кенгуру болайық. | **«Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.**<br>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды.<br>Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады.<br>Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз.<br>Оны қалай жасауға болады? (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз).<br>Сосын 4 бөлікке.<br>(жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз)<br>Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек).<br>-Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты?<br>(Екі кішкентай тіктөртбұрыш).<br>Ал шаршының төрттен бірі?<br>(Ол да шаршылар, бірақ кішкентай).<br>Жартылар тең бе екенін тексерейік.<br>Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз.<br>Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері.<br>Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін | бөлдім? (тең)<br>Қанша бөлік шықты? (үш)<br>-Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды.<br>Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік)<br>Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға көмектеседі.<br>**Қолдану деңгейі: «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.**<br>Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды.<br>Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады.<br>Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз.<br>Оны қалай жасауға болады? (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз).<br>Сосын 4 бөлікке.<br>(жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз)<br>Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек).<br>-Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты?<br>(Екі кішкентай тіктөртбұрыш). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жоғары төмен қарайық*<br>*Орнымызды табайық.*<br>**1-тапсырманы** орындауды ұсынады, бүтін мен бөліктердің үстінен саусағыңмен жүргіз.<br>Педагог жиегі бойынша бүкіл шеңберді, шеңбердің бір бөлігін дұрыс көрсетуге көмектеседі. Сонымен қатар, бүтін, жарты, төрттен бір, үштен бір - сөздерін айтуға көмектеседі.<br>-Қарбыз қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>Олардың саны қанша?<br>(екі бөлік)<br>Қарбыздың бір бөлігін қалай атауға болады? (жарты)<br>Алманы қандай бөліктерге бөлген?(тең)<br>Олардың саны қанша?<br>(төрт бөлік)<br>Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (төрттен бір)<br>Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (тең)<br>Олардың саны қанша?<br>(үш бөлік)<br>Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады?<br>(үштен бір)<br>Педагог сөздерді қайталауды ұсынады: жарты, төрттен бір, үштен бір бөлігі. | | фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б.<br>Осыдан кейін ол парталарға өрнек немесе ою-өрнек шығаруды ұсынады, мысалы,мынадай:<br>**Проблемалық сұрақ:** Не көп: бүтін бе, әлде бөлік пе?<br>Талқылайды, бүтін бөліктен көп деген қорытынды жасайды.<br>***Сергіту сәті***<br>*Оңға, оңға түзу тұр,*<br>*Солға, солға түзу тұр.*<br>*Артқа қарай бір адым*<br>*Алдыға қарай бір адым*<br>*Жоғары төмен қарайық*<br>*Орнымызды табайық.*<br>**2 тапсырманы** орындауды ұсынады.<br>Қандай бөлігі жетіспейді?<br>(Жартысы)<br>Суретті аяқтап сал.Үлгі бойынша штрихта. | Ал шаршының төрттен бірі?<br>(Ол да шаршылар, бірақ кішкентай).<br>Жартылар тең бе екенін тексерейік.<br>Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз.<br>Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері.<br>Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды.<br>Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б.<br>Осыдан кейін ол парталарға өрнек немесе ою-өрнек шығаруды ұсынады, мысалы,мынадай:<br>**Проблемалық сұрақ:** Не көп: бүтін бе, әлде бөлік пе?<br>Талқылайды, бүтін бөліктен көп деген қорытынды жасайды.<br>***Сергіту сәті***<br>*Оңға, оңға түзу тұр,*<br>*Солға, солға түзу тұр.*<br>*Артқа қарай бір адым*<br>*Алдыға қарай бір адым*<br>*Жоғары төмен қарайық*<br>*Орнымызды табайық.*<br>**3-тапсырма** - логикалық ойлау мен зейінді дамытуға арналған. Фигуралардың бөліктерін сызықпен бір | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бүтінге қосуды ұсынады.<br>**4 -тапсырманы** орындауды ұсынады, онда заңдылықты орнатып, қатарды жалғастырады. Моншақтарды бастырып сызады, бояйды. | |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Аз қозғалмалы ойын: «Доп капитанға»**

**Басты міндеттері: допты бір-біріне қарсылас команда ойыншыларының кедергі жасауына қармай лақтырып ұстауға үйрету.**

**II БӨЛІМ Сөзді, әуенді және қимылды біріктіру**
**Ритмика, логоритмика, дауыс арналған артикуляциялық жаттығулар.**

| | | |
|---|---|---|
|  | ***Күрекше***<br>Жалпақ тілді төменгіерінге қойып, шығарып ұстап тұру – 1 – 10 дейін ұстап тұрып санау. |  |
|  | ***Ине***<br>Тілінің ұшын алға шығарып – 1 – 10 дейін ұстап тұрып санау, «ине» тәрізді. |  |
|  | ***Жылан***<br>Ерін «Жымию», жалпақ тілді көтеріп, алға-артқа қозғап, «жылан» тілі тәрізді |  |





**Аз қозғалмалы ойын: «Доп капитанға»**
**Міндеттері:** допты бір-біріне қарсылас команда ойыншыларының кедергі жасауына қармай лақтырып ұстауға үйрету.
**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.
**Керекті құралдыр:** резеңке доп немесе волейбол добы, ысқырық.
**Мазмұны.**
Ойыншылар екі командыға бөлінеді. Әр команда өзіне капитан сайлайды.
Ойын алаңының қарама-қарсы бұрыштарынан 1 метр қашықтықта екі сызық жүргізіп, капитанның тұратын жерін басқа ойыншылардан бөліп қояды. Қалған ойыншылар араласып алаңда тұрады.
Ойын бастаушы алаңның ортасындағы сызықтың үстінде тұрып командалардың екі ойыншысының арасынан допты лақтырады.
Допты қағып алған ойыншы өз капитаны жақта жақын тұрған ойыншыға лақтырып береді.
Қарсылас команда ойыншылары өз капитанына лақтыру үшін допты ұстап алуға әрекет жасайды. Осындай тартыс кезінде қай команда капитанына допты лақтырып бере алса, соларға бір ұпай жазылады.
**Ойынның ережесі.**
1. Капитан тұрған жердің сызығын басуға болмайды.
2. Капитанға ұшып келе жатқан допты ғана ұстауға болады.
3. Ойыншы доппен тек екі қадам ғана жасай алады.
4. Доппен жүгіруге, жерге соғып ыршытуға болмайды.

| | | |
|---|---|---|
|  | ***Әткен шек***<br>Ерін «Жымию», жалпақ тілді төменгі-жоғары тістерге тигізіп, «әйткеншек» тәрізді қозғалту. |  |
|  | ***Тіс тазалау***<br>Ерін «Жымию», тілінің ұшымен тістерді тазалау. |  |
|  | ***Мысықтың арқасы***<br>Ерін«Жымию», тілдің ұшын төменгі тістерге тіреп, тілдің ортасын көтеріп ұстап тұру, еркелеп тұрған мысық тәрізді |  |



5. Доп үшін бірін-бірі итеруге, жұлқуға болмайды.
**Әдістемелік нұсқаулар.**
Бұл ойынды оқушылар доппен орындайтын жаттығуларды жақсы меңгергенде ойнатса, ойын қызықты өтеді. Әр команданың киетін киімдері немесе қолдарына байлайтын арнаулы байлағыштары болуы қажет. Ойын ережесінің дұрыс сақталуын қадағалап отырған жөн.
Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойын барсында тез, шұғыл шешімге келуге үйренеді. Жан-жағын жылдам барлап, өз командасының ойыншысына допты дәлдеп лақтырып, әр уақытта одан допты тосып, қағып алуға дайын тұрады. Жасаған жұмысын мұқият, тиянақты орындауға жаттығады.

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қыс қызықтары.(қайталау, тілдік қарым-қатынас,жаттау)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қыс белгілері жайлы әңгімелесу;<br>-балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту;<br>-табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Үй жануарларының қандай пайдасы бар?<br>(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:** -үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бір уыс мақта. (әңгіме кейіпкерлерімен танысу)<br>Ыбырай Алтынсарин<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу;<br>-әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қаңтар. (Өлең) (Ә.Дүйсенбиев).<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br>-балаларға өлең жаттатқызу,мақал-мәтел,жаңылтпашты қайталату,сөздік қорларын дамыту. | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Бір уыс мақта. (әңгіме кейіпкерлерімен сомдау)<br>Ыбырай Алтынсарин<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу;<br>-әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дағды**: шығармашылық әңгіме құрауға, қойылған сұрақтарға еркін жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** шығармашылық әңгіме құрайды, қыс мезгілінің ойындарын бөледі;<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын түсінеді, қардың қандай болатынын ;<br>**Қолданады:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай?<br>-Қардың түсі қандай?<br>-Қар қайтіп жауады?<br>-Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>-Бүгін аптаның нешінші күні?<br>–Бейсенбі.<br>-Қыс мезгілі, тамаша мезгіл, қандай ойын ойнайсыңдар?<br>-Бәріміз асыға күтетін мерекеміз қандай мереке?<br>Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық.<br>*Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне ештең тастағың келмейді.*<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Қыс мезгілінде сендер қармен көп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым.<br>Қар туралы «Қар қандай?» | түсініктерін жинақтау; үй жануарлары мен жабай аңдардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету;<br>-тірі нысанды суреттеу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарымқатынас жасауға үйрету.<br>**Дағды**: -үй жануарларының әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы пікірлерін айтқызу арқылы кез-келген тақырып бойынша ойларын еркін жеткізе білуге баулу;<br>-сөздік қорларын молайту;<br>-бір - біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үй жануарларының түрлерін атап береді, үй жануарлары мен жабайы аңдардың бір-бірінен ажыратады.<br>**Түсінеді**: адамға әкелетін пайдасын түсінеді.<br>**Қолданады**: коммуникативтік байланыс орната біледі, топпен жұмыс істей алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Суреттерді қарап шығып, үй жануарларын атайды және олардың жабайы аңдардан айырмашылығын табады.<br>Адамдар үй жануарларына қалай күтім жасайды?<br>Талқылауға Қуаныш та | құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру;<br>-сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады;<br>**Түсінеді:** әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** –<br>«Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? *(Мақта)*<br>– Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.<br>– Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі – | -табиғатты сүюге баулу.<br>**Дағды**: өлең ішіндегі сөздерден, дауыссыз дыбыстарды таба білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды**: педагогпен бірге қайталап өлеңді жаттайды;<br>**Түсінеді:**өлең мазмұнын ,қардың «жапалақтап», «түйіршектеніп" жауатынын;<br>**Қолданады:**өлең ішіндегі сөздерден, дауыссыз дыбыстарды табуды<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Иә, балалар, жылдың қай мезгіл басталды?<br>Қыс мезгілі қай мезгілдің соңынан келеді?<br>Дұрыс, күз мезгілінің соңғы айы қарлы, суық болып, жаңбырлатып, арты қарға ұласады. Міне, сөйтіп қыс мезгілінің алғашқы айы да басталады.<br>Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді.<br>Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме?<br>Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады.<br>Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», | құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру;<br>-сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әңгіменің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, әдеби жанрдың түрін ажыратады;<br>**Түсінеді:** әр заттың пайдасы бар екенін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** –<br>«Өзі аппақ қардай, жұмсақтығы мамықтай». Ол не? *(Мақта)*<br>– Мақта – жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киімдер дайындайды, көрпе жасайды.<br>– Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ертегісін оқып берейін.<br>«Қар қандай?»<br>Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтайды. Ұшып жүріп сұрақ қояды:<br>Қар қандай болушы еді?<br>Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң.<br>Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан.<br>Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп.<br>Жып-жылы шығар, – деп жауап қатады Тауық.<br>Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел.<br>Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары.<br>Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай.<br>Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олар әртүрлі болып шығады.<br>Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге?<br>**Қолдану деңгейі:** Балалар енді **«қыс»** сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен.<br>**Қ**– дауыссыз дыбыс.<br>**Ы** – дауысты дыбыс.<br>**С**– дауыссыз дыбыс.<br>Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?<br>Ал дауыссыз дыбысты ше?<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Қай мезгілде ойнаймыз?»** | қатысады. Балалар «Адамдар үй жануарларын неге ұстайды және олардың қандай пайдасы бар?» деген сұраққа жауап іздейді. Неге үйде мысық пен ит ұстайды? Адамдар қандай жануарлардан жүн алады? Неліктен адамдар түйе, сиыр, жылқы, қой мен ешкіні үй жануары деп атаған? Олардың төлдерін қалай атайды?<br>**Түсіну деңгейі: Балаларды зерттеу жұмысына қатысуға шақырады** (әліппе-дәптердегі тапсырма): жануарлар терісінің түрлерін зерттеу. (Қой, ешкі мен қоянның терісін салыстырып, үлкейткіш әйнектің көмегімен қарап шығады).<br>Педагог балаларды сұрақтардың жауабын бірігіп іздеуге жұмылдырады: Сендер қалай ойлайсыңдар, жануарлар әрқашан адамның жанында тіршілік етті ме? Сендер ит, мысық сынды өзгеде үй жануарларының арғы атасы кім болғанын білесіңдер ме? Үй жануарлары орманда өз бетінше тіршілік ете ала ма еді? Орманда оларға қандай қауіп төніп тұр? Адамдар жабайы аңдарды өте ерте замандарда қолға үйреткен. Иттердің арғы атасы – қасқырлар, үй мысығының арғы атасы – жабайы мысық, сиырлардың атасы – жабайы бұқалар, | әңгіме екенін түсіндіру. Әңгіменің басқадан ерекшелігі – қысқа оқиғаны баяндайды.<br>Әңгімені мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Күн өтпей жатып* – бір күннің ішінде болған оқиға.<br>*Шапан* – қазақтың ұлттық сырт киімі.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Әңгіме қалай аталады?<br>Кішкентай қыз не істеп отырды?<br>Анасы қызына қандай ақыл айтты?<br>Қыз мақтаның қалған қиқымын қайда лақтырды?<br>Оны не алып кетті?<br>Анасы оған не деді?<br>Әңгімені қалай аяқтауға болады?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Торғай болып ұшайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жақсы сергіп қалайық.<br>Әңгімені есімізге түсіріп қайталайық.<br>*Күн өтпей жатып, шапан* сөздерінің мағынасын қайталау.<br>3-4 балаға сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелету.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда.<br>Анасы мен қызы не істеп отыр?<br>Анасы мен қызы терезеден | «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық.<br>Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады.<br>Қар – жұмсақ ұлпа.<br>Педагог сөздік жұмысын жүргізеді. Түйіршік – түйір-түйір ,<br>Ұлпа – жұмсақ, нәзік,<br>*Жапалақтап* сөзінің мағынасын айтып түсіндіреді.<br>*Жапалақтап – жалпақ, үлкен қарлардың көп жаууы.*<br>Балалар, қыс мезгілін суреттеп, өлең, әңгіме жазған көптеген ақын, жазушылар бар. Бүгін сендер Ә.Дүйсенбиевтің "Қаңтар" өлеңін жаттап аласыңдар. Бұл ақынның "Ақ мамам", "Ақылшым – мұғалім", "Қарлығаш", "Не деу керек?" деген балаларға арналған өлеңдері бар.<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді.<br>**Қаңтар**<br>Лебі мұздай ызғарлы,<br>Алып келді қыс қарды.<br>Қысқы түндер ұзарды,<br>Ұзақ күндер қысқарды.<br>Аяз сүйіп қарсы алған,<br>Жердің аппақ тұлғасы.<br>Басталады қаңтардан,<br>Қыс айының ортасы.<br>Балалар, мен өлеңді тағыда мәнерлеп оқып беремін, сендер естеріңе сақтап қалыңдар. | әңгіме екенін түсіндіру. Әңгіменің басқадан ерекшелігі – қысқа оқиғаны баяндайды.<br>Әңгімені мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Күн өтпей жатып* – бір күннің ішінде болған оқиға.<br>*Шапан* – қазақтың ұлттық сырт киімі.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Әңгіме қалай аталады?<br>Кішкентай қыз не істеп отырды?<br>Анасы қызына қандай ақыл айтты?<br>Қыз мақтаның қалған қиқымын қайда лақтырды?<br>Оны не алып кетті?<br>Анасы оған не деді?<br>Әңгімені қалай аяқтауға болады?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Торғай болып ұшайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жақсы сергіп қалайық.<br>Әңгімені есімізге түсіріп қайталайық.<br>*Күн өтпей жатып, шапан* сөздерінің мағынасын қайталау.<br>3-4 балаға сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелету.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда.<br>Анасы мен қызы не істеп отыр?<br>Анасы мен қызы терезеден |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту. | шошқалардың атасы – жабайы қабандар, жылқылар мен есектердің атасы – жолақ құландар.<br>Жануарлардың тұратын жерлерін атап береді: сиырлар (сиыр қорада, фермада), жылқылар (ат қорада), қойлар (қой қорада) тұрады.<br>Үй жануарлары орманда тіршілік ете алмайды.<br>Себебі олар ондай жағдайда тіршілік етуге үйренбеген.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Кездейсоқ бірігу» техникасының көмегімен бірнеше топқа бөлінуге шақырады.** Геометриялық фигуралар бейнеленген карточкаларды тарату арқылы; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, гүлдердің, жануарлардың атауларына қарай.<br>Педагог сұрақтар немесе ескертпелердің көмегімен балалардың топтағы жұмысына бағыт сілтеп отырады. Сол арқылы мәліметтерді дұрыс қабылдауға, дұрыс сөйлеуге үйретеді: Қандай дыбыс шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі?<br>Балалардың назарын иттердің үйде және аулада өсірілетініне аударады.<br>Үйде ұстайтын иттің астына төсем төселеді, ал аула иттері үйшікте жатады.<br>Үйшіктің жанында ылғи ыдыс тұрады. Ол – иттің итаяғы. Қосымша мәлімет береді: әдетте, үйшіктің | нені көрді?<br>Торғайдың аузындағы не деп ойлайсың?<br>Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің?<br>**Бір уыс мақта**<br>(әңгіме)<br>Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отырды. Шешесі қасында отырып, оған ақыл айтыпты:<br>Балам, дүниедегі жаратылған жанды-жансыздардың керексіз болып, жерде қалатыны болмайды, – депті.<br>Шешесі сол сөзді айтып отырғанда қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастапты.<br>Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қоймас, – депті.<br>Шешесі:<br>Балам, ол да жерде қалмайды, – депті.<br>Осылайша сөйлесіп терезеден қарап отырса, мақтаны жел көтеріп ұшырады, мұны бір торғай көріп, қуып барып, мақтаны тұмсығымен тістеп алып, ұшып кетеді.<br>Қыз мұны көріп әжесінен:<br>Жаңағы мақтаның қиқымын бір торғай тұмсығымен тістеп алып кетті, оны не қылады? – деп сұрапты.<br>Шешесі:<br>Көрдің бе, балам, күн айналмай-ақ жаңағы айтқан сөздің келгенін. Ол | Балалар, менімен бірге өлең жолдарын қайталайық.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Мақал-мәтелдер<br>1. Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні.<br>2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер  аязы.<br>3.Қыс қамыңды жаз ойла.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Дауыссыз дыбыстарды анықта».<br>Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс.<br>Тапсырма ауызша орындалады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолды белге қояйық.<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір.<br>Бір, екі, үш<br>Бір, екі ,үш (мұрнымен дем алып)<br>Демімізді алайық. | нені көрді?<br>Торғайдың аузындағы не деп ойлайсың?<br>Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің?<br>**Бір уыс мақта**<br>(әңгіме)<br>Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отырды. Шешесі қасында отырып, оған ақыл айтыпты:<br>Балам, дүниедегі жаратылған жанды-жансыздардың керексіз болып, жерде қалатыны болмайды, – депті.<br>Шешесі сол сөзді айтып отырғанда қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастапты.<br>Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қоймас, – депті.<br>Шешесі:<br>Балам, ол да жерде қалмайды, – депті.<br>Осылайша сөйлесіп терезеден қарап отырса, мақтаны жел көтеріп ұшырады, мұны бір торғай көріп, қуып барып, мақтаны тұмсығымен тістеп алып, ұшып кетеді. Қыз мұны көріп әжесінен:<br>Жаңағы мақтаның қиқымын бір торғай тұмсығымен тістеп алып кетті, оны не қылады? – деп сұрапты.<br>Шешесі:<br>Көрдің бе, балам, күн айналмай-ақ жаңағы айтқан сөздің келгенін. Ол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қасында екі итаяқ тұрады: біріне су, екіншісіне тамақ салынады. Қожайын итке тамақты белгілі бір уақытта құйып отырады.<br>Сұрақтарға жауап береді: Иттің өзіне тән белгілері қандай? Сиырдың ше? Олардың арасында ұқсастық бар ма?Айырмашылықтары қандай?<br>**«Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны.**<br>Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды. Жылқыларға арнап жылқы қора салады.<br>Балалар ойынға қосылады. Егер балалар педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап береді. | кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді, – депті.<br>*Ыбырай Алтынсарин* | | кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді, – депті.<br>*Ыбырай Алтынсарин* |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| *2 үзіліс – 10:00 – 10:30* | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Жүгіруге арналған ойын: «Төрт баған»**<br>**Басты міндеттері: доп соғу мен тез бұлтарып жүгіру арқылы жеке басының қимыл-қозғалыс әрекеттерін үйлестіруге үйрету.** | | | | | |

**Дыбыстық есту арқылы ойын:**
**«Менімен қайтала»**
**Мақсаты:** Балаларды «а», «у» дыбыстарын сөздерде, буындарда таза, анық айтуға үйрету: гу, му, ну, ух,
**Шарты:** - Сендерде қандай ойыншықтар бар екенін көрейік: тауық, қаз, балапан, бұзау,
Балалар картачкалардағы суреттерге қарап нелер бар екенін атай отыра олардың қалай дыбыс білдіретіндерін айтады.
Маса өлеңі- зу-зу-зу
Қоңыз өлеңі- жу-жу-жу
Даулпаз өлеңі- бум-бум-бум
Пойыз өлеңі- чух-чух-чух
Сиыр өлеңі - му-му-му
Көкек өлеңі- ку-ку-ку
Құбыр (дудочка- ду-ду-ду) өлеңі-ыр-ыр-ыр (Музыкалық құбыр)
Жел өлеңі- у-у-у-у





**Жүгіруге арналған ойын: «Төрт баған»**
**Міндеттері:** доп соғу мен тез бұлтарып жүгіру арқылы жеке басының қимыл-қозғалыс әрекеттерін үйлестіруге үйрету.
**Дағды:**Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.
**Керекті құралдар:** кішкентай резеңке доп.
**Мазмұны.**
Балалар араларынан екі капитан сайлайды. Қалған ойыншылар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда сөре сызығында тізбектеліп тұрады.
Екінші команданың балалары ойын алаңында бытырап жүреді.
Алаңның төрт жеріне ара қашықтықтарын 8-10 м етіп, биіктігі 1,5-2 м төрт баған қойылады.
Сөре сызығының үстінде тұрған бірінші ойыншыға доп береді.
Ойын басталуға белгі берілгеннен кейін осы ойыншы неғұрлым алаңның алыс шетіне допты бір қолмен соғады да, өзі тез жүгіріп, төрт бағанға да қолын тигізіп, қайта сөре сызығына жүгіріп келеді.
Егер үлгерсе, командасына бір ұпай әкеледі.
Алаңда тұрған ойыншылар соғылған допты тез ұстап алып, бағандарды айналып жүрген ойыншыны доппен соғулары керек.
Жүгіріп жүрген бала доптан қашып бір бағанның қасына тұра қалса, оны соғуға болмайды.
Ойыншы үлгермей қалып, оған доп тисе, командалар орындарын тез ауыстырады да, ойынды әрі қарай жалғастырады.
Ойынды белгілі бір уақыттың ішінде қай команда көп ұпай жинаса, солар ұтады.
**Ойынның ережесі.**
1. Алаңдағы ойыншы доп алаңда болғанда бағандардың арасымен жүгіре алады. Допты соғатын екінші балаға бергенде жүгіруге болмайды.
2. Бағаннан ұстап тұрған ойыншыны соғуға болмайды.
3. Басқа немесе аса қатты соққан ойыншыны ойыннан шығып кетеді.
4. Алаңда тұрған ойыншылар бір-біріне допты лақтырып беріп тұрады.
**Әдістемелік нұсқаулар.**
Басқа да эстафетадағыдай бұл ойынға сыныптағы ұлдар мен қыздар бірдей қатысса, өте қызықты өтеді.
Мұғалім сырттай бақылап, төрешілікті балалардың өздеріне беріп, ойынға басшылық жасауға үйретіп отыруы қажет.
**Ойынның педагогикалық маңызы.**
Баланы ойын барысында туындайтын сан алуан жағдайларда шұғыл қимыл-әрекет жасауға үйретеді. Батыл, епті қимыл-қозғалыста болуға дағдыландырады.
Допты өзі қалай соқса, солай қимыл-әрекет жасауға жағдай

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | туатынына көзі жетіп, батыл, епті қозғалуға жаттығады. Өзінің шамасын анықтап, күш қуатын, шапшаңдығын, төзімділігін арттыруға тырысады. |
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Тазалықты сүйеміз<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>**-**тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тақпақты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу дағдыларын жетілдіру;<br>жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>***Жасайды:*** тазалық заттарын атайды, сөйлемдер құрады.<br>**Түсінеді:** жұмбақтарды, мақалды түсінеді.<br>**Қолданады:** қарапайым сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Тазалық – денсаулық кепілі» мақалын балаларға түсіндіру.<br>Біздің денсаулығымыз мықты болу үшін тазалықты сақтауымыз керек.<br>Жаңа сөздермен таңыстыру.<br>Тазалық сақтауға сабын, жөке, сүлгі, тарақ | **3.Мүсіндеу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Тостаған.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру;<br>-ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту;<br>-балаларды ауызбірлікке,ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін дұрыс қолдана білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>*жасайды:*ермексаздан тостағанды мүсіндейді, әшекейлейді;<br>*түсінеді:*тостағанның ағаштан жасалатынын;<br>*қолданады:*мүсіндеу әдіс-тәсілдерін.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** балалардың назарын үстел үстіндегі ыдыстарға (кесе,тостаған, саптаяқ, т.б.) аударады.<br>Әрқайсысының атын айтқызып, білімдерін | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ойнай отырып оқимыз [к]<br>**ҰІӘ міндеттері:** -сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту;<br>-берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.<br>**Дағды**: кез келген сөздерді буынға бөле білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** буындардан сөз құрайды, буын, сөз, дыбысты есту арқылы ажыратады.<br>**Түсінеді:** дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>«Жалпы атауын айт» дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.<br>1.Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ...<br>*(ыдыстар).*<br>Басбармақ, балаң үйрек, | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Таңертең не істейміз?<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>**-**өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру;<br>**-**сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Дағды:** тәулік бөліктерін біліп,қолдана білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жаңа сөздерді айтады, сөйлемдерді, шағын мәтіндер құрастырады.<br>**Түсінеді:** тәулік бөліктері туралы ұғымдарды.<br>**Қолданады:** сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өткен «Тазалықты сүйеміз» тақырыпты қайталау.<br>Қима материалмен жұмыс. Педагог заттарды атайды, балалар суреттерді көрсетеді. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Әтеш қай кезде шақырады?<br>(коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:** -үй құстарының атауларын білу және оларды бірбірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту;<br>-тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын, бақылау нәтижелерін талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатқа қайырымды болуға, эмоционалдық, эстетикалық және этикалық сезімдерін қалыптастыру.<br>**Дағды**: адамға әкелетін пайдасын, қылықтары мен ерекшеліктерін,қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**үй құстарының бірнеше түрін атап береді.<br>**Түсінеді:**адамға әкелетін пайдасын, қылықтары мен ерекшеліктерін түсінеді.<br>**Қолданад ы:**коммуникативтік байланыс орната біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ақылдылар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолданамыз.<br>-Мынау – сабын.<br>-Мынау не?<br>-Мынау – сабын.<br>-Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз.<br>-Сабынмен не істейміз?<br>-Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз.<br>-Мынау – жөке.<br>-Мынау не?<br>-Мынау – жөке.<br>-Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз.<br>-Жөкемен не істейміз?<br>-Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз.<br>-Мынау – сүлгі.<br>-Мынау не?<br>-Мынау – сүлгі.<br>-Сүлгімен денемізді сүртеміз.<br>-Сүлгімен не істейміз?<br>-Сүлгімен денемізді сүртеміз.<br>-Мынау – тарақ.<br>-Мынау не?<br>-Мынау – тарақ.<br>-Тарақпен шашымызды тараймыз.<br>-Тарақпен не істейміз?<br>-Тарақпен шашымызды тараймыз.<br>*Балалар жаңа сөздерді, сөйлемдерді  қайталайды.*<br>**Түсіну деңгейі: Дыбыстық жаттығу** (айнамен қайталау).<br>Қ-қ-қ-та-за-лық-ты<br>сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз.<br>Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі.<br>**Тақпақ жаттау.**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>**Сабын**мен қол жуамын. | тексереді. Балаларға №1 слайдтан түрлі тостағандардың суретін көрсетеді.<br>Бұл – тостаған.<br>Балалар, тостаған не үшін қажет?<br>Тостаған неден жасалған?<br>–Балалар, осы тостағанды әрқайсымыз ермексаздан мүсіндеп жасап көрейік.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Тостағанның жасалу жолын №2 слайдтан көрсетеді.<br>Қоңыр түсті ермексазды алақанымызға салып домалақтаймыз.<br>Домалақ ермексаздың үстіне қақпақшаны қойып, сәл басу арқылы ойық жасаймыз.Енді бас бармағымыз және сұқ саусағымызбен үңгу, қысу арқылы ішін ойып, шетін шығарамыз.<br>Саусақпен шымшу арқылы тостағанның түбін шығарамыз.<br>**Қолдану деңгейі:** Енді, балалар, осы дайын тостағанның сыртын әдемілеп әшекейлейік.Ол үшін ою-өрнек керек.<br>№3слайд. Осының ішінен иректелген оюды алайық.Оны алақанымыздың ортасына салып ширату арқылы тостағанды безендіретін өрнекті жапсырамыз.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>тостаған, өрнектеу, безендіру. **Көптілділік:**<br>тостаған – тостаган,<br>ою – узор– hack, өрнек – орнамент– pattern. | ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... *(саусақтар)*<br>Күрте, пальто, тон, плащ – ... *(киім).*<br>Құлақшын, қалпақ, малақай – ... (баскиім).<br>**2. Негізгі бөлім «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Қандай дыбыстар болады?<br>Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстар қаншаға бөлінеді?<br>Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Сөздерді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Буын неден жасалады?<br>**Түсіну деңгейі: Буындармен жаттығулар.**<br>«Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен)<br>– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді.<br>Мысалы: ( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.<br>«Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» | фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>Негізгі кезең<br>Қуыршақ Сәуле балаларға тәулік бөліктерін атауды ұсынады. Балалар жауап береді: таң, күн, кеш, түн.<br>Жаңа сөздермен таныстыру.<br>Арман мен Сәуле диалог жүргізеді.<br>Сәуле, сен таңертең  не істейсің?<br>Мен таңертең тұрамын.<br>Таң-ер-тең- ң  тұ-ұ-ұ-ра-мын. Таңертең тұрамын *(айнамен жұмыс).*<br>Бе-ті-і-ім-ді-і-і<br>жуа-мын – бетімді жуамын.<br>Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын.<br>Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын.<br>Жат-ты- ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын.<br>Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і<br>ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін.<br>**Түсіну деңгейі:** Сөздік ойын: «Жалғасын тап».<br>Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады.<br>*Таңертең ... (тұрамын).*<br>*Бетімді ... (жуамын).*<br>*Тісімді ... (тазалаймын).*<br>*Жаттығу ... (жасаймын).*<br>*Шашымды ... (тараймын).*<br>*Киімімді ...  (киемін).*<br>*Балабақшаға ... (барамын).*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін». Берілген тақырып бойынша 5 сөз құрайды. | **тартысы.**Педагог үдеріске жетекшіліп етіп, идеяларды бақылайды, бірақ пікірталасқа араласпайды. Ол идея тастау үшін ойынға жалпы тәртіп бойынша қосылуы тиіс. Ақылдылар тартысында төмендегідей талаптар сақталуы тиіс:<br>талқыланатын мәселені таңдау – ол балаларға қызықты және олардың даму деңгейіне сай болуы тиіс;<br>қатысушыларды мұқият іріктеу қажет;<br>креативтілікке баулитын тәрбие орталығын қалыптастыру;<br>идея, жақсы ойлары үшін мадақтау:<br>идеяларды түсуіне қарау тіркеу.<br>Әр бала «Әтеш қай кезде шақырады?» деген сұраққа қысқаша жауап береді.<br>Бұрын айтылған жауаптарды қайталамауға тырысады.<br>**Түсіну деңгейі: Табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуді сұрайды.**<br>Әліппе-дәптердегі тапсырманы пайдалана отырып, балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады: Суреттерді қарап шығып, ондақандай құстар бейнеленгенін атап беруді сұрайды. Өзге құстардан айырмашылығы қандай? Балапандар қалай аталады?<br>Балалар суреттерді қарап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сүлгі**мен сүртемін,<br>Айнаға қараймын,<br>Шашымды **тарақ**пен тараймын.<br>Мен ұқыпты баламын.<br>Тақпақ мазмұны бойынша әңгіме жүргізіледі.<br>Тақпақ ұнады ма?<br>Таныс сөздерді ата.<br>Олармен не істейді?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жұмбақтарды шеш.<br>Жауаптарды суреттерден тауып, жұмбақтарға қос.<br>Заттарды ата. Олар не үшін керек? Сөйлем құра.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта»<br>Тазалықты.(сүйеміз) .<br>Сабын, жөкемен (денемізді жуамыз).<br>Сүлгімен(денемізді сүртеміз).<br>Тарақпен(шашымызды тараймыз).<br>**Сергіту сәті.**<br>Шынығамыз жастай біз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үші,<br>Бойымызға жинап күш.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын. | –Міне, біздің әдемі тостағанымыз дайын болды. Енді бұл тостағанмен қымыз ішуге болады.<br>–Балалар, мен сендерге **жұмбақ** жасырамын:<br>Кесе, шыны, тостаған,<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. | дидактикалық ойыны<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен.<br>Мысалы: **(те-)** те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), **(ор-)** ор-(та), ор-(ман), о-(рақ), **(өр-)** өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), **(да-)** да(мыл-да),да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия)**.**<br>**Қолдану деңгейі:** «Сөзді аяқта»дидактикалық жаттығуы<br>–Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар.<br>Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, | Суретке қара. Сұраққа жауап бер. Арман таңертең не істеді? Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Балалар сөйлем құрайды.<br>Арман төсегін жинады.<br>Арман жаттығу жасады.<br>Арман тісін тазалады.<br>Арман анасымен балабақшаға барады.<br>Ойын: «Мен не істегенімді айтпаймын, көрсетемін».<br>Педагог жаттығу жасау, тамақ ішу, ән айту, билеу, сурет салу, ұйықтау дегендерді қимылмен көрсетеді, балалар не істегенін айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Таңертең тұрамын,<br>Қолымды жуамын,<br>Бетімді жуамын.<br>Тісімді тазалап,<br>Шашымды тараймын.<br>Айнаға қараймын. | шығады. Үй құстарын атайды.<br>Адам күтіп-бағатын құстарды үй құстары деп атайды. Адамдар оларға қамқорлық жасайды.<br>Балапандарды: балапан, үйректің балапаны, бала қаз, күрке тауық балапаны деп атайды. Адамдар құстарға жем, су береді, оларға арнап күрке, қора салады. Құстардың пайдасы көп. Олардың еті мен жұмыртқасы – тамақ, жүнін тұрмыста қолданады, яғни көрпе. Жастық жасайды.<br>Қарындашпен қоршап сызады. Балалардан суреттерді құрастырып, онда ненің бейнеленгенін айтып беруді сұрайды.<br>Балалар бөлінген бөліктерден әтеш, күркетауық, қаз, үйрек, тауықтың суреттері бейнеленген карточкалар құрастырады.<br>**Қолдану деңгейі: «Іс-әрекетті таңда» ойынын ұйымдастырады (доппен ойналады).** Балалар бір-біріне доп лақтырып, құстардың іс-қимылдарын атайды: ұшады, шоқиды, секіреді, сайрайды, қауырсынын тазалайды, ұя салады, балапан басады, балапандарына қамқорлық жасайды, ұйықтайды, ағаштың бұтағына қонып отырады, қорек іздейді.<br>**Сергіту сәті** :<br>Тауық тары жинапты,<br>Оны ешкімге қимапты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | апель...син, ау...ыл,<br>ас...пан, қарын..дас,<br>кер...ует, қа...зан,<br>шаныш...қы, ба...лық,<br>қал...қан, қаң...бақ,<br>қа...мыр, шал...бар,<br>кі...лем, жү...рек, жүге...рі,<br>жұл...дыз.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Алақанның біреуін Кері қарай бұрайық.<br>Алақаны демалсын,<br>Қол үстінен ұрайық. | | Бөтекесін толтырып,<br>Қамбасына құймапты.<br>Қыста тауық қақылдап,<br>Тары іздеп жүр тақылдап.<br>**Балаларды ынталандырады.**<br>Өздерінің жұмысына баға беріп, сөйлемдерді аяқтауға шақырады.<br>Мен бүгін ... білдім.<br>Маған ... өте қызықты болды.<br>... орындау қиындық тудырды.<br>Енді мен ... орындай аламын.<br>Мен ... үйрендім.<br>Мен қолымнан ... келеді.<br>Мен ... өзім істеп көремін. |
| ***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**<br>**Аз қимылды ойын:«Жылдам ал, жылдам қой»**<br>**Басты міндеттері: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл - қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.** | | | | | |
|   | | | **Аз қимылды ойын: «Түйілген орамал»**<br>**Ойын міндеттері:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, жүгіріп жүргенде қосымша жаттығулар орындауға үйрету.<br>**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, жүгіру дағдыларын дамыту.<br>Керекті құралдар: ортасынан түйілген орамал және ысқырық.<br>**Мазмұны.**<br>Шеттері белгіленген ойын алаңында ойыншылар өз беттерімен жаттығулар жасап, бірін-бірі қуалап, жүгіріп ойнап жүреді. Балалардың қалауымен араларынан бір ойын жүргізушіні сайлайды.<br>Ол қолына түйілген орамалды алып, алыста тұрған бір балаға лақтырып жіберіп: «Бір, екі, үш!», - деп санап, сол ойыншыны қуа жөнеледі. Қашып келе жатқан бала ойын жүргізуші қасына жақындап қалғанда, қолындағы орамалын басқа ойыншыға лақтырып, ойынды әрі қарай жалғастыра береді.<br>Ойын берілген уақыт арасында жүргізіліп, кімдер орамалды аз уақытта көп рет бір-біріне лақтырғанын, қай қуғыншының орамалды тез ұстап алғанын атап өтеді.<br>**Ойынның ережесі.**<br>1. Алаңның шетінен шығып кеткен ойыншы ойыннан шығып тұрады. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2. Орамалды лақтырғанда баланың атын атап лақтыру керек.<br>3. Орамалды қағып ала алмай қалған бала орамалды басқа балаға береді.<br>4. Қашып келе жатқан баланы ойын жүргізуші қуып жетсе, ол орамалды бере салуы керек.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Ойыншылар орамалды ұстамаған күннің өзінде жүгіріп, бірін-бірі қуалап ойнап жүрулері керек. Ол үшін орамал тек жүгіріп келе жатқан ойыншыға беріледі деп айтып қою қажет.<br>Орамалдың орнына басқа зат алуға болады, бірақ ол лақтырғанда ойыншылардың бір жерін ауыртып, жараламайтындай болғаны дұрыс.<br>Ойынның ұзақтығын сабаққа не басқа арнаулы уақытқа байланысты өзгертіп отыруға болады.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Балалар өздерінің шамаларына қарай керегінше жүгіріп жаттығуларды да еріктерімен жасайды.Жаттығу мен тынығуды өздері білгенінше орындап тұруға дағдыланады.<br>Жүгіріп жүріп айналаны тез бағдарлап,өз қимылын соған байланысты сәйкестендіріп тұрады. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жігіттер сайысы.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларға дене қимыл жаттығулары арқылы жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. Жүгіру және секіру ойын – жаттығуларын дамыту.<br>**Дағды**: Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону дағдыларын жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** омыртқасының қисаюы мен жалпақтабанның алдын алуға негізделегн жалпы дамыту жаттығуларын жасап, психоэмоциялық ширығуды, үрейді, қобалжуды басу. | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бесік жыры.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту;<br>-бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындауға дағдыландыру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Бесік жыры» | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ұлы есімдер.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларға қапшықты иық тұсынан лақтыру жаттығуларымен таныстыру.Бір қатарға қойылған ағаштардың арасымен аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру. Еліміздегі атақты спортшылардың еңбегін құрметтй білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ұлы есімдер.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларға қапшықты иық тұсынан лақтыру жаттығуларымен таныстыру.Бір қатарға қойылған ағаштардың арасымен аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру. Еліміздегі атақты спортшылардың еңбегін құрметтй білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Бесік жыры.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту;<br>-бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындауға дағдыландыру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсінеді:** «Жігіт» ұғымын, эстафеталарды орындау ережелерін, командада қимыл-іс әрекеттерін келісуді, фитболмен секіру кезінде еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону.<br>**Қолданады:** бастапқы қалыпқа оралу, фитболды заттардың арасымен сырғыту, сап түзеу, қайта сап түзеу, заттардың арасымен жорғалауды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Бастаушы шақырады:<br>«Ау, жігіттер, келіңдер!<br>Күш сынасып көріңдер!<br>Тақияны алыңдар,<br>Шауып келіп кідірмей,<br>Күміс теңге алыңдар!<br>Ер-тоқымнан айырылмай,<br>Шапқан атқа мініңдер!<br>Ат астынан өте шығып,<br>Бірінші боп келіңдер!<br>Жеңіп ойнақ салыңдар,<br>Бас жүлдені алыңдар!»<br>-«Тақия, теңге алу ма,<br>Жігіттер одан қала ма?<br>Бір, екі, үш,<br>Жастар алды күш!».<br>«Кім шапшаң?»<br>Командалар сап түзеу шапшаңдығынан жарысады. Балалар бірнеше тізбекке сап түзейді. Белгі бойынша шашырап кетіп, қалауынша қимылдар жасайды. Олар өз орнын жаттап алуы керек. Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек. | (Ш. Мұхамеджанов)<br>***Ән айту:***<br>«Бесік жыры»<br>(И. Нүсіпбаев)<br>«Айнала ақша қар»<br>(И. Мамақов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Қоян», «Аю»<br>(Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Полька» хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик)<br>**Ойындар, хороводтар**:<br>«Көлеңке» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Құлыншақ» (С. Урбах)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жақсы таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды. **Түсінеді**: музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Қоян», «Аю»<br>(Е. Тиличеева).<br>Балалар шеңбер бойында тұрып, қосаяқтап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аюдың жүрісін салып, қорбаңдап жүреді.<br>Балаларға интерактивті тақтадан «бесікке салу» рәсімдерімен таныстыру.<br>Бесікке салудың қандай пайдасы бар екенімен таныстыру. | айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** тыныс алу жаттығуларын, допты тік нысанаға лақтыру, қолына доп ұстап денемен аунау.<br>**Түсіну:** «батыр» ұғымы, Қазақстан тарихындағы батырлар рөлі, «малдас құру», жүрелеп отыру, жатып тірену, етпетінен жатып, шалқалап жатып оң (сол) тізеге тіреліп тұру, нысананың тура ортасына тигізу, таяқтардың арасына секіру, команданың жеңісіне ұмтылу.<br>**Қолданады:** жүру, жүгіру кезінде арақашықтықты сақтай білу, сап түзеу, қайта сап түзеу, таяқтардан аттап секіру, бауырлап жүру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Батырлар жайлы сұхбат<br>Батыр деп кімді айтады?<br>Жамбыл ата қай батыр жайлы «Еліктен тез, қыраннан қырағы, арыстаннан айбатты» деп жазған? (Өтеген батыр)<br>Батырлар ұрпақтарына қандай өсиеттер қалдырды деп ойлайсыңдар? (Басқа да сұрақтар қойылады)<br>-Әрқашан Отанын қорғау.<br>Әлсіздерге қамқор болу.<br>Жақсылық әрқашан жеңіп | **Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** тыныс алу жаттығуларын, допты тік нысанаға лақтыру, қолына доп ұстап денемен аунау.<br>**Түсіну:** «батыр» ұғымы, Қазақстан тарихындағы батырлар рөлі, «малдас құру», жүрелеп отыру, жатып тірену, етпетінен жатып, шалқалап жатып оң (сол) тізеге тіреліп тұру, нысананың тура ортасына тигізу, таяқтардың арасына секіру, команданың жеңісіне ұмтылу.<br>**Қолданады:** жүру, жүгіру кезінде арақашықтықты сақтай білу, сап түзеу, қайта сап түзеу, таяқтардан аттап секіру, бауырлап жүру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Батырлар жайлы сұхбат<br>Батыр деп кімді айтады?<br>Жамбыл ата қай батыр жайлы «Еліктен тез, қыраннан қырағы, арыстаннан айбатты» деп жазған? (Өтеген батыр)<br>Батырлар ұрпақтарына қандай өсиеттер қалдырды деп ойлайсыңдар? (Басқа да сұрақтар қойылады)<br>-Әрқашан Отанын қорғау.<br>Әлсіздерге қамқор болу.<br>Жақсылық әрқашан жеңіп шығады.<br>Бір-бірден тізбекке сап түзеу, саппен жүру, бірден-екіден қайта сап түзеп тұру, жүру, жүгіру.<br>Жүру, жүгіру кезінде | «Бесік жыры»<br>(Ш. Мұхамеджанов)<br>***Ән айту:***<br>«Бесік жыры»<br>(И. Нүсіпбаев)<br>«Айнала ақша қар»<br>(И. Мамақов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Қоян», «Аю»<br>(Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Полька» хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик)<br>**Ойындар, хороводтар**:<br>«Көлеңке» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Құлыншақ» (С. Урбах)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жақсы таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.<br>**Түсінеді**: музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Қоян», «Аю»<br>(Е. Тиличеева).<br>Балалар шеңбер бойында тұрып, қосаяқтап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аюдың жүрісін салып, қорбаңдап жүреді.<br>Балаларға интерактивті тақтадан «бесікке салу» рәсімдерімен таныстыру.<br>Бесікке салудың қандай пайдасы бар екенімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қамшымен қимыл жаттығуларын музыка әуенімен орындау: балалар атпен қамшы ұстап шабуды келтіріп қимыл жасайды.<br>Аяқтың ұшымен, өкшемен, қамшыны әртүрлі ұстап қимылдайды.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу.<br>Қамшымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау.<br>Статикалық қалыпты сақтап, омыртқаны дұрыс ұстау қабілеттерін белсендендіру.<br>Балалар бірнеше тізбекке өз орнын есте сақтап, сап түзеп тұрады. Белгі бойынша шашырап кетіп, қалауынша қимылдар жасайды.<br>Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек.<br>Бастапқы қалып (Б.қ.):<br>1-2 қамшыны жоғары көтеріп, оң (сол) аяғын артқа жіберіп аяқтың ұшымен өкшесін өзіне тартып созылып – демін ішіне тартады, 3-4 – б.қ. 8 рет қайталайды.<br>«Бір жағына еңкею»<br>Б.қ.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда,<br>1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жерге тигізу,<br>3-4 – б.қ. 6 рет қайталау.<br>Б.қ.: шалқалап жатып алып<br>1– қамшыны жоғары көтеру,<br>2 – екі аяқты бірдей сермеп, аяқтың ұшын қамшыға тигізу. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау. | Бесікті не үшін аластайтынын айта кету.<br>Бала ұйықтар алдында айтылатын әнді «Бесік жыры» дейміз.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Музыка тыңдау:*** «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов).<br>Бесік жыры қалай орындалады?<br>Бесік жыры күннің қай мезгілінде орындалады?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:***«Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев).<br>Ән айту ережелерін еске түсіріп, баяу, бірқалыпты, дауысты көтермей айту.<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Өткен оқу қызметінде үйренген әнін еске түсіру.<br>«Айнала ақша қар» әнін (И. Мамақов) сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:***<br>«Полька» хорват халық әуені (өңдеген В. Герчик).<br>Балалармен полька музыкасына жеңіл, аяқты жеңіл көтеріп секіру (подскоки) биін үйрену.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Көлеңке» (К. Қуатбаев).<br>Педагог ойын шартын | шығады.<br>Бір-бірден тізбекке сап түзеу, саппен жүру, бірден-екіден қайта сап түзеп тұру, жүру, жүгіру.<br>Жүру, жүгіру кезінде Педагогтің белгісімен түрлі қалыпқа тұрады.<br>Динамикалық жаттығу<br>Жүру, жүгіру кезінде спорттық жаттығулармен кезектестіріп, түрлі бастапқы қалыптарға тұрады: «малдас құру», отыру, отырып тірену, жатып тірену, етпетінен жатып, шалқалап жатып оң (сол) тіземен тұру. 3 тізбекке сап түзеу.<br>Жарыс түрінде негізгі қимыл жаттығуларын орындау.<br>Қолға доп ұстап жатып етпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу.<br>**Түсіну деңгейі:** Команда ойыншыларының аяғының арасынан еңбектеп өту<br>Бірінші ойыншы ілгері бір қадам жасап, аяғын иық деңгейінде ашып, қолын беліне қойып, бастапқы қалыпқа тұрады. Екінші ойыншы оның аяқтарының арасынан өтіп, алдына дәл сондай бастапқы қалыпқа тұра қалады. Келесі ойыншы да қайталайды.<br>Соңғы ойыншы тұрып болған соң, керісінше орындау басталады.<br>«Тақия тастау» (4рет)<br>Тік нысанаға допты | Педагогтің белгісімен түрлі қалыпқа тұрады.<br>Динамикалық жаттығу<br>Жүру, жүгіру кезінде спорттық жаттығулармен кезектестіріп, түрлі бастапқы қалыптарға тұрады: «малдас құру», отыру, отырып тірену, жатып тірену, етпетінен жатып, шалқалап жатып оң (сол) тіземен тұру. 3 тізбекке сап түзеу.<br>Жарыс түрінде негізгі қимыл жаттығуларын орындау.<br>Қолға доп ұстап жатып етпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу.<br>**Түсіну деңгейі:** Команда ойыншыларының аяғының арасынан еңбектеп өту<br>Бірінші ойыншы ілгері бір қадам жасап, аяғын иық деңгейінде ашып, қолын беліне қойып, бастапқы қалыпқа тұрады. Екінші ойыншы оның аяқтарының арасынан өтіп, алдына дәл сондай бастапқы қалыпқа тұра қалады. Келесі ойыншы да қайталайды.<br>Соңғы ойыншы тұрып болған соң, керісінше орындау басталады.<br>«Тақия тастау» (4рет)<br>Тік нысанаға допты иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру.<br>Тік нысанаға допты бір қолмен лақтырады. Иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп бар | таныстыру.<br>Бесікті не үшін аластайтынын айта кету.<br>Бала ұйықтар алдында айтылатын әнді «Бесік жыры» дейміз.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Музыка тыңдау:*** «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов).<br>Бесік жыры қалай орындалады?<br>Бесік жыры күннің қай мезгілінде орындалады?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:***«Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев).<br>Ән айту ережелерін еске түсіріп, баяу, бірқалыпты, дауысты көтермей айту.<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Өткен оқу қызметінде үйренген әнін еске түсіру.<br>«Айнала ақша қар» әнін (И. Мамақов) сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:***<br>«Полька» хорват халық әуені (өңдеген В. Герчик).<br>Балалармен полька музыкасына жеңіл, аяқты жеңіл көтеріп секіру (подскоки) биін үйрену.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Көлеңке» (К. Қуатбаев). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Б.қ.: қамшыны арт жағына қолын төменге түсіріп ұстау. 1-2 – қамшыны жоғары көтеріп отыру. Арқаны тік ұстап, тізені ашу, өкшені көтеру. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>«Қамшыны тізеге қою».<br>Б.қ.: қамшы төменде, 1– қамшыны жоғары көтеру, 2 – бүгілген сол аяқты көтеру, қамшыны тізеге апарып, 3 – қамшыны жоғары көтеру, арқаны түзу ұстау. Аяқты түсіру.<br>4 – б.қ.: орнықты тұрып, аяқ ұшын тарту. 5 рет қайталау.<br>Б.қ.: қамшыны табанымен қысып отыру, 1– тізені бүгіп, жоғары көтеріп денені оңға- солға бұру. 5 рет қайталау.<br>Б.қ.: жерде отырып, еңкейіп, қамшымен оң (сол) аяқтың ұшын іліп алып, мүмкіндігінше жоғары көтеріп, ұстап тұру.  5 реттен қайталау.<br>Б.қ.: отырып алып аяқтың ұшымен қамшыны жинау.<br>Б.қ.: жерде жатқан қамшыдан оң (сол) қырымен секіру. 10 секіруді 2 рет қамшыдан аттаумен алмастырып қайталау.<br>**Қолдану деңгейі:** Жарыс түріндегі **негізгі қимылдарды орындау.**<br>**«Ең ептілер»**. Баспалдақ сатыларының арасымен жорғалау. (2рет)<br>Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорғалайды, модульды | түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Педагог топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді.<br>Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Құлыншақ» (С. Урбах).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру.<br>Тік нысанаға допты бір қолмен лақтырады.<br>Иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп бар күшімен лақтырады. Нысананың тура ортасына тигізуге тырысады.  Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындалады.<br>Тыныс алу жаттығулары<br>Бастапқы қалып – еденге аяқты айқастырып отыру. Арқаны тік ұстап, қолдарын жоғары көтергенде терең тыныс алып, иіліп, алға қарай қолдарын түсіргенде дем шығару.<br>Бастапқы қалып – сол қалып.<br>Қолдарын жоғары созып, терең тыныс алады. Төмен түсіргенде маңдайы мен қолдарын еденге тигізіп, дем шығарады.<br>Бастапқы қалып – сол қалып.<br>Қолдарын иық деңгейінде алдыға немесе екі жаққа түзу созып, алақанын төменге қарату. Тыныс алғанда сол қолдың басын жоғары көтеріп, оң қолдың басын төмен түсіру. Дем шығарғанда керісінше, сол қолдың басын төмен, оң қолдың басын жоғары қозғалту. | күшімен лақтырады. Нысананың тура ортасына тигізуге тырысады.<br>Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындалады.<br>Тыныс алу жаттығулары<br>Бастапқы қалып – еденге аяқты айқастырып отыру. Арқаны тік ұстап, қолдарын жоғары көтергенде терең тыныс алып, иіліп, алға қарай қолдарын түсіргенде дем шығару.<br>Бастапқы қалып – сол қалып.<br>Қолдарын жоғары созып, терең тыныс алады. Төмен түсіргенде маңдайы мен қолдарын еденге тигізіп, дем шығарады.<br>Бастапқы қалып – сол қалып.<br>Қолдарын иық деңгейінде алдыға немесе екі жаққа түзу созып, алақанын төменге қарату. Тыныс алғанда сол қолдың басын жоғары көтеріп, оң қолдың басын төмен түсіру. Дем шығарғанда керісінше, сол қолдың басын төмен, оң қолдың басын жоғары қозғалту.<br>Бастапқы қалып – сол қалыпта балалар екі қолын екі жаққа жұдырығын түйіп, басбармағын шошайтып созады. Тыныс алғанда бас бармақты баяу жоғары, дем шығарғанда төмен қаратады.<br>**Қолдану деңгейі:** «Ұлы дала дарқандығы».<br>Өздеріңді кең далада от | Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Педагог топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді.<br>Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Құлыншақ» (С. Урбах).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы қамшыны келесі ойыншыға береді. Ойын жалғаса береді.<br>**«Қаңбақтар» (**3 рет)<br>Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру.<br>Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады.<br>«***Жігіттер***» (3 рет)<br>Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону.<br>Жігіттер жайлы мақал-мәтелдер.<br>Ер сүрінбей ел танымас,<br>Ат сүрінбей жер танымас.<br>Жеті қырлы балықты, сегіз қырлы жігіт алады. Арманы жоқ жігіттің дәрмені жоқ.<br>Ер байлығы – еңбекте.<br>Жігіт – жігіттің көзі.<br>Ер жігіт айтқанын екі етпес.<br>Ер жігіттің екі айтқаны – өлгені.<br>Жігіт жанған шоқ болсын,<br>Шоқ болмаса, жоқ болсын. | | Бастапқы қалып – сол қалыпта балалар екі қолын екі жаққа жұдырығын түйіп, басбармағын шошайтып созады. Тыныс алғанда бас бармақты баяу жоғары, дем шығарғанда төмен қаратады.<br>**Қолдану деңгейі:** «Ұлы дала дарқандығы».<br>Өздеріңді кең далада от басында демалып жатқан батырлармыз деп елестетіңдер. Отын шытырлап жанып жатыр, анандайда тұлпарың жайылып жүр. Айнала керемет кең дала...<br>**«Ұлы дала кереметі».**<br>Өздерін далада, ортада от жағып, отты айнала демалып отырған батырлардай сезінуді ұсыну.<br>Жан-жақта шексіз дала, жайылып жүрген жылқылар, отта жанып жатқан құрғақ отын шытыр-шытыр етеді.<br>Дала дыбыстарын мұқият тыңдау. (Көздерін жұмып елестетеді).<br>Батырлар жайлы алдын ала әңгіме жүргізіледі.<br>Халқымыздың батырларының ерлігін біз әрқашан мақтан тұтамыз. | басында демалып жатқан батырлармыз деп елестетіңдер. Отын шытырлап жанып жатыр, анандайда тұлпарың жайылып жүр. Айнала керемет кең дала...<br>**«Ұлы дала кереметі».**<br>Өздерін далада, ортада от жағып, отты айнала демалып отырған батырлардай сезінуді ұсыну.<br>Жан-жақта шексіз дала, жайылып жүрген жылқылар, отта жанып жатқан құрғақ отын шытыр-шытыр етеді. Дала дыбыстарын мұқият тыңдау. (Көздерін жұмып елестетеді).<br>Батырлар жайлы алдын ала әңгіме жүргізіледі.<br>Халқымыздың батырларының ерлігін біз әрқашан мақтан тұтамыз. | |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында»** | **Қаңтар<br>Серуен кешені № 6** | **Қаңтар<br>Серуен кешені № 7** | **Қаңтар<br>Серуен кешені № 8** | **Қаңтар<br>Серуен кешені № 9** | **Қаңтар<br>Серуен кешені № 10** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Қарды бақылау қаңтар айы.**<br>**Міндеті***:* Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Қыс» Қ. Жұмағалиев**<br>Қысым-ақ, қысым-ақ,<br>Жібердің қысып-ақ.<br>Қалмаспыз біз деген,<br>Боранға ұшырап.<br>Аппақ қар жауа бер,<br>Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай көр.<br>Біз батыл баламыз,<br>Жылы үй, қорамыз.<br>Ақ ұлпа қарыңнан,<br>Аққала соғамыз.<br>Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқаққа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦қыс айларын атаңдар?<br>♦қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?<br>♦қарқатқақ қалай пайда | **Боранды күнді бақылау**<br>**Міндеті***:* желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші жұмбақ жасырады:**<br>Жерді тырнап, бұтаны ырғап,<br>Шөпті сипап, ұшады зырлап,<br>Жанын қинап, ұлиды зарлап.<br>(боран)<br>**Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды**<br>Ақ көрпесін жапты да, Ақ боран-ау, ақ боран,<br>Аяз кенет аптыға,<br>Алай-түлей соқ боран.<br>Айналаны үрледі, Ақ қар ұшып үйрілсін,<br>Ақ бораны гуледі.<br>Ауламызға үйілсін.<br>Жас ұланмын шыныққан,<br>Жасқанбаймын суықтан.<br>Қардан жасап аққала,<br>Сырғанаймын шаттана.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>*Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)<br>*Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)<br>*Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)<br>*Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды) | **Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау**<br>**Міндеттері***:*<br>— Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту,<br>— Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады**<br>Бұл неткен күшті тазалаушы еді,<br>Үйілген қарды<br>Әп- сәтте жинап алды?<br>(қар жинайтын машина)<br>Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады.<br>♦ Олар неден жасалған? (темір сымдардан)<br>♦ Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті)<br>♦ Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар)<br>♦ Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады)<br>♦ Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды)<br>♦ қар тазалағыш | **Желді бақылау**<br>**Міндеттері***:*<br>— өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>— табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады? (компаспен, зырылдауықпен)<br>♦ Жел қалай пайда болады?<br>♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.***<br>**Еңбек**<br>Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау.<br>*Мақсаты: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын** «Мысық пен тышқан». | **Көпшілік көліктерін бақылау**<br>**Міндеттері***:*<br>— көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу;<br>—үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Балалармен әңгімелесу өткізу.**<br>♦ сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦ Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? *(аялдама.)*<br>♦ Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды? *(Маршруттар, таксилер.)*<br>♦ Автобусқа қай есіктен міну керек? *(алдыңғы)*<br>♦ Қай есіктен шығу керек?? *(артқы)*<br>♦ Автобустың қай жағынан айналып өту керек? *(арт жағынан)*<br>♦ Неге? *(жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді)*<br>♦ Сен автобуста келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобусқа қарт кісі мінді. Сен не істейсің? Неге?<br>♦ Жолдан қалай өту керек? *(асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек)*<br>♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? *(жасыл)*<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу.<br>*Мақсаты:еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Жүргізушілер және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болады?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Мектеп ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге?<br>**Еңбек**<br>Сырғанаққа су себу<br>*Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.*<br>**Қимылды ойын** «Екі аяз».<br>*Мақсаты:* кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Кім алысқа секіреді<br>*Мақсаты:* белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру.<br>***Халық болжамы:***<br>***Қар көп болса, нан мол болады.*** | **Зерттеу жұмысы**<br>Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу.<br>**Еңбек**<br>Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю.<br>*Мақсаты:*Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Желдиірмен».<br>*Мақсаты*: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарды дамыту.<br>Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен). | машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру<br>**Еңбек** Алаңды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру<br>*Мақсаты:*<br>— Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету;<br>— Еңбек дағдыларына тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Аңшылар мен аңдар»<br>*Мақсаты:*<br>— Қозғалыс дағдыларын бекіту;<br>— Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту.<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Көпірден өт».<br>*Мақсаты:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру<br>***Халық болжамы: Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады*** | *Мақсаты:*<br>— Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту;<br>— Әр бағытта жүкіруге жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты:* қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін белсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу<br>***Халық болжамы: Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады*** | жаяулар».<br>— *Мақсаты: Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: 20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту..* |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Оралхан Жігер<br>Сәулетбек Нұрәли<br>Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту.<br>Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабілеті мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Байтемір Айзере мен Ермекова Айбике<br>Теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Ермекова Айбике<br>Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. | **Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Қыс белгілері жайлы әңгімелесу,қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту. | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Сәулетбек Нұрәли<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау. |
| **Балалардың дербес** | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** | **Танымдық-қимылды** | **Дидактикалық ойын:** | **Дидактикалық ойын:** | **Танымдық-қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | «Кім шапшаң?»<br>**Міндеттері:** Ептілік, күш, төзімділік, көпшілдік қасиеттерін дамыту.<br>**Дағды:** Қозғалыс тәжірибесін эстафеталардың ережелерін сақтай отырып орындауды қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойынның шарты:** Командалар сап түзеу шапшаңдығынан жарысады. Балалар бірнеше тізбекке сап түзейді. Белгі бойынша шашырап кетіп, қалауынша қимылдар жасайды. Олар өз орнын жаттап алуы керек. Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек.<br>Қамшымен қимыл жаттығуларын музыка әуенімен орындау: балалар атпен қамшы ұстап шабуды келтіріп қимыл жасайды. Аяқтың ұшымен, өкшемен, қамшыны әртүрлі ұстап қимылдайды. | **ойын**<br>**Дидактикалық ойын: «Сонша жина»**<br>**Міндет:** Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.<br>**Дағды:** Дербестікке тәрбиелеу. Басталған істі соңына дейін жеткізу дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі - жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады | «Буынды айтып сөз құра» ойынын ұйымдастыру.<br>**Міндеттері:** Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды:** дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту;<br>**Ойынның шарты:** Педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы*: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б.* | «Дауыссыз дыбыстарды анықта»<br>**Міндеттері:** Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету.<br>**Дағды:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін біле отырып табиғатты қорғай білуге дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойынның шарты:** Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады. | **ойын: «Сәйкес қиықты таңда» дидактикалық ойыны**<br>**Міндет:**Тез шешім қабылдай алуға, жылдамдыққа, ептілікке, сыйластыққа үйрету.<br>**Дағды:** Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атауға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** Балалар тапсырманы орындайды, суреттен дөңгелек, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табады. Сәйкес пішіндермен сызып қосады. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге** | **Ата –аналарға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын | **Ата-анаға кеңес:**<br>Көңіл күйіңіз болмай тұрған кезде ешқашан да бала тәрбиесімен айналыспаңыз. Өз балаңызбен тығыз | **Ата-анаға кеңес:**<br>Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек. Мейлі қаншалықты | **Ата-анаға кеңес:**<br>Есіңізде болса, балаға үш негізгі қасиетті дарытуға міндеттісіз: шешім шығару, құрмет, жауапкершілік. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Бір мезетте қатал да мейірімді бола біліңіз. Егер сіз балаңызға деген ыстық ықыласыңызды үнемі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қайтару**.<br>**12:25-12:30** | сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,( өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы.<br>Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.<br>Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | қарым-қатынас орнатуға тек қана Сіздің көтеріңкі көңіл күйіңіз, оң көзқарасыңыз ғана әсер етеді.<br>Тәрбие сатылы деңгейде жүргізілгені дұрыс. Әр биікке өз уақытында, біртіндеп көтеріліп отырған дұрыс.<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.Балаңызды тыңдауды үйреніңіз.Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. | Қандай жағдай болса да, еңсесін тік ұстайтын, жан-қоршаған адамдарына құрметпен қарайтын және өз қадамдары үшін жауап бере алатын адамдар көп жағдайда табысқа жететіні белгілі. | білдіре отырып, тек керек уақытында ғана ұрсатын болсаңыз, онда бұл сіздің тәрбиеңіз барысында міндетті түрде жемісін береді. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 22.01.24** | **Сейсенбі 23.01.24** | **Сәрсенбі 24.01.24** | **Бейсенбі 25.01.24** | **Жұма 26.01.24** |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | Алып келді қыс қарды.<br>Қысқы түндер ұзарды,<br>Ұзақ күндер қысқарды.<br>Аяз сүйіп қарсы алған,<br>Жердің аппақ тұлғасы.<br>Басталады қаңтардан,<br>Қыс айының ортасы.<br>Балалар, мен өлеңді тағыда мәнерлеп оқып беремін, сендер естеріңе сақтап қалыңдар.<br>Балалар, менімен бірге өлең жолдарын қайталайық.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Мақал-мәтелдер<br>1. Қысына қарай – көктемі,<br>Диқанына қарай – егіні.<br>2.Қар жауды деп қуанба,<br>Артынан келер  аязы.<br>3.Қыс қамыңды жаз ойла.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Дауыссыз дыбыстарды анықта».<br>Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы –<br>дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолды белге қояйық.<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір.<br>Бір, екі, үш<br>Бір, екі ,үш (мұрнымен дем алып) | Балалар суреттерді қарап шығады. Үй құстарын атайды.<br>Адам күтіп-бағатын құстарды үй құстары деп атайды. Адамдар оларға қамқорлық жасайды.<br>Балапандарды: балапан, үйректің балапаны, бала қаз, күрке тауық балапаны деп атайды. Адамдар құстарға жем, су береді, оларға арнап күрке, қора салады.<br>Құстардың пайдасы көп. Олардың еті мен жұмыртқасы – тамақ, жүнін тұрмыста қолданады, яғни көрпе. Жастық жасайды.<br>Қарындашпен қоршап сызады. Балалардан суреттерді құрастырып, онда ненің бейнеленгенін айтып беруді сұрайды.<br>Балалар бөлінген бөліктерден әтеш, күркетауық, қаз, үйрек, тауықтың суреттері бейнеленген карточкалар құрастырады.<br>**Қолдану деңгейі: «Іс-әрекетті таңда» ойынын ұйымдастырады (доппен ойналады).** Балалар бір-біріне доп лақтырып, құстардың іс-қимылдарын атайды: ұшады, шоқиды, секіреді, сайрайды, қауырсынын тазалайды, ұя салады, балапан басады, балапандарына қамқорлық жасайды, ұйықтайды, ағаштың бұтағына қонып отырады, қорек іздейді.<br>**Сергіту сәті** :<br>Тауық тары жинапты, | өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балдырған  баламыз,<br>*(өздерін көрсетеді)*<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>*(екі қолын жоғары-төмен қозғайды)*<br>Күнге қарай талпынып,<br>*(бәрі Күнге қарсы қолын маңдайға қояды)*<br>Көкке қолды созамыз.<br>*(екі қолды алға созады)*<br>Қанат қағып ұшамыз,<br>*(екі қолмен қанат қағатын қимыл көрсетеді)*<br>Қарлығаштай самғаймыз.<br>*(самғап ұшуды бейнелейді)*<br>Өлеңді қайталап есімізге түсірейік.<br>Өлең шумағындағы *кимешек, жаулық* сөздерінің мағынасын қайталау.<br>3-4 балаға өлеңді мәнерлеп қайталатып айтқызу.<br>**Есіңе сақта:**<br>«Асыл әжем, қуанышым берекем,<br>Өнегенің өрісі де сен екен». | кемеде отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді.<br>Міне,<br>Кеме,<br>Мінем,<br>Мен де.<br>Сапарға алыс шығамын,<br>Теңіз сырын ұғамын.<br>Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай,<br>Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады:<br>Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай.<br>Кемемізді жағалаулар шақырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды.<br>Өлең не туралы?<br>Кемеге жол серік –  деп нелерді айтып отыр?<br>Алыс шалғайда не көрінеді?<br>Енді осы өлеңді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар.<br>Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер жайлы айтылды? Педагог екі тілде аудармаларды айтып өтеді.<br>Сөздік жұмыс.<br>Бұл жердегі «Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай» деген өлең жолдары «өте алыста, көз ұшында» деген мағынада.<br>**Сергіту сәті:** | арнар едің?<br>Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді.<br>Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді.<br><br><br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балдырған  баламыз,<br>*(өздерін көрсетеді)*<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>*(екі қолын жоғары-төмен қозғайды)*<br>Күнге қарай талпынып,<br>*(бәрі Күнге қарсы қолын маңдайға қояды)*<br>Көкке қолды созамыз.<br>*(екі қолды алға созады)*<br>Қанат қағып ұшамыз,<br>*(екі қолмен қанат қағатын қимыл көрсетеді)*<br>Қарлығаштай самғаймыз.<br>*(самғап ұшуды бейнелейді)*<br>Өлеңді қайталап есімізге түсірейік.<br>Өлең шумағындағы *кимешек, жаулық* сөздерінің мағынасын қайталау.<br>3-4 балаға өлеңді мәнерлеп қайталатып айтқызу. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Демімізді алайық.</td>
<td>Оны ешкімге қимапты.<br>Бөтекесін толтырып,<br>Қамбасына құймапты.<br>Қыста тауық қақылдап,<br>Тары іздеп жүр тақылдап.<br>Балаларды ынталандырады. Өздерінің жұмысына баға беріп, сөйлемдерді аяқтауға шақырады.<br>Мен бүгін ... білдім.<br>Маған ... өте қызықты болды.<br>... орындау қиындық тудырды.<br>Енді мен ... орындай аламын.<br>Мен ... үйрендім.<br>Мен қолымнан ... келеді.<br>Мен ... өзім істеп көремін.</td>
<td></td>
<td>(Сергіту жаттығуларын Ж.Смақовтың «Пойыз» өлеңі бойынша жасатуға болады.)<br>Кәне, кімнің бойы ұзын,<br>Паравозы ол пойыздың.<br>Қатар-қатар тұрайық,<br>Пойызды бір құрайық.<br>Ал, паравоз, баста алға,<br>Бәрімізді басқар да.<br>Піш-піш, піш-піш, біз кеттік,<br>Жүрісті тым үдеттік.<br>Гу-гу,гу-гу гуілде,<br>Қалып қойма бәрің де.<br>(Ж.Смақов)<br>Дәптердегі тапсырма орындалады.<br>Ойын шарты: Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек.</td>
<td>Есіңе сақта:<br>«Асыл әжем, қуанышым берекем,<br>Өнегенің өрісі де сен екен».<br>Әже<br>Еркелетіп ертемен,<br>Оятады ол мені.<br>Таңғы таза ауамен<br>Тазалаймыз бөлмені.<br>Ертегісі өзінің,<br>Таусылмайды не түрлі.<br>Әжімдері көзінің,<br>Мейірімі секілді.<br>Кимешегін, жаулығын,<br>Теңеп аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын,<br>Тілеп жүрем күнде мен.<br>Әбубәкір Қайран</td>
</tr>
<tr>
<td>«Ас – адамның арқауы» түскі ас.<br>10:00-10:30</td>
<td colspan="5">Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2 үзіліс – 10:00 – 10:30</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Жүгіруге арналған ойын: «Көліктер»<br>Басты міндеттері: берілген белгіні мұқият тыңдап, нақтылы қимыл-қозғалыс орындауға үйрету.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Дыбыстық есту арқылы ойын:<br>«Менімен қайтала»<br>Мақсаты: Балаларды «а», «у» дыбыстарын сөздерде, буындарда таза, анық айтуға үйрету: гу, му, ну, ух,<br>Шарты: - Сендерде қандай ойыншықтар бар екенін көрейік: тауық, қаз, балапан, бұзау, Балалар картачкалардағы суреттерге қарап нелер бар екенін атай отыра олардың қалай</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Жүгіруге арналған ойын:  «Көліктер»<br>Ойын міндеттері: берілген белгіні мұқият тыңдап, нақтылы қимыл-қозғалыс орындауға үйрету.<br>Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>Мазмұны.<br>Ойыншылар өз еріктерімен арнаулы ойын алаңында жүгіріп, бірін-бірі қуалап ойнап жүреді.<br>Мұғалімнің немесе ойын бастаушының «Ұшақ!» деген белгісінен</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| дыбыс білдіретіндерін айтады.<br>Маса өлеңі- зу-зу-зу<br>Қоңыз өлеңі- жу-жу-жу<br>Даулпаз өлеңі- бум-бум-бум<br>Пойыз өлеңі- чух-чух-чух<br>Сиыр өлеңі - му-му-му<br>Көкек өлеңі- ку-ку-ку<br>Құбыр (дудочка- ду-ду-ду) өлеңі-ыр-ыр-ыр (Музыкалық құбыр)<br>Жел өлеңі- у-у-у-у | <br> | кейін балалар орындарында тұра қалып, қолдарының басын кеуде тұсына ұстап, айналдырып (ұшақтарын от алдырып), орындарынан ақырындап жүре бастайды, жүгіруге көшіп, екі қанаттарын екі жаққа созып, алаңды айнала жүгіреді.<br>«Ұшақтар аэродромға қонды!» дегенде барлық ойыншылар шеттерінен келіп, бір қатар болып, жүрелерінен отыра қалады. Мұғалім «Аттар!» дегенде бірден не екіден бөлініп, қатарласа тұра қалып, қолдарын айқара ұстап, тізелерін жоғары көтере шауып кетеді немесе жорғалай жөнеледі.<br>Мұғалім уақытына қарай басқа да көліктердің атын атайды. Мәселен: трамвай, автобус, троллллейбус, кеме, түйе, асу есек тағы басқа.<br>Ойынның соңында айтылған көліктерді ерекше көрсете алған балалар өздерінің қабілеттерін басқаларға қайтадан көрсетуге мүмкіншілік алады.<br>**Ойынның ережесі.**<br>1. Белгіден кейін айтылған көліктің қозғалысын, дыбысын бар ойыншы бірдей салып, қимыл-әрекеттер жасап жүреді.<br>2. Ойын алаңның түгелдей пайдалану қажет.<br>3. Ойын бастаушының белгісін мүдіртпей орындау қажет.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Ойынды жүргізбес бұрын көліктер туралы әңгіме, ертегі-аңыздар айтып, балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыруға әрекет жасалынуы қажет.<br>Көліктердің бір-бірінен айырмашылығын, қажеттілігін, олардың адамға келтіретін пайдасын жақсы ажыратуға үйреткен жөн.<br>Көліктердің қозғалыстары мен дыбыстарын өте ұқсатып жасаған оқушыларға басқалардың алдында өнерлерін көрсетіп, тамашалауға уақыт беріледі.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Оқушылар өмірдегі болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерге көңіл бөліп, оларды ескеріп, есте сақтауға үйренеді.<br>Үй жануарларына басқа бір көзқараспен қарап, олардың пайдалылығына көздері жетеді. Жануарлардың өмір сүру ерекшеліктерін анықтап білуге талпынады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ұлттық ыдыстар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>**-**қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана | **3.Жапсыру-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Домбыра.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету; | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ыдыс- аяқ дүкені.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Асыранды үй жануарларын қалай күтіп-баптаймыз? (коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту;<br>-жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.<br>**Дағды**: Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, ыдыстарды сипаттайды. жаңылтпашты айтады.<br>**Түсінеді:** ұлттық ыдыстар болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сөйлемдерді құрастырады, қарапайым сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Ойын: «Сиқырлы қоржын».<br>( Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді.<br>Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, **жаңа сөздермен таныстыру**, ұлттық ыдыстар туралы | -шығармашылық қасиеттерін дамыту;<br>-қол қимылдарын жаттықтыру;<br>-өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету.<br>**Дағды**: ұлттық ою-өрнек элементтерін қию әдісіне және үйлесімді сәндеуге үйрету, дұрыс қолдана білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ұлттық ою-өрнек салынған музыкалық аспапты;<br>**Түсінеді:** күй тек домбырада орындалатынын;<br>**Қолданады:** бүктеп, симметриялы қиюды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Оқу қызметін үнтаспадан түрлі музыка аспаптарының дыбыстарын тыңдатудан бастаймыз.<br>Педагог:<br>–Бұл қай аспаптың дыбысы? Музыка жетекшісі бірнеше шығармалардан үзінді орындайды.<br>– Музыкалық аспаптардың ішінде қазақ халқының негізгі ұлттық аспабы қай аспап?<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог домбыраны көрсетіп, №1,2 слайдтан атақты күйшілерді және домбыраның түрлерін көрсете отырып, домбыра ата-бабамыздан келе жатқан мұра екендігін, негізінен күй шертуге арналғанын, ағаштан жасалатынын, оны күтіп, қастерлеп ұстау | -суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту;<br>-дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз ойлайды.<br>**Түсінеді:** дыбыстардың жасалуын.<br>**Қолданады:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Артығын тап» ойынын педагог балалармен ұйымдастырады**.**<br>Бас, қол, көз, қас, тас. *(тас)*<br>Алма, алмұрт, шие, бие. *(бие)*<br>Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. *(фокус)*<br>Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. *(жүзім)*<br>Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. *(терезе)*<br>**Түсіну деңгейі: Дыбыстармен жұмыс. «Тізбекті** | білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту;<br>**-**диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру.<br>**Дағды:** сөйлемдер құрастырып, қарапайым сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, сипаттайды, диалогке қатысады.<br>**Түсінеді:** ыдыстардың әртүрлі болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сөйлемдер құрастырады, қарапайым сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Өткен «Ұлттық ыдыстар» тақырыпты қайталау.<br>– Бүгін не жедің, не іштің?<br>– Ботқаны немен жедің?<br>– Қымызды немен ішеді?<br>– Тостаған, торсық – нелер?<br>**Демонстрациялық суретпен жұмыс.**<br>– Мынау қандай дүкен?<br>– Ыдыс – дүкені.<br>– Дүкенде қандай ыдыстар бар? Балалар таныс ыдыстарды атап, көрсетеді.<br>**Түсіну деңгейі: Жаңа сөздермен таныстыру**.<br>Дүкенде қазан бар.<br>Мынау – қазан.<br>*Мынау ... қазан* сөзін | **ҮІӘ міндеттері:**<br>-балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту;<br>-олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету.<br>**Дағды**: табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарларға күтім жасау жолдарын білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үйде асырайтын жануарлардың аттарын атап береді.<br>**Түсінеді:** оларға қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді.<br>**Қолданады**: табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарларға күтім жасау жолдарын біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуді сұрайды. Әліппе-дәптердегі тапсырманы пайдалана отырып, балаларды мәселені зерттеу үдерісіне бағыттайды: Суреттерді қарап шығып, сұрақтарға жауап бер. Талқылауға Қуаныш пен Айсұлуда қатысады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қысқаша мағлұмат беру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>– Мынау – торсық.<br>– Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды).<br>– Торсық теріден жасалады.<br>– Торсық неден жасалады?<br>– Торсық теріден жасалады.<br>– Мынау – тостаған.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – тостаған.<br>– Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай).<br>– Тостағанмен қымыз, айран ішеді.<br>– Тостағанмен не ішеді?<br>– Тостағанмен қымыз, айран ішеді.<br>– Тостаған ағаштан жасалған.<br>– Тостаған неден жасалған?<br>– Тостаған ағаштан жасалған.<br>– Мынау – ожау.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – ожау.<br>– Мынау – ұлттық ыдыстар.<br>– Мыналар – нелер?<br>– Мынау – ұлттық ыдыстар.<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды.<br>– Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай?<br>**«Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы.** (Табақ, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі,.<br>Қима материалдармен жұмыс.<br>**Сөздерді бекітуге ойын:** | керектігін айтады.<br>№3 слайд. Музыка жетекшісі домбыра құрылысымен таныстырады:<br>– шанағы;<br>– мойны, құлағы;<br>– пернелері;<br>– тиегі;<br>– ішегі.<br>Балалардың назарын үлестірмелі материалдың 44-бетіндегі домбыраның суретіне аудару.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>– Әдемі ме?<br>Қалай, немен безендіріліп сәнделген?<br>– Ою қалай аталады?<br>– Балалар, домбыра туралы көп нәрсе білдік.<br>Енді осы домбыраны жапсырып көрейік. Педагог жұмыс барысында ояды қиғанда жекелеген балаларға көмектеседі.<br>Жұмыс барысында күй ойнап тұрады.<br>– Алдымен домбыраның бөліктерін қиып дайындап аламыз.<br>1.46-беттегі домбыраның шанағын және басқа да ұсақ бөліктерін қиямыз. | **жалғастыр»дидактикалық жаттығуы**<br>Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіңе беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді.<br>Мысалы: *қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш – шопан - нан - нақыл – лақ – қала – алма – алтын – нар – нәзік – кәмпит – табақ – қант – тоқ – қоңыз т.б.*<br>***«Берілген дыбысқа сөз ойла»дидактикалық жаттығуы***<br>Педагог сөз ойлап айтқан балаларға жұлдызша беріп отырады, кімде көп жұлдызша болса, сол жеңімпаз атанады.<br>**1-тапсырма:**<br>Педагог балаларға «и» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мен білемін бұндай сөздерді: *ине, инелік, ирек, иық, Иманали т.б.*<br>**2-тапсырма:**<br>Педагог балаларға «о» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды.<br>Мен бұндай сөздерді білемін: *орындық, ожау, омыртқа, оқыс, оқы, ойна,ойын т.б*<br>.**3-тапсырма:**<br>Педагог балаларға «д» дыбысынан келетін | айтып жаттығады.<br>Дүкенде не бар?<br>Дүкенде қазан бар.<br>– Мынау – аққұман.<br>Мынау – ... аққұман.<br>Аққұман – ыдыс.<br>Дүкенде не бар?<br>Дүкенде аққұман бар.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сюжеттік ойын: «Дүкен»**<br>Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы.<br>Диалог үлгісі:<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Кесе беріңізші.<br>– Қандай кесе?<br>– Үлкен, екі жасыл кесе.<br>– Міне, кесе алыңыз.<br>– Рақмет. Сау болыңыз.<br>– Сау болыңыз.<br>Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Ән: «Дастарқан».*<br>Ей, халайық, халайық, Бар өнерге салайық.<br>Ас ұсынып, бас тартқан, Жаюлы тұр дастарқан.<br>Дастарқан-ау, дастарқан,<br>Берекелі дастарқан,<br>Мерекелі дастарқан<br>О-о-о!<br>**Жаңылтпаш қайталау.**<br>Шеше, неше кесе сынды кеше?<br>Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту. | Тәрбиеленушілер жануарлардың неліктен тірі ағзаға жататынын түсіндіреді. Оны тірі ағзаның бес нышаны арқылы дәлелдейді. Үйде, адамның қасында қандай жануарлар тіршілік ете алатынын еске түсіреді (мысық, ит, тасбақа, кірпі,қоян, тотықұс, теңіз шошқасы, атжалман).<br>Балаларға кез келген үйде асырайтын жануарды жарнамалап, әңгіме құрастыруды ұсынады.<br>Балалар үйде асырайтын жануарлардың өзіне тән ерекшеліктерін, қылықтары мен жейтін тамақтарын мысалға келтіре отырып әңгімелейді.<br>**Түсіну деңгейі: «Алмаз» техникасы.**<br>Педагог заттар мен тапсырмалар жазылған карточкаларды жайып қояды. Қысқаша жауаптан кейін сурет «алмаздың» тиісті шаршысына орналастырылады.<br>Тапсырмалар:<br>Үйде асырайтын 1 жануарды таңдап ал.<br>Тасбақаға арналған жемдер бейнеленген 2 суретті тап.<br>Адамның қасында тіршілік ететін 3 үй жануарын таңдап ал.<br>Мысықты сипаттайтын 4 түрлі белгініата: жұмсақ, мамық, ерке, ойыншыл.<br>Марғаулар ойнайтын 3 ойыншықтың суретін таңдап ал. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды.<br>Мысалы: Менде тостаған. Сенде не?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жаңылтпашпен таныстыру.<br>Шеше, неше кесе сынды кеше?<br>Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту.<br>**Сергіту сәті:**<br>*Ән: «Дастарқан».*<br>Ей, халайық, халайық, Бар өнерге салайық.<br>Ас ұсынып, бас тартқан,<br>Жаюлы тұр дастарқан.<br>Дастарқан-ау, дастарқан,<br>Берекелі дастарқан,<br>Мерекелі дастарқан<br>О-о-о! | | сөздер ойлап айтуларын сұрайды.<br>Мен бұндай сөздерді білемін: *доп, дақ, домалақ, дорба, дән, диқан, дарын, дария, даң, Дидар, дырылдақ т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Сөз жина»дидактикалық жаттығуы<br>Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «қ.ұ.с.», «қ.о.я.н.», - «с.и.ы.р.» ,- «а.с.ы.қ.» , - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.».<br>Балалар, сендер қандай тағамдарды ұнатасыңдар? Балалар, денсаулыққа пайдалы тағамдармен тамақтану қажет. Ал А, В, С, Д, Е – осы адам ағзасына қажетті дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағамдардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады, себебі ол арқылы сен жақсы өсесің, ал көзің тамаша көреді.<br>В тобының дәрумендері мидың дамуына әсер етеді.<br>С дәруменін «күшті | | Балыққа күтім жасаудың 2 тәсілін атап көрсет: тамақтандыру, суын ауыстыру.<br>Үйде асырайтын жануар туралы 1 мультфильмнің атын ата.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балаларды тәжірибе жұмыстарына жұмылдырады (педагог мүмкіндігінше, тотықұстың ұясындағы суды ауыстыру,төсенішін ауыстыру, жем шашу, жемсауытын жуу сынды т.б.<br>тапсырмалар береді).<br>Құсқа қамқорлыққа және сүйіспеншілікке бөлеу қажеттігіне балалардың назарын аударады.<br>**«Жануарға ат қой» ойынын ойнауға шақырады.** Қиялдайды, үйде асырайтын жануарларға жаңа аттар ойлап табады.<br>**Сергіту сәті :**<br>Ала мысық тырнай ма,<br>Тырнағаның бола ма?<br>Ұстайыншы қолыңнан,<br>Ойнайық, ер соңымнан. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | имунитет дәрумені» деп атауға болады, себебі ол арқылы сен аурулардан қорғанасың.<br>Е дәрумені сені күшті, әрі төзімді етеді.<br>Д дәрумені сенің сүйегіңді мықты етеді.<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>*«Май», «сүт»* сөздеріне дыбыстық талдау жасайық. Балалар орындарында жұмыс дәптермен өз беттерінше жұмыс жасайды. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі. Суретті дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, балаларды тақтада жұмыс жасауға шақырады. Балалар жұмыстарын тақтамен тексереді, түзетеді.<br>Дыбыстық талдау жасау барысында әр дыбысты анық айтуға тапсырма беріледі.<br>***«Май»*** сөзіне дыбыстық талдау.<br>***«Май»*** сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>**М** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс , қызыл түспен белгілейміз.<br>**Й** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>«Сүт» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.<br>**С** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Ү** – жіңішке дауысты | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Т** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Қолымызды қайшылап,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып-қиып аламыз,<br>Біз көңілді баламыз. | | |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын: «Жеті қалбыр» (ұмыт бола бастаған ойын,ескерту:кегли арқылы ойнауға болады қалбыр орнына)**

**Басты міндеттері: қарсыласының добын тигізбей, қалбырларды бірінің үстіне бірін жинау.**



**Аз қимылды ойын: «Жеті қалбыр» (ұмыт бола бастаған ойын,ескерту:кегли арқылы ойнауға болады қалбыр орнына)**

**Ойын міндеттері:** қарсыласының добын тигізбей, қалбырларды бірінің үстіне бірін жинау.

**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Керекті құралдар:** жеті қалбыр, бір команда ойыншыларына жететін кішкентай резеңке доптар.

**Мазмұны.**

Ойыншылар араларынан екі капитан сайлайды. Қалғандары екі командаға бөлінеді. Ойын алаңының ортасына жеті қалбырды бірінің үстіне бірін жинап қояды. Ол қалбырлардың қасында бірінші команда ойыншылары шашырап жүреді. Олар – «күзетшілер».

Қалбырлар жиналып тұрған жерден 5-6 м жерде екінші команда балалары қолдарына бір-бір доп ұстап, бір қатар болып тізіліп тұрады. Олар – «соққыштар».

Ойынның басталуына берілген белгіден кейін доп ұстап тұрған «соққыштар» қолдарындағы доптарын лақтырып, жүгіріп жүрген күзетшілерді соғып, ойыннан шығаруға тырысып, қалбырларды құлата бастайды.

Ал «күзетшілер» кезекпен жүгіріп жүріп, өздеріне допты тигізбей, құлаған қалбырларды орындарына қайта жинап жүреді. Доп тиген бала ойыннан шығып отырады.

Ойын осылай келісім бойынша барлық ойыншылар ойыннан шыққанша немесе арнаулы бір уақыт арасында аяқталады.

Ойынның соңында доп тигізбей көп қалбыр жинаған ойыншы мен мерген баланы атап өтеді.

Ойын әрі қарай жалғасу үшін командалар орындарын ауыстырады.

**Ойынның ережесі.**

1. Құлаған қалбырды кезекпен барлық ойыншылар қалаулары қажет.
2. Бірнеше бала бір уақытта қалбырларды жинауы мүмкін. Ол қалбырлардың санына

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | байланысты.<br>3. Допты барлық бала бірдей лақтыруға болады.<br>4. Доппен бастан соғуға болмайды.<br>5. Жерден ыршып тиген доп саналмайды.<br>6. Допты қағып алуға болмайды.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Сыныптағы оқушылардың шамасына қарай қалбыр мен соққыштардың ара қашықтықтары әр түрлі болуы мүмкін. Ол қалбырларға шамасы аз бала да лақтырып жеткізе алатын болуы керек.<br>Келісім бойынша күзетшілердің барлығы бірдей жүріп, қалбыр жинауларына болады. Ойыншылар тез, тоқтаусыз қимыл-қозғалыста болғанда ғана ойын қызықты өтеді. Сондықтан мұғалім бұл ойынды оқушылардын өз бетімен ұйымдасып, өздері басшылық жасап ойнауына мүмкіндік бергені дұрыс.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Қалбырларды жинай жүріп, әр бала көпшіліктің мүддесі үшін әрекеттенумен қатар өзінің жеке басының сақтығы арқылы мақсатқа жетуге болатынына көзі жетеді. Қиыншылықты көре тұра соған қарсыласуға, батыл қимыл-әрекет жасауға дағдыланады. Ерік-жігерін шыңдап, қайсар болуға үйренеді. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Желаяқтар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту;<br>-өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып етпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу.<br>**Дағды**:<br>-заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: эмоционалды ахуал тудыру** | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ақ әжем.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда,фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау;<br>-үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** «Батырлар» (айналмалы жаттығуларды қолдану).<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену;<br>-«Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу;<br>-баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу;<br>-гимнастикалық қабырғада қиғаш өрмелеуге, түрлі тәсілмен | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ақ әжем.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда,фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау;<br>-үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мерген.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру;<br>-жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстінде жинақталып нысананың ішінен тепе-теңдікті сақтай отырып өтуге жаттығуды жалғастыру;<br>-өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.<br>**Дағды:**<br>-көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктен салмақ түсіру, тірелу нүктесінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Денсаулықты сүйеміз,<br>Шынығамыз күнде біз.<br>Бір-екі-үш!<br>Бір-екі-үш!<br>Бұлшық етте, міне, күш!<br>Санайық жаңаша,<br>Бір, екі, үш!<br>Желбірейік жалауша,<br>Достықта біздің күш!<br>**Дайындық жаттығулары.**<br>«Дегелек» ойыны.<br>Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды.<br>Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды<br>**Түсіну деңгейі:** Дуал саламыз!» ойыны<br>Шаңғымен оң жаққа, сол жаққа сүйем қадамдар жасап жүреді.<br>Бірнеше заттарды айналып, арасымен шаңғыны сырғыта жүріп өту.<br>Асықсаң сырғу азайып, жылдамдықты жоғалтатынына басты назар аудару керек.<br>Заттардың арасымен өткенде қауіпсіздікке қатты көңіл бөлу керек.<br>Заттардың арасымен шаңғымен жүріп өтеді. Қол мен аяқтарының қимылын үйлестіруге тырысады.<br>Шаңғының ұшымен іліп кетпес үшін, заттарға жақындамауға тырысады.<br>«Мұқият бол!» ойыны<br>Балалардың барлығы<br>Педагогтің белгісіне мұқият | **Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Ақ әжем» (К. Қуатбаев)<br>***Ән айту:***<br>«Әже тілегі»<br>(Т. Қоңыратбай)<br>«Екеуміз әйбат баламыз»<br>(И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Сағат» (Е. Андосов)<br>**Билер:**<br>«Полька» эстон халық биі<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Қоянды ұстаңдар»<br>(К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>**«**Янка» беларусь халық биі<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ән орындайды, сөздерді анық және таза тыныс алып, бастап айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Түсінеді:** сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтау отырып айтуды.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Сағат» (Е. Андосов).<br>Балалар шеңбер бойында жүріп, қолды белге қойып, сағат тілі секілді оңға, солға иіліп, сол ырғақпен ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды. **«**Әже мен немересі», **«**Менің әжем**»** суреттерін көрсету.<br>Балалармен отбасындағы | түсуге жаттығу, қол мен аяқтың үйлесімді қозғалысын жалғастыру.<br>**Дағды**: Көлденең нысанаға асық лақтыру дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жұппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары мен«түзу қолмен төменнен» асық ату, арқаннан ұстап салбырап тұруды.<br>**Түсінеді:** «батыр» ұғымы, Қазақстан тарихындағы батыр бабалардың рөлі, нысананың дәл ортасына тигізу, жұптағы іс әрекетін үйлестіріп, жүгіру мен белгілеген жерден итеріліп, секіруді үйлестіруді.<br>**Қолданады:** жүру мен жүгіруде қалыпты арақашықтықты сақтау, бастапқы қалыпқа келу, шеңбер бойымен өз бетімен тапсырмаларды орындау, сапқа тұру, қайта тұру, гимнастикалық қабырғамен әртүрлі тәсілмен өрмелеу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Тыныс алу жаттығулары<br>Бастапқы қалып – еденге аяқты айқастырып отыру. Арқаны тік ұстап, қолдарын жоғары көтергенде терең тыныс | қалыптастыру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Ақ әжем» (К. Қуатбаев)<br>***Ән айту:***<br>«Әже тілегі»<br>(Т. Қоңыратбай)<br>«Екеуміз әйбат баламыз»<br>(И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Сағат» (Е. Андосов)<br>**Билер:**<br>«Полька» эстон халық биі<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Қоянды ұстаңдар»<br>(К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>**«**Янка» беларусь халық биі<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ән орындайды, сөздерді анық және таза тыныс алып, бастап айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Түсінеді:** сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтау отырып айтуды.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Сағат» (Е. Андосов).<br>Балалар шеңбер бойында жүріп, қолды белге қойып, сағат тілі секілді оңға, солға иіліп, сол ырғақпен ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды. **«**Әже мен немересі», **«**Менің әжем**»** | тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру. Психологиялық күйзелісті тарқатуға арналған арнайы жаттығулар орындау.<br>**Түсінеді:** «аңшылық» адамның ең көне кәсіптерінің бірі екенін, аңшылыққа арналған құралдар; таза ауадағы қимыл әрекетінің денсаулыққа пайдасы; аяқты саннан 90°-қа көтеру; таяқтарға жақын жүру және рөлдік ойындардың мазмұнын.<br>**Қолданады:** таяқпен жаттығулар орындау дағдысын, заттардың арасымен жүгіру, сенсомоторлық үйлесімді, көзмөлшерін, қимыл дағдыларын, тепе-теңдікті сақтау, қол мен аяқтың қимылдарының үйлестіру дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Бір-бірден тізбекпен жүру, ирек жолмен жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, көзді жұмып 4 м жүру, жіңішке жол, жуан жолмен жүру, жануарлардың ізімен жүру. мин. үздіксіз баяу жүгіру. Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару;<br>Қысқа шұғыл дем алып – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарап, сәйкес қимылдар жасайды. Жасыл жалау көтерілсе – жүреді, қызыл көтерілсе – шұғыл тоқтайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Мимикалық жаттығулар<br>1.Маңдайын жиырып, қабағын көтереді, босатады. 1 мин маңдайын жап-жазық етіп ұстауға тырысады.<br>2.Қабағын түйіп (ашуланып), қасын босатады.<br>3.Көздерін бақырайтып (қорқып), көздерінің үстін қайта босату (жалқаулану).<br>4.Танауын керіп (бір иісті сезгендей демін ішіне тартып), демін сыртқа шығарып, босаңсу.<br>5.Көздерін қысып, жұмып, қайта босаңсу.<br>6.Көздерін сығырайту, қайта босаңсу.<br>7.Үстіңгі ернін көтеріп, мұрнын жиыру, қайта босаңсу. | анамыздың, әкеміздің аналары – әже туралы сұхбат жүргізу.<br>Әжелеріңнің сүйікті немересісіңдер, оларға қамқор болуды ұмытпаңдар.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Музыка тыңдау:*** «Ақ әжем»<br>(К. Қуатбаев).<br>Әнде кім туралы айтылып отыр?<br>Ән қандай көңіл күйде жазылған?<br>Әжелерің сендерді қалай еркелетеді?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Әже тілегі»<br>(Т. Қоңыратбай).<br>Әннің мәтінін балаларға түсіндіріп, әуенін үйрету.<br>Ән айту кезіндегі ережелерді еске түсіріп, бір-бірін тыңдай отырып, қатты айғайламай, мәнерлеп айту.<br>Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру.<br>«Екеуміз әйбат баламыз»<br>(И. Нүсіпбаев), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:*** «Полька» эстон халық биі. Балаларға полька қимылдарын жасату, аяқты тізеден бүгіп жоғары көтеру дағдыларын қайталап үйрету.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойында тұрады да, ортада | алып, иіліп, алға қарай қолдарын түсіргенде дем шығару.<br>Бастапқы қалып – сол қалып. Қолдарын жоғары созып, терең тыныс алады. Төмен түсіргенде маңдайы мен қолдарын еденге тигізіп, дем шығарады.<br>Бастапқы қалып – сол қалып. Қолдарын иық деңгейінде алдыға немесе екі жаққа түзу созып, алақанын төменге қарату. Тыныс алғанда сол қолдың басын жоғары көтеріп, оң қолдың басын төмен түсіру. Дем шығарғанда керісінше сол қолдың басын төмен, оң қолдың басын жоғары қозғалту.<br>Бастапқы қалып – сол қалыпта балалар екі қолын екі жаққа жұдырығын түйіп, басбармағын шошайтып созады. Тыныс алғанда бас бармақты баяу жоғары, дем шығарғанда төмен қаратады.<br>**Түсіну деңгейі:** Биіктікке секіру.Жүгіріп келіп, биіктікке (20 см) секіреді. Белгіленген жерге келгенде жүгіріс пен аяқпен итерілуді үйлестіре білу керек.<br>Екі аяқты бірдей созып барып екпінмен шапшаң итерілуге тырысады. Қолмен сермеп көмектеседі.<br>Жүгіріп екпін алған соң | суреттерін көрсету. Балалармен отбасындағы анамыздың, әкеміздің аналары – әже туралы сұхбат жүргізу.<br>Әжелеріңнің сүйікті немересісіңдер, оларға қамқор болуды ұмытпаңдар.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Музыка тыңдау:*** «Ақ әжем»<br>(К. Қуатбаев).<br>Әнде кім туралы айтылып отыр?<br>Ән қандай көңіл күйде жазылған?<br>Әжелерің сендерді қалай еркелетеді?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Әже тілегі»<br>(Т. Қоңыратбай).<br>Әннің мәтінін балаларға түсіндіріп, әуенін үйрету.<br>Ән айту кезіндегі ережелерді еске түсіріп, бір-бірін тыңдай отырып, қатты айғайламай, мәнерлеп айту.<br>Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру.<br>«Екеуміз әйбат баламыз»<br>(И. Нүсіпбаев), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:*** «Полька» эстон халық биі. Балаларға полька қимылдарын жасату, аяқты тізеден бүгіп жоғары көтеру дағдыларын қайталап үйрету.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Қоянды ұстаңдар» | демін созып өте баяу шығару;<br>Баяу, созылмалы тыныс алу – қысқа, шұғыл дем шығару;<br>Ауа жіңішке ағыспен шығатындай етіп, баяу созылмалы дем шығару;<br>Жұлқып дем шығару;<br>Мұрын арқылы баяу тартып, терең тыныс алу, демін кідірте отырып, шығарғанда ауа санап болғанша жететіндей етіп, 1–10 дейін санау.<br>**Түсіну деңгейі: «Ептілікке жаттығамыз!»**<br>Ұзын орындықпен жүру (ені – 25 см, биіктігі – 30 см), жүріп келіп орта тұсында айналадағылардан өтіп кету.<br>Тепе-теңдік сақтап ұзын орындықпен жүріп, жаттығулар орындау. Орта тұсында құрсаудан-құрсауға өтіп, модульден айналып, жүгіріп қайтып келеді. Құрсаудан өткенде басы мен аяғын тигізбей жұмыр жиналуға тырысады.<br>«Тепе-теңдікті сақтауға жаттығамыз!»<br>Жоғары жағы 40 см көтерілген көлбеу тақтайға жүгіріп шығып-түседі. Бірінші көлбеу тақтаймен төменнен жоғары қарай жүгіріп шығып, екінші тақтайдан биіктен төменге қарай жүгіріп түседі. Командаға қайтып келеді.<br>**Қолдану деңгейі: «Мергендер»,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бір бала қоян болады, ортадағы қоянның қимылдарын шеңберде тұрған балалар қайталайды. Қоян шеңберден шығуға тырысады, балалар жібермейді.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Янка» беларусь халық биі.<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды. | кідірмей кедергіге келгенде екі аяқты бүгіп барып қайта жазып итеріліп секіреді.<br>**«Тақиятастау»**<br>Көлденең нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру. «Қолын түзеп жазып барып, төменнен лақтыру» тәсілін қолданады.<br>Бастапқы қалыпта аяқтарын иықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде тұсында шынтақтан бүгіп, артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады.<br>Көлденең нысанаға асықты бір қолмен лақтырады. Бастапқы қалыпқа нұсқау бойынша тұрады. Иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп күшін мөлшерлеп лақтырады. Нысанаға тура тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындалады.<br>**Қолдану деңгейі: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.**<br>Қиғаш қозғала отырып өрмелеп, арқаннан ұстап салбырап тұрады.<br>Жаттығу жеке-жеке орындалады.<br>Қауіпсіздік ережелерін өте мұқият сақтау керек.<br>**«Аламан» қимыл-қозғалыс ойыны.** | (К. Қуатбаев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойында тұрады да, ортада бір бала қоян болады, ортадағы қоянның қимылдарын шеңберде тұрған балалар қайталайды. Қоян шеңберден шығуға тырысады, балалар жібермейді.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Янка» беларусь халық биі.<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды. | **«Таяқтастау»** (нысанаға дәл тигіз).<br>метр қашықтықтан тік нысанаға дорбаларды ату. Бастапқы қалыпқа келу. Кішкентай дорбаларды қолды жоғары алға сермеп лақтырады.<br>Нысананың дәл ортасына тигізуге тырысады.<br>Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындайды.<br>**« Мерген» Психологиялық күйзелісті тарқату жаттығуларын жасайды.**<br>**Тістенеді.** Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқы қалыпқа келу.<br>Қарнын ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату. Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бір-бірден тізбекке тұрып, әр ойыншы алдыңғы ойыншының белінен ұстайды. Бастаушы тізбектің ең басындағы ойыншыға қарап тұрып, оңға, солға ұмтылып, ең соңғы ойыншыны ұстап алуға тырысады. Дүниені позитивті сезінуді қалыптастыру: «Домбыра не деп жырлайды». Балалар, батырлар бейбітшілік орнағанда не істеген деп ойлайсыңдар? Қалай жаттыққан? Бейбіт заманда батырлар сайыстар өткізіп, аңға шығып, түрлі жаттығулар өткізген. Өз отбасымен уақыт өткізіп, өнерге құлшынған. Өздеріңді домбырада ойнап отырған батыр баба деп елестетейік... Балалардың жауабы. Батыр өз отбасы мен Отанын сүйіп, оған қамқорлық етуі керек. Шешен сөйлеп, өз ойын, ұстанымын дәлелдей алатын, мейірімді, дені сау, епті, мықты болуы керек. | | |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Қаңтар**<br>**Серуен кешені № 11**<br>**Қарды бақылау қаңтар айы.**<br>**(өткен апта мен бүгінгі күндегі қарларды бақылап салыстыру)** | **Қаңтар**<br>**Серуен кешені № 12**<br>**Ауладағы ағаштарды бақылау**<br>**(желтоқсан,қаңтар айымен салыстыру)**<br>**Міндеттері**: | **Қаңтар**<br>**Серуен кешені № 13**<br>**«Қардағы құс іздері» бақылау**<br>**Міндеттері**:<br>қардағы құс іздерін тани білуге үйрету. | **Қаңтар**<br>**Серуен кешені № 14**<br>**Суық желді бақылау**<br>**Міндеттері**:<br>-балаларды таза ауаға серуенге шығарып, табиғат құбылысы күзгі суық | **Қаңтар**<br>**Серуен кешені № 15**<br>**Көпшілік көліктерін бақылау**<br>**Міндеттері**:<br>— көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті***:* Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**Қаңтар. (Ә.Дүйсенбиев).**<br>Лебі мұздай ызғарлы,<br>Алып келді қыс қарды.<br>Қысқы түндер ұзарды,<br>Ұзақ күндер қысқарды.<br>Аяз сүйіп қарсы алған,<br>Жердің аппақ тұлғасы.<br>Басталады қаңтардан,<br>Қыс айының ортасы.<br>Балалар, мен өлеңді тағыда мәнерлеп оқып беремін, сендер естеріңе сақтап қалыңдар.<br>Балалар, менімен бірге өлең жолдарын қайталайық.<br>Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦қыс айларын атаңдар?<br>♦қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай | — Ағаштар туралы білімдерін бекіту;<br>— Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Ағаштар» М.Әлімбаев**<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Тау баурайы төменде,<br>Өседі жас емендер.<br>Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Басқа ағашпен аралас,<br>Жайқалады қарағаш<br>Көк қарағай, қарағай,<br>Мейірбанды анадай,<br>Көкке бойын созады,<br>Көпке қолын созады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған<br>♦ Ағаштар не үшін керек?<br>♦ Ол адамға не береді?<br>♦ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>♦ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер?<br>♦ Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады?<br>♦ Ағаштардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары болады?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптеріне қар үю. | **Бақылау барысы**<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады.<br>Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>*Мақсаты:*<br>— Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>— Жұмысты жоспарлау.<br>**Қимылды ойын**<br>«Ізбе із».<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..*<br>**Жаттығу ойындары** | желдің бағытын лентамен анықтатып үйрету;<br>-жазғы желмен қысқы желді салыстыру.<br>**Бақылау барысы**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үлкен болып өседі.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады? (компаспен, зырылдауықпен)<br>♦ Жел қалай пайда болады?<br>♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.***<br>**Еңбек**<br>Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау.<br>*Мақсаты: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Мысық пен күшік».<br>*Мақсаты:*<br>— Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту;<br>— Әр бағытта жүкіруге жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты:* қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей | ережелерін білу;<br>—үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Балалармен әңгімелесу өткізу.**<br>♦ сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦ Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? *( аялдама.)*<br>♦ Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды? *(Маршруттар, таксилер.)*<br>♦ Автобусқа қай есіктен міну керек? *(алдыңғы)*<br>♦ Қай есіктен шығу керек?? *(артқы)*<br>♦ Автобустың қай жағынан айналып өту керек? *(арт жағынан)*<br>♦ Неге? *(жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді)*<br>♦ Сен автобуста келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобусқа қарт кісі мінді. Сен не істейсің? Неге?<br>♦ Жолдан қалай өту керек? *(асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек)*<br>♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? *(жасыл)*<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу.<br>*Мақсаты:еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Жүргізушілер және жаяулар».<br>— *Мақсаты****:*** *Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аталады?<br>♦қарқатқақ қалай пайда болады?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Мектеп ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге?<br>**Еңбек**<br>Сырғанаққа су себу<br>*Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.*<br>**Қимылды ойын** «Екі аяз».<br>*Мақсаты:* кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Кім алысқа секіреді<br>*Мақсаты:* белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру.<br>**Мақал-мәтелдер**<br>1. Қысына қарай – көктемі,<br>Диқанына қарай – егіні.<br>2.Қар жауды деп қуанба,<br>Артынан келер аязы.<br>3.Қыс қамыңды жаз ойла | *Мақсаты:* ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу..<br>**Қимылды ойын**<br>«Аулада қандай ағаштар өседі?».<br>*Мақсаты:*<br>— Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау;<br>— Сөздік қорларын байыту;<br>— Табиғатқа қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту: Аңдар биі<br>Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. | Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>*Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.*<br>**Халық болжамы:**<br>*Қар көп болса, нан мол болады.<br>*Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.<br>*Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.<br>*Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. | білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін белсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу.<br>**Жаңылтпаш**<br>Қаштым қатты-ақ,<br>Ұшты қалпақ<br>Балақ сатпақ,<br>Аяқ батпақ.<br>***Халық болжамы:***<br>***Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады*** | *Мақсаты: 20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту..* |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Мұратқажы Жанэль<br>Аянқызы Раяна<br>**Мимикалық жаттығулар жасату:**<br>1.Маңдайын жиырып, қабағын көтереді, босатады. 1 мин маңдайын жап-жазық етіп ұстауға тырысады.<br>2.Қабағын түйіп (ашуланып), қасын | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере мен Ермекова Айбике<br>Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; санау білігін бекіту. | **Қазақ тілі-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Ермекова Айбике<br>Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдысын дамыту. | **Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Көліктер, олардың түрлері туралы түсініктерін жинақтау. | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Сәулетбек Нұрәли<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | босатады.<br>3.Көздерін бақырайтып (қорқып), көздерінің үстін қайта босату (жалқаулану).<br>4.Танауын керіп (бір иісті сезгендей демін ішіне тартып), демін сыртқа шығарып, босаңсу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Аламан» ойыны.<br>**Міндеттері:** Баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу.<br>**Дағды:** жүру мен жүгіруде қалыпты арақашықтықты сақтау, бастапқы қалыпқа келу, сапқа тұру, қайта тұру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Бір-бірден тізбекке тұрып, әр ойыншы алдыңғы ойыншының белінен ұстайды. Бастаушы тізбектің ең басындағы ойыншыға қарап тұрып, оңға, солға ұмтылып, ең соңғы ойыншыны ұстап алуға тырысады. | **Танымдық-қимылды ойын**<br>**Дидактикалық ойын: «Қармақ»**<br>**Міндет:** талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды,<br>құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды.<br>-Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме?<br>-Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді. Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады. | **Дидактикалық ойын: Сөздерді бекітуге ойын:** «Менде, сенде...».<br>**Міндеттері:** Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру.<br>**Дағды:** Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы: Менде тостаған. Сенде не? | **Дидактикалық ойын: «Көлік»**<br>**Міндеттері:**<br>Көлік түрлерінің маңызын түсіндіру.<br>Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту.<br>**Дағды:** көліктердің әр салада пайдалануын анықтай алу дағдыларын дамыту;<br>**Ойынның шарты:**<br>Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек. | **Танымдық-қимылды ойын: «Жануарға ат қой»**<br>**Міндет:** Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту<br>**Дағды:** Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыруға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Қиялдайды, үйде асырайтын жануарларға жаңа аттар ойлап табады. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен** | **Ата –аналарға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың | **Ата-анаға кеңес:**<br>Көңіл күйіңіз болмай тұрған | **Ата-анаға кеңес:**<br>Сіз тек осы жұмыстардың | **Ата-анаға кеңес:**<br>Есіңізде болса, балаға үш | **Ата-анаға кеңес:**<br>Бір мезетте қатал да |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.** **12:25-12:30** | өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,( өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | кезде ешқашан да бала тәрбиесімен айналыспаңыз. Өз балаңызбен тығыз қарым-қатынас орнатуға тек қана Сіздің көтеріңкі көңіл күйіңіз, оң көзқарасыңыз ғана әсер етеді. Тәрбие сатылы деңгейде жүргізілгені дұрыс. Әр биікке өз уақытында, біртіндеп көтеріліп отырған дұрыс. Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | орындалуын қадағалауыңыз керек. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.Балаңызды тыңдауды үйреніңіз.Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. | негізгі қасиетті дарытуға міндеттісіз: шешім шығару, құрмет, жауапкершілік. Қандай жағдай болса да, еңсесін тік ұстайтын, жан-қоршаған адамдарына құрметпен қарайтын және өз қадамдары үшін жауап бере алатын адамдар көп жағдайда табысқа жететіні белгілі. | мейірімді бола біліңіз. Егер сіз балаңызға деген ыстық ықыласыңызды үнемі білдіре отырып, тек керек уақытында ғана ұрсатын болсаңыз, онда бұл сіздің тәрбиеңіз барысында міндетті түрде жемісін береді. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 29.01.24 | Сейсенбі 30.01.24 | Сәрсенбі 31.01.24 | Бейсенбі 01.02.24 | Жұма 02.02.24 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Математика негіздері** – ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Математика негіздері»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары:** **«**Ойын,зерттеу танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Санап алып,нүктемен біріктір»<br>**Міндеттері:** 1-ден 20-ға дейін санау, не бейнеленгенін, түсін, неше бірліктен тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту;<br>ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. | **Құрастыру-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті<br>**Құзыреттілік:** «Құрастыру»<br>**Коммуникативтік дағдылары:** «Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Көліктерге арналған гараж-Ақылды машина»<br>**Міндеттері:** Белгілі бір автокөлікке арналған жоба бойынша гараж салу, қажетті құрылыс материалын өз бетінше таңдау, бір объектіге әртүрлі өлшемдер мен дизайндағы ғимараттарды жасау | **Дене шынықтыру -** коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі іс - әрекет арқылы қимылды ойын.<br>**Құзыреттілік:** «Дене шынықтыру»<br>**Физикалық қасиеттері:** «Коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Домино»<br>**Міндеттері:** балалардың дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығын дамыту; балаларды әртүрлі спорттық жабдықтармен таныстыру,білімдерін бекіту; оларды дұрыс | **Сауат ашу негіздері** – коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сауат ашу негіздері»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Не артық,көрсете біл»<br>**Міндеттері:** Балаларды суретке қарап,оларды жалпы атауға, топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу.<br>**Дағды:** Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен | **Қоршаған ортамен танысу** - тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**Құзыреттілік:** «Қоршаған ортамен танысу»<br>**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: «**тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Қоқысты сұрыптаймыз – табиғатты сақтаймыз»<br>**Міндеттері:** Балалардың қоршаған ортаны сақтау үшін қалдықтарды қайта өңдеу қажет екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дағды:** 1-ден 20-ға дейін санды танып,дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: алма суреттері, сандар.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Ойынға барлық балалар қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (алма мен нүктелер) бөліп алады да, ойын бастайды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды.Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді.<br>Табылған зат жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: Сандарға байланысты тура және кері санап,санның құрамын айтып беруге ынталандыру.<br>**Ойынның нұсқаулары**: Бала аталған санды сурет арқылы, саусақпен санау арқылы көрсетіп, санның неше бірліктен тұратынын айтады және қойылған текше доминоны дұрыс қоя білу. бірге құрастырады.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Алма кетті домалап<br>Көше бойын жағалап<br>Кім алманы табады | қабілетін дамыту. Нұсқалардың үлгі сызбаларын талдауға көмектесу; Талдау негізінде конструктивті шешімдер табуына және өз ғимаратыңызды құруды жоспарлай білу қиялын дамыту. Кейбір бөлшектерді басқалармен ауыстыру құрастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру,мүмкіндігін күшейту.<br>**Дағды:** Жасалып жатқан ғимараттар мен балалардың айналасындағы өмірде көретін нәрселері арасында байланыс орнату қабілетін дамытуды жалғастыру, берілген тапсырманы аяғына дейін орындауға дағдыландыру.<br>Құрылымдардың негізгі бөліктері мен сипаттамалық бөлшектерін анықтау қабілетін нығайту.<br>**Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу.<br>**Қосымша жабдықтар**: демонстрациялық материал - түрлі түсті және көлемдегі 10 автомобиль (жеңіл, жүк көліктері және автобустар); гараж ғимараттарының нұсқалық үлгілерінің суреттері бар сызбалар; құрылыс материалдарының жиынтығы «Лего»; үлестірмелі материалдар – жеткілікті мөлшердегі | атаңыз және жұптастырылған суреттерді таңдаңыз: таңқурай.<br>**Дағды:** Балаларға спорт түрлерін үйрету, олардың бір-бірінен айырмашылығын танып білу; спортқа деген қызығушылығын арттыру;<br>-қалыпты дене жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қосымша жабдықтар**: спорт түрлеріне байланысты суреттер жинағы.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>**Ойынның шарты:** карталарды бір-бірден, бір суреттің жанына қойыңыз. Барлық карталарды бірінші қойған адам жеңеді.<br>Ойын әрекеті: егер ойыншыда жұптастырылған сурет болмаса, ол бұрылысты өткізіп жібереді және жұптастырылған суреттің екі жағында да пайда болуын күтеді. Педагог балалардың бұл спорттық доптармен қай спорт түрлерінде ойналадыны туралы білімдерін анықтайды. Балалар суреттерге қарайды. Содан кейін мұғалім картада екі спорттық доп (немесе екі доп түрі) | соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа, есте сақтау қабілеттеріне қарай дағдыға айналдыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: Әр түрлі құстар,жануарлар,киімдер,тұрмыстық қолдану заттар бейнеленген суреттер.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Үлгідегідей әр түрлі берілген суреттерден не артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып,оларды жалпы атауын айтып торкөздерге қояды. Балалардан олардың атауын атауды және бір сөзбен біріктіруді сұрайды. (Мысалы: жылқы, сиыр, түйе, шошқа, қой, ешкі,ит, мысық суреттері.Балалар: Үй жануарлары)<br>Неліктен артық екенін түсіндіреді. Жеке мен жалпы ұғым туралы түсініктерін бекітеді.<br>**Ықтимал күрделендіру**: Сөздегі бірінші дауысты немесе дауыссыз дыбыс екендігін ажыратып, фонематикалық есту арқылы айту. Дауысты болса: созып, дауыссыз болса: нақты, күшпен айтылуын ескеру. | **Дағды:** Балалардың сөйлеу,ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын жетілдіру,алған ақпараттарын жүйелеп қорытындылай білу дағдыларын бекіту.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,дене шынықтыру,шығармашы-лық дағдылар.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Балаларға экологиялық жағдай ұсынылады: «Адамдар орманға демалуға келіп, қоқыс тастап кеткен. Елестетіп көріңізші, егер біз өзімізден кейін қоқыс жинауды үйренбесек не болады, бұл не әкелуі мүмкін? Сіз не ұсына аласыз?»<br>Қоқысты жинап, арнайы қоқыс жәшіктеріне (контейнерлерге) салу керек.<br>Бұл ойынның тиімділігі балалардың қоршаған ортаны сақтау үшін қоқыстарды сұрыптау қажеттігі туралы білімдерін байыту арқылы дәлелденеді.<br>**Ықтимал күрделендіру**:<br>- Қандай ыдысқа лақтыру керектігін қалай анықтауға болады?<br>-Қоқыс дорбасында не бар екен көрейік? Әртүрлі топтарға бөлуге тырысыңыз (2-3 адам орындайды) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сол алманы алады.<br>**Дәрумендермен алмастыру әдісі:**<br>Алманың құрамында A,C, B1, B2, P, E дәрумендері бар.<br><br><br><br><br> | үлкенді-кішілі құрылыс материалдары.<br>**Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Алдын ала жұмыс. Көлік құралдарын бақылауды ұйымдастыру, балалармен ойыншықтар мен автомобильдер мен гараждар бейнеленген суреттерді қарау, сызбалар бойынша гараждар салу. Жоспарланған нәтижелер бойынша,бала ғимарат үлгісін талдауды, өз ғимаратын құру кезеңдерін жоспарлауды, конструктивті шешімдерді табуды және сызба бойынша ғимараттарды құрастыру,таңдап алған ақылды машинаның көлеміне қарай «Лего» дамытушы құрастыру арқылы жұмыстану. Орындау кезінде қарапайым шартты есте сақтауды,логиканы ұштастыруды қолдана білу.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>тез ойлау.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>Жұмыс ретін бекіту. Тәрбиеші. Гараж салуды қайдан бастайсыз? (іргетастан). Іргетасы дайын болғанда не саламыз? (Қабырғалар). Осыдан кейін не саламыз? (Төбесі мен есігі).Гараж салатын көлікті таңдаңыз. Көлігіңізге қараңыз және гаражды (үлкен немесе кішкентай) салу үшін қандай құрылыс | бейнеленгеніне назар аударады.<br>-Мен қазір сендерге карточкалар беремін (әрқайсысына 4 – 6 дана, ал біз «Домино» ойынын ойнаймыз. Міне, мен өз картамды қойдым. Мұнда қандай волейбол мен күнде өздерің ойнап жүрген доп тартылған.<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>Топтық жұмыс арқылы ойнауға болады.тез жасап, құрастыр.<br>Ал үстел үсті ойын болған жағдайда лабиринт,пазылы,спорт-лото арқылы жұмыс жасауға ниеттендіру.<br>**Ойынның нұсқаулары:** - Дұрыс. Мұнда қандай волейбол мен күнде өздерің ойнап жүрген доп тартылған. Суретте кімде волейбол доп бар болса, оны менің қасыма қояды. (Қалай қою керектігін көрсетеді). Ал кімде күнде өздерің ойнап жүрген доп бар, картасын қайда қояды? («Екінші жағынан.») Дұрыс. Енді шеттерімізде қандай суреттер бар? Мұндай суреттер кімде бар? Оларды бір қатарға қойыңыз.<br>Балалар бірдей суреттерді тауып, алынған жолдың соңына орналастырады. Сонымен ойын балаларда сурет қалмайынша жалғаса береді. Содан кейін барлық суреттер | **Ойынның нұсқаулары**:<br>Балаларға әртүрлі суреттер беріледі,сол сурет тің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды, бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар сол артық сөзді табуы керек.<br>Мысалы: нан, шай, май, тай – ...*(тай)*<br>Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... *(тақ)*<br>Алма, шие, бөрік, өрік – ... *(бөрік)*<br>Екі, үш, төрт, бес, кес – ... *(кес)*<br>**Үнсіздік режимі.**<br>Физиологиялық және сөйлеу тілдік тыныс алуын түзету. Бұлшықет тонусын өз бетінше реттеу қабілетін қалыптастыру. Бұл бөлімде жасалатын жұмыс:<br>**Коммуникативтік дағды жаттығулар:**<br>Жа – жа – жа – жалау.<br>Жо – жо – жо – жол.<br>Жу – жу – жу – жусан.<br>Жы – жы – жы – жылан.<br>Жи – жи – жи – жиек.<br>Же – же – же – жер.<br>Жә – жә –жә – жәшік.<br>Аж – аж – аж – гараж.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>«Бәрінен де мен күшті,»<br>– Деп айтады оң қол.<br>«Неге сен? Ал мен ше!»<br>– Деп келіспейді сол қол.<br>Екі қолдың күштерін,<br>Кәне, сынап көрейік.<br>Оңға солға тартайық,<br>Достастырып қайтайық.<br>**Қосымша жабдықтар**: | 1 топ. Картон және қағаз. (Тұрмыстық техниканың қораптары, кәмпит орамдары, газет-журналдар, ескі дәптер, майлықтар).<br>2-топ. Шыны. (Сынған әйнек, электр шамдары, шыны бөтелкелер мен банкалар, айналар).<br>3-топ. Пластмасса. (йогурт кесе, шарикті қалам, пластик бөтелкелер, пластик пакеттер, сынған ойыншықтар).<br>4-топ. Металл. (Шегелер, бұрандалар, алюминий банкалар, металл ыдыстар, сынған ойыншықтар).<br>**Ойынның нұсқаулары**:<br>Нұсқаулық қоқыс суреті бар карталармен бірге қоқыс контейнерлерінен тұрады. Балалар қажетсіз бұйым жасалған материалды анықтап, оны атайды және ыдыстарға тастайды: «Қағаз», «Пластик», «Шыны», «Металл», «Тағам қалдықтары»<br>**Дамытушылық жаттығулар**<br>1.Дауысымыз жоғарырақ ша-ша-ша,<br>Біздің шымшық ән салады тамаша.<br>2.Дауысымыз төменірек - са-са,са<br>Ән саламыз ,бәріміз де жараса.<br>3.Дауысымыз жоғарырақ шы-шы-шы,<br>Ән күйіміз жарасып тұр қарашы.<br>4.Дауысымыз төменірек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | материалы жақсы екенін ойлаңыз. Гараждың қандай бөліктері бар екенін ұмытпаңыз. Есіңізде болсын, іргетас бүкіл құрылымның тірегі болып табылады, ол сенімді және берік болуы керек. Құрылыс материалдарын бір-біріне тығыз орналастырыңыз.<br>**Тілдік жаттығулар:**<br>«Бип-бип-бип», — дейді<br>«Жолдан былай кет!»<br>— дейді.<br>«Жол шетінде күт!» — дейді.<br>Көшеде жүруге асыға,<br>Күшікті басуға, басуға,<br>Болмайды, болмайды, машина!<br>«Бип-бип-бип», — дейді,<br>Болмайды, болмайды, машина.<br>Бип-бип-бип!<br>**Дыбыстық жаттығулар:** Мәшинені көрсетеу және оның қалай гүрілдейтінін сұрайды(«бң-ң, бң-ң). Сосын үлкен мәшинені көрсетіп, айтады: «Үлкен мәшине қатты гүрілдейді тыңда , былай «бң-ң, бң-ң»( дыбысқа еліктеуді әдеттегіден қатты айтады), ал кіші мәшине жай гүрілдейді (сыбырлап ақырын айтады) «бң-ң,бң-ң».Балаға дыбыс тіркестерін біресе қатты, біресе жай қайталау ұсынылады.<br>**Сарамандық жұмыс:**Балалар жүргізушілерді бейнелеп, қолдарында тұтқа сынып ішінде «бң-ң, бң-ң» деп | қорапқа салынып, араласады және қайтадан таратылады. Ойын жалғасуда. Мұғалім айтады:<br>-Енді, балалар, ойында әлі қандай ережелерді сақтау керек екенін тыңдаңдар. Карталарыңызды бір-бірден орналастырыңыз: Нұрым бастайды, содан кейін Жібек оларды орналастырады, одан кейін Санат.Егер сіздің қолыңызда қажетті жұптастырылған сурет болмаса, қозғалысты өткізіп жіберіп: «Менде ондай сурет жоқ» дейсіз. Сіз жұптастырылған суретіңіз жолдың соңында пайда болғанша күтесіз. Барлық карталарын бірінші қойған адам жеңеді. Сақ болыңыз!<br>Бұл ойынға арналған суреттердің мазмұны келесі жолы басқаша болуы мүмкін: ойыншықтар, көліктер, машиналар, жануарлар және т.б. Ойындағы шарттар өзгеріссіз қалады. Ойынның қиындығы - суреттер санының көбеюі.<br>**Тыныс алу жаттығу: «Футбол ойнаймыз»**<br>Балалар екі тең, жұп топқа бөлінеді де,үстелдің екі қарсы бетіне отырады. Алаңның ортасына – үстелге – кішігірім мақта бөлігі (доп орнына) |  | сы-сы-сы<br>Шырқатайық құстар әнін біз осы.<br>**Тіл ұстарту**<br>Табиғаттың панасымыз,<br>Түйіп айтар сөзіміз.<br>Табиғаттың панасы,<br>Мына тұрған өзіміз.<br>**Көру жүйесінің қозғалыс функциясы дамуына қарай лабиринтпен жұмыс:**<br><br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |   | айтып бытырап жүруге болады.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br><br><br><br><br> | қойылады. Балалар кезекпен допты үрлеп, қарсыласының қақпасына кіргізуге тырысады. Қақпа шекарасын қарындаштың көмегімен не басқа да тәсілдермен белгілеуге болады.Кім көп доп енгізсе, сол жеңімпаз атанады. Балалар 1 мин. ойнайды.<br>**Тілдік іс-қимыл жаттығу:**<br>Добым менің добым<br>Өзің неткен көңілді едің<br>Зымырайсың, құтыңдайсың<br>Бірақ менен құтылмайсың.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br>Ойын алаң кілемшесі<br><br><br> |  | <br>  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | <br><br><br><br> | <br><br><br> | <br> | <br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |     |     | |  Пищевые отходы  Новости |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | |     | |      |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | |  | | |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | № 34 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>***Жалпақтабандылықтың алдын алу***<br>**№2 жаттығулар кешені (жалпақ табанды түзету үшін)**<br>1.Б.т. – арқамен жатқан қалпында, аяқты екі жаққа. Оң аяқ табанымен сол ақты сырғанап өту. Табан бетімен аяқты қамтып бармақтарды бүгу.<br>**2.«Балерина»** – б.т. – орындықта отырып, аяқтың басына тұрып жүру.<br>**3.«Көңілді секіру»** – б.т. – отырып, аяқтары тығыз бір-біріне басылған. Аяқты көтеріп, астында жатқан кесекті (15–20 см биіктігі) жерге қою. Аяқты жердің үстінен көтеріп бастапқы тұрысқа оралу.<br>**4.«Көтергіш»** – допты (сөмкені) екі аяқпен көтеріп, оңға қарай ауыстырып | № 35 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>***Жалпақтабандылықтың алдын алу***<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>1.Б.т. – тұрған қалыпта аяқ бастары бірге, қолдар белдікте. Аяқ бармақтарын үстіге көтеру, кейін бастапқы қалыпқа оралу. (10–15 рет)<br>2.Б.т. – тұрған қалыпта, өкшелер екі жақта. Аяқ басына көтерілу. Бастапқы тұрысқа оралу. (10–15 рет)<br>3.Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты иық деңгейіне қою. Қолды екі жаққа. Толық табанға отырып, бастапқы тұрысқа оралу. (6–8 рет)<br>4.Б.т. – тұрған қалыпта, оң аяқ сол аяқ алдында (бірінен кейін бірі). Аяқ басына көтеріліп бастапқы тұрысқа оралу. (8–10 рет)<br>5.Б.т. – аяқ басында тұрып, өкшеге түсу. Жаттығуды | № 36 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>***Жалпақтабандылықтың алдын алу***<br>**№ 4 жаттығулар кешені** (табан бұлшық етінің нығаюына және табан жиынының қалыптасуына арналған)<br>**Көңілді хайуанаттар бағы**<br>**1.Биші түйе.**<br>Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты екі жаққа, табандар параллель орналасқан, қолы арт жағында. Кезектеп өкше көтеру, бірақ аяқ басын жерден алмаймыз.<br>**2.Күлкілі аю.**<br>Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты бірге, қолдары кеуде алдында, шынтақ астыға қарайды, қол саусақтары астыға қараған. | № 37 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>***Жалпақтабандылықтың алдын алу***<br>**№ 5 жаттығулар кешені (ойын түрінде)**<br>«Жұмбақтар».<br>Әр жаттығуды орындар алдында инструктор балаға жұмбақ жасырады, ол жұмбақтың шешімін аяқ табанымен суреттеу керек.<br>**1.«Ай». Табақ астында жарты күлше.**<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр. Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет дөңгелектің жартысын көрсету.<br>**2.«Күн».**<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Қызарып жалын шашылды.<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды | № 38 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>***Жалпақтабандылықтың алдын алу***<br>**Қатты доппен жасалатын жаттығулар .**<br>1.Б.т.: отырып. Сырты тегіс емес допты домалату – өкшеден ұшына дейін, сол және оң аяқтарды кезектестіріп, доптың сыртын ақырындап тигізу. Бұл ретте көп таралған қате, тірекке қатты басу.<br>2.Бір аяқпен бір сарында, басусыз, допты бір аяқтың табанынан екінші аяқтың табанына домалату (көтерілген жерімен).<br>3.Б.т.: орындықта отырып. Табанның ішкі жағымен, жіліншік жағына жақындау, допты қысу. Аяқ бармақтарымен тіреліп, өкшені көтеру және түсіру, бұл ретте допты жібермеу керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерге қою. Допты (сөмкені) бастапқы тұрған орнына қайтарып, солға жылжытып қайтадан орнына қою.<br>**5.«Шатыр»** – б.т. – тұрған қалыпта өкшелерді бірге ұста, аяқ басы екі жақта. Аяқ басына, кейін өкшеге көтеріліп тұру, ауада дөңгелек сызу. Аяқтарды шатыр тәрізді қою. Бастапқы тұрысқа оралу.<br>6.«**Лианамен серуен»** – балаларға гимнастикалық қабырғада рейканың орнында лиана тұрғанын елестету керек. *Лиана – маймылдар секіріп жүретін арқанда тәрізді шырмауық өсімдік.* Маймылдардың орнына балалар болады, рейкаға табанның ортасымен басуға тырысу керек.<br>7.Б.т. – жерде отыру. Табанмен кішкене доптарды ұстап, ауада сол доппен елестеткен суретті салу керек. Мысалы: дөңгелек, үшбұрыш, тікбұрыш. | қайталау. (8–10 рет)<br>6.Жартылай отырып жүру. (2–5 мин).<br>7.«Қоян» сияқты секіру (30-40 сек).<br>8.Б.т. – негізгі тұрыс. Табанды тез-тез бүгіп ашу. (10–12 рет аяқпен).<br>9.Б.т. – негізгі тұрыс. Сол аяқты (кейін оң аяқты) көтеру. Табанды сыртқа қарай, кейін ішке қарай бүгу. (4–6 рет) | 1-2– аяқ басымен жартылай отырып күлу.<br>3-4 – б.т.<br>**3.Жолбарыс созылады.**<br>Б.т. – өкшемен отырып, қолдары алдыда. 1-2 – аяқты барынша созу.<br>3-4 – б.т.<br>**4.Мазасыз маймылдар**.<br>Б.т. – түріше отырыс, қолдарыңыз өзіңізге ыңғайлы қалыпта.<br>1-2– тұру<br>3-4 –тұрыс: аяқ айқасқан, табанның сыртқы жағына сүйенген.<br>5-6 – отыру<br>7-8 – б.т. оралып, дене қалмын сақтау керек.<br>**5.Көңілді көжектер:**<br>Б.т. – тұрған қалыпта, аяқты бірге, қолдар белдікте<br>1-16– аяқ басында секіру (өкшелер бірге). | артқа қарай тіреп отыр.<br>Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет дөңгелеп, олардан жан-жаққа шыққан сызықтарды көрсету.<br>**3.«Бұлт».**<br>Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ.<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр.<br>Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет бұлттардың кескінін бейнелеу.<br>**4.«Жаңбыр».**<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік шығамын.<br>Өрінен мен түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, табан бір-біріне параллель, қолды артқа қарай тіреп отыр.<br>Бір аяқтың басымен еденді ақырын тоқылдату, екінші аяқтың кейін екеуімен бір мезгілде орында. Өкше еденде қозғалмай тұрады.<br>**5.«Кемпірқосақ».**<br>Жаңбыр жуды жерімді,<br>Көкте өрмек керілді.<br>Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр. | 4.Б.т.: еденде отыру. Допты екі жағынан табанмен ұстау, 5–10 секунд ұстау, қысу және ақырын ұстауды кезектестіру.<br>5.Б.т.: еденде отыру. Допты екі жағынан табанмен ұстау. Аяқтың ұшын екі жаққа айыру, допты өкшемен ұстау.<br>6.Б.т.: отырып. Допты домалату, екі аяқпен бір уақытта орындау, бұл ретте допты табанмен өкшеден ұшына дейін домалату.<br>7.Б.т.: отырып. Табанды допқа қою. Допқа сәл басумен оңға/солға айналма қимылдар жасау.<br>8.Б.т.: отырып. Бармақтар еденде, табан мен өкше допта. Допты басу, оң және сол аяқты кезектестіріп немесе екі аяқпен басуға да болады.<br>9.Өкшелер еденде. Допты башпайларының жастықшаларымен басу.<br>10.Допты башпаймен және оның жастықшасымен басу, оң және сол аяқпен бір уақытта, кезектестіріп.<br>11.Б.т.: арқамен жатып, қолдар желкеде. Аяқтар жіліншіктің астында. Әр аяқпен кезектестіріп.<br>12.Б.т.: арқамен жатып. Табанды допқа тіреп, аяқ тізесінен 10–20 градус бұрышпен бүгу. Жамбасты ақырын көтеру және түсіру. Баланс сақтап, допта табанды ұстау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет кемпірқосақты бейнелеу. | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҮІӘ уақыты:** 09.00 11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **Дүйсенбі**<br>**29.01.24** | **Сейсенбі**<br>**30.01.24** | **Сәрсенбі**<br>**31.01.24** | **Бейсенбі**<br>**01.02.24** | **Жұма**<br>**02.02.24** |
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Құрастыру**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Шартты өлшем(танымдық іс-әрекеті)<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдарды шығару дағдыларын бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** қарапайым мысалдар шығаруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшеуді, «ұзынырақ», «қысқарақ», «өлшем» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (ені, биіктігі) қалай өлшеуге болатынын; | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату;<br>-өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру;<br>-мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстық талдау жасау, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер ойлап айту, буынға бөлуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер ойлап айтады, буынға бөледі. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Шартты өлшем (ойын,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдарды шығару дағдыларын бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** қарапайым мысалдар шығаруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшеуді, «ұзынырақ», «қысқарақ», «өлшем» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Шартты өлшем (ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдарды шығару дағдыларын бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** қарапайым мысалдар шығаруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшеуді, «ұзынырақ», «қысқарақ», «өлшем» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (ені, | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Сөйлем<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету;<br>-берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту;<br>-ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сөйлемді дұрыс құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлемді дұрыс құрайды.<br>**Түсінеді:** қарама-қарсы сөздерді, сөйлем нені білдіретінін түсінеді.<br>**Қолданады:** берілген буындарды қолданып сөз құрайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолданады:** бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Проблемалық іздеу тапсырмасы:<br>Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)?<br>Педагог: Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма?<br>Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады.<br>Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын.<br>Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден басталады. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады.<br>Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, суреттер) беріледі және олар кәділерді ұзындығы бойынша салыстырады. | **Түсінеді:** дыбыстардың жасалу жолын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, буынды жалғайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Дыбыстармен жұмыс**<br>Балаларға дыбыстарды, буындарды сөздерді, кезектестіріп айтады, балалар «у» дыбысын естісе, жалаушаны көтереді.<br>Мысалы: а, п, м, т, и, у, м, с, ч, я, ю, у, ж, а, у, ц, и, у, р, т, л, у...<br>Са, ха, то, уыр, пе, пу, до, ио, ау, аи, ми, ду, ру, ба, де, са, ша, ка, пу.....<br>Шана, ауна, үкі, тауық, балық, қауын, жауын, қасқыр, ау, моншақ, бау...<br>«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық жаттығуы<br>Педагог балаларға суреттер көрсетеді, балалар сол суреттің мағынасына келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер жалғаулары керек.<br>Мысалы: *қызанақ ... (қызыл), қияр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті), кітап ... (қызық), шалбар ... (қалың), су ... (суық), домбыра ... (кішкентай), арба ... (жалпақ), керует ... (жіңішке), мысық ... (сүйкімді), ит ... (қабаған), шам ... (жарық), арық ... (терең), қасық ... ( темір), қоян ... (қорқақ), киіз ... (кішкентай), жастық ...* | көмегімен ұзындықты (ені, биіктігі) қалай өлшеуге болатынын;<br>**Қолданады:** бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Проблемалық іздеу тапсырмасы:<br>Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)?<br>Педагог: Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма?<br>Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады.<br>Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын.<br>Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден басталады. Балалар | биіктігі) қалай өлшеуге болатынын;<br>**Қолданады:** бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Проблемалық іздеу тапсырмасы:<br>Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)?<br>Педагог: Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма?<br>Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады.<br>Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын.<br>Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден басталады. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. | түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Кері әрекетті айт» ойынын ойнайды.<br>Асан кірді, анам ... *(шықты)*<br>Анам құйды, Марат ... *(төкті)*<br>Айгүл жинады, Айсұлу... *(шашты)*<br>Әкем келді, ағам... *(кетті)*<br>Атам ашты, әжем... *(жапты)*<br>**Түсіну деңгейі:** «Кім шапшаң сөйлем құрайды?»дидактикалық ойыны<br>Педагог суреттері көрсетеді (көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды.<br>Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Ғажайып сәт.** Балалар қуыршақ Айсұлу бізге ішіне тапсырмалар салынған хатқалта беріп жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық.<br>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы<br>*Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады.*<br>**-та**буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.<br>*Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, таңқы, тау, тауық, таутеке, тазы,тамызық, таға,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Санайды.<br>Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады. Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең?<br>Біз кәділердің қайсысы ұзынырақ екенін білдік. Бақша күтушілердің дауын шештік. Әлия мен Сырымның дауын шештік.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**1-тапсырма** жаңа «ұзынырақ-қысқарақ», «өлшем» терминдерін бекітуге арналған. Педагог әрбір құрттың суретіндегі шеңберлердің санын санауды (шеңбер - шартты өлшем) және оны сәйкес санмен байланыстыруды ұсынады.<br>- Қай құрт ұзын, қайсысы қысқа екенін көрсет.<br>Әр жұлдызқұрттың дөңгелегін санайды ұзындығының артуына қарай сызып қосады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Практикалық жұмыс**<br>Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз таспаларын таратады. Кішкентай жасыл таспа - шартты өлшем.<br>Педагог балаларға: алдарыңдағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр.<br>Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.<br>Таспалардың қайсысы ұзынырақ? | *(мамық), анар ... (дәмді), лимон ... (сары), тамақ ... (дәмді), кәмпит ... (тәтті), жылқы ... (сұлу), сүт ... (пайдалы), ата ... (ақылды) т.б.*<br>**Түсіну деңгейі:** «Сөзді аяқта»дидактикалық жаттығуы.<br>Балалар мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар.<br>Мысалы: *кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш..тар, бақта..шы, береке...лі, күлкі...лі, күнба...ғыс, қабыр...ға, қам...шы, қама...жай, ора...мал, сүл...гі, жапа...лақ, отба...сы, жануар...лар, найза...ғай, сөм...ке, сыбыз...ғы, отша...шу, су...рет, жеміс...тер, жалау...ша, құмырс...қа т.б.*<br>Сөзді дұрыс айтқан балаларға педагог жұлдызша таратып отырады, ойын соңынан жеңімпаз анықталады.<br><br>**Қолдану деңгейі:** Педагог төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайтындарын хабарлайды.<br>**«Қант»** сөзінің дыбыстық талдауы. Суретті сызбаны тақтаға іледі.<br>Педагог сөздегі әр дыбысты анық айтады, ал балалар | өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады.<br>Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, суреттер) беріледі және олар кәділерді ұзындығы бойынша салыстырады. Санайды.<br>Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады. Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең?<br>Біз кәділердің қайсысы ұзынырақ екенін білдік. Бақша күтушілердің дауын шештік. Әлия мен Сырымның дауын шештік.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**2-тапсырманы** орындауды ұсынады. Әр шөпте неше қаңқыздан бар, санайды және атайды. Қай шөп ұзын екенін анықтайды.<br>Балалар шөптің әр жүзіндегі қаңқызды санайды, олардың санын атайды, жоғарғы шөпте 10, ал төменгі шөпте7 қаңқыз бар. 10 - 7-ден артық.<br>Бұл жоғарғы шөптің ұзынырақ екенін білдіреді.<br>**3-тапсырманы** орындауды ұсынады. Суретке қарайды. Жапырақтарды бояйды. Педагог балалармен тапсырманы талқылайды, жоғарыда барлығы неше жапырақша - 7. мысалды | Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, суреттер) беріледі және олар кәділерді ұзындығы бойынша салыстырады. Санайды.<br>Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады. Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең?<br>Біз кәділердің қайсысы ұзынырақ екенін білдік. Бақша күтушілердің дауын шештік. Әлия мен Сырымның дауын шештік.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Педагог **4-тапсырманы** орындауды ұсынады. Гномдарға өз қарындашын табуға көмектес. Оларды сызып қос. Тапқан қарындаштарды әр гномның қалпағының түсімен сәйкесінше бояйды. Тапсырмаларды жұптық жұмыс арқылы тексеруге болады.Педагог жеке жұмыс жүргізеді..<br>**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>Педагог 8-беттегі № 6 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, көлбеу және толқынды сызықтарды салады.<br>Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Қолдану деңгейі:** | *тақылдақ, таң т.б.*<br>**-ба** буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.<br>*Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақбақ, бақыр, Бағжан, байғазы, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.*<br>**-са** буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.<br>С*ағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.*<br>Ойын соңында жұлдызша ең көп бала жеңімпаз болады.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Қолды алға созамыз,<br>Алақанды бұрамыз.<br>Алақанның сыртымен<br>Шапалақты ұрамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Неліктен қызыл таспа ұзынырақ?<br>Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Көк таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе?<br>Шартты өлшемнің көмегімен таспалардың ұзындығын өлшейді.<br>Қорытынды жасайды: қызыл таспа ұзынырақ, оның ұзындығы 4 шартты өлшемге тең. Көк таспа қысқарырақ, ол 3 шартты өлшемге тең.<br>Тапсырмаларды орындап, өздерінің іс-қимылдарын түсіндіреді.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Бір, екі - басыңды көтер,*<br>*Үш, төрт - қолдарыңды соз,*<br>*Бес, алты - жаймен отыр.*<br>*Бір - созыл, созыл,*<br>*Екі - еңкей, түзу тұр,*<br>*Үш - үш рет қол соқ.*<br>*Басыңды үш рет изе.*<br>*Төрт - қолдарыңды соз,*<br>*Бес - қолдарыңды серме,*<br>*Алты - орныңа отыр.* | қайталайды. Дыбысты айтып, олардың дауысты және дауыссыз екенін анықтайды.<br>**«Қант»** сөзінде 1 буын, 4 дыбыс бар.<br>**Қ** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгіленеді.<br>**Н** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.<br>**Т** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.<br>**«Кілт»** сөзінің дыбыстық талдауы.<br>«Кілт» сөзінде 1 буын, 4 дыбыс бар.<br>**К** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.<br>**І** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгіленеді.<br>**Л** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.<br>**Т** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Кіп-кішкентай саусақтар<br>Шаршамайды, тынбайды.<br>Себебі бұл саусақтар<br>Жаттығулар жасайды.<br>Түрлі-түрлі сызықтар<br>Дәптерлерге жазады.<br>Еңбексүйгіш саусақтар<br>Бәрінен де озады. | шешеді 4 + 3, жауабы 7 деп атайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Практикалық жұмыс**<br>Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз таспаларын таратады.<br>Кішкентай жасыл таспа - шартты өлшем.<br>Педагог балаларға: алдарындағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр. Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.<br>Таспалардың қайсысы ұзынырақ?<br>Неліктен қызыл таспа ұзынырақ?<br>Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Көк таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе?<br>Шартты өлшемнің көмегімен таспалардың ұзындығын өлшейді.<br>Қорытынды жасайды: қызыл таспа ұзынырақ, оның ұзындығы 4 шартты өлшемге тең. Көк таспа қысқарырақ, ол 3 шартты өлшемге тең.<br>Тапсырмаларды орындап, өздерінің іс-қимылдарын түсіндіреді.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Бір, екі - басыңды көтер,*<br>*Үш, төрт - қолдарыңды соз,*<br>*Бес, алты - жаймен отыр.* | **Практикалық жұмыс**<br>Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз таспаларын таратады.<br>Кішкентай жасыл таспа - шартты өлшем.<br>Педагог балаларға: алдарындағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр.<br>Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.<br>Таспалардың қайсысы ұзынырақ?<br>Неліктен қызыл таспа ұзынырақ?<br>Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Көк таспа неше шартты өлшемге тең?<br>Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе?<br>Шартты өлшемнің көмегімен таспалардың ұзындығын өлшейді.<br>Қорытынды жасайды: қызыл таспа ұзынырақ, оның ұзындығы 4 шартты өлшемге тең. Көк таспа қысқарырақ, ол 3 шартты өлшемге тең.<br>Тапсырмаларды орындап, өздерінің іс-қимылдарын түсіндіреді.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Бір, екі - басыңды көтер,*<br>*Үш, төрт - қолдарыңды соз,*<br>*Бес, алты - жаймен отыр.*<br>*Бір - созыл, созыл,*<br>*Екі - еңкей, түзу тұр,*<br>*Үш - үш рет қол соқ.*<br>*Басыңды үш рет изе.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Бір - созыл, созыл,*<br>*Екі - еңкей, түзу тұр,*<br>*Үш - үш рет қол соқ.*<br>*Басыңды үш рет изе.*<br>*Төрт - қолдарыңды соз,*<br>*Бес - қолдарыңды серме,*<br>*Алты - орныңа отыр.* | *Төрт - қолдарыңды соз,*<br>*Бес - қолдарыңды серме,*<br>*Алты - орныңа отыр.* | |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қимыл қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен қояндар»**

**Басты міндеттері: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық,ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.**

**II БӨЛІМ Сөзді, әуенді және қимылды біріктіру**
**Ритмика, логоритмика, дауыс арналған артикуляциялық жаттығулар.**

| | | |
|---|---|---|
|  | ***Күрекше***<br>Жалпақ тілді төменгі ерінге қойып, шығарып ұстап тұру – 1 – 10 дейін ұстап тұрып санау. |  |
|  | ***Ине***<br>Тілінің ұшың алға шығарып – 1 – 10 дейін ұстап тұрып санау, «ине» тәрізді. |  |
|  | ***Жылан***<br>Ерін «Жымию», жалпақ тілді көтеріп, алға-артқа қозғап, «жылан» тілі тәрізді |  |







**Қимыл қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен қояндар»**
**Ойын міндеттері:** Төзімділік, жинақтылық,ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.
**Дағды:** Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен
техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар болу,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.
**Ойын шарты:**Барлық ойыншылар «аңшылар» мен «үйректер» болып тең бөлінеді. Алаңда өзен белгіленеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында, ал «үйректер» оның ішінде орналасады.
«Аңшылар» допты лақтырып, онымен «үйректерді» атып түсіруге тырысады. «Оқ тиген» үйректер ойыннан шығып отырады. Барлық үйректер атылғаннан кейін топтар рөлдерін ауыстырады. Барлық үйректерді атуға азырақ уақыт кетірген топ жеңімпаз атанады.
Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады.

| | | |
|---|---|---|
|  | ***Әткен шек*** Ерін «Жымию», жалпақ тілді төменгі-жоғары тістерге тигізіп, «әйткеншек» тәрізді қозғалту. |  |
|  | ***Тіс тазалау*** Ерін «Жымию», тілінің ұшымен тістерді тазалау. |  |
|  | ***Мысықтың арқасы*** Ерін«Жымию», тілдің ұшын төменгі тістерге тіреп, тілдің ортасын көтеріп ұстап тұру, еркелеп тұрған мысық тәрізді |  |





***Подвижная игра «Охотник и зайцы»***

На одной стороне – домик охотника, на другой – домики зайцев. «Охотник» обходит площадку, делая вид, что ищет «зайцев». Когда «охотник» уходит в «дом», «зайцы» выбегают на площадку и прыгают по ней. По сигналу «Охотник!» «зайцы» бегут в домики, а «охотник» старается осалить кого-нибудь мячом. Того, в кого он попал мячом, считается пойманным. «Охотник» уводит его в «дом».

Мяч должен быть малого или среднего диаметра, целиться можно только в ноги, не сильно кидая мяч.



**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Кеме (Өлең), (тілдік қарым-қатынас,жаттау) **ҰІӘ міндеттері:** -өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру; -есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту; | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Алақай, көктем келді! (коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері) **ҰІӘ міндеттері:** -балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Әже(өлеңді жаттау,мәнерлеп айту)Әбубәкір Қайранов. **ҰІӘ міндеттері:** -өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу; -өлеңді дауыс ырғағымен | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Кім ақылды? (әңгіме) **ҰІӘ міндеттері:** -сөздерді буынға бөлуді үйрету; -сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту; **Дағды**: сөздерді буынға бөлу, сұрақтарға | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Әже(өлеңді жаттау)Әбубәкір Қайранов суретті жұмыс,қайталау. **ҰІӘ міндеттері:** -өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу; -өлеңді дауыс ырғағымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -еңбекүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: өлең мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап берді, суретке қарап өлеңді жаттап алу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** Жұмбақ шешті, өлең мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап берді, суретке қарап өлеңді жаттап алады;<br>**Түсінеді:**өлең мазмұнын**,** көліктердің әр салада пайдалануын;<br>**Қолданады:** әртүрлі көліктерді жолдарымен қосады..<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Бір көзім «кідір», – дейді,<br>Бір көзім «жүгір», – дейді,<br>Бір көзім «абайла», – дейді,<br>«Қарап ал маңайға» , – дейді.<br>Педагог балаларға бағдаршамның суретін көрсетіп, әңгімелеседі.<br>Мынау не?<br>Бағдаршам не істейді?<br>Педагог әртүрлі көліктердің суретін көрсетеді.<br>Дәптердегі тапсырманы орындау.<br>Адамдар мәшинемен, автобуспен, пойызбен жерде жүреді, тікұшақпен, ұшақпен аспанда ұшады, кемемен, қайықпен суда жүзеді. Бұл заттарды бір сөзбен көліктер деп атаймыз. Педагог жүк мәшинесін көрсетіп, | пысықтау;<br>-өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту;<br>-танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру.<br>**Дағды**: тірі ағзалардың күнге тәуелділігін түсіне білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**күнді негізгі жылу көзі ретіндеп атап көрсетеді.<br>**Түсінеді:** тірі ағзалардың күнге тәуелділігін түсінеді.<br>**Қолданады**: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуді сұрайды.** Әліппе дәптердегі тапсырманы пайдалана отырып, балаларды тану үдерісіне бағыттайды: Әліппе дәптердегі суреттерді қарап шығу, талқылау. Қосымша мәлімет береді: Қазір ғалымдар Күн – жұлдыз, қатты ыстық шар деп жүр. Күн бізге өзге жұлдыздардан үлкен, жарық сияқты көрінеді. Себебі ол Жерге өзге жұлдыздарға қарағанда жақын орналасқан.Суреттерді мұқият қарап шығып, | мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану.<br>**Дағды**: өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады.<br>Әже туралы сөздерді есіне сақтайды<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Балалардан Наурыз айында қандай мереке келе жатқанын сұрайды.<br>– Қаңтар,ақпан қыс айларынан кейін көктемнің ең алғашқы мерекесі – аналар, әжелер, қыздар мерекесі.<br>– Біз аналарымыз бен әжелерімізге арнап қандай тақпақ жаттадық?<br>**Түсіну деңгейі:** Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» деген өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір | тиянақты жауап беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді;<br>**Түсінеді:**әңгіме мазмұнын түсінеді, достарымен бірігіп ойнаған кезде оларды ренжітіп алмауды;<br>**Қолданады:** буынға буын жалғап сөз құрайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>орнымыздан тұрып, бір-бірімізге жақсы көзқарас білдірейік.<br>Арайлап атты алтын таң,<br>Нұрын шашып біздерге.<br>Шуағы түсті күннің де,<br>Жылуын беріп жерге де.<br>Қайырлы таң, балабақша!!! Қайырлы таң, достарым!!!<br>(Қ.Үкібас)<br>**Түсіну деңгейі:** Сендер М.Төрежановтың өлеңдерін, әңгімелерін білесіңдер. Ол кісінің әңгімесімен, өлеңдерімен танысқанбыз. Ал қазір мен сендерге осы кісінің «Кім ақылды?» әңгімесін оқып, мазмұнын түсіндіремін.<br>**Кім ақылды?**<br>Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп | мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану.<br>**Дағды**: өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді;<br>**Қолданады:** әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады.<br>Әже туралы сөздерді есіне сақтайды<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Балалардан Наурыз айында қандай мереке келе жатқанын сұрайды.<br>– Қаңтар,ақпан қыс айларынан кейін көктемнің ең алғашқы мерекесі – аналар, әжелер, қыздар мерекесі.<br>– Біз аналарымыз бен әжелерімізге арнап қандай тақпақ жаттадық?<br>**Түсіну деңгейі:** Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» деген өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелеседі.<br>Мынау қандай мәшине?<br>Жүк мәшинесі не тасиды?<br>Мәшиненің корабы, кабинасы, дөңгелегі, моторы бар.<br>Мәшинені кім жүргізеді?<br>Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады.<br>Кемелер жүзу үшін не керек?<br>Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді.<br>Кеме не үшін керек?<br>Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық.<br>**Түсіну деңгейі:** Өзімізді кемеде отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді.<br>Міне,<br>Кеме,<br>Мінем,<br>Мен де.<br>Сапарға алыс шығамын,<br>Теңіз сырын ұғамын.<br>Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады:<br>Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай.<br>Кемемізді жағалаулар шақырады.<br>**Қолдану деңгейі:** Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды.<br>Өлең не туралы?<br>Кемеге жол серік – деп | табиғаттағы өзгерістер жайлы әңгімелеп береді.<br>Қыстың орнына көктем келеді. Педагог берген қосымша мәліметті **талқылауға** қатысады: Күн бізге жылу береді. Күн болмаса, жарық пен жылусыз жер бетінде тіршілік тоқтап қалар еді. Жарықсыз, қараңғы үңгірлерде өсімдіктер, ағаштар мен гүлдердің өспейтінін немесе мүлдем аз өсетінін айтады. Өйткені өсімдіктерге су, топырақ, жарық пен жылу қажет. Қалың орманда да ағаш бұтақтары Күн сәулесін дұрыс өткізбейді. Сондықтан онда күн жарқырап тұратын көгалдағыға қарағанда шөп пен әдемі гүлдер аз болып келеді. Ал адам Күнсіз өмір сүре ала ма? Иә, өмір сүре алады. Бірақ көпке ұзамайды. Ұзақ уақыт бойы жер астында жұмыс істейтін адамдардың беті бозарып кетеді. Күннің қасиеттерін атайды (жылы, жұмсақ, мейірімді, көңілді...). Ол қатал, қорқынышты бола ма? Әлбетте, жазда, қатты ыстықта адамдар көлеңкеге тығылуға мәжбүр. Ондай ыстықпен ойнауға болмайды. Басыңа күн өтіп, денең күйіп қалады, басың да ауыруы мүмкін. Күн қуаңшылық кезінде де қаталдық танытады. Су азайып, құрғақтықтан зардап шеккен өсімдіктер | түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Кимешегін, жаулығын<br>Теңеп аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын<br>Тілеп жүрем күнде мен.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс**:<br>*Кимешек, жаулық* – әжелер киетін баскиім.<br>**Полилингвальді компонент:** әже – бабушка**;**мереке – праздник**.**<br>***Сұрақ-жауап:***<br>Әже қандай адам***?***<br>Өлең кімге арналған?<br>Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің?<br>Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді.<br>Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балдырған баламыз,<br>*(өздерін көрсетеді)*<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>*(екі қолын жоғары-төмен қозғайды)*<br>Күнге қарай талпынып,<br>*(бәрі Күнге қарсы қолын маңдайға қояды)*<br>Көкке қолды созамыз.<br>*(екі қолды алға созады)*<br>Қанат қағып ұшамыз,<br>*(екі қолмен қанат қағатын қимыл көрсетеді)*<br>Қарлығаштай самғаймыз.<br>*(самғап ұшуды бейнелейді)* | қалды. Ерден:<br>Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан:<br>Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді.<br>Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды.<br>Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма?<br>Әңгіме кімдер туралы?<br>Екі бала не істеп жүр еді?<br>Олар неге таласты?<br>Екі балаланың қайсысы ақылды екен?<br>Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдің дер?<br>әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліңдерші?<br>**Қолдану деңгейі:** Енді, балалар, біз ақылдылық, батырлық жайлы **мақал жаттайық.**<br>Ақыл азбайды, білім тозбайды.<br>**Дидактикалық ойыны:** «Ойлап,тап!»<br>Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы:<br>ал–<br>Кір– | түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Кимешегін, жаулығын<br>Теңеп аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын<br>Тілеп жүрем күнде мен.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс**:<br>*Кимешек, жаулық* – әжелер киетін баскиім.<br>**Полилингвальді компонент:** әже – бабушка**;**мереке – праздник**.**<br>***Сұрақ-жауап:***<br><br>Әже қандай адам***?***<br>Өлең кімге арналған?<br>Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің?<br>Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді.<br>Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нелерді айтып отыр?<br>Алыс шалғайда не көрінеді?<br>Енді осы өлеңді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар.<br>Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер жайлы айтылды? Педагог екі  тілде аудармаларды айтып өтеді.<br>Сөздік жұмыс.<br>Бұл жердегі «Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай» деген өлең жолдары «өте алыста, көз ұшында» деген мағынада.<br>**Сергіту сәті:**<br>(Сергіту жаттығуларын Ж.Смақовтың «Пойыз» өлеңі бойынша жасатуға болады.)<br>Кәне, кімнің бойы ұзын,<br>Паравозы ол пойыздың.<br>Қатар-қатар тұрайық,<br>Пойызды бір құрайық. Ал, паравоз, баста алға,<br>Бәрімізді басқар да.<br>Піш-піш, піш-піш, біз кеттік,<br>Жүрісті тым үдеттік.<br>Гу-гу,гу-гу гуілде,<br>Қалып қойма бәрің де.<br>*(Ж.Смақов)*<br>Дәптердегі тапсырма орындалады.<br>**Ойын шарты:** Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек. | қурап қалады, жануарлар өледі, өзендер мен бұлақтар сарқылып қалады.<br>**Түсіну деңгейі: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Күн» тақырыбында салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады.** Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады:<br>Сипатта – балалар күнге тән белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. Салыстыр – балалар күн мен шамның (лампочка) арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. Ұқсас заттарды тап – тақпақтың үстел үстіндегі картинаға сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу ( күн, көбелектер, жаз, қыс).<br>Талда – күннің құрамдас бөліктерін атап көрсету керек (шеңберлер, сәуле).<br>Пайдалан – балалар күнді, күннің жылуын қалай пайдалану керектігін айтып береді. Дәлелде – күннің жақсы жақтары мен жаман жақтарын дәлелдеу қажет.<br>**Қолдану деңгейі: Тәжірибеалдық жұмыстарға** тарта отырып, тану үдерісін ұйымдастырады. Күн зертханасына шақырады. Сабақтың басында терезенің алдына, күн жақсы түсетін жерге түрлі түсті қағаздың бірнеше парағын жайып | Өлеңді қайталап есімізге түсірейік.<br>Өлең шумағындағы *кимешек, жаулық* сөздерінің мағынасын қайталау.<br>3-4 балаға өлеңді мәнерлеп қайталатып айтқызу.<br>**Есіңе сақта:**<br>«Асыл әжем, қуанышым берекем,<br>Өнегенің өрісі де сен екен». | | <br>**Сергіту сәті:**<br>Біз балдырған  баламыз,<br>*(өздерін көрсетеді)*<br>Өсіп-өніп толамыз.<br>*(екі қолын жоғары-төмен қозғайды)*<br>Күнге қарай талпынып,<br>*(бәрі Күнге қарсы қолын маңдайға қояды)*<br>Көкке қолды созамыз.<br>*(екі қолды алға созады)*<br>Қанат қағып ұшамыз,<br>*(екі қолмен қанат қағатын қимыл көрсетеді)*<br>Қарлығаштай самғаймыз.<br>*(самғап ұшуды бейнелейді)*<br>Өлеңді қайталап есімізге түсірейік.<br>Өлең шумағындағы *кимешек, жаулық* сөздерінің мағынасын қайталау.<br>3-4 балаға өлеңді мәнерлеп қайталатып айтқызу.<br>**Есіңе сақта:**<br>«Асыл әжем, қуанышым берекем,<br>Өнегенің өрісі де сен екен».<br>**Әже**<br>Еркелетіп ертемен,<br>Оятады ол мені.<br>Таңғы таза ауамен<br>Тазалаймыз бөлмені.<br>Ертегісі өзінің,<br>Таусылмайды не түрлі.<br>Әжімдері көзінің,<br>Мейірімі секілді. |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>қоямыз (ақ, қара түстісі міндетті түрде болуы тиіс). Балалар оларды ұстап көріп, қайсысының ысығанын, қайсысының салқындау болып тұрғанын айтады. Ең қатты ысығаны – қара түсті қағаз. Ал ең салқыны – ақ түсті қағаз. Өйткені қара түсті заттар күннің жылуын өзіне сіңіріп алады, ал, ашық түсті заттар керісінше, оны шағылыстырады.<br>«Ертерек-кейінірек» ойынына қатысуға шақырады: педагог белгілі бір жағдай туралы айтады, ал балалар оған дейін немесе одан кейін не болғанын айтады.<br>П: Таңертең күн шықты. Оған дейін не болды?<br>Б: Аспанда күн болған жоқ.<br>П: Кейін күн қайда кетеді?<br>Б: Күн ұясына батады, оның орнына түн келеді.</td><td></td><td></td><td>Кимешегін, жаулығын,<br>Теңеп аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын,<br>Тілеп жүрем күнде мен.<br>Әубәкір Қайран</td></tr>
<tr><td>«Ас – адамның арқауы» түскі ас.<br>10:00-10:30</td><td colspan="5">Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="6" align="center">2 үзіліс – 10:00 – 10:30</td></tr>
<tr><td colspan="6"> Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="6" align="center">Секіруге арналған ойын: «Қосаяқ-сызықтан секіру»<br>Басты міндеттері: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету,берілген белгіні мұқият тыңдап, нақтылы қимыл-қозғалыс орындауға үйрету.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Дыбыстық есту арқылы ойын:**<br>**«Менімен қайтала»**<br>**Мақсаты:** Балаларды «а», «у» дыбыстарын сөздерде, буындарда таза, анық айтуға үйрету: гу, му, ну, ух,<br>**Шарты:** - Сендерде қандай ойыншықтар бар екенін көрейік: тауық, қаз, балапан, бұзау, Балалар картачкалардағы суреттерге қарап нелер бар екенін атай отыра олардың қалай дыбыс білдіретіндерін айтады.<br>Маса өлеңі- зу-зу-зу<br>Қоңыз өлеңі- жу-жу-жу<br>Даулпаз өлеңі- бум-бум-бум<br>Пойыз өлеңі- чух-чух-чух<br>Сиыр өлеңі - му-му-му<br>Көкек өлеңі- ку-ку-ку<br>Құбыр (дудочка- ду-ду-ду) өлеңі-ыр-ыр-ыр (Музыкалық құбыр)<br>Жел өлеңі- у-у-у-у | <br><br> | **Секіруге арналған ойын: «Қосаяқ-сызықтан секіру»**<br>**Ойынның міндеттері:** Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету,берілген белгіні мұқият тыңдап, нақтылы қимыл-қозғалыс орындауға үйрету.<br>**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>**Мазмұны:** Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі.<br>Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, паралелль сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.<br>Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.<br>Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады.<br>Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.<br>**Ойынның ережесі**<br>1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.<br>2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықьтықтар сақталуы керек.<br>3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. | **3.Құрастыру-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс- | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. | **3.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **ҰІӘ тақырыбы:** Азық-түлік.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру;<br>**-**ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** тағам атауларын қайталап, есте сақтайды.<br>**Түсінеді:** нені жеп, нені ішетінімізді түсінеді.<br>**Қолданады:** сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сиқырлы дорбада не бар?<br>Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды.<br>–Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар:<br>Дорба әдемі, дорба жақсы.<br>1, 2, 3, 4, 5 | әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Көліктер.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету;<br>-бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру, олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту;<br>-берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: құрылыс материалдарымен және «Лего» конструкторлармен жұмыс жасай білуге үйрету, дұрыс қолдана білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыра алады.<br>**Түсінеді:** бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастырады, олардың бөлшектерін берік орнатады және бөліктерінің аттарын атай алады.<br>**Қолданады:** «Лего» конструкторлардың | әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстық талдау [р]<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру;<br>-буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту;<br>-жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** буындардың дыбыстардан тұратынын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Төлін айт»** ойынын ойнату арқылы оқу қызметін бастайды.<br>Аюда – ... (қонжық)<br>Түлкіде – ... (мыршай)<br>Қасқырда – ... (бөлтірік)<br>Қоянда – ... (көжек)<br>Итте – ... (күшік)<br>«Дыбысты балға»дидактикалық жаттығуы<br>Мен сендерге қатаң дауыссыз, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын | **ҰІӘ тақырыбы:** Асханада<br>**ҰІӘ міндеттері: -**тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>-ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру.<br>**Дағды:** сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету, қарапайым сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** тағам атауларын біледі, сөздерді анық дұрыс айтады, диалог құрастырады.<br>**Түсінеді:** тақпақтағы сөздерді түсінеді.<br>**Қолданады:** сұрақтарға жауап береді, сөйлем құрайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өткен «Азық-түлік» тақырыпты қайталау. Балалармен әңгіме құрайды. Бүгін таңғы асқа не жедің?<br>Сәуле: Мен ботқа жедім, шырын іштім. Арман: Мен жұмыртқа жедім, шырын іштім.<br>Балалар үлгі бойынша | әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Алақай, көктем келді!(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау;<br>-өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту;<br>-танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру.<br>**Дағды**: тірі ағзалардың күнге тәуелділігін түсіне білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**күнді негізгі жылу көзі ретіндеп атап көрсетеді.<br>**Түсінеді:** тірі ағзалардың күнге тәуелділігін түсінеді.<br>**Қолданады**: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуді сұрайды.**<br>Әліппе дәптердегі тапсырманы пайдалана отырып, балаларды тану үдерісіне бағыттайды:<br>Әліппе дәптердегі суреттерді қарап шығу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5, 4, 3, 2, 1<br>Міне, дорба ашылды!<br>Дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып,<br>**Түсіну деңгейі: Жаңа сөздермен таныстырады.**<br>Мынау – ет.<br>Мынау не?<br>Мынау – ет.<br>Мынау – жұмыртқа.<br>Жұ-мырт-қа.<br>Мынау не?<br>Мынау – жұмыртқа.<br>Жұмыртқа – тағам.<br>Жұмыртқа – ... (тағам)<br>Мынау – ірімшік. І-рім-шік.<br>Мынау не?<br>Мынау – ірімшік.<br>Ірімшік дәмді.<br>Ірімшік дәмді ме?<br>Ірімшік дәмді.<br>Ірімшік – тағам.<br>Ірімшік не?<br>Ірімшік – тағам.<br>Мынау – қант.<br>Мынау не?<br>Мынау – қант.<br>Қант тәтті.<br>Қант қандай?<br>Қант тәтті.<br>Қанттың түсі ақ.<br>Қанттың түсі қандай?<br>Қанттың түсі ақ.<br>Мынау – шырын.<br>Мынау не?<br>Мынау – шырын.<br>Шырын дәмді.<br>Шырын қандай?<br>Шырын дәмді.<br>**Қолдану деңгейі:** Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке, хормен айтып жаттығады.<br>Сөздік ойын «Тыңда, қайтала». | пішініне, көлеміне қарай таңдай отырып одан әртүрлі көліктер құрастырады, оларды сөзбен сипаттап айтып береді, оларды құру кезеңдерін жоспарлай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** балаларға бүгін ағаш құрылыс материалдары емес, «Лего» құрылыс материалдарынан әртүрлі көлік түрлерін жасайтындықтарын айтады. 4–5 баладан шағын топтарға бөлінеді.<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог балалармен көлік түрлерінің суреттерін және фото суреттерді қарап, олардың жеке бөліктеріне назар аударады. Осыдан кейін балаларға ұшақтың, мәшиненің, қайықтың, мотоциклдің үлгілерін қарап көруді ұсынады.<br>–Қандай негізгі бөліктері бар? – деп сұрайды. Көліктердің қайсысын құрастыратынын таңдап, оларды құрастыру үшін үлгі суреттерді қарап көруге және ҰОҚ-де қарауға нұсқау береді.<br>Әр бала өзінің қалауы бойынша көлік түрлерін таңдайды, ол көлікті жасау үшін қандай бөлшектер қажет екенін ойланып, таңдап алыңдар деп ұсыныс жасайды. Олар өздері көліктерді және оның бөлшектерін таңдап, құрастыру іс-әрекетіне | сөздер айтамын, сендер қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, партаны бір рет жұдырықтарыңмен ұрасыңдар, ал ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, бір рет шапалақ ұрасыңдар.<br>Мысалы: *парта, ферма, бидон, вагон, кітап, Камшат, гүл, ғалым, қайшы, табақ, доп, тарақ, сағат, жұлдыз, зәкір, хат, циркуль, щетка, дәрі, көзілдірік, қуыршақ, балапан, Ғазиз, Фарида, шанышқы, жұлдызша, пышақ, көбелек, күртеше, бұлт, домбыра, қияр, орамжапырақ, су*,ту, күшік т.б.<br>**Түсіну деңгейі: «Сөз жина, тез жина»дидактикалық жаттығуы**<br>Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап, дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: «к.ү.н.», «т.ү.н.», «ә.т.е.ш.», «б.а.л.», «ж.е.л.і.м.», «б.а.қ.», «б.а.л.а.», | сұраққа жауап береді. Әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Өзің пісірген ас дәмді**<br>Дуылдасты балалар,<br>Шуылдасты балалар,<br>Өздерінше ойнайды,<br>Өздерінше тойлайды.<br>Шай әкелді біреуі,<br>Май әкелді біреуі,<br>Сүт әкелді біреуі,<br>Ет әкелді біреуі.<br>Бірі күріш әкелді,<br>Бірі бұрыш әкелді,<br>Бірі алма әкелді,<br>Бірі нан да әкелді.<br>Бірі сүртіп табақты<br>Бірі құйды тамақты.<br>Дөңгелене отырып,<br>Тостағанды толтырып,<br>Палауларын жеді де,<br>«Қандай тәтті», – деді олар.<br>Қ. Мырза Әли<br>**Түсіну деңгейі:** Оқылған тақпақ мазмұны бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгіме өткізу.<br>– Тақпақ не туралы? Балалар не әкелді? Қандай тағам дайындалды? Балалар сұрақтарға жауап береді, тағамдарды атайды. Педагог тапсырма береді.<br>– Оля, сүт әкел.<br>– Дима, ет әкел. т.с.с.<br>**Жаңа сөздермен таныстыру.** Суреттермен жұмыс.<br>– Мынау – күріш, кү-ріш.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – күріш.<br>– Мынау – палау.<br>– Мынау не? | талқылау. Қосымша мәлімет береді: Қазір ғалымдар Күн – жұлдыз, қатты ыстық шар деп жүр. Күн бізге өзге жұлдыздардан үлкен, жарық сияқты көрінеді. Себебі ол Жерге өзге жұлдыздарға қарағанда жақын орналасқан.Суреттерді мұқият қарап шығып, табиғаттағы өзгерістер жайлы әңгімелеп береді. Қыстың орнына көктем келеді. Педагог берген қосымша мәліметті **талқылауға** қатысады: Күн бізге жылу береді. Күн болмаса, жарық пен жылусыз жер бетінде тіршілік тоқтап қалар еді. Жарықсыз, қараңғы үңгірлерде өсімдіктер, ағаштар мен гүлдердің өспейтінін немесе мүлдем аз өсетінін айтады. Өйткені өсімдіктерге су, топырақ, жарық пен жылу қажет. Қалың орманда да ағаш бұтақтары Күн сәулесін дұрыс өткізбейді. Сондықтан онда күн жарқырап тұратын көгалдағыға қарағанда шөп пен әдемі гүлдер аз болып келеді. Ал адам Күнсіз өмір сүре ала ма? Иә, өмір сүре алады. Бірақ көпке ұзамайды. Ұзақ уақыт бойы жер астында жұмыс істейтін адамдардың беті бозарып кетеді. Күннің қасиеттерін атайды (жылы, жұмсақ, мейірімді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен шырын іштім.<br>Сен не іштің?<br>Мен шырын іштім.<br>Мен алма шырынын іштім.<br>Сен қандай шырын іштің?<br>Мен алма шырынын іштім.<br>Үлгі бойынша балалар сөйлем құрайды: Мен нан, ірімшік жедім. Ірімшік дәмді. Шырын іштім. Шырын дәмді.<br>Тағамдардың барлығы қадірлі, оларды ысырап етуге болмайтынын түсіндіріп, **тыйым сөзді** жаттату.<br>Нанды баспа, ақты төкпе.<br>Қазақ халқы «ақ», – деп сүт, айран, қымыз, шұбатты айтқан. Нан, сүт және етті қайдан аламыз?<br>Азық-түлік дүкеннен аламыз.<br>**Сюжеттік ойын:** «Дүкен».<br>Педагог – сатушы.<br>Сәлеметсіз бе!<br>Сәлеметсіз бе!<br>Нан беріңізші.<br>Қандай нан?<br>Ақ нан.<br>Міне, нан, алыңыз.<br>Рақмет. Сау болыңыз.<br>Балалар үлгі бойынша диалог құрайды. | кіріседі. Педагог «Лего» констукторлардың тетіктерін, бұрандаларын, басқа да бөлшектерін бір-біріне бекітуге, дұрыс орналастыруға көмектеседі.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Сергіту сәті<br>Бағанға ілінген<br>Аспалы сым жолы бар.<br>Көшелерде жүгірген<br>Троллейбус жолығар.<br>Сым жолымен зырлайды<br>Басқа жаққа аумайды.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады.<br>Кім тез, жылдам жасағандары болса, оларға педагог тапсырманы күрделендіріп, жол, автотұрақ, қақпа жасауға тапсырма береді. Әр балаға жеке көмек көрсетіліп, нұсқау беріп, іс-әрекетке басшылық жасайды. | «қ.и.я.р.», «п.и.я.з.», «б.ұ.л.т.», «к.і.л.т.», «д.о.п.».<br>Сөзді кім бірінші құрап айтады, сол балаға жұлдызша үлестіріліп отырылады.<br>«Не өзгерді?» ойын-жаттығуы<br>Педагог балаларға сөздер айтады, балалар сөздердің қандай айырмашылығы, қандай ұқсастықтары бар екенін, не өзгергенін ойланып айтады.<br>Сөздерде дауысты дыбыстар өзгергенін біледі.Мысалы: тар, тер, тор; бар, бер, бор; кел, көл; доп, дөп; жар, жер, жыр; дем, жем, кем; қар, қор, қыр; бала, бөле, биле т.б.<br>Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»<br>– Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрышты, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: *«а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -* | – Мынау – палау.<br>– Палау – тағам.<br>– Палау – не?<br>– Палау – тағам.<br>– Мынау – бұрыш. Бұ-рыш.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – бұрыш.<br>– Балалар палау жеді.<br>– Балалар не жеді?<br>– Балалар палау жеді.<br>– Палау дәмді.<br>– Палау қандай?<br>– Палау дәмді.<br>Балалар сөздерді, сөйлемді жеке-жеке айтып жаттығады.<br>**Қолдану деңгейі:** Ойын «Асханада». Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді.<br>Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды.<br>Мысалы:<br>Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды).<br>– Рақмет. Палау дәмді болды.<br>**Жаңылпаш жаттау**<br>Ас аспай бас аспаз,<br>Ас асты жас аспаз.<br>Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту. | көңілді...). Ол қатал, қорқынышты бола ма? Әлбетте, жазда, қатты ыстықта адамдар көлеңкеге тығылуға мәжбүр. Ондай ыстықпен ойнауға болмайды. Басыңа күн өтіп, денең күйіп қалады, басың да ауыруы мүмкін. Күн қуаңшылық кезінде де қаталдық танытады. Су азайып, құрғақтықтан зардап шеккен өсімдіктер қурап қалады, жануарлар өледі, өзендер мен бұлақтар сарқылып қалады.<br>**Түсіну деңгейі: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Күн» тақырыбында салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады.**<br>Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады:<br>Сипатта – балалар күнге тән белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс.<br>Салыстыр – балалар күн мен шамның (лампочка) арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. Ұқсас заттарды тап – тақпақтың үстел үстіндегі картинаға сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу ( күн, көбелектер, жаз, қыс).<br>Талда – күннің құрамдас бөліктерін атап көрсету керек (шеңберлер, сәуле).<br>Пайдалан – балалар күнді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю* т.б.»<br>**Қолдану деңгейі:** сөздегі әр дыбысты дауыстып айтып, ондағы дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтауға тапсырма береді. ***«Қой»***сөзінде бір буын, үш дыбыс бар<br>**Қ** – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**О** – жуан дауысты дыбыс.<br>**Й** – үнді дауыссыз дыбыс.<br>Педагог «***түйе»*** сөзінің сызбасын тақтаға іледі.<br>***«Түйе»***сөзінде 2 буын, 4 дыбыс.<br>**Т** – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Ү** – жіңішке дауысты дыбыс.<br>**Й** – үнді дауыссыз дыбыс.<br>**Е** – жіңішке дауысты дыбыс.<br>**«Не артық?» дидактикалық ойыны**<br>Педагог бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар сол артық сөзді табуы керек.<br>Мысалы: нан, шай, май, тай – ...*(тай)*<br>Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... *(тақ)*<br>Алма, шие, бөрік, өрік – ... *(бөрік)*<br>Екі, үш, төрт, бес, кес – ... *(кес)*<br>**Саусақ жаттығуы**<br>«Бәрінен де мен күшті,»<br>– Деп айтады оң қол.<br>«Неге сен? Ал мен ше!» | | күннің жылуын қалай пайдалану керектігін айтып береді. Дәлелде – күннің жақсы жақтары мен жаман жақтарын дәлелдеу қажет.<br>**Қолдану деңгейі: Тәжірибеалдық жұмыстарға** тарта отырып, тану үдерісін ұйымдастырады. Күн зертханасына шақырады. Сабақтың басында терезенің алдына, күн жақсы түсетін жерге түрлі түсті қағаздың бірнеше парағын жайып қоямыз (ақ, қара түстісі міндетті түрде болуы тиіс). Балалар оларды ұстап көріп, қайсысының ысығанын, қайсысының салқындау болып тұрғанын айтады. Ең қатты ысығаны – қара түсті қағаз. Ал ең салқыны – ақ түсті қағаз. Өйткені қара түсті заттар күннің жылуын өзіне сіңіріп алады, ал, ашық түсті заттар керісінше, оны шағылыстырады.<br>**«Ертерек-кейінірек» ойынына қатысуға шақырады:** педагог белгілі бір жағдай туралы айтады, ал балалар оған дейін немесе одан кейін не болғанын айтады.<br>П: Таңертең күн шықты. Оған дейін не болды?<br>Б: Аспанда күн болған жоқ.<br>П: Кейін күн қайда кетеді?<br>Б: Күн ұясына батады, оның орнына түн келеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | – Деп келіспейді сол қол.<br>Екі қолдың күштерін,<br>Кәне, сынап көрейік.<br>Оңға солға тартайық,<br>Достастырып қайтайық. | | |
| ***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**<br>**Аз қимылды ойын: «Ақшамшық»**<br>**Басты міндеттері: балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.** | | | | | |
|  | | | **Аз қимылды ойын. Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Ақшамшық»**<br>**Ойын маіндеттері:**балаларды тапқырлыққа,шапшаңдыққа,ептілікке баулу.<br>**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқау:** Ойыншылар ойын кезінде арасынан бір кісі өтетіндей етіп дөңгелене отырады. Ал жүргізуші ортаға шығып, екі алақанын беттестіре ұстайды. Қалғандарына да солай істеуді тапсырады. Кейін алақандарының арасындағы сақинаны ойыншылардың біріне тастау үшін айнала жүгіріп, бәріне сақина тастаудың белгісін жасайды. Алайда, ол сақинаны білдірмей біреуіне ғана тастайды.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**<br>**Ойын шарты:** Сақина жасырылған адам да оны басқаларға байқатпауға тырысады. Жүргізуші түгел айналып шыққан соң ортаға келіп, «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сонда сақинаны алған ойыншы орнынан атып тұруы керек. Әрбір ойыншы оң жағында отырған көршісін аңдиды. Сондықтан сақинаның онда барын білсе орнынан тұрғызбауға тырысады. Ал сақинаны алған ойыншы білдірмей тұрып кетсе, өзі жаза тартады, ол тұра алмай қалса, айыпкер көпшіліктің ұйғаруымен не өлең айтады, не би билейді, не домбыра тартады. Өнерін көрсетіп, жазасын өтеуі тиіс. Содан кейін ойын қайта жалғасады.<br>**II нұсқасы: «Сақина»**<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып отырады. Шеңбер ортасына жүргізуші шығады. Оның тас жабылған алақандарының ортасында сақина салынған. Жүргізуші балалардың барлығын аралап, әрқайсысының қолын жабылған алақандарымен ашып, біреуінің қолына сақинаны салып кетеді. Бірақ сол кезде екінші жүргізуші оны қай ойыншыға салғанын байқамау керек. Жалған қимылдарды жасауды жалғастыра отырып, жүргізуші шеңберді толығымен аралап шығады. Содан кейін ортаға тұрып, келесі сөздерді айтады:<br>***«1-2-3Сақина маған ұшып кел!»***<br>Сақинаны ұстаған ойыншы орнынан тез тұрады. Оның көршісі ойыншыны ұстап үлгеруі керек. Үлгермесе жазаланады. Үлгерсе – көршісінің өзі жазаланады. Жазаланған оқушы жүргізушінің немесе ойыншылардың тілегін орындайды. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мерген.<br>**ҰІӘ міндеттері:** | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ана – өмір шырағы. | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ана – өмір | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру;<br>-жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстінде жинақталып нысананың ішінен тепе-теңдікті сақтай отырып өтуге жаттығуды жалғастыру;<br>-өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.<br>**Дағды:**<br>-көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктен салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру. Психологиялық күйзелісті тарқатуға арналған арнайы жаттығулар орындау.<br>**Түсінеді:** «аңшылық» адамның ең көне кәсіптерінің бірі екенін, аңшылыққа арналған құралдар; таза ауадағы қимыл әрекетінің денсаулыққа пайдасы; аяқты саннан 90°-қа көтеру; таяқтарға жақын жүру және рөлдік ойындардың мазмұнын.<br>**Қолданады:** таяқпен жаттығулар орындау дағдысын, заттардың арасымен жүгіру, | **ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық<br>бере отырып ойнау;<br>-анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Ақ әжем» (К. Қуатбаев)<br>***Ән айту:***<br>«Әже тілегі»<br>(Т. Қоңыратбай)<br>«Екеуміз әйбат баламыз»<br>(И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Сағат» (Е. Андосов)<br>**Билер:**<br>«Полька» эстон халық биі<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Қоянды ұстаңдар»<br>(К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>**«**Янка» беларусь халық биі<br>**Күтілетін нәтиже**: | Аңшылар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруге, көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп келіп, келесі тақтайға ауысуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: Тізені жоғары көтеріп, тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттығу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жүгіріп келген соң тыныс алуды қалыпқа келтіру. Психологиялық күйзелісті тарқатуға арналған арнайы жаттығулар орындау.<br>**Түсінеді:** «аңшылық» адамның ең көне кәсіптерінің бірі – аңшылыққа арналған құралдар; таза ауадағы қимыл әрекетінің денсаулыққа пайдасы; аяқты саннан 90°-қа көтеру; таяқтарға жақын жүру және рөлдік ойындардың мазмұны.<br>**Қолданады:** таяқпен жаттығулар орындау дағдысы, заттардың арасымен жүгіру, сенсомоторлық үйлесімді, көзмөлшерін, қимыл дағдылары, тепе-теңдікті сақтау, қол мен аяқтың қимылдарының үйлестіру дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Аңшылар із кеседі» – жерге жорғалау мен таяқты | шырағы.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау;<br>-анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Ақ әжем» (К. Қуатбаев)<br>***Ән айту:***<br>«Әже тілегі»<br>(Т. Қоңыратбай)<br>«Екеуміз әйбат баламыз»<br>(И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Сағат» (Е. Андосов)<br>**Билер:**<br>«Полька» эстон халық биі<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Қоянды ұстаңдар»<br>(К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:** | Қыстаудағы ойындар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-гимнастикалық орындық үстінде қолды жоғары көтеріп, шайбаны хоккей таяғымен кішкентай қақпадан өткізуді үйрету.<br>**Дағды:** Талдап ойлау, қалыптан тыс шешімдер қабылдай білуге, ептілікке, күш пен төзімділікке, көпшілдікке, алған білім-біліктерін өмірде қолдануға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** биіктігі 60 см модульдерден жығыла асып өту, құлақ қалқанын уқалау, дүниені позитивті қабылдауды қалыптастыратын жаттығулар.<br>**Түсінеді:** «Қыстау» малға ыңғайлы қысқы тұрақ екендігін, жорғалау тәсілдерінің жылдамдықпен байланысын, ең тиімді тәсілді таңдаудың маңызын, таза ауадағы қимыл қозғалыстың денсаулыққа тигізер пайдасын, аяғын 90° көтеру, оңға-солға кезек секіруді.<br>**Қолданады:** ұзын сырықпен орындалатын жаттығуларды орындау, қалыпты баяу жүгіру, бір аяқпен секіру, сенсоматорлы қимыл түзету, көзмөлшері мен үйлесімді қимылдау, тепе-теңдік сақтау, жорғалап еңбектегендегі қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сенсомоторлық үйлесімді, көзмөлшерін, қимыл дағдыларын, тепе-теңдікті сақтау, қол мен аяқтың қимылдарының үйлестіру дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Бір-бірден тізбекпен жүру, ирек жолмен жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, көзді жұмып 4 м жүру, жіңішке жол, жуан жолмен жүру, жануарлардың ізімен жүру. мин. үздіксіз баяу жүгіру.<br>Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару;<br>Қысқа шұғыл дем алып – демін созып өте баяу шығару;<br>Баяу, созылмалы тыныс алу – қысқа, шұғыл дем шығару;<br>Ауа жіңішке ағыспен шығатындай етіп, баяу созылмалы дем шығару;<br>Жұлқып дем шығару;<br>Мұрын арқылы баяу тартып, терең тыныс алу, демін кідірте отырып, шығарғанда ауа санап болғанша жететіндей етіп, 1–10 дейін санау.<br>**Түсіну деңгейі: «Ептілікке жаттығамыз!»**<br>Ұзын орындықпен жүру (ені – 25 см, биіктігі – 30 см), жүріп келіп орта тұсында айналадағылардан өтіп кету.<br>Тепе-теңдік сақтап ұзын орындықпен жүріп, жаттығулар орындау. Орта тұсында құрсаудан-құрсауға | **Жасайды:**бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды,<br>музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Түсінеді:** әннің мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:** таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Балалар шеңбер бойында, қолдарына лента ұстап, сол ленталармен музыкаға ілесіп қимылдар жасайды, екі қолды кезек кезек көтеріп, бастан жоғары ұстап, айналады.<br>Балалармен ана туралы әңгіме өткізу, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұхбаттасу.<br>Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың суреттерін көрсетіп, әңгіме құрастыру.<br>**Түсіну деңгейі: *Музыка тыңдау:*** «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева).<br>Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау.<br>Музыканың көңіл күйі, сипаты қандай?<br>Музыка тыңдап отырып сендер ана туралы не ойладыңдар?<br>Ән айтар алдында дауыс | әртүрлі қалыпта ұстап жүру, жүгірумен алмастыру. 3 тізбекке қайта сап түзеу. Аң ізімен келе жатқан аңшының қимылдарын жасайды.<br>Дала кезіп жүгіреді.<br>Тынысын қалыпқа келтіреді де, әртүрлі қимылдарды жасайды.<br>Сапта арақашықтықты сақтап, таяқпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындайды (№2). Екі тізбекке, бір қатарға сап түзеп тұру. Педагогтің айтқандарын бұлжытпай орындауға тырысады.<br>Бүкіл жаттығулар кешенін орындап біткенше арқасын түзу ұстауға тырысады.<br>Таяқшалардан жол салып келесі жаттығуларды жасауға дайындалады.<br>**Түсіну деңгейі: Негізгі қимыл жаттығуларын** ойын тапсырмалар түрінде орындайды.<br>(Екі команда бір мезетте бастайды).<br>Біріншіде таяқшалардан аяқты жоғары көтеріп аттап өтеді. Қолдарын белге қояды. Екіншіде көзді жұмып өтіп көреді. Таяқшаларды баспауға тырысады.<br>**Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Аңшылар мен қояндар**»**<br>Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі | «Янка» беларусь халық биі<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды,<br>музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Түсінеді:** әннің мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:** таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Ленталармен жаттығу» В. Моцарт). Балалар шеңбер бойында, қолдарына лента ұстап, сол ленталармен музыкаға ілесіп қимылдар жасайды, екі қолды кезек кезек көтеріп, бастан жоғары ұстап, айналады.<br>Балалармен ана туралы әңгіме өткізу, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұхбаттасу.<br>Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың суреттерін көрсетіп, әңгіме құрастыру.<br>**Түсіну деңгейі: *Музыка тыңдау:*** «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева).<br>Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау.<br>Музыканың көңіл күйі, сипаты қандай?<br>Музыка тыңдап отырып сендер ана туралы не | дамыту дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі: Сырықтар жерде жатыр.**<br>Қол жаттығуларын орындай отырып, шеңбер бойымен «құрықтарды» аттап жүру.3-4 баладан жүруге болады.<br>Аяқты саннан 90° көтеріп, аяқты алдымен ұшына, сосын өкшеге түсіріп қою. Ырғақпен, қолды еркін ұстап, кідіріспен тыныс алып жүгіру.<br>Негізгі жаттығуларды орындау үшін 4 тізбекке сапқа тұру.<br>**Түсіну деңгейі:** Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау.<br>Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды.<br>**Секірулер:** сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.<br>«Ең сақ кім екен?»<br>**Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың астынан түрлі әдіспен** (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту.<br>Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өтіп, модульден айналып, жүгіріп қайтып келеді. Құрсаудан өткенде басы мен аяғын тигізбей жұмыр жиналуға тырысады.<br>«Тепе-теңдікті сақтауға жаттығамыз!»<br>Жоғары жағы 40 см көтерілген көлбеу тақтайға жүгіріп шығып-түседі. Бірінші көлбеу тақтаймен төменнен жоғары қарай жүгіріп шығып, екінші тақтайдан биіктен төменге қарай жүгіріп түседі. Командаға қайтып келеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Мергендер»,**<br>**«Таяқтастау»** (нысанаға дәл тигіз).<br>метр қашықтықтан тік нысанаға дорбаларды ату. Бастапқы қалыпқа келу. Кішкентай дорбаларды қолды жоғары алға сермеп лақтырады.<br>Нысананың дәл ортасына тигізуге тырысады.<br>Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындайды.<br>**« Мерген»**<br>**Психологиялық күйзелісті тарқату жаттығуларын жасайды.**<br>**Тістенеді.** Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқы қалыпқа келу.<br>Қарнын ішке тартып, | жаттығуын орындатып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Анашым» (Е. Хасанғалиев).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Әнді тыңдағанда қандай әсерде болдыңдар?<br>Әннің көңіл күйі қандай?<br>Ән сендерге ұнады ма, несімен ұнады? Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру.<br>«Әже тілегі»<br>(Т. Қоңыратбай), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Билер:*** «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай).<br>Қыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады. Қыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап,<br>Бір қатарға тізіліп, тізерлеп отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды, «сабау сабап» отырған қимылды көрсетеді.<br>Таяқшаны жерге қойып, алақандарымен еденді шапалақтайды, Жүнді жөндеп қойып жатқан қимылды көрсетеді.<br>Таяқтың біреуін алып, қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек- | қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді.<br>«Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады.<br>«Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады.<br>**Релаксация: «Мерген».**<br>Психологиялық күйзелісті тарқату жаттығуларын жасайды.<br>Тістенеді. Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.<br>Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқы қалыпқа келу.<br>Іші ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату. Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату. | ойладыңдар?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын орындатып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Анашым» (Е. Хасанғалиев).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Әнді тыңдағанда қандай әсерде болдыңдар?<br>Әннің көңіл күйі қандай?<br>Ән сендерге ұнады ма, несімен ұнады? Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру.<br>«Әже тілегі»<br>(Т. Қоңыратбай), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Билер:*** «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай).<br>Қыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады.<br>Қыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап,<br>Бір қатарға тізіліп, тізерлеп отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды, «сабау сабап» отырған қимылды көрсетеді.<br>Таяқшаны жерге қойып, алақандарымен еденді шапалақтайды, Жүнді жөндеп қойып жатқан | дейін өтеді. Сырықтың биіктігіне қарай тиімді әдісті таңдайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Лақтыр-қағып ал». (10 рет)<br>Допты лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады.<br>Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тырысады. Допты жерге құлатпаған жеңіске жетеді.<br>Құлақ қалқанын уқалау<br>Құлақ қалқанын алдыға қайырып, басқа қысып, жібере салу.<br>Құлақтырының сырғалығын екі қолдың сұқ саусақтары және бас бармақтарымен төмен тартып тұрып жіберіп қалу. 5-6 рет қайталау.<br>Құлақтың төмпешігін (бүршігін) уқалау. Бас бармақты құлақтың тесігіне қойып, сұқ саусақпен алдыңғы жағындағы төмпешікті ептеп қысып, жан-жаққа 20-30 секунд қозғалту.<br>Қарсы шиыршықты уқалау. Бас бармақ және сұқ саусақпен құлақ қалқанының артындағы қарсы шиыршықты ақырын басып тұрып, жоғары-төмен сипау.<br>Құлақ қалқанын уқалау. Құлақ сырғалықтарын екі саусақпен ұстап тұрып, ақырын умаждау, біраз уқалап алып, саусақтарды біртіндеп жоғары жылжу. 2-3 рет қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату. Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату. | кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады. Орындарынан тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді. «Полька» эстон халық биі. Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Әуенге ілесе мәнерлі орындауға дағдылану. ***Ойындар, хороводтар:*** «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды. ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Күншуақ» (Е. Құсайынов). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды. | | қимылды көрсетеді. Таяқтың біреуін алып, қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек-кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады. Орындарынан тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді. «Полька» эстон халық биі. Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Әуенге ілесе мәнерлі орындауға дағдылану. ***Ойындар, хороводтар:*** «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды. ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Күншуақ» (Е. Құсайынов). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды. | **Уқалауды аяқтау үшін керегі:** екі қолдың бар саусағымен құлақ қалқанының шетінен ұстап, сағат тілімен немесе қарсы бағытта айналдырып, уқалау. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Қаңтар<br>Серуен кешені № 16<br>Торғайларды бақылау<br>Міндеттері:**<br>— Қыстап қалған құстар жайлы білімдерін толықтыру; | **Қаңтар<br>Серуен кешені № 17<br>Суықторғайды бақылау<br>Міндеттері:**<br>— Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; | **Қаңтар<br>Серуен кешені № 18<br>Маусымдық өзгерістерді бақылау<br>Мақсаты:**<br>— Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер | **Ақпан<br>Серуен кешені № 1<br>Ауладағы ағаштарды бақылау<br>Міндеттері**:<br>— Ағаштар туралы білімдерін бекіту; | **Ақпан<br>Серуен кешені № 2<br>Мектеп ауласын бақылау<br>Міндеттері**:<br>—қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | — Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**Торғайларды қорға**.<br>Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Таспен атып торғайды,<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді.<br>♦ Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар)<br>♦ Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? *(қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.)*<br>♦ Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? *(торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,кептер)*<br>♦ Торғайлар қыста немен қоректенеді? *(дәндермен, қалдықтармен.)*<br>♦ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? *(қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер* | — Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркемсөз А. Меңдібай**<br>Қарағай мен шыршаның<br>Суықтан дені тоңып тұр.<br>Бұл не ғажап қарасаң,<br>Қайыңда алма өсіп тұр!<br>Жақын келіп қарасам,<br>Көзіме өзім сенбедім-<br>Алқызыл болып көрінген,<br>Әнші құсы орманның<br>Суық торғай сен бе едің?<br>**Тәрбиеші жұмбақ жасырады:**<br>Айналаны қар басса да,<br>Суықтан еш тоңбайды.<br>Құс екенін бұл қандай,<br>Қане, кім болжайды?<br>Кеудесі қызыл әсем-ақ,<br>♦ Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл)<br>♦ Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде)<br>♦ Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде)<br>♦ Суықторғайлардың балапандары қай уақытта көрінеді? (мамыр айында)<br>♦ Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының дыбысына-ұяң, мұңды)<br>♦ Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай) | туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады);<br>— Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу.<br>— **Бақылау барысы:**<br>**Көркем сөз**<br>Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «тұнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады.<br>**Балаларға сұрақтар**:<br>*♦желтоқсан айы қай айдан соң келеді?*<br>*♦ақпан айына қарағанда мектеп ауласында қандай өзгерістер болды*?<br>♦ Күз мезгілімен салыстырғанда адамдар киімінде қандай өзгерістер пайда болды?<br>♦ Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табыңдар?<br>**Еңбек**<br>Ағаштар түбін қармен көму..<br>*Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу..*<br>**Қимылды ойындар:**<br>Қар лақтырып ойнау<br>*Мақсаты:* затты лақтыру | — Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Ағаштар» М.Әлімбаев**<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Тау баурайы төменде,<br>Өседі жас емендер.<br>Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Басқа ағашпен аралас,<br>Жайқалады қарағаш<br>Көк қарағай, қарағай,<br>Мейірбанды анадай,<br>Көкке бойын созады,<br>Көпке қолын созады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған<br>♦ Ағаштар не үшін керек?<br>♦ Ол адамға не береді?<br>♦ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>♦ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер?<br>♦ Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады?<br>♦ Ағаштардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары болады?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптеріне қар үю. | —зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз .**<br>Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Аралайды бақшаны,<br>Үзілмейді жақсы әні.<br>Гүлденеді бақшалар,<br>Жауса-жаусын ақша қар.<br>♦ Қыстың соңғы айларындағы мектеп ауласында қандай өзгерістер пайда болды? *(барлық жерді қар басты.)*<br>♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? *(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)*<br>♦ мектеп ауласындағы бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? *(жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)*<br>♦ Қар мектеп ауласындағы бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? *(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)*<br>♦ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? *(ғимарат жанында)*<br>♦неліктен? *(соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Мектеп ауласындағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *олар тоқ болса аязға тоңбайды.)*<br>♦ Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. *(өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады)*<br>♦ Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? *(себебі адамдар жанында азық көп болады)*<br>Торғай, торғай, торғайсың,<br>Жақын келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын тере ғойғ<br>Сонда суыққа тоңбайсың.<br>**Еңбек қызметі**<br>Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Нысанаға тигіз».<br>*Мақсаты: қшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту<br>Қарды алыс нысанаға лақтыру<br>*Мақсаты:қозғалыс координациясын дамыту.* | ♦ Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер дәндерімен)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар?<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңын қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Қимылды ойын**<br>«Ұшты-ұшты».<br>*Мақсаты*:аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Қапшықтағы жемді жеткіз».<br>*Мақсаты:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру<br>***Халық болжамы: Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.*** | дағдыларын бекіту.<br>Бір аяқпен секіру.<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға баулу.*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету.*<br>***Халық болжамы:***<br>***- Егер тауық ерте қонақтаса, аяз болады.*** | *Мақсаты:* ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу..<br>**Қимылды ойын**<br>«Аулада қандай ағаштар өседі?».<br>*Мақсаты:*<br>— Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау;<br>— Сөздік қорларын байыту;<br>— Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту:<br>Аңдар биі<br>Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. | бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..<br>**Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>*Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;*<br>— Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Қу түлкі».<br>*Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.*<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Нысанаға тигіз».<br>*Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.* |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. Жеке жұмыс:** | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті** | **Қазақ тілі- коммуникативтік, танымдық әрекет** | **Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, танымдық әрекет** | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **12.00 – 12:25** | Ысқақ Перизат<br>Қадылбек Адия<br>Қадылбек Жания<br>**Құлақ қалқанын уқалау жаттығуы:**<br>**1.**Құлақ қалқанын алдыға қайырып, басқа қысып, жібере салу.<br>**2.**Құлақтырының сырғалығын екі қолдың сұқ саусақтары және бас бармақтарымен төмен тартып тұрып жіберіп қалу. 5-6 рет қайталау.<br>**3.Құлақтың төмпешігін (бүршігін) уқалау.** Бас бармақты құлақтың тесігіне қойып, сұқ саусақпен алдыңғы жағындағы төмпешікті ептеп қысып, жан-жаққа 20-30 секунд қозғалту.<br>**4.Қарсы шиыршықты уқалау.**<br>Бас бармақ және сұқ саусақпен құлақ қалқанының артындағы қарсы шиыршықты ақырын басып тұрып, жоғары-төмен сипау.<br>**5.Құлақ қалқанын уқалау.**<br>Құлақ сырғалықтарын екі саусақпен ұстап тұрып, ақырын умаждау, біраз уқалап алып, саусақтарды біртіндеп жоғары жылжу. 2-3 рет қайталау.<br>**6.Уқалауды аяқтау үшін керегі:** екі қолдың бар саусағымен құлақ қалқанының шетінен ұстап, сағат тілімен немесе қарсы бағытта айналдырып, уқалау. | **Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере мен Ермекова Айбике<br>Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; санау білігін бекіту. | **Жеке жұмыс:**<br>Ермекова Айбике<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. | **Жеке жұмыс:**<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Сөздер буыннан тұрады, сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсініктерін жинақтау.<br>Сағат, доп, айна, кітап, үстел, орындық, кілем, сөре, сүлгі, ойыншықтар.<br>Балалар қолдарын шапалақтау арқылы педагогпен бірге бөледі, неше буыннан тұратынын анықтайды.<br>О-йын-шық-тар. | **Жеке жұмыс:**<br>Сәулетбек Нұрәли<br>Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. |
| **Балалардың дербес** | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** | **Танымдық-қимылды** | **Дидактикалық ойын:** | **Дидактикалық ойын:** | **Танымдық-қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | «Лақтыр-қағып ал». ойыны.<br>**Міндеттері:**<br>Лақтырып,қағып алу, лақтыру қолды еркін жұмыстануын қадағалай білу.<br>**Дағды:** құлақ қалқанын уқалау, дүниені позитивті қабылдауды қалыптастыратын жаттығулар дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Допты лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады. Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тырысады. Допты жерге құлатпаған жеңіске жетеді. | **ойын**<br>**Дидактикалық ойын: «Қармақ»**<br>**Міндет:** талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды,<br>құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 5 балық және күлгін түсті 3 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды.<br>-Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме?<br>-Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді. Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады. | «Сиқырлы дорба»<br>**Міндеттері:**<br>азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.<br>**Дағды:** Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Ойынның шарты:**<br>«Сиқырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сиқырлы дорбада не бар?<br>Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды.<br>–Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар:<br>Дорба әдемі, дорба жақсы. 1, 2, 3, 4, 5<br>5, 4, 3, 2, 1<br>Міне, дорба ашылды! | «Ойлап,тап!»<br>**Міндеттері:** Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.<br>**Дағды:** Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады.<br>мысалы: ал–<br>Кір– | **ойын:** «Ертерек-кейінірек»<br>**Міндет:** Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дағды:** Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыруға дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>«Ертерек-кейінірек» ойынына қатысуға шақырады: педагог белгілі бір жағдай туралы айтады, ал балалар оған дейін немесе одан кейін не болғанын айтады.<br>П: Таңертең күн шықты. Оған дейін не болды?<br>Б: Аспанда күн болған жоқ.<br>П: Кейін күн қайда кетеді?<br>Б: Күн ұясына батады, оның орнына түн келеді. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.**<br>**12:25-12:30** | **Ата –аналарға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,( өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім | **Ата-анаға кеңес:**<br>Көңіл күйіңіз болмай тұрған кезде ешқашан да бала тәрбиесімен айналыспаңыз. Өз балаңызбен тығыз қарым-қатынас орнатуға тек қана Сіздің көтеріңкі көңіл күйіңіз, оң көзқарасыңыз ғана әсер етеді.<br>Тәрбие сатылы деңгейде жүргізілгені дұрыс. Әр биікке өз уақытында, | **Ата-анаға кеңес:**<br>Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.Балаңызды тыңдауды үйреніңіз.Шыдамды | **Ата-анаға кеңес:**<br>Есіңізде болса, балаға үш негізгі қасиетті дарытуға міндеттісіз: шешім шығару, құрмет, жауапкершілік. Қандай жағдай болса да, еңсесін тік ұстайтын, жан-қоршаған адамдарына құрметпен қарайтын және өз қадамдары үшін жауап бере алатын адамдар көп жағдайда табысқа жететіні | **Ата-анаға кеңес:**<br>Бір мезетте қатал да мейірімді бола біліңіз. Егер сіз балаңызға деген ыстық ықыласыңызды үнемі білдіре отырып, тек керек уақытында ғана ұрсатын болсаңыз, онда бұл сіздің тәрбиеңіз барысында міндетті түрде жемісін береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баламен бірге болуы.<br>Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.<br>Балалардың  ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | біртіндеп көтеріліп отырған дұрыс.<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. | белгілі. | |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 12.02.24 | Сейсенбі 13.02.24 | Сәрсенбі 14.02.24 | Бейсенбі 15.02.24 | Жұма 16.02.24 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Математика негіздері** – ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Математика негіздері»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары:** **«**Ойын,зерттеу танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Қазақтың ұлттық ойыны «Арқан тартыс»додекаэдр кубигі - бұл он екі қырлы<br>**Міндеттері:** -жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру;<br>1-ден 10-ға дейін санау, санның құрамын білу,балалардың ой-өрісін | **Сурет салу-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті<br>**Құзыреттілік:** «Сурет салу»<br>**Коммуникативтік дағдылары:** «Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Өзендер мен теңіздердің тұрғындары»<br>**Міндеттері:** Балалардың өзендер мен теңіздердің балықтары, олардың құрылысы, тіршілік ету ортасының ерекшеліктері туралы білімдерін ашу. Тірі тіршілік иесінің құрылысын қоршаған ортамен және өмір | **Сауат ашу негіздері –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сауат ашу негіздері»<br>**Коммуникативтік дағдылары:**«Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Сөздің бірінші дыбысын айт,көрсете біл»<br>**Міндеттері:** -дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру;<br>-буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін | **Сөйлеуді дамыту –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сөйлеуді дамыту»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Дұрыс па,бұрыс па?»(Мамандық иесі туралы)<br>**Міндеттері:** Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру;<br>-Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып,олардың | **Дене шынықтыру -** коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі іс - әрекет арқылы қимылды ойын.<br>**Құзыреттілік:** «Дене шынықтыру»<br>**Физикалық қасиеттері:** «Коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Мен істей аламын немесе істей алмаймын»<br>**Міндет:** балалардың дене мүшелері туралы білімдерін бекіту, олардың дағдылары мен денесінің физикалық мүмкіндіктеріне балалардың назарын белсендіру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңейту;<br>ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br>**Дағды:** 1-ден 10-ға дейін санды танып,дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: «Арқан тартыс» суреттері, сандар.<br>**Қысқаша сипаттама:** Топқа бөлу.<br>**Үйрету:** Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу, жағына бір –<br>біріне қарама –қарсы тұрғызу.<br>**Меңгеру:** 2. Қарама –қарсы тұрған оқушылар бір – бірінің қолынан ұстап, әр бақталас топ өз жағына қарай бірін – бірі тартады. Кімнің тобы мықтырақ, қай топ өз жағына көп тартып алады, сол топ жеңіске жетеді.<br>***Жетілдіру:*** 3. «Арқан тарту» Ойынның ережесі. Арқан тарту. Алаң ортасына көлденең сызық сызылады. Ойынға ортасына қызыл жіп байланған арқан қойылады. Ойынға қатысатын оқушылар өз топтарымен бірге екі жақтан арқанды тартады. Ортадағы көлденең сызықтан қай топ бұрын сүйреп өткізсе , солар жеңіске жетеді.<br>**Қолдану:** 4.**Ауызша** додекаэдр кубигі - бұл он екі | сұру салтымен байланыстыра білу қабілетін дамыту. Балалардың ойлау қабілеттерін,қиялы мен шығармашылығын дамыту. Еңбекке тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Табиғат әлеміне деген қызығушылықты ояту, ерекшеліктерін игеруге,ұқыпты жұмыс жасауды,сұлулықты сезіне білуге дағдыландыру.<br>**Талапты болуы:** Балықтардың түсі оларға өзендер мен теңіздердің басқа тұрғындарынан жасыруға немесе қорғануға қалай көмектесетінін білу дағдылары болуы керек.<br>**Қолынан келуі керек:** Аквариум техникалық құралдармен де жабдықталған. Онда суды арнайы жылытатын,ауа жіберетін,жарық түсіретін құралдар бар.Аквариумдағы балықтар үнемі адамдардың қамқорлығында болады. Аквариумдағы балықтар күніне таңертең кешке екі шымшымнан ғана ас жей алады, одан артық беруге болмайды.<br>**Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу.<br>**Өтетін орны:** Сыныпта,ойын бөлмесі.<br>**Қосымша жабдықтар**: Теңіз бен өзенді бейнелейтін дидактикалық картиналар, өзен мен теңіз тұрғындарының ойылған бейнелері,әртүрлі дамытушы үлестірмелі | дамыту.<br>**Дағды:** -сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту;<br>-сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттеріне қарай дағдыға айналдыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: дыбыстық үлестірме жұмыстар.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Мен сендерге сурет көрсетем не болмаса сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Әр баланың алдына суреттер қойылады,оның біріншісіне әріптер «Ы», «М», «Қ», «Ұ», «І», «Е», «К», «Ү» ал, екіншісіне сол әріптен басталатын сөздер айтып,көрсетеді. Үстелдегі суреттерге қарап табады.Жұптық жұмыс,парталас отырған көршісімен бірге жұмыс жасайды.ІІ нұсқасы балаларды үш топқа бөледі, бірінші бір топпен содан кейін екінші топпен одан кейін үшінші топпен ойнайды.<br>Мысалы: *ыдыс (ы),маймыл (м),қызанақ (қ), ұлу (ұ), ірімшік(і),* | маңыздылығы туралы білім беру;<br>-Әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.<br>**Дағды:** берілген құралдардан мамандық иесіне тек ғана керек құралын табуға, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу,шығармашылық.<br>**Қосымша жабдықтар**:әр түрлі мамандықтар туралы пазылы суреттер.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Үстел үстіне түрлі сурет қиындыларын құрастырып маман иелерін шығару. (шаштараз, дәрігер, мұғалім, аспаз, құрылысшы, өрт сөндіруші, тәрбиеші, суретші, жол сақшысы,диқаншы,сатушы, тігінші)<br>**Ықтимал күрделендіру:** Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру.<br>- Балалар бағанадан бері сендер көптеген мамандық иелерінің еңбегімен таныстыңдар. Енді өздерің де өскенде кім болғыларың келетінін айтатын кез келді.<br>**Ойынның нұсқаулары:** | балаларды ептілікке, шапшандыққа, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:**Күнделікті өмірде дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қосымша жабдықтар**:Адамның бет-пердесі, сіріңке қорабшасы (шырпы).<br>**Түсініктеме: Сіріңке** – бір жақ ұшына оңай жанатын қоспа жағылған жіңішке ағаш таяқша (шырпы).<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Ойынға барлық балалар саны қатыса алады,сыныпта қанша балалар бар сонша (1-ден 20-ға дейін). Балалар арнайы үстелден үлестірмелі таратпа карточканы өз қалаулары бойынша алады. Жүргізуші балаға гимнастикалық доп береді,сол баланың жұмысы тексеріледі.Үлестірмелі карточкадағы берілген схема бойынша адам бейнесіне сәйкес сіріңке шырпы арқылы суретті құрастырады және ол қимылды қайталап көрсетеді. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның іс-қимыл** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қырлы лақтыру арқылы сандар құрамы бойынша жұмыс.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Ойынға барлық балалар қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (1-ден 10-ға дейін ) бөліп алады да, ойын бастайды. Барлық балаларға 1-ден 10-ға дейін сандар үлестіріп беріледі не болмаса әр бала өзіңе керек санды алады,сол санның артында  тапсырмалар болады.Мысалы: 2 саны болса оның құрамы 1+1 деп айтып арқанның қасына барады,егер жауап болмаса онда арқанның ұшынан ұстай алмайды.Аталған бала бірінші болып тапсырма орындаса,санның ретімен арқанды тартады, қалған балалар өздерінде бар текшелерді ретімен қояды.Қай топ тапсырмаларды дұрыс орындаса, сол жеңеді.<br>**Ықтимал күрделендіру**:<br>Сандарға байланысты тура және кері санап,санның құрамын айтып беруге ынталандыру.<br>**Ойынның нұсқаулары**:<br>Рубик додекаэдр кубигі - бұл он екі қырлы жұмбақ арқылы ойнайды.<br>Бала аталған сан бойынша орындау керек,үстел-үсті ойыны болғандықтан әр бала тапсырма кезінде мұқият,зерек болу | суреттер.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>**Ықтимал күрделендіру:**<br>мазмұны мен жанры бойынша ерекшеленетін репродукцияларды пайдаланып көрмені құрастыруды тапсырады. Олар жұмыс істеп жатқанда, қалған балалар экскурсия жүргізуші ретінде әрекет етеді - олар келесі жоспар бойынша әңгіме құрастырады:<br>«Үздік дизайнер» төсбелгісі картиналарды ең сәтті орналастырған, тақырыптарына, жанрына және түс үйлесіміне қарай таңдаған адамға беріледі.<br>**Ойынның нұсқаулары:**<br>Ойынды барлық сынып балалар ойнай алады.<br>Балаларға теңіз және өзен бейнелері бар карточкалар таратылады.<br>Педагог (жетекші) алдына өзен мен теңіз тұрғындарының бейнелері салынған кесілген карточкаларды қояды. Әрі қарай мұғалім (жүргізуші) кездейсоқ түрде картаны алып, нысанды атайды. Карточкада аты аталған элементі бар ойыншы картаны алып, оны бос төртбұрышқа орналастырады.<br>Барлық төртбұрыштарды бірінші жапқан қатысушы жеңеді. | *есек(е), көбелек (к), үтік(ү)* т.б.<br>Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Практикалық жұмыс:**<br>- Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар.<br>- Иә, дауысты,дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер.<br>- Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер?<br>- Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды. Ауа өкпеден кедергісіз шығып,үннен ғана тұратын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз.<br>- Дауыссыз дыбыс екенін қайдан білдіңдер?<br>- Өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз.<br>**Ықтимал күрделендіру**:<br>тілдік әріптерге байланысты іс-қимыл арқылы көрсете білу.<br>**Ойынның нұсқаулары**:<br>Балаларға әртүрлі сөздер айтады, Мысалы: -ы- дыбысы сөз басында:<br>*ыдыс, ымырт, ынта, Ықылас, ыстық, ырыс, ылғи, ырылдады т.б.*<br>-ы- сөз ортасында:<br>*маймыл, мамық, жастық, қатық, қымыз, қылыш, қытық, қырғыз, қылқалам, қалжын, қақтығыс,* | Балалар үстел үстіндегі мамандық иелерінің қолданатын құралдарын, аз уақыттың ішінде табулары керек.<br>**Есіңе сақтап ал:**<br>Сын тұрғысынан сұрақтар:<br>1.Мамандық адамға керек пе? (иә)<br>2.Әр мамандықтың ерекшелігі бар ма? (иә)<br>3.Дәрігер балаларды оқытады? (жоқ, мұғалім оқытады?)<br>4.Мұғалім адамдарды емдейді? (жоқ, дәрігер емдейді)<br>5. Шаштараз шаш қимайды? (жоқ, қияды)<br>6.Аспаз тамақ даярламайды? (жоқ, даярлайды)<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Абыройыңды асырған.<br>Бірақ өзі көрінбей,<br>Бізден бойын жасырған.<br>(Мамандық)<br>**Жұмбақтар:**<br>1) Мектептің жүрегі,<br>Білімнің тірегі. (Мұғалім)<br>2) Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл қатты.<br>(Дәрігер)<br>3) Тікті әсем киімді,<br>Дүкенге әкеп ілінді.<br>(Тігінші)<br>4) Зымыранды ерттеген,<br>Ай – жұлдызды зерттеген.<br>(Ғарышкер)<br>5) Тыныштығын Отанның,<br>Күзететін адам кім?<br>(Шекарашы)<br>6) Тәртіп, заңды сақтайды,<br>Ел сенімін ақтайды. | **арқылы жасау нұсқаулары:** Дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау. «Мен істей аламын» немесе «Мен істей алмаймын» дейді. Бала допты ұстап алып, неліктен мұны қалай білетінін (оған не көмектесетінін) немесе мұны қалай істейтінін (үйренуі мүмкін) түсіндіріп, сөйлемді жалғастыруы керек және допты көшбасшыға қайтаруы керек. Мысалы: «Мен жүгіре аламын, өйткені аяғым бар», «Мен ұша алмаймын, өйткені қанатым жоқ».<br>**Жалпы дамыту жаттығулар кешені**<br>**Жұпта орындалатын жаттығулар**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, допты еденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | абзал.Жазылған тапсырманы орындап,реттік санау бойынша дұрыс тұра білу керек мысалы,1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 .<br>**Практикалық зерттеу жұмыс:** Рубик додекаэдр кубигі арқылы<br>1 1+0, 2 1+1 ,3 2+1, 4 2+2 , 5 3+2 ,6 3+3,7 3+4, 8 4+4, 9 4+5, 10 5+5<br>Тура және кері санау:0,1,2,3,4,5,6,7,8,9,10<br>10,9,8,7,6,5,4,3,2,1,0<br>**Тарихи түсініктеме:**<br>**Арқан тартыс** ойыны — ұлттық ойын. Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жогарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.<br>Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады.<br>Күн ілгері сызып қойған үш | II нұсқа берілген нүктелі сызықтарды қосу арқылы жұмыстану.Әр суреттің нақыштарына келтіре отырып бояу немесе орналастыру.<br>**Ғажайып сәт.**<br>**Тыныс алу жаттығуы:** (жағаға соққан теңіз толқындарының дауысы естіледі.)<br>-Балалар тыңдаңдаршы ненің дауысы естіліп тұр?<br>-Теңіз суларының дауысы естіліп тұр<br>-Дұрыс балалар! Бұл кім екен?<br>-Теңіз патшайымы!<br>**Бой сергіту:**<br>Балық суда жүзеді,<br>Өте таза жылы су.<br>Бірде жазылады,<br>Бірде жиырылады,<br>Сөйтіп інге тығылады.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Жұмысқа кіріспей тұрып, саусағымызды жаттықтырып алайық.<br>Біз жүземіз оң жаққа<br>Біз жүземіз сол жаққа<br>Шоршимыз көл астында<br>Ыршимыз көл үстінде<br>Тұңғиыққа батамыз<br>Тәтті ұйқыға жатамыз.<br>**Баланың еңбегін бағалау:**<br><br>**Қосымша жабдықтар**: | *құдық, құйрық, мың, жылқы, жалбыз, қарбыз, қауын, қоңыз т.б.*<br>-ү- дыбысы кездесетін сөз: *үтік, үміт, күл, күшік, түтік, күнделік, күн, күш, күнбағыс, күміс, үміт, үзеңгі, күз, түз, түс, үзінді т.б.*<br>Егер «ы» дыбысы туралы сөздің басында болса онда алақанымызды бір рет шапалақтаймыз,ал енді «ы» дыбысы сөздің ортасында естілсе ,алақанымызды екі рет шапалақтаймыз болса, «ы» дыбысы сөздің соңында болса онда екі алақанымызды екі рет шапалақтаймыз.<br>**Тіл ұстарту және тыныс алу жаттығу (іс-қимылмен орындалады).**<br>*Қолға алып шарды,*<br>*Үрлеймін мен былай.*<br>*Уф-ф-ф,уф-фф-ф*<br>*Үрлеймін деп қатты.*<br>*Жарып алдым шарды пааааах...*<br>**Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу**<br>**«Кірпі» жаттығуы**<br>Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)<br>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме жарайма! | (Полиция)<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> | еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, допты еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңға қарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет)<br>6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> |

сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі топ тартысқа түседі. Ойыншылардың мақсаты — тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, коллективтік іс-әрекетке тәрбиелейді.

**Тіл ұстарту жаттығуы:**

Аяқты алға тіре де,
Шірене тарт, шірене.
Арқан тартыс ойынында,
Күш атасын біле ме?
Ақыл, айла керекте,
Мықтыларға жоқ өкпе.
Қарап тұрмай қанеки,
Кел, достарым, көмекке.

**Қосымша жабдықтар**:











**Қосымша жабдықтар**:























| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |    |  |  Ee<br>Есек  Е<br>Бір саусақты тігінен<br>Үш саусақты көлденең<br>Айқастырып қойсаңыз,<br>Е әрпі ғой ол деген! |   |   |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |      |   | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың | № 39 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** | № 40 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** | № 41 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** | № 42 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** | № 43 Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| ***2 үзіліс – 10:00 – 10:30*** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Аз қимылды ойын: *«БОТАҚАН»(Қазақ халқының ойыны)***<br>**Басты міндеттері: Балалардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.** | | | | | |

<table>
<tr>
<td> <br><br></td>
<td><br> <br><br></td>
<td>Аз қимылды ойын: «БОТАҚАН»(Қазақ халқының ойыны)<br>Ойынның міндеттері:Балалардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.<br>Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>Мазмұны: Ойыншылар өз орталарынан атан түйе мен мыстан кемпір сайлап алады. Қалғандары, яғни ботақандар атан түйенің артынан бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрады. Мыстан кемпір «ұшқыш сыпыртқысымен» атан түйенің алдына «ұшып келіп»: «Керуен, қайдан келе жатырсың, қайда кетіп барасың?» деп, артындағы ботақандарының біреуін беріп кетуін сұрайды. Бірақ оған атан түйе келіспейді. Сонда мыстан кемпір жүгіріп жүріп керуеннің соңындағы ботақанды күшпен тартып алуға әрекеттенеді. Ал атан түйе мыстан кемпірді ең соңғы ботақанға жібермеуге тырысады. Ботақанды ұстап алса, мыстан кемпір оны үйіне апарып қойып келіп, енді келесі соңғы ботақанды ұстап алуға әрекет етеді. Осылай 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.<br>Ойынның ережесі<br>1. Ойыншылардың бір – бірінің белінен ұстап тізіліп жүргені бағаланады.<br>2. Тартып алу кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Ойынды 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Секіру,жүгіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="6">3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55</td></tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Әжемнің базарлығы.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,</td>
<td>3.Сурет салу- шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Қысқы табиғат (Акварель бояу<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-балалар бойында</td>
<td>3. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Сөйлем сызбасы.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-сөйлем сызбасымен</td>
<td>3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Нан қайдан келеді?<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және</td>
<td>3.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Ауа не үшін қажет?<br>(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңа сөздерін қайталайды, сөйлемдер құрастырады.<br>**Түсінеді:** әр ұлттың ұлттық тағамдары болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** тағамдар ішінен ұлттық тағамдарды айыра біледі, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өткен «Асханада» тақырыпты қайталау. Суреттермен жұмыс. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды, сөйлем құрастырады.<br>Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен?<br>Дидактикалық ойын:«Ғажайып қоржын».<br>Суреттермен жұмыс.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Жаңа сөздермен таныстыру**. | байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету.<br>-балалардың қысқы табиғат құбылыстары туралы білімдерін нығайту;<br>-табиғат құбылыстарын бейнелей білу, балаларға табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттілігін түсіндіру;<br>**Дағды**: қағаз бетінде жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, ой- қиялын дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қыс бейнесінде шуақты күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсетіп салады;<br>**Түсінеді**: қыс мезгілінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін біледі, табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттігін түсінеді;<br>**Қолданады:** сурет салу барысында әр жыл мезгілінің ерекшелігін ескеріп қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Қысым-ақ, қысым-ақ,<br>Жібердің қысып-ақ.<br>Қалмаспыз біз деген,<br>Боранға ұшырап.<br>Аппақ қар жауа бер,<br>Риза ғой саған ел!<br>(*Қ.Ыдырысов*)<br>Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілінің қандай ерекше белгілері бар? | таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету;<br>-сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлем сызбасын анықтайды, сызады.<br>**Түсінеді:** сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сөйлем құрады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Бөлшектерінен тап»** ойынымен бастайды.<br>Көз, ауыз, желбезек – ... *(балық)*<br>Бас, қанат, аяқ – ... *(құс)*<br>Құлақ, көз, жал – ... *(жылқы)*<br>Бас, мүйіз, сақал – ... *(ешкі)*<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз бірақ естиміз, | күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>- ойлау қабілеттерін, артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды(і дыбысы) дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Тақпақты тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ертегі кейіпкерлерін және олардың іс-әрекеттерің атайды, тақпақта таныс сөздерді табады, атайды, диалогке қатысады.<br>**Түсінеді:** нан дастарқанға келу үшін көп еңбек керек екенін түсінеді;<br>**Қолданады:** сөздерді байланыстырып сөйлейді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өткен «Әжемнің базарлығы» тақырыпты қайталау.<br>Қима материалмен жұмыс. Ұлттық тағамдар атауларын қайталау.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме? Педагог «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін балаларға ұсынады. | **ҮІӘ міндеттері:**<br>-балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту;<br>-тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету.<br>**Дағды**: ауа – негізгі тіршілік көзінің бірі екенін білуге ,сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**ауа – негізгі тіршілік көзінің бірі екенін айтады.<br>**Түсінеді**:ауаның тіршілік үшін маңызын түсінеді.<br>**Қолданады**:тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Түсі бар көрінбейтін,<br>Бір тұтас бөлінбейтін.<br>Тынысы ол тіршіліктің,<br>Ешқашан жерінбейтін.<br>(Ауа)<br>**Табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мынау – бауырсақ.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – бауырсақ<br>(балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады).<br>– Бауырсақтың дәмі қандай?<br>Сақ-сақ – дәмді бауырсақ.<br>Сақ-сақ – жеймін бауырсақ.<br>– Мынау – құрт.<br>Құ-ұ-ұрт, құрт.<br>«Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – құрт.<br>– Мынау – қымыз.<br>Мынау не?<br>– Мынау – қымыз.<br>– Қымыз өте дәмді.<br>– Қымыздың дәмі қандай?<br>– Қымыз өте дәмді.<br>– Мен қымыз ішемін.<br>– Сен не ішесін?<br>– Мен қымыз ішемін.<br>– Мынау – шұбат.<br>Шұ-ұ-ұ-бат.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – шұбат.<br>– Шұбат өте дәмді.<br>– Шұбаттың дәмі қандай?<br>– Шұбат өте дәмді.<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.<br>– Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай?<br>–«Қ» дыбысы.<br>Педагог дыбыстардың дұрыс дыбысталуын қадағалайды. Жұмысты айнамен жүргізеді.<br><br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстық жаттығу.<br>Қ-қ-қ-қ – қққымыз - қымыз<br>Қ-қ-қ-қ – ққұрт - құрт<br>**Сергіту сәті:** | Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?<br>**Түсіну деңгейі:** Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарыңдағы үлгі ретіндегі үлкен суретке назар аударыңдар. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн.<br>Енді өзіміз осы қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдары, орындалу реті түсіндіріледі.<br>**Қолдану деңгейі:** көптілділік компонент бойынша – шуақты күн – солнечный день – sunny day ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады.<br>**Сергіту сәті**<br>Қолды белге қояйық,<br>Басты оңға бұрайық.<br>Басты солға бұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз демалып қалайық.<br>–Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. | айтамыз.<br>Дыбыстар қандай болып бөлінеді?<br>Дауысты, дауыссыз.<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>**«Жоғалған дыбысты тап»**дидактикалық ойыны<br>–Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасыңдар.<br>Мысалы: *көгерші...(н), балмұзда...(қ), домбыр...(а), қасқы...(р), шырш...(а), банк...(а), шеле...(к), арб...(а), сегі...(з), уылдыры...(қ), күнбағы...(с), монш...(а), кіта...(п), журна...(л), үсте...(л), орынды...(қ), баспалда...(қ), мекте...(п), қолға...(п); (а)...лқа, (м)...оншақ, (т)...ауық, (а)...лжапқыш, (б)...ояу, (ж)...олбарыс, (а)...рыстан, (ж)...ылқы, (б)...алық,* | Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады.<br>Ертегі не туралы?<br>**Түсіну деңгейі:** Жаңа сөздермен таныстыру.<br>Мынау – сатушы.<br>Са-ту-шы.<br>Мынау кім?<br>Мынау – сатушы.<br>Сатушы нан сатады.<br>Сатушы не істейді?<br>Сатушы нан сатады.<br>Мынау наубайшы.<br>Нау – бай - шы.<br>Мынау кім?<br>Мынау – наубайшы.<br>Наубайшы нан пісіреді.<br>Наубайшы не пісіреді?<br>Наубайшы нан пісіреді.<br>Мынау – бидай.<br>Мынау не?<br>Мынау – бидай.<br>Мынау – диірменші.<br>Мынау кім?<br>Мынау – диірменші.<br>Диірменші бидайдан ұн жасайды.<br>Диірменші бидайдан не жасайды?<br>Диірменші бидайдан ұн жасайды.<br>Мынау – ұн.<br>Мынау не?<br>Мынау – ұн.<br>Мынау – егінші.<br>Мынау кім?<br>Мынау – егінші.<br>Егінші егін егеді.<br>Егінші не істейді?<br>Егінші егін егеді.<br>Сөздерді балалар жеке, хормен дұрыс айтып жаттығады.<br>Педагог і дыбысының дұрыс айтылуына назар | **сұрайды.** Әліппедәптердегі тапсырманы пайдалана отырып, балаларды мәселені іздеу, зерттеу үдерісіне бағыттайды: Әліппе-дәптердегі суреттерді қарап шығып, танымдық материалды талқылауға қатысуға шақырады. Суреттерді қарап шығады. Әуе шарларының бейнеленгенін, олардың түстерін атап береді және неліктен «әуе шары» атанғанын түсіндіреді. Өйткені шардың ішінде ауа бар. Ауа шардың ішіне қалай түсті? Үрлеген кезде. Далада жел соғып тұрғанын қалай білуге болады? Жел – тез жылжитын ауа ағымы. Дәптердегі кейіпкерлер – Қуаныш немесе Айсұлудың сұрақтарына жауап береді..<br>Далада жел соғып тұрғанын ағаш бұтақтарының қозғалуына, су бетіндегі қозғалысқа, аспандағы бұлттардың көшуіне (қыста – боран, бұрқасын) қарап білуге болады**.**<br>**Түсіну деңгейі: Күрделі сұрақ: ауа кімдерге керек?**<br>Балалар ауаның адамдарға да, жануарлар мен өсімдіктерге де тіршілік ету үшін өте қажеттігін дәлелдейді. Ауа таза болуы үшін не істеу керектігі туралы болжамдарын айтады (ағаш егу қажет, терезелерді ашып, бөлмелердің ауасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Орнымыздан тұрайық,<br>Қолымызды созайық.<br>Бойымызды жазайық,<br>Алақанды соғайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып алайық.<br>**«Сиқырлы қаламмен» жұмыс: Тағамдар**<br>**Ойын: «Дұрыс ата».**<br>Тағамдарды атайды, қаламмен тексереді.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Ұлттық тағамдарды ата.<br>Суреттен ұлттық тағамдарды тап. Оларды үстел үстіне сызып көрсет.<br>Сен не жедің? Не іштің?<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Балалар сөйлем құрайды.<br>*Мен бауырсақ жедім.*<br>*Мен қымыз іштім.* | | *(т)...өсбелгіт.б.*<br>**Түсіну деңгейі:** «Дұрыс көрсет»<br>дидактикалық ойыны<br>–Балалар, мен сендерге қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетініне мысал келтіремін. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалаушаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, ортасында тұрса,  екі жалаушаны да көтересіңдер.<br>Мысалы:<br>**-қ дыбысы:** (*қасқыр, қамыс, асқабақ, бақ, мақта, қымбат, ақылды, барлық, бақа, балық, қаймақ, қант, лақ, қылыш, қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, аққу, таңқурай, домалақ, кемпірқосақ, қаз, жастық, батпақ, қымыз, қаңылтыр, құймақ, қоңыр, қол, қорап, тоқ т.б.)*<br>**-т дыбысы:***(тор, тоқылдақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, торсық, от, тотықұс,  кептер, трактор, темір, терең, кактус, шахмат, тау, тазы, трамвай, троллейбус, автобус, тарақ, тонт.б.)*<br>Сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құрылатынын білеміз.<br>**Қолдану деңгейі: Сызбамен жұмыс** | аударады: диірменші, егінші.<br>**Қолдану деңгейі: Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады) І-і-і-і – егінші – егінші<br>І-і-і-і – диірменші – диірменші.<br>Сұрақтар қою арқылы балаларға ертегі мазмұнын қайталату.<br>– Тышқан қайда келді?<br>Ол не көрді?<br>– Тышқан не деді?<br>– Сатушы, нан қайдан келді?<br>– Наубайшыдан сұра.<br>– Наубайшы, наубайшы, нан қайдан келді?<br>Балалар педагогтің көмегімен кейіпкерлер сөзін кезекпен мәнерлеп, диалог құрып қайталайды.<br>– Егінші қандай адам?<br>(Егінші – еңбекшіл, еңбекқор адам).<br>– Тышқан қандай?<br>(Тышқан жалқау).<br>**Қанатты сөз.**<br>Ас атасы – нан,<br>Нан атасы – дән.<br>– Қандай тыйым сөз білесіңдер?<br>– Нанды баспа, ақты төкпе.<br>**Сергіту сәті**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолымызды созайық.<br>Бойымызды жазайық,<br>Алақанды соғайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br> Біз тынығып алайық.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар. | жаңартып тұру керек, қоқыс тастамау қажет, көліктер мен зауыт-фабрикалардан шығатын зиянды газдарды азайту керек).<br>**Қолдану деңгейі:** Топтағы тәрбиеленушілерді тәжірибеалдық жұмыстарға тарта отырып, тану үдерісін ұйымдастырады.<br>Адамдардың ішінде ауа бар-жоғын зерттеуге шақырады. Балалар әліппедәптердегі суретті негізге ала отырып тәжірибе жасайды. Әр баланың алдында стақан мен түтікше тұр. Балалар түтікшені суға салып үрлейді, көпіршік шығады. Көпіршіктер дегеніміз – біздің ішіміздегі ауа. Біз түтікшені үрлеген кезде ішіміздегі ауа көпіршік болып шығады. Бірақ, тағы да үрлеу үшін біз тағы да ауа жұтып аламыз. Содан соң түтікшені үрлеген кезде, суда көпіршіктер пайда болады. Полиэтилен қалташаны аламыз. Ішінде ештеңе жоқ, бос. Оны бірнеше рет бүктейды. Бос. Содан соң ішіне ауа толтырып,  айналдырады. Қалтамызға не болды? Шынымен де, ішіне ауа толтырылған қалтаның пішіні өзгеріп шыға келді. Ол неге ұқсайды? Енді қалтаны шешіп, ішіндегі ауаны шығарамыз. Ол қайтадан босап қалды. Не өзгерді? Себебі, қалта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз.<br>Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Педагог тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақашықтық қалдырылады. Соңынан нүкте қойылады.<br>Балалардан түсінгендерін сұрау.<br>1.Сөз  неден жасалады?<br>2.Сөздің сызбасы немен белгіленеді?<br>3.Сөйлем  сызбасы қалай сызылады?<br>4. Дыбыс сызбасы  немен белгіленеді?<br>**«Сөйлемді толықтыр»** дидактикалық ойыны<br>**Ойын шарты:** балалар педагогтің  бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек.<br>Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық).<br>Тышқанның жауы – (мысық).<br>Әжем иірді – (ұршық).<br>Шәуілдеп үрді – (күшік).<br>Ең қу аң – (түлкі).<br>Үсті ине  – (кірпі).<br>Қол жуғышта ілулі – (сүлгі).<br>**Дыбыстық талдау «Әтеш»** сөзінің дыбыстық сызбасын іліп, | (Ө. Тұрманжанов)<br>Тақпақ не туралы? Педагог тақпақтың мазмұнын балалармен бірге талқылайды.<br>Қандай таныс сөздер бар? Балалар таныс сөздерді атайды: нан, жер, торғайлар.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1. Нан дастарқанға қалай келеді? Суреттерді ретімен белгіле. 2.Атауында «І» дыбысы бар суреттерді ата. Белгіле.<br>**Жеке жұмыс жүргізеді.**<br>**Дидактикалық ойын: «Мен 5 тағам білемін».**<br>Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, ойлауға дағдыландыру.<br> Шарты: Допты жерге ұрған сайын бір сөз айтады. Балалар білетін тағамдарын айтады. | қайтадан босады. Балалар осыған қатысты пікірлерін білдіреді. Ауаны көзбен көруге бола ма деген сұрақтың жауабын табу мақсатында тәжірибе жұмысын ұйымдастырады. Талқылайды, тіршілік ету үшін ауа өте қажет деген қорытынды жасайды. Балаларды ауаны сезінуге шақырады.Парақты алып, оны жиырады. Бетіне апарып, желпиді. Жеңіл, салқын ауа сезіледі.<br>**Сергіту сәті :**<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.**<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу.<br>Қатты, қатты жел соқты гу-гу.<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду.<br>«Ауаның дыбысын ненің арқасында естуге болады?» деген сұрақ қояды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | балаларға өз орындарында отырып, дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Педагог тақтаға балалардың жұмысын тексеру үшін, бір баланы шығарады. Балалар тақтадағы дыбыстық талдау мен өздерінің дыбыстық талдауларын тексереді.<br>***«Әтеш»*** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>**Ә** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Т** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз,<br>**Е** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ш** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Сергіту сәті**<br>Шелекті аламыз,<br>Құдыққа саламыз.<br>Иіліп еңкейіп,<br>Су тартып аламыз.<br>Толтырып шелекті,<br>Қайтадан тартамыз.<br>Демалып асықпай,<br>Ауылға қайтамыз.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Бір, екі, үш,<br>Кәне жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық. | | |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Тымақ ұру»**

**Басты міндеттері: Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету,қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.**

<table>
<tr>
<td colspan="3"></td>
<td colspan="3">**Аз қимылды ойын.**<br>**Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Тымақ ұру»**<br>**Ойын міндеттері:** Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқау:** “Тымақ ұру” ойыны үшін газеттен жасалған “тымақ” та жарай береді. Оған қоса биіктігі бір метрдей қада, белбеу мен орамал қажет. Қаданы мәреден 20 қадамдай жерге қағып, соның басына тымақ кигізіледі. Ойыншының көзі орамалмен байланып, қолына белбеу ұстатылып, мәреден жіберіледі. Ол көзі ашық кезде көрген зердесіне сүйене отырып қазықты тауып, белбеумен соның басына кигізілген бас киімді ұрып түсіруі керек.<br>**Ойын шарты:**<br>Ойын жазық кең алаңда ойналады. Ойынға қатынасушылар екі жарым метрдей таяқты жерге қадайды да, оның басына тымақ, не малақайды іліп қояды.<br>Ортаға бір ойыншы шығады. Оған таяқтың басында ілулі тұрған тымақты (не малақайды) көрсетеді де орамалмен көзін көрмейтіндей етіп мықтап байлайды.<br>Ойын кезектесіп жүргізіле береді. Тымақты ұрып түсіре алмағандар айып тартады.<br>Олар айыптарына ән, тақпақ орындап, аяғы ойын-сауыққа айналады</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30**</td>
</tr>
<tr>
<td>**Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)**</td>
<td>**4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Желді қуып жет!<br>(таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-екі аяқпен алға секіріп жүруді;Екі аяқпен теп-теңдікті сақтап секіруді үйрету.<br>**Дағды:**<br>-құбылмалы жағдайларға байланысты әрекет етуде түрлі тактикаларды қолданып, қимыл еркіндігінің деңгейін арттыру дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** шаңғымен сүйем қадам жасап жүру, шаңғымен сырғытып жүру.<br>**Түсінеді:** денені жинап алу, жұмырлану астынан өтетін баудың ілiну биіктігіне</td>
<td>**4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ана – өмір шырағы.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық<br>бере отырып ойнау;<br>-анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге</td>
<td>**4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жайлаудағы ойындар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен үздіксіз жүруді. Доппен жасалатын жаттығуларды үйрету.<br>**Дағды**: Фитболды түрлі бағыттарда алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемей итеріп жүргізу, ұсақ моториканы, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге дағдылануға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** фитболмен</td>
<td>**4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ана – өмір шырағы.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау;<br>-анаға сүйіспеншілігін</td>
<td>**4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Арқанмен ойнау шынықтырады.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-арқанмен жасалатын дене қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.Белгілі бір белгіге көтерілген арқанның астынан қте білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Фитболды түрлі бағыттарда алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемей серпіп жүргізуге, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге, айналып тұрған арқанмен бүкіл зейінін қойып жаттығуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** остеопатиялық жаттығулар, денені артқа</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланысты екендігі, жаттығуларды орындағанда қауіпсіздікті сақтау, кеңістікті мөлшерлегенде өзгелердің мүддесін ұмытпау керектігін.<br>**Қолданады:** жүріп келе жатып аяқтарын аздап бүгіп, бар салмақты алға шығарылған аяққа түсіре білу, кеңістікті бағдарлау дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Сапқа және тізбекке бір-бірден тұрады, тізбекпен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; тоқтамастан баяу қарқынмен жүгіру (1,5 минут).<br>Тыныс алу жаттығуы<br>«Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз» – қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру – тыныс алу.<br>«Күннен-күнге бойымыз өсіп барады» – қолды төмен түсіріп, барлық табанмен еденге түсу<br>– дем шығару.<br>Сап түзеп залдың бір шетінен қарама-қарсы жаққа жүру.<br>Екі-екіден тізбекке, сапқа тұрады, қарама-қарсы жаққа жүреді, жүгіреді, адымдарын байқап басады, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.<br>**Түсіну деңгейі:** Жаттығуды орындағанда әуеде бейнелеуге саусақпен жүргізіп, сурет салып | тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Ақ әжем» (К. Қуатбаев)<br>***Ән айту:***<br>«Әже тілегі»<br>(Т. Қоңыратбай)<br>«Екеуміз әйбат баламыз»<br>(И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Сағат» (Е. Андосов)<br>**Билер:**<br>«Полька» эстон халық биі<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Қоянды ұстаңдар»<br>(К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>**«**Янка» беларусь халық биі<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды,<br>музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Түсінеді:** әннің мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:** таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Ленталармен жаттығу»<br>(В. Моцарт). Балалар шеңбер бойында, қолдарына лента ұстап, сол | жаттығуды,<br>**Түсінеді:** «жайлау» жазғы тұрақ, арқандардың астынан өту, үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білудің маңызы, таза ауаның денсаулық пайдасын.<br>**Қолданады:** бірден-екіден тізбекке қайта сап түзеп тұру, фитболды алып жүру, итеріліп аяқпен екпін алу мен уақытылы қол сермеу, түрлі қимылдарда тепе-теңдікті сақтай алу дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Сезімдік ойын: «Табиғаттың төрт құдіреті»<br>Жайлаудағы ойындар мен шопандардың, жылқышылардың шаруасы жайлы әңгімелерді жалғастыру. Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» десе, қолдарын төмен түсіреді, егер «су» десе, қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» десе, құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе, қолдарын созып алай-дүлей айналдыра бастайды.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар залда бытырап жүреді. | арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Ақ әжем» (К. Қуатбаев)<br>***Ән айту:***<br>«Әже тілегі»<br>(Т. Қоңыратбай)<br>«Екеуміз әйбат баламыз»<br>(И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Сағат» (Е. Андосов)<br>**Билер:**<br>«Полька» эстон халық биі<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Қоянды ұстаңдар»<br>(К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>**«**Янка» беларусь халық биі<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Түсінеді:** әннің мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:** таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Ленталармен жаттығу»<br>В. Моцарт). Балалар | шалқайтып, тартылып тұрған арқанның астынан өту.<br>**Түсінеді:** ең тиімді қимыл тәсілдерін таңдау, тақтайшадағы жазуларды қимылдарымен үйлестіру, айналдырып тұрған арқаннан, арқанның ең биік нүктедегі шағында, жүгіріп өту; қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Қолданады:** бір-бірден тізбекпен жүру және жүгіру, түрлі жүктемелерде дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды жасау, биіктікке секіру, түрлі қимылдар кезінде тепе-теңдік сақтау дағдаларын қолдану.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Арқанмен жаттығып, бұлшық еттерін нығайту ұсынылады.<br>«Үлкен шеңбер бойына, Жиналыпты достарым. Алдымен солға жүреміз, Сосын оңға жүреміз. Ортасына жиналып, Шыркөбелек айналып, Жымиямыз, күлеміз, Ойын құрып жүреміз!»<br>**Негізгі кезең**<br>Бір тізбекпен жүру, шашырап жүгіру. Алдымен тізбекке белгі бойынша сап құрады; «ине- жіп» ойыны, арқаны алға қаратып 4 м жүру.<br>Секіру, секектеу, бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмектесу.<br>Коорданацияны дамыту жаттығулары: «Көз-қол» «Көздерімен атыс» оңға – солға, жоғары – төмен<br>(6 рет).<br>көздерімен сағат тілімен<br>6 шеңбер, сағат тіліне қарсы 6 шеңбер салу.<br>1–9 сандарын көздерімен жазу.<br>Көздерімен көлденең<br>6 сегізді жазу.<br>Көздерімен сағат тілімен<br>6 үшбұрыш, сағат тіліне қарсы 6 үшбұрыш салу.<br>Сағат тілімен көздерімен үшбұрыш, шаршы, шеңбер салу, сағат тіліне қарсы сол фигураларды салу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Желпуіш саламыз»<br>Шаңғының ұшын<br>180 айнала қозғалып, бұрылады.<br>«Тоннель».<br>Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек.<br>Балалардың қажетті арақашықтықты, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ақшақарлар мен тентек жел» (тыныс алу гимнастикасын орындау)<br>Балалар екі топқа бөлінеді.<br>«Ақшақарлар» аяғының ұшымен билеп, айнала | лентал армен музыкаға ілесіп қимылдар жасайды, екі қолды кезек кезек көтеріп, бастан жоғары ұстап, айналады.<br>Балалармен ана туралы әңгіме өткізу, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұхбаттасу.<br>Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың суреттерін көрсетіп, әңгіме құрастыру.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Музыка тыңдау:*** «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева).<br>Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау.<br>Музыканың көңіл күйі, сипаты қандай?<br>Музыка тыңдап отырып сендер ана туралы не ойладыңдар?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын орындатып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Анашым»<br>(Е. Хасанғалиев).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Әнді тыңдағанда қандай әсерде болдыңдар?<br>Әннің көңіл күйі қандай?<br>Ән сендерге ұнады ма, несімен ұнады? Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру.<br>«Әже тілегі» | Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер<br>«жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды.<br>Фитболмен орындалатын арқа омыртқасын түзету жалпы жаттығуларын орындау. Ешқандай жаттығу балалардың еш жеріне ауыртпашылық немесе ыңғайсыздық тудырмау керек.<br>Шұғыл шапшаң қимылдар мен мойын, бел омыртқаларын айналдырудан, көп мөлшердегі жүктемеден абай болу керек.<br>Доптың үстінде жатып жаттығуларды орындағанда қимылдың баяу болуын, дұрыс тыныс алуды, етпетінен жатып, арқасымен допта жатып жаттығу орындағанда бас пен арқа омыртқасын бір түзудің бойында ұстап, түзетуін қадағалаған абзал.<br>Бастапқы қалып: фитболға ішпен жатып, сырғанау (денені толқындатып, созылып қимылдау).<br>Допқа арқасымен жатып алып, иіліп, созылып, | шеңбер бойында, қолдарына лента ұстап, сол ленталармен музыкаға ілесіп қимылдар жасайды, екі қолды кезек кезек көтеріп, бастан жоғары ұстап, айналады.<br>Балалармен ана туралы әңгіме өткізу, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұхбаттасу.<br>Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың суреттерін көрсетіп, әңгіме құрастыру.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Музыка тыңдау:*** «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева).<br>Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау.<br>Музыканың көңіл күйі, сипаты қандай?<br>Музыка тыңдап отырып сендер ана туралы не ойладыңдар?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын орындатып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Анашым»<br>(Е. Хасанғалиев).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Әнді тыңдағанда қандай әсерде болдыңдар?<br>Әннің көңіл күйі қандай?<br>Ән сендерге ұнады ма, несімен ұнады? Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Өткен оқу қызметінде үйренген әнді | орында тұрып секіріп айналу. Оң аяқ пен сол аяқты алмастырып секіреді. Сандарынан аяқты 90°-қа көтереді.<br>Әртүрлі екпінде үзіліссіз жүгіру. (1,5 минут) Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>Қолдарын еркін жіберіп, қажет ырғақты сақтап жүру, жүгіруге тырысады.<br>Фигуралар жасап жүреді.<br>Өз қозғалысын басқа балалармен үйлестіруге тырысады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Остеопатиялық жаттығулар.<br>Жаттығуларды баяу үйлестіріп қажетті екпінде жасайды.<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей қойып тұру.<br>Оң қолды алдына созып, аздап бүгеді. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынын мүмкіндігінше сол иыққа жақындатады. 10–15 секунд қайталап орындайды.<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру.<br>Қолдарын шынтақта бүкпей,10–15 секунд орындайды.<br>Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей ашып қойып тұру, қолдарын жоғары көтеріп, оң қолын шынтақтан бүгіп, қол басын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшып жүреді. «Тентек желдер» дем алады. Педагог: «Жел тұрды!» – дегенде «тентек желдер» шығып, «ш-ш-ш-ш-ш» деп оларды ұшыра бастайды. «Ақшақарлар» қашып, жата қалады, тығылады. | (Т. Қоңыратбай), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. **Қолдану деңгейі:** ***Билер:*** «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай). Қыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады. Қыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап, Бір қатарға тізіліп, тізерлеп отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды, «сабау сабап» отырған қимылды көрсетеді. Таяқшаны жерге қойып, алақандарымен еденді шапалақтайды, Жүнді жөндеп қойып жатқан қимылды көрсетеді. Таяқтың біреуін алып, қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек-кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады. Орындарынан тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді. «Полька» эстон халық биі. Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Әуенге ілесе мәнерлі орындауға дағдылану. ***Ойындар, хороводтар:*** «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды. ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Күншуақ» | допты домалатып, допқа жатудан отыруға көшу. Бастапқы қалып – допта ішпен жатып қолмен жүру. Бастапқы қалып: ішпен доптың үстінде жатып, аяғымен жерге тіреліп, қолдарын жоғары көтеріп, денені артқа қайқайту. Көтерілгенде демін ішке алу, қайта түскенде демін шығару. Бастапқы қалып: допқа арқасымен жатып, алдыға еңкейіп, қайта отыру. Бастапқы қалып: допқа қолын жоғары көтеріп, бір бүйірімен ұстанып қалуға тырысу. Допты шалқалап жатып аяқтырымен қысып, тербелту, айналдыру, жоғары көтеру. 5-6 рет қайталау. Фитболды түрлі бағыттарға сырғанату. Музыка әуенімен фитболды, басқаларды қағып кетпей, түрлі бағытта алып жүреді. Музыка тоқтағанда барлығы орнында тоқтап, қатып қалады. **Қолдану деңгейі:** Түрлі биіктіктегі арқандардан секіру. Әр арқанға сай екпін алу, аяқпен тірелу және қолдарын уақытылы сермеп секіру. Бірінен соң бірі қажетті арақашықтықты сақтай отырып, секіреді. Осы уақытқа дейін білген- | еске түсіру. «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай), ән сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. **Қолдану деңгейі:** ***Билер:*** «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай). Қыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады. Қыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап, Бір қатарға тізіліп, тізерлеп отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды, «сабау сабап» отырған қимылды көрсетеді. Таяқшаны жерге қойып, алақандарымен еденді шапалақтайды, Жүнді жөндеп қойып жатқан қимылды көрсетеді. Таяқтың біреуін алып, қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек-кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады. Орындарынан тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді. «Полька» эстон халық биі. Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Әуенге ілесе мәнерлі орындауға дағдылану. ***Ойындар, хороводтар:*** «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. | мойынның артына қойып, сол қолмен оң қолдың шынтағынан ұстап, солға қарай бірнеше рет тарту. Сосын қолдарын ауыстырып, жаттығуды жалғастырады. «Жаңылысқан ұтылады» «Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады. Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау. Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау. **Қолдану деңгейі:** айналмалы жаттығуалар «Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру. Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау. «Ең шапшаң» – айналдырып тұрған арқаннан жүгіріп өту. Айналдырып тұрған арқаннан арқанның ең биік нүктеден өтер шағында жүгіріп өтіп үлгеруі керек. Айналып жүгіріп келіп, тізбекке тұра қалады. Бір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (Е. Құсайынов).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды. | үйренгендерін қолданады. Әр арқанға өз екпінін таңдап алады. Қажет болса, орнынан итеріліп секіріп өтеді.<br>40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту.<br>Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады.<br>Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін таңдай отырып, барлық білім-біліктерін қолдануға тырысады.<br>Арқанды іліп кетпес үшін өз қимылын қадағалап, мүмкіндігінше жұмырланады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарсыласыңды көтер»<br>Балалар бір-біріне қарама-қарсы отырады. Түзу қолдарына гимнастикалық таяқшаны ұстап, табанымен тіреледі. Белгі бойынша, әр ойыншы таяқты өзіне тартып, қарсыласын орнынан жұлып алуға тырысады.<br>Қарсыласын жұлып тұрғызған бала жеңеді.<br>Таяқты жоғары көтеріп, жан-жаққа сермеуге болмайды. | Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Күншуақ» (Е. Құсайынов).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды. | біріне кедергі жасамауға тырысады.<br>«Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады.<br>Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді. Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқаннан секіру»**<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады.<br>Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады.<br>Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді.<br>**Сезімдік ойын: «Тыныста, ойлан»**<br>Әрқашан, тіпті қобалжысаң да терең, бірқалыпты тыныс алуға тырыс.<br>Көзіңді жұм.Терең тыныс ал, іштей қайтала: дем алу мен дем шығаруды дұрыс алмастыруға тырыс. «Мен құспын» – дем шығару, дем алу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | «Мен  тастаймын» – дем шығару, дем алу.<br>«Мен гүлмін» – дем шығару, дем алу.<br>«Мен сабырлымын» – дем шығару, дем алу. Сен шынымен сабырлысың!<br>Дем алу, дем шығаруды алмастырып орындайды. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Ақпан**<br>**Серуен кешені № 3**<br>**Аязды күнді бақылау.**<br>**Міндеттері:**Аяз туралы түсінік бере отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру. Жұқпалы аурулардың микробтарын өлтіруге аяздың қосар үлесі зор екендігін айту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркемсөз**<br>Аққу мамық ұлпа қар,<br>Жамылады қырқалар.<br>Шымшып аяз бетіңді,<br>Ширатады етіңді.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Қар лақтыру».**<br>Балалардың ойынға ынтасын арттыру.<br>**Еңбек:** Ауладағы қарды жинау.<br>***Жеке жұмыс:***<br>Аяз туралы жұмбақ жаттату.<br>Қолы жоқ, сурет салады.<br>Тісі жоқ, тістеп алады.(Аяз) | **Ақпан**<br>**Серуен кешені № 4**<br>**Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.**<br>**Міндеттері:**  Балаларға ауа райының  жағдайын байқап, белгілеуді  ұсыну. Қатты желге  назар аудару. Қатты жел әсіресе  ақпан айында жиі болады,<br>ұйтқыған  боран мен бұрқасын борандарда қар бір жердең бір жерге жөңкіліп жүреді.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз:**<br>Қыстсың кенже баласы ақпанбысың,<br>Аспан астың ораған ақ ьқармысың.<br>Алай-түлей бораның, язында,<br>Әппағым-ау аз –аздан шақтармысың?!<br>**Қимылды ойын:** «Үшінші артық»<br>Мақсаты:Шапшандыққа баулу.<br>**Еңбек:**Ауланы қардан тазалау.<br>Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:** Денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс | **Ақпан**<br>**Серуен кешені № 5**<br>**Қарды бақылау**<br>**Міндеттері**: Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Қыс»***<br>***Қ. Жұмағалиев***<br>*Қысым-ақ, қысым-ақ,*<br>*Жібердің қысып-ақ.*<br>*Қалмаспыз біз деген,*<br>*Боранға ұшырап.*<br>*Аппақ қар жауа бер,*<br>*Риза ғой саған ел.*<br>*Боратты-ау бораным,*<br>*Қайратын қарай көр.*<br>*Біз батыл баламыз,*<br>*Жылы үй, қорамыз.*<br>*Ақ ұлпа қарыңнан,*<br>*Аққала соғамыз.*<br>**Халықта мынадай болжам бар:** қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы | **Ақпан**<br>**Серуен  кешені № 6**<br>**Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау**<br>**Міндеттері:**<br>—	Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту,<br>—	Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады**<br>Бұл неткен күшті тазалаушы еді,<br>Үйілген қарды<br>Әп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина)<br>Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады.<br>♦	Олар неден жасалған? (темір сымдардан)<br>♦	Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті) | **Ақпан**<br>**Серуен  кешені № 7**<br>**Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**<br>**Міндеттері**:<br>—	Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;<br>—	Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>**Көркем сөз:**<br>Құстар менің достарым,<br>Жемін, суын керекгін,<br>Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін<br>Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін<br>Шаттық әнге салады.<br>♦	Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>♦	Олар қайда тіршілік етеді?<br>♦	Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?<br>♦	Оларды кім қоректендіреді?<br>♦	Көгершіндер қайда мекендейді?<br>♦	 Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық  құсы деп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | білу.<br>**Жаңылпаштар:**<br>Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ....<br>Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па? | желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦қыстың соңғы айы?<br>♦қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?<br>♦қарқатқақ қалай пайда болады?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Мектеп ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге?<br>**Еңбек**<br>Қар тазалау.<br>*Мақсаты:күнделікті жүріп жүрген жолды тазалауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Боран-боран»<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Кім алысқа қар лақтыра алады? | ♦ Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар)<br>♦ Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады)<br>♦ Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды)<br>♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру<br>**Еңбек** Алаңды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру<br>*Мақсаты:*<br>— Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету;<br>— Еңбек дағдыларына тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Аңшылар мен аңдар»<br>***Мақсаты:***<br>— Қозғалыс дағдыларын бекіту;<br>— Батылдықтары менептіліктерін дамыту.<br>**Жаттығу ойындары**<br>«Көпірден өт».<br>***Мақсаты****:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру<br>***Халық болжамы:***<br>***Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады*** | саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br>**Еңбек:**<br>Мектеп аумағына жем салғыш ілу<br>*Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшады, секіреді, жүзеді».<br>*Мақсаты:*<br>—- балаларды жүкіруге үйрету;<br>— зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау<br>**Жаттығу ойындары:**<br>«Қаданы (кегли) құлат».<br>*Мақсаты:*<br>— Допты нысанаға лақтыру;<br>— Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту.<br>**Халық болжамы:**<br>***-құс жүнін үрпитсе, жауын болады;***<br>***-жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;***<br>***-құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Мақсаты:** белгіленгшен жерге дейін қар лақтыру.<br>**Халық болжамы:**<br>**Қар көп болса, нан мол болады.** | | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Оралхан Жігер<br>Сәулетбек Нұрәли<br>Берікұлы Арнұр<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>«Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз» – қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру – тыныс алу.<br>«Күннен-күнге бойымыз өсіп барады» – қолды төмен түсіріп, барлық табанмен еденге түсу<br>– дем шығару.<br>Коорданацияны дамыту жаттығулары: «Көз-қол» «Көздерімен атыс» оңға – солға, жоғары – төмен<br>(6 рет).<br>көздерімен сағат тілімен<br>6 шеңбер, сағат тіліне қарсы<br>6 шеңбер салу.<br>1–9 сандарын көздерімен жазу.<br>Көздерімен көлденең<br>6 сегізді жазу.<br>Көздерімен сағат тілімен<br>6 үшбұрыш, сағат тіліне қарсы 6 үшбұрыш салу.<br>Сағат тілімен көздерімен үшбұрыш, шаршы, шеңбер салу, сағат тіліне қарсы сол фигураларды салу. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере мен Ермекова Айбике<br>Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; санау білігін бекіту. | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Қалиолла Асылым<br>Мұратқажы Жанэль<br>Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. | **Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Сөздер буыннан тұрады, сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсініктерін жинақтау.<br>Сағат, доп, айна, кітап, үстел, орындық, кілем, сөре, сүлгі, ойыншықтар.<br>Балалар қолдарын шапалақтау арқылы педагогпен бірге бөледі, неше буыннан тұратынын анықтайды.<br>О-йын-шық-тар. | **Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Сәулетбек Нұрәли<br>Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. |
| **Балалардың дербес** | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** | **Танымдық-қимылды** | **Дидактикалық ойын:** | **Дидактикалық ойын:** | **Танымдық-қимылды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | «Тыныста, ойлан»<br>**Міндеттері:** Фитболды түрлі бағыттарда алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемей серпіп жүргізуге, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге, айналып тұрған арқанмен бүкіл зейінін қойып жаттығуға дағдыландыру.<br>**Дағды:** Аналитикалық ойлауын, қимыл дағдыларын қолдана білуін, ептілік пен күштілігін, төзімділігін дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Әрқашан, тіпті қобалжысаң да терең, бірқалыпты тыныс алуға тырыс.<br>Көзіңді жұм. Терең тыныс ал, іштей қайтала: дем алу мен дем шығаруды дұрыс алмастыруға тырыс. «Мен құспын» – дем шығару, дем алу.<br>«Мен тастаймын» – дем шығару, дем алу.<br>«Мен гүлмін» – дем шығару, дем алу.<br>«Мен сабырлымын» – дем шығару, дем алу. Сен шынымен сабырлысың!<br>Дем алу, дем шығаруды алмастырып орындайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқаннан секіру»**<br>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады. | **ойын**<br>**Дидактикалық ойын: «Қармақ»**<br>**Міндет:** талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды,<br>құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 5 балық және күлгін түсті 3 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды.<br>-Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме?<br>-Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді. Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады. | **Міндеттері:**<br>«Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Ойынның шарты:**<br>«Сөз айт, тез айт»дидактикалық ойыны Педагог балаларды үш топқа бөледі. Бірінші топқа дауысты дыбыстардан басталатын сөздер, екінші топқа қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын, үшінші топқа ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Сөз айтқан командаға педагог жалауша беріп отырады. Ойын соңында жеңімпаз команда анықталады.<br>Мысалы: дауысты дыбыстардан басталатын сөздер: *алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт,ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекші, өшіргіш, уық, уыз т.б.*<br>Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: *қаймақ, қалта, қазан, қоңыз, қора, қап, қатық, құй, қасқыр, қоқыс, таң, ферма, шаш, сабын, хат, циркуль, щетка, картоп, парта, сағыз т.б.*<br>Ұяң және үнді | «Ойлап,тап!»<br>**Міндеттері:** Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.<br>**Дағды:** Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады.<br>мысалы: ал–<br>Кір– | **ойын:** «Жер,су,ауа»<br>**Міндеттері**: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>**Ойын шарты**: Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып «Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br>Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады. «Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «от» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді. | | дыбыстардан басталатын сөздер: *бақа, вагон, гараж, ғарыш, доп, жаңбыр, зәкір, лақ, мақта, нағашы, радио, суық, гүл, балық, май, литр, жұлдызқұрт, жұдырық, жұмыртқа, дақ, Дана т.б.*<br>«Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны<br>– Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар. | | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**.<br>**12:25-12:30** | **Ата –аналарға кеңес:**<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану,( өз жұмысы әжетханаға) сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт.Ауысымдық аяқ – киім баламен бірге болуы.<br>Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Көңіл күйіңіз болмай тұрған кезде ешқашан да бала тәрбиесімен айналыспаңыз. Өз балаңызбен тығыз қарым-қатынас орнатуға тек қана Сіздің көтеріңкі көңіл күйіңіз, оң көзқарасыңыз ғана әсер етеді.<br>Тәрбие сатылы деңгейде жүргізілгені дұрыс. Әр биікке өз уақытында, біртіндеп көтеріліп отырған дұрыс.<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.Балаңызды тыңдауды үйреніңіз.Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана | **Ата-анаға кеңес:**<br>Есіңізде болса, балаға үш негізгі қасиетті дарытуға міндеттісіз: шешім шығару, құрмет, жауапкершілік. Қандай жағдай болса да, еңсесін тік ұстайтын, жан-қоршаған адамдарына құрметпен қарайтын және өз қадамдары үшін жауап бере алатын адамдар көп жағдайда табысқа жететіні белгілі. | **Ата-анаға кеңес:**<br>Бір мезетте қатал да мейірімді бола біліңіз. Егер сіз балаңызға деген ыстық ықыласыңызды үнемі білдіре отырып, тек керек уақытында ғана ұрсатын болсаңыз, онда бұл сіздің тәрбиеңіз барысында міндетті түрде жемісін береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шешім қабылдауды үйрену керек. | | |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 19.02.24 | Сейсенбі 20.02.24 | Сәрсенбі 21.02.24 | Бейсенбі 22.02.24 | Жұма 23.02.24 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Математика негіздері** – ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Математика негіздері»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары:** **«**Ойын,зерттеу танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Қазақтың ұлттық ойыны «Арқан тартыс»додекаэдр кубигі - бұл он екі қырлы<br>**Міндеттері:** -жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру;<br>1-ден 10-ға дейін санау, санның құрамын білу,балалардың ой-өрісін | **Мүсіндеу-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті<br>**Құзыреттілік:** «Мүсіндеу»<br>**Коммуникативтік дағдылары:** «Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Ермексаз салаты»<br>**Міндеттері:** "Пластилинография" арқылы ұсақ моториканы дамыту. Балаларды мүсіндеуге деген қызығушылықтарын ояту.<br>**Дағды:** Алақанмен илеп бөліктерге бөліп, қоса білуге дағдыландыру. Ермексаздың | **Сауат ашу негіздері** – коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сауат ашу негіздері»<br>**Коммуникативтік дағдылары:**«Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Сөздің бірінші дыбысын айт,көрсете біл»<br>**Міндеттері:** -дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру;<br>-буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін | **Сөйлеуді дамыту** – коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сөйлеуді дамыту»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Дұрыс па,бұрыс па?»(Мамандық иесі туралы)<br>**Міндеттері:** Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру;<br>-Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып,олардың | **Дене шынықтыру -** коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі іс - әрекет арқылы қимылды ойын.<br>**Құзыреттілік:** «Дене шынықтыру»<br>**Физикалық қасиеттері:** «Коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Мен істей аламын немесе істей алмаймын»<br>**Міндет:** балалардың дене мүшелері туралы білімдерін бекіту, олардың дағдылары мен денесінің физикалық мүмкіндіктеріне балалардың назарын белсендіру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңейту;<br>ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br>**Дағды:** 1-ден 10-ға дейін санды танып,дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: «Арқан тартыс» суреттері, сандар.<br>**Қысқаша сипаттама:** Топқа бөлу.<br>**Үйрету:** Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу, жағына бір –<br>біріне қарама –қарсы тұрғызу.<br>**Меңгеру:** 2. Қарама –қарсы тұрған оқушылар бір –бірінің қолынан ұстап, әр бақталас топ өз жағына қарай бірін – бірі тартады. Кімнің тобы мықтырақ, қай топ өз жағына көп тартып алады, сол топ жеңіске жетеді.<br>**Жетілдіру:** 3. «Арқан тарту» Ойынның ережесі. Арқан тарту. Алаң ортасына көлденең сызық сызылады. Ойынға ортасына қызыл жіп байланған арқан қойылады. Ойынға қатысатын оқушылар өз топтарымен бірге екі жақтан арқанды тартады. Ортадағы көлденең сызықтан қай топ бұрын сүйреп өткізсе , солар жеңіске жетеді.<br>**Қолдану:** 4.**Ауызша** додекаэдр кубигі - бұл он екі | өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру, тегістеу, тарту, әдіс бойынша жаттықтыру ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу.<br>**Қосымша жабдықтар**: Ермексаз,таяқшалар,арнайы пышақ, тақтайшалар, суреттер.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Берілген суреттерге қарап,салат жасау үшін не қажет еске түсіріп жұмыс жасаймыз. Тәрбиеші ермексазды жұқағылып жаюды ұсынады.Жайылған ермексазды бөлу, ермексазды алып алақан әдісі арқылы домалақтап алып,берілген суреттер ішіндегі тор көзге жабыстырып қоямыз.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Жеміс жидектер мен көкөністер туралы жұмбақ жасырып, тақпақ, ән орындау.<br>**Ойынның нұсқаулары:** Жеміс жидектер мен көкөністер ажыратқаннаң соң олардың қимылын, қалай пайдалануға,не үшін айтқызу. (олардын пайдасы туралы айтқызу) Жеміс жидектер мен көкөністер суретін тауып,екінші қатарға сәкестендіру. (жандарына орналастыру)<br>**Тілдік және дене** | дамыту.<br>**Дағды:** -сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту;<br>-сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттеріне қарай дағдыға айналдыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: дыбыстық үлестірме жұмыстар.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>Мен сендерге сурет көрсетем не болмаса сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Әр баланың алдына суреттер қойылады,оның біріншісіне әріптер «Ы», «М», «Қ», «Ұ», «І», «Е», «К», «Ү» ал, екіншісіне сол әріптен басталатын сөздер айтып,көрсетеді. Үстелдегі суреттерге қарап табады.Жұптық жұмыс,парталас отырған көршісімен бірге жұмыс жасайды.II нұсқасы балаларды үш топқа бөледі, бірінші бір топпен содан кейін екінші топпен одан кейін үшінші топпен ойнайды.<br>Мысалы: *ыдыс (ы),маймыл (м),қызанақ (қ), ұлу (ұ), ірімшік(і),* | маңыздылығы туралы білім беру;<br>-Әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.<br>**Дағды:** берілген құралдардан мамандық иесіне тек ғана керек құралын табуға, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу,шығармашылық.<br>**Қосымша жабдықтар**:әр түрлі мамандықтар туралы пазылы суреттер.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Үстел үстіне түрлі сурет қиындыларын құрастырып маман иелерін шығару. (шаштараз, дәрігер, мұғалім, аспаз, құрылысшы, өрт сөндіруші, тәрбиеші, суретші, жол сақшысы,диқаншы,сатушы, тігінші)<br>**Ықтимал күрделендіру:** Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру.<br>- Балалар бағанадан бері сендер көптеген мамандық иелерінің еңбегімен таныстыңдар. Енді өздерің де өскенде кім болғыларың келетінін айтатын кез келді.<br>**Ойынның нұсқаулары:** | балаларды ептілікке, шапшандыққа, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:**Күнделікті өмірде дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қосымша жабдықтар**:Адамның бет-пердесі, сіріңке қорабшасы (шырпы).<br>**Түсініктеме: Сіріңке** – бір жақ ұшына оңай жанатын қоспа жағылған жіңішке ағаш таяқша (шырпы).<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Ойынға барлық балалар саны қатыса алады,сыныпта қанша балалар бар сонша (1-ден 20-ға дейін). Балалар арнайы үстелден үлестірмелі таратпа карточканы өз қалаулары бойынша алады. Жүргізуші балаға гимнастикалық доп береді,сол баланың жұмысы тексеріледі.Үлестірмелі карточкадағы берілген схема бойынша адам бейнесіне сәйкес сіріңке шырпы арқылы суретті құрастырады және ол қимылды қайталап көрсетеді. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның іс-қимыл** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қырлы лақтыру арқылы сандар құрамы бойынша жұмыс.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Ойынға барлық балалар қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (1-ден 10-ға дейін ) бөліп алады да, ойын бастайды. Барлық балаларға 1-ден 10-ға дейін сандар үлестіріп беріледі не болмаса әр бала өзіне керек санды алады,сол санның артында тапсырмалар болады.Мысалы: 2 саны болса оның құрамы 1+1 деп айтып арқанның қасына барады,егер жауап болмаса онда арқанның ұшынан ұстай алмайды.Аталған бала бірінші болып тапсырма орындаса,санның ретімен арқанды тартады, қалған балалар өздерінде бар текшелерді ретімен қояды.Қай топ тапсырмаларды дұрыс орындаса, сол жеңеді.<br>**Ықтимал күрделендіру**:<br>Сандарға байланысты тура және кері санап,санның құрамын айтып беруге ынталандыру.<br>**Ойынның нұсқаулары**:<br>Рубик додекаэдр кубигі - бұл он екі қырлы жұмбақ арқылы ойнайды.<br>Бала аталған сан бойынша орындау керек,үстел-үсті ойыны болғандықтан әр бала тапсырма кезінде мұқият,зерек болу | **қозғалысына арналған жаттығу:**<br>**Дыбыстық жаттығулар**<br>кө-кө-кө-көкөніс<br>міс-міс-міс-жеміс<br>сә-сә-сә-сәбіз<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br><br><br> | *есек(е), көбелек (к), үтік(ү)* т.б.<br>Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Практикалық жұмыс:**<br>- Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар.<br>- Иә, дауысты,дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер.<br>- Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер?<br>- Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды. Ауа өкпеден кедергісіз шығып,үннен ғана тұратын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз.<br>- Дауыссыз дыбыс екенін қайдан білдіңдер?<br>- Өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз.<br>**Ықтимал күрделендіру**:<br>тілдік әріптерге байланысты іс-қимыл арқылы көрсете білу.<br>**Ойынның нұсқаулары**:<br>Балаларға әртүрлі сөздер айтады, Мысалы: -ы- дыбысы сөз басында:<br>*ыдыс, ымырт, ынта, Ықылас, ыстық, ырыс, ылғи, ырылдады т.б.*<br>-ы- сөз ортасында:<br>*маймыл, мамық, жастық, қатық, қымыз, қылыш, қытық, қырғыз, қылқалам, қалжын, қақтығыс,* | Балалар үстел үстіндегі мамандық иелерінің қолданатын құралдарын, аз уақыттың ішінде табулары керек.<br>**Есіңе сақтап ал:**<br>Сын тұрғысынан сұрақтар:<br>1.Мамандық адамға керек пе? (иә)<br>2.Әр мамандықтың ерекшелігі бар ма? (иә)<br>3.Дәрігер балаларды оқытады? (жоқ, мұғалім оқытады?)<br>4.Мұғалім адамдарды емдейді? (жоқ, дәрігер емдейді)<br>5. Шаштараз шаш қимайды? (жоқ, қияды)<br>6.Аспаз тамақ даярламайды? (жоқ, даярлайды)<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Абыройыңды асырған.<br>Бірақ өзі көрінбей,<br>Бізден бойын жасырған.<br>(Мамандық)<br>**Жұмбақтар:**<br>1) Мектептің жүрегі,<br>Білімнің тірегі. (Мұғалім)<br>2) Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл қатты.<br>(Дәрігер)<br>3) Тікті әсем киімді,<br>Дүкенге әкеп ілінді.<br>(Тігінші)<br>4) Зымыранды ерттеген,<br>Ай – жұлдызды зерттеген.<br>(Ғарышкер)<br>5) Тыныштығын Отанның,<br>Күзететін адам кім?<br>(Шекарашы)<br>6) Тәртіп, заңды сақтайды,<br>Ел сенімін ақтайды. | **арқылы жасау нұсқаулары:** Дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау. «Мен істей аламын» немесе «Мен істей алмаймын» дейді. Бала допты ұстап алып, неліктен мұны қалай білетінін (оған не көмектесетінін) немесе мұны қалай істейтінін (үйренуі мүмкін) түсіндіріп, сөйлемді жалғастыруы керек және допты көшбасшыға қайтаруы керек. Мысалы: «Мен жүгіре аламын, өйткені аяғым бар», «Мен ұша алмаймын, өйткені қанатым жоқ».<br>**Жалпы дамыту жаттығулар кешені**<br>**Жұпта орындалатын жаттығулар**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, допты еденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | абзал.Жазылған тапсырманы орындап,реттік санау бойынша дұрыс тұра білу керек мысалы,1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 .<br>**Практикалық зерттеу жұмыс:** Рубик додекаэдр кубигі арқылы<br>1 1+0, 2 1+1 ,3 2+1, 4  2+2 , 5 3+2 ,6 3+3,7 3+4, 8 4+4, 9 4+5, 10 5+5<br>Тура және кері санау:0,1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 10,9,8,7,6,5,4,3,2,1,0<br>**Тарихи түсініктеме:**<br>**Арқан тартыс** ойыны — ұлттық ойын. Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жогарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.<br>Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады.<br>Күн ілгері сызып қойған үш | <br><br> | *құдық, құйрық, мың, жылқы, жалбыз, қарбыз, қауын, қоңыз т.б.*<br>-ү- дыбысы кездесетін сөз: *үтік, үміт,  күл, күшік, түтік, күнделік, күн, күш, күнбағыс, күміс, үміт, үзеңгі, күз, түз, түс, үзінді т.б.*<br>Егер «ы» дыбысы туралы сөздің басында болса онда алақанымызды бір рет шапалақтаймыз,ал енді  «ы» дыбысы сөздің ортасында естілсе ,алақанымызды екі рет шапалақтаймыз болса, «ы» дыбысы сөздің соңында болса онда  екі алақанымызды екі рет шапалақтаймыз.<br>**Тіл ұстарту және тыныс алу жаттығу (іс-қимылмен орындалады).**<br>*Қолға алып шарды,*<br>*Үрлеймін мен былай.*<br>*Уф-ф-ф,уф-фф-ф*<br>*Үрлеймін деп қатты.*<br>*Жарып алдым шарды пааааах...*<br>**Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу**<br>**«Кірпі» жаттығуы**<br>Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)<br>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме жарайма! | (Полиция)<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> | еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, допты еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңға қарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет)<br>6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып  орындау.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі топ тартысқа түседі. Ойыншылардың мақсаты — тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, коллективтік іс-әрекетке тәрбиелейді.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Аяқты алға тіре де,<br>Шірене тарт, шірене.<br>Арқан тартыс ойынында,<br>Күш атасын біле ме?<br>Ақыл, айла керекте,<br>Мықтыларға жоқ өкпе.<br>Қарап тұрмай қанеки,<br>Кел, достарым, көмекке.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> | | **Қосымша жабдықтар**:<br><br> | <br> | <br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br><br><br> | | <br><br><br> | <br> | <br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br><br><br><br> | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың | № 44 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** | № 45 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** | № 46 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** | № 47 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** | № 48 Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Жалпы дамыту жаттығуларын орындау кезіндегі тыныс алу ережелері:**<br>**№6 жаттығулар кешені.**<br>1.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар белдікте. Тыныс алу кезінде сәл артқа қарай шалқайып, дем шығару кезінде алдыға еңкею, бұл ретте иықты түйістіру және қолдарды төмен түсіру.<br>2.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар жамбаста. Тыныс алу және онымен бір уақытта сол аяқпен алдыға адымдау, бас сәл артқа қарай шалқайған, оң аяқ ұшымен тұрып. Дем шығару кезінде аяқты орнына қойып, басты сәл түсіру. Дәл соны оң аяқпен қайталау.<br>3.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдары дене бойымен түсірілген. Терең тыныс алу, сол уақытта қолдарды бастан жоғары көтеріп, сәл артқа қарай шалқаю. Дем шығаруда ілгері еңкейіп, тізені бүкпей, қолдар саусақтарымен жерді ұстауға тырысу.<br>4.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдар белдікте. Тыныс алып, солға бұрылу, аяқтар өз орнында қалады, қолдар жан-жаққа иықтар деңгейіне дейін көтеріледі. Дем шығаруда солға және ілгері иілу, қолдарды артқа қарай қайыру. Келесі тыныс алу | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**№6 жаттығулар кешені.**<br>7.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар белдікте. Алақандарды арқаға салу, бас бармақтарды – ілгері. Денені артқа, алдыға және оңға, солға бүгу, ал түзелу кезінде арқаны қолдармен сәл қысу; иілген кезде дем шығару, ал түзелу кезінде – тыныс алу.<br>8.Б.т.– дәл сондай. Дененің орта бөлігі мен жамбаспен айналма қимылдар жасау. Тыныс алу еркін, кідіріссіз.<br>9.Б.т.– орындыққа арқасына бетті қаратып отыру, арқа түзу, қолдар орындық арқалығына сүйену. Тыныс алу, дем шығаруда иілу, қолдармен бетті ұстау және қарынды қатты тарту.<br>10.Б.т. – тұрып, аяқты бірге, қолдарды арқаға жұдырықты түйіп, қайыру (жұдырықтар бір-біріне түйісіп тұру керек). Ақырын жүру, тыныс алу кезінде өкшеге басып, қолдарды арқамен жоғары көтеріп, басты артқа қарай шалқайту. Дем шығару кезінде аяқты табанға қойып, қолдарды түсіріп, иекті кеудеге түсіру.<br>11.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдары дене бойымен түсірілген. Тыныс алу кезінде артқа қарай шалқаю, солға қарай адымдау (оң аяқ орнында қалады), қолдарды жан-жаққа иық деңгейінде көтеріп ұстау және олармен оңға және солға орташа шеңбер сызу. Дем шығаруда | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**У–ШУ** – қимылдарды нақты орындау мен дұрыс тыныс алуға негізделген арнайы жаттығулар кешені.<br>Бұл жаттығулар – жануарлардың қимылдарын келтіретін, шаруалардың бастапқы қимылдарының жеңілдетілген нұсқасы, олар Қытайда өте танымал болып табылады. Ұсынылған жаттығулар бір-бірінен тәуелсіз және кез келген кезекпен орындала береді.<br>**№1 жаттығулар кешені.**<br>1.**Басты бұру.**<br>Б.т. – аяқты екі жаққа, қол белде, үлкен саусақтары артқа қарай бағытталған.<br>- басты ақырын солға бұру<br>- б.т.<br>- басты ақырын оңға бұру<br>- б.т. – дем шығару<br>**2 Аспанға созылу.**<br>Б.т. – аяқты екі жаққа, қолдар шынтақта бүгілген, жұдырық жұмылған.<br>- қолды жоғарыға созу, алақанды ашу – тыныс алу<br>- б.т. – дем шығару<br>**3.Кеудені керу.**<br>Б.т. – аяқты екі жаққа, қолдар іші тұсында айқасқан, сол қол оң қол алдында.<br>- айқасқан қолды жоғары | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**У–ШУ** – қимылдарды нақты орындау мен дұрыс тыныс алуға негізделген арнайы жаттығулар кешені.<br>**№2 жаттығулар кешені**<br>**1.Балапан ұяны тастайды.** Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою. Қолдар кеуде тұсында білегінен бүгілген, иықалды көлденең, алақандар денеге қаратылған, жоғары бүгілген, саусақтар ашылған.<br>- шынтақтарды шекке дейін ашу – тыныс алу<br>- б.т. – дем шығару. Аяқтың ұшы ілгері6 – 8 рет<br>**2.Тырна қанатын ашады** (жан-жаққа бұрылыстармен).<br>Б.т. – қолды ақырын алдыға көтеру – жоғары – жан-жаққа. Сонымен бір уақытта тізеде бүгілген оң жақ аяқты жоғары көтеру (жамбас еденге параллель) – тыныс алу.<br>- Дем шығару, б.т.<br>- дәл соны екінші аяқпен.<br>**3.Жылан билейді.**<br>Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолды желкеге қойып бекіту, шынтақтар максималды артқа қарай қарату.<br>- бас пен табанды қозғалтпай, бөксемен сағат тіліне қарсы 7 айналма қозғалыс жасау.<br>**4.Қамыс желде шайқалады.**<br>Б.т. – еденде отыру, аяқтар жан-жаққа, аяқтың ұшы | **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**У–ШУ** – қимылдарды нақты орындау мен дұрыс тыныс алуға негізделген арнайы жаттығулар кешені.<br>**№3 жаттығулар кешені**<br>**1.Таң қалды :**<br>Б.т. – аяқты бірге, иықтар қалыпты жағдайда<br>иықты көтеру – тыныс алу<br>б.т. – дем шығару<br>**2.Кобра:**<br>Б.т. – аяқтар сәл жан-жаққа, қолдар белдікте<br>тыныс алу, иықты алдыға итеру, басты төмен<br>тік тұру – дем шығару<br>**3.Мысық:**<br>Б.т. – еденде тізерлеп, алақанмен тұрып<br>белінен бүгілу, басты ілгері созу – жоғары. Осы жағдайда демді тоқтатпай – 5–10 секунд қалу керек.<br>Басты төмен түсіру, арқаны дөңгелету (5–10 секунд). 3-4 бүгілу.<br>**4.Тентек қонжық:**<br>Б.т. – еденде отыру, айқасқан саусақтар тізеге қойылған.<br>арқа еденге тигенге дейін артқа қарай ақырын аунау. Б.т.<br>**5.Ойнақы мәулен:**<br>Б.т. – арқамен жатып, аяқтар созылған, қолдар бос, дене бойымен.<br>Аяқты жоғары көтеру, қолдармен тізені құшақтау арқаны еденнен алмай, тізені бүгу және созу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кезінде тік тұрып, денені оңға қарай бұру, қолдарды жан-жаққа көтеру (иық деңгейінде). Дем шығару кезінде ілгері және оңға иілу, қолдарды артқа қарай қайыру. Кезекті тыныс алу кезінде түзуленіп, қолдарды жоғары көтеру және бір уақытта қолдарды түсірумен байыпты дем шығару.<br>5.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар дене бойымен түсірілген. Шағын тыныс алып, баяу дем шығару, басты кеудеге түсіру, иықты ілгері түйістіру, қолдармен тізені ұстау, төмен қарау. Дем шығаруда басты көтеру, иықты керу, қолдарды жан-жаққа иық деңгейінде көтеру, жоғары қарау, қолдарды түсіру.<br>6.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдарды қабырға қимылдарын сезетіндей етіп кеудеге орналастыру. Шынтақпен ілгері, жоғары, кейін, содан кейін кері қарай айналма қимылдар жасау.<br>Бірқалыпты, кідіріссіз тыныс алу. | б.т. қайту. Жаттығуды оң аяқпен адымдап қайталау.<br>12.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдар желкеде, саусақтар айқасқан. Тыныс алу кезінде аяқ ұшына көтеріліп, артқа қарай шалқаю, дем шығару кезінде өкшеге тұрып, қолдарды жан-жаққа ашып, төмен түсіру. | көтеру – жоғары – тыныс алу.<br>- Екі қол да бүйірден доғамен қозғалады – дем шығару. Бас көтеріледі, кеуде керіледі, іш тартылады.<br>**4 Бұрылыстар.**<br>Б.т. – аяқты екі жаққа, екі қолда да жұдырық түюлі, саусақтар жоғарыға, денеге қысылған.<br>- оң қол алақанмен ілгері ауаны алдыға итереді, сонымен бірге дене 90 градусқа бұрылады, солға қарау – алдыға.<br>- Б.т.<br>- Дәл сол сияқты сол қолмен.<br>**5.Қолмен тізені кеуде тұсында құшақтау.**<br>Б.т. – аяқты бірге, қолды жоғары көтеру, алақанмен бір-біріне қарама-қарсы. Кеудені ілгері керу.<br>- Тізеден бүгілген аяқты ол кеуде тұсында болатындай етіп көтеру. Тізені екі қолмен құшу – тыныс алу.<br>- Б.т. – дем шығару.<br>- Дәл соны сол аяқпен. | өзіне тартылған.<br>- сол аяққа еңкею, қолды бармақтарға тигізу – дем шығару. 2 рет<br>- б.т. – тыныс алу.<br>- Дәл соны оң аяқпен, қолдары дене бойымен. 2–6 рет.<br>**5.Қолдар аспанды итереді.**<br>Б.т. – н.т.<br>- қолдарды ақырын алдыға көтеру.<br>- демді қалпына келтіруге жаттығу. Көзді жауып 8 рет дем алу, сымбат. | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:**<br>09.00<br>11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **Дүйсенбі<br>19.02.24** | **Сейсенбі<br>20.02.24** | **Сәрсенбі<br>21.02.24** | **Бейсенбі<br>22.02.24** | **Жұма<br>23.02.24** |
| | | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка** | **Математика негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Дене шынықтыру** | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Музыка** | **Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру** |

| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Тең заттар. (танымдық іс-әрекеті)<br>-үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін;<br>**Қолданады:** ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады.Балаларға мойынорағыштарды көзбен | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ойнай отырып оқимыз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру;<br>-көлік түрлерінің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлем құрайды, сызбасын сызады, сөздерге дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің сөзден тұратынын түсінеді.<br>**Қолданады:** тақырыпқа байланысты сөздерді дұрыс қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ҰІӘ «Бөлшектерінен тап» ойынымен бастайды.<br>Педагог бір заттың бөлшектерін тізіп айтады. Балалар ненің бөлшегі екенін тез табу керек.<br>1.Терезе, шатыр, қабырға – ...*(үй)*<br>Жапырақ, діңгек, бұтақ – ... *(ағаш)*<br>Дөңгелек, кузов, кабина, руль – ...*(көлік)*<br>Бас, аяқ, ауыз, өркеш – ... *(түйе)*<br>**2. Негізгі бөлім** | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Тең заттар. (ойын,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін;<br>**Қолданады:** ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Тең заттар. (ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары - төмен, жуан - жіңішке (тар - кең), сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін;<br>**Қолданады:** ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өздерінің | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстық талдау [р]<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту;<br>-мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сөйлемді дұрыс құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойынын ойнату.<br>Үміт жылады, Іңкәр ... *(жыламады)*<br>Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. *(шулап)*<br>Ардақ жазып отыр , Асыл ... *(жазбай отыр)*<br>Қыздар биледі, ұлдар ... *(билемеді)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алдымен екеуден, одан кейін үшеуден салыстыруды ұсынады. Жауаптың толық болуы керек екеніне назар аударады: (қызыл мойынорағыш ақ мойынорағыштан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш қызыл мойынорағыштан қысқарырақ).Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмысқа қатысады.Оларды ұзындығы бойынша қалай салыстыруға болатынын кім біледі? Оларды бір-бірінің жанына осылай жақындатуға бола ма? (Қате жақындатуды көрсетеді).<br>Тыңдайды, бір-біріне жақындату керек деп жауап береді.<br>Екеуінің шеті сәйкес келетіндей етіп жақындату керек.Заттың ұзындығын өлшеудің және салыстырудың басқа тәсілдері бар ма? Бір-бірінің үстіне салу техникасын қолданамыз.Өлшеу кезінде мойынорағыштың бір ұшы сәйкес келетініне көз жеткізеді.Балалардың өткен ұйымдастырылған оқу қызметінде заттың ұзындығын шартты өлшеуіш арқылы өлшеп үйренгенін еске түсіреді.<br>Шартты өлшеуіш ретінде қағаз жолағын ұсынады.<br>Балалар шартты өлшеуішті пайдаланып нәтижелерін айтады, қызыл мойынорағыш ақтан | **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз бірақ естиміз, айтамыз.<br>Дыбыстар қандай болып бөлінеді?<br>Дауысты, дауыссыз.<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Балалар сендер ойын ойнағанды ұнасатыңдар ма?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт»*** (Педагог суреттерді көрсетеді).<br>Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.<br>Мысалы: *апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і),* | **Білу деңгейі:** Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады.Балаларға мойынорағыштарды көзбен алдымен екеуден, одан кейін үшеуден салыстыруды ұсынады. Жауаптың толық болуы керек екеніне назар аударады: (қызыл мойынорағыш ақ мойынорағыштан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш қызыл мойынорағыштан қысқарырақ).Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмысқа қатысады.Оларды ұзындығы бойынша қалай салыстыруға болатынын кім біледі? Оларды бір-бірінің жанына осылай жақындатуға бола ма? (Қате жақындатуды көрсетеді).<br>Тыңдайды, бір-біріне жақындату керек деп жауап береді.<br>Екеуінің шеті сәйкес келетіндей етіп жақындату керек.Заттың ұзындығын өлшеудің және салыстырудың басқа тәсілдері бар ма? Бір-бірінің үстіне салу техникасын қолданамыз.Өлшеу кезінде мойынорағыштың бір ұшы сәйкес келетініне көз жеткізеді.Балалардың өткен ұйымдастырылған оқу қызметінде заттың | салыстыру тәсілдерін ұсынады.Балаларға мойынорағыштарды көзбен алдымен екеуден, одан кейін үшеуден салыстыруды ұсынады. Жауаптың толық болуы керек екеніне назар аударады: (қызыл мойынорағыш ақ мойынорағыштан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш қызыл мойынорағыштан қысқарырақ).Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмысқа қатысады.Оларды ұзындығы бойынша қалай салыстыруға болатынын кім біледі? Оларды бір-бірінің жанына осылай жақындатуға бола ма? (Қате жақындатуды көрсетеді).<br>Тыңдайды, бір-біріне жақындату керек деп жауап береді.<br>Екеуінің шеті сәйкес келетіндей етіп жақындату керек.Заттың ұзындығын өлшеудің және салыстырудың басқа тәсілдері бар ма? Бір-бірінің үстіне салу техникасын қолданамыз.Өлшеу кезінде мойынорағыштың бір ұшы сәйкес келетініне көз жеткізеді.Балалардың өткен ұйымдастырылған оқу қызметінде заттың ұзындығын шартты өлшеуіш арқылы өлшеп | Ақтөс үрді, Құтжол ... *(үрмеді)*<br>**2. Негізгі бөлім**<br>**«Сұрақ-жауап»** әдісі арқылы қайталау.<br>Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?<br>Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?<br>Буында неше дауысты дыбыс болады?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»<br>Қандай да бір дыбысты айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден баста»<br>Педагог қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек.<br>Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.)<br>Сүйікті сусының? (Айран т.б.)<br>Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.)<br>Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.)<br>Ойын: «Дұрыс қос» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұзынырақ, жасыл мойынорағыш ақтан қысқарырақ.<br>**Түсіну деңгейі:** «Тең заттар» ұғымымен таныстыру.<br>Ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді.<br>-Қай жолақ ұзынырақ? Қалай тексеруге болады?<br>Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады.<br>Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді.<br>-Жолақтар туралы не айтуға болады? (жолақтардың ұзындығы тең)<br>**Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»**<br>- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?<br>Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады.<br>Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады.<br>Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.<br>**Қолдану деңгейі: демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен?<br>Педагог көз арқылы анықтауды ұсынады, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды. | *ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш (ө), етік(е), экскаватор (э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү)* т.б.<br>Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.<br>Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: *пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетк (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ ) т.б.*<br>Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар.<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>Иә, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Берілген дыбысқа сөз ойла»ойын-жаттығуы<br>–Мен сендерге қандай да бір дыбысты айтамын, сендер сол дыбыс кездесетін сөздерге мысал келтіресіңдер.<br>Мысылы: -ы- дыбысы сөз басында: *ыдыс, ымырт,* | ұзындығын шартты өлшеуіш арқылы өлшеп үйренгенін еске түсіреді.<br>Шартты өлшеуіш ретінде қағаз жолағын ұсынады.<br>Балалар шартты өлшеуішті пайдаланып нәтижелерін айтады, қызыл мойынорағыш ақтан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш ақтан қысқарырақ.<br>**Түсіну деңгейі:** «Тең заттар» ұғымымен таныстыру.<br>Ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді.<br>-Қай жолақ ұзынырақ? Қалай тексеруге болады?<br>Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады.<br>Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді.<br>-Жолақтар туралы не айтуға болады? (жолақтардың ұзындығы тең)<br>**Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»**<br>- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?<br>Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады.<br>Сұрақтарға жауап береді, | үйренгенін еске түсіреді.<br>Шартты өлшеуіш ретінде қағаз жолағын ұсынады.<br>Балалар шартты өлшеуішті пайдаланып нәтижелерін айтады, қызыл мойынорағыш ақтан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш ақтан қысқарырақ.<br>**Түсіну деңгейі:** «Тең заттар» ұғымымен таныстыру.<br>Ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді.<br>-Қай жолақ ұзынырақ? Қалай тексеруге болады?<br>Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады.<br>Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді.<br>-Жолақтар туралы не айтуға болады? (жолақтардың ұзындығы тең)<br>**Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»**<br>- Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?<br>Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады.<br>Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады.<br>Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.<br>**Қолдану деңгейі: демонстрациялық** | Педагог тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады. Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады.<br>Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант).<br>Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе).<br>Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос ( асқабақ, қызанақ).<br>Педагог суреттерді дұрыс қосқан балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Ойын-жаттығу:**<br>**«Сөз таңда»**<br>Педагог мақалды оқиды, мақалдың мазмұнын балаларға түсіндіреді.<br>Балалар суретттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады.<br>Суреттегі заттардың атын буынға бөледі.<br>**Мақал – сөздің мәйегі.**<br>Оқу ... құдық қазғандай.<br>*и-не, кү-рек, қа-сық.*<br>Ата көрген ... жонар *оқ, оқ-тау, ер.*<br>Ана көрген ... пішер.<br>*жей-де, тон, көй-лек.*<br>Асықпаған арбамен . . . алады.<br>*түл-кі, қо-ян, а-ю.*<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.<br>**Танымдық жұмыс**<br>**1-тапсырмада**<br><br><br>**Сергіту сәті.**<br>*Біз қол соғамыз,*<br>*Қол соғамыз.*<br>*Аяқпен еденді*<br>*топылдатамыз.* | *ынта, Ықылас, ыстық, ырыс, ылғи, ырылдады т.б.*<br>-ы- сөз ортасында: *маймыл, мамық, жастық, қатық, қымыз, қылыш, қытық, қырғыз, қылқалам, қалжын, қақтығыс, құдық, құйрық, мың, жылқы, жалбыз, қарбыз, қауын, қоңыз т.б.*<br>-у- дыбысы кездесетін сөз: *тауық, қауын, жауын, бау, тау, уық, уыз, бу, қу, сау т.б.)*<br>-ү- дыбысы кездесетін сөз: *үтік, үміт, күл, күшік, түтік, күнделік, күн, күш, күнбағыс, күміс, үміт, үзеңгі, күз, түз, түс, үзінді т.б.*<br>«Сөзді өлшейміз» дидактикалық жаттығуы<br>– Алақандарыңды үстелге қойыңдар. Сөз айта бастағанда алақанды бір-бірінен алшақтата беріңдер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің қысқа болғаны, егер алыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: *дос, бейбітшілік.*<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Суреттегі көліктерді ата. Дауыссыз дыбыстардан басталатын көліктер туралы сөйлем құра. Сызбасын сыз. Дыбыстық талдау жаса. Педагогарбаның суретін, сызбасымен тақтаға іледі, бір баланы тақтада дыбыстық талдау жасатады. Басқа балалар орындарында жасайды.Балаларға сөздегі әр дыбысты анық айтып, оның дауысты, дауыссыз | бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.<br>**Қолдану деңгейі: демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен? Педагог көз арқылы анықтауды ұсынады, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды. Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.<br>**Танымдық жұмыс**<br><br><br>**2-тапсырманы**<br>**Сергіту сәті.**<br>*Біз қол соғамыз,*<br>*Қол соғамыз.*<br>*Аяқпен еденді*<br>*топылдатамыз.*<br>*Тіземізді соққылаймыз.* | **материалмен жұмыс**<br>- Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен? Педагог көз арқылы анықтауды ұсынады, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды. Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ - таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.<br>**Танымдық жұмыс**<br><br><br><br> | Дыбыстық талдау жаса. Педагог тақтаға **есік** сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. Балаларға дәптерлерінде өз беттерінше дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалардың жұмысын тесеру үшін, тақтаға бір баланы шақырып, талдау жасатады. Қалған балалар тақтадағы жұмыспен өз талдауларын салыстырып тексереді.<br>*Есік* сөзінің дыбыстық талдауы.<br>*Есік* сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>**Е** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**С** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**І** – жіңішке дауысты дыбыс.<br>**К** – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Шкаф сөзіне дыбыстық талдау жасатылады.<br>3.3 дыбысы бар сөзбен сөзбен сөйлем құра. [3] дыбысы бар сөзді қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз.<br>**Сергіту жаттығуы**<br>**Үйрек**<br>Жай жүреміз,<br>балпаңдаймыз,<br>Аяқты басып алшаңдаймыз.<br>Тұмсықты төмен түсірмейміз,<br>Мойынды созып қайқаңдаймыз.<br>Га-га-га, га-га-га<br>Сызылтып біз ән айтамыз,<br>Асықпай үйге біз қайтамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Тіземізді соққылаймыз.*<br>*Қолымызды көтереміз.*<br>*Қолдарымыз айналады,*<br>*Төмен түседі.*<br>*Айналады, айналады.*<br>*Тоқтайды.*<br>**Рефлексия.**<br>ҰІӘ қорытындылайды.<br>Балаларды мадақтайды.<br>Бүгінгі ҰІӘ қандай жаңа мағлұматтарды білдіңдер?<br>Ең қызықты не болды?<br>Балалар, сендерге үйде өлшем жасап, ең сүйікті ойыншықтарыңды өлшеуді ұсынамын.<br>Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰІӘ дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰІӘ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | екенін анықтауға тапсырма береді.<br>***«Арба»*** сөзіне дыбыстық талдау.<br>«Арба» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Р** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Б** – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Шананың суретін, сызбасымен тақтаға іледі, бір баланы тақтада дыбыстық талдау жасатады. Басқа балалар орындарында жасайды.<br>***«Шана»*** сөзіне дыбыстық талдау.<br>«Шана» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>**Ш** – қатаң дауысыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Н** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Педагог **шана, арба** сөздерінде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс бар екенін балалардан сұрайды.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Айдын шалқар көлдерде<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын,<br>Әрі-бері жүзеді. | *Қолымызды көтереміз.*<br>*Қолдарымыз айналады,*<br>*Төмен түседі.*<br>*Айналады, айналады.*<br>*Тоқтайды.*<br>**Рефлексия.**<br>ҰІӘ қорытындылайды.<br>Балаларды мадақтайды.<br>Бүгінгі ҰІӘ қандай жаңа мағлұматтарды білдіңдер?<br>Ең қызықты не болды?<br>Балалар, сендерге үйде өлшем жасап, ең сүйікті ойыншықтарыңды өлшеуді ұсынамын.<br>Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰІӘ дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰІӘ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | **3-тапсырманы**<br>**Сергіту сәті.**<br>*Біз қол соғамыз,*<br>*Қол соғамыз.*<br>*Аяқпен еденді топылдатамыз.*<br>*Тіземізді соққылаймыз.*<br>*Қолымызды көтереміз.*<br>*Қолдарымыз айналады,*<br>*Төмен түседі.*<br>*Айналады, айналады.*<br>*Тоқтайды.*<br>**Рефлексия.**<br>ҰІӘ қорытындылайды.<br>Балаларды мадақтайды.<br>Бүгінгі ҰІӘ қандай жаңа мағлұматтарды білдіңдер?<br>Ең қызықты не болды?<br>Балалар, сендерге үйде өлшем жасап, ең сүйікті ойыншықтарыңды өлшеуді ұсынамын.<br>Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰІӘ дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰІӘ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | **Саусақ жаттығуы**<br>Қолды алға созамыз,<br>Алақанды бұрамыз.<br>Алақанның сыртымен<br>Шапалақты ұрамыз. |
| ***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |

**Қазақтың ұлттық ойыны: «Арқан тартыс»**

**Басты міндеттері: Жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру. Ұлттық спорт ойындарын халыққа әдіс тәсілдерін түсіндіріп жеткізу.**

**Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.**

**Артикуляциялық гимнастика** - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығулартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:

1. **1. «Сабын көпіршігін үрле».** Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.
2. **2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле»** (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).
3. **3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді».** Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.
4. **4. «Көңілді маймыл».** Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.
5. **5. «Шарларды үрлеу».** Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.

**6. «Жылан қалай ысқырады».** Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс).







**Қазақтың ұлттық ойыны: «Арқан тартыс»**

**Ойын міндеттері:** Жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру. Ұлттық спорт ойындарын халыққа әдіс тәсілдерін түсіндіріп жеткізу.

**Дағды:**

Оқушыларды шыдамдылыққа, ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу.

Қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

**Ойынның ережесі :** тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, коллективтік іс-әрекетке тәрбиелейді.

**Әдістемелік нұсқаулар.**

**Арқан тартыс** ойыны — ұлттық ойын. Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жогарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.

Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады.

Күн ілгері сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі топ тартысқа түседі.

**Ойынның педагогикалық маңызы.**

Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу, жағына бір –біріне қарама –қарсы тұрғызу.

| 2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00 | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Мамандықтың бәрі жақсы. (қайталау,еркін ойын іс-әрекет)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.;<br>-ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту;<br>-мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: әр алуан мамандақтар бар екенін, бәрі де қажет екенін; сұрақтарға тиянақты жауап беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** бір-біріне жақсы тілектер айтып бойтұмар сыйлайды, келген қонаққа сұрақтар қояды, өлең жолдарындағы мамандықтарды санап айтады, өз ата-аналарының мамандықтары туралы айтып береді, шығармашылық әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:**әр алуан мамандақтар бар екенін, бәрі де қажет екенін;<br>**Қолданады:**әр мамандық иесіне қажетті затты тауып, орнына қояды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Пайдалы қазбалар дегеніміз не? (коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру;<br>-олардың аттарын атап, бір-бірінен ажырата білу қабілетін дамыту;<br>-қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: өз өлкесінде өндірілетін пайдалы қазбалардың бірнеше түрі барын ,сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**өз өлкесінде өндірілетін пайдалы қазбалардың бірнеше түрін атап береді.<br>**Түсінеді:**пайдалы қазбалардың адам өміріндегі маңызын.<br>**Қолданады:** зерттеу және тәжірибе жасау жұмысымен айналыса алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** балаларды Қазақстанның картасымен танысуға шақырады. Қазақстан табиғаты мен қойнауында тұнып жатқан байлық, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің алуан | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Әз, Наурызым, армысың. (еркін мәнерлеп айту)<br>ОразақынАсқар<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып,логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту;<br>-ұлттықдәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі, мәдениеті, ауыз әдебиеті шығармалары туралы түсінік ала отырып, сұрақтарға тиянақты жауап беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**өлеңнің авторын,тақырыбын,мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** салт-дәстүр, мәдениет туралы түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтып бере алады, Наурыз мерекесі | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Менің анам.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ана туралы өз ойларын айтқызу;<br>-ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту;<br>-ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**өз аналарын суреттеу арқылы әңгіме құрайды, сөзге дыбыстық талдау жасайды;<br>**Түсінеді:**өлеңде кім туралы айтылғанын түсінді;<br>**Қолданады:** мақалды үш дауыста айтуды, тақпақты тез жаттап алуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Құшағына кіргенде,<br>Жылынамын бір демде.<br>Не жетеді көзіңе,<br>Мейірімді күннен де.<br>Үн қатасың бал тілмен,<br>Еркелеймін әр күн мен.<br>*(Н.Айтов)*<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Иә, балалар, дұрыс таптыңдар.<br>Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар.<br>Ол – көркем, сүйкімді әрі | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Әз, Наурызым, армысың. (өлеңді жаттау)қайталау.<br>ОразақынАсқар<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып,логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту;<br>-ұлттықдәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі, мәдениеті, ауыз әдебиеті шығармалары туралы түсінік ала отырып, сұрақтарға тиянақты жауап беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**өлеңнің авторын,тақырыбын,мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** салт-дәстүр, мәдениет туралы түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтып бере |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады.**«Бақытты бала»** деп жазылған бойтұмарды қасындағы баланың мойнына тағып: «Сен бақытты баласың, өйткені сенің достарың көп», – дейді.<br>Негізгі кезен<br>Осы кезде есік қағылып, топқа аспазшы апай кіреді.<br>**Аспаз:**<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендердің денсаулықтарың жақсы болсын деп, дәрумендер әкелдім.<br>(Дәрумендерді балаларға таратады.)<br>Енді аспаз апайдан тамақты дәмдеу үшін қандай көгөністер қосатынын сұрайық. Аспазшы тағамға сәбіз, картоп, жуа, асқабақ қосатынын айтады.<br>(азпазшы дәмді тағам дайындауғакетеді)<br>Балалар, аспаз бізге дәмді тағамдар пісіреді екен, ол бізге өте қажет адам. Сендер басқа қандай мамандықтарды білесіңдер? Көптеген мамандық иелерін біледі екенсіңдер, бұл мамандықтардың бәрі адам баласына<br>қажет.<br>**Түсіну деңгейі:** Өз ата-аналарың қандай жұмыс жасайды? Қандай мамандық иесі? Білесіңдер ме? Балаларға М.Хакімжанованың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді.<br>Теңізші болатын бала, | түрлілігі жайлы әңгімелейді. Қазақстанның «жерасты байлығы – мол қойма» атануы тегін емес.<br>себебі мұнда көптеген пайдалы қазба байлықтар өндіріледі. Әңгімені тақпақпен жалғастырады.<br>Шахтер келді шахтаға,<br>Көмір қазып халқына.<br>Дайын болған көмірді,<br>Ұсынады халқына.<br>**Түсіну деңгейі: Ауа райының қазіргі қалпын күнтізбеге белгілеп көрсетуді ұсынады. Әліппе дәптердегі тапсырмалардың** көмегімен балаларды тану үдерісіне жұмылдырады.<br>Суретті қарап шығып, көліктер мен ұшақтардың неден жасалғанын талқылайды.Олар жанар-жағармайсыз жүре ала ма?<br>**Қосымша мәлімет:**<br>Пайдалы қазбалар деп жер қойнауынан өндірілетін және адамзаттың қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тау жыныстарын атайды. Жанар-жағармай мұнайдан алынады. Әтірлер, иіссудың түрлері де мұнайдан жасалады. Кешке сендер отбасымен бірге үйде бас қосасыңдар. Үйді құрылысшылар салды: кірпішін қалады, жылы болсын деп сыртын қаптады, терезесі мен есіктерін салды, ақтады. Үйді біз газбен немесе тас көмірмен жылытамыз. | туралы әңгімелейді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Наурыз келді, балалар,<br>Көктеді қыр, жағалар.<br>Наурыз тойын тойлайық,<br>Жаңа жылда, балалар.<br>Барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді.<br>Көктемде Жер-ана, табиғат – барлығы ерекше әдемі болып кетеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз.<br>Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар?<br>Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады.<br>Бүгін біз Оразақын Асқар ағамыздың «Әз Наурызым, армысың» өлеңімен танысамыз.<br>балалар.<br>**Түсіну деңгейі:** Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.<br>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді<br>Өніп еккен дәніміз,<br>Бүршік жарды бағымыз.<br>Сәскеде жаз, түнде қыс<br>Секілді екен Наурыз.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Сәске* – түс мезгілі.<br>*Секілді* – ұқсайды деген мағынаны білдіреді.<br>*Төлден жатыр малымыз* – | ұлы сөз.Әрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе?<br>Ендеше өз аналаларыңды суреттеп, **«Менің анам» тақырыбына әңгіме құраңдар.** Балаларға көмек ретінде қосымша сұрақтар қояды:<br>Ананың аты кім?<br>Кім болып жұмыс істейді?<br>Ананды сипаттап бере аласың ба? Ол қандай адам?<br>Анаң сені жақсы көреді ме? Оны қайдан білесің?<br>Педагог қол көтерген балалардың бәрінің ойларын тыңдайды.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Үн қатасың – тіл қатасың, сөйлейді мағынасында.<br>**Мақал-мәтелдер:**<br>«Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал».<br>Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен қайталатады<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Ана»** сөзіне дыбыстық талдау жасауды ұсынады.<br>**А** – жуан дауысты.<br>**Н** – үнді дауыссыз.<br>**А** – жуан дауысты.<br>Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық».<br>Дәптермен жұмыс.<br>Дәптердегі тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды.<br>Әшекей бұйымды қай | алады, Наурыз мерекесі туралы әңгімелейді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>Наурыз келді, балалар,<br>Көктеді қыр, жағалар.<br>Наурыз тойын тойлайық,<br>Жаңа жылда, балалар.<br>Барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді.<br>Көктемде Жер-ана, табиғат – барлығы ерекше әдемі болып кетеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз.<br>Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар?<br>Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады.<br>Бүгін біз Оразақын Асқар ағамыздың «Әз Наурызым, армысың» өлеңімен танысамыз.<br>балалар.<br>**Түсіну деңгейі:** Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.<br>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді<br>Өніп еккен дәніміз,<br>Бүршік жарды бағымыз.<br>Сәскеде жаз, түнде қыс<br>Секілді екен Наурыз.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Сәске* – түс мезгілі.<br>*Секілді* – ұқсайды деген мағынаны білдіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұлақпен ойнайды.<br>Емші болатын бала, Сынаппен ойнайды. Батыр болатын бала, Қынаппен ойнайды. Жарықты жағатын бала, Шырақпен ойнайды. Шопан болатын бала, Диқан болатын бала, Топырақпен ойнайды. Ғалым болатын бала, Кітаппен ойнайды.<br>Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандақтарды саусақтарымен санап отыруды тапсырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Сөздік жұмыс:<br>Қынап – қылыш, пышақ салатын қорап. Жарықты жағатын бала – электрик.<br>Балалар, неше мамандық иелерін санап үлгердіңдер?<br>Балалармен бірге өлең мазмұнын талқылайды.Екі тілде аудармаларды орындайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тіс ауырса,<br>Іш ауырса,<br>Мамам дәрі береді.<br>Барлық ана,<br>Барлық бала,<br>Оны жақсы көреді.<br>*(Ә.Мұсаханов)*<br>**Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»**<br>Ойын шарты: Әртүрлі мамандық иелеріне қандай құрал қажет, жапсырмалар орнын тауып жабыстырады.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Дәптердегі тапсырма орындалады.<br>Педагог балалардан «Кім болам?» деген тақырыпта | Таскөмір қара түсті, қатты, бірақ үгілгіш болып келеді. Темір рудасы қара түсті, қатты, нығыз зат. Ол металл заттарды өзіне тартады.<br>**Қолдану деңгейі: Балаларды «объективті деректер бойынша бөлу» техникасының көмегімен топтарға бөлінуге шақырады.**<br>Балаларға құм, сазбалшық пен көмірді зерттеп көру туралы ұсыныс жасайды. Адамның оларды қалай пайдаланатынын нақтылауды сұрайды.<br>Балалар: Шағын зертханаларда (шағын топта) жұмыс істейді.<br>Пайдалы қазбалардың өздеріне тән ерекшеліктерін айтады. Сазбалшық құрылыста кеңінен қолданылады.<br>Кірпішті балшықтан жасайды. Сонымен қатар, балшықтың түрлі сұрыптарынан фарфор, фаянс, отқа төзімді материалдар жасайды.<br>Балшық – қалдық жыныс.<br>Таскөмір қара түсті, қатты, бірақ үгілгіш келеді. Құм – өте ұсақ түйірлі жыныс. Құм түйіршік түрінде болып келеді, сусылдақ. Оны құрылыста қолданады.<br>Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>Темір кенінен (темір рудасынан) жасалған заттарды белгіле. Құмнан не соғуға болады?<br>Ойланып көр және суретін | көктемде малдар төлдейді.<br>*Сары уыз* – жаңа бұзаулаған сиырдың сүті.<br>**Қолдану деңгейі: Полилингвальді компонент:** Ұлыстың ұлы күні – праздник Наурыз – Nauryz holiday.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Наурыз мерекесі қай мезгілде тойланады?<br>Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады, малдар төлдейді?<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Өлеңді қайталап есімізге түсірейік.<br>Өлең шумағындағы *сәске, секілді, төлдеп жатыр малымыз, сары уыз* сөздерінің мағынасын қайталау. 2-3 балаға өлеңді мәнерлеп қайталап айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Балалардың көңіл күйлері қандай?<br>Наурыз көжеге қосатын дәндерді атайық.<br>Наурыз мерекесі туралы не білесің?<br>**Әз Наурызым, армысың!**<br>Өніп еккен дәніміз,<br>Бүршік жарды бағымыз.<br>Сәскеде жаз, түнде қыс, | жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді.Аналарына өмір бойы көмекші болу әр баланың парызы екенін айта келе, өлең жолдарын жаттап алуды ұсынады.<br>Апам үшін күнде мен,<br>Отынға ағаш жарамын.<br>Су құямын гүлге мен,<br>Дүкенге де барамын.<br>*(Қ.Мырза Әли)* | *Төлдеп жатыр малымыз* – көктемде малдар төлдейді.<br>*Сары уыз* – жаңа бұзаулаған сиырдың сүті.<br>**Қолдану деңгейі: Полилингвальді компонент:** Ұлыстың ұлы күні – праздник Наурыз – Nauryz holiday.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Наурыз мерекесі қай мезгілде тойланады?<br>Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады, малдар төлдейді?<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Өлеңді қайталап есімізге түсірейік.<br>Өлең шумағындағы *сәске, секілді, төлдеп жатыр малымыз, сары уыз* сөздерінің мағынасын қайталау. 2-3 балаға өлеңді мәнерлеп қайталап айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Балалардың көңіл күйлері қандай?<br>Наурыз көжеге қосатын дәндерді атайық.<br>Наурыз мерекесі туралы не білесің?<br>**Әз Наурызым, армысың!**<br>Өніп еккен дәніміз,<br>Бүршік жарды бағымыз.<br>Сәскеде жаз, түнде қыс, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шағын әңгіме құрауларын сұрайды. | сал.<br> **Балаларды «Аукцион» ойынын ойнауға шақырады:**Әртүрлі заттарды аукционға шығарады. Ең соңында заттың пайдаланылуы туралы ұсыныс жасаған бала жеңеді. Кезекпен нысанды пайдалану жолдарын атап береді.<br>П: Құм қай жерлерде пайдаланылады?<br>Б: Құрылыста, біздің құмсалғышта пайдаланады, құммен өрт сөндіреді, эксперименттер жасауға болады.<br>**Сергіту сәті**<br>Еркін ұста денеңді,<br>Тарсылдатпай еденді.<br>Орнымыздан тұрып ап,<br>Жүгірейік бір уақ.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш.<br>Аяқты алға созайық,<br>Тік көтеріп, қозғайық.<br>Тым сылбыр да болмайық,<br>Алға қарай озбайық.<br>Бір, екі, үші, бір, екі, үш. | Секілді екен Наурыз.<br>Төлдеп жатыр малымыз,<br>Қазан толы сары уыз.<br>Сүті көп те, ет сүрлі<br>Болады ғой Наурыз.<br>Жайдарымыз бәріміз,<br>Дастарқанда дәміміз.<br>Көжесі көп, қыры көк,<br>Қандай жақсы Наурыз!<br>*Оразақын Асқар* | | Секілді екен Наурыз.<br>Төлдеп жатыр малымыз,<br>Қазан толы сары уыз.<br>Сүті көп те, ет сүрлі<br>Болады ғой Наурыз.<br>Жайдарымыз бәріміз,<br>Дастарқанда дәміміз.<br>Көжесі көп, қыры көк,<br>Қандай жақсы Наурыз!<br>*Оразақын Асқар* |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| ***2 үзіліс – 10:00 – 10:30*** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Секіруге арналған ойын: «Қосаяқ-сызықтан секіру»**<br>**Басты міндеттері: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету,берілген белгіні мұқият тыңдап, нақтылы қимыл-қозғалыс орындауға үйрету.** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
|  <br><br> | <br> <br><br> | **Аз қимылды ойын: *«БОТАҚАН»(Қазақ халқының ойыны)***<br>**Ойынның міндеттері:**Балалардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.<br>**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>**Мазмұны:** Ойыншылар өз орталарынан атан түйе мен мыстан кемпір сайлап алады. Қалғандары, яғни ботақандар атан түйенің артынан бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрады. Мыстан кемпір «ұшқыш сыпыртқысымен» атан түйенің алдына «ұшып келіп»: «Керуен, қайдан келе жатырсың, қайда кетіп барасың?» деп, артындағы ботақандарының біреуін беріп кетуін сұрайды. Бірақ оған атан түйе келіспейді. Сонда мыстан кемпір жүгіріп жүріп керуеннің соңындағы ботақанды күшпен тартып алуға әрекеттенеді. Ал атан түйе мыстан кемпірді ең соңғы ботақанға жібермеуге тырысады. Ботақанды ұстап алса, мыстан кемпір оны үйіне апарып қойып келіп, енді келесі соңғы ботақанды ұстап алуға әрекет етеді. Осылай 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.<br>**Ойынның ережесі**<br>1. Ойыншылардың бір – бірінің белінен ұстап тізіліп жүргені бағаланады.<br>2. Тартып алу кезінде балалар арасындағы ара қашықьтықтар сақталуы керек.<br><br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Ойынды 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Секіру,жүгіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Үй жануарлары.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй | **3.Мүсіндеу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Торсық.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дыбыстық талдау | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>«Екі лақ» ертегісі.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Пайдалы қазбалар дегеніміз не?<br>(ойын,еңбек, зерттеу іс- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру, мәтінді мұқият тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білуге жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. **Дағды**: ойлау қабілеттерін дамыту, сөздегі қазақ тіліне тән **«ұ»** дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** үй жануарлары мен төлдерін атайды, үй жануарлары мен төлдерін топтай алады, **«ұ»** дыбысын дұрыс айтып жаттығады. **Түсінеді:** жануарларды қалай шақыруға болатынын түсінеді. **Қолданады:** зейін қойып тыңдайды, таныс сөздерді мәтіннен таба алады. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. **Білу деңгейі:** Өткен «Нан қайдан келеді?» тақырыпты қайталау. Иллюстрациялар бойынша «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін еске алу. Наубайшы не істейді? – Наубайшы нан пісіреді. – Диірменші не істейді? – Диірменші бидайдан ұн жасайды. – Егінші не істейді? – Егінші егін егеді. | торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру; -ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылы мүсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру; -ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту,өнерді сүюге тәрбиелеу. **Дағды**: заттық мүсіндеуде жұмсарту, созу, жаю, тегістеу, жалпақтау, домалату тәсілдерін еркін қолдана алуға дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:**ермексаздан торсықты мүсіндеп, ою-өрнекпен әшекейлейді; **Түсінеді:**торсықтың қымыз, шұбат сияқты сусындарға арналған ыдыс екенін; **Қолданады:** заттық мүсіндеуде жұмсарту, созу, жаю, тегістеу, жалпақтау, домалату тәсілдерін. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. **Білу деңгейі:** Топ бөлмесі ұлттық бұйымдармен безендірілген, үнтаспадан күй ойнап тұрады. Педагог балаларға торсықтың тұрмыста қолданылуы жайлы әңгімелейді. –Балалар, бұл ұлттық бұйым – торсық. Торсыққа ұзақ жолға шыққан жолаушы (ержігіт) қымызды толтырып алып шығады, | жасауға жаттықтыру; -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту; -мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **Дағды**: Дыбыстық талдау, сөйлем құрай алуға дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды. **Түсінеді:** дыбыстық талдау тәсілін. **Қолданады:** дыбыстарды ажыратады. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. **Білу деңгейі:** «Мамандықты тап» ойынын ойнату арқылы оқу қызметті бастайды. Науқасты кім емдейді? *(Дәрігер)* Шашты кім қияды? *(Шаштараз)* Үйлерді кім салады? *(Құрылысшы)* Көмірді кім табады? *(Шахтер)* Кітапты кім жазады? *(Жазушы)* **2. Негізгі бөлім «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** Дыбыс деген не? Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды | күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән ***«қ»*** дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. **Дағды:** Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету. **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** кейіпкерлерінің іс-қимылын, сөзін интонациямен жеткізе алады, диалогке катысады. **Түсінеді:** ертегінің мазмұның түсінеді. **Қолданады:** ертегіні сахналай алады, сұрақтарға жауап береді. **Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану. **Білу деңгейі:** Өткен ұйымдастырылған оқу қызметін қайталайды. **Дидактикалық ойын: «Төлдерің ата және көрсет»** Балалар үй жануарларын атап, ойыншықтарды көрсетеді, төлдерін атайды және көрсетеді. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Сәлеметсіздер ме?! Сендер ертегіні ұнатасыңдар ма? *Біз сендерге «Екі лақ»* | әрекеті) **ҰІӘ міндеттері:** -жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру; -олардың аттарын атап, бір-бірінен ажырата білу қабілетін дамыту; -қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарай білуге тәрбиелеу. **Дағды**: өз өлкесінде өндірілетін пайдалы қазбалардың бірнеше түрі барын ,сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру. **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:**өз өлкесінде өндірілетін пайдалы қазбалардың бірнеше түрін атап береді. **Түсінеді:**пайдалы қазбалардың адам өміріндегі маңызын. **Қолданады:** зерттеу және тәжірибе жасау жұмысымен айналыса алады. **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. **Білу деңгейі:** балаларды Қазақстанның картасымен танысуға шақырады. Қазақстан табиғаты мен қойнауында тұнып жатқан байлық, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің алуан түрлілігі жайлы әңгімелейді. Қазақстанның «жерасты байлығы – мол қойма» атануы тегін емес. себебі мұнда көптеген пайдалы қазба байлықтар өндіріледі. Әңгімені тақпақпен жалғастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсіну деңгейі:**<br>*Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.*<br>Балалар бұл ненің даусы?<br>Мәтін оқу. *«Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады».*<br>Мәтінде қандай таныс сөздер бар?<br>Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы.<br>Үй жануарларының пайдасы қандай?<br>Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады.<br>Адамдар үй жануарларын қалай күтеді?<br>Адамдар қойға, түйеге, сиырға, ешкіге, жылқыға шөп, су береді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жаңа сөздермен танысу.<br>Үй жануарларының төлдері бар.<br>**Демонстрациялық материалдар және қима материалмен жұмыс.**<br>Мынау – құлын. Мынау не?<br>Мынау – құлын.<br>Құлын кішкентай. | жолда ішкен қымыз әрі шөл қандырады, әрі күш береді.<br>Педагог қымыз құятын ыдысты (немесе суретін) көрсетіп, оның пішініне, көлеміне, ою-өрнектермен әшекейленуіне, теріден жасалатынына, жеңіл болатынына назарларын аударады.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, бүгін осы ұлттық бұйым, қымыз құятын әдемі торсықты мүсіндейік.<br>Ермексазды алақандарына салып, сопақша пішінге келтіріп, осы бөліктен шымшып созу арқылы мойнын шығарамыз, екі бүйірінен үшінші саусақпен созып шымшып, қысу арқылы үшбұрыштап оюлап иіп, мүсінін келтіреміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:** торсық, шұбат құятын ыдыс, қошқармүйіз.<br>**Көптілділік:** торсық – торсык – tursyk;, бұйым – изделие – representative.<br>Сергіту сәті:<br>күйсандықта ойнау;<br>домбыра шерту;<br>баян тарту;<br>қобыз тарту;<br>скрипкада ойнау.<br>Торсықтың қақпағын жасау. Ермексазды алақанға салып домалақтап, фломастердің қақпағы арқылы дайын болған домалақ пішіннің ортасына ойық жасаймыз.Ойыққа саусақтың көмегімен қақпақтың пішінін | көрмейміз бірақ естиміз, айтамыз.<br>Дыбыстар қандай болып бөлінеді?<br>Дауысты, дауыссыз.<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>**«Түсіне қара» дидактикалық ойыны**<br>Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.*<br>Балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң | *ертегісін сыйлыққа әкелдік.*<br>Балалар, ертегіні тыңдап қана қоймаймыз, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзіміз сахналап көреміз. *Үнтаспадан ертегіні тыңдаймыз. Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап».*<br>Ертегі не туралы?<br>Ертегіде неше лақ?<br>Ертегідегі лақтарды сипатта. (Ақ лақ және Қара лақ).<br>Ақ лақ пен қара лақ нелерге жолығады? (Түлкіге, қасқырға)<br>Түлкіден екі лақ қалай құтылады? (Қырдың астында қасқыр күтіп отыр).<br>Қасқырдан екі лақ қалай құтылады? ( Арыстан күтіп отыр).<br>Қойші ата Ақ лаққа не деді?<br>Педагог сөздерде қ дыбысының дұрыс айтылуына назар аударады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Қ-қ-қ-қ – лақ-лақ-лақ,<br>Ақ лақ.<br>Қ-қ-қ- қ – лақ-лақ-лақ-<br>Қара лақ.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тіктеп титтей құлағын,<br>Ботам былай жүреді.<br>Сыртылдатып тұяғын,<br>Бұзау былай жүреді.<br>Алға созып мойынын,<br>Ойнақтайды ботақан.<br>Таудан тасқа шұнағым,<br>Секеңдейді лағым. | Шахтер келді шахтаға,<br>Көмір қазып халқына.<br>Дайын болған көмірді,<br>Ұсынады халқына.<br>**Түсіну деңгейі: Ауа райының қазіргі қалпын күнтізбеге белгілеп көрсетуді ұсынады.**<br>**Әліппе дәптердегі тапсырмалардың** көмегімен балаларды тану үдерісіне жұмылдырады.<br>Суретті қарап шығып, көліктер мен ұшақтардың неден жасалғанын талқылайды.Олар жанар-жағармайсыз жүре ала ма?<br>**Қосымша мәлімет:**<br>Пайдалы қазбалар деп жер қойнауынан өндірілетін және адамзаттың қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тау жыныстарын атайды.<br>Жанар-жағармай мұнайдан алынады. Әтірлер, иіссудың түрлері де мұнайдан жасалады. Кешке сендер отбасымен бірге үйде бас қосасыңдар. Үйді құрылысшылар салды: кірпішін қалады, жылы болсын деп сыртын қаптады, терезесі мен есіктерін салды, ақтады. Үйді біз газбен немесе тас көмірмен жылытамыз. Таскөмір қара түсті, қатты, бірақ үгілгіш болып келеді. Темір рудасы қара түсті, қатты, нығыз зат. Ол металл заттарды өзіне тартады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Балаларды «объективті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құлын қандай?<br>Құлын кішкентай.<br>Мынау – бұзау. Мынау не?<br>Мынау – бұзау.<br>Бұзау кішкентай.<br>Бұзау қандай?<br>Бұзау кішкентай.<br>Мынау – қошақан.<br>Мынау не?<br>Мынау – қошақан.<br>Қошақан кішкентай.<br>Қошақан қандай?<br>Қошақан кішкентай.<br>Мынау – бота. Мынау не?<br>Мынау – бота.<br>Мынау – лақ. Мынау не?<br>Мынау – лақ.<br>Лақ кішкентай.<br>Лақ қандай?<br>Лақ кішкентай.<br>Балалар жаңа сөздерді қайталайды.<br>Сөздерде ұ дыбысының дұрыс айтылуына назар аударады.<br>**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>Ұ-ұ-ұ-ұ-<br>құлын-құлын – құлын<br>Ұ-ұ-ұ-ұ – бұзау – бұзау - бұзау<br>**Сергіту сәті:**<br>Қошақаны қойдың,<br>Қайда қалып қойдың?<br>Бұлтиып тұр бүйірің<br>Қай өрістен тойдың?<br>Үй жануарларын қалай шақыратыны туралы айтылады, балалар айтып жаттығады. Қойды «пұшайт-пұшайт», – деп шақырады.<br>Жылқы – құрау-құрау<br>Сиыр – аухау-аухау<br>Ешкі – шөре-шөре | орналастырамыз.<br>Педагогтің көмегімен балалар торсықты қалауы бойынша безендіреді.<br>Ермексазды ұзыншалап созып және есіп, «Қошқармүйіз» оюымен әшекейлеуге болады.<br>Балалар жұмысқа кіріседі.<br>Педагог әр баламен жеке жұмыс жүргізеді.<br><br><br> | дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, дос, зырылдауық, жалбыз, гүл, дөңгелек, ғарышкер, жер, бал т.б.*<br>Балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, рауғаш, лалагүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*<br>**Түсіну деңгейі: *«Буынға буын қос»дидактикалық жаттығуы*** *(Педагог балаларға суреттер көрсетеді).*<br>–Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: *ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын, дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, ко...ян, ал...мұрт, май..мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ,* | **Қолдану деңгейі:**<br>Балалар ертегіні сахналайды.<br>Санамақ арқылы қасқыр, түлкі және лақтардың рөлдері бөлінеді. Балалар қалпақтарды киеді.<br>Автордың сөзін педагог айтады**.**<br>Педагог: *Ақ лақ пен қара лақ әрі жүгіреді, бері жүгіреді.*<br>Қара лақ:<br>Сен Ақ Лақсың, түк білмейтін ақымақсың. Мені әрлі-берлі сүйреп жүріп, ақыры адастырдың.<br>Педагог: *Ақ лақ әрі ойланып, бері ойланып, жүрген жерлерін еске түсіреді де жүгіре жөнеледі, алдарынан түлкі шыға келеді.*<br>Түлкі:<br>Әдемі лақтар, менің үйіме қонақ болып кетіңдер.<br>Ақ лақ:<br>Түлкі, бізді Қасқыр қонаққа шақырды. Бізбен бірге жүр.<br>Педагог: *Түлкі лақтарға еріп жүреді, алдарынан ақырып Қасқыр шыға келгенде Түлкі қашып кетеді.*<br>Қасқыр:<br>Р-р-р, менің қарным аш, сендерді жеп қоям!<br>Ақ лақ:<br>Қасеке, әнеки, ана төбенің басында, қара тастың қасында, бізді Арыстан күтіп отыр.<br>Қара лақ:<br>Бәәәә, Арыстанды қара.<br>Педагог: Қасқыр қатты | **деректер бойынша бөлу» техникасының көмегімен топтарға бөлінуге шақырады.**<br>Балаларға құм, сазбалшық пен көмірді зерттеп көру туралы ұсыныс жасайды.<br>Адамның оларды қалай пайдаланатынын нақтылауды сұрайды.<br>Балалар: Шағын зертханаларда (шағын топта) жұмыс істейді.<br>Пайдалы қазбалардың өздеріне тән ерекшеліктерін айтады. Сазбалшық құрылыста кеңінен қолданылады.<br>Кірпішті балшықтан жасайды. Сонымен қатар, балшықтың түрлі сұрыптарынан фарфор, фаянс, отқа төзімді материалдар жасайды.<br>Балшық – қалдық жыныс. Таскөмір қара түсті, қатты, бірақ үгілгіш келеді. Құм – өте ұсақ түйірлі жыныс. Құм түйіршік түрінде болып келеді, сусылдақ. Оны құрылыста қолданады. Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>Темір кенінен (темір рудасынан) жасалған заттарды белгіле. Құмнан не соғуға болады?<br>Ойланып көр және суретін сал.<br>**Балаларды «Аукцион» ойынын ойнауға шақырады:**Әртүрлі заттарды аукционға шығарады. Ең соңында заттың пайдаланылуы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Түйе – көс-көс<br>**Дидактикалық ойын: «Нені шақырдым?»** үй жануарларын шақырады, балалар оны атап, ойыншықтарды көрсетеді.<br>Жұмыс дәптермен жұмыс.<br>Суретке қара. Аулада не бар? Енесі мен төлдерін жұптастыр.<br>Суретке қара. Ата. Атауында «Ұ» дыбысы бар төлдердің суреттерін қызыл қарындашпен қорша.<br>Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Доппен ойын: «Мен 5 үй жануарын білемін».**<br>**Ойынның мақсаты:** сөздерді бекіту, ойлауға дағдыландыру.<br>**Шарты:** допты жерге ұрған сайын бір сөз айтады. | | *түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ т.б.*<br>**«Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта»дидактикалық жаттығуы**<br>– Балалар мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.<br>-р- (*ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаш, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ, қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат* т.б.);<br>-ә- ( *әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.*);<br>-м- (*мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.).*<br>**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық»**<br>Әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі | сасқалақтайды, әрі-бері алақтап тұрады. Қасқыр: Бәлесінен аулақ. Бар жандарыңның барында кетіңдер, түге! Педагог: *Қасқыр қаша жөнеледі.*<br>Ақ лақ, Қара лақ: Алақай!!!<br>Педагог: *осылайша қорықпаған екі лақ, қырды асып өз үйірлерін табады.*<br>**Жұмыс дәптермен жұмыс.**<br>Суреттер бойынша ертегіні ретімен әңгімеле.<br>Суретке қарап, ата. Атауында «Қ» дыбысы бар жануарларды қорша.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. | туралы ұсыныс жасаған бала жеңеді. Кезекпен нысанды пайдалану жолдарын атап береді.<br>П: Құм қай жерлерде пайдаланылады?<br>Б: Құрылыста, біздің құмсалғышта пайдаланады, құммен өрт сөндіреді, эксперименттер жасауға болады.<br>**Сергіту сәті**<br>Еркін ұста денеңді,<br>Тарсылдатпай еденді.<br>Орнымыздан тұрып ап,<br>Жүгірейік бір уақ.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш.<br>Аяқты алға созайық,<br>Тік көтеріп, қозғайық.<br>Тым сылбыр да болмайық,<br>Алға қарай озбайық.<br>Бір, екі, үші, бір, екі, үш. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойыншықтарды шығарады (*бота, құлыншақ, аю, мысық, мәшине*). Балалар ойыншықтар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдер құрап береді. Педагог балалардан сөйлемдегі сөздерді ретімен айтуға тапсырма береді. Мысалы, бірінші сөз – Мәлік, екінші сөз – ботамен, үшінші сөз – ойнады. Сөйлемнің сызбасын сызады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Суреттерді ата. Бірінші дыбысты анықта. Жуан дауысты дыбыстан басталса сары шарға, ал жіңішке дауысты дыбыстан басталса, қызыл шарға сызықпен қос. Дыбыстық талдау жаса.<br>Тақтаға «кесе» сөзінің дыбыстық сызбасын іліп, балаларға өз орындарында дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар орындарында орындайды. Балалар тақтадағы дыбыстық талдау мен өз дыбыстық талдауларын тексереді.<br>**Кесе** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>**Кесе** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар.<br>**К** – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Е** – жіңішке дауысты дыбыс. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **С** – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Е** – жіңішке дауысты дыбыс.<br>Педагог тақтаға «асық» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі.<br>**Асық** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс.<br>**С** – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>**Ы** – жуан дауысты дыбыс.<br>**Қ** – қатаң, дауыссыз дыбыс.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Қайшы**<br>Қолымызды алшақ алып тұрамыз,<br>Қайшы болып қағазды да қиямыз.<br>Қолды соз, шынтақты бүкпе,<br>Жаттығу қиын емес түк те.<br>**Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)**<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Кіп-кішкентай саусақтар<br>Шаршамайды, тынбайды.<br>Себебі бұл саусақтар<br>Жаттығулар жасайды.<br>Түрлі-түрлі сызықтарды<br>Дәптерлерге жазады.<br>Еңбексүйгіш саусақтар<br>Бәрінен де озады. | | |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын.**

**Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Тымақ ұру»**

**Басты міндеттері: Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету,қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.**



**Аз қимылды ойын.**

**Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Тымақ ұру»**

**Ойын міндеттері:** Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.

**Әдістемелік нұсқау:** "Тымақ ұру" ойыны үшін газеттен жасалған "тымақ" та жарай береді. Оған қоса биіктігі бір метрдей қада, белбеу мен орамал қажет. Қаданы мәреден 20 қадамдай жерге қағып, соның басына тымақ кигізіледі. Ойыншының көзі орамалмен байланып, қолына белбеу ұстатылып, мәреден жіберіледі. Ол көзі ашық кезде көрген зердесіне сүйене отырып қазықты тауып, белбеумен соның басына кигізілген бас киімді ұрып түсіруі керек.

**Ойын шарты:**

Ойын жазық кең алаңда ойналады. Ойынға қатынасушылар екі жарым метрдей таяқты жерге қадайды да, оның басына тымақ, не малақайды іліп қояды.

Ортаға бір ойыншы шығады. Оған таяқтың басында ілулі тұрған тымақты (не малақайды) көрсетеді де орамалмен көзін көрмейтіндей етіп мықтап байлайды.

Ойын кезектесіп жүргізіле береді. Тымақты ұрып түсіре алмағандар айып тартады. Олар айыптарына ән, тақпақ орындап, аяғы ойын-сауыққа айналады

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баланың тілі – бал».<br>Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен қайталатады<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Ана»** сөзіне дыбыстық талдау жасауды ұсынады.<br>**А** – жуан дауысты.<br>**Н** – үнді дауыссыз.<br>**А** – жуан дауысты.<br>Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық».<br>Дәптермен жұмыс.<br>Дәптердегі тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді.Аналарына өмір бойы көмекші болу әр баланың парызы екенін айта келе, өлең жолдарын жаттап алуды ұсынады.<br>Апам үшін күнде мен,<br>Отынға ағаш жарамын.<br>Су құямын гүлге мен,<br>Дүкенге де барамын.<br>*(Қ.Мырза Әли)* | жануар. Бұл не ғажайып үй? (Орман)<br>**Түсіну деңгейі: Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады.**<br>Балаларға орманға серуендеп қайту туралы ұсыныс жасайды. Әліппе-дәптердегі тапсырмалардың көмегімен балаларды мәселені іздеуге, шешуге жұмылдыру: Орманның суретін мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап бер. Суретте не бейнеленген? Ең биік ағаштарды ата (қарағай, шырша).<br>Суретші мұнда қандай бұталардың суретін салыпты? (Бөртегүл).<br>Суретте шөп бар ма?<br>Орманда нелер мекендейді?<br>Балалар суреттерді қарап шығады. Орманды қандай жануарлар мекендейтінін, онда қандай ағаштар өсетінін айтады. Суретте қайсы ағаштың биік, қайсысының аласа екенін, орманда қандай бұталар өсетінін анықтайды.<br>Ормандағы өсімдіктерді көп қабатты үйдің қабаттарымен салыстыруға болады деген тұжырым жасайды.<br>Үлгілеумен айналысады.Топтарға бөлініп, педагогтің алдын ала дайындаған орман суретіне жануарларды орналастырады. Орман қабаттарын айтады.<br>Жануарлардың көпшілігі төменгі қабаттарды тұрады. | Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды?<br>Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Қай қыздың әрекеті ұнады?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ертегіні қайталап есімізге түсірейік.<br>Көмекші сұрақтар қоя отырып, ертегіні 3-4 балаға оқиға желісін сақтап қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретке қарап, тақырып ойлап тап.<br>Суретте анасы, қыздары немен айналысып жатыр деп ойлайсың?<br>Суретке қарап, кейіпкерлердің көңіл күйін сипатта.<br>Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіндегі оқиғаларды салыстырыңдар.<br>**Мақалдың мағынасын түсініп ал:**<br>«Ана алдында – құрмет, Ата алдында – қызмет».<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жақсы сергіп қалайық.<br>**Үш қыз**<br>**(татар халық ертегісі)**<br>Ерте заманда бір әйелдің үш қызы болыпты.<br>Қиыншылыққа қарамай, күні-түні еңбектеніп, оларды елден кем қылмай | Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы. «Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады?<br>Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін.<br>«Күшік пен Мысық»<br>Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі.<br>Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр.<br>Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік.<br>Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді.<br>Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр.<br>Қасқыр:<br>Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды.<br>Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі.<br>Мысық, мен сені жеймін, – дейді.<br>Мені тойдыр, күшік.<br>Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді.<br>Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай?<br>Көзің бозарып, құлағың | **Сұрақ-жауап:**<br>Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды?<br>Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Қай қыздың әрекеті ұнады?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ертегіні қайталап есімізге түсірейік.<br>Көмекші сұрақтар қоя отырып, ертегіні 3-4 балаға оқиға желісін сақтап қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретке қарап, тақырып ойлап тап.<br>Суретте анасы, қыздары немен айналысып жатыр деп ойлайсың?<br>Суретке қарап, кейіпкерлердің көңіл күйін сипатта.<br>Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіндегі оқиғаларды салыстырыңдар.<br>**Мақалдың мағынасын түсініп ал:**<br>«Ана алдында – құрмет, Ата алдында – қызмет».<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жақсы сергіп қалайық.<br>**Үш қыз**<br>**(татар халық ертегісі)**<br>Ерте заманда бір әйелдің үш қызы болыпты.<br>Қиыншылыққа қарамай, күні-түні еңбектеніп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жерде жауынқұрттар мен түрлі қоңыздар тұрады. Көртышқандар жер астын мекен етеді.<br>**Қолдану деңгейі:** Біздің әрқайсымыздың үйіміз бар. Сол сияқты орман тұрғындарының да өз үйлері бар.  Досыңды «Қайсысы қайда тұрады?» ойынын ойнауға шақыр.<br>Қарындашты пайдаланып, жануарды тұратын үйімен қос. Кітаптардың, энциклопедиялар мен ересектердің көмегімен қылқанжапырақты орманды нелер мекендейтінін анықтап біл. Анықтайды:<br>Аю қайда тұрады?<br>Апанда тұрады.<br>Қасқыр қайда тұрады?<br>Інде, апанда.<br>Құстар қайда тұрады?<br>Тиін қайда тұрады?<br>Түлкі қайда тұрады?<br>Құмырсқа қайда тұрады?<br>Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді.<br>Қылқанжапырақты орманда тіршілік ететін бір жануардың суретін салады. Әңгімелеп беруді, орманға саяхаттан алған әсерлерімен бөлісуді сұрайды.<br>**Сергіту сәті :**<br>Орманның біз емшісіміз<br>Тоқ, тоқ, тоқ *(Партаны үш рет ұрады).*<br>Құрт біткенді жоқ етеміз.<br>Жоқ, жоқ, жоқ, *(Қимылмен көрсетеді).*<br>Тоқ, тоқ, тоқ,<br>Жоқ, жоқ, жоқ. | өсіріпті. Үш қызы да бірі бірінен асқан әдемі, сұлу болыпты. Уақыт өтіп, қыздары өсіп, бойжетіп, кезегімен күйеуге шығып, жан-жаққа кетіп, аналары жалғыз қалыпты. Көп жылдар өткен соң аналары қартайып, ауырып жатып қалады. Қатты ауырған әйел жақын маңдағы орманда тұратын сары тиінді шақырып, өтініш жасайды:<br>Тиін, тиін, маған қыздарымды шақырып берші!<br>Сары тиін қыздарды іздеп кетеді. Тиін үлкен қыздың үйіне келіп, терезесін қағады:<br>Аналарың қатты ауырып жатыр, тез жет!– дейді оған сары тиін.<br>Әттеген-ай! Мен барар едім, бірақ мына тегешті тазалауым керек,– деп алдындағы тегешті көрсетеді үлкен қыз.<br>Анаңнан саған тегеш артық болғаны ма? – деп ашуланады тиін. – Олай болса, осы тегешіңнен айырылма!<br>Тиін осы сөзді айтқаны сол екен, тегеш қыздың үстіне жабысып, үлкен тасбақаға айналдырып жібереді.<br>Сиқыршы сары тиін әйелдің ортаншы қызына барады:<br>Аналарың қатты ауырып жатыр, тез жет! – дейді.<br>Қап! Мен қазір-ақ барар ем, бірақ жәрмеңкеге сату үшін | салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік:<br>Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі.<br>Сонда Мысық:<br>Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Педагог сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрайды.<br>Балалар, ертегі сендерге ұнады ма?<br>Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші.<br>Күшік келе жатып неге жолығады?<br>Қасқыр не дейді?<br>Күшік не дейді?<br>Екеуі келе жатып нелерді көреді?<br>Қасқыр нені жейді?<br>Тойған Қасқыр Күшікке не дейді?<br>Іші пысқан Күшік неге жолығады?<br>Мысыққа не дейді?<br>Мысық не дейді?<br>Күшік жолда нелерді көреді?<br>Түйеге күшіктің шамасы келе ме?<br>Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен.<br>Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу). | оларды елден кем қылмай өсіріпті. Үш қызы да бірі бірінен асқан әдемі, сұлу болыпты. Уақыт өтіп, қыздары өсіп, бойжетіп, кезегімен күйеуге шығып, жан-жаққа кетіп, аналары жалғыз қалыпты. Көп жылдар өткен соң аналары қартайып, ауырып жатып қалады. Қатты ауырған әйел жақын маңдағы орманда тұратын сары тиінді шақырып, өтініш жасайды:<br>Тиін, тиін, маған қыздарымды шақырып берші!<br>Сары тиін қыздарды іздеп кетеді. Тиін үлкен қыздың үйіне келіп, терезесін қағады:<br>Аналарың қатты ауырып жатыр, тез жет!– дейді оған сары тиін.<br>Әттеген-ай! Мен барар едім, бірақ мына тегешті тазалауым керек,– деп алдындағы тегешті көрсетеді үлкен қыз.<br>Анаңнан саған тегеш артық болғаны ма? – деп ашуланады тиін. – Олай болса, осы тегешіңнен айырылма!<br>Тиін осы сөзді айтқаны сол екен, тегеш қыздың үстіне жабысып, үлкен тасбақаға айналдырып жібереді.<br>Сиқыршы сары тиін әйелдің ортаншы қызына барады:<br>Аналарың қатты ауырып жатыр, тез жет! – дейді.<br>Қап! Мен қазір-ақ барар ем, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тоқыма дайындап жатырмын, – деп жауап береді ортаншы қыз.<br>Ашуланған тиін:<br>Саған анадан тоқыма қымбат болса, өмір бойы тоқыма тоқы! – деп, өрмекшіге айналдырып жібереді.<br>Сиқыршы сары тиін әйелдің үлкен екі қызына көңілі толмай ренжіп, үшінші кенже қызына келеді:<br>Анаң қатты ауырып жатыр, тез жет! – деп сары тиіннің айтқаны сол еді, кіші қызы илеп жатқан нанын қоя салып, былғанған қолымен анасына жүгіріп кетеді.<br>Сенің жүрегің қандай жұмсақ! Саған да адамдар әрқашан қайырымды болсын! Өмірің ұзақ болсын! Бақытты бол! – деп тиін қызға алғысын білдіреді.<br>Сөйтіп, әлгі әйелдің кенже қызы көп уақыт бақытты өмір кешті. Сары тиін оны адамгершілігіне, қамқорлығына қарай еңбекқор балараға айналдырады. Содан балараның алдыңғы екі аяғы әрқашанда тәтті балға малынып, жүрген жеріне шаттық пен қуаныш сыйлайды екен. | **Сергіту сәті:**<br>Керіледі мысық,<br>Көзін жаймен қысып.<br>Жүгіреді  күшік,<br>Аула ішін кезіп.<br>Екі тілде аудармаларды айтып өтеді.<br>Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді.<br>**Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал».**<br>Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады. | бірақ жәрмеңкеге сату үшін тоқыма дайындап жатырмын, – деп жауап береді ортаншы қыз.<br>Ашуланған тиін:<br>Саған анадан тоқыма қымбат болса, өмір бойы тоқыма тоқы! – деп, өрмекшіге айналдырып жібереді.<br>Сиқыршы сары тиін әйелдің үлкен екі қызына көңілі толмай ренжіп, үшінші кенже қызына келеді:<br>Анаң қатты ауырып жатыр, тез жет! – деп сары тиіннің айтқаны сол еді, кіші қызы илеп жатқан нанын қоя салып, былғанған қолымен анасына жүгіріп кетеді.<br>Сенің жүрегің қандай жұмсақ! Саған да адамдар әрқашан қайырымды болсын! Өмірің ұзақ болсын! Бақытты бол! – деп тиін қызға алғысын білдіреді.<br>Сөйтіп, әлгі әйелдің кенже қызы көп уақыт бақытты өмір кешті. Сары тиін оны адамгершілігіне, қамқорлығына қарай еңбекқор балараға айналдырады. Содан балараның алдыңғы екі аяғы әрқашанда тәтті балға малынып, жүрген жеріне шаттық пен қуаныш сыйлайды екен. |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| ***2 үзіліс – 10:00 – 10:30*** | | | | | |

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Аз қимылды ойын: *«БОТАҚАН»(Қазақ халқының ойыны)***

**Басты міндеттері: Балалардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.**











**Аз қимылды ойын: *«БОТАҚАН»(Қазақ халқының ойыны)***

**Ойынның міндеттері:**Балалардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.

**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.

**Мазмұны:** Ойыншылар өз орталарынан атан түйе мен мыстан кемпір сайлап алады. Қалғандары, яғни ботақандар атан түйенің артынан бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрады. Мыстан кемпір «ұшқыш сыпыртқысымен» атан түйенің алдына «ұшып келіп»: «Керуен, қайдан келе жатырсың, қайда  кетіп барасың?» деп, артындағы ботақандарының біреуін беріп кетуін сұрайды. Бірақ оған атан түйе келіспейді. Сонда мыстан кемпір жүгіріп жүріп керуеннің соңындағы ботақанды күшпен тартып алуға әрекеттенеді. Ал атан түйе мыстан кемпірді ең соңғы ботақанға жібермеуге тырысады. Ботақанды ұстап алса, мыстан кемпір оны үйіне апарып қойып келіп, енді келесі соңғы ботақанды ұстап алуға әрекет етеді. Осылай 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.

**Ойынның ережесі**

1. Ойыншылардың бір – бірінің белінен ұстап тізіліп жүргені бағаланады.
2. Тартып алу кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.

**Әдістемелік нұсқаулар.**

Ойынды 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.

**Ойынның педагогикалық маңызы.**

Секіру,жүгіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті           уақыты: 10.30 – 10.55**

| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. | **3.Жапсыру-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс- | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **ҰІӘ тақырыбы:** Аулада.<br>**ҰІӘ міндеттері: -**қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауға жаттықтыру. Үй жануарлары туралы алған білімдерін, яғни жаңа сөздерді бекіту.<br>**-**ойлау, зейін қойып тыңдау секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Есту және мәтіннен таныс сөздерді таба білу қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды**: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** үй құстарын және үй жануарларын атайды.<br>**Түсінеді:** үй жануарлары мен үй құстарына адамдар қамқор болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** зейін қойып тыңдайды, таныс сөздерді мәтіннен таба алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Кішкентай әліппе<br>Бота: Б-ны Ө- ге қосып, «Бө», – дейді.<br>Лақ: М-ны Е-ге қосып, «Ме», – дейді.<br>Қозы: М- ны Ә- ге қосып, «Мә» – дейді.<br>Ал мен: М-ны А-ға қосып, «Ма», – деймін,<br>«Ма-ма», – деймін, | әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Орамалды әшекейле.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау;<br>-ұқыпты жапсыруға үйрету;<br>-саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу;<br>-сенсорикалық тәрбиені дамыту;<br>-достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: түстерді сәйкестендіріп сәндеу техникасы бойынша түрлі өлшемдегі үшбұрыштарды қиюға, бұйымды әшекейлеу тәсілдерін еркін қолдана алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** геометриялық пішіндерді қиып жасайды;<br>**Түсінеді:** орамалдың тұрмыста қажеттігін;<br>8 Наурыз аналар мерекесіне сыйлық жасау керектігін;<br><br>**Қолданады:** түстерді сәйкестендіріп отырып ұқыпты жұмыс істеуді.<br><br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог балаларды орамалдан жасалған көрмеге алып барып, көрмедегі заттардың атауы, пішіні, өрнегі, түсі, қолданылуы жайлы сұрайды.<br>– Балалар, нені тамашалап тұрсыңдар? Наурыз айында | әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік? [ч]<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру;<br>-сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру;<br>-қайырымды болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** суретке қарап сөйлем құрайды, сызбасын сызады, суреттегі заттың атауына сызба құрайды.<br>**Түсінеді:** сөйлем неден құралатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** сөйлем сызбасын дұрыс қолдана алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Кім не істейді?» ойынын ойнау арқылы балаларды ұйымшылдыққа шақыра отырып оқу қызметін бастайды.<br>Шофер не істейді?<br>Ұшқыш не істейді?<br>Етікші не істейді?<br>Бағбан не істейді?<br>Ұста не істейді?<br>**2. Негізгі бөлім**<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>Педагог: | **ҰІӘ тақырыбы:** Жабайы жануарлар.<br>**ҰІӘ міндеттері: -**қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**-**жаңылтпаш, ойындар арқылы тіл байлықтарын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және дикцияны дамыту.<br>**Дағды:** Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жаңылтпаш, жабайы жануарларды қайталайды**.**<br>**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді.<br>**Қолданады:** жабайы жануарлардың қазақша атауын айтады, жай сөйлеммен жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өткен «Аулада» тақырыпты қайталау. Ойын: «Мен 5 үй құстарын білемін» *үй құстарының атауларын қима суреттер арқылы қайталау.* Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан<br>алады, ойын соңында фишкалар саналып, | әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Орман(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қылқанжапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсінік қалыптастыру;<br>-топпен жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік компетенцияларды дамыту;<br>-туған табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге,сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**орманды мекендейтін бірнеше жануарды атап береді.<br>**Түсінеді:**жануарлардың орманда орналасу қағидасын; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің тіршілік ететін орманмен байланысын.<br>**Қолданады**:өз бетінше жұмыс істеу қабілеті, үлгілеу қабілеті.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Орман» өлеңін тыңдайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Мама!» – деймін.<br>Ж. Смақов<br>Қандай төлдер аталды?<br>Бота не дейді?<br>Лақ не дейді?<br>Қозы не дейді?<br>Үй жануарлары қайда тұрады?<br>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада».<br>**Түсіну деңгейі: Жаңа сөздермен таныстыру.**<br>Балалар, мынау – аула.<br>Мынау не?<br>Мынау – аула.<br>Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады).<br>Аулада  не болуы мүмкін?<br>*Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.*<br>Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады.<br>Аулада сиыр бар. т.с.с.<br>Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді.<br>Мынау не? Аулада тауық (әтеш) бар.<br>Құстардың суреттерін аулаға орналастырады<br>Мынау – қаз.<br>Қаз – үй құсы.<br>Мынау – ... (қаз).<br>Қаз қандай құс?<br>Қаз – үй құсы.<br>Аулада қаз бар.<br>Аулада не бар?<br>Аулада қаз бар.<br>Мынау – үйрек. Үй-рек.<br>Мынау не?<br>Мынау – үйрек.<br>Үйрек – үй құсы.<br>Үйрек қандай құс?<br>Үйрек  – үй құсы.<br>Аулада үйрек бар. | болатын қандай мерекелерді білесіңдер? 8 Наурыз қандай мереке?<br>– Ал сендер аналарыңа сыйлық жасағыларың келе ме? Олай болса, аналарға арналған орамалды әшекейлейік.<br>Үлестірмелі материалдың 70-бетіндегі орамалдың суретіне назар саламыз.<br>– Орамалдың пішіні неге ұқсайды?<br>– Түсі қандай?<br>– Өрнектері қандай пішінді?<br>**Түсіну деңгейі:** Үлгі сызық бойымен үшбұрыштарды қиып, оларды бәріміз бірге қосылып санаймыз.<br>– Балалар, неше үшбұрыш қидық?<br>– Неше үлкен үшбұрыш бар?<br>– Дұрыс айтасыңдар, қалған17-сі кішкене үшбұрыштар. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көмектеседі. Қиып алған үшбұрыштарымызбен 71-беттегі үлгі орамалды әшекейлеп жапсырайық.<br>Сол жағына 7 үшбұрыш жапсырамыз.<br>Оң жағына да 7 үшбұрыш жапсырамыз.<br>Бір үшбұрышты орамалдың ұшына жапсырамыз.<br>Үлкен үшбұрышты және екі кішкене үшбұрышты ортасына жапсырамыз.<br>**Қолдану деңгейі:** Балалар, орамал әр-түрлі болады. төрт бұрышты, үш бұрышты,гүлді, әртүрлі | Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?<br>Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?<br>Буында неше дауысты дыбыс болады?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»<br>Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса,  балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын: «Дұрыс таңда»<br>(*Педагог тақтаға  алма, ағаш суреттерін және олардың дыбыстық сызбасын  іледі.*<br>– Сөздегі дыбыстарды анықтаңдар.  Қай сөзге қандай дыбыстық сызба тиісті?<br>Балалар дыбыстық талдау жүргізеді. Суреттерді тиісті сызбамен саластырады. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі.<br>**Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»**<br>–Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті | жеңімпаз анықталады.<br>**ТРИЗ: «Бұл қандай жабайы жануар?»**<br>*берілген суреттерден білетін жабайы жануарларды сипаттап табу.*<br><br>Мынау қандай жабайы жануар?<br>Мынау – қоян.<br>Бұл қоянның құлағы.<br>Мынау – қасқыр.<br>Бұл қасқырдың аяғы.<br>Мынау – аю.<br>Аюға бал ұнайды.<br>Мынау – түлкі.<br> Бұл – түлкінің құйрығы.<br>Кима  материалдармен жұмыс.<br>**Түсіну деңгейі: Жаңа сөздермен таныстыру.**<br>Мынау – арыстан.<br>Мынау не?<br>Мынау – арыстан.<br>Арыстан үлкен.<br>Арыстан қандай?<br>Арыстан үлкен.<br>Мынау – жолбарыс.<br>Мынау не?<br>Мынау – жолбарыс.<br>Жолбарыс үлкен.<br>Жолбарыс қандай?<br>Жолбарыс үлкен.<br>Мынау – піл.<br>Мынау не?<br>Мынау – піл.<br>Піл  ең үлкен жануар.<br>Піл қандай жануар?<br>Піл ең үлкен жануар.<br>Мынау – керік.<br>Мынау не? | Аппақ қайың, қарағай<br>Қосылыпты табысып.<br>Сұлу терек, жасыл желек<br>Құшақтасып қабысып,<br>Қарағайым, жұпар майың<br>Жібек жолмен аңқиды.<br>Балалардың алған білімін нығайту мақсатында сұрақтар қояды. Балалардан орманның «орман үйі» деп аталу себептерін сұрайды.<br>Балалар орман туралы жұмбақтың шешуін табады:<br>Ағаштардан тұратын үй – қызық үй.  Үй толы – жан-жануар. Бұл не ғажайып үй? (Орман)<br>**Түсіну деңгейі: Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады.**<br>Балаларға орманға серуендеп қайту туралы ұсыныс жасайды. Әліппе-дәптердегі тапсырмалардың көмегімен балаларды мәселені іздеуге, шешуге жұмылдыру: Орманның суретін мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап бер. Суретте не бейнеленген? Ең биік ағаштарды ата (қарағай, шырша).<br>Суретші мұнда қандай бұталардың суретін салыпты? (Бөртегүл).<br>Суретте шөп бар ма?<br>Орманда нелер мекендейді?<br>Балалар суреттерді қарап шығады. Орманды қандай жануарлар мекендейтінін, онда қандай ағаштар өсетінін айтады. Суретте қайсы ағаштың биік, қайсысының аласа екенін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аулада не бар?<br>Аулада үйрек бар.<br>Мынау – күркетауық.<br>Күр- ке- тау- ық.<br>Мынау не?<br>Мынау – күркетауық.<br>Күркетауық – үй құсы.<br>Күркетауық қандай құс?<br>Күркетауық – үй құсы.<br>Аулада күркетауық бар.<br>Аулада не бар?<br>Аулада күркетауық бар.<br>**Қолдану деңгейі:** шағын мәтінді оқиды.<br>Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық.<br>Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді.<br>Ойын: «Жалғастыр».<br>Педагог бастайды, балалар аяқтайды.<br>Үй жануарлары не жейді?<br>Үй жануарлары ... жейді.<br>Мысық нені жақсы көреді?<br>Мысық ... жақсы көреді.<br>Мысыққа сүтті кім береді?<br>Адамдар мысыққа ... береді.<br>Адамдар құстарға жем береді.<br>Адамдар құстарға не береді?<br>Адамдар құстарға ... береді.<br>(Жем сөзін айтып жаттығады).<br>Малдың баласын сүюі<br>Қой сүйеді баласын:<br>«Қоңырым», – деп, –<br>Ештеңені білмейтін<br>момыным», – деп.<br>Сиыр сүйеді баласын:<br>«Торпағым, – деп, – | өрнекті, түрлі түсті немесе аппақ бір түсті болады.<br>Орамалыды әжелер, мамалар бастарына тартады. Жұқа, қалың түрлері де болады.<br>**Ойын: «Орныңды тап»**<br>- Балалар ойын ұнады ма?<br>- Сендер бүгін не жасап үйрендіңдер?<br>- Оны кімге жасап бердіңдер?<br>- Осылай үлкендерге көмектесіп жүрелік, ойынға жақсы қатыстыңдар, рахмет!<br>Релаксация.<br>Орамалды сыйқырлау.<br>Балалар үстелді айналып тұрады, ең әдемі жасалған орамалды сыйқырлайды.<br>(қолдарымен қимылдар жасап,ауыздарымен үрлейді, осы кезде әдемі шын орамал шыға келеді)<br>Тербеледі ағаштар,<br>Бетіме жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Биік болып өседі.<br> | атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар.<br>Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Кері сөзді ата»(доппен)<br>–Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы: *жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз, қайырымдықайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты- тәтті, жапты-ашты, кіршық, таза-лас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын:<br>«Буынға бөл»<br>–Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынға бөліңдер.<br>Мысалы: *жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, түйе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, шие, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал- ма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қо-* | Мынау – керік.<br>Керіктің мойны ұзын.<br>Керіктің мойны қандай?.<br>Керіктің мойны ұзын.<br>Мынау– маймыл.<br>Мынау не?<br>Мынау– маймыл.<br>Балалар жаңа сөздерді қайталайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>(айнамен орындалады).<br>І-і-і-і- піл-піл- піл.<br>І-і-і-і – керік – керік – керік.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Аудармашы»:** педагог орыс тілінде жануарларды атайды, балалар қазақ тіліне аударады: лев, тигр, обезьяна, слон, жираф, медведь, дикие животные.<br>Жаңылтпаш жаттау.<br>Арыстан Арысқа Барса да,<br>Арыстан ары<br>Алысқа бара алмайды.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Ойын: «Дауысынан таны»:** *үнтаспадан жабайы жануарлардың дауысын тыңдап, ажырату.*<br>**Сергіту сәті:**<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлерден<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын салып көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап<br>Көжегі екен өзінің. | орманда қандай бұталар өсетінін анықтайды.<br>Ормандағы өсімдіктерді көп қабатты үйдің қабаттарымен салыстыруға болады деген тұжырым жасайды.<br>Үлгілеумен айналысады.Топтарға бөлініп, педагогтің алдын ала дайындаған орман суретіне жануарларды орналастырады. Орман қабаттарын айтады.<br>Жануарлардың көпшілігі төменгі қабаттарды тұрады.<br>Жерде жауынқұрттар мен түрлі қоңыздар тұрады.<br>Көртышқандар жер астын мекен етеді.<br>**Қолдану деңгейі:** Біздің әрқайсымыздың үйіміз бар. Сол сияқты орман тұрғындарының да өз үйлері бар. Досыңды «Қайсысы қайда тұрады?» ойынын ойнауға шақыр.<br>Қарындашты пайдаланып, жануарды тұратын үйімен қос. Кітаптардың, энциклопедиялар мен ересектердің көмегімен қылқанжапырақты орманды нелер мекендейтінін анықтап біл. Анықтайды:<br>Аю қайда тұрады?<br>Апанда тұрады.<br>Қасқыр қайда тұрады?<br>Інде, апанда.<br>Құстар қайда тұрады?<br>Тиін қайда тұрады?<br>Түлкі қайда тұрады?<br>Құмырсқа қайда тұрады?<br>Балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қараңғыға баспайтын қорқағым», – деп.<br>Түйе сүйеді баласын:<br>«Боташым, – деп, –<br>Жәудіреген көзіңнен, тоташым», – деп. Ешкі сүйеді баласын:<br>«Лағым, – деп, –<br>Тастан тасқа секірген шұнағым», – деп.<br>Жылқы сүйеді баласын:<br>«Құлыным», – деп, – Тұлпар болып жүгірер жұлыным», – деп Педагог оқып, мазмұнын түсіндіреді.<br>Таныс сөздерді атау: қой, сиыр, түйе, ешкі, жылқы, бала. Мамаларың сендерді не деп еркелетеді? (Балалардың жауаптары).<br>Мен ботақаным, құлыным, қозым – деп еркелетемін. Ата-әже, аналар балаларын осылай еркелетеді. | <br> | *ян, түл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қа-лам, ше-лек, қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, кө-бе-лек* т.б.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Толқын»**<br>Айқастырып саусақтарды біз,<br>Толқындарды тербетеміз.<br>Шалқытып көк толқындарды,<br>Жайменен біз әндетеміз.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Партадағы саусақтар<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар<br>Сурет сала біледі.<br>Ортанғы мен сұқ саусақ<br>Түйеқұсты салады.<br>Төңкеріліп аспанға,<br>Қоян да бола қалады. | | Қылқанжапырақты орманда тіршілік ететін бір жануардың суретін салады. Әңгімелеп беруді, орманға саяхаттан алған әсерлерімен бөлісуді сұрайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орманның біз емшісіміз<br>Тоқ, тоқ, тоқ *(Партаны үш рет ұрады).*<br>Құрт біткенді жоқ етеміз.<br>Жоқ, жоқ, жоқ, *(Қимылмен көрсетеді).*<br>Тоқ, тоқ, тоқ,<br>Жоқ, жоқ, жоқ. |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын.**

**Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Ақырын – қатты»**

**Басты міндеттері: Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету,қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.**





**Аз қимылды ойын.**

**Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Ақырын – қатты»**

**Ойын міндеттері:** Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.

**Әдістемелік нұсқау:** Жүргізуші ойыншыларға теріс қарап тұрады, ал ұстаз балалардың біреуіне жасыруға бір зат береді. Барлық балалар зат кімде екендігін біледі. Жүргізуші затты жасырған ойыншыға жақындап келсе, балалар қатты шапалақтай бастайды, ал ол алыстаған сайын шапалақтар тыныш бола бастайды. Егер жүргізуші ұзақ уақыт сәтсіздікке тап болса, оны басқа ойыншы алмастырады.

**Ойын шарты:**

«Тап та үндеме»

Ұстаз алдын ала қандай да бір затты тығады және оны табуды ұсынады. Кімде-кім көрегер болса, ол ұстазға жақындап, оның құлағына айтады. Балалардың көпшілігі тапсырманы орындағаннан кейін, ұстаз неғұрлым зейінді ойыншыларды атайды.

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жан-жағыңа жылулық сыйла!<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабырғаға | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Көктем әндері.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық дыбысталуының | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Мұздағы ойын.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-денені түзу ұстап, тізені | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Көктем әндері.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Спорт түрлері.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қабырғаға допты соғып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаштап қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсуді жалғастыру;<br>-ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту;<br>-салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке тәрбиелеу.<br>**Дағды:** -қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** өзін-өзі уқалау, себетке доп лақтыру.<br>**Түсінеді:** гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаш қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түскенде қимылын түзетеді. Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.<br>**Қолданады:** түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, шеңбердің ішіне немесе шеңбердің сыртына екі аяқтап секіру, қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтау, | сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерін байланыстыру;<br>-сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып әндерді айту.<br>-ойын арқылы балаларды ептілікке,жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Балаларға арналған аспапта ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.<br>**Репертуар:** Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері, өңд. Б. Ерзакович) Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев) «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br>«Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>***Жасайды:*** ән орындайды, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалыстар жасайды.<br>**Түсінеді:** жыл құстары, қараторғай туралы мәліметтерді біледі, | жоғары көтере еркін жүруге, жүгіруге, тізе мен санды жоғары көтеріп, ырғақпен жүруге; зал ішінде бір-біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру.<br>**Дағды:** -көзмөлшерін, заттарды имек ағашпен алып жүргенде зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруын, шайбаны соғу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** имек ағаш пен түрлі тактикаларды пайдаланып целлулоид шарларды алып жүру, шайбамен кегельдерді соғып түсіру.<br>**Түсінеді:** геометриялық фигуралардың ерекшеліктерін**,** түрлі қимыл-қозғалыстар кезінде өзінің әрекеттерін басқалармен үйлестіруді.<br>**Қолданады:** кеңістікті бағдарлау, жағдайларға байланысты қозғалыс кезінде бағытты өзгерте алу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>**Тренинг-ойын:«Өзіңді тыңда»**<br>«Өзіңе қалай ыңғайлы, солай тұр. Көздеріңді жұмыңдар. Не естідіңдер? Сендерге не кедергі жасайды? Қандай дыбыстар кедергі жасайды? Сендерге шыныққан, дені сау | дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерін байланыстыру;<br>-сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып әндерді айту.<br>-ойын арқылы балаларды ептілікке,жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Балаларға арналған аспапта ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.<br>**Репертуар:** Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері, өңд. Б. Ерзакович) Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев) «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)<br>Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:<br>«Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>***Жасайды:*** ән орындайды, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалыстар | одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен еңбектеуді, гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.<br>**Дағды:** Кең адымдап жүгіру, бір-біріне допты кеудеден қағып алып, кеудеден лақтырып беру, тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп барып, екінші аяғын орындықтың қасымен айналдырып әкеліп аттап жүру дағдыларын, 3 метр қашықтықтан қалашықты қағып түсіру қабілетін, ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** қалашықты 3 метр қашықтықтан ұрып жығу, зат бейнесін елестетіп орындалатын бұлшық ет релаксациясына арналған жаттығулар.<br>**Түсінеді:** спорт түрлерін атау, спорттың денсаулыққа келтірер пайдасын саналы түсінеді, допты жұбының қолына лақтырып беру, доптан көз алмай қимылдау, нұсқауға қарама- қарсы қимылдарды орындау.<br>**Қолданады:** жүрістің түрлі техникасын орындау дағдыларын, сапқа тұру, қайта сап құру, Кең адымдап жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын жасау, кеңістікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңістікті барлау.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** «Жан-жағыңа жылулық сыйла».<br>«Балалар, бір-біріңнің көздеріңе жылулықпен қарасаңдар, сол жылулықты жүректеріңмен, алақандарыңмен сезінесіңдер. Кәне, сезесіңдер ме? Енді әрқайсысымыз қасымыздағыларға жылы лебіз білдіріп, ізгі ниеттер айтайық. Айтқан сөздерден жүрек жылуы бойымызға тарап, алақандарымыз ысып бара жатыр»<br>Жай жүріс пен аяқтың басымен қолдарын жоғары көтеріп жүруді, өкшемен қолдарын екі жаққа созып жүруді, аяғын бүгіп қолдарын беліне қойып жүруді, аяқтарын қолымен артқа сілкіп қағып жүруді кезектестіру. Тізбекпен жылдамдықты өзгерте отырып жүгіру.<br>**Түсіну деңгейі: Тыныс алуды қалыпқа келтіру.**<br>Төрт-төрттен тізбекке қайта тұру.**Текшелермен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары. (№2)**<br>Топтарға бөлініп негізгі қимылдарды жасау.<br>Баскетбол себетіне доп лақтыру.<br>Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете | түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:<br>Сулар ағып жылғадан,<br>Құстар әнін жырлаған.<br>Бұлт айдары желбірейді,<br>Бұл мезгілді қалай дейді?<br>Балалармен көктем туралы, көктемде қайтып оралатын жыл құстары туралы сұхбат жүргізу. Көктемде табиғатта болатын құбылыстар туралы әңгімелесу. Интерактивті тақтада көктем көріністері, жыл құстары туралы суреттер көрсету.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Музыка тыңдау:***<br>«Қараторғай» (Ақан сері, өңдеген Б. Ерзакович).<br>Көптеген әндер табиғатпен байланысты, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулер табиғат аясында жүрген құстарды әнге қосқан.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Көктем» (Д. Гусинцев).<br>Педагог әнді орындап, | болуға не кедергі болуы мүмкін?»<br>Балалар қоршаған ортадағы денсаулыққа зиянды, жағымсыз факторларды атап айтады. Денсаулығын қалыптан тыс жабдықтарды пайдаланып, нығайту ұсынылады».<br>**Түсіну деңгейі: «Ине-жіп»**<br>Бір-бірден тізбекпен бұралаңдап (ирелеңдеп) жүру. Жүріп келе жатып, бағытты өзгертуге назар аудару – геометриялық фигуралар түрінде көрсету: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ.<br>**«Түсіріп алма!».**<br>Бір затты алаң бойымен жұпта, сүйем қадам аттай отырып алып жүру ұсынылады. Балалар екі-екіден бір-біріне қарап тұрады. Имек ағаштарына екеуіне ортақ бір затты қойып, алаңның екінші жағына бірігіп жеткізеді. Әрекеттерін үйлестіріп, затты түсіріп алмауға тырысады.<br>**«Мұздағы кегельдер».**<br>Алаңқайдың ортасында кегельдер тұр.<br>Ойыншылар кегельге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады.<br>Имек ағашты дұрыс ұстауларын еске салу керек: бір қолымен (күші басымдау) имек ағаштың ұшынан, екінші қолымен | жасайды.<br>**Түсінеді:** жыл құстары, қараторғай туралы мәліметтерді біледі, түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: *Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:<br>Сулар ағып жылғадан,<br>Құстар әнін жырлаған.<br>Бұлт айдары желбірейді,<br>Бұл мезгілді қалай дейді?<br>Балалармен көктем туралы, көктемде қайтып оралатын жыл құстары туралы сұхбат жүргізу. Көктемде табиғатта болатын құбылыстар туралы әңгімелесу. Интерактивті тақтада көктем көріністері, жыл құстары туралы суреттер көрсету.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Музыка тыңдау:***<br>«Қараторғай» (Ақан сері, өңдеген Б. Ерзакович).<br>Көптеген әндер табиғатпен байланысты, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулер табиғат аясында жүрген құстарды әнге қосқан.<br>Ән айтар алдында дауыс | мөлшерлеп, барлай білу.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Тізбекпен жай жүрісті және қолды жоғары көтеріп аяқ басымен жүру, қолды екі жаққа созып өкшемен жүру, аяқтың тізесін көтеріп қолдарын белге қойып жүру, қолдарын артқа созып, аяқты қырынан қағып жүруді алмастыра отырып шеңбер бойымен жүру.<br>Жылдамдықты өзгерте отырып, бір тізбекпен жүгіру.<br>Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>Төрттен тізбекке тұру.<br>**Негізгі қимылдарды орындау.**<br>Үлкен қадамдар аттап жүгіру.<br>Үлкен қадамдар аттап, бірінен кейін бірі қойылған заттардан секіріп жүгіреді.<br>Жерден көтерілуге дайындалып, уақытылы қолдарын сермеп көмектеседі.<br>**Түсіну деңгейі: «Баскетбол»**<br>Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді.<br>Бастапқы қалыпқа дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.<br>Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады.<br>Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу.<br>Гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаш қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсу.<br>Қолдарымен сатыдан мықтап ұстап, алма-кезек адымдап қозғалады.<br>Сатыдан ұстағанда төрт саусағын сатының үстінен, басбармағын астынан келтіріп, дұрыс ұстайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»**<br>Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының | мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Бұл әнде құстардың қайтуы, өлкенің жаңаруы көтеріңкі көңіл күймен жырланады.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Үйренген «Домбыра сазы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:***<br>«Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Өткен сабақта үйренген би қимылдарын әрі қарай жалғастырып, биді таза үйлесімді билеуге талпыну. Әуенді тыңдай отырып, ырғаққа ілесе нық қимылдар жасау.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Балақан да алақан»<br>(Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | (күші аздау) имек ағаштың ортасына таман ұстап, шайбаны осы қолымен бағыттау.<br>Шайбаны соққанда имек ағаштың астыңғы қыры толық мұз бетінде жататындай етіп ұстауға тырысады. Жаттығуды орындағанда бұрын білгендерін пайдаланады.<br>**Қолдану деңгейі: «Шарларды қуалау».**<br>Баумен жасалған жіңішке дәліз бойымен имек ағаштарды пайдаланып, целлулоид шарларды алаңқайдың қарама-қарсы шетіне жеткізу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Жердің төрт күші»**<br>Ойыншылар шеңбер бойында тұрады. Жүргізушінің нұсқауларын орындайды. Егер «жер» десе, қолдарын төмен түсіреді, «су» десе, қолдарын алға созып, жүзу қимылдарын жасайды,«ауа» десе, құстай ұшады, «от» десе, қолдарын айналдырады. Қателескен бала ойыннан шығады.<br>**Көзге арналған жаттығулар**<br>(И.В. Чупаха)<br>1.Көз қарашығын оңға, солға, жоғары, төмен айналдырып қозғалту. 10–20 секундқа татты қысып жұмып тұрып, бұлшық еттерін босатып, көзін ашу. Көздің үсті- | жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Көктем» (Д. Гусинцев).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Бұл әнде құстардың қайтуы, өлкенің жаңаруы көтеріңкі көңіл күймен жырланады.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Үйренген «Домбыра сазы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:***<br>«Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Өткен сабақта үйренген би қимылдарын әрі қарай жалғастырып, биді таза үйлесімді билеуге талпыну. Әуенді тыңдай отырып, ырғаққа ілесе нық қимылдар жасау.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Балақан да алақан»<br>(Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес | тұрады.<br>Допты екі қолмен лақтырады. Лақтырған кезде қолдарын кеуде тұсында ұстап, шапшаң түзулеп, жоғары-алға траекториясымен жұбына береді.<br>**«Гимнастика»**<br>Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру.<br>Жоғары көтерілген нысанада тұрып тепе-теңдік сақтау жаттығулары.<br>Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді. Тепе-теңдік сақтау мен қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Қолдану деңгейі: «Қалашық»**<br>Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады.<br>Ойыншылар 3 метр қашықтықтан фигураны таңдайды.<br>Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды.Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан»бір кіріп, бір шығып жүреді.Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер«қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді.<br>**Өзін-өзі уқалау:**<br>**«Балақан, қандай жақсы алақан!»** Балалар өлең жолдарын айтып тұрып, шапалақтап қимылдар жасайды.<br>Балақан, балақан,<br>Қандай жақсы алақан!<br>Оң жағымнан қағамын,<br>*Ақырын, абайлап, беттерінен қағады.*<br>Мен тамаша баламын!<br>*Қолдарын биік көтеріп, жоғарыда қолдарын шапалақтайды.*<br>Сол жағымнан қағамын,<br>Мен керемет баламын!<br>*Тізелерінен шапалақтап қағады.*<br>Қолымды биік көтеріп,<br>*Иықтарынан шапалақтап қағады.*<br>Шапалақтап аламын!<br>*Бүйірлерінен, арқасынан шапалақтап қағады.*<br>Тіземнен де шап, шап,<br>*Кеудесінің оң жағынан, сол жағынан шапалақтап* | | астын саусақтың жұмсақ жерімен ақырын уқалу.<br>2.Көздің үсті-астын, айналасын, қастарының үстінен ақырын сипау. (Бұл қимылдар рахат сыйлап, ұйқыны келтіреді).<br>3.Қабырғаға қарап 2–5 метр қашықтықта тұру. Қабырғадан бір-бірінен 50 см қашықтықта, бірінің астында бірі тұрған екі нүктені белгілеп, сол нүктелердің бірінен екіншісіне көзден жол салу.<br>4.5 метр қашықтықтан 10–20 секунд бойы бір нүктеге қарап, тамашалау (йоганың тынығу тәсілдерінің бірі)<br>Көзді жұмып, бірақ бос ұстап, көзді ішінен жоғары қозғалту. Көздің үстіңгі қабығы өзі төменге түсе бастайды. Бастапқы қалыпқа келтіру. Бірнеше рет қайталағанда, тыныштық орнағанын сезінеді. | қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | лақтырудың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек.<br><br>**«Зеңбірек»** фигурасы<br>Балалар белгіленген жерге «қалашыққа» қарап тұрады. Ұратын таяқшаны оң қолмен лақтырғанда сол аяғын ілгері, ал оң аяғын бір қадам артқа қояды. Бастапқы қалыпқа келген соң, ойыншы бар салмағын оң аяғына түсіріп, таяқшаны айналдыра сермеп ілгері ұмтылады. Сермеу барысында салмағы сол аяғына түседі де, денесі солға бұрылады.<br>**Ойын жаттығуы: «Қарама-қарсы қозғалыс»**<br>Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де, екінші қатар соған қарама-қарсы қимылдар жасайды.<br>Бұлшық ет релаксациясына арналған зат бейнесін елестетіп орындалатын жаттығулар.<br>**«Ұшатын шар»**<br>Мұрынмен терең дем алу. «Сендердің іштерің – ұшатын шар. Терең тыныс алған сайын, шарларың үлкейе береді. Енді ауызбен демімізді баяу шығарамыз, шардағы ауа ұшып кеткенін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қағады.*<br>Иықтан да шап, шап,<br>Шапалақтап аламын!<br>*Алақанын алақанына қойып, ақырындап сипайды.*<br>Бүйірден де шап, шап,<br>Артымнан да шап, шап,<br>Алдымнан да шап, шап,<br>Айқастырып қағамын!<br>Алақанға алақан,<br>Сипап-сипап аламын.<br>Мен ғаламат баламын! | | | | келтіреміз.<br>Аздап үзіліс жасап барып, 5-ке дейін санап, қайталаймыз». Тыныс алу кезінде ауаның өкпеден, кеңірдек пен ауыздан шығуын сезінуге тырысу керек.<br>Баяу, терең демалып, қуаттанып, көңілдене бастағанымызды байқаймыз. Дем алу, дем шығару фазаларын сақтайды. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| | **Қолдану деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманы** дәптерде өздігінен орындауды ұсынады.<br>Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды.<br>Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек.<br>Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды.<br>**2-тапсырманы** орындауға ұсынады.<br>Суреттердегі заттарды қарайды және атайды.<br>- Бұл неге ұқсайды?<br>Сызып қосады.<br>Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды.<br>**3-тапсырма**<br>Педагог заттардың контурын тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек.<br>Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды - қалпақ.<br>**«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны** | (ақ), **(өр-)** өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), **(да-)**<br>да(мылда),да(был), да(қыл) , да(уыс), Да ( рига), Да (рия)**.**<br>**Қолдану деңгейі:** Ойын: «Кәне, тауып көр»<br>–Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыс айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап, сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді.<br>Мысалы:<br>[р], -ба-, аққала, ар-, ос- , қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-,ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша- , ет, елік, блезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-,іс-, діз-, ік-.<br>***Дидактикалық ойын: «Эстафета».***<br>Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды. Бір баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады.<br>Суреттерге қара. Ө дыбысы бар сөздерді ата. **Өгіз, көл** сөздеріне дыбыстық талдау жаса.<br>**Өгіз** сөздеріне дыбыстық талдау.<br>**Өгіз**-4әріп-4дыбыс-2буын.<br>**Ө-** жуан дауысты дыбыс, | шығарып,оны атайды,ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды. Одан кейін рөлдерімен ауысады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Танымдық,шығармашылық жұмыс**<br>**1-тапсырма**<br>Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды.<br>Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек.<br>Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды.<br><br>**2-тапсырма**<br>Суреттердегі заттарды қарайды және атайды.<br>- Бұл неге ұқсайды?<br>Сызып қосады.<br>Балалар өздігінен | Одан кейін рөлдерімен ауысады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Танымдық,шығармашылық жұмыс**<br>**1-тапсырма**<br>Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды.<br>Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек.<br>Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды.<br><br>**2-тапсырма**<br>Суреттердегі заттарды қарайды және атайды.<br>- Бұл неге ұқсайды?<br>Сызып қосады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса - қол шапалақтайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>*«Аяқпен жерді бір тебінеміз,*<br>*Бір рет шыр айналамыз.*<br>*Қол ұстасып: «ах» дейміз,*<br>*Фигураларға қонаққа барамыз.* | қызыл түспен белгілейміз.<br>**Г**- ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**І**- жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**З**- ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Көл** сөздеріне дыбыстық талдау.<br>**Көл** -3әріп-3дыбыс-1буын.<br>**К**- қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Ө**- жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Л**- үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Сергіту сәті :**<br>**Иілейік, балақай**<br>Түзу тұрып иілеміз оңға жаққа,<br>Дәл осылай иілеміз солға жаққа.<br>Жаттығуды қайтала,<br>Екі жаққа жай ғана.<br>Иілеміз, оңға-солға тоқтамай!<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Алақанның біреуін,<br>Кері қарай бұрайық.<br>Алақаны демалсын,<br>Қол үстінен ұрайық. | тапсырмаларды орындайды.<br><br><br>**3-тапсырма**<br>Педагог заттардың контурын тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды - қалпақ.<br><br><br>**«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны**<br>Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса - қол шапалақтайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>*«Аяқпен жерді бір тебінеміз,*<br>*Бір рет шыр айналамыз.*<br>*Қол ұстасып: «ах» дейміз,*<br>*Фигураларға қонаққа барамыз.* | Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды.<br><br><br><br>**3-тапсырма**<br>Педагог заттардың контурын тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды - қалпақ.<br><br> | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | <br>**«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны**<br>Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса - қол шапалақтайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>*«Аяқпен жерді бір тебінеміз,*<br>*Бір рет шыр айналамыз.*<br>*Қол ұстасып: «ах» дейміз,*<br>*Фигураларға қонаққа барамыз.* | |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес  әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен қақпан»**

**Басты міндеттері: Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.**

| | | |
|---|---|---|
| **БАЛАНЫҢ  ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН  ОЙЫНДАР**<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады **арыстан:**<br>**А-а-а-а-а-а**<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>**Мә-ә-ә-ә-ә** |   | **Қазақтың ұлттық ойыны:  «Тышқан мен қақпан»**<br>**Ойынның міндеттері:**Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.<br>**Дағды:** Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру. |

| | | |
|---|---|---|
| Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>**Мө—ө-ө-ө**<br>(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер<br>сал )<br>**Майлыаяқ.**<br>Жайлау толы малды аяп,<br>Күзетіп жүр Майлыаяқ.<br>Жолатпайтын ешкімді,<br>Дауысы алыстан естілді:<br>**(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р**<br>«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,<br>«Қорқып иттер қашсын», -еп,<br>Күжірейтіп желкесін<br>Ырылдады қасқыр кеп:<br>**(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р**<br>«Қорықпаймын сенен»,-деп,<br>«Сазайыңды берем»,-деп,<br>Дірілдетіп қасқырды<br>Айбатын ит асырды:<br>**(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р**<br>«Мынау бәле екен» деп,<br>«Түбіме бұл жетер» деп,<br>Қорқып қасқыр жөнелді,<br>Қайтып келмес ол енді.<br>(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?<br>Өзара екі топқа бөліңдер де,<br>**қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.) | <br> | **Ойынның ережесі :** Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ аз да, екінші топ көп. Шеңберлердегі балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, қарама-қарсы бағытта жүреді. Жүргізушінің белгісі бойынша екі шеңбер де тоқтайды. Ішкі шеңберде тұрғандар қолдарын жоғары көтереді – қақпа құрайды. Қалған ойыншылар шеңберге кіріп-шығып жүгіреді. Кенеттен жүргізуші келесі белгіні береді, осы кезде ішкі шеңбер ойыншылары қолдарын лезде түсіреді. Шеңбер ішінде қалып қалған ойыншылар қақпанға түскен болып саналады. Олар ішкі шеңберде тұрғандарға қосылады да, ойыншылар қайтадан қол ұстасады. Осыдан кейін ойын жалғасады.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Мұғалім белгі берісімен қолдарын жаздырмастан жоғары көтеріп тұра қалады, осы кезде тышқан ойыншылар шеңбердің ішіне кіріп шығуы керек.Төрешінің белгісімен ойыншылар қолдарын түсіреді.Осы кезде шеңбердің ішінде қалған тышқандар ұсталған болып саналады. Олар шеңбердегі ойыншылардың қатарына қосылады.Ойын екі-үш тышқан қалғанша жалғасады. Содан кейін топтар орын ауыстырады. Ойынның соңында ұсталған тышқандар саналады. Көп тышқан ұстаған топ жеңіске жетеді.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу, жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** «Күшік пен мысық» ертегісі сахналау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-көркем шығармаларды сахналауға үйрету. | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Өсімдіктерді қалай күту қажет?<br>(коммуникативтік,ойын, | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Үш қыз. (татар халық ертегісі) кесте қуыршақ театры арқылы сомдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Наурыз – көктем мерекесі.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту;<br>-үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: -сөздерді буынға бөлуге үйрету, дауыс ырғағын, дауыс көркемділігін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ертегіні сахналап, ертегі кейіпкерлерін буынға бөледі;<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын, бір буында бір дауысты дыбыс болатынын;<br>**Қолданады:** дауыс ырғағын келтіріп жүрістерін салады.<br>**Ойлау деңгейі**:<br>білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар, бүгін бізге «мысық» пен «күшік» қонаққа келіпті. Екі қонағымызды үстел басына отырғызайық.<br>Ал сендердің үйлеріңде мысық пен күшік бар ма?<br>Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер?<br>Олар қандай тамақ жейді?<br>Мысықтың дауысын кім салып береді?<br>Ал сенің күшігің қандай дыбыс шығарады?<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог күшік пен мысықтың үлгі суреттерін іліп қояды.<br>Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар?<br>Күшіктің анасын қалай атаймыз?<br>«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады? | танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту;<br>-танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту;<br>-өзімен қатар құрбыларымен достық қарымқатынаста болуға, бірлесіп атқарған жұмысты оң қабылдауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: өсімдіктерге күтім жасау тәсілдеріне қарай бейімдеу,сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**бөлме гүлдері мен дала гүлдерінің бірнеше түрін атап береді.<br>**Түсінеді:**өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін біледі.<br>**Қолданады**:өсімдіктерге күтім жасай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Эмоционалдық көңіл күй қалыптастырады.**<br>Балалардан бәйшешекті бөлме гүліне жатқызуға бола ма деп сұрайды?<br>Бәйшешектен білеміз,<br>Көктем келіп қалғанын.<br>Мәз боламыз, күлеміз<br>Көрсек гүлін жарғанын.<br>Балалардың алған білімін нығайту мақсатында мынадай сұрақтар қояды:<br>Ауа райында қандай өзгерістер байқадыңдар? Ең алғашқы гүлдер қай кезде | -ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу;<br>-ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау,қолдануға үйрету.<br>**Дағды:** Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдана білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды**: ертегінің тақырыбын біледі, мазмұнын сақтай отырып айтып бере алады;<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады;<br>**Қолданады**: ертегінің мазмұнын бейнелеуіш сөздер арқылы оқиға желісін сақтап, шығармашылықпен айтады, жұмбақтың шешуін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Біздің топта балалар<br>Тату-тәтті ойнайды.<br>Дос көңілі әрқашан<br>Тек жақсылық ойлайды.<br>Педагог әңгіме құрастырады.<br>Ана – ең аяулы жан.<br>Анамызды сыйлап, айтқанын орындап, ренжітпей жүруіміз керек.<br>Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, қарауымыз керек. | -балалардың ойлау қабілетін дамыту;<br>-салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннан шығармашылық әңгіме құрайды ;<br>**Түсінеді:**қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін;<br>**Қолданады:**көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.<br>**Ойлау деңгейі**:<br>білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>– Бүгін зерек болып, алғырлық танытқан балаларға мына оюлар сыйға беріліп отырады. Алдын ала педагог дайындаған «Ботагөз», «Қошқармүйіз», «Құс қанаты», «Қызғалдақ» оюлары сұраққа жауап берген әр балаға беріліп, сабақ соңында кімде қанша ою бар екені анықталып, сол арқылы «ең зерек бала» аталынып, марапатталынатынын айтады.<br>Топ бұрышына кішкене көрме сахна құрылады.<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог балаларға өнер туралы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды. Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз?<br>Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы.<br>«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады?<br>Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін  мәнерлеп оқып беремін.<br>«Күшік пен Мысық»<br>Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі.<br>Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр.<br>Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік.<br>Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді.<br>Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр.<br>Қасқыр:<br>Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды.<br>Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады.<br>Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі.<br>Мысық, мен сені жеймін, – дейді.<br>Мені тойдыр, күшік.<br>Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді.<br>Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым | пайда болады? Сендер көктем шыққанда бірінші болып бүр жаратын қандай гүлдерді білесіңдер? Оларға күтім жасау қажет пе?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Пікірталасқа** қатысады. Сұрақтарға жауап береді. Көктемнің белгілерін атап көрсетеді.<br>Алғашқы гүлдердің қар еріп, жердің ақ көрпесі түрілген кезде пайда болатынын айтады. Балалар тек бөлме гүлдеріне күтім қажеттігін түсіндіреді. Ал, көктемнің алғашқы гүлдері табиғатта, өз бетінше өседі. Оларға күтім жасаудың қажеті жоқ. Олар еріген қар суын, жаңбыр суын ішеді. Күннен жылу алады деген тұжырым жасайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады.** Әліппе-дәптердегі тапсырмалардың көмегімен балаларды тану үдерісіне жұмылдырады. «Миға шабуыл» техникасын қолданады.«Ақылдылар тартысы» техникасын айтып береді. Бөлме гүлдеріне күтім жасаудың негізгі ережелерін естеріне түсіреді.<br>Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы ойларын айтады.<br>Балаларға «Дала гүлдеріне күтім жасау қажет пе?» деген мәселені талқылауды ұсынады. | **«Үш қыз» ертегісімен танысамыз.** Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Аяулы жан* – өмірдегі ең жақын, ең қымбат деген мағынада.<br>*Қайырымдылық* – қиын кезде көмек көрсету.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды?<br>Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Қай қыздың әрекеті ұнады?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ертегіні қайталап есімізге түсірейік.<br>Көмекші сұрақтар қоя отырып, ертегіні 3-4 балаға оқиға желісін сақтап қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретке қарап, тақырып ойлап тап.<br>Суретте анасы, қыздары немен айналысып жатыр деп ойлайсың?<br>Суретке қарап, кейіпкерлердің көңіл күйін сипатта.<br>Ертегі кейіпкерлерінің  іс-әрекетіндегі оқиғаларды салыстырыңдар.<br>**Мақалдың мағынасын түсініп ал:**<br>«Ана алдында – құрмет, Ата алдында – қызмет». | түсінік беріп өтеді.<br>Қазақ халқында өнер көп. Соның бірі – айтыс өнері. Айтыстың түрлері көп, соның бірі – жұмбақ айтыс. Ал бізге бүгін ақын Сара апамыздың жолын қуған Кәмшат атты қыз жұмбақ айтысымен келіп отыр.<br>(Үнтаспадан Кәмшаттың дауысы қосылады.)<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар. Менің атым – Кәмшат. Менің бүгін сендерге ұлттық киім киіп қонаққа келгенім тегін емес. Себебі жақында Наурыз мерекесі болады. Мен қазір жұмбақ жасырамын, егер жұмбақтың жауабын білсеңдер, айтыңдар. Дұрыс жауабы табылған жағдайда мен келесі жұмбаққа көшемін. Егер дұрыс болмаса, жасырылған бұйымды сипаттауды жалғастырамын.<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Бір ауызды бұйым бар,<br>Тіктөртбұрыш пішінде.<br>Затыңды аман сақтайды,<br>Салып қойсаң ішіне.<br>Көлемі болар әртүрлі,<br>Орташа, үлкен, кіші де.<br>Оюлар зерлеп жасалған,<br>Қызығасың түсіне.<br>Айтыңдаршы, бұл не зат,<br>Көрпе жинайтын үстіне?<br>Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай?<br>Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр.<br>Күшік:<br>Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі.<br>Сонда Мысық:<br>Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Педагог сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрайды.<br>Балалар, ертегі сендерге ұнады ма?<br>Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші.<br>Күшік келе жатып неге жолығады?<br>Қасқыр не дейді?<br>Күшік не дейді?<br>Екеуі келе жатып нелерді көреді?<br>Қасқыр нені жейді?<br>Тойған Қасқыр Күшікке не дейді?<br>Іші пысқан Күшік неге жолығады?<br>Мысыққа не дейді?<br>Мысық не дейді?<br>Күшік жолда нелерді көреді?<br>Түйеге күшіктің шамасы келе ме?<br>Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен.<br>Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу).<br>**Сергіту сәті:**<br>Керіледі мысық, | Дала гүлдеріне күтімді күн, жылы жел мен жаңбыр жасайды деп ой қорытады.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.**<br>Ұмытпай күнде, су құям гүлге.<br>Тұрады гүлім, құлпыртып түрін.<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Гүл егеміз бақтарға<br>Айналасын қоршаймыз. | **Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жақсы сергіп қалайық.<br>**Үш қыз**<br>**(татар халық ертегісі)**<br>Ерте заманда бір әйелдің үш қызы болыпты. Қиыншылыққа қарамай, күні-түні еңбектеніп, оларды елден кем қылмай өсіріпті. Үш қызы да бірі бірінен асқан әдемі, сұлу болыпты. Уақыт өтіп, қыздары өсіп, бойжетіп, кезегімен күйеуге шығып, жан-жаққа кетіп, аналары жалғыз қалыпты. Көп жылдар өткен соң аналары қартайып, ауырып жатып қалады. Қатты ауырған әйел жақын маңдағы орманда тұратын сары тиінді шақырып, өтініш жасайды:<br>Тиін, тиін, маған қыздарымды шақырып берші!<br>Сары тиін қыздарды іздеп кетеді. Тиін үлкен қыздың үйіне келіп, терезесін қағады:<br>Аналарың қатты ауырып жатыр, тез жет!– дейді оған сары тиін.<br>Әттеген-ай! Мен барар едім, бірақ мына тегешті тазалауым керек,– деп алдындағы тегешті көрсетеді үлкен қыз.<br>Анаңнан саған тегеш артық болғаны ма? – деп ашуланады тиін. – Олай болса, осы тегешіңнен | **Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:**<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн.<br>Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме?<br>Оны кім пісіреді? Оған не қосады?<br>Педагог қуыршақ Кәмшатты отырғызып, тақтаға Наурыз мерекесіне байланысты суреттер іледі.<br>Наурыз қай мезгілде келеді? Педагог балаларға шығармашылық әңгіме құрауды ұсынады.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Тобылғы қамшы сап жасайтын ағаш екенін түсіндіреді.<br>**Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көзін жаймен қысып.<br>Жүгіреді  күшік,<br>Аула ішін кезіп.<br>Екі тілде аудармаларды айтып өтеді.<br>Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді.<br>**Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал».**<br>Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.<br><br><br> | | айырылма!<br>Тиін осы сөзді айтқаны сол екен, тегеш қыздың үстіне жабысып, үлкен тасбақаға айналдырып жібереді.<br>Сиқыршы сары тиін әйелдің ортаншы қызына барады:<br>Аналарың қатты ауырып жатыр, тез жет! – дейді.<br>Қап! Мен қазір-ақ барар ем, бірақ жәрмеңкеге сату үшін тоқыма дайындап жатырмын, – деп жауап береді ортаншы қыз.<br>Ашуланған тиін:<br>Саған анадан тоқыма қымбат болса, өмір бойы тоқыма тоқы! – деп, өрмекшіге айналдырып жібереді.<br>Сиқыршы сары тиін әйелдің үлкен екі қызына көңілі толмай ренжіп, үшінші кенже қызына келеді:<br>Анаң қатты ауырып жатыр, тез жет! – деп сары тиіннің айтқаны сол еді, кіші қызы илеп жатқан нанын қоя салып, былғанған қолымен анасына жүгіріп кетеді.<br>Сенің жүрегің қандай жұмсақ! Саған да адамдар әрқашан қайырымды болсын! Өмірің ұзақ болсын! Бақытты бол! – деп тиін қызға алғысын білдіреді.<br>Сөйтіп, әлгі әйелдің кенже қызы көп уақыт бақытты өмір кешті. Сары тиін оны адамгершілігіне, қамқорлығына қарай еңбекқор балараға | көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>Өрік, шие, алмұрт<br>– ...**Жемістер.**<br>Түлкі, қоян, қасқыр<br>– ...**Аңдар.**<br>Шай, май, тұз<br>– ...**Тағамдар.**<br>Бет, мұрын, аяқ – ...**Дене мүшелері.**<br>Қауын, қарбыз, сәбіз – ... **Көкөністер.**<br>Үйрек,қаз,тауық - ...**Үй құстары.**<br>Қызыл,жасыл,сары<br>- ...**Түстер.**<br>Ата,әже,әке,ана<br>- ...**Отбасы мүшелері.**<br>Қуыршақ балалармен қоштасып, кетеді.<br>Балалардың қолындағы оюлар саналып, ең зерек те алғыр бала марапатталады.<br>Үйрек, қаз, тауық<br>Дәптермен жұмыс.<br>Дәптердегі тапсырма орындалады<br>**Сергіту сәті:**<br>Сергіту жаттығуларын үнтаспадағы ұлттық әуенмен («Қаражорға», «Айгөлек») жасатуға болады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | айналдырады. Содан балараның алдыңғы екі аяғы әрқашанда тәтті балға малынып, жүрген жеріне шаттық пен қуаныш сыйлайды екен.  | | |

| | |
|---|---|
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.*** **10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. |

***2 үзіліс – 10:00 – 10:30***

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Аз қимылды ойын: *«Мысықтар мен балалар»***

**Басты міндеттері: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.**

| | | |
|---|---|---|
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады **арыстан:**<br>**А-а-а-а-а-а**<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>**Мә-ә-ә-ә-ә**<br>Дөңгелетіп аузыңды,<br>Жіңішкертіп даусыңды,<br>Бұзаумын деп ойла да,<br>Дауысын оның қайтала:<br>**Мө—ө-ө-ө**<br>(Балақай, жан жануарлардың дауыстарые сала отырып, кей дыбыстардың жуан кей дыбыстардың жіңішке айтылатынына зер сал )<br>**Майлыаяқ.**<br>Жайлау толы малды аяп, | <br> | **Аз қимылды ойын: *«Мысықтар мен балалар»***<br>**Ойынның міндеттері:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.<br>**Мазмұны:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.<br>**Ойынның ережесі**<br>Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Ойынды 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Секіру,жүгіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл- |

| | | |
|---|---|---|
| Күзетіп жүр Майлыаяқ.<br>Жолатпайтын ешкімді,<br>Дауысы алыстан естілді:<br>**(ақырын дауыспен) –р-р-р-р-р-р**<br>«Тамақ жеймін ашпын д»,-деп,<br>«Қорқып иттер қашсын», -еп,<br>Кұжірейтіп желкесін<br>Ырылдады қасқыр кеп:<br>**(орташа дауыспен)-р-р-р-р-р-р**<br>«Қорықпаймын сенен»,-деп,<br>«Сазайыңды берем»,-деп,<br>Дірілдетіп қасқырды<br>Айбатын ит асырды:<br>**(қатты дауыспен) –р-р-р-р-р**<br>«Мынау бәле екен» деп,<br>«Түбіме бұл жетер» деп,<br>Қорқып қасқыр жөнелді,<br>Қайтып келмес ол енді.<br>(Балақай, қасқырдан да қорықпайтын төбет иттердің болатынын сен білесің бе?<br>Өзара екі топқа бөлініңдер де, **қасқыр мен иттер** болып алдымен ақырын, сосын орташа, ең соңында қатты дауыспен «р» дыбысын созып айтыдар.) | <br> | қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** «Қазақстан барысы» ертегісі<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру;<br>-сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: сөздік қорларын | **3.Құрастыру-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** «Сиқырлы» қораптар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай білуге үйрету;<br>-қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту;<br>-қалдық заттардан жасалған ойыншықтарды өздігінен безендіру және | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау [ұ]<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту;<br>-графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту;<br>-дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Суреттер | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Көңілді тапқырлар клубы (КТК)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту;<br>-графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту;<br>-дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>-меңгерген сөздерін ауызекі тілде қолдана | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаңа сөздермен байланыстырып дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жабайы жануарлардың қазақша атауын айтады, жай сөйлеммен жауап береді.<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын және қарапайым сұрақтарды түсінеді.<br>**Қолданады:** тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өткен тақырыпты қайталау.<br>**Ойын: «Мен 5 жабайы жануарын білемін»**<br>*жабайы жануарлардың атауларын қима суреттер арқылы қайталау.*<br>Мынау – арыстан.<br>Арыстан үлкен.<br>Мынау – жолбарыс.<br>Жолбарыс үлкен.<br>Ең үлкен жануар – піл.<br>Мынау – керік.<br>Керіктің мойны ұзын.<br>Мынау– маймыл.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген.<br>**«Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді** тақтада көрсетеді. | шығармашылықпен еңбек ету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Жазықтық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерте білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай алады;<br>**Түсінеді:** қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасайды;<br>**Қолданады:** қалдық заттардан түрлі ойыншықтар жасауға дағдыланады, оларды өздігінен безендіреді және шығармашылықпен еңбек ете алады, ұқыпты жұмыс жасай біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Қораптардан жасалған ойыншықтарды көрсетіп, әңгімелейді. Үлгіні талдау жасай отырып балалардың қандай бейнелер жасағысы келетінін ойландырады.<br>**Түсіну деңгейі:** Балаларға пішіні әртүрлі қораптар беріледі, оны түрлі түсті қағазбен жапсыруды көрсетеді; сиыр, балық, қоян т.б. жануарларды жасау үшін оны орындау ретін түсіндіреді: денесі, басы, құйрығы, құлақтары, көздері т.б.;дене бөліктерінің жасалу жолдарын түсіндіреді; | бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді.<br>**Қолданады:** сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Қарама-қарсы сөздер» ойынын балалармен ұйымдастырады.<br>Артында – ... *(алдында)*<br>Жақында – ... *(алыста)*<br>Аласа – ... *(биік)*<br>Ашық – ... *(жабық)*<br>Үлкен – ... *(кіші)*<br>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»<br>Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>***Дидактикалық жаттығу: «Берілген дыбысқа сөз ойла»*** Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша таратады.<br>**1-тапсырма**<br>Педагог балаларға «л» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: *лақ, лақтыр, лағыл, лимон,* | білуге жаттықтыру;<br>-ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру.<br>**Дағды:** сөздерді сөз тіркестерімен айту, сұраққа сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** берілген тақырыптар бойынша сөздер атайды.<br>**Түсінеді:** ұжымдық ойында бір біріне көмектесу керек екенін түсінеді.<br>**Қолданады:** сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Ән «Кел, балалар, ойнайық» тыңдату.<br>Ән қандай?<br>Ән көңілді. Кө-ңіл-ді.<br>Бәрін ойын ойнауға шақырады.<br>**Көңілді ойын: «Көңілді тапқырлар клубы»**<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті қима материалдарды таратады.<br>Балалар түрлі түсті қима материалдарды түстеріне сәйкес біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір дұрыс жауап – бір ұпай.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>І.Тапсырма.<br>Балабақша(Мектеп) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ертегі ұнады ма?<br>Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата?<br>(Аю, қоян, қасқыр).<br>Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой).<br>Педагог қима материал бойынша **жаңа сөздермен таныстырады**.<br>Мынау – барыс. Мынау не?<br>Мынау – барыс.<br>Барыс жаттығулар жасады.<br>Барыс не істейді?<br>Барыс жаттығулар жасады.<br>Мынау – борсық. Мынау не?<br>Мынау – борсық.<br>Борсық жаттығулар жасады.<br>Борсық не істеді?<br>Борсық жаттығулар жасады.<br>Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты. Балалар жаңа сөздерді қайталайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Ертегі кейіпкерлерін тап.<br>Ата. Белгіле.<br>Мақалды жатта.<br>Күш білекте емес – жүректе.<br>Баламен жеке жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын: «Аудармашы»:** педагог сөздерді орыс тілінде атайды, балалар қазақ тіліне аударады: сказка, барс, барсук, соревнование.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Қатты, қатты жел соқты гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду,<br>Тына қалса қатты жел, | қағазды қиып жапсыруға бағыт беріп,көмектесіп, басшылық жасалады;<br>**Қолдану деңгейі:**<br>бұл қораптар жай қорап емес, «сиқырлы» қораптар екенін дәлелдейді; үлгілерді көрсетіп, қораптардан әртүрлі бейнелер жасайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орамжапырақ?<br>Сәбіз бе?<br>Жүрген шығар дәм іздеп.<br>Көрген кезде көжекті<br>Қас қағымдай тез өтті.<br>Ұратындай қамшымды ап,<br>Дір-дір етіп, қалшылдап,<br>Қарғып өтіп көгалды,<br>Атқан оқтай жоғалды.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br><br> | *лайк.*<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**2-тапсырма**<br>Педагог балаларға «м» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді.<br>Мысалы: *маймыл, манты, мақта, махаббат, мал, ми,* мысық, *мылтық, мықты, маржан, Меруерт, минут, мейіз.*<br>**3-тапсырма**<br>Педагог балаларға «к» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді.<br>Мысалы: *күрек, күшік, күлкі, кесе, кеше, кеме, көлеңке, көтер, көңіл, көл, көмір, көмбе, көбелек, көлшік, кір, кілем, кілт, күміс.*<br>Ойын соңында кім көп жұлдызша жинаса, сол жеңіске жетеді.<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»**<br>– Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасыңдар.<br>Мысалы: *жылы... (шұлық), тәтті ... (банан), қатты... ( көмір), жасыл.... (шөп), қар..., (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ...* | тақырыбы бойынша сұрақтар:<br>1.Балабақша қандай?<br>2.Балабақшада кімдер жұмыс істейді?<br>3.Топтарың қандай?<br>4.Сурет бойынша сөйлем құра.<br>II.Отбасы.<br>1.Отбасы мүшелерің ата.<br>2.Сенің отбасыңда кімдер бар?<br>3.Сурет бойынша сөйлем құра.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>III.Қазақстан Республикасы.<br>1.Қай Республикада тұрасың?<br>2.Қазақстан қандай республика?<br>3.Біздің Отан қалай аталады?<br>4.Республика рәміздерін ата, сипатта.<br>5.Елорда қай қала? Елорда қандай қала?<br>6.Қай қалада (ауылда) тұрасыңдар? Қай көшеде тұрасың? Қалада (ауылда) не бар?<br>IY.Жануарлар.<br>1.Үй жануарларын атаңдар.<br>2.Төлдерді атаңдар.<br>3.Жабайы жануарларды атаңдар.<br>4.Жануарлар туралы қандай ертегі, жұмбақ білесіңдер? Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суреттерге қара. Ата. Олар не істейді? Сөйлем құра.<br>Жануарларды ата. Олар | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тоғай биік көрінер | <br> | *(түлкі), сүйкімді ...*<br>*(мысық), пысық ...( қыз),*<br>*ұзын ... (бала), ақылды ...*<br>*(қыз), момын ... (қой),*<br>*ұзын ...*<br>*(моншақ), сары ...(шаш),*<br>*дәмді...( шай), тәтті...*<br>*(торт), жасыл...( қияр),*<br>*ұзын.... (бантик)* т.б.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина»**<br>– Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», -«ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.». Сөз құраған балаларға жұлдызша үлестіріліп отырылады.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Суреттерді ата. Ұ дыбысы бар сөздерді буынға бөл. Суретке қарап, сызба бойынша сөйлем құра. Дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға орындарында дәптерде ***таға***сөзіне дыбыстық | қайда тұрады? Сызықпен қос.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолымызды созайық,<br>Бойымызды жазайық,<br>Алақанды соғайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз тынығып алайық. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | талдау жасауғу, буынға бөлуге тапсырма береді. Бір баланы тақтада жұмыс жасауға шақырады. Педагог суретті сызбаны тақтаға іледі. Балалар алдымен таға сөзін анықтап айтайық. Сөзде неше буын бар? Неше дыбыстан тұрады?<br>*Таға сөзінде 2 буын, 4 дыбыс.*<br>**Т** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ғ** – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Сөзді қолды шапалақтап, буынға бөледі.<br>Педагог тақтаға ***тырма*** сөзінін сызбасын іледі.<br>Тырма сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар.<br>**Т** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Ы** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Р** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**М** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Гүлдер**<br>Қызыл, сары аппақ | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | гүлдей,<br>Жайқалайық өсейік.<br>Айналамыз құлпырсыншы,<br>Гүлден кілем төсейік.<br>Самал желмен тербелеміз,<br>Біз әдемі гүлдерміз.<br>Ауламызға өң береміз,<br>Табиғаттың көркіміз.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Айдын шалқар көлдерде<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын<br>Әрі-бері жүзеді. | | |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын.**

**Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»**

**Басты міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.**










**Аз қимылды ойын. Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»**
**Ойын міндеттері:** Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.
**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.
**Әдістемелік нұсқау:** «Талапай - ау, талапай, табылды ойын алақай»- деп қоржындағы асықтарды балалар алдына тастаймын. Балалар жарыса асықтарды «ханталапай» деп дауыстап асықтарды таласып, бөліп алады. Жинаған асықтарын санап, әр бала 5 асықтан тігіп ойынға қатысады. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастайды. Асықтарды атады да, тигізген асықтарын ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда, мұғалім қойған тапсырмаға жауап береді. Егер ойыншы бала жауап бере алмаса, қатысушы басқа балалар жауап береді. Осылайша ойын жалғасады. Ойын соңында сұрақтарға дұрыс жауап беріп, асықты көп жинаған бала жеңімпаз атанады.
**Ойын шарты:** Ал, «Ханталапай» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|  | | | жүгінуге тура келеді.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.** Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жаттығу – жеңіс кепілі!. Айналмалы жаттығулар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жүру мен жүгіруді алмастыра отырып,эстафеталық жарыс ұйымдастыру.<br>**Дағды:** -түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу; -қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кету, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу, бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру.<br>**Түсінеді:** шапшаң әрекет | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Наурыз – жыл басы.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу;<br>-ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру;<br>-балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту.<br>**Дағды**: Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру және ойнаудың қарапайым дағдыларын | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жаттығу – жеңіс кепілі!. Айналмалы жаттығулар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жүру мен жүгіруді алмастыра отырып,эстафеталық жарыс ұйымдастыру.<br>**Дағды:** -түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу; -қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кету, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу, бір қолдан екінші қолға еденнен | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Наурыз – жыл басы.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу;<br>-ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру;<br>-балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту.<br>**Дағды**: Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ету мен зейіндерін дамыту, модульдерде тұрып қолдарының көмегімен тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқару. Бастаушының соңынан қимылдарды қайталау.<br>**Қолданады:** сапқа тұру, қайта сап құру дағдыларын**,**секіртпеден секіру, қайталанба жаттығуларды өз бетімен орындау, кеңістікті барлап, басқалармен соқтығыспай, қауіпсіздік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Мықты спортшы боламыз,<br>Жаттығамыз, талмаймыз!<br>Мейірімге де толамыз,<br>Қиындықтан қашпаймыз!<br>Спортта жеңіл жол болмас,<br>Жеңіл жеңіс қол болмас,<br>Жаттығудан қалмаймыз,<br>Біз жеңімпаз боламыз!<br>**Ойын жаттығулары: «Шашырау»**<br>Шеңбер құрып тұру. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрады. Бастаушының белгісімен хормен айқайлап айтады:<br>*«Ау, балалар, санайық,*<br>*Санап болсақ, қашайық!»*<br>Балалар бірінші-екіншіге саналады. Саналу нұсқаушы көрсеткен ойыншыдан басталады. Саналу біткен соң барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі. Бастаушының мақсаты – ойыншылардың біреуін ұстап қалу.<br>**Түсіну деңгейі:** Түрлі | игеру.<br>**Репертуар:**<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)<br>***Ән айту:***«Наурыз тойы»<br>(Т. Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**«Аюлар биі»<br>(Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Қамажай» х.ә.<br>(өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ойындар, хороводтар:**«Үйшік»<br>(В. Витлин)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:«**Сәулем-ай»<br>қазақтың х.ә.<br>(өңдеген Б. Дәлденбай)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды.<br>**Түсінеді:** Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева).<br>Балалар музыкаға ілесіп, қорбаңдап, аюдың жүрісін салады.<br>***Музыка тыңдау:*** «Ақ сиса» (Жаяу Мұса).<br>Балаларға Жаяу Мұса туралы  қысқаша түсінік беру, неліктен жаяу | соғып ауыстыруды жалғастыру.<br>**Түсінеді:** шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту, модульдерде тұрып қолдарының көмегімен тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқару.<br>Бастаушының соңынан қимылдарды қайталау.<br>**Қолданады:** сапқа тұру, қайта сап құру дағдыларын**,**секіртпеден секіру, қайталанба жаттығуларды өз бетімен орындау, кеңістікті барлап, басқалармен соқтығыспай, қауіпсіздік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Мықты спортшы боламыз,<br>Жаттығамыз, талмаймыз!<br>Мейірімге де толамыз,<br>Қиындықтан қашпаймыз!<br>Спортта жеңіл жол болмас,<br>Жеңіл жеңіс қол болмас,<br>Жаттығудан қалмаймыз,<br>Біз жеңімпаз боламыз!<br>**Ойын жаттығулары: «Шашырау»**<br>Шеңбер құрып тұру. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрады. Бастаушының белгісімен хормен айқайлап айтады:<br>*«Ау, балалар, санайық,*<br>*Санап болсақ, қашайық!»*<br>Балалар бірінші-екіншіге саналады. Саналу нұсқаушы көрсеткен | арттыру және ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.<br>**Репертуар:**<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)<br>***Ән айту:***«Наурыз тойы»<br>(Т. Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**«Аюлар биі»<br>(Е. Тиличеева)<br>**Билер:** «Қамажай» х.ә.<br>(өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ойындар, хороводтар:**«Үйшік»<br>(В. Витлин)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:«**Сәулем-ай»<br>қазақтың х.ә.<br>(өңдеген Б. Дәлденбай)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды.<br>**Түсінеді:** Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсінеді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Аюлар биі»<br>(Е. Тиличеева).<br>Балалар музыкаға ілесіп, қорбаңдап, аюдың жүрісін салады.<br>***Музыка тыңдау:***<br>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бастапқы қалыптардын жүгіріп кету (етпетінен жатып, малдас құрып отырып). Шеңбер бойымен баяу жүгіреді, Педагогтің нұсқауымен түрлі бастапқы қалыпқа тұрады (етпетінен жатып, малдас құрып отырып), шапшаң қимылдап сол қалыптан жүгіріп кетеді. Жүгіргенде, жүгіріп келіп тоқтағанда қауіпсіз арақашықтықты сақтауға тырысады.Қайталанба жаттығулар түрінде негізгі қимылдарды орындау.<br>Допты бір қолымен еденге соғып, екінші қолымен қағып алу.<br>Аяғын иық еніндей, қолдарын белге қойып, бастапқы қалыпқа келіп тұрады.<br>Допты оң қолына алып, еденге соғып, сол қолымен қайта қағып алады. Доп кеуде деңгейінен аспай ұшатындай етіп лақтыру үшін күшін бөлуге тырысады.Ұзын орындықтың жіңішке қырымен жүру.Қажет жағдайда балалардың қолдарынан ұстап жүргізу.<br>Шектеулі жазық бетімен жаттығулар орындайды.<br>Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп қою.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру.<br>Бастапқы қалыпқа тұрады.<br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына | аталғанын түсіндіру.<br>Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау.<br>Балалармен наурыз мерекесі туралы әңгіме өткізу. Бұл мереке күн мен түннің теңелуімен, табиғаттың жаңаруымен байланысты екенін ұғындыру. Мерекеде жасалатын наурызкөже туралы айту.<br>Дастарқанда дәміміз,<br>Жайдарымыз бәріміз.<br>Көжесі көп, қыры көк –<br>Қандай жақсы наурыз.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Наурыз тойы» (Т. Мұратов).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Үйренген «Көктем» әнін (Д. Гусинцев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев).<br>Халық биінің элементтерін үйрену: жүн түту, ұршық иіру, жүнді сабау.<br>Қолды білек буынынан бұрап жаттығу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар:*** | ойыншыдан басталады. Саналу біткен соң барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі. Бастаушының мақсаты –ойыншылардың біреуін ұстап қалу.<br>**Түсіну деңгейі:** Түрлі бастапқы қалыптардын жүгіріп кету (етпетінен жатып, малдас құрып отырып). Шеңбер бойымен баяу жүгіреді, Педагогтің нұсқауымен түрлі бастапқы қалыпқа тұрады (етпетінен жатып, малдас құрып отырып), шапшаң қимылдап сол қалыптан жүгіріп кетеді. Жүгіргенде, жүгіріп келіп тоқтағанда қауіпсіз арақашықтықты сақтауға тырысады.Қайталанба жаттығулар түрінде негізгі қимылдарды орындау.<br>Допты бір қолымен еденге соғып, екінші қолымен қағып алу.<br>Аяғын иық еніндей, қолдарын белге қойып, бастапқы қалыпқа келіп тұрады.Допты оң қолына алып, еденге соғып, сол қолымен қайта қағып алады. Доп кеуде деңгейінен аспай ұшатындай етіп лақтыру үшін күшін бөлуге тырысады.Ұзын орындықтың жіңішке қырымен жүру.Қажет жағдайда балалардың қолдарынан ұстап жүргізу.Шектеулі жазық бетімен жаттығулар | Балаларға Жаяу Мұса туралы қысқаша түсінік беру, неліктен жаяу аталғанын түсіндіру.<br>Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау.<br>Балалармен наурыз мерекесі туралы әңгіме өткізу. Бұл мереке күн мен түннің теңелуімен, табиғаттың жаңаруымен байланысты екенін ұғындыру. Мерекеде жасалатын наурызкөже туралы айту.<br>Дастарқанда дәміміз,<br>Жайдарымыз бәріміз.<br>Көжесі көп, қыры көк –<br>Қандай жақсы наурыз.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Наурыз тойы» (Т. Мұратов).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Үйренген «Көктем» әнін (Д. Гусинцев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев).<br>Халық биінің элементтерін үйрену: жүн түту, ұршық иіру, жүнді сабау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.<br>**Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді.** Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді.<br>**«Денсаулық» дискісімен жаттығу.**<br>Дискімен нұсқаулық бойынша жаттығулар орындау. Орындау барысында тепе-теңдік сақтап, қажет жағдайда дисктен түсіп кетеді.<br>**Қозғалыс ойындары: «Қимылды есте сақта»**<br>Жүргізушінің белгісімен қол мен аяқ қимылдарын қайталайды. Қимылдардың ретін сақтап алған соң, белгі бойынша ойыншылар оларды кері ретпен орындайды. | «Үйшік» (В. Витлин).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар төртке бөлініп, төрт бұрышта тұрады. Үйшікте құстар, қояндар, аттар, аю тұрады. Құстар музыкасы ойналғанда, құстар ұшып шығады. Қанаттарын қағып, шеңберді бір айналып шығады да, музыка аяқталғанда орындарына барып тұрады.<br>Аттар музыкасы ойналғанда аттар шығып, аттың шабысын салып шабады.<br>Қояндардың музыкасы ойналғанда қояндар ортаға шығып, қосаяқтап секіреді. Олар да музыка аяқталғанда орындарына барады.<br>Соңында аюдың музыкасы ойналғанда аю қорбаңдап шығады, музыка аяқталғанда олар да орындарына барады.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Сәулем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). | орындайды.<br>Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп қою.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру.<br>Бастапқы қалыпқа тұрады.Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.<br>**Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді.**<br>Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді.<br>**«Денсаулық» дискісімен жаттығу.**<br>Дискімен нұсқаулық бойынша жаттығулар орындау. Орындау барысында тепе-теңдік сақтап, қажет жағдайда дисктен түсіп кетеді.<br>**Қозғалыс ойындары: «Қимылды есте сақта»**<br>Жүргізушінің белгісімен қол мен аяқ қимылдарын қайталайды.<br>Қимылдардың ретін сақтап алған соң, белгі бойынша ойыншылар оларды кері ретпен орындайды. | Қолды білек буынынан бұрап жаттығу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Үйшік» (В. Витлин).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар төртке бөлініп, төрт бұрышта тұрады. Үйшікте құстар, қояндар, аттар, аю тұрады.<br>Құстар музыкасы ойналғанда, құстар ұшып шығады. Қанаттарын қағып, шеңберді бір айналып шығады да, музыка аяқталғанда орындарына барып тұрады.<br>Аттар музыкасы ойналғанда аттар шығып, аттың шабысын салып шабады.<br>Қояндардың музыкасы ойналғанда қояндар ортаға шығып, қосаяқтап секіреді.<br>Олар да музыка аяқталғанда орындарына барады.<br>Соңында аюдың музыкасы ойналғанда аю қорбаңдап шығады, музыка аяқталғанда олар да орындарына барады.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Сәулем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). | |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 2**<br>**Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Міндеттері***:*<br>— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>— табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші:**<br>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.<br>Жауған қарымен,<br>... құнар береді. (қыс)<br>Үлкендер қарбалас,<br>... дән себеді.<br>(көктемде)<br>Бақ пенен бақшаны,<br>... баптап өсіреді.(жазда)<br>Дихандар жемісін,<br>... жинап береді.(күзде)<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>*Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?<br>*Көктемнің алдында қай мезгіл болды?<br>*Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Мектеп ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу.<br>(көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 3**<br>**Қайың ағашын бақылау**<br>**Міндеттері**: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Жас шыбық» А. Меңдібай**<br>Көшетін әкеп қайыңның,<br>Отырғыздым аулаға.<br>Жіп-жіңішке жас шыбық,<br>Өспейді деп ойлама.<br>Жас шыбық өсіп толады,<br>Әсем қайың болады,<br>Суғарып, күтіп, баптасам.<br>Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>*Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?<br>*Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі?<br>*Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді?<br>*Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады?<br>*Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма?<br>*Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек?<br>**Зерттеу жұмысы:** | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 4**<br>**Қарды бақылау**<br>**Міндеттері:**<br>— Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету<br>— Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Бұл қай кезде болады» Ш. Ахметов**<br>Ақ қар еріп,<br>Су көбейіп,<br>Сай-салаға ағады.<br>Бүршік шашып,<br>Жапырақ ашап,<br>Гүл, бәйшешек басады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>Балаларға сұрақтар<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?<br>*Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>*Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?<br>*Неге бұл жердің қары еріп жатыр?<br>Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 5**<br>**Су тамшыларын бақылау**<br>**Міндеттері**:<br>—Температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>—Зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз.**<br>**«Сүңгілер» А. Меңдібай**<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>**Балаларға сұрақтар**<br>♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)<br>♦ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br>♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br>♦ Шуақты күні ше? (өседі)<br>♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мұзды қыздырады да, ол суға айналады)<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек:**<br>Гүл егетін жерді тазалау.<br>*Мақсаты:* Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу. | Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады?<br>**Еңбек:**<br>Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу<br>Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Орамал тастамақ»<br>Мақсаты:<br>_- ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Затты нысанаға лақтыру.<br>Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту. | молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік?<br>**Еңбек:**<br>Жолдарды қоқыстан тазалау.<br>Мақсаты: *бірлесе жұмыс істеуді үйрету.*<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қояндар мен аңшылар».<br>*Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны**<br>Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу.<br>**Халық болжамы:**<br>Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады. | Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>**Еңбек:**<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Аяғыңды сулама»<br>Мақсаты:<br>— Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту.<br>— **Жаттығу ойыны.**<br>Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.<br>**Халық болжамы:**<br>Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады. | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Аитжанова Аделя<br>Алтай Сұлтан<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Тренинг сөздерін қайталап, қимылдарды жасайды.<br>«Жаттығуға ерінбе,<br>Өмір көзі – шынығу<br>Ауруды ұмытайық!<br>Күш салайық, шынығайық!» | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере мен Ермекова Айбике<br>Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере<br>Берікұлы Арнұр<br>Өткен тақырыптарды қайталауға жаттығулар жасату. | **Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Оралхан Жігер<br>Сөздік қорын дамыту, заттың сипатын беретін сөздерді белсендіру.<br>Балалардың зейінділігн арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту және сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету. | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қимылды есте сақта»**<br>**Міндеттері:** Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Допты заттардың арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу және бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру.<br>**Дағды:** Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Жүргізушінің белгісімен қол мен аяқ қимылдарын қайталайды. Қимылдардың ретін сақтап алған соң, белгі бойынша ойыншылар оларды кері ретпен орындайды. | **Танымдық-қимылды ойын**<br>**Дидактикалық ойын: «Ойлап тап»**<br>**Міндеттері:** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру.<br>**Дағды:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br>Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды. | **Дидактикалық жаттығуы: «Жалпы атауын айт»**<br>**Міндеттері:** Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту<br>**Дағды:** Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.<br>**Ойынның шарты:**<br>1.Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... *(ыдыстар)*<br>2.Карамель, ирис, шоколад – ... *(кәмпиттер)*<br>3.Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... *(саусақтар)*<br>4.Күрте, пальто, тон, плащ – ... *(киім)*<br>5.Тымақ, қалпақ – ... *(баскиім)* | **Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».**<br>**Міндеттері:** Жалпы атауға, топтастыруға үйрету.<br>**Дағды:** Байланыстыра сөйлеуге үйрету, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>Өрік, шие, алмұрт – ...**Жемістер.**<br>Түлкі, қоян, қасқыр – ...**Аңдар.**<br>Шай, май, тұз – ...**Тағамдар.**<br>Бет, мұрын, аяқ – ...**Дене мүшелері.**<br>Қауын, қарбыз, сәбіз – ... **Көкөністер.**<br>Үйрек,қаз,тауық - ...**Үй құстары.**<br>Қызыл,жасыл,сары - ...**Түстер.**<br>Ата,әже,әке,ана - ...**Отбасы мүшелері.** | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен** | **Ата –аналарға кеңес: Сіздің балаңыздың** | **Ата-анаға ұсынымдар:**<br>1.Егер балаңыз сізді | **Ата-анаға ұсынымдар: Баланың мектепке** | **Ата-анаға ұсынымдар: Баланың мектепке** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**. **12:25-12:30** | **қауіпсіздігі**<br>Қылмыстың бір түрі – балаға зорлық көрсету. Озбырлық, зорлық-зомбылық көрсету, жаман қарау, ауыр физикалық және психологиялық зақым көрсету деректері күн сайын газет беттерінде жиі кездесіп тұрады.<br>Қауіп-қатер азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету керек, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін. Көп жағдайда милицияға ол туралы хабарлай алмайды, себебі білместік немесе қорқыныш сезім, үрей билейді.<br>**Сондықтан да балаға мынаны түсіндірген жөн:**<br>– Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек;<br>– Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет;<br>– Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету. | сыйлағанын қаласаңыз, онда өзіңізде оған сыйластықпен қараңыз, әр баланың жеке тұлға екенін естен шығармаңыз.<br>2.Баланың қылықтарын сынағанда, оның жеке басына тіл тигізбеңіз.<br>3.Баладан оның жас немесе жеке мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтінді талап етпеңіз.<br>4.Балаға ақыл айтып немесе сөгетін болсаңыз, ол 2-3 минуттан аспуы тиіс.<br>5.Баланың қателерін мойындатуға және «енді бұлай жасамаймын» деген уәдесін алуға тырыспаңыз.<br>6.Балаңыз кенеттен қатты дыбыс естігенде немесе қолыңыздың қозғалысынан (көтеру) үрейленетін болса, онда бұл сізді ойландыруы тиіс.<br>7.Сіздің үрейленуіңізді, алаңдауыңызды бала сезеді, сондықтан балаға білдіртпеуге тырысыңыз.<br>8.Баланы тыңдай біліңіз. Әрбір мәселе бойынша өз пікіріңізді айтуға асықпаңыз.<br>9.Балаға адал ниетпен сыйлықтар жасауды үйретіңіз. | **дайындығы.**<br>Ата-аналар балаларды мектепке дайындаудағы ең бастысы оқу, жазу, санау емес екендігін білулері керек. Мақсаты — жаңа біліктер, таным әдістері, әрекет, қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы балаларды мектепке баруға дайындау.<br>**Негізгі міндеттер:**<br>- мектепке дайындық барысында ата-ананың баламен әріптестік қарымқатынасын орнату және дамыту;<br>- ата-аналарға өз балаларына, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенуге көмектесу;<br>- балаларға өзін -өзі басқара алуына және өз қылықтарына жауап беруге көмектесу;<br>- мектепке дайындық процесінде ата-ананың баламен серіктестік және ынтымақтастық қарым-қатынасын орнату және дамыту;<br>- ата-аналарға өз балаларына, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенуге көмектесу;<br>- балалардың мектепке барар алдында ата-аналардың қобалжу деңгейін төмендетуге ықпал ету.<br>**Балалардың мектепке қызығушылығын** | **эмоционалды-еріктік дайындығы:**<br>- баланың неге мектепке баратынын түсінуі, оқытудың маңыздылығы;<br>- оқуға және жаңа білім алуға қызығушылықтың болуы;<br>- оқу бағдарламасы талап ететін, баланың өзіне тән емес тапсырманы орындау қабілеті;<br>- шыдамдылық, белгілі бір уақыт ішінде ересектерді мұқият тыңдау және бөгде заттар мен істерге алаңдамай тапсырмаларды орындау қабілетін қарастырады.<br>Ата-аналар мектеп жасына дейінгі балалардың өте маңызды психологиялық ерекшеліктерін білуі тиіс, олардың әрекетінің негізгі түрі ойын болып табылады, ойын арқылы бала дамиды және жаңа білім алады.<br>9.Барлық тапсырмалар балаға ойын түрінде берілуі тиіс, ал үй тапсырмалары оқу процесіне айналмауы тиіс. Бұл сұрақтарға жауаптарды әр бала білуі тиіс<br>1.Өзінің толық аты- жөнін атау.<br>2. Қанша жаста?<br>3. Әкесі мен анасының атын білу ( бар болса).<br>4. Әкесі қайда және кім болып жұмыс істейді?<br>5. Анасы қайда және кім болып жұмыс істейді?<br>6. Ағасы немесе әпкесі бар ма? Олар қанша жаста? | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **арттыру бойынша кешенді дайындық:**<br>- мектепке бару, мектеп мәселелерін талқылау;<br>- баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бірлескен дамытутүзету сабақтары. | Олардың жасы үлкен немесе кіші ме?<br>7. Сіз тұратын қала?<br>8. Мекен-жайы<br>9. Қай елде тұрасың?<br>10. Сенің мектепке барғың келеді ме? Неліктен барғың келеді? Ұнайды ма? | |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 11.03.24** | **Сейсенбі 12.03.24** | **Сәрсенбі 13.03.24** | **Бейсенбі 14.03.24** | **Жұма 15.03.24** |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Математика негіздері –** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Математика негіздері»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары:** **«**Ойын,зерттеу танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Ілгіш: бүкте және ілу»<br>**Аннотация:** Ойын барысында балалардың зейіні, логикасы, арифметикалық қабілеттері мен ұсақ моторика да дамиды.Қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды;<br>1 санды қоса есептеу арқылы келесі санды және 1 | **Сурет салу-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті<br>**Құзыреттілік:** «Сурет салу»<br>**Коммуникативтік дағдылары:** «Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Заттың түсін сәйкестендір»<br>**Аннотация:** 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, логикалық ойлауды, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала заттарды түсі бойынша сұрыптауды үйренеді, зейіні | **Қазақ тілі –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Қазақ тілі»<br>**Коммуникативтік дағдылары:**«Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Сен білесің бе?»<br>**Аннотация:** «Сен білесің бе?» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен | **Сөйлеуді дамыту –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сөйлеуді дамыту»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Оюларды құрастыр»<br>**Аннотация:** «Оюларды құрастыр»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала | **Қоршаған ортамен танысу** - тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**Құзыреттілік:** «Қоршаған ортамен танысу»<br>**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: «**тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Сезім мүшелері. Шеңберлер»<br>**Аннотация:** «Сезім мүшелері. Шеңберлер» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін; **Міндеттері:** Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету.<br>ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br>**Дағды:** 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: киім суреттері, сандар.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Ойынға барлық балалар қатысуға болады. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Заттарды өлшеміне қарай киім түйреуіштеріне ілу. Көлемі ілгіштегі дөңгелек нөмірге сәйкес келеді (оны ойын барысында өзгертуге болады). Ол үшін сандардың қосындысын есептеп, мысалдағы жауап ілгіштегі өлшемге сәйкес келетін нәрселерді ғана таңдау керек.Заттардан ілгіштегідей санды табу | мен логикасын жаттықтырады, заттардың көрнекі қабылдауын күшейтеді.<br>**Міндеттері:** - баланың заттарды түсі бойынша талдау және жіктеу қабілетін дамыту;<br>- тақырып бойынша сөздік қорын молайту.<br>- саусақтардың ұсақ моторикасын және заттарды көрнекі түрде қабылдауын дамыту.<br>**Дағды:** Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>Ойынға деген қызығушылықты ояту, ерекшеліктерін игеруге,ұқыпты жұмыс жасауды,сұлулықты сезіне білуге дағдыландыру.<br>**Талапты болуы:** Қарындаштардың түсі оларға сәйкес заттармен біріктіру,түсіне байланысты. Ғалымдар сурет салу адамның есте ұстау қабылетін жақсартатындығын дәлелдеді.<br>**Қолынан келуі керек:** Түстерді ажырата отырып,оларды кеңістікте бар заттармен,қоршаған ортамен айтып беру.Бала өзіңе керегі бояу қарындаштарды таңдап алып,соған сәйкес суреттерді іздеп табады.<br>**Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу. | адамның сезім мүшелері туралы толық түсінеді. Сезім мүшелері арқылы заттарды тануды, ой-өрістері, сөздік қорлары, тіл байлықтарын дамытуды меңгереді. Балалар ұқыптылықты, гигиеналық тазалық ережелерін сақтауды, әдемілікті, әсемдікті сүюді біледі. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>-сезім мүшелері арқылы заттарды таныта отырып, ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту;<br>-балаларды ұқыптылыққа, гигиеналық тазалық ережелерін сақтауға, әдемілікті, әсемдікті сүюге тәрбиелеу.<br>**Дағды:**<br>- түрлі заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылығын дамыту;<br>-тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру; -сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: Адамның сезім мүшелері бар суреттер, ойын құралдары.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>**Жоспарланатын нәтижелер:** | оюларды құрастыр бойынша сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>**Міндеттері:** - Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру; - өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу;- Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту,эстетикалық талғамын ұштау.<br>**Дағды:** - ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету,танымдық қабілеттерін арттыру,іске тиянақты түрде дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу,шығармашылық.<br>**Қосымша жабдықтар**: Қазақтың ою — өрнектері бейнеленген суреттер, әр балаға үлестірмелі материалдар.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:***<br>**1 ойын нұсқасы**: Үстел-үстінен жасырын тұрған қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.<br>**2 ойын нұсқасы:** Барлық | дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала сезім мүшелері (көз, құлақ, мұрын, тіл, тері бойынша сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>**Міндеттері:** -«Сезім мүшелері» арқылы заттарды таныта отырып, ой-өрістерін, сөздік қорларын, тіл байлықтарын дамыту;<br>- өз бетімен білімін толықтыру дағдыларын, салыстыру, қорытындылау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды:** Балалардың өздігінен ізденімпаздық, еңбексүйгіштік, адамгершілік дағдыларын тәрбиелей отырып, сезім мүшелерін таза ұстау, өз ойын айта отырып, өзгені де тыңдай білуге, алған білімін өмірде қолдана білу дағдыларын бекіту.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,дене шынықтыру,шығармашы-лық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: сезім мүшелерінің суреті салынған плакаттар мен үлестірмелі материалдар.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Ойын бес сезім мүшесіне сәйкес келетін үлкен бес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеткілікті. Балалар үшін процестің өзі маңызды - бұл киім түйреуіштермен жұмыс істеу (ұсақ моториканы дамыту), түстерді қабылдауды дамыту, объектілерді басқару және ойын барысында сандарды есте сақтау.<br>Табылған зат жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: Сандарға байланысты тура және кері санап,санның құрамын айтып беруге ынталандыру.<br>**Ойынның нұсқаулары**: Алдымен суретті ілгішпен жұмыс,бір киімді таңдап алып,берілген мысалды шығара отырып,ілгішке ілу не болмаса алу,бүктеу.<br>**Саусақтарға арналған жаттығулар:**<br> 1) «Қоян» құлақтарын созып тұр.<br> 2) «Сақина» - бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді.<br> 3) «Саусақтардың амандасуы» - саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы | **Қосымша жабдықтар**: балалар бір түсті картаны алады, әр бала ұсынылған суреттердің ішінен заттың бейнесін таңдауы керек.<br>***Әдістемелік нұсқаулар***:<br>***Ойынның шарты:*** балалар бір түсті картаны алады, әр бала ұсынылған суреттердің ішінен заттың бейнесін таңдауы керек.<br>**Ықтимал күрделендіру:** өз - ара бір - біріне жақын түстерді ажырата білу.<br>**Ойынның нұсқаулары:** Ойынды барлық сынып балалар ойнай алады.Берілген карта суреттерге байланысты әрбір қарындашқа жапсырады,егер толық түсінбей жатса онда II нұсқа бойынша жұмыс жасайды,яғни жұптық жұмысқа сәйкес.<br>**Көзге арналған жаттығулар:**<br>1.1-4-ке дейін санап көзді қатты жұмып,сонан кейін ашып,жайбарақат ұстап, 1-6-ға дейін санай отырып,алысқа қарау қажет.4-5 рет қайталау қажет<br>2.1-4-ке дейін санай отырып,екі көзді оларға қатты күш салмай,бір-біріне қаратып,соңында 1-6-ға дейін санай отырып алысқа қарап,4-5 рет қайталау керек.<br>3.1-4-ке дейін санап,басты қозғамай,оңға қарап бір нүктеге көз тоқтату,соңында 1-6-ға дейін санап,алысқа | **Пәндік нәтижелер:** көз, құлақ, мұрын, тіл, терінің маңызы мен қызметін білу; денсаулыққа пайдалы қызметті және зиянды әдеттерден сақтануды білу;<br>**Тұлғалық нәтижелер:** салауатты өмір салтын сақтауынан, өз - өзіне қызмет етуінен, өз организмін күтуінен;<br>**Жүйелі - әрекеттік нәтижелер:** танымдық, зерттеушілік, жобалаушылық, шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеу білігінен көрініс табуы қажет.<br>**Жұмыс түрі:** жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу, үстел-үсті ойындармен жұмыс.<br>***Ойынның шарты:*** Ортада 2 үстел қойылып, оның біріншісіне басты суреттер ал, екіншісіне ұқсас заттық суреттер қойылады. Үстелдегі заттар арасынан бір-бірімен байланысқан заттарды тап.<br>Сезім мүшелерін дұрыс тауып жабыстыру.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Құрастырылған заттарға байланысты тұжырым шығару. Сендердің қолдарыңда айна бар. Айнаға қарап айтыңдаршы, не көріп тұрсыңдар? -Көз, құлақ, мұрын, тіл, тері.Оларды бір сөзбен қалай атауға болады? Сезім мүшелері. | суреттер үстелге қойылған. Бала өзіне ұнаған кез келген суретті алып, оның қандай ою екенін, қайда пайдалану екенін түсіндіреді және суретті ойын алаңының сәйкес заттар бөліміне салады.<br>Төрт бала кезекпен суреттерді алып ойнай алады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Зооморфтық ою - өрнек. Өрнектер негізінен жануарларды, яғни аң, құс, балық т. б. түрлі жәндіктерді және олардың мүшелерін бейнелейді.Ою - өрнек күнделікті біз пайдаланып жүрген заттарда көп кездеседі. Мысалы: Қошқар мүйіз молшылықты меңзесе, ағаш оюы ынтымақ – бірлікті, ирек оюы адамның өмір жолын, судың белгісін, шеңбер ою жарық өмір жолы дегенді білдіреді.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Қазақта бір ою бар<br>-«Қошқар мүйіз»,<br>Орын алар тұрағы, көрпе — киіз.<br>Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде,<br>Көз тартып құбылады оюымыз.<br>**Тілдік гимнастика жаттығуы:**<br>**«Шаршасақ, дем алайық»**<br>- бастапқы қалып: аяқтарыңды иық тұсына қойып, қолды бос жіберіңдер. Аяқтың ұшымен көтеріліп, | шеңберден тұрады: «Сипап сезу мүшесі – құлақ», «Көру мүшесі – көз», «Иіс сезу мүшесі – тері», «Дәм сезу мүшесі – тіл», «Есту мүшесі – мұрын».Осы сезім мүшелерімен негізгі әрекеттердің бейнелері бар 60 шағын дөңгелек карта.<br>Тапсырма: әрбір сезім мүшесіне сәйкес 12 шағын картаны таңдап, қойылған картаны осы сезім мүшелеріне неліктен қолайлы екенін түсіндіру керек.<br>**Ықтимал күрделендіру**: Бүтін алманы елес арқылы қолдарыңа ал. Не сездің? Тегіс пе, әлде бұдыр ма? Оны сезуге қай сезім мүшесі көмектесті? (Тері).<br>- Алма мен мандариннің дәмін елес арқылы көр. Қайсысы қышқыл, ал қайсысы тәтті? Дәмін ажыратуға қай сезім мүшесі көмектесті? (Тіл).<br>- Көзіңді жұмып тұрып елес арқылы алма мен мандариннің иіске. Ажырата алдың ба? Олардың иісін ажыратуға қай сезім мүшесі көмектесті? (Мұрын).<br>Өз аттарыңды ауаға баспа әріптерімен жазыңдар. Оны көруге қай сезім мүшесі көмектесті? Ол қалай аталады? (Көз).<br>- Өзіңнің сүйікті түсіңді дауыстап айт. Сенің дауысыңды естуге қай мүше көмектесті? Ол қалай аталады? (Құлақ). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстайды.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>**«Сол жақ - оң жақ»**<br>*Өзіне қатысты бағдарлай алу.*<br>Балалар өлең сөзі бойынша дене мүшелерін көрсетеді.<br>*Сол-сол,бұл - сол қол.*<br>*Оң-оң,бұл - оң қол.*<br>*Сол-сол,бұл - сол аяқ.*<br>*Оң-оң,бұл - оң аяқ.*<br>*Құл-құл,мынау - біздің сол құлақ.*<br>*Құл-құл,мынау - біздің оң құлақ.*<br>*Кө-кө,ал, міне - сол жақ көз.*<br>*Көзін алақанымен жабады.*<br>*Кө-кө,ал, міне - оң жақ көз.*<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br><br> | қарау.Осы тәрізді басты қозғамай,солға,жоғары,төмен қарау керек.<br>**Бой сергіту:**<br>Аяқтарың орнында иә-иә-иә<br>Алақанды соғайық иә-иә-иә<br>Енді алға созамыз соқ-соқ-соқ<br>Енді артқа созамыз тез-тез-тез<br>Биік –биік шығамыз тез-тез-тез<br>Қолымызды шайқаймыз шоқ шоқ-шоқ<br>Демаламыз қане біз уф-уф-уф<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Болу үшін тым епті<br>Қозғалтайық білекті<br>Саусақтарым әйбат<br>Былай-былай ойнат<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br> | Осы сезім мүшелерінің ең маңыздысын тауып, дәлелдеу.<br>Ойынның нұсқаулары:<br>Құрастырылған жұмыстарына байланысты түсінік беру суреттер арқылы.Біз көреміз, естиміз, әр түрлі истерді, дәмді, ыстық пен суықты сезе аламыз. Осы бір ғажайып қабілеттер бізге 5сезім мүшесі арқылы беріледі.<br>**Сауықтыру сәті.**<br>**Көзге арналған жаттығулар:**<br>· Көздерді оңға – солға, солдан оңға қарай қозғалту;<br>· Көз қарашығын көкке одан төменге карату;<br>· Сағат тілі бойымен көзді айналдыру;<br>· Тез арада көзді ашып – жұму;<br>**Зерттеу жұмыс:** (иіс су) шашырату, иісін сездіру. Мұрын – иіс сезу мүшесі. Адам әр түрлі иісті мұрынымен сезіп, ажыратады. Сонымен қатар мұрын «тыныс алу» қызметін атқарады.<br>**Тыныс алу жұмыс:**<br>1.Мұрынымызбен терең дем алып,дем шығарғанда екі шетін сұқ саусақпен сипалау керек.<br>2.Сұқ саусақпен сол жақ мұрынымыздың тесігін басып деміміз шығарған кезде екінші тесікті ұру.<br>3.Мұрынды кезекпен басып 8-10 рет терең дем | қолымызды қатар көтеріп – тыныс аламыз. Босаңсыған денемізді төмен бос жібереміз де, түзуленбей-ақ, үш рет: «ох-ох-ох»деп қалған ауаны шығарамыз. Дене босаңсиды және төмен түсе береді.<br>**Артикуляциялық жаттығулар:**<br>**Қазы-карта тураймыз.** Ауызымызды ашып, бір-бірімізге не айнаға қарайық. Ауызды ашсақ әдемі тістер көрінеді. Тісіміз өткір, пышақ секілді. Осы тістердің көмегімен біз ауызға түскен тамақты тістеп, кесіп, бөлшектеп жейміз. Ал тіліміз қазы-карта секілді ет екен. Ендеше қазы-қарта турайық. Тілді біртіндеп баяу шығарып, тіспен тістейміз. Туралған қазы-қартаны ауызға саламыз. Осылайша тіл кері ауызға қайтарылады. 3-4 рет қайталайды.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br> | **Ойынның нұсқаулары**:<br>Суреттерді сәйкестендіру.Сол суреттерге қарап әр сезім мүшелерінің сәйкестігін табасыңдар. Әр бала жеке-жеке жауап береді.<br>**Зерттеу жұмыс:** Лимон дәмін сездірту.<br>Дәмді тілмен сезеді. Тіл – дәм сезу мүшесі. Балалар, сезім мүшелері күтімді қажет етеді. (Шеге, қалам, қайшы, пышақ, ине) суреттер көрсетіледі. Құлақты үшкір заттармен тазалауға болмайды. Тісті, тілді, құлақты таза ұстау керек.<br>**Өзекті сұрақ:** Сезім мүшелерінің адам өмірі үшін маңызы бар ма?<br>**Дамытушылық жаттығулар:**<br>**Ыстық сүт (шәй) ішейік.** Біз сүтті өте ыстық болғандықтан бірден іше алмаймыз.Сондықтан оны тез суыту үшін көпіршіктерін (бетіндегі каймағын) итере үрлеп ішеміз. Кәне, ыстық сүтті үрлейік. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.<br>**Тіл ұстарту:**<br>Тем – тем – тем,<br>Көңілді көктем.<br>Шек – шек – шек,<br>Шығады бәйшешек.<br>**Сауықтыру сәті:**<br>Көзге арналған жаттығулар:<br>1. Тез 10-15 секунд жыпылықтату. 3р қайталаңыз.<br>2. Қолымызды |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>



<table>
<tr><td>1+1=2<br>1+2=3<br>1+3=4<br>1+4=5<br>1+5=6<br>1+6=7<br>1+7=8<br>1+8=9<br>1+9=10<br>1+10=11</td><td>2+1=3<br>2+2=4<br>2+3=5<br>2+4=6<br>2+5=7<br>2+6=8<br>2+7=9<br>2+8=10<br>2+9=11<br>2+10=12</td><td>3+1=4<br>3+2=5<br>3+3=6<br>3+4=7<br>3+5=8<br>3+6=9<br>3+7=10<br>3+8=11<br>3+9=12<br>3+10=13</td><td>4+1=5<br>4+2=6<br>4+3=7<br>4+4=8<br>4+5=9<br>4+6=10<br>4+7=11<br>4+8=12<br>4+9=13<br>4+10=14</td><td>5+1=6<br>5+2=7<br>5+3=8<br>5+4=9<br>5+5=10<br>5+6=11<br>5+7=12<br>5+8=13<br>5+9=14<br>5+10=15</td></tr>
<tr><td>6+1=7<br>6+2=8<br>6+3=9<br>6+4=10<br>6+5=11<br>6+6=12<br>6+7=13<br>6+8=14<br>6+9=15<br>6+10=16</td><td>7+1=8<br>7+2=9<br>7+3=10<br>7+4=11<br>7+5=12<br>7+6=13<br>7+7=14<br>7+8=15<br>7+9=16<br>7+10=17</td><td>8+1=9<br>8+2=10<br>8+3=11<br>8+4=12<br>8+5=13<br>8+6=14<br>8+7=15<br>8+8=16<br>8+9=17<br>8+10=18</td><td>9+1=10<br>9+2=11<br>9+3=12<br>9+4=13<br>9+5=14<br>9+6=15<br>9+7=16<br>9+8=17<br>9+9=18<br>9+10=19</td><td>10+1=11<br>10+2=12<br>10+3=13<br>10+4=14<br>10+5=15<br>10+6=16<br>10+7=17<br>10+8=18<br>10+9=19<br>10+10=20</td></tr>
</table>

</td>
<td>




</td>
<td>
алу алмастыру.<br>
Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>
Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз.<br>
Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі.<br>
Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу<br>
«Көпір» жаттығуы<br>
Көпірден біз өтеміз,<br>
Көлде жүзген аққуларды көреміз<br>
Қақпамызды ашамыз,<br>
Үйге көзді саламыз.<br>
Әдеби сәт:<br>
Не үшін?<br>
Екі көзің не үшін керек?<br>
Жақсыларды көру үшін.<br>
Екі қолың не үшін керек?<br>
Елге көмек беру үшін.<br>
Құлақ деген не үшін керек?<br>
Ақыл-кеңес тыңдау үшін.<br>
(Қадыр Мырза Әли)<br>
Қосымша жабдықтар:<br>


</td>
<td>





</td>
<td>
алақанымызбен сипап ақырын жабық көзімізге қою. 30-40сек Ал енді көзімізді ашу.<br>
Қосымша жабдықтар:<br>





</td>
</tr>
</table>


4
6
7
5
8
4 + 2
3 + 2
2 + 5
4 + 4
6 + 2
2 + 6
2 + 4


7
3 + 4
5 + 2
4 + 3
2 + 5


2 + 8
4 + 6
6 + 4
8 + 2
3 + 8
4 + 7
6 + 5
8 + 3
7 + 2
5 + 5
2 + 9
7 + 4
3 + 9
7 + 5


7
3 + 4
5 + 2
4 + 3
2 + 5



































| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 7<br>3 + 4<br>5 + 2<br>4 + 3<br>2 + 5 |     |    |  1<br>2<br>3 1<br>2<br>3 1<br>2<br>3    |  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **№ 5** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№4 жаттығулар кешені**<br>**«Құрсауды жоғары көтеру»**<br>1.Б.қ. – тұру, аяқтарын табан енінде ашып қою, құрсауды иыққа ілу;<br>1 – құрсауды жоғары көтеріп, оған қарау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет).<br>2.«Құрсауды көтеру»<br>Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екі жанынан ұстау; 2 –денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою.<br>4қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>3.«Бұрыш»<br>Б.қ. – құрсаудың ішінде отыру, қолдарымен артта еденге тірелу. 1– екі аяғын бірдей түзетіп, жоғары көтеру; 2 – аяқтарын екі жаққа ашып, еденге құрсаудан шығарып қою; 3 – аяқтарын қосып, қатарластырып, түзеп жоғары көтеру; 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет). | **№ 6** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№5 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ. – құрсаудың ортасына арқаларын түйістіріп тұру. Құрсау иықтың тұсында.<br>1-2– құрсауды аяқ басына жоғары көтеру – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6–8 рет).<br>2.Б.қ. – құрсаудың ортасына арқаларын түйістіріп тұру.<br>1-2 – құрсауды жоғары көтеріп, оңға (солға) иілу – демін ішіне тарту;<br>3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6 рет).<br>3.Б.қ. – балалардың біреуі құрсауды жерден 30 см көтеріп, тігінен ұстайды, ал екіншісі құрсауға еш жерін тигізбей, оның ішінен еңбектеп өтіп, түрегеліп, қайта ішімен орнына қайтуы керек. (3–5 рет қайталау). Балалар орындарын ауыстырып, қимылдарды қайтадан бастайды.<br>4.Б.қ.: құрсауды бармақтары және өкшелерімен басып тұру.<br>1-2 – аяқ басына көтерілу, қолдарын көтеру; 3-4 – өкшесіне түсу, қолдарын | **№ 7** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№6 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: құрсаудың шеттеріне арқаларын түйістіріп тұру. 1-4– қолдарын артқа, екі жаққа, оң (сол) аяқтарын ұшымен құрсаудың сыртына басу – демін ішіне тарту; 5–8 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу – демін сыртқа шығару, қайталау (8–10 рет).<br>2.Б.қ.: бір-біріне қарама-қарсы өкшесімен отыру, құрсау екеуінің ортасында. Біреуі еңкейіп, құрсауды итереді, ал екіншісі құрсауды өзіне тартады. Қайталау (4-5 рет).<br>3.Б.қ.: құрсаудың ішінде арқаларын түйістіріп тұру. Құрсауды қолдарымен ұстап тұрады. 1-2 – арқаларын түзу ұстап, отыра бергенде құрсауды жоғары көтере бастау; қайталау (8–10 рет).<br>4.Б.қ.: арқасына шалқалап, өкшелерін | **№ 8** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Біз – зілтеміршіміз». Б.қ.: аяқтарын аздап алшақтатып қойып, тұру; 1 – таяқшаны кеудесіне қояды; 2 – кеудесін жоғары көтереді; 3 – кеудесіне; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>2.«Ескекшілер». Б.қ.: аяқтарын иық енінде қою, таяқшаны ортасына таман көлденең ұстау; оңға, солға бұрылып, ескекті келтіріп қозғалту. 6–8 рет қайталау.<br>3.«Отыруға тырыс». Б.қ.: шалқалап жату, таяқшаны төмен түсірілген қолдарында ұстау; 1 – таяқты серпіп, басынан жоғары асыру; 2-3 – таяқты сермеп алдыға шығару, тартылып отыру; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>4.«Таяқшаға қара». Б.қ.: етбеттеп жату, жұдырықтарын иектің астына тіреу, таяқшаны алдына қою. 1-2– таяқшаны жоғары көтереді, таяқшаға қарау; 3-4 – б.қ. - босаңсу. 6 рет қайталау.<br>5.«Таяқшаны тізесіне қою». | **№ 9** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: тұру. 14 – таяқшаны жоғары көтеру, демін ішіне тарту; 5–8 – таяқшаны төмен түсіру, демін сыртқа шығару. 8 рет қайталау.<br>2.Б.қ.: аяқтарын тіреп қою, шынтақтары бүгілген, таяқшаны кеудесінде ортасына қарай ұстау. 1-2 – оңға бұрылу, таяқшаны оңға қарай оң қолымен апару (таяқша еденге параллель); баяу қозғалу; 3-4 – б.қ. Сол жағына 5 рет қайталау.<br>3.Б.қ.: тұру. 1–3 – таяқты алдыға ұстау, оң аяғын басына-өкшесіне-басына басу; 4 – б.қ. Сол аяқпен осы қимылдарды қайталау.<br>1.Б.қ.: тұру. Таяқты үстіңгі шетінен ұстап, тігінен аяқтарының ортасына орналастыру, демін ішіне тарту. 1-2 – еңкею (тікбұрыш жасап), қолдарын таяқты жылжыта алға созу, басы түзу, демін сыртқа шығару; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпей 6–8 рет қайталау.<br>2.Б.қ.: етбеттеп жату. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 4.«Құлау»<br>Б.қ. – тұру, құрсауды екі қолмен төменге қаратып ұстау; 1 – сол аяқпен құлап, құрсаудың ортасына қадам аттау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды қайталау (8 рет).<br>5.«Айналдыру»<br>Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; құрсауды бір қолмен айналдыру (3 рет).<br>6.«Массаж»<br>Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; оны оң аяқтың бармақтарымен көтеру. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (3 рет).<br>7.«Табанды сергіту»<br>Б.қ. – құрсаудың ішінде тұру. Құрсаумен өкшелеп жүру, бармақтарымен жүру; (2 айналу)<br>8.«Секіру»<br>Б.қ. – құрсауға қарап тұру, аяқтары аздап алшақтатылған, қолдары жанында; екі аяқтап құрсауды секіріп, бағытын кезек өзгерте отырып, аздаған үзіліс жасап, айналу. | төмен түсіру; 8– 10 рет қайталау.<br>«Айналада». Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; бір қолдары белінде, екіншімен құрсауды ұстау; аяқ ұшына отырып, құрсауды үш рет айналу; тұрып, денені түзеу, бағытты өзгертіп, қайталау (3-4 рет).<br>5.Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; шеңбер бойымен аяқтарын жоғары көтеріп, шапшаң жүгіріп үш рет айналу; бір орында жай жүру; бағытын өзгерту, қайталау (3-4 рет). | құрсауға қойып жату. 1-4– аяқтарын жоғары көтеру;<br>5–8 – аяқ бастарын құрсауға баяу тарту. Қайталау (8 рет).<br>5.Б.қ.: біреуі құрсауды еденге параллель 40 см биіктікке ұстап, тізерлеп тұру; екіншісі құрсауға қырындап тұрады; құрсаудың астына өтіп, ішінен аттап шығады. 6 рет қайталау. Балалар орындарын ауыстырады.<br>6.Б.қ.: екеуі де оң қолдарымен құрсауды ұстап тұрады. Оңға айналу, тоқтау; сол жаққа айналу. Қайталау (4-5 рет)<br>7.Б.қ.: қолдары артта, құрсауды еденге қою; екі аяқтап құрсауды артпен үш рет айналу; тоқтау. Бағытты өзгерту, жай жүріспен алмастырып, қайталау (2-3 рет). | Б.қ.: шалқасынан жату, таяқша санында, 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – оң (сол) аяғын бүгу, таяқшаны тізесіне көтеру; 3 – таяқшаны жоғары көтеру; 4 – б.қ. Басы мен иықтарын жерден алмай, аяғының басын созады. 6 рет қайталау.<br>6.«Аяғыңның басына жеткіз». Б.қ.: отыру, аяқтарын ашу, таяқшаны кеуде тұсында ұстау; 1–3 – алдыға еңкею, таяқшамен аяқтарының басына дейін жету; 4 – б.қ. 6 рет қайталау.<br>7.«Стадионға». Б.қ.: тұру. Таяқшаны шынтақ бүгілуіне ұстау. Бір орында тізесін жоғары көтеріп жүгіру. 3 рет 20 секундтан жүрумен алмастырып, қайталау. | Таяқшаны артына қолдарын бүгіп ұстау. 1-2– таяқша мен денесін жоғары көтеру; 3-4 – б.қ. Баяу 4–6 рет қайталау.<br>3.Б.қ.: тұру. Таяқшаны төмен түсіріп шетіне қарай ұстау. 1-2– аяқ басымен отырып-тұру; тізелерін ашып қою, арқасын түзеу – демін сыртқа шығару; 3-4 – б.қ. -демін сыртқа шығару. 8–10 рет қайталау.<br>4.Б.қ.: тұру. Таяқшаны алдына қою. 9 рет секектеу, 9-рет таяқшадан секіріп өту; 4 қадам орынында тұрып ату. 4–6 рет қайталау. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:**<br>09.00<br>11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **Дүйсенбі**<br>**11.03.24** | **Сейсенбі**<br>**12.03.24** | **Сәрсенбі**<br>**13.03.24** | **Бейсенбі**<br>**14.03.24** | **Жұма**<br>**15.03.24** |
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Сурет салу**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Не (пішіндер) неге ұқсайды? (танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету;<br>-зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау;<br>-графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын;<br>**Түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Геометриялық елдің барлық жерінде геометриялық пішіндер бар. | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру;<br>-сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту;<br>-салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сөйлемді дұрыс құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** суреттегі дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып, буынға бөледі; дауыссыз, дауысты дыбыстарды екі топқа бөліп ажыратады, дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** салт дәстүрлердің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Жалпы атауын айт»** дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.<br>Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... *(киіз үй құралдары).*<br>Сырға, білезік, сақина – ... (*зергерлік бұйымдар).*<br>Асық ату, Ханталапай, Алтыбақан, Ақсүйек, Көкпар, Бәйге – ... *(ұлттық ойындар).* | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Не (пішіндер) неге ұқсайды? (ойын,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету;<br>-зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау;<br>-графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын;<br>**Түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;<br>**Қолданады:**<br>геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Не (пішіндер) неге ұқсайды? (ойын,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету;<br>-зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау;<br>-графикалық диктантты орындауға үйрету;<br>-кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын;<br>**Түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;<br>**Қолданады:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Геометриялық елдің | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Сөздің дыбыстық сызбасы.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру;<br>-сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-кез келген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Кез келген тапсырманы ұқыпты орындауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** берілген бірінші буынға сөз айтады, сөздің дыбыстық сызбасын анықтайды.<br>**Түсінеді:** сызбадағы белгілерді.<br>**Қолданады:** дыбыс, буын туралы білімін.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** “Қайсысы қалай дыбыстайды?” ойынымен бастайды.<br>Жылқы . . . *(кісінейді)*<br>Сиыр . . . *(мөңірейді)*<br>Ит . . . *(үреді)*<br>Қой . . . *(маңырайды)*<br>Мысық . . . *(мияулайды)*<br>Өткен тақырыпты қайталау.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Сөйлем туралы не білесіңдер?<br>Сөйлем деген мағына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көздерін жұмып, 10-ға дейін санайды.Көздерін ашады.<br>**Ортаны модельдеу**<br>Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған. Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.<br><br>- Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп<br>тұрсыңдар?<br>Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды.<br><br>Балалар, мына бұйымдарға қараңдар (көлемді фигуралардың мұнаралары). Олар қандай пішіндерден жасалған?<br>Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды. бұйымдарға қарайды, фигураларды атайды. Өз бұйымдарыңды құрастырыңдар. Бүгінгі оқу қызметінде қандай | Ірімшік, май, құрт, айран – ... (*сүттен жасалатын тағамдар).*<br>Тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана – ... ( *ұлттық салт- дәстүрлер).*<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Жуан дауысты дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?<br>Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда тіл қайда жиырылады?<br>Жіңішке дауысты дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?<br>Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл қайда созылады?<br>Дыбыстарды сызбада немен белгілейміз?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түсті төртбұрышпен белгілейміз?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл түсті дөңгелекті көтереді.<br>Мысалы: (*а, ө, о , і, и, ұ, ы, ә, е, у, э, ү).*<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер»**<br>Балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен | **Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Геометриялық елдің барлық жерінде геометриялық пішіндер бар. Көздерін жұмып, 10-ға дейін санайды.Көздерін ашады. **Ортаны модельдеу**<br>Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.<br><br><br>Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?<br>Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды.<br><br>Балалар, мына бұйымдарға қараңдар (көлемді фигуралардың | барлық жерінде геометриялық пішіндер бар. Көздерін жұмып, 10-ға дейін санайды.Көздерін ашады. **Ортаны модельдеу**<br>Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.<br><br><br>Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?<br>Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды.<br><br><br>Олар қандай пішіндерден жасалған?<br>Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды. бұйымдарға қарайды, фигураларды атайды. Өз бұйымдарыңды құрастырыңдар. Бүгінгі оқу қызметінде қандай пішіндермен жұмыс істейміз? (геометриялық денелер)<br>Балалар өз бұйымдарын | жағынан бір-бірімен өзара байланысқан сөздердің жиынтығы, ол аяқталған ойды білдіреді.<br>Сөйлем неден жасалады?<br>Сөйлем сызбасы қалай сызылады?<br>Буын неден жасалады?<br>Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Дауыссыз дыбыстар ше?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»**<br>Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *парта, фабрика, көйлек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, шабадан, чек т.б.*<br>Балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *балық, вагон, гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, дос, жалбыз, зырылдауық, баспалдақ, вагон, гүл, ғарышкер, дөңгелек, жер, зауза, бал т.б.*<br>Балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндермен жұмыс істейміз? (геометриялық денелер)<br>Балалар өз бұйымдарын құрастырады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Шағын топпен жұмыс** кестені пайдаланып «Затты тап» ойынын ойнайды.<br>Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады.<br>Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Жұмыс дәптері**<br>Педагог дәптердегі **1-тапсырманы** қарап, оны өздігінен орындауды ұсынады.<br>Бұл заттар қандай геометриялық денелерге ұқсайды?<br>Әр топтан бір «артық» затты табады, қоршап сызады. Оның пішінін атайды.<br>Қалған топтағы заттардың пішінін анықтайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді, | араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р,  Б, Л, Д, Ш,  Г, Д,  Б, К, Д У, Д, С, Д,  Ч, Б, Д,  Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты  басқа да дыбыстармен ойнатса болады.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»**<br>–Балалар, алдарыңа  көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты,  ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары,  жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер.<br>Мысалы: « а-, -й-,-ц-,-у-,-к-,-е-,-н-,-г-,-ш-,-щ-,-з-,-х-,-ф-,-ы-,-в-,-а-,-п-,-р-,-о-,-л-,-д-,-ж-,-э,-я-,-ч-,-с-,-м-,-и-,-т-,-б-,-ю  т.б.»<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>Балалар біз  «шашу»  сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>**Шашу** сөзінде неше буын, неше дыбыс бар екен алдымен соны анықтап аламыз.  Педагог сызбадағы әр дыбыстың орнын көрсете отырып сөзді оқиды. Шашу сөзінде екі дауысты дыбыс бар сондықтанда екі буынға бөлінеді. | мұнаралары). Олар қандай пішіндерден жасалған?<br>Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды. бұйымдарға қарайды, фигураларды атайды. Өз бұйымдарыңды құрастырыңдар. Бүгінгі оқу қызметінде қандай пішіндермен жұмыс істейміз? (геометриялық денелер)<br>Балалар өз бұйымдарын құрастырады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Шағын топпен жұмыс** кестені пайдаланып «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады.<br>Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Жұмыс дәптері**<br>**2-тапсырманы** орындауды ұсынады.<br>Көрсетілген пішіндерге ұқсас заттардың суретін жапсырады, салады.<br>Балалармен бірге тапсырманың орындалуы | құрастырады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Шағын топпен жұмыс** кестені пайдаланып «Затты тап» ойынын ойнайды.<br>Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады.<br>Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Жұмыс дәптері**<br>**3-тапсырма**.<br>Фигуралардың орындары ауыстырылды.<br>- Әр фигураның орнын анықтап, суретін сал.<br>Педагог балалармен бірге цифрлар мен көрсеткілерді көрсететін схемаларды талқылайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді, фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс. Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады. | Мысалы: *мысық, лақ, нан, радио, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, нарын,рауғаш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*<br>Балаларға алдарындағы дыбыстық сызбасы бар карточкаларды алуларын сұрайды.<br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр»**<br>Балалар, мен айтқан сөйлемді  сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек.<br>**Ойын шарты:** педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек.<br>Мысалы:<br>**Педагог:Балалар:**<br>Анам үйге кірді.<br>Інім  картоп аршыды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Бүгін біз дыбыстық сызбасы салынған карточкаға сәйкес келетін сөздерді табамыз. Біз сөзге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың түрін анықтауды үйрендік. Дыбыстық талдау жасау үшін, сөздегі дыбыстарды оқып, олардың дауысты, дауыссыз екенін анықтап аламыз, буынға бөлеміз, неше дыбыс, неше әріптен тұратын анықтаймыз. Содан кейін әр дыбысты тиісті дөңгелектермен белгілейміз.<br>Алдарыңдағы дыбыстық сызбаға назар аударыңдар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс. Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады.<br><br>**Сергіту сәті**<br>*Ақылды біз баламыз,*<br>*Тез ұғып бәрін аламыз.*<br>*Сөздерді анық айта алар,*<br>*Біз дарынды баламыз.*<br>*Ұрып қатты шапалақ,*<br>*Аяқты нық басайық,*<br>*Рақаттанып керіліп,*<br>*Күлімдейік, шаттанып.* | ***Шашу*** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>**Ш** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ш** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**У** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>*Етік* сөзіне дыбыстық талдау.<br>*Етік* – 2 буын, 4 дыбыс.<br>**Е** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Т** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**І** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**К** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Балалар тақтадағы дыбыстық талдаумен өз дыбыстық талдауларын салыстырып тексереді. Қателерін түзетеді.<br>**Сырмақ** сөзіне де дыбыстық талдауды осылай етіп жасайды.<br>*Сырмақ сөзінде* 2 буын, 6 дыбыс бар.<br>**С** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Ы** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Р** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**М** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Қ** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Сергіту сәті :**<br>**Қырағы көздер** | талқыланады.<br>**Аз қимылдайтын ойын «Сиқырлы қозғалыстар»**<br>Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс.**<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады. Тапсырманы түсіндіреді, фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс. Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады. | **Сергіту сәті**<br>*Ақылды біз баламыз,*<br>*Тез ұғып бәрін аламыз.*<br>*Сөздерді анық айта алар,*<br>*Біз дарынды баламыз.*<br>*Ұрып қатты шапалақ,*<br>*Аяқты нық басайық,*<br>*Рақаттанып керіліп,*<br>*Күлімдейік, шаттанып.* | не көріп тұрсыңдар?<br>Барлық торкөздер тиісті белгілермен белгіленіп тұр. Қасында сурет бар. Ненің суреті?<br>Күннің суреті.<br>Бұл – күн сөзінің дыбыстық сызбасы екен. Келесі дыбыстық сызбаны қарайық. Ол жерде де барлық торкөздері белгіленген екен. Енді мен сендерге екі сурет көрсетейін. Бұлар – бақ пен гүл. Дыбыстық сызба осы екі суреттің қайсысына сәйкес келеді, тауып айтыңдар. Бұл – бақ сөзінің дыбыстық сызбасы екен.<br>Дыбыстық сызбаны сөзге дұрыс таңдау үшін сөздің неше дыбыстан тұратынын, оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз екенін біліп алу керек. Дауысты дыбыс нешеу, дауыссыз дыбыс нешеу? Сөздегі дыбыс саны, сызбадағы дыбыс санына сәйкес келе ме? Сәйкес келетін дұрыс сызбаны таңдау керек.<br>Педагог тақтаға сызбаны іліп бір баланы тақтада дыбыстық талдау жасауға шығарады..<br>**Жағажай** сөзіне дыбыстық талдау.<br>**Жағажай** – 3 буын, 7 дыбыс.<br>**Ж** – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ғ** – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Көздеріміз қырағы екен,<br>Бәрін көріп тұрады екен.<br>Тамашалап оң жақты,<br>Бақылайды сол жақты.<br>Аспанға да қарайды екен,<br>Жұлдыздарды санайды екен.<br>Қарайды да төменге,<br>Көз салады еденге.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады. | <br><br>**Сергіту сәті**<br>*Ақылды біз баламыз,*<br>*Тез ұғып бәрін аламыз.*<br>*Сөздерді анық айта алар,*<br>*Біз дарынды баламыз.*<br>*Ұрып қатты шапалақ,*<br>*Аяқты нық басайық,*<br>*Рақаттанып керіліп,*<br>*Күлімдейік, шаттанып.* | | **А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ж** – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Й** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Дәрі** сөзінің дыбыстық талдауы.<br>**Дәрі** – 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>**Д** – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Ә** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Р** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**І** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Бір, екі, үш, кәне, жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық. |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қазақтың ұлттық ойыны: «Соқыртеке»**

**Басты міндеттері: Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы,оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағұлмат беру.**

**Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ**
**Ойын: «Жүретін саусақтар»**
**Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.
**Дағды:** Сөйлеу, ес, зейін, қиял, кеңістікті бағдарлау, байқампаздық дамиды; мектепке дейінгі жастағы бала жазуды меңгеруге дайындала бастайды және жаттығу жұмыстарына дағдыланады.
**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.
**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды  жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.
**«Саусақтар сәлемдеседі»** - оң қолдың басбармағының ұшын кезек-кезек сұқ саусаққа, орта саусаққа, аты жоқ саусаққа және шынашаққа тигізесіз. Алдымен оң қолдың саусақтарымен амандасып, сосын бір мезгілде екі қолдың да саусақтарымен амандасуы керек.
**«Кішкене адам»** - қолдың (кейін сол қолдың да) сұқ саусағымен орта саусағы үстел үстіне жүгіреді.
«Кішкентай піл» - (орта саусақ алға қарай шығыңқы – тұмсығы, ал сұқ саусақ пен аты жоқ саусақ - аяқтар) үстел үстімен жүреді.
**«Сона»** - оң қолдың сұқ саусағын түзетіп, оны айналдыру керек. Сол қолдың сұқ саусмағымен және екі қолдың сұқ саусақтарымен бір мерзгілде осы қимылды (сона) жасау керек.
**«Ағаштардың тамырлары»** - қолдардың білезіктері қосылған, тарбиған саусақтары төменге түсірілген.
**«Ағаштар»** - екі қолдың алақанын өзіне қаратып, көтеру керек, саусақтарды кеңінен ашу керек.
**«Көзілдірік»** - қолдардың бас бармақ пен сұқ саусақтарынан екі дөңгелек жасап, оларды қосу керек.








**Қазақтың ұлттық ойыны: «Соқыртеке»**
**Ойынның міндеттері:** Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы,оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағұлмат беру.
**Дағды:** Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.
**Ойынның ережесі :** «Соқыртеке» — ұлттық ойын. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаган кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді.
Ойынға қатынасушылар жиылып, алқа-қотан тұрғаннан кейін, бір қыздың, не жігіттің көзін байлап, қолына бір метрдей жас шыбық беріп, ортаға шығарады. Ол:
Қараңғыда көзім жоқ,
Тиіп кетсе сөзім жоқ. Қайда кеттің қалқа жан,
Жетектейтін өзің жоқ. Қолға түскен құтылмас,
Қала бермек көзім боп,
— деп таяғын өзі болжаған тықыр, дыбыс естілген жаққа қарай соза береді. Айнала толған ойнаушылар қашып жүріп:
Соқыр — соқырақ,
Оң көзіңе топырақ. Топырағын алайын, Тотияйын салайын
Саған бір ем табайын,
—деп келіп, «Соқыр текеге» тиіп қашып жүреді. Осылай ойнап жүргенде «соқыр текенің» қолына түскен ойнаушы ұтылады да, екеуі орын ауыстырады. «Соқыр теке» мен оны түрткілеп қашып жүрушілердің өрісін мөлшерлеп сызып қояды.
**Әдістемелік нұсқаулар.**
Бәріміз қатар – қатар тұрып, бірге қайталайық:
Бұзау, бота, құлыншақ,
Тоқты, серке, торпақ,
Тана, тай, тайлақ,
Құнан, дөнен бесті бар.

<table>
<tr>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Малдың жасын айыра біл.<br>Естіп ал!<br>Бұқа, айғыр, қошқар, теке бар.<br>Сүзегенсің, тентек теке, жеке қал,<br>Көзін байла, теке – теке «Бақ – бақ»<br>Соқыр теке қайдан бізді таппақ.<br>Бастаушы қатар тұрған балаларды жоғарыда аталған атаулармен атайды. Ең соңғы аталған бала «Тентек теке» болады. Ойын басқарушы «Тентек теке» атаған баланы көзін орамалмен жауып, ортаға шығарады.<br>Балалар:<br>Соқыр теке бақ – бақ<br>Біз айтамыз тақпақ.<br>Мықты болсаң тауып көр.<br>Бізді қайдан таппақ<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>«Соқыр теке» балаларды ұстауға ұмтылады. Ұсталған бала «Соқыр теке» аталып, ойын жалғаса береді.<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Қосылып айтады<br>Көзін жабады.<br>Ойынды бірнеше рет ойнайды.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Наурыз – көктем мерекесі.(қайталау)<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-Наурыз мерекесі туралы түсінік беру;<br>-балалардың ойлау қабілетін дамыту;<br>-салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Дағды: Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды: жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларынан шығармашылық әңгіме құрайды ;</td>
<td>2.Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Өсімдіктерді қалай күту қажет?<br>(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту;<br>-танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту;<br>-өзімен қатар құрбыларымен достық қарымқатынаста болуға, бірлесіп атқарған жұмысты оң қабылдауға</td>
<td>2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Үш қыз. (татар халық ертегісі) баяндау.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу;<br>-ертегіні баяндауда сюжеттік біріздiлiктi сақтау,қолдануға үйрету.<br>Дағды: Ертегіні баяндауда сюжеттік біріздiлiктi сақтау, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдана білуге дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: «Қасқыр мен түлкі» ертегісі.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету;<br>-бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту;<br>-балаларды ұқыптылыққа, батылдылыққа тәрбиелеу.<br>Дағды: дыбыстарға сөз ойлап айтады, ертегіні сомдау,жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Жасайды:дыбыстарға сөз ойлап айтады, ертегіні драмалайды ;</td>
<td>2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>ҰІӘ тақырыбы: Мен ғарышкер боламын (өлеңді жаттау) Жақан Смақов танысу.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым- қатынасын дамыту.<br>Дағды: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсінеді:**қазақтың салт-дәстүрлерін, қамшының сабы тобылғы ағашы екенін;<br>**Қолданады:**көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.<br>**Ойлау деңгейі**:<br>білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>– Бүгін зерек болып, алғырлық танытқан балаларға мына оюлар сыйға беріліп отырады. Алдын ала педагог дайындаған «Ботагөз», «Қошқармүйіз», «Құс қанаты», «Қызғалдақ» оюлары сұраққа жауап берген әр балаға беріліп, сабақ соңында кімде қанша ою бар екені анықталып, сол арқылы «ең зерек бала» аталынып, марапатталынатынын айтады.<br>Топ бұрышына кішкене көрме сахна құрылады.<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог балаларға өнер туралы түсінік беріп өтеді.<br>Қазақ халқында өнер көп. Соның бірі – айтыс өнері. Айтыстың түрлері көп, соның бірі – жұмбақ айтыс. Ал бізге бүгін ақын Сара апамыздың жолын қуған Кәмшат атты қыз жұмбақ айтысымен келіп отыр. (Үнтаспадан Кәмшаттың дауысы қосылады.)<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар. Менің атым – Кәмшат. Менің бүгін сендерге ұлттық киім киіп қонаққа келгенім тегін емес. Себебі | тәрбиелеу.<br>**Дағды**: өсімдіктерге күтім жасау тәсілдеріне қарай бейімдеу,сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**бөлме гүлдері мен дала гүлдерінің бірнеше түрін атап береді.<br>**Түсінеді:**өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін біледі.<br>**Қолданады**:өсімдіктерге күтім жасай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Эмоционалдық көңіл күй қалыптастырады.**<br>Балалардан бәйшешекті бөлме гүліне жатқызуға бола ма деп сұрайды?<br>Бәйшешектен білеміз,<br>Көктем келіп қалғанын.<br>Мәз боламыз, күлеміз<br>Көрсек гүлін жарғанын.<br>Балалардың алған білімін нығайту мақсатында мынадай сұрақтар қояды: Ауа райында қандай өзгерістер байқадыңдар? Ең алғашқы гүлдер қай кезде пайда болады? Сендер көктем шыққанда бірінші болып бүр жаратын қандай гүлдерді білесіңдер? Оларға күтім жасау қажет пе?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Пікірталасқа** қатысады.<br>Сұрақтарға жауап береді. Көктемнің белгілерін атап көрсетеді.<br>Алғашқы гүлдердің қар еріп, жердің ақ көрпесі түрілген кезде пайда болатынын | **Жасайды**: ертегінің тақырыбын біледі, мазмұнын сақтай отырып айтып бере алады;<br>**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады;<br>**Қолданады**: ертегінің мазмұнын бейнелеуіш сөздер арқылы оқиға желісін сақтап, шығармашылықпен айтады, жұмбақтың шешуін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Біздің топта балалар<br>Тату-тәтті ойнайды.<br>Дос көңілі әрқашан<br>Тек жақсылық ойлайды.<br>Педагог әңгіме құрастырады.<br>Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, айтқанын орындап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, қарауымыз керек.<br>**«Үш қыз» ертегісімен танысамыз.** Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Аяулы жан* – өмірдегі ең жақын, ең қымбат деген мағынада.<br>*Қайырымдылық* – қиын кезде көмек көрсету.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін | **Түсінеді:**«з» «с» дыбыстарының ұқсастығын, бойларын қулық, айлакерліктен алыс ұстауды түсінеді;<br>**Қолданады:**ертегі кейіпкерінің құйрығын тауып, суретті толықтыра алады.<br>**Ойлау деңгейі**:<br>білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Жыл мезгілдері суретіне аудартады.<br>Жыл мезгілдерінің ерекшеліктері қандай? Сендерге барлық жыл мезгілдері ұнай ма? Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? Енді сол жыл мезгілдерін атаңдаршы? Қай мезгілдің атауында «С» дыбысы және «З» дыбысы бар екен? Кәне, қолымызға айна алып, «З-З-З»,«С-С-С», – деп айтайық.<br>**Түсіну деңгейі:** «З», «С» дыбыстарын айтқанда ерін езу тартып, күлген кездегідей керіліп, тістер көрінеді, тілдің ұшы төменгі тістерге тиеді, тіл ортасы сәл дөңестеніп, екі жағы астыңғы тістерге жанасады. Деміміз тіл ортасынан шығады.<br>**Тілімізді жаттықтырайық:**<br>За-за-за – таза.<br>Зе-зе-зе – зере.<br>«З» дыбысының буын ішінде келуі:<br>Жүзім – күзім, | беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді**: өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Балалар, біз далаға шыққанда аяғымызбен нені басамыз, жоғарыға қарағанда нені көреміз?<br>Аяғымызбен Жерді басамыз. Жоғарыға қарап, көк аспанды, Күнді көреміз. Кім ғарышкер болғысы келеді?<br>Қандай ғарышкерлерді білесің? Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Аспанда бір алып құс,<br>Ызғып ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>*(Ғарышкеме)*<br>**Түсіну деңгейі:** Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» деген өлеңімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Аспан, аспан, арайлым, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақында Наурыз мерекесі болады.<br>Мен қазір жұмбақ жасырамын, егер жұмбақтың жауабын білсеңдер, айтыңдар. Дұрыс жауабы табылған жағдайда мен келесі жұмбаққа көшемін. Егер дұрыс болмаса, жасырылған бұйымды сипаттауды жалғастырамын.<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Бір ауызды бұйым бар,<br>Тіктөртбұрыш пішінде.<br>Затыңды аман сақтайды,<br>Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі, Орташа, үлкен, кіші де. Оюлар зерлеп жасалған,<br>Қызығасың түсіне.<br>Айтыңдаршы, бұл не зат,<br>Көрпе жинайтын үстіне?<br>Ой, балалар, жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Сол үшін сендерге<br>**Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:**<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады.<br>Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн.<br>Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме? | айтады. Балалар тек бөлме гүлдеріне күтім қажеттігін түсіндіреді. Ал, көктемнің алғашқы гүлдері табиғатта, өз бетінше өседі. Оларға күтім жасаудың қажеті жоқ. Олар еріген қар суын, жаңбыр суын ішеді. Күннен жылу алады деген тұжырым жасайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады.** Әліппе-дәптердегі тапсырмалардың көмегімен балаларды тану үдерісіне жұмылдырады. «Миға шабуыл» техникасын қолданады.«Ақылдылар тартысы» техникасын айтып береді. Бөлме гүлдеріне күтім жасаудың негізгі ережелерін естеріне түсіреді.<br>Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы ойларын айтады.<br>Балаларға «Дала гүлдеріне күтім жасау қажет пе?» деген мәселені талқылауды ұсынады.<br>Дала гүлдеріне күтімді күн, жылы жел мен жаңбыр жасайды деп ой қорытады.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.**<br>Ұмытпай күнде, су құям гүлге.<br>Тұрады гүлім, құлпыртып түрін.<br>Жақсылықты қолдаймыз,<br>Табиғатты қорғаймыз. | шақырды?<br>Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>Қай қыздың әрекеті ұнады?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ертегіні қайталап есімізге түсірейік.<br>Көмекші сұрақтар қоя отырып, ертегіні 3-4 балаға оқиға желісін сақтап қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретке қарап, тақырып ойлап тап.<br>Суретте анасы, қыздары немен айналысып жатыр деп ойлайсың?<br>Суретке қарап, кейіпкерлердің көңіл күйін сипатта.<br>Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіндегі оқиғаларды салыстырыңдар.<br>**Мақалдың мағынасын түсініп ал:**<br>«Ана алдында – құрмет,<br>Ата алдында – қызмет».<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Жақсы сергіп қалайық.<br>**Үш қыз**<br>**(татар халық ертегісі)**<br>Ерте заманда бір әйелдің үш қызы болыпты. Қиыншылыққа қарамай, күні-түні еңбектеніп, оларды елден кем қылмай өсіріпті. Үш қызы да бірі бірінен асқан әдемі, сұлу | Жүзік – білезік,<br>Жазым – назым.<br>Енді айнаға қарап «С» дыбысын айтайық.<br>Байқап көрсеңдер, еріндерің жай ғана ашылды.<br>Са-са-са – сана.<br>Се-се-се – кесе.<br>Со-со-со – соқа.<br>Сө-сө-сө – сөре.<br>Енді «С» дыбысынан басталатын сөздерді айтайық.<br>Бұл екі дыбыстар да – дауыссыз дыбыстар.<br>Дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз.<br>Екі дыбыс – айтылуына қарағанда бір-біріне ұқсас дыбыстар.<br>**Қолдану деңгейі:** Ертегі: «Қасқыр мен түлкі»<br>( «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсынады).<br>Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті. Қасқыр Түлкіге:<br>Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсалаңдап: Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті. Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып | Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Ғарышкер* – ғарыш кемесімен ғарышқа ұшатын, аспан әлемін зерттейтін адам.<br>*Ғарышкеме* – жер мен ғарыш арасында ең тез ұшатын көлік.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сұрақ жауап**:<br>Өлеңде не туралы айтылған? Саған ұнады ма?<br>Ғарышкер деп кімді айтамыз?<br>Ғарышкер – ғарышқа ұшатын адам.<br>Ғарышкеме (ракета) бізге не үшін қажет?<br>Ғарышқа кімдер ұшады?<br>Ғарышкер қандай болуы керек?<br>*(Денсаулығы мықты, ақылды, білімді, батыр болуы керек.)*<br>***«Ұшақ» ойыны:***<br>Балалар, ұшаққа отырып, ұшып көрейікші.<br>*(Музыка әуені ойналады. Балалар «ұшады», музыка аяқталғанда «қонады»).*<br>Кең аспанды шарлаған,<br>Ұшқыш деген мен болам.<br>Қыран құстай самғаған,<br>Ерен жүйрік ер болам! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Оны кім пісіреді? Оған не қосады?<br>Педагог қуыршақ Кәмшатты отырғызып, тақтаға Наурыз мерекесіне байланысты суреттер іледі.<br>Наурыз қай мезгілде келеді?<br>Педагог балаларға шығармашылық әңгіме құрауды ұсынады.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Тобылғы қамшы сап жасайтын ағаш екенін түсіндіреді.<br>**Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады.<br>Өрік, шие, алмұрт – ...**Жемістер.**<br>Түлкі, қоян, қасқыр – ...**Аңдар.**<br>Шай, май, тұз – ...**Тағамдар.**<br>Бет, мұрын, аяқ – ...**Дене мүшелері.**<br>Қауын, қарбыз, сәбіз – ... **Көкөністер.**<br>Үйрек,қаз,тауық - ...**Үй құстары.**<br>Қызыл,жасыл,сары - ...**Түстер.**<br>Ата,әже,әке,ана - ...**Отбасы мүшелері.**<br>Қуыршақ балалармен қоштасып, кетеді.<br>Балалардың қолындағы | Гүл егеміз бақтарға<br>Айналасын қоршаймыз. | болыпты. Уақыт өтіп, қыздары өсіп, бойжетіп, кезегімен күйеуге шығып, жан-жаққа кетіп, аналары жалғыз қалыпты. Көп жылдар өткен соң аналары қартайып, ауырып жатып қалады. Қатты ауырған әйел жақын маңдағы орманда тұратын сары тиінді шақырып, өтініш жасайды:<br>Тиін, тиін, маған қыздарымды шақырып берші!<br>Сары тиін қыздарды іздеп кетеді. Тиін үлкен қыздың үйіне келіп, терезесін қағады:<br>Аналарың қатты ауырып жатыр, тез жет!– дейді оған сары тиін.<br>Әттеген-ай! Мен барар едім, бірақ мына тегешті тазалауым керек,– деп алдындағы тегешті көрсетеді үлкен қыз.<br>Анаңнан саған тегеш артық болғаны ма? – деп ашуланады тиін. – Олай болса, осы тегешіңнен айырылма!<br>Тиін осы сөзді айтқаны сол екен, тегеш қыздың үстіне жабысып, үлкен тасбақаға айналдырып жібереді.<br>Сиқыршы сары тиін әйелдің ортаншы қызына барады:<br>Аналарың қатты ауырып жатыр, тез жет! – дейді.<br>Қап! Мен қазір-ақ барар ем, бірақ жәрмеңкеге сату үшін тоқыма дайындап жатырмын, – деп жауап | жеп қойыпты.<br>Қасқыр:<br>Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе,<br>Түлкі:<br>Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>«Ораза – тамақ жемей өзін ашқұрсақ ұстау» деген мағына екенін түсіндіреді. Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды.<br>Ертегіде нелер жайлы айтылған?<br>Қасқыр мен Түлкі дос болған ба?<br>Екеуі жолдан не көрді?<br>Қасқыр Түлкіге не деді?<br>Сонда Түлкі не дейді?<br>Еттегі қақпанға қайсысы түседі?<br>Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе?<br>Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма?<br>Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Түлкінің құйрығын тап».<br>Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оюлар саналып, ең зерек те алғыр бала марапатталады.<br>Үйрек, қаз, тауық<br>Дәптермен жұмыс.<br>Дәптердегі тапсырма орындалады<br>**Сергіту сәті:**<br>Сергіту жаттығуларын үнтаспадағы ұлттық әуенмен («Қаражорға», «Айгөлек») жасатуға болады. | | береді ортаншы қыз.<br>Ашуланған тиін:<br>Саған анадан тоқыма қымбат болса, өмір бойы тоқыма тоқы! – деп, өрмекшіге айналдырып жібереді.<br>Сиқыршы сары тиін әйелдің үлкен екі қызына көңілі толмай ренжіп, үшінші кенже қызына келеді:<br>Анаң қатты ауырып жатыр, тез жет! – деп сары тиіннің айтқаны сол еді, кіші қызы илеп жатқан нанын қоя салып, былғанған қолымен анасына жүгіріп кетеді.<br>Сенің жүрегің қандай жұмсақ! Саған да адамдар әрқашан қайырымды болсын! Өмірің ұзақ болсын! Бақытты бол! – деп тиін қызға алғысын білдіреді.<br>Сөйтіп, әлгі әйелдің кенже қызы көп уақыт бақытты өмір кешті. Сары тиін оны адамгершілігіне, қамқорлығына қарай еңбекқор балараға айналдырады. Содан балараның алдыңғы екі аяғы әрқашанда тәтті балға малынып, жүрген жеріне шаттық пен қуаныш сыйлайды екен.<br> | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | <br><br><br> | | |

| | |
|---|---|
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. |

*2 үзіліс – 10:00 – 10:30*

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қазақтың ұлттық ойыны: «Тақия тастамақ»**

**Басты міндеттері: Қазақтың ұлттық бас киімнің бірі тақиямен таныстыру, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.**

| | | |
|---|---|---|
| **Дыбыстық жаттығу.**<br>**Міндеттері:** Дыбыстық гимнастикамен таныстыру, рух пен дененің тынығуы.<br>*Дыбыстық жаттығуды бастамас бұрын, өзімізді бірқалыпты, жайлы сезінеміз, тік тұрамыз, арқамызды тік ұстаймыз. Алдымен мұрнымызбен терең дем аламыз, ал дем шығарғанда дыбысты қатты, әрі қуатты етіп шығарамыз.<br>*Келесі дыбыстарды «әндетіп» айтамыз: |  | **Қазақтың ұлттық ойыны: «Тақия тастамақ»**<br>**Ойынның міндеттері:** Қазақтың ұлттық бас киімнің бірі тақиямен таныстыру, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.<br>**Дағды**: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.<br>**Мазмұны:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады. |

| | | |
|---|---|---|
| *«А» — барлық ағзаға жайлы әсер береді;<br>*«Е» — қалқанша безге әсер етеді;<br>*«И» — миға, көзге, мұрынға, құлаққа әсер етеді;<br>*«О» — жүрекке өкпеге әсер етеді;<br>*«У» — асқазан маңындағы ағзаларға әсер етеді;<br>*«Я» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;<br>*«М» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;<br>*«Х» — көңіл-күйді көтеруге әсер етеді. |  | **Ойын тапсырмасы:** Қарамау арқылы сезіп, дер кезінде қашып үлгіру.<br>**Ойын іс әрекеті:**Тақияның өзінде екенін сезсе, тез орнынан тұрып кету және тақиясы бар баланы көршілері ұстап үлгіру.<br>**Ойын ережесі**: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек.  Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>«Тақия тастамақ » — бұл ойын дене шынықтыру, спорт залында, мәдениет үйінде өткізіледі. Ертеде үйде өткізілетін болған. Ойынды жүргізу үшін биіктігі 25—30 см. орындық не спортшылар отыратын ұзын орындық — сәкі қажет болады. Сол орындықтың үстіне шығып, жүресінен отырған ойыншы, екі аяғының арасынан екі қолын әлгі орындыққа не сәкіге тіреп, еңкейіп барып, жерде жатқан тақияны аузымен тістеп алуы қажет. Бұл ойынды орындағанда адамның екі тізесі шалқайып сыртына қарай көтеріледі де, дене салмағы екі қолының білегіне түседі.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті            уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі  бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Көктем<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру;<br>-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: -көктем айларын, | **3.Сурет салу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Сәукелені әшекейлейміз. Алашаны әшекейлеу.<br>*(Акварель бояу)*<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту;<br>-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;<br>-балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу.<br>- сәндік-қолданбалы өнермен таныстыру, | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту;<br>-буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту;<br>-ұйымшыл болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: -сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Көктемгі еңбек<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>- сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру, «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Дағды:** «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту, сұраққа сөйлеммен жауап беруге | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Суда тіршілік ететін жануарлар.<br>(коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br> -балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br> -табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік қалыптастыру, табиғатпен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;<br>-төңірегіндегі адамдармен жақсы қарым-қатынаста |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көктем мезгілінің өз ерекшеліктері болатынын біліп, оларды айта алуы, сұрақтарға дұрыс жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** көктем туралы сөздерін қайталайды, шағын мәтін құрастырады.<br>**Түсінеді:** сұрақтарды түсінеді, сөйлемге байланысты суреттерді дұрыс көрсетеді.<br>**Қолданады:** көктем айларын, көктем мезгілінің өз ерекшеліктері болатынын біліп, оларды айта алады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өткен «Үй және жабайы жануарлар» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Ойын «Кім көп біледі». Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:** Слайдпен жұмыс.Суретте көктем мезгілі бейнеленген.<br>**Жаңа сөздермен таңыстыру.**<br>– Жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>– Жыл мезгілі – көктем.<br>– Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр.<br>– Көктем айларын ата?<br>– Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. | алашаны ою-өрнектермен әшекейлеуде оны қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге баулу, бояу түстері мен ою-өрнектерді үйлестіру арқылы балалардың көркемдік талғамын дамыту.<br>**Дағды**: Сәукеленің пішініне сәйкес ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету**,** сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлеу, ұлттық ерекшеліктерін ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сурет салу іс-әрекеті арқылы сәукелені әшекейлей алады;<br>- қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің аттарын («балта», «ирексу», «қошқармүйіз», «сынықмүйіз», «қызғалдақ» т.б.) және сипатын біледі, суретін сала алады;<br>**Түсінеді:** баскиімнің ұлттық ерекшеліктерін ажырата біледі, жұмыс барысында бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасап, адамгершілік, ізгілік қасиеттердің мәнін түсінеді;<br>қазақтың ұлттық ою-өрнектерін құрметтеп, үлкендер еңбегін сыйлау керектігін;<br>**Қолданады:** алдыңғы игерген сурет салу дағдылары мен ептіліктерін. алашаны безендіруде ою-өрнектерді дұрыс сала білудің (ою-өрнектерді | дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын.<br>**Қолданады:** сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>«Сипатынан тап»<br>Бұл – жейтін зат. Ақ, тәтті, қатты. *(қант)*<br>Бұл – жеміс. Сары, сопақ, қышқыл. *(лимон)*<br>Бұл – аң. Ақ, мамық, құлағы ұзын. *(қоян)* 4.Бұл – ойыншық. Домалақ, үлкен, жеңіл.*(доп)* – Жарайсыңдар!<br>**2.**Өткен тақырыптарды қайталау.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыстар деген не?<br>Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Буында неше дауысты дыбыс болады?<br>Дыбыстарды қалай белгілейміз?<br>Буынды қалай белгілейміз? | дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жаңа сөздерін қайталайды, сөйлемдерді құрастырады.<br>**Түсінеді:** маусымдық жұмыстарды түсінеді.<br>**Қолданады:** сұрақтарға жауап береді,меңгерген сөздермен сөйлем құрайды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өткен тақырыпты қайталауға ойын «Алтын сақа сөз жинайды» өткізеді. Бала сақаны қолына алып, бір сөз айтады, келесі бала сөзді қайталап оған тағы бір сөз қосады. Мысалы: бірінші бала «көктем», екінші бала «көктем, бүршік», т.с.с. Сөздер жиынтығы 2, 3, 4 сөз болуы мүмкін.<br>«Құс келді» тақпағын қайталау.<br>Құс келді<br>Қар су боп жөнелді –<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>(Б.Қозыкеев)<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Демонстрациялық суретпен жұмыс. **Жаңа сөздермен таңыстыру.**<br>Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? (Көктем).<br>Көктемде ауланы тазалайды.<br>Таза – тазалайды.<br>Көктемде не тазалайды?<br>Көктемде ауланы | болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды:** балықтардың бірнеше түрін білуге , коммуникативтік дағды қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** балықтардың бірнеше түрін атап береді.<br>**Түсінеді**: балықтардың мінез-құлқының тіршілік ету ортасына тәуелділігін біледі.<br>**Қолданады**: коммуникативтік дағды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Ертістің ағынымен,<br>Екі жағы,<br>Ертістің бауыры кең,<br>Айдын Ертіс, ақ Ертіс асырауда<br>Айналасын өзінің сауырымен.<br>М.Мақатаев<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Суды нелер мекендейді?<br>Балалардың қандай балықтарды білетінін сұрайды. Қолдарыңа балық ұстап көрдіңдер ме? Ол қандай болады?<br>**Түсіну деңгейі: Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады.**<br>Тапсырмалардың көмегімен балаларды мәселені іздеуге, шешуге жұмылдыру: суқоймасы мен оны мекендейтіндердің суреті мұқият қарап шығуды сұрайды. Балалардан суқоймаларында тіршілік ететін балықтар, бақалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Көктемде күн жылынады.<br>Жылы, жы-лы-на-ды. Күн жылынады.<br>– Көктемде күн қайтеді?<br>– Көктемде күн жылынады.<br>– Көктемде қар ериді.<br>Қар ... (ериді)<br>– Қар қай жыл мезгілінде ериді?<br>– Көктемде қар ериді.<br>– Көктемде құстар ұшып келеді.<br>– Құстар қай жыл мезгілінде ұшып келеді?<br>– Көктемде құстар ұшып келеді.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – ағаш.<br>– Ағашта қандай өзгеріс байқалады? Мынау не?<br>– Мынау – бүршік.<br>– Ағашта бүршік. Ағашта не?<br>– Ағашта бүршік.<br>Жаңа сөздерді, сөйлемдерді балалар жеке, хормен және педагогпен бірге түрлі дауыс ырғағымен қайталайды.<br>**Дыбыстық жаттығу**. (Айнамен орындалады).<br>Ү-ү-ү- бүршік – бүүүршік – бүршік.<br>Ө-ө-ө- көктем – көөөктем – көктем.<br>**Қолдану деңгейі: Тақпақ оқу**, таныс сөздерді тапқызу.<br>Құс келді<br>Қар су боп жөнелді –<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>(Б.Қозыкеев)<br>Балалар таныс сөздерді | алашаның ортасына, жанына, шеттеріне, бұрыштарына орналастыру) іскерлік дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балаларға көркемөнер туындыларын (ұлттық баскиімдер) көрсетіп, әңгіме құрап айтқызу. Ою-өрнек әшекейлеріне, ер кісілер мен әйелдер, қыздар киетін баскиімдердің ерекшеліктеріне тоқталып өту. Қыз бала қалыңдық болғанда киетін сәукеле жайында әңгімелесу.<br>Балалар, маған әйел адамдар киетін қазақтың қандай ұлттық баскиімдері бар екенін айтып беріңдерші?<br>Дұрыс айтасыңдар, балалар, сендер әйел адамдарға арналған ұлттық баскиімді біледі екенсіңдер.<br>Бүгін біз қалыңдықтың баскиімі – сәукелемен толығырақ танысамыз.<br>Сәукеле – қыз бала тұрмысқа шыққанда киетін баскиім, ол арнайы басылған ақ киізден немесе арасына қыл салынып, сырған матадан жасалады.<br>Сәукеленің төбесі конус пішінді болып келеді. Оны асыл тас, алтын, күміс, маржанмен өрнектеп, алтын жіппен әшекейлейді. Ең жоғарғы төбесіне үкі қадайды.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар алаша мен текеметтің айырмашылығы жайында өз | Сөйлем неден тұрады?<br>Сөздің сызбасын қалай белгілейміз?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»**<br>Қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.<br>***Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен).***<br>Педагог бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, педагогке кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.)<br>Мысалы: *ррр‌радио(р), уууылдырық(у), ааалма(а), қққасқыр(қ), мммақта(м), қққияр(қ), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а), тттышқан(т), сссазан(с), өөөшіргіш(ө),* | тазалайды.<br>Мынау – арық. (Суретті көрсетеді).<br>Мынау не?<br>Мынау – арық.<br>Көктемде арықты тазалайды.<br>Көктемде арықпен не істейді?<br>Көктемде арықты тазалайды.<br>Көктемде ағаш отырғызады. (Суретті көрсетеді).<br>Көктемде не істейді?<br>Көктемде ағаш отырғызады.<br>Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды.<br>Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта» Көктемде ағаш ...<br>Көктемде(сөйлемді аяқтау үшін суреттер: ағаштар, гүл, гүлдер көрсетіледі).<br>Көктемде ауланы тазалайды .<br>Көктемде ... ...<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Ө-ө-ө-ө-<br>көк- көк- көк- көктем<br>Ө-ө-ө-ө-<br>шөп-шөп-шөп<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>**Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, дұрыс емес пе?».**<br>Сөйлем дұрыс болса, «иә» деп жауап беріп сөйлемді | мен жәндіктер туралы қызықты фактілер айтып берулерін өтінеді.<br>Балалар педагогтің жетекші сұрақтарының көмегімен суда балықтар, бақалар мен жәндіктер тұратынын айтады. Балық – суда тіршілік ететін жануар. Оның денесі қабыршақпен қапталған. Олар тек қана суда тіршілік етеді. Балықтар су астында желбезегінің көмегімен тыныстайды. Судағы ауа да ерекше. Суда тіршілік ететін бақалар да, жәндіктер де ондағы ауаны «аулауға» әбден үйренген. Ал, мысалы, жүзгіш қоңыз ауа көбіршіктерін кеуде қуысына салып алып, суға сүңгиді. Суқоймаларын мекендейтіндердің де пайдасы көп. Олар суды тазартады, оның мөлдір болуына ықпал етеді, қурап қалған өсімдіктерді жейді, судың түбін тазалайды. Қуаныштың суқоймасын мекендейтіндердің қалай қозғалатынын көрсету туралы өтінішін орындауға шақырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Тапсырмаларды ретімен орындайды. Суреттер арқылы суқоймасында тіршілік ететін жануарлар жайлы біледі. Балаларды ынталандырады.<br>«Түрлі түсті гүл» рефлексивтік жаттығуларын жасауға шақырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталайды: қар, күн, бүршік, ағаш. Тақпақты жаттайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>**Дидактикалық ойын «Сөйлемді аяқта».**<br>Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау.<br>Көктем ...<br>Күн ...<br>Қар ...<br>Ағаштар ...<br>Көктемде ...<br>Көктем айлары ... | білгендерін айтады. Педагог сәндік қолданбалы өнер көрмесіне арнайы ұйымдастырылған саяхат жасап, қолөнер бұйымдарымен таныстырады. Суреттерін қарап көреді. Алашаға және оның суретіне балалардың назарын ерекше аударады. Алашаның қандай мақсатта қолданылатынын түсіндіреді. Алашаны тоқу әдісімен, өрмек құра отырып жасау әдістеріне тоқталып өтеді. Осындай алашаны біз бүгін сендермен бірге әшекейлейміз деп келіседі. Алашаның суреті бойынша үлгіге талдау жасайды. Ою-өрнек элементтерін таңдауға және оның орналасуына баса назар аударып түсіндіреді. Ою-өрнектерді салу жолдарын алдымен ауада көрсетеді, содан кейін барып қағаз бетіне түсіреді. Балалар бояу түстерін және ою-өрнек элементтерін таңдайды. Оны қағаз бетіне қалай орналастыруға болатыны жайлы ойланады. Өрнектерді салу жолдары көрсетіліп, ортасынан шеттеріне, оң және сол жақтарға симметриялы салу қажеттілігі түсіндіріледі. Педагог көптілділік компонент бойынша алаша – алаша (палас) ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады.<br>**Қолдану деңгейі:** Сәукелені | *жжжжұлдыз(ж), жжжжастық(ж), дддиректор(д), жжжжарық(ж), шшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), тттиін(т), қққолшатыр(қ), бббақа(б), иииит(и)*, т.б<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық жаттығу: «Жуан дауысты дыбысты тап»<br>– Балалар, мен сендерге сөздерді айтамын, сендер жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар.<br>Мысалы: *гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алпамыс, айна, етік, қарлығаш, ұлу, жүген, түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б.*<br>Тақтаға сөдердің сызбасын іледі.<br>**Торт** сөзіне дыбыстық талдау жасатады.<br>**Торт** –1 буын, 4 дыбыс.<br>**Т** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**О** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Р** – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Т** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен | қайталайды. Сөйлем құрлымы қате болса, сөйлемді дұрыстап айтады.<br>Көктемде гүл өседі.<br>Көктемде көгөніс піседі.<br>Көктемде отырғызады ағаш. т.с.с. | Балалар гүлдің түсі өз көңіл күйіне сай келетін күлтесін таңдап алады. Содан кейін барлық күлтелер қосылып, бір гүлге айналады.<br>**Сергіту сәті :**<br>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>Бақа, бақа, балпақ,<br>Басың неге жалпақ?<br>Темір телпек көп киіп,<br>Басым содан жалпақ.<br>Бақа, бақа, балпақ,<br>Көзің неге тостақ?<br>Қырдан алыс көп қарап,<br>Көзім содан тостақ. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>салу үшін алдымен үшбұрыш салып аламыз, астыңғы бөлікті сәл дөңгелектеп, сәукеленің ең жоғарғы ұшына үкі тағамыз, сәукелеміз әдемі әрі тартымды болуы үшін оған ою-өрнек саламыз. Балалар үлгіден қарап немесе өз таңдаулары бойынша ою-өрнекпен безендіреді.</td>
<td>белгілейміз.<br>Ұшақ сөзінің дыбыстық талдауы.<br>Ұшақ – 2 буын, 4 дыбыс.<br>Ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Ш – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Сергіту сәті<br>Ұшты-ұшты құлын ұшты.<br>Ұшты-ұшты мұрын ұшты.<br>Ұшты-ұшты кептер ұшты.<br>Ұшты-ұшты дәптер ұшты.<br>Ұшты-ұшты қарға ұшты.<br>Ұшты-ұшты арба ұшты.<br>Саусақ жаттығуы<br>Алақанды ысқылап,<br>Қыздырайық балақай.<br>Алақаның ысыды,<br>Қараңдаршы алақай!</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3 үзіліс – 10:55 – 11:05<br>Балалардың дербес іс-әрекеті<br>Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.<br>Аз қимылды ойын.<br>Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»<br>Басты міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық,ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3"> 
</td>
<td colspan="3">Аз қимылды ойын. Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»<br>Ойын міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.<br>Әдістемелік нұсқау: «Талапай - ау, талапай, табылды ойын алақай»- деп қоржындағы асықтарды балалар алдына тастаймын. Балалар жарыса асықтарды «ханталапай» деп дауыстап асықтарды таласып, бөліп алады. Жинаған асықтарын санап, әр бала 5 асықтан тігіп ойынға қатысады. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
|    | ойынды бастайды. Асықтарды атады да, тигізген асықтарын ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда, мұғалім қойған тапсырмаға жауап береді. Егер ойыншы бала жауап бере алмаса, қатысушы басқа балалар жауап береді. Осылайша ойын жалғасады. Ойын соңында сұрақтарға дұрыс жауап беріп, асықты көп жинаған бала жеңімпаз атанады.<br>**Ойын шарты:** Ал, «Ханталапай» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.** Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды. |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Стадион (таза ауада).<br>Бір, екі, үш, балалар алды күш!<br>**ҰІӘ міндеттері:** -балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру.Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу.<br>-үздіксіз жүру,секіру жаттығуларымен таныстыра отырып,дене қимылдарын дұрыс жасауға бейімдеу.<br>**Дағды:** -қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту; -допты заттардың | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Қайырлы таң.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру;<br>-қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру<br>**Дағды**: Балаларға арналған | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>«Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары (таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-гимнастикалық орындық үстінен аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуларын дұрыс жасай алуға тәрбиелеу;<br>-оң және сол қолымен нысанаға дәл лақтыруға жаттықтыру;<br>-ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Дағды:** -рөлдік | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Қайырлы таң.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру;<br>-қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Волейболшының жаттығуы.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жер бауырлап еңбектеуге, жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру.<br>**Дағды:** -баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу, бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыру дағдыларына қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Жасайды:*** заттардың арасымен қозғала отырып, допты жерге соғып алып жүру.<br>**Түсінеді**: стадионның маңызын, спортпен шұғылданудың денсаулыққа тигізер пайдасын, допты аяқ басының іш жағымен тебу керектігін.<br>**Қолданады:** жүріп келе жатып, қайта сап құру дағдыларын, ырғақты гимнастика жасауды, топпен қозғалу, психотренинг жасау, допты саусақ ұшымен баяу қайтаруды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Спорт түрлерімен карточкаларды көрсету.<br>«Стадионда ертеменен,<br>Біз жаттығу бастаймыз.<br>Жүгірмейміз дәрігерге,<br>Жалқаулықты тастаймыз!»<br>Көрсетілген спорт түрлері жайлы естіп-білгендерін ортаға салады. Спортпен шұғылданудың адам ағзасына пайдасы мен жеке қасиеттерге келтірер ықпалы жайлы әңгімелейді. Балалармен бірлесіп жаттығу бағытын таңдап алу.<br>«Бір, екі, екі, бір,<br>Бізбен бірге жүр!<br>Үш, төрт, төрт, үш, Кәне, | аспапта ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.<br>**Репертуар:**<br>**Музыка тыңдау:**«Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)<br>***Ән айту:***«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова)<br>**Билер:**«Қоян биі» (В. Питерцев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әуенге ілесіп би қимылдарын жасайды.<br>**Түсінеді:** музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.<br>***Музыка тыңдау:*** «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова).<br>Дина Нұрпейісованың | әрекеттерді ұлттық ойын мәнмәтініндегі әрекеттермен орындай алуын бекіту;<br>-ойын ережелеріне сай тізбекке, шеңберге, қатарға тұру дағдыларын жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** айқасқан қадамдар жасау**,** «миға гимнастика» элементтері, ойындардағы рөлдік элементтерді.<br>**Түсінеді:** ел мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын барлық ұлттардың ойындарында ортақ нәрсе көп, ойын ережелерін сақтау керектігін.<br>**Қолданады:** тізбектеліп жалғастырып орындалатын жаттығулар, кеңістікті бағдарлау, ойындарда өз әрекеттерін өзге ойыншылардың қимылдарымен үйлестіре білуі, жағдайға байланысты қозғалыс бағытын өзгерту, жағдайға сәйкес коммуникативті қатынасқа түсе білу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Тренинг: «Күлкі сыйла»**<br>ҚР қонақжайлылық пен толеранттылық дәстүрлеріне назар аудару.<br>Шеңберге тұрып бір-біріне бастарын бұрып, | **Дағды**: Балаларға арналған аспапта ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.<br>**Репертуар:**<br>**Музыка тыңдау:**«Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)<br>**Ән айту:**«Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова)<br>**Билер:**«Қоян биі» (В. Питерцев)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әуенге ілесіп би қимылдарын жасайды.<br>**Түсінеді:** музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***<br>«Жеңіл би» (Т. Ломова). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру. | қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** спортқа деген қызығушылыққа баулу. Допты тізесімен қысып, алақандары мен аяқтарының ұшына тіреніп жорғалау. Бір аяқпен секіру.<br>**Түсінеді:** спортшылардың физикалық қасиеттері, тізбек пен қатарда жүргенде арақашықтық пен бағытты сақтап қимылдауды. Жаттығулардың соңына дейін денені тік ұстау, өз қимылдарын басқа ойыншылардың қимылымен келістіруді.<br>**Қолданады:** жүгіргеннен кейінгі тыныс алуды қалыпқа келтіруді, тізені жоғары көтеріп жүру, үздіксіз баяу жүгіру, допты бір қолмен, екі қолмен домалатуды, артқа лақтыру дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Ойын жаттығуы: **«Спорт түрлері»**<br>«Шыныққан адам шырайлы<br>Қызығып бәрі қарайды.<br>Шынығуға спортты таңдап,<br>Жаттықсаң, сол жарайды!<br>Волейболшылардың ерекше жаттығуына шақыру. Спортшылар сапқа тұрады. Тізбекке, қатарға қайта сап құрады. Бір-бірден |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жина күш!<br>Біреу күлсе – елеме,<br>Жаттығуды тастама,<br>Көп тырыссаң – жетерсің<br>Сен де бір күн жеңіске!»<br>**Ырғақты гимнастика (№1)**<br>Өз еркінше залға шашырап тұрады. Музыка ырғағымен қимылдарды ырғаққа сай, жаттығулар кешенін толық орындап біткенше арқасын тік ұстап орындайды.<br>Дұрыс тыныс алуға, қалыпты тыныс алуға тырысады.<br>Залдың ортасы арқылы бір-бірден тізбекке тұрып жүру, жүгіру, екі-екіден тізбекке тұрып жүру, жүгіру.<br>Төрт-төрттен тізбек құру.<br>**Түсіну деңгейі:** Топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды.<br>**«Баскетбол»**<br>Допты 4 метр қашықтықта заттардың арасымен екі қолмен жүргізу.<br>**«Гимнастика»**<br>Ұзын орындықтың бетімен жүру.<br>**«Футбол»**<br>Допты 2 метрден екі аяқпен кезек-кезек жүргізу.<br>**«Баскетбол»**<br>Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.<br>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп | суретін қөрсету, шығармалар туралы әңгіме өткізу.<br>Балаларға күйді тыңдатып, ішінен бұлбұлдың сайрағанын ести білуге ұмтылдыру, қазақтың киелі аспабын құрметтей білуге дағдыландыру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Қайырлы таң» (Е. Өміров).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әннің ішінде кездесетін «рауан», «шапақ» сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br>Үйренген «Наурыз тойы» әнін (Т. Мұратов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Билер:*** «Қоян биі» (В. Питерцев).<br>Балалар би үйрену барысында қоянның қимылдарын көрсетеді.<br>Қосаяқтап секіріп, орындарында тұрып айналып билейді.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойын кезінде жануарлардың төлдерін | күлімсірейді. Келесі балаға бұрылып, күлімсіреуді әрі қарай, келесі балаға сыйлайды. Осылайша күлімсіреуді бір-біріне бере отырып, бірінші ойыншыға қайтып келеді.<br>**«Миға гимнастика»**<br>**Жаттығу:**<br>**«Айқас қадамдар»**<br>Сол аяқтың ырғағымен оң қол қимылдайтындай етіп қозғалу. Ал енді оң аяқтың ырғағымен сол қол қимылдайды.<br>Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен, сол аяқты тигізу.<br>**Жаттығу:**<br>**«Жалқау сегіздер»**<br>Оң қолдарында қарындаш бар деп ойлап, ауада жатып қалған сегіздің суретін салу. («шексіздік» таңбасы), енді – сол қолмен. Енді екі қолмен бірдей салу.<br>**Түсіну деңгейі: «Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны).**(4 рет)<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады.<br>Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың | ***Музыка тыңдау:*** «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова).<br>Дина Нұрпейісованың суретін қөрсету, шығармалар туралы әңгіме өткізу.<br>Балаларға күйді тыңдатып, ішінен бұлбұлдың сайрағанын ести білуге ұмтылдыру, қазақтың киелі аспабын құрметтей білуге дағдыландыру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Қайырлы таң» (Е. Өміров).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әннің ішінде кездесетін «рауан», «шапақ» сөздерінің мағынасын түсіндіру. Үйренген «Наурыз тойы» әнін (Т. Мұратов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Билер:*** «Қоян биі» (В. Питерцев).<br>Балалар би үйрену барысында қоянның қимылдарын көрсетеді.<br>Қосаяқтап секіріп, орындарында тұрып айналып билейді.<br>***Ойындар, хороводтар:*** | қолдарын әртүрлі ұстап, тізені жоғары көтеріп, тізбекке сапқа тұру.<br>Үздіксіз баяу 2 минут жүгіру. Қолдары мен аяқтарының қимылын үйлестіріп, баяу жүгірісті орындайды. Жүгіруден кейін тыныс алуды қалыпқа келтіреді.<br>**Түсіну деңгейі: Тыныс алу жаттығулары**<br>«Шұғылданып спортпенен, Тез үлкейіп өсеміз!» – аяқ ұшына көтерілу, қолдарын жоғары көтеру – демін ішке тарту.<br>«Күнде-күнде өсеміз!<br>Сағат санап өсеміз!– қолдарын төмен түсіріп, табанын толық басу – демін сыртқа шығару.<br>Қимыл-қозғалыстарын бұрыннан орындап келе жатқан қимыл түрлерімен байланыстырады.<br>Қолдары мен аяқтарының қимылдарын үйлестіреді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстар:**<br>Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпта әрекет ету мен допты сезе білу қажет.<br><br>Қолына доп алып 3 метр қашықтықта жүгіру.<br>Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру.<br>Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жорғалау.<br>Допты бір қолмен, екі қолмен домалату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мөлшерлейді.<br>**«Секіргіштер»**<br>15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп, секіріп, екі аяқпен қону.<br>Секіру сызығына келіп тұрады. Жерден екпіндеп итеріледі де,қолдарын сермеп көмектеседі. Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алдыға созады.<br>**«Қалашық»**<br>Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру:<br>**«Қалашық»** – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады.<br>**Қолдану деңгейі: Зейінді дамыту жаттығулары:**<br>**«Жазу мәшинесі»**<br>Әр ойыншы бір дыбысты таңдайды. Жүргізуші бір сөз айтады. Ойыншылар сол сөздегі дыбыстар реті бойынша өзіне берілген дыбыстың реті келгенде бір шапалақ ұрады. Сөйтіп әр «дыбыс» өз кезегінде шапалақтайды. Сөз толық басылған кезде барлық ойыншылар бірге шапалақтайды.<br>**«Футболшылар»** **–** «Допты дәл беру»<br>Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді.<br>Қалағандарынша дөңгелене тұрып, футбол добын оң | шатастырмай атап, солардың қимыл-қозғалыстарына мән беріп ойнайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек.<br>Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды.<br>**«Орын ал»**<br>**( Татар ойыны)** (5 рет)<br>Шеңбер «Жүгір!» дегенде, тоқтай қалуы керек. Тек шеңбермен жүгіруге болады. Шеңберді кесіп өтуге болмайды. Жүгіріп келе жатып, шеңберге тиіп кеткен ойыншы ойыннан шығады.<br>Ойыншылардың біреуін жүргізуші етіп сайлайды. Қалғандары қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүреді. Жүргізуші шеңбер бойымен қарсы бағытта жүреді:<br>Сауысқандай саңқылдап,<br>Ата қаздай қаңқылдап,<br>Үйшігімді қорғаймын,<br>Қорқақ бала болмаймын!<br>Сені иықтан ұрамын,<br>Жүгір! Жүгір!<br>«Жүгір!» дегенде, жүргізуші бір ойыншыны иықтан ақырын соғып қалады. Шеңбер күрт тоқтайды. Ал иығынан соққан бала шеңберден шығып, жүргізушіге қарама-қарсы бағытта жүгіре жөнеледі. Бос орынға жүгіріп келіп тұра қалуға тырысады. | «Төлдер» (Д. Ботбаев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойын кезінде жануарлардың төлдерін шатастырмай атап, солардың қимыл-қозғалыстарына мән беріп ойнайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | Допты артқа лақтыру.<br>Нұсқауларды орындап, бастапқы қалыпқа тұруды дұрыс орындауға тырысады. Жаттығуды орындаған соң, қолдарын белге қойып, артпен жүріп өз орнына келеді. Барлық жаттығулар орындалып біткенше қимылдарын басқарып, денесін тік ұстауға тырысады.<br>**Ойын жаттығулары:**<br>«Допты жұпта ұстап қал», «Ғажайып фигура» – ұсақ моториканы дамыту жаттығулары. Өз жұбын көзді жұмып тауып алады. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруы керек. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады.<br>**Ойын-тренинг: «Өзіңді тыңда».**<br>Ыңғайланып отырып алып, көздерін жұмады. Іштерінде не болып жатқанын сезінеді. Сұрақтарға жауап береді.<br>-Сендер не сезініп тұрсыңдар?<br>-Сендер нені қалайсыңдар?<br>-Нені естідіңдер? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқ және сол аяқпен бір-біріне көзмөлшермен мөлшерлеп, аяқ басының ішкі жағымен беруге тырысады.<br>Дыбыстарды айтып тұрып, тыныс алу гимнастикасы.<br>«Я» дыбысы.<br>Дыбыстарды айту өкпенің астыңғы жағына, жүрекке, бауырға, асқазанға жақсы әсер етеді. Ауырғанды басады, өз-өзіне деген сенімділігін арттырады.<br>Бастапқы қалып – еркін тұрыс.<br>Терең тыныс алады да, демін шығарғанда созып «яяяя» деп дыбысты айтады. Дыбысты мүмкіндігінше созады.<br>**«Бәрі қолымнан келеді!»**<br>Шеңберге тұрып, психотренингті орындайды.<br>«Бүгінгі күн қандай керемет!<br>Менде де бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек етіп, бәрін үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін істей аламын!» | | Орынсыз қалған ойыншы енді жүргізуші болады.<br>**Қолдану деңгейі: «Соқыртеке» (орыс ойыны)** (5 рет)<br>Жүргізуші сығалап қоймауы керек.<br>Ойын кезінде ешкім шеңберден шыға алмайды. Ойыншылар үлкен шеңберге тұрады. Жүргізушіні сайлап, көздерін байлап, шеңбердің ортасына қояды. Жүргізуші ойыншыларды ұстап алып, атын атауы керек. Ал ойыншылар одан еңкейіп, шалқайып, ұстатпай қашады. Тек шеңберден шықпайды. Егер жүргізуші бір ойыншыны ұстап, атын дұрыс айтса, барлық балалар «көзіңді аш!» деп айқайлайды, ал егер дұрыс атай алмаса, балалар дыбысын шығармай, тек жан-жақтан шапалақ ұрып, қателескенін білдіреді. Ойын одан әрі жалғаса береді.<br>**Сезімдік жаттығу: «Өз-өзіңді қолға ал!»**<br>Шынтақтарын алақандарымен құшақтап алып, кеуделеріне қысады.<br>«Егер біреуге ашуланып, біреуді ұрғың келсе, бірдеңеге мазасызданып тұрсаң, өзіңнің мықтылығыңды көрсетудің бір жақсы | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тәсілі бар: шынтақтарыңды алақандарыңмен құшақтап алып, кеуделеріңе қысыңдар. Бұл – сабырлы адамның тұрысы». Әртүрлі ұлттардың достығы жайлы айту. | | |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 6**<br>**Маусымдық бұлттарды бақылау.**<br>**Міндеттері:** әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Бұлт»**<br>**Ә. Ақыпбекұлы**<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.**<br>♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Бүгінгі бұлттар қандай?<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br>**Еңбек**<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>Міндеттері: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 7**<br>**Күнді бақылау**<br>**Міндеттері:** күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр тaратқан.<br>(күн)<br>Алауға оранып,<br>Көкке өрлеп шығады.<br>Бір айналып оралып,<br>Көкжиекке бұғады.(күн)<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 8**<br>**Қардың еруін бақылау**<br>**Міндеттері:**<br>табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Көктем келді»**<br>**Б.Қозыкеев**<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 9**<br>**Ұшып келген құстарды бақылау**<br>**Міндеттері**: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Ұя» Қ.Баянбаев**<br>Ұя жасап тақтайдан,<br>Талға апарып байладым.<br>Жыл құсының шаттанған,<br>Күттім қашан сайрауын.<br>Сол ұяны талдағы,<br>Қараторғай мекендеп,<br>Күні бойы сайрады,<br>Жылы пәтер екен деп.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер?<br>*Жыл құстары деп неге айтамыз?<br>*Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді?<br>*Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді?<br>*Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар?<br>**Дидактикалық тапсырма:** | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 10**<br>**Желді бақылау**<br>**Міндеттері:**<br>- жел туралы түсініктерін бекіту;<br>- жел түрлерін есте сақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>Желдің қандай түрлері болады?<br>Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рахат алуды үйрету.<br>Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Үйсіз қоян».<br>**Міндеттері:**<br>—бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>—жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаш айту:<br>«Ала бұлт ақ па,<br>Ақ бұлт ақ па?<br>Ала бұлт ақ емес,<br>Ақ бұлт ақ»<br>«Анау арал қай арал,<br>Қайыңды арал, талды арал»<br>**Жұмбақ:**<br>Етек-жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай,<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді.<br>(Бұлт) | қайсысын күн көп қыздырады?<br>Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен карауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Күн мен түн».<br>**Міндеті:** күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>**Жаттығу ойыны** Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.<br>**Мақал-мәтел:**<br>Сәуір болса күн күркірер,<br>Күн күркіресе, көк дүркірер.<br>Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын. | қарқатқақты салыстыру.<br>**Еңбек:**<br>Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару.<br>**Мақсаты:**тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ормандағы аюда».<br>**Мақсаты:** белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау.<br>**Жаттығу ойыны**:<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>**Мақсаты:**<br>Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау;<br>Ептіліктерін қалыптастыру;<br>Қозғалыс координациясын жақсарту.<br>**Халық болжамы:**<br>Қарлығаш келсе күн күркірейді.<br>Құстар ұясын күн жаққа қарай салса,<br>жаз салқын болады.<br>**Мақал:** Қыстың қамын жаз ойла. | Құстарды топқа бөл.<br>**Міндеттері:** құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру.<br>**Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Ұшты ұшты».<br>**Мақсаты:** зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс**<br>**Жаңылтпаштар жаттау:**<br>Үйір, үйір үйректі,<br>Қаз маңғаз,<br>Үйірге кім үйретті?<br>Маңғаз қаз.<br>Үйір, үйір үйректі,<br>Әр кез маңғаз,<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>Қаз маңғаз.<br>Мақсаты: сөздік қорларын байыту.<br>**Тыйым сөздер:**<br>Құс ұясын бұзба.<br>Құсқа тас атпа.<br>Құс жұмыртқасын сындырма. | барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады.<br>Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)<br>♦Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)<br>♦Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.<br>**Еңбек:** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Бір-біріне доп лақтыру.<br>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.<br>**Халық болжамы.**<br>Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Аитжанова Аделя | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:** | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:** | **Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:** | **Көркем әдебиет-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Байтемір Айзере |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алтай Сұлтан<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>**Ойын жаттығулары:**<br>«Допты жұпта ұстап қал», «Ғажайып фигура» – ұсақ моториканы дамыту жаттығулары. Өз жұбын көзді жұмып тауып алады. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруы керек. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады. | Байтемір Айзере мен<br>Ермекова Айбике<br>Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету. | Байтемір Айзере<br>Берікұлы Арнұр<br>Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. | Оралхан Жігер<br>«З» – «С» дыбыстарын дұрыс айтқызуға қалыптастыру.<br>**Тілімізді жаттықтырайық:**<br>За-за-за – таза.<br>Зе-зе-зе – зере.<br>«З» дыбысының буын ішінде келуі:<br>Жүзім – күзім,<br>Жүзік – білезік,<br>Жазым – назым.<br>Енді айнаға қарап «С» дыбысын айтайық.<br>Байқап көрсеңдер, еріндерің жай ғана ашылды.<br>Са-са-са – сана.<br>Се-се-се – кесе.<br>Со-со-со – соқа.<br>Сө-сө-сө – сөре. | Әдеби жанрдың бір түрі – өлең туралы түсінігін бекіту. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Соқыртеке» (орыс ойыны)<br>**Міндеттері:** Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру. Ел мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын барлық ұлттардың ойындарында ортақ нәрсе көп, ойын ережелерін сақтау керектігін түсіндіру.<br>**Дағды:** Ойын ережелеріне сай тізбекке, шеңберге, қатарға тұру дағдыларын жалғастыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Жүргізуші сығалап қоймауы | **Танымдық-қимылды ойын**<br>**Дидактикалық ойын: «Кім зерек?»**<br>**Міндеттері:** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру.<br>**Дағды:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br>Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды. | **Дидактикалық жаттығуы:** «Белгі бер»<br>**Міндеттері:** Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту<br>**Дағды:** Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты | **Дидактикалық ойын:** «Түлкінің құйрығын тап».<br>**Міндеттері:** Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту.<br>**Дағды:** ертегі кейіпкерінің құйрығын тауып, суретті толықтыра отырып, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді. | **Дидактикалық ойын:** «Ұшақ»<br>**Міндеттері:** Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Ғарышкер туралы түсінік беру.<br>**Дағды:** Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Балалар, ұшаққа отырып, ұшып көрейікші.<br>*(Музыка әуені ойналады. Балалар «ұшады», музыка аяқталғанда «қонады»).*<br>Кең аспанды шарлаған,<br>Ұшқыш деген мен болам.<br>Қыран құстай самғаған,<br>Ерен жүйрік ер болам! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керек.Ойын кезінде ешкім шеңберден шыға алмайды. Ойыншылар үлкен шеңберге тұрады.Жүргізушіні сайлап, көздерін байлап, шеңбердің ортасына қояды. Жүргізуші ойыншыларды ұстап алып, атын атауы керек. Ал ойыншылар одан еңкейіп, шалқайып, ұстатпай қашады. Тек шеңберден шықпайды. Егер жүргізуші бір ойыншыны ұстап, атын дұрыс айтса, барлық балалар «көзіңді аш!» деп айқайлайды, ал егер дұрыс атай алмаса, балалар дыбысын шығармай, тек жан-жақтан шапалақ ұрып, қателескенін білдіреді. Ойын одан әрі жалғаса береді. | | басқа да дыбыстармен ойнатса болады. | | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.** **12:25-12:30** | **Ата –аналарға кеңес: Сіздің балаңыздың қауіпсіздігі** Қылмыстың бір түрі – балаға зорлық көрсету. Озбырлық, зорлық-зомбылық көрсету, жаман қарау, ауыр физикалық және психологиялық зақым көрсету деректері күн сайын газет беттерінде жиі кездесіп тұрады. Қауіп-қатер азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету керек, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін. Көп жағдайда милицияға ол туралы хабарлай алмайды, себебі | **Ата-анаға ұсынымдар:** 1.Егер балаңыз сізді сыйлағанын қаласаңыз, онда өзіңізде оған сыйластықпен қараңыз, әр баланың жеке тұлға екенін естен шығармаңыз. 2.Баланың қылықтарын сынағанда, оның жеке басына тіл тигізбеңіз. 3.Баладан оның жас немесе жеке мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтінді талап етпеңіз. 4.Балаға ақыл айтып немесе сөгетін болсаңыз, ол 2-3 минуттан аспуы тиіс. 5.Баланың қателерін мойындатуға және «енді бұлай жасамаймын» деген уәдесін алуға тырыспаңыз. 6.Балаңыз кенеттен қатты дыбыс естігенде немесе | **Ата-анаға ұсынымдар: Баланың мектепке дайындығы.** Ата-аналар балаларды мектепке дайындаудағы ең бастысы оқу, жазу, санау емес екендігін білулері керек. Мақсаты — жаңа біліктер, таным әдістері, әрекет, қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы балаларды мектепке баруға дайындау. **Негізгі міндеттер:** - мектепке дайындық барысында ата-ананың баламен әріптестік қарымқатынасын орнату және дамыту; - ата-аналарға өз балаларына, олардың | **Ата-анаға ұсынымдар: Баланың мектепке эмоционалды-еріктік дайындығы:** - баланың неге мектепке баратынын түсінуі, оқытудың маңыздылығы; - оқуға және жаңа білім алуға қызығушылықтың болуы; - оқу бағдарламасы талап ететін, баланың өзіне тән емес тапсырманы орындау қабілеті; - шыдамдылық, белгілі бір уақыт ішінде ересектерді мұқият тыңдау және бөгде заттар мен істерге алаңдамай тапсырмаларды орындау қабілетін қарастырады. Ата-аналар мектеп жасына | **Ата-анаға ұсынымдар: Шектен тыс қадағалау және көмек** Кейбір ата-аналар баласының орнына өзі оқып жатады. Сөмкесін жинап, киімдерін дайындап, сабағын бірге оқып, не істеу керектігін айтып отырады. Мұндай кезде баланың белсенділігі төмендейді. Өздігінен ойланғысы келмейді, ата-анасы айтпаса сабағын орындамайды. Қазір бұл жағдай көптеген, әсіресе жас, заманауи отбасыларда жиі кездеседі. Бұл өте үлкен мәселе. Ата-ана көмектесемін деп баланы өзі "бүлдіреді". Шектен тыс қамқорлық пен бақылау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білместік немесе қорқыныш сезім, үрей билейді.<br>**Сондықтан да балаға мынаны түсіндірген жөн:**<br>– Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек;<br>– Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет;<br>– Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету. | қолыңыздың қозғалысынан (көтеру) үрейленетін болса, онда бұл сізді ойландыруы тиіс.<br>7.Сіздің үрейленуіңізді, алаңдауыңызды бала сезеді, сондықтан балаға білдіртпеуге тырысыңыз.<br>8.Баланы тыңдай біліңіз. Әрбір мәселе бойынша өз пікіріңізді айтуға асықпаңыз.<br>9.Балаға адал ниетпен сыйлықтар жасауды үйретіңіз. | қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенуге көмектесу;<br>- балаларға өзін -өзі басқара алуына және өз қылықтарына жауап беруге көмектесу;<br>- мектепке дайындық процесінде ата-ананың баламен серіктестік және ынтымақтастық қарым-қатынасын орнату және дамыту;<br>- ата-аналарға өз балаларына, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенуге көмектесу;<br>- балалардың мектепке барар алдында ата-аналардың қобалжу деңгейін төмендетуге ықпал ету.<br>**Балалардың мектепке қызығушылығын арттыру бойынша кешенді дайындық:**<br>- мектепке бару, мектеп мәселелерін талқылау;<br>- баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бірлескен дамытутүзету сабақтары. | дейінгі балалардың өте маңызды психологиялық ерекшеліктерін білуі тиіс, олардың әрекетінің негізгі түрі ойын болып табылады, ойын арқылы бала дамиды және жаңа білім алады.<br>9.Барлық тапсырмалар балаға ойын түрінде берілуі тиіс, ал үй тапсырмалары оқу процесіне айналмауы тиіс. Бұл сұрақтарға жауаптарды әр бала білуі тиіс<br>1.Өзінің толық аты- жөнін атау.<br>2. Қанша жаста?<br>3. Әкесі мен анасының атын білу ( бар болса).<br>4. Әкесі қайда және кім болып жұмыс істейді?<br>5. Анасы қайда және кім болып жұмыс істейді?<br>6. Ағасы немесе әпкесі бар ма? Олар қанша жаста? Олардың жасы үлкен немесе кіші ме?<br>7. Сіз тұратын қала?<br>8. Мекен-жайы<br>9. Қай елде тұрасың?<br>10. Сенің мектепке барғың келеді ме? Неліктен барғың келеді? Ұнайды ма? | баланың дербестігі мен жауапкершілігін жояды. Бұл кейін ересек кезде де көрініс береді. Бұл жерде мәселені шешу үшін ең алдымен баланы өбектей беруді доғарыңыз және сабақтың, оқудың не үшін керек екенін жақсылап түсіндіріңіз. Әрине алғашында бала кішкене еркінсіп, ештеңе істемейді. Бірақ жақсылап, ұрыссыз түсіндіретін болсаңыз уақыт өте бәрі түзеледі. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

## Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 18.03.24** | **Сейсенбі 19.03.24** | **Сәрсенбі 20.03.24** | **Бейсенбі 21.03.24** | **Жұма 22.03.24** |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Математика негіздері –** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Математика негіздері»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары:** **«**Ойын,зерттеу танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Қазақтың ұлттық ойыны «Арқан тартыс»додекаэдр кубигі - бұл он екі қырлы.<br>**Аннотация:** Ойын барысында балалардың зейіні, логикасы, арифметикалық қабілеттері мен ұсақ моторика да дамиды.Қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды; | **Мүсіндеу-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті<br>**Құзыреттілік:** «Мүсіндеу»<br>**Коммуникативтік дағдылары:** «Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Кемпірқосақ»<br>**Аннотация:** Балаларға кемпірқосақ туралы түсінік беру,олардың қандай түстерден тұратынын, неден кейін пайда болатынын түстерді ажырата білуге баулу.<br>Ойын барысында балалардың зейіні, | **Қазақ тілі –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Қазақ тілі»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Ұтып алып,санап айт»(Модель ұлттық құндылықтар)<br>**Аннотация:** «Ұтып алып,санап айт» дидактикалық ойыны баланың бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыра отырып, құрметтеуге тәрбиелеу. 5- | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 таңбалы санды қоса есептеу арқылы келесі санды және 1таңбалы санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін (ойша шешу) меңгерту.<br>**Міндеттері:** -жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру;<br>1-ден 10-ға дейін санау, санның құрамын білу,балалардың ой-өрісін кеңейту;<br>ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br>**Дағды:** 1-ден 10-ға дейін санды танып,дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: «Арқан тартыс» суреттері, сандар.<br>**Қысқаша сипаттама:** Топқа бөлу.<br>**Үйрету:** Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу, жағына бір –<br>біріне қарама –қарсы тұрғызу.<br>**Меңгеру:** 2. Қарама –қарсы тұрған оқушылар бір –бірінің қолынан ұстап, әр бақталас топ өз жағына қарай бірін – бірі тартады. Кімнің тобы мықтырақ, қай топ өз жағына көп тартып алады, сол топ жеңіске жетеді. | логикасы,ойлау қабілеттері мен ұсақ моторика да дамиды. Алақанмен илеп бөліктерге бөліп, қоса білуге дағдыландыру.<br>**Міндеттері: -** кемпірқосаққа сипаттама бере отырып таныстыру. Табиғаттағы тіршілік иелеріне деген қызығушылығын оята отырып қамқор болуға тәрбиелеу Түстерді ажырата білуге үйрету; -бейнені түсіне қарай таңдап алу іскерліктерін дамыту.<br>**Дағды:** Алақанмен илеп бөліктерге бөліп, қоса білуге дағдыландыру. Ермексаздың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру, тегістеу, тарту, әдіс бойынша жаттықтыру ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу.<br>**Қосымша жабдықтар**: Кемпірқосақтың суреті.<br>***Әдістемелік нұсқаулар***:<br>***Ойынның шарты:*** Бұл ойынды балалар мұғаліммен бірге орындайды. Қағаз бетінде жеті түсті кемпірқосақ бейнеленген сурет салынады. Кімнің карточкасы түсі бойынша сәйкес келсе, сол бала заттық суретті алады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Негізгі түстерді араластыру арқылы қосымша түстерді алу дағдыларын қалыптастыру. Қызыл + сары = қызғылт сары көк + сары = жасыл, қызыл + көк | 6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдарын құрметтеуге ,коммуникативтік және танымдық дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» мейрамы туралы толық түсінеді. Суреттер арқылы заттарды тануды, ой-өрістері, сөздік қорлары, тіл байлықтарын дамытуды меңгереді. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>-Ұлттық құндылықтарарқылы заттарды таныта отырып, ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту;<br>-елін сүюге, дәстүрлі мерекелерді құрметтей білуге, бойларына адамгершілік жақсы қасиеттерді сіңіре білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:**<br>- түрлі заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылығын дамыту;<br>-тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру;<br>-сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жетілдіру:** 3. «Арқан тарту» Ойынның ережесі. Арқан тарту. Алаң ортасына көлденең сызық сызылады. Ойынға ортасына қызыл жіп байланған арқан қойылады. Ойынға қатысатын оқушылар өз топтарымен бірге екі жақтан арқанды тартады. Ортадағы көлденең сызықтан қай топ бұрын сүйреп өткізсе , солар жеңіске жетеді.<br>**Қолдану:** 4.**Ауызша** додекаэдр кубигі - бұл он екі қырлы лақтыру арқылы сандар құрамы бойынша жұмыс.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Ойынға барлық балалар қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (1-ден 10-ға дейін ) бөліп алады да, ойын бастайды. Барлық балаларға 1-ден 10-ға дейін сандар үлестіріп беріледі не болмаса әр бала өзіңе керек санды алады,сол санның артында тапсырмалар болады.Мысалы: 2 саны болса оның құрамы 1+1 деп айтып арқанның қасына барады,егер жауап болмаса онда арқанның ұшынан ұстай алмайды.Аталған бала бірінші болып тапсырма орындаса,санның ретімен арқанды тартады, қалған балалар өздерінде бар текшелерді ретімен қояды.Қай топ тапсырмаларды дұрыс орындаса, сол жеңеді.<br>**Ықтимал күрделендіру**: | = сияқөк.Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шешеді.<br>**Ойынның нұсқаулары:** Дидактикалық ойындарды мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекеттінің тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр,баланың шығармашылығын дамыту. Қағаз бетінде жеті түсті кемпірқосақ бейнеленген сурет салынады. Балалар жеті түсті кемпірқосақтың барлық түсінің реті бойынша және оған өз суреттерін сәйкестендіре отырып орналастырады.<br>**Тілдік жаттығулар:**<br>**«Кемпірқосақ»**<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Көкте қызыл-жасылды,<br>Кемпірқосақ ашылды.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> | жетілдіру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: суреттер, ойын құралдары.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>***Ойынның шарты:***<br>Ортада 2 үстел қойылып, оның біріншісіне басты суреттер ал, екіншісіне асық суреттер қойылады. Асықты текшені иіріп лақтыру арқылы суреттерді атап,екінші үстелде тұрған асықты еншілеп алады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Құрастырылған заттарға байланысты тұжырым шығару. Оларды бір сөзбен қалай атауға болады? Ең маңыздысын тауып, дәлелдеу.<br>**Ойынның нұсқаулары:** Құрастырылған жұмыстарына байланысты түсінік беру суреттер арқылы.<br>**Жоспарланатын нәтижелер:**<br>**Пәндік нәтижелер:**<br>- Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтары;<br>- Қазақтың ұлттық ер адамның, қыз баланың киімдері;<br>- Ұлттық қазақ қыз баланың әшекей бұйымдары.<br>- Ұлттық аспаптар;<br>- Ұлттық ыдыс аяқ түрлері;<br>- Сүт тағамдары т.б. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сандарға байланысты тура және кері санап,санның құрамын айтып беруге ынталандыру.<br>**Ойынның нұсқаулары**:<br>Рубик додекаэдр кубигі - бұл он екі қырлы жұмбақ арқылы ойнайды.Бала аталған сан бойынша орындау керек,үстел-үсті ойыны болғандықтан әр бала тапсырма кезінде мұқият,зерек болу абзал.Жазылған тапсырманы орындап,реттік санау бойынша дұрыс тұра білу керек мысалы,1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 .<br>**Практикалық зерттеу жұмыс:** Рубик додекаэдр кубигі арқылы<br>1. 1+1, 2. 0+2 ,3. 4-1, 4.  3+1 , 5. 6-1 ,6. 4+2,7. 8-1, 8, 5+3, 9. 10-1, 10. 6+4<br>Тура және кері санау:0,1,2,3,4,5,6,7,8,9,10<br>10,9,8,7,6,5,4,3,2,1,0<br>**Тарихи түсініктеме:**<br>**Арқан тартыс** ойыны — ұлттық ойын. Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар | <br><br><br><br><br><br> | маңызы мен қызметін білу.<br>**Жүйелі - әрекеттік нәтижелер:** танымдық, зерттеушілік, жобалаушылық, шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеу білігінен көрініс табуы қажет.<br>**Жұмыс түрі:** жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу, үстел-үсті ойындармен жұмыс.<br>**Сауықтыру сәті.**<br>**Көзге арналған жаттығулар:**<br>*Ақырын толық дем тарту. Алақанның жас-тықтарымен (шынашақ пен үлкен саусақ астындағы саусақ буыны үстіндегі орын) секундына 1 рет қимылдау желісімен дем тарту барысында оң жақтан және қайтып қабақтардан өткізу.<br>Қолды алақандармен қабыстыру (жуынғанда сияқты) және бетке салу, көзді, ауызды және мұрынды жабу (көздер жұмылған).<br>Бұл жағдайында демді максималды ұстау (шығуда), көзді ашу (жарық көзге түспеу керек) және алақанды алып тастамай, дем тарту. Алақанды жан-жаққа бір уақытта ақырындап жібере отырып, дем тарту.<br>Жаттығу көз шаршаған кезде бір рет қана | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойларына қарай қатар түзеп тұрады.<br>Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады.<br>Күн ілгері сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі топ тартысқа түседі. Ойыншылардың мақсаты — тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, коллективтік іс-әрекетке тәрбиелейді.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Алақанды ашамыз | <br><br> | жасалады.<br>**Артикуляциялық жаттығу:**<br>**Қазы-қарта тураймыз.** Ауызымызды ашып, бір-бірімізге не айнаға қарайық. Ауызды ашсақ әдемі тістер көрінеді. Тісіміз өткір, пышақ секілді. Осы тістердің көмегімен біз ауызға түскен тамақты тістеп, кесіп, бөлшектеп жейміз. Ал тіліміз қазы-қарта секілді ет екен. Ендеше қазы-қарта турайық. Тілді біртіндеп баяу шығарып, тіспен тістейміз. Туралған қазы-қартаны ауызға саламыз. Осылайша тіл кері ауызға қайтарылады. 3-4 рет қайталайды.<br>**Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу**<br>**«Қара жорға» жаттығуы**<br>1-қимыл. Қол қимылы. «Толқын».2-қимыл. «Самал жел»  Қолды жоғары көтеріп екі жаққа теңселте, тербелте қозғалту.<br>3-қимыл. Екі иықты ырғалта қозғау.<br>4-қимыл. Қолды алға созып, «Тізгін тарту» қимлын жасау<br>5-қимыл. «Ат шабыс» қимылын істеу. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бесті беске қосамыз.<br>Кел санайық ал мұны,<br>Нешеу болды барлығы?<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Жасырып ем бесеуін,<br>Қалды мұнда нешеуі?<br>Бесеу екен қалдығы,<br>Нешеу еді барлығы?<br>**Сандарға байланысты мақал – мәтелдер:**<br>Бес бармақ жиналса, жұдырық болады.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br><br><br><br> | | <br>**Поэзия сәт:**<br>Саспа, таста, балақай,<br>Асық озды қара, қай.<br>Шиыр енді сақаңды –<br>АЛШЫ ТҮСТІ, АЛАҚАЙ<br>**Қосымша жабдықтар:**<br> | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |     | |   | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br> | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды | **№ 10** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>1.«Таяқшаны жоғарыға көтеру». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқшаны иық еніндей шетінен ұстап төменге қою. 1 – таяқшаны жоғары көтеріп созылу;<br>2қолдарын бүгіп, таяқшаны жауырынына қояды;<br>3 – таяқшаны жоғары көтереді; | **№ 11** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 4 жаттығулар кешені**<br>1.«Таяқша жоғарыда».<br>Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою.<br>1 – таяқшаны жоғары көтеріп, созылу;<br>2 – қолдарын бүгіп, таяқшаны басынан асырып, иықтарына қою;<br>3 – таяқшаны қайта жоғары | **№ 12** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 5 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: тұру. 1-2 – таяқшаны жоғары баяу көтеру, оң (сол) аяқ басын артқа басып, өкшесін өзіне тарту, демін ішіне тарту; 3-4 – б.қ. 4–6 рет қайталау.<br>2.«Алдыға қара».<br>Б.қ. – аяқтарын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тәртіптендіреді. | 4 – таяқшаны төмен түсіреді, б.қ. (8 рет).<br>2.«Созылғыштар». Б.қ.: – тұру, таяқты төмен ұстау.<br>1-3 – таяқты жоғары көтеріп, артқа жіберу, аяқтың басымен тұрып, созылу; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>3.«Отырып-тұру»<br>Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқшаны иық еніндей шетінен ұстап төменге қою.<br>1 – отыру, таяқшаны алға шығару; 2 – б.қ. (8 рет).<br>4.«Еңкею» Б.қ.: – аяқтарын алшақ қою, таяқшаны төмен ұстау; 1-2 – алдыға еңкею, таяқшаны жоғары көтеру, керілу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>5.«Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою.<br>1 – оң аяқпен оңға аттау;<br>2 – оңға иілу:<br>3 – денені түзеу;<br>4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.«Уқалау» Б.қ.: – тұру. Бармақтары таяқшаның үстінде, таяқшаны аяғымен дөңгелету (бармақтарынан бастап, өкшесіне дейін). Сол аяғымен осы қимылдарды қайталау. 8 рет.<br>7.«Секірулер». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. Секіру – аяқтарын екі жаққа ашу, қайта жинау. 1–8 дейін. | көтеру; 4 – таяқшаны төмен түсіру, б.қ. (8 рет).<br>2.«Таяқшаны жоғары көтеру». Б.қ.: – тұру. Таяқшаны жоғары көтеру.<br>1-3 – таяқшаны жоғары-артқа көтеру, аяқ басына тұрып, жоғарыға ұмтылу;<br>4 – б.қ. 8 рет.<br>3.«Отырып-тұру».<br>Б.қ.: – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою.<br>1 – отыру, таяқша төменде;<br>2 – б.қ. (8 рет).<br>4.«Еңкею».<br>Б.қ.: – аяқтарын алшақ қойып, таяқшаны төменде ұстау; 1-2 – алдыға еңкею, таяқшаны жоғары көтеру, керілу; 3-4 – б.қ. (8 рет).<br>5.«Әткеншек».<br>Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою.<br>1 – оң аяқпен оңға аттау;<br>2 – оңға иілу:<br>3 – денені түзеу;<br>4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.«Уқалау».<br>Б.қ.: – тұру. Бармақтары таяқшаның үстінде, таяқшаны аяғымен дөңгелету (бармақтарынан бастап, өкшесіне дейін). Сол аяғымен осы қимылдарды қайталау. 8 рет.<br>7.«Секірулер».<br>Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. | алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – басын түзу ұстап, алдыға еңкею; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпеу.<br>5–8 рет қайталау.<br>3.«Жанына иілу».<br>Б.қ. – аяқтарын айқастырып қойып тұру. Таяқты артынан шынтақтың бүгілген жеріне қою. 1 - 2 – оңға иілу, таяқты жерге тигізу; 3 - 4 – б.қ. (6 рет).<br>4.Б.қ.: шалқалап жату.<br>1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – екі аяғын бірдей сермеу, аяқ басын созу, таяқшаға тигізу.<br>3-4 – б.қ. 6–8 рет қайталау.<br>5.Б.қ.: тұру. Таяқшаны арт жақта ұстау.<br>1-2 – отыру, таяқшаны көтеру. Арқасын түзетіп, тізелерін ашып, өкшелерін көтереді.<br>8–10 рет қайталау.<br>«Құрсау».<br>Б.қ.: – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою.<br>1 – оң аяқпен оңға аттау;<br>2 – оңға иілу;<br>3 – денені түзеу;<br>4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.Аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – «ш-ш-ш» – деп оңға бұрылу;<br>3-4 – екінші жағына | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Шағын үзіліс жасап, қайта 8 рет қайталау. | Секіру – аяқтарын екі жаққа ашу, қайта жинау. 1–8 дейін. Шағын үзіліс жасап, қайта 8 рет қайталау. | қайталау. Үш-төрт рет қайталаған соң, үзіліс жасау. 5 рет қайталау.<br>7.«Секектеу». Б.қ.: тұру. Жанына қарай секіргенде таяқшаны алдыға созу, аяқтарын қосқанда таяқшаны төмен түсіру. 4 рет 20 секіруден жай жүріспен алмастырып, қайталау. | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҮІӘ уақыты:**<br>09.00<br>11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **Дүйсенбі**<br>**18.03.24** | **Сейсенбі**<br>**19.03.24** | **Сәрсенбі**<br>**20.03.24** | **Бейсенбі**<br>**21.03.24** | **Жұма**<br>**22.03.24** |
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | | |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Кім қайда тұр? (танымдық іс-әрекеті)<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; «жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада» терминдерін пайдалануға жаттықтыру;<br>Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік? [қ]<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>-штрихтау, үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Сөйлемді дұрыс құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**: | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҮІӘ тақырыбы:** Кім қайда тұр? (тілдік қарым-қатынас)<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; «жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада» терминдерін пайдалануға жаттықтыру;<br>Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дағды:** қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілей білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды;<br>**Түсінеді:** термин мағынасын**;** заттардың орналасуын;<br>**Қолданады:** қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Хатқалтаны ашып, оқиды: «Педагогтің үстелінің алдына тұр, тура жүр, шкафқа жақында, ондағы қорапта ойыншық жатыр». Оқуды жалғастырады: «терезеге жақында, сол жаққа бұрыл, перденің артында қуыршақ бар».Балалар қызығушылық танытады, педагогты тыңдайды. Балалардың біреуі тапсырманы орындайды, шкафтағы ойыншық жатқан қорапқа жақындайды. Басқа бала келесі тапсырманы орындайды: терезеге жақындап, солға бұрылып, перденің артындағы | **Жасайды:** сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіреді, сызба бойынша сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің сөздерден құралатынын.<br>**Қолданады:** дыбыстықтарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Дидактикалық ойын «Төлін айт» ойынын балалармен ұйымдастыру.<br>Ешкінің төлі – . . . *(лақ)*<br>Қойдың төлі – . . . *(қозы)*<br>Сиырдың төлі – . . . *(бұзау)*<br>Жылқының төлі – . . . *(құлын)*<br>Түйенің төлі – . . . *(бота)*<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Сөйлем туралы не білесіңдер?<br>Сөйлем деген мағына жағынан бір-бірімен өзара байланысқан сөздердің жиынтығы, ол аяқталған ойды білдіреді.<br>Сөйлем неден жасалады?<br>Сөйлем сызбасы қалай сызылады?<br>Буын неден жасалады?<br>Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Дауыссыз дыбыстар ше?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын:** «Көпше түрін айт»<br>–Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасыңдар.<br>Мысалы*: қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға-ағалар, дәптер-* | сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілей білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды;<br>**Түсінеді:** термин мағынасын**;** заттардың орналасуын;<br>**Қолданады:** қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Хатқалтаны ашып, оқиды: «Педагогтің үстелінің алдына тұр, тура жүр, шкафқа жақында, ондағы қорапта ойыншық жатыр». Оқуды жалғастырады: «терезеге жақында, сол жаққа бұрыл, перденің артында қуыршақ бар».Балалар қызығушылық танытады, педагогты тыңдайды. Балалардың біреуі | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қуыршақты табады.<br>**«Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны**<br>Педагог ұйымдастырады. Кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды<br>атайды. Мысалы, оң жақ - сол жақ, жоғары - төмен және т.б.<br>Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны**<br>Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады.<br>Балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады.Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның<br>оң жағында тұр, т.б.<br>Қызығушылық танытып, педагогті тыңдайды.<br>**Қолдану деңгейі:** | *дәптерлер, қозы-қозылар, жүзімжүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі-түлкілер,  жіпжіптер, ине-инелер, көбелек-көбелектер, етік-етіктер, сақина-сақиналар, дыбысдыбыстар, мысық-мысықтар, қасқыр-қасқырлар, аю-аюлар, жылқы-жылқылар* т.б.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Тиісті белгіні көтер»<br>Педагог дыбыстар, буындар, сөздер айтады, балалар -и- дыбысын естісе қызыл белгіні көтереді.  Кім дұрыс көтереді жұлдызша беріліп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады.<br>Мысалы: а, р, о, и, м, и, а, к, е, и, т, и, б, ...<br>Бар, ки,  сық, ға, ман, ай, пи, ма, па, ға, қай, ти....<br>Лақ, ит, мал, ау, ми, сөз, тиін, кілем, киіз, түйе, ала, қаймақ...<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Соңғы дыбысты ұста!»<br>Балалар бүгін біз шеңберде сөз тізбегін жасаймыз. Мен «*құмыра*» сөзін айтып бастаймын да, соңғы «а» дыбысын созып тұрамын, келесі бала соңғы дыбыстан басталатын сөз ойлап, қолмен ұстағандай қимыл жасайды, соңғы дыбысқа жаңа сөз айтып, соңғы дыбысты созып  айтады. Балалар созып айтқан дыбысқа  сөз айтып, ойынды жалғастырады (ойын осылай | тапсырманы орындайды, шкафтағы ойыншық жатқан қорапқа жақындайды. Басқа бала келесі тапсырманы орындайды: терезеге жақындап, солға бұрылып, перденің артындағы қуыршақты табады.<br>**«Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны**<br>Педагог ұйымдастырады. Кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ - сол жақ, жоғары - төмен және т.б.<br>Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны**<br>Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады.<br>Балаларды заттардың бір- | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманың** суретін қарауды ұсынады.<br>Бөлменің ортасында кім орналасқанын айтады. Оны қызыл түсті қарындашпен қоршап сызады. Оң жақта алыстау бұрышта тұрғанды жасыл, сол жақта жақындау тұрғанды көк түспен қоршайды. Қызғылт кофты киген қыз осы балаларға қатысты қай жерде орналасқанын айтады.<br>Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.<br>**Топпен жұмыс:** Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар.<br>**Ойын жаттығуы.** «Өз өрнегің туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс.Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта - дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта -сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта - тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан.<br>«**Сиқырлы қозғалыстар**» ойынын қайталауды ұсынады.<br>Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады | жалғасын табады).<br>Мысалы: *Құмыраааа - алмааа - айраннн - наррр - раушаннн - найзағаййй - инеее - ешкііі - іззз - зырылдауық - қамшыыы - ыдысссс - сағаттт - тасбақааа - алтыбақаннн - наннн - намыссс - сазаннн - нағашыыы - ысқырықққ - канттт т.б.*<br>Балалар сөз тізбегінде қандай дыбыстарды созып айту қиынға соқты? Не себепті деп ойлайсыңдар? Дауыссыз дыбыстыларды созып айтуға келмейтінін ұмытпаңдар.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретерді ата.  «С» дыбысынынң орнын анықта, сызбада белгіле. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя.<br>Бұл қай суреттің дыбыстық сызбасы? Қос.<br>Суреттерді ата. Қ дыбысы бар суреттерді белгіле.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Көңілді секіртпе**<br>Секіреміз орнымызда біз оңай,<br>Секіреміз оңға, солға дәл солай.<br>Тіземізді көтереміз  жоғары,<br>Тік ұстайық денемізді болғаны.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Саусағымыз айқасып,<br>«Жеңемін» деп шайқасып,<br>Бірін-бірі тартады.<br>Білекке сенім артады. | біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады.Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б. Қызығушылық танытып, педагогті тыңдайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманың** суретін қарауды ұсынады.<br><br><br><br>**Топпен жұмыс:** Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар.<br>**Ойын жаттығуы.** «Өз өрнегің туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс.Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта - дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта - | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>**Рефлексия.**<br>Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды.<br>Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҮІӘ дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. | | сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта - тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан.<br>**Танымдық жұмыс:**<br><br>«**Сиқырлы қозғалыстар**» ойынын қайталауды ұсынады. Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**2-тапсырманы** карауды және көрсеткіштердің бағыттарын (оң және сол жаққа, жоғары, төмен) атауды ұсынады. Балық | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қай жерде болуы мүмкін деген торкөзді бояйды.<br>**Танымдық жұмыс:**<br> | | |

*1 үзіліс - 09:25 - 09:35*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қазақтың ұлттық ойыны: «Соқыртеке»**

**Басты міндеттері: Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы,оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағұлмат беру.**

**Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ**
**Ойын: «Жүретін саусақтар»**
**Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.
**Дағды:** Сөйлеу, ес, зейін, қиял, кеңістікті бағдарлау, байқампаздық дамиды; мектепке дейінгі жастағы бала жазуды меңгеруге дайындала бастайды және жаттығу жұмыстарына дағдыланады.
**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.
**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.
**«Саусақтар сәлемдеседі»** - оң қолдың басбармағының ұшын кезек-кезек сұқ саусаққа, орта саусаққа, аты жоқ саусаққа және шынашаққа тигізесіз. Алдымен оң қолдың саусақтарымен амандасып, сосын бір мезгілде екі қолдың да саусақтарымен амандасуы керек.
**«Кішкене адам»** - қолдың (кейін сол қолдың да) сұқ саусағымен орта саусағы үстел үстіне жүгіреді.
«Кішкентай піл» - (орта саусақ алға қарай шығыңқы – тұмсығы, ал сұқ саусақ пен аты жоқ саусақ - аяқтар) үстел үстімен жүреді.
**«Сона»** - оң қолдың сұқ саусағын түзетіп, оны айналдыру керек. Сол қолдың сұқ саусмағымен және екі қолдың сұқ саусақтарымен бір мерзгілде осы





**Қазақтың ұлттық ойыны: «Соқыртеке»**
**Ойынның міндеттері:** Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы,оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағұлмат беру.
**Дағды:** Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.
**Ойынның ережесі :** «Соқыртеке» — ұлттық ойын. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаган кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді.
Ойынға қатынасушылар жиылып, алқа-қотан тұрғаннан кейін, бір қыздың, не жігіттің көзін байлап, қолына бір метрдей жас шыбық беріп, ортаға шығарады. Ол:
Қараңғыда көзім жоқ,
Тиіп кетсе сөзім жоқ. Қайда кеттің қалқа жан,
Жетектейтін өзің жоқ. Қолға түскен құтылмас,
Қала бермек көзім боп,
— деп таяғын өзі болжаған тықыр, дыбыс естілген жаққа

<table>
<tr>
<td colspan="2">қимылды (сона) жасау керек.<br>**«Ағаштардың тамырлары»** - қолдардың білезіктері қосылған, тарбиған саусақтары төменге түсірілген.<br>**«Ағаштар»** - екі қолдың алақанын өзіңе қаратып, көтеру керек, саусақтарды кеңінен ашу керек.<br>**«Көзілдірік»** - қолдардың бас бармақ пен сұқ саусақтарынан екі дөңгелек жасап, оларды қосу керек.<br> </td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">қарай соза береді. Айнала толған ойнаушылар қашып жүріп:<br>Соқыр — соқырақ,<br>Оң көзіңе топырақ. Топырағын алайын, Тотияйын салайын<br>Саған бір ем табайын,<br>—деп келіп, «Соқыр текеге» тиіп қашып жүреді. Осылай ойнап жүргенде «соқыр текенің» қолына түскен ойнаушы ұтылады да, екеуі орын ауыстырады. «Соқыр теке» мен оны түрткілеп қашып жүрушілердің өрісін мөлшерлеп сызып қояды.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Бәріміз қатар – қатар тұрып, бірге қайталайық:<br>Бұзау, бота, құлыншақ,<br>Тоқты, серке, торпақ,<br>Тана, тай, тайлақ,<br>Құнан, дөнен бесті бар.<br>Малдың жасын айыра біл.<br>Естіп ал!<br>Бұқа, айғыр, қошқар, теке бар.<br>Сүзегенсің, тентек теке, жеке қал,<br>Көзін байла, теке – теке «Бақ – бақ»<br>Соқыр теке қайдан бізді таппақ.<br>Бастаушы қатар тұрған балаларды жоғарыда аталған атаулармен атайды. Ең соңғы аталған бала «Тентек теке» болады. Ойын басқарушы «Тентек теке» атаған баланы көзін орамалмен жауып, ортаға шығарады.<br>Балалар:<br>Соқыр теке бақ – бақ<br>Біз айтамыз тақпақ.<br>Мықты болсаң тауып көр.<br>Бізді қайдан таппақ<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>«Соқыр теке» балаларды ұстауға ұмтылады. Ұсталған бала «Соқыр теке» аталып, ойын жалғаса береді.<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Қосылып айтады<br>Көзін жабады.<br>Ойынды бірнеше рет ойнайды.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**</td>
</tr>
<tr>
<td>**Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған**</td>
<td>**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**</td>
<td>**2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.</td>
<td>**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мен</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет)** | «Қасқыр мен түлкі» ертегісі. (сахналау)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету;<br>-бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту;<br>-балаларды ұқыптылыққа, батылдылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарға сөз ойлан айтады, ертегіні сомдау,жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**дыбыстарға сөз ойлан айтады, ертегіні драмалайды ;<br>**Түсінеді:**«з» «с» дыбыстарының ұқсастығын, бойларын қулық, айлакерліктен алыс ұстауды түсінеді;<br>**Қолданады:**ертегі кейіпкерінің құйрығын тауып, суретті толықтыра алады**.**<br>**Ойлау деңгейі**:<br>білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Жыл мезгілдері суретіне аудартады.<br>Жыл мезгілдерінің ерекшеліктері қандай?<br>Сендерге барлық жыл мезгілдері ұнай ма?<br>Балалар, бір жылда неше мезгіл бар?<br>Енді сол жыл мезгілдерін атаңдаршы?<br>Қай мезгілдің атауында «С» дыбысы және «З» дыбысы бар екен?<br>Кәне, қолымызға айна алып, «З-З-З»,«С-С-С», – деп | **ҰІӘ тақырыбы:**<br>Көктем белгілері. (коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту;<br>-ізденімпаздық-танымдық қызметке деген құштарлығын күшейту;<br>-бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын ояту.<br>**Дағды**: көктемде табиғатта болатын өзгерістерді білу, сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** табиғат құбылыстарын атап береді.<br>**Түсінеді**: көктемде табиғатта болатын өзгерістерді біледі.<br>**Қолданады:** құрбыларымен бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізе алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: сабаққа қолайлы эмоционалдық көңіл күй қалыптастырады.**<br>«Көктемде не болады?» дидактикалық ойынын ұйымдастырады.<br>Балалар: Қызығушылық танытып, ойынға атсалысады. Көктемде болатын құбылыстарды атап береді.Көктемде күн жарқырап сәуле шашады. Көктемде қар ериді. | ғарышкер боламын (өлеңді жаттау) Жақан Смақов суреттер арқылы түсіндіру.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен,<br>көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым- қатынасын дамыту.<br>**Дағды:** Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді**: өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Балалар, біз далаға шыққанда аяғымызбен нені басамыз, жоғарыға қарағанда нені көреміз?<br>Аяғымызбен Жерді басамыз. Жоғарыға қарап, көк аспанды, Күнді көреміз.<br>Кім ғарышкер болғысы келеді?<br>Қандай ғарышкерлерді білесің? Педагог балаларға жұмбақ жасырады. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтайық.<br>**Түсіну деңгейі:** «З», «С» дыбыстарын айтқанда ерін езу тартып, күлген кездегідей керіліп, тістер көрінеді, тілдің ұшы төменгі тістерге тиеді, тіл ортасы сәл дөңестеніп, екі жағы астыңғы тістерге жанасады. Деміміз тіл ортасынан шығады.<br>**Тілімізді жаттықтырайық:**<br>За-за-за – таза.<br>Зе-зе-зе – зере.<br>«З» дыбысының буын ішінде келуі:<br>Жүзім – күзім,<br>Жүзік – білезік,<br>Жазым – назым.<br>Енді айнаға қарап<br>«С» дыбысын айтайық.<br>Байқап көрсеңдер, еріндерің жай ғана ашылды.<br>Са-са-са – сана.<br>Се-се-се – кесе.<br>Со-со-со – соқа.<br>Сө-сө-сө – сөре.<br>Енді «С» дыбысынан басталатын сөздерді айтайық.<br>Бұл екі дыбыстар да – дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз. Екі дыбыс – айтылуына қарағанда бір-біріне ұқсас дыбыстар.<br>**Қолдану деңгейі:** Ертегі: «Қасқыр мен түлкі»<br>( «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін | Көктемде қар еріп, әр жер қарайып жатады.<br>Көктемде шалшықтар пайда болады. Көктемде ағаштар бүршік жарады.<br>Педагог мәтінді мұқият тыңдауға шақырады. Мұнда не жайлы айтылған? Сендер мұз сүңгілерін бақылап көрдіңдер ме?<br>Қыста айналаны қар басады. Үйдің шатырлары да қарға оранды. Күннің шуағынан сол шатырлардағы қар еріп, мұз сүңгілеріне айналады. Бірі ұзын, бірі қысқа неше түрлі сүңгілерді көруге болады. (Түрлі мұз сүңгілерінің суреттерін көріп тамашалайды). –<br>Бірақ сүңгілері бар үйлердің жанында ойнау қауіпті. Оның себебін білесіңдер ме?<br>**Түсіну деңгейі:** Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады.<br>Әліппе-дәптердегі жұмыс арқылы балалардың тану процесін ұйымдастырады:Суретші жылдың қай мезгілін суреттеген? Көктемде табиғаттың қандай құбылыстарын байқауға болады? Суретті мұқият қарап шығып, табиғатта қандай өзгерістер болғанын айтады. Неліктен көктем келді деуге болады? Көктем қалай басталады? Көктемнің барлық белгілерін еске түсіреді.<br>**Ойын түріндегі жаттығу.**<br>**«Күнмен ойнайық».**<br>Тақтада сары түсті | Аспанда бір алып құс,<br>Ызғып ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>*(Ғарышкеме)*<br>**Түсіну деңгейі:** Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» деген өлеңімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Аспан, аспан, арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Ғарышкер* – ғарыш кемесімен ғарышқа ұшатын, аспан әлемін зерттейтін адам.<br>*Ғарышкеме* – жер мен ғарыш арасында ең тез ұшатын көлік.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сұрақ жауап**:<br>Өлеңде не туралы айтылған? Саған ұнады ма?<br>Ғарышкер деп кімді айтамыз?<br>Ғарышкер – ғарышқа ұшатын адам.<br>Ғарышкеме (ракета) бізге не үшін қажет?<br>Ғарышқа кімдер ұшады?<br>Ғарышкер қандай болуы керек?<br>*(Денсаулығы мықты, ақылды, білімді, батыр болуы керек.)*<br>***«Ұшақ» ойыны:*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталауды ұсынады).<br>Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті.<br>Қасқыр Түлкіге:<br>Сен жей ғой, досым, – депті.<br>Түлкі арсалаңдап:<br>Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті.<br>Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты.<br>Қасқыр:<br>Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе,<br>Түлкі:<br>Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>«Ораза – тамақ жемей өзін ашқұрсақ ұстау» деген мағына екенін түсіндіреді.<br>Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды.<br>Ертегіде нелер жайлы айтылған?<br>Қасқыр мен Түлкі дос болған ба?<br>Екеуі жолдан не көрді?<br>Қасқыр Түлкіге не деді?<br>Сонда Түлкі не дейді?<br>Еттегі қақпанға қайсысы түседі?<br>Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе?<br>Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма?<br>Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады.<br>**Дидактикалық ойын:** | дөңгелектің суреті ілінеді.<br>Педагог үстел үстін жатқан сары түсті жолақ қағаздарды дөңгелектің айналасына ілу керектігін айтады.<br>Күн сәулесі қандай болады?<br>Жылы, – деп, бір жолақты шеңбердің айналасына жапсырады.<br>Жарық.<br>...<br>**Қолдану деңгейі:** «Бұл не?» атты дидактикалық ойын ойнауға шақырады:заттың қасиетін немесе қызметін атайды**.**<br>Сол қызметті атқаратын немесе аталған қасиетке сай келетін заттардың атауын мейлінше көбірек атап көрсетуге тырысады.<br>П: Тамшылайтын зат, ол не?<br>Б: Жаңбыр, нөсер жауын, сүңгі, кранның шүмегінен тамшылаған су…<br>**Сергіту сәті**<br>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт-сарт-сарт<br>Шапалақ соғамыз.<br>Тоңса біздің аяғымыз,<br>Етік киіп аламыз.<br>Топ-топ-топ,<br>Топылдатып билейміз. | Балалар, ұшаққа отырып, ұшып көрейікші.<br>*(Музыка әуені ойналады. Балалар «ұшады», музыка аяқталғанда «қонады»).*<br>Кең аспанды шарлаған,<br>Ұшқыш деген мен болам.<br>Қыран құстай самғаған,<br>Ерен жүйрік ер болам!<br><br>**Пазылы арқылы жұмыс.**<br><br><br><br> | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Түлкінің құйрығын тап». Ойын шарты: балалар қима суреттерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді. | | | | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.* 10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |

***2 үзіліс – 10:00 – 10:30***

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Қазақтың ұлттық ойыны: «Тақия тастамақ»**

**Басты міндеттері: Қазақтың ұлттық бас киімнің бірі тақиямен таныстыру, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.**

| | | |
|---|---|---|
| **Дыбыстық жаттығу.**<br>**Міндеттері:** Дыбыстық гимнастикамен таныстыру, рух пен дененің тынығуы.<br>*Дыбыстық жаттығуды бастамас бұрын, өзімізді бірқалыпты, жайлы сезінеміз, тік тұрамыз, арқамызды тік ұстаймыз. Алдымен мұрнымызбен терең дем аламыз, ал дем шығарғанда дыбысты қатты, әрі қуатты етіп шығарамыз.<br>*Келесі дыбыстарды «әндетіп» айтамыз:<br>*«А» — барлық ағзаға жайлы әсер береді;<br>*«Е» — қалқанша безге әсер етеді;<br>*«И» — миға, көзге, мұрынға, құлаққа әсер етеді;<br>*«О» — жүрекке өкпеге әсер етеді;<br>*«У» — асқазан маңындағы ағзаларға әсер етеді;<br>*«Я» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;<br>*«М» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;<br>*«Х» — көңіл-күйді көтеруге әсер етеді. | <br> | **Қазақтың ұлттық ойыны: «Тақия тастамақ»**<br>**Ойынның міндеттері:** Қазақтың ұлттық бас киімнің бірі тақиямен таныстыру, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.<br>**Дағды**: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.<br>**Мазмұны:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.<br>**Ойын тапсырмасы:** Қарамау арқылы сезіп, дер кезінде қашып үлгіру.<br>**Ойын іс әрекеті:**Тақияның өзінде екенін сезсе, тез орнынан тұрып кету және тақиясы бар баланы көршілері ұстап үлгіру.<br>**Ойын ережесі**: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>«Тақия тастамақ » — бұл ойын дене шынықтыру, спорт залында, мәдениет үйінде өткізіледі. Ертеде үйде өткізілетін болған. Ойынды жүргізу үшін биіктігі 25—30 см. орындық не спортшылар отыратын ұзын орындық — сәкі қажет болады. Сол орындықтың үстіне шығып, жүресінен отырған ойыншы, екі аяғының арасынан екі қолын әлгі орындыққа не сәкіге тіреп, еңкейіп барып, жерде жатқан тақияны аузымен тістеп алуы қажет. Бұл ойынды орындағанда адамның екі тізесі шалқайып сыртына қарай көтеріледі де, дене салмағы екі қолының білегіне түседі.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Көктем келді, құс келді.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>**-**жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br>- «Ұ» дыбысын дұрыс айтып, ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту.<br>**Дағды**: - Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** тақырыпқа байланысты сөздерді қайталайды, жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды.<br>**Түсінеді:** қазақша жыл құстардың атауларын түсінеді.<br>**Қолданады:** қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратып, сөздерді таба алады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ғажайып сәт.** | **3.Мүсіндеу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ғарыш кемесі.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру;<br>-балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту;<br>-Отанын, елін, жерін сүюге, адалдыққа,батылдыққа,ұқып тылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: қарапайым үйлесімді сақтай отырып, таныс әдіс-тәсілдерді (домалақтау, жалпақтау, алақан арасына салып есу, шымшу) қолдана білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ермексаздан зымыранның бөліктерін;<br>**Түсінеді:**ғарыш әлемі туралы қарапайым түсініктерді;<br>**Қолданады:**қарапайым үйлесімді сақтай отырып, таныс әдіс-тәсілдерді (домалақтау, жалпақтау, алақан арасына салып есу, шымшу) қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>–Балалар, біздің тұратын жеріміз ғаламшар деп аталады. Төбемізде шеті мен | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру;<br>-үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: - дыбыстарды ажыратып, сызбамен жұмыс істей алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөз тіркесінің мағынасын түсініп, оны жалғастырады.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сызбамен жұмыс істей алу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Жалпы атауын айт»** ойынын балалармен ұйымдастыру.<br>1. Бір,екі, үш, төрт – ...<br>*(сандар)* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Көктемгі еңбек» өткен тақырыпты суреттер бойынша қайталау.<br>«Көктемде не істейді?» сұрағына жауап беру.<br>Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Жаңылтпашпен таныстыру.** Мағынасын түсіндіру.<br>Құс қайтты, қыс келді,<br>Қыс қайтты, құс келді.<br>Балалар жай, жылдам қайталайды.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Көктемде құстар келеді.<br>– Көктемде не келеді?<br>– Көктемде құстар келеді.<br>Мынау – қараторғай.<br>Мынау не?<br>Мынау – қараторғай.<br>(Жеке, хормен айтып жаттығады).<br>– Көктемде қараторғай келеді.<br>– Көктемде қандай құс келеді?<br>– Көктемде қараторғай келеді.<br>– Мынау – қарлығаш.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – ... (қарлығаш).<br>Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.<br>– Көктемде қарлығаш ұшып келеді.<br>– Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді. | шегі жоқ аспан әлемі бар. Оны ғарыш деп атайды. Біз өз ғаламшарымызда өте тату-тәтті өмір сүреміз. Бәріміз мейірімді достармыз. Кәне,бәріміз Жермен,аспанмен,бір-бірімізбен амандасып алайық!<br>Амансың ба, Аспан Ата!<br>Амансың ба, Жер-Ана!<br>Амансыңдар ма, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Құстан аумайды,<br>Көкте зулайды. Ол не?<br>Педагог балаларға сурет арқылы ғарыш әлемі туралы әңгімелейді.<br>Ғарышқа ұшатын ғарышкерлердің арнайы киімдері болады. Скафандр – бұл ғарышқа ұшуға арналған киім. Зымыран – жер мен аспан арасындағы ең жедел ұшатын көлік. Кейін есейгенде ғарыштың ашылмаған құпиясын ашуға жол салатын боласыңдар.<br>Біз бүгін ермексаздан зымыранды мүсіндейміз. Зымыранның суретін компьютерден слайд арқылы көрсетеді. Көрсете отырып, балалардан сұрақ арқылы жауап алады.<br>Балалар, мына суретте қазақтың тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров,Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов ағаларыңды көріп отырсыңдар. Сендер де осы ағаларың сияқты ғарышкер болғыларың келе ме? | Шаңсорғыш, тоңазытқыш, газ плита – ... *(асхана жабдықтары)*<br>Қазақ, орыс, қырғыз, өзбек, ұйғыр – ... *(ұлттар)*<br>Майра, Анар, Жанар, Бағила – ... *(есімдер)*<br>**2. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар қандай болып бөлінеді?<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>10.Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын-жаттығу:** «Жалауша»<br>Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.<br>Көктемде келетін құстарды қалай атайды?<br>Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.<br>Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай.<br>Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.<br>Балалар қайталайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын: «Жыл құстарын ата, көрсет»** (сиқырлы қаламмен тексереді).<br>**Ойын:** «Құстар не істейді»<br>Құстар ұшады.<br>Құстар не істейді?<br>Құстар ұшады.<br>Құстар ұя жасайды.<br>Құстар не істейді?<br>Құстар ұя жасайды.<br>«Ұя» сөзінде бірінші дыбыс – Ұ.<br>**Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады).<br>Ұ-ұ-ұ-ұя – ұя - ұя<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Ұ» дыбысы бар ма, жоқ па». Педагог сөздерді айтады, балалар «иә»,«жоқ», – деп жауап береді. Сөздер: үстел, тақта, аю, жануар, құс, жұмыс, ұя, көктем, шөп.<br>Ойын «Біреу – көп»<br>Педагог бір және бірнеше құстың суретін көрсетіп, оны өзі айтады.<br>Құс – құстар. | Ағаларымыз осы ғарыш кемесіне отырып, аспан әлемін зерттейді.<br>Ғарыш кемесінің қандай болатынын көрдіңдер ме?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**–** Балалар енді орнымызға отырып, осы зымыранды мүсіндейік. Балаларға суретті көрсету арқылы ұшақ бөліктерінің жасалуын жеке-жеке түсіндіріп, ермексазбен мүсіндеуді бастаймыз. Үлгіні көрсете отырып, негізгі бөлігі, тұмсығы, құйрығы болатынын айтады.<br>Осы зымыранды жасау үшін негізгі үлкен бөлігінен бастайық.<br>Алақанымызға ермексазды салып,жұмсартамыз,сопақша пішінге келтіріп негізгі бөлігін жасаймыз.<br>Енді ермексазды жалпақтап, бір төртбұрыш және екі үшбұрыш жасаймыз.<br>Дәптерге қарап жаңа жасаған негізгі бөлікке орналастырамыз.<br>Ермексазды есу, домалақтау арқылы зымыранның терезесін, тұмсығын жасаймыз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бір шаңырақ астында,<br>Тату-тәтті тұрамыз.<br>Бірге ішеміз асты да,<br>Бірге сайран құрамыз.<br>(Н. Айтов)<br>Дәптерге қарап зымыранды мүсіндеуді толық аяқтаймыз.Педагог  кейбір балалармен жеке жұмыс жүргізеді. | дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі»**<br>Педагог бір сөз айтып допты балаларға лақтырады, допты қағып алған бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылай жалғасын табады.<br>Мысалы: ( *ана-арба-алмұрт- тарақ- қармақ-қалта- айран-нан-нағашы- ыдыс-сағыз-зәкір- рауғаш- шана-алтын-неге- етік-көмір т.б.*)<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дидактикалық жаттығу:** «Сөз тіркесі не дейді?»<br>Педагог: – Мен сөз тіркесін айтамын, не туралы екенін айтыңдар.<br>Онымен салат жейміз – . . .(шанышқы).<br>Нан кесеміз – . . .(пышақ).<br>Оған тамақ пісіреміз – . . . (қазан).<br>Онымен шай ішеміз – . . . (кесе).<br>Оған отырамыз – . . . (орындық).<br>Оған нан саламыз – . . . (нан салғыш).<br>Оған ыдыс саламыз – . . . (сөре).<br>Онымен сорпа құямыз – . . . (ожау). | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қарлығаш – қарлығаштар.<br>Қараторғай – қараторғайлар.<br>(Балалар қайталайды).<br>Суретте нелер бейнеленген?<br>Ата. Құстар не істейді?<br>Сөйлем құра. Сөйлем үлгісі:<br>Құстар ұшады.<br>Құстарды ата. Сана.<br>Жекеше, көпше түрде ата.<br>Үш қараторғайлар, төрт<br>қаздар, бес қарлығаштар.<br>Қараторғай – қараторғайлар,<br>қаз – қаздар, қарлығаш –<br>қарлығаштар. Педагог жеке<br>жұмыс жүргізеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау-бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды. | Балалармен жұмысты<br>талдайды.Балалардың<br>жұмыстарын көрмеге қою.<br>«Ұшты- ұшты»ойынымен<br>ҮІӘ қорытындылау. | Оған тамақ саламыз – . . .<br>(табақ).<br>***Дидактикалық ойын:***<br>***«Буынды жалға»***<br>Педагог:<br>– Мен сендерге сөздің<br>басы буынын айтамын да<br>допты лақтырамын,<br>сендер сөздің екінші<br>буынын жалғап допты<br>кері қайтарасыңдар.<br>Мысалы: *ба-нан, сүл- гі,*<br>*ора-мал, кі-тап, қай-шы,*<br>*жү-зім, са-рай, ар-ман,*<br>*ал-мұрт, күй-ші, са-ғат,*<br>*шал-бар, көй-лек, қал-*<br>*пақ, қам-шы, қа- мыс, құ-*<br>*лын, қи-яр, қа-ғаз, ке-се,*<br>*қобыз, қол-тық, жү-рек,*<br>*тыр-нақ* т.б.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1. Жұмбақтардың<br>жауабын суреттерден тап,<br>сызықпен қос. Табиғат<br>құбылыстарын білдіретін<br>суреттерді жасыл түсті<br>қарындашпен белгіле.<br>**Жұмбақтар**<br>1.Аузы бар, тілі жоқ,<br>Терісі бар, жүні жоқ.<br>Қанаты бар ұшпайды,<br>Су астында қыстайды.<br>2.Дегендей ешкім<br>тимесін,<br>Алыпты қадап инесін.<br>3.Жерді де мекен етеді,<br>Көлді де мекен етеді.<br>4.Жөңкиді бұлттар<br>дүркіреп,<br>Жауады жауын күркіреп.<br>Аспанның жүзі жарқ етті,<br>Ақ найза жерге сарқ етті.<br>5.Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Аузы жоқ ұлиды. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Дыбыстық талдау жаса.**<br>Педагог **бала, төрт, қара** сөздерінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі. Үш бала тақтада **бала, төрт, қара** сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Қалған балалар орындарында талдау жасайды, қателескендер тақтамен тексеріп қателерін түзейді.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Қайшы**<br>Қолымызды алшақ алып тұрамыз,<br>Қайшы болып қағазды да қиямыз.<br>Қолды соз, шынтақты бүкпе,<br>Жаттығу қиын емес түк те<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Алақанның біреуін,<br>Кері қарай бұрайық.<br>Алақаны демалсын,<br>Қол үстінен ұрайық. | | |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын.**

**Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»**

**Басты міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.**

| | |
|---|---|
|    | **Аз қимылды ойын. Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»**<br>**Ойын міндеттері:** Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.<br>**Әдістемелік нұсқау:** «Талапай - ау, талапай, табылды ойын алақай»- деп қоржындағы асықтарды балалар алдына тастаймын. Балалар жарыса асықтарды «ханталапай» деп дауыстап асықтарды таласып, бөліп алады. Жинаған асықтарын санап, әр бала 5 асықтан тігіп ойынға қатысады. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастайды. Асықтарды атады да, тигізген асықтарын ұтып алады. Тигізе алмай |

<table>
<tr>
<td colspan="3"> <br></td>
<td colspan="3">қалған жағдайда, мұғалім қойған тапсырмаға жауап береді. Егер ойыншы бала жауап бере алмаса, қатысушы басқа балалар жауап береді. Осылайша ойын жалғасады. Ойын соңында сұрақтарға дұрыс жауап беріп, асықты көп жинаған бала жеңімпаз атанады.<br>Ойын шарты: Ал, «Ханталапай» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді.<br>Ойынның педагогикалық маңызы. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы: Ойна, ойна, доптан айырылып қалма!<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.<br>Дағды: Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау,</td>
<td>4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Менің туыстарым.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру;<br>-музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау;<br>-отбасы мүшелеріне деген сыйластықты дамыту.<br>Дағды: Әуенге ілесе</td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Футбол ойнаймыз<br>(таза ауада)<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-доппен жасалатын қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттықтыру.Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Жаттығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру.<br>Дағды: Допты жұпта бір-біріне лақтырып, түрлі қалыпта қағып алу, сол сәттегі жағдайды дұрыс</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жалпақтабанның алдын алу, тыныс алу гимнастикаларын.<br>**Түсінеді**: доппен орындалатын командалық ойындарды, жаттығудың маңыздылығын, допты аяқтың бас жағымен дөңгелетуді, өлең жолдарымен қимыл-әрекеттерді сәйкестендіруді.<br>**Қолданады:** допты аяқ басымен қысып жүру, тізелерінің арасына қысып секіріп жүру дағдыларын, допты саусақтың басымен жеңіл, жұмсақ қайтару дағдылары мен кеңістікті бағдарлай білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жаттығуы: «Допты тауып көр!».** Допты өздері таңдайды.<br>Әртүрлі доптардың ішінен волейбол, футбол, баскетбол доптарын көзді жұмып тауып алады. Бұл доптардың басқа доптардан өзгешелігін айтып береді.<br>**«Доптарды шеңберге қой!» ойын жаттығуы.**<br>Допты әртүрлі жүргізіп жүреді, жүгіреді. Бір-біріне қақтығыспай шашырап жүреді, жүгіреді.<br>«Допты шеңберге қой!» – дегенде доптарды құрсауларға тез әкеліп | отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру.<br>**Репертуар:**<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Жан анам» (Е. Өміров)<br>**Ән айту:** «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)<br>«Бесік жыры»<br>(И. Нүсіпбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Шеңберге тұр»<br>(Л. Бетховен)<br>**Билер:**«Тырналар биі»<br>(Д. Абиров)<br>**Ойындар, хороводтар**:<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Атқа мініп шабамыз»<br>(В. Агафонников)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ән орындайды, музыканың сипатына сәйкес қимылдар жасайды.<br>**Түсінеді:** ән мазмұнын түсінеді.<br>**Қолданады:** үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданады, аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен).<br>Балалар шеңберде тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды.<br>*Кіріспе әңгіме.* Балалармен отбасы мүшелері туралы әңгімелесу. | бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып, 2,5 метрге ілгері секіріп қозғалуды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жұпта жаттығулар орындау**,** допты бір-біріне ерекше тәсілдермен лақтыру, эмоциялық ахуалды қалыпқа келтіру.<br>**Түсінеді**: «футбол» термині, ойын шарты, ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелері, жаттығулардың маңызы, аяқ ұшының іш жағымен пас беру, әрекеттерін келісіп істеу.<br>**Қолданады:** төрт аяқтап еңбектеу, тізесімен доп қысып секіру, доптың қозғалыс бағытын сақтай білу, жұппен келісіп әрекет ету.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ойын жаттығуы:** «Әр нөмірді шақыру».<br>Шақырылған нөмірлі ойыншылар ғана орындайды: «Артқа бұрыл!» командасы берілмейінше, бұрылмайды. Дұрыс дем алып, қозғалыс бағытын сақтауға тырысады.<br>Залдың ортасы арқылы тізбекке, екі тізбекке қайта сап түзейді.<br>Екі тізбек ойыншылары бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Өз әрекетін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қояды. Допты қолына ұстап, әртүрлі жаттығуларды жүріп келе жатып орындау.<br>**Түсіну деңгейі:** Допты аяқ басымен қысып жүреді.<br>Залдың бір жағына екі қатарға тұрады. Допты аяқ басымен қысып, залдың екінші жағына дейін секіріп барады. Допты түсірмеуге тырысады.<br>Жерден шұғыл итеріліп секіргенде қолмен серпіп көмектеседі. Бірқалыпты тыныс алуға тырысады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«**Шапшаң доп»** (Баскетбол)<br>Өлең жолдарына сәйкес қимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады. Допты жерге соғып, қағып алады.<br>Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады.<br>Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау.<br>Түрлі-түсті жүйрік доп<br>Шалынбайды, шабады,<br>Жиі, жиі жерге соғылып,<br>Аласа секіріп барады.<br><br>Секір, секір, секекте,<br>Секір, төбеге жетпекке,<br>Секір, секір, жетпейсің,<br>Бізден қашып кетпейсің!<br>**«Допты дәл беру»**<br>(Футбол)<br>Футбол добын бір-біріне дөңгелене тұрып оң аяғы және сол аяғымен беру.<br>Қалауынша шеңберге тұрады.<br>Допты оң аяқ пен сол аяқты | Сендер отбасы дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Отбасы мүшелеріне кімдер жатады және олар қайда тұрады?<br>***Музыка тыңдау:***<br>«Жан анам» (Е. Өміров).<br><br>Әнді тыңдап, әнде кім туралы айтылып отырғанын сұрау.<br>Сендер аналарыңа қандай көмек көрсетесіңдер?<br>Ананың еңбегі туралы балаларға түсіндіру.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әннің мазмұнына тоқталып, әуенді дұрыс айтуына көңіл аудару.<br>Өткен оқу қызметінде үйренген әнін еске түсіру, «Бесік жыры»<br>(И. Нүсіпбаев) сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Билер:*** «Тырналар биі»<br>(Д. Абиров).<br>Балалар екі топқа бөлініп, екі бұрыштан шығады.<br>Жеңіл, құстарға тән қимылдар жасайды. | жұптарындағы балалардың әрекетімен үйлестіреді.<br>**Негізгі қимыл жаттығуларын орындау.**<br>Футболшылардың жұппен орындайтын жаттығу түрлері.<br>Алдымен 1 бала екіншіге, сосын 2 бала біріншіге қарай қозағалады. Қимыл-қозғалыстарын бұрыннан орындап келе жатқан қимыл түрлерімен байланыстырады.<br>Қолдары мен аяқтарының қимылдарын үйлестіреді:<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**«Қорғаушылар»** (6 рет).<br>Аяқ басының арасына доп қыстырып секіріп жүру.<br>Аяқтың ұшымен секіріп қонып, допты түсіріп алмауға тырысады.<br>Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозғалады. Допты басымен итеріп, еңбектеп қозғалу. Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозағалады.<br>**«Шабуылшылар»**<br>Допты 2,5 м қашықтыққа әртүрлі тәсілмен апару – оң аяқпен, сол аяқпен, екі аяқпен.<br>(9 рет).<br>Аяқ басының ішкі жағымен сергек қимылдап, алдыға қарай, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алмастырып, күшін дифференциялайды. Допты аяқ басының ішкі жағымен тебеді.<br>«И» дыбысын созып айту ми тамырларын тазартып, құлақ, көз жұмысы мен ұйқы бездерінің жұмысын жақсартады.<br>Бастапқы қалып – еркінше тұру. Терең тыныс алады да, демін сыртқа баяу шығарып,<br>«ииии» – деп дыбыстайды. Дыбысты ұзаққа созып, қолдарымен қимылдарды орындайды: екі алақанын алдымен маңдайына қояды, самайына, желкесіне, мойнына, кеудесіне, ішіне қояды. | Екі шеңберде жүруді үйренеді.<br>***Ойындар, хороводтар:***<br>«Төлдер» (Д. Ботбаев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңбер бойында жүріп әндетіп сұрақ қойып, оған жауап береді. Төлдердің қылығына лайық қимылдар жасайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Атқа мініп шабамыз»<br>(В. Агафонников).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды. | жұбына дейін алып бару.<br>Педагогтің командасымен допты алдымен бір аяқпен, сосын екінші аяқпен, сосын екі аяқпен бірге жүргізеді. Допты алысқа жібермей, доптың артынан үлгеруге тырысады. Доптың бағытын жоғалтпайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Қақпашылар»** (4 рет).<br>«Артпен қарап, аяқтарының арасында допты қысып отыру» – бастапқы қалпынан допты лақтырады. 1– ойыншыға допты лақтырады. 1-ойыншы шапшаң орнынан атып тұрып, допты қағып алады.<br>Барлық қимылдарында шапшаңдыққа тырысады.<br>Ойын жаттығулары<br>«Епті саусақтар» – допты жұпта екеулеп кішкентай бармақтарымен, сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап қалу.<br>Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруға тырысады.<br>Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады. Әрқайсысы өз әрекетін жұбымен келісіп істейді. | | |

| Серуенге дайындық 11:30-11.35 | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 11**<br>**Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау**<br>**Міндеттері**:- бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркемсөз**<br>**«Көктем» Б. Жақып**<br>Көктем келді бүгін,<br>Күнім төкті нұрын.<br>Сайрап барлық құстар,<br>Ән салуға құштар.<br>Түрлі_- түсті әйбат,<br>Гүлдер шықты жайнап.<br>Қызыл - жасыл аймақ,<br>Қырға шықтық ойнап.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар?<br>*Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар?<br>*Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар?<br>**Дидактикалық тапсырма:**<br>Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе?<br>**Еңбек:**<br>Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау.<br>**Міндеті:** еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 12**<br>**Тастарды бақылау**<br>**Міндеттері**: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.<br>**Бақылау барысы**<br>Мектеп ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.<br>**Сұрақтар:**<br>*Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>*Асыл тастарды не үшін пайдаланады?<br>*Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?<br>*Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.<br>*Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Мектеп ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.<br>**Еңбек:**<br>Ұжымдық жұмыс, мектеп аумағын тазалау.<br>**Мақсаты:** ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға | **Наурыз**<br>**Серуен кешені № 13**<br>**Топырақты бақылау**<br>**Міндеті:** торф топырағының қыртысымен таныстыру .<br>**Бақылау барысы**<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>**Еңбек:**<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>**Мақсаты:** торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.<br>**Қимылды ойын:** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Кім аталған ағашқа тез жетеді?».<br>**Мақсаты:** ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>**Мақсаты:** сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау<br>**Мақал мәтел:**<br>Бабасы еккенді, баласы орады.<br>Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.<br>Дана көптен, дәрі шөптен. | тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Бәйге».<br>**Мақсаты:** нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>**«Қосаяқ»**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>**Мақсаты:**<br>секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру. | «Күн-ай».<br>**Мақсаты:** берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>**«Сұр қоян»**<br>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.<br>**Мақсаты:** секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.<br>**Мақал-мәтел:**<br>Жері байдың-елі бай.<br>Қара жерге де, қамқорлық керек. | | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Аитжанова Аделя<br>Алтай Сұлтан<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>**Ойын жаттығулары:**<br>**«Допты тауып көр!».**<br>Допты өздері таңдайды. Әртүрлі доптардың ішінен волейбол, футбол, баскетбол доптарын көзді жұмып тауып алады. Бұл доптардың басқа доптардан өзгешелігін айтып береді. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Байтемір Айзере мен<br>Ермекова Айбике<br>Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету. | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Байтемір Айзере<br>Берікұлы Арнұр<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру. | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті** | **Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Допты дәл беру» (Футбол)** | **Танымдық-қимылды ойын**<br>**Дидактикалық ойын:** | **Дидактикалық жаттығуы:** «Сөз тіркесі не дейді?» | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Міндеттері:** Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дағды:** допты екі қолмен кезек домалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру, артқа қарай басынан асырып лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Футбол добын бір-біріне дөңгелене тұрып оң аяғы және сол аяғымен беру.<br>Қалауынша шеңберге тұрады.Допты оң аяқ пен сол аяқты алмастырып, күшін дифференциялайды. Допты аяқ басының ішкі жағымен тебеді. | **«Кім шапшаң?»**<br>**Міндеттері:** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру.<br>**Дағды:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br>Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды. | **Міндеттері:** Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.<br>**Дағды:** дыбыстарды ажыратып, сызбамен жұмыс істей алу дағдыларын дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Педагог: – Мен сөз тіркесін айтамын, не туралы екенін айтыңдар.<br>Онымен салат жейміз – . . .(шанышқы).<br>Нан кесеміз – . . .(пышақ).<br>Оған тамақ пісіреміз – . . . (қазан).<br>Онымен шай ішеміз – . . . (кесе).<br>Оған отырамыз – . . . (орындық).<br>Оған нан саламыз – . . . (нан салғыш).<br>Оған ыдыс саламыз – . . . (сөре).<br>Онымен сорпа құямыз – . . . (ожау).<br>Оған тамақ саламыз – . . . (табақ). | | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.**<br>**12:25-12:30** | **АТА-АНАҒА ПСИХОЛОГИЛЫҚ КЕҢЕС**<br>**Бала тәрбиелеудің он ережесі.**<br>1.Баланды сүй! Яғни оның қасында барына қуан, ол өзі қандай болса, солай қабылда, оны қорлама, оны жәбірлеме, оны өзіне деген сенімділігінен айырма, оны нақақтан жазалама, оны өзіңнің сеніміңнен мақұрым | **АТА-АНАҒА ПСИХОЛОГИЛЫҚ КЕҢЕС**<br>**Бала тәрбиелеудің он ережесі.**<br>6.Баланың оңай болмаса да, өз бетімен өмірлік тәжірибе алуына жол қой! Бала өз басынан өткерген тәжірибені ғана мойындайды. Сенің жеке тәжірибелігің балаң үшін көп жағдайда құнсыз болып | **АТА-АНАҒА ПСИХОЛОГИЛЫҚ КЕҢЕС**<br>1. Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.<br>2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | етпе, сені жақсы көруіне жағдай тудыр.<br>2.Балаңды қорға!Яғни оны жаны мен тәніне қауіпті нәрселерден сақта, тіпті-егер қажет болса-жеке мүдделеріңді құрбан етіп, басынды қатерге байлай отырып қорға.<br>3.Балаңа жақсы үлгі бол! Оның бойына дәстүрлі құндылықтарға деген құрмет сезімін дарыт, өзің де сол құндылықтарға сәйкес өмір сүр, балаға жауапкершілік сезіммен қара. Балаға үй іші тату, қарттарын құрметтеп, жақсы көретін, барлық туған-туысқандармен және досжарандармен етене жақын әрі шынайы байланыста болатын отбасы, ошақ қасы керек. Бала адалдық, кішіпейілділік, жарастық ұялаған отбасында өмір сүруге тиіс. Ата-ананың ерлі-зайыптылық адалдықты бұзуы, көре алмаушылық, арсыздық жолмен баю, балаға принципсіз байланыстар арқылы қандай да болсын пайда келтіру және т.б.-осының бәрі елдің ертеңгі азаматының моральдық бейнесіне мейлінше ұнамсыз әсер ететін «үлгі» құрайды.<br>4.Балаңмен ойна!Яғни балаңа қажет уақыт ажырат, оған қалай сөйлеп, қалай ойнау ұнаса, солай сөйлеп, солай ойна, оның ойындарына шындап ден | шығады. Оған өзінің жеке тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік бер, тіпті бұл белгілі бір тәуекелмен байланысты болған күнде де солай істе. Шамадан тыс қорғаштаған, қауіптің қай-қайсысынан да «қамсыздандырылған» бала көп жағдайда әлеуметтік мүгедекке айналады.<br>7.Балаға адамдық бостандықтың мүмкіндіктері мен шектерін көрсет!Ата-анасы баланың алдымен әрқайсысының дарындары мен ерекшеліктеріне сәйкес адамның жеке басының дамуы мен тұлғалануының тамаша мүмкіндіктерін ашуға тиіс. Сонымен бірге оған кез-келген адам отбасында ...,ұжымда...және жалпы қоғамда өзінің іс-әрекеттерінің белгілі бір шектерін мойындауы және сақтауы тиіс екенін көрсету қажет (заңды ұстану және өмір салты ережелерін сақтау).<br>8.Баланы тіл алғыш етіп үйрет!Ата-анасы баланың мінез-құлқын қадағалап отыруға және оның іс-қылықтарын оның өзіне де, басқаларға да нұқсан келтірмейтіндей етіп бағыттап отыруға міндетті. Баланы белгіленген ережелерді сақтағаны үшін қолпаштап отырған жөн! Алайда қажет болған жағдайда жаза арқылы ережелерді құрметтетіп | салыстырмаңыз.<br>3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.<br>4. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.<br>5. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым - қатынас жасауға үйретіңіз.<br>6. Баланың әрір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.<br>7. Балаға баға бермеңіз, оның іс - әрекетін бағалаңыз.<br>8. Табысқа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында деп талап етпеңіз.<br>9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.<br>10. Баланың «бақытты кездер банкісі» туралы ойланңдар. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қой, оның ұғым-түсініктер әлеміне бейімдел.<br>5.Балаңмен бірге еңбектен! Балаң жұмысқа қатысқысы келгенде, оны демеп жібер (үйде, бақта, бақшада). Балаң өсіңкірегенде шаруашылыққа қажетті барлық жұмыстарға қатыстырып үйрет. Қолы бос кездері мен каникул уақытында ол мектеп ұйымдастырған іс-қызмет түрлеріне қатысуға тиіс. | отыру керек.<br>9.Баладан пісіп–жетілу сатысына және өзіндік тәжірибесіне сәйкес шама-шарқы жететін пікірлер мен бағаларды ғана күт! Бала осынау соншама күрделі дүниеде бағдар жасап үйренгенше, оған ұзақ уақыт қажет. Оған қолыңнан келгенше көмектес, және де жинақтаған тәжірибесі мен өзінің пісіп-жетілу сатысына сәйкес өзіндік пікірін немесе қорытындысын айта алатын кезде ғана баладан оларды талап ет.<br>10.Балаға еске түсіруге болатын құндылыққа ие әсерлерді басынан кешіруге мүмкіндік бер! Бала да, үлкендер сияқты, әсерлермен «қоректенеді», олар балаға басқа адамдардың өмір-тіршілігімен және айналадағы дүниемен танысуға мүмкіндік береді. | | | |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 01.04.24 | Сейсенбі 02.04.24 | Сәрсенбі 03.04.24 | Бейсенбі 04.04.24 | Жұма 05.04.24 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робротехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Математика негіздері –** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Математика негіздері»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары: «**Ойын,зерттеу танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Саусақтарым көрсетті»<br>**Аннотация:** Ойын барысында балалардың зейіні, логикасы, арифметикалық қабілеттері мен ұсақ моторика да дамиды.Қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды;<br>1 таңбалы санды қоса есепт еу арқылы келесі санды | **Сауат ашу негіздері –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сауат ашу негіздері»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Суреттерді сөйлетіп,құрай біл»<br>**Аннотация:** «Суреттерді сөйлетіп,құрай біл»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және әртүрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер арқылы сөйлемдерді дұрыс құратуға | **Көркем әдебиет –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Көркем әдебиет»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Бағбанға не қажет?»<br>**Аннотация:** «Бағбанға не қажет?»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту,көктемгі адам еңбегі туралы, заттар арасындағы | **Сөйлеуді дамыту –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сөйлеуді дамыту»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Мен ғарышкер боламын»<br>**Аннотация:** «Мен ғарышкер боламын» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және көру,тыңдау,есте сақтау,қиялдау,ойлау қабілеттерін, зейіндерін,сөйлеу | **Қоршаған ортамен танысу** - тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**Құзыреттілік:** «Қоршаған ортамен танысу»<br>**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: «**тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Жануарларды ажырата біл»<br>**Аннотация:** «Жануарларды ажырата біл» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және 1таңбалы санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін (ойша шешу) меңгерту.<br>**Міндеттері:** 1-ден 10-ға дейін санау, не бейнеленгенін, түсін, неше бірліктен тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту;<br>ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br>**Дағды:** 1-ден 10-ға дейін санды танып,дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. | үйрету,фонематикалық қабылдауын дамыту.Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br><br>**Міндеттері:** - сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру;<br>**Дағды:** - қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. | кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту,өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>**Міндеттері:** Балаға Бағбанның еңбегі туралы түсінік беру, атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың адам еңбегіне қажет ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту;-тез ойлау қабілетін,белсенділігін артыру;<br>-Балаларға бау-бақша туралы ұғымын қалыптастыру.<br>**Коррекциялығы:** бағбанның бау-бақшаға байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып, баланың ой - өрісін дамыту,көңіл-күйді басқару қабілетін дамыту.<br>**Дағды:** Сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. | мәдениетін, дүниетанымдарын кеңейтіп,шығармашылық арқылы ұсақ саусақ моторикаларын дамыту,заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>**Міндеттері: -** ғарышкерлердің қызметі жайлы ұғымдарын қалыптастыру,ғаламшарлар мен таныстыру;<br>- ғарышқа жасанды ғарыш кеңістігін(планетарий) ұйымдастырып саяхатап,ғарышкерлер,ғаламшарлар,ғарышты зерттеу жайлы мағлұматтар беру арқылы білімдерін бекіту.<br>**Дағды:** - білімдерін толықтыра түсу, ғарыш жайлы білетіндерін әңгімелету,<br>құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету,танымдық қабілеттерін арттыру,іске тиянақты түрде дағдыландыру.<br>**Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу,шығармашылық. | қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала жануарлардың түрлерін білуге, сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну зейінін дамыту.<br>**Міндеттері: -** жануарлар туралы білімдерін бекіту; - табиғатқа, ондағы тіршілікке қамқор болуға тәрбиелеу; үй және жабайы жануарлар туралы түсінік беру, атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту.- танымдық, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорларын арттыру.<br>**Дағды:** Әңгімелету арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру, ойын арқылы сөздік қорларын молайту.<br>**Коррекциялығы:** үй және жабайы жануарларға байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып, баланың ой - өрісін дамыту.Кейбір жабайы жануарлардан өзің қорғау,абайлауға бағыт бағдар беру.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,көркем |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әдебиет,дене шынықтыру,шығармашы-лық дағдылар. |
| **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **№ 13** Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар** **№ 6 жаттығулар кешені (бір таяқшамен жұптасып орындайды)** 1.«Зілтемірші». Б.қ.: бір қадам қашықтықта бір-біріне арқасымен қарап, таяқшаны төмен ұстап тұрады. 1-2– қолдарын жоғары көтеріп, таяқшаны серігіне басынан асырып береді, демін ішіне тартады; 3-4 – қолдарын төмен түсіреді, демін сыртқа шығарады. 8 рет қайталау. 2.«Ескекшілер». Б.қ.: бір-біріне табанымен тіреліп, қарсы қарап, таяқшадан ұстанып отырады, аяқтарын тік ұстайды; таяқшаны бірі тартып, шалқайса, бірі еңкейіп қозғалады. 8– 10 рет қайталау. 3.«Таяқшаны тарту». Б.қ.: бір-біріне қарап қолдарымен арт жаққа тіреліп отырады; таяқшаны ортаға қояды; таяқшаны аяқтарының бармақтарымен әркім өзіне қарай тартуға тырысады. 4–6 рет қайталау. | **№ 14** Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар** **№1 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет) 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, допты еденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет) 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, допты еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет) 5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; | **№ 15** Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар** **№ 2 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен, қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет) 2.Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып, қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет) 3.Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайта түзеу. (8–10 рет) 4.Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысып ұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет) 5.Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан | **№ 16** Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар** **№1 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырып барып, артқа жіберіп, аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.қ. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау. 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.қ.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5 рет қайталау. 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.қ. 4 рет қайталау. 4.Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынан екінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 рет қайталау. | **№ 17** Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** ***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.*** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар** **№ 2 жаттығулар кешені** 1.«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 – допты жоғары көтеру; 3 – допты кеуде тұсыны ұстау; 4 – б.қ.қ. (8 рет). 2.«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру. 1 –отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.қ.қ. (8 рет). 3.«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу; 4 –б.қ.қ. (8 рет). 4.«Қайық». Б.қ.– етпетінен жатып, аяқтарын біріктіру, допты қолдарында ұстау. 1-3 – қолдарын жоғары көтеру, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 4.«Таяқшаны бірге көтереміз» Б.қ.: бір-біріне қарап етпеттеп жатады; аздап бүгілген қолдарымен таяқшадан ұстанады;<br>1-2 – таяқшаны бірге көтереді;<br>3-4 б.қ. 4–6 рет қайталау.<br>5.«Тұруға көмектес». Б.қ.: созылған қолдарындай қашықтықта бір-біріне қарап отырады; аяқтарын бүгіп, таяқты ортаға қояды; бір-біріне оң қолын созып, қолдарымен ұстасады. Екеуі бір уақытта тұрып, қайта отырады. Келесі қолымен осы қимылдарды қайталайды. 5 рет қайталау.<br>6.«Секектеу». Б.қ.: таяқшаны еденге қояды, таяқтың бойымен қолдарын беліне қойып, 4 рет секектеу, тізесін жоғары көтеріп, 4 рет аттайды.<br>5-6 рет қайталау. | допты оңға қарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет)<br>6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау. | ішіне, ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет)<br>6.Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет). | 5.Б.қ.: қолын артынан еденге таянып отыру, допты балтырының тұсына қою. 1-2– аяқтарын түзу созу, жоғары көтеріп, допты балтыр тұсымен оңға-солға дөңгелету; 3-4– б.қ. Басын төмен түсірмеу. 4–6 рет қайталау.<br>6.Б.қ.: етпеттеп жатып, допты түзу аяқтарының ортасына қысу; қолдарының шынтағымен еденге тірену; аяқтарын допты түсірмей бүгу, жазу. 3–5 рет қайталап, үзіліс жасап, 4–6 рет қайталау. | допқа қарау; 4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>5.«Отырып иілу». Б.қ.: отыру, аяқтарын аздап ашу, допты арасына қою; 1-2 – аяқтарын бүкпей допты ілгері домалату; 3-4 – допты артқа дөңгелету.<br>6.«Секірулер». Б.қ.: – аяқтарын аздап ашу, допты еденге қою. Допты айнала екі аяқпен секіріп жүру. 8 рет |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:**<br>09.00<br>11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **Дүйсенбі<br>01.04.24** | **Сейсенбі<br>02.04.24** | **Сәрсенбі<br>03.04.24** | **Бейсенбі<br>04.04.24** | **Жұма<br>05.04.24** |
| | | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Жапсыру<br>Музыка** | **Математика негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Дене шынықтыру** | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Музыка** | **Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Кім қайда тұр? (ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қоршаған ортада | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ойнай отырып оқимыз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздерді буынға бөлуге, | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Үстінде-астында, алдында-артында,оң жақта-сол жақта. (тілдік қарым-қатынас) | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Үстінде-астында, алдында-артында,оң жақта-сол жақта. (танымдық іс-әрекеті) | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөзге дыбыстық талдау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; «жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада» терминдерін пайдалануға жаттықтыру;<br>Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілей білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды;<br>**Түсінеді:** термин мағынасын**;** заттардың орналасуын;<br>**Қолданады:** қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Хатқалтаны ашып, оқиды: «Педагогтің үстелінің алдына тұр, тура | дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру;<br>-ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: жасырылған сөзді, сипаты арқылы табу, сөздің неше дыбыстан тұрғанын анықтайуы, берілген буынның жалғасын табу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жасырылған сөзді, сипаты арқылы табады, сөздің неше дыбыстан тұрғанын анықтайды, берілген буынның жалғасын табады.<br>**Түсінеді:** қарама-қарсы сөздерді түсінеді**.**<br>**Қолданады:** буынға бөлуде сызбаны қолданады, дыбыстарды ажыратады.<br><br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар қандай  болып бөлінеді?<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? | **ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Дағды: «**жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» ұғымдарын қолдана отырып,белгілі бір затты оның орналасқан орнын сипаттау бойынша таба алу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** қағаз бетінде бағдарлауды;<br>**Қолданады: «**жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» ұғымдарын қолдана алуды, белгілі бір затты оның орналасқан орнын сипаттау бойынша таба алуды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Суретпен жұмыс**<br>Педагог қандай да бір заттың суретін тауып, анықтауды сұрайды:<br>оның оң жағында не орналасқан,<br>оның астында ненің | **ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру;<br>-есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.<br>**Дағды: «**жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» ұғымдарын қолдана отырып,белгілі бір затты оның орналасқан орнын сипаттау бойынша таба алу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» сөздерін айтуды;<br>**Түсінеді:** қағаз бетінде бағдарлауды;<br>**Қолданады: «**жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» ұғымдарын қолдана алуды, белгілі бір затты оның орналасқан орнын сипаттау бойынша таба алуды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Суретпен жұмыс**<br>Педагог қандай да бір заттың суретін тауып, анықтауды сұрайды:<br>оның оң жағында не орналасқан,<br>оның астында ненің суреті бейнеленген,<br>берілген заттың үстінде оң | жасау дағдыларын жетілдіру;<br>-суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дауыссыз дыбыстан басталатын заттарды анықтау, сөздерді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауыссыз дыбыстан басталатын заттарды анықтайды, сөздерді буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды**.**<br>**Түсінеді:** қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың жасалу жолын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Жалпы атауын айт»** дидактикалық ойыны.<br>1.Қайың, терек, шырша – .<br>Сызғыш, дәптер, кітап, қаламсап – ...<br>Манты, ет, сорпа, палау –<br>Орындық, үстел, сөре, диван – ...<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар қандай  болып бөлінеді?<br>Дауысты дыбысты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүр, шкафқа жақында, ондағы қорапта ойыншық жатыр». Оқуды жалғастырады: «терезеге жақында, сол жаққа бұрыл, перденің артында қуыршақ бар».Балалар қызығушылық танытады, педагогты тыңдайды. Балалардың біреуі тапсырманы орындайды, шкафтағы ойыншық жатқан қорапқа жақындайды. Басқа бала келесі тапсырманы орындайды: терезеге жақындап, солға бұрылып, перденің артындағы қуыршақты табады.<br>**«Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны**<br>Педагог ұйымдастырады. Кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды<br>атайды. Мысалы, оң жақ - сол жақ, жоғары - төмен және т.б.<br>Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны**<br>Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі | Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>10.Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>**Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»**<br>Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Дыбыстық жаттығу: “Ұйқасын тап”**<br>Педагог буынның аяғын айтады, балалар ұйқас сөзді тауып жалғастырып айтады.<br>Ау-ау-ау, не деген биік **тау.**<br>Гер-гер-гер, науқасты емдейтін . . . (дәрігер)<br>Тік-тік-тік, қыста кидің . . . (етік)<br>Қан-қан-қан, жайды әжем . . (дастарқан)<br>Яр-яр-яр, тұздағынымыз . . . (қияр)<br>Тап-тап-тап, оқып отырмын (кітап)<br>Қы-қы-қы, жайылып жүр . . (жылқы) | суреті бейнеленген, берілген заттың үстінде оң жақта не орналасқан және т.с.с. Тапсырманы өзгертуге болады, педагог:<br>оң жақтағы жоғарғы бұрышта;<br>парақтың төменгі жиегінің бойында;<br>-парақтың ортасында және т.с.с. орналасқан мына заттарды атауды немесе көрсетуді сұрайды.<br>**Түсіну деңгейі: Шағын топтармен жұмыс. «Суретті тап» дидактикалық ойыны**<br>Карточкалармен жұмыс ұсынады:<br>Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды.<br>**Қолдану деңгейі: Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы** орындауды ұсынады.<br>Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.<br>Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы | жақта не орналасқан және т.с.с. Тапсырманы өзгертуге болады, педагог:<br>оң жақтағы жоғарғы бұрышта;<br>парақтың төменгі жиегінің бойында;<br>-парақтың ортасында және т.с.с. орналасқан мына заттарды атауды немесе көрсетуді сұрайды.<br>**Түсіну деңгейі: Шағын топтармен жұмыс. «Суретті тап» дидактикалық ойыны**<br>Карточкалармен жұмыс ұсынады:<br>Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс- қимыл жасайды.<br>**Қолдану деңгейі: Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы** орындауды ұсынады.<br>Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.<br>Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.)<br>Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)<br>Кітаптардың үстіңгі | дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»<br>Педагог балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.*<br>Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы*: вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, зебра, дос, зырылдауық, жалбыз, бантик, виньетка, гүл, дөңгелек, ғарышкер, жер, бал т.б.*<br>Педагог балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *лақ, мысық, нан,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады.<br>Балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады.Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.<br>Қызығушылық танытып, педагогті тыңдайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманың** суретін қарауды ұсынады.<br><br>**Топпен жұмыс:** Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында<br>өрнекті сурет (алаша) бар.<br>**Ойын жаттығуы.** «Өз өрнегің туралы айтып бер».<br>Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс.Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта - дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы | Иыр-иыр-иыр, сүті қою . . (сиыр)<br>Не-не-не, қолыма кірді . . . (ине)<br>Қа-қа-қа, бақылдайды . . . (бақа)<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық жаттығу: “Қарама-қарсы сөзін айт”<br>Ал енді мен айтқан сөздің қарама-қарсы сөзін тауып айтыңдар.<br>жіңішке – . . . (жуан)<br>ұзын – . . . (қысқа)<br>ашты – . . . (жапты)<br>қара – . . . (ақ)<br>жұмсақ – . . . (қатты)<br>үлкен – . . . (кіші)<br>пысық – . . . (жалқау)<br>құрғақ – . . . (ылғал)<br>биік – . . . (аласа)<br>ыстық – . . . (суық)<br>**Дидактикалық жаттығу: “Жасырылған сөз”**<br>**Шарты:** бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.<br>Мысалы: “*Ол күз мезгілінен кейін келеді*”, “*Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді*”.<br>Жауабы: қыс.<br>Мысалы: *кітап, күз, теледидар, көбелек, терезе т.б.*<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Қолды алға созамыз,<br>Алақанды бұрамыз.<br>Алақанның сыртымен<br>Шапалақты ұрамыз.<br>**Сергіту сәті**<br>**Қырағы көздер**<br>Көздеріміз қырағы екен,<br>Бәрін көріп тұрады екен. | жоғарғы.)<br>Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)<br>Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр?<br>Жоғары - төмен, оң жақ - сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>**«Сол жақ - оң жақ»**<br>*Өзіне қатысты бағдарлай алу.*<br>Балалар өлең сөзі бойынша дене мүшелерін көрсетеді.<br>*Бұл - сол қол.*<br>*Бұл - оң қол.*<br>*Бұл - сол аяқ.*<br>*Бұл - оң аяқ.*<br>*Мынау - біздің сол құлақ.*<br>*Мынау - біздің оң құлақ.*<br>*Ал, міне - сол жақ көз.*<br>*Көзін алақанымен жабады.*<br>*Ал, міне - оң жақ көз.*<br>Шағын топпен жұмыс.<br>Педагог «Суретті жұмбақта» ойынын ұйымдастырады. Сөздерді жұмбақтап бастуға ұсынады: ол парақтың төменгі сол жағында.<br><br>**2-тапсырманы** орындауды ұсынады. | жағында, астыңғы жағында нелер тұр?<br>Жоғары - төмен, оң жақ - сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>**«Сол жақ - оң жақ»**<br>*Өзіне қатысты бағдарлай алу.*<br>Балалар өлең сөзі бойынша дене мүшелерін көрсетеді.<br>*Бұл - сол қол.*<br>*Бұл - оң қол.*<br>*Бұл - сол аяқ.*<br>*Бұл - оң аяқ.*<br>*Мынау - біздің сол құлақ.*<br>*Мынау - біздің оң құлақ.*<br>*Ал, міне - сол жақ көз.*<br>*Көзін алақанымен жабады.*<br>*Ал, міне - оң жақ көз.*<br>Шағын топпен жұмыс.<br>Педагог «Суретті жұмбақта» ойынын ұйымдастырады. Сөздерді жұмбақтап бастуға ұсынады: ол парақтың төменгі сол жағында.<br><br>**2-тапсырманы** орындауды | *уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, нарын, рауғаш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос»***<br>-Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар.<br>Мысалы: ( ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май..мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ т.б.)<br>**Дидактикалық жаттығу: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»**<br>– Балалар мен сендерге заттың сипатын айтамын сендер сол сипатқа сай суреттен көрген дауыссыз дыбыстан басталатын затты айтыңдар.<br>Мысалы: *әдемі ...(көлік), заманауи ...(қала), биік ...(ғимарат), жасыл ...(желек), ұзын ...(көше), жедел ..(жәрдем), үш түсті ...(бағдаршам), жылдам ...(метро), аппақ ... (бұлт), үлкен ...* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төменгі бұрышта -сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта - тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан.<br>**Танымдық жұмыс:**<br><br>«**Сиқырлы қозғалыстар**» ойынын қайталауды ұсынады.<br>Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді.<br>Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.<br>**2-тапсырманы** карауды және көрсеткіштердің бағыттарын (оң және сол жаққа, жоғары, төмен) атауды ұсынады. Балық қай жерде болуы мүмкін деген торкөзді бояйды.<br>**Танымдық жұмыс:** | Тамашалап оң жақты,<br>Бақылайды сол жақты.<br>Аспанға да қарайды екен,<br>Жұлдыздарды санайды екен.<br>Қарайды да төменге,<br>Көз салады еденге. | - Шаршыдағы нүктелердің санын атаңдар. Мысалдарды шешіңдер. Нүктелердің суретін салыңдар.<br>Балалар тапсырманы талқылайды, нүктелерді санайды, мысалдарды шешеді.<br>**3-тапсырманы** орындауды ұсынады.<br>Тапсырма бойынша моншақтың суреті сандықшаның сол жағында, оң жағында, ішінде, үстінде, астында болатындай салады.<br>Балалар тапсырманы жеке орындайды, педагог тексереді. | ұсынады.<br>- Шаршыдағы нүктелердің санын атаңдар.<br>Мысалдарды шешіңдер.<br>Нүктелердің суретін салыңдар.<br>Балалар тапсырманы талқылайды, нүктелерді санайды, мысалдарды шешеді.<br><br>**3-тапсырманы** орындауды ұсынады.<br>Тапсырма бойынша моншақтың суреті сандықшаның сол жағында, оң жағында, ішінде, үстінде, астында болатындай салады.<br>Балалар тапсырманы жеке орындайды, педагог тексереді.<br> | *(терезе) т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>**Көше, ағаш** сөздеріне дыбыстық талдау жаса.<br>Педагог тақтаға сөздердің сызбасын іледі.<br>***Көше*** сөзіне дыбыстық талдау.<br>***Көше*** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>**К** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Ө** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ш** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Е** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>***Ағаш*** сөзіне дыбыстық талдау.<br>***Ағаш*** – 2 буын, 4 дыбыс.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ғ** – ұяң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ш** – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>Сөздерді буынға бөл.<br>**Сергіту сәті**<br>Жаттығуды біз бастаймыз,<br>Орнымызда адымдаймыз.<br>Қатар тұрып тізілеміз,<br>Бір, екі деп біз санаймыз.<br>Денемізді тік көтеріп,<br>Аяқтарды нық басамыз.<br>Оңға-солға қолды сермеп,<br>Қатар болып жұптасамыз.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  **3-тапсырма** тексерумен өздігінен орындалады. Сана, әр фигурада қанша торкөз бар? Тиісті түспен боя. | | | | Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады. |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Еркін ойын түрі: «Ұшқыштар»**

**Мақсаты: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету. Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.**

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Еркін ойын түрі: «Ұшқыштар»**<br>**Ойынның міндеттері:** Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.<br>**Дағды:** Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.<br>**Ойынның ережесі :**<br>**Әдістемелік нұсқаулар:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Олар бірінің соныңнан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі-түсті жалаушалармен белгіленген алаңдарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалыңдар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіріеді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, қанаттарын жан-жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қоныңдар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталанады.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ұсыныс:** ойында әртүрлі құралдарды пайдалануға болады. Әуежайды белгілеп қойған жалаушаларды тәрбиеші білдірмей ауыстырып қояды. Қолбасшының топтарын әуежайға дұрыс орналастыруы қажет. | |
| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жайлауда. (Өлең)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру;<br>-балалардың сөздік қорын дамыту;<br>-балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: өлең мазмұнын, дыбыстардың ұқсастығын,жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды**: өлең мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:**өлең мазмұнын, дыбыстардың ұқсастығын;<br>**Қолданады**: жануарлардың дауысын салуды.<br>**Ойлау деңгейі**:<br>білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Кәне, балалар, оқу қызметін бастамас бұрын бір-бірімізге жылы қабақ танытайық.<br>Арайлап атқан алтын күн,<br>Шуағын бізге шашады.<br>Жылуын беріп біздерге,<br>Амандық сұрап жатады.<br>Қайырлы таң, достарым,<br>Қайырлы күн, достарым.<br>(Қ.Үкібас) | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Көктем белгілері.<br>(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту;<br>-ізденімпаздық-танымдық қызметке деген құштарлығын күшейту;<br>-бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын ояту.<br>**Дағды**: көктемде табиғатта болатын өзгерістерді білу, сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** табиғат құбылыстарын атап береді.<br>**Түсінеді**: көктемде табиғатта болатын өзгерістерді біледі.<br>**Қолданады:** құрбыларымен бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізе алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: сабаққа қолайлы эмоционалдық көңіл күй** | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Мен ғарышкер боламын. (өлеңді жатқа айтуға үйрету) Жақан Смақов<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен,<br>көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету;<br>-балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым- қатынасын дамыту.<br>**Дағды:** Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді**: өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:** Балалар, біз далаға шыққанда | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жайлауда.(Өлең),(тілдік қарым-қатынас,жаттау)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру;<br>-балалардың сөздік қорын дамыту;<br>-балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: өлең мазмұнын, дыбыстардың ұқсастығын,жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды**: өлең мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:**өлең мазмұнын, дыбыстардың ұқсастығын;<br>**Қолданады**:<br>жануарлардың дауысын салуды.<br>**Ойлау деңгейі**:<br>білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Кәне, балалар, оқу қызметін бастамас бұрын бір-бірімізге жылы қабақ танытайық.<br>Арайлап атқан алтын күн,<br>Шуағын бізге шашады. | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Достық мерекесі (өлеңді жаттау)СерікбайОспанов танысу.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-өлең мазмұнын эмоциялық көңіл күймен айтуға үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық қарым-қатынасын дамыту.<br>**Дағды:** Сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық қарым-қатынас дағдылан дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнының түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Демонстрациялық құрал. Біздің елде бар үй жануарларының суреті ілінеді.<br>Балалар, ненің суретін көріп отырсыңдар?<br>Оқу қызметі сурет арқылы әңгімелесуден басталады.<br>Қандай үй жануарларын білесіңдер?<br>Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз?<br>Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма?<br>Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз?<br>Төлдер ең алғашында немен қоректенеді?<br>Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді.<br>Балалар, сендер төлдерді қалай шақыратынын білесіңдер ме?<br>Қойдың қошақанын «Пұшайт-пұшайт!» – деп шақырады. Ешкі, лақты «Шөре-шөре!» –<br>деп шақырады. Жылқы, құлынды «Құрау-құрау!» – деп шақырады. Сиыр, бұзауды«Аухау-аухау!» – деп шақырады. Түйе, ботақанды «Көс-көс!» – деп шақырады. Төлдер қай жануардың төлі екенін түсіндіреді.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, осы төрт түліктің атауы ішіндегі «жылқы» сөзі қай дыбыстан басталады?<br>Ал «шөре-шөре» деген сөз қай дыбыстан басталады?<br>Кәне, бәріміз бірге «Ж» – «Ш», – деп айтайық. | **қалыптастырады.**<br>«Көктемде не болады?» дидактикалық ойынын ұйымдастырады.<br>Балалар: Қызығушылық танытып, ойынға атсалысады. Көктемде болатын құбылыстарды атап береді.Көктемде күн жарқырап сәуле шашады. Көктемде қар ериді.<br>Көктемде қар еріп, әр жер қарайып жатады.<br>Көктемде шалшықтар пайда болады. Көктемде ағаштар бүршік жарады.<br>Педагог мәтінді мұқият тыңдауға шақырады. Мұнда не жайлы айтылған? Сендер мұз сүңгілерін бақылап көрдіңдер ме?<br>Қыста айналаны қар басады. Үйдің шатырлары да қарға оранды. Күннің шуағынан сол шатырлардағы қар еріп, мұз сүңгілеріне айналады. Бірі ұзын, бірі қысқа неше түрлі сүңгілерді көруге болады. (Түрлі мұз сүңгілерінің суреттерін көріп тамашалайды). –<br>Бірақ сүңгілері бар үйлердің жанында ойнау қауіпті. Оның себебін білесіңдер ме?<br>**Түсіну деңгейі:** Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады.<br>Әліппе-дәптердегі жұмыс арқылы балалардың тану процесін ұйымдастырады:Суретші жылдың қай мезгілін суреттеген? Көктемде табиғаттың қандай құбылыстарын байқауға | аяғымызбен нені басамыз, жоғарыға қарағанда нені көреміз?<br>Аяғымызбен Жерді басамыз. Жоғарыға қарап, көк аспанды, Күнді көреміз.<br>Кім ғарышкер болғысы келеді?<br>Қандай ғарышкерлерді білесің? Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Аспанда бір алып құс,<br>Ызғып ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>*(Ғарышкеме)*<br>**Түсіну деңгейі:** Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» деген өлеңімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Аспан, аспан, арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Ғарышкер* – ғарыш кемесімен ғарышқа ұшатын, аспан әлемін зерттейтін адам.<br>*Ғарышкеме* – жер мен ғарыш арасында ең тез ұшатын көлік.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сұрақ жауап**:<br>Өлеңде не туралы айтылған? Саған ұнады ма? Ғарышкер деп кімді айтамыз? | Жылуын беріп біздерге,<br>Амандық сұрап жатады.<br>Қайырлы таң, достарым,<br>Қайырлы күн, достарым.<br>(Қ.Үкібас)<br>Демонстрациялық құрал. Біздің елде бар үй жануарларының суреті ілінеді.<br>Балалар, ненің суретін көріп отырсыңдар?<br>Оқу қызметі сурет арқылы әңгімелесуден басталады.<br>Қандай үй жануарларын білесіңдер?<br>Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз?<br>Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма?<br>Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз?<br>Төлдер ең алғашында немен қоректенеді?<br>Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді.<br>Балалар, сендер төлдерді қалай шақыратынын білесіңдер ме?<br>Қойдың қошақанын «Пұшайт-пұшайт!» – деп шақырады. Ешкі, лақты «Шөре-шөре!» –<br>деп шақырады. Жылқы, құлынды «Құрау-құрау!» – деп шақырады. Сиыр, бұзауды«Аухау-аухау!» – деп шақырады. Түйе, ботақанды «Көс-көс!» – деп шақырады. Төлдер қай жануардың төлі екенін түсіндіреді.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, | мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып тұр сәніміз.<br>Тыныштықты сақтайық,<br>Ашық болсын күніміз.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**2. Негізгі кезең**<br>1 Мамыр – халықтар достығы ынтымақ мерекесі. Бұл мереке несімен ерекше?<br>Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады.<br>Біз бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ!<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Күлімде* – қуан, шаттан.<br>*Берекелі* – молшылықты.<br>*Бейбіт* – тыныштық жайлы.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Не туралы айтылған? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ж» – «Ш» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де, алға қарай жиырылады. Үстіңгі, астыңғы тістердің аралығы «С» және «З» дыбыстарын айтқандай қалыпта. Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді. Тілдің алдыңғы жағы ойықталады да, екі жағы үстіңгі тіске тиеді. Жабық дауыс шымылдығының дірілінен «Ж» дыбысы жасалады.<br>«Ж» дыбысының буын ішінде кездесуі.<br>Жы-жы-жы – жылқы.<br>Жа-жа-жа – Менің атым – Қожа.<br>«Ш» дыбысының буын ішінде кездесуі.<br>Шө-шө-шө – шөре.<br>Шы-шы-шы – әкем менің аңшы.<br>Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады.<br>Үй жануарлары жазда қайда болады?<br>Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы мекен.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Бүгін біз Н.Жанаев шығармашылығымен танысамыз. Ақынның «Жайлауда», "Боранда", "Лағым"өлеңдері бар.<br>Соның ішіндегі "Жайлауда " өлеңін мәнерлеп оқып беремін.<br>Жаздың күні жайлауда,<br>Қандай жақсы ойнауға.<br>Жүйрік желмен жарысып,<br>Қозы, лақпен табысып,<br>Көл бойында тынығып, | болады? Суретті мұқият қарап шығып, табиғатта қандай өзгерістер болғанын айтады. Неліктен көктем келді деуге болады? Көктем қалай басталады? Көктемнің барлық белгілерін еске түсіреді.<br>**Ойын түріндегі жаттығу. «Күнмен ойнайық».**<br>Тақтада сары түсті дөңгелектің суреті ілінеді. Педагог үстел үстін жатқан сары түсті жолақ қағаздарды дөңгелектің айналасына ілу керектігін айтады.<br>Күн сәулесі қандай болады? Жылы, – деп, бір жолақты шеңбердің айналасына жапсырады.<br>Жарық.<br>...<br>**Қолдану деңгейі:** «Бұл не?» атты дидактикалық ойын ойнауға шақырады:заттың қасиетін немесе қызметін атайды**.**<br>Сол қызметті атқаратын немесе аталған қасиетке сай келетін заттардың атауын мейлінше көбірек атап көрсетуге тырысады.<br>П: Тамшылайтын зат, ол не?<br>Б: Жаңбыр, нөсер жауын, сүңгі, кранның шүмегінен тамшылаған су…<br>**Сергіту сәті**<br>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт-сарт-сарт<br>Шапалақ соғамыз.<br>Тоңса біздің аяғымыз,<br>Етік киіп аламыз. | Ғарышкер – ғарышқа ұшатын адам.<br>Ғарышкеме (ракета) бізге не үшін қажет?<br>Ғарышқа кімдер ұшады?<br>Ғарышкер қандай болуы керек?<br>*(Денсаулығы мықты, ақылды, білімді, батыр болуы керек.)*<br>***«Ұшақ» ойыны:***<br>Балалар, ұшаққа отырып, ұшып көрейікші.<br>*(Музыка әуені ойналады. Балалар «ұшады», музыка аяқталғанда «қонады»).*<br>Кең аспанды шарлаған,<br>Ұшқыш деген мен болам.<br>Қыран құстай самғаған,<br>Ерен жүйрік ер болам!<br><br>**Пазылы арқылы жұмыс.**<br> | осы төрт түліктің атауы ішіндегі «жылқы» сөзі қай дыбыстан басталады?<br>Ал «шөре-шөре» деген сөз қай дыбыстан басталады?<br>Кәне, бәріміз бірге «Ж» – «Ш», – деп айтайық.<br>«Ж» – «Ш» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де, алға қарай жиырылады. Үстіңгі, астыңғы тістердің аралығы «С» және «З» дыбыстарын айтқандай қалыпта. Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді. Тілдің алдыңғы жағы ойықталады да, екі жағы үстіңгі тіске тиеді. Жабық дауыс шымылдығының дірілінен «Ж» дыбысы жасалады.<br>«Ж» дыбысының буын ішінде кездесуі.<br>Жы-жы-жы – жылқы.<br>Жа-жа-жа – Менің атым – Қожа.<br>«Ш» дыбысының буын ішінде кездесуі.<br>Шө-шө-шө – шөре.<br>Шы-шы-шы – әкем менің аңшы.<br>Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады.<br>Үй жануарлары жазда қайда болады?<br>Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы мекен.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Бүгін біз Н.Жанаев | «Бейбіт күн» дегенді қалай түсінесің?<br>**Сергіту сәті:**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз!<br>Өлең шумағын қайталап, есімізге түсірейік.<br>3-4 балаға өлеңді мәнерлеп қайталап айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт.<br>Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың?<br>Олардың көңіл күйлері қандай?<br>Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле.<br>***Есіңе сақта:***<br>«Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күнге күйіп, шынығып,<br>Жүресің сен жайраңдап,<br>Кең даланы сайрандап,<br>Жайлау, жайлау – жасыл бақ,<br>Мәз боламыз асыр сап.<br>Балалар, жайлау қандай екен?<br>Суға шомылып, күнге күйіп шынығуға болады ма екен?<br>**Сөздік жұмыс:**<br>**Сергіту сәті.**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар<br>Үп-үлкен болып өседі.<br>**Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал».**<br>**Ойын шарты:** Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады.Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді.<br>**Тыйым сөз жаттату.**<br>Малды теппе. | Топ-топ-топ,<br>Топылдатып билейміз. | <br><br> | шығармашылығымен танысамыз. Ақынның «Жайлауда», "Боранда", "Лағым"өлеңдері бар. Соның ішіндегі "Жайлауда " өлеңін мәнерлеп оқып беремін.<br>Жаздың күні жайлауда,<br>Қандай жақсы ойнауға.<br>Жүйрік желмен жарысып,<br>Қозы, лақпен табысып,<br>Көл бойында тынығып,<br>Күнге күйіп, шынығып,<br>Жүресің сен жайраңдап,<br>Кең даланы сайрандап,<br>Жайлау, жайлау – жасыл бақ,<br>Мәз боламыз асыр сап.<br>Балалар, жайлау қандай екен?<br>Суға шомылып, күнге күйіп шынығуға болады ма екен?<br>**Сөздік жұмыс:**<br>**Сергіту сәті.**<br>Тербеледі ағаштар<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар<br>Үп-үлкен болып өседі.<br>**Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал».**<br>**Ойын шарты:** Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады.Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді.<br>**Тыйым сөз жаттату.**<br>Малды теппе. | |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты  дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын | | | | |

| | |
|---|---|
| | жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. |

*2 үзіліс – 10:00 – 10:30*

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

**Аз қимылды ойыны: «Әуедегі атыс»**

**Басты міндеттері: Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту. Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.**

| | | |
|---|---|---|
| **ІІ нұсқа**<br>**«Шар жарылды »**<br>Тәрбиеші мен он шақты бала қол ұстаса шеңбер жасап<br>« пф-пф-пф»-деп қолдарын кере шеңберді үлкейтіп кеңейте береді. Тәрбиеші « шар жарылды»-деп дауыстап қалғанда балалар қолдан жібере салып «ой»-деп отыра кетеді. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатып балаларды қол ұстаса шеңбер жасап тұруға үйретеді.<br> |  <br>  | **Аз қимылды ойыны: «Әуедегі атыс»**<br>**Ойынның міндеттері:** Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту. Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.<br>**Дағды**: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.<br>**Ойын іс әрекеті:**Әуеннің ырғағы бойынша шарды тез қарсылас топқа лақтыру.<br><br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Армысың, әз Наурыз!<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>**-**сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру;<br>-қазақ тіліне тән | **3.Жапсыру-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Әжеме арналған қамзол.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру;<br>-саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру;<br>-суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ертегі әлемі.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-зейін қойып тыңдауға, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;<br>-кейіпкер бейнесін көрсетуге ынталандыру. | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жантақ қайда өседі? (коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, сөйлемдерді түсінеді.<br>**Түсінеді:** Наурыз мерекесі халықтың үлкен мереке екенін түсінеді.<br>**Қолданады:** мерекелік құттықтау сөздерді қолданады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз.<br>Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру<br>Өткен «Көктем келді, құс келді» тақырыбын суреттер бойынша қайталау. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:** Электронды қазақ үйінен «Құтты болсын, әз Наурыз» әнін тыңдату.<br>– Бұл ән қандай, көңілді ме? Не туралы?<br>– Көктемде Наурыз мерекесі болды. Бұл мерекені достарымызбен бірге тойлаймыз.<br>Наурыз мерекесі және оған | -ою атауларын еске түсіру;ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: қиюдың түрлі тәсілдерін сәндік қолданбалы өнер элементтерін жапсыруда қолдана білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**ұлттық киімді, ою-өрнек түрлерімен әшекейлейді;<br>**Түсінеді:** ұлттық киімдерді сәндеуде оюларды қолданатынын;<br>**Қолданады:** түстерді сәйкестендіре отырып сәндік жапсыруды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Шаттық шеңбері ретінде үнтаспадан «Ақ әжем» әні орындалады.<br>Әні: К. Қуатбаевтікі.<br>Сөзі: О. Әубәкіровтікі.<br>Педагог экраннан ұлттық киім үлгілерін көрсетіп, балаларға сұрақтар қояды.<br>– Бұл қандай киімдер?<br>– Қалай аталады?<br>– Сендерге ұнай ма?<br>– Әжелеріңнің, өздеріңнің ұлттық киімдерің бар ма?<br>– Осы киімдердің қандай ерекшелігін байқадыңдар?<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог сұрақ-жауап арқылы «Оюлар» бүктемесінен «Тұмар», «Қошқармүйіз», «Ботакөз», «Қызғалдақ» ою түрлерін еске түсіріп өтеді. | құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дауыссыз дыбыстан басталатын заттарды анықтау, сөздерді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дауыссыз дыбыстан басталатын заттарды анықтайды, сөздерді буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды**.**<br>**Түсінеді:** қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың жасалу жолын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Жалпы атауын айт»** дидактикалық ойыны.<br>1.Қайың, терек, шырша – . Сызғыш, дәптер, кітап, қаламсап – ...<br>Манты, ет, сорпа, палау – Орындық, үстел, сөре, диван – ...<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар қандай болып бөлінеді?<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз? | Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатыса білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ертегі кейіпкерлерін атайды, диалогке қатысады.<br>**Түсінеді:** сөйлемдерді түсініп, суреттерін көрсетеді.<br>**Қолданады:** меңгерген сөздерін күнделікті өмірде қолданады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты.<br>Қайырлы таң, алтын күн!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қазір жылдың қай мезгілі? Қай ай? Бүгін аптаның қай күні?<br>**Қима материалмен жұмыс.** Өткен «Армысың, әз Наурыз» тақырыпты суреттер бойынша қайталау. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар атайды.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Таныс ертегілер иллюстрациясыларымен жұмыс: «Екі лақ», «Қолғап». Балалар, мына | және т.б.), аймақтың ерекшелігіне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге, құм акациясы, ебелек (қаңбақ), жүзгін сынды өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру;<br>-тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін күшейту;<br>-туған өлкені сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** экологиялық мінез-құлықпен таныс; зерттеушілік қабілеті бар, бақылау арқылы себеп-салдар байланысын анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** экоаймақтарды, онда тұратын жануарлардың атауларын атап береді; Қазақстандағы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің ерекшеліктері туралы түсінігі бар.<br>**Түсінеді:** белгілі бір өсімдіктің неліктен белгілі жерлерде ғана өсетінін түсіндіріп бере алады.<br>**Қолданады**: экологиялық мінез-құлықпен таныс; зерттеушілік қабілеті бар, бақылау арқылы себеп-салдар байланысын анықтай алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>«Жақсы – жаман» ойынын ұйымдастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дайындық туралы қысқаша түсінік беру.<br>«Наурыз – жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Жаңа күн, жаңа жыл. Құттықтау: Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын!<br>Құттықтау сөздерін балалар қайталап естеріне сақтайды.<br>Наурыз мерекесі – Қазақстанның халқы үшін ерекше мереке.<br>Демонстрациялық материалмен жұмыс.<br>Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.<br>– Мынау кім? Мынау – ата.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – домбыра.<br>– Ата домбыра ойнап отыр.<br>– Ата не істеп отыр?<br>– Ата домбыра ойнап отыр.<br>– Мынау – алтыбақан.<br>Мынау не?<br>– Мынау – алтыбақан.<br>Балалар алтыбақан тебеді.<br>– Балалар не істейді?<br>– Балалар алтыбақан тебеді.<br>Адамдар ұлттық киім киеді.<br>– Қандай қазақ ұлттық киімдерін білесіңдер?<br>Балалар таныс ұлттық киімдерді атайды.<br>– Адамдардың көңіл күйлері жақсы.<br>– Адамдардың көңіл күйлері қандай?<br>– Адамдардың көңіл күйлері жақсы.<br>Балалар сұрақтарға жауап беру барысында өткен тақырыптарды естеріне түсіреді. Жаңа сөздерді жеке, хормен қайталап отырады. | Балалардың назарын үлестірмелі материалдың 62-бетіндегі «Әженің қамзолы» суретіне аудару.<br>– Балалар, мына әженің қамзолы әдемі болу үшін не істеу керек?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтауын және бүгінгі жұмыс бүктеп қию әдісімен орындалатынын естеріне салады.<br>1.64-беттегі қызыл, жасыл жолақтарды бүктеу әдісімен қиюды түсіндіреді. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көңіл бөледі.<br>– Балалар, тақпақты айта отырып, қимыл-қозғалыстар жасаңдар.<br>2. Қызыл түсті қағаздан 4 қиықшаны бүктеу әдісімен қию.<br>3. Жасыл түсті қағазды бүктеп, «Қошқармүйіз» оюын қию.<br>**Саусаққа, қолға арналған жаттығулар ұйымдастырылады.**<br>Бүктеу әдісімен қиып алған бөліктерді 63-беттегі әжеміздің қамзолындағы белгіленген орынға жапсырамыз:<br>– жағасына;<br>– беліне;<br>– етегіне.<br>Педагог балалармен сұрақ-жауап арқылы оюдың аттарын қайталап өтеді.<br>Бірнеше оюдың суретін көрсетеді.<br>– Балалар, мына оюлар | Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»<br>Педагог балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.*<br>Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы*: вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, зебра, дос, зырылдауық, жалбыз, бантик, виньетка, гүл, дөңгелек, ғарышкер,  жер, бал т.б.*<br>Педагог балаларға көк | суретте нелер бейнеленген?<br>Таныс ертегілерді айтыңдаршы.<br>Дидактикалық ойын: «Ата, көрсет». *Педагог ертегі кейіпкерлерінің сөзін айтады, балалар сол кейіпкерлерді атап көрсетеді.*<br>Суреттермен жұмыс.<br>Педагог қарлығаштың суретін көрсетеді.<br>Мынау не?<br>Мынау – қарлығаш.<br>Қарлығаш туралы ертегі «Қарлығаш пен Дәуіт» ұсынады. Ертегісін тыңдату. Суреттер бойынша жұмыс.<br>Мынау – Қарға.<br>Мынау не?<br>Мынау – Қарға.<br>Мынау – Көкек.<br>Мынау не?<br>Мынау – Көкек.<br>Мынау – Дәуіт.<br>Мынау не?<br>Мынау – Дәуіт.<br>Мынау – Жылан.<br>Мынау не?<br>Мынау – Жылан<br>Қарлығаш көмек сұрады.<br>Қарлығаш не істеді?<br>Қарлығаш көмек сұрады.<br>Көмек, кө-мек.<br>Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады.<br>Қарлығаш нелерден көмек сұрады?<br>Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады.<br>Көкек: Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ – деді. | Көктемнің келгенін білдіретін белгілерді атап беруді сұрайды.<br>Балалар өз пікірлерін айтады. Мысалы, бұталар бүршік жарады, гүлдердің баданасынан өскін шығады, жасшөкп қайта шығады, жәндіктер мен құстарды көреміз. Адамдар киімдерін ауыстырады.  Тақпақ оқиды.<br>Жасыл көктем келеді,<br>Самал беттен өбеді.<br>Көкте бұлттар көбейсе,<br>Мөлдір тамшы төгеді.<br>Сендерге тақпақ ұнады ма?<br>Көктемде қандай жел соғады? Қандай табиғат құбылыстары болады?<br>**Түсіну деңгейі:** Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады.<br>Әліппе-дәптердегі жұмыс арқылы балалардың тануға деген қызығушылығын оятады. «Үйшік» ойынын ұйымдастырады: балаларға ҰОҚ-ға қатысты суреттерді үлестіреді. Педагог «үйшікте» отыр. Оған кіргісі келген адам өз қолындағы зат пен педагогтің қолындағы заттың ұқсастығы мен айырмашылығын айтып беруі тиіс. Ойынды балалар да жүргізе алады.  Ойынға кіріседі.<br>Б: Үйшікте кім тұрады?<br>П: Бұл мен – көгал.<br>Б: Ал мен – орманмын. Мені үйшікке кіргізші.<br>П:Маған қай жерің ұқсайды? Соны айтсаң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Наурыз мерекесінде ұлттық тағамдар дайындалады.<br>Наурыз мерекесінің басты тағамы<br>наурызкөже. (Түсінік беру).<br>– Әжей наурызкөже пісіреді.<br>– Наурызкөжені кім пісіреді?<br>– Әжей наурызкөже пісіреді.<br>Қандай ұлттық тағам білесіңдер? Педагог балаларға суреттерді таратады. Балалар таныс тағамдарды атайды, суреттерін көрсетеді: бауырсақ, қымыз, шұбат, құрт.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1.Суретте не болып жатыр? Қандай мереке бейнеленген? Әңгіме құра.<br>2.Кім не істейді? Сәйкестендір. Сөйлем құра.<br>– Әжей не істеді?<br>– Әжей наурызкөже пісірді.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Ұлттық ойын: «Сақина».**<br>Ойынды бастайтын баланы санамақ арқылы анықтайды.<br>**Санамақ айту.**<br>Бір, екі – Жердің беті.<br>Сары шымшық,<br>Тез ұшып шық.<br>Балалар шеңбер болып қатарға отырады.<br>Алақандарын бір-біріне қысып, қолдарын алдында, тізе үстінде ұстайды. Ойын бастаушының қолында сақина болады. Ол өз алақандарымен сақинаны балалардың алақандарын ашып салған сияқты боп, | қалай аталады? | түсті үшбұрышты көрсетіп үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, нарын, рауғаш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос»***<br>-Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар.<br>Мысалы: ( ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май..мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ т.б.)<br>**Дидактикалық жаттығу: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»**<br>– Балалар мен сендерге заттың сипатын айтамын сендер сол сипатқа сай суреттен көрген дауыссыз | Көкек не деді?<br>«Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ», – деді. Қарға: «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді.<br>Қарға не деді?<br>–«Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді.<br>– Осы істері дұрыс па?<br>Қарлығашқа дәуіт көмек берді.<br>Қарлығашқа не көмек берді?<br>Қарлығашқа дәуіт көмек берді.<br>Қарлығаш пен Дәуіт дос болды.<br>– Қарлығаштың досы ....<br>– Дәуіттің досы ...<br>Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен дұрыс айтып жаттығады, естеріне сақтайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Сергіту сәті:<br>Қолымызды жаямыз,<br>Құстай қанат қағамыз.<br>Ұшып-ұшып аламыз,<br>Орнымызды табамыз.<br>Балаларға ертегіні сахналауды ұсыну.<br>Балалар санамақпен ертегіні сахналауға қатысатын балаларды таңдайды. Ертегі кейіпкерлері – Қарлығаш, Дәуіт, Қарға, Көкек, Жылан бейнеленген қалпақтарды балаларға береді. Сахналау.<br>Автордың сөздерін педагог айтады.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1. Суреттерге қара. | кіргізейін.<br>Б: Менде де, сенде де шөптер мен гүлдер, саңырауқұлақ өседі, жәндіктер, ұсақ жануарлар тіршілік етеді. Көгалда да, орманда да серуендеуге болады. Жел соққан кезде сен де шулайсың, мен де шулаймын.<br>Б: Түк, түк. Мен – көлмін. Мені де үйшікке кіргізіңізші.<br>П: Егер көгалдан айырмашылығыңды айтсаң кіргіземіз.<br>Б: Мен судан тұрамын. Ал, көгалда су жоқ деуге болады. Менде тіршілік ететін жануарларды көгалда кездестіру мүмкін емес. Адамдар маған қыдыруға емес, суға түсуге келеді.<br>**Қолдану деңгейі: «Нақты деректер бойынша бөлу» техникасының көмегімен балаларды топтарға бөледі.** Бір топқа жеке басына қатысты ерекшеліктеріне қарай топтасады (ақ құба,қара торы, сары балалар; қой көзділер, көк көздер, көзінің түсі жасылдар; бойына қарай; белгілі бір жұмысқа – сурет салуға, құрылысқа, балықтарға күтім жасауға, биге және өлең айтуға қызығушылығына қарай).<br>Педагог балаларға мейлінше көмек көрсетеді, жергілікті жер мен өсімдіктердің өзіне тән |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біреуінің алақанына салу керек.<br>Бәрін аралап өткен соң ортаға келіп:<br>«Бір, екі, үш – сақинам ұш!» – дейді. Сонда қолында сақинасы бар бала тұру керек. Оң жақта отырған көршінің тапсырмасы оны ұстау керек. Егер сақинаға ие болып жүрген ойнаушыны көршісі ұстай алмаса, онда көршісін жазалайды, ал егер сақина бар бала тұра алмаса, онда оның өзін жазалайды. Жаза әртүрлі болуы мүмкін: жеңімпазды арқасына отырғызып жүріп келу, бір аяқпен секіру, билеу, ән айту және т.б. Жазаланған тапсырманы жасағаннан кейін жүргізуші болады және ойын жалғаса береді.<br>**Сергіту сәті:**<br>*Ән: «Дастарқан».*<br>Ей, халайық, халайық,<br>Бар өнерге салайық.<br>Ас ұсынып, бас тартқан,<br>Жаюлы тұр дастарқан.<br>Дастарқан-ау, дастарқан,<br>Берекелі дастарқан,<br>Мерекелі дастарқан | | дыбыстан басталатын затты айтыңдар.<br>Мысалы: *әдемі ...(көлік), заманауи ...(қала), биік ... (ғимарат), жасыл ... (желек), ұзын ...(көше), жедел ..(жәрдем), үш түсті ...(бағдаршам), жылдам ...(метро), аппақ ... (бұлт), үлкен ... (терезе) т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>**Көше, ағаш** сөздеріне дыбыстық талдау жаса. Педагог тақтаға сөздердің сызбасын іледі.<br>***Көше*** сөзіне дыбыстық талдау.<br>***Көше*** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>**К** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Ө** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ш** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Е** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>***Ағаш*** сөзіне дыбыстық талдау.<br>***Ағаш*** – 2 буын, 4 дыбыс.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ғ** – ұяң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Ш** – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз. | «Қарлығаш пен Дәуіт» ертегісін ретімен айтып бер. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. | ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Тапсырманы орындайды: экоаймақтардың бірін (дала, орман, тау, көгал, алқап, суқоймасы) таңдап алып, суреттерді бөледі.<br>**Сергіту сәті**<br>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br><br>Далада қоян орғып жүр,<br>Өсімдіктер жинап жүр.<br>Кездесті, міне, керегі:<br>Бақбақ, жантақ.<br>Бақбақты жұлды шалғыннан,<br>Жантақты жұлды шөл құмнан.<br>**Өзекті мәселе:** Мүлдем көктем келмеді деп елестетіп көрелік. Ондай жағдайда өсімдіктердің, жәндіктер мен жануарлардың жағдайы не болмақ? Жаз қандай болады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сөздерді буынға бөл.<br>**Сергіту сәті**<br>Жаттығуды біз<br>бастаймыз,<br>Орнымызда адымдаймыз.<br>Қатар тұрып тізілеміз,<br>Бір, екі деп біз санаймыз.<br>Денемізді тік көтеріп,<br>Аяқтарды нық басамыз.<br>Оңға-солға қолды сермеп,<br>Қатар болып жұптасамыз.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады. | | |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын: «Үйрек үйрек, қаз»**

**Басты міндеттері: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу. Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.**






**Аз қимылды ойын:«Үйрек үйрек, қаз»**

**Ойын міндеттері:** Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.

**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.

**Әдістемелік нұсқау:**

**Ойын шарты:** Қатысушылар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ішінде айналып жүріп, қолымен көрсетіп "үйрек, үйрек, үйрек, ......... қаз" дейді. Қаз жүргізушіге қарай, қарама-қарсы жүгіреді. Бұл екеуінің орындайтын тапсырмасы тезірек босаған орынға барып тұру.

**Ойынның педагогикалық маңызы.**

олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" рөлінде ойнап шығуын қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | |  | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Волейбол алаңында жаттығу.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-еңкіш тақтай үстімен жүру. Ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіру (қашықтық 4 м) жаттығуларын орындату.<br>**Дағды:** -тиімді тыныс алу, волейбол добын қажет бағытта бір қолмен домалату, допты қақпақылдату, тартып керілген жіптен асырып допты лақтыру, қайта қағып алу, допты қолына ұстап, шынтаққа тіреліп жорғалау, 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды: «**У-шу» арнайы жаттығулар кешені арқылы тыныс алуды қалыпқа келтіру, допты қақпақылдау, 20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу, зейінді дамытуға арналған сезімдік ойын.<br>**Түсінеді**: «волейбол» термині, ойын ережелері, | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ғарыш әлеміне саяхат.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту;<br>-динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу;<br>-музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру.<br>**Дағды**: Балаларға арналған аспапта ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.<br>**Репертуар:** «Қайырлы таң» (Е. Өміров)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Көңілді би» (И. Штраус)<br>**Би шығармашылығы**:<br>Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан)<br>**Музыкалық аспапта** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Волейбол алаңында жаттығу.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-еңкіш тақтай үстімен жүру. Ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіру (қашықтық 4 м) жаттығуларын орындату.<br>**Дағды:** -тиімді тыныс алу, волейбол добын қажет бағытта бір қолмен домалату, допты қақпақылдату, тартып керілген жіптен асырып допты лақтыру, қайта қағып алу, допты қолына ұстап, шынтаққа тіреліп жорғалау, 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды: «**У-шу» арнайы жаттығулар кешені арқылы тыныс алуды қалыпқа келтіру, допты қақпақылдау, 20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу, зейінді | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Құстар біздің досымыз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту;<br>-балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру.<br>**Дағды**: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырата білу дағдыларын игеру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Көкек» (Х. Мұхамедова)<br>**Ән айту:**<br>«Көктем» (А. Жайымов)<br>«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов) | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Менің достарымның ойыны.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіру, 1,5 минутқа дейін үздіксіз жүгіру жаттығуларын жасай алуға жаттығтыру.<br>Ойындағы қауіпсіздік ережерді сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Ұшып келе жатқан доптан түрлі тактикалар қолданып қашуды бекіту. Кеңістікті бағдарлай білу, төзімділігін, реакция шапшаңдығын дамыту. Тізбектелген түрлі жаттығуларды орындау дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** көз бұлшық еттерін белсендіру жаттығулары (Е. Жуйков), қозғалыстағы нысананы ату.<br>**Түсінеді**: санамақтың маңызын, ойынның денсаулықты нығайту құралы, түрі екендігі, ұшып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын барысындағы қауіпсіздік ережелері, жаттығудың маңызы, команда ойыншыларына допты дәлдеп беру.<br>**Қолданады:** көзді жұмып, айналып секіріп бұрылу дағдылары; қолға доп ұстап, шынтаққа тіреліп жорғалау мен орташа жылдамдықта жүгіруді тез алмастыру.<br>Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, келесі жағынан қағып алу, жұпта үйлестіріп жұмыс істеу.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Сезімдік жаттығу: «Санауды тыңда». 1-2-3 – деп санап жүреді.<br>4 – секіреді, 1-2-3 – жүреді, 4 – 360°-қа айналып бұрылады, 1-2-3 – жүру, 4 – малдас құрып отыра қалады.<br>Жүру, секектеу, бір орында көзін жұмып, айналып тұрып секектеу. 2 минут бағытты өзгерте отырып, орташа жылдамдықпен жүгіру.<br>**Түсіну деңгейі: «**У-шу» жаттығулар кешенімен тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>**«Басты бұру»**<br>1.Бастапқы қалып – аяқты алшақ, қолды бас бармағын артқа қаратып белге қою. Басын баяу солға бұрады.<br>Бастапқы қалып – тыныс шығару<br>Бастапқы қалып – басын баяу солға бұрады | **ойнау:**<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** эмоционалды түрде ән айтады, тынысты дұрыс алады.<br>**Түсінеді:** ғарыш және ғарышкерлер туралы мағлұматты түсінеді.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады; музыкалық аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды.<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Көңілді би» (И. Штраус).<br>Балалармен би қимылдарын көңілді, жеңіл, ойнақы билеу.<br>***Музыка тыңдау:*** «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров). Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу.<br>Балаларға 12 сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлермен таныстыру. Ғарышкерлердің суреттерін көрсету.<br>Ғарыш аймағы орналасқан | дамытуға арналған сезімдік ойын.<br>**Түсінеді**: «волейбол» термині, ойын ережелері, ойын барысындағы қауіпсіздік ережелері, жаттығудың маңызы, команда ойыншыларына допты дәлдеп беру.<br>**Қолданады:** көзді жұмып, айналып секіріп бұрылу дағдылары; қолға доп ұстап, шынтаққа тіреліп жорғалау мен орташа жылдамдықта жүгіруді тез алмастыру.<br>Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, келесі жағынан қағып алу, жұпта үйлестіріп жұмыс істеу.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Сезімдік жаттығу: «Санауды тыңда». 1-2-3 – деп санап жүреді.<br>4 – секіреді, 1-2-3 – жүреді, 4 – 360°-қа айналып бұрылады, 1-2-3 – жүру, 4 – малдас құрып отыра қалады.<br>Жүру, секектеу, бір орында көзін жұмып, айналып тұрып секектеу. 2 минут бағытты өзгерте отырып, орташа жылдамдықпен жүгіру.<br>**Түсіну деңгейі: «**У-шу» жаттығулар кешенімен тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>**«Басты бұру»**<br>1.Бастапқы қалып – аяқты алшақ, қолды бас | **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Құстар» (Т. Ломова)<br>**Билер**: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар: «**Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Ұйықташы, бөпешім» **(**В. Агафонников)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әннің музыкасын әндете айтады, дұрыс тыныс алуды жасайды.<br>**Түсінеді:** музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру**.**<br>**Қолданады**: ұлттық билердің элементтерін орындайды, аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар марш әуенімен кіріп, шеңбер бойында тұрып, «Жануарлар әлемі» әуенінен жануарлардың, құстардың қимылдарын жасайды.<br>Педагог балалармен құстар туралы, оларға жасалатын қамқорлық туралы, жыл құстары туралы әңгіме өткізеді. Адамдар қолдан үйшіктер жасайды, олармен | келе жатқан доптан түрлі тактиканы пайдаланып қашып кету әдістерін; нысананы ату үшін бастапқы қалыпқа дұрыс тұру; арқаннан, оның аяқ астынан өтер сәтінде секіріп өтуді.<br>**Қолданады:** кеңістікті бағдарлауды, нысананы атуды, өз әрекетін басқа ойыншылардың әрекетімн үйлестіру дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Табанына арналған түзету жаттығуларын орындау: аяқ басымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі қырымен, сыртқы қырымен жүру.<br>Қысқа, алшақ аттап жүгіру. Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>**Көз бұлшық еттерін белсендіру жаттығулары.** (Е. Жуйков)<br>Бұл жаттығулар статикалық күйзелістен айырылуға, көз бұлшық еттеріндегі қан айналымының жақсаруына, көлденең жазықтықтағы қимыл әрекеттерін бағдарлау- басқаруының жақсаруына, вестибуляр аппаратының реакцияларын жалғастыруға, көз қимылдарының жақсаруына септігін тигізеді.<br>30 сек интервалмен көзді қатты ашып-жұмуды 5–6 рет қайталау.<br>2-3 сек көзді айналдыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалып – тыныс шығару<br>**«Аспанға жетемін»**<br>2.Бастапқы қалып – аяғын алшақ қойып, қолдарын шынтағынан бүгіп, жұдырығын түйеді. қолдарын жоғары көтеріп, алақанын ашып, тыныс алады.<br>Бастапқы қалып – тыныс шығару<br>**«Кеудені түзету»**<br>3.Бастапқы қалып – аяғын алшақ қойып, қолдарын ішіне айқастырып қойып тұрады. Сол қолын оң қолының алдына қояды.<br>- айқастырып қойған қолын алға-жоғары көтергенде, дем шығарады.<br>Екі қолмен жанына қарай айналдыра доға жасайды. Доға жасап тұрып, демін сыртқа шығарады. Басын көтеріп, кеудесін шығарып, ішін тартады.<br>**«Денені бұру»**<br>5.Бастапқы қалып – аяқтарын алшақ қойып, жұдырығын саусақтарын жоғары келтіріп түйіп, кеудесіне қысып тұрады. Оң қолының алақанын жазып, ауаны алдына қарай итеріп, денесін солға 90° бұрылады. Солға-алдыға қарайды. Бастапқы қалыпқа қайта келіп, сол қолмен қайталайды.<br>**«Тізесін қолдарымен құшақтап, кеудеге жинау»**<br>6.Бастапқы қалып – аяқтарын бірге қойып, қолдарын алақандарын бір- | Байқоңыр қаласы туралы атап өту.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:*** «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Жылдам екпіні мен ырғағына мән беру, секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға көңіл бөлу.<br>Үйренген «Қайырлы таң» әнін (Е. Өміров) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Билер:*** Балаларға белгілі бір әуенді орындап, сол әуенге лайық ойдан би қимылдарын жасату. Өз беттерінше би билеуге мүмкіндік беру.<br>***Ойын:*** «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе білу. Ойналып отырған дыбыстың нешеу екенін анықтау.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). | бармағын артқа қаратып белге қою. Басын баяу солға бұрады.<br>Бастапқы қалып – тыныс шығару<br>Бастапқы қалып – басын баяу солға бұрады<br>Бастапқы қалып – тыныс шығару<br>**«Аспанға жетемін»**<br>2.Бастапқы қалып – аяғын алшақ қойып, қолдарын шынтағынан бүгіп, жұдырығын түйеді. қолдарын жоғары көтеріп, алақанын ашып, тыныс алады.<br>Бастапқы қалып – тыныс шығару<br>**«Кеудені түзету»**<br>3.Бастапқы қалып – аяғын алшақ қойып, қолдарын ішіне айқастырып қойып тұрады. Сол қолын оң қолының алдына қояды.<br>- айқастырып қойған қолын алға-жоғары көтергенде, дем шығарады.<br>Екі қолмен жанына қарай айналдыра доға жасайды. Доға жасап тұрып, демін сыртқа шығарады. Басын көтеріп, кеудесін шығарып, ішін тартады.<br>**«Денені бұру»**<br>5.Бастапқы қалып – аяқтарын алшақ қойып, жұдырығын саусақтарын жоғары келтіріп түйіп, кеудесіне қысып тұрады. Оң қолының алақанын жазып, ауаны алдына қарай итеріп, денесін солға 90° бұрылады. | дос болып, күтім жасап, балапандарына жағдай жасайды.<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Құстар» (Т. Ломова).<br>Балалар шеңбер бойында тұрып, қолдарын қанат секілді жайып, музыкаға ілесе жеңіл аяқтың ұшымен құс болып ұшады.<br><br>***Музыка тыңдау:*** «Көкек» (Х. Мұхамедова).<br>Музыка тыңдап болған соң ән сипатын, мағынасын әңгімелеп, балалардан сұрау.<br>Көктем, көктем, көктемде,<br>Бұл құстардың бәрі де<br>Әнші болып кеткен бе?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:*** «Көктем» (А. Жайымов).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әнді орындау барысында ырғақтық ерекшеліктерге тоқталу, дыбыс ұзақтықтарын алақандарымен шапалақтап көрсету.<br>Үйренген «Ғарышкер боламыз» әнін (Ш. Мұхамеджанов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен | 3–4 рет.<br>1–2 мин ішінде тез-тез жыпылықтау.<br>30–40 сек алысқа қарап тұру, көзді 25–30 см қашықтықта тұрған саусақтың ұшына ауыстыру (3–5 сек) 3–5 рет.<br>Екі қолдың үш саусағымен әр көздің үстіңгі жағын ақырындап 1-2 сек басып тұру (3–5 рет)<br>Бір қолын алдыға, мөлшері беттің орта тұсына созып ұстау. Қолынан көз алмастан оны мұрнына қарай жақындату (3–4 рет)<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**«Арқаннан секіру»** ( 6 рет).<br>Арқанды біресе тез, біресе ақырын, ойыншылардың біріне тигізу үшін шатастырып айналдыру. Арқанның аяғының астынан өту сәтінде, жүргізушінің алдағанына көнбей, секіріп немесе қашып үлгеруге тырысады.<br>**«Аңшылар»** ( 6 рет).<br>Балалардың назарын ұшып келе жатқан доптан қаша білуге, ол үшін түрлі тактикаларды қолдана білуге, шапшаң қимылдауға аударту.<br>Балалар екі топқа бөлінеді.«Қасқырлар» диаметрі 4 м шеңбердің ішінде жүреді. «Аңшылар» оларды шеңбердің сыртында тұрып, доппен атып алуға тырысады.<br>Барлық аңшы қолындағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біріне қаратып жоғары көтеріп тұрады. Кеудені көтеріп шағару. Оң аяғын кеуде тұсына дейін көтеріп, екі қолмен құшақтап, демін ішке тарту. Бастапқы қалыпқа қайта келіп, тыныс шығарады.<br>Сол аяғымен тура солай қайталайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Негізгі қимылдарды орындау.<br>**«Саусақтарды жаттықтыру» – допты кез келген бағытта бір қолмен домалату.** Педагогтің нұсқауымен алдымен допты сол қолмен, сосын оң қолмен, кейін екі қолмен бірақ дөңгелетеді. Доптың бағытын өзгертпеуге, допты алысқа жібермеуге, доптың артынан үлгеруге тырысады.<br>**«Допты керілген жіптен асырып лақтыру. Шапшаңдыққа жаттықтыру»**<br>Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, шапшаң аттап, екінші жағынан қайта қағып алады.<br>**«Секіргіштікті жаттықтыру»**<br>20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу. Секіріп бір аяғына қонады.<br>Еденнен шұғыл итеріледі. Секірген сәтте қолдарымен серпіліп көмектеседі. Қайта еденге қонғанда аяқтарын тізесінен бүгіп, қолдарын алдыға созады. | «Тамшы» деген сөздің мағынасын түсіндіріп, тамшылар қай кезде таматынын, қайдан пайда болатынын түсіндіріп, музыкада сол дыбысты келтіру.<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | Солға-алдыға қарайды. Бастапқы қалыпқа қайта келіп, сол қолмен қайталайды.<br>**«Тізесін қолдарымен құшақтап, кеудеге жинау»** 6.Бастапқы қалып – аяқтарын бірге қойып, қолдарын алақандарын бір-біріне қаратып жоғары көтеріп тұрады. Кеудені көтеріп шағару. Оң аяғын кеуде тұсына дейін көтеріп, екі қолмен құшақтап, демін ішке тарту. Бастапқы қалыпқа қайта келіп, тыныс шығарады.<br>Сол аяғымен тура солай қайталайды.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Негізгі қимылдарды орындау.<br>**«Саусақтарды жаттықтыру» – допты кез келген бағытта бір қолмен домалату.**<br>Педагогтің нұсқауымен алдымен допты сол қолмен, сосын оң қолмен, кейін екі қолмен бірақ дөңгелетеді. Доптың бағытын өзгертпеуге, допты алысқа жібермеуге, доптың артынан үлгеруге тырысады.<br>**«Допты керілген жіптен асырып лақтыру. Шапшаңдыққа жаттықтыру»**<br>Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, шапшаң аттап, екінші жағынан қайта қағып | орындауға баулу.<br>Жеке немесе топпен ән айту.<br>***Билер:*** «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Балаларға «көкпар» сөзінің мағынасын түсіндіріп, атқа шауып жүріп қимыл жасау керектігін түсіндіру. Биге ұл балалар қатысады.<br><br>***Ойын:*** «Не қалай шақырады?» музыкалық-дидактикалық ойын. Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойында аңдардың, жануарлардың, құстардың қалай шақыратынын түсіндіріп, өздеріне сол дыбысталуды қайталауды талап ету.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Музыкалық аспапта ойнау:** «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар күннің қай мезгілде ұйықтататынын еске түсіріп, музыка қалай ойналатынын сұрау.<br>Аспапта асықпай әуенге ілесе ойнау. | доптарымен атып біткенде, шеңберде қалған қасқарларды санап, оларға ұпай беріледі. Енді олар орын ауыстырады. Көп ұпай алған команда жеңіске жетеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Тосқауыл»** ( 4 рет)<br>Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңберге бөлініп тұрады. Екі шеңбер екі бағытта жүреді. Кенет екі шеңбер де күрт тоқтайды да, ішкі шеңбердегі балалар қол ұстасып «қақпа» жасап тұрады. Сыртқы шеңбердегі балалар оларды айналып жүре бастайды (шеңберден бір шығып, бір кіріп жүреді). Белгі бойынша ішкі шеңбер қолдарын шұғыл төмен түсіреді (қақпа жабылады). Шеңберден шығып үлгермей, іште қалған ойыншылар ішкі шеңберге қосылады. Ойын жалғаса береді. Екі топтың орнын ауыстырып қайталау.<br>**«Ине-жіп»**<br>Бір-бірден тізбекпен бұралаңдап (ирелеңдеп) жүру. Жүріп келе жатып, бағытты өзгертуге назар аударту – геометриялық фигуралар түрінде көрсету: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Зейінді дамытуға арналған Сезімдік ойын: «Еріккендер».**<br>Ойыншылар қолдарынан ұстанып, шеңбер бойымен жүреді. Белгі бойынша тоқтап, бір шапалақ ұрып, шұғыл бұрылып, енді артпен жүгіре береді. Әрбір белгі бойынша қозғалыс бағыты өзгереді. Дұрыс бұрылмаған ойыншы ойыннан шығады. | | алады.<br>**«Секіргіштікті жаттықтыру»**<br>20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу. Секіріп бір аяғына қонады.<br>Еденнен шұғыл итеріледі. Секірген сәтте қолдарымен серпіліп көмектеседі. Қайта еденге қонғанда аяқтарын тізесінен бүгіп, қолдарын алдыға созады.<br>**Зейінді дамытуға арналған Сезімдік ойын: «Еріккендер».**<br>Ойыншылар қолдарынан ұстанып, шеңбер бойымен жүреді. Белгі бойынша тоқтап, бір шапалақ ұрып, шұғыл бұрылып, енді артпен жүгіре береді. Әрбір белгі бойынша қозғалыс бағыты өзгереді. Дұрыс бұрылмаған ойыншы ойыннан шығады. | | |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 1**<br>**Күнді бақылау**<br>**Міндеттері:** күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан.<br>(күн)<br>Алауға оранып, | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 2**<br>**Қардың еруін бақылау**<br>**Міндеттері:**<br>табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Көктем келді»**<br>**Б.Қозыкеев**<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш. | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 3**<br>**Мойыл бұтасын бақылау**<br>***Міндеттері:***<br>— Бұталар туралы білімдерін молайту;<br>— Бақылай, зерттей білу қабілеттерін дамыту;<br>— Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>**Тәрбиеші әңгімесі:**<br>Мойыл әрі дәрілік, әрі | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 4**<br>**Бұлттарды бақылау**<br>**Міндеттері**: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Бақылау барысы.**<br>**Көркем сөз.**<br>**«Бұлт»** Ө. Ақыпбекұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы?<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның, | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 5**<br>**Сутоғанды бақылау**<br>**Міндеттері**: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көкке өрлеп шығады.<br>Бір айналып оралып,<br>Көкжиекке бұғады.(күн)<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады?<br>Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен карауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)<br>**Еңбек:**<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Күн мен түн».<br>**Міндеті:** күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>**Жаттығу ойыны** Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты:секіре білулерін, | Келіп көктем құстары,<br>Бау бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру.<br>**Еңбек:**<br>Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару.<br>**Мақсаты:**тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ормандағы аюда».<br>**Мақсаты:** белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау.<br>**Жаттығу ойыны**:<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>**Мақсаты:**<br>Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау;<br>Ептіліктерін қалыптастыру;<br>Қозғалыс координациясын жақсарту.<br>**Халық болжамы:**<br>Қарлығаш келсе күн күркірейді.<br>Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, | сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді?<br>♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі?<br>♦ Мойыл | Бұлт-көшпелі бұлағы.<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦Бұлт дегеніміз не?<br>♦Бұлттардың түсі қандай болады?<br>♦Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)<br>♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)<br>♦ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау.<br>Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.<br>**Еңбек**<br>Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс | өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау<br>**Еңбек**<br>Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу*.<br>**Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»**<br>*Мақсаты:*<br>— белгі бойынша әрекет етуге үйрету;<br>— ойын шартын сақтап ойнауға баулу;<br>**Жаттығу ойыны**<br>Ұзындыққа секіру.<br>*Мақсаты:* ұзындыққа секіруге жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күштері мен көз өлшемдерін дамыту.<br>**Мақал-мәтел:**<br>Сәуір болса күн күркірер,<br>Күн күркіресе, көк дүркірер.<br>Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын. | жаз салқын болады.<br>**Мақал:** Қыстың қамын жаз ойла. | жидектерінен не жасайды?<br>♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар?<br>♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?<br>**Еңбек**<br>Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу.<br>*Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Біздің аулада не өседі?».<br>*Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.*<br>**Жаттығу ойыны**<br>Қимылдарын дамыту<br>*Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.*<br>***Мақал-мәтел:***<br>*Бір тал кессең, он тал ек.<br>*Бір ағаштан жасалады мың шырпы,<br>Мың ағашты өртеп кетер бір шырпы. | істеуге деген ынталарын қалыптастыру..<br>**Қимылды ойын** «Қасқыр қақпан».<br>Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс**<br>Математикалық жаттығулар.<br>Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Халық болжамы.**<br>Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады. | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Аитжанова Аделя<br>Алтай Сұлтан<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығуға жаттығуды жалғастыру.<br>Белгілі жерден итеріліп, | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере мен Ермекова Айбике<br>Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере<br>Берікұлы Арнұр<br>Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді | **Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Оралхан Жігер<br>«З» – «С» дыбыстарын дұрыс айтқызуға қалыптастыру.<br>**Тілімізді жаттықтырайық:** | **Қазақ тілі-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Байтемір Айзере<br><br>Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру.<br>Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екпін алуды жалғастыру. Қимыл жаттығуларының тиімділігін арттыра түсу. Ептілікті, ұсақ моторика мен өзін-өзі басқаруды, төзімділікті, шапшаңдықты дамытып, салауатты өмір салтына бағыт алып, спортқа деген, командалық ойындарға деген қызығушылыққа баулу. | атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету. | дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. | За-за-за – таза.<br>Зе-зе-зе – зере.<br>«З» дыбысының буын ішінде келуі:<br>Жүзім – күзім,<br>Жүзік – білезік,<br>Жазым – назым.<br>Енді айнаға қарап «С» дыбысын айтайық.<br>Байқап көрсеңдер, еріндерің жай ғана ашылды.<br>Са-са-са – сана.<br>Се-се-се – кесе.<br>Со-со-со – соқа.<br>Сө-сө-сө – сөре. | дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тосқауыл»**<br>**Міндеттері**: Тізбектелген түрлі жаттығуларды орындау дағдыларын дамыту. Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу<br>**Дағды:** Ойын ережелеріне сай тізбекке, шеңберге, қатарға тұру дағдыларын жалғастыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңберге бөлініп тұрады. Екі шеңбер екі бағытта жүреді. Кенет екі шеңбер де күрт тоқтайды да, ішкі шеңбердегі балалар қол ұстасып<br>«қақпа» жасап тұрады. Сыртқы шеңбердегі балалар оларды айналып жүре бастайды (шеңберден бір шығып, бір кіріп жүреді). | **Танымдық-қимылды ойын**<br>**Дидактикалық ойын: «Кім зерек?»**<br>**Міндеттері:** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру.<br>**Дағды:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br>Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды. | **Дидактикалық дыбыстық жаттығу: “Ұйқасын тап”**<br>**Міндеттері:** Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Дағды:** Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту дағдыларын бекіту.<br>**Ойынның шарты:**<br>буынның аяғын айтады, балалар ұйқас сөзді тауып жалғастырып айтады.<br>Ау-ау-ау, не деген биік **тау.**<br>Гер-гер-гер, науқасты емдейтін **(дәрігер)**<br>Тік-тік-тік, қыста кидің . . **(етік)**<br>Қан-қан-қан, жайды әжем **(дастарқан)**<br>Яр-яр-яр, тұздағынымыз . **(қияр)**<br>Тап-тап-тап, оқып | **Дидактикалық ойын:** «Түлкінің құйрығын тап».<br>**Міндеттері:** Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту.<br>**Дағды:** ертегі кейіпкерінің құйрығын тауып, суретті толықтыра отырып, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді. | Ұлттық ойын: «Сақина».<br>**Міндеттері:** ұлттық салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Дағды:** ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Ойынды бастайтын баланы санамақ арқылы анықтайды.<br>Санамақ айту.<br>Бір, екі – Жердің беті.<br>Сары шымшық,<br>Тез ұшып шық.<br>Балалар шеңбер болып қатарға отырады.<br>Алақандарын бір-біріне қысып, қолдарын алдында, тізе үстінде ұстайды. Ойын бастаушының қолында сақина болады. Ол өз алақандарымен сақинаны балалардың алақандарын ашып салған сияқты боп, біреуінің алақанына салу керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма?<br>Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді.<br>Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар?<br>Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек.<br>Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.<br>**Түсіну деңгейі:** «Қ», «Ғ» дыбыстарының дұрыс артикуляциясын түсіндіреді: Ерін ашылып, тілдің ұшы астыңғы тістердің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Дауыс шымылдығының дірілінен «Ғ» дыбысы естіледі.<br>«Қ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталатады.<br>Қа-қа-қа – қалам.<br>Қо-қо-қо – қоян.<br>Қы-қы-қы – қылыш.<br>Құ-құ-құ – құлақ.<br>Қи-қи-қи – қияқ.<br>Қу-қу-қу – аққу.<br>«Қ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату:<br>Қоян – қала.<br>Қасық – қалам.<br>Бақа – тауық.<br>Сақа – асық.<br>«Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату:<br>Ға-ға-ға – жаға.<br>Ғи-ғи-ғи – Сағи.<br>Ғу-ғу-ғу – бұғу.<br>Ғы-ғы-ғы – бұғы.<br>«Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату: | Балалар өз пікірлерін айтады. Мысалы, бұталар бүршік жарады, гүлдердің баданасынан өскін шығады, жасшөқп қайта шығады, жәндіктер мен құстарды көреміз. Адамдар киімдерін ауыстырады. Тақпақ оқиды.<br>Жасыл көктем келеді,<br>Самал беттен өбеді.<br>Көкте бұлттар көбейсе,<br>Мөлдір тамшы төгеді.<br>Сендерге тақпақ ұнады ма?<br>Көктемде қандай жел соғады? Қандай табиғат құбылыстары болады?<br>**Түсіну деңгейі:** Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады.<br>Әліппе-дәптердегі жұмыс арқылы балалардың тануға деген қызығушылығын оятады. «Үйшік» ойынын ұйымдастырады: балаларға ҰОҚ-ға қатысты суреттерді үлестіреді. Педагог «үйшікте» отыр. Оған кіргісі келген адам өз қолындағы зат пен педагогтің қолындағы заттың ұқсастығы мен айырмашылығын айтып беруі тиіс. Ойынды балалар да жүргізе алады. Ойынға кіріседі.<br>Б: Үйшікте кім тұрады?<br>П: Бұл мен – көгал.<br>Б: Ал мен – орманмын. Мені үйшікке кіргізші.<br>П:Маған қай жерің ұқсайды? Соны айтсаң кіргізейін.<br>Б: Менде де, сенде де шөптер мен гүлдер, саңырауқұлақ өседі, | Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ!<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Күлімде* – қуан, шаттан.<br>*Берекелі* – молшылықты.<br>*Бейбіт* – тыныштық жайлы.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Не туралы айтылған?<br>«Бейбіт күн» дегенді қалай түсінесің?<br>**Сергіту сәті:**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз!<br>Өлең шумағын қайталап, есімізге түсірейік.<br>3-4 балаға өлеңді мәнерлеп қайталап айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт.<br>Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың?<br>Олардың көңіл күйлері қандай?<br>Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле.<br>***Есіңе сақта:*** | Өлеңдегі бала кім болуды армандайды?<br>Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма?<br>Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді.<br>Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар?<br>Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек.<br>Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.<br>**Түсіну деңгейі:** «Қ», «Ғ» дыбыстарының дұрыс артикуляциясын түсіндіреді: Ерін ашылып, тілдің ұшы астыңғы тістердің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Дауыс шымылдығының дірілінен «Ғ» дыбысы естіледі.<br>«Қ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталатады.<br>Қа-қа-қа – қалам.<br>Қо-қо-қо – қоян.<br>Қы-қы-қы – қылыш.<br>Құ-құ-құ – құлақ.<br>Қи-қи-қи – қияқ.<br>Қу-қу-қу – аққу.<br>«Қ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату:<br>Қоян – қала.<br>Қасық – қалам.<br>Бақа – тауық.<br>Сақа – асық.<br>«Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату: | Біз бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ!<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Күлімде* – қуан, шаттан.<br>*Берекелі* – молшылықты.<br>*Бейбіт* – тыныштық жайлы.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Не туралы айтылған?<br>«Бейбіт күн» дегенді қалай түсінесің?<br>**Сергіту сәті:**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз!<br>Өлең шумағын қайталап, есімізге түсірейік.<br>3-4 балаға өлеңді мәнерлеп қайталап айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт.<br>Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың?<br>Олардың көңіл күйлері қандай?<br>Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ғалым – қолғап.<br>Тоғай – шаңғы.<br>Сағыз – торғай.<br>Сағат – қағаз.<br>«Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш ішінде бекіту.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Қарға<br>(Халық әні)<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Боран соқса, қор болар,<br>Бұтаға келіп қорғанар.<br>Жұмбақтар шешу.<br>Шеңбер жасап өседі,<br>Желмен бірге көшеді.<br>(Қаңбақ)<br>Асты тас, үсті тас,<br>Ортасында жанды бас.<br>(Тасбақа)<br>**Сергіту сәті:**<br>(Сергіту жаттығуларын «Жұлдыздар» өлеңімен жасатуға болады).<br>«Жұлдыздар»<br>Қорықпаймыз, Батырмыз,<br>Біз далада жатырмыз.<br>Жұлдыздарға қараймыз,<br>Қайта-қайта санаймыз.<br>Жұлдыз неткен көп еді.<br>Жанып,<br>Бірі сөнеді.<br>**Дидактикалық ойын*:***<br>«Мамандықты анықта».<br>Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады.<br>**Танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс** | жәндіктер, ұсақ жануарлар тіршілік етеді. Көгалда да, орманда да серуендеуге болады. Жел соққан кезде сен де шулайсың, мен де шулаймын.<br>Б: Түк, түк. Мен – көлмін. Мені де үйшікке кіргізіңізші.<br>П: Егер көгалдан айырмашылығыңды айтсаң кіргіземіз.<br>Б: Мен судан тұрамын. Ал, көгалда су жоқ деуге болады. Менде тіршілік ететін жануарларды көгалда кездестіру мүмкін емес. Адамдар маған қыдыруға емес, суға түсуге келеді.<br>**Қолдану деңгейі: «Нақты деректер бойынша бөлу» техникасының көмегімен балаларды топтарға бөледі.** Бір топқа жеке басына қатысты ерекшеліктеріне қарай топтасады (ақ құба,қара торы, сары балалар; қой көзділер, көк көздер, көзінің түсі жасылдар; бойына қарай; белгілі бір жұмысқа – сурет салуға, құрылысқа, балықтарға күтім жасауға, биге және өлең айтуға қызығушылығына қарай). Педагог балаларға мейлінше көмек көрсетеді, жергілікті жер мен өсімдіктердің өзіне тән ерекшеліктеріне тоқталып өтеді.<br>Тапсырманы орындайды: экоаймақтардың бірін (дала, орман, тау, көгал, алқап, суқоймасы) таңдап алып, суреттерді бөледі. | «Дос болсаң, берік бол,<br>Досыңа серік бол».<br>**Тілеріміз бейбіт күн**<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілеріміз бейбіт күн,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>*Серікбай Оспанов* | Ға-ға-ға – жаға.<br>Ғи-ғи-ғи – Сағи.<br>Ғу-ғу-ғу – бұғу.<br>Ғы-ғы-ғы – бұғы.<br>«Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату:<br>Ғалым – қолғап.<br>Тоғай – шаңғы.<br>Сағыз – торғай.<br>Сағат – қағаз.<br>«Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш ішінде бекіту.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Қарға<br>(Халық әні)<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Боран соқса, қор болар,<br>Бұтаға келіп қорғанар.<br>Жұмбақтар шешу.<br>Шеңбер жасап өседі,<br>Желмен бірге көшеді.<br>(Қаңбақ)<br>Асты тас, үсті тас,<br>Ортасында жанды бас.<br>(Тасбақа)<br>**Сергіту сәті:**<br>(Сергіту жаттығуларын «Жұлдыздар» өлеңімен жасатуға болады).<br>«Жұлдыздар»<br>Қорықпаймыз, Батырмыз,<br>Біз далада жатырмыз.<br>Жұлдыздарға қараймыз,<br>Қайта-қайта санаймыз.<br>Жұлдыз неткен көп еді.<br>Жанып,<br>Бірі сөнеді.<br>**Дидактикалық ойын*:***<br>«Мамандықты анықта».<br>Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады.<br>**Танымдық қабілеттерін** | ***Есіңе сақта:***<br>«Дос болсаң, берік бол,<br>Досыңа серік бол».<br>**Тілеріміз бейбіт күн**<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілеріміз бейбіт күн,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>*Серікбай Оспанов*<br>**Танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс:**<br> |

<table>
<tr>
<td></td>
<td><br></td>
<td>Сергіту сәті<br>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>Далада қоян орғып жүр,<br>Өсімдіктер жинап жүр.<br>Кездесті, міне, керегі:<br>Бақбақ, жантақ.<br>Бақбақты жұлды шалғыннан,<br>Жантақты жұлды шөл құмнан.<br>Өзекті мәселе: Мүлдем көктем келмеді деп елестетіп көрелік. Ондай жағдайда өсімдіктердің, жәндіктер мен жануарлардың жағдайы не болмақ? Жаз қандай болады?</td>
<td></td>
<td>дамытуға арналған жұмыс<br><br></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>«Ас – адамның арқауы» түскі ас.<br>10:00-10:30</td>
<td colspan="5">Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">2 үзіліс – 10:00 – 10:30</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">Аз қимылды ойыны: «Таудан тауға»<br>Басты міндеттері: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;<br>Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Аз қимылды ойыны: «Таудан тауға»**<br>**Ойынның міндеттері:** Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;<br>Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;<br>Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.<br>**Ойын іс әрекеті:** Тақияны тез көршісіне кигізу.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Ойыншылар жанындағы көршісінің басына қолы жететіндей болып, шеңбер құрып отырады. Барлығы баскиімсіз отырады, тек жүргізушінің басында ғана тақия бар. Жүргізуші келесі сөздерді айтады: «Таудан тауға ! Таудан тауға!». Осыдан кейін басынан тақияны алып, оны оң жағындағы көршісінің басына кигізеді. Ал тақия кигізілген ойыншы дәл сол сөздермен солай келесі көршіге кигізеді. Тақия жүргізуші басын жауып «Таудың басына! Таудың басына!» сөздерін айтқанша шеңбер бойымен жүре береді. Сол кезде тақия басында қалған ойыншы қандай да бір тапсырманы орындайды.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ұсыныс:** Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін... |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қандай түстер?<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту.Қандай? сұрағына жауап беруге | **3.Құрастыру-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мысық. Күшіктер.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-қалдық материалдармен заттар құрастыра білуге үйрету;<br>-қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана білуді бекіту;<br>-қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Біз нені үйрендік? [ш]<br>**ҰІӘ міндеттері:** -сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Біз мектепке барамыз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дағдыландыру.<br>Жаңылтпашты шапшаң және сөздерін анық айтуға үйрету; | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?<br>(коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету;<br>**-**қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.<br>**Дағды**: Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, сын есімдерді пайдаланып сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** сұрақтарды түсініп жауап береді.<br>**Қолданады:** түстердің қазақша аталуын қолданады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Өткен «Ертегі әлемі» тақырыпты қайталау. Ертегі кейіпкерлерін атау. Педагог балалардан білетін түстерін сұрау. Балалар түстерді атайды. Қима материалмен жұмыс.<br>– Мынау – жапырақтар. Мынау жапырақтың түсі қандай?<br>– Жапырақтың түсі сары.<br>– Мынау жапырақтың түсі қандай?<br>– Жапырақтың түсі жасыл.<br>– Алманың түсі қандай?<br>– Алманың түсі қызыл.<br>– Мынау қарындаштың түсі қандай?<br>– Көк түсті.<br>– Топта қандай заттардың түсі көк? (Балалар атайды). | бейнелей білуге үйрету;<br>-қағазбен көлемді пішіндер жасауда композицияға біріктіру, ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-күшіктің ұсақ дене бөліктерін өздігінен толықтыру, күрделі емес композицияға біріктіру;<br>-шығармашылық қиялды дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: түрлі түстерді үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан әртүрлі заттар құрастыруға үйрету, қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз қызметін жоспарлау дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қалдық материалдармен заттар құрастыра алады; қағаздан жасалған цилиндр пішіндерден күшікті бейнелей біледі, оның дене бөліктерін құрастыруды үйренеді;<br>**Түсінеді:** қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана біледі; күшіктің ұсақ дене бөліктерін өздігінен толықтырады, қайшымен қағазды тілік етіп кеседі, ойып ала біледі, күрделі емес композицияға біріктіреді;<br>**Қолданады:** сіріңке қораптарына қағазды қиып жапсырады, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыланады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, | анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту.<br>-достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу.<br>**Дағды**: қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерден сөйлем құрайды, дыбыстын орнын анықтайды.<br>**Түсінеді:** дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады, түсінеді.<br>**Қолданады:** сөйлем сызбасын сызады, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**«Сипатынан тап»**<br>Шиқылдайды, құйрығы ұзын, мысықтың жауы – ...*(тышқан)*<br>Мойны ұзын, екі құлақты, екі ішекті, тарта білсең әдемі әуен шығады –... *(домбыра)*<br>Жасыл түсті, инесі көп, дәнін оның тиін сүйіп жейді – ...*(шырша)*<br>Түсі сұр, өзі қорқақ, құлағы ұзын – ...*(қоян)*<br>Өзі аппақ, суық пенен суды сүйер сүйкімді бір жануар – ...*(ақ аю)*<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не? | **-**сөздерді саналы түрде есте сақтап, күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларың қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**тақырыпқа байланысты сөздерін айтады, дыбыстарды дұрыс айтады, жаңылтпашты қайталайды.<br>**Түсінеді:** сөздердің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** сөздерді қолданып, қысқа сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Суреттер бойынша өткен «Қандай түстер?» тақырыпты қайталау.<br>Балалар суреттегі заттарды және олардың түстерінің қандай екенін атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог балаларға мектеп жайлы және балалардың жақында мектеп табалдырығын аттайтындарын айтып, әңгіме жүргізеді. Мектепте балаларды оқытатын адамды мұғалім деп айтатынын айтады. Мектеп | шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту;<br>-зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Дағды:** дәрілік өсімдіктер жайлы түсінік қалыптастырған; өз өлкесінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерінің аттарын атап беріп, анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дәрілік өсімдіктер жайлы түсінік қалыптастырған; өз өлкесінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерінің аттарын атап береді.<br>**Түсінеді**: олардың емдік қасиеттерін.<br>**Қолданады:**дәрілік шөптерді жинау дағдысын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Қолдарын бір-біріне ұстатады. Балалар бір-біріне күлімдеп қарайды.<br>Жарқырап күнде ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды<br>Қайырлы күн!<br>Біз нәзік қыздармыз!<br>Қайырлы күн!<br>Біз ержүрек ұлдармыз!<br>Педагог балалардың өсімдіктер туралы білімін негізге ала отырып, оларды әңгімеге тартады.<br>Адамдардың өсімдіктерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсіну деңгейі:** Жаңа сөздермен таныстыру.<br>Сәуле түрлі түсті қарындаштарды көрсетіп, түстерді атайды.<br>Мынау – қоңыр түс, қо-ңыр.<br>Қандай түс?<br>Қоңыр түс.<br>Мынау – қара түс, қара.<br>Қандай түс?<br>Қара түс.<br>Мынау – күлгін түс, күлгін.<br>Қандай түс?<br>Күлгін түс.<br>Мынау – көгілдір түс, кө-гіл-дір.<br>Қандай түс?<br>Көгілдір түс.<br>Мынау  – қызғылт түс, қызғылт.<br>Қандай түс?<br>Қызғылт түс<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.<br>**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>Ң- ң- ң –қо-ңыр.<br>Қ  –қ- қ- қара.<br>Ү -ү -ү – күлгін<br>Ө -ө -ө –кө-гіл-дір.<br>Ғ- ғ-ғ- ғылт – қызғылт.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Ойын: «Осындай түсті затты тап».<br>Педагог топтан қоңыр, күлгін, көгілдір, қызғылт және қара түсті заттарды табуды сұрайды. Балалар заттарды тауып, олардың түстерін атайды, сөйлем құрайды. Мысалы: Мынау – аю. Оның түсі қоңыр.<br>Мынау – текше. Оның түсі күлгін.<br>**Сергіту сәті: (***сергіту* | қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог: Ерте, ерте, ертеде ... Алыс, алыс өлкеде Ақмамық деген мысық өмір сүріпті, ол сондай аппақ, әдемі, сүйкімді болыпты, бірақ оның достары болмапты. Ақмамық бір күні терезе алдында отырып, далада ойнап жүрген өзі сияқты мысықтарды көреді де, өзіне дос іздейді. Өзіне достар іздеп көп жерлерге барады, кішкентай балалардан көмек сұрайды, сөйтіп жүріп «Көгершін» деген балабақшаға барады, бірақ олар оған көмектесе алмады.<br>–Балалар, Ақмамық енді сендерден көмек сұрап бүгін бізге  келіпті.<br>Қалай, балалар, Ақмамыққа көмектесеміз бе? Үй күзетіп қалады,<br>Кейде мал да бағады. Ызасы келсе қабады Шешуін кім табады?<br>(Ит)<br>Педагог ит туралы әңгіме айтуды ұсынады:<br>Ит – адамның досы. Ит үйді күзетеді. Иттің баласы күшік. Педагог балаларға ит пен күшікті қағаздан жасауды ұсынады.<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог бірнеше үлгілерді көрсетіп, талдау жасайды:<br>сіріңкенің бос қорабын аша отырып, оны түрлі<br>түсті қағазбен (түсін бала өзі таңдайды) айналдыра желімдейді;<br>төменгі бөлігі – денесі, | Дыбыстар қандай  болып бөлінеді?<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»<br>Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Түсіну деңгейі: Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.<br>Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»<br>Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге | туралы бейнематериалды көрсетеді.<br>Жаңа сөздермен таңыстыру.<br>Балалар мектепке келді.<br>Балалар қайда келді?<br>Балалар мектепке келді.<br>Мынау – мектеп.<br>Мек-теп. Мынау не?<br>Мынау – мектеп.<br>Мектепте оқиды, білім алады.<br>Мектепте не істейді?<br>Мектепте оқиды, білім алады.<br>Мынау – оқушы.<br>Мынау кім?<br>Мынау – оқушы.<br>Мынау – оқушылар.<br>Мынау кімдер?<br>Мынау – оқушылар.<br>Мынау – мұғалім.<br>Мынау кім?<br>Мұғалім.<br>Мынау – сынып.<br>Сы-нып.<br>Мынау не?<br>Мынау – сынып.<br>Мектепте сынып бар.<br>Мектепте не  бар?<br>Мектепте сынып бар.<br>Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен қайталап, дұрыс айтып жаттығады.<br>Мектепте сыныптар бар.<br>Мектепте нелер бар?<br>Мектепте сыныптар бар.<br>Сыныпта орындықтар бар.<br>Сыныпта нелер бар?<br>(Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады).<br>**Қолдану деңгейі: Дыбыстық жаттығу** | емдік мақсатта пайдаланатынын айтады.<br>Балалар әңгімеге қосылады. «Өсімдіктерсіз Жер бетінде тіршілік болмас еді, өсімдіктер тірі жан иелерінің тыныстауына көмектеседі»  деген тұжырым жасайды.<br>**Түсіну деңгейі:** Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады.<br>Әліппе-дәптердегі жұмыс арқылы балалардың мәселені іздеуге және зерттеуге деген қызығушылығын оятады.<br>Суреттерді қарап шығып, педагогтің сұрақтарына жауап береді және әңгімелесуге қатысады.Табиғаттың адамдарға жасаған сыйы көп. Көптеген ауруларды емдеуге көмектесетін дәрілер бар. Тек оларды тани білуіміз және қолдана білуіміз керек. Адамдар аңдардың бәрінің шөптермен емделетінін ерте замандарда байқаған. Әртүрлі өсімдіктерәртүрлі ауруларға ем.<br>Сендер қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер?<br>Дәріханадан дәрілік шөптерді көргендерің бар ма? Сендер ересектермен бірге дәрілік шөптерді жинап көрдіңдер ма?<br>Дәрілік өсімдіктерден демделген шайды кім ішіп көрді?  Тәрбиеленушілерге Қазақстандның дәрілік шөптері туралы әңгімелеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *массажы, бір-бірінің арқасына, сұқ саусақтарының көмегімен сурет салады).*<br>Кемпірқосақ түстері<br>Жаңбырдан соң тамаша!<br>Күнмен бірге шағылысып,<br>Шуақтары алуан-алуан.<br>Қызыл – қызғылт, сары – сарғыш,<br>Көк – көгілдір, жасылы бар.<br>Көз тоймайды қараса!<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Кемпірқосақтың түстерін ата.<br>Шарларды боя.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Дидактикалық ойын: «Аудармашы».**<br>Педагог түстерді қазақ тілінде атайды, балалар орыс тіліне аударады.<br>қоңыр – коричневый қара – черный күлгін – фиолетовый<br>көгілдір – голубой<br>қызғылт – оранжевый | жоғарғы бөлігі – басы; құлағы, көздері мен құйрығын басқа қағаздардан қиып алып жапсырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Педагог күшіктің бейнесін үлгі бойынша талдау жасайды:<br>үлкен жолақ қағаздан күшіктің дене бөлігін, кіші жолақ қағаздан басын, одан кіші жолақтардан аяқтары мен тұмсығының жасалу ретін түсіндіреді;<br>жолақты орап, желімдеу жолдары көрсетіледі;<br>цилиндр пішіндерді бір-біріне қалай желімдеудің жолдары түсіндіріледі;<br>құйрығы мен құлағын, көзін,тілін түрлі түсті қағаздан қиып жапсыруға болатынын айтады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Көлбең- көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Мысығым қалай жүреді,<br>Кім көрсете біледі?<br>Көлбең- көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Мысығым былай жүреді.<br>Көлбең- көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Күшігім қалай жүреді<br>Кім көрсете біледі?<br>Көлбең- көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Күшігім былай жүреді.<br>**«Мысық пен күшік» туралы ән айтамыз.**<br>Ала мысық паңданады мяу, мяу, мяу, Әлденеге қамданады мяу, мяу, мяу,<br>Ала мысық айлалы<br>жан - жағына қарады мяу, | дауыссыз дыбыстан басталатын, мағынасы ұқсайтын сөз ойлап айтуларың керек.<br>Мысалы: әдемі ... (қыз), ағаш ... (бесік), темір ... (қаламсап), ақымақ ... (бала), қу ... (түлкі), қорқақ ... (қоян),<br>терең ... (құдық),<br>суық ... (қыс),<br>жылы ... (көтем),<br>дәмді ... (нан),<br>жылы ... киім),<br>сүтті ... (сиыр),<br>момақан ... (қозы),<br>пайдалы ... (тамақ),<br>тәтті ... (балмұздақ),<br>қалың...(кітап), жұқа... (мата), жұмсақ...(мақта),<br>керек ... (балға),<br>әнші ... (қыз),<br>мықты ... (жігіт),<br>әдемі ... (көбелек),<br>қызыл ... (шалбар),<br>сары ... (өрік),<br>өткір ... (пышақ),<br>дарынды ... (бала) т.б.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын ата»***<br>Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар.<br>Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.<br>Мысалы: апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, | (айнамен орындалады).<br>Қ-қ-қ-қ- оқушы – оқушы<br>. І-і-і-і- білім – білім.<br>Ғ-ғ-ғ-ғ – мұғалім – мұғалім.<br>Жаңылтпашпен таныстыру.<br>Сыныпта ақ бор бар,<br>Көк бор бар,<br>Көп бор бар.<br>Балалар қатты, ақырын, жай , жылдам қайталайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық<br>Қолды белге қоялық.<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға бір адым,<br>Артқа бір адым.<br>Жоғары, төмен қарайық<br>Орнымызды табайық.<br>**Мақалды жаттау, мағынасын түсіндіру.**<br>Оқу – білім бұлағы,<br>Білім – өмір шырағы.<br>**Ойын:«Сөз ойла, тез ойла».**<br>Педагог кез келген сөздің бірінші буынын айтады, балалар жалғастырады, мысалы мұ..., мек... т.с.с. | береді: Қалақайдың адамдар үшін пайдасы көп. Одан салат пен щи дайындауға болады. Қалақайдың құрамында микробтарды өлтіретін заттар бар. Сонымен қатар қалақай қанды тоқтатады және шаштың түбін нығайтады. Адамдар жолжелкенді ерте замандардан бері пайдаланған. Ол жараны жазуға, асқазан ауырғанда және суық тигенде жақсы көмектеседі. Дәрілік өсімдіктердің көбі орманда, далада, көгалдарда, су жағасында кездеседі.<br>Педагог айтқан мәліметтерді мұқият тыңдайды. Өз өмірінен алған мәліметтермен толықтырады. Есте сақтап қалады: Тәбетің дұрыс болмаса, бақбақ тамырының, асқазаның ауырса, мыңжапырақтың, суық тисе, киікотының, жөтелсең, өгейшөптің, аяғың күйіп қалса, сүйелшөптің қайнатпасымен емдейді. Терідегі дақты да сүйелшөп кетіреді. Тамағың ауырса, дала түймедағымен, жараны қырмызыгүлмен емдейді.<br>**Қолдану деңгейі: «Алмаз» техникасы.**<br>Қысқаша жауаптан кейін сурет алмаздың тиісті шаршысына орналастырылады.<br>Тапсырмалар: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мяу, мяу,<br>Айналаны қорғаштап ав, ав, ав,<br>Ұзын тілі салпақтап ав, ав, ав,<br>Қос құлағы салбырап<br>Достық жайлы ән шырқайды ав, ав, ав, мяу, мяу мяу.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады. | элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.<br>Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер.<br>Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер?<br>Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.<br>Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетк (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ )т.б –Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар.<br>Иә, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды.<br>Балалар, өнерлі бала деп кімдерді айтамыз?<br>Сендердің қандай өнерлерің бар? Өнерлі болған жақсы ма әлде жаман ба?<br>1.Суреттен қатаң, ұяң, | | Жараны жазатын дәрілік өсімдіктің суретін таңда.<br>Емдік қасиеті бар 2 бөлме өсімдігін тап.<br>Біздің өлкемізде өсетін 3 дәрілік өсімдікті тап.<br>Түймедақтың 4 түрлі қасиетін атап бер: жұпар иісті, әдемі, емдік, адамдар үшін өте қажет.<br>Дәрілік шөптерді жейтін 3 жануарды таңда.<br>Дәрілік өсімдіктердің 2 түрлі әрекетін атап бер: өседі, емдейді.<br>Анаң ішкізген 1 дәрілік өсімдік қайнатпасының атын атап бер.<br>Түймедақ, жолжелкен сияқты кейбір дәрілік өсімдіктерді зерттеуге қатысуға шақырады.<br>Иісін, өзіне тән ерекшеліктерін атап көрсетеді.<br>Балаларды дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін талқылауға шақырады.<br>Талқылайды, дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін құрастырады:<br>1.Дәрілік өсімдіктерді жақсы білу және оларды улы өсімдіктерден айыра білу (қарғакөз т.б.).<br>2.Дәрілік өсімдіктерді күн ашықта, таңертең, шық кепкен кезде жинайды.<br>3.Қалада, жолға жақын жерлердегі өсімдіктерді теруге болмайды. Неге?<br>4.Өсімдіктерді жинаған кезде езіліп, шырыны шығып кетпес үшін кеңірек себетке салу қажет. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үнді дыбыстардан басталатын сөздерді ата. Балалар не істейді? Сызба бойынша сөйлем құра. Балалар ұяң дауыссыз дыбыстарды есімізге түсірейік: *(б, в, г, ғ, д, ж, з.)* –Суретте осы ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттер бар ма?<br>Балалардың жауабы тыңдалады.<br>*Домбыра, жүзу, гүл, бояңдару, доп, жапырақ.*<br>Жарайсыңдар, балалар, ал енді қатаң дауыссыз дыбыстарды есімізге түсірейік:<br>*(п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч, щ.*) Осы қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді суреттен тауып көрейік.<br>*Шахмат, сурет, көбелек, футбол, тау, тақия, қақпашы, шырша, цирктегідей.*<br>Жарайсыңдар, балалар! Үнді дауыссыз дыбыстарды есімізге түсіріп, олардан басталатын сөздерді суреттен тауып көрейік:<br>*(й, л, м, н, ң, р, у).*<br>*Микрофон, раушан гүлі.*<br>**2.**Суреттерді ата. «ш» дыбысының орнын анықта.Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя.<br>**Сергіту сәті** | | 5.Өсімдіктерді күнге емес, көлеңкеге қойып кептіреміз.<br>6. Жинаған кезде өсімдіктерді басуға, тамырымен бірге жұлуға, біткенше жинауға болмайды. 7. Қызыл кітапқа енген өсімдіктерді жұлуға болмайды. Неліктен?<br>**Сергіту сәті**<br>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br><br>Тарсылдатпай еденді,<br>Орнымыздан тұрып ап,<br>Жүгірейік бір уақ.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш.<br>Аяқты алға созайық.<br>Тік көтеріп, қозғайық.<br>Тым сылбыр да болмайық,<br>Алға қарай озбайық, Бір, екі, үш, бір, екі, үш. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Орнымыздан тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз бір дем алайық.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>«Бәрінен де мен күшті,»<br>– Деп айтады оң қол.<br>«Неге сен? Ал мен ше!»<br>– Деп келіспейді сол қол.<br>Екі қолдың күштерін,<br>Кәне, сынап көрейік.<br>Оңға солға тартайық,<br>Достастырып қайтайық. | | |
| ***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**<br>**Аз қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»**<br>**Басты міндеттері: Балалардың жылдамдығын жетілдіру,есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.** | | | | | |
| <br> | | | **Аз қимылды ойын:«Күн мен жаңбыр»**<br>**Ойын міндеттері:** Балалардың жылдамдығын жетілдіру,есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>**Дағды:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.<br>***Әдістемелік нұсқау:***<br>**Ойын шарты:** Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>**Тәрбиеші:** «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді<br>«терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қазақ халқының ұлттық ойындары.(таза ауада)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-шығыршық арқылы | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Құстар біздің досымыз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық дыбысталуының | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Ойын ойнап өсеміз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-допты қабырғаға соғып, | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Бақшадағы ән-сауық.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ойын ойнап өсеміз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-допты қабырғаға соғып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету;<br>-ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Тепе-теңдік сақтауды, негізгі қимыл түзету жаттығуларын жасауды, асықты гимнастикалық ұзын орындықтың үстімен келе жатып, алдына, артына жинауды, ұсақ заттарды (асықтарды) малдас құрып отырып атуды, қағып алу дағдыларын бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** көлденең нысанаға ұсақ заттарды лақтыру, «Дала әуендерін» тыңдау, релаксация.<br>**Түсінеді:** «асық» термині, асық ойнаудың маңызы, тепе-теңдік сақтау, тапсырмаларды орындағанда алдыға тік қарау, асықтарды тек Педагогтің бұйрығымен ғана көтере бастау, ойын ережелері.<br>**Қолданады:** ұсақ заттарды лақтыру, қағып алу дағдылары, шашырап жүру, жүгіру, ұсақ заттармен қимылдарды орындай білу, зал кеңістігін бағдарлау.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Затты тауып айт» ойын жаттығуы. Қоржынды іздеп табады. | сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту;<br>-балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру.<br>**Дағды**: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырата білу дағдыларын игеру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Көкек» (Х. Мұхамедова)<br>***Ән айту:***<br>«Көктем» (А. Жайымов)<br>«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Құстар» (Т. Ломова)<br>**Билер**: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>**«**Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Ұйықташы, бөпешім» **(**В. Агафонников)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** әннің музыкасын әндете айтады, дұрыс тыныс алуды жасайды.<br>**Түсінеді:** музыкалық дыбысталуының | қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету.<br>**Дағды:** -көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттығу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** допты қатарда тұрып, алысқа лақтыруды үйрету;<br>**Түсінеді:**лақтыру күштілігін арттыруды; жүгірудің түрлерін техникалық дұрыс орындауды.<br>**Қолданады:** дамыған көзмөлшері мен қимылдық қасиеттерін, әртүрлі жүрістегі тепе-теңдік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Саусаққа арналған гимнастика:**<br>«Бұл – атам, бұл – апам, Бұл – әкем, бұл – анам, Бұл – бөпем менің, көркем.<br>(Сол қолымен оң қолының әр саусағын жазу, сосын керісінше орындайды).<br>Міне, менің отбасым (сол қолмен оң қолдың саусақтарын жұдырыққа жинап, жұдырығын құшу және керісінше орындау). | дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру;<br>-сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту.<br>**Дағды**: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырата білу дағдыларын игеру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)<br>***Ән айту:***<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков) «Көктем» (А. Жайымов)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)<br>**Билер:** «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан**). Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Күншуақ» (Е. Құсайынов)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** өз беттерінше би қимылдарын ойлап, әуенге ілесіп жасайды.<br>**Түсінеді:** музыкалық кіріспеден соң бірден | қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету.<br>**Дағды:** -көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттығу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** допты қатарда тұрып, алысқа лақтыруды үйрету;<br>**Түсінеді:**лақтыру күштілігін арттыруды; жүгірудің түрлерін техникалық дұрыс орындауды.<br>**Қолданады:** дамыған көзмөлшері мен қимылдық қасиеттерін, әртүрлі жүрістегі тепе- теңдік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Саусаққа арналған гимнастика:**<br>«Бұл – атам, бұл – апам, Бұл – әкем, бұл – анам, Бұл – бөпем менің, көркем.<br>(Сол қолымен оң қолының әр саусағын жазу, сосын керісінше орындайды).<br>Міне, менің отбасым (сол қолмен оң қолдың саусақтарын жұдырыққа жинап, жұдырығын құшу және керісінше орындау).<br>Балаларға топ, сынып та үлкен отбасы екенін айтып, еске салу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Асықтарды зерттеп, сипаттап, асықтың түсу түрлерін атап айтады (алшы, тәйке, бүк, шік).<br>Асық ойыны жайлы, оның Азияда таралуы жайлы тарихқа көз жүгірту.<br>Дөңгелене тұрып «Асық алу» қимыл-қозғалыс ойынын ойнайды. Алдымен дөңгелене айналып, шашырап жүреді. Педагог «Асық ал!» – деп белгі бергенде ортаға ұмтылып, асықтарды алуға тырысады.<br>**Жалпы дамыту жаттығуларын орындау.** Бүкіл жаттығулар кешені барысында зейінін тұрақтандырып, сақтауға тырысады.<br>**Түсіну деңгейі:** Ойын түрінде негізгі қимылдарды орындау:<br>**«Қазан» –** асықтырды көлденең нысанаға 3 метрден лақтыру. (4 рет). Бастапқы қалыпта аяқтары иық енінен кеңірек, оң аяғы аздап артқа таман, оң қолы кеуде тұсына қойылады. Асық ату кезінде оң қолы барынша төмен-артқа қайырылып, сосын алдыға-жоғары серіліп қозғалады.<br>Негізгі қимылдарды орындайды.<br>Құрсауларды айналып тұрып (4 шеңберді 3 м қашықтықтан айналып тұрады), асықтарды ортаға лақтырады. Шеңберге «қазанға» түсірген асығына байланысты жеңімпаздар анықталады. | сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру**.**<br>**Қолданады**: ұлттық билердің элементтерін орындайды, аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар марш әуенімен кіріп, шеңбер бойында тұрып, «Жануарлар әлемі» әуенінен жануарлардың, құстардың қимылдарын жасайды. Педагог балалармен құстар туралы, оларға жасалатын қамқорлық туралы, жыл құстары туралы әңгіме өткізеді. Адамдар қолдан үйшіктер жасайды, олармен дос болып, күтім жасап, балапандарына жағдай жасайды.<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Құстар» (Т. Ломова).<br>Балалар шеңбер бойында тұрып, қолдарын қанат секілді жайып, музыкаға ілесе жеңіл аяқтың ұшымен құс болып ұшады.<br>***Музыка тыңдау:*** «Көкек» (Х. Мұхамедова).<br>Музыка тыңдап болған соң ән сипатын, мағынасын әңгімелеп, балалардан сұрау.<br>Көктем, көктем, көктемде,<br>Бұл құстардың бәрі де<br>Әнші болып кеткен бе?<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді | Балаларға топ, сынып та үлкен отбасы екенін айтып, еске салу.<br>Қозғалыс кезінде бірден, екіден қайта сап құру.<br>**Жиі аттап жүгіру** – қысқа, жиі аттап жүгіру. Қозғалыс кезінде қайта сап құрады.<br>Педагогтің белгісімен қимылдың бір түрінен екінші түріне ауысады. Бір ырғақпен қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, қозғалыстың бағытын сақтап қимылдайды. Түзету жаттығуларын орындайды.Бүкіл жаттығулар кешенінің барысында назарларын арқасын тік ұстау мен зейінін тұрақтандыруға тырысады.Екі тізбекке, екі қатарға сап түзейді.<br>**Түсіну деңгейі: Доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№4).** Бастапқы қалыпқа тұрады. Допты басынан асырып, артқа ұстайды. Сосын допты алысқа лақтырады. Лақтыру бағытын өзгертпей, қолдарын шұғыл жазады. Неғұрлым алысқа лақтыруға тырысады.<br>Негізгі қимылдарды орындау:<br>**Лақтыру –** қатарда тұрып, допты алысқа басынан асырып, бүгілген қолдарын шұғыл жазып лақтырады. | бастап ән айту.<br>**Қолданады:** музыканың сипатына сәйкес қозғалады, аспаптарда ойнайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар көңілді музыка әуенімен залға кіреді.<br>Педагог:<br>Қанша бала, қанша қыз,<br>Бір шоқ гүлміз баршамыз.<br>Ойын-күлкі ордасы –<br>Біздің балабақшамыз!<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).<br>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.<br>***Музыка тыңдау:*** «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева).<br>Музыка тыңдап, сипаты туралы, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Үйренген «Көктем» әнін (А. Жайымов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға | Қозғалыс кезінде бірден, екіден қайта сап құру.<br>**Жиі аттап жүгіру** – қысқа, жиі аттап жүгіру. Қозғалыс кезінде қайта сап құрады.<br>Педагогтің белгісімен қимылдың бір түрінен екінші түріне ауысады. Бір ырғақпен қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, қозғалыстың бағытын сақтап қимылдайды. Түзету жаттығуларын орындайды.Бүкіл жаттығулар кешенінің барысында назарларын арқасын тік ұстау мен зейінін тұрақтандыруға тырысады.Екі тізбекке, екі қатарға сап түзейді.<br>**Түсіну деңгейі: Доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№4).** Бастапқы қалыпқа тұрады. Допты басынан асырып, артқа ұстайды. Сосын допты алысқа лақтырады. Лақтыру бағытын өзгертпей, қолдарын шұғыл жазады. Неғұрлым алысқа лақтыруға тырысады.<br>Негізгі қимылдарды орындау:<br>**Лақтыру –** қатарда тұрып, допты алысқа басынан асырып, бүгілген қолдарын шұғыл жазып лақтырады.<br>Нұсқау – залды не оңынан, не солынан айналып өтіп, доптың артынан белгі берілгеннен кейін ғана жүгіру керек.<br>Жұппен тапсырмалар орындау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолдану деңгейі: «Малдас құрып отырған қалыптан»** асықтарды лақтырып, қағып алу. Алақанын ауыстырады.<br>Көрпешелерге малдас құрып отырады. Асықтарды жеке-жеке қағып алып, лақтырады. Алақанын дөңгелетіп қояды. Келесі лақтырғанда алақанын сыртымен айналдырып қояды.<br>**«Шабандоз»**<br>Ойыншы-шабандоз санау біткенше қамшымен жерден тақияны көтеріп алуы керек.<br>Жүргізуші шақырады:<br>«Ау, жігіттер, келіңдер!<br>Күш сынасып көріңдер!<br>Тақияны алыңдар.<br>Шауып келіп кідірмей,<br>Күміс теңге алыңдар!<br>Ер тоқымнан айрылмай,<br>Шапқан атқа мініңдер!<br>Ат астынан өте шығып,<br>Бірінші боп келіңдер!<br>Жеңіп ойнақ салыңдар,<br>Бас жүлдені алыңдар!»<br>Өз күшін көрсеткісі келген ойыншы жауап береді:<br>«Бір, екі, үш, Жастар алып күш! Теңгеге дәл тигізіп, Тақияны аламыз!<br>Біз – жігіттер қалмаймыз,<br>Арғымақпен шабамыз!<br>«Бір, екі, үш,<br>Жастар алып күш!»<br>Ойыншы-шабандоз санау біткенше қамшымен жерден тақияны көтеріп алуы керек.<br>Релаксация: «Дала әуендері». Малдас құрып, дөңгелене отырады. Ұлттық әуендерді тыңдап, көздерін | таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:*** «Көктем» (А. Жайымов). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Әнді орындау барысында ырғақтық ерекшеліктерге тоқталу, дыбыс ұзақтықтарын алақандарымен шапалақтап көрсету.<br>Үйренген «Ғарышкер боламыз» әнін (Ш. Мұхамеджанов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>Жеке немесе топпен ән айту.<br>***Билер:*** «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Балаларға «көкпар» сөзінің мағынасын түсіндіріп, атқа шауып жүріп қимыл жасау керектігін түсіндіру. Биге ұл балалар қатысады.<br>***Ойын:*** «Не қалай шақырады?» музыкалық-дидактикалық ойын.<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойында аңдардың, жануарлардың, құстардың қалай шақыратынын түсіндіріп, өздеріне сол дыбысталуды қайталауды талап ету.<br>**Қолдану деңгейі: Музыкалық аспапта ойнау:** «Ұйықташы, | Нұсқау – залды не оңынан, не солынан айналып өтіп, доптың артынан белгі берілгеннен кейін ғана жүгіру керек.<br>Жұппен тапсырмалар орындау<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Тепе-теңдік сақтау** – текшелерден аттап, ұзын орындықпен дененің бір жағымен қырындап жүру. (3 рет).<br>1-тізбек ұзын орындықпен жүруді орындайды, ал 2-тізбек секіруді орындайды.<br>Сосын екі топ орын ауыстырады.<br>Белгілеп сызылған жерде екі тізбекке сап түзейді. Ұзын орындықтан текшелерден аттап, қолды белдеріне қойып, тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындайды. Бір-біріне кедергі жасамай, төмен қарамай, бастарын көтеріп жүруге тырысады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «**Кім шапшаң?» (3 рет).<br>Төрт жүргізуші таңдап алынып, оларға әртүрлі түсті орамал беріледі. Ойынға қатысады.<br>Төрт жүргізушінің соңынан тұрады.<br>Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады. Жүргізушілер көрсетілген жерге кетіп қалады. Ойыншылар өз | баулу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Билер:** «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Бидің қимылдарын аяғына дейін үйреніп, соңына дейін музыка ырғағымен билеу. ***Ойындар, хороводтар:*** «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Күншуақ» (Е. Құсайынов).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | **Қолдану деңгейі:**<br>**Тепе-теңдік сақтау** – текшелерден аттап, ұзын орындықпен дененің бір жағымен қырындап жүру. (3 рет).<br>1-тізбек ұзын орындықпен жүруді орындайды, ал 2-тізбек секіруді орындайды.<br>Сосын екі топ орын ауыстырады.<br>Белгілеп сызылған жерде екі тізбекке сап түзейді.<br>Ұзын орындықтан текшелерден аттап, қолды белдеріне қойып, тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындайды.<br>Бір-біріне кедергі жасамай, төмен қарамай, бастарын көтеріп жүруге тырысады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «**Кім шапшаң?» (3 рет).<br>Төрт жүргізуші таңдап алынып, оларға әртүрлі түсті орамал беріледі. Ойынға қатысады.<br>Төрт жүргізушінің соңынан тұрады. Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады.<br>Жүргізушілер көрсетілген жерге кетіп қалады.<br>Ойыншылар өз командирлерін тез тауып, артынан барып, тізбекке тұра қалуға тырысады.<br>Релаксация: «Жарқын күн». Шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып, бір-біріне күн жылуын береді.Үнтаспадан тыңдайды:<br>Күн: «Балалар, мен сендерді жақсы көремін! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмып, дала көріністерін елестетеді.<br>**«Дұрысын көрсет!»** ойын жаттығуы. Жүргізуші төмендегідей сұрақтарды қояды:<br>«Көңі күйлерің қалай?», «Көңіл күй қандай?». | бөпешім» (В. Агафонников).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар күннің қай мезгілде ұйықтататынын еске түсіріп, музыка қалай ойналатынын сұрау. Аспапта асықпай әуенге ілесе ойнау. | командирлерін тез тауып, артынан барып, тізбекке тұра қалуға тырысады.<br>Релаксация: «Жарқын күн». Шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып, бір-біріне күн жылуын береді.Үнтаспадан тыңдайды:<br>Күн: «Балалар, мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің, мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін!<br>Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатындығыма қатты қуанамын!<br>Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі.<br>Кәне, бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезіңіңдер. Бұл жылу сендердің қолдарыңмен кетіп барады. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!<br>«Отбасы»<br>Шеңберге алақандарын түйістіріп дөңгелене тұра қалып, жаттығуларды ырғақты орындайды.<br>«Отбасы»<br>«Бір-бірімізбен қолұстасып тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік! Бәріміз бірге | | Сендердің көздеріңді, күлкілерің, мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін!<br>Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатындығыма қатты қуанамын!<br>Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі.<br>Кәне, бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезіңіңдер. Бұл жылу сендердің қолдарыңмен кетіп барады. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!<br>«Отбасы»<br>Шеңберге алақандарын түйістіріп дөңгелене тұра қалып, жаттығуларды ырғақты орындайды.<br>«Отбасы»<br>«Бір-бірімізбен қолұстасып тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік! Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз (3 рет).<br>Өте жақсы. Жүрегіміздің соғысын тыңдайық...»<br>«Дүк» – ілгері қадам аттау, «дүк» – артқа қадам аттау (3 рет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз (3 рет). Өте жақсы. Жүрегіміздің соғысын тыңдайық...» «Дүк» – ілгері қадам аттау, «дүк» – артқа қадам аттау (3 рет) | | |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 6**<br>**Кемпірқосақты бақылау**<br>**Міндеттері**: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>-Жарқылдан соң жаңағы,<br>Суға бөкті бар алап.<br>Көкте түрлі жолақты,<br>Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ)<br>-Жаңбыр жуды жерімді,<br>Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ)<br>Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады.<br>Балаларға сұрақтар: | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 7**<br>**Найзағайды бақылау**<br>**Міндеттері**:<br>— «Найзағай» ұғымымен таныстыру;<br>— Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;<br>— Сөздік қорларын байыту;<br>— Бақылағыштықтарын дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады<br>-Аспанда от қамшы осады,<br>Ащы үнін ышқынып қосады.<br>-Дүрліктіріп алапты,<br>Шақпақ тастың жарқылы,<br>Бұлт көрпесін жыртады.<br>♦ Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?<br>♦ Найзағай қай кезде ойнайды?<br>♦ Аспан неге күркірейді?<br>♦ Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)<br>♦ Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 8**<br>**Шырша ағашын бақылау**<br>**Міндеттері**:<br>— Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;<br>— Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру;<br>— Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>***«Жасыл шырша»***<br>К. Әзірбаев<br>Қанша заман өткенімен,<br>Ескірмейтін асыл шырша.<br>Алатаудың көктемімен,<br>Доссың ғой сен, жасыл шырша.<br>Өзгермейсің қыс келсе де,<br>Бояыңды оңдырмайсың.<br>Аяз шымшып, тістесе де,<br>Жапырағыңды тоңдырмайсың.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?<br>*Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?<br>*Шырша ағашы туралы | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 9**<br>**Итті бақылау**<br>**Міндеттері**:жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;<br>— жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «КҮШІГІМ»**<br>А. Мендібай<br>Кіп-кішкентай күшігім,<br>Сүйкімдісін өзінің.<br>Еркелейді ойнақтап,<br>Жылтырын-ай көзінің.<br>Оратылып аяққа,<br>Бір сәт тыным таппайды.<br>Кел, достарым, жасқанба,<br>Күшігім менің қаппайды<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма?<br>♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай?<br>♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар?<br>♦ Сендерше күшіктер көбіне немен | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 10**<br>***Жолжелкенді бақылау***<br>**Міндеттері**:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші әңгімесі**<br>-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяққиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ?<br>♦ Ол қай уақытта жоғалады?<br>♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?<br>**Тәрбиеші балаларға тапсырма береді.** Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу.<br>**Еңбек:** Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.<br>*Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Қасқыр қақпан».<br>*Мақсаты:*<br>Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.<br>**Халық болжамы.**<br>Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады | тығылады)<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады?<br>Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.<br>**Зерттеу қызметі:**<br>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.<br>«Найзағайлы жаңбыр»<br>Ө. Ақыпбекұлы<br>Нөсерлеп жаңбыр басталды,<br>Науада қалқып қақ қалды.<br>Найзағай тынбай жарқылдап,<br>Нөсер тұр құйып сатырлап.<br>Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)<br>**Еңбек:**<br>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;<br>2 топ-қоқыстарды шығару<br>*Мақсаты:*<br>— Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;<br>— Ұжыммен жұмыс | қандай жұмбақтар білесіңдер?<br>Тәрбиеші әңгімесі:<br>Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде. Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады.<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру **,** ерекшеліктерін атау.<br>**Еңбек:** шырша ағашының айналасын тазалау.<br>Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>Доппен ойын.<br>Мақсаты: Қозғалыс координацияларын дамыту..<br>**Жаттығу ойыны**<br>Доппен жаттығу. | айналысқанды жақсы көреді?<br>Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн.<br>**Еңбек:** Жер қазу жұмыстарына қатысу.<br>Мақсаты:<br>*ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау;<br>*еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қасқыр қақпан».<br>Мақсаты:<br>—белгі бойынша әрекет етуге баулу;<br>—жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру). | жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады.<br>Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (күннің көзі көп түскен жерде бар)<br>♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын)<br>♦ Сәуір айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)<br>♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (жолжелкен)<br>♦ Оны неге олай атаған?<br>♦Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу.<br>Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.<br>**Еңбек:** Ойын алаңын тазалау.<br>Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Бәйге».<br>Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Дыбыстар арқылы жүру<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Өз ағашыңды тап».<br>*Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.*<br>**Жаттығу ойыны**<br>«Ағаштан ағашқа дейін».<br>*Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру*<br>**Халық болжамы:**<br>Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.<br>Қарлығаш келсе күн күркірейді. | Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.<br>**Мақал-мәтел:**<br>*Орман ел дәулеті, жер сәулеті.<br>*Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес. | | жасау.<br>**Мақал-мәтел:**<br>Дана көптен, дәрі шөптен.<br>Құнарлы шөп, қосымша сүт. |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Серікқазы Ислам<br>Серикова Рамина<br>Заттарды қозғалыстағы нысанаға лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере мен<br>Ермекова Айбике<br>Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету. | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере<br>Берікұлы Арнұр<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту. | **Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Сәулетбек Нұрәли<br>Мұратқажы Жанэль<br>Қадылбек Адия<br>Қадылбек Жания<br>**Тілімізді жаттықтырайық:**<br>***«Қ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталатады.***<br>Қа-қа-қа – қалам.<br>Қо-қо-қо – қоян.<br>Қы-қы-қы – қылыш.<br>Құ-құ-құ – құлақ.<br>Қи-қи-қи – қияқ.<br>Қу-қу-қу – аққу.<br>***«Қ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату:***<br>Қоян – қала.<br>Қасық – қалам. | **Көркем әдебиет-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>Байтемір Айзере<br>Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру.<br>Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бақа – тауық.<br>Сақа – асық.<br>***«Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату:***<br>Ға-ға-ға – жаға.<br>Ғи-ғи-ғи – Сағи.<br>Ғу-ғу-ғу – бұғу.<br>Ғы-ғы-ғы – бұғы.<br>***«Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату:***<br>Ғалым – қолғап.<br>Тоғай – шаңғы.<br>Сағыз – торғай.<br>Сағат – қағаз. | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **«Қазақстан халықтарының ойындары»**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тентек доп» – армян халқының ойыны.<br>**Міндеттері:** Тепе-теңдік сақтауды, негізгі қимыл түзету жаттығуларын жасауды, көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттықтыру. Ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, азаматтық пен толеранттылыққа баулу.<br>**Дағды:** Допты бір-біріне лақтыруды, қозғалмалы нысананы ату дағдыларын, шашырап жүру, жүгіру, командада келісіп әрекет ету дағдыларын.Ойын ережелеріне сай тізбекке, шеңберге, қатарға тұру дағдыларын жалғастыру.<br>**Ойынның шарты:** Ортаға диаметрі 3-4 м үлкен шеңбер сызады.<br>Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бір топ шеңбер | **Танымдық-қимылды ойын**<br>**Дидактикалық ойын: «Қарап алып,тап»**<br>**Міндеттері:** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру.<br>**Дағды:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**Ойынның шарты:** Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br>Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды. | **Дидактикалық дыбыстық жаттығу: «Сипатынан тап»**<br>**Міндеттері:** қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін пысықтау.<br>**Дағды:** Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту дағдыларын бекіту.<br>**Ойынның шарты:**<br>1.Шиқылдайды, құйрығы ұзын, мысықтың жауы – ...*(тышқан)*<br>2.Мойны ұзын, екі құлақты, екі ішекті, тарта білсең әдемі әуен шығады –...*(домбыра)*<br>3.Жасыл түсті, инесі көп, дәнін оның тиін сүйіп жейді – ...*(шырша)*<br>4.Түсі сұр, өзі қорқақ, құлағы ұзын – ...*(қоян)*<br>5.Өзі аппақ, суық пенен суды сүйер сүйкімді бір жануар – ...*(ақ аю)* | **Дидактикалық ойын:** «Мамандықты анықта».<br>**Міндеттері:** Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. Еңбекқорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды:** мамандық иелерін құрметтей білуге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:** суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады.<br>**Ашық сұрақ:**<br>-Балалар, болашақта әр қайсысың бір-бір мамандық иесі болуды армандайсыңдар, ол үшін не істеулерің керек екен?<br>-Иә, көп оқу керек әрі сол мамандықты шын мәнінде жақсы көріп, қыр-сырын ұғынуларың керек. Сол кезде ғана жақсы мамандықтың иесі боласыңдар. | **Ұлттық ойын: «Сақина».**<br>**Міндеттері:** ұлттық салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Дағды:** ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойынның шарты:** Ойынды бастайтын баланы санамақ арқылы анықтайды.<br>Санамақ айту.<br>Бір, екі – Жердің беті.<br>Сары шымшық,<br>Тез ұшып шық.<br>Балалар шеңбер болып қатарға отырады. Алақандарын бір-біріне қысып, қолдарын алдында, тізе үстінде ұстайды. Ойын бастаушының қолында сақина болады. Ол өз алақандарымен сақинаны балалардың алақандарын ашып салған сияқты боп, біреуінің алақанына салу керек.<br>Бәрін аралап өткен соң ортаға келіп: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ішіне кіреді, екінші топ шеңбер сыртына бір-бірінен бірдей арақашықтықта орналасады. Жүргізушіден доп алған соң, сырттағы ойыншылар – шабуылшылар шеңберден асырып, бір-біріне доп лақтыра бастайды. Допты үш рет лақтырғаннан кейін барып қана шабуылшылар шеңбер ортасындағы қорғаушыларды ата бастайды.<br>Қорғаушылар болса, тек үстілерінен үш рет доп өткен соң ғана одан қашып, тигізбейді. Бірақ, допты қағып алуға тырысады. Қорғау сәтті өтсе, ойыншылар рөлдерін ауыстырады. | | | | «Бір, екі, үш – сақинам ұш!» – дейді. Сонда қолында сақинасы бар бала тұру керек. Оң жақта отырған көршінің тапсырмасы оны ұстау керек. Егер сақинаға ие болып жүрген ойнаушыны көршісі ұстай алмаса, онда көршісін жазалайды, ал егер сақина бар бала тұра алмаса, онда оның өзін жазалайды. Жаза әртүрлі болуы мүмкін: жеңімпазды арқасына отырғызып жүріп келу, бір аяқпен секіру, билеу, ән айту және т.б. Жазаланған тапсырманы жасағаннан кейін жүргізуші болады және ойын жалғаса береді. |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**.<br>**12:25-12:30** | **Ата –аналарға кеңес: Сіздің балаңыздың қауіпсіздігі**<br>Қылмыстың бір түрі – балаға зорлық көрсету. Озбырлық, зорлық-зомбылық көрсету, жаман қарау, ауыр физикалық және психологиялық зақым көрсету деректері күн сайын газет беттерінде жиі кездесіп тұрады.<br>Қауіп-қатер азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету керек, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін. Көп жағдайда милицияға ол туралы хабарлай алмайды, себебі | **Ата-анаға ұсынымдар:**<br>1.Егер балаңыз сізді сыйлағанын қаласаңыз, онда өзіңізде оған сыйластықпен қараңыз, әр баланың жеке тұлға екенін естен шығармаңыз.<br>2.Баланың қылықтарын сынағанда, оның жеке басына тіл тигізбеңіз.<br>3.Баладан оның жас немесе жеке мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтінді талап етпеңіз.<br>4.Балаға ақыл айтып немесе сөгетін болсаңыз, ол 2-3 минуттан аспуы тиіс.<br>5.Баланың қателерін мойындатуға және «енді бұлай жасамаймын» деген уәдесін алуға тырыспаңыз.<br>6.Балаңыз кенеттен қатты дыбыс естігенде немесе | **Ата-анаға ұсынымдар: Баланың мектепке дайындығы.**<br>Ата-аналар балаларды мектепке дайындаудағы ең бастысы оқу, жазу, санау емес екендігін білулері керек. Мақсаты — жаңа біліктер, таным әдістері, әрекет, қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы балаларды мектепке баруға дайындау.<br>**Негізгі міндеттер:**<br>- мектепке дайындық барысында ата-ананың баламен әріптестік қарымқатынасын орнату және дамыту;<br>- ата-аналарға өз балаларына, олардың | **Ата-анаға ұсынымдар: Баланың мектепке эмоционалды-еріктік дайындығы:**<br>- баланың неге мектепке баратынын түсінуі, оқытудың маңыздылығы;<br>- оқуға және жаңа білім алуға қызығушылықтың болуы;<br>- оқу бағдарламасы талап ететін, баланың өзіне тән емес тапсырманы орындау қабілеті;<br>- шыдамдылық, белгілі бір уақыт ішінде ересектерді мұқият тыңдау және бөгде заттар мен істерге алаңдамай тапсырмаларды орындау қабілетін қарастырады.<br>Ата-аналар мектеп жасына | **Ата-анаға ұсынымдар: Шектен тыс қадағалау және көмек**<br>Кейбір ата-аналар баласының орнына өзі оқып жатады. Сөмкесін жинап, киімдерін дайындап, сабағын бірге оқып, не істеу керектігін айтып отырады. Мұндай кезде баланың белсенділігі төмендейді. Өздігінен ойланғысы келмейді, ата-анасы айтпаса сабағын орындамайды. Қазір бұл жағдай көптеген, әсіресе жас, заманауи отбасыларда жиі кездеседі. Бұл өте үлкен мәселе. Ата-ана көмектесемін деп баланы өзі "бүлдіреді". Шектен тыс қамқорлық пен бақылау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білместік немесе қорқыныш сезім, үрей билейді.<br>**Сондықтан да балаға мынаны түсіндірген жөн:**<br>– Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек;<br>– Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет;<br>– Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету. | қолыңыздың қозғалысынан (көтеру) үрейленетін болса, онда бұл сізді ойландыруы тиіс.<br>7.Сіздің үрейленуіңізді, алаңдауыңызды бала сезеді, сондықтан балаға білдіртпеуге тырысыңыз.<br>8.Баланы тыңдай біліңіз. Әрбір мәселе бойынша өз пікіріңізді айтуға асықпаңыз.<br>9.Балаға адал ниетпен сыйлықтар жасауды үйретіңіз. | қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенуге көмектесу;<br>- балаларға өзін -өзі басқара алуына және өз қылықтарына жауап беруге көмектесу;<br>- мектепке дайындық процесінде ата-ананың баламен серіктестік және ынтымақтастық қарым-қатынасын орнату және дамыту;<br>- ата-аналарға өз балаларына, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенуге көмектесу;<br>- балалардың мектепке барар алдында ата-аналардың қобалжу деңгейін төмендетуге ықпал ету.<br>**Балалардың мектепке қызығушылығын арттыру бойынша кешенді дайындық:**<br>- мектепке бару, мектеп мәселелерін талқылау;<br>- баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бірлескен дамытутүзету сабақтары. | дейінгі балалардың өте маңызды психологиялық ерекшеліктерін білуі тиіс, олардың әрекетінің негізгі түрі ойын болып табылады, ойын арқылы бала дамиды және жаңа білім алады.<br>9.Барлық тапсырмалар балаға ойын түрінде берілуі тиіс, ал үй тапсырмалары оқу процесіне айналмауы тиіс. Бұл сұрақтарға жауаптарды әр бала білуі тиіс<br>1.Өзінің толық аты- жөнін атау.<br>2. Қанша жаста?<br>3. Әкесі мен анасының атын білу ( бар болса).<br>4. Әкесі қайда және кім болып жұмыс істейді?<br>5. Анасы қайда және кім болып жұмыс істейді?<br>6. Ағасы немесе әпкесі бар ма? Олар қанша жаста? Олардың жасы үлкен немесе кіші ме?<br>7. Сіз тұратын қала?<br>8. Мекен-жайы<br>9. Қай елде тұрасың?<br>10. Сенің мектепке барғың келеді ме? Неліктен барғың келеді? Ұнайды ма? | баланың дербестігі мен жауапкершілігін жояды. Бұл кейін ересек кезде де көрініс береді. Бұл жерде мәселені шешу үшін ең алдымен баланы өбектей беруді доғарыңыз және сабақтың, оқудың не үшін керек екенін жақсылап түсіндіріңіз. Әрине алғашында бала кішкене еркінсіп, ештеңе істемейді. Бірақ жақсылап, ұрыссыз түсіндіретін болсаңыз уақыт өте бәрі түзеледі. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:**А.Н.Абеуова

**0 Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 15.04.24** | **Сейсенбі 16.04.24** | **Сәрсенбі 17.04.24** | **Бейсенбі 18.04.24** | **Жұма 19.04.24** |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Математика негіздері –** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Математика негіздері»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары:** **«**Ойын,зерттеу танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Сынығын тауып,бүтінде!»<br>**Түсіндірме жазба:**<br>Ойын барысында балалардың зейіні, логикасы, арифметикалық қабілеттері мен ұсақ моторика да дамиды.Қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды;<br>1 таңбалы санды қоса есепт | **Дене шынықтыру -** коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі іс - әрекет арқылы қимылды ойын.<br>**Құзыреттілік:** «Дене шынықтыру»<br>**Физикалық қасиеттері:** «Коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br>**Түсіндірме жазба:**<br>«Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» бұл ойын 5-6 жастағы балаларға арналған.Балалардың қимыл-қозғалыс әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру; | **Көркем әдебиет –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Көркем әдебиет»<br>**Коммуникативтік дағдылары:**«Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Қарап алып,тап»<br>**Түсіндірме жазба: Дивергентті әр түрлі ойлау** әдісі арқылы бір ғана заттарға емес, әр түрлі қырынан қарау. Дивергентті ойлау қиял мен қызығушылықты ынталандырады. Бұл идеяны екіншісімен еркін | **Сөйлеуді дамыту –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сөйлеуді дамыту»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Төлін тап!»<br>**Түсіндірме жазба:**<br>Бұл әдістемелік әзірлеме формасы мен мазмұны бойынша мыналарға жатады *дидактикалық ойындарға және үстел – үсті ойындарына*, санат бойынша *ережелері бар ойындар*. Ойынның | **Қоршаған ортамен танысу** - тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**Құзыреттілік:** «Қоршаған ортамен танысу»<br>**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: «**тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Менің кім болып жұмыс істейтінімді тап» (Мамандық иесі туралы)<br>**Түсіндірме жазба:**<br>«Менің кім болып жұмыс істейтінімді тап» дидактикалық ойыны 5-6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еу арқылы келесі санды және 1таңбалы санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін (ойша шешу) меңгерту. | - балалардың негізгі қимыл түрлерін және олардың атауларын орындау тәсілдері туралы білімдерін бекіту. | байланыстыруға мүмкіндік береді. Тіпті бір-бірімен байланыссыз болып көрінетін нәрселер әртүрлі объектив арқылы қараған кезде жаңа түсініктерді тудыруы мүмкін.<br>Бұл әдістемелік әзірлеме формасы мен мазмұны бойынша мыналарға жатады *дидактикалық ойындарға және үстел – үсті ойындарына*, санат бойынша *ережелері бар ойындар*. Ойынның ерекшелігі - заттармен ойын әрекеттері арқылы шешілетін ойын тапсырмасының болуы (*пәндік ойын)*, сенсорлық қабылдауды дамытуға бағытталған.<br>«Қарап алып,тап» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және көру,тыңдау,есте сақтау,қиялдау,ойлау қабілеттерін, зейіндерін,сөйлеу мәдениетін, дүниетанымдарын кеңейтіп,шығармашылық арқылы ұсақ саусақ моторикаларын дамыту,заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. | ерекшелігі - заттармен ойын әрекеттері арқылы шешілетін ойын тапсырмасының болуы (*пәндік ойын)*, сенсорлық қабылдауды дамытуға бағытталған.<br>«Төлін тап!» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған. Балаларды қызықтыра отырып ойын арқылы ойлана жауап беруге үйрету. Ойын арқылы танымдық, ойлау қабілетін коммуникативтік, танымдық және әлеуметтік құдіреттілігін дамыту, сөздік қорын молайту есте сақтау қабілетін дамыту. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. | жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала мамандық түрлерін білуге, сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді.<br>- Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып,олардың маңыздылығы туралы білім беру;<br>- Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну зейінін дамыту. |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, | **№ 22** Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** | **№ 23** Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** | **№ 24** Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** | **№ 25** Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** | **№ 26** Жалпы дамыту жаттығулар кешені **(ҚАЙТАЛУ)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Таспамен жаттығулар орындау**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 8 рет.<br>2.«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, таспаны төмен ұстау.<br>1– оң аяқ басына көтеріліп, таспаны жоғары көтеру;<br>2 – б.қ.қ.; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды орындау (8 рет).<br>3.«Күн»<br>Б.қ. - түзу тұру, қолдарында таспа, төменде. 1 – 4 – қолдарын параллель ұстап, оң жаққа қарай айналдыру;<br>5 – 8 сол жаққа. 4 рет.<br>4.«Бұлақ»<br>Б.қ. – түзу тұру, қолдарында таспа, төменде; 1 – қолдарын алдыға қарай түзеп, созу; 2 – 8 қолдарын алдыда ұстап, жоғары-төмен қозғалту,<br>9-10 – б.қ. 4 рет.<br>5.«Еңкею»<br>Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұру, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-2 – алдыға еңкею, таспаларды жоғары көтеру, артқа шалқаю; 3-4 – б.қ. (5-6 рет). | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Таспамен жаттығулар орындау**<br>1.Б.қ. : түзу тұру, 1– қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді.<br>2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет).<br>2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға) бұрады (8 рет).<br>3.Б.қ.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғының артынан беру<br>(8 рет).<br>4.Б.қ. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайта келеді (8 рет).<br>5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп, таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет)<br>6.Б.қ.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына да таспа ұстайды)<br>(8 рет)<br>7.Б.қ.: бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет). | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Секіртпемен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.;<br>3 –басын артқа шалқайту;<br>4 – б.қ. – 8 рет.<br>2.«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, секіртпені екіге бүктеп, төмен ұстау. 1-2 – аяқ басына көтеріліп, секіртпені жоғары созу;<br>3-4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>3.«Еңкею»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген.<br>1 – секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға (солға) еңкею; 3– денені түзеу, секіртпені жоғары көтеру;<br>4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>4.«Отырып-тұру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген.<br>1-2 – отыру, секіртпені алдыға шығару; 3-4 – б.қ.қ.(6 рет).<br>5.«Қадам аттау, еңкею»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Секіртпемен орындалатын жаттығулар**<br>**№2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; секіртпені екі жаққа салбыратып ұстап, шеңберге қарап тұру; 1– секіртпені жоғары көтеру,оң аяғын артқа басына қою; 2– б.қ.қ. Сол аяқпен қайталау (8 рет).<br>2.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– секіртпені жоғары көтеру; 2– алдыға еңкейіп, еденге қолдарын тигізу; 3– денені түзулеп, секіртпені жоғары көтеру;<br>4– б.қ.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарына секіртпені ұстап, кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 – отырып, секіртпені алға созу. 3-4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>4.Б.қ. – негізгі тұрыс, тізерлеп тұру, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– оңға бұрылу, қолын сол жақ аяғының өкшесіне тигізу;<br>2– б.қ.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет).<br>5.Б.қ.: етпетінен жату, қолдарын секіртпе ұстап, шынтақтан бүгу; | **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Гантельдермен жаттығулар орындау**<br>1.«Бастарын ию»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.;<br>3 –басын артқа шалқайту;<br>4 – б.қ. – 6 рет.<br>2.«Гантель жоғарыда»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, қолдарында гантельдер ұсталған,<br>1 – қолдарын екі жанына түзеп, айналдырып, жоғары көтеру; 2 – б.қ. – 6 рет.<br>3.«Гантельдер иықта»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы гантельдер екі жанына төмен түсірілген;1 – қолдарын шынтақтан бүгу, гантельдерді иықтарына әкелу; 2 – б.қ. – 6 рет.<br>4.«Еңкею»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1 – алдыға еңкейіп, гантельдерді еденге қою; 2 – б.қ.; 3 – еңкейіп, гантельдерді алу; 4 – б.қ. – 6 рет.<br>5.«Секіру»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1–8 бір аяқпен секіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 6.«Бесік»<br>Б.қ. – жерде жатып, таспаларды алдыға созу,<br>1 – шалқайып, аяқ-қолдарын көтеру, 2 – б.қ. 8рет.<br>7.«Секіру».<br>Б.қ. – алдыға-артқа секіру 8 рет. | | екі жанына төмен түсірілген.<br>1 – оңға аттап, секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға еңкею;<br>3 – денесін түзеу,секіртпе жоғары;<br>4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>6.«Аяғыңның басына жеткіз»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе екі жанына төмен түсірілген.<br>1 – секіртпені жоғары көтеру; 2 – алдыға еңкейіп, секіртпені оң (сол) аяқтың басына тигізу;<br>3 – денені түзеп, секіртпені жоғары көтеру;<br>4 – б.қ.қ. (6 рет).<br>7.«Секіру»<br>Б.қ. – аяқтарының арасы ашық, секіртпе артта төмен; екі аяқпен бірге секіртпені айналдыра отырып секіру. | 1- секіртпені жоғары-алдыға шығару; 2– б.қ.қ.<br>6.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1 – оң аяғын бүгіп, секіртпені тізесіне қою; 2– б.қ.қ. Сол аяқпен сол қимылдарды қайталау.<br>(8 рет)<br>7.Б.қ. – секіртпені еденге қойып, секіртпеге қырындап тұру; секіртпеден аттап, қырындап секіру. Секіруді жай жүріспен кезектестіріп орындау.<br>(2-3 рет) | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:**<br>09.00<br>11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **Дүйсенбі**<br>**15.04.24** | **Сейсенбі**<br>**16.04.24** | **Сәрсенбі**<br>**17.04.24** | **Бейсенбі**<br>**18.04.24** | **Жұма**<br>**19.04.24** |
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Сурет салу**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жыл мезгілдері. | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жыл айлары. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жыл айлары.(ойын,танымдық іс- | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет)** | (ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу.<br>**Дағды:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру.<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым жыл мезгілдеріне байланысты сурет алып келді.<br>«Бұл қашан болады?» ойынын ұйымдастырады. Педагог суреттерді (жыл мезгілдерін) көрсетеді, ал балалар оларды атайды. Әлия мен Тимур балалардан қандай ойындар қыста, жазда ойнағанды | талдау.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру;<br>-сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту;<br>-ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды**.**<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын түсінеді**.**<br>**Қолданады:** дыбыстық талдаудың сызбасын, дыбыстарды ажырытады**.**<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** жалпы атауын ата.<br>Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . . *(мамандықтар)*<br>Ұшақ, зымыран, тікұшақ, дельтаплан – . . . *(ұшатын көліктер)*<br>Футбол, волейбол, хоккей – . . . *(спорт түрлері)*<br>Қасқыр, арыстан, қоян, керік – . . . *(жабайы аңдар)*<br>Көлік, қуыршақ, доп, секіртпе – . .*(ойыншықтар)*<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не? | (танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту. Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту.<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>-дербестікке баулу.<br>**Дағды:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру.<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым жыл мезгілдеріне байланысты сурет алып келді.<br>«Бұл қашан болады?» ойынын ұйымдастырады. Педагог суреттерді (жыл | әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту. Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту.<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>-дербестікке баулу.<br>**Дағды:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру.<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым жыл мезгілдеріне байланысты сурет алып келді.<br>«Бұл қашан болады?» ойынын ұйымдастырады. Педагог суреттерді (жыл мезгілдерін) көрсетеді, ал балалар оларды атайды. Әлия мен Тимур | білдік? [й]<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру;<br>-сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту;<br>-өнерлі болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: буыннан сөз құрай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**сөйлем құрайды, сөйлемнің сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, сөздерді буын бойынша сәйкестендіреді, берілген дыбысқа сөз ойлайды және айтады, сөздердің жалпы атауын атайды.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің сөзден, сөздің дыбыстан тұратынын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөздерді буынға бөледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог оқу қызметін «Жалпы атауын ата» ойынын ойнату арқылы бастайды.<br>Көбелек, құмырсқа, қоңыз, өрмекші – . . .<br>Алма, алмұрт, жүзім, анар – . . .<br>Қызанақ, қияр, сәбіз, пияз – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұнатасыңдар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін сұрады. Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғы тебу, коньки тебу, жүзу және т.б.) ұсынылды.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Демонстрациялық материалмен** жұмыс.<br>Педагог жылдың әр мезгілі мен киімнің белгілерін атауды ұсынады, қуыршаққа маусымдық киім бейнеленген карталарды таңдайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Педагог **1-тапсырманы** орындауға ұсынады.<br>Суреттерді қарайды.<br><br>**1-тапсырманы** қарайды.<br>Барлық суреттер араласып кеткенін айтады.<br>Жұмбақты оқиды.<br>Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды қоршап сызады: қыс, көктем, жаз, күз.<br>Педагог жыл мезгілдері туралы өлең оқиды.<br>***Жыл мезгілдері***<br>Гүл-гүл жайнап жер беті,<br>Гүрілдейді сайда өзен. | Дыбыстар қандай болып бөлінеді?<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>***Дыбыстармен жұмыстар.***<br>Ойын: «Жалауды көтер» ***(дыбыс, буын, сөз)***<br>Педагог дыбыстарды, буындарды, сөздерді айтады: д,р,у, п, ш,н,у, к...<br>Па, шу, ио, уын, қу, ти, са, лау, сур , ту, лақ, ми, ри, на, ту, на, пақ.....<br>Апа, саумал, садақ, шулама, шалбар, аққу, дала, сақина, қауын......<br>Балалар «у» дыбысын естігенде, қызыл жалаушаларын желбіретеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»**<br>–Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: *алма (қызыл), тон (жылы), мысық ( сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік),* | мезгілдерін) көрсетеді, ал балалар оларды атайды.<br>Әлия мен Тимур балалардан қандай ойындар қыста, жазда ойнағанды ұнатасыңдар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін сұрады. Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғы тебу, коньки тебу, жүзу және т.б.) ұсынылды.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Демонстрациялық материалмен** жұмыс.<br>Педагог жылдың әр мезгілі мен киімнің белгілерін атауды ұсынады, қуыршаққа маусымдық киім бейнеленген карталарды таңдайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Педагог **1-тапсырманы** орындауға ұсынады.<br>Суреттерді қарайды.<br><br>**1-тапсырманы** қарайды.<br>Барлық суреттер араласып кеткенін айтады.<br>Жұмбақты оқиды.<br>Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды қоршап сызады: қыс, көктем, жаз, күз.<br>Педагог жыл мезгілдері туралы өлең оқиды. | балалардан қандай ойындар қыста, жазда ойнағанды ұнатасыңдар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін сұрады.<br>Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғы тебу, коньки тебу, жүзу және т.б.) ұсынылды.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Демонстрациялық материалмен** жұмыс.<br>Педагог жылдың әр мезгілі мен киімнің белгілерін атауды ұсынады, қуыршаққа маусымдық киім бейнеленген карталарды таңдайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Педагог **1-тапсырманы** орындауға ұсынады.<br>Суреттерді қарайды.<br><br>**1-тапсырманы** қарайды.<br>Барлық суреттер араласып кеткенін айтады.<br>Жұмбақты оқиды.<br>Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды қоршап сызады: қыс, көктем, жаз, күз.<br>Педагог жыл мезгілдері туралы өлең оқиды.<br>**Жыл мезгілдері**<br>Гүл-гүл жайнап жер беті,<br>Гүрілдейді сайда өзен.<br>Гүлжазира жарасқан | . . .<br>Маржан, Ажар, Асыл, Ерке – . . .<br>**2. Негізгі бөлім**<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар қандай болып бөлінеді?<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>**Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»**<br>Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».***<br>Педагог дыбысты айтып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Гүлжазира жарасқан<br>Гүлдерімен қай кезең?<br>Күннің көзі шуақты,<br>Балалар жүр шомылып.<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Жапырақтар сарғайып, Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Шана зырғып желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>**Сергіту сәті.**<br>Балақай-ау, балақай,<br>Жаз келеді-ау, алақай.<br>Жалаң аяқ жүреміз, Балақты да түреміз. Көлден балық сүземіз, Жалтылдатып тіземіз.<br>Тау мен тасты кеземіз, Сан қызықты көреміз, Сайдан жидек тереміз, Алтытақан тебеміз . **Демонстрациялық материалмен жұмыс** көрсету материалы табиғи құбылыстарды, жыл мезгілдеріндегі адамдардың киімдері мен іс-әрекеттерін байланыстыру үшін қолданылады. Педагог өлең тыңдауға шақырады<br>Аппақ ұлпа қары бар,<br>Қаңтардың өз әні бар.<br>Ақ сүт жағып алғандай, Ең қысқа ай-Ақпан ай.<br>Жасандырып жас талды,<br>Көктем айы басталды.<br>Ғарышқа жол салынған<br>Сәуір айы-тәуір ай.<br>Жер дүние жасанды, Келіп сұлу Мамыр ай.<br>1 маусым, балалар,<br>Қорғайтын күн сендерді. | *кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)... т.б.*<br>**Дидактикалық жаттығу: «Түсіп қалған буынды жалға»**<br>–Мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын сендер түсіп қалған буынды жалғап отырасыңдар. Мысалы: *сауын...шы, асқа...бақ, таңқу...рай, құлпы...най, жас...тық, мақ...та, балмұз...дақ, қар...быз, жаң..ғақ, бақта...шы, қуыр..шақ, құмырс...қа, қам...шы, қа..йық, қал..қан, ли..мон, апель..син, домбы..ра, дор..ба, жапы..рақ, көр..пе, көзілді..рік, кө..ше, көр..ші, көлең...ке, құр..дас, қалжың..бас, қай..мақ, те..мір, көй..лек, ше..лек, күнба..ғыс, күн..діз, тыр..нақ, те..ңіз, оқ..тау, бала..лар, қыз..дар, жолба..рыс, арыс..тан* т.б.<br>**Қолдану деңгейі: Дәптермен жұмыс**<br>1.Дүкендегі ойыншықтарды ата. Сөздер қандай дыбыстан басталып тұр? Балалар ойыншықтарды атайды.<br>*(Зымыран, робот, ғарышкерлер, қоян, мысық,* | **Жыл мезгілдері**<br>Гүл-гүл жайнап жер беті,<br>Гүрілдейді сайда өзен.<br>Гүлжазира жарасқан<br>Гүлдерімен қай кезең?<br>Күннің көзі шуақты,<br>Балалар жүр шомылып.<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Жапырақтар сарғайып,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Шана зырғып желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>**Сергіту сәті.**<br>Балақай-ау, балақай,<br>Жаз келеді-ау, алақай.<br>Жалаң аяқ жүреміз,<br>Балақты да түреміз.<br>Көлден балық сүземіз,<br>Жалтылдатып тіземіз.<br>Тау мен тасты кеземіз,<br>Сан қызықты көреміз,<br>Сайдан жидек тереміз,<br>Алтытақан тебеміз .<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс** көрсету материалы табиғи құбылыстарды, жыл мезгілдеріндегі адамдардың киімдері мен іс-әрекеттерін байланыстыру үшін қолданылады. Педагог өлең тыңдауға шақырады<br>Аппақ ұлпа қары бар,<br>Қаңтардың өз әні бар.<br>Ақ сүт жағып алғандай,<br>Ең қысқа ай-Ақпан ай.<br>Жасандырып жас талды,<br>Көктем айы басталды.<br>Ғарышқа жол салынған | Гүлдерімен қай кезең?<br>Күннің көзі шуақты,<br>Балалар жүр шомылып.<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Жапырақтар сарғайып, Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Шана зырғып желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>**Сергіту сәті.**<br>Балақай-ау, балақай,<br>Жаз келеді-ау, алақай.<br>Жалаң аяқ жүреміз,<br>Балақты да түреміз. Көлден балық сүземіз,<br>Жалтылдатып тіземіз.<br>Тау мен тасты кеземіз, Сан қызықты көреміз, Сайдан жидек тереміз, Алтытақан тебеміз .<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс** көрсету материалы табиғи құбылыстарды, жыл мезгілдеріндегі адамдардың киімдері мен іс-әрекеттерін байланыстыру үшін қолданылады. Педагог өлең тыңдауға шақырады<br>Аппақ ұлпа қары бар,<br>Қаңтардың өз әні бар.<br>Ақ сүт жағып алғандай, Ең қысқа ай-Ақпан ай.<br>Жасандырып жас талды,<br>Көктем айы басталды.<br>Ғарышқа жол салынған<br>Сәуір айы-тәуір ай.<br>Жер дүние жасанды, Келіп сұлу Мамыр ай.<br>1 маусым, балалар, | бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.<br>Мысалы: *«а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «щ» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.*<br>**Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»**<br>Педагог балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек* т.б.<br>Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы:, *вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, зебра, дос, зырылдауық, жалбыз, бантик, виньетка, гүл, дөңгелек, ғарышкер,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барып жасыл жайлауға, Жаз қызығын көріңдер.<br>Енді жүрме сен текке,<br>Жаздың соңғы айында,<br>Барар болсаң мектепке,<br>Әліппеңді дайында.<br>Қыркүйек айы келгенде,<br>Айқара аш есігін<br>«Қош келдің» деп мектебің<br>Қарбыз,қауын піседі,<br>Соғады ептеп жел үріп.<br>Қараша айы, қара суық,<br>Қара жел тұр аласұрып.<br>Ойын ойнап,міне,біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз ,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***«Жыл бойы»*** (доппен) **дидактикалық ойыны**<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:<br>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br>«Жыл мезгілі»<br>**Ойын жаттығуы:**<br><br><br>**Дәптермен жұмыс**<br>**2-тапсырма**. | *нар, керік, секіртпе, мүйізтұмсық, арыстан, скейт, ұшақ, доп, қуыршақтар, көлік).*<br>Зымыран – **з** – ұяң дауыссыз дыбыс.<br>Робот – **р** – үнді дауыссыз дыбыс.<br>Ғарышкерлер - **ғ** – ұяң дауыссыз дыбыс.<br>Қоян - **қ** – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Мысық - **м** – үнді дауыссыз дыбыс.<br>Нар - **н** –үнді дауыссыз дыбыс.<br>Керік - **к** – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Секіртпе – **с** – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Мүйізтұмсық - **м** – үнді дауыссыз дыбыс.<br>Арыстан - **а** – жуан дауысты дыбыс.<br>Скейт - **с** – қатаң дауысссыз дыбыс.<br>Ұшақ – **ұ** – жуан дауысты дыбыс.<br>Доп - **д** – ұяң дауысты дыбыс.<br>Қуыршақтар - **қ**– қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Көлік – **к** – қатаң дауыссыз дыбыс.<br>Педагог балаларға ойыншықтардың басталып тұрған дыбыстарын қайталатып, дұрыс айтуға жаттықтырады.<br>–Қалай ойлайсыңдар суреттегі балалар қандай ойыншық таңдайды, ал сен қандай ойыншық таңдар едің?<br>Балалардың ойларын | Сәуір айы-тәуір ай.<br>Жер дүние жасанды,<br>Келіп сұлу Мамыр ай.<br>1 маусым, балалар,<br>Қорғайтын күн сендерді.<br>Барып жасыл жайлауға,<br>Жаз қызығын көріңдер.<br>Енді жүрме сен текке,<br>Жаздың соңғы айында,<br>Барар болсаң мектепке,<br>Әліппеңді дайында.<br>Қыркүйек айы келгенде,<br>Айқара аш есігін<br>«Қош келдің» деп мектебің<br>Қарбыз,қауын піседі,<br>Соғады ептеп жел үріп.<br>Қараша айы, қара суық,<br>Қара жел тұр аласұрып.<br>Ойын ойнап,міне,біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз ,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***«Жыл бойы»*** (доппен) **дидактикалық ойыны**<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:<br>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br>**Ойын жаттығуы:**<br>**«Мен бастаймын, сен жалғастыр»**<br>Педагог бастайды, балалар жалғастырады.<br>Алдымен көктем, содан кейін ... жаз<br>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең<br>Алдымен қаңтар, содан | Қорғайтын күн сендерді.<br>Барып жасыл жайлауға,<br>Жаз қызығын көріңдер.<br>Енді жүрме сен текке,<br>Жаздың соңғы айында,<br>Барар болсаң мектепке,<br>Әліппеңді дайында.<br>Қыркүйек айы келгенде,<br>Айқара аш есігін<br>«Қош келдің» деп мектебің<br>Қарбыз,қауын піседі,<br>Соғады ептеп жел үріп.<br>Қараша айы, қара суық,<br>Қара жел тұр аласұрып.<br>Ойын ойнап,міне,біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз ,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***«Жыл бойы»*** (доппен) **дидактикалық ойыны**<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:<br>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br>**Ойын жаттығуы:**<br>**«Мен бастаймын, сен жалғастыр»**<br>Педагог бастайды, балалар жалғастырады.<br>Алдымен көктем, содан кейін ... жаз<br>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең<br>Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.<br>Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады. Мұндай | *жер, бал* т.б.<br>Педагог балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Мысалы: *лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, нарын, рауғаш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс* т.б.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Дидактикалық ойын: «Эстафета».***<br>Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады.<br>Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1. Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздермен сызба бойынша сөйлем құра.<br>Балалар суретке байланысты *достар, қыздар, балалар, тақпақ, кітап* сөздерін буынға бөлейік. Балалар шапалақтау арқылы сөздерді буынға бөледі.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Құдық**<br>Шелекті аламыз,<br>Құдыққа саламыз.<br>Иіліп еңкейіп,<br>Су тартып аламыз.<br>Толтырып шелекті,<br>Қайтадан тартамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар шеңберді қарайды<br>Жыл айларын есіңе сақтаңдар. Жыл мезгілдерінің айларын атайды. Балалар хормен қайталайды.<br>Жыл мезгілдерінің аттарын есте сақтаңыз. Жыл мезгілдері мен айларын атайды. Балалар хормен қайталайды.<br>Жылдың әр мезгілінде неше ай бар? (4)<br>Барлық айларды өздеріңіз қайталауға тырысыңыздар.<br>Педагог балаларды жылдың айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды.<br>**3-тапсырманы** балалар жеке орындайды, кейін тексереді. Суреттерді қарайды. Мысалдар құрастырып, оларды шығарады.<br>**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді. | тыңдау.<br>Суреттерді ата.  Тиісті дыбыстық сызбамен қос.<br>Дыбыстық талдау жаса.<br>*Шеге* сөзінің дыбыстық талдауы.<br>***Шеге*** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.<br>**Ш** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Е** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Г** – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>**Е** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>**Сергіту сәті: «Пингвин»**<br>Өкшемізді қосамыз,<br>Балпаң-балпаң басамыз.<br>Асулардан асамыз,<br>Біздер пингвин боламыз.<br>Білекті біз түреміз,<br>Қатарласып жүреміз.<br>Адаспаймыз білеміз,<br>Пингвин болып жүреміз.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Қолымызды қайшы етіп,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып - қиып аламыз,<br>Біз көңілді баламыз. | кейін ... ақпан.<br>Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**2-тапсырма**.<br>Балалар шеңберді қарайды<br>Жыл айларын есіңе сақтаңдар. Жыл мезгілдерінің айларын атайды. Балалар хормен қайталайды.<br>Жыл мезгілдерінің аттарын есте сақтаңыз.<br>Жыл мезгілдері мен айларын атайды. Балалар хормен қайталайды.<br>Жылдың әр мезгілінде неше ай бар? (4)<br>Барлық айларды өздеріңіз қайталауға тырысыңыздар.<br>Педагог балаларды жылдың айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды.<br>**3-тапсырманы** балалар жеке орындайды, кейін тексереді. Суреттерді қарайды. Мысалдар құрастырып, оларды шығарады. | тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.<br><br><br>**Дәптермен жұмыс**<br>**2-тапсырма**.<br>Балалар шеңберді қарайды<br>Жыл айларын есіңе сақтаңдар. Жыл мезгілдерінің айларын атайды. Балалар хормен қайталайды.<br>Жыл мезгілдерінің аттарын есте сақтаңыз. Жыл мезгілдері мен айларын атайды. Балалар хормен қайталайды.<br>Жылдың әр мезгілінде неше ай бар? (4)<br>Барлық айларды өздеріңіз қайталауға тырысыңыздар.<br>Педагог балаларды жылдың айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады.<br>Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды.<br>**3-тапсырманы** балалар жеке орындайды, кейін тексереді. Суреттерді қарайды. Мысалдар құрастырып, оларды шығарады. | Дем алып асықпай ,<br>Ауылға қайтамыз.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Партадағы саусақтар,<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар,<br>Сурет сала біледі.<br>Ортаңғы мен сұқ саусақ,<br>Түйеқұсты салады,<br>Төңкеріліп аспанға.<br>Қоян да бола қалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | <br>**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді. | **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді. | |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Ұмыт болған ұлттық ойын: «Мөңке мен шортан»**

**Басты міндеттері: Қазақстан халықтарының ойындарын ойнай отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін толықтыру. Ойынға деген қызығушылығын арттырып, шапшаңдық пен қимыл үйлесімділігіне баулу.**

| | | |
|---|---|---|
| **Логикалық-абстрактылы ойлауды дамыту жаттығулары(мидың сол жақ жартышары). Жаттығулар нәтижесінде есте сақтау қабілеттері, ойлау мүмкіндіктері, математикалық қабілеттері жақсарады. Ми белсенділігі артады. (4рет)**<br>**«Тілше»**<br>Тілімізді көрсетейік,<br>Қарап оны көрейік.<br>**Іс-әрекеті:** Тілдерін ілгері-кейін қозғалтады.<br>**«Тілше»**<br>Тілімізді қимылдатып,<br>Дөңгелетіп ойнайық.<br>**Іс-әрекеті:** Тілдерін жан-жаққа жүгіртіп ойнақы қозғалтады.<br>**«Ауызшық»**<br>Ауызды ашып айналдыр,<br>Оңға-солға шайнаңда!<br>**Іс-әрекеті:** Ауыздарын ашып, жақ сүйегін оңға-солға шапшаң айналдырып қозғалтады. |  | **Ұмыт болған ұлттық ойын: «Мөңке мен шортан»**<br>**Ойынның міндеттері:** Қазақстан халықтарының ойындарын ойнай отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін толықтыру. Ойынға деген қызығушылығын арттырып, шапшаңдық пен қимыл үйлесімділігіне баулу.<br>**Дағды:** Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.<br>**Ойынның ережесі :** Бір бала шортан болып таңдалады, ал қалған ойыншылар екі топқа бөлінеді. Топтардың бірі шеңбер жасап тұрады, ол – тастар; екіншісі – шеңбер ішінде жүзіп жүрген мөңкелер. Шортан шеңбердің сыртында орналасады. Ұстаздың «Шортан!» белгісі бойынша шортан шеңбердің ішіне жүгіріп кіреді, ол мөңкелерді ұстап алуға тырысады. Мөңкелер басқа ойыншылардың артына тығылуға, отырып қалуға, тастардың артына жасырынуға тырысады. Шортан ұстап алған мөңкелер шеңбердің сыртына шығарылып саналады. Ойын басқа шортанмен қайталанады. Ойын |

<table>
<tr><td colspan="2"></td><td colspan="2"></td><td colspan="2">аяқталғаннан кейін ұстаз ең көп мөңкелер ұстап алған жүргізушіні атап айтады.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ұсыныс:**<br>1. Ойын алаңындағы ойыншылардың орналасуы өзгеруде. Ауланған "мөңке балықтары" алаңның арғы бетіне шығып, тор жасайды. Қалған ойыншылар алаңның бір жағында тұрады, олардың барлығы "мөңке", шортан тордың артында және мөңке балығын аулайды. Мөңке балықтар тор арқылы жүгіруі керек. Торды құрайтын ойыншылар қолдарын жоғары көтеріп тұрып, мөңке балығын жіберіп алмау үшін қолдарын уақытында түсіруі керек. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Шортан есептегіштің көмегімен таңдалады.<br>2. "Шортан" саны алынады<br>"Мөңке балықтар" алаңның бір жағында тұрады, ауланған "мөңке балықтар" торды құрайды, алаңда қол ұстасып, "Шортандар" тордың артында тұрады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**</td></tr>
<tr><td>**Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)**</td><td>**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш.(Мысал) (Ы.Алтынсарин әңгімесі).<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету;<br>-әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту.<br>-балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: үлкеннің айтқаны тәрбие екенін, ізеттілікті түсіну қабілеттеріне, сөйлеуге дағдыландыру.</td><td>**2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар? (коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту;<br>-зейінін, көзбен көргенін</td><td>**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Достық мерекесі (өлеңді көңіл күймен айтуға үйрету)СерікбайОспанов<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату;<br>-өлең мазмұнын эмоциялық көңіл күймен айтуға үйрету;<br>-сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің біріздiлігін сақтау және өзара сыйластық қарым-қатынасын дамыту.</td><td>**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш.(Мысал)сурет бойынша сөздік жұмыс.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету;<br>-әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту.<br>-балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: үлкеннің айтқаны</td><td>**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жеңіс күні (өлеңді жаттау)Қайрат Жұмағалиев танысу.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей<br>оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту.<br>**Дағды:** Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі,дидактикалық ойынды дәптерде орындайды;<br>**Түсінеді:** үлкеннің айтқаны тәрбие екенін, ізеттілікті түсінеді;<br>**Қолданады:**жұмбақтарды шешу арқылы әңгіменің тақырыбын айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз,<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлеметсіздер ме! – деп<br>Сәлемдесіп аламыз.<br>Әңгімелесу<br>Еңбек дегеніміз не?<br>Еңбек ету адамға қажет пе?<br>Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз?<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, біздің топқа, бір ата баласын ертіп келіпті. Топқа ата мен бала кіреді.<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен ұзақ жол жүріп келдім. Өзіммен бірге сендерге бір қызықты әңгіме ала келдім.<br>Педагог:<br>Балалар ата бізге Ы.Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін алып келіпті.<br>Ы. Алтынсарин – қазақ ағартушысы, ақын, жазушы. Ең алғаш қазақ балаларына мектеп ашып, балаларды білімге шақырып ұстаздық еткен дара тұлға. Сендер ең алғаш мектепке барғанда ол | есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Дағды:** дәрілік өсімдіктер жайлы түсінік қалыптастырған; өз өлкесінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерінің аттарын атап беріп, анықтай алуға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** дәрілік өсімдіктер жайлы түсінік қалыптастырған; өз өлкесінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерінің аттарын атап береді.<br>**Түсінеді**: олардың емдік қасиеттерін.<br>**Қолданады:**дәрілік шөптерді жинау дағдысын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Қолдарын бір-біріне ұстатады. Балалар бір-біріне күлімдеп қарайды.<br>Жарқырап күнде ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды<br>Қайырлы күн!<br>Біз нәзік қыздармыз!<br>Қайырлы күн!<br>Біз ержүрек ұлдармыз!<br>Педагог балалардың өсімдіктер туралы білімін негізге ала отырып, оларды әңгімеге тартады.<br>Адамдардың өсімдіктерді емдік мақсатта пайдаланатынын айтады.<br>Балалар әңгімеге қосылады.<br>«Өсімдіктерсіз Жер бетінде тіршілік болмас еді, өсімдіктер тірі жан | **Дағды:** Сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық қарым-қатынас дағдылан дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнының түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып тұр сәніміз.<br>Тыныштықты сақтайық,<br>Ашық болсын күніміз.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**2. Негізгі кезең**<br>1 Мамыр – халықтар достығы ынтымақ мерекесі. Бұл мереке несімен ерекше?<br>Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады.<br>Біз бүгін  Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең | тәрбие екенін, ізеттілікті түсіну қабілеттеріне, сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі,дидактикалық ойынды дәптерде орындайды;<br>**Түсінеді:** үлкеннің айтқаны тәрбие екенін, ізеттілікті түсінеді;<br>**Қолданады :**жұмбақтарды шешу арқылы әңгіменің тақырыбын айтады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз,<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлеметсіздер ме! – деп<br>Сәлемдесіп аламыз.<br>Әңгімелесу<br>Еңбек дегеніміз не?<br>Еңбек ету адамға қажет пе?<br>Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз?<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, біздің топқа, бір ата баласын ертіп келіпті. Топқа ата мен бала кіреді. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен ұзақ жол жүріп келдім. Өзіммен бірге сендерге бір қызықты әңгіме ала келдім.<br>Педагог:<br>Балалар ата бізге Ы.Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» | арттыру. Жеңіс күні туралы түсінігін кеңейту дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Отанды біз атамекен<br>Деп аялап атаймыз.<br>Өйткені оны мекен еткен<br>Бабамыз бен атамыз.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>9 Мамыр – Жеңіс күні!<br>Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды.<br>Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атаңдаршы.<br>Жеңіс – соғыста жеңу, жеңімпаз болу деген сөз. Елімізді, жерімізді, Отанымызды жаудан қорғауға міндеттіміз.<br>Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» деген өлеңімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кісінің "Кел, балалар, оқылық!" атты өлеңімен танысасыңдар. Балаларға арналған "Әке мен бала", "Екі дос","Өнер білім бар жұртта" "Киіз үй мен ағаш үй", "Мейірімді бала", "Асыл шөп", " "Аурудан аяған күштірек", "Бұл кім?", "Ананың сүюі" деген шығармалары бар.<br>Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.<br>Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:<br>Анау өрмекшіні көрдің бе?<br>Бала:<br>Көрдім, өрмек тоқып жүр.<br>Ата:<br>Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала:<br>Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады.<br>Ата:<br>Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала:<br>Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді:<br>Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.<br>Балалар, әңгіме сендерге | иелерінің тыныстауына көмектеседі» деген тұжырым жасайды.<br>**Түсіну деңгейі:** Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады.<br>Әліппе-дәптердегі жұмыс арқылы балалардың мәселені іздеуге және зерттеуге деген қызығушылығын оятады.<br>Суреттерді қарап шығып, педагогтің сұрақтарына жауап береді және әңгімелесуге қатысады.Табиғаттың адамдарға жасаған сыйы көп. Көптеген ауруларды емдеуге көмектесетін дәрілер бар. Тек оларды тани білуіміз және қолдана білуіміз керек. Адамдар аңдардың бәрінің шөптермен емделетінін ерте замандарда байқаған. Әртүрлі өсімдіктерәртүрлі ауруларға ем.<br>Сендер қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Дәріханадан дәрілік шөптерді көргендерің бар ма? Сендер ересектермен бірге дәрілік шөптерді жинап көрдіңдер ма? Дәрілік өсімдіктерден демделген шайды кім ішіп көрді? Тәрбиеленушілерге Қазақстандның дәрілік шөптері туралы әңгімелеп береді: Қалақайдың адамдар үшін пайдасы көп. Одан салат пен щи дайындауға болады. Қалақайдың құрамында микробтарды өлтіретін | сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ!<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Күлімде* – қуан, шаттан.<br>*Берекелі* – молшылықты.<br>*Бейбіт* – тыныштық жайлы.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлең қалай аталады?<br>Не туралы айтылған?<br>«Бейбіт күн» дегенді қалай түсінесің?<br>**Сергіту сәті:**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз!<br>Өлең шумағын қайталап, есімізге түсірейік.<br>3-4 балаға өлеңді мәнерлеп қайталап айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт.<br>Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың?<br>Олардың көңіл күйлері қандай?<br>Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле.<br>***Есіңе сақта:***<br>«Дос болсаң, берік бол,<br>Досыңа серік бол». | әңгімесін алып келіпті.<br>Ы. Алтынсарин – қазақ ағартушысы, ақын, жазушы. Ең алғаш қазақ балаларына мектеп ашып, балаларды білімге шақырып ұстаздық еткен дара тұлға. Сендер ең алғаш мектепке барғанда ол кісінің "Кел, балалар, оқылық!" атты өлеңімен танысасыңдар. Балаларға арналған "Әке мен бала", "Екі дос","Өнер білім бар жұртта" "Киіз үй мен ағаш үй", "Мейірімді бала", "Асыл шөп", " "Аурудан аяған күштірек", "Бұл кім?", "Ананың сүюі" деген шығармалары бар.<br>Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.<br>Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:<br>Анау өрмекшіні көрдің бе? Бала:<br>Көрдім, өрмек тоқып жүр.<br>Ата:<br>Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала:<br>Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады.<br>Ата:<br>Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала:<br>Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді.<br>Сонда атасы былай дейді:<br>Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – | жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Ойлап-ойлап тұрдым көп,<br>Сауал бердім білгім кеп:<br>– Қуанышты мереке –<br>Жеңіс күні қай күн? – деп<br>Атамнан да сұрадым,<br>Апамнан да сұрадым.<br>Тосты бәрі құлағын,<br>– Дұрыс, – десті, – сұрағың.<br>– Бейбіт күннің бәрі де,<br>Жеңіс күні, шырағым.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс**:<br>*Бейбіт күн* – тыныштық.<br>***Сұрақ-жауап:***<br>Өлең қалай аталады?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Қуанышты мереке қай күні екен? Өлеңді қайталап, есімізге түсірейік.<br>3-4 балаға өлеңді қайталап айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретке қарап, тақырыбын болжап айт.<br>Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>Ортада не жанып тұр?<br>Балалардың қолында не бар?<br>Олар кімге тағзым етіп жатыр?<br>**Сергіту сәті:**<br>Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шынығамыз жастай біз.<br>Көңілді әуен сазымен<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Иілеміз оңға бір,<br>Иілеміз солға бір. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұнады ма?<br>Әңгіме не туралы айтылған?<br>Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?<br>Енді осы әңгімені келген қонақтар бізге сахналап берсін.( Қонақтар сахналап айтып береді).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балалар сендер буынға бөле аласыңдар. Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш сөздерін буынға бөліңдерші?<br>Неше буыннан тұрады?<br>Иә, дұрыс айтасыңдар. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды. *Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш* дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Өрмек – тор.*<br>**Сергіту сәті:**<br>**(Сергіту жаттығуларын Н. Жанаевтың «Еңбек» өлеңімен жасатуға болады.)**<br>Гүл өсірсең терлеп,<br>Мұның аты – еңбек.<br>Кесте тіксең зерлеп,<br>Мұның аты – еңбек.<br>Сабағыңа жөндеп,<br>Әзірленсең – еңбек.<br>Қиындықтың бәрін<br>Еңбек қана жеңбек.<br>**Мақал-мәтел жаттау.**<br>1.Еңбек – адамның екінші анасы.<br>2.Еріншек түске дейін ұйықтайды.<br>3.Жалқаулық – жаман ауру.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Балалар, бүгін кімнің | заттар бар. Сонымен қатар қалақай қанды тоқтатады және шаштың түбін нығайтады. Адамдар жолжелкенді ерте замандардан бері пайдаланған. Ол жараны жазуға, асқазан ауырғанда және суық тигенде жақсы көмектеседі. Дәрілік өсімдіктердің көбі орманда, далада, көгалдарда, су жағасында кездеседі.<br>Педагог айтқан мәліметтерді мұқият тыңдайды. Өз өмірінен алған мәліметтермен толықтырады. Есте сақтап қалады: Тәбетің дұрыс болмаса, бақбақ тамырының, асқазаның ауырса, мыңжапырақтың, суық тисе, киікотының, жөтелсең, өгейшөптің, аяғың күйіп қалса, сүйелшөптің қайнатпасымен емдейді. Терідегі дақты да сүйелшөп кетіреді. Тамағың ауырса, дала түймедағымен, жараны қырмызыгүлмен емдейді.<br>**Қолдану деңгейі: «Алмаз» техникасы.**<br>Қысқаша жауаптан кейін сурет алмаздың тиісті шаршысына орналастырылады.<br>Тапсырмалар:<br>Жараны жазатын дәрілік өсімдіктің суретін таңда.<br>Емдік қасиеті бар 2 бөлме өсімдігін тап.<br>Біздің өлкемізде өсетін 3 дәрілік өсімдікті тап.<br>Түймедақтың 4 түрлі | | саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.<br>Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?<br>Әңгіме не туралы айтылған?<br>Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?<br>Енді осы әңгімені келген қонақтар бізге сахналап берсін.( Қонақтар сахналап айтып береді).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Балалар сендер буынға бөле аласыңдар. Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш сөздерін буынға бөліңдерші?<br>Неше буыннан тұрады?<br>Иә, дұрыс айтасыңдар. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды. *Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш* дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Өрмек – тор.*<br>**Сергіту сәті:**<br>**(Сергіту жаттығуларын Н. Жанаевтың «Еңбек» өлеңімен жасатуға болады.)**<br>Гүл өсірсең терлеп,<br>Мұның аты – еңбек. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімесін тыңдадық?<br>Әңгіме қалай аталады?<br>Балаларға жұмбақтардың жауабын шешкізу арқылы оқу қызметін қорытындылайды.<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Тоқыған ауы,<br>Шыбынның жауы.<br>(Өрмекші)<br>Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер.<br>(Құмырсқа)<br>Тым ерте ұшып келетін,<br>Үйіңе сенің кіретін,<br>Қасиетті құс деп айтатын,<br>Балшықтан ұя жасайтын.<br>(Қарлығаш)<br>Барлығы ата мен баланы шығарып салады.<br>Балалар, сендер әңгімені өте жақсы түсінгендерің жұмбақ шешу барысында байқалды.<br>Жарайсыңдар! | қасиетін атап бер: жұпар иісті, әдемі, емдік, адамдар үшін өте қажет.<br>Дәрілік шөптерді жейтін 3 жануарды таңда.<br>Дәрілік өсімдіктердің 2 түрлі әрекетін атап бер: өседі, емдейді.<br>Анаң ішкізген 1 дәрілік өсімдік қайнатпасының атын атап бер.<br>Түймедақ, жолжелкен сияқты кейбір дәрілік өсімдіктерді зерттеуге қатысуға шақырады.<br>Иісін, өзіне тән ерекшеліктерін атап көрсетеді.<br>Балаларды дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін талқылауға шақырады.<br>Талқылайды, дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін құрастырады:<br>1.Дәрілік өсімдіктерді жақсы білу және оларды улы өсімдіктерден айыра білу (қарғакөз т.б.).<br>2.Дәрілік өсімдіктерді күн ашықта, таңертең, шық кепкен кезде жинайды.<br>3.Қалада, жолға жақын жерлердегі өсімдіктерді теруге болмайды. Неге?<br>4.Өсімдіктерді жинаған кезде езіліп, шырыны шығып кетпес үшін кеңірек себетке салу қажет.<br>5.Өсімдіктерді күнге емес, көлеңкеге қойып кептіреміз.<br>6. Жинаған кезде өсімдіктерді басуға, тамырымен бірге жұлуға, біткенше жинауға болмайды. | | Кесте тіксең зерлеп,<br>Мұның аты – еңбек.<br>Сабағыңа жөндеп,<br>Әзірленсең – еңбек.<br>Қиындықтың бәрін<br>Еңбек қана жеңбек.<br>**Мақал-мәтел жаттау.**<br>1.Еңбек – адамның екінші анасы.<br>2.Еріншек түске дейін ұйықтайды.<br>3.Жалқаулық – жаман ауру.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Балалар, бүгін кімнің әңгімесін тыңдадық?<br>Әңгіме қалай аталады?<br>Балаларға жұмбақтардың жауабын шешкізу арқылы оқу қызметін қорытындылайды.<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Тоқыған ауы,<br>Шыбынның жауы.<br>(Өрмекші)<br>Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер.<br>(Құмырсқа)<br>Тым ерте ұшып келетін,<br>Үйіңе сенің кіретін,<br>Қасиетті құс деп айтатын,<br>Балшықтан ұя жасайтын.<br>(Қарлығаш)<br>Барлығы ата мен баланы шығарып салады.<br>Балалар, сендер әңгімені өте жақсы түсінгендерің жұмбақ шешу барысында байқалды. Жарайсыңдар! | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 7. Қызыл кітапқа енген өсімдіктерді жұлуға болмайды. Неліктен?<br>**Сергіту сәті**<br>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>Тарсылдатпай еденді,<br>Орнымыздан тұрып ап,<br>Жүгірейік бір уақ.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш.<br>Аяқты алға созайық.<br>Тік көтеріп, қозғайық.<br>Тым сылбыр да болмайық,<br>Алға қарай озбайық,<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш. | | | |

| | |
|---|---|
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. |

***2 үзіліс – 10:00 – 10:30***

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Аз қимылды ойыны: «Мүсіндер»**

**Басты міндеттері: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Талдау, ойлау, қалыптан тыс шешімдер таба білу, қимыл қозғалыс тапқырлығы, көзмөлшері коммуникативті құзырлылық қабілеттерін дамыту.**





**Аз қимылды ойыны: «Мүсіндер»**

**Ойынның міндеттері:** Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Талдау, ойлау, қалыптан тыс шешімдер таба білу, қимыл қозғалыс тапқырлығы, көзмөлшері коммуникативті құзырлылық қабілеттерін дамыту.

**Дағды**: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.

**Ойын іс әрекеті:**Допты ұстап алуға тырысу керек.

**Әдістемелік нұсқаулар.**

Ойыншылар шеңбер құрап тұрып, допты бір-біріне қолмен лақтырады. Допты ұстай алмаған ойыншы жазаланады: ойынды бір аяқпен тұрып жалғастырады. Егер мұндай тұрыста ол допты ұстап алса, онда жаза алынып тасталады, яғни ол екі аяғымен тұра береді. Егер тағы бір қателік жасалса, ойыншы бір тіземен тұрады. Үшінші қате кезінде ол екі тізеге тұрғызылады. Егер бұл жағдайда ойыншы допты ұстап алса, одан барлық жаза алынып, ол ойынды екі аяқпен түрегеп тұрып жалғастырады. Ал егер ойыншы сәтсіздікке ұшыраса, ойыннан шығуына тура келеді.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. | |
| **3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Мектепке не апарамыз?<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>-жаңылтпашты қайталау, дұрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру.<br>**Дағды**: -сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру;<br>-оқушыға оқу құралының қажеттігін түсіне білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** жаңа сөздерін айтады, жаңылтпашты қайталайды, зат есімдерді жекеше және көпше турде айтады, мәтінді қайталайды.<br>**Түсінеді:** оқушыға оқу құралының қажеттігін түсінеді.<br>**Қолданады:** үйренген сөздерін сөйлем құрауға қолдана алады, сұрақтарға жауап береді. | **3.Сурет салу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Көрікті көктем.<br>*(Акварель бояу)*<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту;<br>**-**көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру;<br>**-**жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру;<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**жасайды:** көргендерін сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде қағаз бетіне түсіре алады;<br>**түсінеді:** көктем мезгілі жайлы түсініктері жетіледі;<br>**қолданады:** бояумен жұмыс істеу іскерліктерін тиімді қолданады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог күйтабақтан «Көктем келді» әнін тыңдатады. Әннің мазмұны, ырғағы жайында әңгімелеседі<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог балалардан осы көктем | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Сөйлем құрай білеміз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру;<br>-графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту;<br>-ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстарды ажыратады, сөйлемнін сызбасын, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** суретке қарап сөйлем құрайды, сөйлемге қажетті сөзді қосады.<br>**Түсінеді:** сөздердің жалпы атауын, көп-аз ұғымын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, сөйлемнін сызбасын**.**<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Жалпы атауын ата»** дидактикалық ойынымен | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Оқушыға не керек?<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздерді саналы түрде есте сақтауға және дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>**-**сөздерді байланыстырып сөйлеуді, 2-3 сөзден сөйлем құруға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатыса білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жаңа сөздерін айтады, 2-3 сөзден сөйлем құрастырады.<br>**Түсінеді:** сөйлемді түсініп сәйкес суретті көрсетеді.<br>**Қолданады:** сөздерді байланыстырып сөйлей алады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Қима материалмен жұмыс.** Суреттер бойынша өткен тақырыпты қайталау.<br>**Ойын: «Алтын сақа сөз жинайды»** (мектеп, оқу | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жануарлар жауынан қалай қорғанады? (коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың коректік тәуелділік туралы түсінігін жетілдіру; коректік тізбек жасау қабілетін дамыту;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>-табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету.<br>**Дағды:** коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**жануарлар әлемінің өкілдерін атап береді.<br>**Түсінеді:** жәндіктер, құстар мен аңдардың бір-біріне тәуелділігін түсінеді.<br>**Қолданады**: коммуникативтік дағды, талқылау, қорытынды жасау қабілеті қалыптасқан<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Жануарлар туралы жұмбақтар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Қайырлы таң, балалар!<br>«Мектепке енді барамыз» әнін тыңдау.<br>Мектепке енді барамыз,<br>Біз оқушы боламыз.<br>Жақсы оқып сабақты,<br>Кілең бестік аламыз.<br>Қандай таныс сөздер бар?<br>Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды: мектеп, оқушы.<br>**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қоржын».**<br>Балалар кезекпен ойыншықтарды алып, атайды:<br>Мынау – доп.<br>Доп – ойыншық. (Қуыршақ, мәшине, робот, ит, піл).<br>Педагог қоржынан оқу құралдарын алып, жаңа сөздермен таныстырады.<br>Мынау – кітап, кіііі-тап.<br>Мынау не?<br>Мынау – кітап.<br>Кітап – оқу құралы.<br>Кітап не?<br>Кітап – оқу құралы.<br>Оқушыға кітап керек.<br>Оқушыға кітап керек пе?<br>Оқушыға кітап керек.<br>Оқушы кітап оқиды.<br>Оқушы не оқиды?<br>Оқушы кітап оқиды.<br>Мынау – қалам, қа-лам.<br>Мынау не?<br>Мынау – қалам.<br>Қалам – оқу құралы.<br>Қалам – не?<br>Қалам – оқу құралы.<br>Оқушыға қалам керек.<br>Оқушыға қалам керек пе? | көрінісінің суретін салып берулерін өтінеді.<br>Сурет салуды неден бастау керек?<br>Бүгін бәріміз суретші боламыз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Суретшілердің ішінде тек қана табиғат көрінісін салатын суретшілерді қалай атайды? Табиғат суретшісі (пейзажист) деп атайды.<br>Онда біздің топты табиғат суретшілерінің шеберханасы деп есептеңдер, суретшілер көп болғандықтан, екі топқа бөлінеміз. Бірінші топ менің оң жағымдағы үлкен қағазға, екінші топ сол жағымдағы қағазға көктем көрінісін бейнелейді.<br>Алдымен бәріміз ойланып алайық. Кім не салғысы келеді? (Көздерін жұмып отырып ойланады).<br>Өздеріңнің алдарыңдағы ақ қағазға қара қарындашпен салғыларың келген суреттің сұлбасын (эскиз) түсіріп көріңдер. Содан кейін менің жанымдағы екі үлкен қағазға екі түрлі көктем көрінісін әр топ өзінше бейнелейді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Көктем келді<br>- Күн, сен неге күркірейсің?<br>Көктем келді! Көктем келді!<br>Жаңбыр, неге сен сіркірейсің?<br>Көктем келді! Көктем келді!<br>Бұлақ, неге сылдырлайсың?<br>Көктем келді! Көктем келді!<br>Құлын, неге құлдырлайсың?<br>Көктем келді! | бастайды.<br>Әке, аға, ана, әпке – . . .<br>Орындық, үстел, сөре, керует – . . .<br>Шалбар, тымақ, шалма, жейде – . . .<br>Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – . . .<br>«Тығылыспақ», «Қуаласпақ», «Мысық - тышқан», «Ақ серек – көк серек» – ...<br>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»<br>Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығу:**<br>**«Тиісті белгіні көтер»**<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)**<br>– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы: | құралдары тақырыбы бойынша).<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Мен бүгін бір оқушының сөмкесін әкелдім. Ішінде не бар?<br>Балалар кезекпен келіп сөмке ішіндегі таныс заттарды алып атап, топтайды. Ойын барысында жаңа сөздермен таныстыру.<br>Мынау – кітап. Кітап не?<br>Кітап – оқу құралы.<br>Оқушыға кітап керек пе?<br>Оқушыға кітап керек.<br>Мынау – мәшине.<br>Мәшине – ойыншық.<br>Оқушыға мектепте ойыншық керек пе?<br>Оқушыға ойыншық керек емес.<br>Мынау – қайшы.<br>Мынау – ... қайшы (жеке-жеке айтады)<br>Оқушыға қайшы керек.<br>Оқушыға қайшы керек пе?<br>Оқушыға қайшы керек.<br>Мынау – желім.<br>Мынау не?<br>Мынау – желім.<br>Оқушыға желім керек.<br>Оқушыға желім керек пе?<br>Оқушыға желім керек.<br>Мынау – қылқалам.<br>Мынау не?<br>Мынау – қылқалам.<br>Оқушыға қылқалам керек.<br>Оқушыға қылқалам керек пе?<br>Оқушыға қылқалам керек.<br>Мынау – сурет дәптері.<br>Мынау не?<br>Мынау – сурет дәптері.<br>Оқушыға сурет дәптері | Жазда қыдырады,<br>Қыста тынығады. (Аю)<br>Бейқам елді іздейді,<br>Малдан күдер үзбейді. (Қасқыр)<br>Есек құлақты,<br>Мысық аяқты.<br>Түйе ерінді<br>Ешкі құйрықты. (Қоян)<br>Ағаштан-ағашқа секірген,<br>Кішкентай ғана шапшаң аң. (Тиін)<br>Халық «қу» деп,<br>Қылған күлкі<br>Айласы көп<br>Бұл не? (Түлкі)<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Қандай жануарларды жыртқыш, қандай жануарларды шөпқоректі дейді? Неліктен?<br>Өздерінің болжамдарын айтады: Жыртқыштар – тісі өткір, иіс сезу мүшесі жақсы дамыған, көзі көргіш, саққұлақ аңдар. Бұл олардың өзге жануарларды аулауына көмектеседі.<br>Шөпқоректілер – өсімдіктермен қоректенетін жануарлар.<br>**Түсіну деңгейі: Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады.**<br>**Әліппе-дәптердегі жұмыс** арқылы балалардың тануға деген қызығушылығын оятады. Педагогтің ормандағы тіршілік тізбегі, орман тұрғындарының бір-біріне тағамдық тәуелділігі жайлы әңгімелейді:<br>«Табиғатта барлық зат бір-біріне тығыз байланысты және жануарлар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері –** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Математика негіздері»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары:** **«**Ойын,зерттеу танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығуы:** «Тамшылар»<br>**Түсіндірме жазба:** Ойын барысында балалардың зейіні, логикасы, арифметикалық қабілеттері мен ұсақ моторика да дамиды. Қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды;<br>1 таңбалы санды қоса есепт | **Сауат ашу негіздері** – коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сауат ашу негіздері»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығуы:** «Гүлді түсі бойынша таңда»<br>**Түсіндірме жазба:** «Гүлді түсі бойынша таңда»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала гүлді түсі | **Көркем әдебиет** – коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Көркем әдебиет»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығуы:** «Әскери мамандықты тап»<br>**Түсіндірме жазба:** **Дивергентті әр түрлі ойлау** әдісі арқылы бір ғана заттарға емес, әр түрлі қырынан қарау. Дивергентті ойлау қиял мен қызығушылықты ынталандырады. Бұл | **Сөйлеуді дамыту** – коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сөйлеуді дамыту»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығуы:** «Ойлан,тап!»<br>**Түсіндірме жазба:** Бұл әдістемелік әзірлеме формасы мен мазмұны бойынша мыналарға жатады *дидактикалық ойындарға және үстел – үсті ойындарына*, санат бойынша *ережелері бар ойындар*. Ойынның | **Қоршаған ортамен танысу** - тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**Құзыреттілік:** «Қоршаған ортамен танысу»<br>**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: «**тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығуы:** «Айбынды Әскер» (Мамандық иесі туралы)<br>**Түсіндірме жазба:** «Айбынды Әскер» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, қабылдауды дамытуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еу арқылы келесі санды және 1таңбалы санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін (ойша шешу) меңгерту. | бойынша сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. | идеяны екіншісімен еркін байланыстыруға мүмкіндік береді. Тіпті бір-бірімен байланыссыз болып көрінетін нәрселер әртүрлі объектив арқылы қараған кезде жаңа түсініктерді тудыруы мүмкін.<br>«Әскери мамандықты тап» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және көру,тыңдау,есте сақтау,қиялдау,ойлау қабілеттерін, зейіндерін,сөйлеу мәдениетін, дүниетанымдарын кеңейтіп,шығармашылық арқылы ұсақ саусақ моторикаларын дамыту,заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. | ерекшелігі - заттармен ойын әрекеттері арқылы шешілетін ойын тапсырмасының болуы (*пәндік ойын*), сенсорлық қабылдауды дамытуға бағытталған.<br>«Ойлан,тап!» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала жануарлардың түрлерін білуге, сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну зейінін дамыту. | бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала мамандық түрлерін білуге, сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді.<br>- Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып,олардың маңыздылығы туралы білім беру;<br>-Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну зейінін дамыту. |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі | **№ 27** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Акробатика элементтері бар жаттығулар.**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Алдыға қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – оң жағына | **№ 28** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Акробатика элементтері бар жаттығулар.**<br>**№2 жаттығулар кешені**<br>1.«Қолдары жоғары»<br>Б.қ. – қолдарын беліне қою. 1 – қолдарын желкесіне қою, оң (сол) аяқтарын артқа аяқ | **№ 29** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Аэробика жаттығуларын орындау**<br>1.Б.қ.: тұру. Қолдарын түзу басынан жоғары көтеріп, қолдарымен шапалақ ұрады. Қолдарын төмен түсіреді. | **№ 30** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Ұзын жіппен жаттығулар орындау.**<br>1.Б.қ. : түзу тұру,<br>1 – қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді.<br>2– қолдарын екі жаққа | **№ 31** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>***Жолдорбамен жаттығулар орындау***<br>1.Б.қ. : түзу тұру,<br>1– қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді.<br>2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | қарай қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу; 2 – бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (8 рет)<br>2.«Бұрыш»<br>Б.қ. – артына қолдарымен тіреліп, еденге отыру; 1– аяқтарын 45°бұрыш жасап көтеріп, ұстап тұру (8-ге дейін санағанша); бастапқы қалыпқа келу (5 рет қайталау).<br>3.«Қолдарын алдына кеуде тұсына ұстау»<br>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, аяқтары иық еніндей қойылған.<br>1– қолдарын кеудесінде бүгіп ұстау; 2 – оңға бұрылу, қолдарын екі жаққа жазу; 3 – қолдарын кеудесінде ұстау; 4 – б.қ. Сол жағына осы қимылдарды қайталау (8 рет)<br>4.«Қолдары тізеде»<br>Б.қ. – аяқтары параллель, қолдары дене бойымен төмен түскен.<br>1 – қолдарын екі жаққа жазу;<br>2 – оң аяғын бүгу, қолдарын тізесіне қою; 3 – аяғын түсіру, қолдарын қайта екі жаққа жазу. Сол аяғымен сол қимылдарды қайталау (9 рет).<br>5.«Қарлығаш»<br>Б.қ. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет).<br>6.«Қорапша» | басымен басып тұру; 2 – бастапқы қалыпқа келу (8рет).<br>2.«Еңкею»<br>Б.қ. – аяқтарын иықтарының еніне, қолдарын беліне қояды. 1 – қолдарын екі жаққа созады;<br>– оң (сол) аяқтарына қарай кезек еңкею; 3 – денені қайта түзеп, қолдарын екі жаққа созу;<br>4– б.қ. (8 рет).<br>3.«Бұрылу»<br>Б.қ. – аяқтарын иықтарының еніне, қолдарын желкесіне қояды. 1 – оңға (солға) бұрылу; 2 –б.қ. (8 рет).<br>4.«Отыру»<br>Б.қ. – тізерлеп тұру, қолдарын денесінің бойымен екі жаққа ұстау.<br>1-2 – оңға (солға) отырып-тұру, қолдарын жоғары көтеру; б.қ. (6 рет).<br>5.«Қарлығаш»<br>Б.қ. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет).<br>6.«Қорапша»<br>Б.қ. – еденге етпетінен жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет | 2.Б.қ.: «боксшы» қимылын жасап, қолдарын кезек-кезек алдыға-жанына жұдырықтап, серпу.<br>7-8 рет<br>3.Б.қ.: тұру. Алдыға еңкею. Қолдарымен аяқтарының артынан шапалақ ұру – 7-8 рет.<br>4.Б.қ.: оң аяғын түзулеп, жоғары көтеріп қалып, аяғының астынан шапалақ ұру. Сол аяғымен соны қайталау.<br>5.Б.қ.: арқасына шалқалап жату, түзулеп екі аяғын бірдей жоғары көтеріп апарып, басынан асырып, жерге тигізу. Аяқтарын қайта төмен түсіріп, б.қ. қайту. 7-8 рет.<br>6.Б.қ.: ішімен етпетінен жатып, қолдарын иегінің астынан таянып жату. Екі қолдарын екі жаққа жазып, арқасымен артқа қайырылу. Жаттығу кезінде аяқтарын жерден алмайды. 7-8 рет.<br>7.Б.қ.: аяқтарын біресе бірге ұстап, біресе екі жаққа ашып бір орында секіру. Секіруді жүрумен алмастыру. 2-3 рет. | айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет).<br>2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға) бұрады (8 рет).<br>3.Б.қ. : түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғының артынан беру (8 рет).<br>4.Б.қ. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайта келеді (8рет).<br>5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп, таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет)<br>6.Б.қ. Етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына да таспа ұстайды) (8 рет)<br>7.Б.қ. бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет). | түсіреді (8 рет).<br>2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға) бұрады (8 рет)<br>3.Б.қ.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғының артынан беру (8 рет).<br>4.Б.қ.: өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайта келеді (8рет).<br>5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп, таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет)<br>6.Б.қ.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына да таспа ұстайды) (8 рет)<br>7.Б.қ. бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Б.қ. – еденге етпетінен жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет<br>«Көпір»<br>Б.қ. — жерде жату, қолдарымен басынан асырып, еденге тірелу. Қол-аяғына тіреліп, денесін жерден көтеру – 5 рет. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:** 09.00 11.30 \| 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **Дүйсенбі<br>22.04.24** | **Сейсенбі<br>23.04.24** | **Сәрсенбі<br>24.04.24** | **Бейсенбі<br>25.04.24** | **Жұма<br>26.04.24** |
| | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Мүсіндеу<br>Музыка** | **Математика негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Сауат ашу негіздері<br>Дене шынықтыру** | **Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Қазақ тілі<br>Музыка** | **Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жыл айлары.(ойын,зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту. Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту.<br>-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>-дербестікке баулу.<br>**Дағды:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** жыл | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру;<br>-сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: буын туралы білімін, дыбыстарды ажырата алу дағдыларын | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Апта күндері.Тәулік бөліктері.Циферблат бойынша уақытты анықтау.<br>(танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Апта күндері.Тәулік бөліктері.Циферблат бойынша уақытты анықтау.<br>(ойын,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>-дербестікке баулу.<br>**Дағды:** «кеше, бүгін, | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру;<br>-буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстық сызбамен жұмыс жасау, дыбыстарды ажырата білу дағыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сызбаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру.<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым жыл мезгілдеріне байланысты сурет алып келді.<br>«Бұл қашан болады?» ойынын ұйымдастырады. Педагог суреттерді (жыл мезгілдерін) көрсетеді, ал балалар оларды атайды. Әлия мен Тимур балалардан қандай ойындар қыста, жазда ойнағанды ұнатасыңдар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін сұрады. Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғы тебу, коньки тебу, жүзу және т.б.) ұсынылды.<br>**Түсіну деңгейі: Демонстрациялық материалмен** жұмыс.<br>Педагог жылдың әр мезгілі мен киімнің белгілерін атауды ұсынады, қуыршаққа маусымдық киім бейнеленген карталарды таңдайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Педагог **2-тапсырманы** орындауға ұсынады. | дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі, берілген дыбысқа сөз ойлап айтады, сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** буыннан сөз құралатынын.<br>**Қолданады:** буын туралы білімін, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог балаларға сөздер айтады, балалар қай жерге тиесілі екенін табады.<br>Сахна, перде, микрофон, орындық – ... (*театр)*<br>Орындық, касса, рупор – ... (*вокзал)*<br>Сөрелер, касса, азық-түлік – ... (*дүкен)*<br>Қолжуғыш, сүлгі, сабын, айна – ... (*жуынатын бөлме)*<br>**2. Негізгі бөлім**<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар қандай болып бөлінеді?<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>**Дыбыстармен жұмыс.** | **Дағды:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды, уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жаттығуы:** Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар.<br>Алдымен көктем, одан кейін ...<br>Алдымен күн..., одан кейін...<br>Алдымен дүйсенбі, одан кейін ...<br>Алдымен бүгін, одан кейін ... Алдымен қаңтар, одан кейін ...<br>Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады:<br>**Түсіну деңгейі: Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Арнаулы кестемен жұмыс.<br>Апта күндерін естеріне түсіреді. Аптаның бірінші, бесінші, жетінші | ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды, уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;<br>**Түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;<br>**Қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Ойын жаттығуы:** Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар. Алдымен көктем, одан кейін ...<br>Алдымен күн..., одан кейін...<br>Алдымен дүйсенбі, одан кейін ...<br>Алдымен бүгін, одан кейін ... Алдымен қаңтар, одан кейін ...<br>Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады:<br>**Түсіну деңгейі: Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Арнаулы кестемен жұмыс. Апта күндерін естеріне түсіреді. Аптаның бірінші, бесінші, жетінші күндерін атауды сұрайды.<br>**«Жанды апта» дидактикалық ойыны**<br>ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің | байланысты сөйлем құрайды, берілген тақырыпқа сөз ойлап, буынға бөледі, дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіреді.<br>**Түсінеді:** сөз ішінен мағынасы бөлек сөзді табады, мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстық сызбамен жұмыс жасау, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Артығын тап» ойынын педагог балалармен ойнатады.<br>Автобус, троллейбус, поезд, ұшақ.<br>Зымыран, ұшақ, тікұшақ, дельтаплан, кеме.<br>Түймедақ, раушан, қызғалдақ, бәйшешек, қайың.<br>Арыстан, түлкі, қоян, аю, мысық.<br>Білезік, сақина, моншақ, сырға, телефон.<br>Дидактикалық жаттығу: «Тиісті текшені көтер»<br>Педагог дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда көк түсті текшені көтереді.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Суреттерді қарайды.<br><br>**2-тапсырманы** қарайды. Барлық суреттер араласып кеткенін айтады.<br>Жұмбақты оқиды.<br>Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды қоршап сызады: қыс, көктем, жаз, күз.<br>Педагог жыл мезгілдері туралы өлең оқиды.<br>**Жыл мезгілдері**<br>Гүл-гүл жайнап жер беті,<br>Гүрілдейді сайда өзен.<br>Гүлжазира жарасқан<br>Гүлдерімен қай кезең?<br>Күннің көзі шуақты,<br>Балалар жүр шомылып.<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Жапырақтар сарғайып, Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>Шана зырғып желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>**Сергіту сәті.**<br>Балақай-ау, балақай,<br>Жаз келеді-ау, алақай.<br>Жалаң аяқ жүреміз, Балақты да түреміз. Көлден балық сүземіз, Жалтылдатып тіземіз.<br>Тау мен тасты кеземіз, Сан қызықты көреміз, Сайдан жидек тереміз, Алтытақан тебеміз . **Демонстрациялық материалмен жұмыс** көрсету материалы табиғи құбылыстарды, жыл мезгілдеріндегі адамдардың киімдері мен іс-әрекеттерін | Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»<br>Педагог дыбыстар айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дидактикалық жаттығу:**<br>**«Тиісті белгіні көтер»**<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>Ойын: «Сөздер тізбегі» (доппен)<br>Балаға допты беріп сөз айтады. Бала айтылған сөздің соңғы дыбысына сөз айтып, допты әрі қарай береді. Сөзді айтқанда бастапқы және соңғы дыбысты анық айту қажет.<br>Сөздер тізбегін айту барысында нені анық айтып, нені мұқият тыңдадыңдар? (*Дыбысты*)<br>Мысалы: *шар-радио-ожау-уылдырық-қымыз-зәкір-рауғаш-шалма-алма-алтын-наннар-риза-алмұрт-тас-сағат-тарақ-қасық-қант-табақ-қалам-мама-апельсин- нағашы-ыдыссемсер т.б.)*<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Жоғалған дыбыс»**<br>–Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын | күндерін атауды сұрайды.<br>**«Жанды апта» дидактикалық ойыны** ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:<br>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с.<br>Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>-Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>10 - кестедегі **демонстрациялық материалмен** жұмыс.<br>Суреттерді қараңдар.<br>-Бірінші суретте не бейнеленген?<br>Екінші суретте не бейнеленген? (Үшінші, төртінші).<br>Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды.<br>**1-тапсырма**.<br>- Қыз аптаның әр күнінде | үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:<br>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с.<br>Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>-Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>10 - кестедегі **демонстрациялық материалмен** жұмыс.<br>Суреттерді қараңдар.<br>-Бірінші суретте не бейнеленген?<br>Екінші суретте не бейнеленген? (Үшінші, төртінші).<br>Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды.<br>**1-тапсырма**.<br>- Қыз аптаның әр күнінде не істегенін айтып бер. Сен жексенбі күні не істегеніңді есіңе түсір?<br>Дүйсенбі күні ше?<br>- Педагог балаларды жыл айларын дұрыс ретімен | балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Сөз жарыс»**<br>Педагог: Балалар, енді ***«Сөз жарысын»*** ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Қағып ал»**<br>Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар.<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), оootын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланыстыру үшін қолданылады. Педагог өлең тыңдауға шақырады<br>Аппақ ұлпа қары бар,<br>Қаңтардың өз әні бар.<br>Ақ сүт жағып алғандай, Ең қысқа ай-Ақпан ай.<br>Жасандырып жас талды,<br>Көктем айы басталды.<br>Ғарышқа жол салынған<br>Сәуір айы-тәуір ай.<br>Жер дүние жасанды, Келіп сұлу Мамыр ай.<br>1 маусым, балалар,<br>Қорғайтын күн сендерді.<br>Барып жасыл жайлауға, Жаз қызығын көріңдер.<br>Енді жүрме сен текке,<br>Жаздың соңғы айында,<br>Барар болсаң мектепке,<br>Әліппеңді дайында.<br>Қыркүйек айы келгенде,<br>Айқара аш есігін<br>«Қош келдің» деп мектебің<br>Қарбыз,қауын піседі,<br>Соғады ептеп жел үріп.<br>Қараша айы, қара суық,<br>Қара жел тұр аласұрып.<br>Ойын ойнап,міне,біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз ,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***«Жыл бойы»*** (доппен) **дидактикалық ойыны**<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:<br>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br>**Ойын жаттығуы:**<br>**«Мен бастаймын, сен жалғастыр»** | дыбыстамай айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.<br>Мысалы:<br>- *...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(к), ...әбіз(с), ...ызанақ(қ), ...ырыққабат(қ), ...сқабақ(а), ...армақ(қ), ...йыншық(о), ...квариум(а), ...ақта(т), ...уыршақ(қ), ...елосипед(в), ...амокат(с) т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық жаттығу: «Қайсысы дұрыс?»<br>– Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз.<br>Мысалы: *ааалжапқыш-алжапқыыыш, бааағдаршам-бағдаршааам, дәәәріханадәріханааа, қооойылым- қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ-шапалааақ, жааапырақ-жапалааақ, дooомбыра-домбыраaa, қooобыз- қобыыыз, жаааалбыз- жалбыыыз, қааасық-қасыыық, жааааpғанат-жарғанааат,* | не істегенін айтып бер.<br>Сен жексенбі күні не істегеніңді есіңе түсір?<br>Дүйсенбі күні ше?<br>- Педагог балаларды жыл айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады.<br>Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды.<br>**2-тапсырма**<br>Сөйлемдерді тыңдайды, суреттерді дұрыс ретімен сызып қосады.<br>Дүйсенбі күні күн ашық болды.<br>Сәрсенбі күні қатты жел соқты.<br>Бейсенбі күні күн бұлтты болды.<br>Сенбіде найзағай ойнады.<br>Жексенбіде жаңбыр жауды.<br>Тапсырманы талқылайды, сол жағындағы цифрлар апта күндерін бағдарлайды, табиғат құбылыстары бар суреттерімен сызып қосады.<br>**3-тапсырма**<br>Педагог уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады.<br>**4-тапсырманы** орындау<br>Суреттегі айырмашылықтарын | атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды.<br>**2-тапсырма**<br>Сөйлемдерді тыңдайды, суреттерді дұрыс ретімен сызып қосады.<br>Дүйсенбі күні күн ашық болды.<br>Сәрсенбі күні қатты жел соқты.<br>Бейсенбі күні күн бұлтты болды.<br>Сенбіде найзағай ойнады.<br>Жексенбіде жаңбыр жауды.<br>Тапсырманы талқылайды, сол жағындағы цифрлар апта күндерін бағдарлайды, табиғат құбылыстары бар суреттерімен сызып қосады.<br>**3-тапсырма**<br>Педагог уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады.<br>**4-тапсырманы** орындау<br>Суреттегі айырмашылықтарын табады. Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды.<br>**Танымдық жұмыс:** | тттүйе(т), ммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), еeер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б.<br>Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»**<br>Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыстан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.<br>Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?<br>Балалардың жауабы тыңдалады.<br>**Сергіту сәті: «Паровоз»**<br>Кәне, енді тұрайық,<br>Бір қатарды құрайық.<br>Белімізден ұстасып,<br>Алға бағыт бұрайық.<br>Паровоз боп ойнайық,<br>Вагондарды жалғайық.<br>Сапар шегіп алысқа,<br>Алға қарай зулайық.<br>**Саусақ жаттығуы :**<br>Бір, екі, үш, кәне, жина күш.<br>Саусақтарды басайық, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог бастайды, балалар жалғастырады.<br>Алдымен көктем, содан кейін ... жаз<br>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең<br>Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.<br>Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.<br><br>**Дәптермен жұмыс**<br>**2-тапсырма**.<br>Балалар шеңберді қарайды Жыл айларын есіңе сақтаңдар. Жыл мезгілдерінің айларын атайды. Балалар хормен қайталайды.<br>Жыл мезгілдерінің аттарын есте сақтаңыз. Жыл мезгілдері мен айларын атайды. Балалар хормен қайталайды.<br>Жылдың әр мезгілінде неше ай бар? (4)<br>Барлық айларды өздеріңіз қайталауға тырысыңыздар. Педагог балаларды жылдың айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды | *жыыыылқы-жылқыыы, теееокше-текшеее, бааалапан- балапааан, бооотақан-ботақааан, көөөзілдірік -көзілдіріік, жааапырақжапырааақ , көөөрпе-көрпеее т.б.*<br>**Дидактикалық ойын: «Досыңды шақыр»**<br>Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-біріңді табу үшін, не істер едіңдер? *(Досымыздың атын атап шақырамыз).*<br>Мысалы: *(Дастаааан! Серікбоооол! Айғаныыыым! Айшаааа! Ернааар! Балжааан! Ардааақ! Санжааар! Беріііік! Мерееей! т.б. )*<br>Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар.<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Гүлдер»**<br>Қызыл, сары аппақ гүлдей,<br>Жайқалайық өсейік.<br>Айналамыз құлпырсыншы<br>Гүлден кілем төсейікші<br>Самал желмен тербелеміз,<br>Біз әдемі гүлдерміз.<br>Ауламызға өң береміз,<br>Табиғаттың көркіміз.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Саусақтар шықты қыдырып,<br>Балетке келді жүгіріп.<br>Залдың шамы сөнеді,<br>Бишілер билеп береді.<br>Балет қандай тамаша!<br>Қол соғайық таласа. | табады. Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды. | <br><br><br><br> | Жаттығуды жасайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | фишкамен мадақтайды.<br>**3-тапсырманы** балалар жеке орындайды, кейін тексереді. Суреттерді қарайды. Мысалдар құрастырып, оларды шығарады.<br>**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**<br>Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді. | | | | |

***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери»**

**Басты міндеттері: ойын сюжетін шығармашылық түрде дамыту қабілетін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда соғыстағы батырлар туралы нақты идеяларды, олардың Отан үшін жасаған ерліктерінің моральдық мәнін қалыптастыру. Балалардың бойында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, адамдардың ерлігіне таңдануды тәрбиелеу.**

| | | |
|---|---|---|
| <br> | <br> | **Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери»**<br>**Ойынның міндеттері:** ойын сюжетін шығармашылық түрде дамыту қабілетін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда соғыстағы батырлар туралы нақты идеяларды, олардың Отан үшін жасаған ерліктерінің моральдық мәнін қалыптастыру. Балалардың бойында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, адамдардың ерлігіне таңдануды тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.<br>**Материал:** сарбаздар мен әскери техникалар жиынтығы, медбикелерге арналған орамалдар.<br>**Ойынға дайындық:** әскери тақырыптағы суреттерді қарау, шығармаларды оқу: Л.Кассиль " Бас Армия»,"Кеңес сарбазына ескерткіш", Я.Друганский"сарбаздар не істей алады".<br>**Ойынның ережесі :**<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>– Бүгін біз бұл суреттерді оңай қарастырмаймыз. Бір салтанатты күні біздің еліміз өте маңызды және есте қаларлық мерекені атап өтеді. Бұл қандай мереке екенін кім біледі? (Жеңіс күні). Бұл төрт жылға созылған және |

| | | |
|---|---|---|
| | | халқымыздың жеңісімен аяқталған Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні. Бұл өте қорқынышты соғыс болды. Фашистер біздің елімізді басып алып, халқымызды құлдыққа алғысы келді, бірақ олар жетістікке жете алмады.Төрт жыл бойы, күн сайын, ай сайын, жыл сайын біздің халқымыз фашистік армиямен шайқасты. Және, ақырында, жеңіске жетті. Себебі әділеттілік үшін күресіп, соя Отанын, халқын қорғаған адам әрқашан жеңіске жетеді. Бүгін біз "әскери" ойынын ойнаймыз. Ол үшін рөлдерді бөлу керек. Біздің ойынның негізгі қатысушылары кім екенін айтыңыз (әскери, сарбаздар, командирлер, ұшқыштар).<br>Топтың орталығындағы әскери әрекеттер. Біз екі командаға бөлініп, өз орындарымызды аламыз.<br>Ұрыс кезінде жараланғандар болады, сондықтан бізге медсанбат керек.  Медсанбате болады еңбек етіп, дәрігер және медбике. Жауынгерлерімізді жеңуге көмектесу үшін тылда жұмыс жасау керек. Ол үшін снарядтар мен әскери техника шығаратын әскери зауыт ұйымдастырамыз. (Әскери зауытқа жұмысқа тағайындаймыз). Ұрыс кезінде кейде тыныштық болады, содан кейін дала асханасы пайда болады, олар сарбаздарға тамақ әкеледі. Бірақ алдымен оны дайындау керек. Мұны аспаз жасайды. Ал қыздар үй мен балалармен айналысады.<br>Барлық рөлдер таратылды, енді ойынды бастаймыз. Соғыста орыс сарбаздары жеңіске жетті, ал бізде Достық бар. Мобильді ойын " Кім жылдам?»<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ұсыныс:**<br>Армиядағыдай бірнеше қатарға орналастырылған орындықтарда гимнаст, комбинезон, жадағай, буденовка, бескозырка бар. Команда бойынша балалар мүмкіндігінше тез киінуі немесе қуыршақтар киюі керек. Барлық әрекеттерді басқаларға қарағанда тезірек және дұрыс жасайтын адам жеңеді. Жеңімпаз тағайындалады командир. Ол конвертті басып шығарады және балалардың келесі жолы қандай әскери бөлімге баратынын хабарлайды. |
| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Маңдай тер.(Әңгіме)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау;<br>-әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету;<br>-үлкендерді сыйлауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: үлкеннің айтқаны тәрбие екенін, ізеттілікті түсіну қабілеттеріне, сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**сұрақтарға жауап береді, түсінгендерін айта біледі**,** сөйлем түрлерін анықтайды**;**<br>**Түсінеді:** «маңдай тер» сөзінің мағынасын;<br>**Қолданады:** әңгімеге тақырып ойлап табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, өлең жолдарын қайталауды ұсынады.<br>Жабырқауды білмейміз,<br>Жалқаулықты сүймейміз.<br>Біз – талантты жас ұлан,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br>**Түсіну деңгейі:** Осы кезде бөлмеге «сауысқан» келеді де, саңқылдаған дауыспен:<br>Хат келді!<br>Хат келді! – деп саңқылдайды. Педагог хатты алып оқып, бұл хатта әңгіме жазылғанын және әңгімеге тақырыпты балалардың ойлап табуы | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жануарлар жауынан қалай қорғанады?<br>(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың коректік тәуелділік туралы түсінігін жетілдіру; қоректік тізбек жасау қабілетін дамыту;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>-табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету.<br>**Дағды:** коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**жануарлар әлемінің өкілдерін атап береді.<br>**Түсінеді:** жәндіктер, құстар мен аңдардың бір-біріне тәуелділігін түсінеді.<br>**Қолданады**: коммуникативтік дағды, талқылау, қорытынды жасау қабілеті қалыптасқан<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>Жануарлар туралы жұмбақтар.<br>Жазда қыдырады,<br>Қыста тынығады. (Аю)<br>Бейқам елді іздейді,<br>Малдан күдер үзбейді.<br>(Қасқыр) | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жеңіс күні (өлеңді жаттау)Қайрат Жұмағалиев (тілдік қарым-қатынас,жаттау)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей<br>оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту.<br>**Дағды:** Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Жеңіс күні туралы түсінігін кеңейту дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Отанды біз атамекен<br>Деп аялап атаймыз.<br>Өйткені оны мекен еткен<br>Бабамыз бен атамыз. | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Маңдай тер.(Әңгіме)Еркін әңгімелеу.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау;<br>-әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету;<br>-үлкендерді сыйлауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: үлкеннің айтқаны тәрбие екенін, ізеттілікті түсіну қабілеттеріне, сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**сұрақтарға жауап береді, түсінгендерін айта біледі**,** сөйлем түрлерін анықтайды**;**<br>**Түсінеді:** «маңдай тер» сөзінің мағынасын;<br>**Қолданады:** әңгімеге тақырып ойлап табуды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, өлең жолдарын қайталауды ұсынады.<br>Жабырқауды білмейміз,<br>Жалқаулықты сүймейміз.<br>Біз – талантты жас ұлан,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br>**Түсіну деңгейі:** Осы кезде бөлмеге «сауысқан» келеді де, саңқылдаған дауыспен:<br>Хат келді!<br>Хат келді! – деп | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жеңіс күні (өлеңді жаттау)Қайрат Жұмағалиев(суреттер арқылы еркін жұмыс)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей<br>оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту.<br>**Дағды:** Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Жеңіс күні туралы түсінігін кеңейту дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** өлең мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Отанды біз атамекен<br>Деп аялап атаймыз.<br>Өйткені оны мекен еткен<br>Бабамыз бен атамыз.<br>**Түсіну деңгейі:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керектігін айтады.<br>Енді мен әңгімені оқиын, ал сендер мұқият тыңдаңдар:<br>Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды.<br>Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді.<br>Қолына күрек ұстатты да:<br>Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді.<br>Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады.<br>Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты.<br>Сондай дәмді! – деді Хамит. Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.<br>*(Б.Досымов)*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:** | Есек құлақты,<br>Мысық аяқты.<br>Түйе ерінді<br>Ешкі құйрықты. (Қоян)<br>Ағаштан-ағашқа секірген,<br>Кішкентай ғана шапшаң аң. (Тиін)<br>Халық «қу» деп,<br>Қылған күлкі<br>Айласы көп<br>Бұл не? (Түлкі)<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Қандай жануарларды жыртқыш, қандай жануарларды шөпқоректі дейді? Неліктен?<br>Өздерінің болжамдарын айтады: Жыртқыштар – тісі өткір, иіс сезу мүшесі жақсы дамыған, көзі көргіш, саққұлақ аңдар. Бұл олардың өзге жануарларды аулауына көмектеседі. Шөпқоректілер – өсімдіктермен қоректенетін жануарлар.<br>**Түсіну деңгейі: Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады.**<br>**Әліппе-дәптердегі жұмыс** арқылы балалардың тануға деген қызығушылығын оятады. Педагогтің ормандағы тіршілік тізбегі, орман тұрғындарының бір-біріне тағамдық тәуелділігі жайлы әңгімелейді:<br>«Табиғатта барлық зат бір-біріне тығыз байланысты және жануарлар мен өсімдіктер санының арасында тепе-теңдік бар. Жер бетінде көптеген өсімдіктер, бұталар мен ағаштар өседі. Оларды | **Түсіну деңгейі:**<br>9 Мамыр – Жеңіс күні!<br>Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды.<br>Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атаңдаршы.<br>Жеңіс – соғыста жеңу, жеңімпаз болу деген сөз.<br>Елімізді, жерімізді, Отанымызды жаудан қорғауға міндеттіміз.<br>Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» деген өлеңімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Ойлап-ойлап тұрдым көп,<br>Сауал бердім білгім кеп:<br>– Қуанышты мереке –<br>Жеңіс күні қай күн? – деп<br>Атамнан да сұрадым,<br>Апамнан да сұрадым.<br>Тосты бәрі құлағын,<br>– Дұрыс, – десті, – сұрағың.<br>– Бейбіт күннің бәрі де,<br>Жеңіс күні, шырағым.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс**:<br>*Бейбіт күн* – тыныштық.<br>***Сұрақ-жауап:***<br>Өлең қалай аталады?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Қуанышты мереке қай күні екен? Өлеңді қайталап, | саңқылдайды. Педагог хатты алып оқып, бұл хатта әңгіме жазылғанын және әңгімеге тақырыпты балалардың ойлап табуы керектігін айтады.<br>Енді мен әңгімені оқиын, ал сендер мұқият тыңдаңдар:<br>Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста.<br>Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені.<br>Ешқашан шаршамайды.<br>Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді.<br>Қолына күрек ұстатты да:<br>Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді.<br>Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады.<br>Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты.<br>Сондай дәмді! – деді | 9 Мамыр – Жеңіс күні!<br>Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды.<br>Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атаңдаршы.<br>Жеңіс – соғыста жеңу, жеңімпаз болу деген сөз.<br>Елімізді, жерімізді, Отанымызды жаудан қорғауға міндеттіміз.<br>Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» деген өлеңімен танысамыз.<br>Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Ойлап-ойлап тұрдым көп,<br>Сауал бердім білгім кеп:<br>– Қуанышты мереке –<br>Жеңіс күні қай күн? – деп<br>Атамнан да сұрадым,<br>Апамнан да сұрадым.<br>Тосты бәрі құлағын,<br>– Дұрыс, – десті, – сұрағың.<br>– Бейбіт күннің бәрі де,<br>Жеңіс күні, шырағым.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс**:<br>*Бейбіт күн* – тыныштық.<br>***Сұрақ-жауап:***<br>Өлең қалай аталады?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Қуанышты мереке қай күні екен? Өлеңді қайталап, есімізге түсірейік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог балаларға әңгіме мазмұнына байланысты сұрақтар қояды:<br>Әңгімеде кімдер туралы айтылады?<br>Хамит атасынан не туралы сұрады?<br>Атасы осы кезде не деді?<br>Хамит тоғайдан не қазып әкелді?<br>Көп жылдар өткен соң не болды<br>Атасы Хамитті қайда әкелді?<br>Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті?<br>Педагог балалардан тыңдаған әңгімелеріне қандай тақырып қоюға болатынын сұрайды. Айтқан тақырыбына байланысты педагог балалардың әңгіме мазмұнын түсінген-түсінбегендігін анықтайды.<br>**Дидактикалық ойын: «Қандай сөйлем екенін тап».**<br>Ойын шарты: Педагог сөйлемдер айтады. Балалар қандай сөйлем екенін табады.<br>Әже, сіз не істеп жатырсыз?<br>Ұстаңдар! Ұстаңдар!<br>Ұста оны!<br>Күн шығып, дала нұрға бөленді.<br>Алманы үзген кім?<br>Тоқта! Қызыл түс жанғанда жүрме!<br>Бақта жемістер өседі.<br>Дәптермен жұмыс<br>Дәптердегі тапсырманы орындау керек.<br>**Сергіту сәті:**<br>Аппақ болып таң атты, | шөпқоректі жануарлар, мысалы қояндар жейді. Ал қояндарды жыртқыш аң – қасқырлар жейді».<br>Төмендегі тапсырмаларды орындауды ұсынады:<br>«Өсімдіктер бейнеленген барлық карточкаларды таңдап алып, оларды тақтаға орналастыр»<br>«Осы өсімдіктермен қоректенетін жануарларды тауып, оларды тақтаға орналастырыңдар»<br>«Тақтада өсімдіктерден төмен орналасқандарды жейтін жануарларды табыңдар». «Тақтаға ұсақ аңдар мен құстарды аулап жейтін жыртқыштардың суреттерін орналастырыңдар».<br>Педагог жекелеген аңдар үшін шағын «қоректену тізбегін» құрауға болатынын айтады (үлгілер көрсетеді).<br>Гүл – көбелек – сары шымшық – жапалақ; Емен, жаңғағы – тышқандар – түлкі.<br>Балалар мынадай тұжырым жасайды: өсімдіктер жәндіктер мен ұсақ жануарларды «қоректендіреді», ал жәндіктер мен ұсақ жануарлар ірі жануарларды «тамақтандырады». Ал олар жыртқыштардың жеміне айналады.<br>Ормандағылардың бәрінің тамағы тоқ па? Ал өсімдіктер ше? Осы жерде балалар өсімдіктердің өсуі үшін қажет заттарды еске | есімізге түсірейік.<br>3-4 балаға өлеңді қайталап айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретке қарап, тақырыбын болжап айт.<br>Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>Ортада не жанып тұр?<br>Балалардың қолында не бар?<br>Олар кімге тағзым етіп жатыр?<br>**Сергіту сәті:**<br>Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шынығамыз жастай біз.<br>Көңілді әуен сазымен<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Иілеміз оңға бір,<br>Иілеміз солға бір. | Хамит.<br>Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.<br>*(Б.Досымов)*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Педагог балаларға әңгіме мазмұнына байланысты сұрақтар қояды:<br>Әңгімеде кімдер туралы айтылады?<br>Хамит атасынан не туралы сұрады?<br>Атасы осы кезде не деді?<br>Хамит тоғайдан не қазып әкелді?<br>Көп жылдар өткен соң не болды<br>Атасы Хамитті қайда әкелді?<br>Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті?<br>Педагог балалардан тыңдаған әңгімелеріне қандай тақырып қоюға болатынын сұрайды. Айтқан тақырыбына байланысты педагог балалардың әңгіме мазмұнын түсінген-түсінбегендігін анықтайды.<br>**Дидактикалық ойын: «Қандай сөйлем екенін тап».**<br>Ойын шарты: Педагог сөйлемдер айтады. Балалар қандай сөйлем екенін табады.<br>Әже, сіз не істеп жатырсыз?<br>Ұстаңдар! Ұстаңдар! | 3-4 балаға өлеңді қайталап айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретке қарап, тақырыбын болжап айт.<br>Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>Ортада не жанып тұр?<br>Балалардың қолында не бар?<br>Олар кімге тағзым етіп жатыр?<br>**Сергіту сәті:**<br>Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шынығамыз жастай біз.<br>Көңілді әуен сазымен<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Иілеміз оңға бір,<br>Иілеміз солға бір.<br><br><br><br><br>**Танымдық шығармашылық жұмыс:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Түтін тіке ұшады.<br>Қарлығаштар қанатын Биік самғап ұшады. | түсіреді. Тақтаға күн, су мен ауаның үлгілерін жапсырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс істеуге шақырады.**<br>Бағдаршаның көмегімен қорек тізбегін құрайды.<br>*Тышқан бидаймен қоректенеді. Тышқан – түлкінің қорегі.*<br>Фотосуреттерді қарап шық, жәндіктердің бояудың көмегімен қалай жасырынатынын біл.<br>*Шегіткенің түсі жасыл. Шөп, жапырақта отырған кезде оны жауы байқай алмай қалады.*<br>Түрлі түсті қарындаштың көмегімен шегірткені шөптің арасына жасыр. Бояйды.<br>**Сергіту сәті**<br>Қырғауыл боп ұшамыз, ұшамыз *(Екі қолымен қанат жасап ұшады).*<br>Түлкі болып қашамыз, қашамыз *(Бір орындарында тұрып жүгіреді).*<br>Қырғауылдай тапқыр боп, тапқыр боп,<br>Орнымызға қонамыз *(Бәрі орындарына отырады).* | | Ұста оны!<br>Күн шығып, дала нұрға бөленді.<br>Алманы үзген кім?<br>Тоқта! Қызыл түс жанғанда жүрме!<br>Бақта жемістер өседі.<br>Дәптермен жұмыс<br>Дәптердегі тапсырманы орындау керек.<br>**Сергіту сәті:**<br>Аппақ болып таң атты,<br>Түтін тіке ұшады.<br>Қарлығаштар қанатын<br>Биік самғап ұшады. |  |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| ***2 үзіліс – 10:00 – 10:30*** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Қимылды ,еңбек ойын: «Күзетшілер»**<br>**Басты міндеттері: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету.** | | | | | |

**Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.**

| | | |
|---|---|---|
|   |  | **Қимылды ,еңбек ойын: «Күзетшілер»**<br>**Ойынның міндеттері:** Командалық қимыл-әрекеттерді орындап отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.<br>**Ойын іс әрекеті:**күзетшілер күзеткен қақпадан өтіп бара жатқан баланы ұстап алуға тырысу керек.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады.Екі ойыншы қақпаның күзетшілері болadыЕкеуінің де көзі орамалмен байланады да,аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын айқастыра ұстап,қарама−қарсы «көпір» жасап тұрады.<br>Басқа балалар бір−бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс.Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды.Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса,оған қолын тигізеді,яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі.Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады.Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>**Тәрбиеші:**Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытыңдарыңа мен кәміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін! |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Дыбыстар әлемі.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын нығайту.<br>-есту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта | **3.Мүсіндеу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Әдемі гүлдер.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу; өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру;<br>-қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту;<br>-эстетикалық талғамдарын | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру;<br>-сөзде түсіп қалған тиісті | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Не? Кім? Қайда?<br>**ҰІӘ міндеттері:** -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру;<br>-ойлау, ауызекі сөйлеу | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Көктемгі табиғаттың өзгеруі(ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балаларды көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білу дағдыларын дамыту.<br>**Дағды**: -сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>***Жасайды:*** дыбыстарды естіп ажырата алады.<br>**Түсінеді:** тапсырмаларды түсінеді.<br>**Қолданады:** қазақ тіліне тән дыбыстары, сөздерді дұрыс айта біледі.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>–Сәлеметсіздер ме?!<br>Суреттер бойынша өткен «Оқу құралдары» тақырыпты қайталау.<br>**Ойын: «Алтын сақа сөз жинайды»** өткен сөздерді қайталау, бекіту. Балалар әрбір айтқан сөз үшін фишка алады. Ойын соңында фишка көп жинаған бала жеңімпаз атанады.<br>**Түсіну деңгейі:** Сендер жұмбақ білесіңдер ме? Білетін жұмбақтарын естеріне түсіру.<br>Бүгін ерекше жұмбақ шешеміз. Жұмбақтың шешуі – дыбыстар.<br>***Жұмбақ жасыру.*** Педагог сөздегі тиісті дыбысты созып оқиды.<br>Әкеңде бар, Атаңда жоқ.<br>Тәтеңде бар, Апаңда жоқ.<br>**(Ә)**<br>Жоқта бар, Барда жоқ.<br>Шоқта бар, Талда жоқ.<br>**(Қ)**<br>Күнде бар, Айда жоқ. | қалыптастыру, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: гүлдің адамға жақсы көңіл күй сыйлайтынын, бекерге жұлмау керектігін білуге дағдыландыру;<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**түймедақ гүлін мүсіндейді;<br>**Түсінеді:**гүлдің адамға жақсы көңіл күй сыйлайтынын, бекерге жұлмау керектігін;<br>**Қолданады:**мүсіндеу әдіс-тәсілдерді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог үнтаспа арқылы музыка қосады. Балалар тізерлеп отырады.<br>Көктемгі күн Жер-ананы қыздырып, табиғаттағы бар тіршілік иелері оянып, гүлдер Жер-анадан күш алып, жапырақтарын жайып, күлтелерін көтеріп, күнге қарай қол созады.<br>Балалар, сендер көктемнің алғашқы гүлдері болып, Жер-анадан нәр алып күлтелеріңді аштыңдар.<br>Қандай сезімде болдыңдар?<br>Көктем гүлдерін атаңдаршы?<br>–Гүлдердің адамдарға тигізетін пайдасы бар ма?<br>Гүлдер жерге көрік, әсемдік, әдемілік береді. Адамдарға қуаныш, жақсы көңіл күй сыйлайды. Сондай-ақ «Бақбақ», «Түймедақ» гүлдерінен дәрі жасайды.<br>**Түсіну деңгейі:** Балалар, бүгінгі оқу қызметінде | дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: буын туралы білімін, дыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөздерді буынға бөледі, берілген дыбысқа сөз ойлап айтады, сөйлем құрайды.<br>**Түсінеді:** буыннан сөз құралатынын.<br>**Қолданады:** буын туралы білімін, дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог балаларға сөздер айтады, балалар қай жерге тиесілі екенін табады.<br>Сахна, перде, микрофон, орындық – ... *(театр)*<br>Орындық, касса, рупор – ... *(вокзал)*<br>Сөрелер, касса, азық-түлік – ... *(дүкен)*<br>Қолжуғыш, сүлгі, сабын, айна – ... *(жуынатын бөлме)*<br>**2. Негізгі бөлім**<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар қандай болып бөлінеді? | белсенділігін арттыру.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өткен тақырыптар бойынша сөздерді айтады.<br>**Түсінеді:** Не? Кім? Қайда? сұрақтарын түсініп, орынды қолданады.<br>**Қолданады:** сұрақтарға сөйлеммен жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Кел, балалар, ойнайық» әні.<br>Кел, балалар, ойнайық,<br>Ойнайық та ойлайық.<br>Қандай жұмбақ болса да<br>Шешпей оны қоймайық.<br>**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.<br>Сәлеметсіздер ме?!<br>«Не? Кім? Қайда?» ойынын ойнауға шақырады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Балаларды ғажайып шеңбермен, **жаңа сөздермен таныстыру**.<br>Ғажайып, ға-жайып.<br>Шеңбер, шең-бер.<br>Ұпай, ұ-пай. Жеңіс, жең-іс.<br>Сөздерді дұрыс айтып жаттығу.<br>**Ойын шарты:** балаларды топтарға бөлуге болады.<br>Шеңберді айналдыру арқылы тапсырманы таңдайды. Тапсырманы | -өзіндік эксперименталды жұмыстар ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін нығайту;<br>-табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Дағды:** табиғаттың маусымдық өзгерістерге тәуелділігін білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** көктемнің белгілерін атап береді.<br>**Түсінеді:** табиғаттың маусымдық өзгерістерге тәуелділігін.<br>**Қолданады:** эксперименталдық жұмыстармен айналысу қабілеті қалыптасқан.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог балаларды бұған дейін өткен тақырыптарды негіз ете отырып, балаларды әңгімеге тартады. Қазір көктемнің қай айы және ол несімен ерекшеленетінін сөз етеді.<br>Қызығушылық танытып, әңгімеге араласады. Мамыр айы келді. Күн жарқырап, жер бетін қыздырып тұр. Жылы жел соғып, аспанда көгілдір бұлттар қалқып жүр. Мамырда күн жиі күркірейді, нөсер жауын жауады. Жаңбырдан кейін аспанда жиіжиі кемпірқосақ пайда болады. Терек, қайың, қарағай, мойыл, бөртегүл сияқты ағаштар мен бұталар гүлдейді. Алма, шие, қара |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Түнде бар, Таңда жоқ.<br>**(Ү)**<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Ойын: «Кім тапқыр».**<br>Аталған дыбыс бар буын, сөз құрайды. Мысалы: әк-әке, әт-әтеш, әп- әпке.<br>Сөзжұмбақ шештіру.<br>Жауаптағы сөздердің бірінші және соңғы дыбысы «а». Балалар жауабын айтады<br>1 – отбасы мүшесі (*ана*).<br>2 – жеміс (*алма*).<br>– отбасы мүшелері (*ата, аға*).<br>– Иілсең иіліп, түйілесің түйіліп, Қарайды кісіге, ұқыпты ісіне. (*Айна)*<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық<br>Қолды белге қоялық.<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға бір адым,<br>Артқа бір адым.<br>Жоғары, төмен қарайық<br>Орнымызды табайық. | түймедақ гүлін мүсіндейміз.<br>Педагог балалардан жұмыс дәптерлеріне көңіл бөлулерін сұрайды.<br>–Түймедақ күлтелерінің түсі қандай екен?<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Гүлді жасау кезеңдерімен таныстыру:<br>Сары түсті ермексазды алақанға салып домалақтаймыз, алақанмен басып сәл жалпақтаймыз.<br>Күлте жасау үшін біз 7 бірдей домалақ жасап алуымыз керек.<br>Саусақтарымыздың көмегімен сопақша пішінге келтіріп, оны жалпақтап, екі ұшын сұқ саусақ, ортаңғы саусақ көмегімен доғалдап, күлтелерін жасаймыз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн!<br>Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн!<br>Біз сүйкімді баламыз!<br>(«Өзін-өзі тану» пәні бойынша.)<br>Дайын үлгіге гүлдің ортасын қоямыз, күлтелерін айналасына орналастырамыз, сабағын, жапырағын шымшу арқылы біріктіреміз. | Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>**Дыбыстармен жұмыс.**<br>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»<br>Педагог дыбыстар айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»**<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Ойын: «Сөздер тізбегі» (доппен)**<br>Балаға допты беріп сөз айтады. Бала айтылған сөздің соңғы дыбысына сөз айтып, допты әрі | орындаған балалар ұпай жинайды. Ойын соңында ұпайларын санап кімнің (қай топтың) жеңгенін анықтайды.<br>Тапсырмаларды орындау барысында суреттерді атайды. Не? кім? қайда? сұрақтарына жауап береді. Мысалы: Мынау кім? Мынау – тәрбиеші.<br>Тәрбиеші қайда жұмыс істейді? Тәрбиеші балабақшада жұмыс істейді.<br>Мынау – төсек.<br>Балабақшада төсек бар.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Тақырыптар:**<br>Балабақша. Мектеп.<br>Оқу құралдары мен ойыншықтар.<br>Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары.<br>Жыл мезгілдері.<br>**Ойын: «Дұрыс па?»**<br>педагог сөйлемдер айтады. Балалар «иә», «жоқ» деп дұрыс сөйлемді қайталайды, қате сөйлемді түзеп айтады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық<br>Қолды белге қоялық.<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға бір адым,<br>Артқа бір адым.<br>Жоғары, төмен қарайық<br>Орнымызды табайық. | өрік ағаштары гүлдеп, бау-бақшалар әдемі ақшыл-қызғылт жамылғы жамылады. Жерде қар жатты, ағаштардың жапырағы болған жоқ, құстардың сайрағаны естілмейтін…<br>Көктемде бақшаның қандай болғанын еске түсіруді ұсынады.<br>**Түсіну деңгейі:** Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады.<br>Әліппе-дәптердегі тапсырмалардыңкөмегімен балаларды мәселені іздеуге, шешуге жұмылдыру: суреттерді қарап шығып, балаларды зерттеуге қатысуға ынталандырады.<br>Күн райының өзгергенін айтады. Шөп көгерді, гүлдер гүлдеді, құстар шырқап, көбелектер ұшып жүр, ағаштар гүлдеді...<br>Ағаштар мен бұталардың құрылымын еске түсіреді.<br>Гүлдеген ағаштың түрі қандай болады? (Гүлдері ірі, күңгірт қызғыш түсті болады, олар жапырақтармен бірге пайда болады).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Педагог балаларға ағаштардың тіршілігі мен өсіп-жетілуіне қажетті заттардың бәрін еске түсіруге көмектеседі.**<br>Ағаш жарықсыз тіршілік ете алмайды. Ол суретші сияқты. Жапырақтарды жасыл түске бояйды. Онда ағашқа қажетті «азық» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қарай береді. Сөзді айтқанда бастапқы және соңғы дыбысты анық айту қажет.<br>Сөздер тізбегін айту барысында нені анық айтып, нені мұқият тыңдадыңдар? (*Дыбысты*)<br>Мысалы: *шар-радио-ожау-уылдырық-қымыз-зәкір-рауғаш-шалма-алма-алтын- наннар-риза-алмұрт-тас-сағат-тарақ-қасық-қант-табақ-қалам-мама-апельсин- нағашы-ыдыссемсер т.б.)*<br>**Дидактикалық ойын: «Жоғалған дыбыс»**<br>–Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.<br>Мысалы:<br>- *...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(к), ...әбіз(с), ...ызанақ(қ), ...ырыққабат(қ), ...сқабақ(а), ...армақ(қ), ...йыншық(о), ...квариум(а), ...ақта(т), ...уыршақ(қ), ...елосипед(в), ...амокат(с)* | | болады (жапырақты жасыл түске бояйтын хлорофилл дәндері). Ағаштардың кейбірі жарық түсетін жерлерді (қарағай, балқарағай) жақсы көреді, кейбіреулері көлеңке жерде де өсе береді (шырша, қарағаш). Күн жылу көзі. Ағаштардың кейбіреулері суыққа төзімді келеді, ал кейбіреулері тек жылы жерге бейімделген. Қыс қатты суық болса өсімдіктердің кейбірі үсіп кетеді, келесі жылы көктемей қалуы мүмкін. Жапырақтардың пайда бола бастауы да жылудың көлеміне байланысты. Адамдар сияқты ағаштар да су ішеді. Кейбір ағаштарға ылғал көп керек, ал, кейбірі азғана суды қанағат етеді. Ағаштар суды жауыннан алады. Сонымен қатар жауыншашынның қар, шық, қырау, бұршақ сияқты түрлері де ағаштарға ылғал береді. Қар – ағаштардың тамырын жауып, суықтан қорғайтын жылы тон қызметін атқарады. Көктемде ағаштардың тамыры еріген қар суын ішеді. Ағаштар да адамдар сияқты тыныстайды. Оларға да бізге сияқты таза ауа қажет. Ауа шектен тыс лас болса олар тіршілігін тоқтатады. Сонымен қатар ағаштар ауаны тазартуға көмектеседі. Жел – өсімдіктердің аталығын (шырша, қарағай) бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *т.б.*<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық жаттығу: «Қайсысы дұрыс?»<br>– Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын,  ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз.<br>Мысалы: *ааалжапқыш-алжапқыыыш, бааағдаршам-бағдаршааам, дәәәріханадәріханааа, қооойылым- қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ-шапалааақ, жааапырақ-жапалааақ, дооомбыра-домбыраaa, қооobыз- қобыыыз, жааааалбыз- жалбыыыз, қааасық-қасыыық, жааааргaнат-жарганааат, жыыылқы-жылқыыы, теееkше-текшеее, бааалапан-балапааан, боооотақан-ботақааан, көөөөзілдірік -көзілдіріiік, жааааапырақжапырааақ , көөөрпе-көрпеее т.б.*<br>**Дидактикалық ойын: «Досыңды шақыр»**<br>Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-біріңді табу үшін, не істер едіңдер? *(Досымыздың атын атап шақырамыз).*<br>Мысалы: *(Дастаааан!* | | жерден екінші жерге көшіреді, сондай-ақ шырша, қайың, қарағай, үйеңкі, шаған, терек, жөке ағаштарының тұқымын таратады. Құстар да ағаштардың тіршілігінде әртүрлі рөл атқарады. Мысалы: құстар ағаштың жемісін жейді, ағашта тіршілік ететін жәндіктермен қоректенеді. Зерттеу жұмысына қатысады. Қуаныш балалардан гүлдеп тұрған бұтақты қарап шығып, суреттеп беруді сұрайды. Ағаштарға ненің маңызды әрі қажет екенін бағдарша арқылы көрсет. Сен неге олай ойлайсың? Мына ағаштың көңіл күйін тап. Ағаш көңілдірек, әдемі болуы үшін не істеу керек? Суретін сал. Педагог балаларды « Менің достарым» ойынын ойнауға шақырады: карточкаларды үлестіріп береді, нысанның белгілі бір функциясын таңдап алады және атын атайды. Балалар белгілі бір нысанның суреті салынған карточкаларды алады. Қолындағы карточкада аталған функцияны атқаратын нысан бейнеленген балалар педагогтің қасына барады. П: Достар, айтыңдаршы, не гүлдейді?  Б: Гүлдер, ағаш, бұталар….<br>**Сергіту сәті:**<br>Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Серікбоооол! Айғаныыыым! Айшаааа! Ернааaар! Балжаааан! Ардаааақ! Санжааaар! Беріііік! Мерееeей! т.б. )*<br>Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар.<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Гүлдер»**<br>Қызыл, сары аппақ гүлдей, Жайқалайық өсейік.<br>Айналамыз құлпырсыншы Гүлден кілем төсейікші Самал желмен тербелеміз, Біз әдемі гүлдерміз.<br>Ауламызға өң береміз, Табиғаттың көркіміз.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Саусақтар шықты қыдырып, Балетке келді жүгіріп. Залдың шамы сөнеді,<br>Бишілер билеп береді.<br>Балет қандай тамаша!<br>Қол соғайық таласа. | | Шынығамыз, жастай біз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш<br>Бойымызға жинап күш.<br>Шынығамыз, жастай біз,<br>Жаттығуды бастаймыз. |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын: «Құтқар!»**

**Басты міндеттері: Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. Ептілік, төзімділік, күштілік, өзбетімен әрекет етуін дамыту.**

<table>
<tr><td colspan="3"></td><td colspan="3">Аз қимылды ойын:«Құтқар!»<br>Ойын міндеттері: Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. Ептілік, төзімділік, күштілік, өзбетімен әрекет етуін дамыту.<br>Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.<br>Әдістемелік нұсқау:<br>Ойын шарты: Балалар шеңбер құрып, ортаға қарап тұрады. Ойын алдында таңдалған екі ойыншы шеңберден щығып, жүгіреді: біреуі қашады, екіншісі қуады. Қашып бара жатқан бала шеңберде тұрған басқа ойыншылардың арқасына тығылып, «Құтқар!» деп айтып құтыла алады. Құтқарушы ойыншы шеңберден шығып қашады, ал құтқарылған бала оның орнына тұрады. Егер ойыншы басқа орынға тұрып үлгермесе, оны ұстап алады. Ойын жалғасқан кезде балалардың басқа жұбы таңдалады.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" рөлінде ойнап шығуын қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет.</td></tr>
<tr><td colspan="6">4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30</td></tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Шабандоздар.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>- бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру;<br>-қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.<br>-тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту.<br>Дағды: Ептілікті, күштілікті, көпшілдік қасиеттерін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген құрметке, білім-білік дағдыларын қолдана алуға, жұппен жұмыс,</td>
<td>4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Ән салып, би билейміз.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру;<br>-қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;<br>-ән арқылы балаларды адамгершілікке,инабаттылыққа тәрбиелеу.<br>Дағды: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырата білу дағдыларын игеру.</td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Шабандоздар.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>- бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру;<br>-қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.<br>-тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту.<br>Дағды: Ептілікті, күштілікті, көпшілдік қасиеттерін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген</td>
<td>4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.<br>ҰІӘ тақырыбы:<br>Музыка әлеміне саяхат.<br>ҰІӘ міндеттері:<br>-лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту;<br>-жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту;<br>-балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу.<br>Дағды: Музыкалық</td>
<td>4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>ҰІӘ тақырыбы: Спортпен шұғылданамыз!<br>ҰІӘ міндеттері: -оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру;<br>-аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басып, жылдамдықты сақтап, баяу жүгіруге жаттығуды жалғастыру.<br>Дағды: залда алақан мен тізеге басып, еңбектеп жүру, бастапқы қалыпқа дұрыс тұру («малдас құру»; өкшені толық басып отыру; тізерлеп тұру), 35 см биіктіктен төменге секіру</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** арқа аурулары мен жалпақтабанның алдын алуға арналған жалпы дамыту жаттығулары.<br>***Түсінеді:*** «шабандоз» терминін, эстафета ережелерін, командада, топта өз әрекетін өзгелермен үйлестіруді, фитболмен секіргенде жерден екпінмен итеріліп, қайта аяқ басымен жұмсақ түсуді.<br>**Қолданады:** бастапқы қалыпқа дұрыс келу, фитболды заттардың арасымен алып жүру, жерден көтерілген жазық бетпен жүргенде тепе-теңдік сақтау, сапқа тұру, қайта сапқа тұру, заттардың арасымен жорғалау.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Бастаушы шақырады:<br>«Ау, жігіттер, келіңдер!<br>Күш сынасып көріңдер!<br>Тақияны алыңдар,<br>Шауып келіп кідірмей,<br>Күміс теңге алыңдар!<br>Ер-тоқымнан айрылмай,<br>Шапқан атқа мініңдер!<br>Ат астынан өте шығып,<br>Бірінші боп келіңдер!<br>Жеңіп ойнақ салыңдар,<br>Бас жүлдені алыңдар!»<br>«Тақия, теңге алу ма,<br>Жігіттер одан қала ма? Бір, екі, үш,<br>Жастар ала күш! | **Репертуар: Музыка тыңдау:**«Балдырғандар маршы»<br>(К. Қуатбаев)<br>***Ән айту:***«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Біз бақытты баламыз»<br>(Ә. Қонысбеков)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Мерекелік марш»<br>(Б. Дәлденбай)<br>**Билер:** «Еркебұлан»<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Соқыртеке»<br>(Е. Хасанғалиев)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Атқа мініп шабамыз»<br>(В.Агафонников)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ән орындайды, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады.<br>**Түсінеді:** музыкалық аспаптарды дыбыстарынан ажырату түсінеді.<br>**Қолданады:** музыкаға сәйкес қимылдар орындайды, билейді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Балалар көңілді музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, қоянша секіріп, құстай ұшып, аюдай қорбаңдап, қасқырдай ырылдап жүреді.<br>Музыка ауысқанда өз беттерінше жаңа әуенге ілесіп қимылдар жасайды. | құрметке, білім-білік дағдыларын қолдана алуға, жұппен жұмыс, эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** арқа аурулары мен жалпақтабанның алдын алуға арналған жалпы дамыту жаттығулары.<br>***Түсінеді:*** «шабандоз» терминін, эстафета ережелерін, командада, топта өз әрекетін өзгелермен үйлестіруді, фитболмен секіргенде жерден екпінмен итеріліп, қайта аяқ басымен жұмсақ түсуді.<br>**Қолданады:** бастапқы қалыпқа дұрыс келу, фитболды заттардың арасымен алып жүру, жерден көтерілген жазық бетпен жүргенде тепе-теңдік сақтау, сапқа тұру, қайта сапқа тұру, заттардың арасымен жорғалау.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Бастаушы шақырады:<br>«Ау, жігіттер, келіңдер!<br>Күш сынасып көріңдер!<br>Тақияны алыңдар,<br>Шауып келіп кідірмей,<br>Күміс теңге алыңдар!<br>Ер-тоқымнан айрылмай,<br>Шапқан атқа мініңдер!<br>Ат астынан өте шығып,<br>Бірінші боп келіңдер! | мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырата білу дағдыларын игеру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа,<br>Е. Брусиловский)<br>**Ән айту:** «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)<br>«Балдырғандар әні»<br>(Г. Жотаева)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Бақытты балалық шақ»<br>(«Мен бақытты баламын»CD),<br>«Полька» (М. Красев)<br>**Билер:** «Еркебұлан»<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Латыш полькасы»<br>(М. Раухвергер)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** музыка ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** опера, балет туралы түсініктерді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын, ойынға катысады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «**Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын» CD) | дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ырғақты гимнастика, оң қол және сол қолмен сермеп лақтыру, көзге арналған жаттығулар.<br>**Түсінеді:** қолды айналдырып сермеу, секіріп түскенде тепе-теңдік сақтау, қауіпсіздік тәртібі.<br>**Қолданады:** үйде де қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру, залда алақан мен тізеге басып, еңбектеп жүру, бастапқы қалыпқа дұрыс тұру («малдас құру»; өкшені толық басып отыру; тізерлеп тұру), 35 см биіктіктен төменге секіру.<br><br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>«Жаттығуды бастадық – бұл бір!<br>Алшақ – алшақ басайық – бұл екі!<br>Тоқтама сен, кідірме – бұл үш!<br>Күн күлімдеп тұр көкте! Тамаша!<br>Үлкен боламын, күшті болам, ер болам! Тамаша!»<br>Мәтін бойынша қимылдар жасайды.<br>Бірден-екіден тізбекке тұру. Қозғалыс кезінде қайта сап құру. Арақашықтықты сақтауға тырысады.<br>Ырғақты гимнастика.<br>Зейінін шоғырландырып, қимылдарды ырғақты орындап, бірқалыпты тыныс алуға тырысады.<br>Негізгі жаттығуларды ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимыл жаттығуы: «Кім шапшаң? Сапқа тұрып жарысу.<br>Ат шабысы естілетін күй әуенімен қамшыға арналған түзету жаттығуларын орындау. Балалар қолдарына қамшы алып, шауып келе жатқандай қимылдар жасап, залда бытырап, аяқ басымен, өкшемен қалағанындай қимылдап жүреді.<br>**Түсіну деңгейі:** Арқа омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу.<br>Қамшымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау.<br>Статикалық қалыпты сақтап, омыртқаны дұрыс ұстау қабілеттерін белсендендіру.<br>Балалар бірнеше тізбекке өз орнын есте сақтап, сап түзеп тұрады. Белгі бойынша шашырап кетіп, қалауынша қимылдар жасайды.<br>Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек.<br>Бастапқы қалып (Б.қ.): 1-2 қамшыны жоғары көтеріп, оң (сол) аяғын артқа жіберіп, аяқтың ұшымен өкшесін өзіне тартып созылып – демін ішіне тартады да, 3-4 – б.қ.<br>8 рет қайталайды.<br>«Бір жағына еңкею»<br>Б.қ.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда,<br>1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жерге тигізу,<br>3-4 – б.қ. 6 рет қайталау.<br>Б.қ. шалқалап жатып алып | **Негізгі кезең**<br>Домбырам күмбірлеп, күй шерте аламын,<br>Бұрала би билеп, сурет те саламын, –<br>деп, «Біз өнерпаз баламыз» атты шағын концерт ұйымдастыру.<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).<br>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.<br>***Музыка тыңдау:***<br>«Балдырғандар маршы»<br>(К. Қуатбаев).<br>Музыка тыңдап, сипаты туралы сұрау, әуенді тыңдап, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:** ***Ән айту:***<br>«Балдырғандар әні»<br>(Г. Жотаева).<br>Балалармен әннің көңіл күйін анықтау, сипатына көңіл бөлу.<br>Мазмұнына тоқталып, әнді үйрену.<br>Үйренген «Біз бақытты баламыз» әнін (Ә. Қонысбеков) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Балаларға бидің қимылдарын көрсету, өз | Жеңіп ойнақ салыңдар,<br>Бас жүлдені алыңдар!»<br>«Тақия, теңге алу ма,<br>Жігіттер одан қала ма?<br>Бір, екі, үш,<br>Жастар ала күш!<br>Қимыл жаттығуы: «Кім шапшаң? Сапқа тұрып жарысу.<br>Ат шабысы естілетін күй әуенімен қамшыға арналған түзету жаттығуларын орындау. Балалар қолдарына қамшы алып, шауып келе жатқандай қимылдар жасап, залда бытырап, аяқ басымен, өкшемен қалағанындай қимылдап жүреді.<br>**Түсіну деңгейі:** Арқа омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу.<br>Қамшымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау.<br>Статикалық қалыпты сақтап, омыртқаны дұрыс ұстау қабілеттерін белсендендіру.<br>Балалар бірнеше тізбекке өз орнын есте сақтап, сап түзеп тұрады. Белгі бойынша шашырап кетіп, қалауынша қимылдар жасайды. Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек.<br>Бастапқы қалып (Б.қ.): 1-2 қамшыны жоғары көтеріп, оң (сол) аяғын артқа жіберіп, аяқтың ұшымен өкшесін өзіне тартып созылып – демін ішіне тартады да, 3-4 – | балалар музыка залына кіріп, осы музыка әуенімен қимылдарын жасайды.<br>**Негізгі кезең**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Полька»<br>(М. Красев).<br>Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.<br>Балаларға интерактивті тақтадан Алматы қаласындағы Абай атындағы Опера және балет театрының ғимаратын көрсетіп, ондағы әртістердің суреттерімен таныстыру, балаларға бұл өнердің ең биік шыңы екенін айтып түсіндіру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Музыка тыңдау:*** «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский).<br>Балаларға опера туралы мағлұмат беру.<br>-Сендер фильм көргенде сөздерін тыңдап түсінесіңдер, ал операда барлық көріністерін әнмен көрсетеді. Қайғылы оқиғаны да, көңілді оқиғаны да ән арқылы жеткізеді. Ал балет өнерінде барлық құбылыстарды би арқылы көрсетеді.<br>Ол үшін олар көп дайындалады, еңбектенеді.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді | түрінде орындау.<br>Оң қол, сол қолмен **лақтыру.**<br>қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыру.<br>Алысқа лақтыру техникасын қайталайды.<br>Белгіленген сызықтың қасына екі лекке сап түзейді. Бастапқы қалыпқа келеді: үш саусағын доптың артына, басбармағы мен шынашағын доптың екі жағына қояды. Допты мейлінше алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісімен ғана доптың артынан жүгіреді. Қайтып келіп балалар қатарының соңынан тұра қалады.<br>Тереңдікке **секіру** – биіктігі 30 см заттардан секіріп түсу – аяқты түзулей бастағанда бірден қолдарын төмен түсіріп, алдыға шығару.<br>Ұзын орындықтың бетінен екпінмен екі аяқтап итеріледі. Қолдары мен аяқтарының қимылдарын үйлестіреді.<br>Тепе-теңдік сақтап, жерге секіріп түскенде алдыға қарап, денесін тік ұстауға тырысады.<br>**Түсіну деңгейі:** Денені жұмырлап, алдыға қарай дөңгелеп, арқасына аунап түсу.<br>Денені жұмырлау – отырып, тізесін біріктіріп, қолдарын еденге, шынтақтарын денесіне қысып, арқасын дөңгелету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-қамшыны жоғары көтеру, 2-екі аяқты бірдей сермеп, аяқтың ұшын қамшыға тигізу. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>Б.қ. қамшыны арт жағына қолын төменге түсіріп ұстау. 1-2 – қамшыны жоғары көтеріп отыру. Арқаны тік ұстап, тізені ашу, өкшені көтеру.<br>3-4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>«Қамшыны тізеге қою».<br>Б.қ.: қамшы төменде,<br>1 – қамшыны жоғары көтеру, 2 – бүгілген сол аяқты көтеру қамшыны тізеге апарып, 3 – қамшыны жоғары көтеру, арқаны түзу ұстау. Аяқты түсіру. 4 – б.қ. орнықты тұрып, аяқ ұшын тарту. 5 рет қайталау.<br>Б.қ.: қамшыны табанымен қысып отыру, 1 – тізені бүгіп, жоғары көтеріп, денені оңға- солға бұру.<br>5 рет қайталау<br>Б.қ.: жерде отырып, еңкейіп, қамшымен оң (сол) аяқтың ұшын іліп алып, мүмкіндігінше жоғары көтеріп, ұстап тұру. 5 реттен қайталау.<br>Б.қ.: отырып алып аяқтың ұшымен қамшыны жинау.<br>Б.қ.: жерде жатқан қамшыдан оң (сол) қырымен секіру. 10 секіруді 2 рет қамшыдан аттаумен алмастырып қайталау.<br>**Қолдану деңгейі:** «Жылан» Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру.<br>Белгі бойынша алғашқы | беттерінше жасатып үйрету, әуенге қосылып 1-2 қимылдарын үйрену.<br>**Қолдану деңгейі:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке».<br>Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді.<br>"Соқыртеке" біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала "соқыртеке" болады. Егер де ұстай алмаса, әннің 2-шумағын айтып, қайтадан"соқыртеке" болып қалады.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников).<br>Алдымен балаларға әуенді ойнап, қандай музыкаға ұқсайтындарын сұрау. Балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | б.қ.<br>8 рет қайталайды.<br>«Бір жағына еңкею»<br>Б.қ.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда, 1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жерге тигізу, 3-4 – б.қ. 6 рет қайталау.<br>Б.қ. шалқалап жатып алып 1-қамшыны жоғары көтеру, 2-екі аяқты бірдей сермеп, аяқтың ұшын қамшыға тигізу. 3-4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>Б.қ. қамшыны арт жағына қолын төменге түсіріп ұстау. 1-2 – қамшыны жоғары көтеріп отыру. Арқаны тік ұстап, тізені ашу, өкшені көтеру.<br>3-4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>«Қамшыны тізеге қою».<br>Б.қ.: қамшы төменде,<br>1 – қамшыны жоғары көтеру, 2 – бүгілген сол аяқты көтеру қамшыны тізеге апарып, 3 – қамшыны жоғары көтеру, арқаны түзу ұстау. Аяқты түсіру. 4 – б.қ. орнықты тұрып, аяқ ұшын тарту. 5 рет қайталау.<br>Б.қ.: қамшыны табанымен қысып отыру, 1 – тізені бүгіп, жоғары көтеріп, денені оңға- солға бұру.<br>5 рет қайталау<br>Б.қ.: жерде отырып, еңкейіп, қамшымен оң (сол) аяқтың ұшын іліп алып, мүмкіндігінше жоғары көтеріп, ұстап тұру. 5 реттен қайталау.<br>Б.қ.: отырып алып аяқтың ұшымен қамшыны жинау. | таза айтуға ұмтылу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев). Әнді көңілді, сөздерін таза, анық айтуға көңіл бөлу. Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, иықты көтермей, бір-бірін тыңдап айтуды естен шығармауларын ескерту. Үйренген «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей қимыл жасауға ұмтылдыру.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды. | Бастапқы қалыптан негізгі акробатикалық жаттығулар жасау.<br>**Типтік қателер:**<br>Артқа қарай аунағанда жұмырланғанды жоғалтып, арқаға құлау; аяқпен итерілгенде жеткіліксіз екпін алу; шалқасынан жатқанда аяқты кеудеге жинамау; арқаны дөңгелетпеу.<br>Денені жұмырлау – отырып, тізесін кеудесіне қарай тартып, шынтақтарын денесіне қысып, арқасын дөңгелетеді. Алдыға қарай дөңгелеп арқасына аунап түсу – аунап келіп қайтадан аяғына тірелу акробатикалық жаттығулары<br>**«Орындарыңмен ауысыңдар» қозғалыс ойындары** Залды екіге бөлетіндей етіп, ортаға арқан төселіп салынады. Әр команда залдың бір бөлігіне орналасады. «Жүгір!» деп белгі берілгенде, балалар өз бөлігінде шашырап жүгіреді.<br>«Ауысамыз!» деп белгі берілгенде, екі топ ауысады. Қай топ бірінші болып толық ауысып үлгереді, сол топ жеңіске жетеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстарды айту арқылы тыныс алу жаттығуларын орындау.<br>**«А» дыбысы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншы заттардың арасымен модульды айналып, фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады.<br>«Шабандоз»<br>Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону. Ойыншы «арғымаққа» (хоп-фитбол) мініп, бүкіл дистанциядан өтіп, келесі ойыншыға береді.<br>**Тепе-теңдік сақтау** – ұзын орындықтың үстімен жанына қарай, текшелерден аттап жүру. Тепе-теңдік сақтауға назар аудару.<br>Тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындайды.<br>Ұзын орындықтың үстімен жанына қарай, текшелерден аттап жүреді. Қолдарын беліне қойып, басын төмен түсірмеуге тырысады.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны : «Шеңбер» ( 3 рет).<br>Құрсауларды шеңбер бойымен орналастырып қою.<br>Ойыншылар өз құрсауларына тұрады. Әр құрсауда тек 2 ойыншы тұра алады.<br>Бір ойыншы үлкен шеңбердің дәл ортасында тұрады. Белгі бойынша | Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды. | Б.қ.: жерде жатқан қамшыдан оң (сол) қырымен секіру. 10 секіруді 2 рет қамшыдан аттаумен алмастырып қайталау.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Жылан»<br>Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру.<br>Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып, фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады.<br>«Шабандоз»<br>Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону.<br>Ойыншы «арғымаққа» (хоп-фитбол) мініп, бүкіл дистанциядан өтіп, келесі ойыншыға береді.<br>**Тепе-теңдік сақтау –** ұзын орындықтың үстімен жанына қарай, текшелерден аттап жүру. Тепе-теңдік сақтауға назар аудару.<br>Тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындайды.<br>Ұзын орындықтың | | Өкпе, кеңірдек, көмейдің жұмысын жақсартады. Дыбыстау нәтижесінде тыныс алу тереңдеп, оттегін қабылдау ұлғаяды. Тыныс алғанда шығарылатын ауаны ұлғайту үшін дауысты дыбыстарды мүмкіндігенше созу қажет. Мысалы: жіп тарқатылғанша созу.<br>«М» дыбысы.<br>Дыбысталуы ми тамырларына оңтайлы әсер етеді. Психоэмоционалды күйзелістен шығарып, есте сақтау мен тыныштық сезімдерін жақсартады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншылар өз құрсауларына жүгірген кезде ортадағы ортадағы «үйі жоқ» ойыншы кез келген құрсауға тұрып алады. Артық ойыншы енді ортаға тұрып, өзіне үй іздейді. Осылайша ойын жалғаса береді.<br>**Жігіттік туралы мақал-мәтелдер:**<br>Ер сүрінбей ел танымас,<br>Ат сүрінбей жер танымас.<br>Жеті қырлы балықты, сегіз қырлы жігіт алады.<br>Ер байлығы – еңбекте.<br>Ер жігіт айтқанын екі етпес. | | үстімен жанына қарай, текшелерден аттап жүреді. Қолдарын беліне қойып, басын төмен түсірмеуге тырысады.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны : «Шеңбер» ( 3 рет).<br>Құрсауларды шеңбер бойымен орналастырып қою.<br>Ойыншылар өз құрсауларына тұрады. Әр құрсауда тек 2 ойыншы тұра алады.<br>Бір ойыншы үлкен шеңбердің дәл ортасында тұрады. Белгі бойынша ойыншылар өз құрсауларына жүгірген кезде ортадағы ортадағы «үйі жоқ» ойыншы кез келген құрсауға тұрып алады. Артық ойыншы енді ортаға тұрып, өзіне үй іздейді. Осылайша ойын жалғаса береді.<br>**Жігіттік туралы мақал-мәтелдер:**<br>Ер сүрінбей ел танымас,<br>Ат сүрінбей жер танымас.<br>Жеті қырлы балықты, сегіз қырлы жігіт алады.<br>Ер байлығы – еңбекте.<br>Ер жігіт айтқанын екі етпес. | | |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 16**<br>**Құмырсқаларды бақылау**<br>**Міндеттері**:<br>— Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау;<br>— Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 17**<br>**Көбелектерді бақылау.**<br>**Міндеттері**:<br>- көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы;<br>-барлық тірі табиғатқа | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 18**<br>**Бағдаршам жұмысына бақылау**<br>**Міндеттері:** бағдаршам туралы балалардың білімдерін бекітіп, тереңдете түсу, жолда | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 19**<br>**Аққайың ағашын бақылау**<br>**Міндеттері:** Балалардың қайың ағашы туралы білімдерін толықтыру, оның әсемдігімен қатар | **Сәуір**<br>**Серуен кешені № 20**<br>**Гүл егілген алаңқайды бақылау.**<br>**Міндеттері:** Гүлді дән себу арқылы еккен кезде, егілген гүл дәнінен алғашқыда жапырақ, содан кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арттыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Құмырсқа»**<br>Г. Өкеев<br>Құжынаған құмырсқа,<br>Ұйымшыл-ақ өздері.<br>Шығады ерте жұмысқа.<br>Жүкпен қайтып қашықтан,<br>Нелер шебер табылып,<br>Илеуіне асыққан.<br>Жасайды илеу жабылып.<br>Бәрі еңбекпен шынығар,<br>Жылт-жылт етіп көздері,<br>Ісін тындырып тынығар.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? *(зиянда жәндіктерді құртады*<br>♦ Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ)<br>♦ Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа | қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Қызыл-жасыл көбелек»**<br>Ш. Мұхаметжанов<br>Дала қандай керемет,<br>Қойның гүлге толады.<br>Қызыл-жасыл көбелек,<br>Бір ұшып, бір қонады.<br>Қанша қусаң көбелек,<br>Қанаты бір талмайды.<br>Сонымен не керек,<br>Ақыры ұстай алмайсың.<br>Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті.<br>Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген<br>Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандарады.  Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады.осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар | жүру ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Сұрақтар:**<br>1. Бағдаршамның қандай белгісіне жаяу жүргіншілер жүре бастайды? Машина жүргізушілер қандай белгі берілгенде жүреді?<br>2. Бағдаршамның төрт жағындағы шамдар қалай жанады?<br>3.Неге бағдаршамның екі жағынан қызыл шамдары, екі жағынан жасыл шамдары жанады? Бұл нені аңғартады?<br>4.Бағдаршамның неше жағы бар?<br>5. Бағдаршамның сары шамы бір сәтте барлық жағына жанады. Бұл нені аңғартады?<br>Бағдаршам дұрые жұмыс істеп тұрса, бір белгі келесі белгімен алмастырылады. Барлығы соған бағынады, сондықтан көшеде  тәртіп болады.<br>**Көркем сөз:**<br>**«Бағдаршам»**<br>Ә. Табылдиев<br>Ашса кезек үш көзін,<br>Айтты деп ұқ үш сөзін.<br>«Тоқта! Сақтан! Жол ашық!»<br>Жүрме жолға таласып.<br>Қызыл көзін ашқанда,<br>Сынық сүйем баспа алға!<br>Сары көзін ашқанда,<br>Қарап қалма  аспанға!<br>Жасыл көзін ашқанда,<br>Өте бергін, жасқанба! | дәрумендік қасиеттері туралы білім беру. Табиғат сұлулығын сезінуге, аялап, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**«ОЙЛАН-ТАП»**<br>• Қай ағаштың қабығы ақ?<br>• Қай ағаш қысы-жазы бір түсте?<br>• Қай ағаш шырын береді?<br>• Қандай ағаш жеміс береді?<br>Тәрбиеші әңгімесі<br>Діңі түзу, ақ қабықпен қапталған қайың ағашы ең әдемі, ең сұлу ағаш. Оны ақындарымыз жырға, халқымыз әнге қосқан. Қайыңның кездейсоқ сынған әр бұтағынан нәрлі де, дәмді шырын тамады. Ұшып келген әнші құстардың көбі қайыңды тоғайға жиналады. Қайың сәуір-мамыр айларында гүлдейді. Қайыңның бүршігін жапырақ жармай тұрғанда жинап, көлеңке жерде кептіреді. Қайың ағашының бүршігінен тұнба дайындап, оны сырқаттанғанда ванна қабылдау арқылы пайдаланады. Ерте көктемде қайың ағашының діңін тіліп шырын алады. Бұл шырынның құрамында дәрумендер (витаминдер) көп болғандықтан адамға пайдасы зор.<br>**Зерттеу жұмысы:** | кішкентай өскін, кейін үлкен гүл өсімдігі өсіп шығатыны туралы балаларға түсіндіру. Гүлге тек қана әсемдік үшін ғана емес, табиғаттың бір мүшесі ретінде қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Кешкілік пе, күндіз бе,<br>Үзіп алсаң сен бір гүл,<br>Өсіп тұрған гүлді үзбе.<br>Үзіп алсам мен бір гүл,<br>Туған жерді далаға,<br>Не қалады сиқынан,<br>Тастағалы жүрміз бе?<br>Қызыл-жасыл жердің бұл<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма.<br>Бірде – бірін жұлғызба,<br>Қасыңдағы балаға.<br>Гүл біздің өмірімізге қуаныш сыйлайтын әдемілік әлемі. Қатар-құрбыларымыз бен туыстарымыздың туған күндеріне гүл сыйлаймыз. Мерекелерде аналарымызды қуанту үшін гүл ұсынамыз. Ең алғаш мектеп табалдырығын аттағанда да гүл алып барамыз.<br>Үйде, аулада гүл өсіреміз. Осы бір табиғаттың әсем мүшесін күтіп, баптау кезінде өзіміз қандай керемет әсерде боламыз десеңші!<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Балалармен гүл егілген алаңқайға барып, өніп шығып келе жатқан гүл өскінін қарау. Дәннен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
Ұрыс кезінде жараланғандар болады, сондықтан бізге медсанбат керек.  Медсанбате болады еңбек етіп, дәрігер және медбике. Жауынгерлерімізді жеңуге көмектесу үшін тылда жұмыс жасау керек. Ол үшін снарядтар мен әскери техника шығаратын әскери зауыт ұйымдастырамыз. (Әскери зауытқа жұмысқа тағайындаймыз). Ұрыс кезінде кейде тыныштық болады, содан кейін дала асханасы пайда болады, олар сарбаздарға тамақ әкеледі. Бірақ алдымен оны дайындау керек. Мұны аспаз жасайды. Ал қыздар үй мен балалармен айналысады.
Барлық рөлдер таратылды, енді ойынды бастаймыз. Соғыста орыс сарбаздары жеңіске жетті, ал бізде Достық бар. Мобильді ойын " Кім жылдам?»

**Ойынның педагогикалық маңызы.**

Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.

**Ұсыныс:**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Армиядағыдай бірнеше қатарға орналастырылған орындықтарда гимнаст, комбинезон, жадағай, буденовка, бескозырка бар. Команда бойынша балалар мүмкіндігінше тез киінуі немесе қуыршақтар киюі керек. Барлық әрекеттерді басқаларға қарағанда тезірек және дұрыс жасайтын адам жеңеді. Жеңімпаз тағайындалады командир. Ол конвертті басып шығарады және балалардың келесі жолы қандай әскери бөлімге баратынын хабарлайды. | |
| **2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** «Түлкі мен Қоян» ертегісі./«Түлкі мен Қоян» ертегісі.Суреттер арқылы сөйлеу.<br>**ҰІӘ міндеттері:** -ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>-баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту.<br>-балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу.<br>**Дағды**: сөзге дыбыстық талдау жасау, буынды жалғастырып сөз құрау, сұрақтарға жауап беру, ертегі мазмұнын айта білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білу санасына сіңіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:**сөзге дыбыстық талдау жасайды, буынды жалғастырып сөз құрайды, сұрақтарға жауап беріп, ертегі мазмұнын айтады;<br>**Түсінеді:** ертегі мазмұнын түсінеді; | | | | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Бала - біздің болашақ(өлеңді жаттау) мәнерлеп айту.. Қасым Аманжолов<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей<br>оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту.<br>**Дағды:** Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге, айналасымен жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** өлеңнің мазмұнын түсінеді; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қолданады:** түлкінің құйрығын тауып, үзік сызықтарды қосады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Жұмбақ шеш!**<br>Қырда жүрер ол жортып,<br>Іні де жоқ бармайтын.<br>Құйрығымен бұлаңдап,<br>Қандай аң ол алдайтын? (Түлкі)<br>Көзі тостақ, өзі қорқақ. (Қоян)<br>Дұрыс айтасыңдар, түлкі – айлакер аң, ал қоян – қорқақ аң.<br>-Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес.<br>Қоян – өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады.<br>Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>«Түлкі мен Қоян»<br>Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін Қасқыр Түлкінің артына еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар еді.<br>Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі | | | | **Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Жұмбақтың шешуін таба алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Бала, бала, баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамыз да қаламыз.<br>**Жұмбақ** жасырады:<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы еңісте,<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? *(Жаз)*<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>Жаз мезгілі несімен ұнайды?<br>Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні». Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің.<br>Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Бала – біздің болашақ,<br>Сүйсінеміз, сүйеміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалыныпты. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.<br>Педагог:<br>Ертегі сендерге ұнады ма?<br>Ертегі де нелер туралы айтылған?<br>Ерте заманда Түлкінің құйрығы қандай болыпты?<br>Түлкі Қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген?<br>Бір күні не болыпты?<br>Түлкі қалай құтылып кетіпті?<br>Әлден соң ағаш арасына кірген Түлкі нені көреді?<br>Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге не депті?<br>Иә, балалар, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.<br>**Қолдану деңгейі:** Енді ертегідегі «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>**«Түлкі»** сөзі неше буыннан тұрады?<br>Неше дауысты дыбыс бар?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Ал дауыссыз дыбысты, көк түспен белгілейміз.<br>**Т** – дауыссыз дыбыс.<br>**Ү** – жіңішке дауысты дыбыс.<br>**Л** – дауыссыз дыбыс.<br>**К** – дауыссыз дыбыс.<br>**І** – жіңішке дауысты дыбыс. | | | | Бұл болашақ тамаша-ақ,<br>Болашаққа біз иеміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Болашақ* – «алдағы уақыт» деген мағынаны білдіреді.<br>*Сүйсінеміз* – қызығамыз.<br>**Полилингвальді компонент:** балалар – дети – children; болашақ – будущее – future; жаз – лето – summer; бақытты – счастливый – happy.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Болашақта сен қандай бала болғың келеді?<br>Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар<br>**Сергіту сәті:**<br>Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? *(Күнді)*<br>Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? *(Алақай!)*<br>Күн бізге не шашады? *(Жылуын шашады)*<br>Қане, алақанымызды жылытайық,<br>Қолымызды Күнге созайық.<br>Өлең жолдарын қайталап, есімізге түсірейік.<br>3-4 балаға өлең шумақтарын қайталап айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>Балаларға есімдер ойлап тауып, достар туралы әңгімеле.<br>Атасы мен немерелері қайда барды?<br>Немерелерінің қолында не бар? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міне, балалар, біз «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасадық. Дидактикалық ойын: «Буынды жалғастыр».<br>Ойын шарты: педагог аң аттарының бірінші буынын ғана айтады, балалар соңғы буынын тауып, толық атын айтады.<br>Мысалы, Түл – ..., қо– , қас – ..., кө – ..., мыр – ..., жол – ...<br>**Сергіту сәті:**<br>(Сергіту жаттығуын Т.Бердияровтың **«Сұр қоян»** өлеңімен жасатуға болады.)<br>Ұзын құлақ, сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлермен,<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын сап көзінің,<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің. | | | | Олар қандай мейрамға шықты? |
| ***«Ас – адамның арқауы» түскі ас.***<br>**10:00-10:30** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. | | | | |
| ***2 үзіліс – 10:00 – 10:30*** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**<br>Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. | | | | | |
| **Қимылды ,еңбек ойын: «Күзетшілер»**<br>**Басты міндеттері: Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
|    |  | **Қимылды ,еңбек ойын: «Күзетшілер»**<br>**Ойынның міндеттері:** Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.<br>**Ойын іс әрекеті:**күзетшілер күзеткен қақпадан өтіп бара жатқан баланы ұстап алуға тырысу керек.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады.Екі ойыншы қақпаның күзетшілері боладыЕкеуінің де көзі орамалмен байланады да,аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын айқастыра ұстап,қарама−қарсы «көпір» жасап тұрады.<br>Басқа балалар бір−бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс.Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды.Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса,оған қолын тигізеді,яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі.Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады.Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі.<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушылардыептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>**Тәрбиеші:**Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытыңдарыңа мен кәміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін! |

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Киіз үй<br>**ҰІӘ міндеттері:** -киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.<br>**Дағды**: Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі | | | | **3.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қызыл кітапқа қандай жануарлар мен өсімдіктер енген?<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту;<br>-тірі нысанды суреттеу қабілетін, зейінін, есте |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** ұлттық қолөнерді қадірлеуге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** тақырыпқа байланысты сөздерді, мәтінді қайталайды.<br>**Түсінеді:** киіз үйде қазақ ұлттық заттар болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** қазақ ұлттық заттарды таниды, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Жоғары қараймыз,<br>Шаңырақты көреміз.<br>Төмен қараймыз, Жерді көреміз.<br>Оңға бұрылып, солға бұрылып,<br>Егеменді елді көреміз.<br>Өткен **«Жайлауда»** тақырыпты қайталау.<br>**Жаңылтпашты** естеріне түсіріп қайталайды.<br>Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек.<br>Фланелді тақтада «Жайлау» суретін құрау.<br>Берілген сөздерден сөйлем құрастырады: шөп, көп, жайылады, үй жануарлар, жейді, таулар, өзен, киіз үй.<br>*Жайлауда шөп көп. Жайлауда үй жануарлары жайылады. Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар.*<br>**Түсіну деңгейі:** Педагог киіз үйдің суретін іліп | | | | сақтау қабілетін дамыту;<br>-туған өлкені сүюге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлерін атап беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Туған өлкені сүюге тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:**Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлерін атап береді.<br>**Түсінеді**:жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін түрлерін неліктен қорғау қажеттігін.<br>**Қолданад ы**:коммуникативтік дағды қалыптасқан, тыңдай біледі, талдай алады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады.<br>Әліппе-дәптердегі тапсырмалардыңкөмегімен балаларды мәселені іздеуге, шешуге жұмылдыру:<br>Суреттерді қарап шығуға, әңгімелесуге қатысуға шақырады. Қауіп төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктер жайлы мәлімет береді. Оларды зерттеуге шақырады. Олардың жойылып бара жатқанын ескертеді. Сирек кездесетін осындай жануарлар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойып, бүгін киіз үймен танысатындарын хабарлайды.<br>Киіз үйде не бар?<br>«Киіз үй» суретімен жұмыс. Киіз үй туралы қысқаша мәлімет беру. Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – киіз үй.<br>– Киіз үйде не бар?<br>– Киіз үйде сандық бар. Мынау – сандық. Мынау не?<br>– Мынау – сандық.<br>(«Сандық» сөзін дұрыс айтып жаттығады).<br>– Сандық ағаштан жасалады. Сандық неден жасалады?<br>– Сандық ағаштан жасалады.<br>– Мынау – сырмақ.<br>– Мынау – ... (сырмақ).<br>Сөзді жылдам, жай айтып есте сақтауға жаттығады.<br>– Сырмақ әдемі.<br>– Сырмақ қандай?<br>– Сырмақ әдемі.<br>– Сырмақ жылы. Сырмақ қандай?<br>– Сырмақ жылы.<br>– Сырмақ жүннен жасалады. Сырмақ неден жасалады?<br>– Сырмақ жүннен жасалады.<br>– Мынау – алаша. А-ла-ша. Мынау не?<br>– Мынау – алаша. (Алаша сөзін жеке, хормен айтып сөзді естеріне сақтайды).<br>– Алашада қандай түстер бар?<br>– Алашада қызыл түс бар. (Білетін түстерін айтады).<br>– Мынау – домбыра. (Домбыра суреті көрсетіледі). | | | | өсімдіктерді қалай сақтап қалуға болатыны жөнінде кеңес береді. Біз өсімдіктермен, жануарлармен тығыз байланыста тіршілік етеміз. Құстарды жойып жіберсек – жәндіктер жасыл желекті жеп бітіреді – адамдар ағаштардың жемістері мен көгөністерді жей алмай қалады. Табиғаттағы байланыс осындай: біреуі жойылса – екіншісі ауырады – үшіншісі өледі. Сирек жануарлар мен өсімдіктер біздің елімізде де, өзге мемлекеттерде де заңмен қорғалады. Бірақ қайырымсыз адамдар заңды жиі-жиі бұзады. Адамдар көбіне өсімдіктер мен жануарларға қатыгездік танытады. Оларды аямайды, өз мақсатына жету үшін құртып, жояды. Жануарлардың бірі әдемі терісінен, екіншісі – дәмді етінен зардап шегеді. Үшіншілерін адамдар қорыққандықтан өлтіреді. Жануарлар мен өсімдіктер біртіндеп азайып барады. Содан соң адамдар: «Осы бассыздықты қалай тоқтатамыз, жанды табиғатты қайткенде сақтап қаламыз», – деп ойлана бастады. Ғалымдар «жойылып бара жатқан жануарлар өсімдіктерді білсін» деген мақсатта Қызыл кітапты ойлап тапты.  Неліктен кітап басқа түспен емес, қызыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Мынау не?<br>– Мынау – домбыра.<br>Педагог үнтаспадан күй тыңдатады (үзінді).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады).<br>Қ-қ-қ-қ- дық-дық – әдемі сандық.<br>Қ-қ-қ-қ - мақ-мақ – сырмақ.<br>Педагог шағын мәтін құрап айтады: *Мынау – киіз үй. Киіз үйде сандық бар. Сандық ағаштан жасалады. Киіз үйде сырмақ бар. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жүннен жасалады. Киіз үйде алаша және домбыра бар.* (3-4 бала мәтінді қайталайды.)<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br>Уық болып иіліп,<br>Киіз үйді құрайық.<br>Күйіз үй ішінің көрінісі бойынша ойын: «Қайтала, көрсет». Педагог киіз үй ішіндегі заттарды атайды, балалар сөзді қайталап, суретін көрсетеді.<br>**Дидактикалық ойын:** «Мен бес сөз білемін». «Жайлау» тақырыбы бойынша балалар 5 сөз айтады. | | | | түспен аталады? Өйткені, қызыл түс – қауіпқатердің түсі! Назар аударыңыз! Ол бағдаршамның қызыл түсі сияқты «Абайлаңыз! Қауіп төніп тұр!» – деп белгі беріп тұрады.<br>Қазақстанның Қызыл кітабымен танысады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Өзекті мәселе:**Қорық дегеніміз не? Педагог тәрбиеленушілерді Қазақстанның қызыл кітабына енгізілген сирек жануарлар мен өсімдіктерге қатысты иллюстрациялармен танысып шығуға шақырады. Қорықтар картасымен де таныстыруға болады. Қорық – сирек кездесетін жануарлар мен құнды өсімдіктерді қорғап өсіретін аймақ. Қорықта: шөптер де, саңырауқұлақтар да, құстар да, балықтар да, жалпы, барлық тіршілік иесі қорғалады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**«Жануарлар несімен ерекшеленеді?» атты дидактикалық ойын ойнауға шақырады.**<br>Педагог жануарлардың өздеріне тән белгілерін (айырмашылықтарын) атайды. Балалар соған қарап, оның қандай жануар екенін табады. Көлеміне қарай: Өте ұсақ: жәндіктер Орташалар: қалтауыз, тышқан, көртышқан. Ірілері: кит, піл. Ұзын: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жылан, кесіртке, қолтырауындар. Шар тәріздестер: кірпі. Бояуына қарай: Қара: қарға, ұзақ, бүркіт. Ақ: қоян (қыста), ақ аюақ түлкі. Сұр: қасқыр, қоян (жазда), қабылан. Мекендейтін жеріне қарай: Суда: балық, шаян. Жердің астында: құрттар, көртышқан. Орманда: қоян, тиін, аю.<br>**Сергіту сәті**<br>Енді біз демаламыз,<br>Айналаны шоламыз.<br>Қол-аяқты кезекпен,<br>Оңға-солға созамыз.<br>Күн шыққанда сүйсініп,<br>Бәйшешектей иіліп,<br>Біз тынығып аламыз.<br>Жиі-жиі жаттығып,<br>Үлкен кісі боламыз. |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Аз қимылды ойын: «Кімде доп бар?»**

**Басты міндеттері: Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Сымбаттылыққа, шымыр болуға, ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту.**



**Қимылды ойын: «Кімде доп бар?»**
**Ойынның міндеттері:** Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Сымбаттылыққа, шымыр болуға, ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту.
**Дағды:** Балаларды ойын сөзін ұғып тез қимылдауға үйрету, қимыл бағытын тез орындауға, тәрбиешінің ұсынысын қабылдай білуге дағыландыру.
**Материал:** доп
**Ойынға дайындық:** Жүрісі: Бір бала жүргізуші болады. Бір бала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады ( қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек ).
**Ойынның ережесі :** Ойыншылар шеңбер жасап тұрады. Ойын бастаушы тағайындалады. Ол шеңбердің ортасында тұрады, қолдарын арқасына ұстап бір-бірімен тығыздалып тұрады. Тәрбиеші допты (диаметрі 15 см-ден аспайтын) кімге болса да біреуіне береді, балалар оны арттарымен шеңбер жасай бір-біріне береді. Бастаушы доптың кімде екенін табуға тырысады. Ол: «Қолыңды» деп кімге айтса, сол екі қолын алға шығарып, алақанын жайып, жоғары көтеруге тиіс, онда ол оның

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|  | | | қолында доптың жоқ екенін көрсетеді. Егер басқарушы добы бар екенін тапса, ол допты алады да шеңберге тұрады, ал доп табылған бала ойынды басқара бастайды. Ойынға балалардың ықыласы болмағанға дейін ойын қайталана береді.<br>**Әдістемелік нұсқаулар:**<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ұсыныс:**<br>Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін ( көзінің т.б) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс. | | |
| **4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Көтеріңкі көңіл күй.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-допты жоғары лақтырып, жерге түсіп қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алуға, допты алақанын жазып, саусақтарының басымен қағып алуға үйретуді жалғастыру;<br>-аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту.<br>**Дағды:** үш тізбекке тұру дағдысы, доппен түзету жаттығуларын орындау, еңбектеп жүру, залмен қозғалғанда кеңістікті бағдарлау, арқасына аунағанда дұрыс жиналып жұмырлану дағдыларын игерту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары, «Күлімдейміз күндей» ойын жаттығуы, допты басымен итеріп жер | | | | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Өз денемізді өзіміз басқарамыз!<br>**ҰІӘ міндеттері:** -мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендідіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттығуға түсу. Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру.;<br>-допты лақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру.<br>**Дағды:** өз-өзін басқару мен кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>Өз денсаулығын сақтауға, салауатты өмір салтына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бауырлап еңбектеп жүру.<br>**Түсінеді:** допты екі жағынан қысып ұстау, сапта тұрып арақашықтықты сақтау, допты жерге соғылғаннан кейін қағып алу, «арқасына аунау» термині.<br>**Қолданады:** үш тізбекке тұру дағдысы, доппен түзету жаттығуларын орындау, еңбектеп жүру, залмен қозғалғанда кеңістікті бағдарлау, арқасына аунағанда дұрыс жиналып жұмырлану.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Ойын жаттығуы: «Дәл тауып көрсет», жүргізушінің рөлін ойнау: «Көңіл күйлерің қалай?»,<br>«Көңіл күйлерің қандай?» көңіл күйді доптың көмегімен көтеру ұсынылады. Сызық бойында тұрып, жүргізушінің сұрақтарына жауап береді. Жауаптарын сәйкес қимылдармен қатар орындайды.<br>Допты жоғары лақтырып, жерге түсіп, қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алу – допты алдына ұстап тұрып жоғары-алдыға лақтыру, саусақ бастарымен қағып алу, кеудеге тигізбеу.<br>Допты басынан асырып жібермеуге тырысады.<br>Бір орында тұрып, жерге соғылған соң допты екі қолдың басымен қағып алады. Егер доп домалап кетсе, қолына беруге | | | | үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** кинезиологиялық гимнастика, қысқа секіртпеден секіру.<br>**Түсінеді:** ұдайы жаттығудың қажеттігі, шапалақ ұрған соң допты қағып алып үлгеру, табанымен жерге салынған бауды дұрыс басу.<br>**Қолданады:** доп лақтыру, доп қағу, тепе-теңдік сақтау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру, педагог нұсқауын түсініп, дұрыс орындау, кеңістікті бағдарлай алу дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** « Шеңберге шапшаң тұра қал!»<br>Шеңберге шапшаң тұру, бастапқы қалыпқа дұрыс келу, белгіленген жерге тұру: алдына- артына, оңына-солына.<br>**Кинезиологиялық гимнастика**<br>**Құлақ сырғалығын уқалау.**<br>Құлақтарды уқалаймыз,<br>Сипалаймыз,<br>мыжғылаймыз...<br>**Іс-әрекет:**Алдымен құлақтарының сырғалығын, құлағын толық уқалайды.<br>**Басын шайқау.**<br>Басымызды шайқаймыз,<br>Шайқалмаймыз,<br>байқаймыз!<br>**Іс-әрекет:**Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарын төмен қаратып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тырысады. Допты себетке алдымен бірінші, сосын екінші тізбек апарып салады.<br>**Түсіну деңгейі:** Денені жинап алып отырған күйден алдыға-артқа домалау (5 рет).<br>Тізелерін біріктіріп, қолдарын жерге тіреп, иығын қол басының деңгейіне келтіріп, басын түзу ұстау. Осы қалыптан барлық негізгі акробатикалық жаттығулар басталады.<br>***Типтік қателер:***<br>Артқа қарай аунағанда жұмырланғанды жоғалтып, арқаға құлау; аяқпен итерілгенде жеткіліксіз екпін алу; шалқасынан жатқанда аяқты кеудеге жинамау; арқаны дөңгелетпеу. Денені жұмырлау – отырып, тізесін кеудесіне қарай тартып, шынтақтарын денесіне қысып, арқасын дөңгелетеді<br>**Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны:** «**Тым-тырақай**». Ойыншылар шеңбер құрып қол ұстасады, тек бір бала – «малай» ортада тұрады.<br>Ойыншылар шеңбермен жүріп, қайталап айтады:<br>«Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш – деп санаңдар.<br>Бір, екі, үш – ал тараңдар!» –<br>Сол сөздерді айтып, залмен шашырап қаша жөнеледі. Малай болса, оларды ұстап алуға тырысады. | | | | салбыратады. Терең демалып, бастарын екі жаққа баяу қозғалтады.<br>**Бас изеу.**<br>Бас изейміз, жақсылықты қостаймыз,<br>Мамандықты қасымызға қоспаймыз!<br>**Іс-әрекет:**Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға- артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек-кезек апарып, изейді. Еркін тыныс алады.<br>**Мойын-иек.**<br>Басты төмен түсіріп,<br>Айналдырып шайқаймыз!<br>**Іс-әрекет:**Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады.<br>**«Алақан».**<br>Алақанды қысамыз,<br>Күшті болсын қолымыз!<br>**Іс-әрекет:**Сол қол саусақтарын жазып, алақанында орналасқан зейінді шоғырландыру нүктесіне оң қолдың бас бармағымен аздап басады. Басып тұрып демін ішіне тартады, бармағын босатқанда демін сыртына шығарады.<br>**«Зейін»**<br>Зейін қойып ойнаймыз,<br>Алақан қыспай қоймаймыз!<br>**Іс-әрекет:**Сол аяғын тізесін бүгіп (өте биік емес) жоғары көтереді де, оң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Көзге арналған жаттығулар: «Тінтуірді жүгіртіп, Әсем сурет саламыз!» (2 рет)**<br>«Тінтуірді жүгіртіп, Әсем сурет саламыз!<br>Солға, оңға, жоғары, төмен,<br>Айнала бұрылып аламыз!<br>Енді солға қараймыз, Оңға, төмен, жоғары Жан-жағыңды бағдарлап,<br>Қарап алсақ болады.<br>Төрт тұсыңды айырып,<br>Қателеспей табасың, Алға еркін қадам басқан, Сен жігерлі баласың!»<br>**Қорытынды кезең (рефлексия).**<br>**Ойын жаттығуы:** «Күлімдейміз күндей!».<br>Малдас құрып дөңгелетіп отырады. Бір-біріне күлімсіреп, көңіл күйін береді. | | | | қолының басын (шынтағын) сол аяғының тізесіне тигізеді.<br>Осы жаттығуды екі аяғымен кезектестіріп орындайды.<br>**«Бәйтерек»**<br>Тез өсіп келеміз,<br>Көк аспанға жетеміз!<br>**Іс-әрекет:**Жүрелеп отырып басын тізесінің арасына жасырады. Тізелерін қолмен құшақтайды.<br>Бұл ақырындап өнетін дән. Дәннен үлкен бәйтерек өсіп шығады.Балалар баяу ашылып, қолдарын жазып, жоғары көтеріп, өсіп келе жатқан ағашты келтіреді. Кенет жел соқты.<br>Денелерімен тербеліп, желге шайқалғанды келтіреді.<br>**«Сүңгуір»**<br>Сүңгуір боп сүңгиміз, Теңіз түбін барлаймыз, Меруерт іздеп шарлаймыз!<br>**Іс-әрекет:**Қолдарын созып шалқалап жатады. Белгі берілгенде қолдарын, аяқтарын, бастарын бір мезетте жоғары көтереді.<br>Осы қалыпта мүмкіндігінше ұзақ тұруға тырысады.<br>**«Дамылда»**<br>Сен тыныштал, дамылда,<br>Әндетейік ыңылдап!<br>**Іс-әрекет:**Бас бармағын ішіне бүгіп, жұдырықтарын түйеді. Демін сыртқа шығарғанда қолдарын асықпай қыса түседі, ішіне тартқанда босата бастайды.<br>Жаттығу екі қолымен бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мезгілде орындалады.<br>**Түсіну деңгейі:** Ойын жаттығуы: **«Ойна, ойна, доптан жаңылып қалма!». ( 10 рет)**<br>Допты жоғары лақтырып, қолдарымен арт жағында шапалақ ұрып барып қайта қағып алу. Шапалақ ұрып үлгеру үшін допты жоғарырақ лақтыруға тырысады. Допты қайта қаққанда саусақтарын еркін ұстайды.<br>**Тепе-теңдік сақтау** – бұралаңдап қойылған баудың үстімен қолдарын екі жаққа жазып, артпен жүру. Денесін тік ұстауы мен табанын баудың үстіне дұрыс қойып, тепе-теңдік сақтауына назар аудару. Бұралаңдап қойылған баудың үстімен қолдарын екі жаққа жазып, артпен жүргенде денесін тік ұстап, табанын баудың үстіне дұрыс қояды. Әдемі қимылдап жүруге тырысады. **(4 рет)**<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Теңіз толқиды» ( 3 рет). Ойыншылардың ішінен жүргізуші сайланады. Басқалары бір адым қашықтық ұстап, шеңбер бойымен тұрады. Олардың әрқайсысы тұрған жерінде шеңбер сызады. Жүргізуші балалардың арасымен «жыланша» аралап жүреді. Қай баланың қасына келіп: «Теңіз толқиды» деп айтса, сол бала орнынан тұрып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | артынан еріп, тізбек құрайды. Бірнеше бала қосылып, тізбек ұзарғанда кенет: «Теңіз тыныш» десе, барлығы өз орындарына жүгіреді. Шеңберіне тұра алмай қалған ойыншы жүргізуші болады. |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 4**<br>**Бақбақ өсімдігін бақылау.**<br>**Міндеттері:** Ауладағы бақбақ өсімдігін танып-білулерін тиянақтау. Бақбақ туралы білімдерін молайту. Балалармен бұл өсімдіктердің әдемі болуымен бірге емдік қасиеттері де бар екенін еске түсіру.<br>**Бақылау барысы**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Аулада, бақта өседі,<br>Басы сырғылт домалақ.<br>Мұны қай гүл деседі<br>Айтыңдаршы жобалап?<br>*(бақбақ)*<br>Балаларға сұрақтар.<br>1.Сендер қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?<br>2.Біздің балабақша ауласында бақбақ өсімдігі бар ма?<br>3.Бақбақты халық қалай атайтынын естеріңе түсіре аласыңдар ма? (жер күні, денсаулық элексирі)<br>Гүлденген бақбақты алып қарасақ онын басы мамық болады, сол басында оның тұқымы орналасқан. Бақбақ күн батқан кезде гүлдерін | | | | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 5**<br>**Аспан мен күн көзін бақылау.**<br>**Міндеттері:** Мамыр айында аспан ашық, күн жарқырап шығып тұрғандағы ауа-райының ерекшелігі, тірі табиғат пен өлі табиғат арасындағы байланыс туралы білімдерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>А. Меңдібай<br>Көкпеңбек аспан әлемі,<br>Көлеңкені саялап,<br>Нұрын төккен алтын күн.<br>Көл жағасын жағалап,<br>Қыздырып құмы табанды,<br>Суға түсіп салқындап,<br>Бебеулеткен жазғы күн.<br>Жан сергіткен жазғы күн.<br>Балаларға сұрақтар:<br>1.Балалар мамыр айында күннің басқа жыл мезгілдерінен қандай еркшелігі бар?<br>2.Мамыр айында көбіне ауа-райы қандай болады?<br>3.Көктем мен Жазда күн ұзақ па, түн ұзақ па?<br>4.Көктем мезгілін неге «ең қызық мезгіл» деп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жабады да, күн шыққан кезде ашады. Оның гүл жапырақшаларының түсі, жарқыран тұрған күндей, сап - сары болады. Оның емдік қасиеті өте көп: қан қысымын түсіруге, дене қызуын басуға, ішек құртын түсіруге т. б.  ауруларды емдеуге қолданады.<br>**Зерттеу жұмысы:** Балабақша ауласындағы басқа да өсімдіктерді туып, оларды бақбақпен салыстыру. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу.<br>**Еңбек:** Гүлзар айналасын қоқыстар мен түскен жапырақтардан тазалау.<br>*Мақсаты:* Балалардың үлкендерге көмек көрсетулерін қолдап, ынталарын арттыра түсу, үлкендер еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Гүлді кім тез табады»<br>*Мақсаты:* Балаларды аңғарымпаздыққа, зейінділікке, сезгіштікке тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары:** «Баскетбол»<br>*Мақсаты:* Баскетбол ойынындағы қимылдарды жасап,жаттығу. Допты оң, сол қолмен жерге ұрып, жаттығулар жасау.<br>**Халық болжамы:** Күндіз бақбақ «басын» жапса - жаңбыр болады. | | | | айтамыз?<br>5.Бүгінгі ауа-райы қандай?<br>6.Көктем,жаз,күз айларында күннің ыстық айнала қоршаған ортаға яғни адамдарға, жан-жануарларға, өсімдіктерге қандай әсері бар (егін піседі, құстар балапан шығарады, аралар гүлдерден бал жинайды ос әрекеттер қай жыл мезгілінде болады т.б)?<br>Балалар, назарларыңды жарқыраған күн көзіне, мөп-мөлдір аспан әлеміне аударыңдаршы. Керемет емес пе?! Күн көзі жер ананы, барша табиғатты мол шуағына бөлеп тұр. Осы күннің шуағынан нәр алған ағаштар мен гүлдер жайқалып өсуде.<br>Алтын күн төккен нұр,<br>Аспаным көктеңбіл.<br>Алмайық кірлетіп,<br>Айнаны мөп-мөлдір.<br>**Еңбек:** Құмсалғышты құммен толтыру.<br>*Мақсаты:* Балаларды өз-өзіне қызмет етуге, өз қажеттіліктерін түсініп әрекет етуге баулу.<br>**Қимылды ойын:** «Күн мен түн».<br>**Мақсаты:** Ойын ережесін сақтап ойнауға дағдыландыру, зейіндерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс: «Табиғатым тамаша»** тақырыбында асфальтқа сурет салу. |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **11:55-12:00** | | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс**<br>**12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Аитжанова Аделя<br>Алтай Сұлтан<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттығу түсу. | | | | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>***Жеке жұмыс:***<br>Байтемір Айзере<br>Берікұлы Арнұр<br>Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ойна, ойна, доптан жаңылып қалма!»**<br>**Міндеттері:** Аяқ-қолын жинап жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту. Өз денсаулығын сақтауға, салауатты өмір салтына үйрету.<br>**Дағды:** Допты лақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, екі қолын екі жаққа жазып, артпен жүру, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Допты жоғары лақтырып, қолдарымен арт жағында шапалақ ұрып барып қайта қағып алу. Шапалақ ұрып үлгеру үшін допты жоғарырақ лақтыруға тырысады. Допты қайта қаққанда саусақтарын еркін ұстайды. | | | | **Дидактикалық ойын:**<br>«Жалпы атауын ата»<br>**Міндеттері:** Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту.<br>**Дағды:** Спортпен айналысу қажеттігін түсіндіру арқылы салауатты өмір сүруге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . .<br>Гитара, домбыра, барабан – . . .<br>Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш – . . .<br>Автобус, трамвай, такси – . . .<br>Хоккей, волейбол, футбол – . . . |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**. **12:25-12:30** | **Ата –аналарға кеңес: "Үйдегі балалардың қауіпсіздігі". Терезелер мен балкон.** Жаяу жүруді және орындықтарға көтерілуді үйренген бала үшін ашық терезелер мен жылтыратылмаған балкондар қауіпті болады. Терезе ашық болған кезде терезеге көтерілу мүмкіндігі кейде қайғылы жағдайға айналады. Өкінішке орай, бұл жиі кездеседі. Балалардың балкондарына тыйым салынады. Тәуекел тым үлкен! **Назар аударыңыз!** Үйде нәресте болған кезде терезелер мен жылтыратылмаған балкондар жабылуы керек.Терезелер тізбектермен немесе арнайы қауіпсіздік құрылғыларымен жабдықталуы керек, соның арқасында бала терезені өз бетінше аша алмайды. От шыны ма саты открутить қалам және оны жасыру. Бұл өте қарапайым-екі болтты бұрап алыңыз. Қажет болса, терезені ашып, бөлмені желдету үшін тұтқаны кез келген уақытта орнына қоюға болады. | | | | **Ата-анаға ұсынымдар: Шектен тыс қадағалау және көмек** Кейбір ата-аналар баласының орнына өзі оқып жатады. Сөмкесін жинап, киімдерін дайындап, сабағын бірге оқып, не істеу керектігін айтып отырады. Мұндай кезде баланың белсенділігі төмендейді. Өздігінен ойланғысы келмейді, ата-анасы айтпаса сабағын орындамайды. Қазір бұл жағдай көптеген, әсіресе жас, заманауи отбасыларда жиі кездеседі. Бұл өте үлкен мәселе. Ата-ана көмектесемін деп баланы өзі "бүлдіреді". Шектен тыс қамқорлық пен бақылау баланың дербестігі мен жауапкершілігін жояды. Бұл кейін ересек кезде де көрініс береді. Бұл жерде мәселені шешу үшін ең алдымен баланы өбектей беруді доғарыңыз және сабақтың, оқудың не үшін керек екенін жақсылап түсіндіріңіз. Әрине алғашында бала кішкене еркінсіп, ештеңе істемейді. Бірақ жақсылап, ұрыссыз түсіндіретін болсаңыз уақыт өте бәрі түзеледі. |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:** Абеуова А.Н.

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 13.05.24 | Сейсенбі 14.05.24 | Сәрсенбі 15.05.24 | Бейсенбі 16.05.24 | Жұма 17.05.24 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Дене шынықтыру -** коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі<br>(іс - әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Құзыреттілік:**<br>«Дене шынықтыру»<br>**Физикалық қасиеттері:**<br>«Коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:**<br>«Шыңықсаң, шымыр боларсың...»<br>**Түсіндірме жазба:**<br>«Шыңықсаң, шымыр боларсың...»<br>**Түсіндірме жазба:**<br>Ойын арқылы баланың денсаулықты нығайтуға, | **Сауат ашу негіздері –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:**<br>«Сауат ашу негіздері»<br>**Коммуникативтік дағдылары:**«Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу: «Тапқыр болсаң,талас жоқ»<br>**Түсіндірме жазба:**<br>«Тапқыр болсаң,талас жоқ» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және әртүрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер арқылы сөйлемдерді дұрыс құратуға үйрету,фонематикалық | **Көркем әдебиет –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:**<br>«Көркем әдебиет»<br>**Коммуникативтік дағдылары:**«Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:**<br>«Мекенін тап!»<br>**Түсіндірме жазба: Дивергентті әр түрлі ойлау** әдісі арқылы бір ғана заттарға емес, әр түрлі қырынан қарау. Дивергентті ойлау қиял мен қызығушылықты ынталандырады. Бұл идеяны екіншісімен еркін | **Қазақ тілі –** коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:**<br>«Қазақ тілі»<br>**Коммуникативтік дағдылары:**«Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:**<br>«Таңдау жаса»<br>**Аннотация:**<br>«Таңдау жаса» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала гүлді түсі | **Қоршаған ортамен танысу** - тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**Құзыреттілік:** «Қоршаған ортамен танысу»<br>**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: «**тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:**<br>«Ойлан тап!»<br>**Түсіндірме жазба:**<br>Бұл әдістемелік әзірлеме формасы мен мазмұны бойынша мыналарға жатады *дидактикалық ойындарға және үстел – үсті ойындарына*, санат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | организмді жетілдіру мен шынықтыруға,жұмыс қабілетін арттыруға жақсы әсер етеді.<br>Балалардың белсенділігін арттыру, қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету. | қабылдауын дамыту,буынға бөлу дағдылырын қалыптастыру.Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. | байланыстыруға мүмкіндік береді. Тіпті бір-бірімен байланыссыз болып көрінетін нәрселер әртүрлі объектив арқылы қараған кезде жаңа түсініктерді тудыруы мүмкін.<br>Бұл әдістемелік әзірлеме формасы мен мазмұны бойынша мыналарға жатады *дидактикалық ойындарға және үстел – үсті ойындарына*, санат бойынша *ережелері бар ойындар*. Ойынның ерекшелігі - заттармен ойын әрекеттері арқылы шешілетін ойын тапсырмасының болуы (*пәндік ойын)*, сенсорлық қабылдауды дамытуға бағытталған.<br>«Мекенін тап!»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала жануарлардың түрлерін білуге, сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну зейінін дамыту. | бойынша сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. | бойынша *ережелері бар ойындар*. Ойынның ерекшелігі - сенсорлық қабылдауды дамытуға бағытталған.<br>«Ойлан тап!»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну зейінін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **№ 39** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екі жанынан ұстау; 2 – денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (7-8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына ұстайды. 1-2– денені оңға бұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы қимылдарды қайталау (7-8 рет)<br>3.Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап, тігінен еденге қою. 1-2 – құрсауға сүйеніп, оң аяғын артқа созу. 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қайталау. (7 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, құрсауды бүгілген қолдарымен ұстап тұру. 1-2– құрсауды алдыға шығарып, отыру; қайтадан бастапқы қалыпқа келу, | **№ 28** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>1.«Өкшеге». Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсау иық тұсында. 1-2– құрсауды жоғары көтеріп, оған қарау, оң (сол) аяғын жанына шығарып, ұшымен қою; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу. 5 рет қайталау. (Басын төмен түсірмеу)<br>2.Б.қ.: отырып, аяқ арасын ашу, құрсауды иық деңгейінде ұстау;<br>1-2– оңға (солға) бұрылу, құрсауды жоғары көтеру;<br>3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6 рет).<br>«Аяғы құрсауда». Б.қ.: шалқалап жату, құрсауды сан тұсына ұстау.<br>1-2– құрсауды тік қою, аяқты тізеден бүгіп, құрсауға сұғып, қайта түзеу;<br>3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (4-6 рет).<br>«Құрсауға жеткіз». Б.қ.: құрсауды басының артына ұстап, шалқалап жату. 1-4– аяқтарын жоғары көтеру, аздап арасын ашу, құрсауға | **№ 29** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 4 жаттығулар кешені «Құрсауды жоғары көтеру»**<br>1.Б.қ. – тұру, аяқтарын табан енінде ашып қою, құрсауды иыққа ілу;<br>1 – құрсауды жоғары көтеріп, оған қарау; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет).<br>2.«Құрсауды көтеру» Б.қ.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екі жанынан ұстау; 2 –денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою. 4 қайтадан бастапқы қалыпқа келу (8 рет).<br>3.«Бұрыш»<br>Б.қ. – құрсаудың ішінде отыру, қолдарымен артта еденге тірелу. 1– екі аяғын бірдей түзетіп, жоғары көтеру;<br>2 – аяқтарын екі жаққа ашып, еденге құрсаудан | **№ 30** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 5 жаттығулар кешені (Құрсаумен жұпта орындалатын жаттығулар )**<br>1.Б.қ. – құрсаудың ортасына арқаларын түйістіріп тұру. Құрсау иықтың тұсында. 1-2– құрсауды аяқ басына жоғары көтеру – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6–8 рет).<br>2.Б.қ. – құрсаудың ортасына арқаларын түйістіріп тұру. 1-2 – құрсауды жоғары көтеріп, оңға (солға) иілу – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6 рет).<br>3.Б.қ. – балалардың біреуі құрсауды жерден 30 см көтеріп, тігінен ұстайды, ал екіншісі құрсауға еш жерін тигізбей, оның ішінен еңбектеп өтіп, түрегеліп, қайта ішімен орнына қайтуы керек. (3–5 рет қайталау). Балалар орындарын ауыстырып, қимылдарды қайтадан | **№ 31** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.***<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Құрсаумен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 6 жаттығулар кешені (Құрсаумен жұпта орындалатын жаттығулар )**<br>1.Б.қ.: құрсаудың шеттеріне арқаларын түйістіріп тұру. 1-4– қолдарын артқа, екі жаққа, оң (сол) аяқтарын ұшымен құрсаудың сыртына басу – демін ішіне тарту; 5–8 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу – демін сыртқа шығару, қайталау (8–10 рет).<br>2.Б.қ.: бір-біріне қарама-қарсы өкшесімен отыру, құрсау екеуінің ортасында. Біреуі еңкейіп, құрсауды итереді, ал екіншісі құрсауды өзіне тартады. Қайталау (4-5 рет).<br>3.Б.қ.: құрсаудың ішінде арқаларын түйістіріп тұру. Құрсауды қолдарымен ұстап тұрады. 1-2 – арқаларын түзу ұстап, отыра бергенде құрсауды жоғары көтере бастау; қайталау (8–10 рет).<br>4.Б.қ.: арқасына шалқалап, өкшелерін құрсауға қойып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталау (7-8 рет).<br>5.Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан асырып ұстау. 1– оң аяғын тізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғымен осы қимылдарды орындау. (7-8 рет қайталау)<br>6.Б.қ.: құрсаудың ішінде тұру. Қолдары белде. Бір құрсаудан екіншіге қос аяқтап секіру. | дейін көтеріп апару; 5-8– баяу төмен түсіру. Аяқтарын бүкпей, басын керу. Қайталау (6-8 рет).<br>5 «Құрсау арқада». Б.қ.: аяқтарын иық деңгейінде алшақтатып қою, Құрсау төмен түсірілген; 1-2 – құрсауды жоғары көтеру, жоғары қарау, керілу; 3-4– қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (4 рет).<br>6. Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды жанына еденге қою. Артпен секіріп құрсауды 3 рет айналу. Бағытын өзгертіп, 4 рет жай жүріспен алмастырып, қайталау. | шығарып қою;<br>3 – аяқтарын қосып, қатарластырып, түзеп жоғары көтеру;<br>4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (8 рет).<br>4.«Құлау»<br>Б.қ. – тұру, құрсауды екі қолмен төменге қаратып ұстау; 1 – сол аяқпен құлап, құрсаудың ортасына қадам аттау;<br>2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды қайталау (8 рет).<br>5.«Айналдыру»<br>Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; құрсауды бір қолмен айналдыру (3 рет).<br>6.«Массаж»<br>Б.қ. – тұру, құрсауды еденге қою; оны оң аяқтың бармақтарымен көтеру. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (3 рет).<br>7.«Табанды сергіту»<br>Б.қ. – құрсаудың ішінде тұру. Құрсаумен өкшелеп жүру, бармақтарымен жүру; (2 айналу)<br>8.«Секіру»<br>Б.қ. – құрсауға қарап тұру, аяқтары аздап алшақтатылған, қолдары жанында; екі аяқтап құрсауды секіріп, бағытын кезек өзгерте отырып, аздаған үзіліс жасап, айналу. | бастайды.<br>4.Б.қ.: құрсауды бармақтары және өкшелерімен басып тұру.<br>1-2 – аяқ басына көтерілу, қолдарын көтеру; 3-4 – өкшесіне түсу, қолдарын төмен түсіру; 8– 10 рет қайталау.<br>«Айналада». Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; бір қолдары белінде, екіншімен құрсауды ұстау; аяқ ұшына отырып, құрсауды үш рет айналу; тұрып, денені түзеу, бағытты өзгертіп, қайталау (3-4 рет).<br>5.Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; шеңбер бойымен аяқтарын жоғары көтеріп, шапшаң жүгіріп үш рет айналу; бір орында жай жүру; бағытын өзгерту, қайталау (3-4 рет). | жату. 1-4– аяқтарын жоғары көтеру;<br>5–8 – аяқ бастарын құрсауға баяу тарту. Қайталау (8 рет).<br>5.Б.қ.: біреуі құрсауды еденге параллель 40 см биіктікке ұстап, тізерлеп тұру; екіншісі құрсауға қырындап тұрады; құрсаудың астына өтіп, ішінен аттап шығады. 6 рет қайталау. Балалар орындарын ауыстырады.<br>6.Б.қ.: екеуі де оң қолдарымен құрсауды ұстап тұрады. Оңға айналу, тоқтау; сол жаққа айналу. Қайталау (4-5 рет)<br>7.Б.қ.: қолдары артта, құрсауды еденге қою; екі аяқтап құрсауды артпен үш рет айналу; тоқтау. Бағытты өзгерту, жай жүріспен алмастырып, қайталау (2-3 рет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |

| ҰІӘ уақыты: 09.00 11.30 | 09.00-09.25<br>09.35-10.00<br>10.30-10.55<br>11.05-11.30 | **Дүйсенбі 13.05.24** | **Сейсенбі 14.05.24** | **Сәрсенбі 15.05.24** | **Бейсенбі 16.05.24** | **Жұма 17.05.24** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Өлшеу. (танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту. Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; графикалық диктантты орындау, қағаз бетінде бағдарлау, 10 көлемінде санау, заттардың санын цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу және қолдың моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** иінді таразымен өлшеуді; санауды, санды жазуды;<br>**Түсінеді:** таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Біз не білеміз?<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-сызба бойынша сөйлем құрауға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-балаларға тыйым сөдердің мағынасын түсіндіру арқылы әдепті болуға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: буын туралы білімін, дыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** сөйлем құрайды, сөйлемді мазмұнына қарай аяқтайды.<br>**Түсінеді:** дауысты, дауыссыз дыбыстардың сөздегі орнын, тиым сөздердің мағынасын түсінеді.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады, тиым сөздерді қолданады. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Өлшеу. (ойын,танымдық іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту. Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; графикалық диктантты орындау, қағаз бетінде бағдарлау, 10 көлемінде санау, заттардың санын цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу және қолдың моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Дербестікке баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** иінді | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Өлшеу. (ойын, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту. Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; графикалық диктантты орындау, қағаз бетінде бағдарлау, 10 көлемінде санау, заттардың санын цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту;<br>-зейін, жад, сөйлеу және қолдың моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Меңгереді:** иінді таразымен өлшеуді; санауды, санды жазуды;<br>**Түсінеді:** таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік?<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту;<br>-сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру;<br>-графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу.<br>**Дағды**: дыбыстық сызбамен жұмыс жасау, дыбыстарды ажырата білу дағыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстарды анықтайды, дыбыстын орнын табады, берілген дыбысқа сөздер айтады.<br>**Түсінеді**: дыбыстыңсөздің басында, ортасында және соңында да кездесетінін.<br>**Қолданады:** дыбыс, буын , сөз, сөйлем сызбаларын ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын;<br>**Қолданады:** таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта). Үзік сызықтармен сызуға, бояуға, графикалық диктантты орындауға үйретуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ойын жадаяты.** Әлия мен Сырым дүкен ойынын ойнауды ұсынады.<br>Бұл оқу кызметінде біз дүкенде сауда жасаймыз.<br>Дүкенде нені өлшейді?<br>Сендер қандай таразыларды көрдіңдер?<br>Қай заттың ауырлау екенін қалай анықтауға болады?<br>Балалар жағдаятқа қызығушылық танытады.<br>**Түсіну деңгейі: Топтық практикалық жұмыс**.<br>Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру.<br>Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады.<br>Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманы** жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады.<br>Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды.<br>Бұл тапсырманы қолда бар | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**.Ұйымдастыру кезеңі**<br>«Артығын тап» ойынын педагог балалармен ұйымдастырады.<br>Кесе, тәрелке, қазан, қасық, асық .( асық)<br>Жылқы, қой, қозы, түйе, бие, шие. (шие)<br>Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус)<br>Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз , жүзім. (жүзім)<br>Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе)<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.**<br>Дыбыс деген не?<br>Дыбыстар қандай  болып бөлінеді?<br>Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?<br>Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>Дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Сөзді буынға қалай бөлеміз?<br>Буынды қалай белгілейміз?<br>Сөйлем деген не?<br>Сөйлем неден тұрады?<br>Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?<br>Дидактикалық жаттығу: «Тиісті текшені көтер»<br>Педагог дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда көк | таразымен өлшеуді; санауды, санды жазуды;<br>**Түсінеді:** таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын;<br>**Қолданады:** таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта). Үзік сызықтармен сызуға, бояуға, графикалық диктантты орындауға үйретуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ойын жадаяты.** Әлия мен Сырым дүкен ойынын ойнауды ұсынады.<br>Бұл оқу кызметінде біз дүкенде сауда жасаймыз.<br>Дүкенде нені өлшейді?<br>Сендер қандай таразыларды көрдіңдер?<br>Қай заттың ауырлау екенін қалай анықтауға болады?<br>Балалар жағдаятқа қызығушылық танытады.<br>**Түсіну деңгейі: Топтық практикалық жұмыс**.<br>Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру.<br>Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады.<br>Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, | заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын;<br>**Қолданады:** таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта). Үзік сызықтармен сызуға, бояуға, графикалық диктантты орындауға үйретуді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Ойын жадаяты.** Әлия мен Сырым дүкен ойынын ойнауды ұсынады.<br>Бұл оқу кызметінде біз дүкенде сауда жасаймыз.<br>Дүкенде нені өлшейді?<br>Сендер қандай таразыларды көрдіңдер?<br>Қай заттың ауырлау екенін қалай анықтауға болады?<br>Балалар жағдаятқа қызығушылық танытады.<br>**Түсіну деңгейі: Топтық практикалық жұмыс**.<br>Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру.<br>Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады.<br>Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманы** жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады.<br>Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр | түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Қарама - қарсы сөзді тап» ойынын ұйымдастырады.<br>Қалың – ... (*жұқа)*<br>Суық – ... (*ыстық)*<br>Тәтті – ... *(ащы)*<br>Қисық – ... (*түзу)*<br>Ұзын – ... (*қысқа)*<br>«Кім зейінді?»дидактикалық ойыны<br>Педагог балаларға әртүрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көк текшені көтереді.<br>**«Тиісті белгіні көтер»дидактикалық жаттығуы**<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Түсіну деңгейі: «Сөздің бірінші дыбысын айт»дидактикалық ойыны**<br>(Педагог суреттер көрсетеді)<br>Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар.<br>Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен  содан кейін екінші командамен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3-5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады.<br>Тапсырманы орындайды.<br>Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді.<br>Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді.<br>**Қолдану деңгейі: Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Қай табақша төмен түседі? Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме?<br>Таразы бойынша қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) ауырырақ? Блиц-сұрақ.<br>Не ауыр - ашықхат па, қарындаш па?<br>Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек?<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Педагог **2- тапсырманы** орындауды сұрайды.<br>Заттарды таразыға салады. Оларды жапсырады.<br>Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады:тең,жеңіл | түсті текшені көтереді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Дидактикалық ойын: «Дұрыс көрсет»**<br>Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз екенін атап береді.<br>Ойын: «Сөз тізбегі»<br>Педагог балаларға допты беріп сөз айтады, бала сөз аяталған дыбыстан басталатын сөз бір сөз айтып допты келесі балаға береді. Ойынға барлық бала қатысыды. Сөздің басындағы және соңындағы дыбыстарды мұқият тыңдау, дұрыс айту ескертіледі.<br>Мысалы: *алша-алмұрт-тарақ-қант-тау-уық-қалам-мал-лақ-қазан-нағашы-ыдыс- сағыз-зәкір-рауғаш-шар-радио-ожау-уыс-сәбіз, Зарина-алқа-аю.* | заттардың салмағы әртүрлі.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**1-тапсырманы** жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады.<br>Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды.<br>Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3-5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады.<br>Тапсырманы орындайды.<br>Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді.<br>Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді.<br>**Қолдану деңгейі: Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Қай табақша төмен түседі? Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме?<br>Таразы бойынша қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) | затты атайды және бояйды.<br>Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3-5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады.<br>Тапсырманы орындайды.<br>Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді.<br>Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді.<br>**Қолдану деңгейі: Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>Қай табақша төмен түседі? Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме?<br>Таразы бойынша қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) ауырырақ? Блиц-сұрақ.<br>Не ауыр - ашықхат па, қарындаш па?<br>Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек?<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Педагог **2- тапсырманы** орындауды сұрайды.<br>Заттарды таразыға салады. Оларды жапсырады. | ойнайды.<br>Мысалы: *өшіргіш(ө), әтеш(ә), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү)* т.б.<br>Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер.<br>Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.<br>Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетк (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ )т.б.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы<br>Педагог **сағат, асық, қас** сөздерінің сызбасын тақтаға іліп, **с**дыбысының орнын табуды тапсырады.Тақтаға бір баланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және ауыр.<br>Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға - үш-үштен жеміс салады.<br>Педагог **3- тапсырман**ы орындауды сұрайды.<br>- Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар.<br>Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады.<br>**4- тапсырма** жеке орындалады.<br>Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады:<br>Қарындашты нүктеге қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз.<br>Тоқта.<br>Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста.<br>Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты).<br>Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Мойнымызды бұрайық.*<br>*Қолымызды көтеріп,*<br>*Саусақты ашып-жұмайық.*<br>*Содан соң қолды түсіріп,*<br>*Алға қарай адымдап,*<br>*Шапалақты ұрайық.* | **Қолдану деңгейі:**<br>***«Дыбысты тап» дидактикалық ойыны***<br>**Қоңыз** сөзінде жуан дауысты «о» дыбысы нешінші буында естіліп тұр.<br>**Қозы** сөзінде жуан дауысты «ы» дыбысы нешінші буында естіліп тұр.<br>**Қораз** сөзінде жуан «а» дауысты дыбысы нешінші буында естіліп тұр.<br>**Тауық** сөзінде жуан» ы» дыбысы нешінші буында естіліп тұр.<br>***«Сөздің бірінші дыбысын айт»дидактикалық ойыны*** (Педагог суреттер көрсетеді).<br>Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар.<br>Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.<br>Мысалы: *ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешкі(е), элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө(, етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.*<br>Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар?<br>Дауысты дыбыстардан басталатын сөздер.<br>Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? | ауырырақ? Блиц-сұрақ. Не ауыр - ашықхат па, қарындаш па?<br>Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек?<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Педагог **2- тапсырманы** орындауды сұрайды.<br>Заттарды таразыға салады. Оларды жапсырады.<br>Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады:тең,жеңіл және ауыр.<br>Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға - үш-үштен жеміс салады.<br>**Танымдық жұмыс:**<br><br><br>Педагог **3- тапсырман**ы орындауды сұрайды.<br>- Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар.<br>Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады.<br>**Танымдық жұмыс:** | Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады:тең,жеңіл және ауыр.<br>Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға - үш-үштен жеміс салады.<br>**Танымдық жұмыс:**<br><br>Педагог **3- тапсырман**ы орындауды сұрайды.<br>- Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар.<br>Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады.<br>**Танымдық жұмыс:**<br><br><br>**4- тапсырма** жеке орындалады.<br>**Танымдық жұмыс:**<br><br>Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды | ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты бояйды.<br>**«Орамал тастамақ» дидактикалық ойыны**<br>**Ойын шарты**: педагог дыбысты айтып, балаға орамал лақтырады. Бала сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.<br>Педагог балалардың іс-әрекетін мұқият бақылап, қателеспеген, ойынға белсене қатысқан балаларға жалауша, жұлдызша немесе асықтар үлестіріп отырады. Сабақтың соңында берілген заттар саналып, жеңімпаз белгіленеді.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суреттерді ата. Дыбыстық сызбаны тиісті суретпенсәйкестендір.<br>Суреттерді ата. Бірінші дыбысты анықта. Жуан дауысты дыбыстан басталатын заттардың суретін жуан ағашқа, жіңішке дауысты дыбыстан басталатынзаттардың суретін жіңішке ағашқа қос.<br>Сызбадан т дыбысының орнын анықта.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қолды белге қоямыз,<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір,<br>Біз бақытты баламыз,<br>Гүл-гүл жайнап жанамыз,<br>Жақсы серігіп қаламыз.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Ағайынды екеу екен<br>Біреуі оқымаған, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.<br>Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: *кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), пима (п), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетк (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), фабрика (ф), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ ) т*.б. Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар?<br>Қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер.<br>Дұрыс. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды.<br>***«Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны***<br>Педагог сөйлемді бастайды, ал балалар аяқтайды.<br>Мысалы:<br>Асхат таңертең ... (*бақшаға барды).*<br>Анамның ертең ... (*туған күні*).<br>Маржан кеше ... (*ерте тұрды*).<br>Балалар қатты ... ( *қуанды).*<br>Ерланның иті ... ( *қабаған*).<br>Менің сіңілім ... (*мысықты жақсы көреді*).<br>Әкем көп ... ( *жұмыс жасайды).*<br>Достарым мені ... ( *сыйлайды*) .<br>Әжем бауырсақ ... (*пісірді*) .<br>Бізге кешігуге ....<br>(*болмайды*).<br>Балалар, сендер тыйым | <br><br>**4- тапсырма** жеке орындалады.<br>**Танымдық жұмыс:**<br><br><br>Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады:<br>Қарындашты нүктеге қой.<br>Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз.<br>Тоқта.<br>Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста.<br>Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты).<br>Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит. | ұсынады:<br>Қарындашты нүктеге қой.<br>Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз.<br>Тоқта.<br>Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста.<br>Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты).<br>Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет.<br>Бұл ит.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Мойнымызды бұрайық.*<br>*Қолымызды көтеріп,*<br>*Саусақты ашып-жұмайық.*<br>*Содан соң қолды түсіріп,*<br>*Алға қарай адымдап,*<br>*Шапалақты ұрайық.* | Біреуі сауатты екен,<br>Көп іске жауапты екен.<br>Ататын асықты да,<br>Ұстайтын қасықты да,<br>Хаттарды жазатын да,<br>Есікті ашатын да, өзі екен. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөздерді білесіңдер ма?<br>Тыйым сөздер деген не?<br>Тыйым сөздерді үлкендерден естігендерің бар ма?<br>Балалардың жауабы тыңдалады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Екі көзің не үшін керек?<br>Жақсыларды көру үшін!<br>Екі қолың не үшін керек?<br>Елге көмек беру үшін!<br>Құлақ деген не үшін керек?<br>Ақыл-кеңес тыңдау үшін!<br>Жүрек деген не үшін керек?<br>Жауларыңнан қаймықпау үшін!<br>Тіл мен жағың не үшін не керек?<br>Ақиқатты айту үшін!<br>Ал аяғың...<br>Ал аяғың сыртта жүрсең<br>Туған жерге қайту үшін!<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін-бірі көреді.<br>Бір-біріне қарайды,<br>Сәлемдесіп алады. | <br>**Сергіту сәті.**<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Мойнымызды бұрайық.*<br>*Қолымызды көтеріп,*<br>*Саусақты ашып-жұмайық.*<br>*Содан соң қолды түсіріп,*<br>*Алға қарай адымдап,*<br>*Шапалақты ұрайық.* | | |

*1 үзіліс - 09:25 - 09:35*

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Психологиялық ойын: «Жунглидағы жаңбыр»**

**Басты міндеттері: Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту.**

| | | |
|---|---|---|
| **Дыбыстық жаттығу.(қайталау жұмыстары)**<br>**Мақсаты:** Дыбыстық гимнастикамен таныстыру, рух пен дененің тынығуы.<br>*Дыбыстық жаттығуды бастамас бұрын, өзімізді бірқалыпты, жайлы сезінеміз, тік тұрамыз, арқамызды тік ұстаймыз. Алдымен мұрнымызбен терең дем аламыз, ал дем шығарғанда дыбысты қатты, әрі қуатты етіп шығарамыз.<br>*Келесі дыбыстарды «әндетіп» айтамыз: | **Психологиялық ойын:**<br>**Ойын: «Жунглидағы жаңбыр»** жаттығуы.<br>**Мақсаты:** Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту.<br>**Әдістемелік нұсқаулар**<br>**Ойын шарты:**<br>**Нұсқау:** - Бір - біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Жунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн | **Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылын жасайық»**<br><br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»** |

| | | |
|---|---|---|
| *«А» — барлық ағзаға жайлы әсер береді;<br>*«Е» — қалқанша безге әсер етеді;<br>*«И» — миға, көзге, мұрынға, құлаққа әсер етеді;<br>*«О» — жүрекке өкпеге әсер етеді;<br>*«У» — асқазан маңындағы ағзаларға әсер етеді;<br>*«Я» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;<br>*«М» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;<br>*«Х» — көңіл-күйді көтеруге әсер етеді.<br> | жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).<br>Жел көтеріліп желкіді ( арқаны қаттырақ басамыз).<br>Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)<br>Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)<br>Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).<br>Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).<br>Тағы да нөсер жауын жауды.<br>Ұсақ жаңбыр сіркіреді.<br>Дауыл соқты.<br>Жел соқты.<br>Жел басылып келеді. | **Мақсаты:** Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>**Шарты:**Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>**Күтілетін нәтиже:** Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды.<br> |

**2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жаздың кезі көңілді.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-«Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту.<br>-сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру.<br>**Дағды**: дыбыстық талдау жасау,шығармашылық әңгіме құрау, сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, шығармашылық әңгіме құрайды; | **2.Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Табиғатқа қамқор бол.(коммуникативтік,ойын, танымдық іс-әрекеттері)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>-қатар құрбыларымен және ересектермен өзара қарым- | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Бала - біздің болашақ(өлеңді жаттау) мәнерлеп айту..<br>Қасым Аманжолов<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей<br>оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту.<br>**Дағды:** Өлең мазмұнын | **2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Жаздың кезі көңілді.(Үй құстары мен дала құстары)<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-«Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту.<br>-сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру.<br>**Дағды**: дыбыстық талдау жасау,шығармашылық әңгіме құрау, сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:**<br>-баланың тілдік бейімділігін дамыту; | **2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Өс, ұлан! танысу.<br>**ҰІӘ міндеттері:** -өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу;<br>-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету;<br>-өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br>**Дағды:** тілдік бейнелілігін сезінуге, айналасымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Түсінеді:**саяхатқа шыққан көңілді екенін;<br>**Қолданады:** ойын арқылы дала құстарымен, үй құстарын ажырата алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог балаларға саяхатқа шығатындары туралы хабарлайды.<br>– Саяхатқа немен шығамыз, қандай көлік түрлерін білесіңдер? Педагог саяхатқа пойызбен шығатындарын айтады.<br>Ол үшін пойыздың паравозын жүргізетін машинист тағайындауымыз керек.<br>Кәне, сендердің араларыңда кімнің бойы ұзын?<br>Үнтаспадан пойыздың дыбысы мен жүрісі естіледі.<br>Балалар, біз жолда қарап отырмай, терезеден көргенімізді айта отырайық.<br>Қараңдаршы, табиғат қандай сұлу болып, құлпырып кеткен.<br>Қазір қандай мезгіл?<br>Ендеше, «жаз» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>Өте жақсы, балалар.<br>Балалар, біздің пойыз ауылдың шетіндегі стансыға келіп тоқтады. Балаларға көмек ретінде жаз мезгіліндегі ауыл бейнесінің суреті ілінеді.<br>Кәне, не көріп тұрмыз?<br>Педагог балалардан «ауыл» сөзіне дыбыстық талдау жасауларын сұрайды.<br>Пойыздың үні естіліп, | қатынас жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** табиғат аясындағы мінез-құлық ережелерін білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** табиғат аясындағы мінез-құлық ережелерін біледі.<br>**Түсінеді:** адамның іс-әрекеті мен табиғаттың арасындағы байланысты түсінеді.<br>**Қолданады**: табиғатта өз-өзін экологиялық талаптарға сай, сауатты ұстай біледі.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** эмоционалды көңіл күй қалыптастырады, балаларды шаттық шеңберін құруға шақырады. Көтеріңкі көңіл күйіңмен бөліс.<br>Тақпақ оқиды. Тақпақты тыңдайды.<br>Сүйейік, табиғатты аялайық,<br>Біз одан жақсылықты аямайық.<br>Анадай табиғаттың аясында<br>Жадырап, аунап-құнап демалайық.<br>Ата-аналарымен, достарымен бірге табиғат аясына жасаған саяхаттан алған әсерлерімен бөліседі.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Серуендеу барысында.**<br>Балалардың назарын: қоқыс, аяусыз басып жаншылған жолдар, сынған бұтақтар сынды қоршаған ортадағы тағы да басқа проблемаларға аударады.<br>Ауа райының ерекшеліктеріне тоқталады.<br>Жылдың осы мезгіліне тән | түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге, айналасымен жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Жұмбақтың шешуін таба алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Бала, бала, баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамыз да қаламыз.<br>**Жұмбақ** жасырады:<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы еңісте,<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>*(Жаз)*<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>Жаз мезгілі несімен ұнайды?<br>Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».<br>Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. | -табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, шығармашылық әңгіме құрайды;<br>**Түсінеді:**саяхатқа шыққан көңілді екенін;<br>**Қолданады:** ойын арқылы дала құстарымен, үй құстарын ажырата алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Педагог балаларға саяхатқа шығатындары туралы хабарлайды.<br>– Саяхатқа немен шығамыз, қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>Педагог саяхатқа пойызбен шығатындарын айтады.<br>Ол үшін пойыздың паравозын жүргізетін машинист тағайындауымыз керек.<br>Кәне, сендердің араларыңда кімнің бойы ұзын? Үнтаспадан пойыздың дыбысы мен жүрісі естіледі.<br>Балалар, біз жолда қарап отырмай, терезеден көргенімізді айта отырайық.<br>Қараңдаршы, табиғат қандай сұлу болып, құлпырып кеткен.<br>Қазір қандай мезгіл?<br>Ендеше, «жаз» сөзіне дыбыстық талдау жасайық. | жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>**Түсінеді:** өлеңнің мазмұнын түсінеді;<br>**Қолданады:** өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Жұмбақтың шешуін таба алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Білу деңгейі:**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Бала, бала, баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамыз да қаламыз.<br>балаларға жұмбақ жасырады:<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы еңісте.<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>*(Жаз)*<br>**Түсіну деңгейі:**<br>Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>Жаз мезгілі несімен ұнайды?<br>Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».<br>Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар.<br>Бұл – сендердің мерекелерің.<br>Бүгін біз ақын Қасым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар келесі стансыға келіп тоқтайды. Стансы «Көл жағасында» деп аталады.<br>**Түсіну деңгейі:** Осы тақырыпқа байланысты әңгіме құрауларыңды сұраймын. Сөздік жұмыс: Балалар, «көл» сөзіне талдау жасайық.<br>Пойыздың дыбысы мен жүрісі естіліп, балалар саяхатын жалғастырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жасыл түсі көп еді – жаз мезгіліндегі жапырақтардың, шөптердің көп екенін білдіреді.<br>Үнтаспадан пойыздың дауысы естіліп, құстардың дауысы қосылады да, педагог орманның ортасынан өтіп бара жатқандарын айтады.<br>Педагог балалардан құстарды дауысынан танып, атауларын сұрайды.<br>Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ.<br>Ку-кук, ку-кук.<br>Қарқ-қарқ.<br>«Орман» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>**Орман**-2 буын, ор, ман-тұйық.<br>**О** - дауысты, Жуан, ашық, еріндік;<br>**р** - дауыссыз, үнді;<br>**м** - дауыссыз, үнді;<br>**а** - дауысты, Жуан, ашық, езулік;<br>**н** - дауыссыз, үнді;**орман сөзінде** 5 әріп, 5 дыбыс бар.<br>Балалар, саяхатымыз ұнады ма? | белгілерді атап береді. Планшет пен фотоаппаратты пайдаланып, көргендерін суретке түсіреді.<br>**«ЖАҚСЫ – ЖАМАН» дидактикалық ойынын ұйымдастырады**.<br>Мақсаттары:<br>Балалардың табиғатта өзін-өзі ұстау тәртібі туралы білімін нығайту. Педагог балаларға табиғат аясындағы мінез-құлықтың сызбалық ережелерін көрсетеді. Балалар суреттерге қарап, онда не бейнеленгенін жан-жақты баяндап береді. Нені істеуге болатынын, нені болмайтынын айтады. Себебін түсіндіріп береді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті**<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын.<br>**Ойын: «Болады – болмайды». (Болады дегенде қол шапалақтаймыз, болмайды дегенде аяғымызбен дүрсілдетеміз).**<br>Орманға саңырауқұлақ пен жидек теру үшін жалғыз баруға бола ма?<br>Орманға ата-аналарымызбен баруға бола ма?<br>Тауға, далаға жалғыз шығып | Бұл – сендердің мерекелерің.<br>Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.<br>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Бала – біздің болашақ,<br>Сүйсінеміз, сүйеміз.<br>Бұл болашақ тамаша-ақ,<br>Болашаққа біз иеміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Болашақ* – «алдағы уақыт» деген мағынаны білдіреді.<br>*Сүйсінеміз* – қызығамыз.<br>**Полилингвальді компонент:** балалар – дети – children; болашақ – будущее – future; жаз – лето – summer; бақытты – счастливый – happy.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Болашақта сен қандай бала болғың келеді?<br>Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар<br>**Сергіту сәті:**<br>Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? *(Күнді)*<br>Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? *(Алақай!)*<br>Күн бізге не шашады? *(Жылуын шашады)*<br>Қане, алақанымызды жылытайық,<br>Қолымызды Күнге созайық.<br>Өлең жолдарын қайталап, | Өте жақсы, балалар.<br>Балалар, біздің пойыз ауылдың шетіндегі стансыға келіп тоқтады. Балаларға көмек ретінде жаз мезгіліндегі ауыл бейнесінің суреті ілінеді.<br>Кәне, не көріп тұрмыз?<br>Педагог балалардан «ауыл» сөзіне дыбыстық талдау жасауларын сұрайды.<br>Пойыздың үні естіліп, балалар келесі стансыға келіп тоқтайды. Стансы «Көл жағасында» деп аталады.<br>**Түсіну деңгейі:** Осы тақырыпқа байланысты әңгіме құрауларыңды сұраймын. Сөздік жұмыс: Балалар, «көл» сөзіне талдау жасайық.<br>Пойыздың дыбысы мен жүрісі естіліп, балалар саяхатын жалғастырады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Жасыл түсі көп еді – жаз мезгіліндегі жапырақтардың, шөптердің көп екенін білдіреді. Үнтаспадан пойыздың дауысы естіліп, құстардың дауысы қосылады да, педагог орманның ортасынан өтіп бара жатқандарын айтады.<br>Педагог балалардан құстарды дауысынан танып, атауларын сұрайды.<br>Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ.<br>Ку-кук, ку-кук.<br>Қарқ-қарқ. | Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.<br>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Бала – біздің болашақ,<br>Сүйсінеміз, сүйеміз.<br>Бұл болашақ тамаша-ақ,<br>Болашаққа біз иеміз.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Болашақ* – «алдағы уақыт» деген мағынаны білдіреді.<br>*Сүйсінеміз* – қызығамыз.<br>**Полилингвальді компонент:** балалар – дети – children; болашақ – будущее – future; жаз – лето – summer; бақытты – счастливый – happy.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Болашақта сен қандай бала болғың келеді?<br>Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар.<br>**Өтебай Тұрманжанов**<br>**Өс, Ұлан!**<br>Сау болсын десең<br>Он екі мүшең -<br>Ерте тұр!<br>Құлақ түр,<br>Тыңда сыр.<br>Жапырақтар жырлар,<br>Гүлдер сыбырлар.<br>Күн нұрын күт!<br>Таза ауа жұт!<br>Бойыңа – құт.<br>Жүгір,<br>Селмен жарысып. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ал енді тобымызға оралып, дәптерімізді ашайық.<br>Дидактикалық ойын: «Орнын тап».<br>Ойын шарты: Дала құстары мен үй құстарын бөліп, әрқайсын өз орындарына орналастыру.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Дәптердегі орындалады.<br>Дала құстарын орманға, үй құстарын аулаға орналастыру қажет.<br>**Сергіту сәті:**<br>Көл жағалай көп құстар,<br>Ұшып-қонып жатады.<br>Қиқуланып әр тұстан,<br>Сызылтып үн қатады.<br>Дөңгеленіп төбеден,<br>Сәулесін күн төгеді.<br>Жарқын жаздың не деген,<br>Жасыл түсі көп еді.<br>*(А.Омарова)* | кетуге бола ма?<br>Ата-анаңнан қашып, көрші көгалға кетіп қалуға бола ма?<br>Ылғи ата-анаңмен бірге бол.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс істеуге шақырады.**<br>Тапсырмаларды серуеннен кейін орындатуға болады.<br>Табиғаттан қандай өзгерістер байқадың?<br>Қоршаған ортада қандай мәселелерді байқадың?<br>Белгіле. Неге олай болды?<br>Себебін түсіндіріп бер.<br>Суреттерді қарап шығып, балалардың қайсысының әрекеті дұрыс еместігін айтып бер. | есімізге түсірейік.<br>3-4 балаға өлең шумақтарын қайталап айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>Балаларға есімдер ойлап тауып, достар туралы әңгімеле.<br>Атасы мен немерелері қайда барды?<br>Немерелерінің қолында не бар?<br>Олар қандай мейрамға шықты?<br>Балалар — біздің болашақ,<br>Сүйсінеміз, сүйеміз.<br>Бұл болашақ тамаша-ақ!<br>Болашаққа иеміз.<br>Көтеріп жас сәбиді,<br>«Күлші, бөпе, күл!» — дейміз.<br>Көңіл дария шалқиды,<br>Балалармен гүлдейміз.<br><br>**Танымдық шығармашылық жұмыс:**<br> | «Орман» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>**Орман**-2 буын, ор, ман-тұйық.<br>**О** - дауысты, Жуан, ашық, еріндік;<br>**р** - дауыссыз, үнді;<br>**м** - дауыссыз, үнді;<br>**а** - дауысты, Жуан, ашық, езулік;<br>**н** - дауыссыз, үнді;**орман сөзінде** 5 әріп, 5 дыбыс бар.<br>Балалар, саяхатымыз ұнады ма?<br>Ал енді тобымызға оралып, дәптерімізді ашайық. Дидактикалық ойын: «Орнын тап».<br>Ойын шарты: Дала құстары мен үй құстарын бөліп, әрқайсын өз орындарына орналастыру.<br>Дәптермен жұмыс:<br>Дәптердегі орындалады.<br>Дала құстарын орманға, үй құстарын аулаға орналастыру қажет.<br>**Сергіту сәті:**<br>Көл жағалай көп құстар,<br>Ұшып-қонып жатады.<br>Қиқуланып әр тұстан,<br>Сызылтып үн қатады.<br>Дөңгеленіп төбеден,<br>Сәулесін күн төгеді.<br>Жарқын жаздың не деген,<br>Жасыл түсі көп еді.<br>*(А.Омарова)* | Жүгір,<br>Желмен жарысып.<br>Нұрға сылан,<br>Болып қыран,<br>Өс, Ұлан! |
| ***«Ас – адамның*** | Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. | | | | |

| | |
|---|---|
| *арқауы» түскі ас.*<br>**10:00-10:30** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. |

***2 үзіліс – 10:00 – 10:30***

**Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары**

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

**Аз қимылды ойын: «Кімде доп бар?»**

**Басты міндеттері: Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Сымбаттылыққа, шымыр болуға, ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту.**




**Қимылды ойын: «Кімде доп бар?»**
**Ойынның міндеттері:** Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Сымбаттылыққа, шымыр болуға, ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту.
**Дағды:** Балаларды ойын сөзін ұғып тез қимылдауға үйрету, қимыл бағытын тез орындауға, тәрбиешінің ұсынысын қабылдай білуге дағыландыру.
**Материал:** доп
**Ойынға дайындық:** Жүрісі: Бір бала жүргізуші болады. Бір бала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады ( қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек ).
**Ойынның ережесі :** Ойыншылар шеңбер жасап тұрады. Ойын бастаушы тағайындалады. Ол шеңбердің ортасында тұрады, қолдарын арқасына ұстап бір-бірімен тығыздалып тұрады. Тәрбиеші допты (диаметрі 15 см-ден аспайтын) кімге болса да біреуіне береді, балалар оны арттарымен шеңбер жасай бір-біріне береді. Бастаушы доптың кімде екенін табуға тырысады. Ол: «Қолыңды» деп кімге айтса, сол екі қолын алға шығарып, алақанын жайып, жоғары көтеруге тиіс, онда ол оның қолында доптың жоқ екенін көрсетеді. Егер басқарушы добы бар екенін тапса, ол допты алады да шеңберге тұрады, ал доп табылған бала ойынды басқара бастайды. Ойынға балалардың ықыласы болмағанға дейін ойын қайталана береді.
**Әдістемелік нұсқаулар:**
**Ойынның педагогикалық маңызы.**
Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.
**Ұсыныс:**
Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін ( көзінің т.б) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс.

**3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.30 – 10.55**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Әжемнің оюлары.<br>**ҰІӘ міндеттері:** | **3.Сурет салу-** шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Кешкі қала. *(Акварель бояу)* | **3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Үйренгендерімізді | **3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Қазақстан – ортақ үйіміз.<br>**ҰІӘ міндеттері:** | **3.Қоршаған ортамен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Табиғатқа қамқор бол. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Дағды**: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт- дәстүрлерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** ою атауларын қайталап естеріне сақтайды, мәтінді қайталайды.<br>**Түсінеді:** қазақ ұлттық бұйымдардың қазақы ою-өрнектерімен өрнектелетінін, олардың әртүрлі болып келетінін түсінеді.<br>**Қолданады:** оюларды атап, қолдана алады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Шаттық шеңбер**<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты.<br>Қайырлы таң, алтын күн!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. | **ҮІӘ міндеттері:**<br>-ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету;<br>-кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету;<br>-жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу.<br>**Дағды**: жұмысты талғаммен орындауға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** дене жаттығуларын жасап жатқан адамды қағаз бетінде дұрыс орналастыра біледі;<br>**Түсінеді:** күн тәртібін сақтаудың қажеттілігін, адам организмі дұрыс қалыптасып өсуі үшін жаттығу жасау керектігін;<br>**Қолданады:** күн тәртібіндегі шынықтыру, сауықтыру шараларын орындайды, сурет салуға қажетті білім, білік, дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балаларға саяхатта көргендерін, білгендерін әңгімелету. Қала жайындағы түсініктерін тереңдету мақсатында сурет көрсете отырып әңгімелесу.<br>**Түсіну деңгейі:** Қаланың ауылдан ерекшелігіне тоқталу.<br>Үйлерді кім салады? (Құрылысшылар).<br>Балалар, ал сендер кешкі қала көрінісін тамашалап | қайталаймыз.<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту;<br>-сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру;<br>-бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды**: сөйлемнің сөздерден құралатынын білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** суретті дыбыстық талдауымен сәйкестендіреді, сызбаға байланысты сөйлем құрайды, сөздерді буынға бөледі.<br>**Түсінеді:** сөйлемнің сөздерден құралатынын.<br>**Қолданады:** дыбыс, буын , сөз, сөйлем сызбаларын ажыратады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** «Не қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойынын ойнату арқылы бастайды.<br>Жылқы ... (кісінейді).<br>Сиыр ... (мөңірейді).<br>Ит ... (үреді).<br>Мысық ... (мияулайды).<br>Әтеш ... (шақырады).<br>**«Тиісті текшені көтер»дидактикалық жаттығуы**<br>Педагог дауысты, | -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Мақал-мәтелдерді айтуға үйрету;<br>-сөйлеу мәдениетін жетілдіру, сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Дағды:** Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** жаңа сөздерді қайталайды, сөйлем құрастырады, мақал-мәтелді және мәтінді қайталайды.<br>**Түсінеді:** Қазақстан халқы тату тұратынын түсінеді.<br>**Қолданады:** таныс сөздерді қолданады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты.<br>Қайырлы таң, алтын күн!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.<br>– Сәлеметсіздер ме?!<br>Суреттер бойынша өткен «Әжемнің оюлары» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, | (ойын,еңбек, зерттеу іс-әрекеті)<br>**ҮІӘ міндеттері:**<br>-табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару;<br>-балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру;<br>-қатар құрбыларымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** табиғат аясындағы мінез-құлық ережелерін білуге дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** табиғат аясындағы мінез-құлық ережелерін біледі.<br>**Түсінеді:** адамның іс-әрекеті мен табиғаттың арасындағы байланысты түсінеді.<br>**Қолданады**: табиғатта өз-өзін экологиялық талаптарға сай, сауатты ұстай біледі.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** эмоционалды көңіл күй қалыптастырады, балаларды шаттық шеңберін құруға шақырады. Көтеріңкі көңіл күйіңмен бөліс. Тақпақ оқиды. Тақпақты тыңдайды.<br>Сүйейік, табиғатты аялайық, Біз одан жақсылықты аямайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Сәлеметсіздер ме?!<br>Өткен «Киіз үй» тақырыбын қайталауға арналған «Ата, көрсет» ойыны: тақтадағы суреттер бойынша. Педагог заттарды атайды, балалар суреттерді көрсетеді.<br>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Түсіну деңгейі:** Тақпақ оқу.<br>Әжем сырмақ сырады<br>Әдетімен күндегі.<br>Сырмақтағы оюы Кең даланың гүлдері.<br>– Тақпақ не туралы?<br>– Әже не сырады?<br>– Оюлар неге ұқсайды?<br>– Кең даланың гүлдеріне ұқсайды.<br>Тақтадаға тақырыпқа байланысты «Әжелер сырмақ жасап отыр» суреті ілінеді. Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі. Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Әжелер сырмақ жасап отыр. Әжелер не істеп отыр?<br>– Әжелер сырмақ жасап отыр.<br>– Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Сырмақты немен өрнектеп отыр?<br>– Сырмақты оюмен өрнектеп отыр.<br>Үлгілер бойынша оюмен таныстыру. Ою – оюлар.<br>– Мына ою «гүл» деп аталады. Мына ою қалай аталады?<br>– Мынау ою «гүл» деп аталады.<br>– Түсі қандай болады?<br>(Суреттегі түстерді атайды). | көрдіңдер ме?<br>Кешкі қала көрінісі немен ерекшелінеді?<br>Бүгін сол сендер тамашалап отырған кешкі қала көрінісін салайық?<br>Педагог кешкі қала көрінісін салған кезде әртүрлі фигураларды молынан қолдануға болатынын, әр үйдің терезесінен түсетін жарық неге әр түсті болуы мүмкін екенін (терезеге тұтылған перденің түсіне сай), түн мезгілі екендігін фон арқылы көрсетуге болатынын, аспандағы жұлдыздарды қылқалам көмегімен салу жолдарын түсіндіреді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Тамшы тамса<br>Тамшы тамса тырс-тырс,<br>Айтады гүл:<br>Дұрыс, дұрыс!<br>Тамшы тамса тырс-тырс,<br>Айтады қыр:<br>Ырыс! Ырыс!<br>*(М. Әлімбаев)*<br>**Көркем сөз:**<br>**"Қалалар"**<br>Түнгі қалаларда ерекше сүйкімділік бар –<br>Үлкен де, кіші де қалалар.<br>Бұл қараңғы үйлердегі төртбұрышты түстер.<br>Бұл кешіктірілген көліктердің фаралары.<br>Бұл түнгі шамдардың жарқырауы,<br>Даңғылдың жібегінде көрініс табады –<br>Қалалар! Сіз мені өзіңіздікімен жеңдіңіз<br>Күн-ай спектрінің құпиясы. | дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).<br>Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда, көк түсті текшені көтереді.<br>**«Тиісті белгіні көтер»дидактикалық жаттығуы**<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>«Кәне, тауып көр» дидактикалық ойыны<br>–Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыстарды айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді.<br>Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ор- , қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-, ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, білезік, | соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>Негізгі кезең<br>– Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>– Қай қалада (ауылда) тұрасын?<br>Педагог Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған әңгімені жүргізеді.<br>**Түсіну деңгейі:** Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан қандай республика?<br>– Қазақстан – көпұлтты республика.<br>– Қазақстан халқы тату тұрады.<br>– Қазақстан халқы қалай тұрады? Қазақстан халқы тату тұрады.<br>Қазақстан – ортақ үйіміз.<br>– Ортақ үйіміз – ...<br>– Дима, сенің досың кім? Сен досыңмен қалай ойнайсың?<br>Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.<br>Педагог шағын мәтін құрап айтады: *Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан - көпұлтты республика. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан біздің ортақ үйіміз.* (3-4 бала мәтінді қайталайды).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дидактикалық ойын «Жалғастыру».<br>Біздің Отанымыз – Қазақстан.<br>Біздің Отанымыз – ... . | Анадай табиғаттың аясында Жадырап, аунап-қунап демалайық.<br>Ата-аналарымен, достарымен бірге табиғат аясына жасаған саяхаттан алған әсерлерімен бөліседі.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Серуендеу барысында.**<br>Балалардың назарын: қоқыс, аяусыз басып жаншылған жолдар, сынған бұтақтар сынды қоршаған ортадағы тағы да басқа проблемаларға аударады.<br>Ауа райының ерекшеліктеріне тоқталады.<br>Жылдың осы мезгіліне тән белгілерді атап береді.<br>Планшет пен фотоаппаратты пайдаланып, көргендерін суретке түсіреді.<br>**«ЖАҚСЫ – ЖАМАН» дидактикалық ойынын ұйымдастырады**.<br>Мақсаттары:<br>Балалардың табиғатта өзін-өзі ұстау тәртібі туралы білімін нығайту. Педагог балаларға табиғат аясындағы мінез-құлықтың сызбалық ережелерін көрсетеді. Балалар суреттерге қарап, онда не бейнеленгенін жан-жақты баяндап береді. Нені істеуге болатынын, нені болмайтынын айтады. Себебін түсіндіріп береді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Сергіту сәті**<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Мынау ою «қошқармүйіз» деп аталады. Мынау қандай ою?<br>– Мынау – «қошқармүйіз» ою. (Жеке-жеке айтып жаттығады).<br>– Мынау – тұмарша, тұ-мар-ша<br>– Мынау қандай ою?<br>– Мынау – тұмарша.<br>– Мынау – балта, бал-та.<br>– Мынау қандай ою?<br>Мынау – балта.<br>Ою ерекшеліктерін, оны қолдану жолдары, олардың түстері туралы әңгімелеу. Ұлттық бұйымдардың өз оюлары, түстері болатынын түсіндіру. Оюларды көрсету, ою аттарын қайталату.<br>Педагог шағын мәтін құрап айтады: *Әжелер сырмақ жасап отыр. Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Мынау – гүл ою. Мынау ою «қошқармүйіз» деп аталады. Мынау – тұмарша. Мынау – балта. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жүннен жасалады.* (3-4 бала мәтінді қайталайды.)<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Ү-ү-ү-ү – гүл – гүл<br>Қ-қ-қ-қ – қошқар – қошқармүйіз Ұ-ұ-ұ-ұ – тұмарша – тұмарша<br>Сергіту сәті<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br>Уық болып иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді | Бүгін не саламыз деп ойлайсың? Түнгі қаланың суреттеріне қараңыз. Түнгі қаланың түстері (қараңғы), контурлардың ерекшелігі (бұлыңғыр). Үйлер әртүрлі: үлкенді-кішілі, биік және аласа, ұзын және қысқа. Кейбір үйлер алдынан шығып, артындағы үйлерді жартылай жауып тастайды.<br>Балалар, бүгін сиқыршы суретшілерді шақырып, әдемі кешкі қаланың суретін салайық.<br>Балаларға арналған сұрақтар:<br>Нені салуға болады? Біз қандай түстерді қолданамыз? (үйлерді бейнелеу үшін қою түстерді, ал шамдар мен терезелер үшін ашық түстерді – сары, қызғылт сары түстерді пайдаланыңыз). Пейзажды қалай бейнелейміз? Немен сурет саламыз? Параққа қалай жақсырақ орналастыру керек?<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. | күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-,іс-, -діз.<br>«Дұрыс санды таңда»дидактикалық ойыны<br>Педагог балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді, ал олар суретте неше буын болса, сонша сан жазылған карточкаларды көрсетеді. Мысалы: доп – **доп** сөзінде 1 буын,1 саны жазылған карточканы көрсету керек .<br>Тапсырманы өзгертуге болады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Сөйлем құрай аламын» дидактикалық ойыны<br>***Көрнекілігі***:<br>«Балабақшада», «Мектеп», «Жазғы орманда»,«Дүкенде» тақырыптарындағы мазмұнды суреттер.<br>Педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем келе жатыр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем балабақшаға келе жатыр. Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Әсем балабақшаға анасымен келе жатыр. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, жеңімпаз болады.<br>**Сергіту сәті**<br>Кәне, қанат қағайық,<br>қарлығаш боп ұшайық, | Қазақстан – көпұлтты республика.<br>Қазақстан Республика.<br>Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан халқы тұрады.<br>Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Қазақстан – біздің үйіміз.<br>Мақалмен таныстыру.<br>Бірлік бар жерде – бақыт бар.<br>Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді, балалар қайталайды.<br>«Сиқырлы қаламмен» жұмыс. «Достығымыз жарасқан»<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Сурет бойынша әңгімеле.<br>Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>Жаттап ал.<br>**Достық**<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттың баласы,<br>Достығымыз жарасқан.<br>*Е.Елубаев*<br>Тақпақ оқу, түсіндіру, жаттау. Педагог жеке жұмыс жүргізеді<br>**Сергіту сәті:**<br>Дөңгелене тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br>Уық болып иіліп<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Киіз үйді құрайық. | Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын.<br>**Ойын: «Болады – болмайды». (Болады дегенде қол шапалақтаймыз, болмайды дегенде аяғымызбен дүрсілдетеміз).**<br>Орманға саңырауқұлақ пен жидек теру үшін жалғыз баруға бола ма?<br>Орманға ата-аналарымызбен баруға бола ма?<br>Тауға, далаға жалғыз шығып кетуге бола ма?<br>Ата-анаңнан қашып, көрші көгалға кетіп қалуға бола ма?<br>Ылғи ата-анаңмен бірге бол.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс істеуге шақырады.**<br>Тапсырмаларды серуеннен кейін орындатуға болады.<br>Табиғаттан қандай өзгерістер байқадың?<br>Қоршаған ортада қандай мәселелерді байқадың?<br>Белгіле. Неге олай болды?<br>Себебін түсіндіріп бер.<br>Суреттерді қарап шығып, балалардың қайсысының әрекеті дұрыс еместігін айтып бер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрайық.<br>Сөздік ойын «Ұйқасын тап»<br>Медведь – ... (аю) ,<br>Орнамент –... (ою).<br>Глаза – ... (көз),<br>Слова – ... (сөз).<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суреттерге қара. Заттарды ата. Қандай оюлармен өрнектелген? Балалар ұлттық киімдерді атап, түсін, қандай оюмен безендірілгенін айтады.<br>Мысалы: Қызыл қамзол. Қамзолда қошқармүйіз оюы бар. Оюдың түсі сары.<br>Сырмақтың өрнектерін ата, боя.<br>Балалар оюларды атайды. Оюларға сәйкес таңдаған түстерін айтып бояйды.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Ойын «Кім жылдам?»<br>Мақсаты: ою атауларын, түстерді бекіту.<br>Педагог әртүрлі түстегі оюларды көрсетеді, балалар түсін, ою атауын айтады. Бірінші айтқан бала оюды алады. Ойын соңында кім көп ою жинағанын санап, жеңімпазды анықтайды. | | Ұшып-ұшып алайық,<br>орнымызға қонайық.<br>Қарлығаш боп ұшайық,<br>торғай болып қонайық,<br>Сауысқан боп секіріп,<br>тоқылдақ боп шоқиық.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Айдын шалқар көлдерде<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын,<br>Әрі-бері жүзеді. | | |
| ***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***<br>**Балалардың дербес іс-әрекеті**<br>**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**<br>**Қимыл қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен қояндар»**<br>**Басты міндеттері: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық,ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.** | | | | | |

**II БӨЛІМ Сөзді, әуенді және қимылды біріктіру**
**Ритмика, логоритмика, дауыс арналған артикуляциялық жаттығулар.**

| | | |
|---|---|---|
|  | ***Күрекше*** Жалпақ тілді төменгі ерінге қойып, шығарып ұстап тұру – 1 – 10 дейін ұстап тұрып санау. |  |
|  | ***Ине*** Тілінің ұшын алға шығарып – 1 – 10 дейін ұстап тұрып санау, «ине» тәрізді. |  |
|  | ***Жылан*** Ерін «Жымию», жалпақ тілді көтеріп, алға-артқа қозғап, «жылан» тілі тәрізді |  |
|  | ***Әткеншек*** Ерін «Жымию», жалпақ тілді төменгі-жоғары тістерге тигізіп, «әйткеншек» тәрізді қозғалту. |  |
|  | ***Тіс тазалау*** Ерін «Жымию», тілінің ұшымен тістерді тазалау. |  |









**Қимыл қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен қояндар»**
**Ойын міндеттері:** Төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.
**Дағды:** Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен
техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар болу,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.
**Ойын шарты:**Барлық ойыншылар «аңшылар» мен «үйректер» болып тең бөлінеді. Алаңда өзен белгіленеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында, ал «үйректер» оның ішінде орналасады.
«Аңшылар» допты лақтырып, онымен «үйректерді» атып түсіруге тырысады. «Оқ тиген» үйректер ойыннан шығып отырады. Барлық үйректер атылғаннан кейін топтар рөлдерін ауыстырады. Барлық үйректерді атуға азырақ уақыт кетірген топ жеңімпаз атанады.
Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады.

***Подвижная игра «Охотник и зайцы»***

На одной стороне – домик охотника, на другой – домики зайцев. «Охотник» обходит площадку, делая вид, что ищет «зайцев». Когда «охотник» уходит в «дом», «зайцы» выбегают на площадку и прыгают по ней. По сигналу «Охотник!» «зайцы» бегут в домики, а «охотник» старается осалить кого-нибудь мячом. Того, в кого он попал мячом, считается пойманным. «Охотник» уводит его в «дом».
Мяч должен быть малого или среднего диаметра, целиться можно только в ноги, не сильно кидая мяч.



| | | |
|---|---|---|
|  | ***Мысықтың арқасы***<br>Ерін«Жымию», тілдің ұшын төменгі тістерге тіреп, тілдің ортасын көтеріп ұстап тұру, еркелеп тұрған мысық тәрізді |  |



**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Өз денемізді өзіміз басқарамыз!<br>**ҰІӘ міндеттері:** -мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу. Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру.;<br>-допты лақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұраландап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру.<br>**Дағды:** өз-өзін басқару мен кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** кинезиологиялық гимнастика, қысқа секіртпеден секіру.<br>**Түсінеді:** ұдайы | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жас ұландар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру;<br>-қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.<br>**Дағды**: Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**«Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев)<br>**Ән айту:**«Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Тату бола білеміз!<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жаттығуларды ұжымдықпен жасай білуге тәрбиелеу.Ойындардың ережелерін сақтай отырып, ойнай білуге жаттықтыру.<br>**Дағды:** Бала ағзасының сыртқы тітіркендіргішке бейімделуін арттыру. Топтағы достық қарым-қатынасты нығайта түсу дағдыларын арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** допты еденге бір қолмен соғу, көзге арналған гимнастика, құрсақ тығыршығын жаттықтыру.<br>**Түсінеді:** жұппен жүру, жүгіру, арқанның астынан өткенде қолданылған тәсілдерге байланысты денесімен жинақталып | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Жас ұландар.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру;<br>-қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.<br>**Дағды**: Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**«Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев)<br>**Ән айту:**«Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Тату бола білеміз!<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-жаттығуларды ұжымдықпен жасай білуге тәрбиелеу.Ойындардың ережелерін сақтай отырып, ойнай білуге жаттықтыру.<br>**Дағды:** Бала ағзасының сыртқы тітіркендіргішке бейімделуін арттыру. Топтағы достық қарым-қатынасты нығайта түсу дағдыларын арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** допты еденге бір қолмен соғу, көзге арналған гимнастика, құрсақ тығыршығын жаттықтыру.<br>**Түсінеді:** жұппен жүру, жүгіру, арқанның астынан өткенде қолданылған тәсілдерге байланысты денесімен жинақталып жұмырлану, екі аяқпен бірдей итеріліп секіру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығудың қажеттігі, шапалақ ұрған соң допты қағып алып үлгеру, табанымен жерге салынған бауды дұрыс басу.<br>**Қолданады:** доп лақтыру, доп қағу, тепе-теңдік сақтау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру, педагог нұсқауын түсініп, дұрыс орындау, кеңістікті бағдарлай алу дағдылары.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** « Шеңберге шапшаң тұра қал!»<br>Шеңберге шапшаң тұру, бастапқы қалыпқа дұрыс келу, белгіленген жерге тұру: алдына- артына, оңына-солына.<br>**Кинезиологиялық гимнастика**<br>**Құлақ сырғалығын уқалау.**<br>Құлақтарды уқалаймыз, Сипалаймыз, мыжғылаймыз...<br>**Іс-әрекет:**Алдымен құлақтарының сырғалығын, құлағын толық уқалайды.<br>**Басын шайқау.** Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз!<br>**Іс-әрекет:**Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарын төмен қаратып салбыратады. Терең демалып, бастарын екі жаққа баяу қозғалтады.<br>**Бас изеу.**<br>Бас изейміз, жақсылықты қостаймыз,<br>Мамандықты қасымызға қоспаймыз! | «Жеңіс күні»Б. Бейсенова (үнтаспада)<br>«Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова)<br>**Билер:** «Полька» эстон халық биі **Ойындар, хороводтар:**<br>«Кешікпе»орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Құлыншақ» (С. Урбах)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды.<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова).<br>Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды.<br>Жеңіл, ойнақы қимылдайды.<br>Балалармен Отан қорғаушылар – ұландар туралы интерактивті тақтадан көріністер көру.<br>***Музыка тыңдау:***<br>**«**Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев).<br>Музыка тыңдап, қандай әсерде болғандарын сұрап, балалармен сұхбаттасу, әсерлерімен бөлісу.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:** | жұмырлану, екі аяқпен бірдей итеріліп секіру, секіргенде қолдарымен сермеп көмектесу, *ойындағы рөлдік әрекеттер*, қимылдардың орындалу реті, өз мүддесі мен команда мүддесін ұштастыра білу.<br>**Қолданады:** екі аяқпен ілгері қарай секіруді, қолға доп ұстап керілген арқанның астынан өтуді, жұпта келісімді әрекет етуді, өз ойын айту және дәлелдей білу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Ол – мен, ол – мен, Және менің достарым!»**<br>Еңбегімен өз үйін көркем етер кім екен?<br>Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен?<br>Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен?<br>Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен?<br>Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен?<br>Терезені доп соғып сындыратын кім екен?<br>Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен?<br>Шеңберге тұрып, сұрақтарға жауап береді:<br>**«Ол – мен, ол - мен және менің достарым!»**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбыңды тап», Екі-екіден сапқа тұру.<br>Сапта жүгіру – бір-бірінің | **қимылдар:**<br>«Жеңіс күні»Б. Бейсенова (үнтаспада)<br>«Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) **Билер:** «Полька» эстон халық биі<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Кешікпе»орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Құлыншақ» (С. Урбах)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды.<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова).<br>Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды.<br>Жеңіл, ойнақы қимылдайды.<br>Балалармен Отан қорғаушылар – ұландар туралы интерактивті тақтадан көріністер көру.<br>***Музыка тыңдау:***<br>**«**Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев).<br>Музыка тыңдап, қандай әсерде болғандарын сұрап, балалармен сұхбаттасу, әсерлерімен бөлісу.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді | секіргенде қолдарымен сермеп көмектесу, *ойындағы рөлдік әрекеттер*, қимылдардың орындалу реті, өз мүддесі мен команда мүддесін ұштастыра білу.<br>**Қолданады:** екі аяқпен ілгері қарай секіруді, қолға доп ұстап керілген арқанның астынан өтуді, жұпта келісімді әрекет етуді, өз ойын айту және дәлелдей білу дағдыларын.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «Ол – мен, ол – мен, Және менің достарым!»**<br>Еңбегімен өз үйін көркем етер кім екен?<br>Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен?<br>Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен?<br>Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен?<br>Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен?<br>Терезені доп соғып сындыратын кім екен?<br>Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен?<br>Шеңберге тұрып, сұрақтарға жауап береді:<br>**«Ол – мен, ол - мен және менің достарым!»**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбыңды тап», Екі-екіден сапқа тұру.<br>Сапта жүгіру – бір-бірінің қимылдарын байқап, өз қимылдарын үйлестіре білу.<br>Түрлі түсті орамалдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Іс-әрекет:**Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға- артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек-кезек апарып, изейді. Еркін тыныс алады.<br>**Мойын-иек.**<br>Басты төмен түсіріп,<br>Айналдырып шайқаймыз!<br>**Іс-әрекет:**Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады.<br>**«Алақан».**<br>Алақанды қысамыз,<br>Күшті болсын қолымыз!<br>**Іс-әрекет:**Сол қол саусақтарын жазып, алақанында орналасқан зейінді шоғырландыру нүктесіне оң қолдың бас бармағымен аздап басады. Басып тұрып демін ішіне тартады, бармағын босатқанда демін сыртына шығарады.<br>**«Зейін»**<br>Зейін қойып ойнаймыз,<br>Алақан қыспай қоймаймыз!<br>**Іс-әрекет:**Сол аяғын тізесін бүгіп (өте биік емес) жоғары көтереді де, оң қолының басын (шынтағын) сол аяғының тізесіне тигізеді.<br>Осы жаттығуды екі аяғымен кезектестіріп орындайды.<br>**«Бәйтерек»**<br>Тез өсіп келеміз,<br>Көк аспанға жетеміз!<br>**Іс-әрекет:**Жүрелеп отырып | ***Ән айту:*** «Балаларды қорғаймыз»<br>(А. Досмағанбет).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларды кімдер қорғайды?<br>Өскенде сендер Отанымызды қорғайтын, кішілерге қамқор, нағыз батыр боласыңдар.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Өткен оқу қызметтерінде үйренген әндерді еске түсіру.<br>**«**Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров), «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) әндерін еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br><br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Билер:*** «Теңізшілер биі» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Биге ұл балалар қатысады. Музыка ырғағына ілесе, қолдарын шекелеріне қойып шығады, аяқты бүкпей тік ұстап, бинокльмен қарап, ескек есіп, отырып-тұру қимылдарын жасайды.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Алтын қақпа»<br>(Т. Сарыбаева).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар жұптасып, бір-біріне қарап тұрады.<br>Көңілді әуен ойналып, | қимылдарын байқап, өз қимылдарын үйлестіре білу.Түрлі түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді.<br>Қайтадан «1,2,3 – жұбыңды тап!» – деп белгі берілгенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.Жүру мен жүгіруді Педагогтің белгісі бойынша ауыстырып орындайды. Қозғалыс бағытын өзгертпейді.<br>Залдың ортасында екіден тізбекке тұрады.<br>**Түсіну деңгейі:** Жұпта орындалатын құрсақ тығыршығына арналған жаттығулар – қолдарын басының артына қойып, шалқасына жатып орындалады (5 рет).<br>Жұптағы бірінші бала қолдарын басының артына қойып, шалқасына жатып, екінші бала оның аяқтарын басып, ұстайды. Жаттығуды орындағанда екеуі де үйлесімді қимылдап, дұрыс тыныс алуға назар аударады.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастырып орындау:**<br>**«Баскетбол» –** допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғу. (4 рет)<br>Нұсқау – допты шапалақтамай, | таза айтуға ұмтылу.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Ән айту:*** «Балаларды қорғаймыз»<br>(А. Досмағанбет).<br>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.<br>Балаларды кімдер қорғайды?<br>Өскенде сендер Отанымызды қорғайтын, кішілерге қамқор, нағыз батыр боласыңдар.<br>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Өткен оқу қызметтерінде үйренген әндерді еске түсіру.<br>**«**Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров), «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) әндерін еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br><br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Билер:*** «Теңізшілер биі» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Биге ұл балалар қатысады. Музыка ырғағына ілесе, қолдарын шекелеріне қойып шығады, аяқты бүкпей тік ұстап, бинокльмен қарап, ескек есіп, отырып-тұру қимылдарын жасайды.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Алтын қақпа»<br>(Т. Сарыбаева).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар | алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді.<br>Қайтадан «1,2,3 – жұбыңды тап!» – деп белгі берілгенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.Жүру мен жүгіруді Педагогтің белгісі бойынша ауыстырып орындайды. Қозғалыс бағытын өзгертпейді.<br>Залдың ортасында екіден тізбекке тұрады.<br>**Түсіну деңгейі:** Жұпта орындалатын құрсақ тығыршығына арналған жаттығулар – қолдарын басының артына қойып, шалқасына жатып орындалады (5 рет).<br>Жұптағы бірінші бала қолдарын басының артына қойып, шалқасына жатып, екінші бала оның аяқтарын басып, ұстайды.<br>Жаттығуды орындағанда екеуі де үйлесімді қимылдап, дұрыс тыныс алуға назар аударады.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастырып орындау:**<br>**«Баскетбол» –** допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғу. (4 рет)<br>Нұсқау – допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұру. Негізгі қимыл-қозғалыстарды топтарға бөлініп орындайды: допты еденге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басын тізесінің арасына жасырады. Тізелерін қолмен құшақтайды.<br>Бұл ақырындап өнетін дән. Дәннен үлкен бәйтерек өсіп шығады.Балалар баяу ашылып, қолдарын жазып, жоғары көтеріп, өсіп келе жатқан ағашты келтіреді.<br>Кенет жел соқты.<br>Денелерімен тербеліп, желге шайқалғанды келтіреді.<br>**«Сүңгуір»**<br>Сүңгуір боп сүңгиміз, Теңіз түбін барлаймыз, Меруерт іздеп шарлаймыз!<br>**Іс-әрекет:**Қолдарын созып шалқалап жатады. Белгі берілгенде қолдарын, аяқтарын, бастарын бір мезетте жоғары көтереді. Осы қалыпта мүмкіндігінше ұзақ тұруға тырысады.<br>**«Дамылда»**<br>Сен тыныштал, дамылда, Әндетейік ыңылдап!<br>**Іс-әрекет:**Бас бармағын ішіне бүгіп, жұдырықтарын түйеді. Демін сыртқа шығарғанда қолдарын асықпай қыса түседі, ішіне тартқанда босата бастайды. Жаттығу екі қолымен бір мезгілде орындалады.<br>**Түсіну деңгейі:** Ойын жаттығуы: **«Ойна, ойна, доптан жаңылып қалма!». ( 10 рет)**<br>Допты жоғары лақтырып, қолдарымен арт жағында шапалақ ұрып барып қайта қағып алу. Шапалақ ұрып үлгеру үшін допты жоғарырақ лақтыруға тырысады. Допты қайта | балалар жұптарымен қол ұстасқан күйі "Алтын қақпа" жасап, бір қатарға тұра қалады. Ойын бастаушы немесе тәрбиеші ойынды жалғастырады.<br>Әуен ойналғанда қақпа ортасымен өтіп, өзіне жұп таңдап алып, қақпаның соңына тұрады. Жұпсыз қалған бала дәл солай ойынды жалғастырады. Кенеттен әуен тоқталады, жұп тауып үлгермеген бала өз айыбын өнер көрсетіп өтейді.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Полька» (И. Штраус).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды. | саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұру. Негізгі қимыл-қозғалыстарды топтарға бөлініп орындайды: допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғады.Допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұруға тырысады.<br>Допты тізесіне қысып алып, **секіріп,** 3 метр қашықтыққа ілгерілеу.<br>Екі аяқпен бір мезетте шапшаң итеріліп, қолдарын сермеп көмектесуге назар аудару.<br>Жаттығу кезінде секіру мен астынан өтуді алмастырып тізбекпен орындайды: Допты тізесіне қысып алып, 3 метр қашықтыққа секіріп барады.Қолына доп ұстап түрлі тәсілдермен керілген арқанның **астынан өту** – өту тәсіліне байланысты аяқ-қолдарын жинап жұмырлану. **(4 рет)**<br>Секіруді орындаған соң, қолына доп ұстап түрлі тәсілдермен керілген арқанның астынан өтеді. Өту тәсіліне байланысты аяқ-қолдарын жинап жұмырланады. Арқанды басымен де, доппен де іліп кетпеуге тырысады.<br>Арқаннан өткен соң жүгіріп барып құрсаудан | жұптасып, бір-біріне қарап тұрады.<br>Көңілді әуен ойналып, балалар жұптарымен қол ұстасқан күйі "Алтын қақпа" жасап, бір қатарға тұра қалады. Ойын бастаушы немесе тәрбиеші ойынды жалғастырады.<br>Әуен ойналғанда қақпа ортасымен өтіп, өзіне жұп таңдап алып, қақпаның соңына тұрады. Жұпсыз қалған бала дәл солай ойынды жалғастырады. Кенеттен әуен тоқталады, жұп тауып үлгермеген бала өз айыбын өнер көрсетіп өтейді.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Полька» (И. Штраус).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды. | оң қол, сол қолды алмастырып соғады.Допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұруға тырысады.<br>Допты тізесіне қысып алып, **секіріп,** 3 метр қашықтыққа ілгерілеу.<br>Екі аяқпен бір мезетте шапшаң итеріліп, қолдарын сермеп көмектесуге назар аудару.<br>Жаттығу кезінде секіру мен астынан өтуді алмастырып тізбекпен орындайды: Допты тізесіне қысып алып, 3 метр қашықтыққа секіріп барады.Қолына доп ұстап түрлі тәсілдермен керілген арқанның **астынан өту** – өту тәсіліне байланысты аяқ-қолдарын жинап жұмырлану. **(4 рет)**<br>Секіруді орындаған соң, қолына доп ұстап түрлі тәсілдермен керілген арқанның астынан өтеді. Өту тәсіліне байланысты аяқ-қолдарын жинап жұмырланады. Арқанды басымен де, доппен де іліп кетпеуге тырысады.<br>Арқаннан өткен соң жүгіріп барып құрсаудан айналып өтіп, орындарына қайта тұра қалады.<br>**Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен түн»**<br>(Әзірбайжан халқының ойыны) (4 рет)<br>Бір-бірінен белгілі бір қашықтықта екі сызық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаққанда саусақтарын еркін ұстайды.<br>**Тепе-теңдік сақтау** – бұраландап қойылған баудың үстімен қолдарын екі жаққа жазып, артпен жүру. Денесін тік ұстауы мен табанын баудың үстіне дұрыс қойып, тепе-теңдік сақтауына назар аудару. Бұраландап қойылған баудың үстімен қолдарын екі жаққа жазып, артпен жүргенде денесін тік ұстап, табанын баудың үстіне дұрыс қояды. Әдемі қимылдап жүруге тырысады. **(4 рет)**<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Теңіз толқиды» ( 3 рет). Ойыншылардың ішінен жүргізуші сайланады. Басқалары бір адым қашықтық ұстап, шеңбер бойымен тұрады. Олардың әрқайсысы тұрған жерінде шеңбер сызады. Жүргізуші балалардың арасымен «жыланша» аралап жүреді. Қай баланың қасына келіп: «Теңіз толқиды» деп айтса, сол бала орнынан тұрып, артынан еріп, тізбек құрайды. Бірнеше бала қосылып, тізбек ұзарғанда кенет: «Теңіз тыныш» десе, барлығы өз орындарына жүгіреді. Шеңберіне тұра алмай қалған ойыншы жүргізуші болады. | | айналып өтіп, орындарына қайта тұра қалады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен түн»** (Әзірбайжан халқының ойыны) (4 рет)<br>Бір-бірінен белгілі бір қашықтықта екі сызық сызылады. Бір сызыққа ұлдар, екінші сызыққа қыздар тұрады. Жүргізуші орталарына тұрады.Ұлдар тобы – «түн», ал қыздар тобы – «күн». Жүргізуші белгісімен ойын басталады:<br>«Түн!» дегенде, қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде, ұлдар қыздарды ұстап алуға тарасады. Ұсталғандар қарсыластарының командасына көшеді.<br>**Көзге арналған гимнастика: «Көркем көбелек».** Әр оқушы жіңішке шыбыққа тағылған көбелекті алып, онымен әуеде сурет сала бастайды (шеңбер, сынық сызықтар, сопақ, шаршы т.б.), бастарын бұрмай көбелекті тек көзімен жүргізеді.<br>Көздерін 1-2 секунд жұмып тұрап, ашып қалып, тез-тез жыпылықтата бастайды. Сосын көздерін қайта жұмып, көзінің қабағын мұрнына қарай сипайды. «Көркем көбелек, Бізді | | сызылады. Бір сызыққа ұлдар, екінші сызыққа қыздар тұрады. Жүргізуші орталарына тұрады.<br>Ұлдар тобы – «түн», ал қыздар тобы – «күн». Жүргізуші белгісімен ойын басталады:<br>«Түн!» дегенде, қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде, ұлдар қыздарды ұстап алуға тарасады. Ұсталғандар қарсыластарының командасына көшеді.<br>**Көзге арналған гимнастика: «Көркем көбелек».** Әр оқушы жіңішке шыбыққа тағылған көбелекті алып, онымен әуеде сурет сала бастайды (шеңбер, сынық сызықтар, сопақ, шаршы т.б.), бастарын бұрмай көбелекті тек көзімен жүргізеді.<br>Көздерін 1-2 секунд жұмып тұрап, ашып қалып, тез-тез жыпылықтата бастайды. Сосын көздерін қайта жұмып, көзінің қабағын мұрнына қарай сипайды. «Көркем көбелек, Бізді желпіп кет! Көркем көбелек, Көзімізді демалтып, Шипа беріп кет!<br>**«Дос екен»**<br>«Тұрғанымда қысылып<br>Медет берген дос екен;<br>Өз қайғысын ысырып<br>Көмек берген дос екен;<br>Замандастың жеңісін Көре білген дос екен; Қолындағы жемісін<br>Бөле жеген дос екен; Сынға түскен кездерде Сырын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | желпіп кет! Көркем көбелек, Көзімізді демалтып, Шипа беріп кет!<br>**«Дос екен»**<br>«Тұрғанымда қысылып<br>Медет берген дос екен;<br>Өз қайғысын ысырып<br>Көмек берген дос екен;<br>Замандастың жеңісін<br>Көре білген дос екен;<br>Қолындағы жемісін<br>Бөле жеген дос екен;<br>Сынға түскен кездерде<br>Сырын бермес дос екен;<br>Қамыққанын өзгеге<br>Біліндірмес дос екен;<br>Тайғақ заман, тар жерде<br>Қолын берген дос екен;<br>Жолдасына мәреде<br>Жолын берген дос екен».<br>*Жанбай Өзденбаев* | | бермес дос екен;<br>Қамыққанын өзгеге<br>Біліндірмес дос екен;<br>Тайғақ заман, тар жерде<br>Қолын берген дос екен;<br>Жолдасына мәреде Жолын берген дос екен».<br>*Жанбай Өзденбаев* |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 6**<br>***Жәндіктерді бақылау***<br>**Міндеттері**:<br>Мектеп ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін молайту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>1.Жәндіктерге нелер жатады?<br>2.Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?<br>3.Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге?<br>4.Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?<br>5.Мектеп ауласынан | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 7**<br>**Құстарды бақылау.**<br>**Міндеттері**:<br>Балалардың құстардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін молайту.<br>Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Балаларға сұрақтар<br>*Қандай құстарды білесіңдер?<br>*Қыстап қалатын құстарға қандай құстар жатады?<br>*Ұшып кететін құстарға қандай құстар жатады?<br>*Біздің ауладан қандай құсты жиі көруге болады?<br>*Құстардың ең көп мекендейтін жері қай жер | **Мамыр**<br>**Серуен кешені №8**<br>**Найзағайлы нөсерлі күнді бақылау.**<br>**Міндеттері**:<br>Ауа райының бақылай білуге, күннің бұлттануына қарап жаңбыр жаууы мүмкін екендігін болжауға үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз:**<br>**«Найзағайлы нөсер»**<br>Ө. Ақыпбекұлы<br>Нөсерлеп жаңбыр басталды,<br>Науада көлкіп қақ қалды.<br>Нақыштап жатыр сәулемен,<br>Найзағай экран аспанды. | **Мамыр**<br>**Серуен кешені №9**<br>**Кемпірқосақты бақылау.**<br>**Міндеттері**:<br>табиғаттың тағы бір әсем көрнісі кемпірқосақ туралы білімдерін тиянақтау. Әсемдікке, әдемілікке баулу.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>-Жарқылдан соң жаңағы,<br>Суға бөкті бар алап.<br>Көкте түрлі жолақты,<br>Өрнек тұрды ғаламат.<br>(кемпірқосақ)<br>-Жаңбыр жуды жерімді,<br>Көкте өрмек керілді.<br>(кемпірқосақ)<br>Балаларға сұрақтар<br>*Кемпірқосақ қай уақытта көрінеді? | **Мамыр**<br>**Серуен кешені №10**<br>**Аула сыпырушының еңбегін қадірлей біл.**<br>**Міндеттері**:<br>Үлкендер еңбегнмен таныстыруды жалғастыра отырып, аула караушы еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз.**<br>**«Аула тазалықшысы»**<br>А. Меңдібай.<br>Балабақша ауласында,<br>Көмектесем мен де оған,<br>Таң атқаннан кешке дейін,<br>Жинап қоқыс, қағаздарды.<br>Тынбай еңбек ететін<br>Құметтеймін, қадірлеймін,<br>Бар тазалық сақшысы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жәндіктерді кездестіруге бола ма?<br>Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп-ақ.<br>Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар.<br>Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады.<br>Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>**Балаларға тапсырма:**<br>«Құмырсқалар илеуі» тақырыбына бормен сурет салу.<br>**Еңбек:** Алаңшаны тазалап, түтікті су құбырына біріктіріп, шөптерге су құю.<br>Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу. Табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Аққу - қаздар»<br>**Мақсаты:** белгі берісімен тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>допты жерге лақтырып,әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттыктыру.<br>**Халық болжамы:**<br>*өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>*өрмекші бұрышқа тығылса | деп ойлайсыңдар?<br>*Құстардың адамға, табиғатқа қандай пайдасы бар?<br>*Құстар жайлы қандай тыйым сөздерді білесіңдер?<br>Құстар – аса ұшқыр, қанат қауырсындары әдемі табиғаттың ғажайып бір мүшесі. Құссыз орман, көлдердің сәні келмейді.<br>Құстар табиғатқа тек көрік беріп қана қоймайды, орман, бау-бақша зиянкестерін жойып, адамға көп көмегін тигізеді. Құстардың «тазалықшы» ролі де ерекше. Ұсақ құстар аса қатерлі ішек ауруларын тарататын, адам, малға зиян келтіретін көптеген шыбын-шіркейлерді, маса, соналарды жояды. Құстар жазда балапан басып шығарады, оларды өз бетінше өмір сүруге үйретеді. Балапандары аяқтанып, өз беттерінше тамақтанып, қауырсындары қатайып, ұшуға жараған кезден бастап алыс жолға дайындала бастайды.<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>Мектеп ауласындағы торғайларды бақылау.<br>Шықылықтаған дауыстарын тыңдау.<br>**Еңбек:** Құстар жиі қонатын алаңқайға жем шашу.<br>*Мақсаты:* Балаларды құстарға деген қамқоршылық сезімге, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** | Нұрлана түсті жасыл бақ,<br>Нәрлене түсті атырап.<br>Найзағай тынбай жарқылдап,<br>Нөсер тұр құйып сатырлап.<br>Балаларға сұрақтар<br>*Жаңбыр неден пайда болады?<br>*Жаңбыр жауарда бұлт қандай болады?<br>*Жаңбыр неге керек?<br>*Қандай жаңбыр түрлері естерінде бар? (ақ жаңбыр, сылбыр жаңбыр, нөсер жаңбыр, найзағайлы жаңбыр)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ауа-райын бақылау.<br>Аспандағы бұлтқа назар аудару. Жаңбыр болуы мүмкін бе? Болса қандай болуы мүмкін?<br>**Еңбек** Құмсалғыш айналасына шашылған құмдарды, алаңға алып шыққан құралдар мен ойыншықтарды жинау.<br>**Мақсаты:** Жинақылыққа, тазалыққа баулу.<br>Өздеріне қажетті заттарға мұқият болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Күркеге кім бұрын жетеді?»<br>**Мақсаты:** Берілген белгі бойынша жылдам жүгіруге жаттықтыру, жеңіске жетуге деген ынталарын арттыру.<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Шешуін тап: Бірі құяды----------------- Бірі жұтады-------------**<br>**Бірі өседі---------------** | *Кемпірқосақта неше түс болады? Қандай?<br>*Кемпірқосақ жылдың қай мезгілінде көп көрінеді?<br>*Кемпірқосақ сендерге ұнайды ма?<br>Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді.<br>Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді.<br>Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады.<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Жаңбырдан кейінгі аспанды қарау. Бұлттардың қозғалысы. Кемпірқосақ қайда жоғалды?<br>**Еңбек** Ойын алаңын тазалауға кішкентайларға көмектесу.<br>*Мақсаты:* Өздерінен кішілерге қамқорлық жасауға, көмек қолын созуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Қасқыр қақпан».<br>*Мақсаты:* Балаларды байқампаздыққа, сақтыққа, батылдыққа, ойын шартын сақтап ойнауға баулу.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты:* арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.<br>**Халық болжамы.**<br>*Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады.<br>*Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе жаз құрғақ болады. | Еңбексүйгіш адал жанды.<br>Ауланы да тазалайды,<br>Ағашты да бұтайды.<br>Су себеді гүлдерге де,<br>Шаршамайды, тынбайды.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Балалар біздің балабақшамызда кімдер еңбек етеді?<br>*Ал, біздің ауламыздың әсем де, таза болуына кім қарайды?<br>*Аула сыпырушы қандай жұмыстар атқарады?<br>*Біздер ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз?<br>Аула сыпырушының да балабақшада өзіндік үлкен орны бар. Ол балабақша ауласының тазалығына, гүлдер мен ағаштардың жақсы өсуіне, аулады сендерге зиян немесе кедергі келтіретін бөгде заттардың болмауына қарайды. Ол кісінің еңбегін дұрыс бағалап, көмектесіп отыруымыз керек. Қажетсіз заттарды кез келген жерге лақтыруға, ауланы бүлдіруге болмайды.<br>**Еңбек:** аула сыпырушыға көмек жасау: кесілген бұтақтарды, жиналған қоқыстарды тасу.<br>*Мақсаты:* Үлкендер еңбегін бағалауға, көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Итеріспек»<br>*Мақсаты:* Күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсіне білуге баулу.<br>**Жаттығу ойындары:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - жел көтеріледі;<br>*бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | «Ұшты-ұшты»<br>Мақсаты: Құстар аттарын есте сақтауға, аңғарымпаздыққа баулу.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты: денені тепе-тең ұстап, гимнастикалық орындықтардағы затгарды аттап етуге жаттықтыру.<br>**Халық болжамы:**<br>Қарлығаш келсе күн күркірейді.<br>Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады. | **Халық болжамы**<br>Жаз жаңбырлы болса - қыста қар мол болады, әрі аязды болалы.<br>Жаңбыр болар алдында карлығаштар төмен ұшып жүреді.<br>Қарлығаш жер бауырлап ұшса, жаңбыр болады. | | Қимылдарын дамыту.<br>***Мақсаты:*** кедергілер арасынан, затты құлатпай ирелеңдеп жүгіруге жаттықтыру.<br>**Мақал-мәтелдер:**<br>Ердің атын еңбек шығарар.<br>Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті. |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Аитжанова Аделя<br>Алтай Сұлтан<br>Архатұлы Әбілмансұр<br>Бала ағзасының сыртқы тітіркендіргішке бейімделуін арттыру.<br>Топтағы достық қарым-қатынасты нығайта түсу. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере мен Ермекова Айбике<br>Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту.<br>Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету. | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере<br>Берікұлы Арнұр<br>Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. | **Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Оралхан Жігер<br>Баланың тілдік бейімділігін дамыту. | **Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере<br>Табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 11**<br>**Жаздың белгісін байқау**<br>**Міндеттері:** балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқай білу және оны анықтап айта білу дағдыларын дамыту. (күннің ұзаруы, өсімдіктер дүниесінің әсемдігі, ауа-райының өзгешелігі т.б.).<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз:**<br>**«Жаз»** С. Оспанов<br>Ауыл қонды жайлауға,<br>Дала жатыр жадырап.<br>Қой қаптады қойнауда,<br>Қозы, лақтар жамырап.<br>Жаз жайдары, алақай,<br>Жатыр жайнап даламыз.<br>Жүр, қанекей, балақай,<br>Шомылуға барамыз.<br>Балаларға сұрақтар<br>*Көктем мен жаздың қандай айырмашылықтары бар?<br>*Жазда ауа-райы қандай болады?<br>*Біз жазды не үшін жақсы көреміз?<br>*Айналаны қарағанда қандай көрністерді көреміз?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балалармен наурыз көктемгі ағаштар бейнесі салынған суреттермен, қазіргі мамыр ағаш бейнесін салыстыру.<br>**Еңбек** Гүл отырғызатын гүлзардағы еңбек (жерді тазалау, қопсыту)**.**<br>*Мақсаты***:** Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Өз орныңды тап» | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 12**<br>**Табиғатты бақылау(Мамыр айының соңғы күндері)**<br>**Міндеттері:** қоршаған ортаны, табиғатты, ауа – райын бақылау. Табиғатқа, табиғаттағы тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Жаз» Ә. Ахметов**<br>Нұр тұнып, құлпырып,<br>Айнала жайнады.<br>Тұр күнге ұмтылып,<br>Алма ағаш бақтағы.<br>Өзен жай ағады,<br>Жағасы балауса.<br>Көбелек қағады,<br>Қанатын жалауша.<br>Балаларға сұрақтар<br>*Бүгінгі ауа-райы қандай?<br>*Жазда жан-жануарлар қалай тіршілік етеді?<br>*Сәуір-Мамыр айларында жәндіктер қалай тіршілік етеді?<br>*Жәндіктердің қандай пайдасы бар?<br>*Жазғы ағаш бейнесі туралы не айтуға болады?<br>*Жаз несімен қызықты?<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>Балалардың назарын жәндіктерге аудару.олардың тіршілік әрекеттерін бақылау.<br>**Еңбек:** Ағаш түптерін қопсыту.<br>Мақсаты: топырақты қалай қопсыту керек екенін | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 13**<br>**Арамшөптерді бақылау.**<br>**Міндеттері:** Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін молайту. Арамшөптердің зияны туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Жеміс біткен бау - бақта,<br>Желі жайды жан - жаққа.<br>Бақта құстар сайрайды<br>Құйқылжытып жан – жаққа.<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып,<br>Арамшөпті жұламын<br>Жан-жағымызда өсіп тұрған қызылды-жасылды өсімдіктерді көргенде, көңілімізге қуаныш ұялайды. Өсімдіктер тек қана көрік беріп қана қоймай ауаны тазалайды, ауаның ылғалдылығына да әсерін тигізеді. Кейбір өсімдіктерден ерекше заттар бөлінеді де, адам денсаулығына зиянды микробтарды жойып отырады. Ол фитонцид деп аталады. Енді осындай жайнап өсіп тұрған өсімдіктердің арасында зиянды өсімдіктер де кездеседі. Оларды арамшөптер деп атайды. Олар мәдени өсімдіктерге көп зиян келтіреді: топырақтың | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 14**<br>**Гүлдерді бақылау**<br>**Міндеттері:** Мектеп ауласына отырғызылған гүлдердің өсуі мен гүлдеуін бақылау, олардың әртүрлілігіне, әсемдігіне, гүл шешегінің құрылысына, иісіне назар аудару.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Гүлдер»** А. Меңдібай<br>Аула іші жайнайды,<br>Қызыл-жасыл гүлдермен.<br>Көз қараса тоймайды,<br>Әсем еді не деген!<br>Өзім қолмен еккен ем,<br>Әсем гүлді көптеген.<br>Бойын салып сыланып,<br>Күн мен судан нәр алып,<br>Өсіп қапты әдемі-ақ!<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>*Балалар, ең алғаш бұл жерге не сепкен едік?<br>*Дәннен не пайда болды?<br>*Гүлдің өсу жолы қалай жүреді? (әуелі жапырақша, сосын өскін, одан кейін гүл пайда болады)<br>*Мына гүлдер қалай аталады?<br>*Гүлдер туралы қандай мақал мәтелдер, тыйым сөздер білесіңдер?<br>**Зерттеу жұмысы:** Аулада өсіп тұрған бархат, астра, георгин гүлдерінің жапырақтарын, сабақтарын, шешектерін, бойларын салыстыру, түстерін атау. Иіскеп көру. | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 15**<br>**Итті бақылау**<br>**Міндеттері**:жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;<br>**—** жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«КҮШІГІМ»** А. Меңдібай<br>Кіп-кішкентай күшігім,<br>Сүйкімдісін өзінің.<br>Еркелейді ойнақтап,<br>Жылтырын-ай көзінің.<br>Оратылып аяққа,<br>Бір сәт тыным таппайды.<br>Кел, достарым, жасқанба,<br>Күшігім менің қаппайды<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма?<br>♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай?<br>♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар?<br>♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді?<br>Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Максаты:* денесін тепе – тең ұстап, бір аяқпен бірнеше рет секіруге үйрету. Ойын тәртібін бұзбау.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Доппен жаттығу: допты жерге лақтырып, екі қолмен қағып алу<br>Мақсаты: допты жерге лақтырып, екі қолмен қағып алу.<br>**Халық болжамы:**<br>1.Торғайлар топ - тобымен ұшып жүрсе - ауа райы құрғақ, күн жылы болады.<br>2.Ыстық жел тұрса - жаңбыр жауады. | көрсету, маңызын түсіндіру.<br>**Қимылды ойын**: «Бәйге».<br>Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру,жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойындары:<br>Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты: екі аяқпен бірдей бір орында секіре білуге, тұрған жерінде секіруге жаттықтыру.<br>**Халық болжамы:**<br>1.Құмырсқа илеуіне тығылса (ұясына) күн күркірейді;<br>2.Егер күн ұясынан шығарда ауа райы қапырықтау болса - кешке жакын жаңбыр жауады. | нәрін алады, топырақтағы ылғалды алады, күн қызуын тартып алады да, сөйтіп өсімдіктердің өсуіне кедергі жасап, өздері қаптап кетеді. Олар мәдени өсімдіктерге қарағанда тез өсіп, жетіледі.<br>Сондықтан да гүл егілген гүлзарлар мен бау-бақшаны, егіс алқабын үнемі арамшөптерден қорғап отырады.<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Гүлзарларда, өсімдіктер өсіп тұрған алаңшалардан арамшөпті тауып алып, оларды жақсылап көріп алу.<br>**Еңбек:** Балабақша ауласындағы гүлзарлардағы, гүл егілген алаңқайдағы арамшөптерді жұлу.<br>**Мақсаты:** Балаларға гүлдерді күтіп-баптауды үйрету, әсемдікті сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Үшінші артық»<br>**Максаты:**<br>Аңғарымпаздыққа, ептілікке, тез жүгіре білуге үйрену. Ойын шартын сақтап ойнауға дағдыландару.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. | **Еңбек:** Гүлзардағы гүлдерге су себу, айналасын тазалау.<br>*Мақсаты:* Гүлдерді күтіп, оған қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Орамал тастамақ»<br>**Мақсаты:** Тез жүгіруге, аңғарымпаздыққа баулу.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Секіру.<br>Мақсаты: Балаларды жүгіріп келіп ұзындыққа секіруге жаттықтыру.<br>***Жұмбақ:***<br>Үзуге қимайсың,<br>Достарға сыйлайсың.<br>(Гүл) | Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн.<br>**Еңбек:** Жер қазу жұмыстарына қатысу.<br>Мақсаты:<br>-ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қасқыр қақпан».<br>*Мақсаты:*<br>—белгі бойынша әрекет етуге баулу;<br>—жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты: секіру техникасын меңгерту* (жіппен секіруге жаттықтыру). |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.** | **Математика негіздері – коммуникативтік,** | **Сауат ашу негіздері-коммуникативтік,** | **Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік,** | **Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жеке жұмыс**<br>**12.00 – 12:25** | **Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере мен Архатұлы Әбілмансұр<br>Балалардың қозғалыс тәжірибесін спорттық ойын элементтері арқылы молайтуды жалғастыру. | **танымдық, еңбек әрекеті**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере мен Архатұлы Әбілмансұр<br>Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту.<br>Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету. | **танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере Архатұлы Әбілмансұр<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру. | **танымдық әрекет**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере мен Оралхан Жігер<br>«Н», «Ң» дыбыстары жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. | қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Байтемір Айзере Архатұлы Әбілмансұр<br>Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Доптарды себетке лақтыру»**<br>**Міндеттері:** Ептілікті, күштілікті, төзімді дамыту. Жеке және топта жаттығуды жалғастыру. Зал кеңістігін бағдарлай білу.<br>**Дағды:** Баскетбол ойнау дағдыларын, допты алып жүру дағдыларын, допты ұрғанда күшін дұрыс мөлшерлеуді, допты аяғының қасына соғуды қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Допты кеуде мөлшерінде ұстап тұрып, бала қолдарын доға жасап төмен қарай қозғалтып, жазып барып жоғары сермейді. Қолының басы мен саусақтары допты бағыттап ашылады.<br>Баскетбол қалқанынан 2 метр қашықтыққа тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыс келеді.<br>**Тыныс алуды қалыпқа келтіру.**<br>Мұрын арқылы демін ішіне тартып, ауыз арқылы | **Танымдық-қимылды ойын**<br>**Дидактикалық ойын: «Мен бастаймын,сен аяқта»**<br>**Міндеттері:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**Дағды:** Уақытты бағдарлау дағдыларың қалыптастыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар.<br>Алдымен көктем, одан кейін ...<br>Алдымен күн..., одан кейін...<br>Алдымен дүйсенбі, одан кейін ...<br>Алдымен бүгін, одан кейін ...<br>Алдымен қаңтар, одан кейін ...<br>Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады: | **Дидактикалық дыбыстық жаттығу: «Сөзді қос»**<br>**Міндеттері:** Сөйлем құрауға, сөйлемнен бірінші, екінші, үшінші сөздерді таба білуге, сөйлемнің сызбасын сыза білуге жаттықтыру арқылы есте сақтауларын дамыту.<br>**Дағды:** сөйлем құрау, сөйлемге сызба сыза алу дағдыларын бекіту.<br>**Ойынның шарты:**<br>– Тіл ұстартуға ұйқас сөз тіркестерін айтамын, буыны жоғалған, сендер жоғалған буынды жалғап, толықтырып айтасыңдар.<br>-яр-яр-яр<br>– бізге берді қи-...*яр;*<br>-тыр-тыр-тыр<br>– керек бізге ба-....*тыр;*<br>-кеш-кеш-кеш<br>– түйеде бар екі өр-...*кеш;*<br>-үй-үй-үй – домбырамен тарттық к- ...*үй;*<br>-ін-ін-ін – келді, міне, ақ ти-... ін;<br>- қа-қа-қа – көлшікте отырған ба -...*қа;*<br>-қы-қы-қы | **Дидактикалық ойын: «Жанрды тап».**<br>**Міндеттері:** Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту.<br>**Дағды:** сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойынның шарты:**<br>Суреттердегі бос орынға қажетті суретті жапсырмамен жапсырып, сурет жанрын табу.<br>«Н» – «Ң» дыбыстарының дауысты немесе дауыссыз екенін сұрайды.<br>«Ң» дыбысына байланысты жаңылтпаш айтқызады.<br>Шапсаң, шапшаң, Бұрқырайды ақ шаң.<br>*Шапшаң* сөзі *тез, жылдам* деген мағына береді. | **Дидактикалық ойын:** «НЕ БОЛАР ЕДІ? ...»<br>**Міндеттері:** өзінің табиғатқа қатысты іс-әрекетінің салдарын түйсінуге үйрету.<br>**Дағды:** Қабілеттері мен дағдысын бекіту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Педагог балаларға талқылайтын мысал ұсынады. Нәтижесінде балалар әр нәрсенің шегі барын түсініп, табиғатты аялау керек деген қорытынды жасайды.<br>Мысалы: «Егер гүлді жұлып алса не болады? Көбелектерді құртып жіберсе не болар еді?» деген сынды сұрақтар қояды. Сенің алдағы жазды қалай өткізгің келеді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығару;<br>Демін ішіне шұғыл терең тартып, өте баяу шығару;<br>Демін баяу ішке тартып, шұғыл шығару.<br>Ауа сыздықтап шығатындай демін баяу шығару.<br>Үзік-үзік дем шығару. | | – кісінеді жыл-...қы;<br>-тай-тай-тай-<br>– біздің Арман кішкен-...*тай;*<br>-са-са-са - ызылдайды сары ма-...*са.* | | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.**<br>**12:25-12:30** | **Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста»**<br>Жаз - жылдың керемет мезгілі. Отбасылық демалыс – бұл өз балаңызға ең көп уақыт бөлетін кезіңіз. Бұл көптен күткен ерекше оқиғаны Сіздің балаңыз жыл бойы аңсап келді.<br>Жазда балалардың жазғы лагерге шығуына, туыстарға баруға, өзенге шомылып, орманда қыдыруға тамаша мүмкіндіктер туады. Шақырайған күннің көзі, суық су, жәндіктер, тез бұзылатын тағамдар сияқты әр түрлі қауіп-қатерлер де жоқ емес.<br>Балалар үшін жазда қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ең алдымен - ата-ананың міндеті. Егер сіз жазда демалысқа жіберетін болсаңыз – онымен суда, күн көзінде, жолда, орманда, тауда жүрудің ережелері туралы әңгімелескеніңіз жөн. | **Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста»**<br>**ЖОЛДА АБАЙ БОЛ!**<br>***Жолдағы қауіпсіздік*** – бұл ата-аналар немесе қамқоршылардан үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет, бұл қауіпсіздікті елеусіз қалдыруға болмайды.<br>Балаңыздың бойында жолда, көшеде тәртіпті, ұқыпты, сақ және байқампаз болуға деген қажеттілікті тәрбиелеуге тырысыңыз.<br>Балаға жаяулар үшін де, көлік жүргізушілері үшін де ережелер бар екендігін үнемі ескертіп отырыңыз.<br>Балаға көшеде қараумен бірге көшеде естуді де үйретіңіз: баланың жақындап қалған көлікті естимеуінен болған қайғылы оқиғалар көп болғанын есіңізде ұстаңыз.<br>Балаға карауды үйретіңіз.<br>Балада қатаң дағды қалыптасуы тиіс: жаяу жүргіншілер жолынан шығар алдында алға қадам жасамас бұрын басын оңға, солға бұрып жан-жағын, жолдың барлық бағыттарын қарайды. Бұл балада | **Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста»**<br>**СУ ҚОЙМАЛАРЫНЫҢ ЖАНЫНДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!**<br>Балаларды қараусыз қалдырмаңыздар! Су қоймаларының маңайында жалғыз серуендеуге рұқсат бермеңіздер. Суда балалармен бірге серуендеу кезінде оларды қарап отырыңыз, әсіресе, суға шомылу кезінде жалғыз қалдырмаңыздар. Тіпті суы таяз жерде де олармен бірге болыңыздар. Сырғанауға арналмаған заттармен сырғанақ тебуге жол бермеңіз. Сақ болыңыздар, балаларға көмек керек болып жатса, оған немқұрайлы қарамаңыздар.<br>Келеңсіз оқиғалардың алдын алу үшін бірнеше қағидаларды есте сақтаған жөн:<br>Демалыс орындарын, судың тереңдігін,су түбінде тырбиған ағаш, балдыр немесе балшық жоқ екеніне көз | **Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста»**<br>Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден бастал ады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды.<br>**Ы.Алтынсарин**<br>1.Балаға дұрыс тәрбие беру – ата-ананың моральдық қана емес, заң жүзіндегі міндеті;<br>2.Бала тәрбиесі мәселесінде ата-ана арасында толық келісім болуға тиіс;<br>3.Баланың бойындағы ізгілік, жақсылық атаулының бәрін, оның үлгілі болуға тырысқан талабын көтермелеп отыру керек;<br>4.Баланың адал да ізгі адам болып өсуі үшін оған ата-анасы үлгі болуға тиіс;<br>5.Баланы еңбекке құрметтеу мен сүю рухында жас кезінен тәрбиелеп, оның бойына адамгершілік және рухани мәдениеттің негізін, қоғамдағы мінез-құлық дағдыларын дамыту керек; | **Ата-анаға ұсынымдар: «Баламен бірге жазғы демалыста»**<br>— Балаңызды жетістіктері үшін емес, ол қандай болса да жақсы көретініңізді көрсетіңіз.<br>— Балаңызды басқа баламен салыстырмаңыз.<br>— Балаңызбен күнде бірге болуға уақыт табыңыз.<br>— Баланы жетістіктері үшін мақтаңыз. Бала жетістікке жеткенде сіздің қолдауыңызды сезінуі тиіс.<br>— Бала бойында сенімділікті орнатыңыз: мысалы: "Мен-ақылдымын", "Мен-батылмын", "Менің қолымнан бәрі келеді".<br>— Баланы жақсы көріңіз! Баланың ата-анасы емес досы болуға тырысыңыз.<br>— Өз балаңызға сеніңіз. Сіздің сеніміңіз баланың жағымды істерін жүзеге асыруға көмектеседі.<br>— Баланы құшақтап, мақтауды ұмытпаңыз.<br>— Балаға түсінуге мүмкіндік беріңіз: "Егер саған қиындық туындаса, мен саған міндетті түрде көмектесем және міндетті түрде түсінік танытам, және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | автоматизмге дейін үйретілген болуы тиіс.<br>Өзіңіз де қатаң есіңізде сақтаңыз және балаңызға да үйретіңіз: кез келген көлік түріне міну үшін де, одан шығу үшін де көлік толық тоқтауы керек. Жүріп келе жатқан көліктен неліктен секіріп түсуге болмайтынын түсіндіріңіз.<br>Балалардың жолда бағдарлануына, жолда сақ және мұқият болуға үйретіңіз, ешқашан жақын келе жатқан көліктің алдынан жүгіріп өтуге болмайды, жаяу жүргіншілердің жол қиылыстарында, жолды жаяу кесіп өтерде немесе жолдардың түйіскен жерлерінде құлаққапты алу керек.<br>Егер сіздің балаңыз жол көлік оқиғасының қатысушысы, куәгері болған жағдайда психолог маманның кеңесіне жүгініңіз. Психолог қорқыныш пен үрейді жеңуге көмектеседі. | жеткізіңіз. Таныс су қоймаларының арналары мен түбі жыл сайын өзгеріп тұруы мүмкін.<br>Суға шомылып жүрген балаларды ересектер үнемі бақылауда ұстауы тиіс.<br>Егер ересек балалар өз беттерімен шомылуға кетіп бара жатса, құтқарушы мен медбике посты бар жағажайларға баруын қадағалаңыздар.<br>Балаларға жүзуді үйретіңіз, сонымен қатар әр түрлі төтенше қиын жағдайлардағы жүріс-тұрыс ережелерін де үйретіңіз.<br>**СУДАДЕМАЛА ЖҮРІП, ЖАҒАДА НЕМЕСЕ СУДЫҢ ІШІНДЕ ТӨНЕТІН ҚАУІП-ҚАТЕР БАР ЕКЕНДІГІН ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ. ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ–СУ ҚОЙМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ БАСТЫ ШАРТЫ.** | 6.Ересектер балаларды күн сайын сипайылыққа, сергектікке, үлкендерді құрметтеуге, әділдікке өз үлгісімен тәрбиелеп отыруға тиіс;<br>7.Үйдегі жайлылық пен салауаттылықтың алғы шарттары – тазалық пен тәртіп, сондай-ақ барлық отбасы мүшелерінің тату-тәтті тұруға ұмтылуы;<br>8.Үй ішіндегі татулық күйеуіне де, әйелге де байланысты. Оның бірінші шарты - өзара сенім, құрмет, өзара түсіністік және, әрине сыпайы, әдепті мінез-құлық;<br>9.Сыпайылық және әдептіліктің ережелерін сақтау табиғи, емін-еркін болып, ешбір жағдайда екі жүзділікке, өтірік ұялшақтыққа негізделмеуге тиіс;<br>10.Тату-тәтті тұру үшін ұстамды болып, өзін-өзі билей білу керек. | де біз бірге барлық қиындықтарды бірге жеңеміз. Балаңызға көптеген мүмкіндіктермен өзіңізге сенім! Сізге әрқашан сәттілік". |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:** Абеуова А.Н.

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «№ 25 ЖОББМ»КММ
**Сынып/Топ:** Мектепалды 0 «А»
**Балалардың жасы:** 5-6 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 01.09.2023-2024 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 27.05.24 | Сейсенбі 28.05.24 | Сәрсенбі 29.05.24 | Бейсенбі 30.05.24 | Жұма 31.05.24 |
|---|---|---|---|---|---|
| 08:30-09:00 **Балаларды қабылдау** | Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (робототехника құралдары, шашка).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс | | | | |
| | **Дене шынықтыру -** коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс - әрекет арқылы қимылды ойын)<br>**Құзыреттілік:** «Дене шынықтыру»<br>**Физикалық қасиеттері:** «Коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Мен спортты сүйемін!»<br>**Түсіндірме жазба:** Ойын арқылы баланың денсаулықты нығайтуға, организмді жетілдіру мен шынықтыруға,жұмыс қабілетін арттыруға жақсы әсер етеді. | **Сауат ашу негіздері** – коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сауат ашу негіздері»<br>**Коммуникативтік дағдылары:**«Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Көрсет, ажырат» (Шыбын мен маса)<br>**Түсіндірме жазба:** «Көрсет, ажырат» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар ажырату және дұрыс дыбыстау арқылы | **Математика негіздері –** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Математика негіздері»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдылары: «**Ойын,зерттеу танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Кім тезірек жинайды?»<br>**Түсіндірме жазба:** Ойын барысында балалардың зейіні, логикасы, арифметикалық қабілеттері мен ұсақ моторика да дамиды.Қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды; 1 санын қосу және | **Сөйлеуді дамыту** – коммуникативтік, тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Сөйлеуді дамыту»<br>**Коммуникативтік дағдылары:«**Тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Тауып көр!»<br>**Түсіндірме жазба:** Бұл әдістемелік әзірлеме формасы мен мазмұны бойынша мыналарға жатады *дидактикалық ойындарға және үстел – үсті ойындарына*, санат бойынша *ережелері бар ойындар*. Ойынның | **Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.<br>**Құзыреттілік:** «Қазақ тілі»<br>**Коммуникативтік дағдылары: «**коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті»<br>**Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** « Көкөністер мен жемістер құрап,жинау»<br>**Аннотация:** «Көкөністер мен жемістер құрап,жинау»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Балалардың өздері жиі көретін кейбір көкөністер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.<br>**Міндет:** балалардың дене мүшелері туралы білімдерін бекіту, олардың дағдылары мен денесінің физикалық мүмкіндіктеріне балалардың назарын белсендіру; балаларды ептілікке, шапшандыққа, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды:**Күнделікті өмірде дене қимыл жаттығуларын жасауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Жас бүлдіршіндерді мектеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге баулу.<br>**Түсініктеме: Балмұздақ таяқшасы** – екі жақ ұшы тегіс жіңішке ағаш таяқша.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Ойынға барлық балалар саны қатыса алады,сыныпта қанша балалар бар сонша (1-ден 20-ға дейін). Балалар арнайы үстелден үлестірмелі таратпа карточканы өз қалаулары бойынша алады. Жүргізуші балаға | сөйлемдерді дұрыс құратуға үйрету,фонематикалық қабылдауын дамыту,буынға бөлу дағдылырын қалыптастыру.Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>**Міндеттері:** дауысты және дауыссыз дауыссыз дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту.<br>Жұптасқан дауысты және дауыссыз дауыссыздар туралы білімдерін бекіту;<br>Есту,көру мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау;<br>сөздің дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру.<br>**Дағды:**Қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттеріне қарай дағдыға айналдыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Сөздік корын молайтуға, таза жазуға тәрбиелеу.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: дыбыстық үлестірме жұмыстар.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:* І нұсқа.** Мұғалім дауысты | азайтуды үйрету, санды қосу және азайту амалын орындай білуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету,ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br>**Дағды:** Ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру, есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Балалардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыру, өз беттерінше жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: киім суреттері, сандар.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Ойынға барлық балалар қатысуға болады. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған | ерекшелігі - сенсорлық қабылдауды дамытуға бағытталған.<br>«Тауып көр!» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған. Балаларды қызықтыра отырып ойын арқылы ойлана жауап беруге үйрету. Ойын арқылы танымдық, ойлау қабілетін коммуникативтік, танымдық және әлеуметтік құдіреттілігін дамыту, сөздік қорын молайту есте сақтау қабілетін дамыту. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>**Міндеттері:** Ойын арқылы үй және дала жануарларының түрлерін білуге, төлдерінің қалай аталуын үйрету. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну зейінін дамыту. Үй және дала жануарларының қандай, пайдасы бар екені жайлы айту. Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Дағды:** Үй және дала жануарларының әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы пікірлерін айтқызу арқылы кез-келген тақырып бойынша ойларын еркін жеткізе білуге баулу.Сөздік қорларын молайту.Бір - біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға дағдыларын қалыптастыру.<br>**Коррекциялығы:** әртүрлі | мен жемістер туралы (жергілікті жағдайды ескеріп) түсініктерін нақтылау. Бұл ойынның көмегімен бала сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған.<br>**Міндеттері:** Жемістер мен көкөністерге түсінік беру; оларды ажырата білуге үйрету; ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту;балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету; Оларды шынайы түрде және суреттерден тануға жаттықтыру.<br>**Дағды:** көкөністер мен жемістерді айыра білуге дағдыландыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Кіріктірілген:**математика негіздері,сурет салу,көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. Араласып жатқан суреттерден көкөніс пен жемісті тауып құрастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гимнастикалық доп береді,сол баланың жұмысы тексеріледі.Үлестірмелі карточкадағы берілген схема бойынша адам бейнесіне сәйкес сіріңке шырпы арқылы суретті құрастырады және ол қимылды қайталап көрсетеді. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр.<br>**Ойынның іс-қимыл арқылы жасау нұсқаулары:** Дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау. «Мен істей аламын» немесе «Мен істей алмаймын» дейді. Бала допты ұстап алып, неліктен мұны қалай білетінін (оған не көмектесетінін) немесе мұны қалай істейтінін (үйренуі мүмкін) түсіндіріп, сөйлемді жалғастыруы керек және допты көшбасшыға қайтаруы керек. Мысалы: «Мен жүгіре аламын, өйткені аяғым бар», «Мен ұша алмаймын, өйткені қанатым жоқ».<br>**Жалпы дамыту жаттығулар кешені Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.«Біз – зілтеміршіміз». Б.қ.: аяқтарын аздап алшақтатып қойып, тұру; 1 – таяқшаны кеудесіне қояды; 2 – | немесе дауыссыз дауыссыз дыбысты атайды да, ойынға шыққан бала сол әріпті маса ұрғышпен ұрып отырады.<br>**2 нұсқа.** Мұғалім дауысты немесе дауыссыз дауыссыз дыбысы бар тура ашық буынды атайды да,маса ұрғышпен ұрып отырады. Ойын әр қатардағы дұрыс жауаптың саны бойынша бағаланады.Мұғалімге түсініктеме. Бұл ойындар, алдыңғы ойындар сияқты, фонематикалық естудегі кемшіліктерді түзетуге ықпал етеді.<br>Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: тілдік әріптерге байланысты іс-қимыл арқылы көрсете білу.<br>**Ойынның нұсқаулары**: Балаларға әртүрлі сөздер айтады, балалар сөздің ұзын немесе қысқа екенін анықтайды. Алақанды бір-біріне жақындату арқылы сөздерді өлшеуге болатындығын айтады. Егер қысқа сөз болса, онда екі алақанды бір-біріне жақын, ал ұзын сөз болса, онда екі алақанды бір-бірінен алшақ ұстайды.<br>Мысалға айтылатын сөздер: *көз, бағдаршам, лақ, жолбарыс, бақа, тасбақа, доп, секіртпе.*<br>**Тілдік гимнастика жаттығуы:**<br>**«Арашылар»** - Біз қазір | тәтті кәмпиттер таратылады. Қосылған қосылғыш сандар,азайту амалдары арқылы есептеп,жауабын сыйлық қорабшасына салып жинайды.Ол үшін сандардың қосындысын есептеп, мысалдағы жауабына сәйкес келетін сыйлық қорабшасына салу.<br>Кім тез жинаса қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады.<br>**Ықтимал күрделендіру**: Сандарға байланысты тура және кері санап,санның құрамын айтып беруге ынталандыру.<br>**Ойынның нұсқаулары**: Алдымен суретті кәмиттер таңдап алып,берілген мысалды шығара отырып,сыйлық қорапшаға жинау.<br>**Артикуляциялық жаттығулар:**<br>**Тіл бұлшық етіне арналған жаттығулар**<br>**Тәтті тосап.**<br>Біз анамыз дайындаған тәтті тосапты жақсы көреміз. Тосап тіл үйіреді. Тосап ерінімізге жұғып қалыпты.<br>Тілді ерінге қойып, ерінге жұққан тосапты жалап алғандай айналдыра қимылдатады. Бұл жаттығу 2-3 рет орындалады. Тосаптың орнына балды алуға болады. | бейнеленген суреттерге байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып, баланың ой - өрісін дамыту.<br>**Кіріктірілген:** қоршаған ортамен танысу,көркем әдебиет,дене шынықтыру,шығармашы-лық дағдылар.<br>**Қосымша жабдықтар**: суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер,тиісті қарама-қарсы сөздерге байланысты суреттер.<br>**Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**:<br>***Ойынның шарты:*** Балалар үй және дала жануарлары бейнеленген суреттердің бірін таңдап, оның атын атап, төлін тауып, сәйкестендіріп қояды. Жануарлары мен төлдерінің қорегі мен мекені туралы білгендерін айтады.<br>**2 ойын нұсқасы:** Барлық суреттер үстелге қойылған. Бала өзіне ұнаған кез келген суретті алып, сәйкес суреттермен сәйкестендіру.Жеке,жұп бойынша бала кезекпен суреттерді алып ойнай алады.<br>**Ықтимал күрделендіру:** Үй және дала жануарларының дыбыстарын салу және қалай шақыратынын келтіріп айту.<br>(Сиыр мөңірейді, аухау, аухау деп шақырады, қой | **Ықтимал күрделендіру:** Көлеміне,пішіндеріне қарай сипаттап айтып беру.<br>Өз ойларын еркін жеткізу.<br>**Ойынның нұсқаулары:** пазлдағы суреттің не екенін және оның қолданылуы туралы сұрау.<br>**Есіңе сақтап ал:** Көкөністер мен жемістерді көп жесеңдер денсаулықтарың мықты болады. Өйткені оларда дәрумендер көп. Сондықтан бұларды баптап жақсылап өсіріп қарайық.<br>**Пайдасы:**<br>Қызанақ ол біріншіден, тағам ретінде өте пайдалы. Екіншіден, қызанақта С дәрумені өте көп.<br>Сәбіздің құрамында дәрумендер көп. Көп жесеңдер бойларың өседі. Жемістер мен көкөністерді көбірек жеуіміз керек. Өйткені оларда дәрумендер көп, дәрумендер адамдарға күш, қуат береді.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Іс – іс – іс, Піседі жеміс.<br>Сә - сә – сә- сәбіз,<br>Ши-ши-ши –шие.<br>Ал- ал- ал – алма<br>Пи- пи – пи – пияз<br>**Шығармашылық жұмыс:** Алдарыңдағы парақтарға кім өзінің жақсы көретін көкөнісі және жемістің суретін салу керек. Салған суреттеріңді атап, қандай жағы ұнайтынын айтасыңдар.<br>**Сипаттамалық жұмыс:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеудесін жоғары көтереді; 3 – кеудесіне; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>2.«Ескекшілер». Б.қ.: аяқтарын иық енінде қою, таяқшаны ортасына таман көлденең ұстау; оңға, солға бұрылып, ескекті келтіріп қозғалту. 6–8 рет қайталау.<br>3.«Отыруға тырыс». Б.қ.: шалқалап жату, таяқшаны төмен түсірілген қолдарында ұстау; 1 – таяқты серпіп, басынан жоғары асыру; 2-3 – таяқты сермеп алдыға шығару, тартылып отыру; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.<br>4.«Таяқшаға қара». Б.қ.: етбеттеп жату, жұдырықтарын иектің астына тіреу, таяқшаны алдына қою. 1-2– таяқшаны жоғары көтереді, таяқшаға қарау; 3-4 – б.қ. - босаңсу. 6 рет қайталау.<br>5.«Таяқшаны тізесіне қою». Б.қ.: шалқасынан жату, таяқша санында, 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – оң (сол) аяғын бүгу, таяқшаны тізесіне көтеру; 3 – таяқшаны жоғары көтеру; 4 – б.қ. Басы мен иықтарын жерден алмай, аяғының басын созады. 6 рет қайталау.<br>6.«Аяғыңның басына жеткіз». Б.қ.: отыру, аяқтарын ашу, таяқшаны кеуде тұсында ұстау;<br>1–3 – алдыға еңкею, таяқшамен аяқтарының басына дейін жету; 4 – б.қ. 6 рет қайталау. | бөрене ағашты (бір, екі, бір, екі - 2 рет қайталанады) арамен кесеміз. Қыстық отын дайындаймыз. (Отындық ағашты арамен қалай кесетінімізді қол қимылымен көрсетеміз. Алға сәл еңкейіп тұрамыз).<br>**«Таңдану» жаттығуы:**<br>(Біз шыбынға жақындаймыз және оны еркелете отырып, таңданысымызды білдіреміз. "Қандай, сен сүйкімдісің", "Қандай әдемі көздер").<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>**«Біздер – ұстамыз»**<br>Балалар екі қолын түйіп, сол қолымен «шеге», ал оң қолымен «балға» ұстап, балғамен шегені ұрады.<br>**Сиқырлы саусақтар.**<br>1 Таң қалу ( екі қолдың бас бармағын көтеру)<br>2 Өзіңді көрсету (Бір саусақпен)<br>3 Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру)<br>4 Қорқыту (сұқ саусақпен)<br>5 Жеңіс! (екі қолды жоғары көтеру)<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>**Сөздік жаттығу**<br>Ыр-ыр-ыр<br>қасқыр<br>Кі-кі-кі<br>кірпі<br>Пі-пі-пі<br>піл<br>Ти-ти-ти<br>тиін<br>**Логоырғақты** | **Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Аяқтарың орнында иә-иә-иә.<br>Алақанды соғайық иә-иә-иә.<br>Енді алға созамыз соқ-соқ-соқ.<br>Енді артқа созамыз тез-тез-тез.<br>Биік –биік шығамыз тез-тез-тез.<br>Қолымызды шайқаймыз шоқ шоқ-шоқ.<br>Демаламыз қане біз уф-уф-уф.<br>**Шығармашылық тапсырма:**<br>Қолымда 10 кәмпит,<br>1-ін бердім апама,<br>1-ін бердім атама,<br>Нешеуі қалды өзімде?<br>(8 кәмпит)<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br> | маңырайды, пұшайт, пұшайт деп шақырады т.б.)<br>**Ойынның нұсқаулары**:<br>«Адамдар үй және дала жануарларын неге ұстайды және олардың қандай пайдасы бар?» Неліктен адамдар түйе, сиыр, жылқы, қой мен ешкіні үй жануары деп атаған?Үй жануарларының пайдасын тауып құрастыру.<br>**Тіл ұстарту жаттығулары:**<br>«Үй жануарлары»туралы<br>Ие – ие – ие,<br>Маң – маң басқан түйе.<br>Та- та – та,<br>Жібек жүнді бота.<br>Иыр – иыр – иыр,<br>Сүт береді сиыр.<br>Зау – зау – зау,<br>Мөңірейді бұзау.<br>Қы – қы – қы,<br>Кісінейді жылқы.<br>Шақ – шақ – шақ,<br>Құлдырайды құлыншақ.<br>Ой – ой – ой,<br>Қорада тұр қой.<br>Зы – зы – зы,<br>Моп – момақан қозы.<br>Кі – кі – кі,<br>Сақалды ешкі.<br>Ақ – ақ – ақ,<br>Секеңдеген лақ.<br>Ік – ік – ік,<br>Шәукілдейді күшік.<br>Ық – ық – ық,<br>Тышқан жейді мысық.<br>**Артикуляциялық жаттығулар:**<br>Қ-қ-қ-қ қозы, қозы.<br>Б-б-б-б бұзау,<br>бота.<br>С-с-с-с сиыр, сиыр. | **Тіл дамыту.**<br>Мынау жеміс алма<br>Мынау жеміс алма. Алма домалақ.<br>Мынау жеміс алма. Алма домалақ, тәтті, қызыл.<br>Мынау көкөніс қияр<br>Мынау көкөніс қияр. Қияр сопақ.<br>Мынау көкөніс қияр. Қияр сопақ, жасыл, дәмді.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 7.«Стадионға». Б.қ.: тұру. Таяқшаны шынтақ бүгілуіне ұстау. Бір орында тізесін жоғары көтеріп жүгіру. 3 рет 20 секундтан жүрумен алмастырып, қайталау.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br><br><br> | **жаттығу**(Логоритмикалық жаттығулар)**:**<br>**Қолдану:**<br>1.-Бұл қоңыздың дыбысы<br>-Ж –ж-ж-ж!<br>-Бұл шыбынның дыбысы<br>-З-з-з-з! (жіңішке)<br>Масаның дыбысы.<br>-З-з-з!(жуан дыбыспен)<br>2.Ке-ке-ке,шырылдауық шегіртке,<br>Ші-ші,торын құрар өрмекші.<br>Ра-ра-ра,бал жинайды ара.<br>Ын-ын-ын,ызылдайды шыбын.<br>Са-са,шағып алар маса.<br>Ек-ек,гүлге қонар көбелек.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> |  | Ұ-ұ-ұ құлын, құлын.<br>І-і-і ешкі, ешкі.<br>**«Шаршасақ, дем алайық»**<br>Бә - бә деген қошақан<br>Өзі сондай момақан,<br>Бө - бө еген әні бар,<br>Жібек жүнді ботақан.<br>Мө - мө деген әні бар,<br>Бұзауым менің тағы бар,<br>Ио - ио дейтін құлыным,<br>Желбірейді тұлымың.<br>Шөре - шөре лағым,<br>Тентек болма шырағым.<br>**Тыңдап ойларыңа сақтап жүр!**<br>«Ақты төкпе» яғни сүтті, айранды төгуге болмайды.<br>«Малды теппе» балалар малды тебуге болмайды.<br>**Сергіту сәті** арқылы төлдерді шақыру.<br>Биені құраулап,(құрау-құрау...)<br>Түйені көс-көс деп.(көс-көс...)<br>Сиырды аухаулап,(аухау-аухау...)<br>Ешкіні шөрелеп.(шөре-шөре...)<br>Шақырып аламыз,<br>Сауамыз бағамыз.<br>**Қосымша жабдықтар**:<br> |  |






Упражнение 1
И. П.
1
2
3
Упражнение 2
И. П.
1
2
3
Упражнение 3
И. П.
1
2
3




1
2
3
4
5
6
7
8
9
10


С
Т
Һ
Ц
Ф
Х
Ч
Ш


Щ




А РА
ДА ЛА
ҚА ЛА
О ТАН
ОР МАН
А ДАМ
ҚА РА
Ө ЗЕН
КІ ТАП
ҚА ЛАМ
КИЮ КОЮ


8+1
9-1


9+1
10-1


2
2


3
3


4
4


5
5




















1 2 3 4 5 6 7 8 9 10



| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | СА<br>ҒАТ<br>ХА<br>БАР<br>ХАТ<br>доп<br>Ө<br>ЗЕН<br>ТҰЛ<br>ҒА<br>ҚО<br>ЗЫ<br>ЛАК<br>СУ<br>БОЗ<br>БИЕ<br>БҰ<br>зау<br>ШЫ<br>НЫ<br>КЕ<br>СЕ<br>ТА<br>МАҚ<br>НАН<br>шай<br>НЕ<br>ШЕ<br>КӨ<br>КЕ<br>ҚИ<br>МА<br>ОҚУ<br>ШЫ<br>АЙ<br>ЛА<br>АЙ<br>НА<br>ЖА<br>ЛЫН<br>АР<br>МАН<br>АЙ<br>ЖАН<br>ҚА<br>НАТ<br>БАС<br>ПА | 6<br>6<br>7<br>7<br>8<br>8<br>9<br>9<br>10<br>10 |  |  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |   | |   |  |
| **Таңертенгі жаттығу**<br>Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. | **№ 49** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл*** **белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, допты еденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет) | **№ 50** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл*** **белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 2 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен, қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет)<br>2.Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып, қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет)<br>3.Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайта түзеу. (8–10 рет)<br>4.Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысып ұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет) | **№ 51** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл*** **белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№1 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырып барып, артқа жіберіп, аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.қ. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау.<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.қ.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5 рет қайталау.<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға | **№ 52** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл*** **белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 2 жаттығулар кешені**<br>1.«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру.<br>1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 – допты жоғары көтеру; 3 – допты кеуде тұсыны ұстау; 4 – б.қ.қ. (8 рет).<br>2.«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру.<br>1 –отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.қ.қ. (8 рет).<br>3.«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң | **№ 53** Жалпы дамыту жаттығулар кешені<br>**(ҚАЙТАЛУ)**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл*** **белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**<br>**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК**<br>**Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар**<br>**№ 3 жаттығулар кешені**<br>1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2– қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4– б.қ.қ. (8 рет)<br>2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, допты еденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, допты еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңға қарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет)<br>6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау. | 5.Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне, ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет)<br>6.Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет). | (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.қ. 4 рет қайталау.<br>4.Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынан екінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 рет қайталау.<br>5.Б.қ.: қолын артынан еденге таянып отыру, допты балтырының тұсына қою. 1-2– аяқтарын түзу созу, жоғары көтеріп, допты балтыр тұсымен оңға-солға дөңгелету; 3-4– б.қ. Басын төмен түсірмеу. 4–6 рет қайталау.<br>6.Б.қ.: етпеттеп жатып, допты түзу аяқтарының ортасына қысу; қолдарының шынтағымен еденге тірену; аяқтарын допты түсірмей бүгу, жазу. 3–5 рет қайталап, үзіліс жасап, 4–6 рет қайталау. | жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу; 4 –б.қ.қ. (8 рет).<br>4.«Қайық». Б.қ.– етпетінен жатып, аяқтарын біріктіру, допты қолдарында ұстау. 1-3 – қолдарын жоғары көтеру, допқа қарау; 4 – б.қ.қ. (8 рет)<br>5.«Отырып иілу». Б.қ.: отыру, аяқтарын аздап ашу, допты арасына қою; 1-2 – аяқтарын бүкпей допты ілгері домалату; 3-4 – допты артқа дөңгелету.<br>6.«Секірулер». Б.қ.: – аяқтарын аздап ашу, допты еденге қою. Допты айнала екі аяқпен секіріп жүру. 8 рет | қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет)<br>4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– орырып, допты еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)<br>5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1–4– оңға иілу; допты оңға қарай сыртқа домалату; 5–8– б.қ.қ. сол жаққа қайталау (8 рет).<br>6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет** | | | | |
| ***Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты*** | | | | | |
| **ҰІӘ уақыты:** 09.00 11.30 / 09.00-09.25 09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30 | **Дүйсенбі 27.05.24** | **Сейсенбі 28.05.24** | **Сәрсенбі 29.05.24** | **Бейсенбі 30.05.24** | **Жұма 31.05.24** |
| | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Дене шынықтыру** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Құрастыру**<br>**Музыка** | **Математика негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Дене шынықтыру** | **Математика негіздері**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Қазақ тілі**<br>**Музыка** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Дене шынықтыру** |
| **1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ** | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Нені | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Нені | **1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.<br>**ҰІӘ тақырыбы:** Нені | **1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мынау – оқушылар.<br>Мынау – мұғалім.<br>Мынау кім?<br>Мұғалім.<br>Мынау – сынып.<br>Сы-нып.<br>Мынау не?<br>Мынау – сынып.<br>Мектепте сынып бар.<br>Мектепте не бар?<br>Мектепте сынып бар.<br>Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен қайталап, дұрыс айтып жаттығады.<br>Мектепте сыныптар бар.<br>Мектепте нелер бар?<br>Мектепте сыныптар бар.<br>Сыныпта орындықтар бар.<br>Сыныпта нелер бар? (Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>(айнамен орындалады).<br>Қ-қ-қ-қ- оқушы – оқушы<br>. І-і-і-і- білім – білім.<br>Ғ-ғ-ғ-ғ – мұғалім – мұғалім.<br>Жаңылтпашпен таныстыру.<br>Сыныпта ақ бор бар,<br>Көк бор бар,<br>Көп бор бар.<br>Балалар қатты, ақырын, жай , жылдам қайталайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық<br>Қолды белге қоялық.<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға бір адым,<br>Артқа бір адым.<br>Жоғары, төмен қарайық<br>Орнымызды табайық.<br>**Мақалды жаттау, мағынасын түсіндіру.**<br>Оқу – білім бұлағы, | Сергіту сәті<br>Біздің үйде ән тарап,<br>Думандатар өмірді.<br>Біздің үйде салтанат,<br>Біздің үйде көңілді.<br>Балалар жұмыстарын жалғастырады.<br>Педагог балалардың жұмыстарына бақылау мен басшылық жасап, жеке нұсқаулар береді. | «Кәне, тауып көр» дидактикалық ойыны<br>–Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыстарды айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді.<br>Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ор- , қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-, ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, білезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-,іс-, -діз.<br>«Дұрыс санды таңда»дидактикалық ойыны<br>Педагог балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді, ал олар суретте неше буын болса, сонша сан жазылған карточкаларды көрсетеді. Мысалы: доп – **доп** сөзінде 1 буын,1 саны жазылған карточканы көрсету керек .<br>Тапсырманы өзгертуге болады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>«Сөйлем құрай аламын» дидактикалық ойыны<br>***Көрнекілігі:*** | Мынау – оқушы.<br>Мынау – оқушылар.<br>Мынау кімдер?<br>Мынау – оқушылар.<br>Мынау – мұғалім.<br>Мынау кім?<br>Мұғалім.<br>Мынау – сынып.<br>Сы-нып.<br>Мынау не?<br>Мынау – сынып.<br>Мектепте сынып бар.<br>Мектепте не бар?<br>Мектепте сынып бар.<br>Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен қайталап, дұрыс айтып жаттығады.<br>Мектепте сыныптар бар.<br>Мектепте нелер бар?<br>Мектепте сыныптар бар.<br>Сыныпта орындықтар бар.<br>Сыныпта нелер бар? (Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады).<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>(айнамен орындалады).<br>Қ-қ-қ-қ- оқушы – оқушы<br>. І-і-і-і- білім – білім.<br>Ғ-ғ-ғ-ғ – мұғалім – мұғалім.<br>Жаңылтпашпен таныстыру.<br>Сыныпта ақ бор бар,<br>Көк бор бар,<br>Көп бор бар.<br>Балалар қатты, ақырын, жай , жылдам қайталайды.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық<br>Қолды белге қоялық.<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Алға бір адым,<br>Артқа бір адым. | де, өзге мемлекеттерде де заңмен қорғалады. Бірақ қайырымсыз адамдар заңды жиі-жиі бұзады. Адамдар көбіне өсімдіктер мен жануарларға қатыгездік танытады. Оларды аямайды, өз мақсатына жету үшін құртып, жояды. Жануарлардың бірі әдемі терісінен, екіншісі – дәмді етінен зардап шегеді. Үшіншілерін адамдар қорыққандықтан өлтіреді. Жануарлар мен өсімдіктер біртіндеп азайып барады. Содан соң адамдар: «Осы бассыздықты қалай тоқтатамыз, жанды табиғатты қайткенде сақтап қаламыз», – деп ойлана бастады. Ғалымдар «жойылып бара жатқан жануарлар өсімдіктерді білсін» деген мақсатта Қызыл кітапты ойлап тапты. Неліктен кітап басқа түспен емес, қызыл түспен аталады? Өйткені, қызыл түс – қауіпқатердің түсі! Назар аударыңыз! Ол бағдаршамның қызыл түсі сияқты «Абайлаңыз! Қауіп төніп тұр!» – деп белгі беріп тұрады.<br>Қазақстанның Қызыл кітабымен танысады.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>**Өзекті мәселе:**Қорық дегеніміз не? Педагог тәрбиеленушілерді Қазақстанның қызыл кітабына енгізілген сирек жануарлар мен өсімдіктерге қатысты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Білім – өмір шырағы.<br>**Ойын:«Сөз ойла, тез ойла».**<br>Педагог кез келген сөздің бірінші буынын айтады, балалар жалғастырады, мысалы мұ..., мек... т.с.с. | | «Балабақшада», «Мектеп», «Жазғы орманда»,«Дүкенде» тақырыптарындағы мазмұнды суреттер.<br>Педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем келе жатыр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем балабақшаға келе жатыр. Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Әсем балабақшаға анасымен келе жатыр. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, жеңімпаз болады.<br>**Сергіту сәті**<br>Кәне, қанат қағайық,<br>қарлығаш боп ұшайық,<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>орнымызға қонайық.<br>Қарлығаш боп ұшайық,<br>торғай болып қонайық,<br>Сауысқан боп секіріп,<br>тоқылдақ боп шоқиық.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Айдын шалқар көлдерде<br>Балықтар өмір сүреді.<br>Шолпылдатып құйрығын,<br>Әрі-бері жүзеді. | Жоғары, төмен қарайық<br>Орнымызды табайық.<br>**Мақалды жаттау, мағынасын түсіндіру.**<br>Оқу – білім бұлағы,<br>Білім – өмір шырағы.<br>**Ойын:«Сөз ойла, тез ойла».**<br>Педагог кез келген сөздің бірінші буынын айтады, балалар жалғастырады, мысалы мұ..., мек... т.с.с. | иллюстрациялармен танысып шығуға шақырады. Қорықтар картасымен де таныстыруға болады. Қорық – сирек кездесетін жануарлар мен құнды өсімдіктерді қорғап өсіретін аймақ. Қорықта: шөптер де, саңырауқұлақтар да, құстар да, балықтар да, жалпы, барлық тіршілік иесі қорғалады.<br>**Қолдану деңгейі: «Жануарлар несімен ерекшеленеді?» атты дидактикалық ойын ойнауға шақырады.**<br>Педагог жануарлардың өздеріне тән белгілерін (айырмашылықтарын) атайды. Балалар соған қарап, оның қандай жануар екенін табады. Көлеміне қарай: Өте ұсақ: жәндіктер Орташалар: қалтауыз, тышқан, көртышқан. Ірілері: кит, піл. Ұзын: жылан, кесіртке, қолтырауындар. Шар тәріздестер: кірпі. Бояуына қарай: Қара: қарға, ұзақ, бүркіт. Ақ: қоян (қыста), ақ аюақ түлкі. Сұр: қасқыр, қоян (жазда), қабылан. Мекендейтін жеріне қарай: Суда: балық, шаян. Жердің астында: құрттар, көртышқан. Орманда: қоян, тиін, аю.<br>**Сергіту сәті**<br>Енді біз демаламыз,<br>Айналаны шоламыз.<br>Қол-аяқты кезекпен,<br>Оңға-солға созамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Күн шыққанда сүйсініп,<br>Бәйшешектей иіліп,<br>Біз тынығып аламыз.<br>Жиі-жиі жаттығып,<br>Үлкен кісі боламыз. |

***3 үзіліс – 10:55 – 11:05***

**Балалардың дербес іс-әрекеті**

**Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.**

**Қазақтың ұлттық ойыны: «Соқыртеке»**

**Басты міндеттері: Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы,оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағұлмат беру.**

**Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ**
**Ойын: «Жүретін саусақтар»**
**Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.
**Дағды:** Сөйлеу, ес, зейін, қиял, кеңістікті бағдарлау, байқампаздық дамиды; мектепке дейінгі жастағы бала жазуды меңгеруге дайындала бастайды және жаттығу жұмыстарына дағдыланады.
**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.
**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.
**«Саусақтар сәлемдеседі»** - оң қолдың басбармағының ұшын кезек-кезек сұқ саусаққа, орта саусаққа, аты жоқ саусаққа және шынашаққа тигізесіз. Алдымен оң қолдың саусақтарымен амандасып, сосын бір мезгілде екі қолдың да саусақтарымен амандасуы керек.
**«Кішкене адам»** - қолдың (кейін сол қолдың да) сұқ саусағымен орта саусағы үстел үстіне жүгіреді.
«Кішкентай піл» - (орта саусақ алға қарай шығыңқы – тұмсығы, ал сұқ саусақ пен аты жоқ саусақ - аяқтар) үстел үстімен жүреді.
**«Сона»** - оң қолдың сұқ саусағын түзетіп, оны айналдыру керек. Сол қолдың сұқ саусмағымен және екі қолдың сұқ саусақтарымен бір мерзгілде осы қимылды (сона) жасау керек.
**«Ағаштардың тамырлары»** - қолдардың білезіктері қосылған, тарбиған саусақтары төменге түсірілген.
**«Ағаштар»** - екі қолдың алақанын өзіңе қаратып, көтеру керек, саусақтарды кеңінен ашу керек.
**«Көзілдірік»** - қолдардың бас бармақ пен сұқ





**Қазақтың ұлттық ойыны: «Соқыртеке»**
**Ойынның міндеттері:** Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы,оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағұлмат беру.
**Дағды:** Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.
**Ойынның ережесі :** «Соқыртеке» — ұлттық ойын. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаган кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді.
Ойынға қатынасушылар жиылып, алқа-қотан тұрғаннан кейін, бір қыздың, не жігіттің көзін байлап, қолына бір метрдей жас шыбық беріп, ортаға шығарады. Ол:
Қараңғыда көзім жоқ,
Тиіп кетсе сөзім жоқ. Қайда кеттің қалқа жан, Жетектейтін өзің жоқ. Қолға түскен құтылмас,
Қала бермек көзім боп,
— деп таяғын өзі болжаған тықыр, дыбыс естілген жаққа қарай соза береді. Айнала толған ойнаушылар қашып жүріп:
Соқыр — соқырақ,
Оң көзіңе топырақ. Топырағын алайын, Тотияйын салайын
Саған бір ем табайын,
—деп келіп, «Соқыр текеге» тиіп қашып жүреді. Осылай ойнап жүргенде «соқыр текенің» қолына түскен ойнаушы

| | | |
|---|---|---|
| саусақтарынан екі дөңгелек жасап, оларды қосу керек.<br> |  | ұтылады да, екеуі орын ауыстырады. «Соқыр теке» мен оны түрткілеп қашып жүрушілердің өрісін мөлшерлеп сызып қояды.<br>**Әдістемелік нұсқаулар.**<br>Бәріміз қатар – қатар тұрып, бірге қайталайық:<br>Бұзау, бота, құлыншақ,<br>Тоқты, серке, торпақ,<br>Тана, тай, тайлақ,<br>Құнан, дөнен бесті бар.<br>Малдың жасын айыра біл.<br>Естіп ал!<br>Бұқа, айғыр, қошқар, теке бар.<br>Сүзегенсің, тентек теке, жеке қал,<br>Көзін байла, теке – теке «Бақ – бақ»<br>Соқыр теке қайдан бізді таппақ.<br>Бастаушы қатар тұрған балаларды жоғарыда аталған атаулармен атайды. Ең соңғы аталған бала «Тентек теке» болады. Ойын басқарушы «Тентек теке» атаған баланы көзін орамалмен жауып, ортаға шығарады.<br>Балалар:<br>Соқыр теке бақ – бақ<br>Біз айтамыз тақпақ.<br>Мықты болсаң тауып көр.<br>Бізді қайдан таппақ<br>**Ойынның педагогикалық маңызы.**<br>«Соқыр теке» балаларды ұстауға ұмтылады. Ұсталған бала «Соқыр теке» аталып, ойын жалғаса береді.<br>Балалар шеңберге тұрады.<br>Қосылып айтады<br>Көзін жабады.<br>Ойынды бірнеше рет ойнайды. |

**4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)** | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Ойын ойнап өсеміз.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-допты қабырғаға соғып, қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету.<br>**Дағды:** -көзмөлшерлеуін | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Шақырамыз жарысқа.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру;<br>- сөздерді анық және | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Спортпен шұғылданамыз!<br>**ҰІӘ міндеттері:** -оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру; | **4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Музыка әлеміне саяхат.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту; | **4. Дене шынықтыру -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.<br>**ҰІӘ тақырыбы:**<br>Көтеріңкі көңіл күй.<br>**ҰІӘ міндеттері:**<br>-допты жоғары лақтырып, жерге түсіп қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алуға, допты алақанын жазып, саусақтарының басымен қағып алуға үйретуді жалғастыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттығу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** допты қатарда тұрып, алысқа лақтыруды үйрету;<br>**Түсінеді:**лақтыру күштілігін арттыруды; жүгірудің түрлерін техникалық дұрыс орындауды.<br>**Қолданады:** дамыған көзмөлшері мен қимылдық қасиеттерін, әртүрлі жүрістегі тепе- теңдік сақтауды.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:**<br>**Саусаққа арналған гимнастика:**<br>«Бұл – атам, бұл – апам, Бұл – әкем, бұл – анам, Бұл – бөпем менің, көркем.<br>(Сол қолымен оң қолының әр саусағын жазу, сосын керісінше орындайды).<br>Міне, менің отбасым (сол қолмен оң қолдың саусақтарын жұдырыққа жинап, жұдырығын құшу және керісінше орындау).<br>Балаларға топ, сынып та үлкен отбасы екенін айтып, еске салу.<br>Қозғалыс кезінде бірден, екіден қайта сап құру.<br>**Жиі аттап жүгіру** – қысқа, жиі аттап жүгіру. Қозғалыс кезінде қайта сап құрады. Педагогтің белгісімен қимылдың бір түрінен екінші түріне ауысады. Бір | фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кірісседен соң бірден бастап ән айту.<br>**Дағды**: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу дағдыларын жетілдіру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеу.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**«Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов)<br>***Ән айту:***«Қош, балбұлақ балабақшамыз» (Б. Жұмабекова)«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) «Балаларды қорғаймыз»(А.Досмағанбет)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Гүлдер вальсі» (П. Чайковский, үнтаспада)<br>**Билер:** Биді балалардың қалауынша қайталау<br>**Ойындар, хороводтар:** «Кім мектепке тез жиналады»<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** Музыкалық шығарманың сипатын (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы) ажырата алады. | -аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басып, жылдамдықты сақтап, баяу жүгіруге жаттығуды жалғастыру.<br>**Дағды:** залда алақан мен тізеге басып, еңбектеп жүру, бастапқы қалыпқа дұрыс тұру («малдас құру»; өкшені толық басып отыру; тізерлеп тұру), 35 см биіктіктен төменге секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Баланың ұлттық және азаматтық құндылықтарға,ана тілін және мемлекеттік тілді, мәдениетін құрметтеугі бағдарлау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** ырғақты гимнастика, оң қол және сол қолмен сермеп лақтыру, көзге арналған жаттығулар.<br>**Түсінеді:** қолды айналдырып сермеу, секіріп түскенде тепе-теңдік сақтау, қауіпсіздік тәртібі.<br>**Қолданады:** үйде де қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру, залда алақан мен тізеге басып, еңбектеп жүру, бастапқы қалыпқа дұрыс тұру («малдас құру»; өкшені толық басып отыру; тізерлеп тұру), 35 см биіктіктен төменге секіру.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану. | -жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту;<br>-балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**Дағды**: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырата білу дағдыларын игеру.<br>**Ұлттық құндылықтар:** Балалардың белсенді өмірлік позициясын,жан дүниесін адами құндылықтар арқылы рухани-адамгершілік пен руханилықты берік орнату.<br>**Репертуар: Музыка тыңдау:**<br>«Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский)<br>***Ән айту:*** «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын»CD), «Полька» (М. Красев)<br>**Билер:** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>**Ойындар, хороводтар:** «Үйшік» (В. Витлин)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:** | -аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту.<br>**Дағды:** үш тізбекке тұру дағдысы, доппен түзету жаттығуларын орындау, еңбектеп жүру, залмен қозғалғанда кеңістікті бағдарлау, арқасына аунағанда дұрыс жиналып жұмырлану дағдыларын игерту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Жасайды:** доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары, «Күлімдейміз күндей» ойын жаттығуы, допты басымен итеріп жер бауырлап еңбектеп жүру.<br>**Түсінеді:** допты екі жағынан қысып ұстау, сапта тұрып арақашықтықты сақтау, допты жерге соғылғаннан кейін қағып алу, «арқасына аунау» термині.<br>**Қолданады:** үш тізбекке тұру дағдысы, доппен түзету жаттығуларын орындау, еңбектеп жүру, залмен қозғалғанда кеңістікті бағдарлау, арқасына аунағанда дұрыс жиналып жұмырлану.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі:** Ойын жаттығуы: «Дәл тауып көрсет», жүргізушінің рөлін ойнау: «Көңіл күйлерің қалай?», «Көңіл күйлерің қандай?» көңіл күйді доптың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ырғақпен қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, қозғалыстың бағытын сақтап қимылдайды. Түзету жаттығуларын орындайды.Бүкіл жаттығулар кешенінің барысында назарларын арқасын тік ұстау мен зейінін тұрақтандыруға тырысады.Екі тізбекке, екі қатарға сап түзейді.<br>**Түсіну деңгейі: Доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№4).** Бастапқы қалыпқа тұрады. Допты басынан асырып, артқа ұстайды. Сосын допты алысқа лақтырады. Лақтыру бағытын өзгертпей, қолдарын шұғыл жазады. Неғұрлым алысқа лақтыруға тырысады.<br>Негізгі қимылдарды орындау:<br>**Лақтыру –** қатарда тұрып, допты алысқа басынан асырып, бүгілген қолдарын шұғыл жазып лақтырады.<br>Нұсқау – залды не оңынан, не солынан айналып өтіп, доптың артынан белгі берілгеннен кейін ғана жүгіру керек.<br>Жұппен тапсырмалар орындау<br>**Қолдану деңгейі:**<br>**Тепе-теңдік сақтау –** текшелерден аттап, ұзын орындықпен дененің бір жағымен қырындап жүру. (3 рет).<br>1-тізбек ұзын орындықпен жүруді орындайды, ал 2- | **Түсінеді**: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынына, динамикасына, ырғақтық суретіне сәйкес ән сала алады.<br>**Қолданады:** Таныс би элементері мен қозғалыстары негізінде оларды араластыра отырып немесе өз қозғалыстарын ойдан шығарып суырыпсалма би орындай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: Музыка тыңдау:** «Жарысамыз» (регтайм, муз. С. Джеплин), «Шақырамыз жарысқа» (муз. М. Робер).<br>Музыка тыңдай отырып балалардан бұл шығарманың сипатын, ырғағын, дауыс биіктіктерін сұрау.<br>Тыңдап отырған музыкадан не елестеттіңдер?<br>Бұл музыкаға қандай қимыл лайық?**(Т, Ж) дауыс жаттығулары: «**Шертер» (муз. Б. Әлімжан, сөзі Ж. Маханбетова).<br>Әуенді орындау кезінде оналтылық ноталардың дұрыс шығуын қадағалау, жоғарғы дыбысты алғанда ауыз қуысын кеңірек ашып, таза орындау**.**<br>**Түсіну деңгейі: Ән айту: «**Шақырамыз жарысқа» (халық әні, өңдеген Н. Әлімқұлов). | **Білу деңгейі:**<br>«Жаттығуды бастадық – бұл бір!<br>Алшақ – алшақ басайық – бұл екі!<br>Тоқтама сен, кідірме – бұл үш!<br>Күн күлімдеп тұр көкте! Тамаша!<br>Үлкен боламын, күшті болам, ер болам! Тамаша!»<br>Мәтін бойынша қимылдар жасайды.<br>Бірден-екіден тізбекке тұру. Қозғалыс кезінде қайта сап құру.<br>Арақашықтықты сақтауға тырысады.<br>Ырғақты гимнастика. Зейінін шоғырландырып, қимылдарды ырғақты орындап, бірқалыпты тыныс алуға тырысады.<br>Негізгі жаттығуларды ойын түрінде орындау.<br>Оң қол, сол қолмен **лақтыру.**<br>қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыру.<br>Алысқа лақтыру техникасын қайталайды.<br>Белгіленген сызықтың қасына екі лекке сап түзейді. Бастапқы қалыпқа келеді: үш саусағын доптың артына, басбармағы мен шынашағын доптың екі жағына қояды. Допты мейлінше алысқа лақтыруға тырысады.<br>Педагогтің белгісімен | «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Жасайды:** музыка ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындайды.<br>**Түсінеді:** опера, балет туралы түсініктерді.<br>**Қолданады:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын, ойынға катысады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Білу деңгейі: «**Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын» CD) балалар музыка залына кіріп, осы музыка әуенімен қимылдарын жасайды.<br>**Негізгі кезең**<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Полька» (М. Красев).<br>Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.<br>Балаларға интерактивті тақтадан Алматы қаласындағы Абай атындағы Опера және балет театрының ғимаратын көрсетіп, ондағы әртістердің суреттерімен таныстыру, балаларға бұл өнердің ең биік шыңы екенін айтып түсіндіру.<br>**Түсіну деңгейі:**<br>***Музыка тыңдау:*** «Қыз | көмегімен көтеру ұсынылады. Сызық бойында тұрып, жүргізушінің сұрақтарына жауап береді. Жауаптарын сәйкес қимылдармен қатар орындайды.<br>Допты жоғары лақтырып, жерге түсіп, қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алу – допты алдына ұстап тұрып жоғары-алдыға лақтыру, саусақ бастарымен қағып алу, кеудеге тигізбеу.<br>Допты басынан асырып жібермеуге тырысады.<br>Бір орында тұрып, жерге соғылған соң допты екі қолдың басымен қағып алады. Егер доп домалап кетсе, қолына беруге тырысады. Допты себетке алдымен бірінші, сосын екінші тізбек апарып салады.<br>**Түсіну деңгейі:** Денені жинап алып отырған күйден алдыға-артқа домалау (5 рет).<br>Тізелерін біріктіріп, қолдарын жерге тіреп, иығын қол басының деңгейіне келтіріп, басын түзу ұстау. Осы қалыптан барлық негізгі акробатикалық жаттығулар басталады.<br>***Типтік қателер:***<br>Артқа қарай аунағанда жұмырланғанды жоғалтып, арқаға құлау; аяқпен итерілгенде жеткіліксіз екпін алу; шалқасынан жатқанда аяқты кеудеге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тізбек секіруді орындайды. Сосын екі топ орын ауыстырады.<br>Белгілеп сызылған жерде екі тізбекке сап түзейді. Ұзын орындықтан текшелерден аттап, қолды белдеріне қойып, тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындайды. Бір-біріне кедергі жасамай, төмен қарамай, бастарын көтеріп жүруге тырысады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «**Кім шапшаң?»  (3 рет).<br>Төрт жүргізуші таңдап алынып, оларға әртүрлі түсті орамал беріледі.<br>Ойынға қатысады.<br>Төрт жүргізушінің соңынан тұрады. Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады.<br>Жүргізушілер көрсетілген жерге кетіп қалады.<br>Ойыншылар өз командирлерін тез тауып, артынан барып, тізбекке тұра қалуға тырысады.<br>Релаксация: «Жарқын күн».<br>Шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып, бір-біріне күн жылуын береді.Үнтаспадан тыңдайды:<br>Күн: «Балалар, мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің, мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатындығыма қатты қуанамын!<br>Осы қуанышым маған одан | Әннің әуенін тыңдап, не туралы айтылғаны жайлы балалармен сұхбаттасу. Сұрақ-жауап арқылы ойларын анық жеткізуге мүмкіндік беру. Әннің сипатын ажыратып, екпінді дұрыс ұстау. **(Т)**<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:** «Түлкі мен қаздар» (муз. К. Қуатбаев, сөзі А. Османов).<br>Музыкалы қимылды ойынды ойнау үшін атрибуттарды пайдаланған жөн. Ойынды әндетіп жүріп ойнау керек. Әуен өзгергенде, қаз болған балалар өте сақ болуы тиіс. Ойын өте көңілді ойналады.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Әліппе-дәптермен жұмыс***:<br>**1-тапсырма.**<br>Жарысамыз» әнінің екпіні қандай? Бұл әнді қандай аспаптардың сүйемелдеуімен орындауға болады?<br>Қандай жарыс ойындарын білесің? «Кім жылдам?» ойынында кім жеңіске жетеді? Достарыңмен жарыс!<br>Түлкінің қапшығына қызыл допты, қасқырға – жасыл, ал аюдың қапшығына көк допты кім тез салады? Сызықпен қос.<br>**2-тапсырма**<br>Ән әуені музыканың қай жанрына сәйкес келеді? Қандай марш түрлерін білесің?<br>Марш әуені ойналатын аспаптарды белгіле. | ғана доптың артынан жүгіреді. Қайтып келіп балалар қатарының соңынан тұра қалады.<br>Тереңдікке **секіру** – биіктігі 30 см заттардан секіріп түсу – аяқты түзулей бастағанда бірден қолдарын төмен түсіріп, алдыға шығару.<br>Ұзын орындықтың бетінен екпінмен екі аяқтап итеріледі. Қолдары мен аяқтарының қимылдарын үйлестіреді.<br>Тепе-теңдік сақтап, жерге секіріп түскенде алдыға қарап, денесін тік ұстауға тырысады.<br>**Түсіну деңгейі:** Денені жұмырлап, алдыға қарай дөңгелеп, арқасына аунап түсу.<br>Денені жұмырлау – отырып, тізесін біріктіріп, қолдарын еденге, шынтақтарын денесіне қысып, арқасын дөңгелету.<br>Бастапқы қалыптан негізгі акробатикалық жаттығулар жасау.<br>**Типтік қателер:**<br>Артқа қарай аунағанда жұмырланғанды жоғалтып, арқаға құлау; аяқпен итерілгенде жеткіліксіз екпін алу; шалқасынан жатқанда аяқты кеудеге жинамау; арқаны дөңгелетпеу.<br>Денені жұмырлау – отырып, тізесін кеудесіне қарай тартып, шынтақтарын денесіне | Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский).<br>Балаларға опера туралы мағлұмат беру.<br>-Сендер фильм көргенде сөздерін тыңдап түсінесіңдер, ал операда барлық көріністерін әнмен көрсетеді. Қайғылы оқиғаны да, көңілді оқиғаны да ән арқылы жеткізеді. Ал балет өнерінде барлық құбылыстарды би арқылы көрсетеді.<br>Ол үшін олар көп дайындалады, еңбектенеді.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>***Ән айту:***  «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев).<br>Әнді көңілді, сөздерін таза, анық айтуға көңіл бөлу.<br>Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, иықты көтермей, бір-бірін тыңдап айтуды естен шығармауларын ескерту.<br>Үйренген «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:***  «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей қимыл жасауға ұмтылдыру.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Үйшік» (В. Витлин).<br>Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар | жинамау; арқаны дөңгелетпеу. Денені жұмырлау – отырып, тізесін кеудесіне қарай тартып, шынтақтарын денесіне қысып, арқасын дөңгелетеді<br>**Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны:** «**Тым-тырақай**». Ойыншылар шеңбер құрып қол ұстасады, тек бір бала – «малай» ортада тұрады. Ойыншылар шеңбермен жүріп, қайталап айтады:<br>«Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш – деп санаңдар.<br>Бір, екі, үш – ал тараңдар!» –<br>Сол сөздерді айтып, залмен шашырап қаша жөнеледі.<br>Малай болса, оларды ұстап алуға тырысады.<br>**Көзге арналған жаттығулар: «Тінтуірді жүгіртіп,**<br>**Әсем сурет саламыз!» (2 рет)**<br>«Тінтуірді жүгіртіп, Әсем сурет саламыз!<br>Солға, оңға, жоғары, төмен, Айнала бұрылып аламыз!<br>Енді солға қараймыз, Оңға, төмен, жоғары Жан-жағыңды бағдарлап,<br>Қарап алсақ болады.<br>Төрт тұсыңды айырып, Қателеспей табасың, Алға еркін қадам басқан, Сен жігерлі баласың!»<br>**Қорытынды кезең (рефлексия).**<br>**Ойын жаттығуы:** «Күлімдейміз күндей!».<br>Малдас құрып дөңгелетіп отырады. Бір-біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі.<br>Кәне, бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Бұл жылу сендердің қолдарыңмен кетіп барады. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!<br>«Отбасы»<br>Шеңберге алақандарын түйістіріп дөңгелене тұра қалып, жаттығуларды ырғақты орындайды.<br>«Отбасы»<br>«Бір-бірімізбен қолұстасып тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік! Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз (3 рет). Өте жақсы. Жүрегіміздің соғысын тыңдайық...»<br>«Дүк» – ілгері қадам аттау, «дүк» – артқа қадам аттау (3 рет) | «Жарыс» деген сөзді қалай түсінесің?<br>Достарыңмен қандай жарыс ойындарын ойнайсыңдар?<br>Орман тұрғындары көңілді жарысқа қатысады. Мәреге қайсысы бірінші жетеді деп ойлайсың? Торкөзге цифрмен ретімен белгілеп жаз. | қысып, арқасын дөңгелетеді. Алдыға қарай дөңгелеп арқасына аунап түсу – аунап келіп қайтадан аяғына тірелу акробатикалық жаттығулары<br>**«Орындарыңмен ауысыңдар» қозғалыс ойындары** Залды екіге бөлетіндей етіп, ортаға арқан төселіп салынады. Әр команда залдың бір бөлігіне орналасады. «Жүгір!» деп белгі берілгенде, балалар өз бөлігінде шашырап жүгіреді.<br>«Ауысамыз!» деп белгі берілгенде, екі топ ауысады. Қай топ бірінші болып толық ауысып үлгереді, сол топ жеңіске жетеді.<br>**Қолдану деңгейі:**<br>Дыбыстарды айту арқылы тыныс алу жаттығуларын орындау.<br>**«А» дыбысы.**<br>Өкпе, кеңірдек, көмейдің жұмысын жақсартады. Дыбыстау нәтижесінде тыныс алу тереңдеп, оттегін қабылдау ұлғаяды.<br>Тыныс алғанда шығарылатын ауаны ұлғайту үшін дауысты дыбыстарды мүмкіндігенше созу қажет. Мысалы: жіп тарқатылғанша созу.<br>«М» дыбысы.<br>Дыбысталуы ми тамырларына оңтайлы | біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды.<br>***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).<br>Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.<br>Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.<br>Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды. | күлімсіреп, көңіл күйін береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әсер етеді. Психоэмоционалды күйзелістен шығарып, есте сақтау мен тыныштық сезімдерін жақсартады. | | |
| **Серуенге дайындық 11:30-11.35** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.** | | | | |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55** | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 16**<br>**Жаздың белгісін байқау (қорытынды)**<br>**Міндеттері:** балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқай білу және оны анықтап айта білу дағдыларын дамыту. (күннің ұзаруы, өсімдіктер дүниесінің әсемдігі, ауа-райының өзгешелігі т.б.).<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз:**<br>**«Жаз»** С. Оспанов<br>Ауыл қонды жайлауға,<br>Дала жатыр жадырап.<br>Қой қаптады қойнауда,<br>Қозы, лақтар жамырап.<br>Жаз жайдары, алақай,<br>Жатыр жайнап даламыз.<br>Жүр, қанекей, балақай,<br>Шомылуға барамыз.<br>Балаларға сұрақтар<br>*Көктем мен жаздың қандай айырмашылықтары бар?<br>*Жазда ауа-райы қандай болады?<br>*Біз жазды не үшін жақсы көреміз?<br>*Айналаны қарағанда қандай көрністерді көреміз?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балалармен наурыз көктемгі ағаштар бейнесі салынған суреттермен, қазіргі мамыр ағаш бейнесін салыстыру. | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 17**<br>**Табиғатты бақылау(Мамыр айының соңғы күндері) (қорытынды)**<br>**Міндеттері:** қоршаған ортаны, табиғатты, ауа – райын бақылау. Табиғатқа, табиғаттағы тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Жаз» Ә. Ахметов**<br>Нұр тұнып, құлпырып,<br>Айнала жайнады.<br>Тұр күнге ұмтылып,<br>Алма ағаш бақтағы.<br>Өзен жай ағады,<br>Жағасы балауса.<br>Көбелек қағады,<br>Қанатын жалауша.<br>Балаларға сұрақтар<br>*Бүгінгі ауа-райы қандай?<br>*Жазда жан-жануарлар қалай тіршілік етеді?<br>*Сәуір-Мамыр айларында жәндіктер қалай тіршілік етеді?<br>*Жәндіктердің қандай пайдасы бар?<br>*Жазғы ағаш бейнесі туралы не айтуға болады?<br>*Жаз несімен қызықты?<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>Балалардың назарын | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 18**<br>**Арамшөптерді бақылау. (қорытынды)**<br>**Міндеттері:** Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін молайту. Арамшөптердің зияны туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Жеміс біткен бау - бақта,<br>Желі жайды жан - жаққа.<br>Бақта құстар сайрайды<br>Құйқылжытып жан – жаққа.<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып,<br>Арамшөпті жұламын<br>Жан-жағымызда өсіп тұрған қызылды-жасылды өсімдіктерді көргенде, көңілімізге қуаныш ұялайды. Өсімдіктер тек қана көрік беріп қана қоймай ауаны тазалайды, ауаның ылғалдылығына да әсерін тигізеді. Кейбір өсімдіктерден ерекше заттар бөлінеді де, адам денсаулығына зиянды микробтарды жойып отырады. Ол фитонцид деп аталады. Енді осындай жайнап өсіп | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 19**<br>**Гүлдерді бақылау (қорытынды)**<br>**Міндеттері:** Мектеп ауласына отырғызылған гүлдердің өсуі мен гүлдеуін бақылау, олардың әртүрлілігіне, әсемдігіне, гүл шешегінің құрылысына, иісіне назар аудару.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Гүлдер»** А. Меңдібай<br>Аула іші жайнайды,<br>Қызыл-жасыл гүлдермен.<br>Көз қараса тоймайды,<br>Әсем еді не деген!<br>Өзім қолмен еккен ем,<br>Әсем гүлді көптеген.<br>Бойын салып сыланып,<br>Күн мен судан нәр алып,<br>Өсіп қапты әдемі-ақ!<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>*Балалар, ең алғаш бұл жерге не сепкен едік?<br>*Дәннен не пайда болды?<br>*Гүлдің өсу жолы қалай жүреді? (әуелі жапырақша, сосын өскін, одан кейін гүл пайда болады)<br>*Мына гүлдер қалай аталады?<br>*Гүлдер туралы қандай мақал мәтелдер, тыйым сөздер білесіңдер? | **Мамыр**<br>**Серуен кешені № 20**<br>**Итті бақылау (қорытынды)**<br>**Міндеттері**:жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;<br>— жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«КҮШІГІМ»** А. Меңдібай<br>Кіп-кішкентай күшігім,<br>Сүйкімдісін өзінің.<br>Еркелейді ойнақтап,<br>Жылтырын-ай көзінің.<br>Оратылып аяққа,<br>Бір сәт тыным таппайды.<br>Кел, достарым, жасқанба,<br>Күшігім менің қаппайды<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма?<br>♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай?<br>♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар?<br>♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді?<br>Үйде асырауға алған иттер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек** Гүл отырғызатын гүлзардағы еңбек (жерді тазалау, қопсыту)**.**<br>*Мақсаты***:** Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Өз орныңды тап»<br>*Мақсаты:* денесін тепе – тең ұстап, бір аяқпен бірнеше рет секіруге үйрету. Ойын тәртібін бұзбау.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Доппен жаттығу: допты жерге лақтырып, екі қолмен қағып алу<br>Мақсаты: допты жерге лақтырып, екі қолмен қағып алу.<br>**Халық болжамы:**<br>1.Торғайлар топ - тобымен ұшып жүрсе - ауа райы құрғақ, күн жылы болады.<br>2.Ыстық жел тұрса - жаңбыр жауады. | жәндіктерге аудару.олардың тіршілік әрекеттерін бақылау.<br>**Еңбек:** Ағаш түптерін қопсыту.<br>Мақсаты: топырақты қалай қопсыту керек екенін көрсету, маңызын түсіндіру.<br>**Қимылды ойын**: «Бәйге».<br>Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру,жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойындары:<br>Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты: екі аяқпен бірдей бір орында секіре білуге, тұрған жерінде секіруге жаттықтыру.<br>**Халық болжамы:**<br>1.Құмырсқа илеуіне тығылса (ұясына) күн күркірейді;<br>2.Егер күн ұясынан шығарда ауа райы қапырықтау болса - кешке жақын жаңбыр жауады. | тұрған өсімдіктердің арасында зиянды өсімдіктер де кездеседі. Оларды арамшөптер деп атайды. Олар мәдени өсімдіктерге көп зиян келтіреді: топырақтың нәрін алады, топырақтағы ылғалды алады, күн қызуын тартып алады да, сөйтіп өсімдіктердің өсуіне кедергі жасап, өздері қаптап кетеді. Олар мәдени өсімдіктерге қарағанда тез өсіп, жетіледі.<br>Сондықтан да гүл егілген гүлзарлар мен бау-бақшаны, егіс алқабын үнемі арамшөптерден қорғап отырады.<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Гүлзарларда, өсімдіктер өсіп тұрған алаңшалардан арамшөпті тауып алып, оларды жақсылап көріп алу.<br>**Еңбек:** Балабақша ауласындағы гүлзарлардағы, гүл егілген алаңқайдағы арамшөптерді жұлу.<br>**Мақсаты:** Балаларға гүлдерді күтіп-баптауды үйрету, әсемдікті сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Үшінші артық»<br>**Максаты:**<br>Аңғарымпаздыққа, ептілікке, тез жүгіре білуге үйрену. Ойын шартын сақтап ойнауға дағдыландару.<br>**Жаттығу ойыны:** | **Зерттеу жұмысы:** Аулада өсіп тұрған бархат, астра, георгин гүлдерінің жапырақтарын, сабақтарын, шешектерін, бойларын салыстыру, түстерін атау. Иіскеп көру.<br>**Еңбек:** Гүлзардағы гүлдерге су себу, айналасын тазалау.<br>*Мақсаты:* Гүлдерді күтіп, оған қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Орамал тастамақ»<br>**Мақсаты:** Тез жүгіруге, аңғарымпаздыққа баулу.<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Секіру.<br>Мақсаты: Балаларды жүгіріп келіп ұзындыққа секіруге жаттықтыру.<br>***Жұмбақ:***<br>Үзуге қимайсың,<br>Достарға сыйлайсың.<br>(Гүл) | өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн.<br>**Еңбек:** Жер қазу жұмыстарына қатысу.<br>Мақсаты:<br>-ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау;<br>-еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қасқыр қақпан».<br>*Мақсаты:*<br>—белгі бойынша әрекет етуге баулу;<br>—жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты: секіру техникасын меңгерту* (жіппен секіруге жаттықтыру). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. | | |
| **Серуеннен оралу 11:55-12:00** | **Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.** | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25** | **Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. Жеке жұмыс:** Байтемір Айзере мен Архатұлы Әбілмансұр Балалардың қозғалыс тәжірибесін спорттық ойын элементтері арқылы молайтуды жалғастыру. | **Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті Жеке жұмыс:** Байтемір Айзере мен Архатұлы Әбілмансұр Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету. | **Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет Жеке жұмыс:** Байтемір Айзере Архатұлы Әбілмансұр Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру. | **Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, танымдық әрекет Жеке жұмыс:** Байтемір Айзере мен Оралхан Жігер «Н», «Ң» дыбыстары жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. | **Қоршаған ортамен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **Жеке жұмыс:** Байтемір Айзере Архатұлы Әбілмансұр Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)** | **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Доптарды себетке лақтыру»** **Міндеттері:** Ептілікті, күштілікті, төзімді дамыту. Жеке және топта жаттығуды жалғастыру. Зал кеңістігін бағдарлай білу. **Дағды:** Баскетбол ойнау дағдыларын, допты алып жүру дағдыларын, допты ұрғанда күшін дұрыс мөлшерлеуді, допты аяғының қасына соғуды қалыптастыруды жалғастыру. **Ойынның шарты:** Допты кеуде мөлшерінде ұстап тұрып, бала қолдарын доға жасап төмен қарай қозғалтып, жазып барып жоғары сермейді. Қолының басы мен саусақтары допты бағыттап ашылады. Баскетбол қалқанынан 2 | **Танымдық-қимылды ойын Дидактикалық ойын: «Мен бастаймын,сен аяқта»** **Міндеттері:** Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Дағды:** Уақытты бағдарлау дағдыларың қалыптастыру. **Ойынның шарты:** Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар. Алдымен көктем, одан кейін ... Алдымен күн..., одан кейін... Алдымен дүйсенбі, одан кейін ... Алдымен бүгін, одан кейін ... Алдымен қаңтар, одан кейін ... Мұқият тыңдап, сөйлемді | **Дидактикалық дыбыстық жаттығу: «Сөзді қос»** **Міндеттері:** Сөйлем құрауға, сөйлемнен бірінші, екінші, үшінші сөздерді таба білуге, сөйлемнің сызбасын сыза білуге жаттықтыру арқылы есте сақтауларын дамыту. **Дағды:** сөйлем құрау, сөйлемге сызба сыза алу дағдыларын бекіту. **Ойынның шарты:** – Тіл ұстартуға ұйқас сөз тіркестерін айтамын, буыны жоғалған, сендер жоғалған буынды жалғап, толықтырып айтасыңдар. -яр-яр-яр – бізге берді ки-...*яр;* -тыр-тыр-ыр – керек бізге ба-....*тыр;* -кеш-кеш-кеш – түйеде бар екі өр-...*кеш;* | **Дидактикалық ойын: «Жанрды тап».** **Міндеттері:** Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. **Дағды:** сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. **Ойынның шарты:** Суреттердегі бос орынға қажетті суретті жапсырмамен жапсырып, сурет жанрын табу. «Н» – «Ң» дыбыстарының дауысты немесе дауыссыз екенін сұрайды. «Ң» дыбысына байланысты жаңылтпаш айтқызады. Шапсаң, шапшаң, Бұрқырайды ақ шаң. *Шапшаң* сөзі *тез, жылдам* деген мағына береді. | **Дидактикалық ойын:** «НЕ БОЛАР ЕДІ? ...» **Міндеттері:** өзінің табиғатқа қатысты іс-әрекетінің салдарын түйсінуге үйрету. **Дағды:** Қабілеттері мен дағдысын бекіту. **Ойынның шарты:** Педагог балаларға талқылайтын мысал ұсынады. Нәтижесінде балалар әр нәрсенің шегі барын түсініп, табиғатты аялау керек деген қорытынды жасайды. Мысалы: «Егер гүлді жұлып алса не болады? Көбелектерді құртып жіберсе не болар еді?» деген сынды сұрақтар қояды. Сенің алдағы жазды қалай өткізгің келеді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | метр қашықтыққа тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыс келеді.<br>**Тыныс алуды қалыпқа келтіру.**<br>Мұрын арқылы демін ішіне тартып, ауыз арқылы шығару;<br>Демін ішіне шұғыл терең тартып, өте баяу шығару;<br>Демін баяу ішке тартып, шұғыл шығару.<br>Ауа сыздықтап шығатындай демін баяу шығару.<br>Үзік-үзік дем шығару. | мағынасына сәйкес жалғастырады: | -үй-үй-үй – домбырамен тарттық к- *...үй;*<br>-ін-ін-ін – келді, міне, ақ ти-... ін;<br>- қа-қа-қа – көлшікте отырған ба -*...қа;*<br>-қы-қы-қы<br>– кісінеді жыл-...қы;<br>-тай-тай-тай-<br>– біздің Арман кішкен-*...тай;*<br>-са-са-са - ызылдайды сары ма-*...са.* | | |
| **Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару**.<br>**12:25-12:30** | **Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста»**<br>Жаз - жылдың керемет мезгілі. Отбасылық демалыс – бұл өз балаңызға ең көп уақыт бөлетін кезіңіз. Бұл көптен күткен ерекше оқиғаны Сіздің балаңыз жыл бойы аңсап келді.<br>Жазда балалардың жазғы лагерге шығуына, туыстарға баруға, өзенге шомылып, орманда қыдыруға тамаша мүмкіндіктер туады. Шақырайған күннің көзі, суық су, жәндіктер, тез бұзылатын тағамдар сияқты әр түрлі қауіп-қатерлер де жоқ емес.<br>Балалар үшін жазда қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ең алдымен - ата-ананың міндеті. Егер сіз жазда демалысқа жіберетін болсаңыз – онымен суда, күн көзінде, жолда, орманда, тауда жүрудің ережелері туралы әңгімелескеніңіз | **Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста»**<br>**ЖОЛДА АБАЙ БОЛ!**<br>**Жолдағы қауіпсіздік** – бұл ата-аналар немесе қамқоршылардан үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет, бұл қауіпсіздікті елеусіз қалдыруға болмайды.<br>Балаңыздың бойында жолда, көшеде тәртіпті, ұқыпты, сақ және байқампаз болуға деген қажеттілікті тәрбиелеуге тырысыңыз.<br>Балаға жаяулар үшін де, көлік жүргізушілері үшін де ережелер бар екендігін үнемі ескертіп отырыңыз.<br>Балаға көшеде қараумен бірге көшеде естуді де үйретіңіз: баланың жақындап қалған көлікті естімеуінен болған қайғылы оқиғалар көп болғанын есіңізде ұстаңыз.<br>Балаға карауды үйретіңіз.<br>Балада қатаң дағды | **Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста»**<br>**СУ ҚОЙМАЛАРЫНЫҢ ЖАНЫНДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!**<br>Балаларды қараусыз қалдырмаңыздар! Су қоймаларының маңайында жалғыз серуендеуге рұқсат бермеңіздер. Суда балалармен бірге серуендеу кезінде оларды қарап отырыңыз, әсіресе, суға шомылу кезінде жалғыз қалдырмаңыздар. Тіпті суы таяз жерде де олармен бірге болыңыздар. Сырғанауға арналмаған заттармен сырғанақ тебуге жол бермеңіз. Сақ болыңыздар, балаларға көмек керек болып жатса, оған немқұрайлы қарамаңыздар.<br>Келеңсіз оқиғалардың алдын алу үшін бірнеше | **Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста»**<br>Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден бастал ады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды.<br>**Ы.Алтынсарин**<br>1.Балаға дұрыс тәрбие беру – ата-ананың моральдық қана емес, заң жүзіндегі міндеті;<br>2.Бала тәрбиесі мәселесінде ата-ана арасында толық келісім болуға тиіс;<br>3.Баланың бойындағы ізгілік, жақсылық атаулының бәрін, оның үлгілі болуға тырысқан талабын көтермелеп отыру керек;<br>4.Баланың адал да ізгі адам болып өсуі үшін оған ата-анасы үлгі болуға тиіс;<br>5.Баланы еңбекке | **Ата-анаға ұсынымдар: «Баламен бірге жазғы демалыста»**<br>— Балаңызды жетістіктері үшін емес, ол қандай болса да жақсы көретініңізді көрсетіңіз.<br>— Балаңызды басқа баламен салыстырмаңыз.<br>— Балаңызбен күнде бірге болуға уақыт табыңыз.<br>— Баланы жетістіктері үшін мақтаңыз. Бала жетістікке жеткенде сіздің қолдауыңызды сезінуі тиіс.<br>— Бала бойында сенімділікті орнатыңыз: мысалы: "Мен-ақылдымын", "Мен-батылмын", "Менің қолымнан бәрі келеді".<br>— Баланы жақсы көріңіз! Баланың ата-анасы емес досы болуға тырысыңыз.<br>— Өз балаңызға сеніңіз. Сіздің сеніміңіз баланың жағымды істерін жүзеге асыруға көмектеседі.<br>— Баланы құшақтап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жөн. | қалыптасуы тиіс: жаяу жүргіншілер жолынан шығар алдында алға қадам жасамас бұрын басын оңға, солға бұрып жан-жағын, жолдың барлық бағыттарын қарайды. Бұл балада автоматизмге дейін үйретілген болуы тиіс. Өзіңіз де қатаң есіңізде сақтаңыз және балаңызға да үйретіңіз: кез келген көлік түріне міну үшін де, одан шығу үшін де көлік толық тоқтауы керек. Жүріп келе жатқан көліктен неліктен секіріп түсуге болмайтынын түсіндіріңіз.<br>Балалардың жолда бағдарлануына, жолда сақ және мұқият болуға үйретіңіз, ешқашан жақын келе жатқан көліктің алдынан жүгіріп өтуге болмайды, жаяу жүргіншілердің жол қиылыстарында, жолды жаяу кесіп өтерде немесе жолдардың түйіскен жерлерінде құлаққапты алу керек.<br>Егер сіздің балаңыз жол көлік оқиғасының қатысушысы, куәгері болған жағдайда психолог маманның кеңесіне жүгініңіз. Психолог қорқыныш пен үрейді жеңуге көмектеседі. | қағидаларды есте сақтаған жөн:<br>Демалыс орындарын, судың тереңдігін,су түбінде тырбиған ағаш, балдыр немесе балшық жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Таныс су қоймаларының арналары мен түбі жыл сайын өзгеріп тұруы мүмкін.<br>Суға шомылып жүрген балаларды ересектер үнемі бақылауда ұстауы тиіс.<br>Егер ересек балалар өз беттерімен шомылуға кетіп бара жатса, құтқарушы мен медбике посты бар жағажайларға баруын қадағалаңыздар.<br>Балаларға жүзуді үйретіңіз, сонымен қатар әр түрлі төтенше қиын жағдайлардағы жүріс-тұрыс ережелерін де үйретіңіз.<br>**СУДАДЕМАЛА ЖҮРІП, ЖАҒАДА НЕМЕСЕ СУДЫҢ ІШІНДЕ ТӨНЕТІН ҚАУІП-ҚАТЕР БАР ЕКЕНДІГІН ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ. ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ–СУ ҚОЙМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ БАСТЫ ШАРТЫ.** | құрметтеу мен сүю рухында жас кезінен тәрбиелеп, оның бойына адамгершілік және рухани мәдениеттің негізін, қоғамдағы мінез-құлық дағдыларын дамыту керек;<br>6.Ересектер балаларды күн сайын сипайылыққа, сергектікке, үлкендерді құрметтеуге, әділдікке өз үлгісімен тәрбиелеп отыруға тиіс;<br>7.Үйдегі жайлылық пен салауаттылықтың алғы шарттары – тазалық пен тәртіп, сондай-ақ барлық отбасы мүшелерінің тату-тәтті тұруға ұмтылуы;<br>8.Үй ішіндегі татулық күйеуіне де, әйелге де байланысты. Оның бірінші шарты - өзара сенім, құрмет, өзара түсіністік және, әрине сыпайы, әдепті мінез-құлық;<br>9.Сыпайылық және әдептіліктің ережелерін сақтау табиғи, емін-еркін болып, ешбір жағдайда екі жүзділікке, өтірік ұялшақтыққа негізделмеуге тиіс;<br>10.Тату-тәтті тұру үшін ұстамды болып, өзін-өзі билей білу керек. | мақтауды ұмытпаңыз.<br>— Балаға түсінуге мүмкіндік беріңіз: "Егер саған қиындық туындаса, мен саған міндетті түрде көмектесем және міндетті түрде түсінік танытам, және де біз бірге барлық қиындықтарды бірге жеңеміз. Балаңызға көптеген мүмкіндіктермен өзіңізге сенім! Сізге әрқашан сәттілік". |

**Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:** Абеуова А.Н.